

Л 2006
8902 14

Василий Ажаев

МОСКВА ДАН
АЛЫСТА



Василий Ажаев



**МОСКВАДАН
АЛЫСТА**

Роман

Аударған К. Сулейменов



**КАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ**

А л м а т ы — 1954

ССР Одағы Министрлер Советінің
қаулысы бойынша
Василий Николаевич
АЖАЕВҚА

„Москвадан алыста“ романы үшін
1948 жылғы бірінші дәрежелі
Сталиндік сыйлық берілді

МАЗМҰНЫ

Бірінші кітап	3
Екінші кітап	241
Үшінші кітап	475

В. Ажаев

ДАЛЕКО ОТ МОСКВЫ

(на казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1954

Редактор М. Мадиева
Художник А. Михайлов

Тех. редактор П. Вальчук
Корректор С. Алипкалиева.

Сдано в набор 10/V-1954 г. Подписано к печати 26/VII-1954 г. УГ09422. Изд. № 83.
Бумага 60x92 , = 21,75 бум. л.— 43,5 печ. л. (Уч.-изд. 44,78 л. Тираж 20 000 экз.
Цена 14 руб. 95 коп.

Алма-Ата, Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 862

БІРІНШІ КІТАП

Бірінші тарау

ҚОШ БОЛА ТҮР, МОСКВА!

Инженер Алексей Ковшов шығысқа, алыс түкпірдегі тылға кететіндігіне тіпті соңғы минутқа дейін сенген жоқ. Жоғарғы басқармада оның жаңа қызметке тағайындалғандығын кесіп айтқанда, Алексейдің еңсесі түсіп, көңілі жабырқап, кадр бөліміндегілердің асығыс нұсқауларын да басқа біреуге айтылып жатқандай селкос тыңдады.

— Құрылыс бастығы Батманов пен бас инженер Беридзені тауып алыңыз, олар әлі кеткен жоқ,— деп кеңес берісті.

Алексей әр кабинетті бір қарап, коридорда жүр. Бұл мекеме астанадан көшіп жатқан-ды. Қызметкерлердің көбі жүріп те кеткен. Едені қокып, иесіз қалған бөлмелерді үйдің ендігі иелері — әскери адамдар иемденіп жатыр.

Ковшов, ақыры, Грузиядан кеше ғана ұшып келген Беридзені тауып алды. Ол оңтүстік құрылысы аяқталғаннан кейін, демалысын сонда өткізіпті де, соғыс басталғалы ел қорғау жөнінде маңызы бар бір құрылысты басқарып жүріпті.

Инженерлер достықпен құшақтасып амандасты. Беридзенен оңтүстіктің желі мен күнінің, теңіз толқынының исі аңқып тұрған сыяқты. Беридзе қатеріне түк алмай, жайбаракат, көзі жайнап, күле сөйлеп, қалжыңдап тұр. Алексей оның бұл мінезін ұнатпаған пішін көрсетіп, жолдасының бәрін бірдей қоныр түсті етіп, әсемдеп киген жаңа костюмы мен әдемі ботинкасын, фетр шляпасын айнала шолып шықты.

— Таңырқап тұрсың ба? — деді Беридзе жайнандап.

— Таңырқамау да қыйын болып тұр. Мен сені омырауы ашық көйлек, дөрекі үлкен етіктің қонышына балағын салған жұмсақ шалбар киіп жүргенінді көруге үйреніп кеткенмін. Аямынау әсем костюміңе сақалың келіспей тұр. Осыны алғызып-ақ тастасаң еді.

— Жоқ, Алеша, оныға көнбеймін. Сақалым көріме өзіммен бірге түседі. Менің барлық қайратым сақалымда екенін

өзің де білесін ғой.— Беридзе галстугын аздап қана жауып тұрған кара сакалын сыйпап қойды.— Ал костюмді ауыстыруға тура келеді, ол дұрыс сөз.

Беридзе Ковшовты қолтықтан іліп алып, жүре бермекші болып еді, Алексей қабағын шытып, бойын тежеп қалды.

— Георгий, мына жағымнан жүрсең жақсы болар еді. Қолымның жарасы біткенмен, мүлде жазылып кете қойған жоқ, жараның зардабы әлі де арылмай жүр,— деді.

— Ғафу ете гөр, жарқыным!

Беридзенің байыпты көзі Алексейдің тұнжыраған ойлы жүзін, өңі қағылған гимнастержасын, зілдей солдат ботинкасын, балағын сырттан салған шалбарын түгел қарап өтті.

— Сені де бірден таный қою оңай көрінбейді. Біртүрлі катал болып кетіпсің. Тегі, оқ-дәрі түтінін жұтуға тура келген ғой. Жігіт екенсің.

— Қайдағы жігіттік? Соғысқа кірген күні-ақ жараланып қалдым,— деді Алексей түнеріп.

— Оған қайғырма. Алдында басқа бір айкас тұр, кем қалған жеріңді сол ұрыста толтырарсың. Екеуміз тағы бірге-міз, жақсы болды. Кеше сенің Москвада екеніңді білгенде, тіпті қатты қуандым. Батмановқа жүгіріп барып: «керек адам табылды, бүкіл Москвада бұдан артық адам жоқ»,— дегенді де айтып салдым. Өзің немене, шытынып тұрсың? Әлде бұл құрылыста менімен бірге істегің келмей ме?

— Соғысқым келеді! — деді Алексей ызаланып.— Майданға кеткім келеді. Осынау қолы құрғырым-ақ жанымды кейітіп бітті. Госпитальда жатып та шыдадым, қолыңнан ештеңе келмеген соң, амал барма, жату керек. Оңалу үшін біраз уақытқа госпитальдан шығарды. Осы екі айда не істеу керек? Қашаңғы үйде отыра берейін. Майданға таяу жерден жұмыс сұрайын деп келіп едім — енді мынаған душар болдым! Броньнан бір жолы құтылып кетіп едің, енді оның орайы келе қоймас дейді. Бұл екі арада сен де тап бола кетермісің! Бұйрықты оқып беріп қол қойғызды да, ай-шай жоқ, жердің түбіне кетіп отыр деді!

Беридзе оны сабырмен тыңдады.

— Түсініп тұрмын, жарқыным. Менің өзім де осыны басымнан кешіргенмін. Амалың не, соғыстан алысқа қарай кетуіңе тура келеді. Құрылыстың өзі қандай құрылыс десеңші! — деді.

— Сол құрылыстың жұмысы біз бармасак орындалмай қала ма екен? — деді Алексей шамдана сөйлеп.— Жұртты осы арадан алып Қыйыр-Шығысқа жіберуден қандай мағна шықпақ? Біз қайта осы араға, сөз жоқ, керегірек емеспіз бе.

Екеуі коридорда тұр. Беридзе жолдасына мейірлене қарайды.

— Өзің не деген ашуланшақсың. Мынаны алып көрші. Ашуың тарқар, бәлкім.

Беридзе қалтасынан екі апельсин алып, біреуін Алексейге ұстата берді. Ашуға булығып тұрған Алексей, апельсинді лақтырып жібергісі келсе де, күн нұрындай құйылып тұрған әдемілігіне қызықты.

— Майданнан он мың километр қашықтағы бұл құрылыстың кімге керегі бар? — деп қарысты Қовшов.— Көмескі іс. Нефтепровод¹ келесі соғысқа дейін бітер.

— Совнаркомнан ақылды болам деме,— деді Беридзе апельсиннің бір бөлегін тәбеттене жеп жатып, бұрынғысынша сабырлы жүзбен.— Құрылысты жеделдету туралы беталды арнаулы қаулы шығармайды. Бізді белгілеудің де мәні бар. Оған Батманов үшеумізді жіберіп отыр. Батманов екеуміз шығыс өлкесіне жаңа адам емеспіз, құдайға шүкір, ол жақта біраз жұмыс істегенбіз. Сен болсаң Қыйыр-Шығысқа тосын болғаныңмен, маған тосын емессің. Сенімді серіксің, басқаның маған керегі жоқ. Қысқасы, жарқыным, мен бұл арада ешқандай бұлдыр тұман көре алмай тұрмын. Ол бұлдыр тұман, мүмкін өз басында шығар?

Беридзе Қовшовты құрылыс бастығымен таныстыруға алып барды. Батманов Алексейдің ойлағанындай болып шықпады. Оның сұңғақ бойы, сымбатты денесі, тіке біткен күлгін шашы, жазық маңдайы, кыйылған ерні тым салтанатты көрінді. Батманов бөгде бөлмеде өз кабинетіндей еркін отыр.

«Тегі, кербез мырза болар өзі»,— деп қынжылды ішінен Алексей. Алексейдің ойы қазір етік киген, белін буынып, мылтық асынған қарапайымдау, дөкірлеу көрінетін әскери адамдарға ауып тұр.

Бір жас қыз кабинетке жүгіріп кіріп, Батмановқа қарап жымыя күлді де:

— Василий Максимович, сізді іздемеген жерім жоқ, машина есік алдына келіп тұр,— деді.

Құрылыс бастығы басын изеп, әлгі қызға алғыс айтқандай ишара етті. Батманов инженерлерге бір сағаттай ғана уақыт бөлді. Оның қадалған көзқарасын, әрі әңгімелесіп отырғанда Беридзеден гөрі өзіне көбірек көңіл бөлгенін Алексей ұнатпады. Батманов Алексейге өзін сынап отырған адамдай көрінді.

— Мен бірнеше күнге оңтүстікке қайта барамын, өйткені онда өзім соңғы уақытта басқарған бір құрылыс бар еді, соны тапсырып кетпекпін. Семеймен коштасу үшін Қырымға соғамын. Содан тұпа-тура Қыйыр-Шығысқа ұшамын. Қазір бұл арада сіздермен құрылыс жайын әңгіме қылудың қажеті жоқ. Не болса да барған соң көрерміз. Қысқасы енді бұл арада

¹ Нефтепровод — мұнай тартқыш.

біз істейтін ештеңе жоқ. Жоғарғы басқарманың бастығына бармай-ақ қойыңыздар: мен онда күні бойы болдым. Жоғарғы басқарма вагонға түгел тиеліп те болыпты. Құрылысқа керекті нәрсенің бәрі, жабдықтаушылардың мәліметтеріне қарағанда, құрылыс басында болуға тиіс, не жол үстінде болу керек. Батманов түрегеліп, қағаздарын жыйнап, былғары папкаға салды.— Сіздерден бір ғана тілейтінім: тезірек жүріп кетуге асығыңыздар. Вокзалдар адамға лық толы көрінеді, билет алу да қиын болар, жылпостық істеп, жігер салуға тура келеді. Семьяңызды өзіңізбен бірге ала барасыз ба? — деді Алексейге.

— Шал мен кемпірдің ешқайда барғысы келетін емес. Әкем барлық өмірін Москвада өткізген кісі. Інімді осы жақында ғана әскери мектепке шығарып салдық.— Өз әйелі, Зина туралы Ковшов, неге екені белгісіз, ештеңе айтпады.

— Ата-анаңызбен тағы да сөйлесіп көріңіз, мүмкін, бірге барар. Сізбен бірге болса, өздеріне жақсы болады ғой,— деп ақыл берді Батманов.

— Олар бармайды,— деді Алексей тұрпайы түрде кесе айтып.

Беридзе мен Ковшов бастықты машинаға дейін шығарып салуға шықты. Батманов Ковшовты ілгері өткізіп жіберіп, басымен соны мезгеді де, Беридзеден:

— Сіз, осы өзіңізге іскер орынбасар сайлап алғандығыңызға сенімдісіз бе? — деп сұрады.— Тым жас адам екен өзі, әрі Қыйыр-Шығысқа баратынына онша қуанбайтын да гәрізді. Сіздің айтуыңызға қарағанда, менің көңлімде бұдан гөрі басқарак адам болушы еді. Өзіңізге бұдан гөрі бір кабілетті инженер алғаныңыз жөн болатын еді. Рас, оған енді кеш болып қалды.

— Василий Максимович, алаң болмаңыз. Мен оған өзімнен кем сенбеймін. Жас екені рас, онысын жасыра алмайсың, әрі өмірден тәжірибесі де аз, кейбір мәселелер жөнінде тіпті, керек десе, аңқау да болуы мүмкін. Бірақ жұмысқа кіріскенде қайраты тамаша. Өте кабілетті, табанды адам. Оңтүстік құрылыста небір тәжірибелі деген адамдардан асып түсіп, өзін көрсете білгенін өзіңізге айтып едім ғой. Ал енді, қазір өзін соғыс өртінің жалыны шарпып, ызалылау да боп кеткен, әрі егделенген де көрінеді. Бұл сөзімнің шындығын әлі-ақ көрерсіз...

— Оған деген ешқандай қарсылығым жоқ, тек өз жайыңызды ойлап тұрмын. Алда ауыр-ауыр міндет тұр, сондықтан жәрдемшіңіз де сенімді адам болуы керек қой.

Батманов инженерлермен сыпайы болғанымен солғындау қоштасып, үйреншікті әдетінше, машинаның сырлы есігін сарт еткізіп жапты да, саспай, жайымен байсалды қалпында жүріп кетті.

— Искусствоның еңбек сіңірген қайраткері, опера мен балеттің артисі. Мұндай бастықты қайдан тауып алғансың,— деп сұрады Алексей.

— Осылай дейтінін біліп едім,— деп Беридзе карк-карк күлді.— Маған сүзіле қарап, бұртандамай-ақ қой. Біз қай балеттен шықсақ, ол да сол балеттен шыққан. Тым құрыса өмірбаянымен таныссаң екен-ау: оның кочегар, машинист, партия қызметкері болғаны, академия бітіргені, Совет Одағындағы бір ірі құрылысқа басшылық еткені жөнінде талай рет жазылды ғой. Осының бәрін ол қырық үш жасына дейін ғана істеген адам. Мұндай бастықтар халық комиссариатының өзінде де көп емес. Жаман болса, мен тіріде жолармын ба оған? Адамға бостан-босқа екі рет Ленин орденін бермейді де. Оны жібергенде, басқалардың көбінің қолынан келмейтін жерге жібереді. Қалай, дәлелдедім бе? Әрине, әлі де сенген жоқсың ғой. Танып тұрмын, Алеша, айтпасаңда белгілі.

— Маған семьяңды ала жүр деп ақыл берсе де, өз семьясын Қырымда қалдыруы қалай? — деді Алексей түсінбегендей кейіппен.

— Баласының көкірек ауруы қатаң болғандықтан, әйелі — Анна Ивановна онымен бірге Ялтада тұрады.

Инженерлер документтерін алғалы басқармаға қайтып келді. Енді екеуінің де қолдары бос боп қалды. Не істерін білмей дағдарып, олар көше-көшені аралаумен болды.

— Сені келеді ғой деп Грузияда күтіп едім,— деді Беридзе.— Бірақ алдап, келмей қойдың. Москваның тастарына жабыстың да қалдың, бір акқұбаға ғашық болып, керек десе, үйленген тойына да шақырмадың. Тойын қашан өтті өзі?

— Он бесінші июньде, жексенбі күні...

— Өзін көрсетсең болар еді...

Алексей үндемей, омырау қалтасынан бір суретті суырып алды.

— Тамаша қыз екен,— деп Беридзе күрсініп қойды.— Бетажары сүп-сүйкімді, көзі айқын ақылды көз... біртүрлі жаутандап тұр. Суретіне сенбеймін, өзін көрсет. Әйтпесе бірге алып жүруіңе рұқсат етпеймін.

— Ол майданда. Дәлірек айт десең, майданның арғы жағында,— деді Алексей түнеріп.

Беридзе абыржып, тоқтай қалды.

— Солай де! Онда қалай барып жүр?

— Институттің ақырғы курсында оқып жүр еді. Байланысшы-радист болатын. Мен жасаққа кеткен соң, ол да ілешала аудандық комсомол комитеті арқылы армияға кетіпті. Ол қазір Отанын қорғап жүр де, ал мен...— деп Алексей қолын бір сілтеп, ілгері қарай жүріп кетті.

Беридзе жолдасына мүсіркей карап тұрды да, артынан куып жетті.

— Алексей, Москваға қарашы, құмарта кара! Енді оралып келгенімізше қашан...— деді ол Ковшовтың ойын бөлмек болып.

Алексейдің өзегі елжіреп кетті. Екеуі Садовая көшесімен келе жатыр. Дымкыл тартқан көше жалтырап жатыр. Батар күн үй шатырында отырған зенитчиктермен қоштасып, ұясына еңкейіп барады. «Красные ворота» жақтан соғыс кезінде шыққан ән естіледі, ол жерден әскер өтіп жатыр. Кен көшенің ортасында жауынгерлер бір үлкен аэростатты көтеріп келеді. Аэростаттың қасынан тегіс көшенің бойымен автомобильдер зуылдап өте шыққанда, аэростат ауаның екпінімен аспанға жұла көтеріп, өзін ұстаған адамдарды қоса ала жөнелетіндей көрінді.

— Пәлекеттен сақтанған сыяқты, терезе біткеннің беті айқыш-үйқыш қағазбен желімденген сүйікті Москваның түрі мынау,— деді Беридзе.— Неткен көңілсіз — түн баласы жылт еткен от көрінбейді. Москвада жарық жоқ деген не... Бір осының өзі үшін-ақ фашистің кеңірдегін суырып алар едім.

— Мен бұл жердің әрбір тасын ақырғы демім біткенше қорғауға міндеттімін...— деді Ковшов тістене, тұтыға сөйлеп.— Оның орнына сенің соңыңнан еріп қайдағы бір қыйыр шетке кетіп бара жатқаным мынау!

Беридзені ілезде: «Алексейді Қыйыр-Шығысқа әкетіп бара жатқаным дұрыс па?» деген ой абыржытты. Әлде жолдасқа алдыңнан жарылғасын деу керек болар? Оның бар құлқы майданда, мұнысы да ізгілікті іс! Бірақ Алексей армия үшін бәрібір қазір жарамсыз... Және бұлардың баратын жерінің өзі де сол сыяқты майдан ғой. Оған да Ковшов керек. Бас инженерге өзімен бірге бір-ақ адамды әкетуге рұқсат еткен, ал Беридзе де Алексейге бірден тоқтап, оны тегіннен-тегін іздеген жоқ-ты. Бұлар бұдан үш жыл бұрын, оңтүстік құрылысқа жас инженерлер алу үшін Беридзе институтқа келгенде танысқан болатын. Ковшовты жақсы оқушылардың бірі деп ұсынған еді. Содан бері екеуі үлкен жұмыстың ыстығы мен суығын бірдей көріп келеді, Георгий Давыдовичке Алексей адал шәкірт, сенімді көмекші, әрі дос болып алды. Қазір бұлар бірге кетпекші, оның үстіне енді жағдайды өзгерте қою да мүмкін емес.

— Даурығуың жетер! Жүруіңе тура келеді, бұйрықты ешкім де бұзбайды,— деді Беридзе катал және кесе сөйлеп. Ол жолдасының түнеріп түтігіп кеткен жүзіне қарады да, қолтығынан алып: — Сен бүйтіп өзіннен-өзің бүлініп, босқа қыйналма. Қазір үйдегі ата-анана бар, солармен бірге бол. Мен вокзалға барып, билет аламын да, саған соғамын,— деді.

Екінші тарау
ЖАҢА ОРЫНДА

Жаңа орынға келгеннен кейінгі алғашқы түні, Ковшов қызмет кабинетіндегі, жылтыр дерматинмен қапталған, салқын диванға жатып ұйқтап шықты.

Оянған соң, көзін әрең ашып, Алексеей қайда жатқанын бірден түсіне алмады. Үлкен кабинетке таңертеңгі салқын күннің қызғылт сәулесі түсіп тұр екен. Екінші диванда Беридзенің құнттап жыйнаған төсегі жатыр. Оның өзі стол басында отырып қағаздарды қарап отыр. Терезе жанында, орындықтың бір шетінде көзіне баулы пенснэ киген семіздеу келген бір егде әйел баяу дауыспен әңгіме айтуда:

— Наточканы кішкене бөбегімен көшіріп жібердім де, бұрын он адамы бар семья тұратын үлкен дачада, жалғыз өзім қалып қойдым. Күн сайын менің алдымда екі мәселе тұрды: не дүние-мүлікті күзетуім, не үңгірге түсіп, бас сауғалауым керек болды. Дегенмен, дүниедегі ең қорқынышты нәрсе бомба екен. Басқа шал-кемпірлермен бірге үңгірге түстім де, бұралқы итше дірілдеп, жата бердім. Өзіңіз білесіз, басалқалы сөз айтып, көңіліңді жұбататын бір мейірбанды шалдар болушы еді ғой, біздің арамызда сондай байсалды шалдардың бірде-бірі жоқ екен. Қайта, арамыздан басқа бір сортты шал табылды, оның жұбатып айтатын сөзі: «Гитлершілер келмей қоймайды, келісімен біздің Музаның жайын табады. Қымбатты көршіміз Музаны ең биік ағашқа асып өлтіре ме деп ойлаймын» дейді де отырады. Оның сәуегейсіп айтып отырған Музасы мен болатынмын. Менің қызымның күйеуі Қызыл Армияның командирі еді. Сол сықылды жауыз адамдарды соғыстан бұрын неге байқамағанбыз, соны айтыңызшы? Сол зымыян шал өзіммен көрші болып он бес жыл тұрды, мен өзін бір тәуір, сүйкімді адам деп есептеуші едім. Мазанызды онша алған жоқпын ба өзі?

— Жок, онша емес,— деді Беридзе қағаздан басын көтермей.

— Дачаның бір көшесін мүлде қыйратып кетті, тек тактайлар мен коқыстар, сынған шынылардың үйіндісі ғана қалды!.. Менің тіпті еңсем түсіп кетті. Мен сыяқты қарт адамның өлімінен қорқар жөні жоқ қой, бірақ та шошыйын дедім. Таныстарым акыры кетуге үгіттеп көндірді. Вокзалда иін тірескен жұрт, ертіп шыққан адамдар чемодандарым мен корзинкаларымды алып кейін қалып қойды, тегі, әдейі қалған болу керек, мейлі, қалса қала берсін дедім. Бір рақымды, жайдары жігіттер мені ертіп әкеліп, оларша айтқанда, сыналап вагонға кіргізіп жіберді. Сөйтіп, сорлы басым, көз көрмес, құлақ естімес жерге кете бардым. Мен мазаңызды алып отырған жоқпын ба?

— Айта беріңіз, айта беріңіз,— деп Беридзе кара сақалын сыйпап қойып, әйелге қарады.

— Қымбатты москвалықтар, сіздердің келгендеріңізді біліп, қатты қуандым. Осында келгеніме айдан асса да, әлі көндіге қойғам жоқ. Тіпті ауасының өзі де біздікіндей емес. Онысы жүрекке де жағымсыз дейді ғой?

— Ауасы жаман емес. Әрі таза, әрі мол. Дачаға барудың да керегі жоқ,— деп бас инженер әңгімені селкостау қостап қойды.

— Сырласар ешкім жоқ. Тіпті мен сыяқты қарт адамнан бастартпай, секретарьлыққа алғаныңызға қуанғанымнан жылап та жібере жаздадым. Әдетте секретарьларды қыздардан, көрікті, көңілді жасырақ әйелдерден алады ғой.

— Секретарымның москвалық, әрі мәдениетті адам болғаны маған да жақсы. Ал тым жас, жарқын қыздарды жұмыс үстінде онша жақтырмаймын,— деп Беридзе шынын айтты да, екеуінің әңгімесін үндемей тындап отырған Алексей жаққа жалт қарады.— Муза Филипповна, мен өзімнің алғашқы тапсырмаларымды мына қағазға жазып қойдым. Маған жобаның барлық томдары мен сол жөнде жазылған түсініктер тығыз керек болып отыр. Сағат он екіден кейін жұртты шақыра бастаймыз.

— Қазір-ақ іске кірісейін,— деп Муза Филипповна күйбеңдей бастады.— Қол босаған кезде маған Москваның жай-күйін айтып берерсіз,— деді.

«Міне мен де Москвадан осылайша тайып отырып, оның жайын енді алыстан ойлайтын болдым-ау» — деді Ковшов ішінен күса болып.

— Былықпайға әлден-ақ кірістіңіз бе, жолдас бас инженер,— деді Алеша Беридзеге секретарь әйелдің соңынан қарап отырып.

— Сен ұйқтап болғанша, уақытты босқа өткізбейін деп едім, калкам,— делі Беридзе.

Алексей лып етіп түргеліп, киінбестен терезеге барды да, шалқасынан ашып жіберді. Содан кейін біраз гимнастика жасады. Күнге күйіп күрен тартқан бұлшық еттері бұлтыйып шыға келді. Беридзе күлімсірей қарап отырды.

— Апырай, осы сенің мінезінде қашан өзгеріс бола бастар екен өзі: мысалы, гимнастика сыяқты жақсы әдеттерден бой тартып, темекі тарту немесе тамақ алдында бір жұтым арак ішу сыяқты жаман әдеттерге қашан үйренер екенсің деймін? Менің байқауымша: адамға жасы толып, жыл асқан сайын жаман әдеттер жамала беруші еді.

— Табиғаттың бұл сөлекет заңына қарсыласып бағармын,— деді Алексей.

Оның әшейінде қуқыл тартып жүретін жүзі қызарыпқырап, сарғыш шашы шыйратылып, маңдайына келіп түсті. Денесі

ысынғанын сезіп, ол демін салмакпен алды. Орындыққа отырып, сол қолын сылауға кірісті. Жұдырығынан шынтағына дейін үлкен-үлкен үш тыртығы бар екен.

— Жә, қолың қалай, Алеша?

— Ештеңе ететін емес, жуырда қаз-қалпына келетін сыяқты.

Екеуі де терезеден карады. Құрылыс басқармасының төрт қабат кірпіш үйі қабакка төніп тұр. Төменде керіле аккан кең өзен жатыр. Оның шымырлаған бетінде жаңа шыккан күн сәулесінің шұғыласы ойнайды. Өзеннің арғы жағасындағы ирек-ирек адырлы таулар көгілдір тұманға бөленіп жатыр. Табиғаттың күзге карай коңыр, сарғылт тартқан алтын түсті өсімдіктері жер бетін көркейтіп тұр.

— Қарт Адун ұлы да, кең де екен ғой! Өзінен тіпті малтып аржағына өте алмассың да,— деді танданып Алексей.

Әлдеқайдан паровоздың боздай айғайлаған даусы естілді. Соның айқайынан инженерлер отанымыздың ұшы-кыйыры жоқ далаларын, тоғайлары мен тауларын жыйырма күн бойы аралап сапар шеккендерін естеріне түсіріп, қатты күрсініп алысты.

Денесі күс еттеніп, салкын тартқан соң, Алексей тез киініп алды да, жүгіре басып жуынуға кетті.

Жәрдемшісі жуынып қайтып келген соң, Беридзе оған:

— Екеуміз жұбымызды жазбайық, қанаттаса бірге жүрейік,— деді.— Ол осы сөзімен көзі мөлііп мұңайып тұрған Алексейдің көңілін көтергісі келді.

Беридзе істейтін жұмыстарының жоспарын белгіледі. Ең бірінші міндет — тамактану, моншаға түсу, тұратын үй алу, газеттер мен география карталарын тауып алу, құрылыс жағдайымен танысу болды.

— Алғашқы күнге осы да жетер деймін? Жетік мамандарға тұрмыс пен өндірісте осыдан артық ештеңе керек бола қоймас? — деді Беридзе.

— Әрине, жеткілікті. Еңалдымен тамақтан бастасақ жақсы болар еді,— деді Алексей.

— Бастасақ бастайық!

Беридзе жабдықтау бөлімінің бастығына телефон соқты. Ол, сөйлесіп тұрған кім деп қайта-қайта сұрады да, екі ұштылау жауап қайырды:

— Анықтайын.

— Нені анықтамакшысыз,— деді ызаланғаннан кызара түсіп Георгий Давыдович.— Анықтайтын ештеңе жоқ. Ұқпасаныз тағы да айтайын: сізбен сөйлесіп тұрған құрылыстың бас инженері Беридзе... Қасымдағы орынбасарым Ковшов жолдас екеумізге тамақ даярлауды тапсырыңыз. Оның үстіне, біздің жалпы азык-түлік жабдығымызды да коса ойлаңыз.

Жабдықтау бөлімінің бастығы бас инженер дегенде — жал-

ғыз Грубский мен оның орынбасары Тополевті ғана білемін дегенді айтты. Одан қала берді, ол тек құрылыс бастығының ғана жарлығына бағынады екен. Беридзе асханаға телефон соқты. Ондағылар: тамақты жабдықтау бөлімі бастығының жарлығы болса ғана бере алатындығын айтты. Беридзе телефон трубкасын ашуланып тастай салды да, тілдеп жіберді. Алексей мырс етті.

Есікті шалқасынан ашып, Батманов кіріп келді. Инженерлер түнде келгендіктен, мұнымен телефон арқылы сөйлескені болмаса, әлі көрісе қойған жоқ-ты.

Құрылыс бастығы әскери киім киіп алған екен. Бұл киім оның түрін мүлде өзгертіп жіберген. Алексейдің танырмауына болмады: Москвада ол артист немесе художник сықылды адаммен танысса, ал енді қарсы алдында сыптай бір мінсіз командир тұр: көйлегінің жағасына тіккен ақ шүберегінен бастап, жылтырата тазартылған етігіне дейін, киімінің бәрі жалт-жұлт етеді. Алексей өзінің шаң басқан етігіне бір қарады да, сақалы қырылмаған иегін қолымен сыйпап қойды.

Батманов инженерлермен ашық шыраймен, тіпті нәзік түрде амандасты. Екеуін сүйіп алуға тек әдеттегі сабырлылығы ғана тоқтау салған сықылды. Бұлардың жүріп келген сапарын, көрген-білгендерін түгел сұрады. Батмановтың өзі самолетпен ұшып келіпті.

Беридзе жолшыбай болған уақыттардың жайын айтты. Даниловтың түбінде поезға әуеден шабуыл жасалды. Бұлар бір кішкене станцияда тұрған кезде, тұтқыйылдан келіп тиіскен бандиттің дәлдеп атуына қолайлы болыпты. Бір вагонға бомба түседі. Жалғас вагондар қапсырылып қалып, Беридзе мен Ковшов мінген вагонның терезесін жұлып әкеткен. Сол сәттегі уақыттар естен кетпестей болып қалған. Беридзе айтып тұрғанда, сол уақыттар Алексейдің көз алдына елестеп, денесі дір ете түсті.

Бомба жарылғанда, Ковшов бас инженерді баса құлап, денесімен бүркеп қалыпты. Екеуі қайта түрегелгенде тіпті аман қалғандарына сенбепті. Жолдасының беті мен шашындағы қанды көріп, Беридзе шошып кетеді. Бірақ аздап шыны кесіп кеткен жерлері болмаса, Алексей жаракаттанбаған.

Жау бомбалауды доғарып, өзінің істеп кеткен әлегін көргелі қайта оралыпты. Ковшов пен Беридзе аяғы сынып, ұсатылып кеткен бір әйелді жол жиегіндегі орға көтеріп апарды. Әйел өзін тастап кеткелі жүр екен деп: «Ой бауырларым-ай... Тастап кете көрмендер... Өлемін ғой... Өлемін ғой», — деп ойбай салады.

Алексей темір жол үстіне жүгіріп шығып, Беридзеге: «Естіп тұрмысың? Бұл ұят қой! Жыраға тығылды деген не сұмдық! Құрсын!» — деп айқай салыпты.

Даниловтан санитарлық поезд келіп, аман қалған жолаушылар жаралыларды тасуға кіріседі. Беридзе вагонның астында қалған бір баланы алып шығады, баланың бет-аузы мылжамылжа болып кеткен екен, бірақ жүрегі әлі де соғып жатыр. Дәрігер: «Жаралыларды тасу керек, өлгендер жата берсін, оларға енді жәрдем істей алмайсың» — деп ашуланады. «Мен алып шыққанда тірі еді». — «Я тірі болатын. Барып басқаларын әкеліңіз».

Санитарлық поезд жүріп кетеді. Алексей мен Георгий Давыдович тоғай ішіне тығылған жолаушыларды вагонға қайта келуге үгіттеп түсіндіру үшін сонда барады. Бүлінген поезд ақырында тағы да ілгері қарай жылжыйды. Даниловқа келген соң кідіріп қалыпты. Станция бастығы жолаушыларға ілгері жүруге басқа поезд тауып бере алмайды. Жолаушылар наркомға телеграмма беріп, станция бастығының үстінен шағым жасап, жәрдем сұрапты. Фугас бомбалары арқылы басына түскен ауыр жұмыстан әбден қажыған теміржолшы телеграмманы оқып, жолаушылардың бұл қылығына таң қалады: «Фашист бүгін бүкіл дүние жүзінде тек сіздерді ғана бомбалаған деп ойлауға болатын екен. Наркомда сіздердің телеграммаларыңызды оқудан басқа жұмыс жоқ қой шамасы. Телеграммаларыңызды ешкімге көрсетпей, жыртып тастаңыздар. Мен сіздерді өз поездарыңызбен Киров қаласына жеткіземін, ол жер алыс түкпір ғой, сондағылар бірдеңе ғып жөнелтер» — дейді.

Сөйтіп, тағы да жасырынуға тура келді: неміс бомбардировщиктері станцияға бір күннің ішінде алтыншы рет шабуыл жасады. Паровоздар боздай берді. Станцияда тұрған әскери екі эшелоннан зеңбірек пен пулеметтер атылып, жер солқылдап, аспан шайқалды.

Поезд Киров қаласына дейін асығыс эшелон правосында заулады. Жолаушылар вагон есіктерінің шығар алдына келіп топырлады. Кировтың теміржолшылары азап шегіп қыйналған жұртты кідірте тұрып, соңынан мүмкіншілігіне қарай, аз-аздан, бөліп-бөліп жөнелтпекші болды. Жаралылар жалынып, поездды бөгелтпей қоя бергізді.

Сөйтіп олар есік-терезелері жоқ вагонда Свердлов қаласына жетті. Станция сайын поездың алдынан жұрт топ-тобымен шығып, күткен адамдары вагоннан шықпаған соң, жылай-жылай поезды жөнелтіп отырды.

Беридзе осыны айтқанда Даниловта өзінің Алексеймен шекісіп қалғанын аңызға алмады. Сол, қыйраған поездың қасында тұрып, Қовшов Москваға қайтамын деп кесіп айтқан-ды. Беридзе қанша жұбатса да: «Мен әскер катарында болуым керек. Менің орным майдан, мен солдатпын», — деп көнбей қойған болатын.

Батманов бір нәрсені еміс-еміс аңғарғандай, көз қырын Алексейге аударды.

— Әңгіме осымен бітсін. Жолаушыларға қазіргі ең керегі ертеңгі тамақ, монша, шаштараз, содан соң жатақ үй болар,— деді.— Солай емес пе?

Құрылыс бастығы Ковшовка қарап сөйлесе де, ол ештеңе айтпады. Беридзе жауап берді:

— Жабдықтау бөлімі бастығымен қарым-қатнасымызды реттемекші болып жатқанда сіз келіп қалдыңыз. Алғашқы күймаққа ауыз тұшынбас дегендей, бізді тіпті танығысы келмейді.

— Жабдықтаушымен қарым-қатнасты жөнге салу жағын маған қалдырыңыздар,— деді Батманов. Өзі ызбарланып кетті. — Алғашқы әзірдегі жұмысты былай деп келіселік: сіздер инженерлік істермен айналысыңыздар, техниканың, құрылыстың егжей-тегжейін біліңіздер, жобаға қанығыңыздар. Ұйымдастыру ісіне әзірше алаң болмай-ақ қойыңыздар, ол менің билігімде болсын.

Батманов кабинеттен шығып кетті.

— Әзірше ешбір кінамыз жоқ еді ғой, сүйікті бастық неге ашуланды? — деп сұрады Алексей.

— Сен ұққан жоқсың. Батманов біздің қамымыз үшін ашуланды.

Екеуі күтіп отыра берді.

— Тәрізі өзі жуырда қарым-қатнасты жөндей алмас деймін,— деді Алексей күрсініп.— Сөйтіп жүргенде аштан өлмесек не қылсын.

Алексейдің осы сөзіне жауап қайырғандай, телефон шылдыр ете түсіп, екеуін асханаға шақырды.

— Қарым-қатнас жөнделе бастады,— деді Беридзе көңілденіп.

Бірер сағаттан соң екеуі азын-аулақ тамактанып, жуынып, сакал-мұрттарын алдырып қайтып келді. Беридзе жергілікті газетті тауып алды. Алексей соғыс хабары мен «Правданың» басмақаласын дауыстап оқыды. Неміс дивизиялары біздің әскерлерді әлі де тықсырып келеді екен. Басмақала армия мен халықты жердің әрбір метрін қорғай отырып, жау қолында қалған қалалар мен селоларда ешнәрсе қалдырмай бәрін жойып кетуге шақырған.

Инженерлер күні бойы жобаның материалдарын талдап, танысты. Бұларға бұрынғы бас инженер, әрі жобаны жасаушылардың бірі Грубский жәрдемдесті. Грубский беті бір-ақ уыс, күйкасы күрең тартқан жалтыр бас, кіп-кішкене адам еді, аса маңызданып, керлеңдеп, қомпыйып көрінгісі келді.

Грубский төртінші рет шақырғанда ғана келіп:

— Не колкабыс етейін? Қазір тіпті колым тимей жатыр еді, көзіне пенснэ киген әлгі бір құрметті әйел болмаған соң, асығыс ісімді тастап, амалсыз келдім. Өзі бір қадалған жерінен айрылмайтын адам екен,— деді.

— Сіздің қазіргі ең жедел ісіңіз — бізді жұмыстың жайымен тезірек таныстыру болар,— деді Беридзе.

— Ол маған мәлім емес,— деп Грубский кекетіп жұп-жұқа ернін қыйсаң еткізді.— Егер рұқсат етсеңіз, сізге әлі тапсырылмаған міндетім жөнінде, өз пікірімде қалсам деймін.

— Оның қандай мәні бола қояр екен. Істі жылды күтпей, ертең-ақ өткізе бастағалы отырсыз ғой.

— Ісімді құрылыс бастығы бұйырған кезде ғана өткіземін. Ол бұйрық берсе, ертең де, бүгін де, керек десе, тіпті бір сағаттан кейін де өткізе бастаймын. Бұл батпан зілді сіздің мойныңызға арта салғанға қуанбасам, ренжімеймін.

Алексей инженердің сопайған беті мен жіңішке мойнындағы жұдырықтай жұтқыншағына қарап, кикілжің әңгімені естіп, ішінен тынып тұр. Ол терезе алдына барды. Өзенде қайықтар мен катерлер ерсілі-қарсылы жүзіп жүр, арасында бір үлкен кеме маңғазданып келеді.

— Қазіргі сізден сұрайтыным көп емес: бізге құрылыстың техникалық концепциясын ұғыну жөнінде біраз жәрдем көрсетсеңіз болғаны,— деді Беридзе.

— Оған даярмын, болады. Алайда асығыс ісім бар, соны бітіріп, бір сағаттан кейін оралайын.

Грубский дәл айтқан уақытында келді. Ол жатық сөйлеп, кейде көпке ұғымды, кейде қыйын сөздерді қолдануға тырысты. Он томнан құралған жобаны ол жатқа біледі екен, ондағы чертеждері немесе таблицалары бар керекті қағаздарды тезбе-тез тауып отырды. Құрылыс оның түсіндіруіне қарағанда, қайтсе де үш жылға деп жобаланған.

Мұнай Тайсин аралынан құрғаққа, Новинск қаласының мұнай қорытатын заводына трубопровод арқылы төте жолмен жеткізілуге тиіс, құрылыстың мәнісі, міне, осында. Әуелі теңіз жолымен, одан кейін өзен жолымен тасып, мұнайды бір кемеден екінші кемеге қотарыстырып жүру сыяқты қыйын тасымалдан құтылу керек. Қыс түскенде су жолының бәрі қатып, аралдан мұнай әкелу тоқталып қалатын. Ұзақ қыс бойында Тайсин аралында мұнай адам айтқысыз көп жыйналады. Мұнайдың тасылуы қыстың түсуіне, транспортқа байланысты болғандықтан, мұнай өндіру ісі көп заманнан бері өркендемей келеді. Ұзақ су жолымен тасылған осы күнгі мөлшерінен Тайсин жанармайды анағұрлым көп берген болар еді. Сөйтіп, нефтепроводтың салынуы өте қажет болды, өйткені ол жанармайды арзандатады, тасымал үстінде жанармайдың ысырап

болуынан күтқарады және ең керекті жері — мұнайды заводтарға жыл бойына үздіксіз жеткізіп тұруға мүмкіншілік береді.

Грубский кұрылыстың қыйындығын қайта-қайта айтумен болды. Көп километрлі трассаның¹ жолы ит тұмсығы өтпейтін жыныс тоғайларды, қыртыс-қыртыс болып жатқан биік жоталарды, өзен-суларды, қыйын-қыстау жерлерді басып өтеді. Жазы қысқа, бораны катты, қары қалың, аязы елу градус ұзақ қыс жағдайларында осы арада тұңғыш рет нефтепровод салу керек болып отыр. Оның бер жағында, бұл жұмыс жөнінде бұрын ешқандай тәжірибе болмаған. Грубскийдің ойынша, қыс айларында жұмыс істеуге мүлде болмайды, өйткені, шетелдердің өте беделді саналатын мамандарының еңбектерінде трубопроводты қыстыгүні қорытып пісіруге де, жерге төсеуге де болмайды деген. Техникалық кейбір қыйын мәселелер әзірге шешілмей кала беріп келген. Мұның үстіне, соғыс та жаңадан қыйыншылықтар туғызып, жағдайды қыйындата түсті. Трубалар мен материалдарды трасса бойына тасып жеткізу керек, бірақ оған жол жоқ, оны салуға көп уақыт, көп күш керек. Алда еңбекті көп тілейтін жер жұмыстары тұр, онда жұмыс істейтін адам күші де жеткіліксіз, енді сол адамдарды қайдан алу керек? Трубалар мен құрал-саймандар жабдығы толық жеткізілмесе, қалғанының қашан жеткізілетіндігі де мәлімсіз болса, ендеше нефтепровод толық төселіп бітеді деп қалай сенерсің? Кадрлар болса нашар, олармен іс жүргізуге де болмайды, жаңадан толықтырылады дерлік те үміт жоқ.

Грубскийдің сарыуайымының ұшы-қыйыры жоқ сыяқты. Алайда ол сөзін саябырлатқан кезде, Беридзе кекеп былай деді:

— Я, міндет оңай емес, қыйыншылық көп. Сіздің егжей-тегжейіне дейін жеткізіп баяндап бергеніңізге тек алғыстан басқа айтарым жоқ. Бірақ сіз ең басты мәселені: үкіметтің жана қаулысына байланысты жобаның техникалық концепциясы қайтадан қалай жасалғанын айтпадыңыз. Нефтепроводты төсеудің мерзімі үш жылдан бір жылға дейін қыскартылды. Міне, осы мәселе жөнінде айтуыңызды өтінемін.

— Біз бұл мәселенің жайын жоғарғы басқармаға жазған баяндама хатта айтқанбыз. Ол баяндама сізге мәлім шығар деп ойлап едім. Менде оның көшірмесі бар, сонымен танысуыңызға болады.

— Мен оны Москвада оқығам. Сіз онда нефтепроводты бір жылда салып бітіруге болмайды депсіз. Сонымен, әңгіме аяқталды ғой?

¹ Т р а с с а — салынатын нефтепровод жолының бағыты.

— Қайталап айтайын: бізге беріліп отырған бас-аяғы бір жылдың он екі айы болса, оның жетеуі қыстың айы болып отыр.

— Бірақ сіздің толық жазған баяндамаңызға Москва айқын нұсқау беріп, үкіметтің қаулысын іс жүзінде орындауға сөзсіз кірісу керек, жобаны қайта жасау керек дегенді айтты ғой.

— Үкіметтің қаулысын іс жүзінде сөзсіз орындау керек екендігін біз де жақсы түсінеміз. Алайда уақытты үш есе қысқартамыз деп жалған тырбанып, үкіметті алдағаннан да, бұл мерзім орындалмайтын нәрсе деп шынын айтқанның өзі дұрыс емес пе?

— Бұл неге жалған болады? — Беридзенін тостағандай көздері шатынап кетті.

— Неге екенін айтайын. Үкімет соғыс жүргізу жоспарында, сірә, біздің нефтпроводты да есепке алған болар, сондықтан да сол проводты салу үшін қымбатты адам күші мен материалдық-техникалық құралдарды жұмсауға бел байлап отыр. Соғыс мүддесі үшін адам күштері мен қаражаттарды басқа жерде, олардың барлығының да пайдасы тез жететін жерде жұмсау керек екендігін айтып дәлелдеу — біздің азаматтық борышымыз емес пе?

— Бұл тақырыпқа сіздер толық жазылған тағы бір баяндама жіберген боларсыздар? — деп сұрады Беридзе.

— Біз телеграмма жібердік. Оның мазмұны мынадай: деніміз әбден сау, есіміз мейлінше дұрыс, біз бірінші баяндама хатта айтылған көзқарасымыздан бастарта алмаймыз, дедік.

— Көзқарас, көзқарас! — қатты кейіген Беридзе айқайлап жіберді. — Соғыс кезіндегі қымбатты уақытты баяндама жазуға текке-ақ жіберген екенсіз. Жобаның он томы сіздің көзіңізді байлаған, сіз оған, айталық, әйеліңіздей үйреніп кеткенсіз. Үкімет қаулысына тексеріс жүргізудің орнына, соғыстан бұрын жасалған сол жобаны батыл түрде қайта қарағандарыңыз жөн еді.

Грубский орнынан тұрды. Ол да Беридзеден кем булыққан жоқ еді, бірақ өзіне-өзі тоқтам салды.

— Біз істей алмағанды сіздер істерсіздер: бізде болмаған батылдық, табандылық, тағы сол сыяқты ерекше қасиеттерді көрсету кезегі енді сіздерге беріледі. Ерліктеріңізді көрсем сүйінермін, — деп салмақтап айтты да, Грубский шығып кетті.

Беридзе екі қолын айкастыра артына ұстап, сәл еңкейген бойы кабинетте ерсілі-қарсылы жүгірумен болды.

— Мына қораз бұдан сытылып шығып, бізді енді сырттан сықақ етіп, өз бойын аулаққа салғысы келеді, — деді де Беридзе бұлардың әңгімесіне қатыспай, терезенің алдында отырған Алексейге жақын келіп: — Сен бұған не айтасын?

— Бұл қораз жөнінде айтатыным мынау: оның сөзінде де қыйсын бар. Керек десең одан мен мұндай турашылдықты күткен жоқ едім.

— Мүмкін, оның сөзінде қыйсын болар, бірақ айтып тұрғаны тіпті маскара ғой,— деп, Беридзе кесіп айтты.

— Маскара ма? Меніңше ол дұрыс ойлайтын тәрізді. Немістер көп жерге бойлап кіріп кетті, құрсаулы тасқындай Москваға төніп келе жатыр, соғыстың тағдыры жуықта шешілгелі тұр. Үш жыл емес, мейлі бір жылдың ішінде-ақ бітсін, сол нефтепроводтың сонда кімге керегі бар? Не жуық арада ең күшті айқас болып, біз немістің талқанын шығаратын бо-лармыз. Немесе...

— Алексей, өшір үнінді! — деп Беридзе зекіп жіберді. Бір секіріп, ол Қовшовтың қасына жетіп келді.

Инженерлер терезенің алдында біріне-бірі бетпе-бет карап тұр: Алексей қағаздай аппақ болып кеткен; Беридзе ашуға булыққаннан қып-қызыл нарттай.

— Есінде болсын, жадында берік сақта, әумесер: ешқандай «немесеге» орын жоқ! Жеңіске жету үшін қанша уақыт қажет болса, соғыс сонша уақытқа созылады. Егер бір жыл керек екен — бір жыл. Керек болса — үш жылға, бес жылға, он жылға созылады. Жадына сақтайтын тағы бір нәрсе: нефтепровод құрылысын жүргізе беру жөнінде үкімет қаулы шығарған екен, ендеше оның өте-мөте қажет болғаны, әрі бір жылдың ішінде бітуі қажет болғаны.— Беридзе ентігін басты да, қалпына келгендей болып: — Бізді мұнда жібергенде көрінген күдікті «ойды» қостай бер деп жіберген бе екен? — деді.

— Мені мұнда ешкім жіберген жоқ,— деп Алексей тез айтып салды да, теріс айналып кетті. Өзінікі дұрыс емес екендігін түсіне тұрса да, көңіліне тоқыраған қарсылық сезімді тоқтата алмай: — Сені жіберген. Сен мені тек көңіл көтеретін серік болу үшін ғана ала кеттің,— деп дүрсе қоя берді.

Беридзе көпке дейін үндемей Қовшовқа қарап тұрды. Жұдырығы түйілген қолдарын жоғары көтеріп, ашу қысқан көздері түнеріп кетті.

Беридзенің ашуланғанын Алексей байқамаған тәрізденіп, бірақ әңгімені енді тоқтату керек екендігін сезіп, терезенің алдына етпеттеп сүйене кетті, жолдасын жәбірлегендігіне ренжіп, өзіне өзі қынжылып, таза ауалы, көркем, кең далаға терезеден түк көрместей бұлдыр көзімен караумен болды.

— Батмановтың алдында сен үшін кепілдеме де бердім,— деді алқынып Беридзе.— Мен оған өзіме қандай сенсем, Алексейге де сондай сенемін дедім. Егер де екеуіміздің достығымызды, адамшылық қасиетімізді бағалайтын болсан, менің осы үмітіме күдік туғызба. Естимісің, мен не айтып тұрмын?

Ковшов үн катпады. Беридзе екі қолын бірдей сермеп, жалт беріп бұрылды да, аяғын ентелей басып, бөлмеден жүгіре шығып кетті.

Үшінші тарау

СОҒЫСТА НЕФТЕПРОВОДТЫҢ ҚАЖЕТІ БАР МА?

Новинскиге келген алғашқы күндерде Алексейдің қолы бос уақыты көп болды. Әзіргі жұмыс — жобаның материалдарымен, есеп-қыйсап документтерімен танысу ғана болып жатыр. Мұның үстіне, әлгі бір ойда жоқ жерде болып қалған әңгімеден кейін, Беридзе бұрынғысынша бір кабинетте отырып жұмыс істесіп жүрсе де, бойын тартып, Алексеймен әңгімелесуін қойды.

Үшінші күні қаладағы почтаға Ковшов жаяу кетті. Вокзал ауданындағы басқармадан қалаға дейін сегіз километр болатын. Алексей шаң басқан кедір-бұдыр жолдан бұрылып, таулы адырға қарай төтелей тартты. Алыстан, күн астынан, Алексейдің көзіне тау қырқалары күрең масаты кілеммен жайып қойғандай болып көрініп еді. Жакындап келгенде сол қырқалар түгі сыртына шыққандай шұп-шұбар болып кетті.

Москвадан келе жатқан сапарында, поезда, Беридзе Алексейге Қыйыр-Шығыс туралы әңгімелер айтып, көп жаналықтармен қызықтар көресің деген еді. Дұрысында да, Қыйыр-Шығыстың табиғаты шу дегеннен-ақ таңдандырып жіберді.

Алексей шыққан таудың беткейінде тырбыйған емен ағаштары өскен. Олардың сарғыш тартқан үлкен жапырақтары желдің лебімен ақырын ғана сыбдырлайды, бірақ курап жерге түсіп жатқан жоқ. Емен ағаштарынан бойы асып тұрған жапырақты ағаштардың бұтақтары, жапырағынан айрылып, сойдыйып қалыпты. Сол ағаштардың қысқа қарай жерге түскен тікенді бүртіктері аяқ астында сытыр-сытыр етеді. Осының бәрі де Москва маңындағыдай емес: еменнің жапырақтары курап түспей, қыс бойы бұтақтарында тұрады, ал қылқанды ағаш бүртік жапырақты ағаш деп аталады, өйткені қылқанды ағаштың бүртіктері қыстыгүні курап түсіп қалады...

Алексей сай ішіне түсіп, кісі бойымен бірдей шалғынды аралап келеді. Қезінде ешкім шауып алмаған соң әбден күнге күйіп, кураған шөптёр судыр-судыр етеді. Шалғын ішінде қандам басқан сайын күздің қоныраубас тәрізді қызыл, көкшіл гүлдері кездеседі. Бұл гүлдер қысты емес, жазды күтіп тұрғандай, именбей жоғары қарай еркін бой созып тұр.

Инженер өзі бұрын көрмеген, өте әдемі, бірақ ешқандай исі жоқ гүлдерден үлкен букет теріп алды да, қайтадан жолға бұрылды. Келе жатқанда оған кураған бір өңсіз бұталар

кездесті. Алексей тоқтай қалып, оларға аянышпен карады: ол бұл бұталар Жюль-Верн жазатын рододендрон деген өсімдік екенін білді. Жюль-Верннің кітабын оқып, Алексей бала жасынан бері бұл өсімдікті ертегіде ғана айтылатын бір тамаша өсімдік қой деп жүруші еді.

Новинск қаласы да москвалықтың көңіліне толмады. Осы қала жөнінде сан рет жазылған еді, сондағы айтып жүрген қаласы қайсы? Биік-биік әдемі үйлері де, түзу тартылған көшелері де жоқ. Көбінесе ағаштан салынған үйлер. Тас төсеген көшелер мен асфальт орнына жаман кара жолдар салынған. Адамдары үйлердің дәл терезесінің түбінен төселген тактайдың үстімен жүреді екен. Қаланың ең үлкен деген көшелерінің бәрі өзеннің жағасынан басталып, бірнеше километрге созылған, көшелердің екі жағынан қатар-қатар тізіліп, біркелкі стандарт үйлер салынған. Бұл үйлердің арасынан кірпіш үйлер сирек кездеседі, бұлардың өзі де ешқандай архитектура-лық өрнегі жоқ, қалай болса солай салына салған.

Почтадағы қыз Алексейді қағыта сөйлеп:

— Жазып жатқан шығар,— деді.

Ковшов ренжіп қалды, өйткені, ол үйінен хабар аламын деп үміттеніп келіп еді. Зинадан хат-хабар алсам, саған қайткенде де хат жазамын деп қайыненесі Алексейге уәде берген болатын. Ал, почтада хаттың жоқтығына карағанда, Зинадан еш хабар болмағаны ғой. Алексей почтаға хат салды және телеграмма берді. Көңілдегі қандай ойыңды айтқың келсе де, телеграммаға тек жыйырма ауыз сөз ғана жазатын болып шек қойылған. Алексей өзі жайында Зинаға хат жазуға ұйғарды, ондағысы хаты мен телеграммасы қайтсе де Москвадан әрі жөнелтіліп, содан барып Зинаның қолына тиер деген үміт еді.

Күнге күйіп күреңіткен қыз телеграмманы оқып, сөзін санады да, Алексейге әуестене карап:

— Мына гүлді кімге әкелдіңіз? — деді.

— Ешкімге де әкелгенім жоқ. Сізге сыйлауыма болады.

Байсалды пішінмен гүлді қызға беріп, кош айтты да, Алексей почтадан шығып кетті. Оның өз телеграммасы көңілін бұрынғыдан да қобалжыта түсті. Ол жол ортасында тоқтады да, майданға кетерінде коштасарда Зинаның берген хатын ұқыпты бүктеп салған күйінде, қалтасынан суырып алды. Осы қысқаша жазылған хат Алексей үшін қандай мәнді еді! Ол мұны қайта-қайта дамылсыз оқып беруге әзір болатын. Антты сөздер, әлі гүлі шешек атып гүлденбей тұрып, үміті кесіліп те біткен махаббаттың жан тебіренерлік сарыны — осылардың бәрі жүрегін өртеп, жанына қатты батарлықтай күйінішке де, қуанышка да душар етті. Аздап уқаланған қағазға қолы тиер-тиместен-ақ, Алексей бейнебір Зина көрінбей қасына келіп мейірімді, аянышты және жалынды тіл қатқан тәрізденді:

«Алеша, менің сүйікті Алешам!

Осы хатым үнемі жаныңда болуын тілеймін. Менің дүниеде бар екінімді, әрі сені сүйетінімді сен әрдайым, әрдайым жадында сақтауға тиістісің.

Сен қайда жүрсең де, не істеп жүрсең де — мен әрдайым сенімен біргемін, әрдайым сені ойлаймын. Сен мені ойлайтын болсаң, маған медет болады деп өзің айтушы едің ғой. Бізді соғыс айырып отыр, бірақ біз өмірбақый айырылыспаймыз, тіпті ұзаққа да емес, небәрі бір-ақ күнге айрылысамыз деп есептейміз. Мұны маған сен де айтқансың, сенің сөзіңді сапар тілегі үшін қайталап айтып отырмын.

Алеша, мені сүй, мені есіңнен шығарма маған ешнәрсе бола қоймас. Менің тілегім, сен мақтан етерліктей іс істеу, мен оны орындаймын.

Алеша, менің сүйікті жарым, біздің бакытымызға мен әбден сенемін. Біздің бакытты болуымыз әділдік емес пе? Біз бакытты боламыз, боламыз, боламыз! Тек соғыс бітсін...»

Алексейдің Новинскиге келіп, түкпірдегі тылда, қауіпсіз жерде тұрғаны және өзінің жұмыссыз бос жүргені, оған бір бакытсыздыктай болып көрінді.

«Мен кіммін қазір,— деп сұрады ызаланып ол өзінен-өзі.— Өмірлік серігім мен жолдастарым Отан үшін соғысып жүргенде, халқыңның болашағы, онсыз өмір сүре алмайтын, ең жақыны, ең қымбаттысы, Москваға сағат сайын, минут сайын ажал қаупі төніп тұрғанда бейбіт табиғаттың ортасында қаннен қаперсіз сейілдеп жүрген, мен кіммін өзі?..»

Даниловта Беридзе оны осында келуге көндіріп алған еді. Енді Новинск қаласынан кете қою қыйынырақ соғар, оның кетем дегеніне Батманов пен Беридзе теріс қарар, жек көрінішті, жанжалды іс болар, өйткені олар мұның адал ниетін түсіне қоймас, мұның басқаша амал етуіне болмайтынына ол екеуі сенер деймісің. Екінші жағынан, Беридземен салқындықтың пайдасы да тиер: Беридзе бұрынғы ойынан қайтқаннан кейін Батманов та енді оны бөгей қоймас...

Бұрыла берісте шаңдатып, газдың иісін бұрқыратып, бір жеңіл машина Қовшовты қуып жетті. Өтіңкіреп барып тұра қалды. Алексей келіп қатарласқан кезде машинаның рулін ұстап отырған адам оны шақырып алып, бірге ала кетейін деді.

Жолдың кедір-бұдырынан еппен бұлтара отырып, машина зымырап келе жатты.

— Сіз қай жерге барушы едіңіз,— деді шофер.

— Батманов бастық болып отырған құрылыс басқармасына барамын. Оны білетін боларсыз?

Шофер басын изеді де, Ковшовты бастап-аяқ тез ғана бір шолып өтті.

— Мен сізді неліктен білмедім екен,— деді ол аузындағы папиросын бір жағынан екінші жағына қарай ауыстырып.— Сізді ешуақытта көрген емеспін...

— Сіз жұрттың бәрін біле беруге міндетті ме едіңіз?

— Міндеттімін. Егер бір көрген болсам, мен сізді шырамытар едім.

— Оныңыз дұрыс, менің мұнда келгеніме небәрі үш-ақ күн болды. Басқа жақтан келген адаммын.

— Москвадан келдіңіз бе? Онда, мен сіздің кім екеніңізді білдім. Инженер Ковшовсыз ғой?

— Неліктен Ковшов болуға тиістімін? Келген үш адамбыз. Солардың біреуінің фамилиясы Ковшов екені рас.

Шофер папиросын лақтырып тастап күліп жібергенде, алтын тісі жарқ ете түсті. Оның өткір көзінің қыйығы Алексейдің бетін тағы да бір шолып өтті.

— Мен сізді жай тұспалдап таныдым. Сіз Батманов емессіз.

— Мүмкін, Батманов шығармын.

— Батмановтың жасы менімен тұстас адам, күні өтіп бара жатқан жастықтың онда да мына сыяқты мұнды белгілері бар,— деп шофер өзінің ақ шалған самайын қолымен көрсетіп қойды. — Батманов — жұртқа әйгілі адам.

— Ендеше, мен Беридземін.

— Сізге неғылған Беридзе! — деп шофер күліп жіберді.— Фамилиясына қарағанда, Беридзе — грузин. Ал, сіз орыссыз, оның үстіне, москвалықсыз. Москвалық екендігіңіз москвалықтарша сөйлеген сөзіңізден де, орысқа тән ұшы қайқылау мұрныңыздан да көрініп тұр. Ал Беридзе болса, жота мұрын, кара сақалды адам. Және ол орысша каншама таза сөйлесе де, дәл москвалықтарша сөйлей алмайды.

— Алайда, Беридзенің сақалы кара екенін әрі оның қалай сөйлейтінін сіз қайдан білесіз? Қелмей жатып танысып та қойғансыз ба?

— Шынымды айтайын: Беридзе мен Батманов екеуі де ежелден маған таныс адамдар. Бұдан үш жыл бұрын, мен оларды Қыйыр-Шығыстан батысқа шығарып салған едім. Сол кездің өзінде-ақ Беридзе сақалын қоя беріп жүретін, ал Батмановтың жасы қырыққа келген болатын. Енді мойындадыңыз ба, Ковшов жолдас?

— Мойындадым. Тек енді өзіңіздің кім екеніңізді айтсаңыз болғаны, біз бір-бірімізбен таныспыз деп есептеуге болады.

Машина ағаштан салынған кішкене көпірден ырғып-ырғып өте шықты.

— Айтпаймын кім екенімді. Өзіңіз біліп алыңыз,— деді шофер қалжындап.

Алексей рульді ұстап отырған адамға байыптап қарай бастады. Үстіне кигені сұр костюм, оның екі түймесі ағытылған, жаңа сұр жібек көйлек. Қара бұйра шашының тек самайларын ғана ақ шалған. Беті күнге күйіп тотыққан, күлкісі жайдары. Күлгенде көзінің қыйығы болымсыз жыйырылып, бет ажары мейірімдене түседі.

Руль ұстап отырған адам, өзін біреудің зер сала қарап отырғанын сезіп, тағы да күліп жіберді.

— Бір жақсы жұмбақ беріп қойдым-ау.

— Маған сіздің кім екеніңізді білу қыйын, тұспалдар ештеңе болмай тұр. Әйтеуір бір айқын нәрсе: сіз машинаны қандай жақсы жүргізсеңіз де, шофер емессіз. Тегі, сіз құрылысқа қандай да болсын бір қатнасы бар, басшы жолдастың бірі болуыңыз керек.

Рульді ұстап отырған адам тағы да күлді. Сірә, қалжыңды жақсы көретін болуы керек.

— Сіз қалада болдыңыз ба? Новинск сізге ұнады ма? — деп сұрады ол біраз үндемей отырып, сөйтіп, ол машинаны вокзал ауданындағы үйлерге баратын жолға қарай бұрды.

— Жоқ, ұнаған жоқ,— деп ойланбай айтып салды Ковшов жақтырмағандай болып.— Осы да қала болып па? Бірімен бірі қатар түзеп тізіліп жатқан мыңдаған біркелкі ағаш үй. Көзге ілінетін дәнене жоқ, егер де дұрыстап қала салынатын болса, бұл үйлердің бәрін бұзуға тура келер еді. Сіздің Новинскіңізді газеттерде бекерге-ақ мактап жүр екен.

Ковшовтың бұл айтқаны оның қасындағы адамға біраз ұнамай қалды.

— Сіз өзіңізше бірбеткейлеу, тым қатты кетіп Новинскіні іске алғысыз етіп тастадыңыз-ау деймін. Қелмей жатып мұндай пікірде болуыңыз өзінен-өзі түсінікті, өзіңіз Москвадан келген адамсыз, Новинскіні Москвамен салыстырасыз. Біздің қаламыз жөніндегі бұл ойыңыз көп ұзамай-ақ өзгерер деп сенемін. Мысалы, сіз әлі жұмыс істеп жатқан заводтарды, әсіресе, өздеріңіздің нефтепровод тартуға тиісті мұнай қорытатын заводты көрген жоқсыз, олар жер жүзіндегі таңдаулы заводтардан әсте кем түспейді, және жаңа салынып жатқан заводтарды да көрген жоқсыз. Театрды да, пионерлер сарайын да көрген жоқсыз. Новинскіні мактаулары орынды. Қалалар жүз жылдап өсіп көркейеді, ал біздің Новинскіге әлі небәрі он жыл да болған жоқ, жаңа қала ғой. Сіз, жігітім, кекірттеу көрінесіз, бұл араның бұрын қандай болғанын, қазір несі бар екендігін салыстыру сіздің ойыңызға да кіріп шықпас. Бұл қаланың қандайлық зор қарқынмен салынғанын және соғыстан кейін қандайлық зор екпінмен салынатындығын бағаламау-

ға бола ма? Болашақта салынатын қаланың о шеті мен бұ шетіне дейінгі жерді екеуміз манағыдан бері он бес минуттай уақыт жүріп келеміз. Осыдан бірнеше жыл бұрын дәл осы араларда нанайлықтардың қақпан құрып, бұлғын аулағанын, сіз білмейсіз ғой. Осынау жатқан теп-тегіс үлкен алаңды тайгадан арылтып, тайганың орманын өзеннің арғы жағасына айдап шығардық. Болашақ Новинскінің жобасын бір қарап шыққаныңыз дұрыс болар еді. Бұрынғы заманның қала салушылары өзінің салып жүрген қаласының қандай болып шығатынын күні бұрын білуші ме еді?

— Новинскіні тым қатты жақтайды екенсіз. Сіз, немене, архитекторсыз ба, әлде горкомхоздың меңгерушісіз бе?

— Осында тұрсаңыз — әлі-ақ білерсіз. Новинскіні жамандағаныңызды есіңізге бір түсірермін.

— Одан қорқарым жоқ. Оныңыздан ештеңе де шықпайды: мен батысқа қайтадан қайтып кетпекші болып жүрмін.

Машина басқарманың төрт қабат үлкен кірпіш үйінің жағына келіп тоқтады.

— Мен осы арадан түсейін, ал сіз жаңа қаланызды как жарып тарта беріңіз. Біз, сірә, енді қайтып көріспейтін шығармыз. Әкеліп салғаныңызға рахмет. Қош болыңыз.

Таныс емес адам күліп жіберді.

— Қош болыңыз... Қош болыңыз...

Машинадан ол да түсіп, Алексейдің соңынан ере жүрді. Алексей тоқтай қалып:

— Сіз бізге келе жатырсыз ба? — деді.

Таныс емес адам басын изеп, түсін шайып, тіпті ашуланып қырап:

— Қайтамын дегенді сіз не үшін айттыңыз. Қалжыңдадыңыз ба, әлде сондай жарлық бар ма? — деп сұрады.

— Ешқандай жарлық жоқ! Өз тілегім бойынша шамам келгенінше мені батысқа жіберуді сұранып бағамын. Осында келгеніме үш күн болды, осы үш күн бойы жайбарақат бос жүргеніме бетімнен отым шығады.

Бұлар есік алдына келіп тоқтай қалды.

— Енді сіз менің дұшпаным болдыңыз, — деді әлгі танымайтын адам түнеріп. — Новинскіні орынсыз жамандаған әрі Қыйыр-Шығыстан ат тонын ала қашқан адам — менің жауым. Алексей сезе қойды.

— Мен енді білдім: сіз — Новинск горкомының секретары Залкинд емессіз бе? Сіз жайында маған Беридзе айтқан еді. Оны да бір кезде сіз өзімнің жауым деп жариялаған көріңсіз ғой.

Залкиндтің жүзі жадырай қалды:

— Мен туралы сізге Беридзе айтты ма? Ендеше, ол әлі ұмытқан жоқ екен. Бірақ мен енді онымен қырғый қабақтық-

ты койдым: ол қайтып келді ғой. Ал, сізге — рақымсыз жау-мын. Одан қала берді, есіңізде болсын: Кешегі күннен бастап мен тек Новинск горкомының секретары ғана емеспін, сонымен бірге құрылыстың да партия ұйымдастырушысымын.

Ковшов кешкілікте Батмановқа рапорт жазды. Өзінің қайтсе де батысқа қайтуға тиісті екенін дәлелдеп, инженер екі бет қағаз жазды. Құрылыс бастығының секретарына арызын беріп, Алексей енді жауап күтуге әзірленді.

Бұлар ұзын коридормен келе жатты. Комендант Алексейдің алдынан шеткі бөлменің есігін шалқайта ашып жіберді.

Жұп-жұқа матрасы, қабысқан жастығы, сұр солдат одеал жабылған темір кровать тұр. Ауруханадағы тәрізді тумбочка. Кішкене стол, екі орындық. Қабырғада Димитровтың портреті, стол үстінде сұрау белгісі тәрізді имиген кабинеттік кара лампа. Терезеге шам жарығын сыртқа шығармайтын көк қағаздан жасалған перде жартылай ғана түсіріліп қойылған.

Бөлмеге екеуі келіп кіргенде, үйдің тарлығы бірден біліне қалды. Комендант Алексейдің:

— Тамаша екен. Маған бұдан артық ештеңенің де керегі жоқ,— деген сөзіне таңырқап, күдіктене қарады.

Жаңа тұрғын сүлгісін қолына алып, бір ғана лампа жанып тұрған алакөлеңке коридордың бойымен бара жатты. Ең шеткі есікті ашып еді: іші әрі лас, әрі қолайсыз, кәдімгі коммунальдық пәтерлерде жиі кездесетін үлкен кухняны көрді. Кең бөлмеде тұрған беті-қол жуғышты тауып алды. Асты-үстілі тұрған қос қаңылтыр қорытаның жоғарғысынан шүмектер көрінеді. Ковшов оны даңғыратпауға тырысып, еппен беті-қолын жуды.

Бұл үйде тұратындар әлі түгел ұйқтай қойған жоқ еді. Даладан кіретін есік тарс етіп ашылғанда, үстінде былғары куртқасы, аяғында етігі бар бір қыз кіріп келді. Ол тыныштықты онша елей қойған жоқ, өз бөлмесінің есігін ашар-ашпастан: «Шырт ұйқыда қорғандар...» деп өлендете бастады.

— Ақырын. Айналаңызда қорғандар емес, адамдар ұйқтап жатыр,— деді Алексей.

— Ой! Мен сізді байқамаппын ғой. Сіз жаңадан келген от жағатын адамсыз ба?

— Мен түнгі тыныштықты көздейтін жаңадан келген адаммын.

Қыз Алексейге жақындап келді де, таңырқап қарай бастады.

— Демек, бөлмені таңертең сізге даярлаған екен ғой? Комендант бас инженердің жаңа орынбасарына берілетін бөлме деп еді, сол сіз боларсыз?

— Болса, болар.

— Мен комендантка ұрыскамын. Сізге берілген бөлме үй емес, тоңазытқыш. Қазірдің өзінде мынадай суық, ал қыс түскенде, қандай болмақ! Мұнда тек овощь сақталмаса, кеудесінде жаны бар адам шыдап тұра алмас. Сіз бұл бөлмені алманыз, баскасын берсін.

Өзінің жалғызсырағандай болып тұрғаны тарқаған Ковшов қуанып қыздың бос сөзін құмарлана тыңдай берді. Қыз өзінің бөлмесіне жүгіріп кетті де, былғары курткасын тастап, жұқа жібек блузка киіп қайтып келді. Шаштарын жөндеп жатып, ол шынтағына шейін сыбанған жаланап балғын білегін көрсете желкесіне апарып, Алексейді тағы да үгіттеуге кірісті:

— Қазір көп үй босайды. Құрылыстың жана бастығы біздің бәрімізді қуып жібереді екен деседі. Баскарма түгелімен буынып-түйніп алды, енді бұрынғы бастықпен бірге кетуге дайындалуда.

— Сіз ақырынырақ сөйлей алмайсыз ба? — деп сұрады Алексей.

— Неге ақырын сөйлейміз? Біз қысылып-қымтырылмауға әдеттенгенбіз. Танертеңгі сағат алтыларда өзіңіздің де көзіңіз жетер: ешкім де «ақырын» сөйлемейді. Жоспарлау бөлімінің бастығы Гречкин анау қарсыдағы үйде тұрады. Оның төрт баласы бар, олар ешуақытта бір-бірлеп бакырған емес, бәрі қосылып әндетеді. Бірақ, пәленің зоры бұл емес. Пәленің басы — Гречкиннің әйелі Лизочка. Өзі кіп-кішкене, ап-арық қана әйел, бірақ оның айғайы ылғый құлағыңызда шыңылдайды да тұрады.

Қыз Ковшовты бұл үйде тұратындардың бәрімен сырттай таныстырып болды. Рұқсат сұрамастан-ақ инженердің бөлмесіне кіріп келіп, оның ішін сынай қарап, наразы болды.

— Дымкыл екен. Жөнді жуылмапты, іргедегі білініп жатқан суды қараныз. Жоктан өзге коқырларды жыйнап беріпті. Матрасы жок деп есептеңіз, оның орнына папиростың жұқа қағазын төсей салған тәрізді. Мынаның үстіне ұйқтауға да болмайды ғой, жамбасың тесілер.

— Ұйқтауға әбден болады, — деді Ковшов. — Әсіресе, мен төсекте шалжақтап жата алмаспын.

Қыз бөлменің ішін қарап болып, назарын енді инженерге аударды, үлкен көздері өте мейірімді еді.

— Сіз, сірә, апыл-кұпыл, құрғақ тамақ ішіп тұра беруді әдет еткен бойдақ адам шығарсыз?

— Менің әйелім бар, бірақ жуықта ғана үйленгенмін.

Қыз Алексейге таңырқай қарап, сылқ-сылқ күлді.

— Жас келіншегіңізді үйге қалдырып кеттіңіз бе? Тәуір бопты!

Әңгіменің әлпетін инженер ұнатпай, қыздың мылжынына бірден безінді. Қыз мұны сезді де, Алексейге қайырлы кеш айтып, шығып кетті.

Ұйқы келмеді. Алексей маңдайын суық әйнекке таяп тұрды. Көше күндізгідей жап-жарық. Барак тұрпатты үйлер мен тайгадан қалған іздей болып жатқан кесілген ағаштардың үлкен түбірлеріне айдың көмескі, әлжуаз сәулесі түсіп тұр. Оң жаққа таман, ең шеткі барактың ар жағында айдынды Адун өзені жарқырап жатыр. Әлдеқайда ағаш кескен дөңгелек ара үздіксіз зуылдап, ызындайды, оның даусы кейде әйелдің сыңсығаны тәрізді болып естіледі.

Мұнды ойлар тағы да кернеп басын катырды. Күндіз інісінен хат келген-ді. Он сегіздегі жас бала, Митенька, неміске соккы беруді үйреніп жатқандығын және жуықта майданға баратындығын айтып, соғыс мектебінен хат жазыпты. Осы бір екі-үш ауыз сөздің өзі Алексейдің айыбын бетіне қатты басқан тәрізді болып көрінді.

Ковшовтың жалғызсырап отырған көңілін Беридзе келіп бөлді. Алексей ұшып түрегелді, оның әрі қысылып, әрі қуанғаны бетіне біліне қалды: ол жолдасымен аздап егесіп қалғанына өзі өкініп, кіналы екендігін сезіп жүретін.

— Мен өзінді ұрысайын әрі ұрайын деп келдім,— деді дағы Беридзе жолдасының қасына таянып, оны қабырғалап келіп, ыңғайсыздау күшақтады.

Ковшовтың бөлмесі бас инженерге де ұнамады.

— Қабырғасын қырау басып кетеді деп естіп едім. Және өзі біртүрлі күңгірт, көңілсіз екен. Басына уайым түсіреді. Сен біздікіне кел, үйім жылы, ал үй күтетін әйел де бір қамқоршы адам.

— Рахмет, мен әзірше осында тұра беремін, маған осы бөлме де жарайды.

— Сен неге олай дейсің, Алеша...

— Георгий, бұл туралы қажеті жоқ. Мен осында тұра беремін.

Екеуі де үн қатыспады.

— Сен, Москваға қайтуға шындап-ақ бел байладың ба,— деп Беридзе сұрақты келтесінен қойды.

Беридзенің не үшін келгенін білген Алексей:

— Я,— деп қысқаша жауап берді.— Саған Батманов айтты ма? Ол мені босата ма, жоқ па?

— Батманов сен туралы ештеңе айтқан жоқ. Онымен сөйлесіп те үлгеріп пе едің?

— Кеше мен оған рапорт бергенмін.

— Эх, бекер бергенсің,— деді Беридзе өкініп. Ол шындап

ак ренжіп, ілгері үш кадам, кейін үш кадам басып бөлменің ішінде әрлі-берлі жүре бастады.— Алексей, сен бала емес, ересек адамсың, басыңда мыйың бар, бірақ менің саған достықпен айтатыным: осы бір жок әурені бекерге бастап жүрсін. Сен әлі жұмысқа кіріскен жоқсың, ұйтқып жүргенің де сол. Бұл босқа әуре болушылық. Ақылға түсіп райдан қайт.

Ковшов басын төмен салып аласа кроватьтың үстінде отыр. Беридзе жетіп барып оны шашынан сыйпайын деп ойлады да, әрең дегенде тоқтады.

— Жарқыным, Батмановтың алдында сенің мұның лайықсыз іс. Қазір оған тіпті қыйын: ұйымдастыру ісінде толып жатқан былықтар болса, адамдары да қым-қыйғаш болып жатыр. Біз онымен бірге келдік, ал қазір — оның ең басты тірегіміз: Сөйтіп жүргенде рапорт беріп: «Қош болыңыз!» деу, абайсызда сырттан келіп берген соққымен тең.

— Георгий Давыдович, сөзіңізді тым әсірелей суреттеп жібердіңіз-ау. Мұндай нәзік сезімдер бастықтың ойына кіріп те шықпайды. Мен ол үшін кішкентай адаммын, ол менсіз-ақ жұмыс істей алады.

— Жұмыс істей алатыны рас. Бірақ ол бұған көне ме, көнбей ме оны білмеймін. Алайда, ол сенің рапортыңа немқұрайды қарай қоймас. Сен мені де қолайсыз жағдайда қалдырғалы отырсың, өйткені мен сен үшін кепіл болғанмын. Әйтеуір, бір қолайсыз істің боларын алдын ала сезіп жүрмін.

Есік қағып, бөлмеге Залкинд кірді. Үстіне кигені жазғы жеңіл пальто. Ол жан-жаққа назарын аудара қарады.

— Райластыңыздар ма,— деп сұрады парторг Беридзеден, Алексейдің қасына кроватьқа отыра беріп.— Бекер райласқансыз. Ал, менің онымен райласам деген ойым да жоқ.

— Естідің бе. Мұның өзі құрылыс бастығына қағаз жүзінде рапорт та беріп үлгеріпті,— деді Беридзе.

— Онысы өзіне жақсы болмас. Ешуақытта ойға келген нәрсенің бәрін істей беруге болмайды. Залкинд қолын Алексейдің иығына салды.— Кейіннен өзіңізге де қолайсыз болып көрінер, осы рапортты бергеніңізге әлі-ақ өкінерсіз.

— Неге өкінемін. Мен курортқа путевка сұрап отырғам жоқ қой,— деді Алексей қызараңдап.

Залкинд басын екі қолымен таянды.

— Осында біздің кейбір адамдарымыз былайша ойлайды. Соғыс жолына дүниенің бәрі салынды, ел бұған барлық күшін төгуде, әрбір адам, әрбір оқ есепте дейді. Осылай бола тұра, Қыйыр-Шығыста ірі-ірі қару-жаракты күштер ешқандай әрекетсіз отыр. Осы күштерді бұл жерден дереу алып, Батысқа апарып салу керек. Қыйыр-Шығыстық дивизиялар соғыс өнерін жақсы үйренгендер және қару-жарактары да мол — бұлар фашистердің бетін қайырып тоқтатуға жәрдемдесер еді. Егер де

жапондықтар осы жағдайды пайдаланып, біздің Қыйыр-Шығысқа бассалса, одан келер пәле жоқ, Қыйыр-Шығыссыз-ақ күн көрерміз. Бізге таяу Россияның қалалары, селолары мен жерлері Қыйыр-Шығыстың құлазыған далаларынан гөрі сүйіктірек те, қымбатырақ та деседі әлгіндей адамдар. Мұндай пікірлерді сіз қалай бағалайсыз.

— Бұл пасық пікір. Мен мұндай пікірлі адамдармен көп есептесе қоймас едім.

— Бұл айтқаның әрі дұрыс, әрі патриоттық сезім,— деп мақұлдады Залкинд.— Отанымызға өз жерінің әрбір тасы, мейлі жаман-ақ болсын, әрбір кішкене өзенінің өзі қымбат. Біз Ермак пен Поярковтың жай ғана әулеті бола қалған күннің өзінде, Қыйыр-Шығыстың бір түйір құмын жауға беруге правомыз болмас еді. Орайы келген соң айта кетейін, бұл араның әрбір түйір құмының өзі алтын. Ал, біз тек Ермактың әулеті ғана емеспіз, оның үстіне, біз, Лениннің мирасқорларымыз, совет адамдарымыз, осы өлкеге жаңа өмір орнатқан бізбіз.

— Ал, сонда бұған инженер Ковшовтың қандай қатысы бар,— деді Алексей.

— Инженер Ковшов басқаның патриоттыққа қарсы сөздерін өзінің патриоттық сөздерімен мінейді де, ал іс жүзінде бүкіл Қыйыр-Шығысты жапондықтарға беруге қарсы емес тәрізді. Оған жалғыз Москва ғана қымбат.

Алексей қабағын көтеріп:

— Мүмкін, Қыйыр-Шығысты жапондықтарға осы күннің өзінде-ақ беріп қойған шығармын,— деді.

Залкинд оның бұл сөзін елеусіз қалдырды.

— Тылдың соғыстағы ролі туралы айтып жатудың қажеті жоқ,— деді әлгіден кейін Залкинд.— Тылдың табандылығы мен іскерлігінің маңызы сол армияның маңызынан кем түспейтіндігін бәріміз білеміз. Тыл дейтұғынымыз не? Тыл дегеніміз соғыс жағдайына үйлестіріліп қайта құрылған заводтар, колхоздар, елде неше түрлі құрылыстар, жүздеген және мыңдаған ұлылы-кішілі мемлекеттік мекемелер...

— Әңгімеңіз өте қызықты,— деп Алексей жымыйып күлді.— Рас, сөзіңіз аздап жергілікті газетте басылатын күнделікті үгіт мақалаға ұқсастау екен. Жұрттың бәріне осыншалық айқын мәселелер, маған мәлім емес деп ойлайсыз ба?

— Жұрттың бәріне мәлім кейбір ақыйқаттарды сіздің ұқыңыз келмей, Беридзе екеуімізді ренжіттіңіз. Қару-жарак жасайтын завод немесе танкті дивизия соғысқа қандай мөлшерде қатнасса, біздің нефтепровод та сондай қатнасады. Нефтепровод құрылысының Қыйыр-Шығыстың қару-жаракты күштеріне тікелей қатнасы бар. Қыйыр-Шығыстық шекаралардан армияны алу керек деген адамдардың пікіріне сіз сондай ашуланасыз.

Сөйте тұра, соғыс үшін нефтепроводтың қажет екендігін мойындамай, әлгі адамдарды іс жүзінде неге қолдайсыз.

Ковшов түрегеліп, стол мен кроватьтың арасынан қысылып өтіп, Беридзенің қарсы алдына, бұрышта тұрған кішкене столдың жанына келіп отырды. Консерв ашатын пышақтан бастап, етік тігетін бізге дейін әлденеше қажет аспаптары бар бәкіні алып, Беридзе соны ермек қылып отыр еді.

— Мен мойындамайды емеспін. Тек нефтепроводты соншалық тез сала қою мүмкін еместігін көріп отырмын. Ендеше, нефтепроводтың соғысқа қатнасуына тура келмейді,— деді Ковшов.

Залкинд Беридзенің қолындағы бәкіні алып, оның толып жатқан аспаптарын бірінен соң бірін ептеп аша бастады.

— Сіздің сөзіңіздің ешқандай салмағы жоқ. Соғыстың жалпы жоспары туралы сіздің ешқандай сезіміңіз жоқ екен, сіз оның ресурстарын да, мерзімдерін де білмейді екенсіз. Әрине, біз де барлығын бірдей түп-түгел біле бермейміз. Мұның бәрін Москвадағы біздің үлкен бастықтарымыз ғана біледі. Барлық мәселелерді де солар шешеді. Олардың алдына миллиондаған көп мәселелердің бірі болып осы нефтепровод жөніндегі мәселе де кездесті. Нефтепроводты бір жылда салып бітіруге болмайды деп Грубский дәлелдеп баққан-ды. Москвада оған көнген жоқ. Нефтепровод соғыс үшін керек, одан бастарту мүмкін емес. Бұдан шығатын қорытынды: құрылысты бір жылда орындап шығу болады. Мұның өзі бұйрықпен тең — өлсен де, мүмкін емес жұмысты орындап шығуың керек. Құрылыс басшылығы да осы себептен ауыстырылып отыр... Құрылыс енді сенімді адамның қолында. «Правда» газетінде Батманов пен Беридзе туралы: «Мүмкін емес жұмысты істеу қолынан келетін адамдар туралы» деген очерк жарияланды, оқығаныңыз бар ма? — деді Залкинд.

— Ойымда жоқ,— деді Алексей.

— Кезінде осындай очерк болған,— деді парторг мақтан етіп.— Халық Комиссарлары Советінің құрылысты жеделдету жөніндегі қаулысы мені қатты қуантты. Осының өзінен мен біздің күшіміздің зор екендігінің тағы бір айқын белгісін көрдім. Ойлап қараңызшы, егер де майданнан бірнеше мың километр жерде жатқан нефтепровод соғысқа керек болса, оның өзі бір жылдан кейін ғана салынып бітетін болса да, ол онда белгілі орын алса, фашистермен соғысудың жалпы жоспарына данышпандық көрегендіктің осы арада қаншалықты ой-пікірі жұмсалған десеңізші.

Алексей атып түрегеліп қатты дауыспен: — Мен осының бәрін де түсінемін, мойындаймын, бәріне де келісем. Бірақ, сіздер менің айтқанымды ұққыларыңыз келе ме, жоқ па. Ме-

нің майданға барғым келеді, қазіргі ең қыйын деген жерге барғым келеді. Бізді бала күнімізден, мектепте оқып жүргенімізде де, комсомол қатарында болғанда да: қыйыншылықтардан жалтармай, қандай жер қауіптірек болса, сондай жерде болындар деп үйреткен еді ғой.

— Сонда сіздерді, одан басқа... тәртіпке де үйретпеп пе еді. Сайып келгенде, жасы үлкен жолдастарға бағыну дегеннің керегі бар ма, жоқ па? — деді Залкинд қатуланып. Көп ішінен өзінді дәріптеп жоғары санай берме,— деп үйретпеп пе еді. Егер бұлай үйретпеген болса, онда сіз, бәрібір, майданда жүргенде де: «Мынау соғысқа қатнаспайды, ал мынау қатнасады, мынау маңызды іс, ал мынау маңызы жоқ іс, мынау маған жағады, ал мынау маған жақпайды»,— деп өзіңізше соғатын боларсыз. Әлде, біз сізге жасы үлкен жолдастар емеспіз бе? Маған Беридзе сізді майдан оты шарпыған сыяқты деп еді. Шынын айтқанда, сіздің бойыңызда сондай шарпудың белгісі көрінбейді. Менің сізге беретін ақылым, біздің айтқан сөздерімізді жақсылап ойға салып көріңіз...

Залкинд Беридзеге бәкісін қайтарып берді де, орнынан түрегелді. Бас инженер де тұрды. Алексей іргеге қарай ығысып оларға жол берді. Өтіп бара жатып, Залкинд оны иығымен қабырғаға қысып қалды да, күле сөйлеп:

— Тура мағнасында болсын, топшылап айтқанда болсын, жігіттің өзін жалтармастай ғып қабырғаға жаныштадық кой,— деді.

— Жасы үлкен жолдастар, осы сіздердің менен тілейтіндеріңіз не? — деді Алексей.

— Біз бұдан не тілейміз, Георгий Давыдович? — Соны айтып берші өзіне.

— Шырағым, біздің сенен тілейтініміз, осы кетем дегенді қойсаң екен. Мен сенің көрсететін көмегіңе арқа сүйегелі отырмын, жұмысқа сыбана кірісетін мезгіл жетті. Оның бер жағында, мынадай да ой бар. Сен кетіп қалсаң, соның өзі басқармадағыларға да жаман әсер етпек. Олар онсыз да елеңдеп жүрген адамдар. Ал Батмановпен әңгімені өзім-ақ жайғастырамын: ондағы рапортты қайтарып аламын, сонсоң оған сенін түсінік беріп жатуыңның да қажеті болмайды...

Алексей кеш келген қонақтарға көз тоқтата қарап:

— Рапортты қайтарып алудың керегі жоқ, түсінік беруден қорықпаймын. Егер керек болса, құрылыс бастығымен өзім-ақ сөйлесемін,— деді.

Алексей мен құрылыс бастығының арасындағы әңгіменің қандай түрде болатынын білген Залкинд Алексейге:

— Оның теріс болмайды,— деп күлді дағы, Алексейді саусағымен ішке бір түртіп қалып, шығып кетті. Біраз кідіріп, оның соңынан Беридзе де кетті.

Ағаш кесіп жатқан араның шыңылдап сырылдаған даусына ести жүріп, Алексей өзінің сырдаң төсегін жайлап салып, жатуға кірісті.

Төртінші тарау

БӘРІНІҢ ДЕ КЕТКІСІ КЕЛЕДІ

Қыйыр-Шығыстың күз айларындағы аспаны ашық, жайлы, шұғылалы күндерінің бірінде Беридзе мен Ковшов самолетпен трассаның үстімен бірінші рет ұшып өтті. Трассаның жолы, кейбір жерлерде ғана болмаса, көбінесе өзеннің оң жағасын өрлей жүретін.

Үстінен карағанда Адунның тарау-тарау болып көсіліп жатқан арнасы бұрынғыдан бетер тандандыра түсті. Жерден карағанда тұтасып жатқан су тасқыны, үстінен карағанда: екіге, үшке бөлініп содан әлденеше жылға-жылға, қолтық-қолтық болып бытырап көрінеді. Бұлар күн шұғыласына шағылысып, біресе жарқырап, біресе жұлдыздай жымындап, біресе отша жылтылдайды.

Өзеннің екі жағында, көз жетіп көрердей жерде, адам айтқысыз бай өсімдіктердің қоймасы — тайга көсіліп жатыр. Оның ит тұмсығы өтпейтін ұшы-қыйыры жоқ жыңғылдарында солтүстіктің жапырақты қатты ағаштарымен иін тіресе, оңтүстіктің перзенті бұйра жапырақты ағаштары, жүзім ағаштары тәрізді нәзік өсімдіктері де өмір сүреді, жылы үйектердің шытырман тоғайларының қожасы жолбарыс солтүстіктің бұғысын аулайды.

Осы бір тағы жатқан жерлерді адам баласының аяғы әлі баспаған деп ойлауға болатындай еді. Міне ойда жоқ жерден қаз-қатар салынған бірінші селение мен жаңа сарғайып піскен егін көзге түсе қалды. Өзен маңында ел қоныстаған жерлер — көзге жылы көрінетін әп-әдемі селениелер — бұдан кейін самолет қанатының астынан барған сайын жиі-жиі көріне бастады.

Трасса Адунды екі жерден кесіп өтеді екен, бірінде Новинскийдің жанынан, екіншісінде тағы да сол өзеннің бойындағы Ольгохта деген кішкене қаланың жанынан өтеді. Осы жерден сәл төменірек барып өзен мен трасса екі жаққа айрылады, айлынды Адун шалқып оң жаққа қарай кетеді, трасса солға бұрылып, солтүстікке қарай тартады. Трасса теңізге жақындап барып, оның жағасын қуалап отырып, Чонгр тұмсығына дейін барады. Осы бір өте қысаң жерге келгенде буырқанып жататын көлденені он екі километр Джагда бұғазын нефтепровод кесіп өтіп, содан кейін Гибельный тұмсығы арқылы Тайсин аралына қарай шығуға тиіс. Мұнай промыселдары аралдың

солтүстік жақ шетінде, Қончелан қаласы ауданында еді, міне, құрылысшылар нефтепроводты осы араға төсеуге тиіс.

Георгий Давыдович бұл жерлерді аралап, қарап өткеніне риза болды. Бұдан бірнеше жыл бұрын ол Адунның жағалауларын зерттеуші партиямен бірге жүріп, аралап өткен болатын, енді, төмендеп ұшқан самолетте келе жатып өзіне таныс жерлерді айырып, біліп отырды. Оның ойына біртүрлі пікірлер келгендей болды, бірақ ол мұны сыртқа шығарған жоқ, әйтседе әй сенімен бір айкасармын дегендей Грубскийге кіжініп қойды.

Басқарма мекемесіне таяу жердегі қайыңды тоғайдың арғы жағындағы кішкене аэродромға келіп қонған самолеттен түскен бас инженер, жүгіре басып кабинетке кірді де, сол бетінде Маяковскийдің:

Тегінде ол:

Өлең айту алдында,

— Көп сандалып жүреді екен...

деген өлеңін күбірлеп айтып, чертеждің көк сызықты таңбаларына үңіле қарады, ол Маяковскийдің өлеңдерін көп білетін және оларды жақсы да көруші еді.

Трассаның үстінен самолетпен ұшу Алексейге көңілсіз әсер етті. Ол әдемі күздің әсем көркіне назар аударып, көз салмады. Оны тамашалап қарайтын уақыты жоқ еді. Инженер құрылыста істеліп жатқан жұмыстарды қараумен болды. Амал не, ондайлар әрең-әрең табылады: ағаштан әлі де жөнді арылмаған тайганың алаңдары, анда-санда кездесетін сүрлеу жол, одан әрі тағы да ондаған километр жолсыз жерлер, участкелерде палаткалар, немесе жаңа ғана кесілген жас ағаштардан жасалған құрылыстар, міне, осылардан басқа көзге ештеңе түспеді. Бүтіндей трассаны алса, ол әлі зерттеуші — жоба жасаушылардың ойларында жүрген, солардың чертеждері мен есептеріндегі қыял сыяқты ғана нәрсе.

Алексей осыны көріп шошып, бас инженерге:

— Трассада дәнене жоқ, мүлде құлазып жатқан жер ғой, — деді.

Беридзенің өз көңілі көтеріңкі, сергек бола тұрса да, Алексейді жұбата алмады.

— Алеша, — деді Беридзе тістерін ақсыйтып, — ахуал сен ойлағаннан гөрі нашарырақ. Менің байқауымша, бізде керек десең трасса да жоқ. Жаңа трасса іздеуге тура келеді. Біз сенімен аспанда жүріп, аяксыз қалатын жұмыстарды көрген боламыз.

Жатақ үйде Залкинд пен анадағы бір пікір алысқаннан кейін, Алексей өзінің рапортына Батмановтан әлі де болса жауап күтіп жүрді, бірақ бұл арадан кетемін деген үмітті үзген еді. Құрылыстың қамы жөніндегі ой оған күннен күнге сіңе

берді. Батманов пен Беридзенің тыныш жүргендігіне Алексей таң қалды.

— Құрылысты қабылдап алу ісіне Батманов қанша уақыт айналар екен.— Сіздің мақтаулы бастығыңыздың өзі асықпайтын адам ғой. Басқармада жылқысы деймісің, адамы деймісің біріне бірі араласып кеткен. Ештеңені біле алатын емессің. Неге екені белгісіз бұрынғы басшылар кетер емес, барлық іске араласады. Жаңа басшылық жайымен сырттан қарап, бірденені күткендей боп, билікті өз қолына алмай отыр!

Беридзе мен Қовшов іске араласуды асыға күтті. Жобаны қайта жасау жұмысы Грубскийді кетіруді, өндірістік аппаратты қайта құруды, адамдарды ауыстырып қоюды талап етті.

Батманов инженерлердің мұнысын жөн көрмей:

— Асықпаңдар, маған әуелі шаруашылықты қабылдап алуға мұрсат беріндер,— деді.

Батманов олардың трассаға баруына да рұқсат етпеді, керек десе, ашуланып оларға мынаны айтты:

— Инженер жолдастар, трассаға немен бармақсыздар. Ешбір әзірліксіз, құралақан барған сендердің онда не керектерің бар. Әрбір учаскеде өздеріңе мындаған сұрақты жаудырады, жаудырса оны сол арада шешіп бере алмайсындар. Мұндайда, соншалық жоғары білімің де жәрдем бере алмайды, істі басқарып әкетуге әлі сіздердің қабілетіңіз жетпейді, өйткені, сіздер бұған дайын емессіздер. Сондықтан ылажсыз былықтыра бастайсыздар, ал былық дегенің трассада онсыз да көп. Әбден даярланып алғаннан кейін, трассаға сіздерді де жіберемін, өзім де барамын. Қандай құрылыстың болса да, алғашқы ұйымдастыру дәуіріндегі ең басты міндеті — басқармасының, яғни штабтың жұмысы екендігін жақсы түсініндер.

Батмановтың батыл қолға алып, тез кіріскен бір ғана ісі — материалдарды, құрал-саймандарды, азық-түлікті тиіп жөнелту, оларды су жолымен аралға, құрылыстың алыста жатқан басқа пункттеріне жеткізу болды. Аралдың бухталарына және тайғаның құрғақтағы учаскелерінің причальдарына бару үшін су жолынан басқа ештеңе болмайтын. Қысқы жолмен жүк тасуда бейнетті аз тарту үшін, Аудунда мұз қатқанға дейін аз күннің өзінде-ақ жүкті трассаға мүмкіндігінше көп жеткізіп алу керек болды. Батманов та құрылыстың бұрынғы бастығы Сидоренконың иығынан түспеді, баржалар мен пароходтар тиеліп жатқан пристаньға күніне әлденеше барып тұруға, телефон арқылы өзен пароходствосының басқармасымен қайта-қайта ұрсысуға, өлкенің орталығы — Рубежанск қаласына, Тайсин аралындағы — Кончелан қаласына да ондаған телеграммалар жіберуге мәжбүр етті.

Ал басқа істер жөнінде Батманов тіпті шынында шабандық мінез көрсеткендей болды. Беридзе Батмановтың мұнысын

жақтап, оның айтқанына сөзсіз бағынып отырды. Бас инженерге лайық емес мұндай момындық Алексейді таңдандыра берді.

— Сен бірінші алған әсеріңе қарап қана топшылайсың, ал мен оны баяғыдан білемін,— деді Беридзе сыпайы сөзбен.— Оның аузынан сөз шығар-шықпастан-ақ бағына беруге әдеттеніп кеттім, өйткені, мен оған сенемін, әлі күнге одан көңілім қайтып көрген емес... Сен өзің оны жақсылап байқап көрші, сонда өзің де күңкілдегенінді қоясың: ол байыпты адам, не істесе де әбден ойланып ақылға салып барып істейді. Егер де бастық алаөкпе болып ендігіп жүрсе, екі көзін ежірейтіп, кіжінген зілді дауыспен оңды-солды жарлық беріп жүрсе, мүмкін осының өзі кейде тіпті ұнасып тұрғандай да болатын шығар. Батманов — байсалды адам, ол осы тәрізді өтірік даурығып, бірдеңе бітіргенсіп жүруді ұнатпайды.

Беридзенің айтқаны дұрыс еді. Құрылыстағы жұмыстың жағдайына Орталықтың өзі араласып, жаңадан нұсқау берген-ді, сөйтіп, құрылыстың басшылығын ауыстырды. Ал ендігісі сол құрылыстың жаңа басшыларының істеуіне жатады. Онсоң, Батманов та өзінің алғашқы міндетін дұрыс түсінді, ол міндет: адамдарды қайтадан қамдап, оларды қыйын-қыстау үлкен істерге даярлау еді. Бұрынғы коллективті түгелімен ауыстырып, оның орнына жаңадан адамдар әкеле қоюға болмайтын, осыншама адамдарды бұл араға кім жібере қояды дейсің. Бір-ақ мүмкіншілік қалған: ол бұрынғы ескі коллективтен жаңа коллектив құру. Мұның өзі істі түгелінен қайта бастаудан гөрі анағұрлым қыйынырақ болатын-ды. Батмановтың алдында адамдарды тез іріктеп алу, олардың тағдырын шешу міндеті тұрды.

Коллективтің негізгі пәлесі—оның соғыс жағдайына сәйкес келе алмағанында еді. Өздері тұрған жерден әлдеқайда алыстағы бір жерлерде соғыс болып жатқандығын олар білетін. Сол соғыстың не үшін болып жатқанын да олар білетін, қауіптенетін де, күйзелетін де, бар ынталарын сала радио тыңдайтын, картаның қасына жыйналып ап, оқыған, естіген хабарларын айтып, пікір алысатын. Бірақ бұлар істің ең маңыздысын, атап айтқанда, әрқайсысы соғыста қандай орын алуға тиісті екендігін білмеуші еді. Құрылыстағы өмір жайшылықтағы тәртіппен дерлік бейбітшіліктегі нормамен жүріп жатты.

Құрылыстың бұрынғы басшылары жұртты бастап, оларды соңынан ертіп әкете алмаған. Нефтепровод құрылысын үш есе тездету керек деген тапсырма, оларға соғыс кезіндегі бірінші сын болса, олар мұны орындауға болмайды деп дауласты. Бейбітшілік уақытта үш жылға есептелген жоба, құрылыста заң болып қала берді. Олар мұны өзгертуге болмайтындай көрді, өйткені, бұл жоба әлденеше жылдар бойы жасалған:

жаңадан жоба жасау үшін ең кем дегенде бір жыл керек болады деп ойлады.

Мұндағы ең басты кемшілік — бұрынғы басшылар, майданнан тым қашық жатқан әрі ұзақ мерзімде салынатын, құрылыстың мемлекетке шұғыл керек болып қалатындығына сенбеген. Көп ұзамай Москва оларға да көңіл бөліп, нефтепроводтан босатады да, жедел орындалатын нағыз соғыс ісіне апарып салады деп күтумен болған.

Жаңа басшылықтың тағайындалуы құрылыстағыларды қатты абыржытты. Не істерін білмей сасқалақтап ескі басшылыққа қарай ығыса түсті, көпшілігі жаңадан келгендерді ұнатпайтындығын ашықтан-ашық білдірді де. Осы тәрізді кезекті бөгеттің біреуіне ұшырап қалып, қынжылған Қовшов:

— Осы бастықтың өзі не қарап жүр. Бұл топты тезірек қуып жіберу керек. Олар мұнда әбден бүлініп болыпты. Мұндай қызметкерсімақтар біздің Батыстағы одақтастарымыздан да жаман ғой,— деді.

— Алеша, сен қызба,— деп Беридзе оның көңілін жұбатқан болды.— Асықпа, асығып қайда барасың. Уақыт әлі жетеді. Тіпті, артып та қалады, әлі көрерсің өзің. Бүлінгендерді Василий Максимович пен Залкиндке бер.

Басқарма қызметкерлерінің әрқайсысы өзінше әртүрлі мінез көрсетті. Жоспар бөлімінің бастығы Гречкин шақыруды күтпей-ақ, Батмановқа өзі келді. Ол өзінің кім екендігін қысқаша айтты дағы, қолындағы папканы ашып, құрылыстағы жұмыстың жай-жапсарын баяндауға кірісті. Батманов та Гречкиннің баяндамасын бұрын әлденеше рет тындап жүрген адамша қабылдады. Батмановтың алдында жайылып жатқан мәліметтерді қарындашпен көрсетіп тұрып, Гречкин сөзін қорыта келді дағы: — Құрылысқа капитал жұмсаудың өсу қарқыны соңғы уақытта бізде тіпті жоқтың қасы. Мұндай жағдайларда біздер, экономистер ұйым банкротқа ұшырады деп қорытынды шығарамыз: жұрт ақша алады, ішеді, жейді, бірдемені шұқылап істеген болады, бірақ одан өнетін ештеңе де жоқ. Құрылыс бір тұйыққа келіп тірелді.

Батманов мәліметтерді қарап отырды да:

— Сіздің осыныңыз жаңа мәліметтер ме? — деп сұрады.

— Шынын айтқанда, бұлар сақалы белуарынан түскен, ескі мәліметтер. Мен бұларды почта арқылы алып отырамын. Почтамен жеткізілгендер көліктің сәті түсуіне қарайды, керек десе, итпен әкелінетін кездері де болады. Сізге келмей жатып шағайын деген мұңым бар. Телефон, телеграф қатнасынсыз мән болмайды. Бұрынғы бас инженер, не себептен екенін білмеймін, әйтеуір ол телефон мен телеграф трассадан мәлімет алу үшін маған ғана керек деп есептейтін. Ал оның өзі ешқандай байланыссыз-ақ жұмыс істей беретін.

Гречкиннің қандай жауап беретінін алдын ала біліп, Батманов:

— Тегі, сіз де, бұл арадан кетпекші болып жүрген шығарсыз? — деп сұрады.

— Егер де, қусаңыз кетемін,— деп Гречкин ойланбастан жауап берді.

Құрылыс бастығы оған таңырқап қарап отырды. Гречкин бұрын оны білмейтін адамның да күлкісін келтірмей қоймайтын. Аласа бойы — қып-қысқа, жуан аяқтары, оның ірі денесі, үлкен басымен үйлеспей тұратын. Сәл тырсыйған беті мен ет-жеңді келген бұғағы көріксіз еді. Гречкин сөйлегенде мағналап, мысықтың көзіне ұқсаған көкшіл сарғылт келген көзін бажырайтып, Волга бойында тұратын орыстарша сөзіне «о» дыбысын көбірек қолданып сөйлейді.

— Балаларыңыз бар ма? — деп сұрады Батманов.

— Төртеу.

— Қайда жүріп осыншама балалы болып қалғансыз? Жасыңыз отыздан аса қойды ма екен.

— Отыз бестемін. Баладан безу дегенді білмеймін, жолдас бастық. Бірінен соң бірі дүниеге келе береді, қайда жібересің оларды.

— Сөйтіп, балалар үшін құрылыстан кеткім келмейді десеңші,— деді Батманов. Оның сөзі Гречкинді кіналағандай болып естілді.

— Таңданатын ешнәрсе жоқ. Адамның баласы — мысықтың күшігі емес қой,— деді Гречкин біраз жәбірленіп.— Дүниенің ана шетінен мына шетіне балалы адамның жүре беруі оңай болмас. Бір баламнан жол үстінде жүріп айрылдым: суық тиіп ауырып, қайтыс болды. Бірақ керек жерінде — мен бүкіл семьямды алып көше беруден қорықпаймын. Балаларымның дендері сау, тығыршықтай, әйелім, Лизочка да жол жүруге үйреніп алған. Бұл арадан тек ештеңе бітірмей кеткенге ғана жәбірленесің. Аяқталмаған құрылысты тастап кету деген өмірімде болып көрген жоқ еді. Қыйыр-Шығыста мен екі құрылыста жұмыс істедім, екеуінде де үкіметтен алғыс алдым.— Ол көзін сығырайтыңқырап алды да, Батмановтан аңқаусырап: ал, енді біздің істеріміз алға басар ма екен, жоқ баспас па екен? — деп сұрады.

— Алға басар деп ойлаймын,— деп күлімсіреді Батманов. Наградтарыңыз бар ма?

— Екі медалым бар—«Еңбекте үздік шыққаны үшін» және «Еңбектегі ерлік үшін» медалы.

Гречкиннің кең омырауында медальдар қалай тағылып тұратындығы көзінің алдына елестеп, Василий Максимович тағы да бір жымыйып қойды.

— Екеуіміз енді былай сөз байласайық,— деп Батманов

түрегелді.— Сіз мені өз бөліміңіздегі барлық қызметкерлермен таныстырыңыз: олардың қандай адамдар екенін көргім келеді. Жұмыстың барысын күнде таңертең келіп баяндап тұрасыз. Мынау толып жатқан етектей қағаздарыңызды қайта жазсаңыз, цифрлары үш пұттай болар. Батманов салмағын өлшегендей болып, жоспардың орындалғандығы туралы мәліметтер жазылған бір топ қағазды көтеріп алды.— Бұларды онайлатып, қысқартып, ұғымды етіп жасау керек. Өзіңіздің күнделікті беріп тұратын ақпарларыңыздың мазмұнын ойға салып, қарастырып көріңіз: бұларда еске тұрарлықтай талдау жоқ, ал олар болуы керек. Біраз кейінірек біз диспетчерлік қызмет ұйымдастырамыз. Бұл қызмет сіздің қолыңызда болар деп шамалаймын. Менің ойымда, бөлім міндеттерінің шеңберін қалай кеңейту керек деген пікір бар. Әрине, бұған бірте-бірте келерміз... Қазір сіздің әлгі айтқаныңыз әбден дұрыс, ең бір ұнамсыз іс, байланыстың жоқтығы. Байланыс өте қажет. Онсыз біз әрі соқыр, әрі саңыраумыз.— Батманов столдың үстіндегі шыныны сарт еткізіп алақанымен салып қалды да, мен, міне, осы арада селектор тұрғанға әдеттенгенмін. Мен трассаның не істеп жатқанын үнемі естіп отыруға тиістімін және трассамен, қай уақытта болса да, сөйлесіп отырарлықтай мүмкіншілігім болуы керек.

Василий Максимович қош айтып, қолын созды, жоспаршы оның қолын көңілденіп қысты. Екеуінің қол ұстасқаны олардың енді бірлесіп қызмет істейтіндігіне шарттасқандарының белгісі сыяқтанды.

Бастықтың қабылдау бөлмесінде Батмановқа шақырылған қызметкерлер отыр еді. Бұлардың көңілдерінде жасқану, қобалжу бола тұрса да қалжынға сүйеіп оларын білдірмей, кабинеттің шкаф сыяқты етіп жасалған есігіне қарасып қояды.

Осы отырғандардың біреуі есіктен шыға келген Гречкинге: — Кәне, қалай болды. Неге терледің? Ыстық болды ма? — деді.

Гречкин оларға күле қарап, көзін ежірейтіп, сыбырлаған ақырын дауыспен:

— Маған ештеңе емес, мен ракаттанғаннан терлеймін. Ал сіздерге, тегі, салқындау болар. Тіпті тоңып та қаларсыздар. Сендердің істерің труба ғой. Құдайым бізге бір бастықты берген.— Шаштың астымен жорғалайды. Ұстарадай өткір...

Гречкин бұдан басқа ештеңе айтқан жоқ, күлкісін білдірмей, үлкен етігімен малмандай басып жүріп кетті.

Батманов пен Залкинд бірігіп отырып, бөлімдердің бастықтарын, олардың барлық адамдарымен қоса шақырды. Бөлімдердің бастықтары ең әуелі коллективтің жұмысы туралы ба-

яндады, содан кейін әрбір қызметкер өз жұмысының жайын айтты. Бұларға таңырқарлықтай және өрескел көрінген сұрақтар берді; бұл сұрақтар жауап берушілердің кейбіреулерінің күлкісін келтірді немесе беттерін қызартып ұялтқандай болды.

Құрылыс бастығына оқта-текте кіріп шыққан Беридзе, Ватмановтың бір бөлім бастығымен сөйлескендегі әңгімесін Ковшовқа күле сөйлеп айтып тұр.

— Мен-мендіктен тысырайып жер-көкке сыймаған біреу екен. Үш минуттің ішінде кәдімгі қалпына келді. Василий Максимович оның мамандығы шофер екендігін біліп: «Мен істі әлі алып болғам жоқ, бірақ істі қолыма алысымен сол сағатта әділеттікке жол беріп, сізді машинаға отырғызып трассаға жіберемін. Жаман бастық болу әркімнің қолынан келеді, ал жақсы шоферді іздестіру керек. Тығулы жатқан өзіңіздің правоңызды тауып алыңыз»,— деді.

Георгий Давыдовичтің есіне түсіп:

— Айтпақшы, ол сені де шақырып жібер деп еді-ау. Сен соған бар, Алексей,— деді.

Ковшов үшінші этаждан басқышпен екінші этажға түскенге дейінгі екі арада, өзінің рапортын қорғағанда не деп айтатын сөздерін ойланумен болды. Бірақ, рапортты қорғауға тура келмей қалды. Батманов оның сәлеміне солғын жауап берді дағы:

— Біз, Залкинд жолдаспен екеуміз адамдармен танысып жатырмыз. Сіз де отырып, тындаңыз,— деді.

Бастық, есіктің әйнегінен және үлкен кабинеттің төрт терезесінен күн шұғыласы жарқырай түсіп тұрған балкон есігінің жанында тұр. Залкинд бастық отыратын столға түйістірілетаяу қойылған ұзын столдың қасында отыр. Ол Алексейге өзінің қасындағы орынды, мынаған отыр дегендей ғып, ыммен көрсетті.

— Анда тағы кімдер бар, шақырыңыз,— деді Батманов секретарьға.

Беті аш өндеу келген, ұзын бойлы бір адам кірді.

— Инженер Филимоновпын,— деді бұл адам сараң сөйлеп.

— Сіз, қай бөлімде істейсіз. Неге жалғыз келдіңіз, басқа қызметкерлеріңіз қайда?— деп сұрады Батманов.

— Мен ешқандай бөлімде де емеспін, өзіммен өзім болып жүрген адаммын. Істейтін қызметім — транспорт жөніндегі инженер деп аталады. Тура бас инженердің өзіне бағынамын.

Филимоновтың жауап бергісі келмей тұрғаны айқын көрініп тұр.

— Институтті қашан бітірдіңіз.

— Отыз сегізінші жылы.

— Институтті бітіре салысымен тура осы Қыйыр-Шығысқа келдіңіз бе?

— Я, жол құрылысында инженер-механик болып істедім.

— Туған жеріңіз қайда?

— Донбаста.— Осы мәліметтердің бәрі кадр бөліміндегі анкеталарда бар ғой,— деп күлді Филимонов.

— Жауап беруді қолайсыз көріп тұрсыз ба? — деді жұлып алғандай Василий Максимович.— Мен сізге әзір түрі жағына да, маңызы жағынан да жәбір келтірмейтін жеңіл сұрақтар беріп отырмын. Бұдан әрі мен сізге көңіліңізге келетін сұрақтар бергім келеді. Кейбір мәселелер жөнінде менің сізбен алдын ала келісіп алуым керек. Сидоренко маған сіздің өтінішіңізді айтты, бірақ менің сізді батысқа жіберетін ойым жоқ. Қалай әңгімемізді соза берейік пе?

Филимонов екі иығын қомдап қойды. Батманов Ковшовқа көзінің қыйығын салды, ол столдың үстіне еңкейіп отырған-ды.

— Сіз: «қызметім транспорт жөніндегі инженер» дедіңіз ғой. Осы қызмет жөнінде басқаша көзқарасыңыз бар ма. Тағы да мынадай бір өрескелдеу сұраққа маған жауап беріңіз, сіз, соғыс басталғаннан бері құрылыста не істедіңіз.

Батмановтың біреумен әңгімелескенде, сол адамнан көзін айырмай әңгімелесетін мінезі болатын. Біреумен әңгімелескенде алдындағы қағаздарды аударыстырып, әлденеге алаң бола отырып әңгімелесетін көптеген бастықтардың орынсыз әдеті Батмановта жоқ еді.

— Сіздің сұрауыңызға жауап беру қыйын,— деді Филимонов. Не шығарып салу үшін екі-үш ауыз сөз айтып қана қою керек, немесе көп мәселенің жайын әңгіме ету керек.

— Оны өзіңіз біліңіз. Өз ойыңызша жауап беріңіз. Және жасырарым жоқ, көбірек айтсаңыз, оны мен теріс көрмеймін.

Филимонов біраз үндемей тұрды да, көңіліндегі ойын ашықтан-ашық бетің-жүзің демей қатты айтты, ешқандай ескертусіз және өзін-өзі ақтап шығуға тырыспай турасын айтты. Бастық оның сөзін жағын таянып отырып, ерекше назар аудара тыңдады. Столда тұрған телефонның қоңырауы екі рет сылдыраса да, бастық телефон трубкасын алмады.

Батманов жазу столының қасында аз отырды. Көбінесе ол кабинеттің ішінде әрі-бері аяндап жүрді немесе таяу келіп бүйірден карап тұрды. Рабайсыз үлкен стол, жартастың үстінде жүрген бір топ арыстанның суреті салынған мраморлы сыя сауыт аспаптары оған бөгет жасағандай болды. Қазір ол орындығынан тұрып, Залкинд пен Ковшовтың қасына жақын келіп отырды.

— Мен сіздің сөздеріңізден қорытынды шығарайын, жарай ма? — деп сұрады Василий Максимович Филимоновтан, біраз кідірістен кейін, даусын сәл ғана өзгертіп: «Мен өзімнің құрылыста істеп жүрген жұмысыма риза емеспін. Соғыс уақытында жұмысты көбірек те және жақсырақ та істегім келеді. Бірақ

біздің осы құрылыспен шұғылданудан ештеңе шыға ма, жоқ па соны білмей тұрмын. Құрылыс тоқтатылады деген бұйрықты мұндағылар соғыс басталысымен-ақ күтіп жүрді, олармен бірге мен де күттім. Осындағылармен бірге әйтеуір мен дағы жалпы сұрлеудің ізімен жүріп жатырмын. Менің дәрменсіздігім — бүкіл коллективтегі дәрменсіздік. Мені майданға жіберіндер деп адал ниетіммен-ақ өтіндім, соны қазірдің өзінде де сұраймын». — Солай ғой?

— Я, солай сыяқты, — деді Филимонов. Әңгіме оның жанына тиген соң, өңі қашып бозарып кетті. — Егер мен теріс ойлаған болсам, онда маған бір нәрсе айқын емес: менің қатем қай жерден басталып, қай жерден аяқталады.

— Қатеңіздің басы мен аяғын табуға мен сізге жәрдемдесейін, — деп уәде берді Батманов. Сөз жүзінде ғана емес. Бұдан былай іске тікелей қатнасы жоқ сөзді әңгімелеуді доғарамыз.

— Сіз мені, құрылыста қалдырасыз ғой, сіздің ойыңызды осылай деп ұғу керек пе? Сонда мен не істеуім керек? — деді Филимонов.

Бастық түрегелді, Филимонов та тұрды. Василий Максимович терезе жаққа барып, қайта келді. Үйге төселген жасыл кілем жүрісінің дыбысын білдірмеді.

— Басқарманың структурасындағы кейбір жерлерді өзгертсем деп ойлаймын, атап айтқанда, жаңадан бір үлкен бөлім, автомобиль-механика бөлімін ұйымдастырмақшымын. Сіз қалай деп қарайсыз?

— Сөз жоқ, бұл өте дұрыс пікір, — деді бірден Филимонов.

— Батманов пен Залкинд біріне-бірі қарап қойды.

— Осындағылардың маған айтуына қарағанда, сіз бір кезде осындай бөлімді ұйымдастыру керек деп қатты тілек еткен көрінесіз ғой.

— Өйткенім рас. Тайганың ішіне жол салып алмай, транспортты жөнге қоймай тұрып, нефтепровод салуға болмайды. Трубаларды пісіру үшін, оларды әуелі трасса бойына тасып, желіге тізгендей қатарлап салу керек. Бізде автомашина мен механизм дегендер толып жатыр, бірақ, оларға ие жоқ. Транспорт жөніндегі инженер деп аталатын адам жалғыз өзі болғандықтан, оның қолы санақ есебі мен күнделікті есеп-қыйсап жүргізуден босамайды. Мен әркімге-ақ түсінікті мәселелердің өзін басшылыққа дәледей алмай қойдым.

— О неліктен? — деп сұрады Залкинд.

Филимонов сасыңқырап қалды:

— Менің ұсынысымды, өз алдына бөлім құрып, қызмет жөнінен өзі жоғарылағысы келіп жүрген әрекеті деп түсінді. Құрылыс бастығы маған: «Мен сіздің айлық ақыңызды штат

санын арттырмай-ақ өсірейін, орынсыз бөлімдерді көбейте берудің қажеті не?» дегенді айтты.

— Енді сізге бөлім құрып, соны басқаруға тура келеді. Автомобиль транспорты мен механизмдерді иесіз қалдыруға болмайды ғой,— деді Батманов.— Мен сізді жаңа бөлімнің бастығы етіп тағайындауға ұйғардым.

— Мен өзімді ешбір жақсылық жағымнан көрсете алған жоқпын. Бұған менің шамам келер ме екен, түбінде мен сізді ұятқа қалдырып жүрмес пе екем. Мұның өзі үлкен іс, менің бөлімде қарапайым қызметкердің бірі болып жүргенімнің өзі жақсы болар.

Василий Максимович ұзын столды айналып барып, инженердің қасына келді.

— Өзіңіз әлгіде маған айтқан кадр бөлімінің анкеталарында, сіздің автотранспорт конторасына бастық болғандығыңыз айтылған ғой. Онда тағы да бір жұмыс жөнінде айтылған сөз бар, мысалы, сіз құрылыстардың бірінде механизацияландыру ісімен де шұғылданыпсыз.

Инженер қолын қозғап, бірдеңе айтайын дегендей болып еді, бірақ Батманов оның қарсы сөз айтуына жол бермей:

— Мұнда құрылыстың көлемі жүз өсе үлкен дегіңіз келіп тұр ма. Адам кішіден үлкенге қарай ілгерілеп отыру керек. Жасырарым жоқ, мен сізден жұмысты жөндеп істеуді қатты талап етіп отыратын боламын. Оның есесіне істелмей қалған жұмыстарды қарқындата істеп қуып жетуге мүмкіншілік беріледі.

— Ойлап көрейін,— деді Филимонов.

Батманов ақырын ғана күліп қойды. Жымыйған күлкі Василий Максимовичтің түсіңе рең беріп, қатал пішіні өзгеріп, жайшылықта отырғандай шырайланып кетті.

— Менің айтқанымды ұққан жоқ екенсіз, жолдас. Сіздің тағайындалуыңыз жөніндегі мәселеге мен енді қайта оралмақшы емеспін. Бұл жөнінде сіздің ойланатын дәнеңеніз жоқ: өзіңізді тағайындалдым деп есептеңіз. Сіз енді төңірегіме бөлімді қалайша тезірек жыйнастырып аламын дегенді ғана ойлаңыз.

Филимонов Батмановқа, Залкиндке, Ковшовқа кезек-кезек қарады, олар бұл не дер екен дегендей бақылап отыр, Филимонов мейрімді жүзбен:

— Істің бағытының мүлде өзгергенін қараңызшы...— Енді әйелім сорымды қайнатады ғой. Ол тауықтары мен ыдыс аяқтарын сатып та үлгіріп еді,— деді.

Отырғандардың бәрі де күліп жіберді. Филимонов ызбарлы, ойланған калпы шығып кетті.

Кабинетке междугородный телефон арқылы біреу қонырау соқты. Батманов аппараттың қасына келді. Оның телефон арқылы сөйлескендегі сөзін естіген Залкинд:

— Рубежанскіден телефон соғып тұр. Не өлкелік партия

комитетінен, немесе Мемлекеттік Отан Қорғау Комитетінің өкілі болу керек,— деді.

Батмановқа телефон трубкасымен айқайлап сөйлеуге тура келді. Мұның өзі оған аса қыйын соқты, қатты сөйлеуге даусы жетпей де қалып жатты.

— Республиканың Жоғарғы Совет сайлауында сайлаушылар алдында оның сан рет шығып сөз сөйлеуіне тура келгенді,— деді Залкинд.— Қала алаңында да, вагон ремонттайтын заводта да, көпір құрылысында да, балық аулайтын жерде де сөйлеген болатын. Қатты аяз болған еді, бастық сонда даусынан айырылған.

— Сіздің мұнда келуіңіздің қажеті не. Өзім-ақ шешермін.— деп айғайлады Батманов.— Құрылысты қабылдап алу ісі аяқталып келеді. Ол неғұрлым тезірек кетсе, солғұрлым жақсы болар еді. Тезірек кетсе жақсы болар еді деймін. Ол менің қолымды байлап отыр, жоқ нәрсе үшін онымен қашанғы салғыласа берейін! Ол Москвадан нұсқау күтіп жүр. Қайда бару керек деген нұсқауды күтіп жүр деймін. Нұсқау бар ма? Ендеше, оның өз адресіне телеграмма беруіңізді өтінемін.

Телефон әңгімесі ұзаққа созылды. Қаттырақ сөйлеймін деп қызарған Батманов материалдар мен азық-түліктердің учаскелерге жөнелтіліп жатқандығын айтты. Сөйлеп тұрып қолындағы неке сақыйнасымен стол үстіндегі шыныны шыдамсызданып тықылдатып тұрды.

Батмановқа сын көзімен қарап отырған Қовшов сақыйнаны әлдеқашан көрген еді.

— Неке қыюдың осы бір атам заманнан ескіріп қалған белгісі коммунист Батмановтың бойынан табылуы сізге таңырқарлықтай болып көрінбей ме? — деп сұрады Қовшов Залкиндтен. Бастық шынында некесін шеркеуге барып қыйғызды ма екен?

— Оның бұл сақыйнасы шеркеу салтына байланысты емес. Ол әйелінен көп уақыт бөлек тұруға, жиі-жиі айрылысуына тура келіпті, сондықтан олар бір кезде сақыйна салысып жүруге уәделесіпті. Бір-бірімізді ұмытпай, үнемі ойлап жүруге мұның жәрдемі бар деп қалжындайды Батманов. Қалжындауын қалжындаса да, сақыйнасын тастамайды.

— Оның семьясы Қырымда емес пе еді,— деп Алексей есіне түсірді. Қазір олар қайда екен? Жау Қырыммен қатнасты кесіп тастады ғой...

— Анна Ивановнадан ешқандай хабар жоқ. Олар Қырымнан шығып кете алды ма, жоқ болмаса, сонда қалып қойды ма, Батманов соның анығына жете алмай жүр. Анна Ивановна қажырлы әйел, қалайда қаладан шыққан болар деген үміт қана бар.

Алексейдің көңілі еріксіз жібіп, Батмановқа қарады.

— Қалай, Филимонов сізге ұнады ма? — деп сұрады Залкинд.

— Ол бірден-ақ өз орнында болатын адам және ешкім одан бірауыз шағым сөз ести де қоймас, — деп Ковшов сенімді жауап берді. — Дегенмен, мұндай адамдар аппаратта аз. Мұндағылардың көбі Грубский немесе жабдықтау бөлімінің бастығы Либерман сыяқты тоңмойындар. Батманов бұлармен босқа әуреленіп жүр. — Алексей қабағын кіржитіп: — Екеуін бір жіппен байластырып Адунға батырып жіберсе қандай жақсы болар еді, — деді қалжындап. Адам саны азайғанмен, оның есесіне ауа тазарар еді.

— Адунға батыру керек дейсің бе? — деп сұрады Залкинд. — Рәсуашылдық болады ғой?

— Соғыс уақытында адамдар арасындағы қарым-қатнас айқын ашылды. Адамнан қолынан келгеннің бәрін істеуі талап етіліп отырған кезде, ол өзінің шын сыйпатын көрсететін болды, — деді Алексей. — Қазір адамға қатанырақ қарау керек. Шынымды айтайын, мұндағылардың бәрі бірдей мені шаттандырып тұрған жоқ. Мұнда ұсақ адамдар да бар. Социализм елінде ширек ғасыр өмір сүрсе де, олардың бойында социалистік белгі жоқтың қасы. Либерманның бойынан мен советтік ештеңе көре алмадым. Немесе Тополевті алайық. Оның мұнда істеп жүргенін естігенде, мен қатты қуанып едім. Көрнекті инженер, институтта бізге оны жақсы үлгі ретінде келтіретін. Ал іс жүзінде байқасам, қаскүнемнің нағыз өзі. Бұл шал біздің арамызда соншама жылдар бойы босқа-ақ жүрген екен.

Инженердің сөздері Залкинді таңдандырды. Ол Батмановтың телефон арқылы сөйлескенін тыңдауды қойды да, Алексеиге назар аударып қарай қалды.

— Бәрінде сіз талғаусыз бір жерге үйдіңіз де қойдыңыз! Енді сорттауға тура келеді. — Залкинд темекі түтінін ішіне көбірек тартты да, аузынан бір шумақ түтін шығарды. — Адамның бейнесі енді айқынырақ көрінгені рас. Қаладан ел көшіп жатыр делік. Коммунист немесе бастық біреу, дұрысын айтқанда, өзін коммунистін, бастықпын деп жүргендердің біреуі, әйелдер мен балалар бомба астында қалып жатқанда, өз машинасына ұсақ-түйек үй мүлкін тиеп алып қаладан елден бұрын зытып отырады. Мұндай адам коммунист те емес, бастық та емес, ол жаудан да жаман. Ол жыйырма бес жыл бойы жағдайға бейімделумен өзінің пасық бейнесін жасырып, есебін тауып күнелтіп келген, енді қыйын-қыстау кезеңде, өз басын арашалау керек болғанда беті ашылып отыр. Мұндайлар малдың жеңіл тезегі сыяқтанып судың бетіне қалқып шыға келеді. Бұл арада әңгімені ұзаққа созудың қажеті жоқ. Бұларға Дантениң: — «Оларға сөз шығындап не керек, бір түкір де өте бер» — деген сөзі дәл келеді. «Бір түкір» деген сөзді күштірек

болу үшін өзім қосып отырмын... Алда қыйыншылықтар болатынын күні бұрын біліп, азық-түлік запасын бір жылға немесе одан да ұзағырақ уақытқа жететіндей ғып жыйнастыруға кіріскен адамдар, оның ішінде бастықтар мен коммунистер бізден де табылды. Мұндай адамдарға көзқарастың қандай болатындығы да айқын. Алайда, басқа түрлі жағдай мен әрекеттердің болуы да мүмкін. Бұлар әлгі айтылғандардан анағұрлым қыйынырақ. Либерманды, Тополевті және басқарманың өзге адамдарын жөнді білмеймін. Солай бола тұрса да, олар жөніндегі сіздің пікіріңіз әділеттілік емес қой деймін, келешекте коллектив нығайып, әркім өзіне тиісті қызмет орнын тапқан кезде сіздің бұл пікіріңіздің өзгеруінде сөз жоқ. Кейде біз адамдарды кездейсоқ бір ерекшелігіне немесе көңіл күйіне қарай баға береміз.

Залкинд темекісін жүремете бірнеше қайтара сорды. Құмарта, көп тартушы еді. Алексей темекінің түтінін қолымен жайпап таратып отырды.

— Сіздің сөзіңіз өзіңізге қарсы бағытталып айтылып отыр. Оны сезбейсіз бе? — деді тағы да парторг.— Көңіліңізге ауыр алмай-ақ айтыңызшы: сіздің осы құрылыста жүргендегі мінезіңізге қарап сіз туралы теріс пікір ойлап қалуға болмай ма? Сіз коммунистсіз ғой және кіші-гірім қызметке де қойылып отырған жоқсыз.

Ковшов төмен қарап, ішінен күбірлеп:

— Сіз енді әрбір реті келген жерде менің рапортымды аласыз да, бетке соғады да отырады екенсіз ғой. Менің өтінішімді дұрыс ұғыну шынымен-ақ қыйын болғаны ма?

Өзгені былай қойғанда Беридзе екеуміз сіздің айтқаныңызды дұрыс ұғындық. Тегі, Батманов та дұрыс ұққан болуға тиіс. Сізді жұдырықпен ұрамын деп ойлағам жоқ, мен тек неғұрлым дәлелдірек болу үшін сіздің өз басыңыздан мысал келтірдім, кім екенін әбден біліп алмай тұрып, адамға асығыс баға беру жарамайды. Сіз, сірә жаман адам емес көрінесіз және жұмысты да істей білетін сыяқтысыз. Дегенмен де сізді ұнатпайтын басқа бір жас адам сөзсіз табылады. Ондай адамның көңіліне сіз туралы бір жалған пікір орнайды да, сізді жерден алып жерге салып оңдырмай сөпетін болады. Басқаны сынау үшін кім болса, соған право беріле бермейді.

— Біреуді сынау правосы маған берілмейді ме? — деп Ковшов басын көтеріп алды.

Залкинд оған саусағымен сес көрсетті дағы:

— Мәселені шатыстырмаңыз. Бір ғана айтарым: Сіз адамға қатал көзбен қарауды ауызға алдыңыз. Біз, айталық Тополов немесе Либерманнан көрі сізге қаталырақ қарауға праволымыз. Өзіңіз айтыңызшы, праволымыз ба, жоқ па?

— Праволысыздар,— деді Ковшов.

— Адам дегеніңіз — қыйын конструкция.— Залкинд бұл сөзді ешбір ренішсіз, қайта, сүйсінгендей болып айтты.— Мен бұрын бұл қыйындықты дұрыс бағаламағандығым үшін өзімді өзім кіналаймын. Шынымды айтсам, кейбір адамдарды мен анкета арқылы ғана, мәжілістердегі сөйлеген сөздеріне қарай, немесе цехта, кабинетте, құрылыс алаңында асығыс кездесу үстінде ғана танысып, білетін едім.

Біреуге тағайындалған қызметке лайық жақсы адам, адал, тексерілген адам деп, немесе керісінше, жаман, арам, қойылған орнына ылайықсыз адам деп белгілі бір қалыпты баға беру үшін, сол үстірт түсініктердің өзі жеткілікті болып көрінетін еді. Адамның ішіне кіріп шығу қыйын ғой. Қаншама уақыттың түрліше жыйналыстар мен даурықпалы істер үшін босқа өткендігіне оқта-текте болсын ішің ашыйды.

Далада, терезе алдында, машина даусы есітілді. Машинаның даусы Батмановтың сөйлесуіне бөгет жасады, ол ызаланған қалпы терезе жаққа қарап қойып, қарлыққан дауыспен әрбір сөзді телефон арқылы екі-үш мәртаба қайталап айтып тұрды.

Батмановтың телефонмен сөйлеуіне бөгет жасамау үшін Залкинд Ковшовқа қарай еңкейіп, ақырын дауыспен: — Біздің елде тұратын адамдардың басым көпшілігі үшін ширек ғасырлық өмірдің бекерге өтпегені әркімге айқын.— Халықтың рухани жақ мазмұны бұрын болып көрмеген түрде молыққанында күдік жоқ. Мұның өзі әрбір азаматтың соғысқа көзқарасынан-ақ көрініп отыр. Елдің бәрі майданға барамыз деп ұмтылуда. Тіпті кейбір адамның мұнысы теріс болғанның өзінде де, ол жақсылық жағынан теріс болады. Өзінікі теріс екендігін түсінбесе де, ол өзі үшін емес, отаны үшін жақсылық еткісі келеді. Советтік адамдарды, Сталиннің адамдарын капиталистік дүниенің адамдарымен, Гитлер мен Черчилльдің адамдарымен салыстырудың өзі күлкі ғой,— солай емес пе?

— Дұрыс,— деді Ковшов.

— Ендеше, адамдардың бойынан кемшілік көре қалған күнде, көзді ажырайтуға болмайды. Расын айтсақ, біздің ең жақсы деген адамдарымыздың өздері де мінсіз емес. Капитализмнің туа біткен таңбасы — сумен жуғанға кетпейді. Сіз бен бізді үйреткенде: адам ескінің ауыр салмағынан коммунизм тұсында ғана біржолата арылады деп үйретті. Сіз одан құтылудың жаңа әдісін — капитализмнің туа біткен таңбасын Адунға батырып жоюды ойлап шығарып отырсыз. Бұл әдіс жедеғабыл болғанымен, өте қолайсыз. Туа біткен таңбалармен бірге адамның өзі де суға батып кетуі ықтимал.

Залкинд алақанымен аузын басып, күліп жіберді. Батманов, телефон аппаратынан ақырында сытылып шықты да, орамалмен бетін сүртті. Ол білгісі келіп:

— Сіздер, онда неменеге сыбырласып, күлсіп отырсыздар? — деді.

— Біз Филимонов пен осындағы басқа адамдар жайында әңгіме еттік, — деді Залкинд.

— Я, мұнда айтуға тұрарлық адамдар көп, жап-жақсы коллектив құралады, — деді құрылыс бастығы зор сеніммен.

Залкинд үндеместен Алексейге карады.

— Енді Роговпен сөйлесеміз, — деді Батманов алдында жатқан тізімге қарап қойып. — Ол әлгінде маған телефон соғып, өзін құрылыстан дереу босатып жіберуді талап етті. Телефон арқылы: «Талап етемін» деп тікесінен айтты.

Баскарманың әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы Рогов, кірмей жатып Батмановқа бірден жабыса кетті.

— Қызметтен босау жөніндегі менің документтерімді берілесін деп сіз неге бұйрық бердіңіз? Мені құрылыс бастығы Сидоренко босатқан. Адамды мұншама азапқа салуға бола ма? — Ол қарлыққан қатты дауыспен, айғайлап сөйлеп тұр. — Түсіне білсеңізші, пәтер ремонттау, отын-су тасыту, үй ішін сыпыратын әйелдерге бұйрық беру, жазу машиналары мен шұғылдану сыяқты жұмыстар мені әбден мезі қылып болды. Мұндай жұмысқа мүгедектердің бірін қойыңыз. Соғыс басталған күннен бері, мені военкоматқа жібер деп сұранып та, талап етіп те келемін. Майданға барамын, соғысамын, өзімді адам екемін деп сезетін боламын. Апырау, тамаққа тыңқыйып тойып алып, жанға тыныш қызметтерді орындап жүре бергеннің өзі ұят емес пе. Денсаулығым сондай жақсы, мен строй командирі де бола аламын. Егер де осының тетігі сіздің қолыңызда болса, маған ешқандай кедергі жасамауыңызды өтінемін.

Рогов осы сөздің бәрін дем алмастан бірден айтып шықты. Батманов оның бұл сөздерін тындай отырып, біресе Роговқа, біресе Қовшовқа қарап бақылап отырды. Рогов Алексейге зор әсер етті, инженердің екі беті қызарып, еріндері дірілдеп кетті. Василий Максимович ол туралы: «Ішінде ешқандай бүкпесі жоқ, бір таза жігіт екен» деп ойлады.

Рогов Батмановқа ұнап кетті. Оның тағдырын құрылыс бастығы ішінен шешіп те қойды: «Мұндай адамның тауды қопару да қолынан келер. Оған ең қыйын деген учаскені беріп, қолын қақпау керек. Мұны кеңсе жұмысына салып, Сидоренко кателескен екен. Оның кеңседе отырғаны — пілді апарып ыдыс-аяк дүкеніне қамап қойғанмен бірдей ғой, — деді. Залкиндтің көзқарасынан Батманов ол екеуінің Рогов жөніндегі ойларының бір жерден шыққанын түсінді.

Рогов сөзін аяқтамай сәл кідіріп қалған кезде Василий Максимович:

— Бар айтайын дегеніңіз осы ма? — деп сұрады. — Енді

мен айтайын. Сізді босату, босатпау шынында менің қолымда. Мен сізді босатпаймын.

— Неге босатпайсыз? — деп сұрады Рогов кызарандап.

Темірден соққан сыяқты сом денелі, кең жаурынды бұл жігітке өз күшін тежеп ұстау қыйын болды. Қолын қатты сілтеп қалғанда, денесіне жабысып тұрған үстіндегі сырт көйлегі тартылып, сытыр-сытыр етті.

— Сіз мұнда керексіз.

— Қалай тез шешесіз! Шынымен сіз бәрін көре бересіз бе, сіздің... деп сөзін аяқтамай, қолын бір-ақ сермеді.

— Өз мұнараңыздан, демексіз бе? — деп Батманов оның сөзін аяқтады.— Я, менің өз мұнарамнан алыстағы көрінеді. Құрылыстағы адамдарды басқару ісі маған сеніп тапсырылған. Ал сіз өзіңіз қандай мұнарадан қарап жүрсіз? Соғыс кезінде өз басыңызды өзіңіз билеуге сізге кім право берді?

— Мен өзімді өзім шынымен билей алмағаным ба? — деп Рогов дауыстап жіберді.— Менің тілеп отырғаным заңды тілек, қыйын-қыстау күн туып тұрғанда, Отаныма көмектескім келеді.

— Отанға сіз ұсынып тұрғандай көмек керек емес. Қазір бізге керекті маңызды іс: тылда тәртіп, болаттай берік ұйымшылдық орнату. Егер де әркім өз бетімен ауа жайылатын болса, онда біздің құрығанымыз. Сіз қалай ойлайсыз: Отанның басына қыйын-қыстау күн туып отырғанда оған менің көмектескім келе ме, әлде келмей ме? Майданнан алыс жатқан осы жаққа келуге, мен соншама асықты дейсіз бе? Әлде сіз өзіңізді тылдағы бірден-бір тәуір адаммын деп ойлайсыз ба?

— Тылда жұмыс істей алмаймын, тек өзімді-өзім азапқа салып жүрмін! Мен өз қолыммен жаудың кеңірдегінен алуым керек. Сізден өте-мөте сұрайтыным мені босатыңыз!

— Босатпаймын. Сұрауыңызға да кеңес бермеймін. Сізді трассадағы ең қыйын, ең маңызды учаскеге жіберуге уәде бере аламын. Ауыр болады, өте ауыр болады. Соғыстағы жолдас-тарымыздың басына түскен ауыртпалықтан жеңіл бола қоймас. Сөйтіп, сіздің бар күш-қайратыңыз түгелімен іске жұмсалады, керек десе, жетпей де жүрер. Сізге беретін тағы бір уәдем: егер де осында, Қыйыр-Шығыста соғыс бастала қалса, сол басталған күні-ақ сізді армияға жіберейін.

— Сіз дұрыс істемей отырсыз! — деп қарсыласты Рогов. Батманов кейіп қабағын шытты да:

— Менімен осындай тәртіпсіз қалыпта сөйлесуге, тек бірінші рет кездесіп отрғандығыңыз үшін ғана рұқсат етіп тұрмын. Келешекте есіңізде болсын: орынсыз лепірудің қажеті жоқ,— деді.

Бастық кілемнің үстімен жүріп өтті де:

— Мысал үшін, Сталин жолдас бізге: «Бізге нефтепровод

керек, соны тезірек бітіріп беріңдер» десе, оя кісіге де: «Дұрыс емес» деп айқай салар ма едіңіз?

Рогов үндеген жоқ, бірақ бет пішіні оның қобалжығандығын көрсетті. Ол сасып қалып «бокспен» қысқа етіп алдырған қайратты шашын қолымен сыйпай берді. Осы таласты Рогов емес, дәл өзі жүргізгендей, екі беті қып-қызыл болып қызып отырған Ковшов бастыққа қарады: Василий Максимович Роговқа емес, Алексейге қадала қарап тұр екен.

Рогов ашына сөйлеп, Батманов оған қатал сөзбен орынды жауап беріп тұрған кезде Алексей Роговты жақтап, онымен қатар, өзі де қоса сөйлеп жіберуге оқтанса да, өзін-өзі әрең тоқтатты. Қауіпке қарсы ұмтылған адамның игілікті талабына, бастық қарсыласа қоймас деген сенімде еді. Жалынды сөз оның да аузынан шығып кетуге даяр тұрды. Бірақ ол үндемеді. Жанжүйесіне жеткен Батмановтың өткір көзі мұны жұмсартып жіберді.

Василий Максимович көзін Роговтан Ковшовқа аударып:

— Сталин жолдас әрбір адамның бас-басына ұрыстағы орнын көрсетіп бере алмайды,— деді. Оның миллиондаған солдатты бар. Ол өзінің осы солдаттарын ұйымдар арқылы, жеке учаскелердегі біз сыяқты басшылар арқылы басқарады. Ол менің тағайындалуым жөніндегі бұйрыққа қол қойды, сонысымен маған сіздерді басқаруға право берді.

Қорада дабыл қағылған қатты дауыс шықты. Рогов абыр-жый бастады.

— Менің тез кетуім керек, дабыл қағып жатыр. Жолдас құрылыс бастығы, сізден өтінетінім, маған қабырғаны қайыстыратын, ең ауыр деген жұмысты беріңіз. Ойыңа жоқтан өзге келеді, тіпті не істерімді білмей жүрмін. Шын мәнісіндегі жұмыста болмаған соң, өзімді жексұрын көріп жүрмін.

Василий Максимович ризалық білдіргендей басын изеді, ал Рогов жүгіріп шығып кетті. Бастық терезеден қарады. Көшедегі адамдар бет-бетімен жүгіріп жүр, қорада, баскарма жанында МПВО (жергілікті әуе шабуылынан қорғанатын) командасы тізіліп сапқа тұрып жатыр. Ана жақта бір қыз асығып, үстіне резинкалы көк комбинезонын кие алмай әуреленуде. Қайыңды тоғайдың үстімен үш самолет құлақ тұндыра, дүрілдете төмендей ұшып өте шықты.

— Мына қызу жігітті не істер екенбіз? — деп Батманов Залкиндке қарады.— Тегі, қыңқылдай бермеуі үшін, босатқанымыз жөн болар.

Батманов Ковшовқа қараған жоқ. Алексейдің өзі оның қасына барып оған:

— Менің рапортымды өзіме қайтып беруіңізді өтінемін.

— Міне, әңгіме жаңа жөніне көшті! — деп Залкинд мақұл-

дап қойды. Енді мұны жауларымның қатарынан шығарып, достар тобына қосуға тура келеді.

Батманов столдан Алексейдің рапортын алып, оған бір қарап күліп қойды да, оны сейфке салып жатып:

— Сөйтіп, ең кекшіл адам мен болатын шығармын. Рапортты бермеймін. Осындай қызғылықты қағаздарды жыйнастыра беретін әдетім болушы еді. Бұл рапорт та сондай қағаздардың қатарына қосылады. Осы қағазды жазған адамға өзінің көркем шығармасын жазғандығын мойындау аса қыйын болатын кезеңін табамын да, қағаздардың арасынан алып, оның өзіне қайтарамын.

Алексейге кетуге рұқсат етіп, Батманов пен Залкинд Алексей туралы, Рогов туралы, осы күндер де өздері көріп сөйлескен басқа адамдар туралы әңгімелесіп отырды.

— Соғысқа ұмтылады, токтата алмайсың,— деді ойланған түрде Батманов.— Соғыс бұлардың тәрбиесін тез аяқтайды. Отан үшін, коммунизм үшін күрес деген ұғым бұлар үшін енді бұрын болып көрмеген дәрежеде айқындалды. Совет жеріндегі сәулетті өмірдің қандайлық бағалы екенін жігіттер неміс келіп осы өмірге оқтанған кезде сезген көрінеді. Бұлар тек бірақ нәрсе туралы қам жейді: ол қайткенде де сыртта қалып қоймау. Рогов пен Ковшовқа қарап,— оларға ұрсып, тәртіп үшін төмпештеп алу керек, ал олардың қолын қатты қысып: «Әскерге барындар, немісті сокқыландар!» деп бата бергім де келеді. Совет өкіметі нелер тамаша адамдарды тәрбиелеп өсіріп шығарды ғой, Михаил Борисович, оның даңқы арта берсін.

Бұлар картаның қасында тұр. Жау әскерлерінің тұрған жерлерін көрсететін қара жалау белгілер тіпті Москваға таяп келіп қапты.

— Ана жалаушаны тағы да қозғаңыз, Василий Максимович. Орел қаласы кеше қалдырылды ғой...

Отанның басына төнген апаттың кейпін көрсетіп тұрған картадағы белгілерден көздерін алуға әлдері келмей, екеуі де үнсіз тұр.

Бесінші тарау

ІС ҚАБЫЛДАНЫП АЛЫНДЫ

Кезек енді Грубский мен Тополевке де келіп жетті. Батманов бұларға бүтіндей бір кешті арнады. Бұрынғы бас инженердің баяндамасы үш сағатқа созылады. Ол тіп-тік отырған күйі қозғалмастан сөйлей берді, сөйлегенде кебірсіген жұқа еріндерін жалап қойып, біркелкі дауыспен сөйледі.

Батманов қолымен жағын таянып, басқа ешнәрсеге алаң болмай, әрі сөзін бөлмей, жақсылап отырып тындай берді. Папиросы сөнген сайын қайта тұтандырып алып отырды.

Бастықтың назарлы көк көзі баяндаушыға кадалып, оның иегінің астындағы жоғарылы-төменді бүлкілдеп тұрған жұтқыншағына, құс тұмсық мұрны мен ат жақты бетінің әлпетіне тесірейе қарап отырды.

Тополев —бурыл мұртты, сүйекті ұзын бойлы, қарт адам, бүкіл кеш бойы жұмған аузын ашқан жоқ. Томпактау келген үлкен көз терілері төмен салбырап, реңсіз ызбарлы көздерін жауып, қалғыған сыяқтанады. Шал анда-санда қозғалып қойып, қалтасынан қызыл орамалын алып, қатты сіңбіреді, содан кейін күміс сауыттан жасыл темекінің үлкен бір атымын шымшып алып, кең танауын шуылдата қатты иіскейді. Василий Максимович көзінің қыйығымен шалдың мұнысына ықыластана қарап отырды.

Грубский шаршап, әрең сөйлеп отырса да Батманов оның сөзін бөлген жоқ. Ақыры, инженер сөзін түгел айтып болды. Құрылыс бастығы осы ұзақ баяндамадан қысқаша қортынды шығарды:

— Сөйтіп, сіздіңше былай болуы керек қой: бірінші, құрылысты бітірудің жаңа мерзімі орындалмайтын мерзім; екінші, нефтепроводтың осы қабылданған жобасы мүмкіндігі барларының ішінен ең тәуірі, өйткені басқа варианттар зерттеу жұмысының барысында жарамай қалды. Сіздің тұжырымды қортындыңыз осы ғой.

— Дәл осылай,— деді қостап Грубский.— Өзімнің борышым деп санап, тағы да... дей бергенде,

Батманов оның сөзін бірінші рет бөліп:

— Тағыданың керегі жоқ. Сіздің ескертулеріңізді естідім де, оқыдым да және сіздің ойыңызды әбден ұғындым. Ал сіз Тополев жолдас, сіз маған ештеңе айтпайсыз ба?

Шал жаурынын еңкейткіреп, түрегелді дағы:

— Петр Ефимович Грубский сізге қыйсындырып, бәрін тәп-тештеп, жақсы баяндады, ал менің сөзім одан қыйсындырақ бола қоймас. Ол екеуіміз трассаны да бірге іздегенбіз, жобаны да бірге жасағанбыз, бірлесе отырып баяндаманы да жазғанбыз. Қосарлық ештеңе жоқ.

Батманов Беридзе мен Қовшовты шақырып алып, отырғандардың бәріне қарап былай деді:

— Құрылыс мерзімінің орындалмайтындығы туралы, немесе сол сыяқты дерексіз қыйсындар жайын талқыға салып жатуға бізде енді уақыт қалған жоқ. Қазіргі міндет: нефтепроводты үкімет белгілеген мерзімде салып бітіру. Іске білек сыбана кіріскенге дейін, біздің алға қойған мақсатымызға қайшы келмейтін, қайта онымен қабысып отыратын техникалық тоқтамның жоспарын жасауымыз қажет. Ендеше, қазіргі жобаны қайта жасаудан қашсаң да құтыла алмайсың.

Инженерлер — Беридзе мен Қовшов бір-жақта, Грубский

мен Тополев екінші жақта жұптасып тұр. Бастық солардың аралығынан келіп тұрды. Екі қолын қалтасына салып тұрып сөйледі.

— Тегі, жобаны жасау творчестволық процеске жататын шығар, сондықтан оны мерзім белгілеп тежеуге немесе басқаша қатаң шарттар қоюға бола қоймас.— Бұл сөз байсалды айтылса да, кекесінмен айтылғандай көрініп тұрды.— Сондықтан мен мерзім де белгілемеймін, шарт та қоймаймын. Тек сіздерге мынаны ескерткім келеді. Қазір — дайындық кезені. Әзір мен адамдарды даярлап, учаскелерге материалдық құралдарды жібергенше, аппаратты қайта құрғанша — сіздер істен сырт тұра тұруларыңызға болады, сіздерден ешнәрсе талап етілмейді. Бірақ даярлық жұмысы аяқталысымен-ақ, сіздер құрылысшылардың басы-қасында боласыздар.

— Басқа сөзбен айтқанда, жана жобаны сол уақытқа дейін дайын ету бізден талап етіледі ғой,— деп Беридзе Батмановтың сөзін анықтай түсті.

— Әбден дұрыс,— деп Батманов жайымен Беридзенің сөзін қостады.

Ковшов күліп жіберді. Алексейдің күлгеніне Батманов та езу тартты, өйткені оның күлкісінде бір әсер бар еді.

Грубскийдің бет бейнесі түсінбегендікті, ызаланғандықты көрсетті. Василий Максимович мұны байқап қалды.

— Менің байқауымша сіз таңырқап тұрсыз: мұның мәнісі қалай, бүкіл кеш бойы істің бар мән-жайын айтып ұғындырып едім, ал ол бұдан түк те түсінбепті,— деп тұрсыз ғой. Бірақ сіз де мені түсіне алмай тұрсыз. Мен енді нефтепровод орнына үкіметке тағы бір баяндама хат ұсына алмаймын.

Батманов Грубский мен Тополевтің қасына жақын келді.

— Сіздерді өз жобасының ықпалынан тез құтыла қояды деп есептеуге болмайды. Әдет күшін жеңу деген оңай емес. Жобаны қайта жасау жөніндегі ауыр еңбектің және жауапкершіліктің салмағы, тегі, Беридзе мен Ковшовқа түсетін болар. Ал сіздерден жәрдем керек; адал жүрекпен істелген жолдас-тық, адамгершілік жәрдем керек. Қазіргі танда сіздер құрылыстағы инженерлік білімі бар, соны іске асыратын адамсыздар, сіздерді бұл жалпы күй сарынынан шығарып тастауға болмайды. Менің сіздерден сұрайтыным: адамның жеке басының ұсақ-түйек өкпесінен туатын жалған, ұнамсыз мінез пікірлерге еріп жүрмеңіздер. Ертең біз қабылдап алу-беру актына қол қоямыз, демек, сол күннен бастап жұрттың бәрі өз орындарында болмақ. Грубский жолдас, сіз техникалық мәселелер жөніндегі менің референтім болып тағайындаласыз. Тополев жолдас бас инженердің аппаратына ауыстырылады.

— Мен Сидоренко жолдаспа анықтап білейін. Ол маған

әлі бұйрық берген жоқ. Менің білуімше, оның басқа жоспарлары болатын-ды,— деді Грубский.

Батманов оған келекелей қарап:

— Әрине, анықтап білудің мәні бар. Бірақ сол анықтап білудің өзі осында менен естіп-білгеніңізді күңгірт тарттырып жіберіп жүрмесін, сол жағын абайлағайсыз...

Жабдықтау бөлімінің бастығы Либерман Батмановтың назарын ерекше аударды. Еңгезердей, жуантық келген, сөйте тұра оңтайлы, осы бір епті адам, құрылыстың жаңа бастықтары ұнатпағанын ашықтан-ашық айтып білдіргендердің қатарында болып шықты.

Бұрынғы бастық пен өзінің бірге кететінін, әзірше жаңадан келгендерге «көңілсіз тұрмыс жағдайын» туғыза тұратынын ол кез-келген жерде айтып жүрді. Шынында да, сол жаңадан келгендер, әсіресе Беридзе мен Ковшов, тұрмыс жайларындағы әртүрлі ыңғайсыздықтарды жабдықтаушының әдейі істеп отырғанын көп ұзамай-ақ сезе бастады. Асханада бұларға тамақты тек овощ пен жармадан ғана жасап, оның өзінде суып қалған күйінде әкеп беріп отырды. Жаңадан келген бас инженер мен оның жәрдемшісі тамаққа жарымай жүрді. Ковшов базарға барды, бірақ онда картоп пен сарғайып кеткен ірі қыярдан басқа ештеңе сатпайды екен. Екінші бір барғанында, ол ойда жоқ жерден қымбат бағамен жас балық сатып әкелді. Алексейдің өтінуі бойынша оны Гречкиннің әйеліне қуыртып алып, балықтың құрғақтау етін инженерлер үш күндей қосымша қорек етті.

Жаңадан келген инженерлерді базарға қалай жүгіртіп қойғанын айтып, жабдықтаушы елдің бәріне мақтанып жүрді. Тамақтың нашарлығы және асханада тәртіп жоқтығы жөнінде Беридзе оған ескерту де жасады. Жабдықтаушы өзінің секпіл басқан табақтай бетіне аса таң қалғанның белгісін білдіріп:

— Шешетайым-ау! Сіздер қайдан келдіңіздер? Қазір соғыс уақыты, күй талғап, осындай талаптар қоюға бола ма екен. Біз «Москва» қонақ үйі емес, тайганың түкпірінде жатқан жұртпыз!

Батманов Либерманды құрылыстың бұрынғы бастығы отырғанда қабылдады. Жабдықтаушы есіктің жанына келіп тоқтап, үлкен қолдарын қарнының үстінен айқастырып, бастыққа тұнжыраған көзімен кадала қарай қалды.

— Менің әдеттегі тәртібім өзімнің берген маңызды жарлықтарымның қалай орындалуын тексеріп отырамын,— деді Василий Максимович Либерманға. Өзім келгеннен бері сізге маңызды төрт тапсырма бергенім есімде. Бұл жөнінде не істегеніңіз туралы сіз маған келіп айтқан жоқсыз, оны орындау тіпті сіздің ойыңызға да кіріп шықпаған. Неге бұлай?

— Ғафу етіңіз, Батманов жолдас, әңгіменің не туралы

болып отырғандығын байғұс басым ұқпай тұр. Қазір мен сорлыға берілетін бұйрық дегендердің, өзінен өзі туып жататын мәселелердің ұшы-қыйыры жоқ, ендеше, бірен-саранының ұмытылғанына таңырқауға бола ма? Сіз мені жазғыра көрмеңіз.

Ол тұнжыраған көздерін аспанға каратып, екіжүзді, айлакер сопыға ұқсай қалды. Батманов сөзін зілмен кесіп айтты.

— Жазғырғанда қандай. Қазір мен учаскелерді жабдықтауға және құрылысты қабылдап алып беруге катысы бар маңызды тапсырмалардың жайын ғана әңгіме етіп отырмын. Менің байқауымша, сіз мені қасақана елемей, ескермей жүрсіз.

Либерман екі қолымен шап беріп өзінің басын ұстай алды да:

— Шешетайым-ау. Мен елемеппін бе? Құдай сақтасын!

— Қуланбаңыз, Либерман, құдайға жалбарынбаңыз, сізде ешқандай құдай жоқ... Алған жолыңыз дұрыс емес. Кімге карсы интрига жасамақшысыз? Менімен күш салыстырғыңыз келе ме? Бас инженеріммен екеуімізге адам төзгісіз тұрмыс жағдайын жасап қойдыңыз, мен әзірше оны қозғап отырған жоқпын. Бұл өз алдына жеке мәселе, реті келгенде оған да қайта оралармын.

Батманов жайымен нықтап сөйлеп жүр. Сөздің осы байыппен, анықтап, дәлдеп айтылуының өзі жабдықтаушыны састырып тастады, өйткені ол Сидоренконың әуелі даурыға балағаттап сөйлеп, артынан тез басылып қалатын әдетіне үйреніп алған болатын.

— Әзірше жарлық беріп келген Яков Тарасович,— деді мінгірлеп жабдықтаушы, әлгіден бері терезенің жанында үндемей тұрған бұрынғы құрылыс бастығына арқа сүйеп.— Яков Тарасович, сіздің жарлығыңызды орындамаған жерім болып па еді?

Сидоренко тұрған қалпынан қозғалмай:

— Онысы рас: Либерман үлгілі, тәртіпті қызметкер,— деді. Батманов күліп жіберді.

— Қызық екен. Айтқанды орындағыш, тәртіпті жабдықтау бастығы бола тұрады да, менің жарлықтарымды орындамайды; ол менің жарлықтарымды орындауға өзін міндеттімін деп санамайды. Яков Тарасович, ол үшін тек сенің жарлықтарың ғана міндетті екен. Неге олай?

— Бұл қалай? — деп Сидоренко жалт қарады.

Мұның сырын ашу қыйын емес: Либерман сенімен бірге істерін тапсырып жатыр да, менімен бірге қабылдайтын ойы жоқ. Сондықтан, ол мені азық-түлік және материалдар жөнінен шатастырды, учаскелердегі ресурстар туралы маған мәлімет бермей, әлі де алынбаған материалдардың нарядтарын пап-

касында сақтап ұстап отыр. Трассада не бар, не жоқ, ол туралы мен осы күнге дейін жөнді ештеңе білмеймін. Либерман кетпекші болып жүр. Бірақ ол қанша залым адам болғанымен дәл осы араға келгенде, есебінен жаңылды.

— Не жөнінде? — деп Сидоренко елең ете түсті.

— Ол сенімен бірге кетпейді, осында құрылыста қалады. Либерман сап-сары кірпіктерін жыпылық-жыпылық еткізді.

— Мен өз адамдарымның арасынан кейбіреулерді ала кетуге еріктімін ғой деп ойлаймын. Олар менімен бірге көптен бері істеп келеді, маған үйреніп кеткен. Оларды тәрбиелеген мен, — деді Сидоренко.

— Тәрбиелегеніңіз үшін мың да бір рахмет, — деп Батманов басын иді. — Дұрысында, әрбір басшы кадрларды тәрбиелеуге міндетті. Бірақ менің басқа істер амалым жоқ. Көз алдымда даяр Либерман тұрғанда басқа жақтан үлгілі, тәртіпті, жылпос жабдықтау бастығын іздеудің не керегі бар.

— Мені босатуыңызды өтінемін, — деді Либерман қолын кеудесіне қойып. — Мен Яков Тарасовичке әбден үйреніп кеткен адаммын. Ал сізге, менің жұмыс әдісім, мүмкін, ұнамай жүрер.

— Сіздің енді маған үйренуіңізге тура келеді, сонсоң жұмыс әдісіңіз де үйлеседі. Сіздің әдісіңіз туралы ерекше қамқоршылық жасауға уәде беремін.

Либерман бір адым ілгері басып:

— Алайда... деп сөйлей бастағанда, Батманов қолымен ишарат қып оны тоқтатты да:

— Уақытты босқа өткізбеңіз. Барыңыз, — деді.

Құрылыстың жаңа бастығы мен бұрынғы бастығы екеуі де терезенің қасында тұр. Далада алашқы қар ұшқындап жауып тұр. Адун қоңырлау тартып, буырқанып кеткен. Жел ұшпа бұлттарды суға айдап келіп тықсырып жатты. Көбікті толқындардың арасынан бір көрініп, бір батып кетіп сумандаған моторлы қайық өзеннің буырқанған кең арнасын кесіп өтуге асығып кетіп бара жатыр.

— Сенің енді тез кетуің керек. Енді соза бергенді қой, — деді Батманов ақырын ғана. — Ақтқа бүгін қол қойылса, тым жақсы болар еді.

— Қуасын ба? Бөгет болдым ба?

— Қуамын. Бөгет жасап жүрсің. Яков Тарасович, өте-мөте бөгет жасап жүрсің, — деп Василий Максимович шынын айтты.

Екеуі де үндемей қалды. Батманов салмақ пен басып кабинетте жүр, темекінің көгілдір түтіні оның артынан будақтап қала береді. Сидоренко ұнатпаған пішінмен оған көзінің қыңғырымен қарап тұр.

— Жалған сыпайылыққа салынып, көлгірсіген арбау сөз сымактардың бізге қанша қажеті бар. Біз сөздің емес істің адамдарымыз, ендеше сол істің игілігі үшін жалған сыпайылықты, өтірік намысқорлықты тастайық. Менің неге келгенімді, сенің неге кететіндігіңді қайтадан әңгіме етіп жатудың пайдасы жоқ. Біздің сыртымыздан осылай деп шешкен. Сенің жаңа орынға кетуің керек те, менің осында қалып шаруашылықты басқаруым керек.

Василий Максимович Сидоренконың қасына келді. Жел соғып терезенің шынысы сылдырап тұр. Жапалақ-жапалақ жауған қар мен қоңыр тартқан ағаш жапырақтары терезенің сыртында ұйқы-тұйқы болып жатты. Өзеннің арғы жағасындағы төбелер су үстіне қарай төнген сұрғылт тұманнан көрінбейді.

— Сен осында отырғанда менің қолым байлаулы екендігін өзің де көріп тұрсың. Коллективтің арасынан ши шықты. Адам дегендерің тоғайды кезгендей бет-бетімен жүр. Әлгібір әзірде басқарманы аралап жүріп едім, сондағылардың бәрі поезд станциясында екінші қоңырауды күтіп отырғандай, жәшіктер мен чемодандарының үстінде отыр. Танертеннен бастап келіп алады екен де, жұмыс істеудің орнына, Қарағандыға барғанда тұрмысымыз қандай болар екен деп, күні бойы жоқты болжайды да отырады екен. Сенің оларды ала баратындығына күдіктенбейді. Бірақ екінші қоңырау болмайды ғой... Жұртты сен неге шатастырасың? Ковшов шыдай алмай кеше маған: «Уақыт өтіп барады. Осыларға қарап қашанғы жүре бересіз?» — деді. Оның айтқаны дұрыс: өтіп бара жатқан уақытты тоқтата алмайсың. Қазір уақытты беталды ысрап етуге болмайды. Нефтепроводты, шынында да, бір жылдың ішінде салып бітіретіндігіме сен сенбеген күйінде кеткелі отырсың. Яков Тарасович, сен батыста болған жоқсың, ал мұнда оқ-дәрінің иісі әзір атымен жоқ. Сен бастап, мен аяқтағалы отырған біздің нефтепровод Кавказдағы нефтепроводтың иісі және елімізге оқ пен танк қандай керек болса, ол да сондай керек.

— Менің соғысқа қатнасымым келмей жүргендей-ақ, сен мені әлі бейбітшілік күйде деп кіналап отырсың ғой,— деді Сидоренко шын өкпелеп.

— Сенемін, соғысқа қатнасыңыз келеді. Бірақ сен жол үстіндегі жылаған әйелдер мен өліп жатқан балаларды көрген жоқсың.

— Ал сен не көрдің. Соғыстың басталғанына төрт ай да толған жоқ қой.

— Маған оңтүстіктегі бір қаланы көшіріп, немістерге оны талқан етіп, елсіз орнын қалдыруға тура келді. Адамдарды жылы орнынан қозғап көшіруден қыйын нәрсе жоқ екен. Немесе думандап жұмыс істеп тұрған станоктарды ұясынан қо-

парып алу да онай емес көрінеді. Жүрекке жігер қайнатып, белді бекем байлау үшін төрт ай деген аз уақыт па? Маған майдан маңында темір жол салуға тура келді. Ұзын жол емес — небары отызшақты километр ғана. Біз оны бірнеше рет қайтадан салдық, өйткені, жүздеген бомбардировщиктер сағат сайын шабуыл жасайды, жолды қайтадан бастап саламыз... Нефтепроводты да біз немістің бомбалары жанымызға түсіп жарылып жатқан тәрізді көріп салып бітіруге міндетті емеспіз бе?

Сидоренко жазу столына келді. Батманов келгеннен бері Сидоренко бұл столға отырмаған болатын, төменгі жәшігін кілтпен ашты дағы, бір ескі кітапша мен маузерін алды.

— Осы кітапшаны саған сыйлағым келіп тұр, — деді ақырын дауыспен Сидоренко, көңілі босап. — Қолың боста оқып көрерсің, мұның ішінен Сидоренко туралы да бір-екі ауыз сөз табарсың, ол сондайлық түкке тұрмайтын адам емес-ті. Бұл достық белгісіне бергенім, тағдыр адамға не жазбайды, мүмкін, осы достығымыз үзілмей кете берер... бірақ бос әңгіме үшін бір минутты да босқа өткізуге болмайды. Кел, темекі тартайық. — Екеуі де темекі тартты. — Менің саған айтайын дегенім: керек деген жұмысыңның бәрін істей бер. Маған қарама, басқара бер. Не айтсаң да мен саған бағынамын. Екеуміздің арамызда барлық мәселе ойдағыдай бола қойған жоқ, оның бәрі қастық ойлағандықтан немесе дұшпандықтан емес, тек қана адам сезімінен туғанын өзің де ұғарсың деп ойлаймын. Біз ағаштан жасалған дойбы емеспіз ғой. Жәбір көрсең де, бір нәрседен көңілің қалса да, өзінді өзін мүсіркесең де — бәрі де ішінде сақтала береді. Тек іскер адам болу ғана қыйын.

Батманов кітапшаның бетін ашып көрді — Турксиб темір жолын салған адамдар жөніндегі очерк-әңгіме екен; оның көзі көңілді елжірете мұңайып кетті.

— Біздің тұңғышымыз. Ал енді Днепрогэсті қайта салуға тура келіп тұр ғой, — деді Василий Максимович менің саған беретін кеңесім, Тарасыч, өзінді өзін бірден қолыңа ал. Өзінді аздап қана аяғайсың. Мен саған қатты сенемін.

Яков Тарасович Батмановтың әлгі сыйлықты қадірлеп ұстаған қолына қарап тұрды да, кенет жігерлене түсіп:

— Кел, құрылысты қабылдап алу-беру ісін қазір бітірейік, — деді. — Бөлім бастықтарын шақыр. Мен олармен қоштасып, бір-екі ауыз салқын сөз айтайын. Керек десең менің оларға айқайлап алуға да шамам келеді, мейлі дәл айрыларда маған ашулана берсін. Саған жеңіл болады. Сидоренко күрсініп қойды да: — Сенің осыдан қалай орайын тауып шығатыныңды мен біле алмай тұрмын! — деп шынын айтты.

Басқарманың басшы қызметкерлерін шақыр деп Василий Максимович секретарьға тапсырма берді. Бұрынғы бастық пен

жаңа бастық кабинетке кірген адамдарға карап отыр. Грубский келіп, Яков Тарасовичты оңаша шақырып алды да, құлағына бірденені сыбырлай бастады. Сидоренко ашуланып, қолын сілтеп қалып:

— Қойшы әрі,— деді.

Грубский ағы сарғылт тартқан көзінің қыйығымен Батмановқа карап тұрып, алқынып сыбырлай берді.

— Менің мазамды неге ала бересің? — деп Сидоренко бұрқан-тарқан болды.— Бұл арадағы кожа мен емес,— деді.

— Бұйрыққа әлі қол қойылған жоқ. Ал істің мәнісіне түсінбей жатып, билеп-төстеп кетуге болмайды ғой,— деп Грубский айтқанынан қайтпады.

— Мен саған тағы да айтам: енді менімен сөйлесудің жөні жоқ,— деп Сидоренко айғайлап та жіберді.

Құрылыстың бұрынғы бастығы келесі күні жүріп кетті. Ол және онымен бірге жіберілген қызметкерлер бүкіл бір вагонды алды. Кетіп бара жатқандарды бүкіл басқарма болып шығарып салды. Шығарып салушылардың айтқан ақылдарын, жолдарың болсын деген тілегін және қалжыңдарын жолға шыққандар көңіл қойып тындады. Батманов, Залкинд және Беридзелер Сидоренконы вагонның ең шеткі купесінен тауып алды. Ол бұларды түнерген бойы қарсы алып, бірдеңеге ренжігендей үндемей отырды.

— Мұңайма, Яков Тарасович. Жаңа орынға барғач соң, көңілің бірден-ақ көтеріліп кетеді,— деді Залкинд оны жұбатып

Вокзалдан қайтып келе жатқанда, Беридзе:

— Сидоренко маған жеңілгеннен кейін әскерін қамауда қалдырып бара жатқан командирді еске түсірді...— дей бергенде, Батманов оның сөзін бөліп жіберіп:

— Я, менің айтайын дегенім: Сидоренконы жаман атап еске түсіруді енді қояйық. Біз құрылыстың иелеріміз, ал кінаның бәрін бұрынғы басшылыққа аудара салып, оңай сылтауға салына беруге болмайды. Бүлінген мұраға ие болып қалдық, пәлен-түген дей берудің енді керегі не. Кінаны ешкімге артпай-ақ, тек өзімізге иек сүйеп, шын ниетпен дұрыс тәртіп орнатып алайық. Ешкімді кіналамай тек өзімізді ғана кіналайтын болайық. Жұмысты оңдырмай түбіне жеткен мына біз иттің балалары деп ашықтан-ашық мойынға алатын болайық.

— Бұл өте қолайлы бағыт екен! — деп мақұлдады да Залкинд өзімен қатар алшаң басып келе жатқан құрылыс бастығына құрметпен карады.

Алтыншы тарау

ҚЫС КЕЛДІ

Табиғатта жылдың екі маусымының белдескен күресі болып жатты. Қыс келемін деп ентеледі, күз кетпеймін деп қарсыласты. Қылышын сүйреп келе жатқан қыс, әуелі өткінші аяздарды, сүйектен өтетін суық желдерді, бұрқыраған қарлы борандарды жіберіп, барлау ісін жүргізді. Бұталар мен ағаштар жалаңаштанды, шөп атаулы мүлде қурады. Өзеннің бөлініп аққан жылғалары мен бүйрек суларының бетін қаудырлаған шыңылтыр жұқа мұз басты, Адунның жағасы аққан судың екпінімен бір қатып, бір бұзылып жатты.

Кенеттен қыстың батыл шабуымы басталды. Аспан жерге ауысқан тәрізді. Аспан асты аппақ болып алай-түлей болып түтеп кетіп, қасындағы адамның өзін айыруға мүмкіншілік болмады. Тәулік ішінде қалыңдығы бір метр қар жауып, қара жерді бауырына басып алды. Төңірек сіресіп аппақ болды; дөңдерді қар басты, өлусіреген шөптер мен ағаштың түбірлері бүркеліп қалды. Ағаштардың басы қардың салмағымен майысып тұр. Жолдарды қар басып поезбен де, машинамен де, атпен де жүруге болмай қалды.

Қардың жауғаны тоқталар-тоқталмастан-ақ, Новинскінің халқы қар басқан жолдарды аршуға шықты. Күрек даярландар, ал қажет болған кезде, пристаньға баратын темір жолды және құрылыс поселкесінің төңірегіндегі жолды аршуға басқармадағыларды алып барындар деп Батманов ерте бастан жарлық беріп қойған болатын. Роговка, Беридзе мен Ковшовқа учаскелерді бөліп беріп, жұмысқа басшылық істеуді жүктеді.

Бұл күні Василий Максимович, бұрынғы әдетінше, тым ерте тұрды. Таңның атуын күтіп, ол өзінің пәтерінің кең бөлмесінде суықтан бүрісіп әрлі-берлі жүрді. Сидоренкодан қалған бұл оңаша үйдің ешнәрсесін Батманов өзгерткен жоқ. Оған асхана да, жататын бөлме де, кабинет те, балалардың бөлмесі де — бәрі де ұнады; тек мұнда Анна Ивановна мен Костя келсе болғаны. Оған тек қана майлы бояумен салынған екі үлкен сурет ұнамады. Суреттің біреуінде теңіздегі дауыл және суға батып бара жатқан кеме, екіншісінде судан шығып келе жатқан жалаңаш әйел салынған. Василий Максимович, осы үйге ең алғаш кіріп келгенде, әлгі суреттердің қасына келіп тоқтап, бұларды салған жергілікті суретші мен осы үйдің бұрынғы иесінің көркемөнерден еш хабары жоқтығына танданған болатын-ды.

— Бұл байғұстар, теңізді де, сұлу әйелді де, нағыз көркем суретті де, тегі ешуақытта көрмеген болар-ау. Мына «суреттерді» бұл жерден әкету керек, бұлардың маған керегі жоқ! — деп ол комендантқа бұйрық берді.

Аз уақытқа демалу үшін басқармадан үйге келгенде, Василий Максимович кабинетте жатып жүрді. Қазір ол қараңғы бөлмелерде әрлі-берлі жүріп, осы өзі тұрған үйге бір үлкен семьяны енгізсе немесе Беридзе мен Ковшов сыяқты салт басты адамдарды енгізсе деп, әлденеше рет ойланды. Бірақ бұл ойына өзі іштей қарсы болды. Үйге басқа біреуді кіргізсе, өз семьясын іздеп тауып алам деген үміттен мүлде күдер үзетіндей болып көрінді. Ең соңғы рет айрылысарда Анна мен Костяның қол ұстасып, жол үстінде, оның соңынан көз айырмастан қарап тұрғандағы суреті Батмановтың түсінен де, өңінен де шықпай қойды. Анна тастай қатып қозғалмай тұрған тәрізді, бет бейнесі сондайлық мұнайған. Баласы бірдеңе деп айғайлап қолын былғағандай...

Көзінің алдында елестеген осы суретті таратқысы келгендей болып, Батманов қолымен көзін уқалады. Осындай жым-жырттың үстінде бір әйелдің ақырын даусы естілді, бұл — өзінің толып жатқан өлеңдерінің бірін ас үйде баяулатып айтып жүрген егде тартқан, аласа бойлы, шаруақор үй шаруасын істейтін әйел еді.

Василий Максимович ас үйге кіріп келе жатып:

— Евдокия Семеновна бүгін халыңыз қалай,— деп сұрады.

— Кешегіден жаман емес,— деп жауап берді ол күлімсіреп.— Пештерді жақсылап жақтым, қазір бір сағаттан кейін ақ үйіміз жылынады. Рас, сіз бұл үйде жөнді тұрмай да жүрсіз ғой. Ас, міне, даяр болды, қазір сізді тамақтандырамын...

Стол басында Батманов ылғый кітап оқып отыратын оның студент кезіндегіден қалған бұл әдетін Анна ұнатпайтын. Қазір ол тарелкенің қасына әкеліп «Евгений Онегиннің» кітабын ашып қойды. Көңілін көтеріп, бойын бір сергіткісі келгенде, ол кашанда болсын Пушкиннің өлеңдерін оқыйтын.

Ертеде болып өткен әрі өзіне мүлдем жат адамдардың тағдырын қазір көзімен көріп тұрған сыяқты сезіп, сол туралы ойлауға Пушкиннің данышпандық сөздері Батмановты мәжбүр етті. Бұл адамдар өздерін өмірге қалай бейімдеуді, бойларындағы күш-қуатын, өздерінің уақыттарын қалай пайдалануды білмеген. Олардың көпшілік игілігі үшін деп істейтін жұмыстары болмапты, өмір өрісі өздерінің жеке басының мүдделерінен аспаған. Сәтсіз махаббат моральдық немесе жай өлімге оларды душар ететін. Мұның өзі ұшы-қыйыры жоқ масқара той-думан, үздіксіз қонақасы, шым-шытырық бірін-бірі мұқату үшін болымсыз сылтау іздеу, махаббаттық байланыстар!

Батманов басын шайқады. Бұлар өмірді бекерге өткізіпті, өмірдің сондайлық қымбатты екенін білмепті.

«Япырмай, біздің осы заманымызды суреттеп, дәл осы Пушкиндей кеменгерлікпен жазатын адамдар болмас па екен?» деп ойлады Батманов.— Біз орнатқан коммунизмді біздің шөбере-

леріміз мұра ғып иеленеді, ал олар біздің үздіксіз әрекеттер мен тарих алдындағы жауаптылыққа толы, өз басының ғана қамын ойлау деген болмаған, кей кездерде аз ғана жартымсыз болса да игілікті істерге бай өмірімізді түсінуге тиісті...

Телефонның бәсең соққан қоңырауы, оның көңілін күнделік іске бөліп жіберді.

— Василий Максимович, кісілерімді пристаньға алып шықтым, қазір қар тазалатып жатырмын,— деп қарлыққан дауыспен Рогов телефон арқылы хабар берді.— Менің сізден сұрайын дегенім: жүктерді тиете берейін бе, немесе тоқтатайын ба? Өзеннің сеңі өте қалың. Қалалық совет өзен өткелін жабуға бұйрық беріпті деседі.

— Ешкімнің де сөзін тындама. Адун әзір тоқталған жоқ қой, жүктерді әрі тиеп, әрі жөнелте береміз. Үшеу-төртеуін таяудағы учаскелерге жеткізіп үлгіреміз. Мен қазір сендерге келемін.

Даладағы көкшіл тартқан мұнар аздап ыдырай бастады. Залкинд Батмановқа келген кезде, таң әбден атқан еді.

Михаил Борисович бастықты терраста тұрған жерінде кездестірді, террастың түрлі түсті төрт бұрышты шыныларына дейін қар басқан. Әйнектің күнге шағылысқан қызылды-жасылды сәулелері екі қолын қалтасына салып қозғалмай тұрған Батмановтың бетіне, былғары пальтосына, ақ буркасына түсіп тұр. Василий Максимович құрылыс жөніндегі өзінің ең алғашқы беретін бұйрығын ойланып тұр еді.

Парторг амандасты дағы:

— Ана жерде атшы келіп күтіп тұр, бірақ шанамен бара алмаспыз,— деді.

— Байқап керейік. Шанамен жүре алмайтын болсақ, жаяу барармыз,— деді Батманов.

Бұлар бір километрдей жүргеннен кейін шанадан түсіп, қалың қармен жаяу жүрулеріне тура келді. Ана жер, мына жерлерге бытырап жұмыс істеп жүрген адамдар жанды қарақшы сыяқтанып қараңдап, жолдың қай жақта екендігінің бағытын көрсетеді. Бұлардың бәрі құрылыс бастығы мен парторгты таңырқай қарсы алды.

Макта салып сырыған шалбары мен телогрейка киген жуантық біреу:

— Міне, жолды жөндеп жатырмыз, күте тұрсаңыздар қайтеді! — деп айғай салды.

Батманов Гречкинді таныды. Оның төңірегінде өзі басқаратын бөлімнің қызметкерлері бұрқыратып қар күреп жатыр екен.

Темір жол тарауының жарым-жартысы тазартылып та қалыпты. Бұлар қардан қазған траншеяның ішінде жүрген Беридзені көрді. Беті қызара бөрткен бас инженер жөнелтуді

күтіп, пысылдап тұрған паровоздың жанында тұр. Қырық, отыз метр жер қардан арылған сайын, паровоз әлсін-әлі қатты айғайлап, қазылған ордың бойымен ілгерілеп бара жатқан адамдарды қуып жетіп отырды.

Бұлардан бір километр жерде өзінің бригадаларымен Ковшов жұмыс істеп жатыр. Ол басқарма қызметкерлерін темір жолдың екі жағына бөліп-бөліп қойған.

— Кәне, ауысайық! Сіз күректі қолға аласыз, мен команда беретін боламын,— деп Алексейге бойшаң қыз айғай салды.

Инженер оның өзімен жатақ үйде бірге тұратын көрші қыз екенін таныды.

— Жарайды,— деді дағы қыздың қолындағы күректі алмақ болды.

— Жоқ, мен команда бере білмеймін. Мен тек сіз маған көңілін аударсын деп айтып едім.

Алексей күректі алды да, қыздың алдына келіп тұра қалды. Бұлар жұмсақ қарды күрекпен атқылап жатып сөйлесе бастады.

— Сізге суық тиіп қалады: Қыйыр-Шығыстың аязымен бүйтіп ойнауға бола ма екен?

Түймелері ағытулы телогрейкасының ішінен жеңіл жұқа футболкасы көрініп тұр. Қобыраған бұйра шашы беретінен¹ дудырап шығып, қырау басқан.

— Мен ыстық қандымын,— деді дағы, артынша сасып қалып, күлкімен:— Ой, мен басқа мағнада айтып тұрғаным жоқ! Аяздан қорықпаймын, мен осы аранікі, тайгалықпын ғой,— деді қыз.

Қыз байқамағансып, Алексейдің үстіне қар шашып жіберді де, қайтер екен деп оған қарады. Инженер үстіне шашылған қарды сілкіп те тастамай, бар ынтасын сала қарды күрей берді.

— Мұндай болуға жарамайды,— деді қыз оны мінеп.

— Қандай?

— Тек іспен шұғылданатын бастық қана болуға. Сіз елу жасқа келген адам сыяқты болып көрінгіңіз келеді, солай болып көріне де аласыз.

— Жасару үшін не істеу керек?

— Төңірекке көңіл бөліп, назар аудару керек.

— Жұрттың бәріне ме? Мен онсыз да көңіл бөліп жүрмін, басқармадағылардың бәрімен қазірдің өзінде-ақ танысып алдым.

— Сіздің көңіл жұрттың бәріне бірдей бөлінетін, қызмет бабындағы көңіл ғой. Менің айтып тұрғаным ол емес.

— Мұныңызды ұға алмадым.

¹ Берет — әйелдердің бас киімі.

— Ең болмағанда сіз менің атымның кім екенін білгіңіз келсе еді.

— О не дегеніз, білгенде қандай. Атыңыз Женя, фамилия-ңыз Козлова. Жақсы экономист деп Гречкин сіз туралы мінездеме де берген. Сіз туралы тағы едәуір білетіндерім бар.

— Біліп тұрмын, тегі күйеуімді тартып алғалы жүр деп Лизочка шаққан ғой?

— Ол бекер айтпайды.

— Қойсаңызшы! Кавалердің саны азайып қалғаны рас, бірақ Гречкин кавалерлікке жарамайды.

— Сіз әлде Лизочкадан қорқасызба?

— Менен гөрі Гречкиннің өзі Лизочкадан қаттырақ қорқады. Қар тазалауда мені қай түкпірге әкеліп қойғанын көріп тұрсыз ғой! Екеуіміздің қатар жүріп қар тазалағанымызды Лизочка біліп қойса. Аз кідірді де: — Мүмкін сіз жақсы экономистпен достасудан қорықпассыз? — деп сұрады.

«Достасу» деген сөзіңізде не мән бар? — деді Алексей езу тартып.

— Экономистен бойды аулаққа салмау, кездесе қалған жерде байқамағансып кетпеу, экономистпен бірге шаңғы тебу, айына бір рет экономисті қалаға — театрға немесе киноға шақыру.

— Бәрі осы ма?

— Бәрі осы. Басқа не болушы еді?

Екеуі де күліп жіберді. Таяу жерден Батманов пен Залкинд өтті. Алексей оларды байқамай қалды. Олар анадай жерден қыз бен Алексейге бір минуттей қарап тұрды.

— Көрдіңбе, жігіт бейімделіпті, көңілі де көтеріңкі сыяқты, — деді Батманов.

— Көңілін тоқыратқан ғой. Енді оның үстіне үйе бер, қандай жүкті болса да тарта алады, — деп Залкинд Батмановты қостады.

Парторг қателескен жоқ. Москваның тағдыры қандай болады деп үнемі қатты алаң болып жүрсе де, Ковшовтың көңілі, шынында да біраз орныққандай болды. «Сенің әскери бөлімің астананы жаудан осы арада қорғайды. Бұйрықты тыңда: бір адым да шегінбе!» Бұл ұранды ұсынған Залкинд еді. Алексей оны қабылдамай қоя алмады.

Ковшовтың ата-анасы мен қайын енесінен алған хаттардың да бұл жөнде мәні аз болған жоқ. Әкесі мұның жолдастары туралы — олардың қайсысы қандай жерде соғысып жүргенін немесе қызмет істеп жүргенін жазыпты, әкесінің күзетте болып үйдің шатырларында түнейтіндігін, ал Алексейдің шешесі противогаз киіп тәулігіне үш рет қорада күзетте болатындығын айтыпты. Новинскіге келуден шал үзілді-кесілді бастартқан. Алексейдің сараң жазылған хаттарының мазмұнына қарап,

шал баласының көңілінде бір қаяу бар екендігін біліп қойып: «Үнемі тынышсыздана беретінің қалай? Сендердің нефтепроводтарың — солдаттың жауынгерлік ісі екендігін шал мұндағы өзімнің жаман ақылыма салып біліп отырмын...» — деп ұрса жазыпты.

Ал қайын енесі ұзын құлақтан алған хабары бойынша: — Зина тірі, дені-кары сау, жолдастары оны табанды, жүректі жауынгер деп, зор құрметпен мақтайтын көрінеді, — деп қысқаша ғана хат жолдаған.

Батманов пен Залкинд биік жардың қабағына келді, пристань төменде еді. Жардан жүреден отырып сырғанап түсуге тура келді. Залкинд қалай түсудің үлгісін көрсетті, қарды бұрқеткізіп қақ жарып жол салды. Қарқ-қарқ күліп оның соңынан Батманов та сырғанай жөнелді.

Адун өзін құрсаулап қысқан күшке қарсыласумен болды. Ашу қысқаннан қап-қара болып түтіккендей ұшы-қыйыры жоқ су тасқыны сендерді жағаға, причалдарға әкеліп соғып, судыр-судыр етеді. Өзен үсті дамыл таппай күрілдеп, у-шу болып жатыр, бейнебір жүздеген үлкен дирмендер мұзды ұсатып, ұнтап жатқан тәрізді.

Пристаньда екі баржы тұр еді. Біріне — азық-түлік қапшық-қапшық ұн мен жарма, өсімдік майлары құйылған, балық салынған бочкалар тиелсе, екіншісіне, ат-көлік, құрал-сайман және техникалық материалдар тиелген. Жүзге таяу жұмысшылар пакгауздарды және алаңдарды тазартып жатыр.

Рогов катердің старшинасымен дауласып тұр. Старшина жүк тиеліп болған баржаны тіркеп әкетуден бастартып тұрған көрінеді.

— Өзін соқырсың ба? Мына Адун қазір қатып тоқтап қалғалы тұр, одан кейін менің өлуім керек, — деді старшина ашыланып.

— Жүз қайтара барып-келіп үлгересің, қоян жүрек қорқақ болма, Полищук, — деп Рогов та түсіндіріп тұр.

— Қорқып тұр ма? — деп сұрады Батманов жақындап келіп. — Бұл керек іс, жолдас. Баржаны қазір жөнелтесек, кейіннен қан түкіретін боламыз.

— Ештеңе етпейді, барады, — деді Рогов.

Қызылшырайлы Полищук Батмановқа қарады да, ештеңе айтпастан, алшандай басып катерге қарай кетті. Рогов Залкинд пен Василий Максимовичті судың дәл жағасында тұрған диспетчер үйі деп аталатын кішкентай үйге алып келді. Тар бөлменің іші қып-қызыл болған темір пештің қызуымен ысып кетіпті.

Бұлар жылынып та үлгірген жоқ, Рогов істің жайын баян-

дап, жөнелтілген үш баржаға бір тәулікте не тиегендігін айта бергенде, сүрініп-қабынып үйге біреу кіріп келіп, үстіндегі киімін жұлмалап шеше бастады. Телогрейкасы, шалбары, пималары, керек десе басындағы бөркі де мұз болып сіресіп қалыпты. Өзі көкпеңбек болып қалшылдап, тісі-тісіне тимей тұр.

— Халка «Тайфун»... Песчаная шығанағында отырып қалды,— деп ол сөзін үзіп-үзіп әрең сөйлеп тұр.— Жәрдем көрсету керек... Темір пісіретін аппараттар... Құрал-сайман... Аммонал! Ондағы халық... Жүз адам. Елдің үрейі қашқан... Мен бір кішкене қайықпен... аударылып кеттім... Малтып келуге тура келді.

Рогов Батмановқа жалт қарады да, диспетчер үйінен атып шықты. Василий Максимович причалдарға келген кезде, моторлы қайық үстінде тұрған көк бушлат киген Роговтың еңгезердей денесін көрді, катер жағадан жаңа ғана кетіп бара жатыр екен.

Баржада Батмановты жүк тиеушілер мен буксирдің командасы айнала қоршап алды.

— Жүкті қайтадан түсіреміз бе, бастық? — деді жүк тиеушілердің бригадирі.

— Бізге мұны буксирге бекер алғыздыңыз. Есі бар адамдар мұндай уақытта флотты ремонттаумен болады, мұздың арасымен катерларды айдамайды.

Батманов қараса, мұны айтып тұрған әлгіде Роговпен дауласатын қызылшырайлы Полищук екен.

— Жүкті қайта түсіруге болмайды, баржаны буксирге алғызғанымыз да бекерге емес,— деп жауап берді оларға Батманов.

— Қазір Песчаная шығанағында Халка құрып кеткелі тұр, оның үстінде адамдар және қымбатты заттар бар. Бұған кім жауап беруге тиіс? — деп сұрады Полищук.

— Халканы шығанактан сүйреп шығарамыз, оған алаң болма, мен онда Роговты жібердім, ол батпақтан шайтанды да сүйреп шығарады.

Бастық өзінің айналасында тоңып, жабырқап тұрған адамдарға қарады.

— Үрейленуге рұқсат етпеймін? — деп ол айғайлап жіберді. — Бала болып кеттіңдер ме! Көрінген жерде жаназа оқый беретін болсақ, онда көздің жасы да жетпес. Қазір жөнелуге дайындалыңыз! — деп Полищукке қарады.

— Зорлап жіберуге правоңыз жоқ. Қалалық Атқару Комитетінің бұл жөнде тыйым салған бұйрығы бар,— деп старшина түнеріп қарсы болды.

— Жігітім, бұған менің правом бар. Праволарымды тексеріп қайтесін, дұрыс айтып тұрған жоқсын. Қазір мен сені зорламаймын да, бірақ өзің түсінесін.— Былғары қолғап киген

колдарының тоңған саусақтарын Батманов бір қысып, бір жазып тұр.— Біздің учаскелерде адам деген өте көп, Адун тоқтағаннан кейін онда тағы да кісілер жібереміз. Сонда оларды немен асыраймыз? Адун үстімен мұз жолын салып алғанша, азық-түлікті атпен немесе машинамен жеткізіп үлгіргенше, көп уақыт өтеді. Ал олардың жұмыс істеулері керек. Бірақ учаскелерде құрал-саймандар жетпейді, ең керек деген материалдардың өзі жоқ. Құрқол жүріп жұмыс тындыра алмайсың. Тоғайдан отынды арқалап жеткізуге де болмайды, ендеше аттар да керек. Сенің ойыңша адам дегеннің керегі не, мейлі аштан өле берсін, керек болса, отынды тоғайдан өздері арқалап тасысын, жұмыс істемесе қойсын дейсің ғой? —

— Мен олай деп тұрғаным жоқ,— деді Полищук.

— Ендеше, сен оларды сол арадан бері қарай алып шық демексің ғой? Ойлап көрші өзің, уақыт жетпей жатқанда мен адамдарды тайгадан алып шығам деп, босқа уақыт өткізуіме бола ма? Олар қазір учаскелерге орналаса беруі керек, сөйтіп, қысқы жұмыстарға даярланып, Адун тоқтасымен мұз үстінен жол салулары керек. Әлде сен бұл жағдайдан шығудың басқа бір жолын ойлап таптың ба?

Василий Максимович көңілге қондыра, даурықпай байыптап сөйледі. Полищук ашуланып қалды:

— Мені келекелеп тұрсыз ғой, бастық! Мен ештеңе де ойлап тапқаным жоқ. Және маған түсіндіріп жатудың да керегі жоқ: учаскелерге өзім де барғамын, адамдарды көргемін, олармен әңгімелескемін. Олар қайткенде де шыдап тұра алмайды.

— Егер де біз осы екі халқаны айдап жеткізсек, олар шыдай алады.— Василий Максимович төңірегіндегі адамдарға қарады да, кенеттен ашуланып: — Қорқасындар ма, немене? — деді.

— Қорықсақ қорыққанымыз, танданатын дәнеңе жоқ,— деп көптің ішінен біреу шынып айтты.— Мүлік те науыт болады, өзіміз де апатқа ұшыраймыз. Мүмкін емес қыйын істі орында деп зорлайсыз.

— Сіздерге тек жеңіл істерді ғана тапсыру керек екендігін мен білмеппін,— деп Батманов көптің ішінен әлгі өзіне қарсы келген біреуді шақырып алды.— Қалай ойлайсыз, біздің майдандағы жолдастарымызға жеп-жеңіл жұмыстар тапсырылады ғой дейсіз бе? Ұялсаңдар еді! — деп тағы Полищукке қарады да: — Қане, жүргізіңіз, мен өзім басқарып барамын.

Полищук біраз үндемей тұрды дағы:

— Мұның реті келмейді,— деп Батмановқа қарсылық білдірді.— Құрылыс бастығының әрбір кішкене баржаны өзі ертіп алып баруы жарамайтын іс.— Старшина қызу сөз үстінде шешіп алған, әрқайсысы күректің басындай қолғаптарын қайта киіп, басындағы құлақшынын көзіне таман еңкейтін қойды.

— Сіздердің араларыңызда коммунистер бар ма? — деді айғайлап Залкинд; бір топ адамды соңынан ертіп, ол да баржаның үстіне шықты.— Коммунистер екі халканы да менімен бірге алып жүреді,— деді.

— Михаил Борисович, сізге тіпті не болып кеткен! — деді Полищук қатты дауыстап.— Мен партияда жоқ адаммын, ендеше мен сырт қалмақпын ба? Бұдан кейін қалаға бетіңді көрсете алмассың: Полищуктің орнына халкаларды Адун бойымен Залкинд алып жүріпті дер! Түсініз.

Старшина өзінің командасына қолын сілтеп қалды. Буксиршілер, старшинасының соңынан тасыр-тұсыр жүгіріп жоғары көтерілді.

Жетінші тарау

ОЛАР МІНДЕТТЕРІН ҚАЛАЙ БӨЛІСТІ

Құрылыстың басталуы қыс маусымына дәл келді. Жағдайдың ерекше қыйын болуының себебі де осында еді. Инженерлік заңдар бойынша қысқы жағдайларда нефтепровод салуға болмайды делінетін. Қалай болған күнде де, шетелдердің көрнекті мамандары қыс жағдайларында нефтепровод салуды мүмкін емес деп санап келген, ал Грубский көбіне бұл мамандардың беделдеріне арқа сүйейтін. Батмановтың штабына ұзақ уақыт кабинетте отыра беруге, сөйтіп ұрыссыз, арпалыссыз трассаны жел мен боранның билігіне беруге келісімге келуден басқа ештеңе қалмаған сыяқты.

Бірақ мұның өзі Грубскийдің үкімет тағайындаған мерзім— орындалмайтын мерзім деп жазған баяндамасына қол қоюмен бірдей еді. Нефтепровод төсеуге берілген он екі айдың ең кем дегенде жеті айын қыс алып жатса, оны қалай есептемеуге болады? Батманов пен оның көмекшілерінің ойында қол қусырып, босқа отыру болған жоқ, демек, олардың ұстаған жолдары да өзінен-өзі анықталды: қыстың бір айын да, бір аптасын да, бір күнін де бос өткізбеу керек — тіпті сол қыстың өзіне де елең аспау керек! Бірақ қысты ескермейі қою оңай емес. Өйткені, қыс түспей жатып-ақ құрылысшыларды толып жатқан машақатқа салды.

Алғашқы қар жауып та өтті — алдағы күнде қаншасы жаумақ! — басқарма мен учаскелердің күнделікті жұмысы бөгіліп, тек қана жолдарды қардан аршумен шұғылдануға тура келіп отыр. Бірнеше баржаларды учаскелерге жөнелту сыяқты оп-оңай жұмыстың өзі өте қыйынға айналды. Адунның ортасында тұрып қалған баржаны құтқаруға кеткен Рогов әлі қайтқан жоқ, оның өзінің де, баржа толған адамдардың да қайда екенін ешкім жөндеп білмейді. Өзен бойын қуалап келген адам арқылы онан: «Шығанақтан сытылып, әрі қарай жөнелдік»

деген ауызша хабар келді. Полищук алып кеткен соңғы екі баржаның тағдыры да әлі мәлім емес. Құрылысшылар учаскелерге баратын жолдардан мүлде айрылып қалды, су жолы тоқтады, мұз үстінен жүретін қысқы жолды әлі салу керек. Трассамен қатнасатын бірден-бір байланыс құралы енді самолет қана болып қалды, бірақ, оның өзі де тек почтаны учаскелерге ұшып жүріп аспаннан тастап кеткені болмаса, жер тауып қонуы мүмкін емес еді.

Адун қар түскен соң теп-тегіс ағарып, жай даламен бірдей болып кетті. Өзен бетіндегі мұздардың су күшімен ақырын сырғығанын тек тесірейе қарағанда ғана айыруға болатын еді; мұзды сауытпен құрсаңған Адун әлі де ырыққа көнбей жатты.

Өзенге әлсін-әлі карап қойып, Батманов құрылыс жөніндегі өзінің алғашқы бұйрығын жаздырды. Онда қысқа қарсы күресудің тактикасы айтылған: бір сағат уақытты да босқа өткізбей ұзаққа созылатын суыққа даярлану, отынды мол ғып дайындау, үйлерді жылыту, қыстық киімдер мен аяқ киімдерді жөндеу, қысы қатты тайғаға қажет барактар мен жерүйлер, пекарнялар мен асханалар, моншалар мен кір жуғыштар, складтар мен клубтар сыяқтының бәрін салып бітіру; Адунның катуына байланысты өзен мұзын тазартып жол салу, сол арқылы трассаға қарай жүретін жол тарту; осы мұз жолымен складтардан учаскелерге, бүкіл линия бойына азық-түлік, трубалар, құрал-жабдық, техникалық материалдарды үздіксіз тасый беру.

Бұйрыққа қоса нұсқау берілді. Оны ысылған адамдардан құралған комиссия жасады. Бұл нұсқауда ештеңе қалдырылмай түгел айтылған, ең аяғы, матрацтарды немен толтыру, Адунда мұз астынан балықты қандай әдіспен аулау, дінгене ауруына қарсы қарағай майын қалай даярлап, оны қалай ішу керек, үйдің іргесін қалай көму, есік алдындағы бөлмелерді қалай жылыту, барактарды қалай жылы ұстау сыяқты ұсақ мәселелердің жайына дейін көрсетілген.

Бұйрықты трассаға самолетпен жіберді. Мұнымен қатар Залкинд ноябрьдің басында өткізілмек болған партия конференциясына даярлану туралы хат жіберді. Самолет ұшуға даяр болып әбден әзірленген кезде, парторгтың өзі де бірге ұшуға ұйғарды. Бірақ, ешқайда қона алмай, Залкинд тек әуеде серуендеп қайтып келді. Бұл оны қатты ренжітті.

— Бұл жолғы сапарымның сәті түспегеніне қатты өкініштімін,— деді ол кешкілікте Батманов пен Беридзеге.— Қазір адамдармен бірге трассада болғым келеді. Олардың қандай қыйыншылықтарды бастарынан кешіріп жатқанын ойлап көрсен!

Беридзе оның сөзін жөн көріп мақұлдады. Главка мен халық комиссариатынан келген бұйрықтарды қарастырып отыр-

ған Батманов басын көтеріп алып, парторгқа назарын аудара қарап:

— Сенің бұл сапарың — тек көңіл жұбату ғана, ал бұл жолдың сәті түспегеніне мен өкінбеймін, — деді ол. — Егер де сен учаскелердің бірінде ұдайы он бес күн отырған болсаң, одан пайда болатындығына күдіктенбес едім. Бірақ сен бір учаскенің ғана емес, он екі учаскенің парторгысың ғой. Жүз қайтара, керек десең әбден түсініп жеткеніңше айта беретінім: құрылыс үшін қазіргі керекті ең басты мәселе іске ынталы, берік, іскер штаб құру. Міне Халық Комиссары да, жоспарын орындай алмай құлаған екі жүз он бесінші құрылыс туралы осыны жазып отыр. — Батманов жоғарыдан алынған бұйрықтардың біреуін Залкиндің алдына тастай берді. — Құрдан-құр, ойдың әуеніне еріп, Полищуктің орнына екеуміз баржаға мініп те кете жаздадық. Ол жігіттің бізді тоқтатуға ақылы жеткені жақсы болды. Өйтпегенде құрылыс басшысыз қалар еді. Менің трассаға барғым келмейді деп ойлайсың ба? Ал үшеуіміз бірдей ойдың әуеніне еріп трассаға тарталық. Учаскеге барып отырайық та, шаруашылықты басқаралық. Одан не шығарамыз? Одан табатынымыз сол, бүкіл құрылыстың басшысы болудың орнына, тек бір учаскенің ғана басшысына айналамыз...

Василий Максимович кекесінді сөзін доғарды да, бұйрық қағазды қайтадан орнына салды. Залкинд пен Беридзе үндемей отырды. Батманов енді оларға ақ көңілдікпен ақылын айтып:

— Шыдай тұрыңдар, сендерді әлі басқармаға жібермей қоятын күн де жетеді, үнемі трассада тұратын күндерің де болар, — деді.

Батмановтың сөзінің дұрыс екендігін парторг пен бас инженердің өздері де түсінетін. Басқарманың жұмысын Батмановпен бірге жолға қою үшін бұлар да бар күштерін салды. Басқарманың өзі де күн санап жұмысты тәртібімен істейтін штабқа айнала бастады. Батманов, Залкинд, Беридзе үшеуі бұл штабтың үш тұтқасы болды, аккумулятордан шығатын электр қуаты сыяқты, барлық қуат аппарат звеноларына осылардан тарап отырды.

Бір ретте бұлар, қалжындап, әңгімелесіп отырып өзара міндет бөлісті:

— Менің үлесіме тиетіні: қар тазалау, Либерманмен керісу, адамдарды киіндіріп, тамақтандыру, отын-су әзірлеу, тағы сондай қара жұмыстар. Осы ұсақ-түйек жұмысты бітіргеннен кейін былай шығамын да шекілдеуік шағып, сырттан қарайтын боламын, — деді Василий Максимович.

— Менің ісім одан да оңай... Адамдармен сөйлесу, іштері пыспас үшін олардың көңілін аздап көтеріп қою, — деді Залкинд.

— Қалғанының бәрін мұнда артатын болдым ғой, — деп

Беридзе жазған құлда шаршау жоқ дегендей, өз желкесін алақанымен қағып-қағып қойды.

Батмановтың «қара» жұмыстағы уақытының көбі жабдықтау шаруашылығына кететін болды. Либерманды ол күніне бір-неше рет шақырып алып, жиі-жиі телефон соғып, түрткі салып отырды. Жирен шашты қазандай басын қайта-қайта ұстап жабдықтаушы Батмановқа ведомстерді, анықтамаларды, мәліметтерді ала жүгіретін болды. Цифрларды зерттей келе, Батмановтың көзі істің шын мәніне жететін еді. Учаскелерде киім-кешек заттардың сонша жетпейтіндігі оны қайран қалдырып, жаман кейітті.

— Сіз қысты трусикпен қарсы алғансыз! — деп сөкті ол Либерманды.— Бүгін-ертең жаңадан келгелі тұрған жұмысшылар үшін дайындаған не жылы киіміңіз, не аяқ киіміңіз жоқ. Трассада көп ұзамай қырық-елу градустық аяз болады. Сонда сіз адамдарды немен киіндірмекшісіз?

Сыртында «Қатнас қағаздар» деген жазуы бар бір үлкен қалың папканы алып келді де, Либерман құрылыстың бұрынғы бастығына берілген отыз шақты рапорттарын көрсетті.

— Міне көрдіңіз бе, киім-кешек жетпейді, қыста жалаңаш-жалпы қаламыз деп талай жазғамын. Құрылыстың бұрынғы басшылығы осының бәрін ескерусіз қалдырды.

— Сіз ескі басшылыққа сілтеуді енді қойыңыз. Мынау қампыйған папканы не үшін жасап алдыңыз,— әлдеқалай сұрай қалса, осы қағаздармен басыңызды арашаламақшы ма едіңіз? Түкке тұрмайтын іс. Күнаң үшін шын жауап беретін болғанда, жүз тонна қағаздың да жәрдемі тимейді. Өзіңізді өзіңіз босқа алдап, бұдан былай құрғақ елеске иек сүйеп жүрмеуіңіз үшін, мына еңбектеріңізді ескерткіш ретінде менің тығып қойғаным жөн болар.— Батманов алды да, папканы сейфке салып қойды.— Менімен енді мұндай қағаздарыңызды алып келіп сөйлесіп жүрмессіз, әрбір жазған рапортыңыз үшін бір жеті бойы көңілсіз жүрерлік сыйлық алып отырасыз. Әйтседе, адамдарды немен киіндірмекшісіз? Осыған жауап беріңізші!

— Шешетайым-ау! Оны қайдан алам? Базардан сатып ала алмайсың, орталық болса жібермейді!.. Главкаға берілетін телеграммаға қол қойып беруіңізді өтінемін.

Либерманның телеграммасы байбалам салып жәрдем сұрапты: «Киім-кешек жөнінен аса қыйын жағдай туды, жұмысшыларды жалаңаш, жалаңаяқ қалдыру құрылысты тоқтату қаупін туғызатын болғандықтан телогрейкалар, мақталы шалбарлар, пималар, шолақ тондар жіберіңіздер» деп жазыпты ол.

— Міне юморист, Марк Твеннің сәтсіз күні туған әулеті боларсыз,— деді де Батманов телеграмманы жыртып тастады.— Газеттерді неге оқымайсыз?

— Оқыймын... «Правданы»... «Известияны»... жергілікті газетті...

— Оқымайсыз. Газеттерді оқыйтын адам жаңағыдай телеграмма жазбас еді. Мына газетті алып қараңызшы, оның бүтіндей бір беті қандай мәселеге арналған екен,— деп Василий Максимович газетті жабдықтаушыға ұсынды.

Либерман газетке қарап тұрды да:

— «Қызыл Армияның жауынгерлері үшін жылы киім-кешек жыйнап берейік»,— деген жерін дауыстап оқыды.

— Қызметкерлер арасынан киім-кешек жыйнау ісін Залкинд ұйымдастырмақ. Оған жәрдемдесу керек. Қолда бар жаңа шолақ тондардың, пималардың, бөріктердің жартысын Қызыл Армияға бөліп беріңіз.

— Шешетайым-ау! Қалайша бөлеміз! — деп жабдықтаушы шошып кетті.— Біздің өзімізге де жетпей жатыр. Адамдар киімсіз жүр деп өзіңіз жаңа ғана айттыңыз ғой.

— Бір сөзді маған қайта-қайта айтқыза бермеңіз. Беру керек! Сіз мені қатты тарықтырып тұрсыз, Либерман. Әуел баста маған құлашы кең адам сыяқты көрініп едіңіз, байқай келсем сіз жабдықтаушы емес, берекесіз дүниеқор, жәй кладовщик қана екенсіз ғой. Тегі сіздің барлық күш-қайратыңыздың бәрі пайдасыз рапорттар жазумен өтетін көрінеді. Сіздің иек астыңызда сыртқы киім мен аяқ киім дегендеріңіз үйіліп жатыр, оған неге көңіл бөлмейсіз?

— Қайда үйіліп жатыр? — деп Либерман безеу басқан қоңқақ мұрнын тыржыйтып қойды.

— Мен әскери ұйымдармен келістім, олар бізге ескі киім-кешек бермекші болды, жұмысшыларға содан қысқы киім тігуді қолға алыңыз. Рубежанскіге барыңыз да осы айтылған дүниені тиіп жөнелтіңіз. Екінші мәселе үлкен тігін мастерскойын жөндеңіз. Оған үй іздеңіз. Залкинд бұл жұмысқа үй шаруашылығындағы әйелдерді тартуға уәде берді. Тігін мастерскойы бір аптаның шамасында жұмыс істей бастауға тиісті.

Батманов тұрмыс жабдығын техникалық жабдықтан бөліп алмақшы болды, өйткені Либерманның шаруашылығы соншалықты кең еді, шегеден бастап майға дейінгі барлық жабдық соның шаруашылығына қарайтын. Алайда техникалық жабдық жөніндегі жаңа бөлімді ұйымдастыру ісі кешеулей берді, өйткені сол бөлімге басшылық істейтін іскер адам табыла қоймады.

— Шешетайым-ау, бізде жабдықтаушы деген мүлдем жоқ қой,— деп бажалақтады Либерман. — Инженерлер көп, техниктер одан да көп, экономист дегендерге тіпті сан жетпейді, ал жабдықтаушылар деген жоқ. Менің бөлімімдегілер не ақмақтар немесе жүліктер. Жұмыс істейтін жан жоқ, бәрін өзің

істеуге тура келеді. Мен төрт құбыласы сай келген Кай Юлий Цезарь емеспін ғой.

Либерманның мұндай шағым сөзіне Батманов жауап ретінде мынаны ескертті:

— Сіз менің есіме ескіден келе жатқан бір күлкі әңгімені түсірдіңіз.— деді Батманов.— Бір поручиктің деншигі¹ осы сіз айтып тұрғандай теорияны уағаздапты: бүкіл дүние екіге бөлінеді-мыс дейді екен. Екі бөліктің бірінші жағы — аса қасиетті жағы — поручик пен оның өзі. Екінші жағы — жүліктер, сұмпайылар мен акмактар болады-мыс. Сол денщик сіздің тікелей идеялық ұстазыңыз болар-ау деймін.

Жаңа бөлімнің бастығы ойда жоқ жерден табылды, табылғанда да сол Либерман жамандаған қызметкерлердің өз арасынан шықты.

Василий Максимович адамдармен танысып-білу үшін бөлімдерге жиі-жиі кіріп тұратын. Түнгі кеш уақыттың бірінде басқармада өзінен басқа кім қалды екен деп тексергісі келді.

Бөлмелердің барлығы дерлік қап-қараңғы, адам жоқ бос қалған, тек Залкинд, Беридзе, Ковшов, Гречкин және Филимоновтың кабинеттерінде ғана жарық көрініп, сөйлескен дауыстар естіледі. Жабдықтау бөлімінде қызыл шырайлы, бұйра шашты әдеміше келген бір жас жігіт біреумен телефон арқылы сөйлесіп жатыр, Василий Максимович оның даусын коридорда келе жатып-ақ естіді. Сөздің төркініне қарағанда, сол кезде Рубежанскіде жүрген Либерманмен екі арада ірі әңгіме болып жатқан сыяқты.

— Сіздің жаратылысыңыз жабдықтаушы емес, актер болып жаралғансыз! Мен сізді актер деп тұрмын, сізге ойнау, бірдемені өтірік білмегенсіп, өз басыңызды, қалпыңыздан гөрі зорайтып көрсету қатты ұнайды! — деп әлгі жігіт телефонның трубкасына айғайлайды.— Ініңіз Лазарь Либерманның үлесіне тиген құрметтеп қол шапалақтаған қошеметтер сізге маза бермей жүрген болар. Не дейсіз? Естілмейді? Сіз мұндай сөзді естуді сүймейсіз ғой! Ал менің аға, інілерімнің арасында артист жоқ, маған даурықпалы даңқтың да керегі жоқ. Маған даңқтың керегі жоқ деймін. Жабдықтаушы болып қалған болар едім. Тарихтағы осы шағын ғана роль маған әбден жарап жатыр! — Либерманның не жауап бергенін әбден тыңдап болып, әлгі жігіт тағы да: — Жарайды, мен сізден көз жасымды көл кылып жыламай-ақ, еңіремей-ақ айырыламын! Керек десең, қуаныш үстінде бір стопка арақ та ішіп жіберермін! Менің қамымды ойлап алаң болмай-ақ қойыңыз, орналасармын. Батмановқа барамын, ол, жұрттың бәріне жұмыс тауып береді деседі ғой... Мені өйтіп қорқытпай-ақ қойыңыз, мен бала емеспін

¹ Денщик — офицердің өз қызметіндегі солдат.

ғой. Қайта өзіңіз ақылға келіңіз.— Яков Тарасовичыңыз болса кетіп қалды, енді сіздің өнеріңізге камқорлық ететін ешкім қалған жоқ!..

Есік жанында тұрған Батмановты көріп қалып, әлгі жігіт телефонды тастай берді де, ұшып түрегеліп, қаздығып тұра қалды.

— Сіз кім боласыз? — деді Батманов.

— Федосов, техникалық жабдық жөніндегі жауапты орындаушы.

— Мен сізді неге білмеймін?

— Сізбен қатардағы жай қызметкерлердің арасында көбінесе бөлім бастықтары жүреді ғой. Біздер, жабдықтаушылар, Либерманның тасасында көрінбейміз.— Федосов Батмановтың бетіне тура қарап жауап беріп тұр.

— Я, оның тұлғасы зор,— деді мақұлдап Василий Максимович.— Жаңағы қызу әңгімеңізде менің атымды немен байланысты атадыңыз?

— Мен сізден Либерманмен байланысы жоқ бір жұмыс бер деп сұрамақшы едім. Осы бір декорация мені әбден тойдырып болды: сыртымыздан карағанда жап-жақсы болып көрінгеніміз болмаса, жұмысты нашар істейміз, жұмысты жақсы істеуге емес, сырттай жарқырап көрінуге тырысамыз. «Орындалды... табылды... сұралды...» деген сыяқты шыйрақ рапорттарды беріп, сізді алдап жүрміз. Ал шынында, істің бірде-біреуінде тәртіп жоқ, ештеңе де істелген жоқ, ештеңе де орындалған емес. Жабдықтау ісінде жоспар жоқ. Участкелер зар илейді, біз олардың көңілдерін аулай береміз, қадам бассак өтірік айтамыз. Жетпейтін материалдар толып жатыр, бұл материалдар, мүмкін, әзірше керек те емес шығар, бірақ, соңыра олар керек болады ғой, сонда құрылыстың барысы еріксіз кідіріске ұшырайды. Жедел шаралар қолдану қажет, оның орнына біз бас сауғалату үшін қағаздар жазумен болып жүрміз...

Федосов жанын жеген ойлардың бәрін дем алмастан бір-ақ айтып салды. Ол тастаған телефон трубкасы гуілдеп, ызылдап жатыр. Батманов трубканы алып құлағына тосты.

— Алло, Федосов, Батмановка баруыңызға тыйым саламын!—деп Либерман телефон сымының екінші жағынан айқайлап жагыр екен.— Шешетайым-ау, үйдегі коқысты сыртқа шығарудың керегі не? Біз екеуміз өзіміз ұрсыстық, өзіміз татуласамыз да. Өмірде не болмайды дейсің! Менімен қырғый кабак болудан ешқандай мағна шықпайтынына сізге сенім беремін,— деп Либерманның даусы бал тамғандай шығып жатты.

— Либерман,— деді Батманов трубкаға аузын тақап,— үйіңіздегі коқыс шынында да өте көбейіп кеткен екен, мен үйіңе кіріп едім, сол коқысқа көмілдім де кеттім. Менің сөзімді естіп тұрсыз ба? — Либерман жауап қатпады, құрылыс бастығының

телефон әңгімесіне ойда жоқ жерден киліккеніне ол, тегі сасып қалған болу керек. — Новинскіге тезірек қайтыңыз, мұнда сізді мен куантқалы отырмын: бұл дүниеден сізден басқа тағы бір жабдықтаушы табылды, сонымен қатар өзі ақмақ та, жүлік те емес сыяқты. Аңадағы күтуші денщик ұстазыңыз сізді шатастырған екен.

Либерман Рубежанскіден қайтып келгеннен кейін Батманов жабдықтау ведомствосын дереу екіге бөлді. Василий Максимович жабдықтаушылардың екеуін де шақырып алып, Либерманға Федосовты қайтадан таныстырып айтып:

— Танысып қойыңыздар, енді қоқыстарыңызды да аударып-төңкерістіріп көрейік, — деді.

Учаскелердің қалай қамтамасыз етілгендігін Федосов толық баяндап өтті. Ол өзінің бұрынғы бастығына тигізіп бір ауыз сөз айтпалы, бір рет те оған сілтемеді де, бірақ Федосовтың сөзінің бәрі Либерманды бетке соққандай болып тұрды.

Құрылыста: трубалар, задвижкалар, муфталар, темір пісіру аппараттары, темір пісіруге керекті электродтар, су астымен төселетін кабельдер, сұйық шынылар, битумдер, тағы басқа сол сыяқты жетіспей жатқан материалдар көп еді. Федосов туырлықтай бір ведомостарды алдына жайып ұстап тұр, жеткіліксіз материалдарды санаудың ұшы-қыйырына жететін емес. Федосовтың қолындағы тізімде аталған заттың әрқайсысының өзінше бытысқан тарихы бар-ды. Трубалар, задвижкалар, насос станциясына керекті құрал-жабдықтың бөлшектері сыртқы Сауда Халық Комиссариаты арқылы берілген заказдарға байланысты болатын, сөйтіп, бұл заттарды жуықта ала қоямыз деп есептеуге де болмайтын еді. Кейбір материалдарды соғыстың алғашқы күндерінде оңтүстіктегі заводтар жөнелткен, бұлар жолшыбай жоғалып кеткен. Ал қазір сол заводтардың өздері не шығысқа көшірілген, немесе жана орынға келіп орныққаннан кейін майдан үшін басқа продукция өндіруге кіріскен.

Федосов жағдайдың барлық қыйыншылық сыйпатын көрсете отырып, баяндамасында ешнәрсені жасырмай, ешнәрсенің өнін айналдырмай жасауға тырысты. Ал жабдықтаушының білгісі келгені оның жасаған мәлідемесіне бастықтың қалай қарағандығы еді. Ол бұрқан-талқан болар деп ойлады. Бірақ Василий Максимовичтің өңінен назар аудара тыңдағандық, қатты ойлағандықтың белгісі көрінді. Техникалық жабдықтың шатысқан шаруашылығының жай-күйін ақырында жөндеп білгеніне риза болды. Ол енді жедел қолданылатын шаралар туралы да ойланып қойды.

Тағдыр мен адамдардан жазықсыз жапа көрген кісі сыяқтанып тұрған Либерман, күн күркіреп, өзінің басына жайдың оғы жауатын шығар деп бекерге-ақ күтті, өз басын ақтап сөйлемекші сөзін де босқа дайындаған екен. Василий Максимович

секретарын шақырып алып, Федосовтың басшылығы бойынша жаңа бөлім ұйымдастырылатыны туралы қысқаша бұйрықты айтып отырып жаздырды да, оған сол арада қол қойды.

— Тағы бір мәселе, бастық жолдас,— деді Федосов.— Біздің жабдықтау ісінде баланс ортақ, финанс шаруашылығы да бірге. Енді бізді бұл жағынан да екіге бөлсеңіз екен.

Либерманның алғашқы кезде Федосовқа бөгет жасайтындығын алдын-ала сезген Батманов жаңа бөлімді өз алдына жеке балансқа бөліп шығару турасында телефон арқылы жарлық берді.

Бөлімді қазір жеке бөліп шығаруға болмайды, есепті жылдың аяғын күту керек деп бас бухгалтер бұған қарсы болды.— Жалпы айтқанда бұл жөнінде кідіре тұрған тәуір, өйткені мұның өзі бухгалтерлік есептің мүддесіне сай келмейді,— деді ол.

— Оның есесіне құрылыстың мүддесіне сай келеді. Сіздің бухгалтерияңыз басқа нәрсе үшін емес, тек құрылыс үшін ғана өмір сүретіндігін сіздер қашан ұғынар екенсіздер? Мен сіздің есеп-қыйсабыңызды күтіп отырғым келмейді. Бухгалтерлік есебіңізді құбыжық қып көрсетіп, мені шамдандыра берменіз, әйтпесе, мен оны дереу қолға алып мүлде құбыжық етпей тастармын... Барыңыздар, бөлісіңіздер,— деп Батманов жабдықтаушыларға қарады.— Естеріңізде болсын: ешқандай кикілжің мен егеске жол берілмесін. Бір-біріңді сүймей, өзара жиіркеніш және басқа драмалық сезімдер білдірулеріне болады, бірақ жұмыс үстінде бір-біріне көмек көрсетіп, достық жасап, іс үшін пайдалы болса тіпті сүйісіп те жіберуге міндеттісіңіздер. Егерде болымсыз таластарыңызды естісем, құдай жазбасын, онда өз обалдарыңыз өздеріңізге!

Либерманның қонқақ мұрынды, тұнжыр көзді, табзқтай қалың беті біреуді кекеп, тәкаппарсінген пішінді білдірді. Оның мұнысы Федосовты қоя беріп, Либерманды алып қалуға Василий Максимовичті мәжбүр етті.

— Үйіңіздегі мен көрген қоқыс үшін сізге сыбағаңызды мықтап тұрып беруге лайық еді. Өзіне қажет қорытындыларды өзі шығарар және менің сыпайылық істегенімді өзі де бағалар деп ештеңе дегенен едім. Мен қателесіппін, сіз қорытынды шығармапсыз, менің сыпайылығыма ешқандай баға бермепсіз, осының бәрі қазіргі кескініңізден-ақ көрініп тұр. Сізге қараймын да қайран боламын: өзіңіз неткен адамсыз, Либерман? Сізді жау деп санауға болмайды. Бірақ, сіз әзір жәрдемші де емессіз. Сіздің жұмысыңыздың бәрі теріске бет бұрған. Кеше адам емес сыяқтысыз, бірақ ақмақтығыңыз бықып жатыр. Тегі өз жайыңызды ойлағаныңыз жөн болар, айтпегенде қайтып шыға алмастай тереңге батып кетіп жүрерсіз. Қазір соғыс кезі ғой.

— Ең дұрысы мені құрылыстан босатыңыз! Мен жұмысқа жарамаймын, жұмыс істеуден тосырқап қалыппын,— деді Либерман момақансып, бірақ бұл сөзді ол шын ниетімен айтқан жоқ.

— Қойыңыз, Либерман, орынсыз спектакль жасаманыз. Менің сізден тілейтінім адалдық пен әділдік, турашылдық. Қашан да болсын өз қалпыңызда болыңыз, екіжүзділікке бармаңыз, нені болса да дәл, сол күйінде айтыңыз. Бұдан былай үйіңізде жаңадан қоқыс шығудан өзімді қауіпсіз етуді қатты талап етемін. Сіздің үйіңіз, менің де үйім, солай емес пе? Ендеше ол үйді күтіп, айта қалғандай таза ұстау керек.

— Күні-түні жұмыс істеймін, бар күшімді салып тырысамын. Шешетайым-ау! Сонда да мен жақсы емеспін...

— Жұмыс әдісін өзгертіп көріңіз! Есіңізде бар ма, біз анада сізбен жұмыс әдісі жөнінде сөйлескен едік қой? Амал не, соны қайталауға тура келіп отыр. Бұдан былай қайталап айту болмайтынын күні бұрын ескертемін.

Батманов жауап күтіп үндемей қалды. Либерман оған қырын карап тұр.

— Жақын адамдары жазып алған Лев Толстойдың сөздерін оқығаныңыз бар ма? — деп бастық тосын сұрақ қойды.

— Есімде бар, оқыған шығармын,— деп Либерман таңданып, әрі күдіктене жауап берді.

— Оның бір айтқан сөзін есіңізге салайын. Дәл сіздің оны жадыңызда сақтағаныңыз жөн болар. Адам бөлшек (дробь) сыяқты,— дейді екен Лев Николаевич, сол бөлшектің алымы (числитель) — адамның ақықат өзі де, бөлшектің бөлімі (знаменатель) — сол адамның өзі жөніндегі пікірі, ойша жоруы. Бөлім неғұрлым көп болса, бөлшек солғұрлым аз болады. Егерде бөлім шексіз көп болса, онда бөлшек нольге тең. Шынында жақсы айтылған сөз емес пе?

Либерман тіл қатқан жоқ. Оның тік қыркылған жирен шашты еңкейіп тұрған басы мен жуан мойынында өгіз қыңырлықтың белгісі білініп тұрды.

— Біреу өзіңізге, ұнамсыз да болса, әділетті сөз айтып тұрғанда, ол адамның бетіне тура карауды әдет етіңіз! — деп Батманов даусын сәл көтере сөйледі.— Толстойдың әлгі формуласы бойынша сіздің нольге айналып кетуіңіз ықтимал,— деп Василий Максимович саусағымен нольді ишараттап қойды.— Ақылға салып ойлану үшін сізге біраз уақыт мұрсатана беремін. Екеуіміз не келісеміз немесе мен сізді ең кіші экспедитор етіп Федосовка беремін.

Құрылыс бастығы осы сөзден кейін біраз уақыт Либерманды мазалаған жоқ, өйткені ол өз сөзінің күшін білетін еді.

Батманов Федосовтың шаруашылығын тәртіпке салу ісіне бар жігерін сала кірісті. Ол жаңа бөлімнің әрбір қызметкері-

мен өзі жүріп танысты, бөлім коллективінің алғашқы мәжілісіне де қатнасты.

Федосовпен екеуі жүріп орталық базаның есік-тесігіне дейін қалдырмай түгел аралап шықты, складтардағы бұйымдарды тексерді, қысқы жолмен трассаға жөнелтілетін жүктердің жіберілетін кезегін белгіледі.

Батмановтың өзі барып пристаньға таяу жерден жүк түсіріп қоятын базаның орнын белгіледі; Адунның жағасынан басы-аяғы үш күннің ішінде шатырдан тігілген поселке де пайда болды, бұған Старт деген ат қойылды. Адун бойымен жүретін болашақ мұз жолдың бір шеті осыдан басталды. Нефтепровод та осы арадан басталды деп есептеуге болатын-ды.

Сонымен бірге құрылыс бастығы Қыйыр-Шығыстың, Сибирьдің және Оралдың барлық ірі қалаларына жеткіліксіз материалдар мен құрал-сайман іздестіріп қайту үшін жөн білетін адамдар жібермекші болды. Бұл өкілдерді Батманов Залкиндпен бірге отырып іріктеп алды.

Парторгтың жұмысы да басынан асып кетті. Ол ноябрь мейрамына дейін өткізілуге тиісті партия конференциясына бар ынтасын сала әзірленді. Трассаның бүкіл бойына бытырап, әлі күнге бір-бірімен байланыса алмаған, ең ақыры телефон проводтары да жүргізілмеген трасса адамдарының қамын ойлап мазасыздана берді. Конференция арқылы Залкинд қалайда құрылысшылардың бәрінің басын қоспақ болды. Учаскелердегі партия басшыларымен жақындасып танысу, солар арқылы трассаның жай-күйін білумен бірге құрылысшыларға тағы да солар арқылы алда тұрған міндеттерді түсіндірудің ерекше зор маңызы болды. Құрылыста көп тиражды газет шығаруға Москвадан рұқсат келді. Залкинд бұған қатты қуанды, редакцияны лезде құрастырды, қаладан барып, екі газет қызметкерін алып келді. Ол парторгтың кабинетіне уақытша орналасып, бірден газеттің тұңғыш номерін шығаруға кірісті.

Басқармада партия жыйылысы болып, жаңа бюро сайланды. Оның құрамына Залкинд пен Батмановтан басқа Ковшов, Филимонов, Гречкин және газет редакторы Пушин кірді. Парторгтың инициативасы бойынша, оның ізінше комсомолдың активы жыйналды. Комсомолецтер құрылыс басшылығына өз тілектерін қойды. Кең иықты, өткір жүзді, асықпай қыймылдайтын пысық жігіт, байланыс технигі Коля Смирнов сол мәжілісте мағналы, әрі ұғымды сөз сөйлеп, Залкинд пен Батмановқа бұрылып күйінгендей пішінмен былай деді:

— Қазір біз белсенді емес, керенаумыз. Осындай кезеңде, басшылардың алысты болжай алмауы салдарынан іске үстірт қатнасып келгенімізді айту қандай күйінішті. Босқа өткен уақыттың есесін енді толтыруымыз керек. Бізді тезірек жұмысқа

жегіңіздер. Қазірдің өзінде де жұмысымыз бар, бірақ бұл жұмыс бізге аз.

Парторгтың тілегеніне сай, Коля Смирнов басқарманың комсомол комитетінің секретары болып бір ауыздан сайланды. Профсоюз ұйымы да өзін таныта білді. Профсоюз мүшелері жалпы жыйналысында Гречкинді бастық етіп профком сайлады. Бөлімдерде, күн сайын жұмыс басталар алдында, саяси информация өткізіле бастады... Басқарманың вестибюліне¹ бөлімдердің социалистік жарысқа түсіп мейрам алдында алған міндеттемелері көрсетілетін витрина — үлкен тақта ілініп қойылды. Гречкин енді ешкімге тыныштық бермес деп басқармашылар қалжындап жүрді.

Осының бәрін істей жүріп, Залкинд Батмановты да есінен шығармай оған жәрдемдесуге де уақыт табатын. Василий Максимович парторгтың шаруашылық мұқтаждарына ерекше көңіл бөліп, өзіне қамқорлық көрсеткенін сан рет ішіне түйіп жүрді. Өлкелік партия комитетінің рұқсатымен Залкинд горкомның бірінші секретарьлық міндетін уақытша екінші секретарьға жүктеп, өзі босана тұратын болды. Мұнымен қатар ол құрылысқа пайдасы тиетін жерлерде кейде өзінің секретарьлық праволарын еске түсіріп отырды.

Новинск заводтарының директорларына Батмановты Беридзе мен Федосовты Залкиндтің өзі тіленіп ертіп бармақшы болды. Бұл жолығудың мақсаты шаруашылық жұмыстарын басқаратын адамдардың арасындағы джентельмендік қарым-қатнасты жөнге қою және өзара көмек көрсету еді. Батманов қалалық өндіріс орындарының басшыларымен келісімге келіп, өзіне жетпей жатқан құрал-саймандарды жасату және олардан ондай-мұндай материалдар алуға үміттенді. Ең бірінші заводтың өзінде-ақ Залкиндтің босқа еріп келмегендігіне көзі жетті.

Заводтың директоры Терехов деген жасы отыздар шамасында, ұзын бойлы, қуаң жүзді жігіт бұларды жылы жүзбен қарсы алды, бірақ Залкинд келген мақсаттарының жайын айта бастағанда-ақ, ол сұрақ қойды:

— Еңалдымен, анықтап алғым келеді: мен көріп отырған Залкинд жолдас — горком секретары ма, немесе құрылыстың парторгі ма?

— Екеуі де, — деп жауап берді. — Парторг Залкинд сізден құрылысқа көмек сұрайды. Горком секретары Залкинд заводтың мүмкіншіліктерін өте жақсы білгендіктен, сол завод басшыларының құрылыс мұқтаждарына мемлекеттік және партиялық тұрғыдан қарауына тырысады.

Залкинд езу тартып үлгіргенше, Терехов екі қолын бірдей көтеріп:

¹ Вестибюль — үй алды.

— Жеңілдім! Электродтар жасауға заказ қабылдаймын. Темір пісіретін екі аппарат беремін. Бар металымды бөліп берейін. Ал қалған өтініштеріңіз турасында ойланайын, главканың бастықтарымен кеңесейін,— деді.

Қонақтарды шығарып салып, Терехов былай деп қалжыңдады:

— Әрдайым осылай: Михаил Борисович пен жай әңгімелесіп отырғаның да — сүйкімді әрі көңілді, кетер кезінде қарасаң — төбеңнен үйіп жүк артып кеткенін көресін:

Қаланы аралауға екі күн кетті. Басқа заводтарда да Батмановты жақсы қарсы алды, өндіріс орындарының директорлары оған қатты ұнады, олардың кейбіреулері Батмановтың бұрын осы өлкеде істегендігін әлі ұмытпаған екен. Батманов қаланың құрылысқа соншалық көңіл бөлетіндігін әбден байқады.

— Егер бұлар берген уәделерінің тең жартысын орындағанның өзінде де оларға мың да бір рахмет,— деді өзінің осы барғанына риза болған Батманов.

— Бұлар берген уәдесінен асыра істейді,— деп Михаил Борисович сендіре сөйледі.— Олар қашан болса да берген уәделерінен асыра орындайды.

Адамдар жайы да құрылыс басшыларының мазасын кетірді. Беридзе мен Гречкиннің есебіне қарағанда, жұмысшы саны, ең кем дегенде, екі есе көбейтілуге тиіс. Учаскелерде балташылар, шоферлар, темір пісірушілер, байланысшылар, қарапайым жұмысшылар жетпей жатты. Қыс айларына белгіленген жоспарлардың орындалмай қалуы ықтимал. Батыстан басталған эвакуация¹ толқыны мұнда келіп жетпеген еді. Амал біреу ғана болатын: тіпті бейбітшілік уақыттың өзінде де осы өлке кадрге мұқтаж болып келсе де, керекті адамдарды енді осы өлкенің өзінен іздеп табу. Жұмысшы күші жөніндегі мәселені шешу үшін Батманов пен Залкинд екеуі Рубежанскіге баруға ұйғарды.

Қысқы жұмыстарға дайындық техникалық жаңа ұйғарынды табылу-табылмауына қарамастан-ақ өз бетімен жүріп жатты.

— Диспетчерлік кезекті мәжлістен кейін құрылыс бастығынан шығып келе жатып, Ковшов Беридзеге:

— Батмановтың өзі біз оған жаңа жобаны табакқа салып әкеп алдына тартып отырғандай, немесе бізге бәрі түп-түгел белгілідей сөйлейді ғой — деді, бір нәрсеге абыржығандай болып.

¹ Э в а к у а ц и я — соғыс кезінде қауіпсіз жаққа көшу.

— Достым, Алеша, ол бізге сенеді ғой,— деді Беридзе.— Ал оның үстіне, ол бұрын әрі айлакер, әрі майталман дипломат адам болғандықтан, сенімен мен сыяктанғандарға беделін қалай жүргізуді де біледі. Тілесен-тілемесен де, әйтеуір, қазіргі сезгенім: біздің мойнымыздағы борышымыз күннен күнге көбейіп келеді, жалпы айтқанда бәріне бір біз кіналымыз, керек десе, болмашы бірдеңе болса құрылысқа бөгет бола бастаймыз. Дұрыс емес дей аласың ба?

— Дұрыс. Мен адамдарымды жыйнап, біраз шыйратып алайын деп едім, сен осы ойымның дәл үстінен шықтың.

Шынында техникалық жаңа ұйғарындыны іздестіру жұмысы аяқталуға әлі көп бар еді. Совет инженерлері ондаған жылдар бойында Қыйыр-Шығыста темір жолдар, көпірлер, күрделі өнеркәсіп орындарын салу жөнінде көптеген тәжірибелерге ие болды, мәңгі-бақый қатып жататын жерлерді зерттеп, олардың көп сырларын ашты. Бірақ әлі күнге дейін бұл арада нефтепровод салынып көрген жоқ.

Әдетте әрбір құрылыс салынар алдынан жай-жағдайды жетте зерттеу, алдын ала барлау және тәжірибе жұмыстары жүргізіліп отырады. Осының бәрі әсіресе нефтепровод төсеу сыяқты жаңа іс үшін өте қажет еді. Грубский, Тополев және олардың көмекшілерінің істеген жұмыстары олардың қорытындылары мен мәселе шешуі тұрғысынан мақсатқа жауап бере алмады, оны пайдалана отырып, басқа бірден-бір дұрыс техникалық концепция іздеуге тек материал ғана бола алды.

Ұзақ дайындалуға уақыт қалған жоқ. Аппаратты қайта құру, зерттеу және жоба жасау ісімен шұғылдану, учаскелерге іс жүзінде басшылық көрсету сыяқты жұмыстардың бәрін Беридзенің бір өзіне қатарынан жүргізуге тура келді. Ол өндірістік-техникалық бөлімді қайтадан ұйымдастырды, бұл бөлімнің ішінен өндіріс салаларына қарай бірнеше бөлімшелер құрып, жоба жасаушыларды жеке бір үлкен топқа бөлді, бұған жоба жасау жұмысымен таныс мамандардың бәрін түгел енгізді. Бөлімнің басшылығына Ковшовты, оның орынбасарлығына Тополевті қойды. Енді бөлімнің басшылығында көп үміт күтерлік жас инженердің қайраты мен батылдығы, қарт маманның тәжірибесі мен байыптылығы үйлес келгендіктен, Батманов пен Беридзе осыдан үлкен нәтиже туады деген қорытындыға келді.

Жаңа бөлім дереу жұмысқа кірісті, бас инженер Алексей мен оның адамдарына тапсырма дегенді үйіп тастады. Беридзенің идеялары бірінен соң бірі тез тұлды және соншалық тосын, әрі батыл көрінуі сондай, тіпті көпті көрді деген инженерлердің өздерін де қатты ойға қалдырды. Төбелеріне қардай жауған ұсыныстар, бұларды кейде күдіктендіріп, кейде қайран қалдырып та отырды.

Мұзды жол арқылы автомашиналар, тракторлар және аттармен жүк тасу жұмыстарын ұйымдастыру жобасын жасау жөніндегі Беридзенің нұсқауын бұлар едәуір оңай қабылдады. Георгий Давыдович қатқан Адун үстімен салынатын бұл жолды қатаң графикпен жүріп отыратын темір жол сыяқты қуатты магистраль болады деп ойлады. Алексей, бұл тапсырманы ойға салып көрді дағы, оны кеңейтілген күйінде жоба жасаушыларға берді. Олар да мұз үстінен жүретін жолға байланысты істердің бәрін мұзды жолды өркеш-өркеш болып қатқан сендерден арылту, қар басқындарымен күресу амалдарын да, трубалар, локомобильдер, жабдық бөлшектері сыяқты рабайсыз ірі жүктерді тасуға бейімдеуді де ойдағыдай жасап шықты.

Беридзенің «барьерлі жерлер» жөніндегі жобаны қайта жасау турасындағы жарлығы күдікпен қарсы алынды, құрылыстың өзенді және перекачкалық станциялары арқылы кесіп өтетін өте-мөте қыйын әрі күрделі объектілерін осылай деп атайтын. Маңызы онша емес құрылыстардың есебіне Беридзе жұмыс көлемін барынша қысқартуды талап етті.

Бірақ міне, бас инженер трассаның бүкіл құрғақ учаскесіндегі бағытын кенет өзгертіп, өзеннің оң жағасынан сол жағасына шығаруға тапсырды. Бұл идея жоба жасаушыларға теріс әрі жүзеге асырылмайтындай болып көрінді. Рас, трасса жолының екінші жағаға шығарылуы, оны түзеп, нефтепроводтың ұзын тұрқын қысқартып, өзеннің оң жағасындағы шұбатылып жатқан дөңестерге соқпай өтуге мүмкіншілік беретін еді. Алайда бұрын жүргізіліп қойған зерттеулер бұл вариантты мүлде жаратпай тастаған, өйткені су тасығанда өзеннің сол жағасын су басып кететіндігі айқындалған болатын. Мұның үстіне трассаны өзеннің сол жағасына шығару — оң жағада бұрын істеліп қойған жұмыстарды тастап, екінші жағадан жаңадан учаскелер салу деген сөз.

Бұл елдің бәрін қыйнады. «Өзі шаш ал десең, бас алатын біреу ғой», — деп күңкілдесті бөлімдегілер. Жоба жасаушылар тобының басшысы Кобзев үнемі шашы дудардай болып жүретін, болжыр бет, инабатты, еңбек сүйгіш инженер болатын — ол Алексейді (өзіне дұрыс көзбен қарайтындығын бірден-ақ сезгенді) алдын ала сақтандырғандай болып:

— Байқаңыз, Алексей Николаевич, ол бізді шым-шытырық, шытырманның ішіне сүңгітіп жүрмесін. Бағынғанның жөні осы екен деп көпе-көрінеу аяқсыз қалатын жұмысты істегенше, онымен дауласып жөнге келтіріп түсіндірген жақсы ғой.

Кобзев болсын, ескі жобаны жасауға қатнаскандардың басқалары болсын, өздерінің қайтсе де Беридзеге жәрдемдесуге тиісті екендіктерін, сөйтіп, нефтепроводты бір жылда салып бітіру жолын табу керек екендіктерін әлі де жете ұғынған жоқ еді. Бұларға Беридзе ұрдым-жықтым, қалай болса солай

әрекет жасайтын адам болып көрінді. Беридзенің айтқанын амалсыздан орындап, тап біздер сыяқты, жағдайдың құрбаны болып жүрген адам ғой деп, Алексейге олардың өздерінше жандары ашып жүрді.

Алексей біріне-бірі карама-қарсы бағытталған екі күштің түйіскен жерінде тұрған тәрізді болды. Ол Беридзенің нағыз сенген адамы, оның жарлығын бірінші орындаушысы болды. Екінші жағынан ол, Грубскийдің ықпалынан әлі шыға қоймаған адамдарға тікелей басшылық етіп жүр. Бөлімнің жас бастығы Беридзенің ұсынысы дұрыс екендігіне адамдарды бірте-бірте сендіруге тырысты және өзі бас инженерге шексіз сенетіндігін олардың көкейіне қондыру үшін әрбір дәлелді пайдаланып отырды. Оп-оңай туа қалған деп саналатын, Беридзенің осы техникалық идеясының аржағында қандай мән жатқандығын Ковшов, әрине, жақсы білетін еді. Бас инженер жаңалық ашу, өнер табу және барды жетілдіре түсу сыяқтылардың бәрі қажет болып, онсыз іс істеуге болмай қалған кезде барып жаңалық туғызатын адамдардың әулетінен еді. Беридзе бар назарын ең маңызды деген бір мәселеге қатты аударуға қабілеті бар, тәуекел мен жауапкершіліктен қорықпайтын, тамаша теориялық білімі мол, тәжірибесі бар адам. Ол үнемі бір құрылысты бітіріп, екінші құрылысты бастаумен шұғылданып келеді. Егер де күндерде бір күн Беридзенің инженерлік қызметінде ең бастысы не екенін анықтауға әрекет жасалса, онда оның қызметіндегі ең бастысы: сан-алуан қыйыншылық жағдайлардан шығудың жолын іздеу, содан шығу жолдарын үнемі тауып отыру екендігі айқындалған болар еді.

Трассаның жолын сол жағаға көшіру жөніндегі пікір кездейсоқтан немесе жоғарыдан айтылған жарлық емес. Істің сәті түсуі құрылыс мерзімін үш есе қысқартудың әдістерін табуға байланысты екендігін, ол өзінің жаңа қызметін қабылдап алғанда, тіпті Москвада жүргенінің өзінде-ақ түсінген болатын. Содан бері ол тек осының жайын ғана ойлайтын. Осы жолды қалай да іздеп табу керек деген міндет, оның алдына бұрын да сан рет қойылған-ды. Беридзе Адунды жақсы білетін, білгенде географиялық карта бойынша емес, бұдан бірнеше жыл бұрын өзі де қатнасқан зерттеулер арқылы білетін. Нефтепроводты төсеу үшін, барлық жағынан жарамсыз делінген оң жағаның таңдап алынғандығын білгенде, ол бірден-ақ таңданған еді. Сол жақ жағаның қандайлық артықшылықтары барын жоғарыдан мөлшерлеп білу үшін, ол Алексеймен бірге самолетке отырып аспанға ұшты. Ескі жобаның көшірме материалын әбден назар аударып зерттеп, оның көзі жеткені: зерттеушілер трассаның сол жағамен салынсын деген вариантын ұсынған, бірақ өзен тасығанда сол жағаның учаскелерін су басып кетеді деп Грубский оны мақұлдамай тастаған. «Шетелдерде ондаған нефтепровод-

тар салынған, ал, бізде жаңа іс. Сөйтіп беделді адамдар бұлайша салуға болмайды деп отырса, олардың сөзіне сену керек, олар бізден артық біледі»,— деп есептеп, Грубский зерттеу ісін оң жағаға шығарған көрінеді.

Ең құрметті деген беделдердің өзіне де көз жұмып сене беруге жаңа келген бас инженер әлі әдеттенбеген еді. Грубский мақұлдамай тастаған трасса варианты зор үміт күттіретін, сондықтан қолды оп-оңай бір-ақ сілтеуге болмайтын. Сол жағаны су басқаннан туатын қауіп шынында да сондайлық зор ма екен, осыны Беридзенің өзі әбден тексеріп білгісі келеді. Егерде судың жайылу қаупі анық болған күннің өзінде де, Георгий Давыдович су жайылатын жерлерге нефтепровод төсеуге тыйым салудың өзіне күдіктенбекші болып, күні бұрын ойла-нып қойды.

Трассаның құрғақта жүргізілетін жаңа бағыты туралы ұйғарындының қандайлық терең ой жұмсалып барып, табылғандығын ешкім, керек десе, Алексей де сезген жоқ... Екі-үш, тіпті төрт қайтара самолетпен ұшып, самолетті Адунның үстімен әлде неше сағаттар бойы айналдыра ұшқызып, Беридзе пилоттың мазасын да алды... Есікті жауып алып, көп уақытын кабинетте өткізді, өзінің тапсырмасы бойынша түсірген жаңа оэро-фотосъемка материалдарды, және Грубскийдің зерттеушілері жасаған ескі материалдарды, жергілікті жердің инструментальді съемкаларымен жасалған картаны төзімділікпен қарап отыратын болды. Ол үйде болған уақытта үн-түн жоқ, түні бойы, бөлмеде жүре береді немесе қара сакалын шошайтып, диванда қозғалмастан жататын да қоятын. Үздіксіз тартылған шылымның түтінінен үйдің іші көк-буалдыр болып кететін.

Трассаны екінші жаққа ауыстыру жөніндегі бас инженердің ұйғарымын бірінші болып есіткендер: Алексей, Батманов және Залкинд болды. Мұның өзі, былайша алып қарағанда, ойламаған жерден шыққан көптеген участкелердің бұзылуын керек ететін, қауіпті нәрсе бола тұрса да, құрылыс бастығы мен парторг Беридзенің бұл идеясын мақұл көрді. Беридзенің осы ұсынысының қандай ұтымды жерлері бар екендігін түсініп алғаннан кейін, Алексей тіпті қатты қуанып кетті. Бас инженерге өзінің жәрдемшісін ептеп басыңқырап қоюына да тура келді.

Беридзе жобаның жаңа вариантын тез жасауға кірісу жөніндегі бұйрықты беріп тұрып, Ковшовқа:

— Сен аса әуестеніп кетпе, қыйыншылықтарға қарай бейімдел,— деді. Жұрттың бәріне тегіс түсінікті болып шыққанға дейін жұмысты көп істеуге тура келеді. Сен әлі менің ұсынысымның кейбіреулерге ұнамай қалғанын да көрерсің...

Осымай болып та шықты. Аздап тауаны қайтып қалғандай, Ковшов келесі күні Беридзеге жоба жасаушылардың жаңа

бұйрықты сақтықпен қарсы алғандығын айтты. Алексей бас инженердің бұл жөнінде жұртпен сөйлесуін өтінді.

— Сөйлесуге болады, достым Алёша,— деді Беридзе. Бірақ қалай сөйлессең де ол сөзбен қызу жұмыстың орнын толтыра алмайсың. Біз адамдарды іспен көңілдендіріп тартамыз. Олар жоба жасауға күні-түні еңбек сіңіре берсін, ал сенің Кобзевің, оның соңынан басқалары да еріп, біздің ең сенімді деген жақтаушыларымыз болып шығатынына, бәс тігемін.

Грубский мен Тополев осы әбігершіліктердің бәрінен бой тартып оқшау жүрді. Тополев мүлде көрінбей, одан ешқандай үн естілмей қойды. Ол күні бойы кабинетте отыра берді. Алексей онымен жақындасайын деп көріп еді, бірақ онысынан ештеме шықпаған соң қолайы келгенше қарттың мазасын алмайын деген ұйғарындыға келді. Грубский құрылыс бастығының референті ретінде Батмановтың айтқан тапсырмаларын екі қылмай орындап жүрді, бірақ ешнәрсеге белсене араласқан жоқ. Беридзе мен Ковшовтың тырысып жүргендерін байқап, келекелеп күліп, оларды «Америка ашушылар» деп атады.

Беридзенің соңғы ұсынысы турасында естігеннен кейін, бұрынғы бас инженер, Кобзев тобынан өзіне ақылдасқалы келген жоба жасаушыларға Беридзені табалай сөйлеп:

— Бұл қара сақал сіздерді түп-тура сот мәжлісінің залына апарғалы жүр. Менің сотталушылар тобына қосылғым келмейді, сол себепті мен оның және онымен бірге сіздердің сөзсіз апатқа ұшырағандарыңызды жайыммен тыныш қарап отыру позициясында қаламын.

Бірақ, ол жайымен қарап отыра беру тактикасының шеңберінен шықпай отыра алмады. Жоба жөнінде Ковшовқа нұсқаулар берумен қатар Беридзе оң жағадағы кейбір учаскелерде жұмысты тоқтатып, оларды сол жағаға көшіру керек деп жарлық берді дегенді айтты бұған. Екі күнге Рубежанскіге ұшып кеткен Батмановтың қайтып келгенін күткен Грубский құрылыс бастығының алдында қылмысты, теріс әрекет жасап жүр деп Беридзені айыптады.

Ол даурыға сөйлеп:

— Сіздің жобаныз жоғарғы орындарда әлі бекітілген жоқ. Оның үстіне, жобаңыз әлі даяр да емес. Сіздің асығыс берілген жарлықтарыңызды алды-артына карамаған жеңілтектіктің нәтижесі деп қана түсіндіруге болады. Өзіңіз осы жарлықтарыңыздың мағнасын ашып айтыңызшы?

— Сіз прокурор емессіз, мен де сіздің алдыңызда басымды қорғайтын сөз сөйлейін деп тұрғаным жоқ,— деді Беридзе кіжініп тұрған кішкене адамға.

Грубский Батмановқа қарап:

— Беридзенің директиваларын бұзыңыз. Олары қате, түбі кесірлі апатқа соқтыратын нәрсе. Сіз құрылыс бастығы бол-

ғандықтан, оның ұшқалақтығы салдарынан басыңызға пәле тілеп алуыңыз мүмкін,— деді.

Грубскийдің қарсы болатындығын алдын ала сезген Батманов, осыған іштей әзірленіп жүрегін-ді. Қазір ол Грубскийге тойтарыс беріп, өз орнына отырғызу керек, сонымен қатар, Беридзені де әбден шындап, оның басында қандай жауапкершілік жатқандығын сезетін ету қажет деп ұйғарды. Бұрынғы бас инженер мен жаңа бас инженердің арасындағы қызу таласты сабырмен тыңдап отырды да Батманов мықтап тұрып:

— Мен бас инженерді қамқорлығыма алайын деп отырған жоқпын,— деді. Құрылысқа мен қандай қожа болсам, ол да сондай қожа. Мейлі ол өзіне берілген праволар мен мойнына жүктелген жауапкершіліктің көлемінде жарлық бере берсін. Ал менің басыма келетін болсақ, сіз қайғырмай-ақ қойыңыз, ол бас өз орнына нық біткен бас.

Грубский сасып қалды. Өйткені ол бастықтан басқа нәрсе күткен еді.

— Мен сізге алдын ала ескертуге міндетті едім. Енді маған болып жатқанның бәріне көзді жұмып отыра беру ғана қалады,— деп ренжіген әуенмен сөйледі де, шын жәбірленіп, Батмановтың кабинетінен шығып кетті.

Сегізінші тарау

ТРАССАНЫҢ ЕЛШІСІ

Алты күн жүріп, жетінші күні Таня Васильченко шаңғымен Новинскіге келді. Үстіне жылы қоңыр костюм, басына тоқымалы қызыл шапке киген, арқасына таңып алған телогрейкасы мен қапшығына қарағанда ол бірнеше километр жерге шаңғымен жорыққа шыққандарға ұқсайды. Бұл үшін тек омырауынан көлденең тартылған эмблемалы лентасы мен номері ғана жетпей тұр.

Бұл қызды Старттан Батманов пен Залкинд және Беридзе көрді. Адунның көз жетпейтін мыйдай даласында кішкентай ғана қарайып көрінген адам бейнесі кейде жоғалып кетіп, кейде қайта көріне бастаушы еді. Басқармадағылар соңғы күндері өзеннің дәл тоқтайтын кезін өткізіп алмауға тырысуда болды. Бөлімдегілер Адунның тоқтаған я тоқтамағанына таласып, бәс тігісіп, қол соғысып, әлсін-әлі терезе жакка жүгіріп немесе өзеннің жағасына барып келіп жүр. Адун мүлде қозғалмай тұрған сыяқтанады, бірақ өзеннің мұз басқан үсті жатқан бір алыптай болып, анда-санда күтірлеп қозғалып қояды.

Ақырын, Адун да тоқтады, және дәл осы тоқтаған кезді ешкім сезбей қалды. Оның алып күші өркеш-өркеш сең болып сіресіп қатты да қалды.

...Буда-буда болып өзеннің үстінде төніп тұрған тұманның қалдықтары ыдырай бастады. Қысқы салқын күн жарық шұғыласын түсіріп тұр. Ана жерде бір, мына жерде бір үйме-жүйме болып жатқан сендердің арасынан күн шұғыласы гауһар тастың сәулесіндей жарқырайды. Өзеннің жағасындағы қырау басқан бұталар қызғылт тартқан маржанға ұқсайды.

Батманов, Беридзе және Залкиндтер катқан өзенге келіп түсті. Аяқтары тайғанап, мұздың кедір-бұдырына сүрініп, сендердің арасынан жүру қыйын болды. Өзен бойын қуалай соққан жел, қарлы борасын көтеріп, ызғары бет тызылдатады. Құрылыс бастығы адамдар жол тазартуға шығарылсын, мұз үстіне трактор жіберілсін деп бұйрық берді. Әлгі шаңғышы әйелдің бейнесі енді таяу жерден, жападан жалғыз болып тағы да көрінді.

— Адуидағы Қызыл қалпақты қыз,— деп күлді Беридзе.— Бұл жан иесі қайдан келеді және қайда кезіп барады екен? — деді.

Стартқа жетпей-ақ, Таня Васильченко аяғындағы шаңғыларын шешіп алып, иығына салды да, жарқабақ жағаға қарай шықты. Ол біраз аялдап дем алып бойын жөндеп алатын жер іздеді. Қыз поселкеде басқарма жанындағы екі пәтерлі үйдің біріне қарай тартты. Бұл үйде оның жақын досы, дәрігер Ольга Родионова тұратын-ды. Есік қағып еді, ешкім үндемеді. Таня есік алдында біраз тұрып, шаңғыларын есікке сүйеді дағы, қалың қарлы тапталған сүрлеумен басқармаға қарай кетті.

Өзінің екінші бір танысы, экономист болып істейтін Женя Козлованы іздеп коридорда көп жүрді. Женя бұрынғы орнында жоқ екен, мұндағының бәрі бұрынғыдай емес, басқаша болып кетіпті, бұрынғы таныс бөлмелерде басқа адамдар отыр.

— Елдің бәрін бір орыннан екінші орынға аударыстыру, жаңа бастық үшін, тегі бір зор үміт күтерліктей бастама болып көрінген ғой. Бұл басқарма емес, Крыловтың мысалы,— деп Таня бұрқылдап жүр.

Женяны ол төртінші этаждан барып тапты. Козлова кішкене бір бөлмеде жөнсіз үлкен столдың қасында, басқа бір экономистпен бірге машинаға басылған таблицаларды оқып тексеріп отыр екен. Таня ойда жоқ жерде кіріп келгенде Женя қуанғанынан айғайлап жіберіп қарсы алды.

Екеуінің бірін-бірі сүйіскеніне, қайта-қайта құшақтасып амандасқанына және біріне-бірі тамашалап қарасқанына кем дегенде жарты сағат уақыт кетті. Олардың өстіп тұрғанына қарап отырудан жаңағы қызметкер жалықты да, қарандашпен стол үстіндегі шыныны тық-тық еткізіп:

— Таблицаларымызды тағы тексере бермейміз бе? — деді. Женя қолын сермеп жіберіп: бөлім бастығы Гречкин ақылынан адасқан болар, күні-түні жаза береді, жоспарды қайта-

қайта түзетеді, еңбек жөніндегі есептерді бес мәртебе қайта жасатты, тіпті дем алдырмайды деп наразылық білдірді. Мұнымен қатар, ол өзі профсоюздың бастығы, ал бұдан кейін одан әрі беймаза болып кетті. Оның айтқанын растағандай телефон шымдыр ете қалды. Женяға экономист салмақпен қарап қойып, біреуге:

— Соңғы таблицаны тексеріп жатырмыз. Тез бітіреміз,— деді.

Женя столдың қасына жетіп барды да, қайтадан Таняның жанына жүгіріп келді.

— Мен қазір сенің үйіңе барам,— деп Таня оны тоқтатты. — Ұйқтап көрейін. Кешке әңгімелесерміз.

Женя досының бетінен шөп еткізіп сүйіп алды да, оны шығарып бара жатып:

Біздің тұрған үйіміз суық, жылы оранып жат... Пешті жақсаң да, жақпасаң да бәрібір жел гулеп жылу шығып кетеді. Менің тұрған бөлмем қайта тәуірі ғой, ал инженер Ковшовты ең шеткі бөлмеге апарып енгізіп еді, оның бөлмесінің іші қалпынша қырау. Өзі сүйкімді адам, бірақ тым салмақты. Бұл келгендер үш адам, үшеуі де қызғылықты адамдар. Құрылыс бастығы — тұрған бір кербез, сұлу! Бойшаң, сымбатты келген, өткір көзді адам. Бірақ өзі қатал адам деседі. Бұған қарағанда, бас инженер көңілшек, қайырымды адам. Мен оған бір жолы мәліметтер апарып едім, қара сақалын сыйпап отырып қалжыңдап күле сөйледі. Сақалы дәл мына жерге түседі,— деп Женя қолын белуарына дейін апарып қойды да, Танядан:

— Сен Ольганы көрдің бе? — деп сұрады. Оның үйі жылы, мен жылыну үшін сонда барып жүремін.

Васильченконың ойына түсе қалды да, Родионоваға ауруханаға телефон соқты. Таня август айынан бері басқармаға келмеген болса да, телефоншы қыз оның даусын таный қойды.

— Татьяна Петровна, амансыз ба, сіз біржолата қайтып келдіңіз бе? — деп сұрады. Ол Таняның жауабын күтпей-ақ, телефонды ауруханамен қосты.

Кезектегі сестра Родионоваға барып келгенше Таня күтіп тұрды. Ольганың байыптап сөйлеген, қатал дауысын естіп, Таня жымыйып күлді. Васильченко өзінің кім екенін айтқанда, бұл дауыс өзгеріп, жұмсарып кетті.

Таняның сөзін түгел айтқызбай, Ольга:

— Белгілі, түсінікті,— деді. Шаңғымен соншама жер жүріп келіп, енді шаршағаным жоқ деп назданып тұрсың ғой! Дереву менің үйіме бар да дем ал.

— Сенің меймандос екенің рас, бірақ, есіңде құлып тұр ғой.

— Рас, солай екен-ау! Серафима қалаға барам деп жүрген

еді. Енді не істеу керек?.. Екінші кілт Беридзеде. Ол біздің жана бас инженеріміз, біздің үйге келіп кірген. Соған баршы.

— Мен одан да Женькаға барайын.

— Женькаға барушы болма, оның үйі суық! Сенің жылынуын керек.

Таня телогрейка мен қапшықты Женькаға қалдырып өзі кілтке кетті. Бас инженер орнында болмады. Тарлау келген коридор сыяктанған ұзынша бөлмеде отырған Муза Филипповна маңызданып:

— Басшылардың бәрі Стартта,— деді. Бүгін мұз жолын тазарту жөніндегі жұмыс басталды.

— Сәті түспеуін қарашы,— деп Таня өкініп, не істерін білмегендей болып тұра қалды да, Муза Филипповнаға қарап: — Сіз маған неге қарай бересіз? — деп ұнатпағандай болды.

— Сіз менің Наточка дейтұғын қызыма ұқсайды екенсіз. Эвакуация кезінде жоғалып кетті, іздеп таба алмай жүрмін. Сіз сыяқты сұлу еді. Муза Филипповна пенснэ көзілдірігін саусағымен алып қойғанда, көзілдірік бауына ілініп салбырап тұрды. Муза Филипповнаның көзі шаршаған, мұнды нұрымен қарайды,— мүмкін, менің сол Наточкам сіз боларсыз?

— Мүмкін! Жақсылап қарап көріңіз,— деп Таня оған өзінің әуеніне қарай жауап берді.— Ал бас инженер тез келемін деген жоқ па еді, әзір соны айтыңызшы? Оны күтуге бола ма?

Көзін үлкен ашып, бетін Таняның бетіне таяп, Муза Филипповна:

— Қызым, саған қорқынышты емес пе? — деді ақырын сыбырлап.— Мен қолынан ештеңе келмейтін дәрменсіз қарт адаммын, мүмкін, сондықтан да маған қорқынышты шығар. Сіз сондай сабырлы екенсіз.

Таня мұның не айтып тұрғанын ұқпай:

— Сіз не туралы айтып тұрсыз? Не нәрседен шошындыңыз? — деді.

— Баскармадағылардың айтып жүргеніне қарағанда, жапондар бізге қарсы соғыс ашыпты деседі. Бұл туралы ресми түрде жарияламайтыны неліктен екен. Тайгаға, өзеннің оң жағасынан келіп, жапондардың парашютшілері түсіпті-мыс, оларды қазір іздеп, ұстап алып жүр деседі... Үстіңнен төнген бомба, айғай-шу, жылау-сықтау, осыны түсінесіз бе?

— Түсінбеймін. Алып-қашты өсек сөзді айтып тұрсыз. Жапондар соғыс ашса, оны ресми түрде дереу жариялар еді. Күйгелектенудің керегі жоқ. Әсіресе, бізге, әйелдерге күйгелектенуге болмайды.

— Я, я, дұрыс айтасыз, қызым!

Муза Филипповна Таняға жылы жүзбен қарады, шынында да Таня кей бір ұқсастығымен оның қызын есіне түсірген болуы керек.

— Сіздің келгеніңіз жақсы болды. Сіз келгесін бірден көңілім тыңышталды,— деп әйел сырын айтты.— Неге қорықтым екен. Маңайдың бәрі қайратты, ақылды адамдар, олармен жүргенде ештеңеден қорқуға болмайды. Білесіз бе, мен бұрын тіпті үйдің бөлмесіне сыймай жүруші едім. Мына жатқан Адун. Оған қарасаң жүрегің тұнады, тіпті бір биік таудың басында тұрғандай боласың. Мен үлкен құрылыстар туралы тек кітаптардан ғана оқығанмын. Өмірде осының өзі қандай қызық. Күн сайын, сағат сайын — алысқан күрес. Әлемде біздің Беридзе сыяқты адамдардың бары қандай жақсы десейші, рас емес пе? Сіз оны ертеден білесіз бе? Екеуіңіз бірге қосылсаңыз — қандай ұнасымды қосақ болар едіңіздер!

— Мен оны білмеймін, сіз мұны қайдан шығарып жүрсіз? «Қосақ» дегені несі! Мен онымен танысып, жұмыс жайын сөйлесуге келдім. Мен трассада келген адаммын.

— Трассада келдіңіз бе? Егер де қаласаңыз, мен сізді оның орынбасары Алексей Николаевич Ковшовқа алып барайын, сонымен сөйлесіңіз.

Әйел асыға басып жөнелгенде, Таня да ойлап тұрмастан оның соңынан ере берді. Ковшовты бұлар чертеж тақталары бар столдарға толған үлкен бөлмеден тапты. Биік-биік орындықтардың үстінде инженерлер мен техниктер отыр екен.

Муза Филипповна мұндағы істі қадір тұтып: — Жоба жасаушылар жобаны қайта жасап жатыр. Бұл жұмыс қазір басты міндет қой,— деді.

Столдардың араларынан сығылысып өтіп, екеуі бөлменің бұрышына қарай барды. Столдың үстіне еңкейген, Алексей батырмалармен бекітіліп тасталған чертеж қағазына барлық ынтасын салып қарап жатыр. Столда отырған жоба жасаушылар тобының басшысы Кобзев, дудыраған шашын екі қолымен бірдей ұстап, өздері жасаған чертеж кестесінен көз айырмай қарап отыр.

— Алексей Николаевич, мынау адам трассада сізге келіп тұр. Асығыс жұмысы бар көрінеді,— деді Муза Филипповна маңызданып кетіп бара жатып, Таняға:— Қайтып келіңіз. Бас инженерге емес, жай маған келіңіз,— деп сыбыр ете түсті.

Алексей Таняға бір қарап қойды дағы қайтадан чертежге үнілді. Оның қолы чертеж қағазының үстінде әрлі-берлі жортып, карандашпен ұзақ есеп шығарып жатыр еді. Таня жан жағына қарады. Таныс адамдардың бәрі онымен бас изеп амандасты. Бәрінен таяу Петька Гудкин отыр.— Оны басқармадағылар Петюньчик дейтұғын-ды. Ал машинистка қыздар қалжындап: «қарашы өзін жап-жас болып, осы күннің өзінде-ақ аға техник-чертежник болып жүр» деуші еді. Петька сызғыш ұстап отырған сол қолын оң қолымен қысып, Танямен алыстан амандасты.

Қаншама көп адам отырса да бөлменің ішінде ешқандай дыбыс шықпай, жым-жырт болып отырғанын көріп, Таня ішінен «мынау Ковшов дегеніңнің өзі, қатал адам болуы керек» деп ойлады.

— Бөлмелеріңіздің іші тым қапырық, қараныздаршы, тіпті көк түтін болып кетіпті ғой,— деп, Таня қасақана қатты айтты.

— Форточканы ашып, үйдің ішін жел қақтырындаршы! — деп Ковшов басын көтерместен әмір етті.

Петька орындығын салдыр-гүлдір еткізе түрегеліп барып терезенің алдына шықты.

Ол терезеге шығып тұрып, өзімен қатар отыратын мойнын көк шарфпен ораған, үлбіреген біреуге: — Суық тиеді деп қорқамыз. Қарандаршы, суық тиетін болса, ана тұрған Татьяна-ның екі беті неге нарттай болып тұр.— Форточкадан кірген аяздың ақ буын, ауаның тамашасын қарашы! — деп қолымен, аузымен қармап тұрды.

Таня өзінің бетін ұстап көрсе, жел қаққандықтан ып-ыстық болып тұр екен.

— Үйде көп отыра бермеу керек. Нефтепроводты кабинетте отырып сала алмайсың, ол тыста.— Таня бұл сөзін Алексейге айтып тұрса да, Петька жаққа қарап тұрып сөйледі. Таняның Алексейге тиіскісі келді.

Ковшов ызаланып қарандашты столдың үстіне лақтырып тастады да ұшып түрегелді. Петька өз орнына жылдам барып отырды.

— Сіздің менде асығыс жұмысыңыз бар ма? — Сұрағы сенімсіз-кекесіндеу болып шықты.

— Дұрысында, мен бас инженерді іздеп едім. Секретарь әйел сізге ертіп келді.

— Ендеше, мұнда несіне бекерге шу көтердіңіз? Бас инженердің өзіне барыңыз.

— Менің бағыма қарай сізбен танысуға тура келіп қалған соң, бір сұрақ беруге рұқсат етіңіз.

— Егерде біреу ғана болса, онда беріп көріңіз.

— Сіз онша әдепті көрінбейсіз. Тегі, чертежге қарап әлі құмарыңыз тарқап үлгірмеген көрінесіз. Мен күте тұрайын, әлі де болса сол чертежіңізді тамашалай беріңіз.

Петька аузын алақанымен басып күліп жіберді.

— Жұмысыңызды айтыңыз, бойжеткен. Біз екеуміз би алаңында тұрған жоқпыз ғой.

— Дәл солай. Мен тоғызыншы учаскеден келдім. Біз бас инженерден: негізгі жұмыстарды тоқтатып, өзеннің екінші жағасына көшіндер, деген деректива алдық. Мұның себебі не?

Ковшов бір нәрсені қатты шұғылданып ойлап, басқаға көңіл бөлмей аңырып отыр. Қызға жауап бермей, ол тағы да чертеж-

те қарай үнілді. Ол өзінің көңіліндегі ойын бөлгісі келмеді. Таня иығын қозғап қойды да:

— Қызметкерлеріңіз сіздің ойларыңызды сөзбен айтқызбай-ақ болжап білетін болып дағдыланған шығар, бірақ сіздің ойыңызды мен әлі ұққам жоқ, сондықтан жауабыңызды естігім келеді.

Петька тағы да күліп жіберді. Татьянаға көңіл білдіргендігін сездіріп, қолындағы сыясы кепкен рейсфедерін әрлі-берлі былғақтатып қойды.

— Қымбатты уақытты босқа өткізбей, одан да чертеж сызуға күш сала берейік,— деп Таня оған ептеп ақыл айтып қойды.

— Немене? — деп қайта сұрады Петька, бірақ Ковшов столдан басын көтеріп алды, техник-чертежник сілейіп тұрып қалды.

— Жұмыс тоқтатылсын деп нұсқау берілген екен, оны енді тоқтату керек,— деді Алексей.— Не үшін, себебі не, деп сұрап жатудың қажеті болар ма екен?

— Сұрауға әбден болады! — деді Таня ашуланып.— Біз механизм емес, адамбыз, бізге өзіміз істеп, бітіріп қойған жұмыс қымбат. Аты-жөні жоқ жерден келіп, сол жұмыстың бәрін енді тастау керек дейді. Бұл жұмыстарды тастауда да бір мән бар делік, бірақ соның жөнін біз ұғынуға тиісті емеспіз бе? Сіз, немене, бүкіл құрылыс үшін бір өзіңіз ғана жауап беруге ұйғарғансыз ба?

Алексей кенет жадырап, жымыйып еді, тіпті бір жап-жас жылы шырайлы жігіт бола қалды.

— Шын сөз, жақсы айтылған сөз! Бұл араға қалай жеттіңіз, ержүрек қыз? Менің білуімше, екі ортада жол жоқ сыяқты еді ғой.

Жол іздеген адам табады ғой. Біздің жаққа сіздер жол тауып келеді деп күтуге бола ма?

— Жөн сөз! Жөн сөз! — деді Алексей шын ниетімен.— Сіз, тегі, партия конференциясына келген боларсыз. Біраз ертерек келіпсіз. Есіміңіз кім?

— Васильченко.

— Өз атыңыз бен әкеңіздің аты ше?

— Татьяна Петровна.

— Татьяна Петровна, мен сізге онша-мұнша түсініктер берген болар едім. Бірақ кейбір пікірлер бойынша, сіз әуелі бас инженерге барсаңыз екен деймін. Онымен әңгімелескеннен кейін, қайтсе де маған келіңіз, сіздің учаскенің барлық ісінің жайы туралы ақылдасайық. Бұған қалай қарайсыз?

Татьянаны коридорда Петька қуып жетті.

— Татьяна кел, тағы да бір қайтара амандасайық. Сен дер

кезінде келдін. Бізде мұнда тамаша істер жасалып жатыр! Сидоренконың қайда кеткені де белгісіз, сенің дұшпаның Грубскийді тұқыртып жіберді! Құрылыс тарихында жаңа дәуір басталды.

— Абыржыма, Петюньчик, сепкілдерің ұшып кетер:— Таня чертежниктің сепкіл басқан бетіне қолын тигізіп қойды.— Осы сенің сепкілдерің тіпті қыстыгүні де кетпейтіні тамаша екен...

— Мазақ етіп тұрсың ба? — деді Петька Татьянаның сөзіне орай айтайын дегендей болып.— Байка, мені ашуландырма, сыбағанды алып қаларсың! Мен саған жұмыспен келіп тұрмын ғой. Коля Смирновта болдың ба? Ол қазір комсорг болды. Жастарды іске жұмылдырып жатыр. Сен де бір іске жарайтын боларсың.

— Солай ма! — деді Таня таңданып, асыға басып бара жатып Петькаға қарай мойынын бұрып, басын изеп:— Бар, батыр, бос жүргенің үшін бастығың сазайынды тартқызбай тұрғанда, кеңседегі станогыңа бар. Жаңа дәуір туралы, жастардың күшін іске жұмылдыру туралы, және кімнің қандай іске жарайтындығы туралы кешке сөйлесерміз.

Таня өзінің бір жерге барып, дем аламын деген ойын ұмытып кетті. Басқармадағыларға жолыққаны, олардан естіген сөзі оның мазасын алды. Ең алдымен, парторгпен сөйлесіп, өзі істейтін тоғызыншы учаскеден партия конференциясына не себептен ешкім шақырылмағандығын білу керек болды. Ол конференция туралы Новинскіге келе жатқанда жолшыбай естігенді. Конференцияның тығыз шақырылуы енді оның ойында Муза Филипповнаның жапондар жөніндегі сандырақ сөздеріне байланысты сыяқты болып көрінді.

Парторгтың адам қабылдайтын бөлмесінде секретарь болып отырған бала пішіндес жап-жас қыз бір жігітпен өте көңілді сыбырласып сөйлесіп отыр. Таня келіп сөз қатқанда, әлгі қыздың күлімсіреген беті ресми катал пішінге айнала қалды.

— Сіз тым ерте келгенсіз,— деді секретарь қыз.— Мен сізді тізімге жазып, асханаға талон берейін, бірақ мұншалық асығудың қажеті жоқ еді.

— Мені тізімге алудың керегі жоқ, мен талон да сұрап тұрғаным жоқ.

— Сіз делегат емессіз бе?

— Делегат емеспін, бірақ не себептен делегат болмағанымды білгім келеді.

— Сіздің неге делегат емес екеніңіз маған мәлім емес,— деді қыз нығын қомдап.

— Сіз қайдан, қай учаскеден келдіңіз? — деп сұрады секретарь қыздың қасында отырған жігіт, таныс емес сұлу қызға үңіле қарап.

— Мен алыстан, тоғызыншы учаскеден келдім. Оны қайтейін деп едіңіз?

— Қайтейін дегенім сол, конференцияға алыстағы учаскелерден адамдар шақырылған жоқ,— деді секретарь қыз, өзін еркін ұстаған қонақ қызға қасындағы жігіттің көңіл бөле қалғандығын жақтырмай қалғанын жасырмай.

— Неге шақырылмады? — деп Таня қадалып болмады.

— Демек, шақырудың қажеті болмағаны. Ол үшін Залкинд жолдасты ғафу етерсіз. Ол бұл мәселені алдына ала сізбен келісіп алуды ұмытып кетіпті.

Қызмет жайында әйелдердің әдеттегі сөйлесетіні сыяқты, әлгі секретарь қыз да қыза, кекете жауап берді. Парторгтың өзіне таныс фамилиясын естіген соң, Таня секретарь қызды өз жөніне қалдырып, оның жанынан айналып өтіп, жып беріп кабинетке кіріп кетті.

Онда, арқасын есікке қаратып екі адам газеттің бетін салыстырып оқып отыр екен. Таняның келгенін бұлар байқаған жоқ. Таня олардың сыртынан келіп, баспаханадан жаңа ғана әкелінген, әлі кеппеген газеттің терілген бағаналары басылған бетін қарай бастады. Басмақалада құрылыстың міндеттері туралы, соғыс күндерінде майдандағы ерлікке сай жанқиярлық еңбек туралы, қырағылық туралы жазылған. Жапондардың шабуылы жөнінде іштеңе де жазылмапты.

— Сұрақ беруге бола ма? — деді Таня даусын қатты шығарып, мақаланы оқып болғаннан кейін. Журналистердің біреуі кенет шыққан дауысқа селк ете қалды.— Сіздер мына газетті қалайша бүкіл құрылыстың органы деп атайсыздар?

— Баспадан шығып таратылмай тұрғанда газетті басқа адамның оқуына болмайды,— деп жайнаған көк көзді, қуаң жүзді, жас жігіт газетті ақ жағын үстіне қаратып аударып қойды.

— Аудармай-ақ қойыңыз, мен бәрін оқып үлгердім.

— Сіз өзіңіз кімсіз, сізге не керек? — деп сұрады қызараңдап әлгі көк көз жігіт.

— Шошымаңыз, бөтен адам емеспін: елдің бәрі қандай болса, мен де сондай адаммын. Сіз редакторсыз ба?

— Сізге керек болса, редактормын. Фамилиям Пуцин.

— Жолдас Пуцин, басқармада отырып жазылып, тек сол басқарма турасында жазып отырған газет, қалайша бүкіл құрылыстың органы болып аталады? Учаскелер туралы тым құрығанда бір хабар болса екен-ау. Мысалы, біздің учаске туралы!

— Сіз учаскеден келдіңіз бе? Делегатсыз ба? Тамаша болды! Отырыңыз да, хабар жазыңыз. Дереву басып жібереміз.

Газетшілер көңілденіп кетті. Олардың біреуі орындық әкелді де, екіншісі Таняның алдына қағаз, қалам қойды.

— Мен делегат емеспін. Біздің учаскенің не себептен оқшау қалғанын Залкиндтен білейін деп келіп едім.

— Бірақ сіз трассада келдіңіз ғой?

— Әрине. Менің кабинет қайраткері емес екендігім, түрімнен де көрініп тұрған жоқ па?

— Солай-солай, көрініп тұр. Делегат еместігіңіз ештеңе етпейді. Не туралы жазсаңыз да еріктісіз, тек құрылыс жөнінде жазсаңыз болғаны. Біздің газетіміздің шыға бастағанының өзі осы ғана, бұл біздің екінші номеріміз. Учаскелермен арадағы байланысымыз әлі жөнге салынған жоқ, материалды осы араның өзінде отырып, кассаның маңынан кетпей тұрып дегендей, жыйынауға тура келіп жатыр.— Міне, бұларыңыз бекер екен. Материалды кабинеттерден емес, құрылыс алаңдарынан жыйынау керек қой. Соғыс тілшілерінен үйреніңіздер, олар жауып тұрған оқ астында жүріп мақала жазып, газет шығарады. Мына мен сіздерге тоғызыншы учаскеден келдім ғой, ал сіздер бізге неге келе алмайсыздар?

— Шаңғымен, жалғыз келдіңіз бе? — деп Пушин қайран қалды.— Қалай келгеніңізді, не үшін келгеніңізді, қалай жеткеніңізді жазыңыз.

Пушиннің таң қалғанына қарсы Таня, бірауыз қарсы сөз айтпастан газетке хабар жазуға кірісті.

— Аздау болды! — деді Пушин мұны қомсынып, жыйырма минуттан кейін ірі әріппен сойдақтатып жазылған бір тарак қағазды алып.

— Жетер. Осының өзі де көңілдегідей болмай жүрер, газетке басып шығаруға батылыңыз бармас.

Хабарда құрылыс басқарушыларынан учаскелерге көңіл болуді қатты талап етілген: «басқармада отыра беруді қойып, енді трасса бойына шығатын уақыт жетті» депті.

Газет бетінде осындай мәселені көтерудің, шынында да, орны бар екен-ау деп Пушин хабарға қарап ойланып қалды.

Таня бас инженер жаққа тағы келіп білді, ол әлі қайтып оралмапты. Учаскенің өзіне қандай тапсырмалар бергенін ойына тағы бір түсіріп алды да, Таня Либерманға кіріп шықпақшы болды. Жабдықтаушы өзінің алдында отырған шолақ тонды біреумен әңгімелесіп отыр екен.

— Шешетайым-ау! Ең бірінші жіберілетін көлікпен осы айтқаныңыздың бәрі де сіздің учаскеге жеткізіледі! — деді Либерман қатты дауыспен.— Сіздер үшін қандай жүктер әзірленгенін, қағаз алып жаза беріңіз, мен айта берейін...

— «Әй қусың-ау! Ұрысқалы келген адам еді, енді қуанышы қойнына сыймай кеткелі тұр»,— деп ойлады ішінен Таня.

Шынында да учаскенің өкілі Либерманның қолын қатты қысып, оған екі мәртәба алғыс айтып, қатты риза болып шығып кетті.

— Танечка! Королева! Ак дидарлы періштем! — деп Либерман жалма-жан ұшып түрегеліп Таняға құшағын жая ұмтылды.

— Тым кызып кеттіңіз, Либерман, сабырлырақ болуыңызды өтінемін. Менің сізге деген көзқарасым әлі өзгерген жоқ, — деді Таня Либерманнан бойын тарта ұстап.

— Енді неғыл дейсің, кымбаттым. Сіздің салқын мінезіңізге мен әлдеқашан көніп қойғанмын. Шешетайым-ау, өте беріп бір қарап кеткеніңіздің өзі мені қаншама жұбатады. Сізбен, бір науамен дем алғанның өзі де маған жеткілікті. «Көңілім менің жәй табар, аптада бірер көрсем де», — деп Либерман беталдылақты. Отырыңыз, шаңғышылар костюмін киген сұлу қыз.

Әбігер болып жүрген жабдықтаушыға Таня басын шайқап, бір қарап күліп қойды.

— Сізді құрылыстан қуып жібермегеніне шынымен таңданамын. Батмановты ақылды адам деседі, кіммен істес болып жүргенін ол қалайша шынымен білмеді екен? Сіз, тегі, үйреніп қалған жылы орынды тастап кеткіңіз келмей, әлгіде ғана өзіңіз басын айналдырып жіберген учаскеден келген жолдас сыяқты, жаңа бастықтың да көзін бояған боларсыз. Немесе Сидоренко сізді бірге ала кетпей, ақыры, сізден құтылмақ болды ма екен?

Либерман ақырын ғана күліп, Таняға жымыңдап қарады.

— Қашанда болса сізге сүйсіне қарауға жалықпаймын, менің сүйіктім. Әрі сұлу, әрі ақылды болып, екі жағы бірдей сай келу сирек кездесетін нәрсе. Асқан сұлу Еленаның өзінде де көз тартатын көркемдік қасиет дәл осындай мол болған емес... Мен туралы сіз қашан да болса жалған пікірде болдыңыз. Шешетайым-ау, менің осында қалатынымды біліп Яков Тарасович қандай қынжылды! Мен өзім қандай қынжылдым!

— Сізді алып қалған кім? Ол қандай жарымес?

— Батманов. Ол маған тұп-тура ғашық болып қалды. — Басқа мұндай жабдықтаушыны қайдан табасың? — деп отырып алды.

— Мұндайды табу қыйын. Табудың қажеті де жоқ еді! Сүйтіп, екі бастық сіз үшін таласып қалған екен ғой? Бірінің сізді мұнда қалдырғысы келмей, екіншісінің сізді ала кеткісі келмеген ғой. Сөз жоқ, сізге өзіңіздің коммерциялық қабілетіңіздің жәрдемі тиген.

— Менің қабілетімді қозғамай-ақ қояйық. Менің бакытсыз адам екенімді сіз жақсы білесіз, ал осы отырған орнымды кімге болса да дәл қазірдің өзінде де босатып бере салуға дайынмын. Менің арманым басқа жақта...

— Тағы да ескі әнге бастыңыз ба? — деп Таня күліп жіберді. — Оны да талай рет естігеміз; театр, сахна. Туысыңыз Лазарь — еңбек сіңірген артист, қанына қайнасып біткен талант.

Жанарак бірдеме ойлап табуыңыз керек еді. Ал, мына орны-
ңызға келсек — одан сізді алпыс аттың күші бар трактормен
сүйреп те айыра алмассың.

Таняның сөзі Либерманға зәредей де әсер етпеді, ол тіпті
рақаттанған күйі тыңдай берді, керек десе, Таняның қолын
сүйіп алмақшы да болды.

— Сізді көргеніме, Танечка, сондай қуаныштымын. Соқлас-
тан өте шықпай, келіп амандаса кеткеніңізге де рахмет.

— Либерман, мен мұнда, жұмыспен келдім, кәне, сол жұ-
мыстың жайын сөйлесейік. Осы құрылыс материалдары жөнін-
дегі тәртіпсіздік қашан жойылады? Өзіңіздің берген уәденізге
қарамастан, сіз су жолы тоқтағанға дейін учаскеге көп заттар-
ды жеткізіп бермедіңіз. Құрал-сайман аз, жанармай таусылуға
айналды, автол жарамсыз болып шықты, жол механизмдерінің
кейбір бөлшектері комплектісіз болып келеді. Мына тізімді
қараныз, осында біздегі жеткіліксіз нәрселердің бәрі айтылған!

Либерман тізімге қарап, басын шұлғып, мақұлдады да:

— Мынау өрескел, тәртіпсіздік қой! Сотқа, сотқа тарту
керек! Азық-түлік жағы қалай, шағым бар ма? Киім жағы
қалай?

— Азық-түлік жағы құдайға шүкір, жаз басында жеткізіліп
алынған. Аштан өлетін емеспіз. Балық аулап жатырмыз. Әзір-
ше киім-кешек те бар, ал егер учаскеге жаңадан адам жібере-
тін болсаңыздар, оларды киіндіретін дәнене жоқ.

— Жаңадан жіберілетін адамдарды әбден киіндіріп жібе-
реміз. Басқа айтар тілегіңіз жоқ па?

— Әлгі айтқандарым сізге аз ба? Жетпей жатқан материал-
дар қайда?

Батмановқа барып шағым етуіңізге кеңес берем. Шеше-
тайым-ау, учаскенің халі апат алдында тұр екен!

— Маған өйтіп үйретпей-ақ қойыңыз. Оны сіз айтпасаңыз
да өзім барып шағамын және қалай да болса, осы жөнде сізге
тиетіндей етемін.

— Жоқ, маған сөз келмейді! — деп Либерман кенеліп сы-
қылықтап күліп жіберді. — Менің ісім енді витаминдер, көйлек-
көншек, етік сыяқты заттармен болады. Құдайға шүкір. Тех-
никалық материалдарға менің әмірім жүрмейді.

Мұныңыз қай сандырақ! Жаңадан ойлап айла тапты-
ңыз ба?

— Мен ойлап тапқам жоқ, қалқам, мен емес, Батмановтың
өзі. Ол жабдық ісін екіге бөлді. ТЖБ, яғни техникалық жабдық
бөлімі дейтұғын жаңа бөлім құрылды, оның бастығы Федосов
деген көркем жігіт. Міне соның нәтижесі! Федосовтың бөлімі
әлі жөнделп ұйымдасып болмай жатып-ақ, «құрылысқа бөгет
жасайтын бөлім» деген атақ алуы тегін емес қой.

Либерман тым серігіп, көңілденіп қалды. Дегенмен, үстірт

караған көзге, ол өзінің сөз тапқыштығына, жылпостығына кашанда масаттанып жүретін сыяқты, осы бір жуантық, құрғақ айқай, құр әуре адамға Таняның әлдеқалай жаны ашығандай болды.

— Сіздің түріңізге карап таңданбауға болмайды, Либерман! — деді Таня, салмақпен. — Соқтықпалы сойқан, күлкілі сықак. Қандайлық қыйын кезеңде тұрғанымызды сіз әлде көрмейсіз бе? Бұл қалжыңбастық қай жеріңізден келеді. Немесе, сіз осы әдісіңізбен, өзіңіздің түпкі ой-пікіріңізді бүркеп жүрсіз бе?

Таняның сөздері кенет әсер етіп, Либерман түнеріп, құнысып кетті.

— Адамның жаратылысы қызық қой, Танечка, — деді Либерман біраз үндемей отырып. — Оны мен ойлап шығарғам жоқ. Өзінің нағыз адамдық қасиетін басқаға әшкерелеп беруді адам өз бойына мін деп санайды. Басқаша болмай осындай болғаным мен айыптымын ба? Тілесеніз, мені ұшқалак адам екен деп есептей беріңіз. Қыйын кезең — оның өзі маған да қыйын, оған сеніңіз. Сырымды ешкімге айтқан емес едім, тек жаныма тигізе сөйлеген соң, сізге ғана айтқалы тұрмын. Менің туғандарым Мариуполь мен Бердянскіде қалып қойды. Әйелім мен қызым Ленинградтан шыға алмай қалды — олар Ленинградқа соғыстан бұрын барған еді, қайта оралуға үлгере алмады. Мен өз семьяма өзім жау дейсіз бе?

Бір минуттың ішінде ажары кетіп, құныса қалған Либерман столдың басында еңсесі түсіп отыра берді. Таня ақырын кабинеттен шығып кетті.

Үйдің басқа бір этажынан ол техникалық жабдық бөлімін тауып алды. Федосовтың кабинетінде адам көп екен. Ол трубканы иығымен құлағының арасына қысып алып, телефон арқылы сөйлесіп жатып, сонымен қатар, алдында жатқан бір топ телеграммаға қол қойып отыр. Трубканы орнына қойды дағы әлгі телеграммаларға қол қоя отырып, өзінің екі қызметкерімен бірден сөйлесті, телефон үздіксіз сылдырады. Таняға ұзақ күтуге тура келетін сыяқты. Бірақ оның күткен кезегі де жып-жылдам келіп жетті. Федосов көзін сығырайтып алып, қызға назар аудара карап өтті.

— Сіздің не жұмысыңыз бар еді?

Таня өзінің тілектерін асықпай айтты. Федосов әлгіден кейін Таняға жөнді көңіл бөлмей, папкадан қағаздарын суырып алып, бірінен соң бірін оқып, соларға бұрыштама қойып жатты.

— Қағаздарыңызды қоя тұрсаңыз қайтеді, ол ешқайда кашпас.

— Мен сіздің сөзіңіздің бәрін естіп отырмын, қағазға абыржымай-ақ қойыңыз. Сөзіңізді айта беріңіз. Мыс сымға,

электр материалдарына келіп тоқталдыңыз. Осы таяудағы уақытта учаскеге мұқтаж болып тұрған не нәрсе?

Федосов телефонды тыңдамақшы болып еді, Таня трубканы қолымен баса қойды.

— Басқаларды да аздап қадірлей біліңіз. Шайқылық мінездер және төңірегіндегілерге қалай болса солай қараушылық деген ұлы адамдарға ғана келіседі, соларға ғана кешірім жасалады, оның өзінде де үнемі сөйгіле бермейді. Сіз ұлы адам болып алсаңыз ғана, барлық жұмысты бірден істейтін өнегеңіз жұртты таң қалдыратын болады.

Федосовтың білгісі келіп:

— Сіз балалар бақшасынан келген жоқсыз ба?

— Неге балалар бақшасынан дейсіз?

— Өйткені балалар бақшасында істейтін қызметкерлердің бойында адамға ақыл үйрету, қайта тәрбиелеу сыяқты профессиональдық әдет пайда болады ғой.

— Жалтармаңыз. Іс жөнінде жауап беріңіз.

— Іс жөнінде сөйлемей отырған сіз өзіңіз.

— Немене, мен сізден ерінге жағатын бояу сұрап отырмын ба? Мен учаске үшін техникалық материалдар сұрап отырмын.

— Сіздің керек деген нәрселеріңіздің бәрін дұрыстап жазып алдым. Оны қарастырып көремін де, тиісті шарасын қолданамын. Либерман маған былыққан мұрасын бере салды, бірден аударып-тексеріп мәнісіне жете алмайсың... Міне, осылай. Енді екі күннен кейін осы туралы тағы сөйлесейік. Ал менің телефоным жабысудың қажеті жоқ.

— Сіз қазір, менің сұрағандарымды көзімше қарастырыңыз.

— Қазір қарастыра алмаймын, қол тимейді. Қызмет аяғына дейін Залкинд жолдастың конференцияда жасайтын баяндамасына керекті материал беруім керек, әлі ештеңесі әзір емес.

— Залкинд жолдасқа керекті материалдарды сіз үшін мен өзім-ақ даярлайын, жарай ма? Айтпақшы, сіздің бөліміңізге трассада не деп ат қойғанын білесіз бе? «Құрылысқа бөгет жасайтын бөлім» деседі. Тауып қойылған ат!

— Жалған! — деп Федосов дереу қарсы болды. — Бұл атты ойлап шығарып және таратып жүрген Либерман. Сіз содан естігенсіз ғой, шыныңызды айтыңызшы?

— Айтқан сол, — деп Таня мойындады. Әлде дұрыс емес пе?

— Тартюф! — Федосов қып-қызыл болып кетті. — Қыя бассам, маған бөгет жасайды да жүреді...

Либерманның пішінін есіне түсірді де, қыз: «Тартюф десе дегендей» деп күліп қойды. Таняға Федосовтың өзі де, оның өз бөліміне жанын сала көңіл бөлуі де ұнап кетті. Өз учаскесіне мұқтаж нәрселерді Федосов тек көз аудару үшін ғана жазып алмағанын ұғынды да, Таня енді оның мазасын ала бермеді.

Бас инженер әті келген жоқ. Женя Козловаға барсам ба екен немесе Беридзені күтсем бе екен? — деп Таня біраз ойланып тұрды. Қасынан өтіп бара жатқан Грубский бет-аузын қыйсайтып жіберетін өзінің дағдымы күлкісімен Таняға амандаса беріп:

— Татьяна Петровна, сізді көрмегеніме көп болды. Сондықтан да көргеніме өте қуаныштымын. Қалай, сіздің сымды байланысыңыздың дүниедегі ең қажет нәрсе емес екенін трассада болғаннан кейін, ақыры, ұғынған боларсыз?

— Бұрынғы бас инженер жолдас, сіздің мұныңызға, өзіне сай сыпайылықпен жауап бере алатын емеспін. Таня «бұрынғы» деген сөзді әдейі нықтап айтты. — Сізді көргеніме онша қуанышты емеспін. Сіз тауып айттыңыз, трассада болып, мен көп нәрсенің мәнісіне түсіндім. Атап айтқанда, менің ұғынғаным, егер де басқару аппараты жаман болса, оның үстіне өзін іске жаны ашымайтын, токмейіл адамдар басқарса, ондай басқармалық аппараттан пайда аз екен. Трассаға сіздің де баруыңызға кеңес берер едім, одан көп үлгі алар едіңіз.

Таня төртінші этаждағы Женяға барып еді, ол орнында жоқ болды. Гречкин шақырып кеткен екен. Таня телогрейкасын киіп, елдің бәрі кәзірде Старт деп атап кеткен пристаньға қарай жөнелді.

Тоғызыншы тарау

СТАРТ

Кемерден тік түскен кең жол, палаткалы поселке тұрған жайпақ алаңға қарай тартады. Әлгі жолдың құламасында шұбаған екі топ автомашиналар кездесті: жүк тиелгендері пакгауздарға қарай кетіп барады, бостары гүрілдеп жүк алу үшін өрге қарай жүріп темір жол тұйығына қарай кетіп барады; бұл арада жүктерді вагоннан түсіріп машинаға тиеп жатты. Мұз жолының даяр болуын күтіп, палаткалардың қасында пломбаланған тракторлар мен автомашиналар қатар-қатар тізіліп тұр.

Таняның болмаған жері жоқ: қаптарға, бөшкелерге, теңдерге толған складтарда да, жататын жерлері вагондағы сыяқты палатка-барактарда да, кең қақпалы ұзыннан ұзақ сарайда да болды. Сарайдың төбесі жаңа ғана жабылып жатыр екен, оның ішіне станоктар мен верстактарды әлден-ақ әкеліп енгізіп қойыпты. Анадай жерде қалқан астында бірнеше адам дағарадай үлкен шана жасап, құрастырып жатыр. Машиналарының жүгін түсіріп алуын күтіп тұрған екі шофер, әлгі шанының жанына келіп көріп, сол туралы өздерінің пікірлерін айтысып тұр. Екі шофердың бетінде болымсыз қорасан дағы бар арықтау келген біреуін Таня танып кетті.

Соның қасына жақын келіп, Таня:

— Аманбысың. Сморчков! — деді.

Жүруге камданып тұрған шофердің қабағы жазылып кетті, былғары қолғаптарын жерге лақтырып тастай берді де, қыздың қолын қатты қысты.

— Бұл неғылған шана? — деп сұрады Таня.

— Шоферлардың қамы үшін, біз үшін істеп жатқандары. Труба тасу үшін тіркеуіш шана. Трубалар ауыр: әрбіреуі — тоннадан келеді. Шана әрі берік, әрі орнықты, оның үстіне жеңіл болуы керек. Сен қалай, басқармаға қайтып келдің бе?

— Осында не болып жатқанын көріп келу үшін учаске жіберді. Сен өзің жаңа бас инженердің машинасын жүргізіп жүрген жоқсың ба?

Таняның бұлай деп сұраған себебі, Сморчков бұрын Грубскийдің шоферы болатын, бірақ, соғыстың алғашқы күндерінен бастап жүк машинасына ауысқан-ды.

— Жаңа бас инженерге шофер бол дегенді айтқан еді, бірақ мен оңай іске қызықпадым. Одан да стахановшы болғаным тәуір емес пе, — деп шофер мыйығынан күліп қойды. — Мұнда өзгеріс толып жатыр. Бізді енді Филимонов басқаратын болды, оны білесің бе?

— Білемін. Ол сендерге, шоферларға қолайлы жолдас.

— Сен шоферларға тиіспе, біз осы күні құрылыста үлкен күшке айналып отырмыз. Құрылыс бастығы Батманов бізді жыйнап алды да, барлық істің ойдағыдай орындалуы шоферлар мен трактористерге байланысты дегенді айтты. Трубалар мен материалдарды осы қыста тасып үлгірмесек, нефтепровод та болмайды. — Ол Таняға жұлып алғандай жалт қарап: — Сен, міне, трассада келіп тұрсың. Мынадай іске қалай қарайсың? — Мен машиналарды ең шеткі учаскелерге өзін жүргізіп алып бару керек дегенді айтып отырмын. Онда машина жетпей жатыр. Бірақ алыс, суық, жол жоқ деп Филимонов көнбей отыр.

— Ойлау керек, — деді де Таня Сморчковқа көңіл қойып қарады. Ол мұнымен ақылдасқандай болып өзінің ойын айтып тұрған болуы керек. Филимоновтікі жөн. Жол жақсы болуы керек. Қазір тек шаңғымен ғана жүруге болады.

— Адун үстімен жүретін жолды жөндеп жатыр ғой, — деп Сморчков қолын өзен жаққа сілтеді. — Мына жатқан дәумен болса да бірінші болып өтпекшімін, — деп үлкен шананы көрсетті. Жігітім, шабақтарды тым жіңішке жасап жатырсың, шана сәл қыйсайса да, труба мұны сындырып жібереді, — деді ағаш ұстасының біреуіне.

— Сморчков! Машина сені қашанғы күтіп тұрады? — деді дауыстап таяу пақгауздағы шоферлар.

— Қош бола тұр, Татьяна Петровна! — деп Сморчков өзінің машинасына қарай жүгіріп кетті.

Старт ретімен жұмыс жасап, адамдары барлық жерде бірдей қыймылдап, бұйрық берген дауыстар, сөздер естілді. Жүктіеушілердің, ағаш ұсталарының, шоферлардың қозғалыстарында жыйнақы асығыстық сезіледі. Пакгауздардың бірінен кейде көтеріңкі, кейде бәсең Таняға таныс Новинск құрылысшыларының әні естіліп тұрды. Таня сол пакгаузға барып кірді.

Даланың жарығына, шақырайған ақ қарға үйреніп қалған көзі, складтың қаракөлеңкесінде әуелі ештеңені айыра алмады.

— Қарашы, Николай, Татьяна келіп тұр! — деп біреу айғайлап жіберді де, оны қолынан ұстап қатар тұрған жәшіктердің арасымен алып келеді.

Қараңғыға көзі үйренген Таня электрдің күңгірт жарығында Коля Смирновты көрді. Ол үстіне жеңіл фуфайка мен шаңғышылардың шалбарын киген, екі бүйірін таянып, аяғын алшан қойып, аңдысқан пішінде, қызды бастан-аяқ қарап тұр. Онымен қатарласып, осы сыяқты киінген он бес жасар бала Генка Панков та бүйірін таянып тұр, оны «Коля Смирновтың көлеңкесі» деп атайтын.

Смирновтың бойын көзімен шолып өтіп, Таня шын таңданып:

— Жолдас, сен өзің бойшаң болып кетіпсің ғой! Шынымен, тағы өсе түскенің бе? Әлде мен сенен тосырқап қалдым ба? — деді.

— Әрине, өстім. Адам әрқашан өсіп, дамый беруге тиіс қой, менің сені іздеп жүргенімді қалай сезіп білдің екен?

— Іздедің бе? Ол туралы іштеңе білгенім жоқ!

— Бізде бір өткір қыз бар, өзі іскер, байланыс инженері, консерватизмнің құрбаны болып жүр.— деп мен бастықтардың құлағына ызыңдап маза бермедім. Сені шақыртып алмақшы болған.

— Менің не керегім болыпты? — Бұл сұрақтың әсері көңіл ренішін білдірді.

— Сұрағыңа болайын! Проводтар тарту керек. Қаншама сым әкелінгенін қарасайшы!

Ол сөрелерде тұрған телефон, селектор аппараттарын, шыйратылып жатқан сымдарды, көмескі жылтыраған изоляторлар будаларын көрсетті.

— Никола, сен өзің кладовщик болып алғансың ба? — деп сұрады Таня, материалдардың үлгілі тәртіппен сақтаулы тұрғанына қатты риза болып.

— Кладовщик болғаным жоқ, бірақ, осы техниканы менің істеуіме тура келді. Жол ашылысымен-ақ, бәрін трассаға жөнелтеміз. Құрылыстың жаңа бастығы мен бас инженері бұрынғылардай емес, байланысқа қатты көңіл бөледі. Байланыс жөнін-

дегі жұмыс бірінші кезектегі жұмыс деп саналсын деген бұйрыққа қол қойылған.

— Бұл бұйрықты кім орындайды?

— Учаскелердің өздері.

— Учаскелерде байланысшылар бар ма? Оларды онда жіберіп пе еді?

— Мәс-саған! Сен кенеттен Грубскийше сөйледің ғой. Байланысшыларды ешкім жіберген жоқ. Бірақ келесі аптада курс ашамыз, сен екеуміз лекция оқыймыз.

— Қызық әңгіме екен! — деді Таня ашуланып.

— Мұның саған несі ұнамайды? — деді дағы Коля қыздың бетіне үңіле карау үшін еңкейе түсті.

— Маған бәрі де ұнайды. Бәрінен бөлек қатты ұнайтын жері: байланысшылар сенің университетіңді бітіріп болғанша, үкімет комиссиясы нефтепроводты қабылдап алуға да келер. Сымды бес-алты апта ішінде тартып болу керек.

— Сенің ондай әдісің бар ма еді?

— Әдіс бар. Бірақ айтпаймын. Сен онсыз да менің алдымды орап жүрсің.

Таняның бұл сөзі өзі трассаға кеткенге дейін баскарманың комсомол ұйымдастырушысы болып келгенін ескерткені еді. Коля мынау не айтты дегендей шынымен аң-таң болып қалды.

— Татьяна, сен ауырғаннан сауымысың? Саған түсіне алмай тұрмын.

— Ол іші күйгеннен долданып жүр ғой! — деп Генка жорамал айтып қалды да, Танядан жасқанып, Смирновтың тасына жасырынды, өйткені, Таня оның бөрік астынан дудырап шығып тұрған сары шашына жармасқан еді.

— Маған тиісетін болсаң, балақай, мен саған әкеңнің сәлемін айтпай қоярмын, — деді Таня.

— Сен әкемді көрдің бе, қалай екен? — деді Генка сенерсенбес болып.

— Дені сау, аман-есен, сенің бетіңнен сүй, — деді.

— Я, керек еді сүйгенің, — деп Генка күні бұрын сактана кашқалақтап, дінгектің сыртына барып тұрды.

— Бала дұрыс айтып тұр, Никола, — деп мойындады Таня. — Мен күншілдікпен ыза болып жүрмін. Грубскиймен де, Сидоренкомен де қанша жағаластым, сөйтіп жүріп өзім бәрінен сырт қалып қойдым! Екеуміз шындап тұрып бір сөйлесуіміз керек, менде бір идея бар. Бірақ, қазір айтпаймын. Мен Беридзені іздеп жүрмін, оларыңыздың өзі ізін таптырмайтын адам екен.

— Адунға, жол салып жатқан жерге бар, ол сонда, — деп Генка кеңес берді.

Таня мұзға қарай төмен түсті. Адун осы арада қаланы белдеулеп орап өтетін-ді. Өзеннің сұрғылт белуарынан алысқа қарай карауытып белбеу тартылған тәрізді. Шыңылдаған, ша-

қырлаған темір даусы естіледі: жүздеген адам өзен үстінде өркеш-өркеш мұздарды темір сүймендермен сындыра копарып жатыр. Біржарым-екі километр ілгері қарай басып, құрылысшылар әлгі мұз арасынан кең, тегіс жол жасап, керек десе, жолдың үстін сыпырып тазартып та барады.

Шаршағанына карамастан, қыз мұз үстімен ракаттана жүріп өтті. Басқармада болғанда өзінің абайлаған толып жатқан даярлық жұмыстарының бәрі, учаскелерге қарай осы мұз жолдың салынуына байланысты аяқталды.

Беридзе еш жерден табылмады. Тегістелген жол осы арада бітті. Ломдармен, қайлалармен мұздың сенін шауып жүрген адамдардың арасынан Таня әрең дегенде өтті. Мұздың көгілдір тартқан сынықтары, күнге шағылысып, жан-жаққа жарқылдап ұшып жатыр.

Анадай жерде жалғыз трактор жүріп келеді. Даусы айналаны басына көтеріп, алдына орнатып алған темір соқа бульдозерімен мұзды кимелей уатып, біресе тоқтап, тағыда ұмтылып ілгері жүре береді. Мұз трактордың күшіне шыдамай дәл табанынан, омырылып сынғанда шакыр-шұқыр еткен дауыс Танының төбе құйқасын шымырлатты. Ол трактордың осындай жұмыс істеп жүргенін ешқашан көрген жоқ еді. «Тәуекелшіл жұрт екен, осындай ауыр алыпты мұздың үстіне әкеліп салудан қорықпаған» деп ойлады ішінен.

Трактордың қасында бірнеше адам жүр. Ұстатпай қойған бас инженерді солардың арасынан таппақшы болып, Таня тракторға қарай жүрді. Бірақ олар бульдозердің жұмыс істегеніне карап, тоқтамай жүре берді. Әлгілердің ішінен Таня Филимоновты таныды, үстінде желбегей киген үлкен кара тоны, басында екі құлағы түсірілген құлақшыны бар. Бұлардың арасында Таня танымайтын екі адам бар — түрлеріне карағанда, бастықтарға ұқсайды.

Тракторды сынаудың қызығына түсіп алған тракторшы тоқталған сайын төмен қарайды, сөйткен сайын Филимонов та, кездесіп қалған келергіге жалт карап:

— Баса бер, Силин. Бірақ жұлқынта тартпай, бір қалыппен жүргіз,— деп қояды.

Силин мақұлдай басын изеп, трактор да өзін жүргізе білетін адамның ыркына көнгендей арындамай, жұлкынбай ілгері қарай жүріп, қалың мұздың үстін теп-тегіс қып кесіп барады.

Филимонов тркакторшіге тоқта деп бұйырды да, екеуі бульдозерді айнала караумен шұғылданды. Осы бір мезгілді пайдаланып, Таня әлгі екі аламның қасына келді. Бұлар қолғаптарын шешіп, асығыс темекі тартып жатыр еді.

— Бас инженер Беридзені көруге болар ма екен? — деді қыз Батмановка карап, ол да былғары пальтоның сыртынан тон киіп алыпты.

— Қызыл калпакты қыз! — деп Беридзенің даусы санқ етө түсті. Оның сакалы қыраудан аппак болған. Күлейін деп еді, оған тоңған бет-аузы илікпей, тек көздері ғана күлді. Бас инженер Беридзе мен боламын.

Таня одан Ольганың квартирінің кілтін сұрамақшы болып еді, бірақ ұятсынды.

— Мен тоғызыншы учаскеден келдім. Менің сізге екі сұрағым бар, бірі — учаскеден, екіншісі — өзімнен.

— Тоғызыншы учаскеден бе? Оһо! — деп Беридзе тандана қалды. — Василий Максимович, естіп тұрсыз ба, қызыл калпакты қыз тоғызыншы учаскеден келіпті. Біз сізді алыстан көрген едік. Жападан-жалғыз қорқынышты емес пе?

Батмановтың қадала қарағаны Таняға ұнамады, ол теріс айналып кетті.

— Сіз басқармаға қайтқалы тұрған жоқсыз ба? — деп сұрады қыз Беридзеден.

— Шынында да, қайтатын уақыт та болған шығар-ау, — деп Батманов бас инженер үшін жауап берді, үлкен қолғабын сілтеп, ілгері қарай жүрді.

— Құлағым сізде. Сұрауларыңызды бере беріңіз, — деді Беридзе Танямен қатар жүріп келе жатып.

— Оң жақ жағадағы жұмысты тоқтатып, учаскенің бар мүлік-саймандарымен сол жағаға көшуге деген сіздің жарлығыңызды алдық. Бұл жарлық бізді қатты абыржытты, өзі түсініксіз болды.

— Бұл сұрау учаскеден бе немесе сіздің өзіңізден бе?

— Учаскеден. Менің де білгім келетіні, өзінен-өзі белгілі ғой. Соншалық енбөк істеп, азап шеккеннен кейін оң жақ жағалау неге қалдырылады?

— Учаскедегілердің тағы нені білгілері келеді?

— Көп нәрсені. Басқармадағы өзгерістер, әрине, бізге де белгілі. Әуелгі кезде трассада: жаңа басшылық келіпті, деп қуанысып жүрді, сіз туралы жақсы пікірде болды. Келеді деп күтіп жүрді... Күндер өтіп жатыр, өгіп жатыр... Расын айтқанда, біздіңше, құрылыста жақсарған ештеңе де жоқ.

— Тіпті жаман! — деді Беридзе. — Біз трассаның үмітін ақтамаған екеміз ғой? Василий Максимович, трасса бізден түзіліп те үлгеріпті! — деді бас инженер айғайлап, алдында ақырын жүріп бара жатқан Батмановқа.

— Я, сөйтіп, істің мәнін әбден түсіндіріп айтқанға дейін сіздер бұйрықты орындамауға бел байладыңыздар ма? — деді Василий Максимович артына бұрылып.

Таня оған илтифат қоймай қарап:

— Барлық істің жайын бас инженерге баяндауға тырысып көрейін.

— Сөйтіңіз. Бірақ мені де сырт қалдырмаңыз, менің де тыңдағым келеді.

— Бұл кісі құрылыстың бастығы, Батманов — деді Беридзе қызға сыбырлап.

Таня аздап қысылып қалды.

— Амансыз ба, Батманов жолдас! Сіз мені кешірерсіз,— деді қыз ренжи күрсініп.— Мен келген қызуда жұрттың бәріне тиісіп жатырмын.

— Көріп тұрмын. Бас инженерді мүлдем шошытып қойыпсыз, қорыққанынан оның сақалы ағарып кеткен. Я, я, учаске жайын айтыңыз.

Енді Беридзе алда жүрді де, Таня мен Батманов оның соңынан ерді.

— Учаске, әрине, басқарманың бұйрығын орындап жатыр, жамандық ойламаңыз. Онда бізді басқарып жүрген адам Пачков, оның өзі қатал қожайын, тәртіпті сүйеді. Екінші жағаға көшуге, Адун тоқтасымен бірден жолды жөндеп, мүліктерімізді тасып, жана жерге оңаласуға біз күні бұрын әзірлендік. Қыйыншылықтар көп. Учаскеде ең керекті жай нәрселердің өзі жетпейді, онсыз қадам баса алмайсың. Мен техникалық жабдықтау бөлім бастығына бардым, ол біздің мұқтаждарымызды жазып алған болып, көмектесуге уәде берді... Ең бастысы — құрылысты қалайша салып, қай бағытта жүргізетініңізді жұрттың білгісі келеді. Мерзімінде бітіріп үлгіреміз бе? — деген сұрау қыйнап тұр.

— Сізді осында әдейілеп жіберді ме, әлде өзіңіздің келіп кеткіңіз келді ме? — деп сұрады Батманов.

— Партия жыйналысында сізге хат жазып адам жіберуге ұйғарылған еді. Хат менде бар, бірақ онда бәрін айта аласың ба? Мені таңдаған себебі, менің шаңғымен жүре алатындығымнан болды. Жол қашан түзелгенше күтіп отыруға бола ма? Менің сізде өз жұмысымның бар екенін де ескерді. Онсоң мінезім де роль атқармай қойған жоқ. Қыз күліп жіберді.

— Сіздің мінезіңіз қатаң екен,— деп күліп жіберді де, Батманов, Танядан жолда не көріп, не қойғанын тегіс айтып беруін сұрады.— Менің бәрін де білгім келеді. Жұрттың көңіл-күйі қалай, олардың қандай арыздары мен тілектері бар, әр учаске немен шұғылданып жатыр...

Таня оған өзінің байқағандарының бәрін түгел айтып берді. Рогов туралы айтқаны бастықтың назарын епекше ауларды. Таня онымен жол үстінде көріскен екен. Ол ең ақырғы баржаны бесінші учаскеге әкелгенде, сол арала үлкен тәртіпсіздіктің үстінен шығады. Учаске басшылығында моральдық жағынан азған адамдар отырған. Рогов дәл осы кезге дөп келіп, учаскеде қалып, оны басқаруына тура келеді.

— Онысынан ештеңе шығатын ба? Учаскенің жағдайы қалай?

— Қазір, әрине, бәрі де астан-кестен, былығып жатыр. Бірақ адамдары жыйнақы, жақсы ұйымдасқан. Рогов нанайлармен достасып алған, олар оған көмектесіп жатқан көрінеді. Тывлинде, олардың қонысында, Рогов өз үйіндегідей жүр. Ең жақсысы, құрылысшылар сол жақ жағаға шығысымен өздеріне баспана тауып алады.

— Оған адамдар керек пе?

— Ештеңе сұраған жоқ,— деді Таня ойланып.— Меніңше, оған жақсы сауатты көмекші керек. Оның жұмыстарының бастығы инженер Прибытков. Мен оны біраз ісқұмарлау дер едім. График жасауды тым жақсы көреді.

— Демек, Рогов риза ғой? Ол менен қыйын міндеттер жүктеуді сұраған еді. Өзі жұмысқа тоймайды-ақ,— Роговпен сөйлескенін есіне түсіріп, Батманов басын шайқады.

— Сіз оған жапондармен соғыс басталған күні-ақ, оны армияға жіберуге уәде берген екенсіз, соны сізге айт деп еді,— деді Таня оның пікірін қостап.— Таня бұл жерде жапондар туралы жорта еске алды.

— Я, уәде бергемін. Сіз Панков туралы сөз бастап келе жатыр едіңіз. Оны жақсы білесіз бе? Ол өзі жігерлі, әрі өте ақылды адам дейді ғой. Дұрыс па?

Таня кідірместен қонымды жауап берді, онысы Батмановқа ұнап кетті.

— Панков табылмайтын адам. Тоғызыншы учаске — трассадағы ең тәуір учаске екендігіне мен кепіл бола алам. Панков әркімді өз орнын тауып қоя білген. Оны жұрт құрметтейді де, жақсы да көреді.

— Өте жақсы,— деп мақұлдады Батманов.— Мен Панковты ең тәуір учаскеден шақыртып алып, ең нашар деген учаскеге жіберсек деп ойлаймын. Сәл кідіріңізші мен қарап келейін.

Құрылыс бастығы сеңнен секіріп, сүріне, тайғанай басып, дөңгелек суатшаның қасына топтанып тұрған жұрттың жанына барды. Енгезердей, ұзын бойлы адам, техник Хлынов қатқан мұздың қалыңдығы мен су түбінің тереңдігін өлшеп жатыр екен. Қалғандары Залкинді айнала қоршап алыпты. Солдаттың былғары белбеуімен буынып алған шолақ кара тон, тізеден жоғары қонышы бар кара пима, жеңшелі үлкен қолғап сырт қарағанда оны кішірейтіп көрсететін сыяқты.

Парторг өткініші әңгіме жүргізіп жатыр еді, ол бүгін мұндай әңгімені осымен оныншы рет өткізеді. Оны бәрі білетін, парторг көрінсе болғаны, қасына екі-үш адам келді дегенше, бір минут өтпей-ақ маңайы жұртқа сыймай кетеді.

Ол жұртты әңгімеге тарта білетін, сондықтан да оған сұрақтар үсті-үстіне жауа бастайтын. Әсіресе үш мәселе елді

ерекше толқытып жүрді. Кызыл Армия Москваны корғап қала ала ма, әлде шегіне ме? Одақтастар екінші майдан аша ма, әлде алдап жүр ме, оларға сенуге бола ма? Жапондардың шабуылға шыққаны туралы өсек неге таралып жүр, егер ол соғыс басталса, онда бұл туралы тіке неге айтылмайды; егер соғыс болмаса, онда шабуылды қашан күтуге болады.

Батманов Хлыновпен қатар ойық басында жүресінен отырып, кара судың қайнап, шапшып жатқанына қарады. Қалыңдығы бір метр көк мұз қайнап жатқан иірімге кіріп жоғалып кетті.

— Мен танертеннен бері Нампиге дейін барып қайттым,— деді Хлынов бастыққа.— Сеңді учаске қонысқа бір километрдей қалғанда ғана бітеді екен. Он километрді сеннің үстінен салуға тура келеді. Одан әрі қарай мұз теп-тегіс, үстін қар басқан, соны аздап тазалау керек болады. Бірінші учаскенің адамдары мұзға шықты, оларға нанайлар көмектесіп жатыр.

— Жолдас Хлынов,— деді Батманов тұра беріп.— Сізді Роговтын учаскесіне жібергім келіп тұр. Бұл ара біздің нек астымызда тұр ғой, адамдарды қашан болса да табамыз, ал Роговка көмектесу керек. Менде жалпы сіздің міндетіңіздің көлемін кеңіту жөнінде пікір бар. Роговпен бірге істей бастаған кезде, шаруашылықтың барлық жағымен де жақсылап танысуға тырысқайсыз. Кешке қарай маған келіп кетіңіз, сонда жақсылап тұрып сөйлесерміз.

Батуға таянып барған күн, қызара бастады. Өзендегі жел тына қалды. Қаңыраған елсіз, есіз қалған жабайы, қалың орманды оң жақ жағалау шайдай ашық һауада ап-айқын болып көрінеді. Тіп-тік өскен биік орманның үстінен лезде ыдырағалы, ауада жоғалып кеткелі тұрған тау кенересінің сағымға ұксаған ақшыл-қызыл нәзік шапағы жалт-жұлт етіп көрініп тұр.

Батманов бетін қолғабымен сүртті де, Залкинді шақырды.

— Михаил, кетейік, мен жаурап қалдым. Суықта тілмен істеген жұмыс адамды жылындырмайды, одан да сүймен сілтегеннің өзі дұрыс екен! Айтпақшы, қазір сені грассада келген бір өкіл әйел күтіп отыр. Бізге әртүрлі көңілсіз жағдайларды айтпақшы болып, тоғызыншы учаскеден келген көрінеді.

Беридзе де анадайдан Залкинді коркытып қойды:

— Михаил Борисович, сені күтіп отырмыз. Мойныңды сұна бер.

— Амансыз ба, парторг жолдас! Сізден ешуақытта күтпеген едім...— деді Таня.

Залкинд оған қарай қалды:

— Таня! Қайдан жүрсін! Сенің алдыңда менің қандай айыбым бар?

— Мені ренжітсеңіз оқасы жоқ. Біздің учаскемізді жәбірледіңіз. Партконференция болғалы жатыр, ал біздің учаскеден бір адам жоқ. Мен басқармаға келмеген болсам, конференцияның болатындығын да білмес едім.

— Таня, біз алыстағы учаскелерден адам шақыра алмадық. Бізде оныншы, он бірінші, он екінші учаскелер де бар, олар сіздерден де алыс. Солай ма? Оларды жыйнауға бола ма? Онда конференцияны кейінге қалдыруға тура келер еді, ал кешіктіруге болмайды. Солай емес пе? Қинамды кешірермісің?

— Риза емеспін.

Беридзе күліп жіберді:

— Құрыдың, Борис Михайлович!

— Қайтеміз, енді сенің көңіліңді тауып көреміз, тоғызыншы учаскеден конференцияға сені шақырамын. Бірінші сөзді тоғызыншы учаскеге беруге де разымын. Осыған келісеміз ғой?

— Келісуге болар. Рас, менің тілегім әлі біткен жоқ. Басқармадағы адамдарыңыздың барлығымен ұрсысып та үлгердім. Адам айтқысыз үлкен құрылысты төрт этажды тас үйге әкеліп қамап қойған. Бұл не маскара! Жазу, сөйлесу, пыш-пыш өсек айту жағынан кенде емес сыяқты, жапон парашютшілері туралы да ертегілерді айтысып жүрген көрінеді. Трасса жөнінде ешқайсысы ештеңе білмейді де, ойламайды да, тіпті оның өзі дүниеде жоқ сыяқты!.. Трасса бұл дүниеде бар, бастық жолдастар, сіздер оны бекер ескермей жүрсіздер!

— Сондай жақсы, Таня, өте жақсы,— деді Залкинд, қолкабын ақырын қыздың арқасына тигізіп.

— Ешқандай жақсылықты көріп тұрғаным жоқ.

— Сенің бізге келгеніңнің өзі жақсы. Мұхамбет тауға барады дегендей.¹ Трасса басқарманы қыса бастады, мұнысы жақсы. Ең бастысы, Таня, біздің басқарма қазір қандай қысымға болса да төтеп бере алады, бұл тіпті жақсы — Залкинд суықтан әбден тоңып икемі келмей тұрған ернін әрең қыбырлатады.

— Басқармаға ұрысуыңыз дұрыс емес,— деді Батманов Таняға бұрылып. Ол Беридземен бірге алда келе жатыр еді.

— Әйтсе де Таняның конференцияда, үйдің төрт бұрышына қамалған, басқарма қызметкерлеріне қарсы сөйлеуін сұраймын,— деді Залкинд.— Таня, батыра айтып, ақылмен ұрыс. Василий Максимович, саған айтып қояйын, біздің Таня — құрылыстағы бір тарихи адам. Нефтепроводтың қажеттігін біздің өзіміз түсінуден көп бұрын, ол горкомға келіп, нефтепровод ісіне батыл араласу керек екендігін талап еткен болатын. Залкинд қызға жылы жүзбен қарады да, қолтығынан алды.— Мі-

¹ Ескі мақал: «Тау Мұхамбетке бармаса, Мұхамбет тауға барады» ауодарушы.

не, Татьяна, бірлесе әрекет жасауымызбен, жүкті де орнынан қозғадық.

Батманов тоқтады да, Залкинді Танядан бөліп әкетті. Таня оған ескертіп:

— Бастық жолдас, мені қате түсінеді, үстірт қарайды деп кіналамақсыз ғой, оны білемін. «Бұл қыз басқармада бола тұрса да ештеңені көре алмаған екен. Қанша айтқанмен ұйымдастыру кіндігі кабинеттерден басталмай ма? Штабтың аты штаб, мейлі ол соғысты басқарсын, мейлі құрылыс ісіне басшылық етсін, бәрібір. Қызмет істеуге үйреткен телефон, телеграф, қағаз жаза білу — адам баласының ең зор табысы» демексіз ғой. Дәл айтып бердім бе?

— Жалпы алғанда, солай,— деп мойындады Батманов.

Беридзе мен Залкинд күліп жіберді. Құрылыс бастығы Танының бетіне көз тоқтата қарады. Тоқыма бас киімінің астынан шығып тұрған қара бұйра шашы қырау басып ағарып күнге күйген кең маңдайына түсіп тұр. Қырау ұстаған сирек кірпіктері жауып тұрған шұңғыл қап-қара өткір көздері Батмановқа тайсалмай қарады.

— Шай ішуге, халықаралық тақырыпқа әңгіме өткізуге немесе нашар істеліп жатқан іс жөнінде ниеттестігімізді білдіру үшін ғана трассаға келуімізге болмайды. Анау Беридзе мен Ковшов келген күндерінен бастап: трассаға барғымыз келеді... деп мазалап жүр. Мен оларды жібермедім. Біз учаскеге барғанда қожайын болып бармақшымыз. Ол үшін қарулануға, күш жыйнап алу керек. Қарулануға, дайындыққа бір ай, көп дегенде бір жарым ай бөлініп отыр. Көп пе? Дайындықтың әрбір күні жайында есеп беруіме болады.

Таня жауап бермеді. Қалың тоқыма қызыл қолғаппен бетін көзіне дейін жауып алды.

— Заты, сізге түсіндіріп жатудың қажеті болмас,— деді ақырын Батманов.— Көзіңіз жақсы екен, өзі де көретін болар.

— Ондай-мұндайды көрдім де? — Таня бетін ашты.— Менің түсінгенімнің барлығы — маған ұнады. Тегі, менің түсінбей қалғандарымның барлығы да, маған соңынан ұнайтын болар. Жолдас Батманов, керек десеңіз, маған Либерман да ұнады. Менің айтайын дегенім: ол бұрынғысынан гөрі маған осы жолы ұнады.

Таня жабдықтаушылар туралы, олардың өзара дұшпандығы, бірақ соның өзінде бәсеке жарыстың ұрығы бар екендігі, Тартюф бен «құрылысқа бөгет жасайтын бөлім» туралы айтты. Қарқ-қарқ күлген Батманов суық ауаға шашалып, жөтеліп қалды.

— Енді айтыңызшы, трассаның елшісі, атыңыз кім, учаскеде не қызмет істейсіз? — деді ол жөтелін басып,— жорамалым

бойынша Таня Васильченкомен сөйлесіп тұрмын ғой деп ойлаймын.

— Гафу етіңіз, мен өзімді таныстыру дегенді ұмытқамын. Жұрт менің атымды ешуақытта сұрамайды — келеді де менімен таныс адамша сөйлесе береді. Сіз дұрыс жобаладыңыз: Мен — байланыс инженері Васильченко.

— Аһа! Берік болыңыз, біз енді сізге ұрса бастаймыз! — деді Беридзе қуанып. — Құрылыста осы күнге дейін телефон мен телеграф жоқ, бұл не масқара!

— Маған ұрыспау керек. Тек телефон мен телеграф қана болмаса менің шұғылданбаған жұмысым аз шығар.

— Неге олай?

— Сізге деген менің екінші сұрауым, міне осы еді. Байланыс басқа жұмыстардың дамуының алдын орап отыруы керек — мен бұрын да осылай деп есептеуші едім, қазірде де сол пікірдемін. Грубскийдің көзқарасы басқаша. Біз онымен қатты жанжалдасқанбыз, сүймеген адаммен келісіп істесе алмаймын. Оның өзінің айтуынша, ол мені аппараттан трассаға қуып жіберді. Жолдас Батманов, сіз оны құрылыста неге қалдырдыңыз? Мен онымен коридорда кездесіп қалып едім, ол кекесінмен: «Дүниедегі ең басты нәрсе сіздің сымды байланысыңыз емес екенін енді түсінген боларсыз?» — деп сұрап та үлгірді.

— Сөйтіп, сіз шынында да түсіндіңіз бе? — деп сұрады Беридзе, Таняның қытығына тиіп.

Қыз қатты ашуланды, аязға тотыққан қоңыр беті қып-қызыл болып кетті.

— Бұрынғы бас инженерге мен сыпайы жауап бермедім. Бірінші танысудың өзінде сізге де әдепсіз болып көрінгім келмейді. Беридзенің шалыс сөзі Таняны кейітіп, Беридзе бұған қарсы болған тәрізді көрініп қалды.

Беридзе райласалық дегендей қыздың қолтығынан алып:

— Ашуланбаңыз, қызыл қалпақ. Мен орынсыз қалжыңдадым.

— Тез жүріңіздер! — деп айқайлады бұлардан озып кетіп, машинаның қасында күтіп тұрған Залкинд.

Бұлар қорбиған тондарымен эмкаға әрең дегенде сыйысып отырды. Залкинд пен Беридзенің арасында қысылып отыру Таняға тіпті ыңғайсыз болды. Күні бойы көп жүргеннен аяғының сырқырай бастағанын Таня енді ғана сезді.

— Бізде байланысшылар жоқ, оларды қашан жоғарыдан жібергенше күту керек, деп Грубский сан рет айтқан болатынды, — делі Таня. — Онсоң ол сымдарды ағаш басына уақытша ілу дегенге де қарсы еді. «Бағаналы линияларды бірден орнатқанның өзі жақсы» дейтін. Ал мұнысы нефтепровод салынып болған соң жүз жылдан кейін болатын нәрсе!

Қыздың осы ойлары Батмановтың назарын аударды. Ол шофермен қатар отыр еді, артына бұрылып:

— Қалай деп ойлайсыз: курстарда оқытып адамдарды тез даярлап шығаруға және уақытша байланыс орнатуға, айталық, бұл жұмысты үш айдың ішінде жасауға бола ма?

— Байланысшыларды курста емес, тіке тәжірибе жұмысы үстінде даярлау керек. Тайсинге дейін сымды біржарым айдың ішінде тартып бітіруге болатындығына әбден сенемін. Бұл жөнде менің жоспарым да бар, сіздерге мен сонымен келіп отырмын.

— Тамаша екен! — деді Батманов, Залкинд пен Беридзеге қарау үшін артына тағы бұрылып.

— Таня, сенің жоспарыңның мәні неде? — деп сұрады Залкинд.

— Байланысшыларды учаскелерге бытыратпау керек, олар онсыз да аз. Екпінді бір колонна ұйымдастырып, онда істелетін жұмыстың түрлерін жәй әрекеттерге бөлу керек. Ең бастысы — жүз комсомол керек, олар тайгаға өз еріктерімен баратын болсын.

Өзінің ұсыныстары жөнінде құрылыс басшылары не айтар екен деп, Таня күтіп отырды. Олар үндемеді, қыздың айтқанын ойлағаннан гөрі, сол қыздың өзі туралы көп ойлап отырды. Батмановтың жаны жәй тапқандай жайрандап кетті, «Алтын кадрлар, міне, осылар — саған өздері келіп жатыр, Василий, аузыңды ашып аңырайып қалма, соларды іске жақсылап тарта біл» дейді ол өзіне өзі ішінен. Беридзе тонының көтерілген жағасының үстінен қыздан көзін айырмады.

— Мен сіздің алғашқы сұрауыңызға жауап бермекшімін, — деді ол. — Сіз дұрыс айтасыз: біздің ойымызды біліп отыруға учаскенің правосы бар, олардың алдында болашаққа айқын жоба болуы керек...

Таня оның сөзін сол отырған бойында тындады. Беридзе жобаны қайта жасаудағы трассаның сол жақ жағалаудағы варианты туралы айтып өтті.

— Білгенде міндеттің бір бөлегін ғана емес, оны түгелінен білу керек. Не болып жатқанның бәрін қамтып көруге тоғызыншы учаске онша биік мұнара емес. Біздің ұйғарындымызды сізге қазір түсіне қою қыйын, оны кейінірек түсінерсіз.

— Мен, тегі түсініп те қойдым-ау деймін, — деді де, қыз ақыры бетін Беридзеге қарай бұрды. — Сол жақ жағаның идеясын өздеріңіз ойлап таптыңыздар ма, әлде ол туралы біздің жазғанымыздан оқыдыңыздар ма?

— Жазғаннан? Ондай ештеңе көргенім жоқ!

Батманов қызға көңіл қоя қарады. Таня жайды түсіндіріп айтты:

— Соғыстың алғашқы күндерінің өзінде-ақ жобаны қай-

тадан қарау керек деген трассада үн шыққан-ды. Карпов деген бір адам, трассаны сол жақ жағаға шығару керек дегенді дәлелдеп берген-ді.

— Ол кім, инженер ме?

— Жок, ол балықшы, Адунның тұрғын адамы, Нижняя Сазанка деревнясынан. Үлкен колхозды басқарған адам. Бір уақытта учаскеге келіп: «Сіздерден ақыл-ой үйренгім келеді»— деп жұмыс сұраған болатын. Мейлінше дарынды адам! Білімі көп емес, бас-аяғы бес класс бітірген, бірақ бәрін біледі, қандай қыйын жұмыстарды болсын қолма-қол ретін тауып, шешіп отырады. Біздің құрылыста оны көбірек қызықтырған жол салу жұмысы болды. Адунның сол жақ жағасы көп елдің қонысы болуы кездейсоқ нәрсе емес, ал он жақ жағада ел жоқтың қасы, деп ол дәлелдеген болатын. Сол жақ жағалаудың бұлай болып шығуы, заңды нәрсе, өйткені, мұнда жаратылыс жағдайы өте қолайлы. Оң жақ жағадағы трасса Адунның тарихына кесе-көлденең келеді. Жол тек сол жақ жағада салынуы керек, ол сонда Нампиді, Ольгохтаны, Чилмуды, Чомиды және басқа көптеген селенияларды Новинскимен байланыстырады, ауданның солтүстікке қарай дамуына сеп болады. Оң жақ жағалауда жол тек бір ғана — Улягир қонысы үшін керек. Онсоң, оң жақ жағада трасса тайганың орманы тұтасып жатқан жоталарды басып өтеді. Ал сол жақ жағада трасса өзеннің жазық аңғарымен өтіп, су жайылатын алқаппен кетеді. Бұл арада нефтепровод құрылысшыларына Адунның барлық халқы көмектеседі, ал оң жақ жағада ел жоқ, ешкім көмектеспейді!

— Апырау! Сіз сол жағаны қостаған менің дәлелдерімді айтып беріп отырсыз ғой! — деді Беридзе абыржый қозғалып қойып.— Осы идеяны сол балықшы шынымен өзі ойлап тапты ма екен?

— Аһа, қытығыңызға тиді ме,— деп күлді Таня көңілі хош болып.— Қорықпай-ақ қойыңыз, ол сіздің даңқыңызға ортақ болмайды. Дұрысын айтқанда, мен Карповтың пікірін басқа жолдастардың ұсыныстарымен толықтырып айттым.— Таня қатты түшкірді: оған суық тиген болу керек.— Сіз бір учаскенің жоғары көзқарасы мен кішкене мүддесі жайында сөз қозғадьңыз. Көріп отырсыз ғой, құрылыстың жалпы тағдырымен де шұғылдану әрекеті болған.

— Карпов қазір қайда, учаскеде ме? — деп сұрады Залкинд.

— Ол құрылыстан кетіп қалған, қазір өзінің Нижняя Сазанкасына барды. Мен онымен Ольгохтада кездесіп, біздегі болып жатқан өзгерістер туралы айттым. Ол тындап алды да, күрсінді. Тегі, бұл өзгерістерге сенбеген болу керек. Қазір оның бізге келер ойы жоқ, балықшылар колхозына қайтадан барып председатель болыпты, жоспарын орындау жағы нашар

көрінеді. Маған балықты мұз астынан қалай аулаудың айласын бір сағат түсіндірді.

— Сол ұсыныстарыңызға қандай болсын жауап ала алдыңыздар ма? — деп сұрады Батманов.

— Алуын алдық. Тополев қарт: «Жобаны сынамастан бұрын, оны орындауды үйреніңіздер» — деп жауап берді.— Өздеріңе шағын жұмыс тапсырылып отырғанда, үлкен жұмысқа бас ұрып әуре болмаңдар дегені ғой.

— Сол жазбаларды тауып алу керек. Қайтсе де тауып алып, маған көрсетіңіздер,— деді Батманов бас инженерге.— Ол қарт, Карповтың колхозына барып, балық аулайтын күнге де жетер.

Машинадан түскеннен кейін, Таня өзінің қатты шаршағандығын сезді. Аяқ басуы қыйын болды. Тополевке кіре шығалық деп шақырған Беридзеге қолын созып:

— Маған кілтті беріңізші? — деп сұрады.

— Қандай кілтті?

— Акша жатқан пәтердің кілті. Родионованың пәтерін ашып кіре алмай қойдым, күні бойы сізді, яғни кілтті іздеудемін.

Георгий Давыдович жедеғабыл қалтасын ақтарды. Кілт кабинетіндегі пальтосының қалтасында қалғандығы есіне түсті. Таняға Беридземен бірге басқармаға дейін еріп баруға тура келді, басқышпен көтеріліп келе жатып күңкілдеді. Кабинеттердің біреуінің алдына келгенде ол тоқтап:

— Тополев, меніңше, осы үйде отырады. Кірелік. Кезі келгенде, амандасып шығайын. Атай жақсы адам, менің танысым, бұл есіңізде болсын, оны ренжітіп жүрмеңіз.

Оныншы тарау

МЕЙМАНДОС ҮЙ

Қаңыраған қаракөлеңке бөлмеде Тополев жалғыз өзі отыр екен. Біраз уақыттан бері бұл үйреншікті әдет болып кеткен. Құрылыстағы өзгерістер, оның күнделік өміріне ешқандай жаңалық енгізген жоқ. Қартты жаңа басшылық келді деп шошытпақшы болған Грубскийдің әрекетінен де түк шықпады.

— Қайымықпадық көкжалдан,— деді оған Кузьма Кузьмич. Мен алпыстан асқан адаммын, өз міндетімді артығымен орындадым, мені әрбір басшылық құрметтеуге міндетті, тек егер де басшылыққа келгендер есалаң біреулер болып жүрмесе.

Таня мен Беридзе бөлмеге кіре бергенде, қарттың кенет басын шайқап есіктің сықырлағанынан селік ете түскенін байқап қалды. Георгий Давыдович өзінің жымыйып күлгенін байқатпай аузын алақанымен басты. Ковшов оған басқарма қызметкерлері арасында айтылып жүрген Тополев туралы күлкі әңгі-

мені айтқан болатын-ды, карт инженер кабинетінде телефон трубкасын немесе қаламын қолына ұстаған қалпында ұйқтап отырады,— екен деп шығарған.

Қабырға газетінің редакторы, еңбек тәртібіне арналған номеріне картты сықақтаған сурет берген. Тополевтің сырт бейнесінің ерекшелік белгілері — ұзын бойлылығы, еңкіштігі, мұрты — художник үшін ең асыл материал болған. Инженер кабинетіндегі столға сүйеніп ұйқтап отырған қалпында көрсетілген. Залкиндтің айтуымен ол суретті алып тастағанға дейін, Грубский оны Тополевке «достық» ретінде көрсетіп те үлгірген. Кузьма Кузьмич суреттің мәнін әуелі түсінген жоқ, ал әбден түсінген кезде — ол ашу қысып қызарып кетті, ауыр күрсініп, белі бүкшиіп, кабинетінде жалғыз отыратын болды.

Бас инженер кіріп келгенде, бурыл мұртын қызыл орамалымен сыйпап, ұзын бойлы, сорайған арық Тополев столдың артынан тұра келді. Ол Таняның қолын екі қолымен бірдей қысты, бет ажары нұрлана түсіп, жайдары қалыпқа келді.

Беридзе Тополевтен жобаға өзгеріс енгізу жайында тоғызыншы учаскенің ұсыныс жасаған хатын іздеп табуды өтінді. Кузьма Кузьмич мұртын сыйпап, бір минуттай есіне түсіріп тұрды да, шкафтың қасына барып, папкаларды ақтарып қарауға кірісті. Хат учаскелермен жазысатын қағаздардың қалың папкасына тігілген екен.

Георгий Давыдович дереу оқуға кірісті. Карт пен қыз инженерге қарап қойып сыбырласып жатты.

— Сидоренкомен кеткіңіз келмеді ме? — деп сұрады Таня.— Бір кезде екеуіңіздің шенісіп қалғандарыңыз әлі есімде.

— Мен кету жайында да қыбыр етпедім, ал қалу жөнінде де бір ауыз сөз айтқаным жоқ. Мені бұл күнде ескермейді,— қартайдық қой. Кетелік деп мені ешкім шақырған да емес, қалсаң қайтеді деп ешкімнің сөйлескені де есімде жоқ. Жарқын-ау, маған бәрібір ғой. Ендігі тілегім тыныш өмір. Жуықта Джек Лондонның бір тамаша кітабын оқыдым: «Тілек-арманнан ада болғаннан кейін, үміт пен қорқыныш дегенді білмейтін болдық» деп жазыпты. Ешкімге керегің болмағаныңның өзі жақсы. Маған сен, Татьяначка.

— Сендірмей-ақ қойыңыз, Кузьма Кузьмич, нанбаймын. Егер де жұртқа, ешкімге керегім жоқтығына көзім жеткен болса, мен өмір сүруді тілемеген болар едім.— Оның денесі мұздап тітіркенгендей болды. Көңілсіз, жат идея!.. Өзіңізді үйтіп жамандай бермеңіз, бәрібір сенбеймін, атай. Тек, қазір көңліңіз жәй жабырқап отыр. Одан да Володя туралы айтыңызшы. Ол қайда, өзі туралы не жазады?

— Өзі туралы ештеңе жазбайды. Көбінесе ол артиллерия мен өзінің генералы жайында жазады: «Орыс артиллериясы дүние жүзіндегі ең жақсы артиллерия. Біздің генерал — жігіт-

тің төресі, қарт ата, сенімен теңестіретін адам емес. Ол сені ұмытпапты, бір-екі рет айтып қойды, сәлем айт деді». Хат Минск түбінен жазылған. Мен оны тұспалынан түсіндім: «Ата, сенің завод салған жерлерінде фрицтерді соққылап жатырмыз» дейді.

— Мына хат жөніндегі қорытынды сіздікі ме? — деді Беридзе қалың істі көтеріп тұрып.

— Менікі,— деп жауап берді Кузьма Кузьмич.

Георгий Давыдович әрі қарай оқый берді. Қолымен ылғый бірдемені ұстап отыру өзінің әдеті еді. Сол хатты және Тополевтің қорытындысын оқып тұрған кезде ол сақалымен айналысып, оның бұйра талдарын қарындашына орап шыйратып отырды. Таня күліп жіберді.

— Сен не? — деп сұрады Кузьма Кузьмич.

— Жаңа бас инженер — сүйкімді адам.

— Сен қателесесің. Ол да, өзгелері де маған ұнамайды, әдепсіз адамдар, өздері тек айғай-шуды сүйеді екен. Бәрін де жамандап тіпті қалай тұруды, қалай жұмыс істеуді үйреткен болады. Өздері білеме екен соны? Бас инженер — сақал сыяқты жаңа сыпырғыш.

— Мен жүзге келген адам емеспін, менде қайтсе де бәріне күдік туғызатын данышпандық әдет де болып көрген жоқ. Беридзенің өте жақсы адам екенін тірі болсаңыз әлі-ақ көрерсіз. Оны өзінің нағыз кейпінде көп кешікпей көруіңізге кеңес бермін. Ол, тегі, өзіңізге бірнеше әділ және сізге қолайсыздау сөздер айтқан болар, ал, Кузьма Кузьмич, сізге тек жағымды сөздер айтып отыратын адамдар ғана ұнайды. Мысалы, біздің Грубский. Сондай адаммен қалайша дос болып жүргеніңізге түсінбеймін.

Бас инженер қағаздарды жыйнап қойды да, бұлардың қасына келді.

— Сіз әбден ойланып алып үлкен қорытынды жазған екенсіз,— деді ол Тополевке қарап.— Карповтың идеясын сіз ашық қолдаған екенсіз. Керек десе, оны дамыта түскен көрінесіз дер едім.— Беридзе жауап күткендей үндемей отырды.

— Баяндау хатта айтылған пікірлер, маған әрі дұрыс, әрі мезгілімен айтылған пікір болып көрінген еді,— деді Тополев.

— Сіз оған неге соншалық немғұрайды қарадыңыз? Сіз оны дөрекілеу үш жол жазылған қағазбен қабылдамай тастағансыз. Басқа біреу жобаңызды сынады екен деп, әрі ақылды, әрі құнды осындай ұсыныстан қалайша қолды бір-ақ сілтедіңіз екен?

Қарт тамыры көкпеңбек болып білеуленген үлкен зілдей қолдарын төмен түсіріп тұр. Беті қызарып, кеудесі сыр-сыр етіп қатты дем алады.

— Осынша ұзақ қорытынды жазуға не үшін әуреленгені-

нізге түсіне алмай-ақ қойдым? Тіпті түсініксіз: сіз оны біресе жақтайсыз, біресе оған қарсы боласыз,— деп Беридзе иығын көтерді.

Таня Тополевке карап отырған бас инженердің көзқарасының жұмсара бастағандығын байқады. Көңілі тілемесе де, бұл катал әрі қыңыр қартқа Беридзе сүйкімді сезімде болды. Қарт Грубский жағына шығып жүрсе де, оған жасаған көзқарасын бұған жасағысы келмеді. Құрылысшылар арасына баяғыдан әйгілі болған Тополевті бұрынғы еңбектері үшін Беридзе қадірлемей тұра алмады.

— Өкінішті,— деді Беридзе ақырын.— Мұндай іске кездесу өкінішті, меніңше, сіздің тоғызыншы учаскеге жазған атүсті жауабыңыздың әділетсіздік екендігін өзіңіз де сезіп отырған боларсыз.

— Кузьма Кузьмич үшін маған жауап беруге бола ма? — деді Таня шыдай алмай.— Кузьма Кузьмич ескі интеллигент. Өзінің мінезінде ол көбінесе ниеті түзулігі жайында қате принципті қолданады.

— Татьяна Петровна! — деді Тополев ашулана қырылдаған дауыспен, қалың қасты қабағын көтеріп.

— Егер өзіңіз ақтала алмайды екенсіз, онда үндеменіз! — деді Таня, катуланып.— Мынау болымсыз қағаздың авторы Тополев емес, Грубский. Соның стилі!.. Бүкіл оқыйғаның қалай болғанын жорамалдау арқылы-ақ айтып берейін. Кузьма Кузьмич, ойында түк жоқ өз қорытындысын Грубскийге алып келді. Ол Кузьма Кузьмичті әуелі мыскылдап күліп алды да белгілі үш ауыз сөзді бұл кісіге өзі айтып жаздырды.— Таня Тополевке бұрылып қарады.— Кузьма Кузьмич, сіз, бір нәрсені ұққыңыз келмейді: Грубский сіздің құрметті бастығыңыз және ескі досыңыз бола тұрса да, оның ақылын тыңдайтын адам емес.

Таня сасқалақтап қалды: қарттың жаман көзімен тесірейе қарағаны оның өңіменінен өтіп барады екен.

— Әрине, мұнда қағаздың алатын орны онша зор емес,— деді Таня басынқы сөйлеп. Құрылыс бұл қағазсыз-ақ бөгеліп болған. Егер де құрылыс бөгетке ұшырамаса, сізге мұнда, дүниенің қайдағыбір шетіне келуге тура келмеген болар еді. Жаман болмай жақсы болмас деген осыдағы.

Таня жағдайды қалжыңмен шайып-жумақ болып еді, бірақ қарт одан теріс айналып кетіп, түксиген бойы қаһарын төгіп тұр...

Сонша әлекпен әрең табылған кілттің енді керегі болмай да қалды, Ольганың апасы, бірге тұратын Серафима апай үйде болып шықты. Ішіне ауа үрлеп толтырған шарлардан жасалған адам тәрізді тырсыйған семіз Серафима бүкіл ас үйді бір өзі алып столдан плитаға, плитадан столға қарай әрең дегенде бұрылады. Санына алақанымен бір соғып, Серафима Таняға қа-

рай ұмтылды, оны өзінің алпамсадай көкірегіне қысып құшақтады.

— Амансың ба, сұлуым, сүйіктім, Танечка, алтыным,— деді шұбыртып жуан әйел.

Меймандос Серафиманың құшағы және күні бойы сөнбей жанып жатқан пештен шыққан қызу Таняны жылытып жіберді. Ол шаңғы костюмін дереу шешіп тастады да, қол-аяғын қатты-қатты ысқылап, Ольганың көк барқыт шапанына оранды. Жұмсақ диванда бойы жазылып жатқан қыз, Ольга досына алғыс айтып, жүрегі елжірегендей болып ойға кетті.

Бөлменің ішіндегі ешнәрсе өзгермеген: кестелі бұйымдар, орамал, кілемшелер барлығы орнында. Ольганың қолы-қолына жұқпай жылдам кесте тігуі және оны саналуан етіп әшекейлеуі, тіпті Серафиманың өзін де таңырқататын. Бұрынғы кестелерінің үстіне жаңалар — нанайлардың өрнекті оюлары қосылыпты, олар Ольганың тап-тұйнақтай жыйналған төсегінің үстіңгі жағынан көрнекті орын алып тұр. Медицина кітаптары қойылған сөре бұрынғы орнында екен, патефон мен пластинкалар салынған кішкене тумба, аурухананың ағаш ұстасы сыйлаған иіс су, сабын қоятын кішкене стол, ұсқынсыз айна, оның алдында тоқылған дастарқаншаның үстінде тұмсықтарын көтерген кішкене пілдер, одеколон мен иіс су сауыттары, үлкен тарак тұр. Столда Константиннің кітаптары. Бұлар оның бөлмесінен осында әкелініп қойылыпты. Столдың жоғарғы жағында кестелі дорбада — хаттар, қағаздар, рецептер, газеттен қыйындылар салулы тұр, оның бәрінен жоғары: қасқа бас, үлкен мүйіз көзілдірікті және жұқа ернінде сықақтау белгісі қалып қойған Константиннің суреті ілулі тұр.

— Константин Андреевич бұрынғысынан өзгермепті. Ызбарлы философ, психолог,— деді Таня жақтырмай.

— Баяғы бір қалпы, сол қалпы — оңбағанның,— деп Серафима іліп әкетті. Ол есіктің бүкіл алдын денесімен жауып, табалдырықта тұр еді.

— Осылардың арасы не болып жүр? Ольганың хатынан мен ештеңе түсіне алмадым. Константин туралы сөйленсе-ақ, ол үндемей қалады.

— Атай көрме. Мен өзім де оны түсіне алмаймын. Константиннен ол жылы сөз, жарқын жүз көрген емес. Күйеуі бар сыяқты, бірақ жетімсіреп, жападан жалғыз тұрады. Әлде оның қандай адам екенін түсінбей ме екен? Әлде түсінсе де, бұл бұлдыр махаббаттан бойын аулаққа сала алмай жүр ме екен? Маған түсіндірші осыны, бір істеген жақсылығың болсын!

— Ольга оған үйреніп кеткен ғой деп шамалаймын. Қанша дегеніңмен бірнеше жыл бірге өмір сүріп келеді ғой. Сен оны хасірет шегіп жүр деп ойлайсың ба?

— Менің көзім жоқ па екен?

Жуан әйел қолын алжапқыштың астына тығып жіберіп, тағы бастырмалатып шапшаң сөйлеп кетті.

— Мен олардың Рубежанскіде қалай тұрғанын білмеймін. Бірақ Ольга ол арадан тегін кетпеген. Профессор Ольганы ең жақсы көмекшім деп, одан жанын аямайды екен дегенді есітіп едім. Қызметін не деуші еді?..

— Ассистент пе?

— Я, солай. Оның ең жақсы көмекшісі бола тұрып, бірден ғылымды тастап кетіп қалған. Әрине, мұнда Ольга аурухананың бас дәрігері және жұрттың бәрі де оны құрметтейді: жұмыс жөнінде ол қыйыншылық көріп жүр деп айта алмаймын. Бірақ өзімнің шолақ ақылыммен: Ольга Константинмен бірге өмір сүріп тұра алмайтын болған ғой деп түсінемін. Бұған Константин опасыздық жасады-ау деген ой келеді. Қандай төбет десеңші... Бөлек тұра бастағаннан кейін, оны ұмытуы керек еді. Олай болмады... Азап шегіп жүр. Содан кейін ол осында көшіп келді.— Үйге кіргізбеу керек еді оны, ал Ольга өйтпеді. Біраз күн бірге тұрды. Сен осында болып едің ғой, өзің де көрдің ғой.

— Барлығы екі-ақ рет болдым. Менің соны көргім келмейді,— деп Таня жиркене бетін тыржыйтты.

— Құдай оңдап, Рубежанскіге қайта кетті. Не осында оның іші пысты немесе бірімен бірі сөзге келісіп іренжісіп қалды. Кетуі-ақ мұң екен, баяғы әурешілдік қайта басталды. Хат жібереді: «Сағындым, құшақтаймын, сүйемін». Сөйтіп: «костюм жібер — тозып қалды», «шалбарлық кездеме тауып бер, сіздердің құрылыстарыңыздан тауып алуға болады ғой», «ақша жібер — байығанда қайтарармын»,— деп жазады да жатады. Басқа әйел болса, осының бәріне бір-ақ түкірер еді, ал Ольга олай емес. Тырысып, жаны қалмай әуреленіп, менен жасырып өзінің ұсақ-түйегін сатып, сұрағанының бәрін жібереді.

— Ол, тегі, жуықта осында тағы келіп кеткен бе? — деп сұрады Таня ұйқылы даусымен, Серафиманың мылжыңынан жалығып, қалғый бастаған қалпы.

— Сентябрь айында келіп кеткен... Мен ұнатпадым, ал Ольга абыржып қалды. Ольга маған командировкаға келіпті деп қойды. Мен де соқыр емеспін ғой, байқаймын, ол тіпті біржола келген адамға ұқсайды. Сөйтіп, олардың арасында тағы бірдеңе болды-ау деймін. Жанжал шықса керек. Мен күні бойы үйде жоқ едім. Қайтып келсем, Ольга өз бөлмесін жауып алған, ал Константин чемоданына киімдерін салып жатыр екен. Ольга қоштасуға бөлмесінен де шыққан жоқ. Ол есікті ашып табалдырықта тұрып Ольгаға: «Қуып шығардың ба? Өкінерсің» — деді.

— Жарайсың! — деді Таня.

— Жарайсың деуің дұрыс-ау, бірақ тағы азап шегіп жүр. Түсінбей-ақ қойдым әлде аяйма, қайтеді... Соңғы хатын өткен айдың жыйырмаларында жіберіпті. Мынау шеті көрініп тұрған алқызыл конверттегі сол хат. Таякпен аяққа ұрғандай, жаңалық хабар жазыпты: «Өзім сұранып майданға кетіп барамын. Отан үшін қан төккім келеді» депті.

Таня таң қалып, орнынан түрегелді. Одан ол мұны күткен жоқ еді!

— Мүмкін, ол алдап жүрген шығар?

— Жоқ, тегі ол шын кеткен болуы керек.

— Керемет, тіпті керемет екен. Таня бұған сеніңкіремей, кестелі дорбадан шығып тұрған алқызыл конвертке көзінің қырымен қарады.

— Енді әрі қарай байымдап көр. Майданға кетті — жолы болсын. Мүмкін, ақыл кірер. Ал Ольгаға олай емес сыяқты. Азап шегіп жүр...

Серафима плитаға қойған бірдемелерін көру үшін ас үйге кетіп, жып-жылдам қайтып келді. Оның сөзі тас бұлақтың суындай қайтадан ағытыла бастады:

— Не ойлайды екен, нені арман етеді екен? Жақсы адам таба алмай ма? Рогов оның теңі емес пе? Келбетті адам, күшті, қайырымды, ержүрек жігіт. Ольганы ол бұрыннан, Рубежанскіден бері сүйеді екен. Сүйгенде қандай — Ольга тілесе, Александр Иванович оған көктегі айды алып беруге бар. Балық заводының директоры болып істеп жүргенде, әртүрлі сүрленген балық жіберетін, кладовойды толтырып, оларды қайда қоярымды білмейтінмін. Ол маған бірде мұңын шаққан-ды: «Рубежанскіде тұрғанда, оның күйеуі болды да, мен оның бетіне тура қарай да алмадым. Содан кейін қуанып едім: Оның басы босады. Бірақ, ешбір өзгеріс болған жоқ». «Мен оған неге жақпадым екен?» — деп сұрайды менен. Оған не айтарсың. Жақсы адам ғой. Ольгаға да Александр Иванович ұнайды-ау деп ойлаймын. Бірақ түсініп көр: Роговқа түсін бермейді. Рогов байғұс Ольга үшін кейде есуас адамдай болып жүреді...

Таня Роговтың Ольгаға жазған хаты туралы есіне алды. Өзінің тұрғысы келмей, дорбадағы конвертті алып бер деп Серафимадан өтінді. Дорбаны ақтарып жатып, үй иесі әйел сөзін тоқтатқан жоқ.

— Ол бірдемеге күдіктеніп Роговқа сенбейді дейік. Саған басқа бір оқыйғаны айтайын. Бас инженер бізде тұрады, өзіне-өзі берік, қайырымды, сүйкімді кісі. Жалғыз бас, оның несі жақпайды. Бұл неге ұнамайды. Ольга қандай адам өзі?

Таня Беридзе мен Ольганы көз алдына бірге елестетті, бұл оған ұнамады, сөйтіп ол жақтырмаған қалпы:

— Менің көзім жоқ па екен?

Жуан әйел қолын алжапқыштың астына тығып жіберіп, тағы бастырмалатып шапшаң сөйлеп кетті.

— Мен олардың Рубежанскіде қалай тұрғанын білмеймін. Бірақ Ольга ол арадан тегін кетпеген. Профессор Ольганы ең жақсы көмекшім деп, одан жанын аямайды екен дегенді есітіп едім. Қызметін не деуші еді?..

— Ассистент пе?

— Я, солай. Оның ең жақсы көмекшісі бола тұрып, бірден ғылымды тастап кетіп қалған. Әрине, мұнда Ольга аурухананың бас дәрігері және жұрттың бәрі де оны құрметтейді: жұмыс жөнінде ол қыйыншылық көріп жүр деп айта алмаймын. Бірақ өзімнің шолақ ақылыммен: Ольга Константинмен бірге өмір сүріп тұра алмайтын болған ғой деп түсінемін. Бұған Константин опасыздық жасады-ау деген ой келеді. Қандай төбет десеңші... Бөлек тұра бастағаннан кейін, оны ұмытуы керек еді. Олай болмады... Азап шегіп жүр. Содан кейін ол осында көшіп келді.— Үйге кіргізбеу керек еді оны, ал Ольга өйтпеді. Біраз күн бірге тұрды. Сен осында болып едің ғой, өзің де көрдің ғой.

— Барлығы екі-ақ рет болдым. Менің соны көргім келмейді,— деп Таня жиркене бетін тыржыйтты.

— Құдай оңдап, Рубежанскіге қайта кетті. Не осында оның іші пысты немесе бірімен бірі сөзге келісіп іренжісіп қалды. Кетуі-ақ мұң екен, баяғы әурешілдік қайта басталды. Хат жібереді: «Сағындым, құшақтаймын, сүйемін». Сөйтіп: «костюм жібер — тозып қалды», «шалбарлық кездеме тауып бер, сіздердің құрылыстарыңыздан тауып алуға болады ғой», «ақша жібер — байығанда қайтарармын»,— деп жазады да жатады. Басқа әйел болса, осының бәріне бір-ақ түкірер еді, ал Ольга олай емес. Тырысып, жаны қалмай әуреленіп, менен жасырып өзінің ұсақ-түйегін сатып, сұрағанының бәрін жібереді.

— Ол, тегі, жуықта осында тағы келіп кеткен бе? — деп сұрады Таня ұйқылы даусымен, Серафиманың мылжыңымнан жалығып, қалғый бастаған қалпы.

— Сентябрь айында келіп кеткен... Мен ұнатпадым, ал Ольга абыржып қалды. Ольга маған командировкаға келіпті деп қойды. Мен де соқыр емеспін ғой, байқаймын, ол тіпті біржола келген адамға ұқсайды. Сөйтіп, олардың арасында тағы бірдене болды-ау деймін. Жанжал шықса керек. Мен күні бойы үйде жоқ едім. Қайтып келсем, Ольга өз бөлмесін жауып алған, ал Константин чемоданына киімдерін салып жатыр екен. Ольга қоштасуға бөлмесінен де шыққан жоқ. Ол есікті ашып табалдырықта тұрып Ольгаға: «Қуып шығардың ба? Өкінерсің» — деді.

— Жарайсың! — деді Таня.

— Жарайсың деуің дұрыс-ау, бірақ тағы азап шегіп жүр. Түсінбей-ақ қойдым әлде аяйма, қайтеді... Соңғы хатын өткен айдың жыйырмаларында жіберіпті. Мынау шеті көрініп тұрған алқызыл конверттегі сол хат. Таяқпен аяққа ұрғандай, жаңалық хабар жазыпты: «Өзім сұранып майданға кетіп барамын. Отан үшін қан төккім келеді» депті.

Таня таң қалып, орнынан түрегелді. Одан ол мұны күткен жоқ еді!

— Мүмкін, ол алдап жүрген шығар?

— Жоқ, тегі ол шын кеткен болуы керек.

— Керемет, тіпті керемет екен. Таня бұған сеніңкіремей, кестелі дорбадан шығып тұрған алқызыл конвертке көзінің қырымен қарады.

— Енді әрі қарай байымдап көр. Майданға кетті — жолы болсын. Мүмкін, ақыл кірер. Ал Ольгаға олай емес сыяқты. Азап шегіп жүр...

Серафима плитаға қойған бірдемелерін көру үшін ас үйге кетіп, жып-жылдам қайтып келді. Оның сөзі тас бұлақтың суындай қайтадан ағытыла бастады:

— Не ойлайды екен, нені арман етеді екен? Жақсы адам таба алмай ма? Рогов оның теңі емес пе? Қелбетті адам, күшті, қайырымды, ержүрек жігіт. Ольганы ол бұрыннан, Рубежанскіден бері сүйеді екен. Сүйгенде қандай — Ольга тілесе, Александр Иванович оған көктегі айды алып беруге бар. Балық заводының директоры болып істеп жүргенде, әртүрлі сүрленген балық жіберетін, кладовойды толтырып, оларды қайда қоярымды білмейтінмін. Ол маған бірде мұңын шаққан-ды: «Рубежанскіде тұрғанда, оның күйеуі болды да, мен оның бетіне тура қарай да алмадым. Содан кейін қуанып едім: Оның басы босады. Бірақ, ешбір өзгеріс болған жоқ». «Мен оған неге жақпадым екен?» — деп сұрайды менен. Оған не айтарсың. Жақсы адам ғой. Ольгаға да Александр Иванович ұнайды-ау деп ойлаймын. Бірақ түсініп көр: Роговқа түсін бермейді. Рогов байғұс Ольга үшін кейде есуас адамдай болып жүреді...

Таня Роговтың Ольгаға жазған хаты туралы есіне алды. Өзінің тұрғысы келмей, дорбадағы конвертті алып бер деп Серафимадан өтінді. Дорбаны ақтарып жатып, үй иесі әйел сөзін тоқтатқан жоқ.

— Ол бірдемеге күдіктеніп Роговқа сенбейді дейік. Саған басқа бір оқыйғаны айтайын. Бас инженер бізде тұрады, өзіне-өзі берік, қайырымды, сүйкімді кісі. Жалғыз бас, оның несі жақпайды. Бұл неге ұнамайды. Ольга қандай адам өзі?

Таня Беридзе мен Ольганы көз алдына бірге елестетті, бұл оған ұнамады, сөйтіп ол жақтырмаған қалпы:

— Беридзе Ольгаға үйлеспейді,— деді.

— Ольгаға үйлеспей ме? Онда кімге үйлеседі?

— Ешкімге де үйлеспейді. Сен бірінен соң біріне жармаса берме.

— Ал сен де ылғый жалғызсың, Танечка! Қанзаданы күтіп жүрсін бе? — деп сұрады Серафима көтеріліп. — Карасам, сен екеуіңнен гөрі Женька ақылды екен. Қасірет шегіп, қайғырмай-ақ жүріп жатыр, оған әрқашан да көңілді.

— Апай, сіз қайдағы жоқты айттыңыз ғой,— деді Таня кынжылып. — Ақылды әйелге ұксап сөйлеп отырып, жолдан адастың. Дұрыс сөзге ақылың жетпей қалды.

Серафима Таняға өзінің жыйнастырған шаруашылығын: торайларын, тауықтары мен қораздарын, үш қазын, тұзды қыяр салған бөшкесін, капуста бөшкесін, погребке қойған бірнеше қап картошкасын зор мақтан етіп айтып берді. Осы байлықтың бәрін көру үшін Таняның орнынан тұруына тура келді.

Бұлар Беридзенің қазіргі тұратын бөлмесіне де кіріп шықты. Таня жақтырмайтын бір кезде Константиннің тұрғын үйі болған бұл бөлмені біраз уақ-түйектер өзгертіп жіберіпті. Темекі мен одеколонның араласқан иісі («шылымды көп тартады, сақалын сылап-сыйпай береді, оған иіс су себеді» — деді сөзуар Серафима); арасына қағаз салынған техникалық жана журналдар («кеш қайтады да таң атқанша оқый береді»); беті ашылып қалған Маяковскийдің томы, бірнеше трубкалар, қабырғаға ілінген аңшының мылтығы, оның астында былғары бауы салбырап ілулі тұрған фотоаппарат, («Ольганы суретке түсіруге шақырып еді, ол бармады, мені түсіріп алып, сурет түсіретін қағазға әрең дегенде сыйдыңыз деп күлді»); бурыл шаш сүйкімді қарт әйелдің суреті («оның шешесі, Грузияда, Сталин туған жерде тұрады, шешесін сондай құрметтеп мақтайды, оған ақша жіберіп, хат жазып тұрады»); көпірлердің қолдан жасалған макеттері, бір үлкен құрылыстың моделі, Қыйыр-шығыстық Тайга мен Адунның бір бума суреттері («ол бізге — бүкіл елді аралағанын, көптеген құрылыстарда істегенін айтып берді, еліміздің жері бетінде ат төбеліндей бос орын қалмағанға дейін құрылыс сала беремін, сонсоң өзіме ескерткіш орнатамын да, астына барып жатамын, дейді»).

Ольга бұлардың әңгімелесіп отырған үстінен шықты. Таня жатыр екен, Серафима күпшектей боп оның қасында отыр.

— Өсек айтып отырсыңдар ма? — деп сұрады Ольга, Серафима мен дос қызына және күйеуінің суретіне күдіктене қарап. — Хозяйка, сен, өзіңнің мылжың әңгімеңмен, тегі, кісіге дем алғызбаған да боларсың?

Серафима бірден жым-жырт болды, Ольганың цыгей терісінен тігілген ішігін алды да, шығып кетті. Достар құшақтасып та алды.

— Египтяночка, арықтап, көзің бұрынғыдан да үлкейіп кетіпті ғой,— деді Таня жылы жүзбен.

— Тағы ауырып жүрмін,— деп Ольга таңылған қолын көтерді.

Оның буыннан болған ревматизмі жылына екі рет қайталайтын. Ол тостағандай көк көзімен ақырын Таняға қарап отыр. Ортасынан бөліп әдемілеп тараған шашында, ернінің болар-болмас қатпарында, оның бүкіл жұқа бетінің реңінде қатты өкініштің белгісі жасырынып тұрғандай еді.

Таня тағы да Ольганы құштарлана құшақтады. Бойлары бірдей болса да, бұлардың бірінен-бірін айқын айыруға болатын-ды: нәзік, босаң, кара торы келген Ольгадан гөрі Таняның денесі сом, әлдірек болып көрінетін.

— Қымбатты досым, мені аяйсың ғой? Көріп тұрмын, Серафима саған түкке тұрмайтын бірдемелерді көкітіп берген ғой, сенің еңсең түсіп қалыпты. Ольга Татьянаның құшағынан босады да, одан доктор киімінің арқасындағы бауын шешіп жіберуін сұрады. Ымырт тез қоюланып, терезеге түн қараңғысы түсті. Электростанция жарық бергенге дейін достар қараңғыда отырды. Ольга екі қолын балаша кезек-кезек тербетіп қояды.

— Саған ауруханаға бармай-ақ, жату керек қой,— деді Таня.— Онда жұмысыңның бастан асып жатқанын біліп тұрмын. Медицина қызметкерлерінің тең жартысын армияға шақырып әкетті деп есітіп едім...

— Азайыңқырап қалдық. Міне, сондықтан да, маған үйде отыруға болмайды. Жұмысты көп істесем, ревматизміме де жақсы. Мен өз ауруханамды сондай жақсы көрем, Татьяна, тіпті онсыз жерде тұра алмайтын сыяқтымын.

Көптен кездеспей барып көріскен жақын достарда болатын әдетше, бұлар да көп тақырыпты қамтып, бірінен соң біріне жедел көшіп отырды.

— Пәтерші мазанды алмай ма? — деп сұрады Таня сақтықпен: қанша айтқанмен Беридзе оның назарын өзіне аударған болу керек.

— Жоқ. Кісіге беталды соқтықпайтын әдепті адам. Үйде аз болады. Маңайындағыларға сондай ылтыйпатты.

— Саған ше?

— Маған да. Мейірбандылығында шек жоқ — онысы ондаған адамға да жетер. Серафима сондай жақсы көреді, менің ұрысқанымға карамастан оның еңбегін пайдаланып жүреді. Не отын әкеліп бер дейді, не болмаса басқа бірдемені әкеп бер деп мазасын алады. Неліктен екенін білмеймін, ол келгеннен бері үйге тыныштық орнай бастады. Әлде бізге, әйелдерге жақын маңайымызда, шынында, еркек болуы керек пе екен?

— Білмеймін, бұл жөнінде тәжірибем жоқ,— деді Таня мысқылдаған пішінмен.

— Тек сен менің мұнымды өзгеше түсініп жүрме. Менің өйткендей жайым бар ма?

Бұл сөз ызасыз, мұңмен айтылып еді. Суретке Ольганың карап отырғанын көрген Таня, Родионовтың портретіне жаман көзімен қарады.

— Оның майданға кеткеніне сен неге сонша ауыр күйзеле-сің? Бәрібір бөлек тұрып келдіңдер ғой, ерте ме, кеш пе, әйтеуір мұндай өмірден құтылу керек емес пе? Серафима, майданға ол өзі тіленіп кетті дейді. Әрине, бұл адамгершілік іс, бірақ мен одан мұндайды күткен жоқ едім. Менің бүкпесіз айтқаны-ма ғафу ет.

— Я, я онысы ол үшін сыйымсыз адамгершілік,— деп Таня күтпеген жерден Ольга оның пікірін қостап қойды. Егер де ол майданға адал адамдардың барғаны сыяқты кетсе бір сәрі ғой! — Ольга есікке қарады да, ақырын сөйледі:— Ол осында келген болатын, сенен бөлініп тұра алмаймын, сондықтан өзімді мұнда қызметке ауыстырды деген соң сенген едім. Бақсам оның ойында басқа бірдеме болыпты. Оның брони алып өзін әскерге жібермекші болып жатқанын біліпті де, әйтеуір бір сылтау тауып осында келіпті. Мен оған сенер, сенбес болдым. Ол менен жұмысқа орналастыр деп сұрады. «Майданға бар. Өзің докторсың, денің сау адамсың»— дедім мен оған. Маған оның қандай көзімен қарағанын көрсең еді, мәңгі-бақы ұмытпаспын! — «Сен маған екінші өмір бере аласың ба? Менсіз де батырлар табылар. Онан да маған ақ билет алуға көмектес, бұл арада сенің байланысың күшті және сұрыптау комиссиясының да мүшесісің. Бар үмітім сенде»,— деді. Осының бәрін маған жайлап, мізбақпай айтқаны бетке ұрғандай болды. Ашу қысып, мен оған дереу кет деп әмір еттім!

— Дұрыс! — деді Таня ызаланып.

— Шынын айтқанда, ол кеткен соң тыныш болдым. Кенет мына бір хат келді. Бұл бастан-аяқ жалған, өзің оқысаң көзің жетеді. Оның не ойлағанына түсіне алмай-ақ қойдым? Шынымен тағы алдағаны ма? Немесе бірдеңені, ақырында, түсінді ме екен? Қаншалықты қыйын десеңші маған!.. Оның соңғы сөзі тіпті зармен қыйналып шықты. Таня досына қарай амалсыз ұмтылғандай болды.

— Көрдің бе, әйелдік өкпемен адамға қанша сөз айтып отырғанымды! — деп есін жаңа жыйған адамдай Ольга өзін кіналай бастады. Сонсоң бірден бойын бекітіп алып, майданда жанын қыйып жүрген адамның мен мұнда дымын қалдырмай жазғырып отырмын.

Ольга ауыз үй жақтан шыққан дауысты есітіп, орнынан тұрды. Беридзе келді, ол Ковшовты ертіп келіпті.

— Кешіріңіздер, замандастар. Мына панасыз жігітті басқа

жаққа жібере алмадым. Мейрімді үйіңізде, жанын жайландыруға рұқсат етіңіздер.

Даладан жүгіріп кірген Женя үйді басына көтеріп айқай-шу мен ойын-күлкіге толтырды. Серафима жайнап кетті — ол келген қонақты қабылдап күтуді сүйетін, Беридзенің бөлмесіндегі столды салтанатпен дайындай бастады. Тұздалған балық, тұздалған овощь, бұғының салқын сүр еттері келіп қалды.

— Тағамдар жұпыны болғанмен, бәрі өзіміздің Қыйыр-Шығыстікі. Спирт осы аранікі ме, оны білмедім? — деп Серафима бұл сұрауды Беридзеге берді, спирт құйған үлкен сарғылт бутылді көрсетіп: — Георгий Давыдович, өзіңіздің қалауыңыз бойынша, спиртке су араластырыңыз? — деді.

Беридзе мыйығынан күліп қойып, «химиямен» шұғылданды. Спиртке су қосты. Кенеттен мұндай әрі жылы, әрі жайлы үйді кездестірген Алексей, егер адам шын жақсы адам болса, мұздай суық үйдің өзінде де өмірді шырайлы ете алатын үй жасай алады екен деп ойлады. Столға Ковшовпен қатар отырып жатып, Беридзе оның құлағына сыбырлап:

— Алеша, мен тегі ғашық болып қалдым білем. Қазір Купидонның¹ әйгілі оғының бойдақ жүрегіме қадалғанын сезіп тұрғандаймын. Осы отырған сүйкімді әйелдердің ішінен қайсысын сүйдім екен, соны тапшы? — деді. Ол Танядан көзін алмады.

— Онша қыйын жұмбақ емес, — деп күлді Алексей.

— О, бастықтар, сыбырласуға жарамайды, — деді Таня бұларды кіналап. Ол бұлардың өзі туралы сөйлесіп жатқанын түсінді, ал Беридзенің назар аударғанына қуанышты болды.

— Георгий Давыдович маған бір жұмбақ айтып отыр, — деді Алексей.

— Қыйын жұмбақ, — деп қостады Беридзе.

— Сол жұмбақты біз де білсек дейміз! — деді Женя екпіндей сөйлеп.

— Жұмбақ мынадай: осында отырған әйелдердің ішінен мен кімді тезірек сүйер едім?

— Сіз, бұл аса қыйын жұмбақ емес дедіңіз де Таняға қарадыңыз. Айқын, түсінікті! — деп Женя өкпелегендей кейіп көрсетті.

— Сізге айқын, түсінікті бола қояр ма екен. Мен біреуді осы үйге келместен бұрын сүйіп қойған болсам, енді бұл арада тағы таңдап жата алмаймын ғой.

— Ұмытқан екенмін! Сіздің балдай тәтті алғашқы айыңыз екен ғой.

Женяның шаншу сөздер айтқысы-ақ келіп еді, бірақ ол Алексейдің көз қарасынан әрең дегенде тоқталды.

¹ Купидон — махаббат құдайы.

— Басқармада сіз мені әбден шошыттыңыз. Мен сізбен сөйлескенде дірілдеп тұрдым,—деді Таня Ковшовқа.— Өзіңізден де, сөзіңізден де паңдық пен қатандық көрініп еді. Шынында, сіз ондай емес екенсіз.

— Демек?

— Дәл, қазіргідейсіз. Егер өлең жазған болсаңыз, сізді лирик — ақын деп атар еді.

Женя мырс етті, Алексей де күліп жіберді.

— Сіз күлмеңіз, мен рас айтып отырмын. Егер бұл ақыйқат болса, жанның лирикалы болуы, ол адамның ең жақсы қасиеті.

— Ал кетті,—деді Женя ызаланып.— Бұл философ қыз. Серафима, құтқар.

— Танечка, лирикалық әңгімені доғар! — деп бұйырды Серафима. Анда-мында жүгіріп, тамағын жайғастырып болғаннан кейін, ол Ольганың қасынан столдың бұрышына келіп отырып, су қосқан спирттің бір стопкасын көтеріп:

— Георгий Давыдович, сіз үй иесі, сөз сіздікі.

— Серафима Романовна, үй иесі мен емеспін, мен сіздің бақытты пәтершіңіз, осы тамаша үйдің уақытша қонағымын. Біз осында тосыннан жыйналып қалыппыз. Бірақ маған алғаш сөз сөйлеу үшін берілген правомен пайдаланайын.— Беридзе орнынан тұрды.— Көңілді тост көтеру үшін тақырыптар толып жатыр. Бүгін мен оларды қозғамаймын. Меніңше, бірінші тост қазір бәріміздің жүрегіміз бен ойымызда тұрған ең жақсы деген тілегімізге арналуы керек қой деймін. Біздің Москва үшін ішіп жіберулеріңізді сұраймын...

Ішіп қойысты. Бір минут үндемей отырды. Тыныштықты Серафима бұзды. Ол өзінің бір әйелмен соқтығысып қалғанын айтты, әлгі әйел Москва немістерге берілетін болыпты-мыс дей келіп, өз сөзін 1912 жылдың әдісімен дәлелдемек болыпты.

— Мен оған әдісті көрсеттім. Сұр жылан, аяғын әрең басып кетті! — деп Серафима зілдей жұдырығын жоғары көтерді.

Ол орнынан жып-жылдам атып тұрды да, ас үйге қарай жүгіріп кетті, буы бұрқырап піскен ыстық пельмен салған үлкен ыдысты алып, қайтып келді.

— Менде бір жақсы тост бар,—деп Женя тұра келді.— Біздің Қыйыр-Шығыс үшін, керек уақытында соғыс шебіне айналып кететін нағыз түпкірдегі тыл үшін ішулеріңізді сұраймын. Москавалық жолдас ішпей көрсінші!

Женя өзінің рюмкасын Алексейдің стопкасымен соғыстырды, арақты тез жұта салды да, тыжырынып, қолын бұлғақтап жіберді.

— Сіздің тосты шын жүрегіммен қабыл аламын,—деді Алексей байыпты дауыспен.

Бұлардан кейін басқалары да ішіп қойды.

Таня мен Беридзе біріне-бірі қарама-қарсы отыр. Георгий Давыдович Таняға ашықтан-ашық сүйсіне қарап отырып: «Осы нұрлы жүзді художник суретке салса — неткен сұлу деп оған ышкім сенбес еді», — деп ойлады.

— Татьяна Петровна, сіз басқа жақтан келгенсіз бе, әлде осы қыйыр-шығыстықсыз ба? — деп сұрады ол.

— Осы аранікімін. Рубежанскіде туғанмын. Шешем қазір де сонда тұрады. Мұғалім еді, қартайды. Осында кел деп ылғый шақырамын, бірақ ол мектебін қыйып кете алмай жүр.

— Әкеңіз ше?

— Волочаев түбінде қаза тапқан.— Таня бұдан әрі айта берейін бе екен, жоқ па екен дегендей, Беридзеге қарады.— Мен онда төрт жаста екенмін. Әкем есімде қалған жоқ. Бірақ ол туралы көп естідім. Әкемді мақтан етемін. Біздің үйге Бойко-Павлов деген кісі келіп жүрді... Оның кім екенін, әрине, сіз білетін боларсыз... Ол әкем туралы жақсы сөздер айтты. Бойко-Павлов бізге, институтті бітіретіндердің кешіне келді, ұзақ сөз сөйледі: ал маған әдейі арнап: «Сенің әкең Петр Васильченко, адал коммунист, батыр партизан болған еді. Сен оған борышты екенінді ұмытпа... Даңқты жауынгер жолдасымның осы күнді көре алмағаны сондай өкінішті!» — деді... Ойпырау, бетіммен лағып кетіппін-ау! — деп Таня сөзін тез доғара қойды.— Осының бәрін тыңдай беру сізге қызық емес қой.

Бірақ Беридзеге Таняны тыңдау қызықты еді, қыздың әңгімесі оны елжіретіп те жіберді. Қызға қатнасы бар нәрсенің барлығын да, ол өзінің көңіліне жақын тартты... Шулаған дауыстардың ішінен ол тек Таняның даусынан басқа дауысты естімегендей.

Қонақтардың столдан ерте тұрып кеткеніне Серафима іштей ренжіді, ас үйде өзінің кезегін күткен самсалар жеусіз қалатын болды. Жұрттың бәрінен бұрын столдан тұрып, Ольганың бөлмесіне кеткен Женяны шапалақтап алсам ба екен деп кіжініп қойды. Сол бөлмеден патефон даусы естілді.

— «Манжурия тауларында» вальсі,— деп жариялады Женя қайта келіп. Екі беті нарттай қызарып, көздері жайнап тұр.— Әйелдер көп болғандықтан, биге солар шақыратын болады. Қымбатты москвалық, рақым етесіз бе? — деп ол Алексейді шақырды.

— Билей алмаймын.

— Билей білмейсіз бе? Тіпті, москвалықтың би білмегені қызық екен!

— Билей алмаймын,— деді Алексей қайталап.

— Мұныңыз қалай? — деп сұрады Женя, жан-жағындағыларға қарап. Ол өзінің қысылып қалғанын қалжыңмен бүркемек болды. Сіздің мұныңыз адамды жәбірлеумен тең емес пе?

Міне қандай лирик! Енді Серафимамен билеуге тура келетін шығар.

— Сынап көрейік,— деді де Таня орнынан тұрып Алексейдің қасына келді.— Мен сізді билеуге шақырамын.

Алексей тағы да бастартты. Беридзенің өзі де таң қалып:

— Сүйіктім, саған не болды? Сен жап-жақсы билейсің ғой.

— Мен айттым ғой: билей алмаймын! Ғафу етіңіздер! — деп Ковшов біраз ашуланғандай болып, кесіп айтты.

— Мені шақырыңыз,— деді Георгий Давыдович.— Мен онша тәуір биші емеспін, бірақ өлгенше шыр көбелек айналдыра беруге бармын.

Таня түксиіп отырған Алексейге бір қарап қойды да, Беридзеге қолын созды:

— Айналасақ айналайық. Тек менің басымды айналдырып жүрмеңіз.

Женя Ковшовтың қыр соңынан қалмай қойды:

— Өзіңіз бір қызық, бала сыяқты адам екенсіз де. Жоқты уайым етудің не керегі бар. Жүріңіз билейік.

— Женя, қойсайшы! — деді Ольга өзінің дірілдеген ақырын даусымен.

Козлова Ольгаға бір, Алексейге бір қарады да ызаланым, қолын бір-ақ сілтеп, би билеп жатқандарға кетті.

Ольга Алексейге камыға әрі аянышпен қарады. Ол туралы Беридзеден көп есітсе де, Алексейдің кіршіксіз таза жаны, сезімінің күші Женяның аңқаулық деп тапқан мінезі Ольгаға қатты ұнады.

— Шылым тартуға көмектесіп жіберіңізші,— деп сұрады ол Алексейден; қолын ораған бинті бөгет болып тұр еді.

Сіреңкені тұтатып жақындай түскенде Алексей мен әйелдің көздері еріксіз кездесіп қалды. Оған әйелдің тостағандай көзінің терең түпкірінде қалың қайғының ізі жатқан тәрізденді.

«Әдетте көз адам ақылының бейнесі болса, ал қазір мына көздерден жүрек сокқаны көрінгендей ме дерсің»,— деп ойлады Ковшов.

— Әйелдің шылым тартқанын ұнатпаймын,— деді ол, темекінің түтінін желпіп.— Егер де мен заң шығарсам, әйелдерге шылым тартуға қатаң тыйым салған болар едім. Көзді бұлдыратқылары келсе, баскамен-ақ бұлдыратсын.

— Медицина қызметкерлері темекіні көп тартады, олардың ерекшелік әдеті. Менің өз басым темекіге қалай болса солай қараймын.— Ол папиросын сөндіріп тастады.— Сіз шығ билемейсіз бе?

Алексей бірден жауап бере қоймады:

— Білмеймін. Мүмкін сізге де күлкі, балалық сыяқты болып көрінер, мен шынында да қазір... я, тек билей алмаймын. Әйелім майданда. Тіпті, майданда емес-ау, оның ар жағында...

— Мұнда күлкі де, балалық та жоқ,— деді Ольга абыр-жып, сөйтіп, өзінің таңылған қолымен оның қолын ыңғайсыз қысты.

Бұлар вальстің ұзақ әрі мұнды сарынын тындап, үндемей отырды. Серафима дымы құрып, қатты күлді, тегі бұлар Женя екеуі билеп жүріп алысып ойнаған болу керек.

— Менің сізбен жақсы дос болғым келіп отыр,— деді Ольга.— Кейде адамға ақылды әрі адал дос соншалық қажет болады. Еркек пен әйел жәй жолдас болып қана жүруге болмайды деп қарайды. Бұл дұрыс емес қой?

— Бұл атышулы теорияны, өмірден торыққан, хасіретті біреу ойлап шығарған. Сізге мен бірдене айтпақшы едім? Я! Мен сіз үшін қуаныштымын. Өте қуаныштымын. Сізге қазір қыйын болғанмен де, бақытты адам екенсіз. Сіздің махаббатыңызда күдік жоқ, тегі өзіңіз қандай сүйсеңіз, сізді де сондай адал, таза сүйетін болар. Ал, басқаша шүбәлі, шөрлі махаббат та болады. Мәселен, сіз біреуді өміріңізде тұңғыш рет жан-тәніңізбен сүйдіңіз делік. Сөйтіп жүргенде: махаббатыңыздың теріс екендігіне, қате екендігіне көзіңіз жетеді, міне бұл — бақытсыздық. Бірақ ол махаббатыңыз әлі бар, одан оңай безіп кете алмайсыз. «Егер біреудің сүйіктісі болам десең — өзің де сүй» — деген мақалды есітіп пе едіңіз? Тегі, бұл жалған мақал болар. Мен бұған бір кезде сеніп едім. Менің махаббатым оңбаған адамның өзін жақсы адам еткендей ғып сүйуге бел байлап еді...— Ольга көзін жұмды, оның таңылған қолы әлсіреп тізесінің үстінде жатты.— Ал соңынан, махаббатың үмітсіз екендігіне көзім жетті... Енді бір ғана амал: онымен күресу болды. Бұл нендей ауыр күрес десенізші! Ол күресте көмекшің де болмайды, жеңе қалсаң оған қуанбайсың да.

Ольга есік жаққа барып, жападан-жалғыз тұр. Шерлі сезім одан Алексейге ауғандай болды. Алексей Ольганың қасына бармауға төзе алмады, бірақ келгенімен оны не айтып жұбататынын да білмеді.

— Ольга Федоровна... Сізбен кездескеніме қуаныштымын,— деді Алексей.— Мен біздің достығымызға әбден сенуіңізді сізден тілек етемін. Қашан да болсын, тек сізге жақсы болуы үшін, көмектесуге, қолымнан келгеннің бәрін істеуге дайынмын.

Алексей дәрі иісі шығып тұрған оның қолындағы бинтке ернін тақады да, ешкімге сездірмей үйден шығып кетті.

Он бірінші тарау

БҰРЫНҒЫ КҮНАЛАР ЖАЙЫНДА

Таня Васильченко айтып қоймаған соң, Коля Смирнов комсомол жыйналысын шақырды. Ол тек күн тәртібін жария-

лап, Таяға сөз берісімен Батманов, Залкинд, Беридзе, партия бюросының бүкіл құрамы және бәлімдердің кейбір бастықтары сау етіп кіріп келді. Генка Панковқа дейін, барлық комсомолецтер өздерінің бұрынғы комсоргінің ұсынысына құрылыс басшыларының зор мән беретіндігін әбден түсінді.

— Жыйналысымызды жүргізе береміз,— деді Смирнов іркілмей, басын изеп Татьянаны сөйлеуге шақырды.

Өз жобасының мәнін жақсылап түсіндіргеннен кейін, қыз байланысшылардың жаппай колоннасына өз ықтыярларымен жазылуға барлық комсомолецтерді шақырды.

— Өзіміздің Отан сүйгіштігімізді іс жүзінде көрсетуге бізге мүмкіншілік беріліп отыр,— деді Тая.

Батманов сөз сұрады.

— Достарым, бұдан әрі сымды байланыссыз жұмыс істеуге болмайды,— деді құрылыс бастығы.— Адамға көз бен құлақ қандай керек болса, бізге байланыс сондай керек. Сіздер Васильченконың сөзін тыңдадыңыздар ғой — алты аптада сымды тартып-іліп бітіруге болады,— деді.

Батмановқа жұрттың бәрінен гөрі Генка Панков таяу отыр еді, ол бар ынтасын салып, аузын аңқытып, Василий Максимовичке телміре карап отыр. Батманов бұл баланы байқап қалды да, сол отырған жаққа оқтын-оқтын карап қойып тұрды.

— Тегі Васильченко кімді атаса болғаны, сол адамдардың бәрін колоннаға бұйрықпен белгілей беруге болады ғой. Бірақ менің олай істегім келмей тұр. Байланысшылардың алдында үлкен сын тұр, сақылдаған сары аязда Тайга ішінде жұмыс істеуге тура келеді. Мұндай іске жан-тәнімен беріліп, өз еріктерімен батыл кірісу керек. Майдандағы жауынгерлер де маңызды тапсырманы орындауға осылай барады. Кімде-кім өзінің күшіне сенбесе, кімде-кімнің ондай батылдығы болмаса — онда, осы күнгі істеп жүрген орнында қала берсін.

— Кім сөйлейді, кімнің ұсынысы бар? Коля түрегелген бойы жолдастарын бір шолып карап өтті.

— Сөйлейтін ештеңе жоқ, жаза баста! — деді біреу айқайлап.

— Мені жаз!

Смирнов қарындашпен столды тықылдатты:

— Шуламаңдар! Тыныш отырып істейміз.

Таяна Васильченконың ұсынысын қолдауға, сымды байланыс құрылысын дербес объект ретінде комсомолецтерге бекітіп беру ісі басшылықтан сұралсын деген қаулы алынды.

— Енді жұртты жаза бастаймыз! — деді Коля.

Жігіттер мен қыздар, чертежниктер, есепшілер, машинисткалар келе бастады. Тая олардың арасынан Залкиндтің секретары дөңгелек бет жас қызды көрді.

— Дұрыс, Зина! — деп парторг оны мақұлдап қойды.

Өзіне сүйікті есімді естіген Алексей селік етті де, қызға қадала қарады. Петя Гудкин Васильченконың құлағына сасқа-лақтай сыбырлап:

— Татьяна, менің де сенімен бірге кеткім келеді. Бірақ мен саған айттым ғой: Қовшов мені жобалау жұмысына ауыстырмақшы. Бұл менің ертедегі арманым.

— Ендеше, сол арманыңнан айрылмай-ақ қой! — деп Таня чертежниктен теріс айналып кетті.

— Мен барсам ба екен, бармасам ба екен, қалай ойлайсыз? — деп сұрады Женя Алексейден.

— Өз еркіңіз. Өзіңіз қалай деп санайсыз?

— Маған бәрібір! — деп Женя иығын қыйқандатты. — Мен экономиспін, керекті жұмысты істеп жатырмын. Расын айтқанда, бұл арадан кетуге күштар емеспін.

Оның жауабы Қовшовқа ұнамады.

— Бәрібір, мені Гречкин босатпайды, — деді тағы. — Ол маған сен менің тірегімсің дейді. Қазірдің өзінде, әне ол құрылыс бастығына мен туралы сыбырлап жатқанына бәс тігемін.

Анығында да, Гречкин Батмановқа қарай жақындап келіп: барлық комсомолецтердің Татьяна Васильченкоға еріп кетуге дайын болғандары жақсы, бірақ кейбіреулерін жіберуге болмайды, олар маман ретінде осында керек деп дәлелдеп жатты.

— Колоннаның құрамын бекіткенде көрерміз, — деп ұйғарды құрылыс бастығы.

Коля Смирнов Залкиндке қағаз беріп еді; Михаил Борисович оны оқып шықты да, Батмановтың қасына барды.

— Смирнов өзін де босатуды сұрайды. Оның тілегін мен де қолдаймын: ол Татьянаға сенімді көмекші болады,

— Дұрыс, — деп келісті де Батманов, Залкиндке көзімен нұсқап Генка Панковты көрсетті.

Бала да бір реті келген кезде, Смирновтың қасына келіп, өзін тізімге кіргізуін өтінді.

— Мынау кішкене бала кім? — деп Батманов жорта дауыстап, қатаң сұрады.

— Ол Гена Панков. Мен оған бізбен баруға болмайды деп дәлелдесем де, көнбейді.

— Мен кішкентай емеспін. Күшім бар. Басқалардан кем істемеймін. Ең болмағанда қыздардан қалыспаймын ғой, — деп құрылыс бастығының назар аударғанына қысылған Гена ашулана сөйледі.

— Жасы толмағандарды алуға тыйым саламын! — деп кесіп айтты Батманов, Смирнов пен Таня Васильченкоға қарап: — Сіздерге қыйын жорыққа шығуға тура келеді, ол ойыншық емес.

Екінші күні құрылыс бастығы Залкинд пен Беридзе отырғанда, Таня мен Смирновты шақырып алды.

— Мен колоннаның тізімін бекіттім. Бес күннің ішінде сіздерді барлық қажеттеріңізбен жабдықтап бітіруді, бас инженер өзінің бақылауына алады. Тура бес күннен кейін жөнеліңіздер.— Батманов столдан тұрды да, Таяның қасына келіп,— Татьяна Петровна, былай келіселік. Сіз маған тәулікте пәлен километр сым тартылады деген өз жұмысыңыздың графигін бересіз.— ал мен соны бекітемін де, күн сайын сіздерді бақылап отырамын. Егер бір километр болса да кем берсеңіздер өз обалдарыңыз өздеріңізге, көрешекті көресіздер.

— Мен ондай шартқа қуана-қуана қол қоямын! — деді Тая.

— Қол қоюдың керегі жоқ, тек қол алысумен ғана келісейік.

Батманов қыздың кішкене ыстық қолын қатты қысты.

— Ал, Татьяна, сақтан енді! — деді Залкинд, бір жағы шыны, бір жағы қалжындай ескертіп.

Бастықтан қайтып келе жатып, Смирнов пен Тая коридорда тұрған Генканы көріп қалды. Ол қабырғаға жабысып тұр екен, бұларды қабағын түйген, салқын ренмен қарсы алды.

— Болмайды. Түсінемісің, болмайды! Сен маған шынымен сенбейсің бе? — деді комсорг, баланы құшақтап.

— Біз білдірмейік, ешкім абайламайды да,— деп Генка күнкілдеп жұлқынды, бірақ Коля оны босатпады.

— Ашуланба. Сен көріп тұрсың ғой, бұл бастықтың ісі, ол сені апаруға тыйым салды.

— Сен былай ет, егер қорықпасаң Батмановқа өзің бар да, одан сұранып көр,— деп ақыл берді Тая.— Рұқсат етсе бірге ала кетеміз. Ала кетеміз ғой оны? — деп Смирновқа көзін қысып қойды.

— Әрине, әкетеміз.

— Батмановтарыңмен өздерің-ақ сөйлесіңдер. Сендер де керек едіңдер маған,— деді Генка ызаланып, Тая мен Коляның шын көңілдерімен айтпай тұрғандарын сезіп.

Бірақ, кешке секретарь әйел құрылыс бастығына:

— Гена Панков сізге кірем деп сұрап тұр. Мүмкін бе? Өз сөзімен түсіндіре айтып: — Әбден қынжылып тұр, өзі бір тәуір бала екен.

— Шақырыңыз.

Бала үлкен кабинетке сасқалақтап кірді де, есіктің қасында тұрып қалды. Василий Максимович баланың келгеніне өзінің де абыржығанын таңырқай мойындады.

— Батылырақ жолдас, кір бері. Не айтасың?

Генка жүрексініп басын көтермеді, оның ақыл мен талаптылықтың белгісі көрініп тұрған көздері Василий Максимовичке сондай ұнап кетті.

— Өз айтқаныңнан қайтпай тұрмысың? — деп сұрады Батманов.

— Балалардың бәрі кетіп барады, мен жалғыз қалмақпын ба? — деді Генка өкпелі дауыспен.

— Ал, жасыңның он бесте ғана екендігіне кім айыпты. Қыйын жұмыс, кез келген ересек адамның да күші жете бермейді.

— Мен шыдаймын. Мені комсомолға тегін алған жоқ... Мені әбден төксерген, жолдас Батманов.

— Ал, егер саған бірдеңе болып қалса ше? Әкең маған онда кешірім жасай қоймас.

— Әкем болса сөзсіз жіберер еді, — деп Генка қатты айтып салды да, ақыры, басын көтеріп Батмановқа қарады.

— Әкем жіберер еді дейсің бе?

— Я, жіберер еді. Ол мені екі рет экспедицияға да бірге апарған болатын.

Батманов бөлмесінің ішінде ерсіл-қарсыл жайлап жүр, Генка одан көз алмай қарап отырды. Құрылыс бастығы тоқтады да, қолын Генканың иығына салып, алақанымен баланың арық сүйектерін сыйпап көрді.

— Саған не істерсің енді, жарайды. Бара ғой, Панков... бара ғой, балам. Енді тек байқа, арыз айтып қыңқылдап жүрме.

— О не дегеніңіз! — Генка есікке тұра ұмтылды. Шығып бара жатып: — Сізге көп рахмет! Мен балаларға айтқамын да, сізді бәрін де түсінеді дегемін.

Батманов оның соңынан ұзақ қарап тұрды. Тым ұзақ қарады. Василий Максимовичтің шақырған қоңырауына секретарь әйел келіп кірді.

— Маған әзірше ешкімді жібермеңіз, — деді ол секретарьға ақырын.

Конференцияға делегаттар келе бастады. Бұл келген әрқыйлы адамдардың жел қаққан беттерінде, беймаза көздерінде, өткір мінездерінде бірдейлік қалып бар сыяқты. Олардың басқармаға деген талаптары көп жыйналған еді, олар сол талаптарын тезірек қоюға асықты, қазір жаңа басшылықпен істес болатындарын ұмытып кетті.

Батманов пен Залкинд трасса өкілдерінің бәрінің бірдей осындай көңілдері барлығын бірден түсінді.

— Бұлар Сидоренко мен Грубскийдің заманында кеткен еселерін бізден алмақ қой, — деді Василий Максимович жаратпай, учаске бастығының біреуін қабылдағаннан кейін. — Басқарманы бастырмалатып асты-үстіне келтіруге даяр. Конференцияда осы туралы айту керек, әйтпесе, бәрі де сыңаржак кетеді.

— Мейнше, мұның дұрыс емес,— деп Залкинд қарсы болды. — Мейлі, олар басқармалықтарды сынай берсін, әсіресе Федосов пен Либерманды қолға алсын. Қазір біздің штаб кандай дүмпуте болса да төтеп бере алады. Учаскеден келген адамдардың басқармаға ашулы болатын себебі, басқарма оларға жән сілтеп отыра алмады, олардың мұқтажына немқұрайлы қарады. Көпшілігі, мысалы Таня Васильченко тәрізділер бізді сәгіп, кіна тағып сөйлейтін болар. Ал, кейбіреулер, балки, штабты қорғап та сөйлер. Басқармалықтар мен трасса қызметкерлерінің бұл қактығысуларының зор мәнісі бар екендігін көріп отырмын.— Парторг күліп алды.— Оларға не сөйлеуі керектігін күн бұрын айтып беруге болмайды да ғой. Тындап, құлаққа күя бергеннен басқа не бар.

— Мен өткендегі тарихпен шұғылданбаса екен деймін. Бұрынғы күналарды еске түсірудің қажеті бар ма?

— Оларды тез ұмытуға болмайды, Василий Максимович,— деді Залкинд өз айтқанын қуаттап.— Біз енді қабылдап алған іске жауаптымыз, деп сен өзің айтқан едің ғой...

Батманов Роговты жылы жүзбен қарсы алды, бұлар баяғыда апатқа ұшырағандарды құтқаратын баржаның соңынан Рогов Старттан катерге мініп жөнелгеннен бері көріспеген еді.

— Бесінші учаскедегі инициативаныз және батыл, тапқырлық әрекетіңіз үшін, Александр Иванович, сізге көп-көп рахмет! — деді Батманов шын жүректен алғыс айтып, ол өзіне жарасымды тігілген әскери костюм киген Роговтың болаттай сом денесін бір шолып қарап өтті.

Рогов учаске жұмыстары жайында толық баяндап берді де, содан кейін өзінің талаптарын ашық айтып, жабдықтаушыларға қадалды. Василий Максимович оның айтқанына көнді. Рогов инженерлерге де жанамайлап тиіп өтті:

— Жұрт көп жыйылыпты ғой, олардың бәрі жағалай отырып алып сызу-сызып жатқанын көрдім, бірақ әзірге жоба көрінбейді.

Оның сөзінен менсінбеушіліктің сарыны айқын білініп тұрды.

— Жоба жылдар бойына жасалады ғой,— деді Батманов салқын жауап беріп.— Беридзе мен оның көмекшілері бізге жобаны екі-үш айдың ішінде беру үшін бар шараны қолданып жатыр. Егер олар мұны істей алса, оларды өздерінше рекорд жасады деп есептей беріңіз. Дұрысында, жобаны көргісі келетін адамдарға, жоба көрініп те тұр. Сіз өзіңіздің учаскенізбен сол жақ жағадасыз,— оның өзі жаңа жобаның бір бөлегі.

Батмановтың көңіл ауаны өзгеріп, үндемей, қағазға үңіле қарап қалды.

...Басқарманың ағаштан салынған үлкен клубы түрленіп кеткен. Оның қабырғаларын ағартып, мебельдерін өзгертіп,

үйдің ішін ұрандармен безендіріп жіберген. Бір жақтан гүлдер әкеліп, Сталиннің сахнадағы портретінің қасына қойған.

Конференция салтанатпен ашылды. Делегаттар өрлеу үстінде жұмыс жүргізетін президиум, құрметті президиум, мандат комиссиясын, секретариат сайлады. Залкинд баяндамасының басында делегаттарды құрылыстың бірінші партия конференциясының ашылуымен құттықтады. Парторг, тәжірибелі саяси басшылар-большевиктер үшін әрқашан ерекше қасиет болып табылатын, логикалық сенімнің ерекше күшімен ұғымды әрі жәй сөйледі. Ол майдандағы қыйын жағдайлар туралы, көсемнің үндеуі бойынша, бүкіл еліміз бірыңғай әскери лагерьге айналып отырғандығы туралы айтты.— Құрылыс,— деді ол,— мұндай жауынгерлік алып лагерьдің бір бөлігіне әлі ұқсас келе алмай отыр. Егер бұларды бүкіл елмен салыстыратын болсақ, құрылыстағы күшті жұмылдыру ісі әлі артта қалып келеді. Парторг учаскелердегі партия ұйымдарының міндеттеріне толық тоқталып өтті.

— Қайта құру жұмысын тез бітіру керек. Әрбір учаске қысқа мерзім ішінде қалыптасқан өндіріске айналуы керек, олар майдан үшін өзінің өнімін — километрлеген трубалар салуы арқылы берулері керек. Коммунист жолдастар, сіздерге қайталап айтатыным: нефтепровод салудағы еңбек майданының алдыңғы шебіне шығындар!

Уәдешіл Залкинд, жарыс сөзді Васильченконың сөзімен ашқысы келді. Бірақ, Таня оған: сөйлемейтін болғандығын айтып қағаз жазып жіберген екен. Ол қазір Алексеймен қатар отырып алып, оны сықақтап отыр еді. Сол кезде сөйлеп тұрған төртінші учаскеден келген инженер Мельников — қолын сілтеп, тез сөйлейтін жас жігіт — бас инженерді және оның аппаратын жоба жасау жұмысын бір өздері ғана отырып тұйық жүргізіп жатыр деп қатты сынады.

— Жаппай инициативаның тасып келіп құйылуы үшін су қақпасын ашу керек,— деді шешен.— Жаңа жоба — ол трассаның қалай өтетіндігін көрсететін негізгі ұйғарынды ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік Қорғау Комитетінің қорына кіретін, жұмысты сапалы істеу жайындағы мың сан ұсыныстар.

— Дұрыс! — деп айқайлады Ковшов орнында отырып.

— Бұған ұрсып жатса, ол оған қуанады,— деді Таня ақырын күліп. Алексейдің, сынды ашықтан-ашық, ренішсіз, қарсылықсыз қабыл алатын мінезін байқап қалды.

— Тауып ұрсу, табылмайтын нәрсе,— деді Алексей Таняға, бірдеңені делегаттық блокнотына жазып жатып.— Зәрлі сөзіңіз үшін, мен сізге де күні бұрын алғыс айтып қоюыма болады.

— Ал, егер сөйлемейтін болсам ше?

— Шұбаланамын! Сіздің мінезіңіз сондай, шыдап отыра алмассыз.

Айтыңызшы, бас инженер қайда? Ол конференцияға неге келмеген? Мен осында келе жатқанда, онымен кездесіп едім, сұрауыма ол біртүрлі жұмбақтап жауап берді.

— Беридзе партияда жоқ қой,— деді Алексей, амалсыз қысылып.

Таня таң қалды:

— Ол неге партияда жоқ?

— Мұндай сұраққа жауап бере алмаймын. Алайда, маған сенуіңізге болады: Беридзе нағыз партияда жоқ большевик.

— Сізге тек өзіңіз үшін ғана сөйлеуге тура келмейді екен.

— Білемін.— Алексей оған риза болып қарады.— Таняның Георгий Давыдович турасында ойлайтындығын бұл тәуір көріп қалды.

Бесінші учаскенің партия ұйымы секретары Котеневтің сөзі Таняның Беридзе туралы ойынан бөліп жіберді. Трассаның барлық өкілдері де басқарманың жұмысын қалай болғанда да сөз ғып кетіп отырды. Котеневтің сөзі тым өткір болып шықты. Құрылысты кейінге қалдыруға болмайтындықты біле тұра, ескі басшылықтың жасаған дәрменсіздігі мен сенбеушілігі, бесінші учаске коллективінің берекесін кетіріп жіберді. Дұрысын айтқанда, белгілі нысанадан айырылған коллектив, берекесі кетіп, коллектив болудан қалды. Учаскенің іске орашолақ бастығы мен оның екі көмекшісін ауыстыру қажет деген коммунистердің дабылы еске алынбай қалып қойды. Учаскенің өзін, одан қала берді бүкіл құрылысты жою туралы ойлап жүргенде, кейбір жеке нашар қызметкерлерді орнынан алудың Сидоренкоға қанша қажеті болды дейсің?

— Майданда солдат болып пайда келтіретін жүздеген құрылысшылардың, қазір пайдасыз адам орнында болып отырғандығына кешірім жасауға бола ма? — деп күйіне сұрақ қойды Котенев.

Залкинд өзімен қатар отырған Батмановқа қарап қойды. Ол сөйлеушінің бір сөзін жіберместен көңіл қоя, тыныш тыңдап отыр. Котеневтің сөйлеген сөзі Таня Васильченкоға ұнаған жоқ.

— Осы сөзін кімге айтып тұр өзі? — деп жақтыртпады ол.

Сөйтіп, өзіне сөз беруін сұранып президиумға сол арада-ақ қағаз жіберді.

— Сөз Сморгков жолдасқа беріледі, Васильченко дайындалып отырсын,— деп жариялады Залкинд жымыя түсіп.

Шофер мінбеде көп бөгелген жоқ, керек десе, Таня өз сөзінің жобасын да жазып үлгіре алмады.

— Біздің қыстағы басты міндетімізді мен былай түсінемін,— деді Сморгков.— Біз трубаларды көктемге дейін трасса

бойына тасып болуымыз керек. Әрине, бұл үшін түзу машина да керек және жақсы шоферлар да керек. Бізде машина да, шофер де бар, жол да жөнделіп жатқан сыяқты, рас, ойдағыдай емес, мүмкіншілік көлемінде жасалып жатыр. Бірақ, дәл бұдан ештеңе шықпауы мүмкін.

— Неге? — деп сұрады Батманов президиумнан.

— Сақылдаған сары аязда, жолды ылғый қар басып қалып отыратын қыстыгүні алыс жолға үлкен жүктерді тасу, — қыйын, аса қыйын. Ал, трубалармен азап онан да қыйын болады. Сіздер өзін көрдіңіздер ме? Әрбір труба — ол бір сұмдық, ұзындығы он бір метр, салмағы мың килограмм. Ойлап көріңіз, осындайдың бірнешеуін машинаға артып, оларды жаман жолмен, айталық, жүз километр жерге аман есен жеткізу керек. Ауыр міндет!

— Сол міндеттің орындалатынына, сіз күдіктеніп тұрсыз ба? — деп сұрады Батманов.

— Жоқ, күдіктенбеймін, — деп шофер дереу жауап берді. Міндеттің орындалатындығын шоферлардың бәріне де көрсете білу қажет.

— Оны қалай істеу керек?

— Ауа райы мен жолдың жағдайына карамастан, трассаның ол шеті мен бұл шетіне автомашинамен кесіп өту керек деген ұсыныс бар. Егер маған рұқсат етілсе, мен жүк тиелген машинаны Новинскіден Джагда бұғазына дейін алып жүруге әзірмін. Мұны істейтіндігіме, партия конференциясы алдында, коммунистік сөзімді беремін. Және менің жолдасым, партия мүшесіне кандидат тракторшы Силин, осындай сапарды трактормен жүруге әзір екендігін конференцияға айт деп сұранды.

Сморчковқа жауап ретінде қолшапалақтаулар болды. Құрылыс бастығы бірінші болып қол соқты.

Таняның мінбеге шығуын жұрт қызу шуылмен қарсы алды — көпшілік оны білетін, сөйлегенін асыға күтіп отырды. Васильченконың сөзі, тек Батманов үшін ғана емес, жалпы алғанда, тұтқыйылдан сөйленген сөз болды.

— Осында Қотенев жолдас басқарма жөнінде шын жүректен ызамен сөйлеп өтті, — деп бастады Таня. — Бірақ оның қай басшылықты көздеп айтқаны маған айқын емес. Жаңасы ма, әлде ескісі ме? Егер Сидоренконың басшылығы десе, онда мен мұның сөзіне қол қоюға ризамын. Жаман басшылық дегеннің не нәрсе екендігін біздің бәріміз де күйінішті тәжірибеден білеміз. Осы бар болғыр басқармамен біз қанша азап шектік! Оны жақтап ешкім сөйлей қоймас. Қотенев сол туралы айтты ма?

Таня кідіріс жасады, шудың арасынан шыққан айқайлар:

— Васильченко, қуланбай-ақ қой, оның кімді көздеп айтқанын өзің де жақсы білесің!

— Әрине, ол ескі басқарма туралы айтты!

— Ескі туралы ма? Жақсы! Егер де ескі басқарманың ізі де қалмаған болса, ол туралы сөйлеудің қажеті не? Меніңше, өліктің мазасын алуда ешқандай мағна жоқ. Котенев жолдас өзінің тілектерін айтуда аздап кешігіңкіреп қалды-ау деймін! Тегі, оның жана басшылық туралы әзірше айтатын ештенесі болмағаны ғой. Ендеше сол олқы жерлерін толықтыруға маған рұқсат етіңіздер.

Залда күлкі көтеріліп, дауыс шықты:

— Толықтыр, Татьяна Петровна! — деп айқай салды.

— Сөзінің ыңғайы төселген шешендер тәрізді, — деді Батманов Залкиндке қарай мойнын бұрып.

— Жолдастар, мүмкін, мұның өзі сіздерге өрескел де көрінер, — деді Таня сөзін тоқтатпай, — бірақ менің сөзім қорғау сөз болады. Мен жана басқарма туралы бір-екі ауыз жылы сөздер айтпақшымын.

Таня өзінің ұсынысы үшін, жалпы алғанда трасса үшін жанжалдаспақ болып Новинскіге қалай келгендігін айтты. Батманов штабының жұмыс жоспары, құрылысты кең көлемде дайындаудағы оның стратегиясы мен тактикасы мұның алдына қалай жайылып салынғанын сыйпаттап берді.

— Біз басқарма қызметкерлерін елемей, өй, оларды қойшы деп қолды бір-ақ сілтей салушылыққа әдеттеніп кеткенбіз. — Осы сөзді айтқан кезінде Таня қолымен қолайсыз бір қыймыл жасап қойды. — Сөйтіп елемейміз деп барды көрмей қалып жүрмейік! Бізде қазір жақсылап бұйрық бере білетін, оны орындауды қатаң талап ететін штаб бар.

Дуылдап қолшапалақтап жатқанның арасында Залкинд Батмановқа қарай еңкейіп, ашықтан ашық қуана:

— Мінекей, біздің өмірімізде, қандай жағдайлар болады десеңізші, қымбаттым! — деді. Күткеніндей емес, әлдеқайда жақсырақ, ақылдырақ болып шығады!

Жолшыбайғы делегаттармен күле, қалжыңдаса отырып, Таня өзінің орнына келе жатты. Батманов оған жылы шыраймен қарап отырды. Кезектен тыс сөйлеп қысқаша мәлімдеме жасау үшін, Василий Максимович кенет Залкиндтен сөз сұрады.

— Жақтап сөйлеген жалынды сөзі үшін Татьяна Петровнаға шын ниетіммен алғыс айтамын, — деп Батманов столдан түрегелді. — Сонымен қатар, Котенев жолдасты және басқа да өткір сынап сөйлегендерді қолдап бір-екі ауыз сөз айтпақбын. Біз — ескі басқарманың мұрагеріміз, оның бұрышынан, оның күнасынан бастарта алмаймыз. Сындарыңызды батыл айта беріңіздер.

Василий Максимович орнына отырда да, көзін сығырайтын Залкиндке қарады. Ол күліп отыр екен. Жыйылыстың көңілдегідей жақсы жүріп жатқанына, парторг риза болып отыр. Адамдардың арасындағы қатнас айқындала түсті, олардың достығы нығайды. Жоба жасау жұмысындағы жетістіктер мен сәтсіздіктер жөнінде адал ықласымен сөйлеген Алексей Ковшов те оны мейлінше қуантты. Гречкин таяу жердегі учаске басшыларын жұмысшы күшін ретсіз бөлгендіктері үшін батыл, әрі орынды сынады. Рогов сол жақ жағада учаске ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесін ортаға салды, нанайлар мен Адунның бойындағы барлық халықты құрылысқа кеңінен тарту керек деген тамаша пікір айтты.

Конференцияны құттықтауға Рубежанскіден жаңа ғана келген жұмысшылардың жаңа тобының өкілдері келді. Олардың атынан ескі жер қазушы Зятыков сөйледі. Одан кейін үшінші учаскенің партия ұйымының секретары Темкин сөз сөйледі. Ол төменгі коллективтегі басшының орны, оның жұмыс стилі, оның партия ұйымымен қатнасы жайында маңызды мәселе қозғады.

Аласа бойлы Темкин, мінбеден көрінер-көрінбес болып тұрды. Екі жағына бірдей бөліп қойған сирек сары шашын қолымен сыйпап, ол өз учаскесінің бастығы Ефимовтың үстінен шағым жасады. Темкин естілер-естілмес қыйқылдаған, ақырын дауыспен сөйледі.

— Бастық бәрін өз тақымының астына басып алды. Күнітүні ақырып-шақырып, құтырынып жүргені. Ешкімнің айтқаны оған заң емес. Сол жақ жағаға көшу жайындағы бұйрықты да ол өзінше орындады: жұмысшыларды көшірді де, өзі конторы мен шаруашылық орындарымен бұрынғы орнында қалды. Қолым тимейді, істі тастап кетуге бола ма? деп ол партия конференциясына да келген жоқ. Бұл адамға не болды? Мен онымен соғысқа дейін бірге істеп едім, онда бұдан басқаша еді, біз тату-тәтті тұрушы едік. Ал, қазір қыян-кескі болып ұрсысамыз.

— Ұрыстарыңыздың шығатынын түсініп отырмыз: ол бақыратын болар, ал сенің дыбысың естілмейтін шығар! — деп айқайлады залдағылар.

Темкиннің сөзіне зер салып отырса да, Залкинд күлкісін тыя алмады. Ол Ефимовты Новинскіде істегенінен білуші еді, бірақ, Темкиннің берген мінездемесі бұған қолайсыз әсер етті.

«Ефимовтың учаскесіне тез барып қайту керек, — деп жазып алды парторг. Залкиндтің делегаттық блокноты осындай жазуларға толды. Әрбір сөйленген сөз барған сайын жаңа пікірлер туғызып отырды. «Бұл құрылыс қандай күрделі алып еді» деп Залкинд ішінен мазасыздана, бір жағынан қанағаттана ойлап қойды, сөйтіп, өзін горком секретарьлығынан босату

жөнінде өлкелік комитеттен және Москвадан сұрау керек деген қорытындыға келді. Бұдан әрі екі жұмысты қоса істеу мүмкін емес еді.

Конференция екі күн болды. Қорытындысында делегаттар Сталин жолдасқа хат қабылдады — олар Қыйыр-Шығыстағы нефтепроводты салып бітіру жөніндегі үкімет тапсырмасын мерзімінде орындауға коммунистік сөздерін берді.

Он екінші тарау

УМАРА МАГОМЕТ ТРАССАҒА АСЫҒУДА

Қоңыр тартқан қара жол Адунның ақшыл арнасын қуалай созылып жатыр. Жүк тиелген машиналар даңғыл жолға айналған тік жағадан әрбір он минут сайын төмен мұзға түсіп, айналыстан бұрылып көзден таса болып кетіп жатты.

Ауа райының жақсылығымен пайдаланып, Старттан трассаға азық-түлік, материалдар үздіксіз тасылып жатыр. Бүкіл өлкенің тұс-тұсынан топ-топ жұмысшы үздіксіз келіп жатыр. Боран басталудан бұрын оларды да трассаға жеткізіп салу керек болды.

Құрылысшылардың кезекті бір тобы алыс учаскеге — бұғазға шықпақшы еді. Бұларға әлденеше жүз километр жол жүрулері керек. Батманов оларды жөнелтуді Ковшовқа, Либерманға және Родионоваға тапсырды. Әр адамның аман-есен баруына осылар жауапты делініп қатты айтылған. Таң сәріден бұлардың үшеуі де Стартқа келді.

Кең барактың іші қып-қызыл болып қызған екі темір пештің қызуынан күйіп тұр. Ағаш шатырдың астынан салбырата ілінген үлкен электр лампасы жап-жарық болып жанып тұр. Үйдің іші шуылдаған дауыс. Үш жүз адамнан құралған колонна жол жүруге дайындалып жатыр. Үстінде цигейка ішігі және көкшілт бас киімі бар Ольга Родионова сырт киімдері, аяқ киімдері қандай екен деп кісілерді байқап қарап жүр. Үсікке шалдыға қалса деп фельдшер әрқайсысына вазелин берді.

Барактың жанында Либерман колоннаның екі машинаға тиелген азық-түлік, жол кухнясы, запас киім, жұмысшылардың жеке бастарының бұйымдары сыяқты жабдығын зер сала тексеріп өтті. Бұларың шабандық, тәртіпсіздік! деп ол колоннаның басшысы десятник Гончарукты ұрысты. Гончарук — қалың кара қасты, сақалын қырғызғаннан кейін екі жағы көгеріп тұратын, түнерген адам еді.

— Бізге тағы да балық бермекші болғаныңызды мен қайдан білейін! — Өзіңіз кезінде бақыламайсыз да, енді келіп ұрсаңыз, — деді Гончарук күйіп-пісіп.

— Шешетайым-ау, бұл жұртқа сөз айтуға болмағаны ғой!

Сіз сұрауға тиістісіз. Неғұрлым көбірек сұрасаңыз, солғұрлым көбірек те береді, осындай да бір жақсы ереже бар.

Ковшов Гончарукты шақырып алып, екеуі бірге жолаушы жүретіндерді аралап өтті, олардың тізімін тексерді, тапсырмаларды жазды. Ремнев дейтұғын еңгезердей тракторшы жігіт, қай жерге барамыз, жолда неше күн боламыз деп сұрап алды, мұны бәрінің де білгісі келген еді.

— Сіздердің баратын учаскеңіз ең алыс, әрі қыйын учаске,— деді Алексей.— Бір учаскеден екінші учаскеге барып кетіп отырасыздар. Жол мүмкіншілік берген жерде машинамен, болмаған жерде жаяу жүресіздер. Алдағым келмейді: жол үстінде де, барған жерде де, әрине, қыйыншылық аз бола қоймас.

— Балам, қыйыншылықтан қорықпаймыз, әртүрлі қоқайларға үйренгенбіз,— деді қапсағайлау, көрер көзге өте қайратты сыяқтанған жер қазушы Зятыков деген шал.— Сол бұғазға тек тезірек жетсек екен. Әңгіме барған жерге орнығып, жұмысқа жармасуда, одан арғысы өзі келе жатады.

Ольга кең иықты, кішкене біреумен дауласып тұр.

— Мен сізді жібере алмаймын, сізге суық тиген,— деді Ольга жайлап, кесіп айтып.— Жол үстінде жатып қаласыз. Одан да осы араның өзінде қалып жазылып алғаныңыз жақсы. Үш күн кідірсеңіз, одан ештеңе бүлініп кетпейді.

— Жоқ, жатып қалмаймын,— деп әлгі адам болмады.— Мен неге ауырамын!? Денім сап-сау. Жөтелге қарамаңыз, мен темекі тартатын адаммын, соның түтінінен, ылғый жөтеліп жүремін.

— Бір сөзді қайта-қайта айта бермейік. Мен сізді жібере алмаймын,— деп Родионова кесіп айтты да, әрі қарай жүріп кетті.

Әлгі кісі озып барып, оның жолын бөгеп, қарсы қарап тұра қалды. Ашу қысқан қалпы ол басындағы бөркін шешіп алды, тебіңгідей құлағы қалқыйып, қайратты қара шашы жалбырап тұр.

— Жоқ, қайталаймыз! Осында қалсам қайта ауру болармын!

Мен сварщикпін, оны білемісің? Қолыма от ұстасам жазылып кетем! Қолымнан от түссе ауырып қалам. Маған жұмыссыз отыру деген — ит өмірімен бірдей. Мені құрылысқа өлжелік партия комитетінің секретары Дудиннің өзі жіберген болатын. Ал сен маған наукастан дейсің. Егер жібермесең, қасақана өлемін. Жауап бересің. Ол барған сайын ашулана түсті.— Сен өзің адамға жаның ашымайтын неғылған адамсың, доктор? Мен жолдастарымнан қала алмаймын. Солармен бірге болғым келеді. Жетінші ноябрьде учаскеде болсақ дейміз, өзі-

міздің жоспарымызды орындағымыз келеді. Уақытты онсыз да бос өткіздік. Жүруім керек. Бөгет жасама.

— Менің сізге тілеп отырғаным жаманшылық емес, жақсылық,— деп Родинова көндірмекші болды.

— Маған мұндай жақсылықтың керегі жоқ, одан да жаман-ақ бола берсін.

Жолға шығуға даяр тұрған адамдар екеуінің таласын естіп күлісіп жатыр.

— Сіз оны жібере беріңіз, оған ештеңе де етпейді! — деп жолдасы үшін Ремнев өтініп сұранды.

— Бұл Умара Магомет деген темір пісіруші. Мен оны жібере алмаймын, оған суық тиген. Жібер деп жанжалдасып тұр, деді Ольга қасына келген Қовшовқа.

— Болымсыз бірдеңе, еш жерім ауырмайды, суық та тиген жоқ. Ана әйелге айтыңызшы, жолдас инженер, маған бөгет жасамасын. Майданда тұмау тиіп, жөтеліп қалған екен деп соғыстан босатпайды ғой.

Умара енді Қовшовқа жабысты, өзінің жылтыраған кішкене көздерімен оның бетіне жалтақ-жалтақ қарап қояды. Үстінде мақталы жаңа киімі бар темір пісірушіні Алексей бастан-аяқ сын көзімен қарап өтті.

— Ұстамаңыз, мейлі жүре берсін, осыған мен-ақ жауапты болайын. Егер ауырып қалса, өзім бұғазға барғасын емдеп жазамын.

— Міне рахмет сізге, инженер! Ешуақытта ұмытпаймын. Әй, рахмет...— деп Умара Магомет айғай салды, нәрсесі салынған қапшықты лып етіп көтеріп алып, машинаға мінуге елдің алдымен ұмтылды.

Жолаушылар төбелері жабық, жүк тасыйтын он машинаға орналасты. Колонна жүрер алдында жеңіл машинаға мініп Залкинд келді. Үстінде ұзын тоны, аң терісінен істеген етігі бар. Партия ұйымдастырушысы үшінші учаскеге бармақшы екен. Қасында Темкин еріп жүр. Залкинд өзінің машинасын гаражға жіберіп, Темкинмен екеуі жабық машиналардың біріндегі жұмысшылармен бірге отырды. Ауыр автомашиналар мұздың үстімен асықпай, жайымен жүріп келеді. Умара Магомет машинадан басын шығарып, Ольгаға айғай салды:

— Доктор, бермен қара! Учаскеге, маған қонаққа кел. Қуана-қуана қарсы аламын. Темір пісіргенімді көрерсің, отына жылынарсың. Менің денсаулығымды байқарсың. Кел, күтемін!

Алексей мен Ольга Умараның шақырғанына бой ұсынғандай болып, машиналардың соңынан біраз еріп жүрді. Ольга бірдеңеге тұнжырап жүрген сыяқты. Алексей одап себебін сұрауға бата алмады, анадағы кештен кейін ол Ольганы көрген жоқ еді.

— Менің сізбен сөйлесуім керек,— деді Ольга екіұштылау

сөйлеп, үлкен мұнды қабағын Алексейге көтере қарап. Ұзын құлақты бас киімі оны ұзын бойлы қыз бала сыяқтандырып көрсетіп тұр. Сөйлесуім өте қажет.

— Жақсы.

— Сіз бізді ұмытып кеттіңіз. Серафима сізді аузынан тастамайды. Беридземен екеуі тіпті тәрбиеші сыяқты. Біреулерге аналық кам жасап жүру екеуінің сүйегіне сіңген. Мен сізді анада шошытып жіберіп ем, келмейтініңіз сол себепті шығар. Солай ма? Менен қорықпаңыз. Көзінің оты ұшқындап Ольга күлімдей түсті.— Мен сізді күтемін.

Ольга күлді де, аяғын жылдамырақ басты. Аздап таңданып қалған Алексей Филимоновты іздемек болып жүре беріп еді, оны Ольга тағы шақырды.

— Алексей Николаевич, кешірерсіз. Мен өзімді қайда қоярымды білмей жүрген адаммын, не сөйлеп тұрғанымды да білмеймін. Маған сіздің көмегіңіз керек. Анада солай дегеніңіз есіңізде бар ма? Міне енді, мен сол туралы өтініп тұрмын.— Ольга ораулы қолын қолғаптан шығарды да, Алексейдің көкірегіне апарды.— Менің басқа ақылдасар ешкімім жоқ. Неге екенін білмеймін, Беридзеден ұяламын. Менің мұндай халімді Таня онша ұға қоймайды. Рогов кеше жүріп кетті, оған бұл туралы айта алмайсың да. Сізге сенемін...

— Ольга Федоровна, соншалық не болып қалды?

— Маған Хмара дейтұғын бір таныс адам телефон соқты. Ол күйеуімнің дос адамы болатын. Мен оны Рубежанскіден білемін. Өзі күдікті, жаман адам! — Ольга тыжырынып қалды.— Сол кісі маған сенің күйеуің Константин Родионов майданға кетіп бара жатып... жол үстінде... кенет... өліп кетті...— дейді.

Ольга тамағын ұстай алып еді, Қовшов оның қолын айырып алды.

— Сабыр етіңіз, Ольга Федоровна... Сіз қайратты адам едіңіз ғой...

— Жоқ, жоқ. Мен біле алмай тұрмын, оның өлгені анық па, жоқ әлде...

— Сіз өзіңіз айтып тұрсыз ғой...

— Хмара осыны айтқанда мен сасып қалдым. Есімді жыйғанша, ол менің атымды атап, бес-алты қайтара дауыстады. Одан кейін екеуіміздің мағнасыз сөзіміз басталды. Мен: «Мүмкін емес! — дей бердім. Ол: «Не мүмкін емес?» Жұрттың бәрі өледі»... дегенді айтты.

Ольганың қолын уысынан шығармай, Алексей оның сөзін қатты толғанып тыңдап тұрды.

— Мен оны өлді дегенге сенбеймін. Мұнда бір сыр бар. Сыр болғанда, бір сұмдық болу керек! Егер өлсе тіпті маскара,

ал менің бұған сенбеуім одан да жаман масқара! Хмара бүгін кешке біздің үйге келуге тиіс.

Бұлардың жанына Филимонов келді.

— Кешке сіздің үйге қайтсе де барамын,— деді Алексей Ольгаға.

Үстерінде майлы тондары бар тракторшылар мастерскойдың жанында Ковшов пен Филимоновты күтіп тұр.

— Ал қозға! — деп Филимонов айғай салды.— «Улиткалар» тексеріліп болғаннан кейін, соңынан барады.

Жүк ауыр тиелген, брезентпен жабылған тіркелме шаналардың табандары шықыр-шықыр етті. Тракторлар қаз табанын салдырлатып, бірінен соң бірі орындарынан қозғалып, мұз жолға шықты. Бұлар бір жүз-екі жүз километр шамасы жол жүріп, тиелген жүктерін учаскелерге жеткізулері керек.

Орнында төрт «улитка» қалды — шананың табаны үстінде орнатылған тіркеме, төбесі жабық, үлкен ағаш үйлерді Стартта осылай деп атайтын-ды. Осындай әрбір үйдің есігі, кішкене екі терезесі бар, төбесінен қалқанды мұржасы шығып тұрады.

Тракторға тіркелген «улитка» тракторшы Силиннің ойынша мұзды трасса бойындағылардың жұмыстарына көмектесуге тиіс. Тракторшы мен оның серігі екеуі жолды жүріске жарайтын күйде ұстамақшы, бірдене етіп бүліне қалса, автомашиналарға жәрдем көрсетіп тұруға тиісті болды. Сонда әлгі кішкене үй мастерской да, паналайтын үй де, склад та болмақ.

Силин осы «улиткалардың» бірінің қасында Ковшов пен Филимоновты күтіп тұрды; ол — ашық жүзді, қуақы, бітік көзді, толық жігіт болатын.

— Кәне, жылжымалы үйлеріңіз даяр ма? — деді оған Ковшов.— Оның жүргенде қандай екенін байқап көрейік. Бүгін Сморгковты жөнелтеміз, содан кейін сіздің кезегіңіз.

— Жолға шығуға қазірдің өзін де даярмын...

Сморчков пен Силиннің автомашинамен, трактормен бүкіл трасса бойынша алмаспай жүріп өту керек деген ұсынысы қабылданды, сөйтіп шофер мен тракторшы бұл қыйын сапарға бірнеше күн мұқият әзірленді.

— Өз үйіңді көрсетші, Силин,— деді Филимонов.

Тракторшы ағаш үзеңгілікпен өрмелеп, «улиткаға» кіріп кетті. Оның соңынан бастарын төбеге соғып алмас үшін еңкейіп инженерлер кірді. Үйдің ішінен жаңа сүргіленген ағаштың, темірдің, сорпаның иісі шығады. Үш адам кіргенде айнарлық жер болмай қалды. Тар үйде толып тұрған нәрселер: вагондағыдай асты-үстілі етіп салынған екі төсек; имек трубалы темір пеш, верстак пен қысқыш, екі отырғыш, азық-түлік салынған жәшіктер, көмір, отын, темірдің әртүрлі қыйындыла-

ры, құрал-саймандар мен запас бөлшектер салынған қоб-
дйлар.

Инженерлерден бұрын кірген Силин өзінің аясы тар пәтерін жөндеп тәртіпке келтіруге тырысты: анадай жатқан бір қапшықты нардың астына қарай теуіп жіберді, верстактың үстінде тұрған миска мен нанды былай алып қойды, төсектегі көрпені ондады.

— Гафу етіңіздер, үйдің ішін келіп көретіндеріңізді білмей қалдым,— деп тракторшы жуып-шайып жатыр.

— Немене, тәртіпті біз үшін жасамақсың ба? Соны өзің үшін жасасаң да артық болмас,— деп Филимонов күліп қойды.— Біз осында отыра тұрайық, сен бізді техникалық базаға дейін алып бар.

Силин жүгіріп шығып кетті, бір минуттан кейін трактор дүрілдей бастады. Үй қозғалып, сықыр-сықыр етті, бір-екі қайтара ырғалып барып жүріп кетті. Қовшов пен Филимонов қатты селкілдегенде әрең-әрең жығылмай қалды. Ішінде көмір жанып жатқан пештің жанындағы табуреткалардың үстінде отырып, екеуі поезддағы әлі таныса қоймаған жолаушыларша, біріне-бірі қарап отыр. Аз уақыттың ішінде инженерлер достасып кеткен еді, жұмыс үстінде өздері жиі-жиі кездесіп, істің көбін бірлесіп немесе өзара ақылдасып істеуге әдеттеніп кеткен болатын-ды. «Улитка» құрылыста қолданылып жатқан техникалық көп табыстардың бірі еді. Қазір, дұрысында, соны сынау жұмысы жүргізіліп отыр.

— Дұрыс нәрсе,— деді Алексей.— Осындайдың тағы бірнешеуін жасаймыз. Ішіндегі бұйымдардың бәрі қалай болса, солай үйіліп жатыр. Тек соларды қалай орналастыруды жақсылап ойлаған жөн.

Филимонов жәшіктің ішінде домалап жүрген консервы банклеріне қарады да, шолақ тонының қалтасынан газетке оралған нанның сынығын алды.

— Тамактанамыз ба жолдас? — деді ол Қовшовқа.— Сіз ұялмаңыз: менің әйелім чемоданыма толып жатқан дәмді тамақтар салыпты. Алысқа кетіп барасыз ба?

— Қырымға,— деді Алексей, бутербродтың жартысын алып жатып.— Ал сіз ше?

— Мен, Кавказдағы теңіз жағасын ұнатамын. Тегі, сіз Қыйыр-Шығыста болып көрмеген боларсыз? Онда тамаша курорттар бар.

— Сіз инженер емессіз бе? — деп сұрады Алексей.

— Жоқ. Ол не керек?

— Жәй,— деп күлді Қовшов.— Мен сізді Беридзе деген адамға көмекшілікке Қыйыр-Шығыс құрылысына баруға ұсынған болар едім. Суық күндерде темір пісіру проблемасы

оған аса күрделі міндет болып тұр. Оған сіздің ешқандай төмек көрсете алмайтын болғаныңыз сондай аяншықты.

Екеуі балықтың қатып қалған ұшқырығы жағғылған суық нанды тәбеттене шайнап, қысқы жағдайда трубаларды пісірудің жәйін әңгіме етті. Бұрынғы бас инженер Грубский, тегін қалық дәлелдерге сілтей келіп, трубаларды қыстығүні пісіруге болмайды деп дәлелдеген еді. Трубалардың қыстығүні қатты суықта біріне-бірін түйістіріп пісірген жерлерінде температураның әрқыйлы болуы себепті, жаздығүні трубаның ішіне қатты күш түседі-мыс, содан барып оның беріктігі төмендейді-мыс, сүйтіп мұнай айдағанда соның екпінге шыдай алмай трубаның пісірілген жерлері жарылып кетеді-мыс деген болатын.

Бұл дәлелдер Алексейдің көңіліне қоғамдай болып еді. Ол трубаларды қыстығүні пісіруден бастартпай-ақ, пісірудің шарттарын оңайлатуды ұсынды. Сөйтіп, Алексей Беридземең алдын ала сөйлесіп алмай тұрып, трубаны қыстығүні оңай пісірудің технологиясын жасады. Металға сыртқы суық температура-ның әсерін тигізбеу үшін, Ковшов трубаны пісіру ісін іші жылынған көшпелі, бұзып қайта жасап алып отыратын камераларда жүргізбекші болды. Ковшовтың бұл идеясы Филимоновка да ұнады.

Нәтижесі тосын болып шықты. Трубаларды камераларда пісіру дегенді Беридзе бірден-ақ жарамсыз етіп тастады. Мұның техника жағынан қыйын әрі қолайсыз, ал экономика жағынан пайдасыз екендігін ол оғ-оңай дәлелдеді. Грубскийдің әлгідей ойын ол инженерлердің құрғақ қылы деп атады, өйткені, Беридзенің пікірінше қыстығүні пісіру трубаның түйістіріліп пісірілетін жерлерінде беріктікке іс жүзінде әсер етпейді. Ақырында келіп Беридзе түк шықпайтын жобаларға ұяқты бекер өткіздің деп Ковшовты тағы да қолға алды. Алексей бас инженермен болған осы әңгімені Филимоновка ренжімей, қайта ризалық пішімен айтып отыр.

«Улитканың» сықырлағаны мен селкілдегені тоқтапты. Инженерлер тысқа шықты. Алаңданмелі үйден шыққандарға кейін қардың күн сәулесі түсіп жарқырағанына қарай алмай көздерін жұмды.

Қандай баға берер екен деп Силин келді. Алексей бұған — «Улитка» жақсы. Жұмыс даярланғыңыз, — деп.

Техникалық базала трубалар тиеліп жатыр. Трубалар өзегінің жағасында жерге төселген тиктің сәкілер үстінде бес километрдей жер бойында текше-текше болып жыйнақты тұр. Шаза тіркелген автомашиналар сәкілердің қасына келіп тұра қалды. Екі жұмысшы тіркеудің жұан тіректерін сыртына қайырып тұрды. Тағы екі жұмысшы трубалың екі жағына қармақпен іліп алып, желдігіне қарай реліктің үстімен сырғазатып әкетіп барды. Үлкен зыбраттың аузына ұсаған труба реліс-

тир кетимен шыкыр-шыкыр етіп сырғанап келеді дегені дөңгелек барын білмейтін кетіме шын етіп түсе қалады. Әрбір жашынаға тарт тартығына дейін тиетін.

— Бізді әлітме басқарып: үш минутте — деп бұқалты. — деп Алексей түс жұмысына сағатпен қарай тұрып. — Ойи жұлде оныі екен. Бұрын осындай ауыр жұмыс жұрт қолмен сүйлеп жүре болушы еді!!

— Сморчковқа барайық. ол осында көй. — деп Сморчковтың Түркістан тикетпен бес тартығын ұстап тұрғанын білгеннен кейін, екі тартығына тіркелетін жерлерін шифер айдан байқап қарай жүр. ол бір емес, талың рет қаратып болу керек.

Сморчковтың жолдастары — басқа шиферлер да айналып келіп күтін тұр. Олар өзге әлітмелесті көрді.

— Оған да бұғазға шейін бару керек. Онда баратын жол да жоқ.

— Тарталарды шығымен ақырына дейін сүйлеп керек бо-лар ма екен?

— Жоқ, олай емес! Ол тарталарды жетнін учаскеге таста-реді де, сол жерден жашынасының ұстие тикетін жай жұ-мыс.

— Түркістан ісі көй!

— «Түркістан!» дейсіз де қоясыз-ау! Біздің шиферлердің арасында екі жүз километрлік жолдан көркілдің сұқсылығы да бар. Тек жолға шықтау үшін зерттеуші сыртқаларды ойлап табыды. Сморчков бұыл тартық бойына аралып келгеннен кейін сыртқаларды көрді!

— Қалай, Сморчков жолды! — де-
нын жарына келді.

— Дәрімен сөзің әлітмелесті күтін!

— Дәрі болсаңыз, жөнеліңіз.

— Шың икепмен жолын болсын. Алексей шиферға қолын соғып. — Бұғазға етем.

Сморчков икепкерлермен және шоо-
зынаға барып отырып, өзінше сөзінің ш-
теп реттегі басты. Машина әкелі түркістан
кендігі сәл икепмен жасалы да, соңына әлі
барып орнына қозғалды. Тұша-тура ал
Сморчков икепкерге қырыған көрініс ете
ген тұрғышына тымағымен шилотка ұқсайды.

Алтын бойындағы жақын жол. Старттағыл
дай, жүруте әбден болады екен. Говчаруктің
машиналар түркі: үшінші учаскеге келіп жеті
қинд те келген екен. Партия ұйымдастырушы

Сморчков
шиферлер
жолына

оған аса күрделі міндет болып тұр. Оған сіздің ешқандай көмек көрсете алмайтын болғаныңыз сондай аянышты.

Екеуі балықтың қатып қалған уылдырығы жағылған суық нанды тәбеттені шайнап, қысқы жағдайда трубаларды пісірудің жәйін әңгіме етті. Бұрынғы бас инженер Грубский, техникалық дәлелдерге сілтей келіп, трубаларды қыстыгүні пісіруге болмайды деп дәлелдеген еді. Трубалардың қыстыгүні қатты суықта біріне-бірін түйістіріп пісірген жерлерінде температураның әрқыйлы болуы себепті, жаздыгүні трубаның ішіне қатты күш түседі-мыс, содан барып оның беріктігі төмендейді-мыс, сүйтіп мұнай айдағанда соның екпініне шыдай алмай трубаның пісірілген жерлері жарылып кетеді-мыс деген болатын.

Бұл дәлелдер Алексейдің көңіліне қонғандай болып еді. Ол трубаларды қыстыгүні пісіруден бастартпай-ақ, пісірудің шарттарын оңайлатуды ұсынды. Сөйтіп, Алексей Беридземен алдын ала сөйлесіп алмай тұрып, трубаны қыстыгүні оңай пісірудің технологиясын жасады. Металға сыртқы суық температураның әсерін тигізбеу үшін, Ковшов трубаны пісіру ісін іші жылынған көшпелі, бұзып қайта жасап алып отыратын камераларда жүргізбекші болды. Ковшовтың бұл идеясы. Филимоновка да ұнады.

Нәтижесі тосын болып шықты. Трубаларды камераларда пісіру дегенді Беридзе бірден-ақ жарамсыз етіп тастады, мұның техника жағынан қыйын әрі қолайсыз, ал экономика жағынан пайдасыз екендігін ол оп-оңай дәлелдеді. Грубскийдің әлгідей ойын ол инженерлердің құрғақ қыялы деп атады, өйткені, Беридзенің пікірінше қыстыгүні пісіру трубаның түйістіріліп пісірілетін жерлерінің беріктігіне іс жүзінде әсер етпейді. Ақырында келіп Беридзе түк шықпайтын жобаларға уақытты бекер өткіздің деп Ковшовты тағы да қолға алды. Алексей бас инженермен болған осы әңгімені Филимоновқа ренжімей, қайта ризалық пішінмен айтып отыр.

«Улитканың» сықырлағаны мен селкілдегені тоқталды. Инженерлер тысқа шықты. Алакөлеңкелі үйден шыққаннан кейін қардың күн сәулесі түсіп жарқырағанына қарай алмай көздерін жұмды.

Қандай баға берер екен деп Силин келді. Алексей оған:

— «Улитка» жақсы. Жүруге даярланыңыз, — деді.

Техникалық базада трубалар тиеліп жатыр. Трубалар өзеннің жағасында жерге төселген тақтай сәкілер үстінде бір километрдей жер бойында текше-текше болып жыйнаулы тұр. Шана тіркелген автомашиналар сәкілердің қасына келіп тұра қалды. Екі жұмысшы тіркеудің жуан тіреулерін сыртына қайырып тұрды. Тағы екі жұмысшы трубаны екі жағынан қармақпен іліп алып, ылдыйға қарай рельстің үстімен сырғанатып әкетіп барады. Үлкен зеңбіректің аузына ұқсаған труба рельс-

тің үстімен шықыр-шықыр етіп сырғанап келеді дағы, домалап барып тіркеудің үстіне шың етіп түсе қалады. Әрбір машинаға төрт трубаға дейін тиелді.

— Енді әңгіме басқаша: үш минутте — даяр болады,— деді Алексей тиеу жұмысына сағатпен қарап тұрып.— Өзі мүлде оңай екен, бұрын осындай ауыр нәрсені жұрт қолмен сүйреп әуре болушы еді!..

— Сморчковқа барайық, ол осында ғой,— деді Филимонов Тіркеуді, тиелген бес трубаны ұстап тұратын тіреулерді, автомашинаға тіркелетін жерлерін шофер әбден байқап қарап жүр, ол бір емес, талай рет қараған болу керек.

Сморчковтың жолдастары — басқа шоферлар да айналаны қоршап күтіп тұр. Олар өзара әңгімелесіп қояды.

— Оған дәл бұғазға шейін бару керек. Онда баратын жол да жоқ.

— Трубаларды, шынымен, ақырына дейін сүйреу керек болар ма екен?

— Жоқ, олай емес! Ол трубаларды жетінші учаскеге түсіреді де, сол жерден машинасының үстіне тиелетін жәй жүк алады.

— Тәуекелдің ісі ғой!

— «Тәуекел!» дейсіз де қоясыз-ау! Біздің шоферлардың арасында екі жүз километрлік жолдан қорқатын сұңқарлар да бар. Тек жолға шықпау үшін нешетүрлі сылтауларды ойлап табады. Сморчков бүкіл трасса бойын аралап келгеннен кейін бастартып көрсін!

— Қалай, Сморчков жолдас! — деді Филимонов машинаның жанына келіп.

— Даярмын, сіздің әміріңізді күтіп тұрмын,— деді шофер.

— Даяр болсаныз, жөнеліңіз.

— Шын ниетіммен, жолың болсын деп тілеймін! — деді Алексей шоферға қолын созып.— Бұғазда кездесерміз деп үміт етем.

Сморчков инженерлермен және шоферлармен қоштасып, кабинкаға барып отырып, өзінің серігін шақырып алды да, ептеп рычагті басты. Машина әуелі тіркеудің салмағымен күрескендей сәл кыймыл жасады да, сонсоң әжептәуір күш жұмсап барып орнынан қозғалды. Тұпа-тура алға қарап отырған Сморчков инженерге қырынан көрініп өте шықты. Басына киген құлақшын тымағымен пилотқа ұқсайды.

Адун бойындағы жақын жол, Старттағылардың айтқанындай, жүруге әбден болады екен. Гончаруктің колоннасындағы машиналар түнде үшінші учаскеге келіп жетті, осы араға Залкинд те келген екен. Партия ұйымдастырушысы жол үстінде

уақытты босқа өткізбей, бір машинадан екінші машинаға ауысып мініп отырып, жолаушылармен танысты, оларға құрылыстың жәйін айтып, толып жатқан сұрақтарына жауап берді.

Ескі орындарынан жаңа қонысқа көшіп бара жатқан адамдар бір үйдің адамындай болып келеді, оларды осыншама ынтымақтастырып, туысқан адамдай етіп жіберген нәрсе, Москваға төнген қауіп, осы қауіпті сағатта жалпыға ортақ міндет үшін біріккендік болды. Олардың партия ұйымдастырушысынан соншалық үмітпен жауап күтуі де тегін емес еді, өйткені бұлардың әрқайсысының жеке басының тағдыры батыста болып жатқан соғыспен байланысты еді. Зятьков қарттың баласы Ленинград түбінде, інісі Кара теңізде соғысып жүр. Украинада Гончаруктың ата-анасы мен қарындастары қалған. Тракторшы Ремнев та таяуда майданға жанқияр достарын шығарып салғандығын айтты. Умара Магометтің екі туысы Белоруссия шекараларынан Москваға дейін шегінудің ауыр сапарын бастарынан кешірген...

Уақытша жұмыссыз отыру, нефтепроводтың жаңа жұмысшыларын жалықтырып жіберді, бұлар бұғазға тезірек жетіп, жұмысқа кіріссек екен деп асығып, төзімдері жетпей келеді. Мұзды жолмен бөгелмей келе жатқанға бойлары сергіп, бұлар әжептәуір қуанысып қалды.

Қасында қатар жатқан жолдастарының мазасын алмас үшін машина ішінде өзінің үлкен денесімен ептеп қана бұрылып, Ремнев:

— Жол қыйын деп бізді текке үрейлендірген екен ғой. Тез жетеді екенбіз.

— Фургонның қараңғы жағынан Залкиндің даусы тағы да естілді:

— Аптықпандар, жолдастар. Алдымызда әлі ауыр, ұзақ жол жатыр. Әлі азап шегіп қыйналуға тура келеді,— деді ол.

Жолдан шаршап келген адамдарды демалу үшін орналас-тыруды партия ұйымдастырушысы учаскеде Темкинге тапсырды. Олармен қош айтысты да, Залкинд учаскенің шаруашылығын түнде байқап көруге болмайтындығына өкініп, конторға кетті. Темкиннің сөзі рас болып шықты: Ефимов басқарманың бұйрығын бұзып, өзінің штабымен өзеннің оң жағасында әлі күнге дейін қалып қойыпты.

Жолды фонарымен жарық қыла отырып, Залкинд Адунның кедір-бұдыр мұзымен жүріп келе жатып, Ефимов туралы ойлады. Михаил Борисовичтің есіне: Ефимовтың Новинскіге ең алғашқы комсомолецтер мен бірге келгендігі түсті. Ол жұмысты жақсы істеп, карапайым ағаш ұстасының арасынан басшы қызметкерлердің қатарына жоғарылаған. Оны партия қатарына алған болатын. Соғыс басталар алдында Ефимов нефтепровод құрылысына жіберілген.

Учаске бұдан үш жыл бұрын нанайлар тастап кеткен Ефимовтин деген бір кішілеу қоныста тұр екен. Гиртинник тұрған адамдары басқа бір қоныстағы колхозға қосылып өзінің сол жақ жағасына көшуіне байланысты, Залкинд осы араға бұрынғы бір келген болатын. Аласа келген дөңгелек фанзалар үстінде салынған бір қабат кең үйлермен аралас-құралас тұр. Учаскедің конторы емін-еркін тұрған сыяқты. Ефимов Ефимовтың жалғыз өзі бүтіндей бір үйді алып отыр екен.

Сол үйдің қасында жүк машиналардың қаптап тұрғанын көріп, Залкинд есік алдында топырлап жүрген шоферлермен әңгімеге кірісті.

— Біздің бұл арада не себепті сенделіп жүргеніңізді сіз Ефимовтан сұраңыз! — десті олар. — Бір жағадан екінші жағаға айдайды да отырады, түктің мәнісіне түспе алмайсың.

— Учаске бастығы бізге жаңа бұйрық естіртеді деп таң сәрінен айтып еді, — міне соны күтіп тұрмыз.

Ефимов конторын ірі мекемедегі салт бойынша жасаған екен — кабинеті де, келген адамдарды қабылдайтын үлкен бөлмесі де, секретары да бар. Қабылдау бөлмесі толған адам, олардың кейбіреулері отыр, кейбіреулері түрегеп тұр, өзара әңгімелесіп те қояды, секретарь столында отырған жуан әйелмен де егесіп отырғандар бар. Бірнешеуі Сморгчовты қоршап алған. Шофер партия конференциясы туралы әңгіме айтып тұр. Ол Залкинді көріп, соған қарай ұмтылды.

— Сморгчов? Келіп те қалғансың ба?

— Залкинд жолдас, мұны не деуге болады? — деді Сморгчов алқынып. — Менің жол қамын бітіріп алып таң сәріне тағы жолға шығуым керек. Ал мұнда ешнәрсе істей алатын түрім жоқ. Машинаға жанар май бермейді, жұртты тамақтандыру да ойларында жоқ. Бар билік бір бастықтың қолында, қалғандары күр қарақшы. Бастыққа кірудің өзі наркомге кіруден де қыйынақ көрінеді. Сіз енді жәрдем етіңізші!

— Ештеңе етпейді, Сморгчов, бәрі де болады, біраз шыда.

Залкинд отырып, темекі тартты да қабылдауды күтіп отырған адамдармен әңгіме құрды. Бұлар басқарып отырған Ефимовты сөгіп отыр. Бригадалардың ертең қандай жұмысқа тағайындалатынын учаске бастығының өзі көріп, бекіткенше, дөңгелектер келіп бүкіл кеш бойы күтіп отырды. Өзіннің сол жағасындағы жұмысшыларға нан алу үшін керекті бір қағазға Ефимов қол қоймады деп, экспедитор ашулаанып жүр, әйтпекті пекария сыяқты тұрмыс қажетіне қызмет істейтін өндірістердің бірін сол жағадан болатын. Жұмысшы поселкесінің қорғаныс аумағы складынан отын алып, оны таңертеңге дейін жеткізуге керек.

еді, бірақ неге екені белгісіз, Ефимов көлікке рұқсат бермей қойыпты деп ол күйгелектеніп жүр.

— Өзінің екі қолы мен ақмақ басы, мың қолмен бес жүз ақылды басқа төтеп бергісі келеді,— деді Сморгчов.

Ефимовтың кабинетінде де, оның қабылдау бөлмесіндегідей, бірнеше адам отыр, ренжіген пішіндеріне қарағанда, бұлар көптен отырған болу керек. Пештің жанында тұрған ұқыпсыз жыйнай салынған кроватьқа Залкиндің көзі түсті. Мұның қызмет кабинетінде тұруы адамға өрескел көрінеді. Ефимов телефон трубкасына қатты айғайлап жатыр. Ол Залкинді келгенде де трубканы қолынан тастаған жоқ, тек онымен амандасу үшін ғана орнынан көтерілді. Ефимовтың айғайлаған сөзінен: оның балықшылар колхозының председателімен сөйлесіп, қарызға берілген елу килограмм шегені қайтаруды талап етіп жатқанын аңғаруға болатын еді. Алынбаған сақал-мұртына, жуылмаған бет-аузына, бурыл шашына, қанталап қызарған көздеріне қарағанда, ол ауру адам сыяқты.

Құмарынан шыға сөйлесіп болып, өзін күтіп отырған қызметкерлерді шығарып жіберіп, Ефимов қажыған кейіпте езу тартып Залкиндіке қарады.

— Михаил Борисович, сені көрмегеніме көп болды. Қонаққа келдің бе? Шешін, менің кабинетім жылы.

— Жолдас Ефимов, осы сен нешедесің? — деп сұрады партия ұйымдастырушысы.

— Отыз үштемін. Оның несін сұрадың?

— Терехов есінде бар ма? Сен онымен күрдассың, ал түріне қарағанда, оған баба болмасаң да, әке болуға әбден жарайсың. Шашың бұп-бурыл, бетің адам көргісіз, нағыз шалдың өзі болыпсың да қойыпсың. Әлде ауырасың ба?

— Саумын,— бірақ учаске мүлде қажытып бітірді. Соғыс кезінде жұмыс істеу қыйын болады екен. Жөн білетін адамдар аз, біресе анау, біресе мынау жетпейді. Басқарманың да не ойы бар екенін ұқпай қойдым — өзеннің сол жақ жағасына көшу не үшін керек. Мұнда жаңа ғана орналасып болып едік, енді бәрін қайтадан тәртіпке салу керек. Күні-түні күйгелектеніп, бажылдап жүргенің. Бір минут тыным таппайсың. Кешке таман басың ың-жың болады, әйтеуір пирамидон ішіп қана жан сақтап жүрмін.

Осы айтқанын дәлелдегісі келгендей болып, Ефимов столдың жәшігінен бір пакет пирамидонды алып, біреуін тіліне салды да сумен жұтты. Залкинді өзінің ызасын әрең тежеп, оған бақылап қарап отыр.

— Сөйтіп пирамидонның арқасында жүрмін десенші? Онда сенің мұның онша жақсы емес екен. Мұнымен ұзаққа бара алмайсың.

— Я, тегі жұмыс үстінде күйіп-пісіп жүріп, көп ұзамай

өлетін түрім бар,— деп Ефимов бірден мақұлдады. Сіздерге жолдастар, басқа бір учаске бастығын іздеулеріңізге тура келетін болар.

— Өй, қыялай! Ынжық неме! — Мен сенен бір жөнді қызметкер шығады деп ойлаушы едім,— деп Залкинд күйіне сөйледі.

Ол түрегелді де Ефимов отырған столдың жанына келді. Ефимов сасқалақтап орнынан тұрды.

— Михаил Борисович сен маған не үшін тап бердің?

— Үйткені, істі құлдыратып барасың! Біздің сенімімізді ақтамадың!

— Сенімді мен ақтамадым ба? Қолдан келгеннің бәрін істеп жүрмін. Егер бірдеменің жөні келмей қалса... одан артықты ешкім де істей алмайды.

— Бәрін де ойдағыдай істемей жүрсің. Не істеп жүргенінді өзің де түсінбейсің.

— Жұмысты күні-түні істеймін. Ешкімге тыныштық беріп жүргенім жоқ. Жататын, тұратын орным да осы кабинет, керек десе төсегімді де осында әкеп салып қойдым.

— Міне, міне! Елдің берекесін де, өз берекенді де кетіріп болғансың. Экспедитордің немесе жабдық жөніндегі агенттің орнына жанармайдың әрбір килограммымен шұғылданып жүрсің. Жұмысшылар басы артық нан жеп қоя ма деп қалт-құлт етесің. Машинаның әрбір жүретін сапарына рұқсат алу үшін саған келіп отыруға мәжбүр болған. Бұл сеніңше үнем үшін күрес болып есептеледі ғой? Қысқаша айтқанда, ешкімге сенбей учаскеде бір өзің ғана жұмыс істеуге бел байлағансың. Ең басты нәрсе: күштің бәрі коллективте екендігін ұқпасаң, онда сен не үйренгенсің? Адам деген сен үшін құр қарақшымен бірдей деседі осындағылар, бұл әбден дұрыс айтылған сөз.

— Мен бұрын сенен бұл сыяқты ештеңе естіген жоқ едім,— деді Ефимов міңгірлей, дәрменсіздене сөйлеп.

— Ісіңе сай, осы айтқанды тыңдай бер! Мен сенің жолдасың Тереховты, бостан-босқа еске түсіріп отырғам жоқ. Оның жағдайы сенікінен жеңіл ғой дейсің бе? Жоқ, түк те жеңіл емес! Ол экспедитор емес, ол завод коллективінің басшысы, нағыз директор. Біліп қой, ол бурыл тартып та бара жатқан жоқ. Терехов қашан көрсең де, сақал-мұртын алып, тап-таза болып, жана костюмін киіп кабинетінде шылдақана тойына келгендей болып отырады. Өлу де ойында жоқ,— жауды жеңу үшін партия мен мемлекетке кең ойлы, дені сау қызметкерлер керек екендігін ол жақсы біледі. Мен осы жуықта оның заводында болдым, соның өзінде бір таза ауа жұтқандай желпініп қалдым. Оның тапсырма алғанына қанша уақыт болды дейсін, ал ол соның өзінде-ақ майданға оқ-сайман бере бастаған. Сенің жұмысың да, адамдарың да өзеннің арғы жағасында болып отыр-

ғанда, сен кабинетті қыймай бір орында тапжылмай отырсың. Партия ұйымының пікірі дұрыс, сені қызметтен алу керек, ат-қара алмай отырсың.

Ефимовтың өңі өзгеріп, еріндері жыбырлап, қалтырап кетті:

— Не үшін орнымнан алады? Менің жұмысқа соншалық берілгендігім үшін бе?

— Бір ғана берілу — ол аз. Сенен көп нәрсе сұралады, өйткені, сен басшысың.

Залкинд бетін бір сыйпады да, отыра кетті. Ол қатты қобалжыған еді, енді соны басуға тырысты. Ефимов туралы олар қалайша қателесті екен, сөйтіп енді мұны орнынан алуға тура келеді ғой? Ефимов тыжырынып тағы бір порошокты жұтып салды.

— Шатастың, дұрыс жолдан тайдың,— деп ашуланды Залкинд. Әлде шатаسقаныңды өзің көрмей жүрсің бе? Темкиннің сөзіне құлақ салсаң болмас па еді,— оның даусы ақырын болғанмен, дұрыс шығатын дауыс. Жәрдемге басқарманы шақырсаң болмас па еді. Басқарма алты қырдың астында емес, қазір екі ортаға жақсы жол да салынып болды. Осы пандық саған қайдан келген? Сен тіпті партия конференциясына да келмей, қолды бір-ақ сілтедің ғой. Көрдің бе, маңызды жұмыстар бөгет жасапты,— сондағы соңына түсіп жүргенің елу килограмм шеге ме? Не деген іскер? Міне, соғыстың не екенін ұқпағаның осы!

Ефимов столдың ішін тағы да ақтара бастады.

— Порошок ішкенің жетер енді! Мен саған басқа дәрі жазып беремін.

Екеуі үндемей біраз отырды. Алдыңғы бөлмеден дауыстар естіліп жатты. Залкинд соларға құлақ салды.

— Енді маған не істеу керек, Михаил Борисович? — деді қынжылып Ефимов.— Сен мені біржолата өлтірдің ғой.

— Өлтіріп те тастадым! — деп күліп жіберді Залкинд. Ол столды шынтақтап Ефимовтың бетіне тура қарады. Тегі Батманов сені орныңнан алу керек деп қадалар, онысы шынында дұрыс та. Бірақ сені партияға алған мен едім, сондықтан сен үшін маған батып отыр. Онсоң өзінді өзің күні бұрын жерлегенінді де тілемеймін. Сенің учаскенді өз қамқорлығыма аламын. Өзінді коллективпен орайластыруға әрекет жасап көремін, мындаған адаммен жұмыс істей алар ма екенсің, соны байқаймын. Жұмысты қазіргідей күні-түні бірдей істейсің, бірақ порошоксіз істейсің. Не қалыпты учаске бастығы боласың, немесе бәрін қайтадан бастап, қатардағы ағаш ұстасы боласың. Ұқтың ба?

— Ұқтым,— деді Ефимов ақырын.

— Сенің даусың, Темкиннің даусындай, саябыр шығатын болды ғой,— деп Залкинд күлді.— Ал Темкин бірдемеге айғай-

лап жатыр, естіп тұрсын ба? — Екеуі де есік жаққа қарады.— Бар, жұрттың бірін қалдырмай осында тегіс шақырып кел. Олардың жұмыс істегісі келіп жүр, қабылдау бөлмесінде ұстап отыратын ештеңе жоқ.

Залкинд үстіндегі шолақ тонын шешіп тастады. Бөлменің ортасында тұрған қалпы жұрттың кіруін күтіп тұр, олар ашулы, қабақтары түскен қалпы жасқана кіріп жатыр...

Есікті Родионованың өзі ашты. Алексей киімін шешкенге дейін Ольга оның қасында тұрып сөйлей берді:

— Серафима қонаққа кетті. Беридзе үйде. Бірақ сіз маған келдіңіз ғой?..

Сары жібек абажур астындағы лампаның жарық сәулесінде Ольганың үй киімі емес, түз киімін: костюм, боты киіп алғаны Алексейдің көзіне бірден түсті.

— Сіз бір жаққа баруға ыңғайланғансыз ба? — деп сұрады ол.

— Жоқ, енді бармаймын. Тағы бір бес минут кешіккеніңізде сізді іздемекші едім. Ұмытпағаныңызға рахмет.

Ольга ұзын, жіңішке, буын-буындары қызғылт келген сауақтарының ұшымен шекесін ұстап, бір нәрсені елегізіп тыңдағандай болды.

— Осыншама азаптануға бола ма, бүйте берсеңіз естен танып құлап та қаларсыз. Жәйімен отырып сөйлесіп, бәрін де ақылдасып көрелік.

— Оныңыз дұрыс. Менің тегі жынданатын түрім бар. Күйеуімнің өлгені туралы манағы айтқаным сізге ерсі көрінген болар...

Шатаса, мүдіре сөйлеп, ол Константиннің жәйін әңгіме етті. Ольганың студентка, ал оның невропатология кафедрасының шешен тілді доценті болып жүрген кезінде екеуі Рубежанскінің медицина институтында танысады. Алғашқы лекциядан кейін-ақ ол Ольгаға көңіл бөліп, соңына түседі. Ольга институтты бітіргенде жасалған кештен кейін екеуі бірге өмір сүре бастайды. Бұл өмірдің ішінде жақсы күндері де болған, қазір Ольга оны жамандап ештеңе де айта алмайды. Көңілі қалағанда Константин сыпайы, сондай камқор, сондай ұқыпты адам да бола алатын еді! Сөйтіп ол Ольганы бақытсыздыққа ұшыратып кетті. Өзінің ең жақын деген адамын, ең қасиетті деген достық сезімді алдауға дейін ар-ұяты жететін адамдар болатындығын Ольга осы күнге дейін түсінбейтін еді. Оның күйеуіне бірте-бірте көңілі қалып, сенімі жойыла бастағандығын, бастан-аяқ еске түсіріп жатудың қажеті жоқ. Ақыры бәріне де көзі жетті. Әбден білді. Мұның өзі Константиннің соңғы жолы келгенінде анықталды. Алдын ала айтқан, сыпайы жылы

сөздерінен кейін ол ақ билет алу жөнін әңгіме етті. Басқасын былай қойғанда, нағыз қоян жүрек қорқақтың өзі болып шықты.

— Советтік қоғамда осындай адамдар қайдан пайда болады, соны мен ұға алмаймын, тіпті ұға алмаймын? — деді Ольга қатты кейіп және ренжи сөйлеп. — Осындайлар неге сақталып келді екен? Олар өмірге жеңіл қарап, қызметті, қоғамдық борышты, семьяны, махаббатты, балаларды мазақ етеді. Константин де, Хмара да бір тектес адамдар. Табақтас, барлық жағынан дос адамдар. Бар айырмасы сол, бірі — дәрігер, екіншісі — геолог. Екеуін де ит етінен жек көремін!

Ольга есік жаққа таман келді. Оған Хмара келе жатқан сыяқтанды да тұрды.

— Сіздің келер алдыңызда мен Константиннің хатын қайтадан оқып шықтым. Бәрі жалған! Кеше ол әскер қатарына шақырылудан жасырынды. Ал бүгін осы сыяқты хатты шын ниетімен жаза ала ма? Егер тілесеніз, өзіңіз оқып көріңізші, — деп алқызыл конвертті суырып алып Алексейге ұсынды.

Ковшов хатқа жиренішті көзбен қарап:

— Мен сізге сенемін, — деді.

Олардың ойында бір пасықтық пікір бар. Мен өзім де осылардың ісіне араласқан тәрізденем де тұрамын.

Ольга Алексейдің қасына келіп отырды. Оның бұдан бір жәрдем күтетінін сезіп, Алексей Ольганың көңілін жұбатуға тырысты. Біраз жұбатты да. Бірақ Ольганың абыржып, елеңдеуі оған да әсер етті. Қонақ келе жатқан жоқ па екен деп, Алексей де еріксіз тындай қалды.

— Хмара келгенде өзімді қалай ұстауым керек? Мен, тегі, шыдай алмай, оны қуып шығатын шығармын.

Ольга үмітпен Алексейге қарады. Біраз ойланып тұрып Алексей:

— Былай істелік. Сіз өзіңізді сабырмен ұстаңыз. Қазір кездескелі отырған адамыңызға алдын ала жаман пікірмен карамауға тырысып көріңіз. Ол тек суық хабарды алып келуші ғана ғой. Ендеше сіздің сенбеуіңіз, күдіктенуіңіз орынсыз болады. Егер де Хмара алдау ісіне шын қатнасып жүрсе, сондағы оның мақсаты күйеуіңіздің өлгеніне сіздің көңіліңізді сендіру болса, сіз мұныңызбен оның көңіліне күдік туғызып сақтандырып аласыз. Ол келгенде сізбен бірге болуға даярмын. Бірақ одан да менің сіздерге бөгет болмағаным дұрыс болар. Менсіз жерде ол көңіліндегісін ашығырақ айтады ғой. Мен Бридзеге барып отыра тұрайын. Керек бола калсам мені шақыра қоярсыз.

— Дұрыс, Алеша, дұрыс-ақ. — Ольга ұшып түрегелді, бойы сергіп кеткендей болды. — Сіз, жақсы ақыл айттыңыз. Мейлі, осылай болсын. Онымен мен өзім-ақ сөйлесейін.

— Сізге бір сұрақ беруге бола ма?

— Сұраңыз, Алеша.

Родионов және әлгі геолог Хмара жаман, керек десе қауіпті адамдар деп тым батыл кесіп айттыңыз. Сонда сіздің жеке басыңызға ғана қауіпті ме? Әлде оларды әлеуметтік жағынан да қауіпті дейсіз бе? Олардан не күтуге болады?

— Әділетті сұрақ. Бұл сұрақты өзіме-өзім қоймағаным дұрыс болмаған.— Ольга бірден жауап бере қойған жоқ.— Я, меніңше, олардан жаманшылық, тіпті орасан жаманшылық күтуге болады. Тек мен үшін емес, тіпті жалпы айтқанда да... Мен осыны ар-намысыма нұқсан келген соң, немесе басқа бір жәбір көргендіктен айтып отыр деп ойламаңыз. Қазір мен әділмін. Өзіңіз ойлап көріңіз. Олардың бойында өзімшіл емес жері жоқ. Өмірдегі біздің ең басты деген нәрсемізге олар немқұрайды көзбен қарайды. Әрине, менің кейбір мәселеде қателесуім де мүмкін, бірақ менің білетінім, олар моральдық жағынан бұзылған адамдар. Бұл ақшаны, дүние-мүлікті, жан рақатын өлердей жақсы көру. Бұл адамға нағыз қымбатты дегеннің бәрін мазақ ету. Бұл шетелдің несіне болса да ақмақшылықпен құмарту. Бұл адамды сыйламау. Осыны бұрын қалайша көрмедім екен! Рас, мен Хмараның кім екенін ертеден-ақ білгемін. Тіпті Константинді соған қарсы қоюға да тырысып көргенмін.

Ольга портреттің қасына барып, оның бетін теріс қаратып қойды. Өзі бір минуттей бұрылмастан тұрды да, портретті қайтадан оң қаратып, бір қыйқым қара лентаны алып, күйеуінің суретіне байлады.

— Азаның белгісі. Тірі ме, өлі ме бәрібір,— деді ол жабырқап. Аяғындағы ботысын көріп: — Менің қайта киінуім керек. Сіз жалғыз отыра тұрыңыз, қазір келемін,— деді.

— Одан да мен Беридзенің бөлмесіне бара тұрайын,— деді Алексей.

— Бірақ онда Хмара туралы ештеңе деменіз. Онда Таня отыр, ол Хмара жайындағы әңгімені тыңдағысы да келмейді. Маған сол бөгет жасап жүрмес пе екен деп қорқамын.

Беридзе тұратын бөлменің есігі сәл ғана ашылып тұр еді. Алексей коридорда тоқтап қалды. Таня стол басында Беридземен қатар отыр, стол үстіне қоятын лампаның күңгірт қалпағы жарық сәулесін түсірмей, екеуінің жүздері де алакөленке болып көрінеді.

«Шынында екеуі жақсы жұп екен-ау! Георгийдің үйленетін де уақыты болды. Таня сыяқты әйелді жүз жыл іздесең де таба алмассың»,— деді ішінен жолдасы үшін қуанған Алексей.

— Мейрамды осында өткізетініңіз жақсы болды,— деді Беридзе.— Сіздің колоннаны жөнелтуді кейінге қалдыра тұруға Батманов ризалық бергенге дейін, мен өзімді қайда қоярға

білмей жүрдім. Тым болмаса осы үш күн бойы өзіңізді көріп, сөзіңізді естіп, сүйсініп жүрсем, соның өзі қайда жатыр...

— Бірақ оған мен қуана алмаймын. Ертең шыққанның өзі жақсы болатын еді. Георгий Давыдович, сіз маған бұл мәселе жайында неге қайта-қайта айта бересіз?

— Мен сізге айтқамын. Ал тағы да айтамын. Тіпті тоқтаусыз айта бермекпін: мен сізді сүйдім! Ұғамысыз, сүйдім! — Беридзе өзінің ойындағысын білдірген осы сөзін, ерекше бір жігермен масаттана айтты.

— Керек емес! — деп оған Таня қарсы болды. — Бірден осылай деуге бола ма екен? Мен бәріне де түсінемін. Сіз салт адамсыз. Ал сіздің мінезіңіз: қалай да болса, біреуге қамқорлық ойлауыңыз керек. Мені сүйдім деп отырғаныңыз, ол тек мені сүйеге, менің қамымды ойлауға даярлығыңыз ғана. Ал енді сізден сұрайтыным, осы туралы менімен сөйлеспесеңіз екен.

— Сіз колоннамен бірге жүріп кетесіз, сөйтіп біз көпке шейін көрісе алмаймыз. Қашан да болса айтатын сөзімді қазір неге айтпаймын?

Басқа біреудің сырын байқаусызда естіп қалған адам тәрізді, Ковшов қолайсыз жағдайда қалды. Родионованың бөлмесіне де қайтып бара алмады, есікті жапқысы келіп еді, бірақ жаппады: Алексей барлық ниетімен Беридзе жағында болды, сөздерінің қорытындысын білгісі келді.

— Сіздің салқын сөзіңіз менің діңкемді құртады! — деген Беридзенің сөзі Алексейге естілді.

— Олар тіпті салқын емес. Сізге енді жүректі ақылға жеңдіру жөніндегі атышулы сөзді айту ғана қалып отыр.

— Сіз маған неге сенбейсіз! — деген Георгий Давыдовичтің қатты даусы естілді. — Мен көңлімдегі бар сезімімді шын ниетіммен айтып отырмын.

— Сіздің адал ниетіңізге сенемін! Бірақ бір көргеннен-ақ адамды сүйеге болады дегенге сенбеймін. Сіз екеуіміздің танысқанамызға көп болды ма?

— Егер мен бір көргеннен-ақ сүйе алатын адам болсам, онда қайтесіз? Сізге өзімнің сүйетіндігімді қалай дәлелдеуім керек?

Беридзе тегі, қызды құшақтағысы келген болу керек. Таня орындығымен бірге кенет сырғып кетті.

— Георгий Давыдович, сіз маған жақындамаңыз. Әйтпесе мен кетіп қаламын.

«Алдың сыбағанды, сақалдым!» — деді ішінен Алексей жымпып.

— Адамды білмей тұрып, қалайша сүйеге болады? Не үшін сүйеге болады? — деп сұрады Таня таңырқап!.. Адамның сырын тез біле қоюға болмайды. Менің ойымша, сіз тез сүйе қалатын

шығарсыз да, бірақ оныңыз ұзаққа бармайтын болар. Маған оның керегі жоқ...

Екеуі де үндемей қалды. Жым-жырт, тек сағаттың тықылдағаны ғана анық естіліп тұр.

— Не істеу керек, Таня? — деп күрсінді Беридзе. — Соны айтыңызшы, мен сізге бағынайын...

— Тегі, күте тұру керек болар. Сіздің осы ойыңыз көңіліңізге қандай тез келе қойған болса, сондайлық тез тарқар деп ойлаймын.

... Күтпеген жерден сыртқы есікті қатты қаққан дауыс естілді. Ольга қонақты қарсы алуға жүгіріп шықты. Қовшов Беридзенің есігін жауып, ас үйге, Серафима тұратын жаққа қарай кетті, бұл жақта жылы және пісірген самсаның иісі шығып тұр еді.

Кеш келген қонақтың түрі келбетті екен. Үстінде былғары пальто, аяғында қонышы қайырылған биязы қара пима, басында кубанка бөрік, ішінен кигені гимнастёрка, галифе шалбар—совет қызметкерлерінің көбі ұнататын киімдер. Сырт пішіні: жел қағып тотыққан жалпақ бетті, тура қарайтын тұнжыр көзді, ептеп жымырып алған қалың ерінді адам екен.

— Сүйкімді Ольга, денің сау ма! — деп ол Родионованың бетіне қарап, қолынан сүйді. — Сен ғафу ете гөр, мен өзімнің міндетімді ыңғайсыздау орындадым. Жолшыбай келе жатып көп ойландым, бірақ ақылға сыярлықтай ештеңе ойлап таба алмадым. Константин өкінішті кетті, шын ниетіммен өкінемін!

Ол бойын еркін ұстап отыр. Сонымен бірге өз халіндегі адамның бойында болуға тиісті жағдайға сәйкес қысылып та отыр. Хмараның әрбір сөзін, әрбір қозғалысын тікенедей көріп отырған Ольга, оның әрекетінен бір жалған іс байқап қалғандай болды.

Әңгіменің жөн-жосығын сұрағанды күтпестен, қонақ әңгімеге кірісті. Константин өзінің өтінішіне жауапты ұзақ күтіпті, содан кейін істің бәрі әпсәтте тез болыпты: соғыс комиссариатына шақырып алып, жолға дайындалуға екі сағат қана уақыт беріпті. Оның өлімі туралы эшелонда бірге кетіп бара жатқандар білдірген, заттары мен чемоданын да солар беріп жіберген. Константиннің өлімі оның таныстарының бәрін таңдандырды, өйткені ауру адам емес сыяқты еді. Ол майданға баруды қатты тілейтін, былайша айтқанда, бар ынтасы сонда болып еді, не керек, — жете алмай қалды. Бұдан да, әрине, ұрыс үстінде өлгеннің өзі жақсы еді. Бірақ лаж жоқ, — тағдыр тек соғыста ғана өлуге жазып қойды дейсің бе!

Ольга төмен қарап отырып тыңдады. Ол өзі өтірік зйта білмейтін-ді, ал басқа біреудің өтірік айтып отырғанын да

білмей жүрдім. Тым болмаса осы үш күн бойы өзіңізді көріп, сөзіңізді естіп, сүйсініп жүрсем, соның өзі қайда жатыр...

— Бірақ оған мен қуана алмаймын. Ертең шыққанның өзі жақсы болатын еді. Георгий Давыдович, сіз маған бұл мәселе жайында неге қайта-қайта айта бересіз?

— Мен сізге айтқамын. Ал тағы да айтамын. Тіпті тоқтаусыз айта бермекпін: мен сізді сүйдім! Ұғамысыз, сүйдім! — Беридзе өзінің ойындағысын білдірген осы сөзін, ерекше бір жігермен масаттана айтты.

— Керек емес! — деп оған Таня қарсы болды.— Бірден осылай деуге бола ма екен? Мен бәріне де түсінемін. Сіз салт адамсыз. Ал сіздің мінезіңіз: қалай да болса, біреуге қамқорлық ойлауыңыз керек. Мені сүйдім деп отырғаныңыз, ол тек мені сүйеге, менің камымды ойлауға даярлығыңыз ғана. Ал енді сізден сұрайтыным, осы туралы менімен сөйлеспесеңіз екен.

— Сіз колоннамен бірге жүріп кетесіз, сөйтіп біз көпке шейін көрісе алмаймыз. Қашан да болса айтатын сөзімді қазір неге айтпаймын?

Басқа біреудің сырын байқаусызда естіп қалған адам тәрізді, Ковшов қолайсыз жағдайда қалды. Родионованың бөлмесіне де қайтып бара алмады, есікті жапқысы келіп еді, бірақ жаппады: Алексей барлық ниетімен Беридзе жағында болды, сөздерінің қорытындысын білгісі келді.

— Сіздің салқын сөзіңіз менің діңкемді құртады! — деген Беридзенің сөзі Алексейге естілді.

— Олар тіпті салқын емес. Сізге енді жүректі ақылға жеңдіру жөніндегі атышулы сөзді айту ғана қалып отыр.

— Сіз маған неге сенбейсіз! — деген Георгий Давыдовичтің қатты даусы естілді.— Мен көңлімдегі бар сезімімді шын ниетіммен айтып отырмын.

— Сіздің адал ниетіңізге сенемін! Бірақ бір көргеннен-ақ адамды сүйеге болады дегенге сенбеймін. Сіз екеуіміздің танысқанамызға көп болды ма?

— Егер мен бір көргеннен-ақ сүйе алатын адам болсам, онда қайтесіз? Сізге өзімнің сүйетіндігімді қалай дәлелдеуім керек?

Беридзе тегі, қызды құшақтағысы келген болу керек. Таня орындығымен бірге кенет сырғып кетті.

— Георгий Давыдович, сіз маған жақындамаңыз. Әйтпесе мен кетіп қаламын.

«Алдың сыбағанды, сақалдым!» — деді ішінен Алексей жымыйып.

— Адамды білмей тұрып, қалайша сүйеге болады? Не үшін сүйеге болады? — деп сұрады Таня таңырқап!.. Адамның сырын тез біле қоюға болмайды. Менің ойымша, сіз тез сүйе қалатын

шығарсыз да, бірақ оныңыз ұзаққа бармайтын болар. Маған оның керегі жоқ...

Екеуі де үндемей қалды. Жым-жырт, тек сағаттың тықылдағаны ғана анық естіліп тұр.

— Не істеу керек, Таня? — деп күрсінді Беридзе.— Соны айтыңызшы, мен сізге бағынайын...

— Тегі, күте тұру керек болар. Сіздің осы ойыңыз көңіліңізге қандай тез келе қойған болса, сондайлық тез тарқар деп ойлаймын.

... Күтпеген жерден сыртқы есікті қатты қаққан дауыс естілді. Ольга қонақты қарсы алуға жүгіріп шықты. Ковшов Беридзенің есігін жауып, ас үйге, Серафима тұратын жаққа қарай кетті, бұл жақта жылы және пісірген самсаның иісі шығып тұр еді.

Кеш келген қонақтың түрі келбетті екен. Үстінде былғары пальто, аяғында қонышы қайырылған биязы қара пима, басында кубанка бөрік, ішінен кигені гимнастёрка, галифе шалбар—совет қызметкерлерінің көбі ұнататын киімдер. Сырт пішіні: жел қағып тотыққан жалпақ бетті, тура қарайтын тұнжыр көзді, ептеп жымырып алған қалың ерінді адам екен.

— Сүйкімді Ольга, денің сау ма! — деп ол Родионованың бетіне қарап, қолынан сүйді.— Сен ғафу ете гөр, мен өзімнің міндетімді ыңғайсыздау орындадым. Жолшыбай келе жатып көп ойландым, бірақ ақылға сыярлықтай ештеңе ойлап таба алмадым. Константин өкінішті кетті, шын ниетіммен өкінемін!

Ол бойын еркін ұстап отыр. Сонымен бірге өз халіндегі адамның бойында болуға тиісті жағдайға сәйкес қысылып та отыр. Хмараның әрбір сөзін, әрбір қозғалысын тікенектей көріп отырған Ольга, оның әрекетінен бір жалған іс байқап қалғандай болды.

Әңгіменің жөн-жосығын сұрағанды күтпестен, қонақ әңгімеге кірісті. Константин өзінің өтінішіне жауапты ұзақ күтіпті, содан кейін істің бәрі әпсәтте тез болыпты: соғыс комиссариатына шақырып алып, жолға дайындалуға екі сағат қана уақыт беріпті. Оның өлімі туралы эшелонда бірге кетіп бара жатқандар білдірген, заттары мен чемоданын да солар беріп жіберген. Константиннің өлімі оның таныстарының бәрін таңдандырды, өйткені ауру адам емес сыяқты еді. Ол майданға баруды қатты тілейтін, былайша айтқанда, бар ынтасы сонда болып еді, не керек,— жете алмай қалды. Бұдан да, әрине, ұрыс үстінде өлгеннің өзі жақсы еді. Бірақ лаж жоқ,— тағдыр тек соғыста ғана өлуге жазып қойды дейсің бе!

Ольга төмен қарап отырып тыңдады. Ол өзі өтірік айтпа білмейтін-ді, ал басқа біреудің өтірік айтып отырғанын да

тындай алмайтын. Хмараны тоқтатып қойып, оның бетіне: «Айтып отырғаның өтірік! Константин майданға барам деп ұмтылған жоқ, ол қорқақ — ол сіз сыяқтанған үрейсіз қорқақтың бірі! Және ол өлген жоқ!» деп айтып салғысы келді.

Хмара чемоданды Ольганың қолына беріп: нәрселерді ешкім қозғаған жоқ дегенді атап айтты. Ольга чемоданды ашпастан киім ілгіштің астына апарып қойды. Хмара көңіл айта келген сапарын аяқталды деп санап, енді көңілді дауыспен:

— Ғұрып бойынша досты еске түсірсе де, теріс болмас еді,— деді.— Сенен біраз арақ, оның артынан жейтін шайнама табылмас па екен? Менің қарным жаман ашты.— Хмара күліп, бұрынғыны еске түсіріп: — Сен мені Рубежанскиде жүргенде жақтырмаушы ең, кейде мен сендерге келуге де қорқушы едім. Константинді де маған қарсы салып бақтың. Соның бекер болған, мен оған да, саған да шын дос едім ғой,— деді. Кешкі тамақ әзірлеу үшін Ольга ас үйге кіріп, үндемей отырған Алексейге кездесіп қалды.

— Мен оған сенбеймін! Ұғасыз ба, сенбеймін! Ол өтірік айтып отыр! — деп Ольга Қовшовтың құлағына сыбыр ете қалды.

Ольга бөлмеге қайтып келгенде, Хмара қаралы шүберек тағылған портретке тесіле қарап, көлгірсіген пішінде, бірдеңені ішінен миңгірлеп столдың жанында отыр еді.

Ол өзінің осы бет бейнесін Ольгаға қарағанда да өзгерткен жоқ, осынысының өзі Ольганың бетіне ыстық су шашып жібергенмен бірдей болды. Хмара өзінің арам ойын бір жерден білдірер деп Ольга манадан күтіп жүр еді, ақыры солай болып шықты. Өзін алдап жүргендігіне, оның көзі енді анық жетті. Әйтседе Ольганың саспай өзін-өзі ұстауға да күші жетті.

Кешкі тамақты ішіп отырып, Хмара Ольганың көңілін аулау үшін, өлкенің орталығындағы тұрмыс туралы әңгімеледі. Бұрынғысындай ішуді, баптап тамақ жеуді, сейіл құруды, әйелдердің соңына түсуді, жалпы айтқанда, өмірдің қандай рақатын болса да жек көрмейтіндігін айтып, Хмара көңіліндегі шын ойын білдірді. Аткаратын жұмысының әрі көрнекті, әрі тыныш екенін, өзін жұмыста бағалайтынын, еңбекақысы мен мүмкіншіліктері жалпы айтқанда, соғыстан бұрынғыдан төмен емес екендігін де айтты.

— Сен періштедей сұлусың! — деді Хмара шын ниетімен құлап.— Константин сені бағаламады. Маған ашулансаң да менің саған беретін кеңесім: оны ойлап көп қайғыра берме. Көздің жасымен оны тірілтіп ала алмайсың. Ол үлкен күнакар адам еді ғой. Қайта өз күналарыңды оның күналарымен теңестіруге тырыс. Құдай мұны саған кешіреді! Хмара ішіп алғаннан кейін бейпілдене сөйлеп, әдептілігі қалып қойды. Ол өзінің добалдай қатты қолын Ольганың иығына әкеліп артты.

— Қойыңыз әрі! — деп Ольга бойын кенет тартып алды. Хмараның беталды танығанын енді көтере алмай, Ольга Алексейдің келуін күтті.

Ас үйде отырған Ковшов әрбір сөзді айқын естіп отырды. Хмараның әңгімесі әуел баста шын сыяктанып естілді, сондықтан Алексей де Ольга осы адамға бұрыннан теріс пікірде болғандықтан сенбей жүрген шығар деп ойлап қалды. Бірақ Хмараның тілі шешіле сөйлеген сайын, Алексейдің оған сенімі жоғала берді. Сөйтіп, геологті көрмей тұрып-ақ, оның сырын біліп жиркене бастады. Ковшов иығын қомдап қойды. Ақылы, іскерлік қабілеттері бола тұра бұл адамдардың өздері үшін осындай бейшаралық аянышты тағдырды тандап алғандарын қалай түсінуге болады? Өзінің ұсақ әуесқойлық мінезімен Хмара көзге қандай мағнасыз болып көрінеді! Ал ана біреуі, тек майданға бармау үшін, ауыр пәленің бәрін істеп жүр... Егер Родионов шын өлмеген болса да, бәрібір ол біздің аразмыздағы өлексе.

Ольганың қатты даусын естіп, Ковшов ас үйден шықты.

— Кіруге бола ма, Ольга Федоровна? — деп сұрады ол дауыстап. Хмара бұл кім дегендей Ольгаға қарады.

— Көрші. Біздің баскарманың инженері, — деді ол.

Алексей Хмараға жақсы әсер еткен сыяқты болды. Геолог онымен бір көргеннен оп-оңай әңгімелесе кетті. Ол Новинскиге қандай қызмет мақсатымен келгенін түсіндірді, құрылыс ісімен таныстығын білдірді, Грубскийді ескі жолдасым еді деді. Хмараның пікірінше, Рубежанскидегілер нефтепровод құрылысына теріс көзбен қарайтын сыяқты, оны қазір керексіз құрылыс деп санап, барлық күшті майданға беру керек десетін көрінеді. Бұл сөзді Алексей осы жуықта ғана естіген болса, бұған құлақ аспаған да болар еді. Бірақ Хмараның аузынан шыққан соң, оның қытығына тиіп, оны қатты кейітті. Өзінің әдетінше кенет қарсы шықпақ болған көңілін, инженер әрең дегенде тыйып алды.

Ақыры қонақ түрегелді. Ол Ольга мен Алексейді Рубежанскиде көрісерміз дегендей үміт пен тілегін білдірді. Киініп жатып Ольгаға былай деді:

— Менің берген ақылымды, ұмытпа...

Ковшов жұдырығын түйіп қойды, бұл адамның ұятсыздығы оны қатты ашуландырды. Қонақ кетісімен, Ольга шаршаған қалпы кроватьға отыра кетті. Оның көзі жасқа толы еді.

— Өзіңізге өзіңіз берік болыңыз, бүйтуге болмайды! — деп Алексей иығына қолын салды. — Мен оның соңынан барайын, тағы да әңгімелескім келіп тұр.

— Жақсы, жақсы, — деді Ольга салғырт пішінмен.

... Ковшов далаға шықты. Хмара өзін күтіп тұрған жеңіл машинаның жанында, үйге таяу жерде тұр екен.

— Сіз үй иесін жабыркатып кеттіңіз, — деді оған Алексей.

— Енді қайтесің. Алдауға болмайды ғой!

— Сіз қапылыста аспаннан түскендей болдыңыз. Родионов өлді дегенге Ольга Федоровна сенбейді, — деді жұлып алғандай Алексей, Хмараға тым таяна түсіп.

Кең иықты, әлуетті геолог, екі қолын қалтасына салып, екі аяғын алшайтып тұр.

— Сенбей ме? Олай болса тексеріп көрсін. Оны Тайшет станциясында жерлепті. Әйел десең—әйел! Күйеуі өзіне қанша жәбір-жапа көрсетіп еді, оған жаны ашуын әлі қоймайды. Бекер етеді! Оны біржолата ұмытуы керек.— Хмара Алексейге қарап ырсыйып қойды. Ал менің ойымша, Ольга оны, тегі, сіздің жәрдеміңізбен ұмытатын болар. Жігітім, ырысың бар екен: Ольга сондай тәтті тағам, одан мен де бастартпаған болар едім.

Алексей ештеңе айтып үлгере алмай қалды. Хмара машинаға мінді де, қош айтып жүріп кетті.

Он үшінші тарау

ЖЕТІНШІ НОЯБРЬ КҮНГІ СӘСКЕДЕ

Сталиннің сөйлейтіндігі көптен күтіліп жүрсе дағы, оның даусы кенет, тұтқыйылдан естілді. Жұрттың бәрі орны орнында тына қалды.

Сталин асықпай, жайымен бойын кернеген аса зор қуатпен сөйледі. Кейбір сөздері, мындаған шақырымдарды өткенде эфир толқыны ішіндегі ызы-шуға араласып естілер-естілмес болып кетеді. Клубқа жыйналғандар сөздің бас жағын естімей қалды. Родиоузел передачаны жалғауды кешіктіріп алған сыяқты болып көрінді.

— Былжыр немелер, уақытты өткізіп алған ғой! — деп Гречкин күнк ете түсті де, қоя қойды, оны артында тұрған Алексей арқадан түртіп қалып еді.

Көзін репродуктордан айырмай, өңі қашқан Ковшов шала естіген жерін тұспалдап ұғып, әрбір дыбысты бар ынтасын сала тындап тұр. Алексей жасындағы тұстастардың естияр болғаннан бергі барлық саналы өмірлерін Сталиннен, оның ісінен, оның кітаптары мен сөйлеген сөздерінен бөлек айырып алуға болмайтын-ды. Мектеп жасына жеткеннен бері, «Ленин жолдас, саған ант етеміз...», деген сөз айтылған күннен бастап, Алексей Ковшов пен оның құрбылары үшін Сталин бірден-бір ұстаз болып, оның беделі айдан айқын, ешқандай кіршік жұмайтын болып алған. Соғыс басталып, тіпті сыналған, ер деген адамдардың көбі сескеніп, жүректері қобалжығанда, сондайлардың бәрінің үмітті ойларының назары Сталинге аударыл-

ды. Бұлар Сталиннің: «Жолдастар! Азаматтар! Аға-іні, апа-карындастар! Біздің армиямыз бен флотымыздың жауынгерлері! Сіздерге айтып тұрмын, достарым!» — деген бойды алатын сөздерін естіді.

... Сталин енді халықпен тағы да сөйлесті... Осы бір минуттарда Алексей үшін Сталиннің даусынан басқа дүниеде ешнәрсе жоқ еді. Бұл дауыс оның сенімін күшейтті, қайратын та сытты.

Сталин көңілді аулап жұбатқан жоқ. Халыққа жұбату емес, шындық керек екендігін ол жақсы білді. Сөйтіп, халық бұрынғысынша Сталиннен сол шындықты тағы да естіді. Ол: «... қауіп кемімек түгілі, қайта, бұрынғысынан да күшейе түсті. Жау... біздің данқты астанамыз — Москваға төніп келіп қауіп туғызып тұр...» — дегенді айтты.

Дүние жүзіндегі ең бағалы капитал адам деген сана-сезімді ел ішіне орнатқан Сталин, Отан үшін ұрыстарда жүз мыңдаған совет адамдарының қаза тапқанын жігермен айтты. Оның баяулап шыққан даусынан қатты күйінгендіктің сарыны естіліп тұр.

Алексей көсемі мен ұстазының ызбарлы жүзін дәл қарсы алдында тұрғандай көрді. Әрбір совет адамының бойында күйініш пен қауіп бар еді. Миллиондаған адамдардың қам жеуі мен қауіпі мұның көкейіне жетіп, бүкілхалықтық қайғының өзені оның жүрек тамырларының арнасымен аққандай болды.

Төңірегінде тұрғандардан ұялмай-ақ, Женя бір уақытта кәдімгі балаша, өксіп-өксіп, солқылдап жылап жіберді. Ішкі ызасы тамағына келіп тығылып, Алексейдің де тынысы тарылып тұр. Женяның қасында тұрған Батманов, үндемей ғана Женяның басынан сыйпады: Батмановтың мұнысы сол арада тұрғандардың бәрін есіркеген сыяқтанды, өйткені әлгі жылап тұрған жайдары, жап-жас қыз бүкіл осында тұрғандар үшін қайғырып тұрған тәрізді болып көрінді.

«Біздің ісіміз әділ іс — біз жеңеміз!»

Қол шапалақтау нөсері рупорда бірнеше минут өршеленіп басылмай тұрды. Москвадан алыс жатқан осы араның өзінде, дәл түн ортасында—Адун жағасында ағаштан салынған клубка жыйналған үш жүз шамалы адам зор жігермен Сталинге қол соқты.

Репродуктордың гуілдегені кенет тоқтала калып, оның орнына гиміннің салтанатты үні естілді. Содан кейін жым-жырт болды.

— Жолдастар, бізде Сталиннің барлығы қандай зор бақыт десеңізші! Ол болмаса біз не болар едік? — деді Таня қатты дауыспен тыныштықты бұзып. Бәрі тағы дуылдасып, қол шапалақтады.

Алексей жұрттан бөлініп онаша шықты. Абыржыған, көзі қызарып, өкі кашқан Беридзе оны тоқтатты да:

— Алексей, біздікіне барайық. Сөйлесуіміз керек,— деді.

— Ғафу ет, Георгий Давыдович, бара алмаймын. Онаша болуым кажет. Әнгіменді таңертеңге дейін қалдыра тұр. Таңертеңнің өзі де, міне, болып қалды ғой. Екі-үш сағатқа шыдарсын?

— Шыдаймын,— деп бүрк етті де, Беридзе жалт беріп бұрылып алып, алды-артына карамастан кетіп қалды.

Ковшовты Гречкин айғайлап шақырып:

— Алексей Николаевич, тоқтай тұр! Екеу болып кетсең, екі жүзді табарсың дегендей... Менің сенде жұмысым бар...

Гречкиннің айғайын естімеген болып, инженер кадамын жиілетте түсті. Сталиннің сөзі оған әсер етіп, бойын биледі, ол өзінің ойын тербеткен сөздің маңызын, күнделікті түкке тұрмайтын ұсак-түйек болмашы әнгімеге араластырып жіберуді қаламады. Шолақ тонын қаусырынып, бөркін баса киіп, тайғанактау даңғыл жолмен жүгіре басып үйіне карай жөнелді. Ай шаншылып дәл төбеде тұр; бұлтсыз аспанда сансыз жұлдыз жымың қагады. Айналаның бәрі кар, ай сәулесіне шағылып кардың түсі көкшіл шыныдай жылтырайды.

Алексей аяз ауаны әлденеше рет қатты-қатты жұтып, жатақ үйдің қасында біраз тұрды. Клубтан шыққан адамдар әр тарапка ағылып кетіп жатыр, олардың дауыстары шынының сылдырындай болып, үздік-үздік естіледі. Танямен, Женьямен бірге келе жатқан Гречкинді көріп, инженер тез үйге кіріп кетті. Бұл келе жатқанда коридордағы есіктердің бірі ашылып кетті. Сол есіктен Лизочканың үрпиген сары шашы көрінді. Ол инженерге тесірейген көзімен карады да:

— Әлгі біздікін көрмедіңіз бе? — деп сұрады, күйеуіне сенбейтінін білдіргендей болып.

— Қазір келеді...

— Қашан да кезіп жүргені! Төрт баласы бар, жұықта бесіншісі болғалы тұр, ал өз басына өзі не болайын деу ойына да кіріп шықпайды.

Біз онымен бірге салтаватты мәжілісте болып, содан кейін Сталин жолдастың баяндамасын тыңдадық,— деді Алексей ызаланса да, өзін-өзі тоқтатып.

Лизочка селт ете қалды да, кірпігін қағып-қағып жіберіп:

— Әкетайым-ау! Мен неғып білмедім? Ол не туралы сөйледі. Соғыс тез біте ме екен?

— Қазір Гречкин келеді, өзі айтар.— деп Алексей тайкаксып қасынан асыға өте шықты.

Ол өзінің мейрамда көтерілген көңіл сезімін сол қалпында сақтағысы келді. Өзінің бөлмесіне кірді де, есікті жауып алды. Бөлмесі күндегісіндей суық екен: дем алғанда ауыздан аппақ

бу шығады, төбесін және сыртқа караған кабырғасын киіздей болып тұтасып кырау баскан.

Инженер тез шешінді, бірақ көрпе мен шолак тонға оранып, кедір-бұдыр катты төсекте көпке дейін дөнбекшіп жатты. Коридордан дауыс естіліп тұр. Баяндама туралы маған неге ескертпедің, кешігетінінді неге айтпадың, деп Лизочка Гречкинді шабаланып карсы алды. Гречкин жасканшактау, бұға сөйлеп басын арашалады.

Женя да келіп килікті. Қызметте жүргенде өз басын өзі билеп жұмысты батыл істейтін Гречкиннің, үйге келгенде өзінің Лизочкасынан балаша коркатынына ол әркашан ыза болып жүретін. Дауыстар даурығып катая берді. Содан кейін есік те сарт етіп жабылып калды. Балағат сөздер енді Гречкиннің үйіне барып кірді.

Алексей өз балмесінің алдына пима киген біреу келіп, есікті жасканбай акырын тыкылдатканын естіді. Алексей үндемеді.

— Ұйқтап жатыр. Ұйқымен жүріп бәрінен құр калатын шығар,— деді Женя ренжіп.

— Тыйыштык берсенші, неге онын сонына түсе бересің? — деп ұрысты Тая акырын ғана.

— Менің онымен сөйлесуім керек. Клубта тұрғанда оның қасына барып едім, маған көңіл аудармады.

— Осы коридорда тұр да, Лизочкадан өнеге алып, сен де оған жанжал шығар,— деді Тая, келемеждеген дауыспен.

Қыздар есік алдында біраз тұрды да, кетіп калды. Жатак үй жым-жырт болды, тек терезе шынысының жарығынан сок-кай жел ғана сары масаша ызылдап тұр.

Тая атуға таянып калды, бірақ Алексейдің ұйқысы келмеді. Басына бір ой кіріп, бір ой шығып жатыр. «Жау... біздің данқты астанамыз — Москваға төніп келіп қауіп туғызып тұр...» деген сөз ойынан кетпей, қайта-қайта естілгендей болады. Ол ана жакта не болып жатканын көз алдына елестетпекші болды. Ата-анасы, інісі Митенька неғып жүр екен? Зина қайда? Соларды көріп, ең болмағанда тіл катысып, құшактасар ма еді! Нефтепровод құрылысының соғыс үшін керек екеніне, өзінің сол құрылыс үшін керек екеніне Алексей енді күдіктенбейтін болды. Москваны корғағанда қандай орын ала калатын болса, сол орыннан өзінің осы жерде алып жүрген орнының маңызы, жауаптылығы кем болмай шықты. «Өзінен үлкен жолдастар қандай жерге қойса, сол жерде соғысу керек. Бізге берілген жауынгерлік тапсырма: Москваны Адунның жағалауында жүріп корғау» — деп Залкин дұрыс айтқан. Бұған таласу — майдан мен тылдың маңызының пара-парлығы жөніндегі ақыйкатты бекер деумен бірдей болар еді.

Осының бәрі жөн, бәрі дұрыс... Бұл мәселелерді қайта шешудің қажеті жоқ. Алайда, жобаның әр бетін бір аударып

қойып тып-тыныш кана тексеріп кабинетте отыратын инженердің ролін, зенбіректі күрсілдетіп жау оқ атып тұрғанда, өзінің солдаттарын тұрғызып жауға шапқан взвод командирінің ролімен бірдей деп білу кейде тіпті (ақылға емес, жүрекке) қыйын тиетін еді. Москва төңірегіндегі майданнан ерекше қауіпті хабарлар алынғанда, құрылысшы емес, жауынгер болғысы келетін.

Коридорда, Алексейдің кабинетінің қарсысында, плакат ілулі тұр. Сол плакаттың қасынан өтіп бара жатқан адамға жаралы солдат қабағын түйіп, катал пішінмен: «Майдан үшін не істедің?» деп сұрап тұрғандай. Адамның ар-намысын сыйпаттауға әрекеттеніп көрсе, ол да осы сыяктанып: «Жау Москваға төніп тұр, сонда сен не бітіріп жүрсін? Әлде сен қорғайтын ештеңе жоқ па?..» дегенді көрсетер еді.

Ақырында Алексей бір сағат па, бір минут па, әйтеуір көзі ілініп ұйқтағандай болды. Түсіне әлде бірденелер кірді. Бірақ, оянганда, көздің жасымен беті сұланып қалғанын байқады. Түсінде ол Москваның ауыл шаруашылық көрмесіндегі Солтүстік павильонында болып, Зина екеуі терраста отырып, мороженое мен бүлдірген жеп отыр екен. Әлдеқайдан музыканың даусы естіледі. Зина бір ірі бүлдіргенді қасыққа салып алып, Алексейге ұсынады да:

«Мынау сіздердің Қыйыр-Шығыста өсетін жемістеріңізден тәуір болар?» — дейді.

Сонда Алексей көзіне келген жасты тоқтата алмайды.

«Алеша, сен неге жылайсың?» — деп Зина абыржып, шілтерлі орамалымен оның көзінің жасын сүртуге ыңғайланып еңкейеді.

«Біз қандай болып едік? Біздер, бақытты жастар, қандай өмір сүріп едік?» — дейді Алексей.

— Зина таңырқап:

— «Болып едік» деп отырғаның не? Әлде біз өліп қалыппыз ба? Мен сенің не айтқаныңа түсінбей отырмын, Алеша», — дейді.

«Біз енді бұрынғыдай емеспіз» — дейді Алеша. Содан кейін, бейбіт өмірімізді соғыс бұзып кетті дегісі келеді дағы, бірақ оны айтпай тоқталып қалады, өйткені: «Мезгілсіз оның мазасын кетіріп қайтемің, бейбітшілік жағдайда біраз жүре тұрсын» деген ойына келеді...

Сталиннің сөзінен кейін құрылыс бастығы мен партия ұйымдастырушысы клубтан шығып басқармаға қайтып келді.

— Аралға дейін тартылған провод болса, қазір бүкіл трассамен байланыс жасап жіберіп, мейір қанғанша сөйлескен болар едік, — деді Батманов кабинетке кіріп бара жатып.

Оның столында селектор аппараты тұр. Бұл аппарат Роговтың штабы тұрған Тывлинге дейінгі жақын учаскелермен ғана байланысуға жарайды. Василий Максимович орнына отырып, дағдылы қыймылымен аппаратты өзіне қарай жақындатып қойды. Залкинд үндемей ойланып кабинетте әрлі-берлі аяңдап жүр.

— Беридзені тауып алу керек, осында келсін,— деді Батманов. Ол ұйқтап қала қойған жоқ шығар.

— Василий, оны шақырмай-ақ қой,— деп Залкинд қарсы болды.— Партияға алу жөніндегі өтінішіңізді дәл бүгін, жетінші ноябрь күні қараймыз деп мен оған сөз беріп едім. Қазір оның мазасын алудың керегі жоқ.

— Дұрыс, мен оны ұмытып кетіппін. Оны партия қатарына ұсынған өзім едім. Өзің неге шешінбей тұрсың?— деді Василий Максимович.— Шешін, отыр учаскелерді аппаратқа шақырамыз. Сталин жолдастың сөзіне біздің адамдар қандай істермен жауап бермекші болғанын білейік.

— Ефимов пен сөйлескенінде қатнасармын, содан кейін Стартқа кетемін. Ондағылар да жетінші ноябрьді жұмыс күні етпекші болыпты.

Залкинд орындықтың канатына келіп отырды да, пальтосының түймесін ағытып, бөркін алды. Батманов селекторды қосты. Трассада біреу қоныр дауыспен ауа райы жөнінде мәлімет беріп жатыр екен. Екінші учаскедегі диспетчер әйел үзіп-үзіп, ашулана сөйлеп, бұдан үш күн бұрын Новинскіге қарай шыққан бір автомашинаның жоқ болып кеткен хабарын беріп жатыр. Басқалардың бәрінен де екі еркектің даусы қаттырақ шығады: оның бірі — үшінші учаскеден сөйлеп тұрған бәсеңдеу, акырын дауыс — инженер Некрасовтікі, екіншісі — төртінші учаскеден, санқылдаған, ашық дауыс — инженер Мельниковтың даусы. Мельников Сталиннің баяндамасын қайталап айтып, соның мазмұнын түсіндіріп тұр. Сталиннің сөйлегенін өз учаскесі кеш біліп қалғанына Некрасов әлі өкініп, мазасы кетумен болды. Осы дауыстардан басқа селектордан көмескі көп шулы дауыс естіледі.

— Біздің трасса жүрегі соғып, жұмыс істеп, күресіп жатыр,— деді Батманов акырын ғана.

Ол жағын таянып, аппараттың жанында қозғалмастан отырды да, дыбысты көңіл қоя тындаумен болды. Трассаның үнін тындау, оның бір сүйетін ісі еді.

— Жолдас Мельников, мен Роговпын. Бәрінен бұрын, мына келген Октябрь мерекесімен және Иосиф Виссарионовичтің бәрімізге бірдей тартқан сыйлығымен құттықтаймын,— деген бесінші учаске бастығының аздап қарлыққан даусы естілді.

— Рахмет! Менің де құттықтауымды қабылдаңыз,— деді оған Мельников.— Сталин жолдас бізді қуантты ғой.

Батманов үнсіз Залкиндке карап қойды.

— Митингіде біз сіздің коллективті жарысқа шақырмакшы болдык,— деді тағы да Рогов.— Ертең сіздерге шартты алып, біздің партия ұйымының секретары Котенев барады, бұл әзірше, алдын ала айтып тұрған хабарым. Сіз тындап тұрсыз ба?

— Тындап тұрмын,— деді Мельников.— Біздің алдымызға түсіп кетіпсіздер! Біз мұнда сіздерді шақырамыз ба, немесе үшінші учаскені шақырамыз ба, деп соған әлі келісе алмай жатырмыз.

— Есіңізде болсын,— деді Рогов сөзін нақ-нағымен айтып,— біздің міндеттемелеріміз мынадай: қысқы жолды салу жөніндегі жұмыстарды тез аяқтау; екі апта ішінде сол жолды толық тәртіпке келтіру; Аса мұқтаж болып тұрған склад, үй, гараж, нан пісіретін орын, монша сыяқтыларды осы айдың акырына дейін салып болу.

— Естіп тұрмысың! — деді Батманов Залкиндке бұрылып карап.

— Мұның үстіне, біздің Махов, Солнцев деген шоферларымыз және басқалары стахановшы Сморгковпен кездескеннен кейін әрқайсысы жеке міндеттемелер алды: жолдың әбден салынып болуын күтпей-ақ, трубаларды казірден бастап тасый бастаймыз десті. Жазып алып тұрсыз ба? — Роговтың үні үлкеннің кішімен сөйлескені тәрізді, ақыл айтып тұрғандай болып естіледі.

— Жазып алып тұрмын, неге жазып алмайын,— деді Мельников.

— Ендеше, сіздер біздің шақыруымызды кабыл алды деп, басқармаға хабар беруіме болады ғой?

— Сол да сөз болып па? Жарысқа шақырғанда, оны кабылдамай тастаған адамды, мен әлі көргем де, естігем де жоқ. Әлгі Котеневіңізді жібере беріңіз.

— Жолдас партия ұйымдастырушысы, естіп отырсыз ба?— деп Батманов тағы сұрады да, көңілі канағаттанып, орындықтың аркасына шалқая отырды.

— Менің алаң болатыным үшінші учаске, әлгі Ефимов,— деп Залкинд түргелді.— Темкин екеуін шақыршы.

Бірақ сол арада Рогов Новинскіні шақыра бастады. Батмановтың даусын естігенде, ол қуанып кетті,— осы сағатта құрылыс бастыгымен сөйлесетініне сондайлық қуанышты екені, Роговтың даусынан-ақ білініп тұр.

— Бүгін біз жұмыс істеп жатырмыз. Екі сағаттан кейін бүкіл коллектив болып вахтаға тұрамыз,— деп баяндады Рогов.— Стахановшылардың жәрдемімен бір күнде екі істі бітірмекшіміз... Адун үстімен салынған мұз жолдан трассаға дейінгі араны қосатын жолды салып болмакшымыз және автоколонна үшін кішкене қала салу ісін бастамакпыз. Василий Мак-

симович өзінің учаскеге келетін карсаңға дейін, шоферлар үшін үлгілі жатақхана сайлап, жабдықтап қоюға уәде беремін,

— Уәде бермей қоя тұр, мүмкін, мен ертең барып қалармын. Егер адамға жәйлі, таза жылы жатақхана салып қойсаң, соның өзіне де рахмет айтамын.

Залкинд тықыршып әрлі-берлі аяңдап жүр, Батманов та асығулы.

— Александр Иванович, сен Гончаруктың адамдарын көрдің бе? Анада мен бұғазға жіберген адамдарды айтамын? — деп Батманов Роговтың сөзін бәлді.

— Олар менде бір түнеп, алдыңғы күні ілгері қарай жүріп кетті.

— Машинамен бе?

— Я, бірақ алтыншы участкеден бастап олардың жаяу жүрулеріне тұра келеме деп қорқамын, өйткені одан әрі машина жүре алмайды.

— Өздерінің көңілдері қалай екен? Барлығының да дендері сау ма екен?

— Ауырған-сырқағаны жоқ. Мен оларды мейрамға бөгемекші болып едім, оған өздері көнбеді. Олардың ішінде Умара Магомет деген бір қызу қанды жігіт бар екен, сол жерге барғанда өзіне біреу май бауырсақ пісіріп беретіндей, бұғазға жетуге асығып болмайды. Дегенмен, оларды қоя бергеніме өкіндім, өйткені бүгін олардың маған пайдасы тиетін еді.

— Тағы сұрайын дегенім, — деді асығып Василий Максимович. — Мен қолдан қол арқылы жеткізілсін деп тоғызыншы участкедегі Панковқа пакет жіберіп, оны басқармаға шақырған едім. Сол пакетті алдың ба?

— Алып, Сморгчовка тапсырып та үлгердім. Ол сенімді жігіт, керекті жеріне жеткізеді.

— Өте жақсы! Менің бар айтарым осы, Александр Иванович. Бірер сағат демал, содан кейін вахтаға шығасың ғой!

Басқарманың диспетчері Ефимовты бірден шақырып бере алмады. Жалпы шуылдың ішінен үшінші участке бастығының қатты даусы естілген кезде Залкинд кеткелі тұр еді. Батманов столдан былайырақ барды да, Залкиндке қолымен нұсқап, менің орныма отыр дегендей қылды. Ефимов аса жігері тасыған адамның даусымен құрылыс бастығын және партия ұйымдастырушысын мейраммен құттықтай бастады. Залкинд оның айтқанын жете естімей қалды...

— Сіз өзеннің қай жағасынан сөйлеп тұрсыз? — деп сұрады партия ұйымдастырушысы.

— Әзірше оң жағадан, — деді Ефимов күмілжіп, — Біз екінші жағаға көшіп болып қалдық. Мүлік-сайман түгелімен сол жақта. Өзім де көшуге жыйналып жатырмын.

Залкинд қызарып, көздері сығырайып, түнеріп кетті.

— Сіз тағы бір жыл бойы жыйналып жүретін боларсыз? — деп айғайлап жіберді ол.— Менің байқауымша, сізді жақсылықпен түсіндіруге болмайтын көрінеді. Бұл әңгімені осымен доғарайық та, сіз сол жақ жағаға барған соң, түс мезгілінде қайта жаңғыртайық. Темкин қайда? Тегі, ол сіздің «жыйналуыңызға» жәрдемдесіп жүрген болар?

— Ол ана жақта. Ертемен митинг өткіземіз де, содан шығып елдің бәрі тұпа-тура жұмысқа барады.

— Осы адамға айтып қойшы,— деп Батманов Залкиндің жанына келді:— Егер де ол өзінің конторасымағын дереу жауып, өзеннің сол жақ жағасына тез көшіп бармаса, онда тегі асықпай-ақ қойсын. Ал оны солай қарай тіпті жібермей кою туралы мен бұйрық берейін. Онымен әуреленуіміз жетер енді.

...Аппарат трубкасынан естілген соңғы сөздердің күшті шыққандығы сондай, тіпті Ефимов шошынғанынан учаскедегі өзінің кабинетінде столдан шегініп кетті. Ол бір минутке жуық уақыт селектордың қасында қалшылып қарап тұрып қалды, содан қағаздарын жыйнап, столдан календарды, сағатты және сыя сауытты алып, кабинетті қоштасқандай бір шолып өтті де, шығып кетті.

Адунда ешкім жоқ еді, Ефимовтың бейнесінің таңырқарлық түрін бағалайтын адам болмады. Мұзды сендерді айналып, аттап өтіп, қолында портфелі мен жазу саймандары және сағаты бар, мұздың үстімен асыға басып келе жатыр...

... Жетінші ноябрьдің жұмыс күні сағат алтыдан басталды.

Темкин төңірегіне жыйналған құрылысшыларға Сталиннің сөзі туралы баяу даусымен әңгіме айтып, бір құлаған ағаштың үстінде тұр. Қысқы таңның қараңғысы өзен жағасындағы алаңды да, палаткалардан салынған поселкені де, адамдардың өздерін де көрсетпейді. Некрасов пен Ефимовтың колдарындағы «жарқанат» деп аталатын фонарьлардың қызарған жарық сәулесі тек жақын тұрғандарға ғана түседі.

... Дәл осы кезде қайыңның қабығынан жағып алған факелдердің¹ дірілдеп жанған оттары нанайлардың Тывлин деген қонысын жап-жарық қылып жіберді. Құрылысшылар мен нанайлардың қалың тобы селениенің көшесіне сыймай кетті. Жыйналған жұрт өзара дабдырласып, бірін бірі шақырып, күлісіп ән салды. Ән даусының бір арнаға құйылған күшті үні Адун бойын жаңғыртты. Колхоз басқармасының үйінен Рогов, сельсовет председателі Максим Ходжер, учаске инженері Прибытков, Котенев пен Роговтың жәрдемшілері — Хлынов және

¹ Ф а к е л — ағашқа немесе ағаш қабығына май орап жасалған шырақ.

Полищуктер шықты. Бұлар есік алдына шығып, жарқ-жұрқ еткен факелдерді тамашалап тұрды.

— Дегенмен, біздің көп адамдарымыз шыққан екен,— деді Ходжер риза болып.

— Рахмет, Максим,— деді Рогов.

— Біздің халық бірге істегенді сүйеді. Бұл серуен тәрізді жұрттың бәрінің қуанышы.

— Бригадаларды жұмыс істейтін жерлеріне апарындар,— деді Рогов.— Тағы қайталап айтайын... Максим, сенің жұмыс істейтін жерің — трассадан Кривая мойны арқылы Адуиға баратын жол. Полищук өзінің адамдарын өзен бойымен Шамань аралына шейін апарады да, сол жерден трассаға қарай қалың қарды бұзып жол салады. Мен, Прибытков, Котенев үшеуміз қалған жұртты алып, автоколонна қаласы салынатын алаңды даярлаймыз.

Ходжер, Хлынов және Полищук есік алдындағы сәкіден төмен түсіп, сол арада тұрған қалың топтың ішіне барып араласып кетті. Қалың топ қозғалып, бұрынғысынан да күшті гуілдей түсті, сол арада көп ұзамай, топ ішінен үш от тасқыны бөлініп шығып, үш жаққа беттеп кете берді. Тайга мен Адунды жаңғыртқан ән естілді.

Бір топ шофер Роговты тоқтатты. Олардың қолдарында күректері, қайлалары және факелдері, ескі шүберекті керосинге малып таяқтың басына қадап алған консерві қалбырлары бар.

— Алайда, біз қалай етсек екен? — деп сұрады участке бастығынан шофер Махов, ол көркем, сыпайы қыз өңдес келген жас жігіт болатын-ды.— Жол десең ол да шофердың ісі, өзіңнің жатақ үйіңнің құрылысына да қолыңды тигізгің келеді.

— Жарайды, менімен бірге жүріңдер,— деді көңілі түсіп Рогов.— Мейлі, жолды сендер үшін басқалары-ақ істесін.

Алексейді Лизочканың коридорда тарсылдатып жүрген дыбысы оятты. Шәлкес мінез бұл көрші әйел айналасындағылармен ешбір санаспайтын-ды. Гречкиннің баласының бірі бакырып жылап жатыр, Лизочка оған бар даусымен айқайлап ұрсып жүр.

Үрпиген шаштарын сыйпап, инженер үстіндегі көрпесі мен шолак тонды серпіп тастады да, суықты елемеуге тырысып, шам жақты. Сағатқа караса: жұмыс күні — жетінші ноябрь — ол үшін де басталған екен.

Қолының жарасы жана ғана жазылып келе жатса да, Ковшов, бұрынғы солдат болғандықтан, жаппай соғыс өнерін үйрететін взводтың командирлігіне тағайындалған еді.

Ол мақталы шалбарын киіп, іш көйлекпен ғана бөлмеден атып шығып бет-қол жуғышқа қарай жүгіріп кетті. Коридорда

бойларының ұзын-қыскасына қарай, қаз-қатар болып, үш еркек бала, бір қыз бала тұр, бәрінің де томпыйған беттерінің қызылы, ақшыл сары шаштары, шегір көздері бірінен-бір аумаған. Жасы алтыға келген, ең үлкені маңызданып, қолына қызыл жалау ұстап тұр. Кішкене саптың алдында мақта тартқан кеудеше киіп, доп-домалақ болып Гречкин тұр. Ол аяғындағы сұр пимасымен жерді кезек-кезек текпілейді:

— Бір, екі... бір, екі...

Лизочка шала ашылып тұрған есіктен қарап, зілсіз, ренжіген пішінмен:

— Жаппай әскер өнерін үйренудің жауынгері, спектакль құрып жатырсың ба! — деді.

Алексей балалардың әрқайсысымен қол ұстасып амандасып, оларды октябрьдің жыйырма төрт жылдығымен құттықтады.

— Шоколад менің мойнымда, — деп кішкене қызға уәде берді.

Лизочка жұлып алғандай:

— Быйыл мейрам көңілсіз болды. Керек десе балаларды қуантатын да ештеңе жоқ, — деп қосыла кетті.

— Алеша аға, маған Қолянікіндей кішкене жалау әперші, — деп сұрады қыз.

Топ-толық, ап-ауыр қызды көтеріп алып, оның тоңған бетінен сүйіп тұрып, Ковшов:

— Жалау да менің мойнымда, — деді.

Гречкин Алексейдің соңынан жүрді, ол екеуінің артынан тізіліп, әлгі балалар келе жатты.

— Кеше саған не болды, Алексей Николаевич? — деп сұрады Гречкин. Сен бір пәле келіп қалғандай, мені тастап қашып кеттің.

— Ештеңе де болған жоқ... Тек ұйқым келді.

— Сенің есігіңді қыздар келіп қакты ғой...

Гречкин де, балалар да бет-қол жуғыштың жанына келді. Бесеуі де Ковшовтың жуынғанына тесірейе қарап, сол қалып, сол бойларымен Ковшовты бөлмесіне дейін апарып салды. Үстінде жасыл шаңғы костюмі бар Женя коридорға жүгіріп шықты. Шашын жүре тарап, бет-қол жуғышқа қарай асығып келе жатып:

— Кеш қалмадым ба екен? Менің сағатым қызық, біресе алға шауып, озып кетеді, біресе қалып қояды, — деді.

Алексей телогрейкасын киіп, жалпақ солдат белбеуін буынып, противогазды иығына іліп алды. Шаңғысын қолтығына қысып, Ковшов пен Гречкин жұрт жыйналатын жерге қарай асығып келе жатыр. Дала әлі қараңғы еді, ызғарлы аяз бұларға бірден-ақ біліне қалды.

— Октябрдің жыйырма төрт жылдығымен құттықтаймын

сізді, Алексей Николаевич! — деп айғайлады, бұларды қуып жеткен Женя.— Өз өмірімде жетінші ноябрьдің жұмыс күні болғанын көргенім осы,— деді ол.

— Ештеңе етпес, Женя, осы жұмыс күнін Гитлердің есіне түсірерміз,— деп жауап берді Алексей.

Оқу шаңғымен жүріп дене шынықтырудан басталды. Қалың қардан із салып, взводтың алдында Ковшов келе жатыр. Бойы жылынып, аяз білінбей кетті, қолы оттай дуылдап, қолғаптарды белбеуге қыстырып алуға тура келді. Алексей шаңғымен жақсы жүретін. Қалып қойғандарды бақылай отырып, ол біресе ақырын, біресе тез жүріп келеді. Күннің сәулесі мол түскен бір кішкене қайыңды тоғайдың ішін олай-бұлай шарлап келіп тік төбеге шықты. Екі қолын жайып жіберіп, төмен қарай ұшқан құстай зымырай жөнелді, жауынгерлеріне де бірінің соңынан бірі осы ылдймен сырғанап түсуге бұйырды. Жауынгерлер қардың тозаңын аспанға шығара, бір жығылып, бір отырып сырғанап барады.

— Жығылмай, қайта сырғанандар! — деп команда берді Алексей жоғарыда тұрып,— Ал, сіз ше? Өз алдыңызға жеке бұйрық күтіп тұрсыз ба? — деді ол өзінің қасында қыйпандап тұрған Гречкинге.

Үйренуде жүргенде Алексей өзін қатал ұстап, ешкімнің көңіліне қарамайтын. Гречкин де, Федосов та, Кобзев те, Петя Гудкин де, қызмет орындары қандай болса да, ол үшін қатарлы жауынгер болып саналды. Оған профсоюз ұйымы басшысы және жоспар бөлімі бастығының мөліген көз қарасы да әсер еткен жоқ.

— Жауынгер Гречкин, бұйрықты орындаңыз! — деген тағы бір команда берілді.

Гречкин еңкейіп, сол жерден түскісі келген адам сыяқтанып, дөңестің дәл кемеріне келді. Шаңғы ілгері сырғанай жөнелгенде, денесі кейін қалып қойып, жалп етіп құлап, ылдйға қарай шалкасынан сырғанап кетті. Алексей қайта сырғана деп бұйрық берді. Гречкин екінші ретте таудан оп-онай сырғанады, мұнысына өзі де қанағаттанғандай болды, бұл жолы таудың етегіне жеткенде ғана жығылды.

Командир темекі тартуға рұқсат берді. Жауынгерлер асығыс оралған жуан-жуан папиростарды қызарып кеткен қолдарымен ұстап тартып тұр. Ковшов:

— Әрең-әрең қозғаласындар! Арқанның үстімен жүргендей, құлап кетуден қорқасындар. Өткен жолы бәріміз «Правданың» бас мақаласын оқыдық, шаңғымен жүріп соғыса білуді талап еткен, ал біз әлі шаңғы тебуді де үйренгеміз жоқ,— деп ұрсып алды.

Жыйналатын жерлеріне—клубқа келді де, жылынып отырып, радиодан соңғы көңілсіз хабарды тыңдады. Екінші сабақ сап-

та жүруге үйрену болатын. Ковшов жауынгерлерге тағы да бір минут тыныштық бермеді. Әсіресе Гречкин сарлады. Ол тіпті командаға түсіңбей қойды, аяғын жұртпен бірге дұрыстап басып жүруді үйрене алмады, айтқан жаққа бұрылмай жаныла берді. Ковшов оны қатардан шығып тұруға бұйырды да, жалғыз өзін бірнеше минут әрлі-берлі айдап, үсті-үстіне бұйрық беріп, жаттықтырып бақты. Шамасы келгенше барлық күшін салып, Гречкин жанылмауға тырысты. Стройдағылар күлісіп жатыр. Гречкиннің болбыраған жүрісіне өкпелеген балаша томсарған бет пішініне карап Алексейдің өзі де күлкісін әреп тыйып тұр. Адамдарды таратар алдында Алексей жоспаршыға:

— Елсіз болу жарамайды! Оқудан тысқары жерде де көбірек жаттығыңыз. Фриштермен ұстасуға тура келген жерде, жаттығуға уақыт бермейді, сонда сізден жөнді мағна шыкпайды, — деді.

— Алаң болмаңыз, мағна шығады, — деп Гречкин ашуланып, бұрқ ете түсті. Жаттыққандардың кейбіреулерінен кем түспей соғыса аламыз!

Алексейді асханада Женя күтіп отыр екен. Ол ешкім айтпай-ақ Алексейді өздігінен камкоршылыққа алыпты. Сөйтіп, залдың как жартысына қызмет істеп үлгіре алмай жүрген официантка әйелді Алексей қазір күтіп отырмайтын болды, — тамақ столдың үстінде даяр тұр. Қыздың бүгінгі істеген камкоршылығы инженердің көңілін әлденеге ерекше елжіретіп жіберді. Ол Женядан көзін аударып, үстінде бір кесек тұзды қызыл балық салынған езілген картобы бар, күм табакқа қарай еңкейе берді.

— Қымбатты москвалық, бүгін сіз ұйқтай алмаған боларсыз? — деді Женя. Шайды ұрттай отырып, ол үлкен күм кружканың жиегінен ойнақтаған тұнжыр көзімен Алексейге қарады. Қыздың томпақ бетінен аяздың лебі таркамай, әлі қызарып, дуылдап тұр. — Бүгін кім тыныш ұйқтай қойды дейсіз.

— Неге олай? — Мен, мысалы, тыныш ұйқтап түсімде соғыстан бұрынғы уақытты көрдім. Көрменің Солтүстік павильонында бүлдірген қосқан мороженое жеп отыр екемін. Соғыс дегенін атыммен жоқ. — Алексей қарсылық үнмен жауап біргісі келіп еді, бірақ ол ойына карамастан, көрме жөніндегі сөздері мүлдем болып естілді. — Мороженоедан суық болып кетіп, оянып кеттім, бақсам, басым жастыққа жабысып қалуға аз ғана қалыпты.

— Мен де кірпік айкастырғам жоқ, — деді Женя Ковшовтың әңгімені қалжыңға айналдырғысы келгеніне көңіл аудармай. — Білсеңіз, мен алтысынан жетісіне караған түні туыппың бой, соны арқашан мақтан етуші едім. Бір күнде екі мейрам бір келуші еді.

Дәмсіз, татусыз шайды Ковшов ішіп болғанша, ол күтіп

отырды да, бірге түрегелді. Екеуі бас-аяғы бес минутте тамактанып болды.

— Евгения Ивановна, сізді шын жүрегімнен, адал ниетпен құттықтаймын! — деді Алексей кызу сөйлеп.— Туған күніңіз екенін кеше маған бекер айтпағансыз. Оны ептеп мейрамдаған болар едік.

— Кеше менің жылағанымды естідіңіз бе? Айнала толып тұрған халық алдында және сондай кезеңде өзімді өзім билей алмай қалдым. Басыма өте бір ауыртпалық түскендей болып кетті. Октябрьге сақталған қуаныштарымыз қойынға сыймай жатушы емес пе еді. Ал қазір карап тұрсаң, әрі қайғы, әрі төгілген қан, әрі сіз сыяқты жастар қаза тауып жатыр.

Ол достық көңілмен Женяны қолтығынан алып, екеуі сатымен жоғары шықты. Оның қолын ұстағанына Женя нәзік саусақтары мен алғыс айта жауап берді.

— Мен кеше сізге осының бәрі жайында айтпақшы болып, есігіңізді қағып едім, ұйқтап қалған болуыңыз керек, ашпадыңыз. Біз Таня екеуіміз келіп едік. Соңынан ол Ольганыкіне кетті, мен жападан-жалғыз қалып, әбден шерім тарқағанша жылағаным ғой.— Женя біраз үндемей қалды.— «Женичка, быйыл бір жақсы күйеу тауып алуыңа тілеулеспіз» — деп бүгін мені жолыққанның бәрі құттықтайтын болады,— деді.— Гречкин дәл осы сөзді айтып құттықтап та қойды. Барлық бақыт жақсы күйеуде тұрғандай-ақ. Тым құрығанда, осы тілекті айтпай құттықтағаныңызға да рахмет.

Женя бүгін бұрынғысындай емес: күлкі де, қалжың да жоқ, өзінде бұрын болмаған бір байымдылық бар. Ковшов оны таңырқаған қалпы шығарып салды.

Тополев қызмет орнында отыр екен. Ол алақөбеден, тым ерте келді. «Көппен бірге тасқын-ағынға тезірек ілеседі» деген Беридзенің ақылы бойынша Ковшов қартты кабинетке отырғызған-ды. Екеуі қол ұстасып, үндемей, салқын амандасты, араларындағы қарым-қатнастары жөнді болмады, өйткені жасы үлкен Тополевтің пейілі солай еді. Ол күні бойы Ковшовтың қарсы алдында отырады да, анда-санда қағаздан басын көтеріп алып, Алексейге келген адамдарға шүнгіл көздерімен немқұрайды карап қояды. Жас инженер Тополевпен сыйласып отырды, ол бөлім бастығы екемін деп өзінің праволарын ешнәрседен білдірген жоқ. Тапсырмаларды ол қартқа бас инженердің атынан беріп отырды. Тополев бұл тапсырмаларды ұқыпты орындаса да, біртүрлі салқын, асықпай істеп отырды. Қарттың осы салғырттығы кейде Ковшовты кейітіп, ол өзінің орынбасарымен бір үлкен әңгімеге келсем-ау деген ойынан әрең-әрең тоқтатып жүретін. Жобаға байланысты пікір

алысатын таласқа аппаратта қатнаспай қалған, тек осы карт қана болды.

Бүгінгі істелетін шұғыл жұмыстың кеше түнде жазып алған тізімін қарап отырып, Алексей күрсініп қойды. Тізім тым үлкен, оның үстіне кейбір жұмыстар дер кезінде орындалмай бір күннен екінші күнге әлденеше қайтара ауысқан.

Ковшовка енді уақыт босқа өтіп жатыр, бастық тым жәйкыймылдайды, деп назалануға тура келген жоқ. Жұмыс тасқын тәрізді бастырмалатып кетті. Құрылыс бастықтары қалайда болса, осының мойнына жүкті неғұрлым көбірек артайықшы деп уәделесіп қойған тәрізді. Алексейдің тікелей бастығы бас инженер болатын, осы туралы ол Алексейдің есіне жиі-жиі салып, қадағалып тұрды. Бас инженерге Ковшов инженерлік жұмысқа қатысы жоқ бейсеуат бірдеңе істеп жүргендей болып көрінді. Батманов оған орындауға мүмкіншілігі бар-жоғын әуелі біліп алмастан, тапсырма беріп отырды. Одан Залкинд те қалысқан жоқ, қандай болсын, партиялық тапсырма берілмейтін күн сирек кездесетін болды.

Алексей өзіне берілген тапсырмалардың бірен-саранын орындаудан бастартса, міндеттемелер, жұмысқа камкорлық дегені бәлкім азырақ болар ма еді. Ол бастартып көрген емес. Қайта, оның өзі жұмысты мүмкіндігінше көбірек істегісі келді: жұмысы көп болса, ойы бөлініп көңілдегі кобалжу басылады. Бір қызу жұмыс істеп жатқан кезде Батмановтан, Закиндтен немесе Беридзеден бұрынғы тапсырмалардан әлдеқайда асығыс әрі маңызды деген жаңа тапсырма алғанда, ол жымыйып күліп қана қоятын. Бір күні Залкинд оның күліп тұруының мәнісіне түсініп:

— Жұмыс басыңнан асып жатса, өмір сүру анағұрлым қызығырақ болады. Дұрыс емес пе? Есінде болсын, жарқыным, Алеша: адамнан неғұрлым көбірек сұралса, неғұрлым оның міндеттері көбірек болса, ендеше, ондай адам коллективке де солғұрлым қажеттірек болғаны.

Хаттарының бірінде Алексей Зинаға былай деп жазды: «Өзіме және өз адамдарыма мынадай шарт қойдым: қандай жұмысты болса да орындап шығу. Меніңше — адам күшінде шек жоқ, тек одан тым көп сұрай білу керек көрінеді. Дәлді есеп: сол жүкті көп тиесе, көп сүйрейсің. Мүмкін, мен ойда жоқ жерден еңбек өнімділігінің жаңа заңын тауып отырған шығармын?»

Мұндай хаттарды қайын енесінің адресіне жіберді. Олардың Зинаға қашан барып жететінін, жетпейтінін білмесе де, өзінің қалай тұратынын, жұмысты қалай істеп жүргенін, не ойлайтындығын айтып, оқтын-оқтын лат жазып тұрды. Мұның өзі оған бір жан азығы тәрізді болды. Бірсыпырадан бері осы сыяқты өзгеше есепті хат жазудың өзі түнгі уақыттың көбін алатын,

өйткені өткен апта ішінде болып өткен уақыттарды жақсылап баяндау үшін бүтіндей бір калың дәптерді түгел жазуға тура келеді. Бір күні ол тек бір күннің ғана тарихын суреттемекші болып еді, онысы мөлшерсіз ұзақ болып кеткен соң, тәулік ішінде істелген жұмыстың тізімін оқып өтті дағы, тамсанып қойды. Осы сыяқты кәдімгі бір күннің ғана жұмысы, өткен ғасырдың ұлы жазушыларының данышпандығымен ондаған кітаптарда суреттеп кеткен, не істерін білмей сандалып іші пысып жүретін бір жас адамның бүкіл өміріне жеткен болар еді.

Бүгіннің өзінде де жұмыс камы Алексейді өзінің арнасына тартып алды. Ол ертеден бері екі-үш сағаттай жобадан бас көтермеді. Бұл алғашқы сағаттар тәуліктің ең жақсы деген мерзімі болды — адамның басы сергек, келіп-кетушілер де мазаны көп алмайды.

Үй қабырғасы мен терезелердің көзге көрінбейтін саңлауларынан жел саулап соғып, бөлменің жылуын айдап шықты. Жарты сағаттай шешініп отырды да, Алексей шолақ тоның қайтадан киіп алды. Шашы үрпиген Кобзев, тағы бір үш инженер Ковшовтің айналасында, махорканың түтінін будақтатып тартып отыр.

Алексей маңдай терісін жыйырып, қарындашпен самайынтықылдатып, нефтепроводтың сол жағадағы учаскесі үшін жасалған уклонның есебін тексерді. Бұл есеп трассаның жаңа бағытының артықшылығын көрсететін дәлелдердің бірі болып табылатын. Беридзе қотарыстыратын екі станция салудың орнына құрғақта бір станция ғана салуға ұйғарған-ды. Екіншісі Грубскийдің жобасы бойынша оң жағадағы тау қатпарларынан асу үшін керек деп мөлшерленген. Сол жағада мұндай бөгет кездеспейтін болғандықтан, қосымша станция салудың қажеті болмай қалған.

— Сіздерде түпкі пунктте ауаның қысым күші қанша калады? Бір жарым ба? — деп сұрады Ковшов, инженерлерге қарамастан.

— Бір жарым атмосфера, — деп жауап берді Кобзев, біресе логарифм сызғышымен есептеп цифрларды салыстырып, біресе сол цифрларды қағазға жазып алып отырған бөлім бастығының әрбір қозғалысынан көзін айырмай отырып.

— Содан енді қандай қорытынды шығады? — деп сұрады. Алексей.

— Екінші станцияның керегі жоқ.

— Жақсы қорытынды, — деді де, Алексей Тополевке қарады. — Мұнайды Джагда бұғазынан дәл Новинскийдің өзіне дейін қотару үшін бір станция да жетеді.

Кузьма Кузьмич өзіне қарай ұшқан махорка түтінін ұнатпай, желпіп жіберді де, Алексейдің сөзіне ешқандай үн қат-

пады. Жанағы қорытындыға көңілі риза болған Алексей қарттың қытығына тигісі келіп, қатты дауыспен:

— Тек электр қуатының өзінен ғана бір тонна мұнайға жүз киловатт-сағат үнемделеді. Жарайсын! Құрылыс мерзімін қысқартатынымыз, жұмысшы күші мен материалдарды үнемдейтініміз мұның үстіне өз алдына.

Ол бұл сөзді көріне Тополевке арнап айтты, оны сезіп қалған Кобзев те қартқа бетін бұрды. Кузьма Кузьмич үлкен бөтелкеден темекі сауытына іскеп ататын насыбайын салып жәйімен отыра берді, бұларға ешқандай назар аударған жоқ.

Кабинетте телефон әлдеқашаннан бері сылдырлап тұр. Қонырау жиілеп, ұзақ-ұзақ қатты-қатты сылдырай бастады. Телефонның трубкасын қолына алмай, Алексей аппаратқа көзін қысықырап қарады да, мырс етіп күліп:

— Телефон соғып тұрған Беридзе. Ол айтқанынан қайтпайды! Кобзев, сіздің есебіңізбен оны енді жұбатып болмайды. Ол бұғаз үшін ұрсады. Бұғаз жөніндегі материалдарды тез алып келіңіз.

Телефонның сылдыры тоқтады. Кобзев бір буда чертеждер мен таблицаларды әкеліп столдың үстіне жайып салды. Жоба жасау жөніндегі барлық жұмыстың ішінде, құрғақ пен арал арасын бұғаз арқылы қалай өту мәселесі ең қыйын кезең болып қалып тұр. Осы он екі километрлік су бөгетін аттап өтуге де, айналып орап өтуге де болмайды. Нефтепровод бұғаздан тек су астымен ғана өте алады екен. Төсеуі құрғақтың өзінде қыйын болатын нефтепровод, бұғазда бірнеше есе ауырлай түсті.

Жоба бойынша жазды күні жағалауда он екі метрлік тұтас трубаларды ұзындығын жүз, екі жүз метрдей ғып, бірін біріне қосып пісіруге ұйғарылғанды. Содан кейін ауырлығы он бесжыйырма тонналық осы иілмелі алып трубаларды жағадан үлкен баржаларға әкеп тиеу керек еді. Бұғазға түсірілген трубаның ұшын екіншісінің ұшымен түйістіріп, тура су үстінде пісіріледі деп шамаланған, ал мұның өзі өте қолайсыз жұмыс және механизмдерді қолдануға да мүмкіншілік бермейді. Бұғаздың қашан да қалтылдап тұратын үстіне әкеліп екі үлкен турбаны біріне-бірін ұштастыра пісіреміз деп байқағанда, оның өзі апатқа ұшырады. Үлкен екі трубопроводтың екеуі де суға күмп етіп құлап, түбіне батып кетті. Теңізде жүзетін үлкен катердің өзі, әлгі трубопроводтарды үстіне шығарып пісіре бастағанда, қанбақша аударылып кетті.

Трубопроводтардың біріне-бірін қосып пісіру қыйыншылығы үстіне, тағы да бір күрделі мәселе туды. Трубопроводтар қысқы аяздарда қатып қалмас үшін, олардың тұтас бойымен терендігі екі метр жерге көму керек болды. Бұғаздың суының саяз жағы — бір жақ жағасы төрт километр, екінші жақ жаға-

сы төрт километр қыстыгүні жеріне жете катып калады. Сондықтан осы жерлерде де, құрғақтағы сыяқты, трубопроводтарды жер астына көму керек болды, бұғаздың тек түбіне жете катпайтын, терең жерлерінде ғана трубопроводтар жерге көмілмей тура су астының өзіне төселуге тиісті. Нефтепровод үшін бұғаздың саяз жерлерін тереңдетіп оюға алдымен су астынан траншея¹ қазу керек болды. Жаздыгүні оны су астын жүзіп жүріп істейтін машиналармен қазды; бұл машиналар жұмыстың тек жарым-жартысын бітіріп қана мұз қатар алдында кетті.

Алғашқы күндерден бастап-ақ, бас инженердің назарының бұғазға аударылуы да тегін емес еді. Траншеяларды су астында машиналармен қазу, трубопроводты пісіру сыяқты жұмыстардың, тек жаздыгүні ғана жүргізілуі мүмкін деп есептелінген. Бұл үшін екі жаз керек, мұның үстіне трубопроводтарды су үстінде пісіру жөнінде қабылданған әдістің қолайлылығының өзі күдік туғызды.

Екі жаз маусымына деп есептеуге болмады, өйткені құрылысшылардың карамағында бір қыс, бір жаз ғана бар. Сондықтан Беридзе де, бұрыннан қолданылып келе жатқан ережелерге карамастан, бұғаздағы жұмысты жаз орнына қыстыгүні жүргізуге бел байлады.

Бірінші міндет — трубаларды қыстыгүні пісіру еді, бұл міндет, Георгий Давыдовичтің тапқан ақылы бойынша, сәті түсіп шешілді: ол трубаларды жағада пісіріп алып, содан кейін оларды трактормен бұғаз мұзының үстіне апару керек деп ұсыныс жасады. Осылай пісірудің техникасын Қовшов көңілдегідей ғып жасап шығарды. Екінші мәселенің шешілу әдісі табылмады. Бұғазда қыстыгүні траншеяны қалай қазуды Беридзе де, Қовшов та біле алмады.

— Мынаны сызған, есептеген кім? — деп сұрады Қовшов Кобзевтен. Осыны сұрады да, ол пісірілген трубаларды мұз үстімен жылжытудың схемасы, есебі жазылған қағазды өзінің алдынан сырып тастады. Бет пішіні шырайсызданып, өзгеріп кетті.

— О немене? — деді Кобзев, чертеж қағазына еңкейіп, үңіле қарап.

— Толып жатқан қате, шыймай-шатак!

Кобзев одан сайын еңкейе түсті, шашы жалбырап, бетін жауып кетті.

— Мынау кімнің жұмысы? Петьканікі ме? Шақыршы өзін, мен оған бір-екі ауыз сөз айтайын.

— Оны маған айтыңыз. Чертежді тексеріп қабылдап алған

¹ Т р а н ш е я — ор. үңгір, жыра.

мен, мен айыптымын. Міне казір де карап тұрмын, бірақ катесін көріп тұрғаным жоқ.

— Мен Гудкинді шақыр деп отырмын ғой! — деп Алексей кайталап, кадала түсті.— Өз мойныңызға кайырымды нағашының міндетін алмай-ақ қойыңыз, онда сіздің жиендеріңіз тым көп болып кетіп жүрер!

Кобзев ұнатпай түрегелді де Петьканы шақыруға кетті. Алексей карсы алдында отырған карттың көзкарасын байқап қалды. Оның мұнысынан жылы көңіл білдіргендіктің әрі әңгімеге назар аударғандықтың белгісі байқалады.

— Кузьма Кузьмич, бұғаздан траншея казуды кайтер екеміз? — деп сұрады Алексей амалсыз мойын ұсынып қалғандай болып.— Ештеңе ойлап таба алмай қойдық. Сіздің тәжірибеңізде осы сыяқты оқыйға кездеспеді ме?

Тополев көзін айырмастан, ойланып қалды. Кобзев пен Петька екеуі келіп, Алексейдің көңілін бөліп жіберді. Екеуі де кызарандап алған. Кобзев тегі техникке ұрсып та үлгерген сыяқты. Бірдене айтпақшы болған қарт басын шайқап, терезеге қарай бұрылып кетті.

— Сіз Кобзевтен де, менен де өздігімнен істейтін жоба жұмысын бер деп сұраған едіңіз,— деді Ковшов Петькаға салқын раймен.— Сызу мен көшіру сізді жалықтырған еді. Сіз, анағұрлым маңыздырақ іс істеуге үйреніп алдым депсіз. Жаксы, біз сіздің өтінішіңізді сыйлап қабылдадық. Олай болған соң сіз тырысуға міндетті едіңіз. Міне, тырысып баккан екенсіз! — деп Алексей чертеж сызылған ватман қағазды лактырып тастады.— Қолмен емес, сол аякпен істеліпті. Соғыс уақытында осылай жұмыс істеуге бола ма екен?

Петька мұңайған дауыспен:

— Алексей Николаевич, мен оны қайта істейін,— деп чертежді алмақшы болды.

— Жоқ енді болмайды,— деп Алексей қағазды қолымен басты.— Бүйтуге де жарамайды. Қолды енді қайта жөндеуді тілемейтін іске ғана қою керек. Мұны біткен іс деп есептеп, қол қойғаннан кейін оны қорғаңыз. Мүмкін, менікі теріс шығар.

— Оның несін айтасыз, әрине, сіздікі дұрыс! — деді Кобзев.

Алексей есептегі катені тауып, қатар-қатар тұрған цифрларды, формулалардың жолдарын кара карындашпен қатты-қатты басып, өшіріп тастады. Инженер бұрқан-тарқан болып, Петьканы тағы қолға алды:

— Мұзға түсетін салмақтың есебі, мұздың беріктік есебі — жауапты нәрсе, байқа, бүлдіріп алма деп мен саған алдын ала ескерткен едім ғой!...

— Мына шыймайды чертеж деуге бола ма? Түзетілген, былғанған, өшірілген, тексті жаман жазылған,— деді тағы

Алексей.— Әрбір чертеж мінсіз, әдемі болу керек деп мен жүз қайтара айтқанмын.

— Мен оны қайта сызамын ғой деп ойлап едім, үлгере алмай қалдым,— деп Петька ақталмақ болды.

— Үлгеру керек! — деп Алексей телефонға көзінің қырын аударды, тағы да телефонның ұзақ қоңырауы басталды.— Уақыттың жетпегенін айтып ешқашан, ешнәрседен ақталушы болмаңыз. Тәулік жұрттың бәріне бірдей жыйырма төрт сағат. Маған екі күннен кейін Қобзев жолдас хабарын береді. Мүмкін, сізді қайтадан чертежник қып қоюға тура келер.

— Алексей Николаевич! — деді Петька сынғырлаған даусымен.— Мен сізге уәде беремін. Риза боласыз. Бір жолға кешіріңіз. Енді мен өзімді-өзім бақылап отырамын!

Ол катуланып тұрып шекесін жұдырығымен қатты нұқып қалды. Инженерлер біріне бірі қарасты, Тополевтің сары бұрыл мұрты дір ете қалды.

Есікті шалқасынан қайырып тастап, алқына басып бөлмеге Муза Филипповна кіріп келді де:

— Сізді бас инженер тез келсін деп жатыр. Ол сізге мың қайтара телефон соғып еді, жауап бермей қойдыңыз. Қазір тез барыңыз.

— Жаксы,— деді Ковшов. Ол Гудкинге тағы да бұрылып қарап: — Петюнчик, енді байқа! — деді.

— Сізді алмай кетпеймін,— деді Муза Филипповна.— Сіздің кабинетте отырып, телефонның трубкасын алмай отырғаныңызды, ол жаксы біледі. Маған сіздің өлігіңізді болса да сүйреп алып кел деп бұйрық берілді.

Алексей чертеждерді жыйнап алып, секретарь әйелдің сонынан еріп кетті.

— Өзі бір нәрсеге танертеңнен мазасызданулы,— деп Муза Филипповна жүре сөйлеп келеді.— Сізге келген еді, Тополевке кездесіп қалып, ол бұған бірдене деген болса керек. Сізге телефонды соғып-соғып, әбден болмаған соң, ызаланып трубканы столға сарт еткізіп қойып қалғаны, сөйтіп оның телефон аппаратындағы мембранды ауыстыруға тура келді...

Беридзе тон киіп, үлкен столдың басында коржыйып отыр. Столдың үстінде тұрған электр плиткасының қызуына ұстап, қолын жылытады.

Столдың жанындағы тумбочканың үстінде тұрған селектордың шыңылдаған дыбысы есітіледі. Бас инженер кіріп келген Алексейге көзінің қырымен қарады да, микрофонға еңкейіп барып:

— Жолдас Прибытков, сіз Роговпен не жөнде келісе алмай жүрсіз, соны мен ұға алмай қойдым? — деп айғайлады.

Прибытковтың даусы әрең естіледі. Бесінші учаскенің инженері не айтып тұрғанына түсіну үшін Алексей де құлағын қатты тікті.

— Мен айтып тұрмын ғой... Автоколонна қаласын салатын алаңды даярладық: ол жердің ағаштарын кестік, түбірлерін копарып алдық, котлован қаздық. Жатақ үй мен гараж бірден-ақ салына басталсын деп, Рогов бұйрық берді. «Сіз мұнда келгенге дейін үлгілі жатақ үй салып қоямын деп Батмановқа уәде бергемін. Мүмкін, ол үш күннен кейін келіп қалар» — дейді...

— Өте жақсы, неғұрлым тезірек бітсе, солғұрлым жақсы, — деп Беридзе оны мақұл көрді. — Сіз немене, қаланың салынуы ұзаққа созылсын дейсіз бе?

— Мен қала тез салынуын қолдаймын, бірақ сонымен қатар инженерлік көзқараспен дұрыс салынсын деймін.

— Атап айтқанда? — деп бас инженер Прибытковты асықтыра түсті.

— Рогов жатақ үй астынан желдік істелмей, кәдімгі «орындық» сыяқты тіреулердің үстіне салына берсін деп жарлық берді. Сөйтіп, ол сіздің үлгі-жобаңызды өзгертті. Егер де бұл жерлер мәңгі-бақы қатып жататын болса, онда үй көпке шыдамайды. Бізден кейін келетін адамдарға үйді соңынан жаңадан салуға тура келеді. Нефтепроводтың болашақ қожалары — нефтепровод іске қосылғаннан кейін сонда байырғы істеп қалатын адамдар көп жылдар бойы ұзақ пайдаланулары үшін қандай құрылыс болса да күрделі етіп, берік қып салу керек деп өзіңіз әрқашан айтып келе жатырсыз ғой.

— Учаскенің инженері ретінде, Роговқа өзіңіз не ұсындыңыз?

— Мен сіз бекіткен үлгі жобаны қолдану керек деп қатты талап қойдым.

— Сонсоң?

Әңгімесінің сарыны да, қолдарының кенет сермелуі де, өзінің көңіл ауанын жөнді жасыра алмайтын бас инженердің бет пішіні де, ызаланғанын Алексейге айқын көрсетіп берді. «Ол маған, шынымен соншалықты ашуланды ма екен? Немесе басқа бірдеңе болған ғой» — деп ойланып отырды Ковшов.

— Рогов менің айтқанымды тындамады, — деп шақты Прибытков.

— Үйді жобасыз да салуды білемін, — дейді. — Оның пікірінше, Тывлин ауданында мәңгі-бақы қатып жататын жер жоқ болуға тиіс. Мысалға нанайлардың үйлерін келтіреді.

— Сіздің пікіріңізше: ол жерде мәңгі-бақы қатып жататын жер бар дейсіз бе?

— Сөзсіз бар деп айта алмаймын, бірақ болуы мүмкін, өйткені солтүстік жақ қой. Тексеру керек.

— Сонда сіздің менен тілейтініңіз не? — деді Беридзе ашулана сұрап, жуан карындашпен столды тыкылдатып қойып.

— Үлгі жобаны бұлжытпай қолдану керек деп Роговқа бұйрық беріңіз!

— Мұны істей алмаймын! — деп бастартты Георгий Давыдович.

— Неге істей алмайсыз? — деп Прибытков таң қалды. Онда учаскеге үлгі жобаны несіне бердіңіз?

— Прибытков жолдас, мен сізден мұндай сұрақты күтпеген едім. Сіз жас емес, тәжірибелі инженерсіз. Үлгі жоба мәңгі-бақы катып жататын жерлерде құрылыс жүргізілген уақытта алға қойылатын негізгі талаптардың жыйнағы ретінде берілген болатын-ды. Бірақ ол бұлжымайтын заң емес, көрінген дертке шипа бола беретін ем емес. Мүмкін. Роговтықы дұрыс шығар. Менінше де, Тывлин ауданында мәңгі-бақы катып жататын жерлер жоқ сыяктанады. Ендеше, жобаның кейбір шарттарын орындаудан бастарту керек болады. Екінші жағына алып қарағанда, мүмкін, Рогов қателесіп те жүрген шығар.

— Мен сізге түсіне алмадым, — деді Прибытков. — Сонымен, не істеуіміз керек?

— Не істейтініңізді білмесеңіз, ол онша жақсы емес екен. Учаскедегі инженер дегеніміз — жобаның чертеждерін көшіріп қана, үн-түн жоқ айтқанды орындай беретін әлдекім емес, ол өндірістің кожасы, техникалық заңдарды басқарып отыратын ең басты адам болып табылады. Құрылыс орнында мәңгі-бақы катып жататын жерлердің барын, я жоғын сіз анық білуге міндеттісіз. Егер бар болса, онда сіз құрылысты жоба бойынша жүргізуді ұсынасыз. Жоқ болса, қосымша тоқтам шығарасыз.

— Роговтың тексеруді күткісі келмейді, әңгіме сонда болып отыр ғой.

— Оның ойын білемін, — деді Беридзе күліп. — Сіз тегі өте шабан қыймылдайтын адам болсаңыз керек, ал Роговтың құрылысты тез жүргізгісі келеді.

— Сіздің ойыңызша мен бұл бетімнен қайтуым керек қой? Солай ма, қалай?

— Жоқ, өйтпеу керек! Беттен қайтуға рұқсат етпеймін! — деді Беридзе қатты дауыстап. — Учаске инженерінің беделімен санасуға Роговты көндіруіңіз керек.

— Ендеше беделімді нығайту үшін маған жәрдем көрсетіңіз!

— Жәрдемдесуге бармын. Бірақ сізді әлдилеп отыратын әже болғым келмейді. Онда Рогов сізбен санасуды сөзсіз қояр еді. Беделіңізді өзіңіз қорғап алыңыз. Айтқаныңызды жақтап жағаласыңыз. Бірақ ақыл шеңберінен шығып кетпеңіз. Сіздердің өзара талас-тартыстарыңыз құрылыс қарқынын бәсеңдетпеуге тиіс.

Сөзін аяқтап, Беридзе селекторды алып тастады да, үлкен трубкаға темекі салуға кірісті.

— Оның Роговпен жұмыс істеуі қыйын,— деді Алексей. Прибытков ескі тәртіпті қолданғыш, көбінесе жобалық жұмысқа бейімделген адам. Рогов жалпы алғанда, менің байқауымша, инженердің құрылыстағы ролін төмендетуге бейім тұрады.

Беридзе бейнебір жаңа ғана байқағандай, Алексейге ашулы көзбен қарады.

— Бұл немене өзі, Ковшов жолдас? Менің сіз үшін соншама уақытымды бекерге кетіретін не жөнім бар? Не жоқ боласыз, не телефон соғып жауап ала алмайсың. Телефон коңырауына жауап қайырмау деген қайдан шыққан өнеге? — Беридзе осы сөзінің бәрін түйдектеп бір-ақ айтып салды. Осындай кездерде ол «сен» деудің орнына «сіз» деп сөйлейтін-ді.

— Сөзіңізді тындап тұрмын,— деді Ковшов.

— Міне, сіз айтқандардың бәрін тындай бересіз, амал не, одан шығар мән аз. Сіздің негізгі жобаңыз бір орыннан жылжымай жатыр.

— Неге олай деп санайсыз? Менің ойымша істеліп жатыр,— деп Ковшов қарсылық білдірді.

— Тек сіздің ойыңызша! — деді Беридзе.

Беридзенің ашумен бұзылған өңіне, көк көзіп қадай, Алексей сабырмен:

— Істің жайын баяндап беруге рұқсат етіңіз,— деді.

— Мен риза емеспін, тіпті риза емеспін,— деп бас инженер күбір-күбір етті, ал, өзі алдына Ковшовтың әкеліп жайып салған чертеж қағаздарына әуестене қарап отыр.

— Егер де нефтепровод өзеннің сол жақ жағасымен салынатын болса, құрғақта бір станцияның өзі жететіндігін есеп әбден дәлелдеп берді,— деп баяндады Алексей.

— Мен бұған күдіктенген де емеспін. Маған тіпті есептің керегі де жоқ,— Беридзе қағазды тез бір қарап өтіп, әрі сырып тастады.— Менің білгім келетіні бұғаздың жайы.

Алексей бұғаз жөнінде не істеп жатқанын түгел айтты. Беридзе Петьканың өшірілген есебі мен чертежін көріп, тағы да ашуланды.

— Мен қанағаттана алмадым. Бұғаз жөніндегі жұмысыңыз мүлде тоқтап қалыпты.— Ол тұра келді де, қолымен столға таянды.— Сіз керек десе траншея жөніндегі мәселені шешуді әлі ойланған да жоқсыз ғой.

— Траншея жөніндегі мәселені қандай бағытта шешу керек, соны айтып жіберіңізші?

— Мен неге айтып жіберуге тиістімін? — деп Беридзе қолын сілтеп қалғанда, тоны иығынан сырғып түсіп кетті, ол тонды қайта көтермеді.—Өзіңіз ойлауыңыз керек, қашан айтып жібереді деп күтуге болмайды.

Сіз үлкен жобалау тобының басшысысыз, ол бір кезде мен институтта кездестірген жаңа ғана оқу бітіретін студент емессіз. Мен бір өзім бәрін бірдей ойлап таба алмаймын, көмектесіңіз. Өз инженерлеріңізге дұрыстап жұмыс істетіңіз, олар көбінесе бос отырады. Тіпті бейбітшілік кездің өзінде еңбексіз ақы ал деп айтылмайтын еді ғой.

— Мұны кімге нұсқап айттыңыз? — деді Алексей жұлып алғандай.— Тек дәл көрсетіп, әділ айтыңыз. Менің байқауымша, жұмысты жұрт ар-ұятымен көп істеп жүр.

— Сіздің байқауыңызша, карт саботажник Тополев те жұмысты ар-ұятымен көп істеп жүр ме? — деп ақырды Беридзе.

— Бұл беталды тағылған кіна емес. Бірақ, мен Тополевке ештеңе істей алатын емеспін. Ол туралы өзіңізге де сан рет айтқанмын.

— Бір қыйқар шал туралы маған әлденеше рет айтудың қажеті жоқ. Өз карауыңыздағы адамды өзіңіз жөнге сала біліңіз. Ал одан ешқандай іс шығара алмайтын болсаңыз, кадр бөліміне жіберіңіз, олар «г» болама, әйтеуір сондай бір статья бойынша, жұмыстан шығарыларда берілетін жәрдемсіз-ақ қызметтен шығарып жіберсін. Біз жұмыс істегісі келмейтін кәрілерге пана болатын жер емеспіз.

Алексей қарсыласудан пайда жоқ екенін түсініп, үндемеді. Әрине, даңқты инженерді кадр бөліміне жіберуге, әсіресе, қызметтен шығарып жіберуге болмайтын еді.

— Не шығарын өзіңіз ойлап қараңызшы! — деді тағы бас инженер кейіп.— Жоба бүкіл құрылысты бөгеп отыр, ал сол кезде өндіріс бөлімінің бастығы басқа бір бөгде нәрселермен шұғылданады, өзінің орынбасарын қорғамақшы болады.

— Мен бөгде нәрселермен шұғылданып жүргенім жоқ, Тополевті де ешбір қорғаған емеспін.

— Сағат сегіз жарымда сіздерге кіріп едім, ешкім жоқ екен. Сіз чиновник сыяктанып, жұмысқа дәлме-дәл, тура көрсетілген уақытта келеді екенсіз!

— Мен жаппай әскер өнерін үйрету қызметінде болып, сағат тоғызға бес минут қалғанда келдім.

— Міне, міне, сізде іске қатысы жоқ қызмет дегендер толып жатады. Мен сізді әлгі айтқан қызметіңізден босата аламын.

— Оның қажеті не? Мен баскалардан артықпын ба, жоқ болмаса төменмін бе? Жаппай әскер өнерін үйренудің жұмысқа кедергісі жоқ.

— Сіздің кабинетіңіздің өзінде жанды кедергі отыр. Мен Тополевпен әңгімелескенімде, оның іс жөнінен түк хабары жоқ екендігі маған ап-айқын болды. Сіз оны жұмысқа тартпай жүрсіз.

Ковшов тағы оның күйіп-піскен ашуының басылуын күте тұрды да, есіне алсын дегендей:

— Тополевке ерекше әдіс қолданған жөн. Біздің бәріміз оның ісіне көңіл қоюдамыз, бірақ оның бабын таба алмадық. Бұл адамның жасы алпыстан асқанын ұмытуға болмайды.

— Үлбіреген жібек көйлек киген бойжеткен ғой! Көйлегінің етегін басып алмау үшін, ерекше әдіс керек екен ғой! — деп Георгий Давыдович кекетіп қойды.

— Ол жөнінде біз бірқатар әдепсіздік істедік, — деді тағы да Ковшов. — Ең алғашқы танысканның өзінде ақ, сіз оның жер-жебіріне жеттіңіз, бұл — бір деңіз. Өзімен сөйлесіп алмай тұрып, оны маған орынбасар етіп белгіледіңіз, бұл — екі деңіз. Мен оны өз кабинетіме апарып, бала сыяқтандырып, өзіме карама-қарсы отыруға мәжбүр еттім, бұл — үш деңіз. Қабырға газетіне жазып өкпелеттік, — төрт деңіз... Шынын айтқанда, оны бізден алса, қазір мен қарсы болмас едім. Өзім одан қысылып болдым. Ашулы көзімен арбап, насыбайын иіскеп қойып, тастай катып үндемей мелшиеді де отырады. Мен онымен жөндеп сөйлеспекші болып та әрекеттендім, одан ештеңе шықпады, сөзімді аяғына дейін тыңдамай киіп кетті: «Мен өмірімдегі өз жоспарымды орындағамын. Сіздерде қандай көрсеткіш болар екен, оны да көрермін» дегенді айтты.

— Ол туралы енді тыңдағым да келмейді! — деді Беридзе. Сирек кездесетін өсімдік сыяқтандырып, шынының ішіне сақтап қоям десеніз де, ерік өзіңізде. Мен сізді ол үшін шақырған жоқпын.

Әңгіме кезінде бас инженер құрылыстың схемалық үлкен картасының бүкіл бойына түйреуішпен түйрелген қағаздарды қолымен қозғап отырды. Бұл оның естелік-картотекасы еді. Осы қағаздарға ең маңызды деген мәселелер жазылып отыратын. Онда белгіленген мәселе әбден шешіліп болғанша, қағаздардың қайсысы болсын картадан алынып тасталмайтын. Жанадан келген үй сыпырушы әйел керегі жоқ қағаз екен деп Беридзенің осы қағаздарын корзинкаға лақтырып тастағанда, қаншама айғай-шу болғанын Алексей есіне түсірді.

Беридзе Алексейдің көзінде күлкі барын байқап қалып, жақтырмаған түрмен:

— Жоба жөніндегі жұмысты тезірек бітіру керек, — деді. Өлкелік бастықтар алдында Грубскиймен талас-тартыс болатындығын Залкинд маған бүгін ескертіп қойды. Өзіміздің негізгі ойымызды мен тағы бір қарап тексеріп өтпекшімін. Жуықтағы күндерде трассаға кетпекпін. Құрғақтағы даулы участкелердің барлығын шаңғымен аралаймын. Өзеннің сол жақ жағасы мен оң жақ жағасын да байқап қараймын. Егер сіз менімен бірге барсаңыз тіпті жақсы болар еді. Әрине, сізсіз де барып қайта аламын.

Ол не дер екен дегендей Алексейге қарады. Шылдыр ете қалған телефон Алексейдің жауабын бөліп кетті.

— Менде отыр, мінекейіңіз! — деп Беридзе трубканы Ковшовка берді.

— Сәлеметсіз бе, жігітім, мейрамыңыз құтты болсын!—деген Залкиндің ақырын даусы естілді. Парторгтың даусында бір мейрімділіктің түрі бар ғой деген сезім Алексейдің ойына еріксіз келе қалды.

— Қазір жұмысыңыз көп пе?

— Жайшылықтағыдай. Онша асығыс жұмысым жоқ.

— Келіп кете аласыз ба?

— Қазір барайын.

Трубканы орнына қойып, ол Беридземен әңгімесінің аяғын күтті. Георгий Давыдовичтің қандай да болса бір маңызды нәрсе айтатындығын Алексей сезді.

— Жүре беріңіз, сіз боссыз,— деп Беридзе түрегелді.

— Бірдене айтпакшы едіңіз ғой?...

— Залкиндіке барыңыз,— деді Беридзе табандай қайталап.— Қазір ғана келемін деп уәде бердіңіз. Ол сізді күтіп отыра ма!

Беридзе тонын иығына жамылып алып қайта отырды да, қағаздарға үңілді. Оның осынша неге кейігеніне түсіне алмай, Ковшов біраз тұрып қалды. Бірақ Беридзе оны байқамаған тәрізді.

Он төртінші тарау

ЖЕТІНШІ НОЯБРЬДІҢ КҮНДІЗІ МЕН КЕШІ

Залкиндіте Грубский отыр еді. Оның түрі мейрамға лайықталған, үстінде судай жаңа сұр костюмі мен сұр жемпірі бар, оның астынан кіршіксіз ақ көйлегі мен жібек галстугі көрінеді. «Құрмет белгісі» ордені омырауында жарқырап тұр. Залкиндіте Ленин, Қызыл ту және Қызыл жұлдыз ордендарын қадаған, ол да мейрамға лайықты киінген. Ковшов өзінің жайшылықтағы киімімен келгеніне қысылып қалды.

— Отыр, Алексей Николаевич,— деп Залкинд Ковшовтың қолын қатты қысып амандасты да Грубскийге бұрылды.— Сізді тыңдап отырмын.

— Мен сізге партия басшысы деп тағы келіп отырмын. Амал не, менің құрылыс бастығына жасаған өтінішім іске аспай келеді.— Грубский білгішсініп, манызданып, тіпті біраз көтеріле сөйледі.— Бастапқы кезде мен бастартуға бел байладым. Беридзе жолдастың тоқтамына қайтадан үзілді-кесілді қарсылық білдіруге азаматтық арым мәжбүр етті. Олары ат-үсті, қате жасалғандықтан құрылысты тұйыққа әкеліп қамайды. Мен өзімнің қарсылықтарымды әбден тәптештеп ойлап сіздің атыңызға жазған баяндау хатымда білдірдім.

«Тағы бір баяндау хат», — дей жаздады Алексей.

— Менің атыма бекер жазған екенсіз, — деді Залкинд. — Мен сізге бұрын да айтқам және тағы да айтам: мен Беридзенің ұсынысын қуаттаймын, оны мейлінше қолдаймын да.

— Сіз адасасыз! — деп Грубский даусын көтеріп орнынан тұра бастады. Мұнсыз да оның қоңыр тартқан беті, одан сайын қоңырланды. — Сыртқы әсері мен көркем сөзіне беріліп кетпеуіңізді өтінем сізден. Бұлар құрылысты көп кешікпей күйретуге апарып соғады. Соңынан өкінесіз, бірақ ол кезде кеш болады.

Алексей сөзге кіріспек болып ыңғайланып еді, Залкинд оны көз кыйығымен тоқтатты. Парторг жуынған сыяқты екі қолымен бетін сыйпады да, бір минуттай үндемей қалды.

— Сіз, Грубский жолдас, тәрізі осыған шын ниетіңізбен қарсы болып отырған сыяқтысыз. Бірақ бұл сізді ақтай алмайды. Сізге мен бір сұрақ берер едім: ал егер Беридзенікі дұрыс болса, қайтер еді? Айталық, маған қазір қайсыңыздікі қате екені инженер болмасам да көрініп отыр?

— Егер мен қателескен болсам, — деді Грубский біраз кідірістен кейін, сіз мені соғыс уақытының сотына беруіңізге болады. Ал егер сол кезде Беридзе менің бетіме түкірсе, мен оған кешірер едім.

— Әзір егжей-тегжейіне жеткенше, сіз өзіңіз Беридзенің бетіне түкіруге тырысып жүрсіз ғой, — деп Қовшов шыдай алмай, дүрсе қоя берді.

— Асық па, — деп Залкинд оны тоқтатып тастады. — Беридзе де емес, мен де емес, сіз адасып жүрсіз, Грубский жолдас. Өз көзқарасыңыздың қателігін әлі күнге дейін түсініп мойындамағаныңыз, әрине, өте жаман — өзіңіз үшін жаман. Сіз маған келіп өтінгендіктен, сіздің баяндау хатыңызды Мемлекеттік Отан Қорғау Комитетінің өкіліне немесе өлкелік партия комитетінің секретарына жолдауға уәде берем. Қайсыңыздікі дұрыс, қайсыңыз кінәлы екендіктеріңізді, мейлі, солар шешсін. Беридзенің жобасын жақтайтындығымды қайталап тағы айтамын. Бұған сіздің көңіліңіз дауалай ма?

— Бір жағы сізге сенсем, екіншіден Рубежанскіде мені түсінер деп те үміт еткім келеді, — деп Грубский жауап қайырды. — Мен баяндау хатымды қарап шығып, ол да қол қойсын деп инженер Тополевке бердім. Ол жобаны бірге жасасқан автордың бірі және менің көзқарасымды жақтайтын адам. Материалды содан алып, сізге әкеліп тапсырамын.

Грубскийді шығарып салып, Залкинд Алексейдің жанына кішкене диванға келіп отырды, оған темекі салған былғары кишетін ұсынды.

— Темекі тарт, шырақ Алеша. Маған темекіні жалғыз тарту көңілсіз.

Алексей темекіні ыңғайсыз орады. Залкинд одан кisetті өзі алды да, газет қағазына екі темекіні лезде орады.

Аузынан темекі түтінін шығара отырып:

— Грубский қалай, саған ұнады ма? — деді Залкинд.

— Тіпті ұнаған жоқ. Аяққа оралып, тек бөгет болып жүр. Сүйкімсіз адам, мүмкін зыянкес те болар, — деді түтінге шашалып жөтелген Алексей.

— Тіпті зыянкес те етіп қойдың ба! — деп Залкинд костамады. — Бүгін ертемен, таң алдында жұрт рақаттанып тыныш алған кезде, Стартта болдым. Бүгінгі күн өзінің несімен көрнекті күн болады? — деген ой түсті. — Залкиндтің бетіне терең ойдың рені кірді. — Волоколамск түбіндегі окоптарда отырған москвалықтарды, Севастополь тастары арасындағы теңізшілерді, полярниктерді, ленинградтықтарды елестеттім. Шекарадағы біздің қыйыр-шығыстықтарды да көз алдыма келтірдім. Менің ойымша, бүгінгі күні, жұрт кәдімгі жайшылықтағыдай болмауға тиіс. Жоқ, күнделік қалпынан кенет өзгере қалады демеймін! Олай болжау аңқаулық болар еді. Жұрт бұрынғы қалпында қалады, бірақ бойындағы бар жақсылығын сыртқа шығарып көрсетуге тиіс.

— Грубскийге осының қандай да болса қатнасы бар ма?

— Я, оған да бар. Бүгін Грубский маған жайшылықтағыдай емес көрінді. Оның алдына қоятын бірінші максаты ниеті түзулігі мен сыртқы түрін сақтауға тырысу ғой. Жоба жөніндегі сіздің манипуляцияңызға қарсы өз пікірін ол маған әлдеқашан айтқан-ды. Сонымен, енді оның ісі болмаса керек еді. Естідің бе? Ол да азаматтық ар туралы сөйлей бастады ғой! Ол өзінікінің дұрыстығына сенеді және онысын дәлелдеуге белсене тырысады.

— Жарайды, Грубский бүгін елден ерекше бір белсенді дейік. Осымен қатар, тіпті сол зыянкес болмаған күннің өзінде де, оның белсенділігі құрылысқа зыян екені саған сезілмей ме? Егер сотқа беруге болмаса, оны қуып жіберу керек еді!

— Күшті айтылған сөз! Шырақ Алеша, біздің жағдайымыз, сенің болжауыңнан гөрі қыйынырақ. Оны қуып жіберуге әрқашан уақыт табамыз. Қалай дегенде де, ол көрнекті инженер, құрылысшылар арасында беделі күшті, әзір күшін жоймаған жобаның авторы. Біз құрылыстың ескі техникалық концепциясын бұзып, түгелге жуық жаңасын құрдық. Бірақ біздің жоба Москвамен келісіп, Рубежанскіде бекіткен минуттан бастап қана ресми түрде толық күшіне кіреді.

— Сөйтіп, Грубский бөгет жасай берсін бе?

— Жоқ, бөгет жасауға оған кім жол береді! Егер білгініз келсе, осы Грубскийдің жүргенінің өзінен, белгілі бір объективтік пайда барын көріп жүрмін. Өзінің алғіндей көзқарасы бола

тұрып, ол жаңа жобаны жасауға көмектесіп жүр ғой, — деп Михаил Борисович көзіні сығырайтып кулана қарады.

— Соның көметін көрген жок сыяқтымын! — деп күлді Алексей.

— Сіздердің жұмысыңызға Грубский мазасыздық элементін кіргізбей ме? Сіз оны жобасын тексеретін боласыз, ол сіздің жаңалықтарыңызды сынайды. Осының өзі-ақ сізге барлығын байымды түрде ойлап істеуге мәжбүр етпей ме? Онымен төбедесе таласа жүріп, жобанызды көрнекті, дәлелді етуге тырысып жүресіз. Тіпті оның соңғы баяндау хатының өзі де пайдасын тигізеді. Онысын Рубежанскиге жіберуім керек болады. Мұның өзі жобаны қарауды тездетеді. Бұл баяндау хат болмағанда, өзіміз жобаны қашан жібергенше Рубежанскидегілер тосып отыра берер еді. Ал енді Грубскиймен қосып барлығымызды Писарев та байымды түрде сөйлесуге тығыз шақыруға тиіс. Сондықтан Беридзе екеуіне айтатыным: тездетіндер!

— Беридзенің трассаны лыжамен аралап шығуға не үшін шұғыл әзірленгенін, маған мұрсатана бермей сондай жұмысқа жеккенін жаңа түсіндім, — деді Алексей. — Біздің жұмысымыздың көпшілігі дайын, тек бұғаз арқылы өту әзір реттелмей жатыр. Ал Грубский жөнінде сен мені тоқырата алмайсың, қалай десен де ол алаяқ.

— Біреуге тоң пішпей тұра алмайсың-ау? Қоспасы жок ақ немесе қара айқын сурет дейтін суретшілердің мынадай атаулары болатын. Жұртты сондай айқын қалпында көремін деп бекерге тырысасын. Әрине, дұдамал, өзінің қандай екені әлі анықталмаған адамдардың барлығын зыянкестер қатарына жаңа салу деген оңай да, жеңіл де іс. Өмірде олай болып шықпайды. Біздің елде зыянкес дегендер — бірен-саран, ал, өздерінің толып жатқан кемшіліктері аркасында сүйкімсіз болып жұртпендердің саны бірқатар. Олардан қолды бір-ақ сілтеп бетуге бола ма? Грубский жау емес, өзінше ол адал адам. Барлық пәле оның мақтаншақтығы мен кертартпалығында, онда өзара сын сезімі деген мүлде жоқтың қасы. Ол білгіш инженер. Бәлкі, оның білетіндігі Беридзеден де кем түспес. Беридзе — жанашыл, Грубский — эпигон¹, бұлардың айырмашылығы тек осы ғана. Ғылым мен техника жөніндегі шетел беделділерінің қандай пікірі болса да, оны Грубский қалтқысыз қабылдайды дегенді естідім.

— Ақыры, Грубскийді не істейтін болдың? — деп сұрады Алексей. — Сен оны қайта тәрбиелегің келе ме?

— Неге мен ғана дейсін? Біздің елде адамды бұрынғысынан өзгертіп, өзінің орнына тауып қоятын коллектив пен біздің бү-

¹ Э п и г о н — бір бағыттап айнымайтын, өз бетімен жаңалық таба алмайтын адам.

кіл системамыз. Берідзе екеуінің арасында, тегі, актық айқас болып, Грубский жеңілетін болар,— сонда оған: не Беридземен бірге соның жобасын іске асыру жолында жұмыс істей бастауды, не болмаса құрылыстан кету мәселесін өзі қалап шешуіне тура келеді.

— Сайып келгенде, егер Грубский өзінің қатесін түсінсе, ол бұрынғы қалпынан өзгереді деп ойлайсың ба?

— Сөзсіз. Өзінің терістігін біліп мойындау деген, оған түскен үлкен ауыртпалықпен бірдей. Грубский осы асулардан өткен кезде, құрылыстың бір ынталы адамына айналады.

Алексей басын шайқап, сенер-сенбес ернін қысты:

— Одан ынта күтіп жарылкана алмай, нефтепроводты салып аламыз ба деп қорқамын. Менің кәрілігі жеткен орынбасарымсыз да салармыз. Сенің теорияң бойынша, тас сыяқты катып қалған Тополев те бүгінгі күні өзін бір өзгешелікпен көрсетуге тиісті ғой?

— Сөйтуге міндетті. Соған көз қырынды салыңқырауыңа кенес берем. Шырақ Алеша, бүгінгі күні, кеудесінде жаны бар адам, өзін қайтсе де көрсететін күн. Бірақ сен Тополевтен аяқ астынан шыққан ерлік қыймыл күтпе, сен өзгешелікті көзге түсе қоймайтын қарапайым, жай нәрседен ізде. Ол қарт көпке татыйтын адам...

— Мені бүгін бір қыз тандандырды,— деді Алексей мойындап.— Қарамаға көбелектей ұшып-қонған жеңілтек секілді еді, ол кенет келелі және жақсы бір сөздерді айтып салғаны. Сенің теорияңмен үйлес келе ме?

— Келеді, Залкинд акырын ғана, шын жүрегімен күлді.— Мен де бір қыз туралы — Таня Васильченко туралы әңгіме айтпаймын. Шынына келгенде оны мен өз пікірімді дәлелдеу үшін айтпаймын. Мен Танямен таңертең Стартта кездестім, ол онда өзінің колоннасын жабдықтап жатыр екен. Біз атүсті әңгімелестік, ал оның бір әбігерлікте екенін мен біле қойдым. Білу қыйын емес қой. Жайшылықта катал, өткір тілді, теріске жорымай айтқанда сотқар адам ғой. Бұған не болды екен? деп ойладым. «Ал Татьяна, енді разы шығарсың?» — деп сұрадым одан. «Әбден разымын»,— деді. Бірақ даусында түйіткіл бар сыяқты. Маған да, оның аяқ астынан управлениені тастап кеткісі келмейтін ойы бар сыяқты көрінді. «Неге қапа болдың?» деп сұрадым. «Ештене емес», деді. Не болғанын өзі де білмей тұрған тәрізді. Бұған, мүмкін, бір лирика келіп араласқан болар?

«Әх, Георгий қыздың тынышын бұздың-ау»— деп ішінен ойлаған Алексей былай деді:

— Біздің сақалды да бүгін мені тандандырды.

— Я, бүгінгі күн оған аса маңызды және мәнді күн.

— Жалмауыздай, ашулы. Акырып, жекіріп барады!

— Ашулы? — деп Залкинд танданды.— Меніңше, бүгін Бе-

ридзеден жайдары адам таба алмассын.— Ол сағатына карады да, түрегелді.— Ал, шырақ Алеша, өткізген уақытымыздың есесін толтырайық. Мен сені жобаны тездет деп ескертуге шақырып едім. Содан кейін бюро мәжлісін қашан шақырамыз, соны келісуіміз керек. Беридзені нақ бүгін алу керек. Сағат үште жыйналсақ деймін.

— Беридзені алу керек? Қайда аламыз?

— Ол саған ешнәрсе айтпап ба еді? Қызық екен! — деп Залкинд таң қалды.— Ол кеше түнде маған партияға кіруге арыз әкеліп берді. Мен оған кепілдеме бердім. Екіншісін Батманов беріпті. Үшіншісін сенен алатын шығар деп ойлап едім.

Алексей таң қалды. Клубта Беридзенің мұның жанына келгені есіне түсті, сонда ол ақылдасуға әрі кепілдеме сұрауға келген болуы керек. Алексей одан бойын аулаққа салды. Георгий ертемен де жай келмеген екен. Жолдасының күйгелектенгені, бүгінгі мінез-кұлқының жайы енді түсінікті болды. Парторгтың кейінгі айтқан сөздерін, абыржыған Алексей жөнді түсіне алмады. Залкиндтің телефонға көңіл бөлгені жақсы болды. Мұның селектор аппараты болмағандықтан, ол үшінші учаскемен телефонист арқылы сөйлесті.

— Темкиннен сұранышы жұмыстары қалай екен? Бүгін учаскеде үлкен өзгеріс болуға тиісті. Мұндай күнде жұртты қандай ерлікке болса да бастауға болады.

Залкинд тындап отыр, айтылып жатқан хабарға оның жаятәнін салатындығын бет бейнесінен-ақ оп-оңай білуге болатын еді. Жұрт жұмыста, шаршау дегенді білместен, бар ынтасын салып істеп жатыр... деп Темкин хабарлап тұр. Ертемен жұмыстың ынғайы келмеп еді, бірақ Некрасов жұмыс үстінде бригадаларды бөліп, орналастыру тәртібін өзгертіп, қазір жақсы жүріп барады. Оң жақ жағадан дүние-мүліктерді тасып жеткізу жұмысы да қатты екпінмен жүріп жатыр. Жақсы құрылыс-үйлердің барлығын бұзып алып, екінші жағаға тасуға ұйғардық. Осымен қабат, құрылысшылар учаскенің бойына жол салып, жана жердің жағалаудағы алаңын кеңейтіп жасамақшы.

— Ефимов қалай? Ол қайда, не істеп жүр? — деп сұрады Залкинд.

— Жұртпен бірге,—деп телефонист ананың сараң жауабын айтты, Темкиннің бәрін бірдей тәптіштеп айтқысы келмей тұрғанын Залкинд аңғарып қалды.

Алексей тұра келді. Залкинд аузындағы телефон трубкасын қолымен басып тұрып былай деді:

— Алексей әлі біткен жоқ... Газеттің кезекті номеріне беру үшін жоба туралы сенің жақсылап жазған мақалаң керек. Бөгет неде болып отыр, не істелді, не істелмеді және оның себебі не? — осының барлығын жұртқа айтуымыз керек. Трассадан

түскен жақсы ұсыныстар сол мақаламызға жауап болады. Мельниковтың конференцияда айтқандары есінде бар ма? Мақала ертеңге керек. Келістік қой? Ал кешке, тағы бірдеме бөгет болмаса, екеуміз қалаға, Тереховтың забодына барамыз. Қарсы емессің ғой? Бәрекелді. Сағат үшке дейін сау бола тұр!..

Алексей алғашқы бетінде Беридзеге қарай бармақ еді, бірақ Георгий Давыдовичтің көзіне түскісі келмей, Муза Филипповнаның жанына келіп кідіріп қалды. Бас инженердің қалай қабылдайтынын біле алмай және кіруге себеп те таба алмай састы. Жолдасының мазасын алып кейітпеу үшін, оның үйіне баруға да көңілі шаппады. Ол әбден ашуы басылғанша күте тұрғанын мақұл көрді.

Ковшовтың абыржып тұрғанын байқап, Муза Филипповна өз инициативасы бойынша, Беридзеге кіріп, таңырқағандай болып қайтып келді:

— «Қолым тимейді» — дейді. Түкке түсінбеймін. Алексей Николаевич, ұрсысып қалдыңыздар ма?

— Сол тәрізді,—деп жауап берді де, Алексей ренжіп, өз бөлмесіне қайтып келді.

Тополевтің столының қасында Грубский әрлі-берлі жүр екен. «Иттің балалары, баяндама хатқа қол қойып жатыр екен ғой!» — деп ойлады Алексей. Инженердің екеуі де бірденеге абыржыған сыяқты. Грубскийдің мұрны мүлдем көгеріп кетіпті, ол дыбысын ақырын ғана шығарып, орамалына мұрнын сінбірді. Тополев ашулы реңмен қозғалмастан қатып қалыпты, ит балықтікіндей тікірейген мұрты ақырын қыбыр-қыбыр етіп қояды.

— Сөйтіп, Кузьма Кузьмич, сіз риза емессіз бе? — деп сұрады Грубский прокурор тәрізденіп.

— Петр Ефимович, риза емеспін. Тіпті риза емеспін,— деп қарт кесіп айтты да, бұрынғы өз бастығынан теріс айналып терезеге қарай барып, өзінің темекі сауытымен айналысты.

— Таңмын, әрі күйініштімін, оны жасыра алмаймын,— деп Грубский баяндама қағазды орап бүктеді де, шығып кетті.

«Жау жасағының ынтымағы бұзылған екен!» — деп жорыды Алексей.— Михаил Борисович дұрыс айтыпты: қатқан тас жібіді, қозғалып, жан кірді».

Алексейдің көңілі көтерілді. Ол қартқа сонша тесіле қарағанда, Тополев те дүрдиген қабағының астымен оған көзін тігіп қарады. Бірдене деп тіл кату керек болды да, Алексей былай деді:

— Кузьма Кузьмич, көмектесіп жіберіңізші! Жоба жөнінде газетке мақала жазып беріндер деп, парторг сіз екеуімізге тапсырма берді. Коллективке біздің қыйыншылықтарымызды түсіндіріп айту керек. Мұнын өзі трассада инициатива көтеретін жана бір түрткі болуы мүмкін.

— Мен тілші болуға жарамаймын,— өмірімде жазушылықпен шұғылданған жан емеспін,— деп карт күңк ете түсті.

— Жакындасу үшін қолайлы кезеңін тауып пайдалана алмағанын, Алексей жаксы түсінді. Грубскиймен сөйлескен сөз Тополевтің мазасын кетірген екен, сондықтан бұған іле-шала байланысудың қажеті жоқ еді. Газет туралы айту да орынсыз еді. Сықак сурет жайындағы карттың өкпесі әлі басылған жоқ екен.

— Жұртқа бұғаз жайын қалай түсіндіреміз, ең болмаса, сол жөнінде ақыл беріңізші. Траншея туралы ешнәрсе шешілген жоқ,— сол құрғырды қалай қазар екенбіз?

Тополев орнынан тұрды да, үндеместен шығып кетті. Мысы құрып отырған Ковшов құлақтан өте шылдыраған телефонның трубкасын жұлып келіп алды.

— «Алло» деудің орнына:

— Қураған курай,— деді де, Таня Васильченконың даусын естіп күліп жіберді.— Жоқ, мен сізге айтпаймын. Егер өсімдікке, жеміске тенең айтсақ, сіз деген жас сәбізсіз ғой. Сіздің мәселенізді кейінге қалдыруға болмайды, тіпті, қазір келіңіз.

Таня Федосовпен бірге келіп кірді. Федосов қалжыңмен, Таня ашумен таласып келді.

— Мына сүйкімді бойжеткен тағы не тілейді, қараңызшы, Алексей Николаевич. Тіпті маскара! — Керекті заттар сұраған қағаздарын Федосов Ковшовтың алдына жайып салды.— Оның үстіне барлығын оған қазір аяқ астынан табу керек. Не жұмыстың кезегімен, не біздегі мүмкіншіліктермен есептескісі келмейді. Бар болғаны — бер! — дейді.

— Мүмкіншіліктерінмен есептескім келмейді.— Таня жұмсақ орындыққа барып отырды да, жымыйып күлген қызыл шырайлы жабдықтаушыға салқын жүзбен қарады. — Біз ертең шығамыз, ең қажет дегендері бүгін берілуге тиіс. Қалғанын соңымыздан жібересіз.

— Бойжеткенді бастық етіп белгілеуге үлгермей-ақ ол өзінің бойындағы әсем қасиеттерінің жартысынан қалай тез айырылып қала қойды екен,— деп Федосов қара көздерін ойнақшытып тұр. Таня отырған жерде ол әшейіндегіден гөрі қыза сөйлеп, оның үстіне сөйлескенде өзінен-өзі масаттана түсетін.

— Менің қасиетім заявкаға тіркелмейді, сондықтан, сізге оның қажеті де жоқ болар. Керекті заттарды алу үшін, тіпті мыстан кемпір болып кетуге де қарсылығым жоқ. Соларды маған беріңізші. Сізде ол туралы бұйрық та бар. Әлде сіздің үстіңізден арыз айтып Беридзеге тағы барайын ба?

— Алексей Николаевич, байқап қараңыз! Бас инженерге Танечка мені шағыстырып та үлгеріпті, ол да бүгінгі қасиетті күнмен санаспай, маған толып жатқан сүйкімсіз сөздер айтып тастады. Тұздаған ащы балық жегендей, жүрегім өртеніп жүр.

— Бұл кісінің сұрауы дұрыс,— деп тұжырды Ковшов, Таня сұраған заттардың тізімін көріп.— Болмашы біреулерін ғана өшіруге болады, міне, мен белгі қойдым. Айтқандай, заявкада бас инженердің бұрыштамасы бар. Ол бұйрықты орындау сізге міндет емес пе, сіз оны неге саудаға салып жүрсіз?

— Міндет, әбден міндет,— деп Федосов столдағы мәлімет қағазды алып күрсінді.— Ой, қандай көңілсіз адам едіңдер! Сіздермен шаруашылық іс жөнінде сөз сөйлесуге мүмкін бе? Осының бәрін менің қайдан алатынымды,— сіздер бір сұрадыңыздар ма?

— Көлгірсімеңіз, сіздің түкпір-түкпірлеріңізде дүниенің бәрі тығулы жатыр,— деп Таня табалай сөйледі.— Тек беруге қыймайсыз. Складтарыңыз лық толып, құлыптаулы тұрғаны, нефтепроводтың желден салынып жатқаны сіздің түсіңізге кіретін болар. Сіз Либерманнан да дүниекоңыз болып барасыз.

— Жарайды, Танечка, ашуланбаңыз. Жерден қазсам да, сізді толық қамтамасыз етейін деп, жабдықтаушы қызды сыпайылықпен өзіне қарай тартты.

— Барлығын тегіс алғаннан кейін барып рахмет айтармын,— деп Таня одан бойын тартып шегіне түсті.

— Сөйтіп, ертең жолға шығасыздар ғой? — деп сұрады одан Алексей. — Жолаяк қайда?

— Жолаяк? — деп Таня қайталап сұрады да, бір күрсінді.— Түрлі қызметтер ойымды жеп барады. Оның үстіне менің үй-күйім жоқ, қай жерде жасаймын?

— Біздікінде! — деп Федосов қуанып кетті. Дәл бүгін жақсы компания бас қосамыз. Георгий Давыдовичті де шақырамыз.

— Георгий Давыдовичті айтудың бұл жерде қажеті не? — деп Таня оған күдіктене қарады.

— Филимонов пен Либерман келіп сөзді бөліп жіберді. Стартқа бірге барайық деп олар Алексейді ертіп әкетуге келген екен. Либерманды көре салып Федосовтың өні қашып кетті. Либерман Алексеймен, Танямен амандасты, ал Федосовқа қараған да жоқ. Жабдықтаушылар әлі күнге дейін қастасып келеді, бір-біріне істеген қыямпұрыстықтары туралы басқармада түрлі сықак әңгімелер таралып айтылып жүретін-ді.

Федосов Алексейді бір минутқа шақырып анадай апарып:

— Шын айтамын, кешке келіңіз! Бүгін мейрам ғой! Біраз ішерміз, әңгімелесерміз, құмарлар табылса «пулька» соғар. Жұртпен араласуыңыз керек, тым сопы болып кетіпсіз, оныңыз жарамайды. Георгий Давыдовичті де әкелемін. Татьяна да келеді.

— Білмеймін,— деді Ковшов.

— Сізге бір қыздың ықласы түсіп жүр екен,— деп Федосов қызықтыра түсті.— Айтқандай, ол қызда менің де көңілім бар

еді — деп қалжыя қосты. — Сонымен, сіз мені аяғымнан шалып жүрсіз. Компания үшін, әйтеуір, сізге ықпелеймін.

— Бүгін мүмкіншілік болар ма екен, алда әлі толып жатқан жұмыс бар. — деп Алексей бастартты. Ықласы түскен қыз, тегі, Жена болар-ау деп ойлады ол. — Шақырғанына рахмет.

Басын шалқайтып Таня шек-сілесі катып күле берді, Либерман күлкілдей сөйлеп:

Күлетін ештеңе жоқ. Мынау адамның мені келеке еткені сізге қатты ұнайтын болар.

— Сізді келеке етіп жатқан кім? — деп Ковшов олардың жанына кайтып келді. Жымыя күлген қыздың жайдары нұрлы жүзіне ол көз айырмай құмарға қарады. «Беридзе мен Таняға еріс кайткенде де Федосовтың үйіне бару керек» деп ойлады ол.

— Жабдықтаушыны ымдап көрсетіп, Алексейге Таня — кеше кешке оған біреу телефон соғыпты. Бұл трубканы алып: «Тындап тұрған Либерман» — депті. Ал бір еркек дауыс: «Сіз есексіз» деп жауап береді. Либерман, әрине, ашулана айқай салып: «Сөйлеп тұрған кім?» — деп сұрайды. Белгісіз адам: «Жұрттың бәрі солай деп жүр» — деп трубканы іле салыпты.

— Мен қарыздар болып қалмаспын. Бұдан да зәрлірек бірдеме ойлап табармын! — деп Либерман кіжініп қойды.

— Мүмкін, ол Федосов емес, қалжындап жүрген басқа біреу болар? Сіз даусын таныдыңыз ба? — деп күманданды мінезі салмақты Филимонов.

— Дауыс оныкі емес, ол бір ақмақты үйретіп қойған болу керек.

Барлық ағаш үйлердің қандайының болсын жаңадан жасалған сметаларын карап тексеріп шығуын және күні бойғы түскен жұмысты сапалы, жақсы істеу жайындағы бірнеше ұсыныстарды карап шығуды өтініп, Тополевтің столына Алексей хат жазып қалдырды да, Таня, Филимонов және Либерман-дармен бірге өзі Стартқа жүріп кетті.

Бұлар Силинді жолға шығарып салды. Тракторды ол өзі жүргізіп кетті. «Улиткадан» басын шығарып, оның қасындағы серігі тымағын былғады. Шана табанына орнатқан үй асықпай жылжып, өзеннің қоңыр ала алаңында көпке дейін көзге қарауытып бара жатты.

Таня Алексейді байланысшылар трассаға шығуға дайындалып жатқан жер — пакгаузға ертіп әкелді. Провод келіп тоқтаған бесінші учаскеге Таня колоннасын машинамен жеткізіп, жұмысты Тывлиннен бастамақ болды. Алексей байланысшылардың сайманын мұқият тексеріп, жақын арада басқарманың қандай көмегі керек екенін анықтап білді. Комсомолентердің көпшілі көтеріңкі, ертеңгі күнді көргенше асық еді. Таняның өңі сұрланып, бірдеменің қамын ойлаған тәрізді болды. Алдарын-

да канша қыйыншылық көретінін әлі әбден түсінбеген жас жолдастарына, іштей дамылсызданып қарай береді.

— Ештеңе етпейді, Таня,— деді мұның көңіліндегі ойын түсінген Ковшов, ақырын ғана! — Неғұрлым қыйынырақ болса, соғұрлым көңіл орнықты болу керек. Балалар Новинскіден гөрі Москваны және сол үшін ұрысып жатқан құрбыларын естеріне жиірек түсіре жүрсін. Сен өзің бір дегеннен бастап болжырап кетпе, өзіннің қазіргі қалпыннан гөрі пысып, болаттай берік, жігерлі бол.

Таня Алексейге ризалық көзбен қарады.

Байланысшылармен әңгімеде машақаттанып жүріп, партия бюросының мәжлісін Алексей ұмытып кете жаздапты, өзін ертіп әкетуге пакгаузға Филимонов келгенде бір-ақ есіне түсті.

Төмен қарап отырған Беридзе Ковшов пен Филимонов келгенде басын көтермеді. Бұлардан басқа бюро мүшелерінің бәрі де жыйналған еді.

— Сіздер бізге он минут қарыздар болдыңыздар,— деді Залкинд кешіккендерін ұнатпай, сонсоң мәжлісті ашты.

«Менің өмірімдегі осындай бір кезеңде де, сен мезгілімен келе алмадың-ау деп кіналауды Алексей Беридзенің отырған түрінен-ақ біле қойды. Залкинд арызды оқыды: «Қазір, Отанымыздың үстіне аса зор қауіп төніп тұрған күнде, мен Ленин — Сталин партиясы қатарынан тысқары қала алмаймын». Оның соңынан анкета оқыды. Жолдасымен ренжіскеніне Алексей күні бойы уайымдады, ал қазір Беридзенің анкет мәліметтерін қайтадан ойына салып, зор ынтамен тыңдап отырды.

«Беридзе отыз бес жасқа келген екен,— деп ол ішінен ойлап қойды.— Менің артықшылығым: сегіз жыл өмір. Бұрын үйленген екен. Георгий бұл жайында ешуақытта айтқан емес еді. Әкесі азамат соғысында қаза тауыпты. Шешесі Гориде тұрады».

Георгий Давыдовичтің қызмет еткен жерлерінің тізімі өте ұзақ екен. Жәй әңгімелерінде «Пәлен жерде істеп едім» деп қана Беридзе айта салатын — оның өзі есте қала қоймай, болмашы іс делініп ұмытылып кететін еді. Қазір тек қана қызмет істеген мезгілі мен тұрған жерлерінің өзін жай санап өткеннің өзінен де, бұл адамға толық мінездеме жасалып жатты.

1929-жылы институт бітірген. Инженерлік еңбегінің басталуы Сталиндік бесжылдықтың басталған кезіне дәл келгенін Беридзенің бір айтқаны Алексейдің де есіне түсті. Днепростройда прораб болып істеген. Москва өзенінің жағалауын салған. Березняковск құрылысына қатнасқан. Орта Азияда темір жол салған.

Осыдан кейін, өз еркімен Қыйыр-Шығысқа кеткен — Бай-

калдан Тынық мұхитқа дейінгі ұлы магистраль трассасын іздестіру жұмысына қатысқан. Жолшыбай Қыйыр-Шығыстың су электр станцияларының жайын зерттеп, Ольгохта мен Чонграда су электр станциясын салу идеясын берген. Арсеньев жерлерінің бірінде Беридзе Батмановпен кездеседі, ол кезде Батманов үлкен магистраль құрылысының бастығы болып, елсіз-күнсіз ай далаға шаруашылығын орналастырып жатқан кезі екен. Екеуі бірін-бірі жылдам ұғынысып, Георгий Давыдович көп кешікпей-ақ, Батманов басқарған құрылыстың бас инженері болып істеген. Соғыстың алдында екеуі де батыс жақта қызмет істеуге тағайындалған. Беридзе үш жыл ұдайы оңтүстік құрылысында істейді. Алексей — сонда жүргенде кездесіп, танысқан еді. Беридзенің өмір дәуірлері Шығысқа қайта айналып келумен аяқталады.

Тәртіп бойынша, парторг ешнәрсесін қалдырмай анкетаны толық оқыды: екі орденмен наградталған — Еңбек қызыл ту ордені және «Құрмет белгісі»; бірнеше рет бұйрықтарда көрсетілген және сыйлықтар берілген; жазаға тартылмаған, бұдан бұрын ешбір партия катарында болмаған, сотталмаған. Беридзенің партия катарына кіруі үшін кепілдеме берген Залкинд, Батманов және Мемлекеттік Отан Қорғау Комитетінің өкілі — Писарев. Кепілдеме берушілердің бәрі де Беридзені көп жылдар бойы біледі екен. Писаревтің кепілдемесін оқып тұрып, Залкинд былай деді:

— Өкіл мұны бүгін осылай келе жатқан самолетпен жіберілті.

Барлық документтер оқылды, Беридзе өз жайын ауызша да айтып берді. Парторг енді сұрақ берілуін өтінді. Сұрақ болмады, тек Гречкин Ольгохта гидростанциясының құрылысы қандай күйде екенін білгісі келіп сұрақ қойды.

— Жолдастар, мен бір сұрақты күтіп әрі содан қорқып отыр едім, — деп Беридзе қысылып, беті қызараңдап сөйледі. — Ол әбден орынды сұрақ: Менің не себепті партияға қазір ғана кірмек болып отыруым жайында еді. Менің жасым отыз бесте, мен совет дәуірінде оқып инженер болдым... Осы сұрақты маған сіздер қоймадыңыздар. Бірақ, мен мұны айтпай кете алмаймын. Мұның ар жағында ешқандай елеулі себептердің жоқ екендігін адал мойынға аламын. Партияға кіру деген — тек формальді ғана нәрсе, ал өзіңнің партиялық екенінді іштей сезген соның өзі жеткілікті деп ойлаушы едім. Институтта жүргенімде және алғашқы жұмыс істеген жылдарымда, егер партияға кірсем, қоғам жұмыстары мен түрлі тапсырмалар оқуыма, техниканы терең зерттеуіме бөгет болады деп ойлаған едім. Менің бір жолдасым осындай уақытқа кездескенін өз көзімен көрдім. Бұл сыяқты ұшқалақтық мінезді айтуға да ұят, бірақ кейінгі күндерге дейін осынша жасқа келуіме карамастан,

ол белгілі мөлшерде маған тән қасиет болып келген. Сіздер, бұл Беридзе қалай, партияға қалайша кенет кіргелі отыр екен, деп ойлауыңызға мүмкін. Алайда, бұл кездейсоқ кадам емес. Жолдастар, мені қай жағынан болса да әбден тексеріңдер, мен коммунистпін.— Беридзе қатты алқынды, оны тыңдап отырған Алексейдің де көңілі қозғалды.— Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ, өзімнің партиядан тысқары қалғанымға қатты қынжылып жүрдім. Егер бізді неміс жеңе қалғандай болса, партиядан болмағанның өзі тым жақсы болады, деген бір иттің сөзін естігенде, өте-мөте жайсызданып кеттім. Менің партиядан жоқтығым өзіме соншалық мін болды...

Беридзе біраз тоқтап тыныс алды.

— Жақында осы арада партия конференциясы болып өтті. Турасын айтайыншы: сол біткенше өзіме барар жер таба алмадым. «Сен қалайша сыртта қалып қойдың, сен осы сыяқты ма едің?» — деп өзіме-өзім сұрақ қойдым. Менен бір адам: «Георгий Давыдович, конференцияға сіз неге бармай жүрсіз?» — деп сұрады, кім екенін айтайын, ол — Таня Васильченко болатын. Партияда жоқ едім деп айтуға аузым бармады. Кеше, Сталин жолдас сөйлеп жатқан кезде, өзіме-өзім былай дедім: «Беридзе, саған енді бір күн, немесе бір сағат партиядан тысқары болуың бұдан әрі мүмкін емес...».

Георгий Давыдович қызу сөйледі, өзінің жайшылықтағы әдеті бойынша сақалын талдап сыйпап, кейде әрнәрсені бір ұстап тұрды. Оны партия қатарына алуға жұрттың бәрі бірауыздан дауыс берді. Гречкин жымыя күліп, екі қолын бірден көтерді.

Мәжліс біткен шығар деп жұрт қозғалған кезде: — Бір минуттей кідіріңіздер, бір ауыз сөзім бар,— деді Залкинд. Парторгтың да көңілі толқығанын Алексей сөйлегенінен, жымыя күлгені Михаил Борисовичтің көзіне қарап білді.— Жолдастар, қазір біздің еліміз үшін де, халқымыз үшін де, партиямыз үшін де қыйын-қыстау кезең туып отыр. Бұрын біз бастан кешіріп көрмеген қауіпті кезең... Осындай кезең адамдарды сынап тексереді. Асыл тасқа жабысқан алтын қайсы, көр-жер қайсы, соны айырып беретін кислота секілді. Тағдырлары коммунистер партиясынан бөлек еместігін біздің алдыңғы қатарлы адамдарымыз мойындайды, сондықтан оның туы астына топталады. Күрестің барлық сындарын партиядан бірге көріп, бірге өткізгісі келеді. Ұрысқа аттанып бара жатып, майдандағы жауынгерлер былай деп арыз береді: «Мені коммунист деп есептеулеріңізді сұраймын». Жауды жеңу жолында қыйын жұмыс атқаратын болғандықтан жолдас Беридзеге де мен біздің армияның жауынгері деген көзбен қараймын, ал өзі де сол жұмысты, коммунист болып атқарғысы келеді. Беридзе жолдас, сені шын көңіл, адал ниетіммен құттықтаймын!..

Бас инженердің қолын екі қолымен бірдей қысып, бетіне қарап тұрып, қатты құшақтады. Оның соңынан Батманов келіп құшақтап: «Баяғыдан бері осылай етпессің бе, қымбаттым» деді күбірлеп. Басқаларының соңынан Алексей де жақындап келді. Беридзе мұның бетіне қарады да жымыйып күлді: қашан болса да, Ковшовтың көңіліндегі қуанышы мен күйінішін бетінен білуге болатын еді. Жолдасы үшін Алексей әрі қуанды, әрі қысылғандай болды. Беридзе құшағын жайып, оны өзіне қарай тартты. Екеуі сол арада қатты сүйісті.

Күн кешкіріп қалды. Әрқайсысы асыгып, өз кабинеттеріне қарай тарып кетті. Киімін киіп алған Залкинд коридорда Ковшовты қуып жетті:

— Тереховқа қарай кеттік. Сенімен уәделескенімізді ұмыттың ба? Сағатыңа қарап қынжылмай-ақ қой, кейін есесін толтырарсың...

Жолдың екі жағына үйілген биік қардың арасында, траншеяның ішімен келе жатқандай, машина зымырап келеді. Рульді қапсыра ұстай отырып, машинаның мұз қатқан терезесінен қарап келе жатып, Залкинд қасында отырған инженерге де оқта-текте көңіл аударып қарап қояды.

— Достым Алеша! Тағы да қайталап айтам, бүгін өте бір жақсы болды... Маған бүгін Беридзе бейнебір сыйлық берген тәрізді. Ол үшін мен ерекше мақтаныш сезімге бөлендім. Анкетаны оқып тұрып: «совет өкіметі қандай жақсы адамдарды тәрбиелеп шығарған»,— деп ойландым. Көптеген мастерлерді, білгіштерді, идеологиясы мен ішкі мазмұны түгел жаңарған адамдарды тәрбиелеген. Қазір фашистер біздің жеріміздегі барлық тіршілік дүниесіне керекті заттар мен бағалы мүліктерді құртып жатыр. Соғыс әлі аяқталар... Талқан болған дүниені қайтадан қалпына келтіру керек болар. Біз оны бұрынғысынан да жақсартып, тез арада қалпына келтірерміз. Неге дейсіз ғой. Өйткені, Сталинге жан-тәнімен берілген он мыңдаған, жүз мыңдаған білгіштер бар, білімі мен тәжірибесі мол Беридзе тәрізділер бізде толып жатыр. Осыным дұрыс па, жоқ па, Алеша?

— Я,— деп Ковшов мақұлдады.— Мен де осыны ойлап келем, бірақ басқаша.

— Қалайша? — деп Залкинд қарап келе жатқан жолдан көзін лезде аударып қойды.

— Совет өкіметі тәрбиелеген біз секілді жастардың, өзінің алдына қойған талабы және тілегі өте жоғары болуы керек.

— Не жөнде? Өзінің борышын түсіне білуі жайында ма?

— Жоқ, ол өзіне бөлек нәрсе, ол барлығының негізі болып табылады.— Отанға және партияға берілгендік, тіпті қажет болған күнде жанын да құрбан етуге әрқашан әзір болу. Мен басқасын айтамын. Отыз жасқа келгенде дейік, совет елінің жас азаматы шала оқыған болып қалуына болмайды, өйтпеген

кақысы жоқ. Өзіне лайықты деп таңдап алған ісінің кожасы болуға міндетті. Бізде мындаған басшылар, инженерлер, архитекторлар, химиктер, мұғалімдер, дәрігерлер — нағыз мастерлер өсіп жетілді. Сонымен қатар, бізде әлі күнге дейін, шала оқыған, тіпті сауаты нашар адамдар да бар. Ал, карап тұрсаң, соның бәрінің де оқуға мүмкіндігі бірдей-ақ болды ғой.

Жолдың тапталмаған жеріне келгенде, ағынмен келе жатқан машина қалың қарға малтығып тұрып қалды. Қолындағы тетігін тез бұрып, машинаның жүрісін шапшандататын жерін айналдырып жіберіп, Залкинд машинаны қауіпті жерден шығарып әкетуге тырысты. Бірден шығарып әкете алмады

— Тұрып қалатын шығармыз деп ойлап едім,— деді Алексей.

— Текке үрейленгенсіз. Сіздің шоферіңіздің бірінші категориялық дәрежесі бар ғой,— деп Михаил Борисович маңызданып қойды.

Машина жайлап жүріп кетті. Не туралы сөйлесіп келе жатқандарын Залкинд ұмытпаған еді.

— Алеша, сен бір қызық пікір айттың-ау. Осы мәселе мені де ойландырады: өмір тарихы бірдей, қоғамдағы правосы да бірдей, жаратылыс қабілеттері де бірдей дейік, ал сол адамдардың өмірден әрқыйлы нәтиже алып шығуы неден? Ефимов туралы еске алсам-ақ, мазам кетеді. Осы кейінгі өткен күндерде ылғый соны ойлаймын, осы өзіміз келе жатқан Терехов пен салыстырып қарайықшы. Екеуі замандас, Новинскиге бірге келді. Екеуі комсомолдық группада да бірге болса керек. Екеуі де осы арада жұмыс істеуді үйренді, ер жетті, коммунист болды. Ал қазір екеуін салыстыруға болады, бірақ, қатар қоюға келмейді. Терехов деген — бір маңғаз жігіт, өзің де көресің ғой... Ал Ефимовтың жайын өзіңе айтқан болатынмын. Терехов бүгін неліктен еңбек армиясының, сыпайлап айтқанда, дивизияның үздік шыққан командирі болып отыр, ал Ефимовты, шынын айтқанда, жұмысынан алу керек. Сын сағатының қыйын-қыстау кезеңінде екеуінің арасында жер мен көктей айырмашылықтың шыға келген себебі не? — Залкинд сұрақ қойғандай түрмен Алексейге қарады.

— Осылардың мысалы Батманов пен Сидоренконың үлгісіне ұқсайтын шығар?

— Солай болып та қалар. Мүмкін, мәселе шынында да олардың өзіне өзінің қатнастарының айырықшылығында, ал біреуінің өзіне қоятын талап сезімінің мұқалғандығында болар. Заты Терехов занды түрде өсті, ал Ефимов дұрыс бағыт ала алмады. Алғашқы кезде олар өздерін екеуі де жақсы көрсетті, олар басшылық қызметке жоғарылатылды... Бұл жоғарылатуды Терехов мойнына үлкен міндет артқандық деп санады, оны адал қызмет істеп ақтау керек деп ойлады. Ол оқудан қол үз-

бей тырысып жүріп, Москва институтын сырттан оқып, бітіріп алды. Ал, Ефимов жоғарылату дегеннің өзі — оның бір артықшылық қасиетін табиғи кәдірлеушілік сыяқты көрді. Бәріне де қолым жетті деп ойлады. Бір кездерден бастап өсуі тоқталды да — артта қалып қойды. Әлде менің айтқаным дұрыс емес пе Алексей? — деп Залкинд иығын қомдап қойды да, жолдың ойпатын байқап қалып, машинаны ақырын жүргізіп барып, айналып өтті.— Мүмкін, Ефимовтың өзі айыпты емес, оны мезгілсіз жоғарылатқан біз айыпты шығармыз. Достым, Алеша, жұрттың табысқа жеткенін көру деген қандай көңілді, ал олардың жеңіліске ұшырап кейін құлдырағанын көру адамға қандай зәбір.

Машинаның терезесі ката берді, жолды байқауға келергі жасаған соң, Залкинд бір қолымен қырауын сүртіп, тазартып келеді. Алексей басын шалқыйтып, көзін жұмды.

Қаланың біркелкі болып салынған ағаш үйлерінің ұзын кварталдары баяғыда артта қалып қойды. Жол біраз жерге дейін қар басқан екі биік төбенің арасымен жүрді. Кейінгі биікті өтісімен-ақ кең жазықтағы завод ауданы көрінді: тас төселген, октай тұзу көшелер, асфальттан құйылған тротуар, кірпіштен салынған төрт-бес қабат үлкен үйлер, айналасы биік қорғанды ондаған тас үйлер.

— Алеша, мен сені қайда алып келді, деп ойлайсың? — деп Залкинд әзілдеген күлкісін тыя алмады.— Келген кезінде осы араға пыскырып қарамай: Новинск туралы айкай-шуды тым көп көтеріп едің, мынауың қала емес, әшейін бір құрылыс алаңы ғой! — дегенің есінде бар ма! Ал енді қарашы! Завод корпустары, тұрғын кварталдар, клубтар, ауруханалар. Міне, тіпті машинадан да көрініп тұр. Ал, енді сен бұл араға бұдан сегіз жыл бұрын келген болсаң, нанайлардың бірнеше фанзасы мен тұңғыйық тайғаны ғана көрген болар едің...

Үлкен қабылдау бөлмесінде бұларды секретарь қыз тоқтатты:

— Директордың бөлмесінде жана ғана мәжліс басталды. Сіз ғафу етіңіз, Залкинд жолдас, мен өзінен барып сұрап шығайын.— Кабинеттің есігін ашық қалдырып, ол лезде қайтып келді.— Кірсін дейді.

Сымбатты келген, сақал-мұртын тазалап қырған, өңі жас, үстіне жана көк костюм киген Терехов жазу столынан тұрып бұларды қарсы алды. Осында отырған жұрттың бәрі де орындарынан тұрды.

— Біздің әңгімеміз онша ұзаққа созылмайды, — делі Терехов Залкиндке. Егер қарсылығыңыз болмаса, мәжлісімізді жасай берейік, бізге енді бір он минут қана керек.

— Әрине қарсы емеспін,— деп Залкинд мақұл көрді.— Бізде тыңдайық. Қыйыр-Шығыстағы қару-жарак шығаратын Н. заводы, даңқты күн — жетінші ноябрь күні, қандай мәселе туралы мәжліс өткізіп жатқанын білуге біз де ынтықбыз.

— Михаил Борисович, соңғы кезде заводымызды арнаулы жабдық шығару үшін жана сатыға көшіргелі жатқанымыз саған мәлім ғой.— Біресе Залкиндке, біресе Ковшовка карап қойып, Терехов салмакпен акырын сөйлеп отыр.— Әдейі, бүгін сол жетінші ноябрь күні, үш түрлі жаналык кіргізбекпіз: корыту цехында — конвейер, механикалык цехта — поток, ал бүкіл заводта — сағаттык жеделдетілген график болмак. Танертеннен бері барлык цехтарымыз сталиндік вахтаға тұрды. Бірінші смена қазір жұмысын аяқтап келеді, соның нәтижесін тексеріп, анықтап жатырмыз.

Мәжліс жүріп жатыр. Терехов оны жеделдете жүргізді. Мейлі, кім болса ол болсын — цех мастері ме, технолог па немесе бас инженер ме, бәрінің баяндамасына да бір-екі минут қана уақыт берілді. Істің мәнін сөздің шамасынан-ақ жұрттың бәрі түсінеді, тек қана корытынды жыйындықты баяндап, кемшіліктері мен әркім өз тілектерін айтып өту керек болды.

Даусын көтеріп, бір ауыз ұрыс сөз қоспастан Терехов техникалык жабдықтау бөлім бастығының жер-жебіріне жетті:

— Мен бүгін сізді бүкіл завод атынан кіналаймын. Сіз кеше таң атқанша олиф майын табамын деп уәде бердіңіз. Кәне, ол қайда? Сіз бізді мықтап отырғыздыңыз. Егер таба алмайтын болганда, уәде берудің керегі жоқ еді. Бас инженер екеуіміз бірдей сізге көмекші болып жалдансақ, біздің жұмысымыз онша алға баса қоймас. Өз ісіңізді өзіңіз алып жүргізіңіз.

Бір секундтік кідірістен кейін, ол бас диспетчер мен механикалык цех бастығына бұрылып карап:

— Ал сіздер сағаттык жеделдетілген графиктің мәнісіне түсінбепсіздер. Оның мәнісі мынада: өндіріс қарқыны бұзылмай жүріп жатыр ма, бір сағатта қанша деталь істелген, қай жұмыста артта қалушылык бар, қай жерде алға қарай орынсыз ұмтылушылык бар, міне, осыларды сағат сайын біліп отыру керек. Сіздер тіпті бір сменада қанша деталь жасалып шығарылғанын есептеуді де орындай алмадыңыздар.

— Бұл пирамидонсыз-ақ басқарар,— деді даусын шығара Михаил Борисович, директорге көңіл аудара карап отырып.

Жұртты таратып жіберді де, Терехов анадай отырған Залкинд пен Ковшовтың қасына келді.

— Жанағы менің сарыуайымға салып, елге ұрысканыма карап, жұмысы нашар жүріп жатыр екен деп корытынды шығара көрмендер. Мүлдем керісінше. Бірінші смена өзінің негізгі цехтары бойынша бүгін бізге жүз қырык процент өнім берді, бұл кешегіден жыйырма процент артқаны. Бүгін сәтті күн бол-

ды, мен өзім де сондай разымын. Айткандай, Михаил Борисович, ұмытып кете көрмеші, біз сағаттық график пен поток әдісіне, өлкеде бірінші болып көшіп отырмыз.

— Иван Корнилович, мұны ұмытуға болмайды, — деді Залкинд.

— Терехов сіздің заказдарыңызды орындап жатыр ма, жоқ па деп тексергіңіз келетін шығар? — деп Терехов Алексейге карады. — Қорықпаймын, тексере беріңіз... Қыспак машина агрегаты заказын кабылдап, конструкторлык бюроға тапсырдым.

— Бүгін тексермейміз. Сен қонаққа шақырған соң, келіп отырмыз. Біздің құрылысымыз қазір дүниенің алғашқы жаратылу дәуірі сыяқты, әлі қайнап, түтіні шығып жатыр. Сіздерде дамудың мүлдем басқаша сатысы — барлық түйін шыйратылған. Өзің көрсетерсің.

— Тек өзім ғана көрсетем. Әлдекалай бірдеме кездесе қалса, өзім жайлап айтам ғой... Алдымен, менің арызымды тыңда. Бірнеше рет телефон соғып, орныннан таппадым.

— Арызымды! Сені біреу жәбірледі ме? Оған ұқсамайтын көрінеді ғой. Кімнің үстінен арыз етпексін?

— Горкомның үстінен. Жолдастар мені мүжіп бітті...

— Бұл қызык екен, — деп Залкинд қозғала түсті.

— Мен саған бір кезде айтып едім ғой. Техника дегеннің тілін жеткілікті білем, шаруашылықтың бұл жағын бас инженерсіз-ақ алып жүре аламын. Ал экономика мәселесі жағынан берекем жоқ екеніне көзім жетті. Осы жағын экономист пен бухгалтерлерге көз жұмып сенуім керек. Мысалы, олар жоспарды немесе балансты алып келсе, мен тек зер салмай қол қоя салуым керек. Түсінейін деп-ақ әрекет жасап көріп едім — ештеңе шықпады: түсінбеймін, болмашы бірдемелерге жабысам, көзіме түскен керексіз цифрларға жармасам. Ойлап-ойлап, ақырында білімімді толықтыруға бел байладым: документтерімді жөндеп, жоспар-экономика институтының сырттан оқыйтын факультетінің үшінші курсына түстім.

Күміс портсигарын алып, Терехов қонақтарына папирос ұсынды да, кішкене ғана хром жалатқан жылтыр, минаның моделі секілді отжакқышпен тұтатып алып, темекі тартты.

— Жакында институттан алғашқы бакылау жұмыстары келді, — деді ол сөзін тоқтатпай. — Кешке таман бухгалтерлер мен экономистердің кейбіреуін жыйнап алып, бірлесіп оқуға кірістік. Оларға да пайдалы ғой. Дәл сол мезгілде, горкомның нұсқаушыларының біреуі заводта бола қалмасын ба! Міне енді содан лақап жайылып: «Терехов ақылынан адасыпты, соғыс кезінде еріккенің ісін істеп, тентектік жасапты» дегені ғой. Қалада жүруге болмайды: «А, студент-директор!» деген мазаққа қалдым. — Ол иығын қомдап Залкиндке карады. — Менің оқығаным өндіріске зыянын тигізбейді, ал кейіннен ол жақсы

нәтижесін береді ғой. Өзінің тікелей жұмысынан бөліп алады деп менің уақытым үшін жолдастардың мазасы кетіп жүрген көрінеді. Менің уақытымда кімнің қанша шаруасы бар. Мен басқа біреуден қарызға уақыт алмаймын, өз міндетімді біреуге жүкте деп те сұрамаймын. Заводтағы тәртіп пен жоспарды студент-директор демей, жай директор деп-ақ сұрасын.

— Түсінікті, Иван Корнилович,— деп Залкинд орнынан тұрды.— Сенің студенттігің маған ұнайды, мұнында әбден мақұлдаймын. Күлушілерді тыяйын, олар сенен енді аулақ жүретін болады.

Михаил Борисович Ковшовқа қарады, Алексей парторгтың бет ажарынан, дәл осыдан бір сағат бұрын Беридзені партияға алғандағы мақтан белгісін көрді.

Бұлар заводты аралауға кетті. Шұға курткасының жанқалтасына қолын салып, директор алда көле жатыр. Кең, суық шишель цехындағы дауыс құлақ жарды — бейнебір рельспен екі жүз дөңгелек зырылдап келе жатқан тәрізді. Қыздар үлкен елеуішпен құм және қызыл балшық елеп жатыр. Одан кейін құм мен балшықты жүгіріп тұрған тетікке салалы екен, ол тез айналып тұрып, әлгілерді түйеді екен, бұл дауыс содан шыққан болды. Айналып тұрған бегунға екі жас жігіт жабысқақ зат — декстрин мен олифты қосып тұрады екен.

Цех көлемінің көпшілігін жарық шамдар жағып тастаған ұзын үлкен столдар алып тұр. Екі жағына қаз-қатар тізіліп тұрған әйелдер шишель заттарын сол столдарда дайындалған қалыптарға құйып жатыр.

— Халдеріңіз қалай, жұмысшы табы,— деп Залкинд бір жас қыздан сұрады. Көз ілеспес қыймылдарды қолымен істеп жатып, директорға қарап қойып, жанындағы дос қызымен күле сөйлесіп, әңгімелесіп тұр.

— Жұрттың бәрінен де жақсы! Неге сұрадыңыз?

— Жай, әншейін. «Жұрттың бәрінен де жақсы» — екенін мен өзім де түсінемін. Елу процент шығарасын ба?

— Оңшаны менің әжем Матрена тоқсанға келгеннің өзінде де жасап шығаратын-ды.

— Япырайдың тілін-ай! — деп Залкинд разы болып күлді.

— Жанына тиіп кетгің ғой,— деп Терехов та араға түсті. Қасындағы дос қызы мен екеуінің өнімі жүз елу проценттен келеді.

Цехты, жұмысшыларды көзімен бір шолып алып, Терехов былай делі.

— Міне, біздің жұмысшы табы. Мамандарды есептемегенде, еркектер тек әйелдер мен жасөспірімдердің әлі келмейтін жерде ғана ауыр жұмысты істеп жатыр. Біз Қызыл Армияға бүтіндей бір полк жауынгер бердік.

Май болған телогрейкасы, басында мыжырайған қалпағы

бар бір арықтау келген карт бұларға қорыту цехының есігі алдында кездесті.

— Аға технолог Иван Иванович Батурин, вагранканың (темір қорытатын кішкене пешінің) патшасы,— деп Терехов онымен таныстырып, жылы шыраймен картка тіке қарады.

Батуриннің түрі тым шаршаған, беті шұңқиіп, өңі қашқан, көздері қызарып, жасаурап кеткен.

— Осы сменадан соң, Иван Иванович, үйге қайтып дем алыңыз. Табан аудармастан бірнеше күн бойы цехта болуыңызға, тағы да тыйым саламын. Күш-қайратыңызды қажытып алсаңыз, соңынан сізбен біз ұзаққа бара алмаспыз.

— Иван Корнилович, мені бүгін қозғамауыңызды сұраймын,— деп өзінің ұсқынына үйлеспейтін жуан дауыспен Батурин кенеттен жауап берді.— Сталиндік вахтадан кете алмаймын, оны өзіңіз де білесіз. Менің естуімше, сіздің де үйіңізді көрмегелі бір жұмадай болса керек қой,— деп бір күлімсіреп қойды.

— Сіздің бұл мағлұматыңыз дәл емес, Иван Иванович. Көріп тұрсыз ғой, менің үсті-басым тап-таза, сақал-мұртым қырылған, мейрамдағы киімім киілген, менікінің барлығы дұрыс,— деді директор.

— Бұл карттың өзі—директордың қайын атасы,— деді Залкинд Ковшовка сыбыр ете түсіп.

Гүілдеген ыстық жұмыр темір вагранканы орай айналдыра салынған тік басқышпен бұлар жоғары көтерілді. Үлкен терезеден бұрқыраған көкшілт жалын көрінді. Кіргендерді оттың ыстық лебі тез жылытып жібереді.

— Қорыту басталды. Отын салынды, ауа жіберілді. Кокстың әуелі күр өзін салдық, қазір металды түсіреміз,— деп Батурин түсіндіріп айтып жатыр.

— Бет-аузы күйе-күйе болған ұзын бойлы жас жігіт, қонақтарды көріп амандасайын деп басын бір көтерді де, оттың арандай ашқан көмейіне металл кесектерін күрекпен үсті-үстіне тездетіп тастап тұр. Жалынның дүрілдегенінен қайнағанынан, шыжылдағанынан және иіріліп, шалқығанынан Алексей көзін алмай қарап тұр. Бір бөлек үйілген металл сынығын тауысып, алгі жігіт коксты — жұмысшы қалашын өлшеуге кірісті.

— Вагранкамен көптен таныссыз ба? — деп сұрады Алексей Батуриннен.

— Көптен. Әйеліммен отаскалы қырық бес жыл, ал вагранкамен одан да ертерек таныс болғанбыз.

— Өзіңіз қай жердікісіз, уралдықпысыз?

— Жок, осы аранікімін. Әкем осы жакка ауып көшіп келген шаруа екен. Оның есесіне, менің басым өмір бойы заводқа байланды. Ертеде Рубежанскі арсеналында істегенмін Естіген боларсыз.

— Иван Иванович — Батурин әулетінің үлкен ақсакалы болады деді, — Залкинд. — Осы жер толған осы кісінің апа-қарындастары мен аға-інілері, баласы мен немерелері. Иван Иванович, ұлдарыңыз кетті ме?

— Екеуі Рокоссовскийге кетті, біреуі шекарашы еді — осы арада қалды. Өзі разы емес. «Мен де ағаларыммен кетпедім-ау, бұл арада босқа тұрмыз дей береді». — Қарт көзін сығырайтып, назарын аудара Залкиндке қарады: — Қалай Михаил Борисович, осы жапондар жай тұрар ма екен, жоқ әлде бізге тиісер ме екен, сіз қалай деп ойлайсыз?

— Иван Иванович-ау, жапондарлы менен сіз өзіңіз жақсырақ білесіз — Бойко-Павловта партизан болып жүрдінің ғой. Өзіңіз қалай ойлайсыз? Жапондар бізге келе ме, жоқ па?

Бұлар біраз әңгімелесіп, төменге түсті де, биік үйдегі қорыту цехына барды. Бұл ара қараңғырақ екен, сұйық металдың жарқылы электр жарығын күңгірт көрсетеді. Залдағы конвейер — ұшы-қышы жоқ тізбектелген кішкене арбалар өзінің жолымен рельсте зыркырап жүріп жатыр. Терехов бір жерлерге қарады да, қонақтарды цехқа апарып қыдырт деп Батуринге тапсырып, өзі асыға басып менгеру пультіне қарай өтті.

Кіре берісте мина корпустарын құйып шығаратын ашылғыш қалыптар — кокильдер дайындап жатыр екен. Ішіне түйіршік орнатылған кокильдер конвейермен вагранкаға қарай жіберіліп жатыр.

Көзінде көк көзілдірігі бар, бойшан келген бір адам балшықты ломмен тесіп еді, сол кезде сұйық металл, айналаны жаркылдатып, сәуле шашып, науамен аға жөнелді. Екі құйғыш адам бар ынтасын сала металл құйылып жатқан бақырашты ұстап тұр. Бұлар бір бақырашты толтырып құйып алып, екіншісін алып жүгіріп барып қатарындағы кокильге тосып тұра қалды. Кейінгі жағынан пырылдап газ араласқан жатын лаулап шықты. Содан кейін, бұлар екінші кокильді толтырып, қалған отты сұйықты жерге төге салып, екінші пары құйғыштарды ауыстыруға қайтып келді.

— Металды шактап алындар, төгіп тастағандарың өте көп екен, — деп Батурин оларға айқай салды.

Қонақтар конвейер сонынан жүріп келеді. Жұмысшылар кокильдің үстінгі кабатын алып жатыр. Шиелі кып-қызыл болып жаланастанған корпус көрінді. Жұмысшының біреуі ептеп оны кокильден шығарып алып, қол арбаға салды. Қызған корпустарды қол арбамен вибраторға әкеліп, қысқыш станокқа орнатты. Вибратордың металды діңгегі көптеген бүршіктер шыққанға дейін корпусы тоқылдатып ұрып жатыр. Іші қуыс мина корпусының жобасы дайын болды.

Олар Терехов тұрған менгеру пультіне жақындап қалды.

— Барлық жұмысшыларға ескерту керек, — деп цех басты-

ғына ол бұйрық беріп тұр.— Мен конвейердің жүрісін шапшаңдатамын. Ол Залкинді көре салып, оған басын изеді.— Конвейерді жылдам жүргізуге болатынын мен оған дәлелдеп беремін. Брақтың шығуы, конвейерді жылдам жүргізгендіктен болып жүр, жұрт үлгермейді деп маған барлығы қарсылық білдіреді. Ал, енді вагранкалардың ақырын жүргендігінен брак қазірдің өзінде көбейіп жатыр. Вагранка озып кетпейтіндей, конвейердің мөлшерлі қыймылына бірден үйренгендері жақсы ғой. Ал кейін қайтадан үйреніп жатпай, шапшаң қарқынға жұрт бірден әдеттеніп алады.

Тереховты карашы дегендей, Залкинд Алексейді түртті. Жас директордың жүзіне жаркылдаған металл сәулесі түсіп, жігер мен батылдықтың әсерінен нұрланған бейнесін көрсетті. Конвейердің жүрісін шапшаңдатып, ол қыймылдың қарқынына ере отырып, істеліп жатқан жұмыстың ретіне қарай жүріп, жұмысшылармен де қысқаша қақпа сөздер сөйлесіп жатты.

Қорыту цехынан шыға берісте бәрі де бөгелді. Батурин қонақтармен қоштасты, өйткені оның вагранкаларға қайтып баруы керек еді. Оның қолын жіберместен ұстап тұрып Залкинд былай деді:

— Балаларыңызға хат жазсаңыз, менен де сәлем айтыңыз. Оларды партияға мен алып едім ғой. Ал Иван Иванович, өз денсаулығыңызды сақтаңыз. Директордікі дұрыс: бізге мықты денсаулық керек, ұзақ соғысқа тура келеді.

Терехов аға бракердің столының жанына келгенде қонақтарды тоқтатты. Қолына минаның ауыр корпусын әзер көтерген, таңқы танау, аш өңді әйел бір қызыләскер киімін киген еңгезердей жігітпен таласып тұр екен.

— Сенің орынсыз іліп-шалғаныңнан біздің өніміміз кемиді, оның үстіне қанша зыян келеді. Сен мұның қай жерінен ойлышұқыр, ақау таптың? Мен сені әбден білемін, сен тек жетінші ноябрь күні біздің жоспарымыз орындалмасын деп тұрсын ғой.

Әйел бар күшін салып, металл корпусы аға бракердің алдына алып келді. Аға бракер оны қолымен ақырын шетке қағып, үгіттей сөйледі:

— Заводтың жоспарды асырып орындағанын мен сенен кем тілемеймін. Мен бракқа ғана қарсымын. Дұрыстап карашы, ақауын өзін де көресің. Бұл миалар шеге қағу үшін емес, оқ атуға керек екенін түсініп қой.

— Ері мен әйелі. Әйелі — контролер, күйеуі — соғыс өкілдігінің бракері. Тамаша келіскен!—деп Терехов күлді.— Минут сайын таласып жатқаны, екеумізге бір жерде істетпе, бөл деп көптен сұранып жүр.

Контролер әйел директорды көре салып, минаның ауыр корпусын жерге тастай беріп, қасына жүгіріп келді.

— Директор жолдас! Иван Корнилович! Бұл қашан бітер

екен? Ол менің бар жүйкемді құртып болды. Басқа бір жерге ауыстырыңызшы, енді соны көргім де келмейді!

— Бұған келісе алмаймын, сені ауыстыру маған қолайсыз. Одан да онымен айырылыс та, басқа бір күйеу тауып ал,— деп Терехов қалжыңдады.

Ақыр аяғында қонақтар жыйнау цехына келді. Бұл жерде миналар біткен қалпына келіп, бір жәшікке екі-екіден буылып салынады екен. Он жасар бір бала барлық ынтасын салып: «Гитлерге соққы.»,—деп жәшік сырттарына бояумен жазу жазып жатыр.

Істеліп жатқан жұмыстың у-шуынан ақырындап естіліп тұрған радиодан беріліп жатқан музыка кенеттен тоқтады да, диктор күшті дауыспен, Қызыл алаңды бермек болып салтанатпен жариялаған кезде, бұларда жыйнау цехынан шығып келе жатыр еді. Мүмкіндігі бар жерде, жұмыс тоқталсын деп Терехов бұйрық берді. Жым-жылас боп орнаған тыныштықта, колонналардың тас көшеде аяқ басқан дыбысы, танктердің дүбірі мен гүрілі, алыста сөйлеп тұрғандардың даусы естіле бастады.

Ковшов сағатына карап еді, кешкі бес болыпты. Демек, Москвада — таңертеңгі он. Баяғысынша! Тура сағат он! «Баяғысынша» — деп оқыста ішінен айта салған сөзі оның көңлін толқытып жіберді. Волокаламск, Можайск, Наро-Фоминск — соңғы күндердің қайғылы хабарлары, сөйте тұра, кенеттен Қызыл аланда, баяғысынша сағат онда парад болмақ. Мавзолей трибунасынан тұрып, Сталин халыққа сөз сөйлейді.

«Неміс басқыншыларын жеңе алатындығымызға және жеңуге тиісті екенімізге күмандануға бола ма?..»

Алексейдің көзінен қуанышты ыстық жас тоқталмастан моншақтап тұр.

...Завод ауданының корпустарына түн қараңғысы түсе бастады. Алдындағы жолды шам сәулесімен байқап, Залкинд пен Ковшов отырған машина қараңғыда зымыратып келе жатыр. Залкинд қызына сөйлеп:

— Өмір сүру қандай қызық, Алеша, жаның рақаттанады. Балаларымыз бен немерелеріміз біздің осы өмірімізге қызығатын болады. Горький тамаша айтқан ғой, одан артық айта алмайсың: «Дүниеде адам болу деген — аса таңдаулы қызмет».

Қалаға келген соң, Залкинд машинаны әдемі шарбағы бар бір кішкене үйдің қасына әкеліп тоқтатты. Жауған қалың қар үйдің терезесіне дейін келіпті.

— Алеша, түс, тамақ ішейік,— деді Залкинд.

Инженер екі ойлы болды: ертеден бері қарны да ашқан еді, оның үстіне қалдырып кеткен жұмыстары да мазасын алып

ойынан кетпеді. Залкинд оны машинадан қолынан тартып шығарды.

— Жасы үлкен жолдасты тыңда, саған осы қасиетті уағызды неше қайтара айту керек!

Михаил Борисовичтің үйінде әйелі — өткір кара көзді, аласа бойлы Полина Яковлевна және кара шаштары бұп-бұйра, томпақ бетті бес жасар қызы күтіп отыр еді.

— Шешініңіз, ағай, шешініңіз,— деп қызы шешесімен бірдей құрмет етіп жүр.

— Полина Яковлевна, біз асығыспыз,— деді үй иесі, әйелі тезірек ас әзірлігіне кірісті.

Өзі үйсіз-күйсізге жуық жалғыз жүрген Алексей өзін бір сағатқа болса да, қадірлеп қарсы алған семьялы үйдегі жылылыққа, тазалығы мен жайлылығына қуанғанын жасыра алмады. Аяғындағы фетр бурка орнына киген жүндес тері унтасымен¹ жұмсақ басып, Залкинд стол жанында әйеліне көмектесіп жүр. Қызының аты Мира екен, ол Алексейге өзінің қуыршақтарын көрсетіп жатыр. Инженердің беті жылынған тәрізді болып көңілдене түскенін, Михаил Борисович сезе қойды.

Екі бөлменің бүкіл қабырға бойының еденінен төбесіне дейін сөре толған кітаптар тұр. Алексей осыларды көріп қызықты. Көптен бері кітап ақтармағанын, оны аз оқыйтынын қапаланып, бір ойлап қойды.

— Осы кітаптарды бір-бірден алып дегендей көптен бері жыйнап келемін. Бір тәуірі, соңғы жылдар осы бір орында тұрып жатырмын,— деді Залкинд.

Кітаптың көпшілігі осы Қыйыр-Шығыс туралы екен—өркөкірек жапон генералдарының Оралға жасамақшы экспансиясы туралы кітаптың аудармасынан бастап, мәңгі-бақый қатып жататын жердің ауыл шаруашылығы жөніндегі жаңа кітаптарына дейін бар екен. Алексей кітаптардың бірінен соң бірін ақтара бастады. Бұлардың көпшілігін ол алғаш рет көруі. Ол Залкиндтің библиотекасын түгел оқып шығуға өзіне өзі сөз беріп, алдымен Арсеньевтің кітаптарын таңдап алды.

Жұмыс столының жанындағы бөлек бір сөреде, қарапайым етіп қана бастырылған Қыйыр-Шығыс жазушыларының біраз кітаптары мен жергілікті журналдардың бір тобы жатыр. Бәрінің де бірінші бетіндегі сыйлық сөздер Залкиндтің авторлармен достық жайын дәлелдейтін еді.

— Өздері маған келіп жүреді, осы кітаптардың барлығы бір уысқа сыяды деп, мен оларды мазактаймын,— деді үй қожасы.— Қыйыр-Шығыс жазушысынан басқа біреу тәуір кітап жазса, қызғанып шала бүлініп қаламын, маған осындай бір мінез пайда болды. Біздің өлке туралы ең жақсы, дұрыс кітап

¹ У н т а — аң терісінен тігілген аяқ киім.

бізде, осы араның өзінде жазылуы керек. Қыйыр-Шығыс жайындағы нағыз беделді деген сөзді біз айтпасақ кім айтады? Осы кітаптарды ал да, қолың босағанда қарап шық.

Біраз уайымдағандай болып парторг былай деді:

— Әдебиетшілер, майданға бармаған жазушылар, өмірінде көзі көрмеген ұрыс эпизодтарын жазуға шұғылданады. Біздің өлке қазір алыстағы тыл ғой, ал мұны бәрі де ұмытып кетті. Дұрысы оларға тыл жайында жазуы керек, әсіресе Қыйыр-Шығыстың соғысқа қатнасып жатқанын жазу керек.

— Қыйыр-Шығыстың соғысқа қатнасы деймісіз? — деді Алексей үй қожасының намысына тимек болып. Залкинд оған жауаптың орнына қолымен сес көрсетіп қойды.

— Ас үстінде Алексей өзін сыйлаған тағамдардың бәрін де мақтап отырды.

— Неге жөнді жемей отырсың? — деп Залкинд қызынан дауыстап сұрады.— Балық ұнамай отыр ма? Алексей ағаң мақтап отыр, естіп отырмысың. Ол тамақтың дәмін әбден біледі, москвалық қой!

— Мира күні бойы жылаумен болған көрінеді. Далаға шығып ойнаймын деп жүргенде, аяғын үсітіп ала жаздапты,— деді Полина Яковлевна.— Мұны үйде жалғыз қалдырып кетуіме тура келеді, мектепте орыс тілі мен әдебиеттен сабақ беремін. Одан басқа жұмыстарым да жеткілікті.

— Жыладың ба? — деп Залкинд қалжыңы аралас ызамен қайталап сұрады.— Менің болмағанымды қарашы, жылауға тыйым салған болар едім. Жылау деген — қайдан шыққан әдет ол? Ленъка — ешуақытта жыламайтын еді.

— Қатты ауырды! — деп шақты қызы.— Аздап ауырған болса, жыламаған болар едім.

— Ауырса қайтеді екен. Сен әдейі, ауырған сайын шыдап, күле бер.

Жақсы, біркелкі, сыннан өткен достық, тегі Залкиндтің семьясын әбден ынтымақтастырғанға ұқсайды. Бұлар көңілдері көтеріңкі, сықаққой, жаманшылықтан жиреніп, жақсылыққа үйреніп, нашар құлыққа төзбеуді әдет қылған семья. Кейбір семьяларда болатын әдейі ел көзін алдау үшін жасалған жалған құлық емес, бұлардың бір-біріне істеген қамқорлықтары жаратылысына біткен, әбден қалыптасқан әдет екен.

Залкинд бірдеме сұраған пішінмен әйеліне қарап еді, ол түсінді де:

— Хат та, телеграмма да жоқ...

— Горкомға да түк келмепті...

— Кімнен хабар күтесіс? — деп сұрады Алексей.

— Менің інілерімнен күтеміз. Үш інім бар, бәрі де майданда, көптен бері хат жоқ. Әйелімнің ата-анасынан, апа-сіңлілерінен де түк жоқ. Олар Мариупольде тұрушы еді, соғыс бас-

талғаннан бері хабарымыз жоқ. Владивостоктағы теңіз мекте-
бін осы күзде бізге сала, Америкаға сапар шығып кеткен
Ленька деген баламыздан да хат күтеміз, — деді Залкинд бә-
рін айтты. — Алеша азай, менің тағы екінші қызым бар, — деп
хатта ол. — Ол да хат жазбайды, бірақ күнде телефонмен сөй-
леседі. Ол Рубежанскіде, дәрігерлік институтта оқып жатыр.

— Кураль маньинда біздің бір сауда кемемізді жапондар
сура батырып жіберіпті деп, қаладағылар шулап жүр. Сол рас-
па? — деп сұрады Полина Яковлевна. Оның бетінен үрейленген-
нің белгісі көрінді.

— Я, рас, — деп Михаил Борисович әйелінің бетіне қарады.

— Қазір кофе дайындайын, — деп әйелі түрегелді...

— Отыр, мен өзім дайындайын.

Электр плитасына қойып, ол кофе қайната бастады. Үйдің
ішіне кофеңің иісі аңқып кетті.

— Бір пәле болып алды ғой бұл жапон дегенің, — деді Зал-
кинд. — Пәле болғанда да бірнеше жылдар бойы бір маза бер-
мей қойды. — Ол Алексейге қарай бұрылды. — Менің олармен
өз есебім бар. Осыдан жыйырма жыл бұрын партизан отрядын-
да комиссар болуға тура келген-ді. Айуандығы мен қаталдығы
жарынан фашистерден қалыспайды. Олар келіп тиісетін кезі
болса, әйелдер мен балаларды Тайгаға апарып бекіндіру керек
болады. Бірақ олар бізге шабуыл жасай алмайды. Батурын
қарттың: «Олар Москваның құлағанын тосып жатыр» — дегені
дұрыс. Ол күнге жете алмас...

Залкинд шыншайқ әкелуге кетті.

— Жыйырма бірінші жылы жапондар Михаил Борисович-
тің көзінше жақын досын азаптап өлтірген, — деді Полина
Яковлевна ақырын ғана. — Ленька сол жолдасының баласы. Ба-
ла үш жасқа толар-толмас кезінде біз оны асырап алған едік.

Басқармаға қайтып келген Алексей жұмысқа асығыс кіріс-
ті. Смета мен жұмысты сапалы жақсы істеу жайындағы ұсы-
ныстарының қортындысын айқын ірі жазумен жазып, Тополев
Ковшовтың столына қойып кетіп қалыпты. Ағаш үйлердің са-
лу бағасын арзандату жайында сметаға өзгеріс кіргізуді қарт
қажет деп есептеген. Трассадан түскен ұсыныстардың Тополев
екеуін қолдапты: Оның біреуі үйдің түбесіне жабатын жаңқаны
оңай әрі жылдам дайындау әдісі, екінші машинаға трубаларды
тез тиеу әдісі. Алексей рационализаторлар мен өнертапқыштар
бюросының инженерін шақырып алып, Тополев мақұлдаған
техникалық ұсыныстарды қарап шығып, толықтырып учаске-
лерге жібер деп бұйрық берді.

Петя Гудкин кабинет есігінен ақырын ғана қарады. Ол бөлім
бастығын көптеп бері дамылсыз күтіп жүр еді. Алексей

чертеж бен есептерді тексеріп отыр, ал Петька оның жанында тықыршып қарап тұр. Бітіріп әкелген жұмысын, Ковшов ескерту жасамай, қайта мақтап жібергеніне техник таң қалды. Таңертеңгі шатақ туралы ол есіне де түсірген жоқ. Залкиндтің үйінде жылы шырай көрген Алексей, жас техникті құшағын жая бауырына тартты.

— Балам, жарайсың? Клубта бүгін би мен спектакль бар көрінеді, енді барып бой көтер.

Абыржып қалған Петька, айтуға бір ауыз сөз таппай чертежін ала сала, жолда тұрған орындықты құлата есікке қарай жүгіре жөнелді.

Алексей жобашыларға қарай барды. Жобаның әлі істеліп болмаған жерін барлығы жыйналып талқылауға кірісті. Бұғазда траншеяны қалай казу керектігі жайындағы шешілмеген мәселе, бәріне де зор қауып туғызды. Жаңа жобаның негізгі бағытына Грубский ресми түрде қарсылық жасапты, деп Алексей бұларға айтқан кезде, инженерлер ынта қойып тыңдаған-ды.

— Бізді Рубежанскіге бір күні шақырып қалуы ықтимал. Асығу керек, бір минут та кідіртуге болмайды,— деді Алексей ойланып.

Мұның көзінше инженерлер Грубскийдің қылығы жайында ештеме деспеді, бірақ Алексей екінші учаскемен сөйлесу үшін байланыс торабына кетісімен-ақ, жоба жасаушылар отырған үйде талас қыза түсті. Бөлім қызметкерлерінің көпшілігі дерлік осы жаңа жобаға көп еңбек сіңіріп, адал қызмет істеген, бірақ Беридзенің пікіріне бәрі бірдей тегіс сене қоймаған. Трасаны Адунның сол жақ жағасына көшіру және бұғазға қыс ішінде трубопровод төсеу жөніндегі ұсыныс кейбір инженерлерге баяғысынша күдікті болып көрінді. Жаңа жобаны — жақсы киінген, түрге көркемшелеу, буырыл бас бір Фурсов деген ғана үзілді-кесілді мінеп тастады.

— Петр Ефимович Грубский өз мойнына ізгі міндет алып отыр, оның батылдығына мен де сүйсінемін,— деп Фурсов көпіре сөйледі.— Біздің жұрттың көпшілігі Грубскийдің пікіріне іштей қосылып разы болады, бірақ көмек көрсетуге батылы бармайды.

— Көпшіліктің атынан сөйлеменіз,— деді Кобзев дударланған басын сызып жатқан чертежінен көтеріп алып, ол тікесінен қарсы шықты.— Грубскийге көмек көрсетерліктей дәнеме жоқ, бар пәле сонда. Өмірдің өзі шетке қақпайлап, қатардан шығарып тастап отырғанда, қазір ескі жобаны қорғауға бола ма?

— Анатолий Сергеевич, осы қызу қанды кавказдықтың идеясын теріс дегеннің бірі сіз өзіңіз емес пе едіңіз,— деп Фурсов оның есіне салды.

— Алғашқы кезде теріс дегенім рас, қазір теріс демеймін. Маған құрылыстың тағдыры қымбат. Ол тағдыр жобаға бай-

лаяысты, сондықтан, колымнан не келсе, соның бәрін істеуге әзірмін.

— Сіз де сол жақ жағаны қуаттайсыз ба? Бір кезде Грубскийдің одан неге бастартқанын бір адам жақсы білсе, сіз біледі емес пе едіңіз?

— Біз секілді жоба жасаушылардың оң жақ жаға, сол жақ жаға деген сөзді айтуды қоятын кезіміз жетті,— деп Кобзев қатанырақ айтты.— Бұл жөнінде қарар қабылданған, сондықтан оң жақ жағаны ойдан шығару керек. Беридзенікі дұрыс па, теріс пе оны келешек көрсетеді. Өз пікірінің дұрыстығын бізге көп ұзамай-ақ үзілді-кесілді дәлелдеп бере алатындығына, мен онымен жақынырақ танысқаннан кейін ғана көзім жетіп, әбден сендім.

— Сенгіш адам — рақат та,— деп Фурсов мойнындағы шарфын түзеп жатып, кекете күлді.— Мен Беридзеге сенбеймін.

Кобзев ұшып тұрып циркуль мен линейканы лақтырып жібергенде, циркульдің ұшы чертежге барып қадалды.

— Беридземен, Ковшовтармен бірге алғашқы істеп жүрген күндеріміздегі кейбір қобалжушылық әлі кешірімді сыяқты еді. Қазір оларды кешіруге болмайды... Әшейінде жұмсақ мінезді Кобзев қазір тым қатаң әрі батыл сөйлеп тұр.— Жұықта Ковшов дәл осы бөлмеде тұрып: «Осы отырғандар барлығымыз жаңа жобаның бірлескен авторларымыз. Осының көп жерлері бізге әлі түсініксіз, бірақ біз мұны қайтсек те істеп шығамыз» — деп еді. Мен ол сөзін мақұл көріп, қарсылық білдірмедім. Тегінде, басқалардың да қарсылық көрсетпегені, жан-тәнімен беріліп, оны істеуден бұлтармай, сол жобаны істеп жатқанынан болар. Біздің дұдамалымыз — сол құрылыс үшін жаны ашып жүрген адамдардың ісі. Ал Фурсов, айтыңызшы, сіз неге Ковшовқа қарсылық білдірмедіңіз? Сіз, өзіңізді жаңа жобаның бірлескен авторы деп санамайсыз ғой? Сіз ескі жобаның авторы Грубскийді қолдайды емессіз бе?

— Анатолий Сергеевич, сіз несіне күйіп-пісесіз,— деп Фурсов жаймашуаққа сала бастады.— Қалаған уақытта іркілмей айта алатын менің өз пікірім болуға тиісті емес пе екен? Құдай үшін, реңжи көрмеңіз, мен тіпті сізбен ұрсысайын деп тұрғаным жоқ.

— Мен сізбен бұдан әрі келісе алмаспын деп ойлаймын, сөйтіп, бөлім бастығынан да, бас инженерден де, жоба жөніндегі сіздің екі жүзділігіңізден бізді аулақ етіп босатуын сұрағалы отырмын.

— Дұрыс-ақ! Ол күніне жыйырма рет Грубскийге шапқылап барып, келіп тұрады. Соған біржола-ақ кетсінші өзі,— деп Петька да үн қосты. Фурсовтың сөзін техник өз столының басында әбден ыза болып тындап отыр еді. Кобзевтің жаңағыдай қытырып сөйлегеніне мейлінше разы болды.

Қызметкерлері таласып сөйлесіп жатқан кезде, Алексей байланыс торабының үйінен учаскелермен сөйлесіп жатты. Оны сөйлесуге шақырған тракторист Силин екен — «Улитка» мен екінші учаскеге аман есен жетіпті, сұрайын дегені, егер де бұдан көмек сұрап қалса, жолшыбайғы учаскелерде бөгелуіне рұқсат етіле ме немесе ешқайда кідірместен бұғазға тарта бергені жөн бе, соны білу еді. Екінші учаске бұдан жол таза-лауға керекті бульдозер жасап алуға көмектес және бүлінген екі тракторды тексеріп карап бер деп сұраған.

— Шынын айтқанда, бұл жерде менің өз шаруам да бар еді,— деп Силин түсіндіріп жатыр.— Кұрылысқа келместен бұрын менің жұмыс істеген леспромхозым осы араға таяу жерде... Менің орныма тракторист қызметін атқарып әйелім қалған болатын. Сонымен аса бір қажетті шаруамызды сөйлесіп алайыншы деп едім.

— Сіздің көмегіңіз қажет болып қалған учаскелерге сіз қалай болса да, тоқталуға міндеттісіз ғой деп ойлаймын,— деді Алексей.— Әрине, аса көп кешікпеңіз, өйткені, бөгеле берсеңіз бұғазға өмірі жете алмассыз. Үй ішіңіздің шаруасында жұмысым жоқ. Ал әйеліңізбен ақылдасатын маңызды мәселеніз болса, ақылдаса беріңіздер.

Линия бойындағылар күлісіп жатты. Силин, тегі, Қовшов оған күліп жатыр екен деп ойласа керек.

— Сіз бөтен бірдеме ойлап жүрмеңіз, ондай тентектік ойымда да жоқ,— деген Силиннің даусы естілді.— Аздап жыйнап-терген ақшамызды танкке беруді келіспекші едім... Мүмкін бір танктің құнына жетіп те қалар.

Олардың сөзін тындап тұрған біреу таңырқағандай ысқырып жіберді.

— Жарайды, жолдас Силин. Сіздің адал екеніңізге менің де, Филимоновтың да күдігі жоқ. Жағдайға қарай отырып, өз еркіңізбен қыймылдай беріңіз. Ал танк жайында — әбден құттықтаймын. Егер жетпесе, шамалы ақша да қосып жіберуіме болады...

Алексеймен селектор арқылы Мельников сөйлесе бастады. Ол:

— Менің шығармамды алдың ба?

— Жоқ. Не деген шығарма?

— Бір пікірсымақ жазып едім. Мүмкін, ол бұғазда траншеяны қалай қазу жөніне ой салатын болар.

— Сенің шығармаң бұл араға жеткенше үш жыл жүрер. Одан да не ойлап шығарғаныңды бір-екі ауыз сөзбен айтып берсейші.

— Жұмыстың алғашқы сатысы — бұғаздың түбін жалаңаштап аршу,— деп Мельников басқа сөйлеп жатқан дауыстардан асырып айқайлады.— Бұған судың үстіңгі қабатын бір-

тіндеп қатырумен ғана жете алады. Судың қатуына қарай мұзды біртіндеп ойып ала берсе, алған сайын мұздың ішінде коридор жасалып шығады. Бұғаздың түбі жалаңаштанған кезде, жұмыстың екінші сатысы басталады — механикаланған әдіспен траншеяны қазу керек болады.

Бұл ұсынысты ойға салып, Алексей үндемей қалды.

— Алло, Ковшов жолдас, қайда жоғалып кеттіңіз? — деп дауыстады Мельников.

— Ешқайда кеткенім жоқ. Сенің пікіріңнің қаншалық бағасы бар екен деп ақылға салып ойластырып тұрмын. Маған онша ұнап тұрған жоқ.

— Неге?

— Қатыру әдісімен кішкене өзеннен өтуге болады, ал бізге он екі километрлік бұғаздың кедергісін жойып меңгеріп алуымыз керек. Сенің ұсынысыңды, әрине, пакетті алысымен талқылайтын болармыз. Ал саған қазір өзімнің алғашқы алған әсерімді айтып тұрмын.

— Бір жұмыстан соң, бір жұмыс тізбектеліп үздіксіз өтіп жатты. Алексей газетке мақала жазып беруге дайындалды. Гречкин келіп оның ойын бөліп жіберді.

Жоспаршы ұзақ ашулана алмайтын еді, сондықтан таңертеңгі жалпыға бірдей міндетті әскери оқудағы болған қолайсыздықты, ол ұмытып та кетіпті.

— Екеуімізді Батманов шақырыпты, наркоматтан келген телеграммаға берілген жауап қайда және жұмыстың қысқы ұйымдастырылуы жөніндегі бұйрық қайда деп сұрады. Бастық қатты ұрсып, келіндер деп әмір етті.

Екеуі бірлесіп отырып наркоматқа үлкен телеграмма жазды. Одан кейін қысқы жұмыстарға керекті ресурстардың есебін карап шығып, бұйрықтың жай мазмұнын талқылады. Істеп отырған жұмыстарын қоңырау бөліп жіберді, — құрылыс бастығы тағы да шақырды. Бұйрық жөнінде есіне салмай-ақ қояйық деп уәделесті де, екеуі бастыққа кетті.

Кішкене қағазға бірдеменің есебін шығарумен шұғылданып, трубкасын будақтатып қойып, Беридзе Батмановта отыр екен. Василий Максимович телеграмманы көзін жүгіртіп оқып шығып қол қойды да, инженер мен жоспаршыға бірдеме күткендей болып карап қалды.

— Ал? Бары осы ма?

— Енді не керек? — деп Гречкин ештеңе білмегенсіп сұрақ қойды.

— Георгий Давыдович, періштелерге қараңызшы. Бұларды менің неге шақырғанымды білмегенсіп тұрғандарын. Телеграмманы көрсетіп құтыла қояйық деп келіп отырғандарын көремісін. Бұйрық қайда, есептері қайда? Олардың бәрі менің столымда болуы керек. Жорыққа дайындық жайындағы нұсқау екенін,

оның өзі маңызды документ екенін түсінесіздер ме? Түсінесіздер ме, жоқ па, деп сұрап тұрмын ғой.

— Түсінеміз,— деді Гречкин.

— Ендеше неге созып жүрсіндер. Әкеліндер соны!

— Бұйрық дайын емес.

— Көктемде береміз деп ойлап жүрсіндер ме?

Гречкин уақыт жетпейді деп ақталғысы келді:

— Әуелі қай жұмысқа кірісерінді білмейсің. Барлық жерде де тығыз, өте тығыз... Қарқын үдеп барады, үлгеру қыйын болып кетті.

— Бүйтіп, жылана бермеңіз. Бұйрықты қашан бересіз: одан да тура соны айтыңызшы? — Уақыт сізге де жетпей ме, сіз де басыңызды әуелі қайда сұғарыңызды білмейсіз бе? — деп сұрады Батманов Ковшовтан.

— Әрине, уақыт деген аздау. Бірақ оны сіз де қоса алмасыз. Мен де сізге сұрақ қоймақпын: сіз мезгілін өзгерткен бе едіңіз. Біз сізге бұйрықты ертең беруіміз керек еді ғой, ал сіз бізге бүгін ұрсып жатырсыз.

— Мезгілін өзгерткенім жоқ, бірақ енді өзгертуге тура келетін шығар. Бір аптасыз сіздерден түк шыға қоймас, кейінге қалдыруға болмайды.

— Бұйрықты ертең тапсырамыз,— деп Алексей уәде берді. Қабылдау бөлмесінде Гречкин Алексейге бассалып:

— Сен несіне бүліндің? Бұйрықты ертең аламын деп өзі де ойламаған екен. Сенің қырсығыңнан енді таң атқанша осында қақшыйып отыру керек болады. Менің семьям бар адам, күн болса мейрам, бүгін үйге ертерек қайтпақшы едім.

Ашуы тез қайтқыш жоспаршы, басқыштан шыққанша жайдары мінезіне көшіп те үлгіріп, меймандостық қалыппен былай деді:

— Жұмысты біздің бөлімде істейміз, менің кабинетім ыстық.

Гречкиннің кабинетінде шынында да шешініп отыруға болатын еді: бумен жылынатын труба, кабинеттің бұрышынан өтетін. Жоспаршы жазу столына отыра сала, маңызданып, байсалды бір адам бола қалды. Үйлеріне қайтуға ыңғайланған үш қызметкер келіп кірді де, мұны бірге қайтуға шақырды.

— Жоғалыңдар әрі, көзіме көрінбей! — деді Гречкин зілсіз дауыспен.— Көзіме көрінбендер, дедім ғой сендерге, шығыңдар да, есікті арғы жағынан жабыңдар.— Ол қағаздарын жайып қойып, дөңгелек көзін аларта қарап — жоспар бөлімінің бастығы болу деген барып тұрған бақытсыздық екен, деп назаланды.— Асықтыру мен ұрсудың бір ұшы-қыйыры болсайшы, тым болмаса біреуі бір жылы сөз айтсайшы!... Жұрттың бәрі демалысқа барып қайтатын болса, мен өмірімде бір барған емеспін. Екі медаль мен наградталдым, әлі оны да ала алғаным жоқ. Мына жерімнің бұлтығы мынау, мұны да кестіре алмай жүрмін,

күннен күнге ұлғайып барады.— Мойнының иек астына таяу жеріндегі томпайған бірдемені бармағымен басып қойды.— Ақыры, бір рет демалыс береміз деп келісіп еді. Чемоданыма заттарымды салып, әзірлене бастағанымда, соғыс басталып кетіп, жоспарымның күлі көкке ұшты.

Бұлар есікті ішінен жауып бекітті де, ешкімге есік ашпасқа, телефонға жауап бермеске уәделесті. Қовшов график сызып, Гречкин бұйрықтың кіріспе сөзін жазуға отырды. Телефон соғып жауап ала алмай ызаланып, Гречкинді іздеп Лизочканың өзі келгенше, бұлар осы қалыпта үш сағаттай бірлесіп отырып жұмыс істеді. Есік сыртынан оның даусы болар-болмас естілгенде, Гречкиннің зәресі ұшып, стол үстіндегі қағаздарын жыя салып, үйіне қайтуға асықты.

Он бесінші тарау

ТҮН ОРТАСЫ АУҒАНДА

Алексейді көріп бөлменің дежурныйы таң қалды: түн ортасынан ауып кеткен кез, ал басқармада ешкім қалмаған. Гречкин сыяқты, қызметкерлердің барлығы да, осындай өзгеше өткен жұмыс күнін, өз үйінде мейрам салтымен өткізгілері келді.

— Тек құрылыс бастығы мен парторг қана әлі осында жүр,— деді дежурный.— Беридзе жолдас келіп, қағаз жазып қалдырып кетті, сіздің столыңыздың үстінде жатыр.

«Қайда жоғалып кеттің? — деп жазыпты Георгий Давыдович.— Іздемеген жерім жоқ. Сен мені мүлде ұмыттың. Бүгінгі уақығаны да бірдемемен есте қалатындай етіп өткізу керек қой. Сенімен көріскім келеді, сондықтан, Федосовтікінде күтемін. Сен келемін деп уәде берген еді дейді ол...»

Бұл қағаз қолға тым кешігіп тиді — бейуақытта қонаққа баруға болмайды ғой. Оның үстіне Алексей Федосовтың қайда тұратынын да білмейтін.— Өзінің көңілсіз, суық бөлмесіне қайтуға көңілі соқпады, сондықтан Алексей кабинетінде жалғыз өзі отыра берді. Ол Залкинді тапсырған мақаласын жазба бастады, бірақ бүгінгі күннің әсері соншалық жаңа әрі көп болғандықтан, ой тоқтатып жазу қыйын болды.

Коридорда аяқ дыбыстары естілді. Есік ашылып, Федосов кіріп келді. Жігіт көңілді және қызулау, беті нарттай, көздері жайнаң қағады, ол өзін үйінен Батманов шақыртып алып, мейрамға карамастан, осы тәулікте үш рет ит терісін басына қаптағанын айтты.

— Ең болмаса сені кездестіргенім мұндай жақсы болар ма, менің әбден шыққан зықым мен аязда кезгенімнің барлығы енді бос кетпейтін болды,— деді Федосов.— Жүр, біздікінде үлкен жақсы компания жыйналып отыр. Сенен басқасы түгел. Георгий Давыдович та сонда, сені күтіп отыр...

Федосовтың ренжуіне тура келді, бұлар үлкен компанияны кездестіре алмады. Үй иесі жоқ болған соң, конактар үйді-үйіне тарап кетіпті. Тек ойын құмар төрт адам пешке тақай қойған үлкен столда преферансты қызу соғып жатыр екен. Баска бөлмеде бұлар Женя Қозлованы тапты — ол диванның үстінде бүктүсіп зерігіп отырған. Қыз Алексейді шын қуанышпен қарсы алды.

— Сіздің қайткенде де келетініңізді сезіп едім.

— Сыйла конақты, хозяйка бол,— деді Федосов.

Женя столдың бір шетін жыйнастырып жүріп, әңгімеге кірісті:

— Сіздің келмегеніңізге Беридзе қатты ренжіді. Олар Таня екеуі жаңа ғана Стартқа кетті, таңертең Таня колонна мен трассаға жүрмекші ғой.

Федосов қолында арағы бар Алексейге қарай жақын келіп:

— Сен көбірек іш, біз Женя екеуміз азырақ ішейік. Кешіккен үшін ғұрып бойынша айып салу керек.

Алексей арақ құйған стаканды ұстап тұрып, Федосов пен Женяға жарқын жүзбен қарады. Мұның жалғыз қалып қоймағаны жақсы болды. Осында тағы Георгий Давыдовичті әкелер ме еді! Кездесе алмағандары өкінішті болды.

— Сіздің не айтатыныңызды біліп тұрмын, айтпай-ақ қойсаңыз да болады,— деді Женя.— Москва үшін ғой? — Женя Федосовқа түсіндіріп жатыр.— Ол ішпейді, егер ішетін болса, басқа үшін емес, тек Москва үшін ғана ішеді.

— Бүгін шараппен бокал көтергендердің барлығы да, басқа үшін емес, Москва үшін, Сталиннің Москвада болғандығы үшін Қызыл алаңдағы парад үшін ішті,— деп Алексей бұған наразылық білдірді.

— Дұрыс айтасың, ол үшін мен тағы ішуге әзірмін,— деп Федосов оны қуаттай түсті.

Осы жетінші ноябрь өмір бойы оның есінде болатындығын ол сондай сезіммен және асқан пайымдылықпен айтты. Бір күннің ішінде ол соншама ойлап, көп нәрселерді сезіп білді. Ал жұмысты да ешуақытта мұндай ынтамен істеген емес!

Алексей өзінің Залкиндпен сөйлескен сөзін есіне түсірді. Осы шынымен бүгін болғаны ма? Арақ қызуы Алексейдің өнебойына шымырлап тарай бастады. Женя оны тамақпен шын ынтасын сала сыйлап отыр.

Ойында талас шыққандықтан, үй қожасын көрші бөлмедегілер шақырып әкетті.

— Сіздерді қалдырып кетемін. Сірә, екеуіңнің оңаша қалғандарың тәуір болар,— деді конақшыл Федосов.

— Дұрыс айтады, екеуміздің қалғанымыз тәуірірек қой,— деді Женя, Федосов кеткеннен кейін қайталап.— Мүмкін, тек мен үшін ғана тәуір болатын шығар? — Алексей Женяның

сөзіне жауап қайырмады. Менің сізден не тілейтінімді білесіз бе? — деп сұрады Женя. Таппадыңыз ба? Мен қазір келем, отыра тұрыңыз, ойлай беріңіз,— деп шығып кетті.

Ол бір тарелка тоңазыған итбүлдірген алып келді.

— Әрине, ойлап тапқан жоқсыз.— Көгілдір күшті шарап құйылған рюмканы оған ұсынды да, өзі біреуін алды.— Бүгін менің туған күнім ғой, ұмыттыңыз ба? Осының құрметіне әдейі сізбен ішкім келіп тұр. Тек ішпей көріңіз!

— Мен ішуден неге бастартам? — деді де Алексей бірден ішіп салды. Ендігі кезек сіздікі. Сізді құттықтаймын, Женя. Сізге не тілесем екен? Келесі туған күніңізге дейін соғыс бітсін.

— Мен сізбен брудершафтқа ішкім келіп еді, сіз асығыстық жасадыңыз ғой,— деді Женя өкпелеп.

— Брудершафт¹ — қандай түсініксіз сөз. Тегі, ережесінің өзі де шетелдік болар,— деп қалжындады Алексей.

— Кәне, тағы бір рюмка ішіңіз. Менің «Сен» деп сөйлеуге көшкім келіп отыр. «Сіз» деп кәриялармен ғана сөйлесем.

— Женя, шараптың да, бұл брудершафтың да қажеті жоқ,— деді Алексей салмақпен.— Біздің достық нығая түскен кезде, біз брудершафсыз да «сен» дегенге елеусіз көше саламыз. Әдетте осылай болмай ма, рас емес пе?

— Жарайды, солай-ақ болсын,— деп Женя бірден оп-оңай көнді.— Сіз түсіңізде өзіңізді бүлдіргенмен сыйлады деп едіңіз ғой? Менде ол жоқ, бары итбүлдірген — бұл да жақсы бүлдірген.

Алексейді Женяның еркіндігі, оның уайымсыз көңілділігі қызықтырып, ақжарқын мінезі көңілін жібітті. Оған ылтипат аударып отырғанын, Алексей Женяның өзіне тән ашық мінезділігі деп түсінді. Женя жұрттың бәрімен таныс болатын, бәрі де онымен қалжындасуды сүйетін еді. Бұған да Женямен бірге отырып жоқты-барды мылжындасу ұнап кетті. «Таня әлдеқайда сұлу, бірақ Женя өзінің қағілез, жайдары мінезімен жігіттерге одан артық ұнамаса, кем ұнамайтын шығар»,— деп ойлады Ковшов.

— Менің туған күнімде сіз менің сөзімді орындауға тиістісіз,— деді Женя.

— Әрине.

— Билейік!

— Музыка жоқ қой?

— Бар, музыка менің өзімде!

Женя сыңғырлаған жіңішке даусымен екпінді әнді күлкілі етіп сала бастады, ол әннің ырғағына қосылып билеуге әбден болатын еді.

¹ Брудершафт — рюмкаларын бірдей көтеріп ішіп кою, содан кейін сүйісіп, бірін-бірі «сен» деп атайтын ескі салт.

— Тұрыңыз,— деп асықтыра бастады Женя.

Алексей басын шайқап:

— Осы бізге билеудің де керегі жоқ. Сөйлесіп отырғанымыздың өзі жақсы...

— Сіз қыңыр екенсіз! Туған күнімді мерекелеп отырған мен сізге ренжуге тиісті едім, бірақ, мен өйте алмаймын. Жалғыз өзім-ақ билейін.

Женя өлең айтып, Алексейдің қасында шыркөбелек айнала жүріп, назданған түрмен одан көзін алмай қарап жүр. Федосов екінші бөлмеде қол шапалақтады. Женяның көз қарасы, жалғыз адамның қол шапалақтағаны да Алексейге ұнамады. Оның кейпі тез бұзылды. Ол көңілсізденіп шетке шығып кетті. Женя оны бақылап тұрды да, біраздан соң, бұған іші пысып, Алексейдің жанына тағы да келді.

— Сіз қалай әбсәтте өзгере қалдыңыз! Ал Гречкин әрдайым сіздің мінезіңіз бір қалыпты деп мақтайтын еді. Маған шынымен ашуландыңыз ба?

— Жоқ, сізге не деп ашуланбақпын!

— Менің туған күнімнің құрметі үшін болса да, сіздің кабақ шытып, қайғырмауыңызға болмас па екен? Көңілді отырғаныңыз сізге тым жарасады.

— Әрдайым көңілді бола беруге бола ма? Ұдайы күле беретін адам сүйкімсіз болады.

— Федосовтың кеткеніне мен бекер қуанған екенмін. Бәрі-бір біз үшеу екенбіз,— деді Женя күтпеген жерден. Оның сөзсіз сұрағына Женя былай деп жауап қайырды: — Ол кісі — сіздің қасыңызда ғой. Дұрыс па?

— Я, ол — менің қасымда. Дұрыс.

— Адам жоқ, бірақ өзі бар болуы мүмкін дегенді ешуақытта ойламаған едім. Сіздің Зинаңызды сүйгендігіңіз тәрізді, мені неге ешкім сүймейді!

— Сізді әлі-ақ сүйер. Ал сіз де біреуді шын сүйетін боласыз.

— Мүмкін, мен қазірдің өзінде біреуді сүйетін шығармын? Оның сөзін сынаған тәрізді, Ковшов оған назарын аудара қарады.

— Жоқ, сіз зор махаббатты өз бойына сақтап жүрген адамға ұқсамайсыз. Сіздің махаббат туралы ұғымыңыз әшейін бір көңіл көтеру тәрізді. Махаббат деген ол мүлдем басқа нәрсе. Ол сізге келеді, сонда ұғатын боласыз.

Оның сөзі Женяның қытығына тиді. Бір-ақ минуттан кейін қыз бұйра шашын сілкіп:

— Менің махаббатымның осындай болғанының өзі жақсы? Басқасының керегі жоқ. Сіз сыяқты немесе Ольга тәрізді өзін-өзі жеп, азап шеккеннің несі жақсы дейсің?

— Теңестірдіңіз! Мен азап шегіп жүргенім жоқ, сағынып

жүрмін. Менің махаббатым маған күш береді. Ал Ольганың сүйсі — бақытсыздық, бұдан ол тез құтылуы керек.

— Қандай шым-шытырық десекізіші! — деді Женя наразы тұрмын. — Бұл туралы әңгіме етіп, көңілді бұзбағанын өзі жақсы.

Алексей күліп жіберді де, достық ниетпен қыздың қолынан ұстады: қыйын мен ауыр нәрсенің бәрінен де бала тәрізді аздақ болымысы келген оның осы тілегі Алексейдің мейірін түсіріп жіберді.

— Сіз неге күлесіз? — деді оның жақсы кейіпке түскеніне қуанған Женя.

— Жай. Сізге қарап қойып, ойланып тұрмын... Өзімнің қандай болғанымды.

— Жас кезіңде қандай болғаныңызды ма? — деп сықақтай сұрады Женя.

— Я, жас кезімде... Айтпалық, бұдан жарты жыл бұрын.

— Сіз қандай болған екенсіз? Сол қызық. Бәлкім, ана бір Алеша деген жас жігіт маған көбірек ұнаған болар еді. Сол, бәлкім...

— Тұра тұрмыңыз Женя, — деп Ковшов оны тоқтатты.

Женяға мұны не үшін айтқанын ол өзі де білмей қалды.

Алексей өзінің бойында бірдежелер болып жатқанын елегізіп тыңдағандай болды. Ол әңгімесін өзінің госпитальдан үйге қалай қайтқанынан бастады. Бәрі бұрынғысындай екен: кішкене көше де мұғайсыз, кір пәтерлері бар қызыл үй де, ата-аналары да, заттары да, орын-орнында екен. Бірақ Алексей үйге келгеннен кейін өзінің бұрынғыдай емес, өзгеріп кеткенін түсінді. Оның бұрынғы дегенінің өзіне тек-үш-ақ ай өтті, ол бұрынғысы қазір оған содан бері талай заман өткендей және ол бір бейғам балалақ шақ сияқты болып есіне түсті...

— Мен қазір сізге қараймын да, сіздің ойын-күлкіге, сауыққа, биге соңшалық беріліп кететініңіз маған да әсер етеді. Менің де осындай болғанымды өзім білемін. Бірақ мен енді ондай бола алмаймын, тіпті маған ондай болам деп ойлаудың өзі өте ағат нәрсе сияқты...

— Алеша, сонымен Зина қайда? — деп сұрады Женя. — Сіз ол туралы ешнәрсе айтпайсыз ғой.

— Туыстарыма бармай тұрып, алдымен соған жүгіріп бардым. Неге екені белгісіз, мен оны кездестіре алмаймын ғой деп қорқушы едім. Ұшырата алмадым да... Мені қан-сөлсіз күйде алып шыққан жерде — майданда екен. Ол әрі батыл, әрі өз дегенін істейтін адам... Мен әскерге кеткен соң, бір жұмадан кейін, Зина да майданға баруды сұраған, оны майданға жіберіпті.

Алексей әңгімесін айта берді... Олардың бірге тұрып, бірнеше күн бақытты өмір сүрген кішкентай бөлмелеріндегі бар

нәрсе де Зинаны еске түсіреді! Зина бұрышына соқтығып қалып ашуланғанынан жұдырығымен қойып қалған шкаф міне тұр. Бұлар бірге отырып дауыстап оқыйтын кітап сол ашулы күйінде жатыр. Чертеж жасайтын столға бір табак ватман қағазы керулі тұр. Зинаға оны сызуга келмеген, соғыс бөгет жасаған, — қағаздың бетін түрліше суреттер салып шыймайлапты. Айқын жасалған картинадай-ақ Алексей кеш бойы осы қағазға қараумен болды. Сызықтар, клетка мен танбалар Алексейдің өзі үшін ғана түсінікті терең мәнде толтырылып жазылған еді. Оң жақтағы жоғарғы бұрышта карандашпен жазылған шұбаланқы жазуды Алексей әрең дегенде оқыды, мұны майданға жүрер алдында өзі жазған болатын-ды:

Қағылды дабыл, керілді желкен,
Шақырды қолым самсаған.
Қалқанмен яки қалқанда
Оралармын мен саған...

Одан төмен — Зинаның қолымен — күйгелектікпен жазған сөздер: «Қалқанмен, сүйікті Алеша, қалқанмен! Естемісің, менің саған қалай айғайлап тұрғанымды?!» Одан төменірек: «Алеша, менің сүйіктім, міне мен сені шығарып салып, жалғыз өзім қалдым. Бұл сондай бір ақыл жетпейтін нәрсе екен! Айрылысудан қыйын, одан қасіретті ешнәрсе болмас. Сүйгеніңнен айрылысу — бұл нағыз мейрімсіз әділетсіздік...»

Ол көшеге жүгіріп шыққан кезде; осы арада екеуі қол ұстасып келе жатқанда қарсы келген бір әйел көңілі босап, бұлар бүкіл өмірін дәл осы сыяқты қол ұстасып бақытты өткізулерін тілегені есіне түсті...

Уақ-түйек, тіпті көлденең қараған адамға күлкі тәрізді көрінетін, бірақ оның өзі үшін маңызды әрі мәнді болып саналатын, Зинамен екеуінің бірге тұрған аз өмірі тыным таппай есіне түсе берді... Сол кезде бейнебір сезілмегендей зыр етіп өте шыққан осы өмірдің еске осынша берік сақталып қалуы түсініксіз.

— Мен сізден тағы бірдеңе сұрамақшымын. Мүмкін бе? — деп әшейіндегідей емес, жасқаныңқырап сұрады Женя. — Зинамен қалай танысканыңызды айтыңызшы? Осының барлығы әуелі неден басталды?

— Оның не керегі бар, Женя?

— Алеша, менің сұрағанымның бәрінен бастарта беруге бола ма екен! — деді Женя ренжіп. — Айтып беру деген онша қыйын нәрсе емес қой.

Ковшов көне қоймады. Бірақ өтіп кеткен аяулы күндерін тағы да бір еске алу тілегі оның еркіне қоймастан бойын билеп әкетті.

— Сіз неге үндемейсіз? — деп асықтырды Женя.

— Көңіл күйін бұзбау үшін, оны қозғамағанның өзі жөн деп өзіңіз айттыңыз ғой.

— Мейлі бұзыла берсін. Менің көңілім ұзаққа жабырмайды.— Ол Алексейдің қолына ақырын қолын тигізді.— Сіздердің қалай танысқаныңызды білу, маған өте қажет, айтыңызшы.

— Оңтүстік құрылысында үш жыл істегеннен кейін, мен Москваға, үйге қайтып келдім. Маған ұзақ уақытқа демалыс берді, оны ойдағыдай өткізбек болып: Москвада болуға, әкемнің туған жеріне баруға, Беридзе шақырған Грузияға барып қайтуға ойландым. Москвада өзімнің ескі достарымды тез тауып алып, олармен уақытты көңілді өткізіп жүрдік.

Көп ұзамай әкей мен шешей менің үйленуім жайында әңгіме қозғады.

«Сен енді адам болдың, жалғыз жүргенің жетер,— деді әкем.— Әйел таңдап алу керек. Осында, біздің көзімізше үйленгенің жөн. Тағы ұзақ уақытқа кетерсін де, бір қолайсыз адамға тап болып, бүкіл өмірің өксіп өте ме деп қорқамын».

Мен бірдеме деп қалжыңға айналдырып едім, әкем менің сөзімді бөліп:

«Сенің қазіргі қалжыңың орынсыз. Бұл елеулі мәселе, өмірде бұдан елеулі ештеңе жоқ. Сондықтан ақылмен жауап бер».

Мен шындап жауап бердім.

«Әйелді топыр ішінен іздеп, аяқ астынан үйлене қоюды тілемеймін. Көрмесем тұра алмайтын адамға кездесем ғана үйленем».

«Байқа, басың бар, бала емессің,— деді әкем.— Бірақ өзіңе тым қыйын жұмбақ беріп жүрме: сұр бойдақ болып қаларсың немесе бейбастық өмірге әдеттеніп кетіп жүрерсін».

«Әне сенің жолдасың Сережа Каплин үйленді, жақсы тұрады, өзінің Тосясымен ойда жоқта, сырғанақта жүріп танысқан дей ме қалай,— деп қостады шешем.— Мен де, әкең де Зинаға назар аударуыңа өте-мөте кеңес береміз, жақсы қыз, сымбатты әрі ақылды, жуықта инженер болып шығады. Одан асқан қалыңдық табылмас. Оның бала кездегісін сен ұмытпаған болуың керек. Бүгін сені қайтадан таныстыруыма болады».

Мен күлдім де, ата-анам күні бұрын іздестіріп тапқан қалыңдықпен танысудан үзілді-кесілді бастарттым. Мұндай күні бұрын кесіп-пішіп қойғандық маған өте ағат тәрізді көрінді.

Солай бола тұрса да біз таныстық, ал мұнда басты рольді ата-анам емес, Сережа Каплин мен оның келіншегі атқарды. Мен оларға жиі барып жүрдім, екі адамнан құралған бұл жаңа семьяның, студенттерше тұратын әрі думанды, әрі көңілді өмірі маған қатты ұнайтын. Бір рет осыларға келе жатқанымда басқышта бір қызға кездестім. Ол ойламаған жерде тоқтады да, біртүрлі қадала бетіме қарады. Таңырқағанымнан мен де тоқтай қалдым: соншалық батылдықпен қараған мөлдіреген көк көзінің әлпеті мені таң қалдырды.

«Қайтып келіп те қалған екенсіз ғой!» — деді шаттанып, сонсоң еркін басып төмен қарай жып-жылдам түсіп кетті.

Мен оның соңынан қарап қалдым — иығына түсіп тұрған сары шашына, қарадүрсін жазғы көйлек киген кішкене бойына қарап тұрып, қасымнан өте шыққан бұл қыз осы күйі мәңгі көрінбей кетеді ғой деп қатты өкіндім. Жоқ, бұлай болуға тиісті емес дедім.

«Сіз мені басқа біреу деп қалдыңыз ба?» Тоқтаңызшы! — деп айқайладым.

Ол жымыйып күліп маған қарады, бұдан оның беті бұрынғысынан бетер шырайлана түскен.

«Жоқ таныдым. Сіз мені танымадыңыз ба?»

«Мен сізді бірінші рет көріп тұрмын, тіпті білмеймін сізді».

«Ұмытсаңыз амал нешік, — деді де ол қабағын шытты. — «Мен сізді ұмытқам жоқ, жақсы білемін».

Сережаның үйіне кірісімен осы қыз туралы сұрадым.

«Қызық кездесу екен, — деп күлді Сережа. — Сен бұл қызды бала күнінде шашынан тартып «Зинка-корзинка» — деп ызаландырушы едің ғой. Ол сені «Лешка — дрянъ мальчишка» («Лешка — жаман бала») — дейтін. Бұл сүйкімді қыз бізден бір этаж төменгі үйде тұрады. Егер тілесен, Тося сені онымен таныстырсын. Бұл екеуі жақсы дос, терезеден бастарын шығарып тұрып күніне жүз рет сөйлеседі, үйге жылу кіретін трубаны тарсылдатып, бір үйден екінші үйге жүгірісіп жүргені».

«Оны осында қазір-ақ алып келейін, — деді Тося. — Егер сіздер таныссаңыз әбден тамаша болар еді. Менімше, сіздер біріңізге біріңіз ұнауға тиіссіздер».

Бұл Зина әке-шешейдің айттырмақ болған қалыңдығы екенін түсініп: «Жоқ, керегі жоқ», — деп бастарттым.

... Женя күрсініп қойды. Ол Алексейдің әрбір сөзін жібермей, құмарта тындады.

— Бәлкім, осы жетер? — деп сұрады Алексей.

— Айта беріңіз, — деді Женя шыдамсызданып.

... Болмашы бір сылтаудың арқасында Алексей мен Зина тағы кездеседі. Бір күні Сережа келіншегінің мемлекеттік емтихан беруімен байланысты, үй ішінің мерекесіне Алексейді қонаққа шақыруға келді. Басқышпен көтеріліп келе жатып таныстар Зинаның квартирінің қасына бөгелді, бұларды тоқтатқан: Біз үйде жоқбыз. Мамам сағат онда қайтады. Мен — қашан келерімді білмеймін» — деп есікке қыстырып қойған записка болды. Алексей қалжындап, көк қарандашпен: «Қандай өкініш» — деп үстіне жазып кетті.

Кешкі асты ішіп болуға таянып келген кезде трубадан қатты тарсыл естілді. Тося терезеден басын шығарып еді, төменнен Зинаның: «Біздің есікке көк қарандашпен жазып кеткен кім? Сенің қонақтарыңның біреуі емес пе?» — деп сұраған

даусы естілді.— «Тегі, Сережа болар, ол тентек кой деп ұйғарды Тося.— Қалай, жаман жазу ма?»

«Жок, тек жазуы онша сауатты емес. Менің білейін дегенім: оны жазудың кімге қажеті болғаны еді?».

Достар келді де, Алексей терезеге жақын барды: «Мұны жазған мен деңіз. Ғафу өтінемін». — «Алеша жазған екен, — деп Тося төменге хабарлады. — Міне өзі, қарашы өзіне».

Тося Алексейдің қолынан тартты, ол Тосямен қатарласа тұрып, терезеден түскен жарық пен айдың сәулесіне бөленген Зинаның жоғарыға қараған бетіне еңкейіп қарады.

«Ол неге дамылсыз күле береді? Мас па? — деп сұрады Зина. — Күлкісі қандай тамаша еді».

«Сіздің бетіңіз қызык. Тегі, менің сізге жоғарыдан төмен қарап тұрғандығымнан болар» — деп түсіндірді Алексей.

«Тек бойының ұзындығымен немесе төртінші этажда тұрғанымен пайдаланып жұртқа басынан-аяғына дейін қараудың қажеті жок, деп айтшы, Тося оған, — деді ол тағы да: тіпті танымайтын қыздың үйінің есігіне мағнасыз сөз жазып кетуі де қолайсыз екенін айт».

«Алеша, жұртқа басынан-аяғына дейін қарау, есікке жазып кету қолайсыз нәрсе», — деді Тося күліп.

Сережа бұлардың екеуін де бөлмеге қарай тартып түсірді. Тося Алексейге қарады да, оның тілегін сезіп, жүгіріп барып Зинаны ертіп келді. Оған айып бокалын ішесін деп жабысты, Зинаның ішуге батылы бармай, түшіркеніп қарады. Алексей көмектеспек болып бокалды кішкене рюмкаға айырбастауға ұсынды. Зина қайсарлана қабағын серпе тастап, бокалдағы шарапты бір-ақ көтеріп салды. Алексей оған тағам ұсынып еді: «Сіз менің нені жақтыратынымды білмейсіз — қалайша сыйламақ боласыз?» — деп алмады. Барлық жердегідей мұнда да билеу басталды. Алексей Зинаны шақырып еді, ол бастартты: «Мен тек өзіме ұнаған адаммен ғана билеймін».

Кейінірек, бұлар ортада қатар отырып қалған кезде, Зина одан: «Сіздің менімен бірге өте билегіңіз келе ме?» — деп сұрады. Бұл кезде Алексей де өшін қайтарғандай бастартты: «Тіпті билегім келмейді. Мен сізді сыпайылық үшін шақырып едім. Мен де өзіме ұнаған адаммен ғана билеймін», — деді.

Қыз өкпелеп, кетіп қалды. Таныстықтың алғашқы сағатынан бастап, бұлардың арасындағы бірін-бірі ұнатушылықты үдете түсетін лирикалық тартыс басталды.

Балалық шақтағы ойындарды еске алысты. Алексейдің көзін орамалмен байлап: «Кімді сүйесің, ізде» — деп шыр көбелек айналдыра бастады. Махаббат бойын билеп алған адам тәрізденіп екі қолымен қарманып Алексей бөлмеде адымдай басып жүр. Жан-жақ сыбыр-күбір, күлкі. Ақыры ол қыздардың біреуін ұстады. Алексейдің бетіне тиген шаштан иіс судың иісі

бұрқырайды. Ол мұның Зина екенін білді. Алайда, көзінен байлауды жұлып алып: жаңылыс. Ұстағым келген адамды емес, басқаны ұстаппын» — деп өкінгендік пішін білдірді Алексей.

«Сіз мені әлдекалай ұстадыңыз ба? — деді Зина қызараңдап. — Мені Сережа итеріп жіберді. Шынында, жатқан бір кәтелесу».

Алексей балалық қызық шақты әдетте еске түсіретіндердің салтынша жабырқанқы әрі жылы сөзбен айтып отыр. Женя оны көз аудармастан отырып тыңдады. Туфлин шешіп тастап, тахтаға шығып отырды.

... Зина кенегтен ғайып болды. Алексей көңілсіз болып кетті, оны көргісі келді. Бұлар Тося екеуі төменге түсті, есіктің қонырауын шылдырлатып, Зинаның шешесін оятты. Қыз үйде жоқ болып шықты. Тося айнаның қасында бой түзеп тұрғанда, Алексей Зинаның бөлмесін әуестене карап өтті. Шкафта кітаптар тұр, көпшілігі байланыс және радио техникасы жайындағы кітаптар. Столдың үстінде студент дәптерлері мен жобаның эскиздері шашылып жатыр. Үйдің ішінен өзіне таныс иіс судың иісі шығып тұр. Тосяға осы иіс судан Алексейге бұркейн деген қыял келді де, күтпеген жерден оның басына шынының жартысына жуығын құйып жіберді.

Зинаны күтіп отыра алмады. Тося үйіне қайтты да, Алексей көшеге шықты.

Ол Москвада серуендеуді әрдайым жақсы көретін. Алексей Горький көшесімен келе жатыр, көшенің жарықтығына, адамның көптігіне, жалтырап жатқан асфальтына сүйсінеді. Неге екені белгісіз, қалай да Зинаны кездестіремін деген онда сенім болатын. Ол Зинаны көрді де: үстіне беті мен шашын күңгірттендіріп тұрған қоңыр көйлек киіп, Зина көшенің екінші жағында кетіп бара жатыр. Алексей көшенің екінші жағына жүгіріп өтті де, тротуарда күтіп тұрды. Ол Алексейді көріп танданған да, күлген де жоқ. Бір ауыз сөз де қатпады. Жай қасынан өте шықты...

— Алеша, — деп Женя оның сөзін бөліп жіберді. Тоназығаннан ол иығын бүрістірді. — Егер қыйынсынбасаныз, менің шәтімді әкеліп беріңізші, ол ана бөлмеде, менің тұрғым келмей отыр.

Женя жалғыз қалғанда, Алексейдің әңгімесінің қай жері оның намысына тигенін ойлауға тырысты. Әйтпесе ол Алексейдің әңгімесін неге бұзып жіберді?

Федосов картаны тастап Женяның шәлісін іздеуге Алексеймен кетті.

— Преферанс, шарап, аздап әйелге қырындау, одан басқа да толып жатқан махаббат ишаралары — міне қалай көңіл көтеріп жатырмыз. Бұл уақыт өткізудің ескіден келе жатқан

түрі. Жаңаларын ойлап шығару қолымыздан келмейді. Карта ойнап отырып маған: «Сен осындай күнде де преферанс ойнап отырсын» — деген ой келді.— Алексей Николаевич, мен не ойлап тұрмын, білесіз бе? Біздің тұрмысымыз, турасын айтқанда, өміріміздің нағыз кертартпа жағы тәрізді. Жұмысты жаңаша істейміз, меншікке жана көзқарас тәрбиеленіп шықты, міндетінді сезу жағы да жаңаша. Ал, тұрмысымыз көбінесе баяғыша...

— Сіздің жасыңыз нешеде, отағасы? — деп сұрады Алексей.

— Отыз төртте. Ол неге?

— Семьялы болуға уақыт жеткен екен. Жаксы семьяңыз — әйеліңіз, балаларыңыз болған күнде үй тұрмысының кертартпа жағы деген пікірлер ойыңызға да кірмейді. Шарап пен баска құмарлық дегенді де тілемейтін боласыз.

— Әрине, сіз мұны байсалды семьялық тәжрибеңізге сүйеніп айтасыз ғой,— деп кекете сөйледі де, Федосов ізінше мойындап, жабырқанқы түрмен: — Сүйікті досым, дәл үстінен түстіңіз. Амал нешік, біздің арамызда мынадай философиясымак нақылдар өріс алып жүр: «Жас шағында сайрандап қал, әйтпесе жылдар өтеді, есіңе түсірерлік те ешнәрсең болмайды...». Мен біраз сайрандадым, қашан да болсын әйелдерден де кенде болып көргенім жоқ. Ал еске түсірер ешнәрсем жоқ. Сайып келгенде, бірді көпке айырбастап жібергенмін...

— Үйленіңіз. Немене философияға салынасыз?

— Үйленем бе деп Женяны айналдырып жүр едім, сіз бөгет жасадыңыз! — деп күлді Федосов.

Алексей қайтып келіп, Женяның иығына шәлін жапты. Женяның қайғырған бетіне көзі түсті. Жылап алғаннан сау ма өзі? Алексей қызға сынап қарады. Әлде, Федософтың қалжыңында да бір шындық бар шығар?

— Сізге не болған, Женя? — деп ақырын ғана сұрады ол.

— Азырақ көңілсіздеу. Неге екенін өзім де білмеймін. Соғысқа дейінгі өмірді сағындым ба, болмаса бүгін менің көңілім босап отырғандығынан ба, неден екенін білмеймін.

— Жарайды, енді бұдан былай бұрынғыларды еске түсіруді тоқтаталық. Мен үйге кайтсақ деймін.

— Жоқ, айта беріңіз. Менің ақырына дейін тындағым келеді.

— Бұл уақыттың ақыры жоқ қой.

— Айта беріңіз! — деп өжет әрі жалына сұрады қыз.

— Жарайды,— деді Ковшов.

— ... Әке-шешем, інім Митенька мен үйге қайтып келгенде, әлі ұйқтаған жоқ екен. Барлық семьямызбен шай ішуге отырдық. Менің ештеңе сөйлегім келмеді. Митенька да ойланып отыр. Әкем қалжындап:

«Ұлдардың жайы болмай отыр.— Ренжулі. Бұларды кім бүйтіп ренжітуі мүмкін. Шынымен бойжеткендер ме екен?»

Біздің Москвадағы квартиріміз бірінші этажда. Мен шешініп, біртүрлі үн-түн жоқ отырдым. Митенька кітабын алып диванға жатты. Кенет біреу терезені какты. Біз ініміз екеуміз бірімізге біріміз карадық. Әкем біздің жаңағы көз алысканымызды байқап қалып, терезеге барып пердесін түріп карады: «Маған мұншама кеш келіп ешкім терезе какпайды. Алексейге де солай — ол байсалды жігіт, оған түн ортасында келіп тарсылдатып тұруға жол бермейді. Митенька ғана қалды — біреуге түн ортасында керек болып қалған сол болар, Сандалбай ұлым, жедеғабыл бозбала...»

Кәрия терезеден ештеңе көре алмай, далаға шықпақшы болды. Інімді күтқарып алмақ болып:

«Митенька далаға шығып қарашы. Мүмкін жолдастарымның біреуі маған келген болар», — дедім.

Ол далаға жүгіріп шықты да, қайтып кіріп:

«Шынында да, Алеша, далада саған бір жолдас келіп тұр... — Ол маған қарай таянып, сыбырмен: — Киін. Даладағы келіп тұрған жолдас ер емес, әйел жолдас» — деді.

Көшеде есік алдында Зина тұр екен.

«Сіз ұйқтап жатыр ма едіңіз, Алеша? Біздің танысу кешіміздің мұндай нашар аяқталғанына мен шыдай алмадым. Сіз мені кешірерсіз. Жоқ, сіз мені ұзатып салмаңыз, керегі жоқ! Естисіз бе, керегі жоқ! — Ол шапшаң жүріп аулағырақ барды да, бір секундтей тоқтады: — Расын айтшы, Алеша, сізге де көңілсіз болды ғой, солай емес пе?»

«Өте көңілсіз, өте!» — деп қыздың батылдығы мен мінезінің туралығына таңданғанымнан мойынға алдым...

Алексей өзінің махаббатының қалай өршігенін айта берді. Иіс судың таусылмас иісі түнде түсінде Зинанын бейнесін бір-се сыпайы, біресе паң етіп көрсетті. Ол бейнебір тастай қараңғыда жүріп Зинаны іздейді екен. Алексей керегі жоқ адамдарға кездесіп, олар мұны келекелеген, сөйтіп ол адамның өміріне ауа мен күндей керек бірден-бір адамды тауып алуға болмайды екен де, өзіне керексіз адамдардың арасында сендей соғылысып өмір бойы жүре беру ықтимал екен деп ойлады...

Еске түсіру Алексейдің бойын билеп, ол Женя туралы ұмытып кетті. Әңгімесін токтатып, басын төмен салып отыр. Осының бәрі шынымен-ақ осы таяуда болды ма екен?

Женя Алексейге карады, ол соншалықты жабырқау және қайғылы еді. Сонсоң кенет атып тұрды да, жамылған шәлісін жерге сүйрете жылаған бойы есіктен шыға жөнелді...

Анырып тұрып қалған Алексей оның сонынан жүгіре шықты, бүкіл үйдің ішінен іздеп таба алмады. Ол көшеге шықты. Айдың жарығы күндізгідей екен. Көк күмбезі самсаған сансыз

жұлдыздың жылтылымен ақшыл-көк тартып, теңбілі кошкылдана түскен. Күмбездің жиегі қызғылт тартқан сәуленің сызығына барып тұтасқан. Қар жылт-жылт етеді.

Алексей жан-жағына карап, Женяны көрді. Ол бір кескен ағаштың түбірінде отыр, ақ қардан бейнесі қарайып көрінеді. Алексей жанына келді.

— Сізге не болды? Неге кашып кеттіңіз?

— Ешнәрсе де болған жоқ, Алеша, мазаңыз кетпей-ақ қойсын,— деді салмақпен, тұрып, үстінің қарын қағып жатып.

Есік алдында бұларды Федосов қарсы алды.

— Мен сіздерді коштаспай-ақ кетіп қалған екен деп ойлап едім. Менің Стартқа барғым келіп тұр, Татьяна Васильченконың адамдары қалай қамданғандығын ақырғы рет тағы бір тексергім келді. Бірге барайық, оларды шығарып салу да керек қой.

Он минуттан соң бұлар тапталған тайғақ жолмен Стартқа қарай кетіп бара жатыр еді.

Құрылыс бастығының тізе бүкпегеніне бір тәуліктен асып кеткен болатын. Күндіз ол осында, кабинетінде жатып дем алды. Бірақ қаптаған ойлар көзінің шырымын да алдырмады.

Батманов түнгі сағат екіде үйіне қайтуға жыйналды. Ол өзінің шаршағандығын сезді деуге болмайтын еді. Василий Максимович әруақытта төзімділігімен көзге түсетін, оның үстіне бүгін ол рухани және жұмыс жөніндегі күдіретті өрлеуді жұртпен бірдей басынан кешірді. Тек әйшейін жұмысқа аздаған үзіліс жасау керек еді.

Батманов маңызы зор, ұзақ күнді, үздіксіз жұмыс істеумен өткізді. Стол үстіндегі селектор аппараты бір тыным тапқан жоқ— бастықты маңайдағы бес учаскенің бәрі де шақырды. Қызметкерлер де бірінің сонынан бірі келумен болды, Василий Максимович оларға үсті-үстіне жаңа тапсырма беріп, бұрынғыларының сөзсіз орындалуын каталдықпен талап етті. Жаңадан түскен почтаны үш рет карап өтіп, кейбір бөлім бастығына арнаулы тапсырмалар беріп, хат пен телеграммаларды өзі машинкаға айтып бастырды. Әдеттегіше диспетчерлік мәжіліс өткізді. Стартта екі рет болды: құрылысқа келген жаңа адамдармен танысты. Силинді сапарға шығарып салды, Тая Васильченконың адамдарымен әңгімелесті, учаскелерге үздіксіз жіберіп жатқан жүктерді байқады. Берілземен бірге барып тәжірибе жасау үшін суық жағдайда трубаларды пісіріп жатқанын көрді. Кешке қарай қалалаң он шақырым жердегі Нампиге кетті. Бастық ол арада Адунның мұзы үстінде жыйналған бірінші учаске құрылысшыларының митингісінде жүк тасыйтын машинаның үстінде тұрып сөз сөйледі.

Құрылыс үшін бұл күн босқа өткен жоқ. Мұны Батманов көзімен көріп, көңілімен сезді, бұл туралы жазба мәлімдемелер де дәлелдеп жатты. Кешке таман мұндай қағаздар бір топ болып үйіліп қалды. Тайганың ішінде кесілген ағаштар мен орман ішінен салынған өткелдер, омбы қарды аршып жасалған бірнеше километр жолдар, жаңадан салынған жүздеген кубометр адам тұратын пәтер үйлер — осының барлығы да Сталиннің сөзінен кейін жұмысқа шыққан құрылысшылардың ынта-жігерінің іске айналған дәлелі сыяқты еді. Алыс учаскелермен әлі дұрыс байланыс жасала қойылмаған болатын, бірақ олардан да хабар келіп жатыр. Тоғызыншы учаскедегі Панков сол күні сол жақ жағаға көшіп келіп орналасқаны жайында орағытылған жолмен радиogramма жіберіпті. Рогов Гончаруктің құрылыс колоннасы туралы, қай жолмен алғаны белгісіз, жаналықты біліп қойыпты. Сталиннің бірінші сөзін олар алтыншы учаскеден естіп, қуанғандықтарынан күні бойы склад құрылысында жұмыс істеген.

Жетінші ноябрьде Батмановтың тек бір тілегі орындалмай қалды, — еліміздің ең үлкен мейрамын ол өз үйінде мерекелеп өткізе алмады. Ол Залкинді әйелімен, Беридзені және кейбір жолдастарын өз үйіне қонаққа шақырам деп ойлаған еді. Үй қызметшісі Евдокия Семеновнаға телефон соғып, он-он екі адамға кешкі тамақ дайындап қоюды тапсырды. Үйіліп жатқан почтаның арасынан Москвадан келген хатты көргенде, барлығы есінен шығып кетті. Неге өкені мәлімсіз, Василий Максимович көк конверттің ішінде үйінен келген хабар бар деп ойлады. Ақыры солай болып та шықты.

Әйелі мен ұлын іздеп табуға жәрдемдесіп жүрген достарының бірі, Анна Ивановнаны Кавказдағы Абас Туманда көргендігін жазыпты. Анна Ивановна Қырымнан өзімен бірге ауру баласын да алып шыға алған. Ол баланы өкпе аурулары санаторийіне орналастырыпты. Бірақ бомбалау астынан алып жүргендегі азаптар мен көрген мұқтаждық Қостяны әбден әтсіретіп тастапты. Дәрі-дәрмек, күтім науқасқа дауа болмайды, бала қайтыс болады.

«Бұл оқыйға Октябрьдің онында болған. Анна Ивановна ұлының қайтыс болғанын айтып саған хат жазуға шамасы жоқ өкенін айтты. Ол әзірше менің де ештеме демей тұра тұруыма менен уәде алған еді. Бірақ мұны сенен жасыруға қажым жоқ қой. Сен қайратты адамсың, қайғыны майыспай көтерерсің. Саған естіртпегеніміз жөн емес, жасырып қою шынды айтуға қарағанда жаманырақ деп мен Аннаға да айттым. Саған оның өзі де жазуға тиіс, біраз есін жыйнауға мүмкіндік бер. Қайғы оны есінен тандырған. Ол сенің алдында өзін айыптымын деп есептеп қойыпты, сен баяғы оған ұлыңды сеніп тапсырыпсың да, ол оны сақтап қала алмапты. Өз халі жаман емес: үшінші

рангілі әскери дәрігер, госпитальда және өкпе ауруы санаторийінде қызмет істейді, барлығына да үлгіреді. Бастықтары өзін өте мақтайды. Қазір оның саған баруға мүмкіндігі жоқ және қыйын да болар деп ойлаймын, бұл жайында оған ешнәрсе айтпадым, одан хат күтпей-ақ, сен өзін хат жазуың керек қой деймін. Міне, достым, менің сыбағама саған қайғылы хабар айтып хат жазу тиіп отыр. Амалың қанша, не істерсің! Соғыс деген — жұрттың бірін қалдырмай қалай да шарпып өтеді екен. Сен үшін менің не істеуім керек, хат жаз немесе телеграмма бер...»

Хатты оқыған кезде Батмановтың қасында Гречкин отыр еді. Хаттың құрылыс бастығын ренжіткенін ол байқап қалды, бірақ Василий Максимович өзегін өртеген қайғы тасқынын одан әрі байқатпай баса білді. Жоспаршы баяндамасымен тым шұғылданбай назарын аудара қараған болса, ол Батмановтың қайғысын тоқтатуға қаншалық күш жұмсап отырғанын көрген болар еді. Беті тастай сазарып, қолдарымен креслоның арқасын ұстағанда, саусақтарынан қан шыпшып қоя беретіндей болып буынып кеткен. Гречкин шығыш кетті. Батмановтың жеудесінен сол кезде ғана шерлі дыбыс шықты. Кабинет есігін біреу қаққандай болды... Батманов киімін жылдам киіп, Филимонов пен Федосовтың алдынан қарсы шықты, бұлармен кейінірек сөйлесуге уәде беріп, өзі бірінші учаскеге жүріп кетті. Соғыста қаза тапқан совет адамдары жайында сөйлеген сөзінде тек жай азаматтың ғана қайғысы емес, әкенің де қайғылы сөзі бар екендігін білмесе де, оның сөзінің ынтызарлығы суық желге тонған құрылысшылардың сай сүйегін сырқыратты. Намниге барғаны өзінің көнілін басуы үшін бұған жақсы болды, ал кешке дейін қызметкерлердің ешқайсысы бастықтың өзгерісін сезген жоқ.

...Баскармада ешкімнің қалмағанына көп болды. Енді керегі жоқ болып адыра қалған үлкен үйіне қайтуға батылы бармай, ол әлі орнында отыр. Осындай қыйын сағатта тек Залкиндпен бірге болғысы келді. Василий Максимович, біраз ойланып отырды, парторгқа телефон соқты:

— Михаил Борисович, жұмысты қоя тұратын мезгіл жеткен болар. Біздікіне барайық, әйелі жоқ біздей үйдің кешкі тамағынан дәм татуыңызды сұраймын.

Залкинд әйеліне жаңа ғана келем деп телефон соққан болатын, сондықтан не онда барудан бастартып немесе Батмановты өз үйіне шақырғысы келді. Батманов мұның өкі ойлы тұрғанын сезе қойып, жалынғандай:

— Кел енді, Михаил,— деді.

Василий Максимовичтың даусында Залкинд қарсылық білдіре алмайтын бір нәрсе бар сыяқты еді. Өз үйіне ол тағы телефон соқты. Полина Яковлевна қатты ренжіді:

— Мен Мираны оятқалы жатыр едім. Мереке дастарқанына

бізбен бірге отыруға менің рұксатымды алған болатын. Тым болмаса екі сағаттан кейін келші, бәрібір тосып отырайын.

Батмановтың үйі қалың қардың ортасында жапа-жалғыз, окшау тұр. Залкиндке осы аңыраған жеке үйдің ішінде үй иесі де жетімсіреген жалғыз баладай болып көрінді.

— Жан-жағына неге қарадың, көңілсіз бе? — деп сұрады Батманов.

— Я, көңілсіз екен, — деді Михаил Борисович.

— Бөлмелерде адам тұрмайтын сыяқты, үй иесі әйелдің жоқтығы көрініп тұр және үйдің сәнін келтіретін керекті ұсақ-түйектер жетіспейді.

— Екеуіңіз-ақ па? — деп Евдокия Семеновна таң қалды. — Мен ендеше асты бір топ қонаққа дайындап едім.

— Оныңыз жақсы болған. Екеуміз де соқтауылдай жігіттеріміз ғой, өзіміз бірдеме қылармыз, — деп қалжыңдады Залкинд.

Ұйқысын аша алмай жүрген үй қызметшісі әйел стол әзірлегенше, бұлар жуынып алды. Василий Максимович гимнастеркасын шешіп, жібектен тігілген тік жаға көйлекті белбеусіз кигенде — «деревнядағы бірінші» десетін ұзын бойлы, жаурыны қақпақтай жігіт бола қалды. Әбден ұқсау үшін қолында баян ғана жоқ болып тұр.. Аяғында ебедейсіз жүндес унтасы¹ бар Залкинд мұның жанында жасөспірім, ересек баладай-ақ болып көрінді.

— Біз екеуміз көптен бері бір дастарқанда отырып бас қосқан жоқпыз ғой, жаңылмасам төрт жыл болған шығар, — деді Батманов. — Бүгін сондай бір жағдай табылып қалды. Достығымыз үшін ішіп алып армансыз бір сырласайықшы. Неге графинаға қауіптеніп қарайсың? Сен арақ ішпейтін сопы немесе ханжа бола қойған жоқ шығарсың деп ойлаймын. Көріп тұрсың ғой, аздап құйдым. Мас та болмаймын, қорықпай-ақ қой. Менің әкем бір дни мейрамда жалғыз өзі бір четверт арақты ішіп алып, аяғын нық басып жүре беретін еді. Менің, әрине, ондай ерлік қолымнан келмейді, алайда есімнен танбай, әжептәуір іше аламын. Әңгімешіл, ашықтау болуым, бәлкім сондықтан да шығар, бірақ қазір солай болуын өзім тілеймін.

— Василий, екеуіміздің достығымызды мен өте қымбат бағалаймын, сол үшін қуана-қуана ішемін, — деп Залкинд рюмкасын көтерді.

Екеуі ұзақ сөйлесіп отырды. Ішімдік бен тамақ әлдеқашан ұмытылты. Енді екеуі де темекіні аямастан бұрқыратып отыр, одан шыққан көк түтін төбелерінде будақтайды, үлкен күл салғыш тұқылға лық толған.

— Сталиннің сөздері бәрімізге де ақыл және қиын қосты. Мұндай күндерде бір қарыс өскендей боласын. Өзінің сөзі

¹ Унта — аяқ киім.

кай мезгілде халыққа аса қажет екенін ол жақсы біледі. Ол:—Біз жеңеміз,—деді және біз жеңіп те шығамыз. Қашанда оның айтқаны келеді. Жер жүзінің екі миллиард халқы біздің күшіміздің қандай екенін сол кезде ойлап көрсін.

Қазір біздің Сталиннің және оның жақын серіктері ғана алға, соғыстан кейінгі уақытқа көз жібере алар. Бірақ біздерге де, қатардағы совет адамдарына да алдағы күн туралы болжап отыру әрдайым орынды. Егер біз, Гитлердің көзін жойғаннан кейін жер жүзінде тыныштық пен бейбітшілік орнай қояды, деп ойлаған болсақ, лениншіл де болмас едік. Жоқ, әлі алдымызда бұдан да зор шиеленіскен күрестер бар. Соның мерзімін, оның қарқынын және түрін көз алдына келтірудің өзі де қызық қой. Сол күрестен бізге қандай үлес тиер екен, большевизмнің келешектегі ұрпақтарына қандай үлестер қалар екен?

Мысалы, сен екеуміз екінші сменаның адамдарына жатамыз. Үшінші сменаның көп миллиондаған жауынгерлері — Ковшов, Таня Васильченко, Терехов, Рогов сыяқты жастар өсіп жетті. Олардың артынан төртінші, бесінші смена қылтылып өсіп шығады. Сталиннің үлгісі бойынша біздер де сол ұрпақты тәрбиелеу үшін өзімізде бар тәуіріміздің бәрін беруге міндеттіміз. Біздің де өлер күніміз, соңғы сағатымыз жетер, тілесен де, тілемесен де барлық ауыртпалықты солардың мойнына арқалататын боламыз. Солардың әрдайым табанлы, қайратты, батыр болуы, коммунизмнің толық жеңіп шығуы жолындағы күреске дайын болуы үшін әзірлеп тәрбиелеу — біздің қасиетті борышымыз!..

Достар ақырындап құрылыс жайына күшті. Құрылыста олар аға жетекшілер, адамдар үшін және олардың енбектері үшін ең жоғарғы жауаптылық осыларға жүктеледі. Бұлар қиындықты қалай жеңу әдісі, шаруашылық және партия басшылығы әдісі туралы, адамдар туралы әңгіме етіп отырды...

— Сен адамды қатты бағалайсың, әрқайсысы үшін дірілдеп тұрасың, оның жақсы,— деді Батманов.— Бірақ солардың кейбіреулеріне тым жұмсақ кетіп жүрген жоқсың ба? Сен соғыста қаза тапқандарды есіне қатты аласың да, тірі адамдарға деген қамқорлығыңды бұрынғыдан да үдете түсесің, оны жақсы білемін. Қолынан іс келмейтін немесе бір қамсыз орташа қызметкерлер болады ғой, осылар да бәрібір совет адамы, міне осыған да көмек беріп, тәрбиелеп, жеткізу керек, бұл да дұрыс. Бірақ сенің дәл осының сол адамдардың кемшіліне ымыраласу сыяқты зиянды іс болып шықпай ма? Өзіңнің осы аяғыштығыңмен кейбіреулерді бұзып алып жүрмейсің бе?

— Мысал келтір, Василий! — деп талап етті Залкинд.— Әйтпесе, біз бірімізді біріміз түсінбейміз және келісе де алмаймыз...

— Мысал керек пе? Ефимов. Сен оны аяйсың, оның тағдырына жауапты екенінді сезесің, ал бұл дұрыс болып шықпайды. Сені сыйлағандығымнан үшінші учаскенің жұмысына мен әзірше кіріспей жүрмін. Мейлі, осы учаске сенің қамқорлығыңда-ақ болсын.

— Саған мұның несі теріс болып көрінеді?

— Адам басшы деген ағаққа ие болып, және басшы болу үшін, оған право алуы керек. Ефимов сондай басшы ма? Қарамағында жүздеген адам бар, оларды басқара алмай, не істерін білмей дағдарып отыр. Оларға бұл бөгет жасайды, өйткені жұмыстары қыйын, сондықтан күшті бастыққа мұқтаж.

— Участке көп кешікпей тәртіпке салынады.

— Білемін, оған сенің күшің жетеді. Басқармаға ең жақын деген учаскенің көпке дейін олқылықта отыруының өзі де мүмкін емес қой. Ол араға тәртіп тек Ефимов сонда болғандықтан емес, оның болу-болмауына карамастан орнатылады. Егер Ефимов сол жерде қалатын болса, учаскедегі жағдай қандай болатынын, мен бүгінгі учаскемен сөйлескенімнен-ақ көріп отырмын.

— Қандай жағдай болмақ?

— Партия ұйымының секретары Темкин учаске бастығының біржола өзіне айналмақ. Ол сенің көмегіңді сезіп, басшылықты бүгін өз қолына алды. Ал сенің аяғаныңнан не мағна шықпақ, соны айтшы? Участке жөнделер, сонда Ефимов өзін өзі батырмын деп санар да жердің шарын өзім айналдырып отыр екенмін деп, кеудесін қағар. Солай болған күнде де одан жақсылыққа қарай ешқандай өзгеріс тұмайды, ол тек бастық деген атаққа ие болып қана отырады. Нашарлығы бойынан арылмаған қалпы қала береді, сонсон жанадан бір сынға түскенде-ақ білінер. Біздің құрылыс бітіп, оны бұдан да қыйын басқа бір жерге жұмысқа жібереді делік. Егер қасында сен болмасаң, сорлы сонда не істемек? Сонда ол байғұстың жүгін арқалауға кім келісім беріп, оны аяйтын кім болар екен?

— Сен оны жұмыстан ал дейсің бе?

— Оған тұрмыста басқа орын табуды ұсынамын. Біз Рогов пен Ковшовка, тағы басқаларына өз орнында болуға көмектестік қой. Ефимовқа да көмектесейік. Сен оны заводта жақсы істеді деп едің ғой. Заводқа жіберейік. Немесе күшті, ақыллы бастығы бар, ұйымшыл коллективі бар басқа учаскеге жіберейік. Алғашқы кезде тым болмаса сол Панковтың карамағына болса да жібере тұрайық.

— Жарайды, Василий, — мұны ойланып көрейін, — деді Залкинд. — Менің ойыма Ефимовты Тереховтың заводына жіберсе деген бір қыял келіп қалды. Бірақ Ефимов учаске бастығы болып қызмет атқара алмайтындығына өзімнің көзім жетуі керек. Маған біраз уақыт бер, тексеріп анығына жетейін...

— Тіпті жақсы. Егер сенікі дұрыс болып шықса, мен қатты қуанар едім.

Таусылған тұқылынан тұтатып Батманов жаңа папирост тартты. Залкинд қатты орындыктан жұмсақ тахтаға барып отырды. Қанша дегенмен ұзақ сарылып отырудың зардабы біліне бастаған еді.

— Достым, Василий, жаңағының кегін алған тәрізді, енді менің саған қарсы дауым болады,— деді Залкинд.— Жұртпен сөйлескенде сен тікесінен тым қатты кетіп, жапырып жіберіп жүрген жоқсың ба? Жұмсағырақ, сыпайырақ болу жөн емес пе? Бөлім бастықтарына, аппаратқа кейде сенің қатаң талап қойып, қатал болғаныңа жақсы түсінемін. Ал сен қатардағы жай құрылысшыға, жұмысшыларға осылай болсаң, онда маскара болғаны. Қазірде сен басқармада отырып, олармен әлі аз кездесіп жүрсін. Көп ұзамай сен олардың арасында ұзақ уақыт болып, бірге жүріп жұмыс істеуге тура келеді... Солардың көкейіндегісін тауып сөйлесе алар ма екенсің?

— Көрерміз. Ешқандай дәлелің болмай тұрып, күні бұрын қорытынды шығарып отырсың.

— Мүмкін, әзірше дәл солай деп айта алмаймын. Біздің бөлім бастықтарымыз — олар да адам ғой. Штабымыздың тәртібін түзедің, жаңадан қайта құрдың, адамдарды тиісті орындарына қойдың,— осының бәрін мен көрмей жүр деп ойлама. Аздап та болса, ақ пейілді болуға тырыссайшы. Кейде жұртпен сөйлескенінде көретінім: сенің жер-жебіріне жетіп түсіндіргеніннен ол байғұстың әбден еңсесі түсіп кетеді. Сенің іске деген ынта-жігерің мен ниетің жақсы-ақ, бірақ сенің ойыңдағыдай жұмыс істеуді әлі үйреніп жетпеген адамды онымен төпелей берме.

— Сен мені рақымсыз бастық деп сыйпаттап отырсың ғой,— деді Батманов сұрланып.— Түсінікті болу үшін сен де мысал келтір. Сеніңше, мен кімнің қабырғасын қыйратыппын?

— Тағы сол Либерманға келейік. Мен оны ұнатпасам да, шынын айтқанда, ол да адам ғой. Ол саған келсе ылғый ренжіп кетеді. Солай қыса беру керек пе? Жалпы алғанда, сенің сөздеріңнен бір жақсы лебіз естілмейді. Өткен аптада Ковшовтың жанын шығарғаның есімнен кетпейді, ал сондай морттық не үшін керек! Шынын айтқанда, сенің талабың бас инженерге арналған сөз еді, сен оған ұрсуды ыңғайсыз көріп, барлық кекесін сөзіңнің зілді нәсерін сол жақсы жігітке төктің. Кешегі Гречкинмен сөйлескен сөзің ше? Оның бетіне қарауға аянышты болды. Ол бес адамның істейтінін бір өзі істеп жүр, егер бірденені ұмытып кеткен күннің өзінде де, ондайын кешіруге болады ғой. Сен бүгін Гречкин мен Ковшовты тағы қысып жібердің. Әрине, олардың қазірде де жұмыс істеп жатқанына мен шубаланбаймын... Мүмкін, олардың да бүгін кешке аз-

дап мейрамдағысы келетін шығар, бастық жолдас сен, олар туралы неге ойламадың. Гречкиндікі үбірлі-шүбірлі бір үйлі жан, оның бала-шағасы мен әйелінің күні бойы күтіп, әлі күнге тосып отырғанын біліп отырмын.

— Көңлімді босатып жібердің ғой Михаил,— деді Василий Максимович. Шынында да, оның бетінде бір реніш бар еді.— Сірә, кейде асыра сілтеп те жіберетін шығармын. Мұндайлар әлдеқалай бір болады, ал негізінде менікі дұрыс екеніне көнетін боларсың. Сен мені жұмсақ, сыпайы адам ете алмайсың. Менің сол каталдығымның өзінде қайырымдылық бар екені қалайша көрінбейді? Гречкин мен Ковшов туралы сен соншама әсерлеп көңілді елжіретсе айттың. Олардың тіпті кішкентай кемшілігі болса да, мені ол үшін бауыздап жіберсең де кешіре алмаймын. Қазір олардың алдына соншалық көп талаптар қойылады! Оның үстіне олар мықты жігіттер! Рас, оларға ұрысқанда Гречкин күйгелектеп ыза болды, ал Алеша дегенің жымыйып күледі. Бірде оның күлгені мені ашуландырған да болатын. «Сізге мұның несі күлкі. Айтқанды тыңдап, ұғып алу керек» — дедім мен оған. Ал ол менің бетіме тіке карап тұрып: «Айтқаныңызды тыңдап, әлі өсірмесем де мұртыма сіңіріп алып тұрмын. Менің күліп тұрғаным сіздің жақсы ұрса алатыныңыз. Өзегіңнен өтеді! Сені осылай қысқан уақытта, бұрын өзің байқамай жүрген кемшілігіңді айқын көретін боласың...» деді. Сен мені кіналадың, ал мен мұны еске тұтатындығыма сөз берем. Екеуміздің қайсымыздікі жөн екенін тексерудің әдісі бар ғой. Ал менің рақымсыздығым, кекесініммен басқа зәбірліктерім туралы Гречкинмен, Ковшовпен бір сөйлесші. Менің кабинетімнен олардың қызарып терлеп-тепшіп шыққан қолайлы бір кезін сайлап ал да, абайлап сөз тартып көр. Егер олар наразы болып шыға бастаса, оларға мейірімді сөз немесе сол сыяқты бірдене табуға тырысып көрейін.

— Сен Либерман туралы айтпай орағытып кеттің ғой.

— Әзірше Либерманды қозғамай қоя тұр. Сенің сыбағана Ефимов, менің үлесіме, мейлі Либерман-ақ тисін. Мен саған айтайын, ол сондай қыйын адам, Ефимовқа карағанда, оның өмір баяны да зілдірек, гәп міне осында. Онсоң Либерман да мықты адам, оның да белі қайыспайды. Менін жәрдеміммен ол кейбір нәрселерді түсіне бастады, бірақ әлі де көп нәрсеге назар аудармай жүр. Мен оны өзіммен бірге трассаға апарып, жұртпен дурыстап таныстырмақпын...

— Ең алдымен, оны Федосовпен татуластырып алған да теріс болмас еді,— деп күлді Залкинд.

... Құрылыстың екі бастығының түнгі әңгімесі бір минутқа үзілген жоқ. Олар дауласып та, келісіп те, бірінің-бірі сезген кемшіліктерін естеріне түсіріп те отырды, сөйтіп, бірінен-бірі именбестен, қолайсыз қызыл кеңірдек сөздерге де келісті. Бі-

ріне-бірі қанша қатты кетсе де мызғыта алмайтын берік достық бұлардың арасын ашпай біріктіре түсті.

— Біз құрылыстың ұйымдастыру кезеңін өткіздік,— деді Батманов.— Біздің коллектив шалдығудан қорықпай-ақ, енді жұмысқа білек сыбана кірісе алады. Ендігі жерде біздің бар назарымыз басқармаға емес, учаскелерге аударылуға тиіс...

— Василий, біздің де, басқа жерлердегі сыяқты, Сталин жолдас айтқан, күш жыйнау ісіміз бүгін бітті ғой деп ойлаймын. Рас емес пе?..

... Ұқыпты Залкинд, күл салғыштан асып, дастарқанға төгілген темекі тұқылын екінші рет апарып төгіп келді.

— Шай ішелік,— деді Батманов.— Біз екеуміз жақсы әңгімелестік, барлығын сөйлестік.

— Барлығында ма? — деп сұрады Залкинд.— Менінше, сенің жаныңды жеген бір қапа бар тәрізді... Сен бәрін жасырмай айтамын деп уәде берген едің ғой... Әлде сенің келмей ме?

— Сенен ешнәрсе жасыра алмассың,— деп мінгір еге түсті, Батманов. Ол үлкен басын тік ұстау бейнебір қыйын болып отырған сыяқты төмен салып жіберді.

Үрейленген Залкинд ақырын басып қасына келді де, тахтаға отырды.

— Саған бәрін де сеніп айтуға болады. Сен — сол ождан-ның өзісің ғой.— Батманов түрегеліп, шашын дудыратып жіберді.— Адамға өзінің қайғысы мен осалдық жерлерін де жасыруға тура келеді. Кейбіреу өзінің мен-мендігінен мығым жүреді. Кейбіреу жұрттың ақ жүректігіне сенбейді. Ал басшылар немесе командирлер — олар өзінің күйзелісін немесе қайғысын осындай онаша басып алуға міндетті. Басшы дегеніміз — ол, басқа қасиетін былай қойғанда, жігерлі, қайратты болуы керек, ол өзі басшылық етіп отырған карамағындағы адамдарынан анағұрлым күшті болуға тиіс. Егер де оның қандай болса да, жан-жарасы немесе жан күйзелісі болса, оған шыдап, сыртқа шығармағаны жөн. Соғыста жаралы болған ақылды командир, жарасының ауырғанын мүмкін қадары білдірмей, өзінің жараланғанын солдаттарынан жасыруға тырысады. Багратионды еске түсірші: ол өлімші болып жараланса да, өз рухының күшімен денесінің ауырғанын білдірмеген ғой...

— Василий, сен күйзелме, саған бұрылып қараймын деп менің мойным ауырды, тілеуің берсін, отыршы,— деп Залкинд жалынды.

Батманов отырды.

— Мен қолбасшы да, тарихи адам да емеспін, біревлерге мақтаншақтығымнан теңеу жасап отыр екен деп ойлама. Мен — құрылыс бастығы ғанамын, бізде мен сыяқтылар толып

жатыр. Солай бола тұрса да, мен үлкен жұмысқа және бірнеше мыңдаған советтің жақсы адамдарына жауап беремін. Олардың алдында өзімнің жаракатымды көрсетіп немесе ауырғанымды білдіріп сарнауға қакым бар ма? Тегі, жоқ болар. Егер мен осыншама қыйын кезде, олардың алдында әлсіреген немесе күйзелген адам болып көрінсем, мен қандай басшы болмақпын! Олар менің күшіме сенуі керек, мен олардың ауыр кезеңдеріндегі тірегімін, кенет мен байғұсты мүсіркеп, аяулары керек болады.

Батманов отыра алмай, тағы түрегелді.

— Мен өз жарамды ашып көрсетіп, өзімнің әлсіздігіммен жұртты қынжылтуға қакым жоқ. Жақсы. Ал егер мен бала тәрізді немесе әйел сыяқты дауыс қылып айқайламасам, ештеңе демесем, ол менің еш жерім ауырмайды деген сөз бола ма? Менің жаракатым қатты ауырады, ол тіпті ешқандай дәрі-дәрмектің әлі жетпейтін жара. Сенің көзқарасыңнан: «Бұған аяқ астынан не болды? Не болып қалды?» дегендей сұрақ белгісін көріп тұрмын. Кеудеме толған шердің бәрін ақтарғым келіп отыр. Саған дінгене немесе тағы бір сондай ауру тап болып, қолың ауырды делік,—ол сырқыраған үстіне сырқырап, шыдай алмайсың. Сонда сол ауырғанның басылатынына өзің де сенбей, қолыңды күшактап алып теңселіп, үйде ерсілі-қарсылы жүре бересің.— Батманов шыннан да қолын сілкілеп, теңселіп үйде жүре бастады.— Менің қолым ауырмайды, мені сенің алдында өзінің ауырған жанын әкеліп теңселтті деп есепте... Сенің жәрдем бере алмайтыныңды білем. Бірақ Маяковский айтқан сыяқты «маған дұрыстап қара».

— Не болды, Василий, мен түсінбей тұрмын? — деп Залкинд абыржып тахтадан ұшып түрегелді, бірақ өзін-өзі ұстап қайта отырды.— Сен мына сөзінмен менің көңліме қобалжу салдың. Басыңа қандай пәле душар болып қалды?

— Тұра тұр, бәрін де айтам. Бағана, біз осында келіп кіргенде, сен жан-жағына қарадың да, ұнатпаған түрмен: «Нашар тұрады екенсің Батманов. Жетім төбет сыяқты, жалғыз өзін!» дегендей болдың. Жаман тұратыным рас. Осы үйге салт басты адамдардың біреуін кіргізіп алуды талай рет ойладым. Оны да істемедім. Мұнда өзіммен бірге семьям келіп тұрады деп күттім ғой. Семья легенді естіп тұрмысың.

Батманов сылқ етіп отыра кетті, оның ауыр салмағынан стул сықыр-сықыр етті. Адам қаншама күшті болса, әлсіреген минуты соншама қыйын болады. Басын салбыратып, еңсесі түсіп, көзін жұмып отырған жолдасына қарап Залкиндке қатты аянышты болды, оған жан-тәнімен жәрдем еткісі келді. Немен? Өзінің әлсіреген кезінде де қайратты Василий Максимович, жұбатуға мұқтаж емес еді. Құрылыс бастығының алған хаты туралы Залкинд ештеңе білмейтін.

— Шыда,— дерсін сен.— Білемін, онан басқа ешнәрсе ойлап таба алмайсың. Мен ғой өмір бойы күреске үйренген адам, қалай шыдауға болады? Шыдау — ешнәрсе қолданбау керек деген сөз, бұл — жарадан аққан қанды көре отырып, оны тоқтатуға әрекет етпегенмен бірдей. Әрдайым, қандай жағдайда болса да, жеке басымның ісі болсын немесе көпке ортақ іс болсын, әйтеуір әрекет жасауға тиістімін. Ал мен сонда қазір не істемекпін, өзіме не жәрдем жасамакпын? Ештеңемен де емес! Ол басын көтеріп, Залкиндке қарады. Бурыл шашы талданып маңдайына түсіп, Батмановтың түріне ерекше бір рең беріп тұр.— Сенің мұнда келуге құлқың соқпай, мені өз үйіңе шақырғың келгенін, телефонмен сөйлескенде-ақ сезгемін. Мен шошып кеттім. Сенің үйіңнің қандай көңілденіп жып-жылы болып тұрғанын білем, ал біреудің семьясының бақытты өмірін қазір көргім де келмейді, көруді тілемеймін де! Бір қарағанда, мен сыяқты адамға семья деген не үшін керек деуге болады? Жұмыс бастан асады, үйге бес-алты сағатқа, тек ұйқтап дем алуға ғана келемін. Бірақ сол бес-алты сағаттың өзіне семья деген әбден керек. Мейлі, әйелің ренжіп күңкілмен қарсы алсын, балаларың ұйқтап-ақ қалсын, тек солардың қасына үндемей келіп тұрып күрсініп, күлімсіреп қарап тұрсаң...

Батманов маңдайын бір нәрсеге соғып алғандай, басын сілкіп жіберіп көзіне түскен шашын кейін қайырды және тынысы тарылып, демін әзер алып тұр.

— Бір күні мені комсомолецтердің жатақ үйіне шақырып апарып, онда махаббат пен семья туралы әңгіме айтқаның есінде ме? Анау жігіт, фамилиясын ұмыттым, семьялық өмірдің ережесін қорламақшы болып еді ғой. Некелі тұрмыс пен семьяға мазақтау көзбен қарау азғын қоғамның құлдыраған заманының белгісі деп сен өте жақсы айттың. Бұл біздің заманымызға жатпайды. Мемлекетіміз және бүкіл стройымыз — семья үшін, адал сүйіспендік үшін күреседі. Мен сенің: «Егер сіз семья тұрмысына мазақ көзбен қарайтын болсаңыз — ол сіздің жамандығыңызды көрсетеді, сіз артта қалған адамсыз» — деген сөзінді есімде сақтап қалдым. Бұл кінаны мен өз мойныма да аламын. Мен семьяма шын мәнісінде мазақ көзбен қарағам жоқ, бірақ, дұрысын айтқанда, мен оны жете бағаламадым. Елемейтін тәрізді едім. Үйге келгенде әйелім сондай нәзік аялайтын, ұйқтап жатқан кезімде үстімнен шыбын ұшырмайтын еді. Мен жұмыс істегенде немесе кітап оқығанымда ешкім бөгет жасамас үшін, менің ойлаған ойымды қабағымнан біліп тұру үшін...

Оның тамағы құрғақсып кетті, стаканда тұрған шайды тез-тез іше бастады.

— Өзіңді өзің барынша сыбап болдың ғой,— деді Залкинд

ұнатпаған калыппен.— Мен сені білмейтіндей-ақ өзіне-өзің айтпағаның калмады.

— Михаил, құдай үшін, сен Батмановты өзінен-өзін арашаламай-ақ кой! — деді даусын көтеріп Василий Максимович. Біздер өте жиі бөлек, бір бірімізден алыста жеке өмір сүретін-біз, енді солардың бәрі қазір есіме түседі. Мұны менің жұмыс жағдайым талап еткен екен деп-ақ қояйық. Егер шын ниетіммен қолға алған болсам, бұлай болмас та еді, оны қазір көріп отырмын. Кейде біз бөлек тұрғанды оп-оңай іс көреміз, өз бақымыздың қамын ойламаймыз. Мен оларды Қырымға қалдырып кеттім, оларды өзіммен бірге осы жерге алып келуге, баламды осы арада емдетуге шамам келмеді ме? Сондықтан да осылай болды: мен семьяны да, махаббатты да, шындап бағаламадым, қолымды тым кеш сермеп отырмын...

Батманов маңдайын алақанымен сүртіп, есіне мына бір өленді түсірді:

Бір жақсы өлең сықылды ғой махаббат,
Жақсы өленді жаза салу онай ма.—

деп тамаша айтқан ғой.

Батманов шаршап барып отырды.

— Сен өз жырыңды шығардың, ал мен — шығарғам жоқ. Қалыпты, тәуір адамның, дәл сол сенікі сыяқты: өмірлік адал және сүйген жары мен баласы болуы керек.

— Сенің де адал жарың — әйелің мен ұлың бар ғой. Осында келер әлі, қызықты өмір де сүрерсіңдер! — деді Михаил Борисович.

— Жетті! — деп Батманов дауыстаңқырап жіберді.— Мен жалғыздықтың азабын тартып, үнемі соларды күтіп жүрдім. Әне келеді, міне келеді деп күтуде болдым. Олар енді келмейді, Михаил келмейді...

— Сен неге олай деп ойлайсың?

— Костя енді жоқ бізге, қайтыс болған... Аман сақтап қала алмадым, сақтай алмадым оны. Анна жалғыз қалыпты... Маған хат та жазбайды...

Бұл сөздерді ол естер-естімес айтқан бойы төмен карап столға басын еңкейтті. Залкинд есінен адасқандай анырып отыр. Біраздан соң Батмановтың қасына келіп, иығынан ұстап:

— Мен жұбата білмеймін және жұбатқым да келмейді. Баланды енді қандай сөзбен болса да тірілте алмайсың. Бірақ Аннаны жалғыз қалдырма. Ол сені сүйеді, осында келуі керек. Семьяның ұлы қасиетін тереңірек білгенің өте жақсы. Қымбатты жолдасым, сенің өз жырыңды әлі жырлай білетінің мен әбден сенемін...

Василий Максимович басын көтеріп, тұнжыраған қайғылы көздерімен Залкиндтің бетіне қарады.


— Ішіңе қайғы жыйнай берме,— деді тағы Залкинд,— ішіңнен тынба. Баяғындай жайдары бол. Тезірек трасса жаққа барып, сондағы жұртпен қоян-қолтық келіп таныс. Егер сенің қайғыңды естісе, олар аз құрметтер деп ойлайсың ба? Қайта сенің қайратыңа, өзіңе бұрынғыдан да артық сенетін болады!

Батманов орнынан тұрып, бетін тасалай барып Залкинді ебедейсіз қысып құшақтады. Бойлары бірі аласа, бірі биік, сырт келбеттері де үйлесімсіз, бұл екеуі осылай құшақтасып біраз тұрды. Содан кейін, Василий Максимович, жылдам басып жататын үйіне кіріп, есігін жауып алды.

Қайта-қайта сөне берген папиросы аузында, Залкинд бөлмеде әрі-бері жападан жалғыз ұзақ жүрді. Үйіне телефон соғып Батмановтікінде не үшін қалғанын айтқанда, Полина Яковлевна аһ ұрып жіберді. Парторг радиоприемниктің қасына келіп отырып, онымен көп әуреленді, дүние жүзіндегі радиолардың ызы-шуының арасынан Москваның үнін ұстап алды: диктор Сталиннің баяндамасын оқып жатыр.

Залкинд тахтаға келіп жатты да, ішігін айқыра жамылып, радио тындады. Терезеден буалдырланып, қыстың марғау таңы ата бастағаны білінді.

ЕКІНШІ ҚІТАП



Бірінші тарау
ШАҢҒЫ ТЕПКЕН ЕКІ АДАМ

— Таң біліне бастағанда-ақ Алексей Беридзеге келді, ол киініп алыпты, жол қапшығын аркасына байлап өлшеп көріп жүр екен. Бір-бірінің әзірлігін ұқыпты қарап өтіп, енді шығуға айналғанда, бұларды өз бөлмесінен шыққан Родионова тоқтатты. Ұйқылы көзімен сығырая түсіп, ол екеуінің де беттеріне назар аудара қарады.

— Менің аптечкамды алдыңыздар ма? — деп сұрады ол Беридзеден.

— Әрине, алдық. Бір аса керекті дәріні тым азырақ беріпсіз, — деп жымыя күлді Георгий Давыдович, — ішкі ауруға колданатынды қоса түскенде теріс болмайтын еді.

— Қалжындайсыз да жүресіз-ау! — деді Ольга оны кіналағандай болып. — Ал мен сіз үшін уайымдап тұрмын. Алексей болса спортсмен ғой, оған ештеңе емес. Кең жаурынды, мақталы киім кигеннің өзінде де сымбатты Ковшовка Ольга сүйсіне қарады. — Он күн шаңғымен жүруді ойыншық деуге болмайды. Өз күштеріңізді тым асыра бағалап кеткен жоқсыздар ма?

— Баркыт халатты докторым, алаң болманыз, — бұл саяхатым өзіме пайдалы, — деді Беридзе қынжылып. Жолда мен оған ере алдым ба, жоқ па, қайтып келген соң Алексейден білерсіз.

— Сіз Роговка бір хат берем деп пе едіңіз? — деп Ковшов есіне салды.

Ольга біраз қысылып қалды.

— Жазған жоқ едім. Тек рецепт жазуды ғана білемін. Ауызша айта саларсыз... Қазір, өзі жоқта, оны жиірек еске түсіретін болдым. Көрсем қуанар едім. Бірақ мен шақырып жатыр екен деп түсініп қалып жүрмесін. Ол шапқылап жетіп келуге де бар. — Тегі, Роговтың ентелей басып кіріп келетінін көз алдына елестеткен болуы керек, Ольга күліп жіберді.

— Бар айтарыңыз осы ма? — деді Алексей. Ольга, я сол, дегендей басын изеді.

— Оля! Оленька! — деп ас үйден Серафима айкай салды.— Тіпті тарс есімнен шығып кетіпті-ау, мына біреу буыншақтағы пирожки мен пельменді Таняға әзірлеп қойып едім. Алексей Николаевич ала кетсінші.

Сәлем-сауқатты салып алу үшін, Қовшовқа қапшығын қайтадан шешуге тура келді.

— Алуға болады, бірақ Татьянаның қолына тиер-тимесіне кепіл бола алмаймын,— деп қалжындады Алексей қапшығын арқасына киіп жатып.

Ольга инженерлерді шығарып салды да, осылар қайтып оралмас па екен дегендей есік алдында аз ғана тұрып қалды. Бірден көңілсіздік және елегізу пайда болды. Эркашан сергек, көңілді жүретін Беридзенің үйде болуы жұбанышты еді. Алексей адал және сенімді досы болып қалған; онымен бірге болғанда қысылып-қымтырылмай, емін-еркін сезетін, қазір үй іші аңырап қалды...

Ольганың көзі Хмара алып келген чемоданға түсті. Баяғы бір ауыр күннен кейін, бұл оның көзіне күнде түсіп, мазасын ала тұрса да тиген емес еді. Ольга жүрегі қысылып, күдіктенудің, етінен ет кесіп жатқандай қыйналудың ауыр сезімі бойын билеп, чемоданды ашты.

Күдігі жоқ, бұл Константиннің заттары еді. Мыжылыңқырап қалған костюмі, бұрын Ольганың өзі Рубежанскіден сатып әперген ішкімдері, Константиннің сақал-мұрт қыратын саймандары, түкті сүлгісі ең астында — айғыздап, ірі жазумен толтыра жазылған бірнеше қалың дәптерлер жатыр екен. Бұлардың бәріне оның темекісінің исі сіңіп қалған.

Ольга көзін жұмып, өңі кашқан қалпы, екі қолын түсіріп жіберіп, шашылып жатқан заттардың ортасында, еденде сұлқ отыр. Алдында жатқан осы жансыз бұйымдардың әрқайсысы оның бірнеше жыл бірге өмір сүрген, сүйген адамы туралы өз үнімен тіл қатқандай болады. Ольганың өтініші бойынша Залкинд пен Ковшов осы туралы сұрау салып дәрігер Константин Андреевич Родионов әл үстінде поездан алып қалынды, Тайшетте қайтыс болып жерленді делінген ресми хабар алған болатын.

Еріне нашар қарағандығы үшін Ольга енді өзін кіналады. Көп адамдарда болатын тәрізді, Констандинде де кемшіліктер болушы еді, бірақ осыншама оп-оңай, әрі соншама тез одан бойын аулаққа сала қоярлықтай Ольганың қанша қакысы бар еді. Константин жәрдемге мұқтаж болып қалған кезде, оған ашуланбай-ақ, жайлап қана түзу жөн сілтеп, ақыл үйретудің орнына, Ольга оны тұп-тура өңменінен итеріп, қуып жіберді. Тіпті оның жақсылық жағы басым болып шығып, шын ниеті-

мен майданға аттанғанның өзінде — Ольга оған сенбей, алдап жүрсің деп кіналады.

Ольга не жазылғанын көзі көрмей, дәптерлерді аударыстыра берді, жазу жолдары біріне-бірі тұтасып кеткен күлгін түсті дақ тәрізденді. Осындай күндерде Рогов туралы ойлауы және ол туралы шет адамға да айтуға тартынбауы оның өзіне ұят болып көрінді. Не үшін екенін өзі де әбден түсінбестен, еденнен ұшып тұра келді де, Алексейді қуып жетіп, өзі туралы оның Роговқа ештеңе демеуін, жұмған аузын ашпауын ескерту үшін, дәптерлерді қолына ұстаған күйі есікке тұра жүгірді. Мұның барлығы да әшейін бос сөз, жеңілтектік, өлген адамға еткен опасыздық.

... Ковшов пен Беризде Адун бойын өрлеп зымырап бара жатқан жүк машинадағы бір құшак шөптің үстінде жантая түсіп қатар жатыр. Мұздай суық өткір жел бұлардың үстінен уілдеп соғып тұр. Бұлар нанайлардың селосы Нампиға таяу учаскеге дейін барып, содан арман қарай шаңғымен кетпекші. Бұлардың қасында арқасын желге қарай беріп Залкинд отыр. Ол Нампидың қасындағы мұнай айыратын заводқа бара жатыр. Серік болу үшін осылардың машинасына келіп мінген. Парторгтың көңілі көтеріңкі екен, ол құлаққа жағымды бірқыдыру жаңалықтар айтып тастады: ертең Новинскідегі автомобиль құрастырып шығаратын завод жұмыс істей бастайды. Ленъка деген баласы теңізде кемемен жүзу сапарынан қайтқан, үйге келіп кетемін деп телеграмма беріпті.

— Мен сендерге Батмановтың кешегі айтқандарын қайталап айтпақшымын,— деді Залкинд, айқайлап инженерлерге қарай еңкейе түсіп! — Әрнәрсеге бір алаң болып жүрмендер! Сіздерге қай учаскеде болсын мындаған жұмыс кездеседі. Байқандар, оған шырмалып жүрмендер, басты максаттарыңнан — жобаның барлық мәселесін біржола үзілді-кесілді шешу ісінен басқаға алаң болмандар.

Бұлар Адунның бүкіл жағалауын алып жатқан үлкен алаңдағы мұнай қорыту заводының қасына келіп, машинадан түсті. Тайганың тымық орманды кенересі анадайдан белдеулене қарауытып тұр.

— Таңғажайып қоңсылық — мынау тұрған меніреу орман мен анау тұрған завод, жыйырманшы ғасырдың соңғы техника табыстары! — деді Залкинд.— Орасан ғажайып, Алексей, рас емес пе?

Завод корпустарының қасынан өткеннен кейін, шаңғыларын иықтарына салған инженерлер мен парторг мыйдай жазық алаңға шықты. Осы арада шахмат тақтасындай тәртіппен тізілген, оншақты өте үлкен ақ цистерндер тұр.

— Бос болар, тегі,— деп солай қарай басын изеп қабағын түйді Беридзе.

— Я, бос,— деді Залкинд оның сөзін костап.— Мұз қатқанға дейінгі заводқа әкелінген мұнайлар бензин болып қорытылып, табанда майданға кетті. Қазір цехтарда мардымды жұмыс жоқ. Мындаған километр алыстан темір жолмен тасып әкелгенін дереу аппаратқа құйып алады.— Михаил Борисович сабырмен сөйледі, бірақ оның даусынан күйінгендік сарынын аңғаруға болатын. Қолын алысқа нұсқап тағы да мынаны айтты: — Ал қазір аралда жер астынан шығарылған мұнай дегеніңіз теңіздей толып тұр. Сол мұнай теңізі көктемге дейін пайдаға аспай тұрады...

— Сол мұнайды қазір танктер мен самолеттердің маторлары күтіп отырғанын ойласаң-ақ, жүрегің өртеніп, зығырданың қайнайды! — деді Алексей.

— «Сіздердің трубопроводтарыңыздан бос цистернадерге мұнай қашан келіп құйылады!» — деп заводтағылар менен қазір сұрай бастайды. Мен не деп жауап беремін, инженер жолдастар? — деді Залкинд қалжыңдап.

— Соны көруге біздің өзіміз де ынтызармыз деп жауап беріңіз. Баска ешнәрсені де арман етпейміз,— Беридзе парторгқа байсалды қарады.

Ұшы-қыйыры жоқ аспан күмбезін ақшыл перде жауып тұр. Күннің көзі түссіз қызғылт түрлі кемпіркосақ пен жиектелген ақ күнгірт дақ сыяктанып көрінеді. Көкте де, жерде де бір-ақ түс, бір-ақ түрлі өң бар сыяқты. Тек өзен ғана өзінің ойпаттанған, ұзыннан ұзақ созылып жатқан арнасымен басқадан ерекше бөлінеді. Қазір инженерлер мен парторг солай қарай көз жіберді.

— Сіздерге қолайлы болды, күн ашық болғалы тұр,— деді Михаил Борисович. Бұлар біраз үндемей тұрды.— Ал енді инженер жолдастар, төрт тараптың қайсысын сүйсеңдер, соған қарай тарта беріңдер,— деп Залкинд күлді де, Ковшовтың арқасын ақырын нұқыды.

Бұл берілген ишара тәрізді болды. Алексей қолын сілтеп жіберді де, аздап снкейе түсіп, жадағайлау жермен өзенге қарай сырғанап кете барды. Беридзе Залкиндке басын изеді де, Алексейдің ізімен кетті. Олар өзеннің мұзына жетіп, екеуі бірдей бұрылып бұған қараған кезде:

— Сәтті сапар болсын, қымбатты достар, тезірек қайтыңдар! — деп айқайлады парторг.

Кешікпей олардың қараңдаған тұлғалары алыста бұлдырап барып көрінбей кетті. Тарақ қағаздың бетіндегі май тиген теңбіл тәрізденген күнге бір қарады да, Залкинд заводқа кетті.

Оның бұл арада өткізген екі сағаты ішінде шаңғышылар Новинскіден көп ұзап кеткен-ді. Күннің көзі аспан әлеміндегі буалдыр бөгеттің бәрінен сытылып шыға бастады. Күн барған сайын ашыла түсіп, оның шұғыласы жарықтың арасынан лезде

шашырап көріне қалды. Жан-жақтың бәрі жалтырап, жылтылдай бастады.

Инженерлерге екінші күні де, үшінші күні де және төртінші күні де күн ашық болды. Алғашқыда бұларға тіпті күннің көзі өзенге көп түсетіндей болып көрінді, жарықтың шақырайғанынан көздері ауырды. Соңынан бұлар үздіксіз жүріске үйреніп алғаны сыяқты, тұрақты жарық нұрына да үйреніп алды. Бұлар Адунды бірнеше рет кесіп өтті, барлық иінін, айырығы мен мойынын, екі жағасындағы жарықпен өрін әбден зерттеп біліп алды. Селениелердің бәріне барып, оның тұрғын адамдарынан өзен туралы, оның ең үлкен тасқындары туралы әбден қадағалап сұрап білді. Учаскедегі жұмысшылардың көмегімен олар мұздың қалыңдығын, ағыстың тереңдігі мен шапшандығын сан мәртебе өлшеп көрді. Инженерлердің жол дәптерлері жазумен толтырылды, топографиялық карталар түзету линияларымен шыймайланды. Бұлар енді жаңа трассаның әрбір метрін өздері өлшеп, байқау жасап отыра алады, ал құрылысшылардың сол жақ жағаға орналасқанына, оң жақ жағаны мүлдем ұмытқанына көздері жеткендей болды.

Бас инженермен оның орынбасары екеуі асығу керек екендігін жақсы білетін-ді. Батманов уақытты тым қысқа берді, ал бұлар да өздерінің негізгі мақсатынан басқаға алаң болмауға тырысты. Бірақ учаскелердің жайы инженерлерді бөгеп отырды. Бір учаскеден екінші біреуіне кетуі үшін, алғашқы келген жерінен әрең дегенде шығып кетеді.

Үшінші учаскеде инженерлер күні бойы Ефимов пен Темкиннің арасындағы дауды тексерді. Партия ұйымы секретарының айтуынша Ефимов сол жақ жағаға көшіп келгеннен бері де, өзінің бюрократтық тәртібін қалдырмай жүрген көрінеді.

— Біздің учаске мекеме де емес, завод басқармасы да емес, құрылыстың төменгі өндіріс орны ғана екендігін түсінетін уақыт жетті ғой,— деді Темкин ыза болып өзінің ақырын сөйлейтін даусымен, Ефимовқа ашулы көзімен бір қарап қойып.— Біздің объектілерге қарай жақындауымыз керек, ал сіз бүкіл әкімшілік-техникалық аппаратын тағы да өз маңайыңызға жыйнамақ болып отырсыз. Десятниктер мен прорабтар күніне бірнеше рет сіздің шақыруыңыз бойынша жұмысын тастап штабқа келіп кетуге мәжбүр болып жүр. Некрасов бүгін тағы келіп айтып кетті. Сіз нан пісіретін жер мен электростанцияны бітіруге мүмкіндік бермей, контордың құрылысына керек деп жұмысшыларды ылғый осында шақыра беретін көрінесіз,— сізге бәрінен де қажеттісі сол болыпты, осы да жөн бе?

Беридзе түгелінен Темкинді қолдады да, үшінші учаске бойынша ұйымдастыру шаралары туралы келісіп алу үшін Батмановқа телефон соқты. Құрылыс бастығы мұның айтқанының бәрін құлақ қайып тындап болып, үшінші учаскемен Залкинд

— Я, бос,— деді Залкинд оның сөзін костап.— Мұз қатқанға дейінгі заводқа әкелінген мұнайлар бензин болып қорытылып, табанда майданға кетті. Қазір цехтарда мардымды жұмыс жоқ. Мындаған километр алыстан темір жолмен тасып әкелгенін дереу аппаратқа құйып алады.— Михаил Борисович сабырмен сөйледі, бірақ оның даусынан күйінгендік сарынын аңғаруға болатын. Қолын алысқа нұсқап тағы да мынаны айтты: — Ал қазір аралда жер астынан шығарылған мұнай дегеніңіз теңіздей толып тұр. Сол мұнай теңізі көктемге дейін пайдаға аспай тұрады...

— Сол мұнайды қазір танктер мен самолеттердің маторлары күтіп отырғанын ойласаң-ақ, жүрегің өртеніп, зығырданың қайнайды! — деді Алексей.

— «Сіздердің трубопроводтарыңыздан бос цистернидерге мұнай қашан келіп құйылады!» — деп заводтағылар менен қазір сұрай бастайды. Мен не деп жауап беремін, инженер жолдастар? — деді Залкинд қалжыңдап.

— Соны көруге біздің өзіміз де ынтызармыз деп жауап беріңіз. Басқа ешнәрсені де арман етпейміз,— Беридзе парторгқа байсалды қарады.

Ұшы-кыйыры жоқ аспан күмбезін ақшыл перде жауып тұр. Күннің көзі түссіз қызғылт түрлі кемпіркосақ пен жиектелген ақ күнгірт дақ сыяктанып көрінеді. Көкте де, жерде де бір-ақ түс, бір-ақ түрлі өң бар сыяқты. Тек өзен ғана өзінің ойпаттанған, ұзыннан ұзақ созылып жатқан арнасымен басқадан ерекше бөлінеді. Қазір инженерлер мен парторг солай қарай көз жіберді.

— Сіздерге қолайлы болды, күн ашық болғалы тұр,— деді Михаил Борисович. Бұлар біраз үндемей тұрды.— Ал енді инженер жолдастар, төрт тараптың қайсысын сүйсендер, соған қарай тарға беріңдер,— деп Залкинд күлді де, Ковшовтың арқасын ақырын нұқыды.

Бұл берілген ишара тәрізді болды. Алексей қолын сілтеп жіберді де, аздап еңкейе түсіп, жадағайлау жермен өзенге қарай сырғанап кете барды. Беридзе Залкиндке басын изеді де, Алексейдің ізімен кетті. Олар өзеннің мұзына жетіп, екеуі бірдей бұрылып бұған қараған кезде:

— Сәтті сапар болсын, қымбатты достар, тезірек қайтыңдар! — деп айқайлады парторг.

Кешікпей олардың қараңдаған тұлғалары алыста бұлдырап барып көрінбей кетті. Тарақ қағаздың бетіндегі май тиген теңбіл тәрізденген күнге бір қарады да, Залкинд заводқа кетті.

Оның бұл арада өткізген екі сағаты ішінде шаңғышылар Новинскіден көп ұзап кеткен-ді. Күннің көзі аспан әлеміндегі буалдыр бөгеттің бәрінен сытылып шыға бастады. Күн барған сайын ашыла түсіп, оның шұғыласы жарықтың арасынан лезде

шашырап көріне қалды. Жан-жақтың бәрі жалтырап, жылтылдай бастады.

Инженерлерге екінші күні де, үшінші күні де және төртінші күні де күн ашық болды. Алғашқыда бұларға тіпті күннің көзі өзенге көп түсетіндей болып көрінді, жарықтың шақырайғанынан көздері ауырды. Соңынан бұлар үздіксіз жүріске үйреніп алғаны сыяқты, тұрақты жарық нұрына да үйреніп алды. Бұлар Адунды бірнеше рет кесіп өтті, барлық иінін, айырығы мен мойынын, екі жағасындағы жарықпен өрін әбден зерттеп біліп алды. Селениелердің бәріне барып, оның тұрғын адамдарынан өзен туралы, оның ең үлкен тасқындары туралы әбден қадағалап сұрап білді. Участкедегі жұмысшылардың көмегімен олар мұздың қалыңдығын, ағыстың тереңдігі мен шапшандығын сан мәртебе өлшеп көрді. Инженерлердің жол дәптерлері жазумен толтырылды, топографиялық карталар түзету линияларымен шыймайланды. Бұлар енді жаңа трассаның әрбір метрін өздері өлшеп, байқау жасап отыра алады, ал құрылысшылардың сол жақ жағаға орналасқанына, оң жақ жағаны мүлдем ұмытқанына көздері жеткендей болды.

Бас инженермен оның орынбасары екеуі асығу керек екендігін жақсы білетін-ді. Батманов уақытты тым қысқа берді, ал бұлар да өздерінің негізгі мақсатынан басқаға алаң болмауға тырысты. Бірақ учаскелердің жайы инженерлерді бөгеп отырды. Бір учаскеден екінші біреуіне кетуі үшін, алғашқы келген жерінен әрең дегенде шығып кетеді.

Үшінші учаскеде инженерлер күні бойы Ефимов пен Темкиннің арасындағы дауды тексерді. Партия ұйымы секретарының айтуынша Ефимов сол жақ жағаға көшіп келгеннен бері де, өзінің бюрократтық тәртібін қалдырмай жүрген көрінеді.

— Біздің учаске мекеме де емес, завод басқармасы да емес, құрылыстың төменгі өндіріс орны ғана екендігін түсінетін уақыт жетті ғой,— деді Темкин ыза болып өзінің ақырын сөйлейтін даусымен, Ефимовқа ашулы көзімен бір қарап қойып.— Біздің объектілерге қарай жақындауымыз керек, ал сіз бүкіл әкімшілік-техникалық аппаратын тағы да өз маңайыңызға жыйнамақ болып отырсыз. Десятниктер мен прорабтар күніне бірнеше рет сіздің шақыруыңыз бойынша жұмысын тастап штабқа келіп кетуге мәжбүр болып жүр. Некрасов бүгін тағы келіп айтып кетті. Сіз нан пісіретін жер мен электростанцияны бітіруге мүмкіндік бермей, контордың құрылысына керек деп жұмысшыларды ылғый осында шақыра беретін көрінесіз,— сізге бәрінен де қажеттісі сол болыпты, осы да жөн бе?

Беридзе түгелінен Темкинді қолдады да, үшінші учаске бойынша ұйымдастыру шаралары туралы келісіп алу үшін Батмановқа телефон соқты. Құрылыс бастығы мұның айтқанының бәрін құлақ қайып тындап болып, үшінші учаскемен Залкинд

шұғылданғандығын айтты. Мәжесерлердің учаскеле бөлігі
гендігі Еселий Максимовичке ойна ұямай қалды.

— Бүгін Дудя мен Пугачовпен телеграмма келді, — деді
ол. — Олар Трубицкийге баладау атып алыпты. Бәріміз де
шақырып отыр, жобаны тездерің қарайтын көріңдерсің. Мені әр
кесте ол, ол екі күндер ішкісіңде Рубендаскіде боламын деп
үде беріп едім, ал енді қарап отырсаң, сендердің Пугачовпен
екі айсыз қайтпайтын тұрағың бар. Маған сендеріңнен беріп,
сендерді беріп қарап айналуға тұра қыметін шығар.

Бетеріңізді мұнда сендеріңмен кейін илалыңдар асыға
бастады, тек берте жұмысымен ғана шұғылданбады, тәулік
болса траасса күнде бөлектеп жүріп отырып, басқа еткіз-
ген қызықты ескіе атып қандай биды. Алайда әртүрлі
учаскеде Мәжесерлер бұларды тағы біраз берді. Ағаштан
ағаш ұстаары Пестовтардың ұсынысы бойынша, осы жұмыс
құрастыруға сағаттың мәжесерлерден тажрибе бетінде тұр
құрастыруға сағатты бөлектеп. Бериде мен Алексей Мельник
мен екі жұмыс істей айтқан жұмыс қарап бірды.

Мәжесерлердің айналуға аянда күні бұрын ағаш за-
ндықтарды, тәжрибе үлкен қырып бергендер, тек қыр-
лы ағаштар, жұмыс істемей, теріс мен есіктің жақтау ағаш-
тары жатыр. Айнамадан зор денелі, кара шашты адам бөлек
Пестовтың бригадасы — бір скарды құрастырып жатыр, ал
өнді қары шашты Семең Теско өзіннің бригадасымен барак
құрастыру жұмысымен айналуға жүр екен. Пестовтар құ-
растырып салу жұмысының шапшаңдығын сағатпен бақыла-
ды. Әрбір бригаданың жұмыс мен салынуына санаулы ғана
уақыт берілген. Жұмыс аяқталу күні, ал бөлектеп салуға
қатынап үлгеріп айналуға сұрталған іргесі, көз алдында
болса берді. Бериде Пестовтардың жұмысына назар аудар-
ды, оларға біраз кеңестер айтты және ағаштан осылайша құ-
растырып үйлер салуды басқа учаскелерде де қолдануға үде
берді.

— Осында қонысқа қалай ма? — деді Мельник бөлектеп
құрастыруға келді.

Теско Давыдович қайтеміз дегендей Алексейге қарады.
Бұлар учаскеде күні бойы болып, кештің жақындап қалғанын
байқамай да қалыпты.

Екінші күні Бериде мен Ковшов төртінші және бесінші
учаскелердің шекарасына жетті. Шекараны ағаш қақпа сыяқ-
танып салып айналуға, мен бөлектеп диспетчер пунктіннің қы-
мысқа ірі берді. Траасса бұл учаске таяулығы учаскелердің екі
ағашына, алыстағы учаскелердің екі біріншісі болып сана-
лды. Мұны Роста басқарады.

Шаңғышылар сапарға таң рауанда шығып, ай жарығымен өзен мұзы үстіндегі ирелендеген жолмен ызғырта сырғанап бара жатыр. Қыстың қалың тонын киген өзен жағасындағы үнсіз ормандар мүлгіп артта қалып жатқан тәрізді. Қаракөк аспанның пердесі шығыстан ағарып, түріле бастады. Көкшіл белдеу қызғылдана түсіп, көп кешікпей жалынша жанды. Жұлдыздар тез-тез сөніп, аспанның арғы тұңғыйығына батып кетті. Ай күңгірттене түсті, күміс табак күн аспанда ақырын жүзе бастағанда, әуеде ілінген күміс орақ тәрізденіп көрінді. Алғашқы шыққанда күн тым үлкен алқызыл еді, соңынан кішірейіп, сарғылт тартты. Аспан бозара түсті. Жан-жақтың бәрі көп жерге дейін аппақ және айқын бола бастады. Адунның айнадай жалтыраған мұзына сансыз көп гүл жапырақтарының мәнеріне ұқсаған қыраулар тұрған. Күн шұғыласы соларға түрлі түсті бояуларымен нұрын құйып тұр.

— Қарашы, мынау өзеннің түбінен шыққан алмас гүлі сыяқты! — деді қызыққан Алексей, Беридзеге қарай бұрылып. Мұз үстінде жылтылдап жатқан әшекейді көріп, ол да сүйсініп келе жатыр еді.

Бұл арада трасса өзен кенересінде тұтасып жатқан жоталардың тізбегін басып өтіп, өзеннен қашықтап кеткен. Соған қарай жақындай келе инженерлер ұшып жүрген үлкен бір құсты көрді — ол алаңның үстімен төмендей ұшып, кілт жалт бұрылып, төмен сорғалады. Беридзе күліп жіберді: канатты жыртқыш қоянды қуып жүр. Болар болмас бұлаңдаған кішкене сұрғылт аң, өзін қуып жүрген жауының қардың үстіне ойнақтап түскен көленкесінен қорқып, жанын қоярға жер таппай, алаңда ерсілі-қарсылы шапқылап жүр. Беридзе револьвермен атып құсты шошындырып жіберді, қоян жалт бұрылып, жотадан асып кетті.

— Міне қара, ал сен ғой, маңайда тірі жан жоқ деп зерігіп кетіп едің? Токтай тұр әлі, екеуміз орман ішінде жел құлатқан ағаштың түбінен аюдың жатағын да табармыз...

Бұлар аяндап жүре бастады. Беридзе тайга туралы әңгіме шертті, зерттеу жұмысын жүргізген кезде бірнеше рет ит тұмсығы өткісіз жыныс орманға кездесіп, жол тауып шығудан үміт үзіп, өмірімен қош айтысқан кезендерін еске түсірді.

— Россияның орта алабының кәдімгі бір орманынан тайганың қандай өзгешелігі барлығын мен алғашқы кезде түсінбеген едім, — деді Алексей. — Әрине, ағаш тұқымдары мен түрлері басқаша, қарағаш, бархат ағашы, манжур емені. Андары да ондай емес — Москва төңірегінде жолбарыс жоқтығы жұрттың бәріне мәлім. Бірақ гәп мұнда емес қой!.. Көп жұрт осы тайганың шок ағаштарына қарап қорытынды шығаратынын байқап жүрмін. Мұны әбден түсінуді, түкпірде жатқан жыныс нұ орманға барып, былайша айтқанда, соның қарамағына ілексең ғана біле-

шұғылданатындығын айтты. Инженерлердің учаскеде бөгелгендігі Василий Максимовичке онша ұнамай қалды.

— Бүгін Дудин мен Писаревтен телеграмма келді,— деді ол.— Олар Грубскийдің баяндау хатын алыпты, бәрімізді де шақырып отыр, жобаны тексеріп қарайтын көрінеді. Мен әрі кетсе он, он екі күндер шамасында Рубежанскіде боламын деп уәде беріп едім, ал енді қарап отырсам, сендердің Новинскіге екі айсыз қайтпайтын түрлерің бар. Маған сондарыңнан барып, сендерді бері қарай айдауға тура келетін шығар.

Батмановтың мұндай сөздерінен кейін инженерлер асыға бастады, тек зерттеу жұмысымен ғана шұғылданды, тәулік бойында трассаы өрлеп бөгеліссіз жүріп отырып, босқа өткізген уақыттың есесін толтырғандай болды. Алайда төртінші учаскеде Мельников бұларды тағы біраз бөгеді. Ағайынды ағаш ұсталары Пестовтардың ұсынысы бойынша, осы жерде құрастырып салатын материалдардан тәжірибе ретінде түрлі құрылыстар салына басталған. Беридзе мен Алексей Мельниковке еріп жұмыс істеп жатқан жерге қарай барды.

Жолдың қасындағы жадағай алаңда күні бұрын ағаш заводында әзірленіп, текшелеп үйілген қырлы бөренелер, төрт қырлы ағаштар, жұқа тактайлар, терезе мен есіктің жақтау ағаштары жатыр. Алпамсадай зор денелі, кара шашты адам Федор Пестовтың бригадасы — бір складты құрастырып жатыр, ал аш өңді, сары шашты Семен Пестов өзінің бригадасымен барак тұрғызу жұмысымен шұғылданып жүр екен. Пестовтар құрастырып салу жұмысының шапшандығын сағатпен бақылайды. Әрбір бөрененің әкелінуі мен салынуына санаулы ғана уақыт бөлінген. Жұмыс қызу жүрді, ақ бөренелерден салынып жатқан үйлердің тегістеліп сүргіленген іргесі, көз алдарында биіктеп барады. Беридзе Пестовтардың жұмысына назар аударды, оларға біраз кеңестер айтты және ағаштан осылайша құрастырып үйлер салуды басқа учаскелерде де қолдануға уәде берді.

— Осында қонасыздар ма? — деді Мельников бас инженердің қасына келіп.

Георгий Давыдович кайтеміз дегендей Алексейге қарады: бұлар учаскеде күні бойы болып, кештің жақындап қалғанын байқамай да қалыпты.

Екінші күні Беридзе мен Ковшов төртінші және бесінші учаскелердің шекарасына жетті. Шекараны ағаш қақпа сыяктанып салынған шарбақ пен бақылау диспетчер пунктінiң кішкене үйі бөледі. Трассада бұл учаске таяудағы учаскелердің ең ақырғысы, алыстағы учаскелердің ең біріншісі болып саналатын. Мұны Рогов басқарады.

Шаңғышылар сапарға таң рауанда шығып, ай жарығымен өзен мұзы үстіндегі ирелеңдеген жолмен ызғырта сырғанап бара жатыр. Қыстың қалың тонын киген өзен жағасындағы үнсіз ормандар мүлгіп артта қалып жатқан тәрізді. Қаракөк аспанның пердесі шығыстан ағарып, түріле бастады. Көкшіл белдеу қызғылдана түсіп, көп кешікпей жалынша жанды. Жұлдыздар тез-тез сөніп, аспанның арғы тұңғыйығына батып кетті. Ай күңгірттене түсті, күміс табақ күн аспанда ақырын жүзе бастағанда, әуеде ілінген күміс орақ тәрізденіп көрінді. Алғашқы шыққанда күн тым үлкен алқызыл еді, сонынан кішірейіп, сарғылт тартты. Аспан бозара түсті. Жан-жақтың бәрі көп жерге дейін аппақ және айқын бола бастады. Адунның айнадай жалтыраған мұзына сансыз көп гүл жапырақтарының мәнеріне ұқсаған қыраулар тұрған. Күн шұғыласы соларға түрлі түсті бояуларымен нұрын құйып тұр.

— Қарашы, мынау өзеннің түбінен шыққан алмас гүлі сыяқты! — деді қызыққан Алексей, Беридзеге қарай бұрылып. Мұз үстінде жылтылдап жатқан әшекейді көріп, ол да сүйсініп келе жатыр еді.

Бұл арада трасса өзен кенересінде тұтасып жатқан жоталардың тізбегін басып өтіп, өзеннен қашықтап кеткен. Соған қарай жақындай келе инженерлер ұшып жүрген үлкен бір құсты көрді — ол аланның үстімен төмендей ұшып, кілт жалт бұрылып, төмен сорғалады. Беридзе күліп жіберді: қанатты жыртқыш қоянды қуып жүр. Болар болмас бұлаңдаған кішкене сұрғылт аң, өзін қуып жүрген жауының қардың үстіне ойнақтап түскен көленкесінен қорқып, жанын қоярға жер таппай, алаңда ерсілі-қарсылы шапқылап жүр. Беридзе револьвермен атып құсты шошындырып жіберді, қоян жалт бұрылып, жотадан асып кетті.

— Міне қара, ал сен ғой, маңайда тірі жан жоқ деп зерігіп кетіп едің? Токтай тұр әлі, екеуміз орман ішінде жел құлатқан ағаштың түбінен аюдың жатағын да табармыз...

Бұлар аяндап жүре бастады. Беридзе тайга туралы әңгіме шертті, зерттеу жұмысын жүргізген кезде бірнеше рет ит тұмсығы өткісіз жыныс орманға кездесіп, жол тауып шығудан үміт үзіп, өмірімен қош айтысқан кезеңдерін еске түсірді.

— Россияның орта алабының кәдімгі бір орманынан тайганың қандай өзгешелігі барлығын мен алғашқы кезде түсінбеген едім, — деді Алексей. — Әрине, ағаш тұқымдары мен түрлері басқаша, қарағаш, бархат ағашы, манжур емені. Аңдары да ондай емес — Москва төңірегінде жолбарыс жоқтығы жұрттың бәріне мәлім. Бірақ гәп мұнда емес қой!.. Көп жұрт осы тайганың шоқ ағаштарына қарап қорытынды шығаратынын байқап жүрмін. Мұны әбден түсінуді, түкпірде жатқан жыныс ну орманға барып, былайша айтқанда, соның қарамағына ілексең ғана біле-

сің. Біз осы өткен күзде өзеннің оң жағасын өрлеп тайганың арғы түкпіріне қарай барып қайттық. Ол біздің кәдімгі ұғымымыздағыдай орман емес, бір түрлі бетімен жабайы өскен бірдемелер! Басына дейін бір сүйкімсіз қара көк немесе қара мүк басқан, зәулім биік ағаштар сорайып тұрады. Ағаштың бастары бірімен бірі өріліп, байланысып, күннің сәулесін көлеңкелеп түбіне түсірмейді, ағаш түптері — қап-қараңғы, тыншу және бәрі жым-жырт, жансыз: құс та, гүл де, тым болмаса жерінде бір тамшы су да жоқ! Мұнысы баяғыда, біздің тарихымыздан бұрынғы кезде жер бетінде дәу андар жорытып жүрген кездерді еске түсіреді. Ол кереметтер әлдеқашаннан бері жоқ, ал тайга баяғы қалпы. Тайга мындаған километр жердің бетін алып жатыр. Ағаштар жүз жылдар бойына өсіп тұра береді, қартайғанда қурап өзінен-өзі жығылады, оның орнына жаңадан жас ағаш өседі. Әлі адам аттап аяқ баспаған, ит тұмсығы өтпейтін қаншама ну ормандар бар десеңші! Осының бәрі ақыйқатында бізге қас дүлей күштер, ал сонымен белсене күресудің үлесі менің сыбағама тигендігіне зор қуаныштымын.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай бұл түйіні Беридзеге ұнап кетті.

— Құрылыс инженері, одан қала берді қаланың адамы, тайгаға міне дәл осылайша қарауы керек қой деп ойлаймын. Бірақ сен мұныңды Қыйыр-Шығыстың тұрғын адамдарына, әсіресе мергендеріне айтамын деп ойлап жүрме: тайга — олардың мақтаныш ететін қасиетті дүниесі.

— Мұның қай жерін мақтаныш ететіндерін білмеймін? Мысалы, Сахараның құлазыған шөл даласын мақтаныш етуге мүмкін бе? Тайгада салынған заводтармен, қалалармен мақтанса, — ол бір сәрі! Осы күнде, менің өзім де біраз нәрсені жүре түсіндім, Новинск жайында ойлау оңтүстік, маньжур, солтүстік Охот теңізі өсімдіктері әлемінің тоғысып өскеніне танырқайтын, тайганың құбылыстарына тым көбірек әуестенетін тәрізді. Осыны өздерінің жергілікті тарихи маңызы бар орны деп құрметтеп, соған табынады... Өзінің Арбат көшесіндегі пәтерінде отырып, «Огонек» журналында басылған тайга табиғатының көркем суреттеріне сұқтана қызығатын москвалықты енді түсіне аламын. Ештеңе дей алмайсың — өте көркем табиғат! Бірақ ұшы-қыйыры жоқ, тайгамен ұласып жатқан есіз дала — жер бетінде бос жатқан «ақ теңбіл» сыяқты екендігі, басқаларға болмаса да, қыйыр-шығыстықтарға жұрттан бұрын мәлім ғой. Бұларды дәріптеудің керегі жоқ, қайта жою керек!..

Беридзе ысқырып жіберді де, жүріп келе жатып бір уыс қар алып жентектей бастады!

— Немене? Тегі, мен тайганы сондай-ақ жек көретін адам болыппын ба? — деп Алексей оның жымыйып күлген бетіне қарады. — Бұл арада, әрине, бір беткейлеу болып көрінуі ықти-

мал. Бірақ менің ну орманға қарсы емес екендігімді өзің де түсінесің ғой, оның аң терісін, аң мен құс еттерін және құрылыс материалдарын, тағы басқаларын беретіндігін жақсы білемін! Оның тағылық замандағы тәрізді меңіреу табиғатымен мың шақырымдаған жерінің пайдаға аспай жатқанына үзілді-кесілді қарсымын. Жуықта Залкиндтен осындағы жазушылардың кейбір кітапшаларын алып оқып шықтым. Байқап көрсем, қайсысы болса да — тайганы мақтап жаза берген! Бұл араныкі еместердің өзі де мақтап жібереді екен. Тағы сол бұтағын иіп тұрған жабайы жүзім, тағы да пәлендей, түгендей дейтін құстар мен аңдар, тағы да гольдтар мен удэгейлердің жабайы тұрмыстары, солардың салт-саналары... Осылардың бәрі туралы өз тұсында Арсеньев мықтап тұрып жазған болатын, — оны қайталап жазудың керегі не? Олар институт бітірген, өздерінің қоныстарында мүлдем жаңаша өмір сүріп, тіршілік етіп жатқан гольдтар мен удэгейлер жайында неге жазбайды. Неге олар, айталық, Терехов жайында, оның заводы жайында өлеңдер мен романдар жазбайды.

— Ал сені мен біз романның геройы болуға жарамаймыз ба? — деп Беридзе қыямпырыстықпен сұрады да, қолындағы жентек қарды лақтырып жіберді.

— Білмеймін, дәл біз жарай қояр ма екенбіз. Біздің нефтепровод — тағылық замандағы сыяқты тайганың барлық көркемдігінен гөрі, әдебиет үшін аса қолайлы, әрі лайықты объект екендігіне менің еш күманым жоқ. Мен тайгаға, «ақ теңбілге» қарсы жорыққа аттануды жақтаймын. Осы туралы жазылған кітапты да оқығым келеді! Бұл жорықтың адамға қандай қиыншылыққа түсетіндігін жұрттың бәрі білетін болсын. Кітаптардың ішінде мейлі табиғатты суреттеулер де бола берсін, бірақ адамның сол табиғаттың ішінде жүріп шөптің арасына түскен инедей жоғалып кетуіне немесе алдыңғы күнгі екеуіміздің мынау қарғыс атқан тайгада адасқанымыз сыяқтанып кетуіне қарсымын. Меніңше, әдебиеттің ішінде бір ғана құс пен өсімдіктер болып, адамы жоқ болса, ол әдебиет емес, ол өлең мен қара сөзбен сыңар жақ жазылған — фенология болып табылады!..

Беридзенің шаңғысының қайысы босаңқырап кеткен екен. Ол отыра қалып мықтап байлап алды. Алексей оның қасында тықыршып тұр.

— Біздің нефтепроводтың қабылдап алынуы және іске кірісуі туралы қайтсе де бір күрделі көркем шығарма жазылар, — деді Беридзе бетін Алексейге бұрып. — Инженер Беридзе мен инженер Ковшов туралы ол шығармаларда ешнәрсе айтыла қояр ма екен... Мен атакқұмар емеспін, Алеша, бірақ кейде Чеховтың бір әңгімесі есіме түседі, — орыстың бір ірі инженері мен одан кем соқпайтын бір ірі профессоры поезда кездесіп,

Ол көп кешікпей, бауаның аздығынан тұншығып, өзінің шалдығандығынан алсірейдінің сезе бастады. Ең жетпегені осы арада мағнасыз және қасиетсіз өлу еді. Жүрегінің дүрсіздей соққанын тыңдап аз ғана жатып, өзі өзін тоқтатты. Мүз қатқал бетін жайлап сүртті де, тағы қарды қазғылауға кірісті. Тырбана-тырбана, ол алға қарай сырғыды, бір секундтей бөгелді, демалды да, қайтадан сырғыды.

Алексей кенеттен Бериджені даусын естіді, сол жерде қараңғылық серпіліп, бұған қалың қардың арасына, бүйірінен жарық түсіп тұрған тәрізденді. Ол бар дәрменмен солай қарай ұмтылып, жабысып қалған көзін ашпай-ақ аша алмай жүрсе де, ақнамы, сыртқа шыққандығын сезді.

Ковшовтың бәркінен бастап пемасына дейін мүз бөлігі катқан. Беридже жүтіріп келіп, демей тұрғызды, үстінен қатып қалған қарын жылдам қаға бастады. Жолдасының беті мен мұрны үстуге айналып ағарышырап кеткенін көріп, оның бетін ұқалады.

— Тоқта, мен өзім, — деді Алексей, тонып қалған ерні әреп қыймылдап. — Сен менің бүкіл бет-аузымды бір жағына қарай қысқайтып жіберерсің.

Беридже бір кезде оны бауырына басып сыбырдап:

— Ешуақытта мұндай абыржып көргені жоқ шығармын! Есімнен аласа жаздадым. Қарғыс атсын да, бұл араны! Қалай мойныңды үзін алмағанына шүкірлік!

Ковшов бетін сүртіп болып, өзінің жана ғана құтылып шыққан азынанына қарады. Онда құлаған қардың астына, төбесін терек үйірейген жарығы көрініп тұр. Оның жаланаптанған ылданы төмен қарай тік құлап кетеді екен. Беридже кү бұтақтарды сындырып алып, жедел от жаға бастады. Алексей ойламаған жерден құлап кеткен кезде, бас иженер оны құтқарып алу үшін сонынан ұмтылуға әзір еді, бірақ тік жардан жолдасының төбесіне құлап түсіп жүрер ме екен деп қауіптенді. Түстуге жайпақ жер іздеп жүргенде, жарылған жерден қардың суылдап түсіп жатқанын көрді, мұның барлығы Алексейдің төменде қалың қардың астында жатып жасаған қыймылынан екенін түсінді. Сонсоң ол дереу төмен қарай қарсы жүрді.

— Сенің аяғыңа не болған? — деді Алексейдің ақсандағанын байқаған Беридже үйрейленіп.

— Құлағанда қайырылып қалды, басылады ғой...

Шаңғышылар оттың қасына келіп отырды, сонымен қатар, тамактанып алуды ұйғарды. Ковшов тез жылынды. Бұлар уақыттың мән-жайын күліп отырып еске түсірді.

— Қыйыр-Шығыстың тайгасы өзі туралы берген тұрпаны бағаң үшін сенен өшін алды, — деп қалжындады Беридже.

Алексейдің аяғы да тәуір болды, олар ілгері қарай жүріп кетті. Ковшов таяксыз келеді, таяғы құлаған жерінде қалып

қойған, екі шаңғысының да табандары сыныпты. Инженерлердің енді жүретін жолы жапырақты ормандар арасы болды, бұл араның ағаштары тартқан сымдай түп-түзу, әрі биік, қазқатар тізілген бағанадай. Жәндік біткеннің бәрі мұздап, катып қалған тәрізді. Тек шаңғымен жүргендегі қардың сықырлағаны ғана тайганың тыныштығын бұзады. Беридзе тоқтады да, қарсы алдарынан естілген шуға құлағын салды.

— Ағаш кесушілер! — деді Георгий Давыдович.

Көп кешікпей араның ызыңы, балтаның даусы және құлаған ағаштың суылы құлаққа естілді. Күтпеген жерден орман ішінде, көтеріңкі әрі әдемі ән естілді, ол ән бейнебір төбеңнен ұшып бара жатып, өзінің шырын даусымен сайраған құс сыяқты ап-анық.

Орманшылар, балталарың қайрандар. Бір... екі...
Кешке дейін қыза сілтеп қайнаңдар. Бір... екі...
Кеш болғанда, жұмыстарың аяқтап. Бір... екі...
Тынығындар таң атқанша жақсылап. Бір... екі...

Алексей мен Беридзе біріне-бірі жымыя қарасты да, қадамдарын тездете түсті. Бұлардың алдынан кең жол пайда болды. Ағаш кесушілер бригадасы ағаштарды құлата отырып, инженерлерге қарай келе жатыр екен. Араланған ағаштардың сол арада-ақ бұталарын отап, арбашылар атпен жолға қарай жеткізіп жатқан көрінеді. Инженерлер жақын жерде ағаш кесіп жатқан екі жігіттің қасына келді. Өлең айтып жүрген тәпелтек, өткір көзді таңқы танау жігіт екен, оның көңілді өлеңі Алексей мен Беридзенің жанына жағып кетті.

Екіншісі — енгезердей тұлғалы жігіт — жолдасымен салыстырғанда таудай болып тұр. Ол өлең айтушыға қосылып шебер ысқырады.

Ағаш кесушілер аралап жатқан ағашын кесіп бітіріп, Беридзенің шылым тартындар деп шақырғанына келді. Бүкіл бригада осы араға лезде жыйналып қалды. Қызу әңгіме басталды; инженерлер ағаш кесушілерден өз жұмыстарының жайы мен учаске жайын сұрастырды. Ал олар майданның соңғы хабарлары сұрады. Манағы таңқы мұрын жігіттің фамилиясы Фантов екен де, үлкені — Шубин екен. Олар әрқайсысы өнімді үш жүз проценттен береміз, — деп мақтанысты.

— Учаске бастыға Рогов, ағаш арасынан салынатын жолды үш күнде жасап боласындар, — деп тапсырды, — ол жол учаскеден Адунға қарай шығу үшін керек. Сонымен бірге шпал кесетін машина үшін де ағашты сүрегінде әзірлеп береміз. Мұны біз екі күн ішінде істеп бітіреміз деп ойлаймын, — деді Шубин.

Алексей Фантовтың қолынан жылтыраған өткір араны алды.

— Гитара! Мұнымен вальс күйін тартуға болады, — деді Фантов.

— Кәдімгі қос сапты ара,— деп оның сөзін Шубин жөндеп қойды.— Біз мұны баптап ұстаймыз. Әрине, керосинмен сыбап тұрып майлаймыз, тістерін қадағалап қайрап отырамыз. Тістерін көріп тұрсыз ғой, болар-болмас бұрылған, әрбір бесінші тісі сол күйінде ол ара тісін тазарту үшін. Сонымен қатар, жұмыста да кәдімгідей әдісіміз бар. Қарап көріңіздер,— деді ол инженерлерге.— Құпия ұстамаймыз, басқа жакқа да осы әдісті үйретулеріңізге болады. Алты жүз процент қай жерге болсын керек қой!

Шубин балтаны жоғары көтеріп сілтеді де, оның жүзін оп-оңай ағашқа енгізіп жіберді. Ағаш сескенгендей дір етті, сонсоң наразылық білдірген тәрізді гуілдей бастады. Балтамен кертіп алғаннан кейін, Шубин араның сабынан ұстады. Инженерлер Фантов қашан өлең айтар екен деп күтіп тұр. Ол өлеңін жаңа түрде айтты:

Орманшылар балталарың қайрандар. Бір... екі...
Күз келгенше аспаптарың сайландар. Бір... екі...
Күзде келер жүзді қарып қарлы ызғар. Бір... екі..
Балталарың қолдарыңа алындар. Бір... екі...

Ара өктемдікпен айтылған өлеңнің сарынына еріп ызылдап, кесіп жатқан ағашқа тереңдей түсіп, аралай берді. Ара кесіп жатқан ағаштың жұмсақ жеріне келгенде, Шубин араның үш жағын басып кілт бұрып жіберді. Ара қайтадан ынылдап, ызындай жөнелді. Содан кейін Фантов тұтқасын басып, бұрып қойды. Ара бір қалыпта, әрі жылдам жүрді. Соңғы кезеңінде Шубин араны алғашқы қалпына келтірді.

— Есіңе сақта, Алеша, стахановтық әдіс — сонынан керек болады,— деді Беридзе.— Әрі оңай, әрі нәтижелі араны бұлар тегін бұлғалақтатпайды — сондықтан да бұлардың арасын ағаш қысып қалмайды. Айналдырған кезде ағашта жоғарыдан ортасына қарай үшкіл пайда болады. Қарашы, қазір олар соны кесіп жатыр! Жұмыс оп-оңай жүріп жатыр, ағаштың жуан түбі де бүлінбейді.

Араланған ағаш бір жанына қарап қыясая бастады.

— Инженер жолдастар, сақтаныңыздар! — деді Фантов саңғырлай айқайлап.

Құлауын бірте-бірте тездете түсіп, ағаш жұмсақ қардың үстіне ақырын барып құлап түсті. Ағаш кесушілердің үстіне жоғарыдан қар ұшқыны шашылды.

— Беридзе мен Қовшов шаршы түсте «қысқы» жолға — тақтайдай болып тапталған, кең жолға келіп түсті. Бұл жолдың бойына әрбір үш километр жерде селектор мен телеграф байланысы орнатылған блокпосты — домбалдап сала салған кішкене

ағаш үйлер тұр. Бұл қалада жылдан өзі жая баяғына бірдеңе түрде түсетін және бұл машиналар еркін қарасты ағылшыт жүріп жатыр. Үст-басын қарау басын алтар шаруашылыққа кәжіет әртүрлі жүзерткіш пен, бастық. Елмен құйған теріс, отың тасып жүр.

Шанғышылар жылдан қасындағы өшпенге қалашықты көрді де, дереу олай қарай бұрылды. Бұл сыяқты өшпенге қала-лар троссада тірелік түрде болып қызмет ететін, құрылысшылар ұсында тұрады және барлық қажетті әрістермен жұмысқа-лығ отырады. Таңғалып ортасында жас ағаштардан қисіліп са-лынған барактарды, моншақты, ас пісіретін үйді, прорабтың кеңісін, жатырды және астыңғы қойыңға өтпелі электростан-цияны көру осындай қызық әсер етті. Балғашылар астық қосағында әлгіде ғана қалып болып, жандыларын ұқыпты жұмысқа жаңада ғана осы жерде кеткен сыяқты болып көрінеді.

Кішкене қалада ешкім қалмапты. — прорабтан бастап, бар-лығы троссада екен, инженерлерді тек ас пісірушілер мен күн-ділі күзетшілер ғана қарсы алды. Барактардың біреуінде бес адам жатыр. үшкір тұмау-сүзек, екеуі үсіген. Инженерлер бұлардың қастарына келіп, әлгімелесіп отырды. Барактың іші жүрдай, бар мүлкі адам жататын сәкілер, темір пештер, ска-мейкалар мен ұзын столдар. Бірақ әрі жылы, әрі таза екен, Беридзе бұған риза болып: «Қыстап шығуға әбден жарайды! Жігіт-ақ Рогов» — деді.

Кішкене қалашықтың нан пісіретін жерінен инженерлер жаңа ғана пісірген, әлі суымаған ыстық нанды жеп көрді. Ас пісіретін үйде бұларға позар Ногтев кездесіп, асхана сайман-дары мен ыдыстың жеткіліксіздігін шақты. Сол арада түскі та-маққа кашы мен балық пікіріп жатқанын көріп (балық болған-да қандай — сазан!) «Күнелтуге болады!» деп Беридзе айқай-лап жіберді.

Бастықтардың келуімен пайдаланып, Ногтев өзінің мұқтаж-дарын айтып жатыр. Оның айтуынша: егер де оған қажетті нәр-селердің барлығын беріп тұрған болса, тамақты ресторандағы-дан да асырып жіберген болар еді. Ол бұдан бұрын Новни-скидегі «Аду» дейтін ресторанда істеген екен, бірақ «данқты құрылысшыларды тамақтандыру үшін» өзі тіленіп осы құры-лысқа келген көрінеді.

Беридзе ешқандай уәде берген жоқ, оған барлығы да ұнады: — Күнелтуге әбден болады. Тамақтарын өте жақсы, — деді.

Ағаштан жасалған күбілері мен сол тәрізді ағаш шелектері бар кішкене монша бас инженерді қатты қуантты. Оның мон-шаға түскісі де келіп еді, бірақ су жылығанша күтіп қалатын болғандықтан, бұл жолы қоя тұруға тура келді.

Кішкене қалаға таяу жерде автоколоннаның әлі бітпеген құрылыстары: сарай, үлкен гараж, механиктер мен шофер-

лардың жатақ үйлері бар екен. Бензиннің, май мен резинаның исі анқып тұр. Жұмысшылар жөндеп жатқан машинаның қасына үймелесіп әбігерленіп жүр.

Тіркемелері бар, труба тиеген және бос бірнеше автомобильдер диспетчерлер үйінің қасында қатар-қатар тізіліп тұр. Беридзе мен Алексей бұған да кірді. Қызған темір пештің қасында шолақ тондары май-май болып, шоферлар жылынып отыр.

Танымайтын адамдар кіріп келгенде басылып қалған труба тасу жайындағы әңгімені, пештің қасына жыйналып отырғандар қайтадан әңгіме қыла бастады. Бұлар бұдан бұрын ешұақытта мұндай үлкен әрі ауыр жүк тасып көрмегендігін айтысып, барлығы бірдей кейістік білдіріп жатты.

Үстінде түймелері салынбаған мақталы күрткасы бар, өмірде сирек кездесетін албыраған алма бет, бойшан келген диспетчер қыз инженерлерді жылы жүзбен пешке жылынуға шақырды.

— Аздап домбыққанбысыз? — деп сұрады қыз, Алексейдің бетіне бір карап өтіп.

Учаскенің материалдық ресурстары Адун өзенінің жағасындағы үлкен базаға шоғырландырылған, ол араға бұл нәрселердің бір бөлегін су жолымен, бір бөлегін мұз жолымен Новинскіден автомашинамен әкелген. Енді материалдарды трасса бойына бөліп таратып, трубаларды да тартқан желідей етіп трасса бойына тасу керек болды. Учаскенің құрылысшылары қазір, ең алдымен, транспорт жұмыстарымен шұғылдандуда: біреулері қысқы жолды жақсартып, оны тәртіпте ұстайды, екінше біреулері трубалар мен материалдар тиеп, үшіншілері соны автомашина мен және ат арбамен тасыйды.

Материалдарды жер жерге тасып жеткізіп тұру жұмысы, барлық учаскелердің басты өндірістік міндеті болды. Бұл жұмысқа Беридзе мен Алексей әдейілеп көңіл аударды. Трасса бойындағы жолдың бәрінде де инженерлер бірде-бір текшеленген ағаштарды, бірде-бір трубаны назар аударусыз қалдырған жоқ. Сондықтан, бұл екеуі шоферлармен танысып алды, олардың сөздеріне де араласты.

— Сіздердегі жағдай төртінші учаскедегіден тәуір емес екен. Барлық жерлерде сол бір жағдай.— деді Алексей.— Жолдың манайының бәрі қалай болса солай апарып тастап кеткен трубалар. Трубаларды аяғынды басқан сайын кездестіресін. Трубалар дұрысында сол араға керегі жоқ, я авария болғандықтан түсіріліп тасталған немесе шофердің жаһатсыздығынан болған іс. Бұл тура апатқа әкеліп соққалы отыр, жолдастар. Менің есептеуімше, сіздің учаскеде трубаның кем дегенде үштен бірі шашылып жатыр. Бірнәрселер ойлап табу керек болатын шығар, айтпегенде есептен шатасамыз да, трубаларды тоқтаусыз бір жерден екінші жерге тасый береміз.

— Көбінесе шоферларға қатаң болу керек.— деді диспетчер

кыз Муся Кучина ызбармея.— Оларға сарымай тасуды беріп көрші, оны жолға тастап кетпес еді, өздері әбден аксаусак болып алған: егер бірдеме келіспей калса, трубаны машинадан түсіреді де, іс бітті деп тартып отырады!

— Жұрттың бәрін бірдей балағаттау дұрыс емес! — деп шофер Солнцев Мусяға карсы шықты. Ол бет шырайы акылды, конкак мұрын, аз ғана томпақтау келген ойлы көзді адам еді.— Біздің арамызда, әрине, әртүрлі адамдар бар, бірақ ең басты себеп: жүктің өзі де қолайсыз-ақ. Болмашы бірдеме бола калса, орға домалап кеткенің. Сондықтан трубаны түсіріп кетуге тура келеді.

Материалдарды керекті жеріне тасу ісіне инженерлер тегін көңіл бөліп жүрген жоқ, шоферлар да тектен-тек шағым жасамайды. Трассаның әрбір километріне ұзындығы он бір метрлік, әрқайсысының салмағы бір тонна келетін жүзге жуық трубаны ұзыннан-ұзақ бір желінің бойына тасып апару керек болады. Алыс жаққа тасуға тура келеді. Мұндай жүктерді өзінің тиісті жеріне тасып жеткізу тек жақсы жол болғанда ғана мүмкін нәрсе. Бірақ құрылысшылардың жүк тасырлық жазғы жолы да жоқ болатын.

Құрылыстың басшылары учаскелердің алдына тым қатан міндеттер қойды: я қазір — қыстыгүні трубаларды мұз жолымен және учаскелік жолмен тиісті жерлеріне тасып жеткізеді, онда нефтепроводтарды пісіру жұмысы кедергісіз, ерте көктемнен-ақ бастала береді. Ал егер бұлай етуге болмай калып, көктем жетіп, қар бұзылып кетсе, жазғы жол салуға көп уақыт кетеді де, нефтепроводтың өзін салуға күш те, уақыт та жетпейді делінген-ді.

— Труба тасу жұмысын мен онай деп тұрғаным жоқ. Менің айтып тұрғаным, сіздер, автомобильші жолдастар, оны істеуге болмаса да өздеріңіздің міндеттеріңізді жеңілдетуге тырысасыздар,— деп Муся шоферлармен дауласты.— Сіздердің ішіңізден өзінің мөлшерлі тапсырмасын жалғыз Махов қана орындап жүр, бұл басқаларыңыздан гөрі маған жақсы мәлім. Соңғы үш күннің ішінде екі сапарда ғана оның жолы болмады. Ал Солнцев, сенің мойныңда тасылмаған қанша труба бар? Бәріңнің машиналарың бірдей, ал жұмыстарың әртүрлі. Неге бұлай?

Муся терезенің алдында отырған қой көзді шоферға мейлінше сүйсіне қарады.

— Оның жолы неліктен бола береді екен, Маховтан соны сен өзің сұрап көрші,— деді қызға жауап берген Солнцев.— Сен соған өзіңнің таныстығың арқылы далада қалдырылған трубаларды да тасылдыға есептеп жазып жүрсің бе деген ой келеді. Ол айдалаға түсіріп кетеді, сен бәрібір оны тиісті жеріне апарып жеткізді деп есептейсің.

Шоферлар ду күлісті.

— Кой-кой, Солнцев, адамға тіл тигізбе,— деді Махов ақырын, сабырмен.

— Мүмкін, солай жазып жүрген шығармын. Сен сонында дәлелде, сонда — сенікі жөн болсын! — деді Муся көзі жайнап албырттана.

— Шынында, сіздерде қалай өзі, тасып апарылған және апарылмаған трубалардың есебі дұрыс ұйымдастырылған ба? — деп Беридзе Мусядан сұрады.

Жол бойында әрбір үш километр сайын блокпосты тұр, онда есепші бар, ол тасылып жатқан материалдарды және жалпы алғанда өзінің үш километрінің шегіндегі барлық шаруашылықты бақылап отырады. Байланыс диспетчерімен бірге есепшілер әрбір машинаны белгілеп есепке алады. Шофер трубаны базадан барып алады, ал соны ең шеткі текшеге дейін жеткізуге міндетті. Егер ол трубаны жолшыбай түсіріп тастаса, есепшілер табанда байқап қалады. Кім канша апарып жеткізді, каншасын жолшыбай түсіріп кетті, соңынан есепшілердің бәрі маған хабарлайды.

— Тәртіп деген мықты, ешқайда құтыла алмайсың! — деп күлді Солнцев.— Біздің инженерлерміз Прибыдков, осы тәртіпті сол орнатты,— ох, ұқыпты шал! Бұл тәртіптің кармағына ілікпеу үшін, Мусямен және есепшімен келісіп есебін табу керек, ал бұлармен келісе алармысың?

Махов қол сағатына қарады да, тұра келді:

— Жылындыңдар ғой, достар, жетер. Кеттік

Шофер шығып бара жатып, ешкімге байқатпай қызға сүйсіне қарады. Ол да жымыя күлумен жауап берді.

Солнцев инженерлерді базаға дейін апарып салуға ұсыныс жасады, олар Махов екеуі «бос машинамен» бара жатыр еді. Беридзе оның машинасының кабинасына мінді, Алексей Маховқа барды.

— Махов жолдас, осы трубалар-ақ бір пәле болды! — деді Алексей.— Қаншама әбігершілік! Бас инженер дұрыс айтты, егер көктемге дейін трубаларды тиісті орындарына тасып жеткізсек,— нефтепроводтың жартысын істедік деп есептей беріңіз.

— Басқа жерде қалай екенін білмеймін, ал бесінші учаскеде трубалар тасылып жеткізіліп болады.— Маховтың бұл сөзі сенімді ешқандай мақтанышсыз естілді.

Машина біріне-бірі түйістіріле түсірілген трубалардың бір километрге созылған ұзынан-ұзақ бойын жағалап, ағызып келеді. Алексей қардын үстінде кара жіпке ұсап созылып жатқан трубаларға көзі күлімдей қарап:

— Осы сыяқты шұжық трубалардың сонау аралға дейін жеткенін көргің келеді!

— Аралға дейін алыс қой! — деді шофер. Бұл нефтепроводтың жатқан бір дәу ғой өзі!

— Эх, тағы да! — деді Алексей ызаланған калыппен, текшенің қасында тәртіпсіз түсіріліп тасталған трубаларды көріп.— Махов жолдас, айтыңызшы, трубалардың барлығын да тиісті жеріне жеткізу үшін сіз қандай әдіс қолданып жүрсіз. Ал сізге сәті түскенде, басқаларға қалайша сәті түспейді.

— Аздаған ғана тәсілі бар,— деді Махов. Ол алға қарады да, күліп жіберді. Менің жеткізбей жолшыбай түсіріп кеткен трубаларым Солнцевтікінен аз емес, бірақ мен Мусямен, есепшілермен келісе білдім.

Алексей шофердың сөзін қалжың деп түсінді. Махов оған өзінің ісіне сенімділігі, ақылды кейпі мен сүйкімді жүзі арқылы қатты ұнады.

— Көптен бері машина айдап жүрсіз бе?

— Бес жыл болды. Жетіжылдықты бітіргеннен кейін гаражға келгем. Рас, арасында үзіліс те болды, менің музыкаға бейімділігім бар еді, былтыр музыка мектебіне түсіп, қалалық оркестрде ойнай бастадым. Өзім Благовещенскийдікімін, сонда өсіп, сонда оқығанмын.

— Музыканы неге тастап кеттіңіз?

— Маймақсың деп мені армияға алмай қойды. Ал оркестрде тыныштық тауып отыра алмадым. Жолдастарың соғыста жанын аямай жүргенде, баянның тілін басып, трубаны үргілеп отыруды ұят көрдім. Мені құрылысқа қалалық комсомол комитеті жіберді. Сонда маған: бұл майдан болмағанымен, мұнай үшін күрес, ол да соғыспен бірдей деген еді. Енді мына жатқан қысқы жолдармен жүріп миканат шектім, машинаны иығыма салып сүйредім, мұның майданға ұқсас екеніне көзім жетті...

— Білесіз бе, жолдас Махов, трубаларды тасуды ұйымдастыру әдісін аздап өзгертсе деген маған бір ой келіп тұр,— деді кенет Алексей. Қане, соны ақылдасып көрейік: іс шыға ма, жоқ па?

Бұған дейін учаскелерде трубаны «бергі жақтан әрі қарай» тасып, яғни складтан апарып түсіретін жердің бергі шетіне дейін, бергі жақтан әрі қарай алыстай отырып тасып келді. Бұл сыяқты әдісті қолданғанда, әрдайым «жеткізілмей қалған» немесе тиісті жеріне тақалғанда амалсыздан түсіріліп қалдырылған труба,— осының бәрі босқа кеткен еңбек, өйткені бұл араларда бұрын әкеліп тасталған трубалар да толып жатыр. Алексейдің ойына трубаларды «арғы жақтан бері қарай» түсіріп тасу әдісі — трубаны әуелі ең арғы шетіне апарып түсіру, сөйтіп рейсті біртіндеп бері қарай қысқарту, автомашиналарға труба тиеліп жатқан базаға қарай біртіндеп жақындай беру әдісі келіп түсті. Бұл әдісті қолданғанда, тиісті жеріне жеткізілмей амалсыздан жолшыбай түсірілген трубалардың қандайы болса да, далаға текке түсірілген болып шықпайды» ол труба сол араға тасылуға тиісті трубаның орнында қала береді.

— Тамаша! — деді Махов дауыстап, Алексейге таңырқай қарап.

— Дұрыс па? Сынап көру керек. Ақылға салып көргенде бәрі дұрыс.

— Сынаудың керегі жоқ, сынап болғанбыз, — деді Махов, әлі де танырқаған қалпы.

— Қай жерде сыналды? Кім сынады?

— Мен өзім сынадым. Бірнеше күн болды, трубаны дәл осы сіз айтқандай «арғы жақтан бері қарай» түсіру әдісімен тасып жүрмін. Бір ойдың екі бірдей адамның есіне келуі, ғажап нәрсе. Қараныз, осы әдісті мен де «арғы жақтан бері қарай» тасу әдісі деп атап едім.

— Рас айтасыз ба? — деп Алексей де өзінше таң қалды. Алайда, сүйіктім-ау, сен өзіннің жолдастарыңа неге айтып түсіндірмедің? Немене, аядың ба?

— Жоға, аяйтын не бар! Мұның қалай болғанын айтайын. Менің басыма осы ой келе бастағанда, біздің транспорт жөніндегі бастығымыз Полищукпен бірден-ақ ақылдасқан болатынымын. Менің ұсынысым оған ұнамады. Таяу жерлерде әлі труба жоқ уақытта, машинаны учаскенің қайдағы шетіне айдау деген оған күдіктілеу болып көрінді. Бөліп тасу дегенді жуықта ғана бастадық, есеп жұмысын жана-жаңа тәртіпке салып келеміз, енді соның бәрін кенет өзгерту керек. Ол мұнан үзілді-кесілді бастартты.

— Сіз Мусямен, есепшілермен сонсоң барып келіскен екенсіз ғой? — деп Алексей қарқылдап күлді.

— Дәл солай. Мен екі-үш күнге дейін, жақсылап тексеріп алу үшін, осылай үн-түн жоқ ақырындап тасый бермекші едім де, жұрттың бәріне соңынан айтпақшы едім. Ал сізге де дәл осындай ой келіп қалған екен, енді Рогов пен Полищукке ұсыныс жасаныз. Менің қайта қалтарыста қалып қойғанымның өзі қолайлы, өйткені өз бетіммен кеткеніме Полищук кешірім жасамас.

— Түк те емес. Керісінше, сіздің ұсынысыңызға көңіл қоймағандығы үшін Полищуктің өзіне кіна тағу керек. Біз енді барлық жерде де «арғы жақтан бері қарай» тасу әдісін енгізетін боламыз, мейлі кім болса ол болсын, қарсы болып көрсінші.

Базаға келгеннен кейін, инженерлер Маховпен, Соллицевпен коштасты. Шоферлар тасуға тиісті трубалардың кезектегі бір бөлегін тиеуге кірісті. Қовшов пен Беридзе өз жолдарына кете барды. Алексей Маховтың ұсынысы жайында Беридзені қызықтыра айтып келе жатыр. Беридзе оның жақсы ұсыныс екенін бірден бағалады.

— «Арғы жақтан бері қарай» түсіре тасу әдісі үлкен қозғалыс туғызады, көрерсін әлі, — деген тоқтамға келді ол. — Екеуің де жігітсіндер.

Осы маңайда оң жақтағы орман тасасында көрінбей тұрған ағаш заводы бар жақтан бір қалыпта тарсылдап шыққан мотордың даусы, бөренелерді бой-бой етіп тіліп жатқан аралардың ызыны сыңсып ән салғандай естіледі. Беридзе тындай қалды, оның жүзі жадырап кетті.

— Тартымды музыка! Моцарттыкінен де жақсы! Қалай деп санайсың, Алеша?

— Аварияны кара, Георгий! — деп айқайлады Алексей.

Алдыңғы жақта, қысқы жолдың бұрылысында, труба тиеген жүк машинасы жүріп келе жатып, қарсы алдында келе жатқан автомашинаның кабинасын тіркегішінің бортымен соғып өткен. Екеуі бірден бұрылғанда, жолды қоршаулап бөгеп тастаған. Шоферлар кабинадан атып шығып, бірін-бірі балағаттап сыбап жатыр. Жол үстінде жұрт жүре алмай тығылысып қалыпты: жана келе жатқан автомашиналар таянып келіп, тоқтап қалып жатыр, шаналылар бұлардың арасымен сыналанып өтіп кеткісі келіп әрекет жасауда.

Сыңған машинаның кабинасында шофердың серігін жаншып кеткенін жанағы опыр-топырда жүргендер бірден байқамай да қалыпты. Ақырында, ынкылдап жатқанын біреу естіп қалыпты. Жұрттың бәрі ду көтеріле жараланған адамның қасына келіп, кабинадан түсіріп, бос тұрған машинаға апарып мінгізді. Жұрт осыдан кейін татуласқандай болып бәрі бірдей жабылып тіркегіштерден трубаларды түсіруге өршелене кыймылдап, жан ұшыра кірісті. Трубалардың біреуі дүріс етіп жол үстіне түсті де, домалап отырып, өткелді күтіп тұрған бір шаналының алдына барды. Үстеріне домалап келген бұл кара пәледен шошынған аттар қатты үркіп оскырып, аспанға шапшыды. Шананын сықырлап сынған даусы естілді.

Жүгіріп жеткен инженерлер де, бұлардың ісіне келіп араласты. Алексей аттарды бір жағына қарай алып шығаруға әмір етті. Беридзе шоферларға бірдеме айтып жатыр.

— Сақалдым, кел бері, шаңғыны шеш, трубаға жақында, айтпесе жөніне жүре бер! — деді оған ашуланып тұрған шофер.

— Тәртіпсіздікті дереу тоқтатындар! Тіркегіштерді жөндеп қойындар да, трубаларды қайтадан тиендер! — деп айқайлады Беридзе, шаңғысын тастап жатып.

— Билік соғатын сен кімсің өзің? — деді шофер назаланып.

— Бұл құрылыстың бас инженері, айқайламаңыз оған! — деп Алексей де өзінше ақырған болды. Сөйтіп, ол өзінің тұтқыйылдан айтып қалған сөзіне күліп жіберді. — Кәне, жолдас-тар, өз машиналарыңды бөлек алып шығарындар. Тіркегіштің орнына мына бакырауықтың өзін қойып, бар жүкті соған артамыз. Мейлі апаратын жеріне дейін алып барсын.

Бірнеше минуттан кейін жолдағы жүріс қалпына келді.

— Жігітті аяймын, тым жас екен,— деді Алексей.— Жаман езіп кеткен.

— Нефтепровод үшін күрес те құрбансыз болмайды, Аleshа...— Біздің шығындарымыз ғой бұл,— деп қатты күрсінді Беридзе.

Жолдың бойындағы қар басып түнерген орманды көзімен бір шолып өтті де, қолында гранаты бар ағаш көпірге қарай жер бауырлап бара жатқан Митяны Алексей ішінен ойлап көз алдына елестетті. Новинскіден бері қарай шығар алдында Ковшов посылка даярлаған (консерві, жылы ұйық, махорка — інім тегі шылым тартуды үйренген болар деп) және посылканы Митяның әскери мектебіне жіберу үшін Женя Козловаға тапсырып кеткен-ді.

— Жігітті аяймын,— деді Алексей жанағы сөзін қайталап.

— Бұл жөнде Сталиннің қандай қамығып сөйлегенін ешуақытта ұмытпаспыз,— деді күбірлеп, соғыстың ұлы құрбандары жайында ойлаған Беридзе.

Екінші тарау

РОГОВТЫҢ ШТАБЫ

Өзінің штабымен Рогов орналасқан нанай селениясы — Тывлинге дейін бес километрге таяу жер қалды. Инженерлер жылыну және Роговтың қайда екенін білу үшін таяу жердегі блокпостыға қарай бұрылды. Бұлар кірер-кірместе селекторшы-диспетчер орнынан атып тұрып, әскерше сәлемдесті.

— Сіз кімге бүйтіп сәлем беріп жатырсыз? — деп сұрады Беридзе.

— Бас инженер мен оның орынбасарына,— деп диспетчер шып-шыйрақ жауап берді. Біз бүкіл учаске болып сіздерді баяғыдан бері бақылап отырмыз. Бастығымыз сіздерді штабта күтіп отыр. Шоферларға қалай ұрысканыңыз туралы оған селектормен айтып бердік.

Диспетчер асыға аппараттың қасына қайтып келді де, құлақшаны киді.

— Мен сөйлесейін, Роговты қосып жіберіңіз,— деді Георгий Давыдович.

— Беридзе жолдас, тоқтай тұруға тура келеді, онымен қожайын сөйлесіп жатыр.

— Қандай қожайын?

— Батманов ше?

Диспетчердің құмарта тындап отырғанына, оның жымыйып күлгенінен, Беридзе қызық әңгіме болып жатқанын түсінді. Ол құлақшанын екіншісін алып құлағына тосты.

— Жолдас Рогов, мен сізден сұрап тұрмын,— деген Батма-

явтың даусы естілді, — сіз менің бұйрығымды неге орындамадыңыз.

— Я. Василий Максимович... — деп жауап катқан Роговтың даусы шықты.

— Не «я»? — деп Батманов бөліп жіберді. — Әлгімені қайтадан бастайық. Жетінші учаскеге кетіп бара жатқан он машинаны сіз өз бетіңізбен жолшыбай ұстап алып қалыпсыз. Дереву қайтарыңыздар деп мен бұйрық бергемін. Олар қайда?

— Василий Максимович, мұнда келіп қабылдап алуға жетінші учаскемен асықпай жатқанына мен кіналы емеспін ғой. Олар өздерінің адамдарын жібермей жатыр.

— Сіз мені алдамаңыз, Рогов. — Машинаны алып кел деп кепте сіздерге жіберген адамы, міне, менің алдымда тұр. Күні бұйым ізлесе де ол сізді таба алмапты. Бұл не деген түсініксіз уақытпа!

Берілде құлақшаны қаттырақ такады. Диспетчердің қадағалап тыңдағандығы сондай, тіпті шыдамағандықтан ерні жыбырлап отырды.

— Менің жазығым қанша! Пайымсыз адамды жібермеулері керек еді!

— Жарайды, Рогов, жетер! Мені бір аңқау балаға айналдырмаңыз. Оның сізді неліктен таба алмай қайтқанын мен өте жақсы білемін. Мұны Батманов біле қоймас, ал мен мынау олжа машинамен әлі де екі-үш тәулік жүре тұрармын, қосымша жүздеген труба тасып алармын деп ойладыңыз ғой.

— Маған нақактан жала жауып отырсыз, Василий Максимович.

— Жолдас Рогов! — деп Батмановтың даусы санк етті. — Машиналарды жыйнап алып, ертең жетінші учаскеге өзіңіз апарасыз.

— Неге өзім? Осыз да менің жұмыстарым жетеді...

— Мен бір рет айттым ғой... Енді қайталап айтпаймын.

— Болады!

— Ендігәрі мұндай жағдай болып жүрмесін! Балық жайындағы бір қолайсыз жағдайды есіңізге салып қойғым келеді.

— Василий Максимович, біздің сөзімізді менің карамағымдағы қызметкерлерім тындап тұр.

— Абыройыңызды төгеді деп қорқамысыз? Сіз қорықпаныз. Егер өзіңіз аяқ асты етіп жүрмесеніз, сіздің абыройыңызды ешкім төкпейді. Біреудің машинасын барымталап алғаннан, оның үстіне өздеріңізбен жарысып жүрген жолдастардың аяғынан шалғаннан — сіз өзіңіздің абыройыңыз төгіледі деп қорықпайсыз ғой?

— Василий Максимович, мен сізден тағы бір рет өтінем... Біз жалғыз өзіміз ғана емеспіз.

— Жақсы, ендеше оңаша сөйлесеміз. Біраз тыныс алғаннан

кейін — линияда кім бар, — бәріңіз де аппараттан аулақ кетіңіздер! — деп Батманов кенет команда берді.

Диспетчер трубканы тез қоя салып, терезе жаққа кетті. Беридзе күліп жіберді, ол Алексейге құлақшаны ки деп ымдап белгі берді.

— Василий Максимович, сөйлесуді кейінге қалдыруыңызды сұраймын, — деді Рогов. — Бәрібір бізді тыңдап тұр.

— Мейлі, егер ондай арсыз адамдар болса тыңдай берсін.

Беридзе мен Қовшов жымыйысып қойды. Алексей бір қолымен құлақшаны ұстап тұрды да, екінші қолымен өзінің аздап үсіген бетін сыйпап көрді. Жылы үйде беті қызарып, тотығып және ісіңкірей бастаған екен.

— Мен сіздің қарамағыңыздағы адамдарға, сіздердің бастықтарыңызды құрметтеймін, ол білгіш, жігерлі бастық деп айта аламын, — деді Батманов тағы да. — Сонымен қатар ол істеуге болмайтын анархиялық қылықтарды да жасап қояды. Керек болса, біздің мұз магистралында бұл қылықтардың өзін барып тұрған талаушылық деп айтуға да бейіммін.

— Василий Максимович, сіз мені өкпелетесіз! — деп айқайлады Рогов.

— Ал сіз мені әлдеқашан өкпелетіп қойдыңыз! — деп Батманов дереу жауап қатты. — Авантюра жасауға ұйғарғанда, сіз мен туралы ойладыңыз ба? Мені осындай нәрселерге төзе қояды екен деп қалайша ойладыңыздар? — Батманов біраз үндемей қалды да, содан кейін саябырланқырап сөйлей берді: — Сөйтіп енді, балық жайында айтайын. Сіздің сол іске қатынасыңыз болыпты деген уақытта, мен сенбеп едім. Енді сендім. Айтарымның бәрі осы. Машина жайындағы ісіңізді ешуақытта ұмытпаспын!

— Бастық жолдас, менің сізбен дереу жолығып сөйлесуім керек. Баруға рұқсат етесіз бе? — деп жалынды Рогов.

— Рұқсат етпеймін. Сөзді бітірдік. Менің берген бұйрықтарымды орындауға тырысып көріңіз. Жақсы машиналарды жаман машинаға ауыстырып алып қалып жүрмеңіз.

— Василий Максимович! — Ыза кернеген Рогов айқайлап жіберді, бірақ сөз үзіліп қалды. Роговтың қалай күрсініп, тісін қайрағаны естіліп тұрды.

Инженерлер Роговты орнынан таба алмай қаламыз ба деп қауіптеніп, Тывлинге қарай жүруге асықты. Селектормен сөйлескен әңгімені жол үстінде келе жатып есіне түсіріп, Беридзе басын шайқады.

— Балық жайындағы әңгіме дегені не, сен білмеймісің? — деп сұрады Алексей.

— Білемін... Осы туралы Залкинд Батмановқа менің көзімше айтқан-ды. Бұрнағы жылы Рогов Адунның сағасындағы бір балық зауытында директор болып жұмыс істейді. Қит балық-

тарының жүретін кезінде балық заводтарының бірнеше директорлары бірлеседі де, балықты өз ауларына айдап әкелу үшін бір әдіс-айла жасап шығарады. Осы әдіспен олар екі жылдық жоспарды орындап шығады. Сөйткен кезде кит балықтардың көбін үркітіп, балықтың бірталайы өзенге қарай жүрмей қойған. Осының салдарынан Адунның жоғарғы жағындағы балық заводтары жоспарларын орындай алмапты-мыс.

— Сұмдық екен! Қалайша Роговтың осындай істерге батылы барды екен? Сенгім келмейді,— деп таңырқады Алексей.

— Айласын асырған балықшыларға сот болған. Олар жазаланған. Бірақ Рогов бұл іске қатнаспағанын, оған қарсы болғанын дәлелдепті. Залкинд осы туралы әңгімелегенде, ақыйкатында Рогов мұнда кіналы емес деген сарында өзінің пікірін айтқан болатын.

Қысқы жол, оң жаққа, өзенге қарай бұрылды. Инженерлер Тывлинге баратын жолды қысқарту үшін, жалғыз аяқ жолдың біреуіне келіп түсті. Үлкен және кішкене дөңгелек суаттар мұз үстінде қарауытып тұр. Оларда су қайнап, буы бұрқырап, күмістей сылдырап ағып жатыр. Суаттардың маңайында нанайлықтар үйме-жүйме болып, біресе балық аулайтын құрал-сайманын судың ішіне салып, біресе тартып шығарып алады. Мұз үстінде тастай болып катып қалған шортан, сазан, табан балықтар тау болып үйіліп жатыр. Судан алынған балық қыймылдауға шамасы келер-келместе-ақ катып қалады.

Суаттардың біреуінің қасында, суатқа көлденең қойылған жуан ағаш казықтарға бірнеше адам жыйналып құрал-саймандарын байлап жатыр. Қалғандары — бір топ адам — арқан жіптен ұстап тұр. Суды толқындата көтеріп бір үлкен нәрсе тулап жатыр, балықшылар да ол жаққа бір, бұл жаққа бір теңселіп қолдарындағы құрал-саймандарын әрең дегенде ұстап тұр.

Шаңғышылар көруге әуестеніп тұра қалысты. Аңадай жерде әртүрлі жіппен кестелеп тіккен торбаза киген, басында аң терісі құлақшыны бар, сондай күртке киген карт нанай отыр. Ол таяққа байланған жуан жіптің ұшындағы кармақпен — «сілтегішпен» суаттан үлкен балықтың бірінің соңынан бірін шығарып ала бастады. Нанай инженерлерге көзін тікті де, жайымен сөйлеп:

— Балықтың үлкені ілікті. Калуга емес пе екен деп қалдық. Үйге жеткізу қыйын, қара, қанша адам жүр. Машина шақыруға тура келер, мұндай балықтардың қолға ілігіп тұрғаны жақсы ғой қызыләскерлерді жақсылап тамақтандырамыз,— деді.

Калуга Адун өзеніндегі ең ірі балық, кейде салмағы сексен пұтқа дейін жетеді. Оны өзеннен қалай сүйреп шығаратынын көруге құмартса да, инженерлер кідіре алмай асығып ілгері жүріп кетті. Бұлардың соңынан балалар ерді, олар барған сайын көбейе түсті. Кейбіреулері озып алға шығады, кейбіреулері

бұларға карсы жүгіреді. Бұрын танымайтын адамларды, әсіресе кыраудан сакалы аппак болған Беридзені көргенде антрадиттің (жылтыр тас көмір) сынығы тәрізді жалтыраған қап-кара көздерін бажырайта қарады. Балалардың соңында, келген инженерлер мен шаруасы жок, олай бір, бұлай бір шауып, түрі қабаған, сабалак иттер де жүр.

— Экспедиция келді! — деп айкайлады балалар. — Экспедиция!

«Экспедиция келді» дегені сен екеумізді айтқаны, — деп күлді Беридзе. — Міне, мұнда сен жана гольдтарды көресін. Бұлардың тұрмысын Тывлинде болғанда қадағалап байқауына кенес берем. Бұл Адундағы қоныстардың ең үлкенінің бірі... Бұларға тас дәуірінен біздің совет ғасырына бірден аттап өтуге тура келді — мұндай жазмышка ие болған елді анықтап зерттеудің өзі аз көңіл бөлетін нәрсе емес. Әлі күнге кітаптарда жазылмаған, Москва облысында тіпті жок нәрселерді көресін!.. Зерттеу жұмысында жүргенде бұл арада болған елім, бірақ содан бергі бірнеше жылдар ішінде Тывлинда, әрине, барлығы өзгеріп кеткен.

Бір бұрылыстан шыға келгенде қоныс бірден көріне қалды. Ол Адун өзені бойында биікте, сол жақ жарда орналасқан. Әрбір үйдің шатырының үстінен тіп-тік болып будактап шығып жатқан түтіндер, осы селение түгелімен шылым тартып тұрғандай; күн шұғыласы түтіннің түрін бірде қызғылт күрең, бірде жалын түстес, бірде алтын өңдес етіп бояп тұрған тәрізденеді. Қыстыгүні көкшіл аспанның жүзінде бұл көрініс мереке күндерінің әшекейлі түріне ұқсайды.

Қоныстың шеткі үйінің қасында, өзен мұзының үстінде, инженерлерді бір топ нанайлар күтіп тұр. Олардың ішінен үстіне шолак тон киген, басқасына қарағанда тым сұнғақ бойлы, жақ сүйектері шығынқы жалпак бет біреуі инженерлердің алдарынан карсы шығып, сельсоветтің председателі Максим Ходжермін деп таныстырды өзін. Сөзін анық айтуға тырыса сөйлеп, ол келген қонақтармен сәлемдесті.

— Сіздер бізді, тегі, бір экспедиция ғой деп ойлайтын болсаңыз керек. Біз құрылыстанбыз, — деді Беридзе. — Роговка бара жатырмыз, ондай адамды білуші ме едіңіздер?

Ходжер де, басқа нанайлар да балаша шын ыкластарымен ду күлісті.

— Ендеше, біз де сол құрылыстанбыз, — деді Ходжер. — Роговпен біргеміз. Ол бізге көмектеседі, біз оған көмектесеміз. Сіз туралы да, жолдас Беридзе, көп есткеніміз бар. Александр Иванович бізге бәрін айтқан болатын. — Құрметтей, тіпті қуана сөйлеп нанай тағы былай деді: — Трассаны біздің жаққа көшіргеніңізді де білеміз. Новинскіге жол ашқаныңыз үшін бүкіл

нанайлар сізге рахмет айтатын болады. Біздің фанзаға (үйге) баралық, демаларсыздар.

Өзін мактағанға көтеріліп қалған Беридзе де, жолдасы да, қонақ бол дегендерін шын жүректен қабыл алатындығын, бірақ алдымен Роговка баратындықтарын айтты. Нанайлар инженерлерді қоныстың бойын өрлей думандатып ертіп жүрді. Бұл қоныстың өзі екі қатар қып салған түзу, кең көшелі, берік ағаш үйлері бар кәдімгі орыстың деревнясына ұқсас еді. Ходжер, бұрынғы әдеті бойынша болу керек, бұларды әлі фанза дейді, бірақ инженерлерге Адунның басқа қоныстарында кездескен дінгектің үстіне салынған тапал фанза мен кішкене үйшіктер бұл арадан мүлдем кездеспеді. Тек ит жегетін шана мен лапастың астындағы ұзын шаналар ғана, селеннің нанайдықы екенін көрсетіп тұр. Сонымен қатар көп үйлердің қасында, орыс деревнясының бәрінде болатын, айналасы шарбакпен қоршалған кішкене бакша жоқ еді. «Аспалы қауғасы» бар құдықтары да көрінбейді, нанайлар суды өзеннен алып ішеді.

Ходжердің Беридзе мен Қовшовты жолшыбай кездескен аурухананы көруге шын көңілімен шақырғаны соншалық, бұлар бармаймыз дей алмады. Бұл өте жылы, тазалықтан айнадай жалтыраған кішірек келген үй еді. Инженерлер аурухананың меңгерушісі, егде тартқан дәрігер орыс әйелімен және оның көмекшісі, жас нанай әйелі — фельдшер Валямен танысты. Балалар яслиіне кіруге де тура келді. Дәл сол кезде шешелері балаларын үйлеріне әкетіп жатыр екен. Яслиде у-шу. Қонақтар екі кең класы бар, жап-жаңа қара парталары бар мектепті де көрді.

Ходжер әңгіме үстінде қоныстың тұрмыс жағдайлары туралы да айтып үлгірді, отан қорғау қорына колхоздың қаншама көп аң терісі мен балық бергенін, өз бакшаларынан сонша көп оwoшь алғандығын мактан етіп айтып жатыр. Оларға ерген халық барған сайын көбейе түсті. Председатель әвешшіл балаларды қып еді, олар айғай күлкімен каша жөнелсе де, қалыспай жанамалап еріп отырды. Оларға ересектер, тіпті қарттар да келіп қосылды. Үйлерінен шыққандар соншалық әуестіктерінен именбей инженерлерге бастан-аяқ тесіле қарайды. Алексейдің назарын аударған нәрсе: оюлап кестелеген қоңыр түсті немесе ала шапан киген шалдар мен кемпірлерден басқа нанайлардың барлығы кәдімгі қала киімдерін киген.

Ходжер Алексейдің шаңғысының сынық екендігін көргенде-ақ байқаған болатын:

— Сіздің шаңғыңыз мүлдем істен шыққан көрінеді. Ештеме емес, басқасын — тәуірін берерміз. Біздің сыйлығымыз болсын. Ол сол арада инженерлердің шаңғыларын алды да, қатар келе жатқан жігітке берді.— Бұларды ескерткіш етіп алып қой. Степанға айт, ең тәуір деген шаңғыны таңдап алсын да, таңертең маған әкеліп берсін,— деп әмір етті.

— Менің осы арада Мафа дейтін таныс қартым бар еді. Ол өлген болар, тегі? — деп Беридзе есіне түсірді де, оның жайын Алексейге түсіндірді.— Ол екінші Дерсу Узала, көптеген экспедицияға жол көрсетуші болып жүрді. Оған талай рет келіп жөн сұрағанбыз. Соның өзінде ол тым қартайған адам екендігі есімде.

— О, Мафа! Ол әлі тірі. Ол жүз онға келді. Қазір тек ұйқтау мен тыр-тыр қасынуды ғана біледі! — деді дауыстап кейінде келе жатқан бір бала жігіт. Барлығы күліп жіберді, әлгі бала жолдастарының тасасына тығылды.

— Тірі ме? Тіпті жақсы! — деп қуанды Беридзе.— Мен оны сөзсіз көруім керек. Оның өзі де және басқа қарттар да керек маған. Олармен ақылдасуым керек.

— Мафа, губернатор Муравьев жайында да еске ала бастар! — деп айқайлады баяғы дауыс жұрт ішінен.

— Володька, сен онда неғып жасырынып тұрсын? — деді Ходжер және мақтанатындығын сездіріп былай деді: — Бұл менің жиенім. Рубежанскіде, техникумда оқыйды, мұнда қонаққа келді... Рогов жолдас міне осы арада тұрады,— деп қолымен көрсетті.— Оның адамдары біздің фанзаларда тұрады.

Роговтың штабы селениенің шетіндегі бес үйді алған екен. Учаске бастығы конторының қарсысында сельсовет бар. Ходжер инженерлерге жақында тұрған өзінің үйін көрсетті де, бұлардың арқасындағы қапшықтарын шешіп алып, үйіне кетті.

Рогов екі столы және скамейкалары бар бөлменің ортасында тұрып, инженерлерді жайшылықта селектор арқылы сөйлесіп жүргендегіден әлдеқайда байсалды түрде қарсы алды. Ол сол арада тұрған: өзінің орынбасары — Хлыновты, транспорттың бастығы — Полищукті және партия ұйымының секретары — Котеневті бұларға таныстырып өтті.

— Біз таныспыз,— деді Алексей.— Сіз өзен қызметкері едіңіз ғой? Мамандықты өзгертіп алдыңыз ба? — деп сұрады ол Полищуктен.

— Менің мұнда не бары үш кішкене катерім ғана бар. Олар қазір ремонтталып жатыр, ал мен күшімді қайда жұмсамақпын,— деді Полищук ашық шыраймен. Ол Роговтың түнере караған ажарын байқап қалды, тегі Рогов әңгімені өзі қатыспай бастағанға наразы болу керек, бойын әскерлерше түзеп алды да,— кетуге рұқсат етіңіз? — деді.

— Біз мұнда сөйлесіп болғанша Полищуктің жұмысын тындыра тұрыңыз,— деді Рогов Хлыновқа.

Хлынов пен Полищук қатардағы бөлмеге шықты. Роговпен тек екі-үш рет азғана уақытқа кездесу арқылы ғана таныс болған Алексей, оған көңіл қоя карап отыр. Бойына қона қалған ысырмалы ілгегі бар сары былғары күртка киген Роговтың сом тұлғасынан алып қайраттың лебі шарпып тұр. Оның үнемі су-

ықта жүргендіктен түтігіп, конырайған сүйір иекті, көз аралығы кашык біткен кыр мұрынды жүзінде ерлік пен кажырлықтың белгісі бар еді.

— Вельми бе грозен воевода Тывлинский!¹ — деді Беридзе, кожайынға сүйсіне карап.

Түнеріңкі және бірдецемен шұғылданған Рогов оның калжынына ешқандай жауап кайтармады. Инженерлер бұл салкын кабылдаудың себебі, учаске бастыгының Батмановпен катты сөйлескенідігінің салдары деп түсінді.

— Демалуга неге бармадыңыздар? — деп сұрады Рогов ашуланғандай және Алексейге біртүрлі жактырмаған көзімен, кадала карап. — Роговты сөгуге асықтыңдар ма, бастык жолдастар? Бұған үлгеретін едіңіздер ғой!

— Несі бар, керек болса сөгерміз де. Қайдағы бір алам айтпайтын сөзді тауып алғансын! — деді Беридзе, бірден байсалды сөзге көшіп. — Александр Иванович, істің пайдасы үшін, ұрсысудың да сөкеттігі жоқ. Айтқандай уакыйғаны алдын алә болжамасаныз да болатын еді ғой, өзіңіздің тіленуіңіздің кажеті не!

— Ұрысыңыздар, сіздердің істеріңіз сондай ғой! — деп Рогов колын сілтегенде курткасының былғарысы сықыр-сықыр етті. Учаскемдегі жұмыстың жаман екенін мен өзім де білемін. Артык трубалар трассада мағнасыз үйіліп тасталды! Складтарды жөндеп салғамыз жоқ! Жұмысшылардың барактарында да жағдай жоқ, көңілсіз. Ертеңіні ойламаймын, жоспар дегенге қырым жоқ, бір айдан кейін не істейтінімді білмеймін. Солай емес пе? Осы үшін Батманов маған ұрсып та алды, енді сіздер ұрсыңыздар!

Котенев бұйраланған жирен шашын сыйпап койып, учаске бастыгының сөзін ұнатпай тындап отырды және оны көз ишаратымен токтатуға әрекеттенді.

— Осыны не үшін айтып отырсын, Александр Иванович? — деді ол акыры.

Столдың касында отырған Беридзе орнынан түрегелді.

— Керексіз әңгімеге кірісіп кеттіңіз, Рогов. Сіз кызу аламысыз, мен сізден де кызуырак — канша айтқанмен кавказдықпын ғой. Сондықтан бірімізге біріміз жоқ-барды айтып тастауымыз мүмкін. Жүріңіз, Алексей Николаевич, Ходжердікіне баралык. Қожайынның ашуы аздап басыла түссін.

Ол есікке карай жүрді, Алексей соңынан ерлі. Рогов лып етіп есіктің алдына барды да, бұлардың жолын бөгеді.

— Егер кететін болсаң, естен калмастай жәбірлегенің, Георгий Давыдович! Мен сені жібермеймін. Одан да сен маған ұрыс немесе ұрып жібер.

¹ Тывлиннің айбарлы колбасшысы деген сөз.

Беридзе оған көз токтата карады.

— Демек, былай деп келіселік, Рогов: біздің басқарма өкілдері екендігімізді, саған қонаққа келмегенімізді, сен есінде сақтайтын боласың. Онда біздің ісіміз жұдырыктасусыз-ақ реттеледі. Ал былайша сені, соғып жіберуге тура келіп жүрмесін!..

Инженерлер столдың қасына қайта келді. Рогов өз орнына отырды. Оны өз жайына қалдырып, Беридзе мен Алексей өзара ақырын сөйлесе бастады. Рогов бұларға қарап отырды да, Котеневпен бірге далаға шықты.

Жұқа қабырғаның аржағынан оның:

— Фельдшерді осында шақыр! Басқарманың өкілдеріне тамақ әкеліп берсін деп айт,— деген қарлыққан даусы естілді.

— Фельдшердің не қажеті бар? Ашуын басу үшін валерьянка ішкелі жүр ме, қалай? — деп Алексей күліп жіберді.

Қатардағы бөлмеде не жайында сөйлесіп жатқандарының бәрі де инженерлерге естіліп тұрды.

— Александр Иванович, өз мінезіңді несіне көрсеттің? — деп сұрады Котенев.— Машина үшін ұрысканы әбден әділеттік. Партия жыйналысында біз оның үстіне тағы қоса түсеміз.

— Котенев, қойсаңшы өзің! Сенсіз де жеткілікті болып жатыр! — деді Рогов дауыстап.

Дауыстар дабырласып кетті, соңынан Рогов тағы сөйледі:

— Полищук, сен, механикпен бірге ана машиналарды әбден қадағалап қарап шығасың. Ертең ертемен оларды өзім қабылдап аламын да, жетінші учаскеге апарып саламын.

— Үлгіре алмаймыз, Александр Иванович. Машиналардың барлығы да сапарда жүр. Кейбіреулері учаскенің арғы шетіне кеткен, ертең ғана қайтып оралады,— деп Полищук қарсылық білдірді. Ол машиналар артық бір-екі күн бізде болса, одан ешнәрсе күйіп кетпес.

Рогов ұрсып тастады:

— Артық екі күнді мен саған көрсетермін! Қарғыс атсыншы сол машиналарды. Осылар үшін есітерімді есіттім. Менің айтқанымдай етіп істейсін. Тағы бір тапсырма: түнге дейін автобазаға қайтып келген шоферлардың барлығын маған алып келесің. Олардың да сыбағасын берейін.

— Александр Иванович! Машиналардың тарихы бізге белгілі, сен онда босқа сыбырласып жатырсың! — деді Беридзе айқайлап. Өзіңнің орныңа кел де, бар даусыңмен команданды бере бер.

Рогов қайтып кірді де, инженерлерге көз салмастан, столға барып отырды. Полищук, Хлынов пен Котенев те келіп кірді.

— Сен бар енді,— деді Рогов Полищукке, тезірек қыймылда!

— Ұқтым,— деді де ол шығып кетті.

Бөлмеге ақ алжапқыш таккан падностың үстінде тарелкелер мен кастрельдері бар екі әйел келіп кірді. Олар инженерлердің алдында тұрған столға дастарқан жауып, ас әзірледі.

— Оһо, қуырылған калуга еті! Бұл, тегі, манағы суаттан тартып алып жатқан балықтың өзі болды ғой. Дұрыс емес пе, Алексей?

— Беридзе тәбеттене балық жеуге кірісті.

— Батмановтың сөзін бәріміз де естідік,— деді Рогов күңкілдеп, Хлыновқа мойын бұрып.— Солай бола тұрса да түк істелмей жатыр. Тағы да біздің көзімізге өткір найзамен шұқып айтсын деп күтіп отырсындар ғой! Бұдан екі күн бұрын бізде тұрмыс жайы орташа, ал одан жақсы болу керектігі бізге айтылған-ды: ұмыттың ба, Хлынов, барактардағы жайлы жағдай қайсы? Монша туралы да, ас пісіретін үй туралы да сөз болған. Мен саған: скамейка, стол, тумбочка жасауға адам бөліңдер деп айтып едім ғой...

— Александр Иванович, бәрін де істеп жатырмыз,— деді Хлынов.

— Сен онда не істеп жатырсың! Уақ-түйектермен жарты жыл күйбендемексің, ал олар үшін маған сағаттап қана уақыт берілген. Машиналарды алып жетінші учаскеге баруым екі күндік уақытымды алады. Байқа, бұл күндерің босқа өтіп жүрмесін.

Далаға шығып бара жатқан Хлыновпен кактығысып қала жаздап, үстінде ақ тиін терісі ішігі және сондай бөркі бар жас нанай қызы конторға жылдам басып кірді. Тез жүгіріп келгендіктен оның жайдары жүзі нарттай қып-қызыл. Инженерлер оның фельдшер — Валя екендігін таныды.

— Ауырғандарыңыз қайсыңыз? — деді ол даусы күмістей сылдырап.

— Қарашы, Валя. Ковшов жолдас бетін азырақ үсітіп алған, емдеу керек,— деді Рогов қабағын шытып.

Роговтың өзі туралы камкорлық жасап жүргенін Алексей тек қазір ғана түсінді. Қыз Алексейдің жанына келді де, оның қарсыласканына қарамастан, ып-ыстық болып дуылдап тұрған және аздап іскен бетін суық қолымен ұстап қарады. Алексей қыздың төгілген кірпіктеріне еріксіз сұқтанды.

— Қармен уқалағаныңыз жақсы болған,— деді Валя,— «Әйтпегенде бетіңіз қап-қара болып жүретін едіңіз. Қазір бетіңіз бен мұрныңызға май жағамыз, сонсоң дәнеңе етпейді.— Ол Алексейдің көздеріне тура қарады.— Новинскіге қайтып бармастан бұрын-ақ жазылып кетеді. Қалыңдығыңыз байкамайды да. Қане, қолыңызды көрсетіңізші. Е-е, қолыңыз нашар екен! Қалыңдығыңыз бұған қуана қоймас.— Фельдшер қыз білінер-білінбес акценті болмаса, орысшаны таза сөйледі.

— Валя, менің қалыңдығым жоқ.

— Сенбеймін,— деп көнбеді қыз, балаша сықылықтап күліп, май әкелуге жүгіріп шығып кетті.

Рогов әлі де инженерлерге бір карамастан, бөлменің ішінде үн-түн жоқ ерсілі-қарсылы жүр. Беридзе трубкасын тартты. Алексей трубаларды «арғы жақтан бері қарай» тасу схемасын сызу үшін сумкасынан бір табак қағаз алды.

— Апатқа ұшырағандарға жәрдемдесетін баржамен келгенімде осы арада не болғанын, сіздер көрген болсаңыздар еді! Ана Котенев сіздерге айтып берер,— деп ақырын және күшті дауыспен кенет тіл қатты Рогов, ешкімге карамастан.— Полищукпен бірге екі рет қабыршақ мұздың үстімен, жағадан жағаға өттік, суға батып кете жаздап, мұзды суды да жұтып көрдік... Учаскенің жартысы бір жағада, жартысы екінші жағада болды. Учаске бастығы өзіндей бұзықтарды жыйнап алып, арақ ішіп маскүнемдікке салынған, мүліктерді ұрлап әкетіп жатыр, тәртіпсіздік, бейбастақтық істейді. Нанайларды өзіне қарсы қойып алған. Адамдар суыққа ұрынып, ашығып, карауға жаның ашыйтын болған!.. Не істеу керек? Котеневпен ақылдастым да: мен осында қалатын болдым. Содан кейін, Батманов мені келген күнімнен бастап осында бекітті. Әлгі алаяқтарды түзетуге райком көмек берді. Котеневпен бірге нанайларға да бардық. Олар учаскенің бұрынғы бастығына өкпелі екен, алғашқыда менің өзіме де сенбестік жасады, тек кейінірек сенім білдірді. Ақыры зарығып күткен күніміз жетті. Адунның мұзы қатты. Мүлкімізді сол жақ жағаға тасып алдық, жолды жөндеп тәртіпке келтірдік, аз-аздап үй де салып алдық...

Рогов бөлмеде шапшаңдата басып жүр және сөзін де асыға сөйлейді. Инженерлер тілеулестік білдіріп тыңдап отыр. Батмановтың Роговпен алғашқы танысқанын, Александр Ивановичтің сондағы екпінін Алексей есіне түсірді.

— Учаскеде істегеніңнің барлығын да сен оларды солай істеуге міндетті едің,— деді Котенев Роговтың сөзін бөліп,— бұл әңгімені не үшін айтып отырсың?

— Я, мен істегендерімнің барлығын істеуге міндетті болғандықтан істедім, оны істемей қоя алмадым,— деді Рогов сөзін тоқтатпастан. Әрине, менің түнде ұйқы көрмей, азап шегіп, жан аямай жүргенім, Батманов үшін емес. Қазір соғыс болып жатыр, әркім өзінің ұрыстағы орнын білуі керек!.. Алайда, мен Батманов туралы көп ойландым: оның жақсы сөзі маған тіпті қымбат қой. Сенің, Котенев, онымен қатнасың басқаша және сен мені түсінбейсің? Мен оны жақынырақ біліп алғаннан бері, оған қатты үйреніп кетіппін. Жолына жанымды қыюға әзірмін, рас айтам! Менен басқа да осы учаскедегі көп адамдардың ол жүрек төрінен орын алған... Рогов кілт бұрылғанда, өнебойы сытыр-сытыр етті. Дегенмен, оның жақсы сөзін де еститін халге жеттім: «Саған разымын, Рогов, бұл арада сен шаруашылықты

жақсы жүргізгенсің. Рахмет, сен жөнінде кателеспеген ме, қуаныштымын». Ал бүгін мұның бәрі зая кетті! «Сіз мені, өкпелеттіңіз» — дейді. Бірден «Сіз» деген сөзге көшкен. Ах, мен мыйсызбын! — Ол өзінің маңдайын алақанымен ұрды. Бір ақмақтық қылығынмен адал істеген жұмысынның талай жылына нұқсан келтіруге болады!.. Осы бір машинасы құрғырлар! Мен өз учаскемнің машинасына дейін беруге, трубаларды аркалап тасуға да бармын. Ол енді мен туралы не ойлар екен? Міне, енді балықты да есіне түсірді. Ол Беридзеге қарай төне түсіп: — Наныңыз, Георгий Давыдович, балық мәселесінде мен айыпты емеспін. Ал машина туралы... Оны өзімізге қарай бұрып алғанымыз рас. Сен қалай болғанын сұрасаң ше? Екі-үш машина жол үстінде тоқтап қалған екен, шоферлары маған келді, мен оларға көмек көрсетіндер деп тапсырдым. Содан сорыма қарай, бәрібір бұлар жетінші учаскеге барғанымен әзірге жұмыссыз текке тұрады, одан да труба тасуға пайдаланайын деген ой келгені ғой.

— Машина жөнінде сен дұрыс істемегенсің, Александр Иванович, — деп Беридзе қатаң айтты. — Дәлел айтудың да керегі жоқ.

— Дәлел айтпаймын, өкінемін. Котенев маған ескерткен болатын, бірақ мен оны тыңдамаған едім. Өзіме-өзім өмір бакый кешірім жасамаймын!.. Георгий Давыдович, сен айтшы, маған енді Батмановпен қалай райласу керек? Оның мені тіпті көргісі де келмейді. Селектормен сөйлестік, бейнебір бетпе-бет тұрғандай болдық. Дәл осындай кезеңде өз абыройымды осылайша төгіп алдым!..

Рогов скамейкаға отырлы да, төмен карады. Оның күтпеген жерден ойындағысының бәрін айтып салуы Алексейге қатты әсер етті. Қайратты, тегеуірінді адамға үдей түскен сүйкімділік сезімімен отырып, Алексей кенет Ольга туралы ойлады. Өзінің сәтсіздікке ұшыраған махаббатынан жәбір көрген Ольгаға міне қандай адам керек болған еді! Олардың екеуін қатар қойып көз алдына елестетті де, қайран болып, тағдыр деген қандай соқыр еді деп ойлады. Адамдар біріне-бірі лайық па, жоқ па екендіктерін қарап, тексеріп жатпай біріне-бірін қоса салады, ал бірі үшін бірі туған адамдарды көбінесе қоспай айырып жібереді.

Котенев Беридзелен жоба жайындағы жұмыстың қалай жүріп жатқандығын, инженерлер барып қайтқан учаскелердің жайын сұрады.

— Рогов пен Прибытковтың арасындағы қарым-қатнас жөнделді ме? — деп білгісі келді бас инженердің.

— Аралары жаман емес. Сіз олардың екеуіне де осы жайында хат жазған сыяқты емес пе едіңіз?

— Жазғам, жазғанда өте қатты жазғам.

— Роговтың мінезі сондай, тіпті бірде-бір күн тыныш өтпей-

ді. Шамадан тыс жігерлі адам! Бірақ Прибытков аксақал да өзін жәбірлетіп қоймайды. Маған кейде екеуінің төрешісі болуға тура келіп қалады. Мен оларды әбден зерттеп болдым, қалай татуластыру керек екенін де білемін. Жалпы алғанда, істеп жатырмыз, біздер коммунистік ғой, мінез-құлқымыз бізді қалай қарай сүйресе де — бәрібір бір ұйғарындыға келеміз.

Қолында сауытқа салған майы бар Валя қайтып келді. Онымен бірге Максим Ходжер де кірді. Сельсоветтің председатели трубкасын тартқан қалпы үнсіз келіп столдың қасына отырды. Валя Алексейдің беті мен қолына май жақты, біраздан кейін инженердің беті монголдың кішкене құдайының бетіндей жылтырады. Қыз өз жұмысын бітірді де, Ходжер мен қатар отырып алып, қонақтарға көз тоқтата қарай бастады.

— Іске көшейік, кірбің көңілге — бес минут те жетеді, — деді Рогов күрсініп, сонсоң Ходжерден: — Председатель, сен неғып айнала қарап отырсың? Жұмысың бар ма? Ағыта бең!

— Беридзе жолдасқа үйімізді көрсеткіміз келеді. Біздің үйге келсін. Қовшов жолдас та бірге жүрсін. Қариялар керек деген еді, мен оларды жыйнадым, керек десеніз Мафа да келді.

— Қазір емес, Ходжер, біраз кейінірек болсын. Бізге әуелі кейбір істермен шұғылдану керек еді. Ал сен, доктор, Қовшовқа неге көз қысып отырсың? Бәрібір босқа әуреленесің, оның қалада сүйгені бар, асқан сұлу, оған жету қайда саған!

Алексей оның бұл қалжынында түсініксіз бір күйінішті сезді де, Роговка таңырқай қарады.

— Бастық, мен ешкімге көз қысқаным жоқ. Менің де жігітім бар, майданға шығарып салғанымызды ұмытқансыз ба? — деп жауап берді Валя, қулана сөйлеп. Қовшовтың жылтырап тұрған кескініне білдіртпей тағы бір қарады да, қыз жүгіріп шығып кетті.

— Александр Иванович, біздің осындағы балықшылар саған өздерінің көрген жәбірін айтқылары келді, — деді Ходжер, біраз үндемей отырғаннан кейін.

— Тағы қандай жәбір? Қане, шақыр.

Ходжер шығып кетті де, екі нанайды ертіп қайта кірді, бұларды инженерлер күндіз өзенде көрген болатын. Біріншісі — арықтау келген қарт, табалдырықтан аттап кірсімен Роговка төмен иіліп сәлем берді.

— Айтқан сөз қонбайды екен саған, аксақал! Таста осы әдетінді деп талай рет айттым ғой, — деп Рогов ашуланды. — Осынынмен сен әрқашан да менің көңіл ауанымды бұзасың. Бас июнді қойсаңшы, ол кімге керек?

Быртыйған, етженді жалпак бетінен түймедей кішкене мұрны шұңтыйып көрініп тұрған екінші балықшы жастау екен. Ол Роговка таянып келіп, шала білетін орысша тілімен екілене сөйледі.

— Бұлай ету жақсы емес. Біздің калуға балығымызды сіздің адамдар алып қойды. Біз өзіміз-ақ құрылысшыларға тарту жасаймыз деп ойлаған едік. Механиктерің балықты неге алып қояды? Осылай істеуге де бола ма екен! — Нанай басын шайқап, ернін шолп еткізді.

— Қандай балық? Не туралы айтып тұрғаныңды түсінбедім. Орысша сөйлеуді Ходжерден үйренсең болмас па еді. Немесе нанайша-ақ сөйле, мен сенің соныға тезірек түсінермін.

Ходжер былай деп түсіндірді: — Балықшылардың қармағына жыйырма бес пұттық бір үлкен калуға балығы ілініпті. Тартып шығаруға олардың күші жетпегесін, механиктен көмек сұраған. Механик трактормен келіпті де, балықшылардың құрал-саймандарын тракторға байлап алып, өте үлкен балықты сүйреп шығарады. Механиктің қасындағылары калуганы трактордың шаңасына салып өздері алып кетеді. Бұл қылыққа балықшылар жәбірленіп, оны қорлық деп санаған. Олардың өзі-ақ балықтың жартысын учаскеге сыйға беріп, жартысын отан қорғау қорына беруге ұйғарған болатын.

— Ах, оңбағандар! — Роговтың бетінде қатты ашудың белгісі көрінді. Ол Котеневке бір қарады да, — естіп отырмысың? Бұл тағы да нанайларға жасаған бейбастақтық. Сіздердікі дұрыс, жолдастар, — деді Рогов балықшыларға. — Қазір-ақ шара қолданамыз. Балықтарыңыз қайтарылып беріледі.

Ол механикті іздеп тауып алып, осында шақырып кел деп бұйрық берді. Қарт нанай тағы басын иді, Рогов ыза болып, теріс айналып кетті. Ходжер балықшылармен бірге шығып бара жатып, инженерлерді өзінің үйінде күтіп отыратындығын еске салды.

Линия жұмысының прорабы, көзілдірікті, бурыл шашты қарт Прибытков, трубаларды тасып жеткізу мен пісіру жұмыстарының графигін инженерлер мен учаске бастығының алдарына әкеліп жайып салды. Керекті материалдардың есептері графикке қоса тіркелген еді.

— Бәрінен бұрын труба жайында айтыңыз, — деді Беридзе. — Қовшов екеуіміз жүріп өткен учаскенің арғы иінінде артық көп трубалар жатыр. Бұл, басқа иінде трубалардың жетпейтіндігіне әсерін тигізе ме, әлде бұлардың өзі тиісті артық трубалар ма?

Алексей өздерінің жазып алған қағазын шығарды, барлығы бірлесе отырып, складта тұрғаны, текшеге апарылып жеткізілгені, тартқан желідей тізілтіп тасылғаны деген графалар бойынша баланс жасай бастады. Учаскеде жүзден астам труба артық болып шықты.

— Александр Иванович, оларды дереу алтыншы немесе жетінші учаске үшін тиеуге бұйыр, — деп Беридзе әмір етті. — Мендегі мәлімет бойынша олардікі жетпейді. Ертең осыдан жібе-

ретін анау машиналармен артық трубалардың барлығын бірден жөнелтуге болады ғой.

Рогов бөлмеде ерсілі-қарсылы жүрді де, жел қағып жарылған түрпідей қолын қатты уқалады.

— Мен тағы басқа біреудікіне қызыққан болып шығамын ғой. Бірақ мұнда менің түк кінам жоқ! — Ол Прибытковқа қарай бұрылды. — Жолдас инженер, қалай, маған айтпай, үндемей отыра бергенің? Немесе трубалардың есебіне жете алмадың ба? Арифметиканы ұмыттың ба?

Инженерлер мен учаске басшылары графиктің әрбір күнін әбден тексеріп қарап, тасудың қарқынына дейін есептеді.

— Трубаларды шынымен-ақ әлі екі ай тасыйтын боламыз ба? — деп Рогов қызбаланды. — Көнбеймін бұған, прораб жолдас, бұрын бітіреміз.

— Бітіре алмаймыз, Александр Иванович, — деп карт қарсы болды. — Міне сізге есебі, қарап көріңіз. Бізде труба тасушылар он екі, олардың әрқайсысы...

— Машина — машина да, адам — адам ғой, — деп Котенев Прибытковқа қарсы шықты. — Бізде трубалар күннен күнге бұрынғысынан көбейтіліп тасылып жатыр, ал машиналардың саны сол баяғы, сіз осыны жақсы білесіз ғой.

— Бүгін мен шоферларды жыйнаймын, олар бізге не айтар екен, соны есітейік, — деді Рогов.

— Сіздер қаншама айтқандарыңызбен де, трубаны тасу жұмысы жаман. Баяғысынша кез келген жерге аударып тастап кете береді, — деді ақырын, сонымен қатар айтқанынан қайтпай Прибытков. — Бұл графикте қаралмаған, бірақ оған қосымша уақыт керек.

— Учаске бастығының айтқаны дұрыс, — деп жақтады Ковшов. — Труба тасу жұмысын тездету керек. Шоферлар жыйналғаннан кейін, тасуды да, ұйымдастыру жұмысын өзгерту туралы да сөйлесерміз. Менде жұмысты жеделдетуге жәрдемдесетін ұсыныс бар.

Рогов тыржыя қалды, Ковшовтың бұл қостауы, неліктен екені белгісіз, оған ұнамады. Беридзе мұны сезе қойды да, Алексейдің сөзін қостады.

— Александр Иванович, өзің көрерсің, жай ғана болғанымен, тамаша ұсыныс. Біздің ойымызға бұрын қалайша келмегендігіне менің таным бар!

Кенеттен конторға ендіге басып, қолында шофер қолқабы бар бойшаң жігіт кіріп келді. Бас киімін қырау басқан, шолақ тоны су болып катып қалған. Ол демін ендіге алып тұрып, Роговқа келіп ісін баяндады:

— Автомашинаны жылымнан шығарып алдым! Гаражға апарып қойдым.

— Бәсе, бәсе, — деп Рогов көңілденіп кетті. — Үйге бар да,

жылынып ал. Мен айтты де, саған бір стакан спирт берсін. Байдә, ауырып қалып жүрме!

Шофер Роговқа қарап қойып, кете қойған жоқ. Ол мұны есікке қарай өтермеледі.

— Бар бар. Сенсіз де тәртібін білемін: ақмақтықпен машинаны суға батырған екенсің — сәгіс ал, машинаны құтқарып алдың — сәгіс алынып тасталады. Рогов Котеневтің құлағына дереу сыбырлап: — Сәгіс дегеннің — жанына тастай тиетінін қардың бе? Қазір оны ала беретіндей уақыт емес қой. Әсіресе Батманбетан.

Аласа бойлы, кен жаурынды, май-май болған комбинезон киген адам табалдырықтан үйге кірді.

— Мынау узурпатормен¹ сен сөйлесші. Мен өзімді өзім ұстай алмай қалармын деп қорқам, — деді Рогов Котеневке.

— Участкеде өзіңнің ойыңа келгенінді істей беруге сізге кім рұқсат берді? — деп сұрады Котенев комбинезон киген адамнан. — Нанайлардың балығын алып кетуге қандай хакын бар?

— Ол кит-балықты өзеннен біз сүйреп шығардық қой. Олар бәрібір оны шығарып ала алмайтын еді, — деп механик мүләйімсіп жығып қыйқандатты.

— «Біздер, олар!» — деді Рогов, өзін-өзі ұстай алмай, мұны келекелеп. — Мораль туралы біз сізбен соңынан онаша сөйлесерміз, қазір сөздің барлығын қолдану қолайсыздау болар.

— Сіздің қылығыңыз сондай жаман, жиіркенішті, тағылық, — деп ұрысты механикке Котенев. — Нанайлар қатты құрметтеуге татыйды. Олар бізге барлық жағынан да көмектесіп жатыр. Сіз оларды неге жәбірледіңіз? Олар осы Калуганың қажартысын участкеге өздері-ақ бермекші болған екен.

— Олай болса тіпті жақсы. Мейлі, сыйлыққа тарттық деп есептей берсін, — деп жымыйды механик. Ал өздеріне тағы да аулап алады, өзенде балық көп қой.

— Қара өзін, коммерсант та екенсің ғой! — деді Рогов ашулана танырқап. — Жабдықтау жұмысында істесең, төңіректің бәрін лезде-ақ тонап бітірген болар едің!.. Азамат, Тит Титыч, менің саған айтайын дегенім: балықты қазір колхоздың председателіне жеткізіп бер, кейінірек осында кел, коммерция жайында әңгімелесерміз!

Оның «әңгімелесерміз» деген сөзді зілмен айтқандығы сондай, тіпті механиктің өнебойы тітіркеніп кетті.

— Егер қарсы болмасаң, осы мәселемен мен-ақ шұғылданайын, — деді Котенев. — Автоколоннаға барып, коммунистері мен партияда жоқтарды жыйнап алып, жақсылап бір сөйлесерміз. Механиктің бүгінгі қылығы көңіл бөлмей қалдыратын іс емес.

Прибытков пен Беридзе, Ковшов үшеуі бірге отырып мате-

¹ Узурпатор — біреудің атағына, я правосына заңсыз ие болушы.

риалдардың ведомостыларын қарады: учаскеде не бар, не жетпейді, соны тексерді.

— Алеша, жазып ал: карбид аз, электродтар да сондай. Битум дегенің мүлде жоқ,— деп жылдамдатты.

Алексей жазып жатып, сол колымен бетіндегі еріген майлы укалап қояды. Қолын қалғасына салып, Рогов шетірек барып отырды.

Полищук келіп кіргенде, ымырт жамылып қараңғылық түскен еді. Оның сонынан бір топ шоферлар аяқтарында пима, үстерінде боялған шөлак тондары бар енгезердей, қызылшырайлы жігіттер қаптап кіріп келді. Қонтор лық толды. Үйдің іші бензин сасып кетті.

— Отырыңыздар, автомобильші жолдастар,— деді Рогов жылы жүзбен: осы кезде оның көңіл қошы келген еді.

Бұл ерекше мәслихатта сөз көп болмады, барлығы тез шешілді. Рогов Полищуктің берген рапортшасын колына алып тұрып, дауыстап оқып шықты:

— Шофер Солнцев! Үш рейс, тоғыз труба. Алтауын апарып түсірген, үшеуін осыдан он тоғыз километр жерде түсіріп кеткен... Ақырына таман болдырдың ба, немене? Он тоғыз километр жерге апарып түсірген трубаларың маған не керек? Сүйікті достым, Сморгчовке міндеттемені сен берсең де, орындауын ағатайың орындайды ғой, шамасы.

Солнцев орнынан тұрды, басқа бір жаққа қарап тұрып:

— Қанша тырысып бактым, сонда да қорғанның сыртындағы сулы орға келіп киліккенім. Бұл құрып қалғыр трубаны қалай тасу керек екенін білмеймін! Менің ойымша, тіркеуішті төменірек істесе, мықты болар еді деймін.

— Полищук, ұсынысын жаз,— деді Рогов сөзін қағып алып. — Тіркеуішті қарап көрерміз, Солнцев, ал сенің ертеңгі мөлшерің — он екі труба: бүгінгіден үшеу, ертеңгі тоғыз. Менің басқа амалым жоқ! Байқап қара, сенің мына мөлшеріңмен жүзге жетіп қалып жүрмесін.

Солнцев жымыя күлді де, жолдастарына қарады. Олар да жымыйысып қойды, олардың Роговқа бойлары үйір болып алғандығы және оны сүйетіндігі көрініп тұр. Шоферлар бірінен соң бірі тұрып, баяндап жатты. Рогов оларды ұялтып та, ұрысып та, түсіндіріп те айтты. Ақырында өңгелерге өнеге боларлықтай татымды тоқтамға келіп тірелді.

— Шофер Махов! Үш рейс, он екі труба, барлығы да тиісті жеріне апарылып жеткізілген. Махов, сен қалай тасу керектігін мына берекесіздерге айтып берші. Төрт трубадан тиіп, бәрін де апаратын орнына жеткізудің әдісін айт.

— Құпия сыр,— деді Махов, сөйтті де ескерткен адамдай Қовшовка қарады.— Ол берекесіздер өздері ойланып тапсын, мен олар үшін ойлап әуре болмаймын.

— Күпья сыр? — деп күлді Рогов. — Демек, біздің ішімізден де жеке меншікшіл, дарашыл біреу шықты десенші! Қане, мен саран қарап көрейінші, қазір біздің жерімізде мұндайлар сирек кездеседі ғой. Сая Америкадан келген жоксын ба?

— Жәбірлеменіз, Рогов жолдас. Менің туған жерім Благовещенск.

— Демек, күпья сырынды айтпайсың ғой?

— Жок, — деп сабырмен жауап берді Махов.

— Тілегенінше болсын. Біз де күн көрерміз. Соңынан сенің өзіңе ұят болып жүрмес пе екен деп, сенің қамыңды ойлап, мазам кетіп отыр.

— Ештеме етпес, не болса да шыдармын.

Алексей шоферларға трубаны әуелі «арғы жақтан бері қарай» түсіре тасудың идеясын түсіндіріп айтып берді. Ол әлі сөзін бітірмей-ақ жұрт шу көтерді. Ұсыныс өте ұнап кетті, шоферлар оның қолайлылығын бірден бағалады.

— Жолдас Рогов, осы әдісті ертеннен бастап енгізіңіз! — деп Соляпьев айкайлады.

— Әрине, — деді Рогов. Ол Алексейге назарын аудара қарады, ал Алексей де оның көз қарасынан мақұлдайтынын аңдап қалды. — Ковшов жолдас, біз сіздің ұсынысыңызға қосымшалар енгіземіз. Соңғы пунктінде сыйлық тәрізді ме, әйтеуір сондай бірдеме ұйымдастырамыз. Трубаны тиісті жеріне жеткізгендер — сыйлығын алады.

— Жүз грамм арақ! — деді біреуі айкайлап.

— Маскүнем! — деп кесіп тастады Рогов. — Ал егер сол арада сіздерді бутерброд пен бір шынаяқ ыстық кофе және бір қорап папироспен қыз қарсы алса, бұл сіздерге ұнамас па екен?

— Ұнайды. Осы сөзіңізді ұстаймыз! — деді Махов.

— Ах, дарашыл мырза, сізсіз бе? — деп Рогов соған қарады. — Мен сізді ұмытып та кетіппін. Сіздің күпья сырыңыздың үстінен басып кетті ғой, ә? Енді оның ешкімге де керегі жок! Өкінішті емес пе?

— Жок, — деді Махов шын ниетімен.

— Ертеннен бастап тасу жұмысына инженер Ковшовтың әдісін енгіземіз, — деп бұйрық берді Рогов Полищукке. — Қайта кұруды жұмыстың барысында істеу керек. Тасу жұмысындағы жүріс пен есептің барлық тәртібін Прибытков пен екеуің дәл бүгін ойлап қойындар.

— Болады, — деді Полищук.

Бұл сөзге саран адам, баяғы авариялық (апатқа ұшырағандарға жәрдем көрсететін) баржада танысканнан бері Роговтың адал көмекшісі және досы болып кеткен. Сонда, егер Полищук катермен келіп үлгермеген болса, Рогов авариялық баржаны адамдарымен және бағалы заттарымен апаттан құтқарып ала алмауы ықтимал еді.

Қазір Полищук ұялып, қысылып отыр. Шофер мен инженердің біріне-бірінің көзқарастарынан, ол бұлардың сөздес екендігін түсініп қалды. Полищук мүлт бастым ба деп өзіне ыза болды. Бұл жайында Роговка айтуға болатынын, не болмайтындығын, ол білмеді. Сөйтіп тұрғанда Ковшовтың сөзін естіп қалды.

— Жолдас Рогов, сіз осында «арғы жақтан бері карай» тасудың әдісін менің әдісім дедіңіз. Менің өжданым оған түзету енгізуге міндеттеп отыр.— Роговтан тығылып Маховтың ыршып түсіп, жолдастарының тасасына барғанын байқап қалып, Алексей күліп жіберді.

— Бұл әдісті ұсынған, сіз емес пе едіңіз?

— Менен бұрын оны Махов жолдас ойлап шығарып, тәжрибеде сынаған.

— Солай ма еді! — деп Рогов қызғанышты дауыстап жіберді.— Махов! — Ол шоферды көзімен іздеп таба алмады.— Сен жасырынбай-ақ кой, бәрібір табамын. Демек, бізге — маған да, Полищукке де, Котеневке де сенбейді екенсің ғой?

Шофер үндеген жок. Ашуланған Рогов одан көзін алмады.

— Александр Иванович, оған тимеңіз, мына мен айыптымын,— деді, Полищук ақырын сөйлеп.— Ол маған келген болатын, бірақ мен бастартып едім. Оның ұсынысы маған ұнамады, яеге екенін өзім де білмеймін.

Рогов Полищукке таңырқаған көзбен карады.

— Осы біздің мекемеде не болып барады өзі?

Ол бірден Полищук пен Маховка бассалғалы отыр еді, бірақ инженерлер мен Котеневтің бұған карап күлісіп отырғандарын көріп, коя койды.

— Жарайды, әнгімемізді кейінге қалдыралық,— деп ол күбір ете түсті. Шоферларды жұмыстарына босатып, жолға шығардағы ақыл сөзін айтты.

— Учаскеде мен екі күндей болмаймын. Қайтып келгенде жұмыстарыңыздың мәліметі мүлдем өзгергенін көрермін деп сеніп отырмын.

— Тасу жұмысы енді жолға койылады,— деді Солнцев.

— Шама келгенше асығып көру керек,— деді Рогов.— Қурылыс бастығы: алыс учаскелерде шофердың аздығын айтып мені ескертіп койды. Көп кешікпей сіздердің кейбіреулеріңізге Сморчковтың соңынан солай карай аяндауға тура келетін де болар.

— Мен бірінші кезектемін,— деп Махов Солнцевтің құлағына сыбыр ете түсті.— Әйтпегенде өзімнің дарашылдығым үшін бұл жерде менің құрып кетуім мүмкін.

Беридзе, Ковшов пен Рогов үшеуі контордан далаға шықты. Ерте түсетін қысқы түн селениені қараңғылық пердесімен бүр-

кеп тұр. Жұлдыздардың болар-болмас жымындауы кара мұнарадан болар-болмас кана көрінеді.

— Токтай калындар, — деді Рогов, олар токтала калды.

Адунның арғы бетінен көтеріліп сары табактай үлкен айтуып келеді. Ай калкып келіп өзен үстіне көтерілді, манайдың бәрі: жым-жырт боп карауытқан төбелер, әшекей көленкелер жапқан өзен жағасының баурайы, көз жеткісіз алысқа созылып жатқан Адунның мұзы, жылт-жылт еткен сықылды көкшілт қар, біртүрлі таңғажайып түрге бөленді.

— Я, жақсы екен, — деді Беридзе мойындап. — Табиғаттың әсем сыйпаты!

— Мұның қай жері жақсы! — деді Рогов. — Бұл сурет осы арада миллион жылдар бойы осылай қайталаумен келе жатқан нәрсе.

— Қарандар деп шақырған өзің емес пе! — деді Алексей.

— Мұны емес. — Рогов кетіп бара жатқан Беридзеге айқайлап: — Георгий Давыдович, бір минутке тоқта! — деді.

Ол өзінің айқайлап сөйлеген даусымен көзге көрінбейтін тұтқаны қозғап жіберген сыяқты болды: лезде шамдар жағылды. Бір тізбегі өзеннің жағасымен, екіншісі — Адунның мұз трассасының бойымен жанды. Жарқырап жанған бұл батыл сәулелі жарық, ай мен жұлдыздың жасқаншақ жарығын күңгірттендіріп жіберді. Рогов қанағаттанған шыраймен бетін өзеннен трасса жаққа қарай бұрды — ол жақта, үйлер мен төбелердің аржағындағы учаскенің өз жарығы таң шапағындай аспанға көтерілген; түнді түріп шығып, мезгілінен бұрын таң жарығы білінген тәрізді. Жарықпен бірге өмір де оянды: өзенде автомашиналардың даусы, өзен жағасында трактордың тырылдағаны естіліп, поселкенің аржағында шеңберті ара өзінің әніне басып тактайын тіле бастады. Ұйқыдағы иттер бұған бір рет бас көтеріп үре түсті де, лезде қоя қойды.

— Кеттік. Табиғаттың көркем суретіне қосымша менің сіздерге осыны көрсеткім келіп еді, — деді Рогов.

Алексей Беридзені ілгері жіберді де, Роговтың қолтығынан алды.

— Маған Ногинскідегі біреу аманат тапсырған еді. Сізге шын жүректен сәлем айт деп еді.

— Сәлем айт деген кім? Филимонов па?

— Жок, Филимонов емес. Кім екенін өзіңіз білесіз, — Алексейдің қолына Роговтың бұлшық еттерінің жыйырылып ширағаны сезілді, — әрдайым ойлап жүрем, көрсем қуанап етім дейді.

— Демек, сіз, сенген адамы болдыңыз ғой, солай ма? — Рогов шетірек кетті. — Шынын айтқанда, бұл туралы құлақ құрышым қанып болған!

— Сенген адамымын, — деп бас изеді Алексей және Роговтың жақтырмай қырын қарауының себебін де бірден түсіне

калды. Оның күлкісі келді, әрі жаны жай тапты. Ол Роговтың қолын қатты қысты.— Маған соншама ашулы күжілдеудің керегі жоқ, Отелло! Біздің таяуда ғана таныс болғанмызға қарамастан, егер ондай зор сөзді қолдануға болатын болса, мен Ольга Федоровнаның көңілдесі емес, досымын.

Рогов тоқтады да, Алексейдің бетіне бетін тақап, көзін алмастан қадала қарады.

— Рахмет,— деді ақырын, алдында кетіп бара жатқан Беридзеге көзінің қырымен қарап.— Менің сенен ештеме жасыруымның керегі жоқ екенін көріп тұрмын. Қатты сағынамын және мен оған алғыс айтам. Мені рухтандырғаны сондай, тіпті тау қопаруға да әзірмін. Кейде сағынғаннан өзімді қайда қоюға білмеймін. Білесің бе,— ол Алексейдің құлағына әтгіден гөрі де ақырын сыбырлады,— ол мені шын сүйетін болады, көрерсің әлі! Ана бір... Константинмен араларындағы өмір ұмытпастықтай берік еді дегенге өзім сенбеймін.

— Ольга оны сүймейді. Олардың арасындағы ортақ нәрселердің бәрі қазірде әйел жүрегінен қасірет боп төгілуде,— деді Алексей сеніммен.

— Новинскіге барамын! — деді.— Тек бір ғана көріп қайту үшін барамын,— деді Рогов,— күйінішті ынтызарлығы бойын билеп.

— Керегі жоқ. Қазір оның мазасын алмау керек.

— Я, сөйлеші, хал-жайын!

Әңгіме бөлінді, бұлар қоныстың шетіне келді. Осы арада бұларға Ходжердің жіберген адамы кетіп жетті, үшеві тұрып, сельсовет председателінің үйіне бару керек пе немесе учаскенің басшы қызметкерлерінің мәслихатын өткізу керек пе, осыны талқылады.

— Бүгін бәрін де бітіру керек,— деп батыл айтты Рогов.— Маған ертемен тұрып жетінші учаскеге машиналарды апарып жеткізу, ал сіздерге де ілгері жүру керек.

— Өзіне қалай бұйырылса, солай істей бер, бізді билемей-ақ қой.— деді оның батыл сөзі қытығына тиген Беридзе.— Біз Тывлинге әлі де екі-үш күн бола тұрамыз, мүмкін, одан көбірек те болармыз.

— Өйтуге болмайды,— жолдас бас инженер.— деп Рогов қарсы болды.— Сізге де ертең кетуге бұйрық берілген.

— Ол бұйрықты берген кім?

— Қожайын.

— Айта кеткен жөн, сен оны әрбір сөзің сайын бекер қоса бересің. Сіздердің бәріңіз де тек сол туралы айтатын көрінесіздер. Директорды осы арада кеше ғана болып кеткен екен деп ойлап қаласын.

— Болғаны рас. Кеше емес, бұдан екі күн бұрын,— деді Рогов.— Әуеден жай түскендей... Келіп кетті.

— Ол біздің қай жатымшадан басып озды екен?

— Самметпен келді. Учаскейін бәрін аралады, жұрттың бәрмен сөйлесіп, бұдан былай қалай тұру керек екенін түсіндірді де, жүріп кетті.

Инженерлер біріне-бірі қарақты.

— Сөйтіп, сенмен ол селектормен Новинскіден сөйлескен жок па?

— Жетінші учаскеден. Сондықтан да мені бүркемелеуіме болмай қалды ғой, — деп күрсінді Рогов, маңдайын алақанымен тағы да бір ұрып қойып.

— Ол бізге айт деп не тәпсірледі? — деп сұрады Берилзее

— Инженерлерге айт, мен трассада олардың алдын орап жүргім. Менің жамбауға алған жыртықтарымды келіп шұжылап жүрмесін. Трассада ондай жыртықтар аспандағы жұлдыздай көп, оның әрқайсысына бөгелудің оларға қажеті жоқ, — деді...

Үшінші тарау

НАНАЙЛАР ӨЗ ЖЕРІНДЕ

Максим Ходжердің кең үйі адамға тық толы екен. Жұрт скамейкада, стол қасында, іргені жағалай еденде отыр. Мақта сырған кең шапан киген, беттері татыққан карттар орындарының қозғалмастан бір бұрышта отырып алып, үн-түнсіз гана трубканың түтінін бұрқыратып отыр. Жастар есікке таяу жаққа орналастыпты. Ходжер мен тағы екі нанай, председателдің столында бір нәрсе жайыла сөйлесіп отыр. Аяздың бұын бұрқыратып инженерлер мен Рогов кіріп келгенде, ол бұларды орнынан ұшып тұрып қарсы алды. Алексей жан-жағына қарап қасында үш қыз бар, әлеппен скамейкада отырған Валяның жаудыраған күлім көздеріне көзі түсіп кетті. Олар Ковшовка қарап қойып, жымындасып сыбырласа бастады.

— Қымбатты қонақтар, рақым етіңіздер, — деді Ходжер қуанышты дауыспен. — Мен сіздерді көп күттім. Содан біраз өзіміздің шаруашылығымыз жайында әңгімелесіп отыр едік.

— Бізге қараманыздар, жұмыстарыңызды тексере беріңіздер, — деді Берилзее, қолын кеудесіне қойып. — Біз шетірек отырып, карттармен әңгімелесеміз.

— Біздің ісіміз ешқайда қашпайды, ал сіздер кетіп қаласыздар, — деп қарсылық білдіріп, Ходжер жүндес аюдың терісінен жасаған қалқанмен бөлінген қатардағы екінші бөлмеге қонақтарды ертіп алып кірді.

Үйдің қабырғаларына газет жапсырылған, іртелеу айна, тиінің кепкен бір суда терісі ілулі тұр. Бөлменің ортасына қойылған жарқылдаған домалақ төрт шары бар үлкен никельді кровать үйге сән беріп тұр. Жазу столының үстінде — қағаз басытын манина. Қызылмен оюлап жасаған аласа ықтырманьың

аржағында, үстінде кайынның қабығынан әдемілеп жасаған ұзыншақ қалбыр жатқан тапал столдың қасында, екі әйел тізерлеп отыр. Біреуі тігін машинасының тұтқасын айналдырып, екіншісі істеліп бітуге таянған аң терісінен жасалған қолқапты тігеді.

Пештің қасындағы еденге тулақ төселген, оның үстінде екі бала тәтті ұйқыда жатыр. Олардың қатарында бетін әжім басқан қартаң әйел, аузында трубкасы бар, терең темір астауға кішкене кара домалақ баланы шомылдырып жатыр. Бірнеше қарт нанайлар бала шомылдырғаннан көздерін аудармай қарап отыр. Қонақтарды көріп, қартаң әйел баланы судан жылдам шығарып алды да, нанайлардың біреуі маңызданған пішінмен ұстап тұрған ақ шүберекке орады.

— Өздері әзірге жиі шомылмайды, ал балаларды шомылдырғанға қарауға құмар-ақ, — деді Ходжер. — Бұлардың бәрі менің ұлдарым, мынау әйелім, — деп балаларын және ықтырманың аржағынан шыққан орта бойлы өңі сүйкімді әйелді көрсетті. — Қонақтарыңды сыйла, Катя.

— Мынау жылы киімді кімге тіккенсіз? — деп сұрады Беридзе үй иесі әйелден, әлі тігіліп бітпеген қолқапты қолына алып көріп тұрып.

— Сізге және сіздің жолдасыңызға, — деді әйел аппақ тістерін көрсете жымыйып. — Тывлинді ұмытпай, киіп жүрсін деп, сіздерге аң терісінен жылы етік те тігіп жатырмыз.

— Біздің әйел, жігіт-ақ өзі, — деді Ходжер мақтаныш ете, әйелінің иығынан ақырын ғана сыйпап қойып. — Балаларды да оқытады және басқа толып жатқан жұмыстарды істеп үлгіреді. Майдандағы жауынгерлерге жылы киім тігеді, қоныстың бар әйелі осының көмекшісі.

Бұлар столдың үстін ыңғайлап, тамақ әзірледі. Жаксылап утюгтелген ақ дастарқанның үстіне аю еті, сүрлеген бұғы еті, балық, тағы басқа тағамдар әкелініп қойылды. Қатырған балық етінен жұқалап жонып жасаған тамақ Алексейге жаңалық болып көрінді. Үй кожасы табан жерде өткір пышакпен шапшаңдатып турады да тұз бен бұрыш септі.

Үй иесі әйел тағы бір тағам әкелуге, Ходжер қатардағы бөлмеге шығып кеткенде, Рогов шын көңілімен ұнататындығын білдіріп, көтеріңкі дауыспен нанайлар туралы әңгіме айта бастады:

— Адал және турашыл халық, алдауды сүймейді. Жаксылық істесен жүз есе қып қайтарады. Өте дұрыс халық.

Рогов сөйлеп тұрып, стол жанына келді де, өзі де сезбестен, шанышқымен бұғының сүрлеген етін шанышқылай бастады. Тегі, күні бойы өз қамын ойламай жүріп, қарны әбден ашқан болуы керек.

— Жұмысқа барса, дәл бір мерекеге барғандай болып бара-

ды. Балық ауласын, немесе клуб салсын, немесе біреуіне жаңадан фанза салып берсін — бәрі бірлесіп істейді. Бұлардың істегеніне қарап тұруды сондай сүйемін, тіпті жаның рақат табады. Кейде менің учаскемде бір қауырт жұмыс — Адундағы жолды тазалау тәрізді бір жұмыс болып қалса, балаларына дейін бірі қалмастан тегіс шығады. Мен бір жерден, жаңылмасам Лопатиннің кітабынан, — сондай бір зерттеуші болған, — оқыған сыяқтымын, онда нанайларды тым жалқау халық, еңбекке қабілеті жоқ деген. Барып тұрған ақмақтық, өтірік! Керісінше, еңбек етуді сондай сүйеді, бұларда жігер дегенің толып жатыр!..

Катя столдың үстіне тұздаған ірі қыярлар әкеліп қойды, бұлардың өз бақшасынікі екендігін айтып мақтанып та қойды. Ходжер де келді, столға жақын отыруды сұрады. Ходжер, инженерлер мен Рогов кішкене фарфор тостағанмен су араластырылған спирт ішті. Рогов, ыдыстан бір қыярды алды да, Ходжерге қарап:

— Мынау қыяр мен овощь біткеннің қайсысы болсын, қазір сіздің қоныста үйреншікті іс болып алды, ал бұдан бірнеше жыл бұрын қыяр мен помидорды немесе картошканы бірде-бір нанай жемеген болар еді. Қазір егін шаруашылығы сіздерге балық аулау кәсібі мен аң аулаудан кем пайда бермейді ғой, дұрыс па?

Нанай басын изеп:

— Овощь пен мал шаруашылығы балықтан гөрі табысты молырақ береді...

— Осыдан біраз ғана бұрын, менің өз көз алдымда бір қызық уақыт болғаны есімде, — деді Рогов.

— Картошканы жерге не үшін көметіндікке нанайлар ешбір түсіне алмаушы еді. Бір нанайдың картофельді жерге отырғызып, бұдан енді не шығар екен деп көмген жерінде бір неше сағат күтіп тұрғандығын, күтіп-күтіп ешнәрсе болмағасын, көмген картошканы ол қайтадан қазып алып, сол бұрынғы көмген қалпында екендігін көріп, ренжіп қалғандығын бақылап тұрған кездері болғанын айтты.

Рогов зілсіз күлкімен күліп қойды. Оның сөзін қызығатындап отырған Ходжер аздап жымыя күлді де:

— Сыйыр саууды үйрену, бұдан гөрі де қыйын болған, — деді.

— Сыйыр саууды ешкім білмейді екен және сауғысы да келмейді, бұл міндетті мұғалім әйел мен дәрігер әйелдің өз мойындарына алуына тура келді, — деп іліп әкетті Рогов. — Сонымен, олар сыйырды сауған уақытта, қоныстың бар адамы оны қоршап тұрып алып, сықылықтап тұрып күлісетін. Көпке дейін бакташы таба алмадық, карттар үзілді-кесілді бастартты: «Аңдарды күзетпекпіз бе? Көрген ісіміз бе екен! Мейлі тайгаға жіберіндер, сонда жүрсін..» Сыйырдың басқа тамақ жемей, «құр-

ғақ шөп» жейтіндігіне түсіне алмады. Кейбіреулері сыйырдың қасына барып кепкен балық апарып береді, сыйырдың басын шайқап, теріс қарап кеткеніне таңырқап қалушы еді. Әрине, мұның барлығы да өткендегі іс...

— Қазір енді өзіміз кожа,— деді Ходжер толқыған дауыспен.— Біздің халық мүлдем құрып бара жатқан-ды.. Жұқпалы дерттен кейін қоныстар қаңырап бос қалатын. Жабайылық дегеніңіз сондай, тіпті аңға ұксас едік... Баксылар мен алып-сатарлар жөңсіз азапқа салушы еді. Оқымыстылар: қыркыншы жылдарға барлық нанайлар құрып бітеді деген екен. Өткен ғасырдың ақыр шенінде нанайлар бес мыңдай екен, ал он бесінші жылы төрт мыңнан да азайып қалыпты. Тек революциядан кейін ғана халықтың күні туып, өсе бастады. Қазір халықтың саны бес мыңнан асып түседі. Жұқпалы ауру дегенді, мұқтаждық дегенді білмейміз. Өзіміздің жазуымыз бар.

Жастарымыз сауатты, қоныстан бірнеше адам институтта оқыйды...

Катя мен Ходжер қонақтарды тік тұрып күтті, бірақ олар үй иесі әйелге рахмет айтып, орындарынан тұрды, үй иесі де түрегелді.

— Бізде жаман әдет, ескіліктің қалдықтары деген әлі көп,— деді ол басын шайқап.— Керек десе, баксылардың өзі де әлі күнге дейін сақталып келеді. Мен сіздерді күтіп отырып, осында біреуінің жұмысын тексеріп қарай бастап едім... Сіздерге көзі тірі баксыны көрсетейін...

Бұлар үлкен бөлмеге қайта кірді. Жыйналғандар топ-топқа бөлініп алып, даңғырлап сөйлеп, шуылдасып, күлісіп отыр екен. Валя өзінің қасындағы қыздарымен «Любимый город» әнінің мотивына салып нанайша сылдырата ән салып отыр. Максим инженерлерді үлкен лампа жанып тұрған жарықтау бұрышка әкеліп отырғызды. Оның беті сұстанып, нанайша екі-үш ауыз сөзді ақырын айтып қойып еді, жұрт жым-жырт бола қалды.

Арт жақтағылардың арасынан басында шошак төбелі жанат бөркі бар, май болып кірленген мақта сырыған көк шапаны бар жуантық қарт нанай ортаға таман шықты. Нанайдың маңдайында және жылтыр шекесінде қарайған тыртық көрініп тұр. Ходжер оған тесіле қарап, ішке бүге алмайтын зілмен жауап ала бастады.

— Менің бригадаға кіргім келеді,— деп нанай орысша жауап берді, инженерлер жакка көзінің қыйығымен қарап қойып, бұларды қаладан келген бір үлкен бастықтар деп шамалап, олардың жақтауын күткен болу керек.— Басқалар сыяқты менің де адал еңбек еткім келеді. Мені бригадаға жазыңыз, мен балық аулайтын болайын.

— Сен бүйтіп құйрығыңды бұлғандатпа,— деді Ходжер оның сөзін бөліп.— Неге бригадаға кіруге кенет асыға қалдың?

Адал жұмыс туралы ертерек ойлануың керек еді. Сенің бұрын немен кәсіп еткендігіңді мұндағы жұрттың бәрі біледі!..

Рогов инженерлерге қарай еңкейіп, мұнда не болып жатқанының бәрін сыбырлап айтып түсіндірді. Ходжер айтқан баксының өзі дәл осы екен. Бір кезде баксының үні өшкен екен, соғыс басталысымен ол өзінің пайда табу әдісінің мүмкіндігін сезіп, баяғы сұрқыялық істерін қайтадан бастаған. Соншалық айлалы, соншалық арсыздық әдістер ойлап шығарған. Қоныстан армияға көптеген нанай жастары кеткен. Олар майданнан хат жазса, баксы сол хаттар бойынша өзінің «сәуегейлігін» істей бастаған. Бұған ең алдымен өздерінің балаларының тағдыры үшін тынышы кеткен қарт әйелдер келіп, ал баксы оларды алдап-арбап ақмақ қылып дүниесін сыпырып алатын болған. Осы күнге дейін бәрі де бүркеулі келген екен, бірақ жуықта Мергена деген қарт әйелге майданнан балаң қайтып келе жатыр деп оқыс «сәуегейлік» жасаған, оның орнына балаң ауыр жараланды деген хабар келген. Баксының алдағанына ыза болған Мергена сельсоветке келіп арыз еткен.

Ойда жоқ жерден оның екінші бір сұмдық ісі әшкереленген. Аңшы Фоманың мезгілі жетпей бала тапқан жас әйелі қайтыс болады. Фома осы қоныстағы тәуір деген аңшылардың бірі еді, отан қорғау қорына ол бірсыпыра бұлғын терілерін берген. Бірақ оның арғы ішкі сезімінде ескілікке сенушілік әлі сақталып келген. Ол әйелін жанындай жақсы көріп, керемет сүйетін еді, сөйтіп қоныстастарына білдірмей, ескіше қояды: ана дүниеде мұқтаждық көрмей, өзінің тілегенінше тұрсын деп, әйеліне тән дүние-мүлкінің бәрін қабырға бірге салған. Ал бір аптадан кейін Фома барса, қабырды біреу ақтарып, заттарының барлығын сыпырып әкеткен. Бұған қосымша кемпір шешесі оның екі қабат әйелін екі рет баксыға алып барғандығын біліп, енді әйелінің өліміне сол баксының айыпты екендігіне сезіктене бастаған.

Ходжер шақырған соң Фома да осында келіп тұр. Рогов оның қолынан жоғалған заттарының тізімін алып, инженерлерге көрсетті. Оның ішінде екі ішік, он шапан, жыйырма мың сом ақша, бұлғынның екі терісі, толып жатқан үй жиһаздары бар екен.

— О баксы, заттардың қайда екендігін ашып берсең қайтеді? — деді Ходжер мазақтап, — сен бәрін де біліп, бәрін де көріп тұрасың ғой.

Баксы төмен қарап, үндемеді. Фома оған жиіркенішті түрмен қарады.

— Ал егер де сен балгерлік жасаудан тосырмақ калған болсаң, милиция шақыруға тура келеді, — деп күлді Ходжер. — Милиция жақсылап жорыйды және бәрін де тез тауып береді!

Баксы селк ете түсті де, орыс сөзін нанай сөзімен араласты-

ра мінгірлеп сөйлей жөнелді. Ол заттарды көрген жоқ, іштеңесін де білмейді.— Фома — айлакер, осының бәрін өзі ойлап шығарып отыр, одан да председатель тезірек бригадаға жазсын.

Ыза кернеген Фома кенет бақсының қасына жетіп барды да, қолын кезеніп қалды. Шаман шошынғанынан бұғып қалды және күтпеген жерден егеуқұйрықтың шыйқылындай жіңішке бір үн шығарды. Отырғандардың бәрі күлді, көпшіліктің біреуі шүберекті жұмарлап алып бақсыға лақтырды. Бөлмеде айқай-шу көтеріліп, астан-кестен болды.

Алексей таңырқаған пішінмен, болып жатқан уақыттан көз аудармай отыр. Қатар отырған Рогов бұрылды да, оған қарады.

— Сен маған бәрін айтқан жоқсың. Біздің учаскені басып өткен кезінде Татьяна маған, Константиннің өлімі туралы Ольга хабар алды деген еді. Бұл туралы неге айтпайсың? Менің бәрін де білуім керек қой, бәрін де!

— Мен сенің делебеңді қоздырмайын деп едім... Сен онда бірден Ольгаға қарай ұшасың ғой, ал, оның керегі жоқ. Тағы да ескертемін: оның әзір мазасын алу керек емес...

Бұлардың сөзін шулап отырғандардың ешқайсысының құлақ қоймағанын пайдаланып, Алексей Родионованың үйіне Хмараның келгендігін айтып берді. Рогов тіпті тұнжырап кетті.

— Көрінген сұмпайылар келіп, оның тұрмысын бұзатын болды ғой. Амал нешік, мен болмадым, әйтпесе онымен өзімше сөйлескен болар едім,— деп, мазасызданып скамейкадан қозғалып отырды.— Оған жалғыздықтың қандай қыйын екендігін түсінем.— Рогов Алексейдің қолын ауырта қысып жіберді.— Қелемеж ету үшін, ол адам Ольгаға тағы да келуі ықтимал! Олардың не істегелі жүргенін сайтан біле ме! Қазір қасында ешкім жоқ, ол дәрменсіз.

— Сенің мазаң кетпей-ақ қойсын, Ольга өзін тәлкекке бере қоймайды,— деп Алексей жұбатқан болды, бірақ Роговтың Ольга үшін тынышсыздануы басылмады.

— Егер де мен барсам, оның мені қуып жіберетіндігін жақсы білемін,— деп Алексейдің құлағына сыбырлады.— Екінші жағынан, ол бірдемеге ұшырағандай болса, бұл жөнде өзімді-өзім кіналайтын боламын. Егер ол адам саған қымбат болса, оны сен барлық жамандық біткеннен сақтауға қабілетті болсаң, бірақ оған кірісуге хақың болмаса, бұл неткен қорлық десеңші. Отырып күткеннен басқа не бар...

Бір минуттан кейін Рогов орнынан тұрды.

— Мен кеттім. Ольганы селекторға шақырам. Сонымен қатар, Полищуктің машинасының не болып жатқандығы жайын тексеремін.— Ол кекете күліп қойды да: — Эх, Рогов, мұз жолындағы қарақшысың!

Түрі енгезердей, әрі сабырлы адамның еденде отырған

жұрттың арасымен есікке қалай өтіп барғандығын Ковшов қарап отырды. Роговтың абыржығанының әсері Алексейге де тиіп, оның өзінің де әйелі туралы жүрегінің түкпірінде жататын үрейлі ойын оятты. Оның ой елесіне кенет соғыстың бір күңгірт суреттері келе қалды. Көз алдында лаулаған жалынды өрт, бұрқ етіп көкке ұшқан топырақ... Орман... Қар... көрінгендей болды. Далада жаққан оттың қасында отырған шолақ тон киген адамдар... Ол солардың араларында отырған Зинаны көзіне елестетіп көрмекші болып еді онысы болмады. Қай уақытта да оның ойына Зина түскенде жайшылықтағы үйде, Москва көшелерінде немесе институтта жүргендегісі тәрізді ғана болып көрініп жүрді.

Ол күйіп тұрған маңдайын қолымен сыйпады да, көзін ашты және Валяның мейіріммен қарап отырғанына көзі түсті. Ол мұны үнемі бақылап отыр еді.

Масқараланған бақсыны алып кеткеннен кейін бөлмедегі шу да басылды. Ходжердің ымдауы бойынша, екі жігіт Беридзеге Мафа қартты жетектеп алып келді. Қарт дірілдеп тұрған кыйсық аяғын әрең дегенде басады екен. Жүз он жыл жасаған өмір оны сондай қаусатып кеткен, тіпті кепкен алмадай боп беті құрысып, ал басында бір тал шаш қалмай түсіп қалыпты. Инженерлер қартты екеуінің арасындағы скамейкаға отырғызды. Ходжер оның қарсысына басқа скамейка әкеліп қойды; тағы төрт қарт келіп маңызданып отырысты да, түтіндерін будақтатып трубкаларын тарта бастады. Қалғандары солардың қасына жыйналды.

— Аман-есенсіз бе, Мафа! — деді Беридзе қаттырақ сөйлеп. — Мені таныйсың ба?

Қарт Беридзенің не дегеніне түсінбей жасаураған кішкене көзін сығырайтып қарады. Бұл адам өзінің өмір сапарын баяғы Пушкин заманында бастағанын, Муравьев пен Невельскаяларді тірі кезінде көріп, олармен сөйлескендігін ойына келтіріп, Алексей іштей сескеніп қалды. Жүз жылдан астам өмір сүріп, ол қаншалық өмір талқысын көріп, өмір тәжірибесін басынан кешірмеді дейсіз, — енді міне, қартайған соң әлі құрып отыр. Осы пікірге жауап берген тәрізденіп, қарттың арт жағында тұрған Ходжердің жиені, Володька ызаланып:

— Тым болмаса, әңгіме де айта алмайды, кеше қарт болып алды, — деді.

Бірақ Беридзеден көз алмай қарап отырған Мафа, бір кезде дірілдеген ақырын дауыспен сөйлей бастады және қалтыраған қу сүйек қолын инженердің сақалына таман апарды. Володька, оған қосыла басқа жас жігіттер де мырс етіп күліп жіберді.

— Ақырын, Володька, қуып шығамын,— деп жекіді Ходжер карттың сөзіне құлағын сала.— Мафа өзінің жас кезінде Адунға келген орыстардың біреуімен дос болғанын, оның да осындай кара сақалы бар екендігін айтып отыр. Оның аты Федор еді, өзі керемет күшті, әрі батыл адам болатын дейді. Онда осы арада қытайлар сауда жасайтын-ды. Олар бір де борышынды төлемедің деп Мафаны сабапты. Федор бұған ара түсіп, екі қытайды ұрып жыққан екен.

Өткендегілерін еске түсірген шақта қарт жылап жіберді, даусы біресе қатты шығып, біресе сыбырға дейін барып отырды.

— Екеуі бірге аң аулауға шыққанда кара сақал Федорды аю жарып өлтірген екен,— деді Ходжер орысшаға аударып, бірақ Мафа соңынан аюды атып өлтірген. Ол өзінің сол кезде жас болғандығын, содан бері қаншама жылдар өткенін, қазір оның санына да жете алмайтындығын айтып отыр.

Қарт демін ауыр алып, үндемей отырды, сөйтіп тағы бірдеме деп мінгірледі.

— Қазір ол, Муравьевтің сақалы болған ба еді, жоқ па еді деп есіне түсіріп отырған болар,— деп күлді Володька тағы да және қатты дауыспен карттың құлағына айғай салды: — Ата, сақал туралы жетер енді!

Мафа айтқанына көніп, үндемей қалды. Беридзе басқа қарттармен сөйлесті, оның білгісі келгені Адундағы судың тасуы мен жайылуы турасында еді. Өткен жылдарда өзен ең жоғары дегенде қанша мөлшерге көтерілді, соны еске түсірулерін сұрады. Мафа мұның сөзін үнсіз тыңдап отырды, соңынан Ходжерден нанайшылап:

— Бұл орысың кім өзі? — деп сұрады.

— Бұл біздің дос,— деді Ходжер.

Ол қартқа Беридзе туралы да, құрылыс туралы да, қонысты қазір үлкен қаламен байланыстыратын жол туралы да түсінікті болсын деп, қысқаша, әрі ұғымды етіп айтып берді. Қарт орнында тыныш отыра алмай, неге екенін кім білсін, столдың үстінде ілулі тұрған аспалы лампаға қарап, ойда жоқ жерде өзінің қалтыраған даусымен үзіп-үзіп ыңылдап жыр айтты. Жырын айтып отырғанда, ырғағына қарай бар денесімен теңселеді.

— Ол аспанға жол салған, ағаш адам туралы сіздерге ертегі айтып отыр. Нанайларға жерден орын болмай, ағаш адам оларды аспанға көшіруге ұйғарған екен,— деп түсіндірді Ходжер.

Мафаның әңгімесін тыңдап бәрі де тып-тыныш отыр. Ковшов: — Тілін түсінбегенге өкінемін,— деді дауыстап.

— Бұл ертегіні Володька біледі, жақсы айтады. Ол сізге кейіннен орысша айтып берер,— деп уәде берді Ходжер.

Шал көзін жұмды да, бірден ұйқтап кетіп, жанына қарай қыйсая түсті. Іс-міс жоқ Володька оны дереу түрткілеп:

— Естимісің? Ұйқтауға болмайды! Сенімен сөйлескілері келіп отыр! — деді.

Володька Беридзені тыңдап алып, қатты әрі қоныраудай сылдыраған қыз даусымен қартқа біресе орыс, біресе нанай тілінде сұраулар беріп отырды. Мафа Георгий Давыдовичке тағы тесіле қарап, тобарсыл боп-боз болған қансыз ернін үнсіз қабырлатып, бірдеме ойлана бастады.

— Ата, сен жақсылап ойлан, — деп өтінді Володька. — Қара сақал инженер бірде болмаса бірде Адунның біздің қонысқа дейін тасып келген кезі болған ба? деп сұрайды. Осыны білуі оған аса қажет екен. Жол мен нефтепроводты су басып кетпес пе екен деп, мұның мазасы кетуде. Түсінбейсің бе? Өзің неғылған адамсың, мен саған айтып отырмын ғой, түсінікті ме? — Володька ыза болып, Мафаға екі қолын бірдей сілтеді.

— Қызба олай, сабырлырақ сөйле. Ол сенен алты есе жасы үлкен адам, — деп Максим Ходжер тежеп қойды. Жас жігіттің қызбалығын шайып-жуып, председатель инженерлерге: — Қарт өзгелерден гөрі Володьканы көбірек тыңдайды, жақсы түсінеді, — деді.

Володька мүлде салмақпен ақырын нанайша сөйлей берді:

Өзінің кеуіп қалған қолын көтеріп, Мафа үндемей қалды. Оның нұры сөнген шұңғыл көзінің түбінен сезім ұшқыны жарқылдап көрінгендей болды. Ол өткенге мүлтіксіз ой жіберіп қараған тәрізді, бұл қаусаған катер-сананың азапқа түсіп қыйналып тұрғаны белгілі болып-ақ тұр. Ол кенет көзін үлкен етіп ашты да, жылдам сөйлеп кетті. Тегі, қажетті уақытты есіне түсіргеніне өзі де қуанып кеткен болуы керек.

— Мафа былай дейді, — деді бала риза болған қалпы Беридзеге қарай бұрылып, — бұдан жетпіс жыл бұрын, тек бірақ рет осы Адунның суы тасып жайылып фанзалардың іргесіне жеткен. Атам айтады: сол кезде нанайлар өзен тәңірісінің алдында кіналы болып қалған, ал тәңірі бұларға қатты ашуланған, — дейді.

— Айталық, өзен жайылып су қаптағанда, осы күнгі қаданның үстіне орнатылған екі сарай тұрған жерге жеткен кездері болды ма екен?

Бірнеше адам бірден ду ете түсті. Максим қолын көтеріп, оларды сабыр етуге шақырды.

— Бұған тек Мафа ғана емес, талайы жауап бере алады, — деді ол. — Тегі, отызыншы жылы болуы керек, Адун сол араға дейін жеткен. Жок, отызыншы емес, отыз бірінші жылы... Мен сол жылы Ленинградқа оқуға бармақшы болып, үлкен судың бойымен Рубежанскіге дейін жүзіп барғамын.

Беридзе Алексейге қарай бұрылды:

— Міне, Алеша, біз кателеспеген екенбіз. Біздің трассамыз қоныстың аржағымен өтеді. Демек, бұл учаскені су басады деп қорқудың қажеті жоқ.

Бірақ Беридзе мұның бәріне де қанағаттанбады.

— Балақай, Мафадан сұрап көрші,— деді ол Володькаға қарап,— сол жылдары Чома және Чилма тұсындағы сол жақ жағалауды су көп басты ма екен? Ол араны трассаның жетінші және сегізінші учаскелері басып өтеді...

Володька қартқа тағы қадалды.

— Ұйқтама, ойлан! — деді айқайлап, барынша төзім жасай отырып, жүз он жастағы адамнан инженерлерге қажет мәліметті қадалып сұрап алып отырды.

Әбден қалжыраған Мафаны үйіне алып кетті, Георгий Давыдович басқа қарттарға бет бұрды. Ол сұраулар беріп, олардың жауаптарын ұқыпты жазып алып отыр.

Мұның барлығы жастарды жалықтырып жіберді, қыздар мен жас жігіттер бір бұрышқа қарай бөліне отырып, Володьканы қоршап алып өздері ақырын сықылықтап күлісіп жатты. Алексей солардың төбесінен аса қарап: нанай студент өзінің бет әлпетімен «Сильва» опереттасын көрсетіп тұрғанын абайлады. Алексей бұл опереттаны Рубежанскінің музыкалы-күлдіргі театрында көрген, Володьканың жап-жақсы даусы бар екен, оның үстіне еліктеу қабілеті де бар. Жеке бір адам ойнап көрсеткен осы опереттаға басқаларымен бірге кашан Беридзе шақырғанға дейін Ковшов мәз-мәйрам боп қарап тұрды. Бас инженер, ақырында, қарттармен әңгімесін бітірген еді.

— Өте жақсы, тіпті тамаша іс болды.— деді ол қайталап.

Инженерлер кетуге ыңғайланды. Максим Ходжер бұларды тоқтатты.

— Бір маңызды ісіміз бар. Сіздердің қалай қарайтыныңызды білмеймін, ақылдасқым келеді... Біз бүгінгі жыйылысымызда бүкіл қоныс адамдары болып пәтуға келіп, қаулы алдық...

Ходжердің ұсынған бір тарақ қағазын алды да, Алексей дауыстап оқып шықты.

— «Адундағы орыс деревнялары мен нанай қоныстарының барлық колхозшыларына» — Алексей қағазда жазылған сөздерге көз жүгіртіп, ақырына дейін ішінен оқып шықты. Бойын қуаныш толқыны билеген Ковшов тарақ қағазды Беридзеге берді.

— «Соғыс үшін мұнай керек, сондықтан партия мен үкімет нефтепроводты мүмкіндігіне қарай неғұрлым тез жүргізуді талап етеді. Бұл құрылыс біздің Адундағы барлық селенелердің ілгеріде өркендеуіне үлкен әсер етеді.

Біз, Тывлин қонысының адамдары, құрылысты өзіміздің тән ісіміз деп есептейміз, сондықтан құрылысшыларға барлық жағынан да көмектесуге міндеттенеміз. Біз сіздерге: құрылыс-

ты — халықтық құрылыс деп тануға, нефтепроводты мерзімінде жүргізу үшін, мемлекет алдында тек құрылысшылар ғана жауапты болып қоймай, Адунның барлық халқы да жауапты болсын деген ұсыныс жасаймыз».

— Нашар жазылды, өзім де сезіп тұрмын! — деді Ходжер кынжылып. — Түзетініз, Берилзе жолдас.

— Максим, керемет жазылған, бұдан артықтың керегі жоқ! — деді де, бас инженер Ходжерді құшақтады. — Мұндай қағазды түзеу — тек бүлдіру деген сөз...

— Катя! — деп Максим қуанғанынан әйеліне айқай салды. — Машинканы алып кел, қағаз басасын. Бірақ байқап бас.

Тегі, бұл арада жазу машинкасын соншалық мақтан ететін болу керек. Ходжердің әйелі машинканы ақырына ғана алып келіп стол үстіне қойып, маңызданып отырып алып, бір гараж қағазды арасына қыстырып жатқанына, барлығы жым-жырт болып қарап тұрды. Нанайлар Катяны айнала қоршап алды, ал ол Максимнің айтып отыруымен үндеуді жалғыз саусағымен тықылдатып басуға кірісті.

— Ал, Алеша, демалуға барайық. Бүгінгі күніміз тым жақсы болды, — деді Берилдизе риза болған түрін білдіріп.

— Ертегі қайда? — деп Ковшов дүрсе қоя берді. — Ходжер ертегі айтқызбақ болып уәде беріп еді ғой. Бұл рақаттан мені мақұм қалдыра көрме.

— Қазір, қазір! — деді де Максим үндеу басылған қағаздан басын көтеріп алды. — Володька, баста!

— Мен айта білмеймін! — деп қысылды Володька. Біраз бұлданып барып, жігіт ертегі айтуға келісім берді.

Ол Ходжермен сыбырласты да, екінші бөлмеге барып, басына әлемі әрі шыймай кестемен тігіп, тиінның құйрығын таккан кішкейе бөрік киіп келді. Бұл бөріктің астынан матадан кестелеп тіккен күләпара тәрізді бір баскиім киген, Володька бешпентінің орнына еліктің терісінен істелген камзол киген.

— Бұл біздің ақынымыз және артисіміз, — деді Ходжер оны мақтан етіп. — Оның өлеңдері Рубежанскінің газетінде екі рет басылды!

Өзі ала кірген тулақты үйдің ортасына жайды да, Володька жүресінен отырып, теңселе, бубенді ақырын ұрып қойып, ертегіні әндетіп айта бастады:

— Нанайлар жақсы дәурен сүрсін деп тілеген адам ағаштың үстінде туған. Ол ағаш өзеннің алаңында жападан жалғыз өскен. Нанайлар өздерінің мейрамдарын сол арада өткізіп, өзен мен тайғаның гәңірісіне осы ағаштың қасына әкеліп құрбан шалатын болған.

Әуел кезде бұл ағашта бұтақ пен жапырақ өскен. Сонынан

баскалары сыякты бұтактын біреуінен бала жаратылған. Оны жылы самал тербетіп, тамак сұрағанда құстар бал әкеліп беріп жүрген.

Жап-жаксы болып, біраз өскеннен кейін бала әндете бастайды. Мұны естіп айнала жыйналған нанайлар баланы ағаштан түсіріп алмақ болады. Ағашқа өрмелеп шығып, баланы бұтақтан айырғысы келеді, айырып ала алмайды. Олар ашуланып, ағашты балтамен кескілей бастайды. Бірақ балта біткеннің бәрі сынып қалады.

Нанайлар өздерінің фанзаларына қайтады, ағаштын қасында тек Аға дейтін адам ғана қалады. Ол баланы жалғыз қалдырғысы келмейді.

«Кішкентайым, сені қатты аяймын. Егер сені түсіріп алалсам, үйге апарар едім. Менің қызым бар, сен маған ұл болар едің.

Володька әйелдің немесе баланың даусы тәрізді дауыспен әндетіп — ертегі айта берді. Бүбесі оның үніне ақырын сығырлап қосылып отырды. Жас жігіт анда-санда бүбенді тастап, айтып отырғанының барлығын қыймылдарымен түсіндіріп отырды. Оның қолы өсіп тұрған ағашты бейнелеп, содан бұтақтарын төңселткен жел болып кетті. Содан кейін көзге көрінбейтін балтаны алып, ағаш кескен тәріздеді.

— Аға ағаштын қасында қонып қалады. Ол ұйқтап жетеді. Түнде түс көріп, бір үн естиді, ол бұған кәмілеттен араз бала екен.

«Мен нанайларға бақыт үшін жіберілгенмін. Менің атым Комо. Ал ағашты балтамен кесіп ала алмайсыңдар. Таудан төмен түсіп барсаң — екі өзен табасың. Біреуінен қызыл су, ал екіншісінен ақ су ағалы. Екеуінен екі шелек су алып кел. Ақ суды ағашқа бүткіп жібер де сонсың кес. Ағашты кескеннен кейін мені ая. Мені қызыл сумен шомалдыр, тұнбалы кесте. Маған қызыл судан ішкіз — ол маған қан болады».

Аға онымен де, қызылдан жасалған шелек тауып ашып. Таудан төмен түсіп, судың екеуін де алып келеді. Ағашқа ақ суды бүткіп, өзен бастайды, балта сынбайды, ағаш жапыралады. Аға ағаш баланы жұлып алып, көз-қайрағы болып қанады.

«Тың, көрмеңің менің!»

Алайда Аға қуаңтанғанда екі шелек баланы қызыл сумен шомалдыруды ұмытып кетеді, су да ішкізбейді. Сол кезінде баланы бақыра алып келеді. Қызыл сумен үйінде тұрып, бірте-бірте жылы өмір сүреді. Аға оны көрсетсе күтіп, жақсылықтар баста береді. Ал Көме осы бір қалты өспей, қызылдан болып қалады. Өйткені оның қызыл жолы жок.

Аға жұмысқа режиссер ол баланың үйде көрсеткен болуын тілестіріп еді, ал Көме оны қызылдан басқа пайдасы жоқ. Алай баланы ағашты да бұтақтың сыртына шығарып тастайды. Да-

Алата онын күшүнөсөн ири жазыктынды, Ата мисли, Батаны ит жөн-ак кайсыны дейди.

Башын күшү Ата итте ас кудура келет. Кому күшүктөрдүн Бирин күшү шыбын, итти өлү өлүп жатканын көрөдү. Ит арыккан калган, ан Кому Бирини калты, андан болса да өлөтөн.

Ата ашуушаны:

«Атти итти де күрөтүрөсүн, аман аман! Сен мени алдым!»

Ата Бирини теудан төмөн күшүшү жибөрөдү. Кому камала-сан Бирини, кызыл суу бир өсөтө Бирини куушты. Бирини сууна шымыдан, шыкынан кайып, Бирини кан жүйрөдү. Кому Бирини өлүп, өлөтөнүн көрөдү...

Болушунан аманан абден берилет, андеге берди. Ол өлди ар-тедін түк аман берген жок, өрөөндөн аман Бирини дэл өлү Бирини теудан. Ол Бирини теудан түрүктөтүп туруп, төмөндөн Аман кы-рылы. Кудушун күшүшүнүн бил алып жет өтүр. Илөкүрүнүн тө-рүдү итти кудушунун аманан өрөөн аманан. Тыны калды да жани-ды кызыл суу аман жаткан өсөтө теудан төмөн карай куушан-дай Бирини.

— ...Бул кезде Аманын кызы — Кизилди де жөн калган өлү. Кому оны аманан туруп көрүндө-ак Бирини болушун. Бирини Ол Кизилдине үшүкүтө үшүкүдү. Бирини ашуу Атадан калты карыны. Кизилди жанышынүн көлүп жүрү үшүн, жер астынан жөн канан Бирини. Жөн калган Бирини, амананан кызыл ке-деди, кызыл амананан. Кому Кизилдине үшүкүдү, ол ар туш саби-ын көлүп жүрөтүн болушун.

Бир кезде Ата үшүн Бирини өлөтөнүн жатканын өлөтүн кала-ды. Бирини жөнүн калканын жөнүн Бирини да, өлөтүнүн Бирини өлөтүнүн үшүнүн шымын. Ол кызылтан:

«Мени Бирини аманан жөн? — деп сураткы. — Мунда Бирини Бирини калган калган»

Кизилди аман.

«Ол аман оны Бирини. Бул аман аман. Сен оны таудан ку-лашы жибөрөтүн. Ол калган суудан ишүн, ар жөнүн өлү. Каран-шы, калган берикти, калган күшүн»

Ата Кизилди карайлы да, көз кызылдан алдыкы. Аман бала-дан өлө жакшы аман шымын.

Кому дагы да:

«Мен калганан үшүн көрөк алдыкы, мени кума» — дейт.

Буландын Бирини Бирини тура Бирини. Көн көлүктөдү Кому мен Кизилдине үшүнүн. Бирини да оны теудан өлөтүнүн, көз алды-дан карайды, тын жакшы бала!..

Болушунан өлү аманан көз не өлөтөнүн өлөтүнүн жас баланын колунан үшүн теудан өлөтүнүн теудан теудан, акырынан өлөтүнүн көлүдү. Оманан Бирини жөнүн өлө жакшыдан куушүнүн шүрү ой-майды. Бирини куушүнүн өз көлөт жөнүдөн, жүзү күшүктөтө бас-тайды.

— Ол заманда ауыртпалық болған екен. Нанайлар біріне-бірі өліп, құдай оларды өзіне әкеліп — жер астындағы дүниеге жыйнаған. Қомоның ұлы да өліп, жер астына түскен. Қомо мен Кильди зар жылапты, ұлы сондай аянышты, ұлын мейлінше сүйіп, әбден бауыр басып қалған еді. Қомо шыдай алмай баласын құтқарып алу үшін сонда кеткен. Жер астынан тесік тауып тірі адам өліктерге келеді. Жер астын ұзақ кезіп, ұлын іздейді. Ұлын тауып алады, сөйтіп сорлы әке, Қомо жалынып жалбарынады:

«Сүйікті ұлым, үйге қайт. Үйде анаң егіліп жылап, сені күтіп отыр!»

Баласы тек басын шайқап:

«Тілек етпе, бара алмаймын». — дейді.

Әкесі баласын қыймай, қолына жармасыл, күштеп алып шығып, бірге тұруға мәжбүр етпек болады. Қараса: қолында түк жоқ, құр бос һауа. Ал баласы қасында қатар тұрып алып, естілер-естілмес сыбырмен:

«Қайтып бара алмаймын. Нанайлар жер үстінде тым нашар тұрады. Осы арадан оларға жол салып берейін. Мейлі менің жолыммен осында тірілерінің өзі келіп тұратын болсын».

Қомо жылап жібереді.

«Сен сонша жассың, неге көп жасамай өліп қалдың? Жастар неге көп өліп, азайып бара жатыр?»

Баласы оған:

«Жерде үлкен тесік бар, — дейді. — Нанайлар соған барып түсіп жатыр. Сол тесікті кішірейтіп, оны сұр және қызыл таспен жап. Фанзалардағы терезе көзін де бітеп қой. Бір фанзадан екінші фанзаға баратын із болмасын, бір фанзадан екінші фанзаға ешкім жүрмесін. Сонда өзінің күні біткен кәриялардың басқа ешкім де өлмейтін болады. Және сыйқырлы үш оқ пен мынау садақты ал, оның саған керегі болады.»

Қомо қайғырады, жылайды. Ештеңе істей алмай, сыйқырлы садақ пен оқтарын алады да, үйіне қайтады. Оған жер астында өскен жуан ағаш кездеседі. Ағаштың төбесіне қарамақ болып басын көтергенде, бөркі ұшып түседі, сонша биік екен. Ағаштың дәл төбесінде әдемі гүлдер — қызыл, көк, сары гүлдер өскен. Ондай гүлдерді жер бетінде әлі ешкім көрген емес...

Қомо ұлының сыйлығын есіне түсіреді де, ағаштың басына оқтың біреуін атып жібереді. Жұпар исі бұрқыраған, көп гүлдер үзіліп түседі. Ал оқ қайтып түспей, жоғарыда тұрып қалады. Қомо гүлдер мен жапырақты жыйнап, киіміне орайды — оның жанында алып жүрген қабы жоқ еді. Жер бетінің бәрінде осындай гүл өссін деп алып жүреді. Жердің тесігінен өткенде ұлының кеңесі есіне түседі. Сұр және қызыл екі тасты тауып

алып, тесікті бітеп, үстін шөппен жабады, тіпті кішкене ғана тесік калады.

Комо үйіне қайтып келеді, гүлдер мен жапырақты көрінген жерге лақтырып тастап кетеді, олар дереу жерге өсіп шығады. Содан кейін ұлының екінші кеңесін есіне түсіреді: барлық фанзаның терезе көзін жауып қояды. Арада із болмау үшін бір фанзадан екінші фанзаға кіруге рұқсат етпейді. Нанайлардың өлімі тыйыла бастайды. Кәріліктен тек Ага ғана өледі. Комо өзінің фанзасының терезе көзін жауып үлгіре алмағандықтан Кильди де өледі...

Володька бір қалыпты дауыспен әндете берді. Оның дауысы енді мұңды шығып көзінде жас, көкірегінде қайғы білінді. Комоның жер астындағы дүниеде жасаған саяхатын нұсқап көрсетіп, ал әкесі мен баласының арасындағы сахнаны соншалық әсерлі етіп айтқанда, Алексейдің арқасы мұздап кетті. Ходжер жиеніне масаттана қарап қойып, ертегіден бұрын айтқысы келіп, Беридзенің құлағына бірдене деп сыбырлады. Ол үн-түн жоқ сақалын сыйпап отыр. Володька ертегісін айта берді.

— ...Сол арада күннен екі сынық шығып аспанда күннің үш көзі жүзе бастаған. Ой, неткен ыстық. Балықтар мен аңдар қырылып, адамдарға да қыйын болған. Сонда Комо:

«Мен, Комомын, сендерге көмектесем. Қайғырмандар» — деген.

Ол баласы сыйлаған керемет екі оқты алады. Оң жақтағы күннің шығатын жағына барады. Шөптен биік үй жасайды: үйдің шатырынан күнге таяу, атуға жақсы ғой. Бірақ күн шыққанда — үй өртенеді, Комоның өзі өрттен әрең дегенде қашып құтылады.

Екінші күні Комо оң жақтағы күннің шығатын жеріне тағы келеді. Алғашқыдан биігірек етіп ағаш үй салады. Өзеннің аржағынан күннің көтерілуін күтіп отырады. Міне, күн шығып, үй тағы өртенеді, Комоға тағы өрттен қашып құтылуға тура келеді.

Комо үшінші рет барады. Тастан үй соғады. Оң жақтағы шеткі күн шығады — үй өртенбейді. Комо садақты тартып, көздеп тұрып атып салады. Оқ күннің ортасынан тиіп, бөлшектеп жібереді. Күннің көзінің қанынан айналаның бәрі қып-қызыл болып кетеді. Жанған сынықтары жер мен өзенге құлап түседі. Су қайнап, тасып, тау болып кетеді. Таулар ағып — суға айналады.

Ал Комо тас үйін шеткі сол жақтағы күнге қарай жылжытып қояды. Ақырғы оғын атады. Айналаның бәрі тағы да қызарып, тау мен өзен тағы қайнайды...

Володька жырлауды қойып, үйдің ішінде аласұрып жүре бастады. Ол екі күнмен күрескендей болды. Ол садақтың ба-

уын тартып көздеп тұр, оқты атып жіберіп, жоғарыдан күлап түсетін күннің сынығынан бетін бүркеп, еңкейе берді. Бетінен қолын алып, бойын жазды — жұрттың бәрі оның көзқарасынан жеңімпаздың мақтанын көрді.

— ...Комо артық екі күнді атып түсіріпті. Ал бір күннің астында өмір сүруге жақсы: онша ыстық емес. Оған жұрттың бәрі алғыс айтыпты. Бірақ нанайлар арасында әрдайым әлдеқалай бір пәлелер жүретін болады. Оның бірі кетсе, қайдан екені белгісіз, екіншісі келеді. Енді адамдардың түріне пәле еніп, ашулы сарғылт бетті зұлым болып көрінеді. Олар нанайларды адам қатарына санамай, ит есебінде көрді. Бұлғын терілерін тартып алып, қыздарын еріксіз айдап әкетіп, кез келгенін дүрелейтін болған. Нанайлардың басын кесіп, қоныстардың маңына қазыққа шаншып іліп қоятын болған.

Нанайлардың үш руы туған мекенінен көшіп кетуге ұйғарған. Үлкен сал жасап, ағаштан көптеген науа-қайық ойған. Сөйтіп олар өзенді өрлеп кете берген. Бірақ алысқа ұзап бара алмаған. Олардың туған мекенінен кеткеніне өзен құдайы ашуланып, боран соқтырған. Құдайдың өзі үлкен балыққа айналып, нанайлардың көбін жұтқан. Қалған нанайлар өзенге батып кеткен...

Он жетінші ғасырда нанайларды осы арадан манжурлар басқа жаққа жер аударып жіберуге әрекеттенгенін біздің халқымыз аңыз етіп айтады.

— Нанайлардың орыстармен достығы оларға ұнамай қалған ғой, — деді Ходжер сыбырлап.

Ал Володька өзендегі қорқынышты дауыл-боранды ишараттап көрсетті, қолындағы бубені дүңкілдеп кетті.

— ...Туған мекенінен кеткісі келгендердің қырылғанын көрген Комо, қалғандарын жыйнап алып, былай деген:

«Бытырамай бірге болыңдар, әйтпесе бәрің қырыласыңдар. Онсыз да аз қалдыңдар. Мен, жалғыз қалған Комомын, сендерді құтқарамын. Менің ұлым жер астынан жол салмақшы болып еді. Бірақ ол жолы осы күнге дейін жоқ, тегі, олай қарай жол салуға болмайтын шығар. Мен аспанға жол салуға ұйғарып отырмын. Нанайларға жерде орын жоқ екен, ендеше аспанға шықсын. Онда кең, орын көп, бәріне жетеді. Тек сіздер маған кедергі жасамай төзіңдер, менімен тіл қатыспандар. Мен сендерге жол салғанша күте тұрыңдар».

Комо тайгаға кетіпті де, аспанға қарай жол сала бастапты. Ол жолды топырақ пен ағаштан салыпты. Жолды ұзақ салыпты — нанайлар күтумен болыпты. Міне енді Комо бұлттан әрі биікке шыққан, ал аспанға әлі жетер емес. Нанайлар үндемей отырып-отырып, ақыры сұрауға ұйғарысады.

«Комо, әлі көп күту керек пе? Біздің әбден зықымыз шықты. Бізге ауыр болды, өзіміз аз қалдық».

Ал Комоның үн қатуына болмайтын еді. Жан-жағын шолып, төмен қарайды. Оның басы айналып жерге құлап түсіп, тас-талқаны шығады. Сол араға үлкен ағаш өседі.

Сөйтіп нанайлар жерде тұрып қала береді...

...Володька бубенді ақтық рет ұрды да, ертегісін аяқтады. Отырған тыңдаушыларда үн жоқ. Беридзе бірінші болып қол соқты. Володька ұшып тұрды да, сахнадағыдай басын иіп жүгіріп шығып кетті. Бір минуттен кейін бубенін қалдырып, жайшылықта киетін костюмімен бөлмеге қайтып келді.

— Нанайлар қазір өз жерлерінде тұрып жатыр, енді аспанға шығатын жолдың керегі жоқ,— деді Володька масайрап, оның даусы сыңғырлап кетті.— Орыс большевиктері нанайларға болысып, бақыт алып берді. Бүгінде нанайлар бүкіл халықтардың әкесі Сталинмен бірге жарқын болашаққа жол салып жатыр.

Көңілі босап кеткен Ходжер жігітті өзіне қарай тартып:

— Кел бері, бауырым, сені құшағыма алғым келіп тұр.

Ол Володьканы өзіне қарай тартты да, мейірленіп тұрып құшақтап қатты қысты.

Төртінші тарау

ТАНЯ ВАСИЛЬЧЕНКОНЫҢ ҚАСЫНДА

Беридзе мен Ковшовтың сапары бітуге таянды. Трасса мен Адунның екі жаққа қарай айырылып кететін жері Ольгохтаға дейін аз ғана жер қалды. Әсіресе бүгін инженерлер жүрісті тездетті және осы таңертеңгі бірнеше сағаттың өзінде олар түнеп шыққан жерлерінен көп ұзап кетті.

Жолшыбай кідіріс жасайық деген Алексейдің өтінішін Беридзе көңілсіз қабыл алды. Бұлар қардың үстіне төсеген плащ-палаткаға отырып, от жақпай-ақ тамақтанды. Георгий Давыдович аздан кейін декбірсізденіп орнынан түрегелді де, төңірекке көз салды, топографиялық картасын алып, оған түзетулер енгізе бастады. Алексей ол-пұлын жыйнап болғасын мұның қасына келді.

Жар қабақ басынан оларға күн шұғыласына бөленген ұшықыйыры жоқ қарлы алқап көрінді. Төменде мұз сауыт киіп құрсанған өзен сіресіп қатып жатыр. Оның айнадай жылтыр бетінде иірім-иірім болып тұрып қалған қар күмістей жылтырайды. Алыста бірінің үстіне бірі шығып өркештеніп жатқан төбелер мұнарта көрініп тұр. Аппақ қардың арасынан бұлар ақ кенепке салынған сурет тәрізденеді: жақындағылары нәзік сирень түстес бояумен, одан арғылары күлгін түстес, қашықтағылары қою көкшілт болып көрінеді. Төбе үстіндегі ашық аспанды кара көк бұлт торлап тұрғандай.

Бұдан үш жыл шамасы бұрын, Беридзе мен екеуі дәл осындай, бірақ бұл арадан он мың километр жерде басқа бір трассаны қарап жүргендіктерін Алексей есіне түсірді. Онда бәрі де басқаша еді: күн ыстық, айналаның бәрі жап-жасыл болатын. Содан бастап оның Беридземен достығы нығая түсті және ол, Алексей Ковшов, институтты жаңа ғана бітіріп шыққан; әлі өзіне-өзі сенімі жетпеген шәкірттіктен ірі құрылыстағы бас инженердің көмекшісі болып алды.

— Қандай байтақ дала және қандай таза һауа десеңші! — деп сұқтанды Георгий Давыдович. — Дұрысы, бұл тәрізді жерді ешқайдан таппайсың, сондықтан да, мұндағы істің өзі де сондай көлемі кең ғой. Сені мен біз сыяқты жас инженерлерге, мұндай құлашы кең іс қайдан табыла бермек? Міне, Алеша, Қыйыр-Шығыс — Сталиндік жаңа құрылыс деген осы.

— Үгіттемей-ақ қой, жолдас, мен баяғыдан бері қыйыршығыстық патриотпын, — деді Алексей бас инженердің күлімдеп тұрған бетіне қарап. Беридзенің сақалы мен мұрты, қасы қырау басып ағарып кетіпті. Оның бүгін тек ашық күнге немесе кең далаға ғана қуанбай, бүгін, ақыры, Таняны көретін болғандықтан да қуанып тұрғандығын Алексей жақсы түсінді.

— Алеша бұл тәрізді кең дала, егер өзі бір берекесіз болмаса, адамды күшті, батыл әрі талапты ететіндігін мен өз бойымнан сезіп тұрмын. Ынжық адамға бұл арада тұрып та керегі жоқ. Өткен замандарда осы Адунға тек қана батыл және күшті адамдардың тәуекелге бел байлап келулері тегін емес-ті.

Алексей мұның сөзінің бітуіне қарамастан кенет еңкейді де, қолын сермеп жіберіп жарлауыттан төмен қарай сырғанай жөнелді. Қар бетіне иректөп із қалдырған бойы ол Адунның мұзына келіп түсті. Оны бақылап тұрып Беридзе де төмен қарай зымырады.

Бұлар мұздың үстінде тайғанақтаған шаңғыны тежей отырып, өзеннен өтті. Таяқтың өткір ұшы болар-болмас қана сызғылап отырды. Құлаққа ұрған танадай тыныштықта шаңғының сартылы, аяз қысқан қалың мұздың сытыры айқын естіліп тұр.

— Алеша, жағаға шық, бұл ара жүруге оңтайсыз екен, — деп айқайлады Беридзе аузынан буы бұрқырап, жалаңаш қолымен мұртының және сақалының қырауын қағып.

Алексей оның сөзін екі етпей шаңғысын бұрып алды. Инженерлер өзеннің сирек орманды сол жақ жазық жағалауына шықты. Аласа шыршалардың арасынан бірен-сарандаған биік ағаштар да көрінеді. Олардың бұтақтарын майыстырып қалың қар басқан.

Бұлардың арт жағынан гүрілдеген дауыс, тарсылдаған дыбыстар естілді. Инженерлер бұрылып қарап, бірінің соңынан

бірі тізіліп жүріп келе жатқан алты атомашинаны көрді. Әрқайсысы труба тиеген ауыр тіркегішті сүйреп келеді.

— Біздің адамдар! — деді Беридзе айқайлап және машиналарды көзімен шығарып салып: — Бауырлар, асығындар, бөгеліп қалып жүрмендер! — деді.— Не десең, ол де, Алексей, трасса — сол жақ жағаға көшкен. Ол сағат сайын күш жыйнап өсіп келеді. Роговтың учаскесіндегі жағалай жанған электр оты есінде ме? Көп ұзамай олар бүкіл Адунды жарық қылады, сөйтіп аралға да барады... Сен күлме, скептик жігіт! — деді ол айқайлап жіберіп, Алексейдің келекелі күлкісін және оның жан жоқ құлазыған жағаға жорта тесірейе қарай қалғандығын сезіп: — Ақыры келгенде, өзіміздің ұйғарындымыздың дұрыстығына тәжірибе жүзінде көзімізді жеткізуіміз қазір бізге сонша маңызды нәрсе.

— Бұған менің де көзім жетті.

Бұлар өзен жағалауының жер жағдайын қарау үшін бөгеліп, суреттің мәліметтерін анықтап тексере отырып, жол жүріп келеді. Бір жарым сағаттан кейін баяғы алты машина тағы кездесті — олар жүгін апарып салып қайтып келе жатыр екен. Шоферлар бұларды байқап қалып, машиналарын тоқтатып, моторларын сөндірмей, кабиналарынан шықты. Беридзе осы кездесуді пайдаланып, неше машинаның труба тасуда жүргенін, бұлардың күніне неше рет қатынап үлгеретіндері туралы сұрап білді.

Инженерлер тағы біраз жүргеннен кейін, жүк машина таптаған өзеннен шығатын жолды көрді де, соған қарай бұрылды. Мұндай жолдарды «мұрт» деп атайды; өйткені ол жолдар шындығында, үлкен мұртқа ұқсап мұз магистралынан шығып жанжаққа тарап кетеді. Шаңғышылар осы жолмен жүріп келеді, көп ұзамай трубалардың текшелерін, брезентпен жабылған, буылған нәрселер мен жәшіктерді, тақтайдан құрастырылып жасалған кішкене үйлерді және әлі бітпеген бірнеше үйлер мен сарайларды көрді. Құрылыста жүзге тарта адам істейді екен. Олар жаңа ғана әкелінген трубаларды жайғастырып қойып жатыр.

Материалдар мен азық-түліктерді әржерге керегіне қарай тасу үшін трасса бойында әрбір жыйырма милометр жер сайын арнаулы базалар құрылған. Бұл ара тоғызыншы учаскенің осы тәрізді базаларының бірі еді. Бұл базаның бастығы Шмелев, сабырлы, асықпайтын-саспайтын қарт адам, инженерлерді текшенің қасында кездестірді.

— Жақсы келдіңіздер. Мен сіздерді күтудемін, — деді ол, амандасып және бұларды тақтайдан салған үйге алып келе жатып.

— Күтіп отырмыз дейсіз бе? Неге? — деді Алексей.

— Сіздер туралы маған Таня Васильченко айтып еді. Ол

кеше осы арада телефон линиясын жүргізді, қазір мен учаскемен байланыс жасайтын болдым. Міне, көріңіз,— деді Шмелев ағашка ілініп тартулы тұрған сымды қолымен көрсетіп.

Тақтайдан салған үйде темір пеш қып-қызыл боп жанып тұр. Инженерлер құлақшындарын, қолғаптарын шешіп, аркаларындағы қапшықтарын жерге қойды: Шмелев бұларға үлкен табада тұрған пісірілген балық, қатқан нан және темір кружкеге құйып шай беріп қонақ етті. Информбюроның соңғы мәліметтері жайын сөз қылды. Бұларға бұдан үш күн бұрынғы мәліметтер ғана белгілі болатын, Алексей майданда боларлық өзгерістер мүмкіншілігі жайындағы Шмелевтің жорамалын естіп, өзінің жүрегі тағы қысылып, мазасыздана түскенін сезді. Трассаға жүрердің алдында ол Москвадан хат алған-ды. Газетте, радио да оған хаттағы хабар сыяқты бәрін тәптештеп айтқан анық хабар бере алмаған еді. Хат жолда бір айға жуық жүрген, ал бұлардың өзінің Беридзе мен екеуінің Адун бойын шарлағанына да он екі күн болып қалды. Содан бері — Москва түбіндегі ақуалдың да жақсара қоймағанын, бұл біліп жүрді. Соңғы үш күнде не бола қойды дейсің?..

— Қазір мен тұрған осы ара қонақ үй тәрізді,— деді Шмелев меймандос қожасының калпын көрсетіп.— Трасса бойында жүріс көп, осында жұрт көп келетін болып алды. Мен учаске арасында жүріп-тұратындарды есептемеймін. Олар жылынып алады да, ілгері кете береді. Новинскінің өзінен-ақ қонақтар келетін болып алды.

— Мысалы, кімдер?

— Шофер Сморгков. Оны білуші ме едіңіз? Қайсар жігіт екен! Жолды ылғый қар басып қалып отырады, осыдан жеті километр жерде оның машинасы тоқтап қалыпты. Әбден машақат көріп, ызаланып түнде осында келді. «Жәрдем көрсетіндер, мен де бірде көмек етермін, жақсылық далада калмас» — деді. Әрине, оған жәрдем көрсетуге тура келді, машинасын сүйреп шығарыстық, жанармай да бердік. Ол жолда әбден қалжырап қалыпты. Мен оған тамақ бердім, бір тілім нанды қолына ұстап отырып столдың басында ұйқтап қалыпты. Менің төсек тақтайға апарып жатқызғанымды да білген жоқ. Бірақ үш сағаттан кейін ұшып тұра келді де, асығып киіне бастады..

— Егер ол бұғазға дейін жеткен болса жақсы болды,— деді Алексей.

— Күдікті. Тоғызыншы учаскеден аман өтіпті, мен бұл туралы Панковтан есіттім. Бірақ тоғызыншыдан кейін жол тіпті жаман, ал Адуннан бұғазға дейін жол мүлдем жоқ дөседі. Оның ынта-жігері жеткілікті болғанмен де, машинаны ойлаған жеріне жеткізуіне бола қояра ма екен. Жігіт өз мойнына адам айтқысыз ауыр міндет алған екен...

— Сонысына қарай, зор пайда да келтірді,— деді Беридзе.— Біз болып кеткен учаскелердің бәрінде де, шоферлар өздерінің социалистік міндеттемелерінде, оның атын еске алып отырады...

— Сморгковтан кейін, Новинскіден, білесіздер ме, кімдердің келгенін? Үш жүз адам қонақ келді,— деді Шмелев.

Гончаруктің колоннасы ма?

— Я. Бәрі бірігіп күш қосқанда оларға жол жүру оңай... Егер жолды қар басып қалса, олар машинадан түседі де, қарды өздері тазалап жібереді. Сонда да адамдар әжептәуір шаршаған: кейде бірнеше километрдің бойындағы қалың қарды аршуға тура келген. Бұл жаяу жүргеннен әлдеқайда жаман болуға тиіс. Гончаруктің өзі ауру екен, аяғын әрең-әрең басады. Ол: егер жол алда да осындай жаман болса, машинаны оныңшы учаскеде қалдырып, бұғазға жаяу баруға ұйғарған. Онысы да жөн, жүк машинаны арқалап апаруға болмайды ғой! Олар мұнда барлығы бір-ақ күн болды. Әйтсе де оның әбігерлігі аз болған жоқ, оларды бір жерге орналастыру, тамақтандыру керек болды, өздері үш жүз адам ғой. Оның есесіне олар маған жақсылап көмек көрсетті, стахановша жұмыс істеді. Содан кейін бүкіл үйді шанамен сүйретіп тракторшы Силин келді. Ол да мықты көмектесті жолды тегістеді, жүк тасысты.

— Силин қашан жүріп кетті?

— Қазір ойланайын... Бұрнағы күні. Оның соңынан іле-шала қожайынның өзі келді.

Салмақтап және зор мән бере айтылған бұл сөзді инженерлер тағы естіді. Беридзе кім туралы айтқанына түсінбеген адам сыяктанып:

— Қожайын дегенің кім? — деп сұрады.

— Құрылыс бастығы ше. Адунда одан басқа тағы қандай қожайын бар еді?

Бас киімін шешіп қойып, тап-тақыр қасқа басын жалаңаштап, Шмелев өзіне шай құйып алып, ұрттай отырды да, Батмановтың ойда жоқ жерде қалай келіп қалғандығын, барлығын қарап өтіп, жұртпен сөйлескендігін, Васильченко мен оның өзіне — Шмелевке ұрысқандығын, әңгімелеп айтты. Бұл туралы еске алуының өзі Шмелевті сүйсіндіріп жібергендей болды.

— Таня Васильченкоға бастық не үшін ұрысты? — деп сұрады Беридзе.

— Складтардың дайын болмағаны үшін,— деп сұрауға түсінбестен, Шмелев сөзін жалғай берді.— «Өзіңнің берекесіз сарайларыңмен жыл бойы әуреленбекшімісің?—деді бастық. Біз бір жылда бүкіл нефтепроводты салып бітіреміз!... Ал егер бораи соғып кетсе трубалар мен басқа мүліктерді қар басып қалады, қар астынан қазып аласың ба?» Ғажап адам: бәрін байқап, бәрін сынады! Текшелер үшін де ұрысты — мұнша не-

ге биік: «Немене саған жер жетпей ме, көкке жеткізе бірінің үстіне бірін үйгенің не? Үйе бер; үйе бер. Артық жұмысты өзің істейсің. Жуықта труба тасый бастаймыз, мына биік текшелеріңнің машакатын сонда көрерсің...»

Алексей күліп жіберді. Шмелев тіпті Батмановтың даусына дейін салып айтты.

Таня Васильченкоға бастық не үшін ұрысты? — деп Беридзе қайталап сұрады.

— Оған, әрине, сымдар үшін ұрысты. Шабан жүргізіп жатырсың — деді.— Ол осында Танямен бірге келді. Участкемен арамызда байланыс жоқ еді, ал оның басқармамен сөйлескісі, диспетчерлер мәжілісін осы арадан өткізгісі келіп еді. Ештеңе шықпады. Ол Татьяна Петровнаның күніне неше километр сым тартпақшы болып берген уәдесін есіне салды. Қанша километр орындамағанын есептеді де: «Мені де, мемлекетті де алдадың», — деді.

— Ал Васильченко? — деп сұрады Алексей.

— Ол үндемеді. Тегі, өкпелеген болу керек. Өзі тәкаппар, намысқой қыз ғой. Мен оның әкесі, Петр Васильевичті білетін едім.

— Қайдан білесің? — деді Беридзе білгісі келіп. Оған Таняға қатысы бар істің бәрі де маңызды болып көрінетін.

— Оның отрядында партизандық етуге тура келген еді. Өткір командир, керемет адам болатын. Татьянаның түрі де, мінезі де соған тартқан.— Петр Васильченко туралы карт партизан сондайын бір салтанатты мақтанмен сөйледі: — Қожайынмен бірге біздің участкенің бастығы Степан Кузьмич Панков та маған келіп кетті. Мен оны да бұрыннан білемін. Ол Таняның әкесімен өте дос болатын. Батманов дем алып жатқанда, біз Степан Кузьмичпен түні бойын Волочаев соғысының күндерін еске түсіріп, көзге елестетіп өттік. Панков ескі гвардиядан қалған адам, қайратты, берік кісі, оны қашан да ауыр учаскеге қояды және ол барлығын да жақсы істеп шығады. Панков Татьянаны өте қадірлейді. Басқармада, бұрынғы бастықтардың тұсында, Таняның тік мінезділігінен үлкен ыңғайсыз болған. Степан Кузьмич Таняны өзінің қанат асгына алып, аласапыранның тұсында ол соның учаскесінде істеді...

— Панков бастықты осы арада кездестірді ме, қалай?

— Оны қожайын Новинскіге шақырыпты, ол сонда кетіп барады екен. Содан жолшыбай, жетінші участкенің бір жерінде кездесіпті. Батманов Степан Кузьмичті кері қайтарған: «Маған өзіңнің орынбасарыңды көрсет те, ісіңді тапсыр. Сені өзімнің өкілім етіп бұғазға жіберемін, сол араны тәртіпке сал, сонынан мен де келіп, көмектесермін», деген. Бұлар бірін-бірі жақсы ұғынысқан болулары керек.

— Татьянаның байланышылары арасында Панковтың ұлы

бар сыякты еді ғой. Генка дейтін, пысық бала,— деп Алексей есіне түсірді.

— Дұрыс, Генка соның ұлы. Степан Кузьмич Генкамен кездесті. Олар осы үйде — кожайын бар, Панков және бала үшеуі отырып шай ішті. Батманов Степан Кузьмичке: «Мен мұны Татьянамен бірге тәуекелге бел байлап өзім жібердім,— деді.— Айтқанынан қайтпайтын бала, жолдастарынан қалғысы келмеді». Степан Кузьмич: «Мейлі қыйындыққа жастайынан көндік-сін, коллективтің ішінде ол өлмейді»,— деп жауап берді.— Гафу етіңіз, мен қазір.

Шмелев терезеден жақындап келе жатқан машинаны көрді де, соларды қарсы алуға далаға жүгіріп шықты.

— Достым Алеша, кеттік, мұнда отыра берудің жөні болмас,— деді Беридзе.— Трубкамы тартайын, сонсоң жөнелейік.

Татьянаны көргенше Беридзенің төзімі жетпей тұрғанын, Алексей түсіне қойды; оған дейін алыс емес, не бәрі бірнеше-ақ километр қалған еді.

Шмелев қайтып та келді. Үйдің ыстығынан маужыраған инженерлерді көріп;

— Қожайын өзінің осында болып кеткендігін сіздерге айтарсын деген болатын,— деді, сөзіне маңыз бере сөйлеп.

Батмановтың осы аядай үйде қалай отырып, қалай бұйрықтар бергенін, Ковшов көз алдына елестетті.

— Бастық бізге не айтты? — деп сұрады Алексей.

— Сіздер бұл арада бөгелмесін, деді. «Олар сондай жабысқак, барлық іске де сөзсіз араласатын болады. Ал олардың сенің базаңнан ғөрі маңыздырақ ісі бар. Сондықтан бұл арадан өздерін тезірек қуып жібер. Бірақ сыпайы түрде қу, олардың да қолында әкімшілік бар, сенің өзінді қуып жібере алады» деді.

Алексей мен Беридзе біріне-бірі қарады да, үн-түн жоқ тұра келді. Сасып қалған Шмелев орнынан атып тұрды.

— Бас инженер жолдас, мұнысыз қалай? Мен сізге бастықтың сөзін сол қалпында ғана айттым ғой. Сіз мұнда барлық жерде өзіңіз де қожасыз.

— Жоқ, болмайды, тапсырма алған екенсің бізді желкелеп қуып шығар,— деді Беридзе жорта катайғансый қарысып.

— Сіздің дәл қазір кетуіңізге кеңес бермеймін, көп кешікпей боран соғады,— деп Шмелев оларды сендіруге тырысты.— Менің Адунда тұрғаныма көп болды. Ауаның өзгерер кезін білемін.

— Біз кетеміз,— деді Беридзе үзілді-кесілді.— Күн ашық, атай сен оның үстіне әкеліп тұман орнатпа.

Бұлар базадан шығып түріне қарай екі жар болып бөлінген ағаш арасынан салынған жолға ұксас, тар алкаптың арасымен жүрді: оң жағында өрімдей биік, тіп-тік болып жапы-

рақты ағаш пен қызыл тал, сол жағында — биігі де, аласасы да бар, әртүрлі ағаштар өскен. Күн шұғыласы қар жамылған қалың ағаштың арасынан әрең дегенде түсіп тұр. Ақшыл көк ашық аспан алқаптың үстінен көлбете керіп тастаған жібектей көрінеді. Аязы қақаған тайганың бойындағы тірі жан, тек осы екі шаңғышылар ғана сыяқты.

Инженерлер үн-түн жоқ жүріп келеді, екеуінің де ойлағаны Батманов туралы. Бұлар Батмановпен басқармада қоштасқанда, ол трассаға баратын ойын айтқан жоқты, тек қана бұлардың соңынан шығып артынан қуып жетермін де асықтыра бастармын деп қалжыңдап сес көрсеткен болатын. Енді ол алдарына шығып кеткен және адамдардың аузындағы әңгімесінің бәрі оның кімді мақтағаны, кімге ұрысқаны, қандай жарлық бергені, кімге нендей уәде бергені жайында ғана. Трассада тіпті көп нәрсе әлі айқын болмай қалып отырса да, учаскедегі жұмыс әлі толық жолға қойылмаған болса да — бәрінде де өздерінің күштері мен өздерінің басшыларына сенушілік бар еді.

— «Адунның қожайыны» деген лебіз жаман естілмейді, дұрыс емес пе? — деп сұрады Беридзе.

— Жаксы естіледі. Қазір трассадағы жұрт Батмановты біледі, мені қуантатын осынысы, — деді Алексей. Сөйлеген сайын оның аузынан салқын бу будақ-будақ шығады. Осының өзі кабинетте отырып алатын адам емес пе екен деп қауіптенгенім әлі есімде.

— Әрнәрсенің өз кезеңі бар, Алеша. Кабинетке өзінің, трассаға өзінің кезеңі болады. Сен оны трассада әлі талай көрерсің.

Бұлар анда-санда бір сөйлесіп қойып, асығыс жүріп келеді. Орман бұларды құшағын жая қарсы алғандай болып, бастарына ұлпа қардан шашу шашты. Аяз қысқан ағаш пен бұтақтар сытыр-сытыр етеді. Бұрылыста, ойда жоқ жерде, бір жәндіктің кездесе кетуі, Беридзе мен Алексейге осы тілсіз-үнсіз тайгада бұлардың жалғыз келе жатпағандығын көрсетті. Қалың шыршаның аржағынан өзенге қарай бір елік шыға келді. Адамнан үріккен елік жалт бұрылды да бірқыдыру жерге, сонымен қатар, өте бір әдемі сымбатпен секіріп түсті. Беридзе құмартқан қалпы револьверіне жабысты, бірақ ол қабынап суырып үлгіргенше елік көзден таса болды. Одан кейін бұлар бұрын көрмеген бір кішкене аң қастарынан лып етіп өте шықты, Қовшов оған ысқырып жіберді, қар үстінде әдемі қос таңба қалдырып, ол да зымырай зытып отырды.

— Адамның алдына қойған белгілі мақсаты болуы қандай жаксы, — деді Алексей.

— Сен кім туралы айтып келесің? — деп сұрады Беридзе.

— Батманов туралы да. Трассада оны мындаған адамдар

мен толып жатқан жұмыс қарсы алды. Сөйте тұрса да, ол бізді ұмытпаған. Мен әрбір кадам сайып, оның «Жігіттер, сіздерді бақылап отырмын, керенаулыққа салынуга болмайды. Асығыңыздар, жоба сіздердің мойындарыңызда!» — деген сөзін естіп тұрғандаймын. Егер де ол бізге дейін учаскелерде болмаса, онда біз, Роговтың маңайында ма, әйтеуір бір жерлерде отырған болар едік, оны мойындау керек...

Телефон сымдары күн сәулесі түсіп жылтылдаған өрмекшінің жіңішке жібіндей болып ағаштан ағашқа тартылған... Ағаштарға ілінген сымдар мен жалтырауық изоляторларды дүлей тайғаның ішінен көру, таңырқарлық та, қуанарлық та іс еді. Беридзенің қырау басқан мұрты басын көтеріп караған сайын жымыйып күлгеннен қозғалып қояды.

— Танюша, жігіт, өнерпаз! — деп бас инженер сүйсінуден тынбады.— Тайгада қандай тамаша өрнек қалдырып барады! Қазір енді бұл сымдардың бойымен дауыстар да тарай бастаған шығар. Сол Шмелевтың өзі-ақ біздер туралы Таняға бірдеме деп өсектер айтуға асығып жатқан болар.

— Ақырын! — деп Алексей қолын көтерді.

Бұлар тындай қалды. Орманның жым-жырт тыныштығында телефон сымдар зуылдап, бұл әтсіз ғана шыққан және мұнды дыбыс адамға біртүрлі үрей туғызатын еді.

— Біреу әлдекімге мұңын шағып жатқан тәрізді. Мүмкін, көңілсіз мәлімет немесе күйінішті хабар беріп жатқан болар.

— Шошытпа мені, Алеша. Сымның аты сым: металдан жасалған сым,— деді Беридзе қалжыңға салып, бірақ ол да ойланып қалды.

Бұларға жаққан оттың орны және қары тапталған алаң жиі-жиі кездесе бастады. Таня Васильченконың бригадасы осы арада жуықта ғана жұмыс істеп кеткен. Байланысшылардың көшпелі базасы — темір қаркастан жасалған төрт шатыр көрінді. Олардың біреуінде төрт бұрышты шойын пеш-плитаның жанында бір жігіт және беттері қарайып үсінген бір қыз жұмыспен шұғылданып жатыр. Олар кішкене қазанға бірдеңе қайнатып, сөйлесіп отыр. Шатырла жыймалы жеңіл төсек ағаштар, олардың аралығында, астарында сымның шумағы, тұткалар, изоляторлар жатыр.

Таняның қай жерде екенін білді де, инженерлер кідірместен ілгері қарай жүріп кетті. Көп ұзамай олар, тайга ішінде біртүрлі боп шыққан аламдардың даусын естіді және ағашқа сым іліп жатқан бригаданың үстінен шықты. Байланысшылардың жұмысын бөлме үшін, Беридзе мен Алексей оларды аңдайдаң тұрып бақылады. Олардың біреуі жүз метрге созылған сымды ұзын сырғауылмен көтеріп, басқалары ағашты басын-

да отырып оны іліп жатыр, бұған басқа бригада бұдан бұрын кронштейн мен изолятор орнатып кеткен.

Байланысшыларды баскарып тұрған жігіттің Филимоновтың бөлімінде істеген техник Чернов екендігін Алексей бірден танып алған жоқ. Күтпеген жерден келіп қалған инженерлерді көріп, комсомолец ең әуелі абыржып қалды. Іліп жатқан сымды қадағалап қарай отырып, ол бұлардың сұрағандарына асыға жауап берді. Өзінің сөзін бітірер бітірместен:

— Жаңа хабар білмейсіздер ме? — деп сұрады Чернов. — Біздің сымда үш күн бойы сол бір қалпы.

Жауабын ол тегіс тындай алмады. Шеткі екі байланысшының сымы үзіліп кетіп, зу етіп қарға түсті. Чернов ғафу өтініп, солай қарай жүгіріп кетті. Алексей оны күткісі келіп еді, бірақ Георгий Давыдович жолдасын ілгері жүруге асықтырды.

Екінші бригада ағаштарға кронштейн мен изоляторлар орнатып жатыр екен. Комсомолецтердің біреуі инженерлерді көріп қалып, бүкіл орманды жаңғыртып айғай салды:

— Қараңдар, міне солар.

Тегі олар Берилзе мен Ковшовты күткен тәрізді. Бригада жұмыстарын лезде тоқтата қойды. Кронштейнді әзірлеп және әкеліп жүргендер де, оны орнатып жатқандар да жүгірісіп келді. Құлап жатқан ағашқа келіп отырған қонақтарды жұрт айқай-шуммен келіп қоршап алды. Майдандағы жағдай туралы, қаланың және басқарманың жаңалықтары, таныс адамдары жайында жан-жақтан сұрақтар жауып кетті.

Алексей Генка Панковты көрді. Макта сырыған шалбар мен белбеуді қысып буынған телогрейка оны жуандатып жіберген, сондықтан бойы бұрынғыдан да кішірейіп көрініп тұр. Мұрны барбыйып іскен тәрізді: — тегі аздап үсінген болу керек. Генка өзін еркін ұстап жайына тұр, Алексей шақырған уақытта, оның қасына асықпай басып келді.

— Қалай Гена, тайганың өміріне көндіктің бе? — деп сұрады инженер, жас жігітті өзіне қарай тартып.

— Көндікпейтін несі бар, көндіктім, — деді Гена біраз сақтана сөйлеп.

— Ол біздің стахановшымыз, жігіт-ақ өзі — кронштейндерді жұрттың бәрінен жылдам, бәрінен жақсы біледі. Ағашқа тиін сыяқты тез өрмелеп шығады, — деп мактады бір қыз жас Панковты, Алексей қызды танып кетті, ол Залкиндінің бұрынғы секретары Зина екен.

— Новинскіге джазымен Утесов келді дейді ғой, рас па? — деп сұрады оның қасындағы, макта сырыған күрте киген арықтау қыз.

— Әкенді көрдің бе? — деп сұрап Алексей Генканы босатпады.

— Көрдім, оның несі бар?

— Тегі, сені өзімен бірге кетуге шақырған болар.

— Мен жұмыста жүргенде, неменеге ол кісі мені шақырады,— деді Гена байсалды түрде.— Оны қазір бұғазға жіберді, біз де солай қарай барамыз ғой...

— Дегенмен, мұрныңды үсітіп алыпсың... Байқау керек.

— Менікі не, тәйірі! Басқалардікі бұдан да жаман. Коля Смирновтың өзі де бетінің кара қабыршығымен жүр.

— Коля қайда? — деп Беридзе жан-жағына қарады.

— Әне жүгіріп келеді!

Ұзын бойлы Смирнов ағаш арасынан еппен жалтарып, бұларға қарай шаңғымен зымыратып келе жатты.

— Кеше біз аюдың жатағына кез болдық, мен де көрдім,— деді Генка мақтанып.— Ұзын сырғауылмен түрткілеп оятып едік, ол сыртқа шықты.

— Соншалық корқынышты! Жүні ұйпа-тұйпа, көздері кыпқызыл,— деді Зина түшіркене жылдам сөйлеп.

— Сен тіпті көрген жоқсың, менен естідің ғой,— деді Генка қызға ұнатпай қарап.

— Я, аю қайтті? — деді Алексей білгісі келіп.

— Коля Смирнов екі оқпен жұмысын бітірді.

— Тарандар! — деп айқайлады Коля, шаңғыны екпіндете теуіп келе жатып.

Ол жолында тұрғандарды итермелей өзіне жол ашып Беридзе мен Алексейдің қасына келді. Коля бұл арада да тайғалықтарша киінбей, спортшыларша жеңіл киінген. Оның май жағып жылтыраған беті қарайып, теңбілденіп тұр.

— Татьяна сіздерді өзеннің аржағымен жүріп бізге сокпай өтіп кеткен шығар деп еді,— деді ол инженерлермен амандасып жатып.

Коля келген соң әңгіме одан сайын қыза түсті. Сөйлесіп отырып, олар уақыттың қалай өткендігін байқамай қалды. Генка тоназыған соң, секіріп билеуге айналды. Беридзе ылғый жан-жағына қараумен болды.

— Татьяна қалай, жұмысын меңгере алып жүр ме? Оны жұрт тыңдай ма? — деп Георгий Давыдович Колядан ақырын дауыспен сұрады.

— Тыңдағанда қандай! Ол кімді болса да тыңдауға мәжбүр етеді! Тілесеніз қазір көрсетейін бе? — Коля еңкейді де Генканың құлағына сыбырлап: — Татьяна келе жатыр! — деді.

— Татьяна,— деп іліп әкетті Гена және оның күтпеген жерден қатты шыққан даусынан Беридзенің өзі де селік ете түсті.

Пималарымен қарға малтыға-малтыға лезде бәрі де орындарына қарай жөнөп барады. Инженерлер шек-сілесі қатқанша күлді.

— Таняға қарай барайық,— деді Смирнов.

Жолда келе жатып бұларға құрылыс бастығы мен Генка-

нын әкесі келіп кеткендігін айтты. Батманов жігіттермен сөйлескен, Смирновқа және Татьянаға ұрсып кеткен.

Бұлар Таняны телефон сымы линия жүргізу үшін қолайлы бағыт карап жүрген бастағы бригададан іздеп тапты. Байланысшылар қалың жыныс ағаш өскен өзеннің ылдый баурынан өздері өтетін жол аршып жатыр. Таня үстінде ақ шолак тоны, кара пимасы және тоқыма қызыл бөркі бар, бір түптен шыққан тәрізді үш кайынның қасында анадай жерде тұр екен. Дәл сонын қасында қызыл тілі жаландап көкке карай шапшый жалындап шытыр-шытыр етіп, маздап от жанып жатыр.

Қардың сықырлағанын естіп, Таня бұрылып карады, бірақ инженерлерді көргенде, таңырқағандықтың да, куанғандықтың да белгісін білдірген жоқ. Тек оның қырауланған ұзын кірпіктері гана дір ете калды.

Алда келе жатқан Ковшов, қызды достықпен бауырына тартып күшақтады. Таня оның ниетін дұрыс ұғынып, оған карай жабысып, ернін бетіне тигізді. Қыздың суыққа тоңған ернінің бетіне тигені Алексейді қатты тебірентіп жіберді.

— Амансын ба, тайганын кожасы... Амансын ба, сұлу мүсін!

— Менің сыбағама не тиеді, Қызыл бөрік? — деп сұрады Беридзе, жакын келіп.

Таня оның бетіне карап, сақ-сақ күліп жіберді.

— Нағыз аяз атаның өзі. Оның сыбағасына тек амансыз ба гана тиеді.

Сақал-мұртын қырау басқан, арқасында қапшығы бар Беридзе түп-тура өлкенің аяз атасына ұқсаған да қойған. Таня бұған бас иді де, өзінің ылғый тастамай киіп жүретін қызыл қолқабын шешіп, қолын ұсынды. Беридзе шаңғы таяғы мен қолқабын қардың үстіне тастай беріп, Таняның қолын екі қолымен бірдей ақырын гана алып амандасты.

— Ой, үсітіп жібердің ғой! — деді Таня, өзінің қолын Беридзе қысып ұстаған кезде.— Аяз Ата.

— Ештеңе етпейді, біз казір жылынамыз, кайтадан орта жастағы кавказ жігіті болып шыға келеміз,— деді Беридзе отқа еңкейіп, сақалының қырауын қағып жатып.

Коля бұтақтарды жыйнастырып, отқа салып жатыр. Алексей мен Таня отқа карай жакындай түсті. Васильченко бұлардан бірден жоба жайында, баскарма жайында, бір жылдан бері бейнебір көріспеген тәрізді, таныстары жайында сұрап жатыр.

— Серафима саған пирожки беріп жіберіп еді, — деді Алексей.— Біз оны әрине, сені де, Серафиманы да жақсы сөзімізбен еске алып жеп қойдық. Бәрібір ол пирожкилер казір тас болып қатып калған болар еді, саған оның дәмінің ұнауы да неғайбыл. Саған тағы бір қапшық пельмен әкеле жатыр едік.

Бір дем алған жерімізде озбыр аңдардың біреуі ұрлап әкелтіпті.

— Ыстык пирожки болсын, пельмен болсын ракаттанып тұрып жеген болар едім,— деді Тая шын ниетімен.— Тағы шошқа етін салып пісірген кызыл борщ сорпаны да ішер едім. Жаксы шарап болса да жұтар едім.

— Өзімнің кішкене кұтымды шығарайын ба? Тағам да табылады, консервы бар. Қалай карайсыз? — деді Беридзе.

Тая кабағын тыржыйтып:

— Спирт пен консервы! Қызды сондай тамакпен сыйлай ма екен? — Оттың үстіне ұстап колын жылытып отырып, Тая бұларға өзінің жұмысының жайын айтты. Оның сөзінде не әсірелеп айту, не шағым жасау деген жоқ еді, бірақ өткен үш аптаның ішінде қыздың каншалықты сыннан өткенін Беридзе көзалдына елестетіп, жүзі сынық отыр.

Алғашкы кезде тайга тұрмысына көндігу қыйын болды. Комсомолецтердің барлығы бірдей табанды емес екен. Екі жігіт алғашкы аптада кашып кетті, жалпы жыйылыста оларды қашкын деп жарияладык. Қыздар да жылап-сықтады, бір кыз қалаға қайтар деп сұранды.

— Алғашкы күндерде аязда үнемі жүре беру тіпті мүмкін емес сыяктанды,— деді Коля Смирнов, Таяның сөзін бөліп.— Тіпті батыл деген жігіттердің өзі тайгада қонуға қорықты. Айналада жан жоқ қой.

Тая бұрын баскармада болып, трассаға шығуға ұқыпты даярлық жасағанмен де, байланысшылардың қысқы жұмыстарында аяқ басқан сайын күтпеген жерден қолайсыздықтар кездесіп отырды. Кейбір материалдар жетпей қалды, ал бригадаларда нағыз маман дегендер жоқтың қасы болды. Базамазды бір орыннан екінші орынға күн сайын көшіруге тура келіп отырды, онтай кезде тұрмысты жөндеу қандай қыйын. Ең пәлесі — аязда істеу қыйын, әрі ынғайсыз болды: жұмыстың бәрін бірдей қолқап киіп жүріп істей беруге болмайды, қолқапсыз жұрттың қолы лезде үсіп кетеді. Бастапқы күндері жұрттың көбі үс'кке шалынды — вазелин де, баска дәрі-дәрмек те көмек көрсете алмады. Қазірдің өзінде де суық оларға қырсығын аз тигізіп жүрген жоқ.

— Өз басымның үлгісін көрсету әдісімен әрекет жасап жатырмын,— деп жымыя күлді Тая.— Тәрбиеші болып алдым. Тікелей айтқанла да, жанамалап айтқанла да салкын тәрбие: яғни қатаң тәрбие. Менің адамдарым беті-қолын қармен жууға, мұзды су ішуге, жылы қапқа оранбай-ақ ұйқтауға әдеттеніп алды. Спортпен шұғылдануға еріксіз көндірдім. Қыңкылдап, арыз етуге рұқсат етпеймін. Майдандағы жауынгерлердің көрген қыйыншылығына қарағанда, сонымен салыстырғанда, біздің көрген қыйыншылықтарымыздың бәрі де түк емес деп

түсіндіремін. Біздің Коля жігіт-ақ, бүкіл жастар алдында беделі зор, онсыз мен әлдеқашан сүрінген болар едім,— деді Таня, отқа қу ағаш салып жатқан Смирновқа құрметпен карап.

Таня шашын жөндеу үшін, қолкабын шешті. Беридзе оның ісінген, тырнағы сынып, қызарған қолынан акырын ғана ұстады.

— Жел болмаса, ол да бір жақсылық,— деді Таня сөзін тоқтатпай.— Жел болғанда барып тұрған тамұқ: сымды ылғый үзіп кетеді, бір сымды қайта-қайта ілуге тура келеді. Сөйтіп жүргенде қалайда біреуі үсініп қалады. Кейде: жігіттердің дауыстап жылап жібере жаздағанын да көремін.

— Татьяна Петровна, жақсы істеп жатырсыздар,— деді Беридзе шын көңілімен. — Жартысынан көбін бітіргенсіздер. Сымды бұлай ілуді үздік жұмыс деп санау керек.

Ол бір талай кенестер берді. Беридзенің сақалы мен мұртындағы қырауы еріп, баяғысындай қалпына келді. Былғары белбеу буынып, ақшылт шолақ тон киген сымбатты, нәзік Таняға ол мұнайғандау назды көзімен карап отыр. Таня оттан екі көзін алмай, Беридзенің сөзін ықлас қоя тыңдады.

— Георгий Давыдович, сіз маған тым қайырымды болып кеттіңіз ғой,— деді Таня басын көтеріп.— Батманов маған разы болмай қалды, балаларға: «Сіздерге бір мейірбанлы бастық кездескен екен» — депті. Ол неге ылғый ұрса береді, өзінің әдісі осылай ма, қалай? Семьясында қалай екен, соны білгім келеді. Оның әйелі, тегі, қорқатын болар. Жұртқа қайырымды болу, оларға кейде жылы сөздер айтып қою, әлде зиянды ма екен?

— Сіз Батмановқа әділетсіздік жасап отырсыз. Оның семьясы Қырымда қалып қойған,— деді Беридзе кіналай. Ол Василий Максимовичтің алған хабары жайында іштеңе білген жоқ болатын.

Таня төмен карады да, лезде басын қайтадан көтерді;

— Қайта, ол жұртқа жұмсағырақ болуы керек.

— Жұмсағырақ? Ол жұртқа әділ болуы керек. Бірақ сөзде емес, іштей.— деп Алексей сөзге араласты.— Батманов, меніңше қайырымды адам. Ол адамдарды сүйе біледі, оларды мағнасыз қайырымдылықпен бұзбайды, қерегінде де, қерексізінде де басынан сыйпап жаман үйретпейді.

Коля Смирнов үйген қу ағаштың үстінде отырып, Алексейге назарын аудара карап отырды.

— Өзінің бағынышты адамдарына басшының қарым-қатнасы қандай болу керек? — дегенді мен талай рет ойлантым. Мұны өзің үшін әбден біліп шешіп алуың керек. Біз қыйын кезеңде, ауыр жағдайда өмір сүріп, жұмыс істеп жатырмыз,— жұртты бояма қайырымдылықпен тәрбиелеуге болмайтынына көзім жетті. Мен «салқын» тәрбиені жақтаймын,— деп жы-

майлы Алексей. — Татьяна Петровна, Батмановтың саған қатаң сөзді неге айтқандығын, сен тегі, әбден ұғынып болған шығарсың.

— Ол Татьянаның қатаңдығын балалар алдында өзінің қатаңдығымен ақтағысы келді. — деді Коля Смирнов.

— Дұп-дұрыс! — деді Алексей. — Өзінің балаларын тек қана сүйіп, әрі еркелетіп, бетінен какпайтын аналар бар. Ал өзінің балаларына қатаң жаза тартқызатын, оқта-текте ғана сүйетін, оны өзінде де балалары ұйқтап жатқанда сүйетін аналар да бар. Мен қатаң мінезді ананы қолдаймын! Ол тек сүйіп қана қоймайды, сонымен бірге тәрбиелейді де. Ондай ананың балаларға дегенде тек жүрегі ғана елжіреп қоймайды, сонымен бірге ақыл мейірбандығы да түседі. Оның балалары — нағыз адал балалар. Ол балалар да өзінің қатаң мінезді анасын ешкімнен кем сүймейді!.. Әкетайым-ау! — деп Алексей кенет сөзін бөлді. — Мен байқамастан ұзақ сөз сөйлеп жіберіппін ғой.

— Сөйлей бер, Алеша, — деп сұрады Таня. Оның сөзі Таняның көңіліне қонып еді.

— Сөйлей беретін де ештеңе жоқ. Қатаң сүйіспеншілік жақсы. Тегі, Батмановтың саған деген көзқарасы, сенің өз қарамағыңдағы жігіт-қыздарға деген көзқарасыңдай болған шығар.

Үндеместен ұзақ отырысты. Жым-жырт тыныштықта оттағы қу ағаш қатты шытырлап жанып жатыр.

— Мен сіздерді асыға күттім, — деді Таня ақырын. — Сіздердің тайғаның ішінен кенет шыға келгендеріңіз де жақсы болды. Сөйлесіп, кенесіп, көңілдегі шерімізді тарқаттық. Бірақ бізді орағытып өтіп кеткендеріңіз дұрысырақ болатын еді... Міне енді сіздер кетесіздер — маған бұрынғыдан да нашар болалы. Мен сіздер туралы ойлап, еске түсіретін боламын. Мен Батманов туралы да ойлайтын боламын, Алеша. — Таня үндемей ойланып қалған инженерлерге қарады да, күліп жіберді. — Үй қожасы қонақтарды ренжітіп алды, бұл жақсы емес!

— Біз мұнда ертеңге дейін болмақпыз. Кешке бригадалармен сөйлесерміз, кешкі тамақ жайын ойласармыз. Қалай қарайсыз, бұған? — деп сұрады Беридзе.

— Ол не дегеніңіз? Тіпті болмайды! — деп Таня ат тонын ала қашты; ол тіпті орнынан тұрды. — Сіздердің тезірек кеткендеріңіздің өзі жақсы. Мен үшін де, балалар үшін де дұрыс болады. Алешаның ұйғаруы бойынша, менің оларға деген қатал сүйіспеншілігім бар. Батманов тағы да қаталдық қосты. Ал біз бұл арада қайырымды аяз атаны көреміз де, енсеміз түседі. Оның үстіне, сіздерді қалай келді, солай қуып жібер деп Батманов маған бұйырған-ды. Кетіңіздер!..

— Бізді қуу ұят емес пе? Біз үсініп қаламыз ғой. — деді Беридзе қынжылып.

— Сіздерге ештеңе де болмайды. Осы арадан тоғыз кило-

метр жерде Чомы қонысы бар, қас қарайғанша сонда жетесіздер.

Беридзе мен Таняны оңаша қалдырғысы келіп, Алексей Колямен бірге анадай жерде жұмыс істеп жатқан байланысшыларға кетті. Ол Георгий Давыдовичтің көңілсізденіп сөйлеген сөздерін есітті:

— Сонымен Таня, сізден мен үшін бір ауыз да жылы сөз табылмай ма? Осы соңғы күндерде, сізді қай сағатта көрер екемін деп арман еткен едім!

— Ол туралы айтудың керегі жоқ! — деді қыз, ызалы әрі күйінішті дауыспен. — Ол туралы қазір айтудың керегі жоқтығын, сіз қалайша түсінбейсіз?

— Татьянаның мінезінде біраз катулылық пайда болды, — деді Коля Алексейге. — Сонша асығып күтіп еді, енді аяқ астынан қуып жатыр.

— Оныкі дұрыс, — деді Ковшов.

Бұлар оттың қасына қайтып келгенде, Беридзе мен Таня істің жайы туралы жай сөйлесіп отыр екен. Қыс жағдайында байланысшыларға азапты машақат болып тұрған нәрсе про водтардың ұштарын біріктіру жұмысы екен. Таня бұл жұмыстың әдісін оңайлатуға ұзақ уақыт әрекет жасайды және автоматтық әдіспен дәнекерлеу үшін тетік ойлап шығарған. Беридзе бұл идеяны мақұлдап, бұл тетікті басқарманың механикалық мастерскойында шұғыл әзірлетіп беруге уәде берді. Қыз тоңған қолын оттың үстіне ұстап, әлсін-әлі жылыта отырып, бас инженердің блокнотына автоматтың эскизын тез ғана сызып берді.

Жарты сағат өткеннен кейін инженерлер байланысшылардан алыстап кеткен еді. Өз ойларына шомған инженерлер, бүкіл жол бойында бір ауыз сөз сөйлеспестен үнсіз келеді.

Әлдеқалай көнеттен жел тұрды да, түтеп көтерілген қар тозаңы шаңғышылардың беттеріне ұйтқытып соға бастады. Беридзе басын көтеріп жан-жағына қаранды. Әлгіде ғана апашық аспанды сұр жамылғы бүркеп алыпты, орман іші түнере түскен.

— Шмелевтің айтқаны дұрыс екен. Татьянаның сөзін бекер тыңдаппыз, ауа райын күтіп, сонда қалғанымыз дұрыс болатын еді, — деді Беридзе.

— Оның бізді не үшін асықтырғанын түсінемін, — деді Алексей бұған қарсы. — Сонша тез пісе қалған сенің махаббатыңа ол сенуге тиісті. Ал сен оған жеңіл-желпі, ұшқалақ қарайсың. Ол жақсы қыз, аса бағалы адам.

— Ұшқалақ! Сен немене, есіңнен тандың ба?

— Мен сенің қандай ылтифатпен қарайтыныңды білемін.

— Бұл менің қалай қарайтынымды біліп қойыпты! Психолог, — деп Беридзе ашуланып айқайлап жіберді.

— Психолог емеспін, бірақ көріп отырмын. Сенің де, оның да шын досын ретінде, саған айтарым: сіздердің араларыңызда болуға тиісті ең жақсы достық қатнастың бәрін, сен шу дегеннен бұлдіріп алуын мүмкін.

— Сен бұл гibrатынды өз ішінде-ақ сақта!— деп Алексейді тастап, Беридзе шаңғымен зымырап ілгері кетіп қалды.

Алексей де жүрісін шапшаңдатты. Орманда қатты жел тұрды. Желдің екпіннен ағаштар сықырлап, мұз қатқан бұталар сылдырлап, бораған кар және қарағайдың инелері аспанға көтерілді.

Беридзе тоқтап Алексейді күтіп алды.

— Ой есерсоқ, мен оны шын сүйемін ғой, соны қалайша көрмейсің? Ол үнемі менің міне, мына жерімде,— деп қолқабымен өзінің кеудесін және бөркін соқты.— Мен оны сонда, ағашқы көргенде-ақ сүйгемін, оның Адунның бойында шаңғымен келе жатқаны есіңде ме? Күндей күркіреп, нажағайдай соғатын махаббатқа сен сенбеуші ме едің? Сенің өмір жолыңды кеше бір жана адам көлденең кесіп өтеді, ал бүгін сен өзіңнің бүтіндей басқа адам екеніңді, өнебойыңды шаттық кернеп тұрғанын сезесің. Сенің Зинаға деген махаббатың да осындай емес пе? Таяның кім екенін мен білемін, түсіндім де. Бұл қыз көңілімнің жазы!

Зинаға деген махаббатың бұған да төбеден түскендей келгенін, Алексейдің өзі де ойлады.

— Сүйіктім, Георгий. Мен саған ең зор бақыт тілеймін, сондықтан да: өзіңнің махаббатыңды сақта деймін.

— Мен сені түсінемін, Алексей.— деді Беридзе қыза сөйлеп.— Сен Татьяна үшін қауіптенесің және маған жақсылық тілейсің. Сондықтан, сен менің сөзімнің шындығына күдіктенесің де, барлығын менің қызу мінезіме қарай аудара беруге бейімсің. Сені мен біз үш жылдан бері таныспыз, үлкен дос болып алдық, кәне есіңе түсірші! Мен бірде ботмаса бірде біреуді сүйемін деп саған айттым ба екен? Сенің алдыңда мен сырымты ақтардым ба екен?

— Жоқ,— деп мойындады Алексей.

— Демек, мен тек қазір ғана шын сүйдім! Мен бәрине де көнемін тек мені ол да сүйсе болғаны. Егер ол тілек етсе бөлек тұруға да, үндемеуге де, күтуге де әзірмін. Осыз тұру маған мүмкін болмаса да, көнемін? Естемісін? Мүмкін болмасада! Оның қасынан кетіп калуға мен өзімді әрең дегенде көндірттім, ал қазір бала сыяқты, қайта баруға да әзірмін!

— Георгий, саған өрескелдеу сұрау беруге бола ма? — деп сұрады Алексей қысылынкырап.

— Сұра,— деп рұқсат етті де. Беридзе мырс етіп күліп жібері.— Аяқ астынан мұнша сыпайы бола қатғаның қалай?

— Айтшы, сенің бұрын әйелің болған ғой?

— Я,— айтқам жоқты деп акырын күрсінді Беридзе.— Оның аты Маша еді.

— Сен оны сүймейтін бе едің?

— Сүйетінмін. Қатты сүйетін едім, Алеша.

— Ол сенен кетіп қалды ма, қалай? Не болғанын түсіндір.— деп Алексей дамылсыздана сұрады.— Сен ол туралы ешуақытта айтпаушы едің ғой.

— Ол қайтыс болды. Босанар үстінде қайтты... Ұлым да өлді...

— Георгий кешіре гөр. Өзіме керек емес іске араласатын менің акмақтық мінезім бар. Бірақ мен саған доспын, сондықтан бәрін білуге тиіспін.

Өткен қасіретті еске түсіруден бірден күнгірт басқан жолдасының жүзін көрмеу үшін, Алексей шапшаң жүріп Беридзенің алдына түсіп кетті. Беридзенің Таня Васильченконы шын жүректен беріле сүйетіндігіне, ол бұдан басқаша сүйе алмайтындығына Алексейдің әбден көзі жетіп, түсінді.

Беридзе оны қуып жетті.

— Әңгіме басталғаннан кейін, саған бәрін айтайын: Машеньканың өлгеніне бес жыл болды. Онымен біз бірнеше жыл ғана тұрдық, ал бұған дейін институттан таныс едік. Ол өтерде: «Енді бір өзім ғана тұрамын. Менің жалғыз ғана махаббатым бар еді, ол тек саған ғана арналған, солай болады да деп ант еткен едім. Ол менің бетімнен сыйпап, біртүрлі даналық сабырмен: «Сүйіктім, оның керегі жоқ. Өзінді жерге көмбе, тірі адамды ғана сүйуге болады. Өлген адам туралы тек жарқын бейне ғана қалуга тиіс. Сен деген біреуді қатты беріле сүйіп, сол сүйгеніңнің басынан құс ұшырмаудың қамын ойлап жүретін адамсың ғой — сен сондай жансың, мен сені білемін ғой. Тек өзіннің сезімінді көрінгенге жұмсама, көрсе қызарланба, болмашы ермек пен баянсыз бой көтеруді іздеме» деген еді. Оның осы болжағанындай болып шықты: мен тағы сүйдім! Тірі адамға бір ғана еске түсіру аз екен.— Георгий Давыдорич қалжындамақ болып еді, бірақ онысы көнелсіз шықты: — Мен өзімнің сақалымды да кәрі болып көрінейін деп қоя берген болатынмын. Моншада мені балалар талай рет атай деп те атаған-ды. Ал бұл сақал мені махаббаттан сақтап қала алмады.

Жолдасына бөгет жасаудан қорқып, Алексей үндемеді. Қазір мұның бір мағналы, жақсы бірдене айтқысы келді, бірақ әдеттегідей, керек сөздері кезінде оның ойына келе қоймады.

— Менің бар өмірім осымен бітті, деп ойлаған едім.— деді Беридзе өзінің аяғының астына қарап.— Мен ол кезде ешкімді де, ештеңені де көрмедім, көзімді қайғы басып кетті. Бірақ өмір біткен жоқ! Саған, тегі, еріккен адамдардың: «Мына, осы күңгілер, адамша сүйе білмейді» — деген сөздерін естуге

тура келген болар. Дұрыс емес, біз сүйе білеміз! Біз тек сүйген үшін өле бермейміз! Біз ол үшін тау қопарамыз. Біз махаббатымыз аркасында күштірек, жақсырақ, әрі тазарак бола түсеміз!

Жеке басымыздың кайғысы мен сезімінен өзге, біздің тағы басқа ісіміз де бар — ол бәрінен де маңызды әрі қымбаттырақ... Мен әрдайым, кішкентай бала күніммен-ақ жұмыс істедім: Семейда әкеміз бізді еңбекке тәрбиелеген еді. Бірақ мен Машеньканың өлімінен кейінгідей жұмысты ешуақытта істеп көргенім жоқ. Ол бейнебір өліп бара жатып өзінің күшін маған қалдырып кеткен тәрізді.

Алексей көзін кең ашып Беридзеге қарады, ол Беридзені бұдан бұрын мұндай күйде көрмеген еді. Өткендегі махаббатпен қазіргі махаббат оны жебеген тәрізді. Тіпті көптен бері таныс болсаң да, адамның сырын жете білмейді екенсің-ау деп ойлады Алексей таңырқай сүйсініп.

Беридзе бір нәрсе есіне түскендей, сөзін кілт тоқтата қойды да, Алексеиге тесіле қарады.

— Мен де саған өрескелдеу сұрау бермекшімін. Мүмкін бе?

— Әрине.

— Ал егер Зина өлген болса, сен басқа әйелді сүйер ме едің? Мысалы, Женяны. Ол саған өлердей ғашық қой.

— Қойшы әрі! — деді Алексей ызаланып. Көріп тұрмын, сен өзіңнің мойындағаныңа ұялып тұрсың, ал оны шайып-жуып жібермексің ғой: мұның не керегі бар? Одан да әңгімені доғарайық.

— Доғарсақ доғарайық, — деп келісті Беридзе.

Аспанды қараңғылық торлап, қар қалың жауа бастады. Желдің екпіні күшейе түсті. Инженерлер бір километрдей де жер жүрген жоқ, алай-дүлей қарлы боран түтеп кетті.

Беридзе мен Алексей сасқандықтан тоқтай қалысты. Айнала гуілдеп, ызындап, сарнап кетті. Қатты жел ағаштардың қу бұтақтарын сындырып, аспанға ұшырды. Ұзын қарағай біресе ол жаққа, біресе бұл жаққа теңселді. Түтей соққан қар бораның арасынан жақындағы ағаштар анда-санда көрініп қалады да, желдің қайта соққан екпінімен жоғалып кетеді. Тайга біреуге бейнебір мұнын шағып зарлағандай.

Беридзе Ковшовты бір жуан ағаштың түбіне сүйреп апарды да, құлағына айқайлап:

— Алексей, біз екеуіміз, катерге душар болдық! Шамадан келгенше беріспеуге тырсармыз. Мен саған: тырысуымыз керек деймін! Сен менен бір қадам кейін қалма. Кейін қалма деймін, әйтпесе құрыйсың!

Тек желдің ұйтқып соғып кеткен екпінінің ара-арасында ға-

на жүруге мүмкін еді. Алексей Беридзенің соңынан ешнәрсе көрместен ере берді, Беридзе болса әлдеқалай бір кереметпен жолдың бағытын болжап келеді. Желді боран қайталап соққан кезінде шаңғышылар бүрісіп бір орында тұрып қалады. Жақын жерден бір ағаш қатты сатырлап барып құлап түсті. Беридзе Алексейді жетектеп, басқа жаққа қарай жалтарды.

— Бұл арадан Адунға шығу керек! Ашық жаққа шығуымыз керек, деймін. Әйтпесе бізді басып жаншып кетеді! — деді айқайлап Беридзе.

Қарлы дауыл барған сайын үдей түсті, ұйтқып соққан сайын ағаштарды опырып құлатып жатыр. Инженерлер біресе қарға малтыға жығылып, біресе тұрып, қажымастан алға қарай жылжый берді...

Бұлар өзенге келіп шықты. Беті ашық даладан жүру әлгіден де қыйын болды. Топырақ аралас қарлы боранды ұшырып тұрған сұрапыл суық жел олардың беттері мен өңменінен соқты. Шаңғының жіңішке таяктары қолдарынан ұшып кетердей желбіреді. Өткір жел сүйектерінен өтті. Беридзе шаңғыны әрең дегенде қозғалтса да тоқтамады, Алексей де боран тілгілеген бетін қорғау үшін басын төмен тұқыртып, одан қалып қоймауға тырысты.

Аса қатты соққан сұрапылдың екпінінен бұлар жығылып қалды. Алексей өзін жерден көтеріп алып, күртік қарға әкеліп қалай соққанын сезді. Беридзе де оның қатарында тырбалаңдап жатыр. Ол Алексейді мықтап ұстап алған, демін үзіп-үзіп алып, Алексейдің бетіне таяна бар күшімен:

— Тоқтауға болмайды!—деп айқайлады.—Оның сөзін жел қағып әкеткендіктен, сөздерін қайталап айтуға тура келді.—Тоқтауға болмайды, деймін! Жарылып кетсең де, жүре бер! Ешбір тоқтама, жүре бер деймін. Қорықпа, құтылып кетеміз! Ең керегі — рухты түсірмеу. Рухынды түсірме деймін, күшінді сақта, құтынды қашырма! Менің ықтыныма панала! Ық жағыма панала деймін.

— Сен мені жұбатпай-ақ қой, мен бой жеткен қыз емеспін ғой! — деп жауап берді Алексей де айқайлап.

Бұлар түрегелді де, бір минут шамасы сол орнында тұрды. Беридзе пистолетін әрең дегенде суырып алып, сырттан шақырған көмектен гөрі, жолдасын сергіту үшін екі рет жоғары қарай атып жіберді.

Жүруге енді мүмкіндік жоқ еді. Демалу үшін аздап бөгеле отырып, инженерлер еңбектеп жылжый бастады. Қатты құйын бұларды біресе токтатып, біресе кейін итеріп тастап, біресе артынан, біресе алдынан итермелеп, біресе төбелерінен ұрып, жерге тығып, біресе төменнен жоғары көтеріп жан-жақтан қуалай соқты.

Беридзе жағдайдың қиыншылығының бәрін түсініп, өзі туралы ұмытып, тек Алексей туралы ғана ойлады.

— Ештеңе етпейді, Алеша, құтылып шығамыз! — деді ол айқайлап.

Георгий Давыдович тоңған қолын қолқабынан шығарып алды да, фуфайкасының омырауынан қолын кеудесіне басып жылытып, револьверін ұстады. Ақырын шыққан мылтық даусы зуылдап, ысқырған желдің даусымен лезде жоқ болып кетті.

Бұлар тым ұзақ — мүмкін, бір сағат, мүмкін тіпті үш сағаттай жер бауырлап еңбектеген болар. Беридзе Алексеймен енді тіл қатысқан жоқ, тек кезекті оғын ату үшін ғана тоқталып отырды. Оқ таусылып мылтықтың шаппасын басқан да даусы шықпайтын минут те жетті...

Бесінші тарау

ҚАТАҢ ТАЛАП

Новинскіде қарлы боран үш күн ұдайы басылмастан түтеп соғып тұр. Қораның қорғандары мен телеграф бағаналарын құлатып, тактайдан жасалған кіші-гірім сарайларды біресе жоғары лақтырып, біресе ұйтқытып әкеліп жерге соғады. Желдің екпініне түнде баскарма кеңсесінің төрт этажды үйінің шатырын жұлып түсірді. Жұмсақ қарға төңкеріле құлаған үйдің шатыры, анадайдан қарағанда төбесінен қар басқан үйге ұқсайды.

Кузьма Кузьмич Тополев, дегенмен, үйде шыдап отыра алмай, ол мықтымсып көшеге шықты, сағаттан астам уақыт қалың қарға белшесінен омбылап әрең дегенде баскармаға жетті. Кабинетінде ол ұзақ уақыт үсті-басын қардан тазалады, мұртына қатқан мұздарды да ептеп түсірді, қатты уһледі. Үстіндегі зілдей тонын шешпестен, Кузьма Кузьмич креслоға барып отырды, столынан қағаздар салған папканы алып, жазуға кіріспек болды. Бірақ жаза алмады: сыя мұз болып, сыя сауыттың шарасынан асып кеткен.

Столдың үстіндегі сыясының осы сыяқты мұз болып қатып қалғанын көріп Ковшовтың балаша танырқап қарағаны Топслевтің есіне түсе кетті. Ол былай тұрсын, Алексейдің жарқын күлкісі де қарттың көз алдына елестеп кетіп, еріксіз езу тартып қойды. Осы арада ол өзінің бір жол да жазу жаза алмайтынын аңғарды, алдында жатқан қағаздарды ысыра тастап, екі көзін терезеден айырмай отырып, ойға шомды. Алексейдің және оны қоршаған қызу жұмыс пен жігерлі әрекеттердің орнының ойсырап тұрғанын, Кузьма Кузьмич өз-өзіне мойындауына тура келді.

Аға райының бұзылуы және өзінің қапалануы салдарынан осы соңғы күндердің бәрінде де сырқаттанып жатқан Кузьма Кузьмичтің бүгін мұнда не үшін келгені белгісіз.

Бұдан біраз күн бұрын осындағының бәрі: сарай тәрізді суық кабинет, телефонның минут сайынғы шылдыры, ағылып кіріп-шығып жататын адамдар, жоба мәселелері жөніндегі қызу махалаттар, «Алеша бала» деп Грубский қойған Ковшовтың өзіне сенімі мен таң қаларлық дәрежеде арымайтын еңбек сүйгіштігі — міне осылардың бәрі бұған ұнамсыз болып көрінетін еді.

Бастықтардың оны осындай мазасыз қызметке неге тағайындағанын Тополев, әрине, бірден-ақ түсінген болатын. Оны құрылыс жұмысының мүддесімен шұғылдандырғылары келді. Толып жатқан басқа жағдайларды айтпағанда, осының өзі оның қарсылық ниетін қоздырды, мұны ол міндеттерін тек формальды түрде орындау арқылы ғана іске асырды. Ескі жобаның он томына берік енгізілген нәрселерге Беридзе мен Ковшовтың өзгеріс кіргізе алатындық қабілетіне Грубский сыяқты Тополев те сенбеді. Бұлар жаңадан келген адамдар, бұрынғылардың жұмысын тек жамандап, сынап, болмашы бірдемелерін өткізу үшін айқай-шу көтеріп жүрген сыяқты болып көрінді. Грубский олармен таласып, айтысып бірденелерді дәлелдемек болды; ал Тополев тек қана мысқылдап сырттан бақылаумен тынды.

Енді ол бұл туралы әрі өкініп, әрі таңырқап ойлап отыр. Қазір оның Алексейге де, тіпті Беридзеге де ешбір қастық ойы жоқ еді. Басқармадағылардың бәрі де, жолда бара жатқанда боранға ұшыраған инженерлердің тағдырын ойлап үрейленуде еді. Олардан хабар-ошар кешіккен сайын, Тополевтің өзі де мазасыздана бастады.

Алексейдің: — «Жолымыз болуына тілектес болыңыз, Кузьма Кузьмич, үлкен жұмыспен кетіп бара жатырмыз, жаңа жобаны қапқа артып әкелеміз» деген аңқылдаған сөзіне — «Ешқандай үлкен жұмысты көріп тұрғаным жоқ, кәдімгі шаңғы теуіп бой көтеру, оны ойдағыдай өткізулеріңе тілектеспін. Ал жоба болса, қапқа салып арқалап жүретін мысық емес», — деп жауап беруге қалайша тілі барып айтқанына ол енді өте қынжылып есіне түсірді.

Есуастық, неткен есуастық. Бұл өкпе-сақпа, кею, кәрілік күңкіл — кімге керек. Барлық өмірінде тек үлкен жұмысқа сеніп келген ол, үлкен жұмыстан қашықтап, ұсақ-түйектермен айналысамын деп ұтылып қалғанын енді білді. Жұмыс! Ол қазір жұмысты ауадан бетер тілеп зәру болды. Бірақ Алексей болса қазір жоқ, ал жұмысқа қалай кірісудің карт жолын таба алмады.

— Өзінен-өзі шеттеп қалған оның ешкімге керегі жоқ еді. Телефон шылдырамайды, адамдар бұған кірмейді, қабырғадағы сағат тоқтап қалған, міне енді керек десе, сыя сауыттағы сыя да қатып қалыпты.

Жалықтыратын жалғыздыққа шыдамай, Тополев басқарманың бөлмелерін ешбір мақсатсыз жай аралай бастады. Қызметкерлер мұнымен күліп сөйлеседі. Ол қызметкерлердің әрқайсысының беттеріне карады, берген сәлемдеріне жауап кайырып, өте шығады — олардың ешқайсысы қарттың назарын аударарлық әсер етпеді. Кузьма Кузьмичті құлын терісінен тіккен куртқа киген, басында ненің терісі екені белгісіз жүнді-барак бөркі бар Либерман тоқтатты. Суыктан кызарып кеткен беті мен мұрнын укалап қойып, ол «жексұрын күнді» мықтап тұрып балағаттап алды. Қарттың қолындағы шақшасын байқап қалды да, насыбай сұрады, оны шуылдата кең танауына тартып жіберіп, таңырқағандай шырай көрсетті де, құмардан шыға түшкіріп-түшкіріп жіберді.

— Серуендеп жүрсіз бе, Кузьма Кузьмич? — деп сұрады ол әдеппен.— Үйде отырсаңыз болмай ма? Шешетайым-ау, қартты кім кіналаушы еді!

— Серуендеп жүрмін,— деп Тополев мінгір ете түсті, сөйлесіп тұрған адамынан тауалы қайтып, керек десе, Беридзе мен Ковшов туралы Либерманнан жаңалық та сұрамастан кетіп қалды.

Өзінің кабинетіне қайтып келген Тополев, бірнәрсені күткендей, қатарынан үш сағат тырп етпестен отырды, сөйтсе де ештеңе болған жоқ. Рас, рабайсыз үлкен сұр пима киген, үстінде құндыз жағасын көтеріп алған күзен ішігі бар Грубский келді.

— Біздің Америка ашқыштар, өздерінің жалынды идеяларымен коса Адун бойында үсіп өлсе керек,— деді жінішке дауыспен, алақанын үрлеп жатып.

Қарт жауап кату үшін қолайлы сөз таппай, оны жана көрген адамдай-ақ, таңданып, қадала қарап қалды. Кузьма Кузьмичке кенеттен келген ой есінен адастырғандай қылды, өйткені мынау тұрпайы, мүмкін залым адам, соңғы апталарда бұған жұмыс істеуге бөгет жасады, барлық пәле осыдан болды. Бір гана апта ма екен, айлар бойы! Мүмкін тіпті, жылдар бойы болар?

Есіне бірдеме түсіп, Грубскийдің тез кетіп қалғанына, бұл қатты қуанды. Сол арада Кузьма Кузьмичтің өзінің бұрынғы жақтаушысына беруге аузына түспей қалған жауабы есіне түсті: «Мен сізге қараймын да, сүйікті Петр Ефимович, орысын деп айтуға сіздің қандай правоңыз бар екеніне түсінбеймін? Сіздің орысқа тән қарқыныңыз қайда? Жаңалыққа деген ынтаңыз қайда? Өзіңіздің орыстығыңыздан не қалды? Баяғыдан бері сіз ғылым мен техника жөнінде шет құдайларға табынуға әдеттенгенсіз, сондықтан да нақ қасыңызда шашылып жатқан алтын байлықтардан, тарамыс қолыңызды бір-ақ сілтеп, аулақ қашасыз. Сонымен сізде өз күшіңізге де, тұқымдастарыңыздың

өнеріне де сену деген жоқ болмай, тек мәліметші қалың кітап-ка сүйенген өзіңізге өзіңіздің мәз болушылығыңыз болған ғой. Ал қазір сіз не болдыңыз?.. Түк те емессіз!»

Кузьма Кузьмичтің шенеу сөзі, осы тәрізді сөйлемдерден құралып жасалған еді. Ал одан әрі өзіне деген зілді сөздер: «Сен сонымен бірге емес пе едің? Тополев пен Грубскийдің — егіз козыдай екендігін дәлелдеуге сен өзің де шамаңнан келгенше тырысып бакпайсың ба?» Бұл туралы ойлау сондай қолайсыз, тіпті Кузьма Кузьмич осы пікірден ат-тонын ала қашып құтылғысы келді.

Тополев отырған бөлмеге басқа ешкім кірген жоқ. Екі-үш адам кабинетті ашып карап кетті. Бірақ оларға керегі Тополев емес еді. Үстінде пальто, басында ақ түбіт шәлісі бар Женя Козлова есікті ақырын ашты да, картка қарамастан босағада тұрып бөлмені айнала шолып қарады.

— Кіріңіз, бойжеткен,— деді қызға Кузьма Кузьмич қарлыққан жуан даусымен.

Женя амандасты да, бір минуттай ойланып тұрып, үйге кірді. Тополев мұның Тая Васьльченконың досы екендігін білетін-ді, ал құрылысқа келгенге дейін олармен таныс болмаса да, неліктен екені белгісіз, сол екі қызды бұл баяғыдан, бала күндерінен білетін тәрізді еді. Бірқатардан бері, Козлова асханаға бірге бару үшін немесе іс жөнінде Гречкиннен кейде тіпті жай Алексейге жиі-жиі келе беретін-ді. Қыздың әдетте, Ковшовқа карап диванда жуас қана отырғанынан Женя үшін Алексей тек бір жерде істеп жүрген жай қызметкер ғана емес екенін Тополев аңғаратын.

— Боп-бос қанырап тұр, дұрыс емес пе? — деп сұрады картниеттестік білдіргендей, қабағын көтеріп.— Үн-түңсіз, өлі жанға ұсаған карт отыр, оны есептеуге болмайды. Ал керек адам жоқ. Керісінше болса қандай жақсы болар еді, Женя, ә? — деді.

— Кузьма Кузьмич олар туралы ешбір хабар жоқ қой. Мен коркамын! — Оның даусы мен тостағандай мөлдір көздері қауіптенгендікті аңғартты.— Мен өзім, соларды шаңғымен іздеп шығуға әзірмін. Татьянаны шақыруға әрекеттеніп едім, байланыс жоқ, тегі бүкіл линияны боран бұзып кеткен болу керек. Кузьма Кузьмич, енді не істейміз?

— Абыржуға дәлел жоқ, олар бір қолайлы жерде паналап жатқан болу керек,— деді Тополев, Женяның сөзі өзін тым мазасыздандырып кетсе де, басу айтып.— Қызым, бес минуттай отырып, ақылдасалық. Кәне, айналада не болып жатқанымен таныстыршы.

Женя мәліметтің тағы да көңілсіз екендігін айтты: соғыс Москваның іргесінде жүріп жатқан көрінеді, жұрттың бәрі жапондар туралы тағы да айтып жүр, олар шекарада бейбастақтық жасап жатса керек, Залкинд бөлімдердің жұмысын

төксөзү үшүн коммунисттер мен коммунисттерден бригада кур-
ган. Женин өзі де сыган катнасынан көрөдү. Балканд бу-
дан Федотов пен Либерманнның белгилеринен шурьшандыгы
судрагас; бүгүн партияга ажалы болмак. Жени анда айыгуу
тнотд, буан тым айыркып отур; түндө каарталдын жолуарын
булу мен бүтүрөң, Пренкин киншала илис таарымен табылгасы-
нан ешкандай мн таба алмаган, ал мунун өйөк жөнүндө
шартонун жөнү — бир кадык жөнү эмес кой!

«Эңгиле маңысы зир маңыга жайында болса, бир кадык ме-
йв емес, белгилеринен тарт калырамама» деген сөздү кайталап
айтылды сүйөтүн-дй. Кайр Жени сол сөздү айтып дн, каарта
күрсөтп, эмне карай жөнөлдү. Карт карелодан түрөлөлдү.

— Жени, Жени, Татынанын бирге педет көрөйк.

Булар трубинаны кезек-кезек алып айкылап, селектор апта-
ратынын кабында бир саяат бейшү түрдү. Табынганга не болуш
жытсанынын бәрін сым дагы-дап өстүрүп тур — бирининен сар-
тык бзылы, желден шыны мен шыу да өстүрөдү. Алыста, күтө-
пөн жерден шырып калган Татынанын дамуу тпшп тасын өс-
төдү.

— Александр мен Бериде жайда? Александр сайда деймин? Сая-
аттан не кабар болгон? — деп катты айкылады Жени.

Баскычмененен дмузы бирге катты өстүрүп жазындап, буре-
ге шыра араласып алыстык кишир өстүрүп түрдү.

— Олар асы ардан бурныгы күнү өлкөн-дй... Бурныгы күнү
өтп деймин... Оларды асында белеп калыттыганын үшүн өлкөн
өйө катты айкыламын... — Танынны өзі бир секундтай үнөлдү
де лезде жок болды — Олар асында калыкшы да болуш өдү.
Көңүлү жай таптай, катты коббалкыдамын.

Жени баскычтын аркалыгы сыпырып тастады, өңүн бирден
өстүк болуш кетп, калын шыны дудырып, кзы үн-түв жок, бир
нүктөдөн көшп алмактын көзгөлмөй өтүрүп калды. Селектор-
мен Поплов айыкты. Ол Танынны инженерлер туралы шыра
судрады. Таны бурныгы айтылганын кайталап айтыды.

— Биринен күрсөт жатырмын, — деп кабарлады кзы. —
Баскычтын айтыны... Балкандке айтыны... Шыра сыйратып
деген каттардан... Азарны бригадасын күрүп койдым... Бый-
ланыгы үбөймө... каты болмакылар... беристөймө...

— Эндд де адамдарында да күтп, сиктей тер! — деп
Поплов кабарды. — Эндд күт деймин! Оказта баскычтын
ка ушырадан амансылар ма? Алет жок ты?

— Эндддде калы? Энддддде калы деймин? — деген
кыды менен өнү өтөлдү. — Энддддде не калылык бар?

Поплов айкылап катты өстүрүп жөтөле арден жатып
берп.

— Жазылык шыра жок! Жакын! Жакын! Мен жемин
деп түрдүм, Татынны!

Ақыры қыз түсінді:

— Не жаман дейсіз? Володя ма? Володяға бірдене болған ба?

— Соған жуық,— деп Тополев бұлдыратып жауап берді.
— Солай, соған жуық!

— Нені оқы дейсін? — деп қоймады қыз.— Атай, айтыңызшы, сіз неменеге күмілжіп тұрсыз? Нені оқу керек? Қане, айтыңызшы!..

Женя, капыл-кұпыл, бөлімге карай жүгіріп кетті. Кузьма Кузьмич бірнеше минут отырды да, содан кейін екі қарындаштың ұшын жақсылап шығарып алып, жазуға ыңғайланды. Дегенмен, ол өзі де сезбестен, Беридзе мен Ковшовтың машакатты істеріне араласып кетіп еді. Олардың бұғаз арқылы өту жайындағы ерекше ой бөліп жүрген пікірлерін, карттың да ойлайтындығын ол өзі әлденеше рет сезді. Беридзенің қыс жағдайындағы жұмыстар жөніндегі шешімінің дұрыстығы мен батылдығын, егер бұл байқамаған болса, онда ол тіпті көзсіз болған болар еді. Олар бұғазда қыстыгүні траншеяны қалай қазатындығын әлі ойланып болған жоқ. Бұл жөнде карттың өзі де ойланып жүрген кезде, Ковшов мұнымен осы мәселе жөнінде сөйлесті. Оның басына бір қызық ойлар келді, сол ойға әлсін-әлі қайталап соғып, бұл астарлы міндеттің шешілуі, бұған, Тополевке тиісті екендігіне қатты сенімді еді.

Кузьма Кузьмичтің көп жылдан бергі серігі— үлкен қалта сағаты, қызмет аяғының такалып қалғандығын көрсетті. Тозығы жетіп күнгірттенген циферблатына қарады да, үйге қайту керек пе, немесе осында қалу керек пе, деп карт біраз ойға салды. Жазу мен есеп жұмыстарын үйде істеуге де болады; онда жылырақ, оның есесіне ол бұл арадан Алексей жөніндегі жаңалықтарды тезірек біледі. Максим Горькийге ұксаған бойшаң, бурыл бас, бет әлпеті түксиген, ұзын мұртты карт қолын тонының қалтасына салып, кабинетте ерсілі-қарсылы жүре бастады. Ойламаған жерден бір кішкене қыз жүгіріп кірді. Тополевтің таңырқағанына карай, қызға дәл осы кісінің өзі керек екен.

— Сізді әрең дегенде таптым ғой! Мен бізде Тополев деген инженердің барын да білмейтін едім, сіздің атыңыз шықпаушы еді!—деді қыз, карттың жүрегіне атқан октай тиетінін түсінбей, ол бұл сөздерді тек әшейін айта салды.— Осы арада ылғый Алеша Ковшов отыратын еді, мен ол кісіні жақсы білемін. Сіз оның орынбасары екенсіз ғой? Мәс-саған! Қарт адам жас жігіттің қарамағында! Енді сізді де білетін боламын. Тезірек жүріңіз, парторг сізді бөлім бастықтарының мәжілісіне шақырады.

Қыз жүгіріп кетіп қалды. Кузьма Кузьмич бір ауыз сөз айтуға да үлгірмеді. Есік алдында ол баяғы әдетінше алқам-салқам болып жүрген Кобзевпен кездесті. Залкинд оны да шақырыпты, тегі бұл екеуін Ковшовтың орнына шақырған болу керек.

Мәжліс болып жатыр еді. Залкинд Тополевпен де, Кобевпен де жылы шыраймен амандасып, отырыңыздар деп амдады.

— Мен парторгтармен, комсоргтармен бірге тәртіп және біздің жұмыстағы кемшіліктер туралы сөйлесуге бөлім бастыстарын шақырып отырмын.— Сөйлей бер.— деді ол, столдың қасында сөз тосып тұрғалы тұрған Гречкинге басына кзед.

— Біз жүргізген тексеру жұмысы, бөлімдердің тереңде жасырынып жатқан кемшіліктерін тапты. Гречкин бұл кемшіліктердің төменнен қалай үске шыққандығын қолымен ишаралап көрсетіп өтті.— Амаа нешік, бүгін біз ешбір бөлімді мынау өнегелі бөлім, осыдан үлгі алындар деп айта алмаймыз. Жаһатсыз адамдар қай жерде болса да бар. Жұмысқа кешігіп келіп, ертерек шығып кетуді сүйетін адамдар әлі де табылды. Кейбіреулер өзінің жайбарақаттығын боранмен және басқа түрлі қыйыншылық жағдайлармен жуып-шайғылары келеді. Гречкин қолын қырау басып катып тұрған терезеге қарай сілтеді.— Көп жұрт мемлекеттік уақытты бағаламайды, беталды коридорларда жүреді, жұмыс уақытында бос сөз сөйлейді, майданның жайын сөз етіп талқылап картаның қасында тым ұзақ уақыт тұрып алады. Майданға күрсінуге немесе ошак басы стратегиямен көмек беруге болмайтындығын олар естерінен шығарған. Айтуға да қолайсыз, сонымен бірге оны жасырып қалуға да болмайды: біздің кейбір бөлімдерімізде трассаның сұраулары мен тілектеріне сай іс істеп, адалдықпен жан-тәнін саяз қыймылдаушылық тәрізді қарым-қатнастар әлі қалыптасып тәрбиеленіп жеткен жоқ. Осында отырғандардың бәрі трассаның қызметін істеуге тиісті екенін, сол үшін отырғандарын аппараттағылардың бірсыпырасы түсінбейді.

Гречкин сөйлегенде қолын жігерлене сілтеп қойып, әрі қызу, әрі қатан сөйледі. Оның сөзін жұрт өте ылтипат қойып тындады. Ол өзінің айтуынша, тәулігінде жыйырма сағат істеуге табиғаттың өзі қабілет пен ақыл берген тәжрибеші-экономист екен,— құрылыстың басшылығы ауысқаннан кейін басқарманың өмірінде көрнекті орын ала бастаған. Батманов мұны бақылау-жоспар бөлімі етіп қойған, Гречкин басқарма бастығында өткізілетін диспетчерлік мәжлісінде тұрақты баяндамашы болып алған. Басқарманың профсоюз жұмысын Гречкин коллективке сезілетіндей түрде, белсене басшылық етіп келеді. Қазіргі оның сөйлеген сөзінен де оның бөлімдерді қатан, күлшына тексергендігі көрініп тұр.

— Менің сөзім кіріспе сыяқты-ақ болсын,— деп қорытты Гречкин, отырғандарды дөңгелек өткір көзімен айнала бір шодып өтіп.— Бөлімде болған жолдастар, олардан не тапқандығын өздері айтар.

Залкинд жарыс сөзді қысқаша кіріспе сөзбен бастады:

— Толғағы жеткен мәселелердің бәрін, тура ашық айтыңыздар. Сүйікті бастықты немесе жақсы достарыңызды өкпелетіп алармыз деп қорықпай, беті-жүзіне қарамай сынайтын болыңыздар. Бәріміз біріккенде біз анағұрлым күштіміз, сыннан сырқаттанбаймыз, сын бізге тек пайда келтіретін ғана болады. Бос сөз сөйлемей үшін, әрқайсыңызға он минут уақыт беремін. Біздің он сағат мәжліс құрып отыруға қақымыз жоқ. Ұрыс-керіске, өсекке және ұсақ-түйекке түсіп кетпеуге тырысыңыздар.

Бәрі де қысқа сөйледі, сөздері онша келісті, көркем болмаса да, әрқайсысы қыза, өз сөздерінің шындығына көзі жете сөйледі. Неге екенін кім білсін, бұл Тополевтің қытығына тиіп отырды. Сөйлеушілердің көпшілігі жастар, тым жастар екендігін көріп отыр. Бірінші сөйлеушілердің қатарында Женя Козлова сөз алды.

Столдың қасына барып, қыз әуелі төмен қарап, қызараңдап, өзінің күшіне сенбегендей сөйледі. Ол бұрын мұндай мәжілістерде сөйлеп көрмеген еді және екі үлкен бөлімнің бастықтары туралы қолайсыз, қатаң сөздер айтатындығын ойланып жүрексінді. Женя бір ғана секундқа жалтақтап, өзінің сөзін тоқтатып, шығып кетіп қалғысы келгендігін әрең басты, бір кезде ол көркемөнершілер концертінде де сөйтіп кетіп қалған болатын.

Гречкин ызаланғаннан бетін тыржыйтты, керек десе теріс қарап отырды. Ол Козлованың сөзін үміттеніп күтіп еді, енді көңілі қайтып қалды. Жайышылықта көп сөйлейтін және әрнәрседен ілік тауып жүретін ол, Женяға жақсы қарап, әрқашанда оны бөлменің мүддесіне қарай тартып баулауға ыждағат салатын еді. Ол бір кезде Алексейге Козлованы өзінің тәуір қызметкері деп санайтындығын мақтан етіп айтқан болатын. Женяны комсомол ұйымының ісіне батылырақ тарту туралы Алексейдің ұсынысы Гречкинге ұнап еді. Олар кейінге қалдырмай, қызды сонда-ақ шақырып алып, осы жөнде онымен ұзақ сөйлескен де болатын.

Гречкиннің риза болмай отырғандығын Женя байқап қалды, ал өзінің сөйлей алмай бүлдіргендігі туралы Алексейге ол сөзсіз айтады деп ойлады. Бұл оның жалтақтығы мен ұялшақтығын бірден жойып жіберді. Ол батылырақ сөйлей бастады, Гречкинге тағы бір қарады да, оның мақұлдап жымыйып отырғанын көрді.

Женяның бригадасы жабдықтау бөліміндегі толып жатқан тәртіпсіздіктердің бетін ашқан екен. Федосовтың қызметкерлерінің столынан трассада келіп, жауапсыз қалдырылған заявка-қағаздар, жөнелтілмеген асығыс телеграммалар, ұмытылып қалған қағаздар табылған. Федосов бөлімін тексергенге

қалай болса солай мен-мендікпен караған. Ол осы кенестің өзінде де сөз жарыстыра сөйлеп, қалжыңдауға, кейбір кетіп жатқан кателіктер мен жаңылыстардың барлығын да жұмыстың көптігіне аударуға әрекет жасап бакты.

— Бұл теріс әрі зыянды көзқарас қой,— деді Женя.— Мұндай көзқарас, қандай жолсыздықты болса да бүркеп қоюға бұлтарыс жол береді.

Содан кейін ол Либерманға көшті. Бұл барлығын әсірелендіруге және бүркемелеуге тырысып, көз бояушылыққа салынатын болған, мұны осы тұрғысынан айыптады.

Айыптаулар ауыр болып шықты, Залкиндің алдынала ескертуіне карамастан, бөлім бастығының екеуі де мұндай болады деп күткен жоқ еді. Ал Женя әлі барлығын айтып бітірген жоқ. Уақыты бітті. Ол қол сағатына карады да, сөзін бітірместен тоқтады. Залкинд те оны қостап басын изеді.

— Біздің арамызда, Либерман мен Федосовтың арасындағы қастық туралы адам күлерлік бір сөздер баяғыдан бері айтылып жүр,— деді Женя сөзін асыға сөйлеп.— Мен оны қалжың деп ойлап, әрі жастары үлкен және байсалды адамдар осындай ойыншық бірденелермен әуреленеді дейсің бе деп сенген жоқ едім. Ал қазір сол екі бөлімнің арасында нағыз соғыстың өзіне жуық шайқас жүріп жатқанына көзім жетті... Менің әкем марқұм осы Адунда көп жыл өмір сүрген адам, нанайдың рулары арасындағы бір қастық туралы сол кісі әңгіме етіп айтатын еді. Әрине, қазір ешқандай қастық жоқ, ол тек бірен-саран жағдайларда ғана шығуы мүмкін, әкем мұны рулық стройдың қалдығы дейтұғын еді. Либерманның Федосовқа, ал Федосовтың Либерманға айтқан сөздерін тыңдағанымда, әкемнің сөзі есіме түсіп, біздің екі бастығымыздың ұрыс-таласы да сол өткен ғасырлардың әдет-ғұрпының қалдығы екен деп ойладым.

— Тым асыра сілтеп жібердің білем, қыз,— деді Федосов даусын қатты шығарып.

— Жоқ, асыра сілтеу емес,— деді ол тез бұрылып және қолын жайды.— Жолдастар, маған айтыңыздаршы, жұмыстың қатарлас учаскесіне қойылған советтің екі адамы, біріне-бірі бөгет жасай бастаса, бұл анайылық уақығаны ескінін қалдығы демегенде не дейміз. Мүмкін, олардықы жарыс шығар, онда менің қатемді жөнденіздер.

Бірнеше адам қол шапалақтады. Залкинд күлкісін білдірмеймін деп, столға қарай еңкейді.

— Адамды бостан-босқа қаралауға болмайды ғой,— деді Либерман, жұрттың тынышталған кезін күтіп отырып.

— Ә, сіз факты тілейсіз бе? Жаксы факты да келтірейін.

Фактылары сондай ойға сыймайтын мағнасыз, күлдіргі еді. Женя сөзін тоқтата тұрды да, дереу Либерманның қасына кел-

ді, басқа жұртты ұмытқандай, абыржығанынан ақырын дауыспен оның өзіне ғана:

— Сіз адамдарды неге сүйе білмейсіз. Сізде кайырымдылық неге жоқ. Сіздің адал адам екеніңізді, басқанын ала жібін аттамайтымыңызды білемін. Бірақ сіздің басқа адамдарыңыз адал болмай отырса, сіздікінің өзі нағыз адалдық бола қояр ма екен. Сіз кейде: «Бізге не нәрсе керек болса, сонын бәрін табамын...— Менен басқа ешкім таба алмайды» деп мақтанасыз.— Ол солай болар да. Ал одан не пайда. Сіз бір мың мақталы куртка алдыңыз делік, ол складта жатады. Сол кезде жетінші учаскеде куртка жетпейді, адамдар тонып, сізді аямай сыбайды. Бұл сіздің ойыңызға да кіріп шыкпайды, бастық сізге куртка үшін алғысын айтты болды ғой. Мен сіздің бөлімнен үшінші учаскеден келген төрт телеграмма таптым: оларда жарма жоқ екен. Сіз телеграммаға назар аудармағаныңыз, өйткені, сізге ең бастысы — жарманы беру емес, тауып алу болған. Сіз тауып алғансыз, ал қалғаны онша маңызды іс емес.

Либерман иығын қомдап, көзін қайта-қайта жыпылықтатып отырды. Ол қарсыласып көрейін деп еді, бірақ Женя оған бір ауыз сөз айтқызбады.

— Сіз маған жауап беріңізші,— деді қыз, сол алқынған қалпы табанда.— сол курткаларды, жармаларды және басқа толып жатқан заттарды тауып алуға, сіз не үшін тырысасыз? Шынымен,— «Либерман не деген жаксы жабдықтаушы еді — бәрін де тауып ала алды»,— деп айту үшін ғана істейсіз бе? Мұның барлығы түкке тұрмайтын нәрсе. Сіз тек бір-ақ нәрсені ойлауыңыз керек: жұрттың киімі бүтін, тамағы тоқ, оларға аяз кезінде жылы болсын. Сізде жан деген жоқ. Жанның орнына өзімшілдік — міне менің сізге бар айтарым осы.

Козлова жан-жағына қарады да, аздап ыңғайсызданып қалып, орнына қайтып келді.

— Шешетайым-ау, қыздың бұл жалынды сөзі кімге қызықты екен! — деді Либерман, парторгқа білдіртпей қарап.

— Маған қызықты. Және барлық жолдастарға керек. Ал ең алдымен — мұны тыңдау сізге пайдалы,— деп Залкинд Либерманға тіке қарап катал айтты. Женяға қарай бұрылып, оған жылы жүзбен жымыйып қойды.— Сөйлей бер...

Қуанған Гречкин, Женядан көзін алмай қарап отыр. «Басқаны қайдан білейін, ал менің білетінім: Женяның ең қызығатыны би мен хор үйірмесі еді. Ал біз Алеша екеуіміз мұны комсомол жұмысына тартып едік — міне енді көріңіз»,— деп Гречкин қанағаттана ойланып отыр. Сөзін сөйлеп жатып, Женя бір кезде мұның атын да атап қойды. Женя бұған да тиіседі екен деп, Гречкин ойлаған жоқ еді, бірақ бұл өкпелеген жоқ, оның көзіне көзі түсіп кеткен кезде, басын изеп қойды.

— Керек десе Ковшов пен Гречкин, коммунистер әрі бөлім бастықтары,— деді Женя,— тіпті солардың өзі де бізге тым аз сенеді, бәрін де өздері істеуге тырысады. Коллективтің қолынан келе алатын істі, бір адамның шамасы жетіп істей алмайтынын біз білеміз ғой... Михаил Борисович, мен болдым. Қорытындыда айтарым: бұл мәжлісіміз дұрыс, бұл мәжліс маған ұнайды, амал қанша, тек бұған Ковшов пен Беридзе жолдастар және құрылыс бастығы қатнаса алмады. Біз тек олар жоқ жерде ғана батыл және жүректі болып шыққан сыяқтандық.

— Бұған ешкім қысылмай-ақ қойсын,— деді Залкинд.— Батманов, Беридзе мен Ковшов осында қатнасып отыр деп есептеңіздер. Солар үшін бір өзім жауап беруге міндетіме аламын.

Женя үндемеді, өзінің денелі тұлғасын қысып тұрған көк свитрін түзетіп қойды да, Гречкиннің қатарындағы өзінің орындығына келіп отырды. Біреулер күлді ме екен? — деп жанжағына қаранды.

— Жарайсын,— деді Гречкин сыбырлап.— Көп кешікпей Татьянаны да беліңе қыстырып әкетесің. Сен тіпті өзіңнің тәңір тұтқан Алешаңа да тісінді басып жібердің ғой. Мақұлдаймын мұныңды!

Женя оған немқұрайды көзбен қарады да, түк жауап қатпады. Оның алқынған жүрегі әлі басылған жоқ еді.

Айтылып жатқан сөздер жұрттың бәрінен гөрі Тополевке күштірек әсер етті. Женяның, тағы басқалардың айтқандарының барлығы бұған арналғандай: «Ескінің қалдығы»,— деген сөзді бұл өз ішінен қайталап айтты және ұялу сезімі барған сайын ұлғая түсті. «Бұлармен тізерлесе, бір жұмысты істей отырып, олардан сонша алыс болуға да болады екен ғой» — деп қатты ойлады Кузьма Кузьмич. Неге екенін кім білсін, мәжлісте әйтеуір өзі туралы да сөз болатындығына, қарт күні бұрын сенді. Ол онан қорықса да, сынағанды тіледі.

Петя Гудкин сөз алды. Ол нақ сол Тополев туралы сөйледі. Алғашқы сөзін айқайлап жылдам сөйледі, қарт инженердің бетіне қарады да, Петя мүдіріп қалды,— бүкіл бет бейнесі жабырқаған, Кузьма Кузьмичтің аянышты ауыр көз қарасы, жас жігітті бөгеп тастады.

— Сөйлей бер, Петя,— деді, Тополевтің қарағанына көзі түскен және жас техниктің кідіріп қалғанын байқаған Залкинд.— Шындықты айтқанына Тополев жолдас саған өкпелемейді. Сен істің жайын айтпақшы болып тұрсың ғой.

— Айта бер, Петя, мен өкпелемеймін,— деді қарт қарлықан дауыспен естілер-естілмес.

— Біздің бөлімдегі жұмыс та жақсы емес,— деді Петя қысылған, тұтыққан дауыспен.— Коллектив, әрине, істеп жа-

тыр, жұрт міндетін түсінеді, бар күшін салып істеуге тырысады. Бірақ біз Тополев жолдасқа риза емеспіз. Ол ірі инженер, оның білімі көп, бірақ Алексей Николаевич Ковшовқа ол жақсылап көмектеспейді. Сондықтан да әрине, Алексей Николаевичке қыйын болып жүр. Соның тіпті қай уақытта ұйқтайтын білмей-ақ қойдым, егер сағат төртте оның кабинетінде шам жанып тұрса, таңертенгі сегізде де шам жанып тұратынын менің байқағаным бар... Тополев жолдас, сіздің кабинетіңізде не болып жатқаны бізге көрінбейді екен деп ойламаңыз, біз бәрін де сеземіз.

Петя алқынғаннан қолдарын қайда қоюға білмей қозғай берді. Ол қалтасынан қол орамалын алды да, жұмарлай бастады, сонсоң қайтадан салып қойды.

— Міне, қазір былай болып отыр,— Алексей Николаевич трассада жүр, бөлім болса басшысыз қалды. Тополев жолдас орынбасар болып есептеледі, бірақ оның бөлімнің жұмысында шаруасы жоқ. Біз барлық мәселе жөнінде Кобзев жолдасқа барамыз, орынбасар ол емес қой және бүкіл бөлімге жауапты да емес. Оның істеп жүргенінің өзі дұрыс та емес: өйткені бастықтың есен-сау отырған орынбасары тұрғанда, не үшін ол мәселе шешуге тиісті. Және өзі ұмытшақтау да адам, оған бәрін қамту қыйын соғады.

— Тірідей сойды! — деп аһ ұрып Кобзев бетін басты. Отырғандар күліп жіберді.

— Күлетін ештеңе жоқ, мен шынын айтып тұрмын,— деді Петя ашулана даусын көтеріп.— Егер күлетін болсаңыздар сөзімді тоқтатамын.

— Сөйлей бер, Петя, ашуланба, біз сенің сөзіңді тыңдап отырмыз,— деді Залкинд.

— Тополев жолдас неліктен барлығынан бойын аулақ ұстайды, біз соны білуге тиістіміз,— деді жас жігіт сөзін жалғай. — Оның ешкіммен, ештеңемен жұмысы жоқ. Міне мен бөлімдегі комсорг және қатардағы техникпін, бұл кісі менімен қалай істеп жүргенім туралы тым болмаса, бір рет сөйлесті ме екен? Жоқ, неге олай? Шынымен оның менен сұрайтын ештеңесі, менің оған айтатын ештеңем болмағаны ма?.. Біз бір рет Алексей Николаевичтен Тополев туралы сұраған болатынбыз. Ол бізге ашуланып: «Немене ол, сендерге бөгет жасап жүр ме? Сендерге менің берген тапсырмам да жетер. Егер аз болса келіндер, косып беремін» — деген-ді. Біз енді түсіндік: Алексей Николаевич, тегі, басқаша жауап бере алмаған болуы керек...

Петя орамалын тағы суырып алды, бетіне қарай апарды да, жұмарлап бүктеп, пиджагінің қалтасына салып қойды.

— Парторг жолдас, бүгін сізге және Тополев жолдасқа сұрақ бермекшімін. Тағы күлкі болып көрінер ме екен... Осы мен ылғый ойлаймын да жүремін: Сталин жолдастың алтыншы

~~және~~ жетінші ноябрьдегі сөзін Кузьма Кузьмич естіді ме енев ~~атпа~~ естімеді ме екен? Егер де ол естіген болып, осылай сал-
~~қып~~ банмен калып қойған болса, онда мен бұдан былай То-
~~полев~~ жолдасқа біздің қалай қарауымыз керек екендігін,
~~тіпті~~ біле алмай тұрмын. Кузьма Кузьмич, менін сізге байла-
пысканыма маған ғафу етіңіз. Сіз үшін де, Алексей Николае-
вич үшін де бізге ұят қой. Онын үстіне ол... трассада бас ин-
женермен екеуі... мүмкін сонда қаза тапқан шығар... Ал сізге
бәрібір...

Жігіттің даусы дірілдеп кетіп, басылып қалды. Петя сөзін тоқтатты, орамалын алмақшы болды, бірақ қолын сілтеп жіберіп кабинеттен шыға жөнелді, есік алдында тұрғаны қандай жақсы болған. Залкинд Женяға қарады, онын өзі де көзінің жасын әрең тоқтатып, Петяның соңынан асыға басып шығып кетті.

Үкім шығару алдында сот залында болатын жым-жырт тыныштыққа ұқсас, ауыр бір тыныштық орнады. Барлығы басын төмен салып жіберген Тополевке қарады.

— Біздің ол жолдастарға дұға оқып, иман айтатын ешбір дәлеліміз жоқ.— деді Залкинд түрегеліп.— Денсаулықтары жақсы қайратты адамдар, оларға ештеңе болмайтындығына мен сенімдімін. Женя Козлова мен Тополев селектор арқылы Татьяна Васильченкомен сөйлескен — ол инженерлердің борав соғар алдында сау, аман-есен кеткендігін көріпті. Кузьма Кузьмич, солай емес пе? Бұдан басқа да, мен бүгін әскери летчиктер арқылы құрылыс бастығынан хабар алдым: ол да қайтуға ынғайланып жатқан көрінеді. Тегі, солардың үшеуі де әне-міне дегенше келіп қалар.

...Петя Гудкин селектор үйінде тұр. Оған проводтағы шеткі учаскемен сөйлесуге рұқсат етілген болатын. Ол трубкада айғайлап Тая Васильченконы шақырды, өзінің арт жағында тұрған Женяны байқамады.

— Проводтағы кім? Кім? Пяков? Генка, сенбісің? Дежурныймысың? Бұл мен — Гудкин Гудкин ше. Петя. А? Түсінбей-місің? Мен — Пете Гуд-кин. Балмаға, Петюнчик. Я. Петюнчик. Енді түсіндің бе? Алексей Николаевич туралы, Ковшов туралы ештеңе білдің бе? Білмеді деімісің? Оларды таппады ма?.. Сен анық білесің ғой?

Ол жауабын естіді де, трубканы көңілсіз салып қойды, бұрыла беріп, көз жасы бұлағғын Женяны көрді. Бұлар үн қатыспаста, Залкинді кабинетіне қайтып келді. Техник түнерген елшіні басында тоқтаты қалды.

— Гудкин жазғас, сіз сөзіңізді бітірдіңіз бе, әлі де сөйлейсіз бе? — деп сұрады Залкинд, күліп отырған адамдарға қарамауға тырысты. — Біз сені біле тұрса алмадық. Сен бізге қолыңды бір-де сөрмедің де шығып кеттің.

— Мен бәрің де айттым, — деді Петя жуая дауыспен.

— Көріп тұрмысың, сен өзіңе өзін риза емессің. Ойдағыдай сөйледің, сөйтіп кенет талма ауруы бар адамдай болып кетті. Сөзің күні бұрын еңіреп оларға дауыс қып жүргенінді Беридзе мен Ковшов келгенде айтармын.

Мәжліс жүріп жатты, тек қазір Құзьма Құзьмич сөйлегендердің сөзін бақылай алмай отыр еді. Петя оған аса қатты сокқы берді, бұл сокқыға осы соңғы күндердегі сокқының бәрі келіп қосылғандай болды.

Қарттың жүрегін білдірмей сыздатқан ауру, минут сайын асқынып, үдей түсті. Оның басы катып, ойы шатасып икемге келе алмады. Тегі, Петя, Женя, Залкинд тағы басқалары оның сөйлегенін күтіп отырған болар. Ол жауап қайтаруға тиісті... бірақ жауап бермейді. Қазір оның жауап берерліктей де ештеңесі жоқ.

Қарттың жайын Залкинд те, басқалар да түсінді. Тополевтің әркашан да сондай мызғымас күшті, өре жетпестей түрі, бұлардың көз алдында өзгеріп кетті. Бұл кісінің ауырып қалғандығы бірден белгілі еді: көзі қызарып, беті албырап, кеудесінде бір сырыл пайда болды. Оған тіпті басын көтерудің өзі қыйын болып отырғанға ұқсайды.

Женяның қолынан Залкиндің берген запискасын көріп, Тополев өзінен олардың не тілейтіндерін, бірден түсіне алмай қалды. Қағазды ашып, ұзақ оқыды: «Құзьма Құзьмич, сіз мына жігіттің сөзін де, біздің бәріміздің сөзімізді де дұрыс түсінуге тиістісіз. Біз сізді шындап құрметтегіміз келеді. Қазір сізге ауыр тиген шығар — сіз бірнәрсеге қынжылып, тіпті сырқаттанып отырғандайсыз. Үйге қайтыңыз, соңынан талқылармыз және түсінісерміз деп ойлаймын. Беридзе мен Ковшов қайтып келісімен сізге дереу хабарлауға уәде беремін». Тополев парторгка тұнжырап қарады да, көнбей басын шайқады, мұнысымен менің денім сау демекші болды. «Менің Алексейді күтіп, қынжылып отырғанымды бұл қайдан біледі екен?» — деп ойлады ол.

Залкинді мәжлісті аяқтауға таянды. Оның сөзі жалпылама да, өнеге айту да болмай қысқаша қайырылды. Ол кемшіліктер жайында айтылған сөздерді қайталаған жоқ, бірақ оны қалай түзету керек екендігін айтты. Осы айтқанында бір сөз бар еді — ол жұрттың бәріне бірдей айтылғандай болса да, Тополев оны Залкинді бұған арнап айтып тұр деп ойлады.

— Мен Лениннің бір данышпандық сөзін сіздердің естеріңізге салайын: «...Жеңілу онша қауіпті емес, одан гөрі өзіңнің жеңілгенінді мойынға алудан қорқу, осыдан барлық қорытынды жасаудан қорқу қауіпті».

Парторт өзінің сөйлеген сөзінде жабдықтау бөлімдеріне жеткенге дейін, Федосов Либерманға записка жазып берді:

«Біз екеуміз жақсылап тұрып сөйлесуіміз керек кой деп ойлаймын. Егер қарсылығыңыз болмаса, кешкі сағат онда сізге келемін». Либерман записканың үстіне: «жарайды» — деп жазып берді. Залкинд күшті, бірақ сабырмен: «Женяның осының өзі ескі әдеттің қалдығы деген сөзі туралы айтып жатуының өзі әрі ұят, әрі қолайсыз, егер Либерман мен Федосовтың өздері бұған тізгін беріп жүрмесе, мен енді ол туралы еске түсірмеуге уәде берер едім», — дегенде жабдықтаушылардың екеуі де парторгтың көзінше, сөйтуге әзір екендіктерін білдіріп бастарын изесті.

Залкинд мәжлісті жауып, кабинеттен асығыс шығып кетті. Төменде, боран түтеп тұрған далаға шығатын есік алдында ол Тополевті қуып жетті.

— Мен сізді апарып салайын, — деді ол. — Жолшыбай ауруханаға, Родионоваға соға кетейік, ол біздің екеумізге де керек. — Ол қарттың қарсылығын тыңдамастан, шанаға алып келді.

Ольга Родионова екі фельдшер әйелмен аурулардың жатқан палаталарын аралап жүр екен. Бұдан бір жұма бұрын Новинскіде грипп ауруы шығып кетті. Палаталар лық толы, койкалар тіпті коридорға шығарылып қойылған. Барлық жерден де жөтелген, түшкірген, қатты ыңкылдаған дауыстар естіледі. Іргенің саңлаулары, терезе жақтаулары арқылы боран мұнда да кірген, палаталардың іші суық.

Ольга әр койканың қасына бір тоқтап, аурулардың тілегін тыңдайды, оларды қарайды, фельдшерге нұсқаулар береді.

Ольганың таңып алған қолына, тұнжыраған сұп-сұр бетіне, безгекпен ауырғандардың көзіндей жалтыраған көзіне қарап:

— Доктор, сіздің өзіңіздің де деніңіз сау болмау керек, — дейді оған аурулар.

— Доктордың ауыруға хақы жоқ, — деп күлді ол, емделіп жатқан адамдарының сөзіне дереу жауап беріп. — Әйтпесе, ол қандай доктор!

Ольгаға Залкиндің осында келгендігін айтты. Ольга олардың күте тұруын сұрады да палаталарды аралап болған соң ғана шықты. Оның түрі шынында да жаман болып кеткенін көріп, Залкинд абыржый қарады. Ольга таңулы қолын сілтеп.

— Менің баяғыдан келе жатқан ревматизмім барын білесіз ғой. Маған тек жылы ғана жағады. Ол қазір мүмкін емес, сондықтан мен туралы әңгімені соғыс аяқталғанша қалдыра тұрған жөн болар.

Грипп ауруының шығып кетуі Залкинді өте тыңышсыздандырулы еді, қазір жағдай қалай деп сұрады ол. Ольга оған: екі

күннің ішінде поселкедегі барлық үйлерді аралап шыққандығын, аурулардың саны көбейіп бара жатқандығын айтты. Аурухана лық толы, амал біреу-ақ — жай үйлер мен жатақ үйлерден арнаулы бөлме шығарып, ауруларды сау адамдардан бөлу керек. Бұл қазір қандай кальцеқстен болсын, басқа дәрі-дәрмектерден де болсын маңыздырақ болады.

— Маған не істе дейсіз? — деп сұрады Залкинд түнеріп.

— Жұртқа түсіндіріп, ақыл айту керек: олар ауырғандарды саулардан оңашалап бөлу үшін, үйлеріне кісі енгізуге сөзсіз келісетін болсын. Байқасаңыз, ел арасында, бұл ауру жапондар жактан келіпті-мыс, құпыя бактериологиялық соғыс көрінеді деген лақап тараған. Мұның шындыққа қанша жақын екенін айта алмаймын. Бұл лақап гриппен күресуге бөгет жасайды. Үрейленуге бейім адамдар да табылады. Содан кейін маған отын керек, мүмкін болғанша көбірек керек болады. Ат беріңіздер, отынды қайдан алу керек екенін көрсетіңіздер, сонсоң біз өзіміз тасып аламыз. Көріп отырсыз ғой, бізде сондай суық. Мен ешқандай мөлшер дегенді қойып, күні-түні бірдей жакқыза беруім керек... Маған көмекшілер керек. Дәрігерлер мен медицина сестраларын сұрамаймын, оларды армиядан қайтарып ала алмассыз. Үй шаруасындағы әйелдер келіп көмектессін. Парторг жолдас, бізде әйелдер кеңесі неге жоқ? Ол тек маған ғана емес, өте қажетті ұйым ғой. Балалар мекемелерінде, жатақ үйлерде, асханаларда әйелдер камқорлығы жетіспейді. Қай ұйымда болса да, бастықтың әйелі басқарған әйелдер кеңесі бар. Әлде мұнда біздің бастықтың әйелі болмаған соң әйелдер советі болмай отырған шығар. Парторг жолдас, біздің әйелдер кеңесін сіздің зайыбыңыз неге басқармайды? Онсыз да, жұмысы көп шығар? Сіз өзіңіздің: «Жұмыс неғұрлым көп болса, адамға соғұрлым жақсы» дейтін сүйікті сөзіңізді сол кісіге де қолдансаңыз қандай жақсы болар еді. Үй шаруасына үлгіре алмайтын әйелдер, Лизочка Гречкинаның үй шаруасын қалай басқарып жүргендігін ойлап көрсін. Оның төрт бірдей баласы бар, міне үш күн болды бір-екі сағат көмектесуге күн сайын осында келеді.— Ольга жымыйып күлді.— Тегі, сұраулар бүгінге жеткілікті болар? Егер мені біреу тоқтатпаса, ертеңге дейін жылана беруге бармын.

— Әзірге жетеді,— деді парторг мақұлдап және де сұрағандарын санай бастады: — демек, жатақ үйлердегі ауруларды оңашалау, жапондардың кара ниеті туралы лақаптар, отын, үй шаруасындағы әйелдер туралы сөйлесу керек. Әйелдер кеңесі туралы мен ойланғанмын, әйеліме өзімнің сол сүйікті тезисімді дәлелдедім де ғой деймін. Әйелдер кеңесіне үй тұрмысы мәселесімен, әсіресе салт бастылардың тұрмысымен шұғылдануға тұра келеді. Керек десен бізде көптеген мамандар суық үйле туралы. Мен сізге ертең тағы келемін, тағы сөйлесерміз, қалаға барып

көрелік, бізге көмектеспес пе екен? Ольга Федоровна, енді біздің мынау ауру адамымызға көзқырыңызды салыңызшы. Мен бұл кісіні зорлап әкелдім.

— Кузьма Кузьмич ауырып келдіңіз бе? Танырқарлық іс екен! — Ольга қарттың қарсыласқанына қарамастан, оны айналдырып қарай бастады. — Іліктіңіз бе! Өмір бойы дәрігерлермен істес болып көргемін жоқ деп, ендігәрі мақтана алмайтын боларсыз.

Қарттың басын қолымен ұстап, Ольга оның бетіне ұзағырақ қарап тұрды.

— Бұл кісіні жатқызу керек, бұл да грипп, қызуы бар, — деді ол Залкиндке, ал Тополевтен ақырын ғана: — Бір жағдай болып қалды ма, Кузьма Кузьмич? — деп сұрады.

Қарт үндемеді. Залкинд кетуге асықты, құлакшын бөркін киіп, Тополевті өзімен бірге алып жүрді. Есік алдынан ол қайта оралды.

— Менің жасыруға хақым жоқ... Оны сіздің білгеніңіздің өзі жақсы болар... Егер сіз ауыр хабар естуге әзір болсаңыз... — Залкинд мүдіріп қалды және сынағандай болып Ольгаға қарады.

— Айта беріңіз! Мен бәріне де әзірмін, — деді Ольга күйгектеніп, көзінен азап шегудің белгісі көрінді.

Маған Константин Родионовтың әскерге барғысы келмей әрекет жасағанын хабарлады. Алдаушылық жолымен санитарлық поезға дәрігер болып орналасқан. Сонда да майданға жібереді екен деп қорқып, ол өзін уақытша мүгедек етуге ұйғарған, жаман бірдеме іше бастаған екен есебінен жаңылып улап қалған...

Айғайлап жібергісі келгендей, Ольганың тамағынан біртүрлі өзгеше үн шығып кетті, бірақ өзін өзі басып қалды.

— Сізге көмек керек болып қалғандай болса, — деді Залкинд, — мен аурухана туралы айтпаймын, ол өзіне басқа ғой... Жолдастық көмек... өз басыңызға... Айтыңыз... Қай уақытта болсын...

— Рахмет сізге. Менің өз басыма... ешнәрсенің керегі жоқ, — деді Ольга сыбырлап.

Есіктің қасында тұрған Тополев Ольгаға бір бақытсыздық кездескенін және оған ауыр екендігін аңғарды. Ол өзінің түксиген қабағының астымен Ольгаға құрметпен және аяушылықпен қарады. Маңайдағылардың барлығы кыйын күрес туралы сөйлейді; керек десе, жасөспірімдер мен әйелдерге дейін бұл күресте ержүрек солдат болып шықты. Оның, инженер Тополевтің күрестен өзін шет ұстағаны қалайша болған? «Тілектерден айрылған соң, біз үмітті де, қорқынышты да білмейміз», — деген оның сүйетін бір өлеңі есіне түсті. Қазір осы сөздерді айтқан кезде, іштей осы сөздерге өзі қарсы еді.

Үйде қартты жанға жайлы бір жылылық қарсы алды. Бұл үйді қысқа арнап оның өзі әзірлеген болатын, қандай жел соқса да үйдің жылуын далаға әкете алмайтын еді. Барлық қамқоршылықты түгелімен өз мойнына алған үй иесі әйел Марья Ивановна, Тополевке тым қауіптеніп карады. Залкинд Тополевтің науқас екендігін Марья Ивановнаға алдын ала ескерткен-ді.

— Алаң болманыз, менің денім сау,— деді оған Кузьма Кузьмич.— Үй әрі жылы, әрі тып-тыныш, маған осыдан артық ештеңенің керекі жоқ.

Кузьма Кузьмич, дәрігер Родионова берген порошок ораған пакетті қалтасынан алып, жазу столының жәшігіне апарып салды, үстіндегі пиджагін шешіп қойып, диванның үстіне жатты, екі қолын басының астына жастанып барып, көздерін жұмды. Мәжлісте Петя Гудкин сөйлеген кезде, қарттың неғұрлым үйге тезірек жеткісі келді, ондағысы тыныштық алу үшін емес еді. Қазір, ең ақырында, ол өзімен өзі оңаша қалды.

Петя да, Женя да, Залкинд те, Ольга да, Алексей де, Таня да — осылардың бәрі Тополевтің көз алдына келіп елестей қалды, жүз қайтара қаталырақ, ызғарлырақ, зілдірек біреуді кіргізіп жіберіп, әлгілердің өздері кейін шегініп кеткендей болды. Әлгі қатал, ызғарлы адам: «Кел сөйлесейік» деп ақырып жіберді дағы, біресе Петьканың, біресе Ольганың, біресе Залкиндтің, біресе Алексейдің даусымен сөйлей бастады. Бірақ бар дауыстың ішінен оның жиені Володяның қынжылған даусы қаттырақ шығып:

«Ата,— деді ол,— сен түсінші: біздің генералымыз, Иван Семенович Миронов қаза болды. Біз Москва үшін болған соғыста бірге болдық, бірақ мен тірі қалдым, ол өліп кетті. Одан да мен өліп, оның тірі қалғаны жақсы еді, ата. Менің айтқанымды түсініп тұрсың ба? Біздер, оның солдаттар мен офицерлері: генералымыз үшін аянбай кек алуға ант бердік. Біздің оны еске түсіретін азамыз — өлтірілген немістер болады».

Ваня, Иван Миронов және өлім — бірімен бірі үйлеспейтін нәрсе ғой, бұған сену ақылға сыймайтын іс болды. Немересінің қысқаша жазған хатының жүрекке дық тиген сөздерін ішінен жүз қайтара айтып, Кузьма Кузьмич, ыңкылдай бастады.

«Амансың ба, Кузьма,— деген Иван Мироновичтың келекелей сөйлеген таныс даусы естіле қалды, сөйтіп ол, қасында көп уақыт өтіп көңілден таса болған бірнеше ескі достарын ертіп бөлмеге кіріп келді. Бұлар әрлі-берлі байсалды және маңызданып жүрді, көңіліне қаяу түсіп, қажып жатқан Тополевке

еңкейісіп келіп, жанға тигізе, жас үнмен тіл қатып сөйлей бастады: — Кәні, Кузьма қорытындыларды жасап көрейік. Мұны уақытында істеу әркімге пайдалы, әсіресе төрінен көрі жуық адамға пайдалы болады. Мақтанарлықтай нең бар, өміріңде қандай жақсы іс істедің, жолдас, сен бізге осыны айтшы? Сені қайраты қайтып суынып кетті, өлі арыстаннан тірі тышқан артық дейтұғын адамдарға қосылып кете жаздапты деп естідік. Осы рас па, Кузьма? Днепр бойындағы ағаш үйде бәріміз жыйналғанда, үйдің шатырындағы біздің шырағымызды тұтандырып жібере жаздаған сенің жалынды сөздеріңді өзің ұмытып кетті дегенге сене қою қыйын. Революциядан он бес жыл бұрын, Татьяна мейрамы күні ұмытылмас балалар бөлмесінде отырып: «Өле өлгенше, кеудеде жүрек соғып тұрған уақытта, бір орында бір минут босқа тұрып қалмаймыз, халыққа ізгі қызмет істеуде үнемі ілгері баса береміз...» деп анттасқан едік, біздің осы антымызды сен ұмытты дегуге сене қою өте қыйын.

Кузьма көрер көзге арық сыяқты болсаң да сені ел семіріп кетті деседі. Сенің тілеуің құрып, мыйың су болып бұлдырап кеткен сыяқты. Сен токмейілсіп кетіпсің, сөйтіп өз жоспарымды асыра орындадым, өмірімде барлық істі ұқсаттым деп санайсың. Грубский деген бір берекесіз ұсақ адам сенің көз алдында өте зор болып өсіп, нағыз адамдарды сенен көлеңкелей білген деседі. Грубский сенің бойына тоғышарлық бейқамдықтың пәлесін сіңіріпті, алдына әкеліп үлкен папкаларды жайып салса, сен соған өзіңнің баяғы инженерлік қасиетің мен талантыңды бөлшектеп салыпсың. Сен көзіңнің аясы бүкіл дүниені жазу столы мен қағазға толған екі шкафтан асырмайтын кенсешіл адамға айналып кетіпсің. Осы бір абройсыз шаруашылық сен үшін біздің бәріміздің жас шағымыздағы досымыз Иван Семенович Мироновтың саперлік полктарының орнына жүріпті. Кузьма, саған не болғанын білгіміз келеді, соған жауап берші?»

Қатал сот алдында басын арашаламақшы болып, Кузьма Кузьмич те жауап берді.

«Жоқ, мен жас шақтағы антты ұмытқам жоқ, неге ұмытайын. Ол ант менің есімде қасиеттеп сақтаулы. Бірақ бірдеңе болған сыяқты, енді соның не екенін уақыт өткізбей тұрып тексеріп білу керек. Біз ант бергеннен бері көп жылдар өтті. Ол кезде біз достар, бәріміз, өмірдің табалдырығын аттағалы ғана тұрған едік. Кең көшеге шыққанда өмірдің қандай болатындығын, есік алдында тұрып біле аласың ба? Өз білетінім, әйтеуір бар күшімді аянбай толық жұмсап, кашан болсын еңбекті адал істедім. Әрине, мен сонда тірі тышқанның кемеңгерлігі үшін немесе жеке басымның қамы үшін істегем жоқ. Ең биік жоғары арманға сенген, ең іріден бастап ең ұсағына дейін өмірде барлық құнды заттардың бәрін тексерген, алпыс-

тан асқан маған мұндай ұсақ-түйектер шайтаныма керек болып па? Тегінде, әңгіме мұнда емес сыяқтанады».

«Ендеше істің мәнісі неде, соны айтшы, кымбаттым?» — деп сұрайды біреуі. Бірақ мұны сұраған Ваня Миронов емес; Ваня үндемейді, тек сұлық жатқан досына тесірейе қарайды.

— «Мен, Кузьма Тополев, бір күні бір екпінді тасқынға кездестім, істің мәнісі, тегінде міне осында болу керек. Сол тасқын мені үйіріп әкетті, сөйтіп өмірі асығып жүруге тура келді, өзінді өзің байқап, ойлануға да мұрша болмады...»

«Өмірдің бұл тасқыны сен үшін де, Иван Семенович үшін де, бәріміз үшін де бірдей емес пе еді? Әлде сен сол тасқыннан сытылып шығып кетіп, болып жатқан уақытты анадайдан бақылап тұрғың келді ме? Содан кейін сен Грубскийдің тәтті сыбырының әлдиімен қалғып кеткенсің. Солай емес пе?»

«Тоқтай тұрындар, достарым, мені қыстамандар. Өмір адам естімеген қарқында дамыды. Бүтіндей ғасырларды еліміз бірнеше бесжылдықтарға сыйғызды. Еліміз өсе берді және алдағы зор сынға даярланды. Өмір тасқыны мені де тартып әкетті, мен өзімнің жұмысыммен сол тасқынның үстінде қалқый бердім. Әлде мен өзімнің қолымнан келгеннің бәрін де істемеппін бе?»

«Сен бойымдағы барлық қайратымды жұмсап болдым демекшісің бе? Тірі адамда мұндай жағдай болушы ма еді?»

«Қолымнан келгеннің бәрін беріп жүрмін бе? — деп мен өзіме ешуақытта сұрақ берген емеспін. Мен өзім түгімді қалдырмай тегіс бергенмін. Революция болғанда біз ерсек, отыз бес жастағы үлкен адамдар едік. Біз бәріміз де алғашқы шақырудан қалмай революцияның соңына ердік. Шахта процесінде халық соттағандардың қатарында біздің бірде-біріміз болмай шықты. Мені осы күнге дейін ешкім «Ескі маман» деген теріс мағналы сөзбен атап көрген жоқ. Менің өмірім қандайын жоғары мақсатқа жұмсалатынын жақсы білдім, сондықтан маған не айтып, не тапсырса соның бәрін қабылдап қарсы ала бердім. Солай бола тұрса да, мені бүгін сіздер мінеп отырсыздар және өзімді өзім де ар-намыстың қатаң сотына беріп отырмын».

«Кузьма, неге үндемей қалдың? Сөйле» — дейді достары.

«Өмірдің нақтылы нәтижелері жас шақтағы ойың мен берген антына үйлеспейтіндігі маған бұрын да бірер мезетте айқын болған еді. Өзім соны сезбестен дерлік, ойға салып толғанып, біржолата қайта жөнделіп алу үшін, аз да болса дем алуды күтіп едім. Өмір демалуға уақыт бермеді. Мен жаңа орынға келіп, құрылысты жүргізе бердім, жүргізе бердім. Мені де жеделдетті, мен де жеделдеттім, сөйтіп салынып болған

құрылысты тапсырып, жаңадан тағы да құрылыс жүргізу үшін жаңа орынға жөнеле бердім. Өмір қарқынды барған сайын үдете берді. Соғыс бұл қарқынды әбден шегіне жеткізді. Сонда барып мен үшін де, Ваня Миронов үшін де — бәріміз үшін де бірден сын сағаты келіп жетті. Ваня Миронов, генерал, сыннан жақсы өтті, оның данқы аса берсін. Ал мен...».

«Енді не істеу керек, Кузьма? Бізге түсініксіз», — деп асық-тырды достары.

Бұл сұрақ қадалған, адамның жанына бататын өткір сұрақ, сондықтан да Кузьма Кузьмич айғайлап жіберді:

Ешқандай жол жоқ! Мен берістім! Мен қайратсыз адам болып шықтым! Өмірге ере алмадым. Мен қазір екпіннің лебімен кетіп бара жатырмын, ол міне көз алдымда сөнгелі тұр. Мен мұншалық құтырған қарқынға жарамаймын! Мен қатарға ере алмаймын. Дұрысын айтқанда, мен ешнәрсеге де жарамаймын. Қарттық келіп жетті, сіздер осыны ұғасыздар ма, жоқ па? Кәрілік деймін. Мен өмірдегі орнымды жас ұрпақтың өкілі Алеша сыяқты балаға беремін».

«Токта, Кузьма. Қарт пен жас мамандар жөніндегі әлдеқашан қалып қойған ескі әңгімелерді сенің қайтадан шынымен жаңғыртқың келе ме? Әлде генерал Миронов сен құралыптас ұрпақтың қатарында емес пе еді? Ол не себептен өзін жас ұрпаққа карама-қарсы қоймады? Ол не себептен жарамды, ал сен жарамсыз болдың?»

Әңгіме, міне осында, достарым. Ваня Мироновпен арамызда зор айырмашылық бар, тіпті менің онымен теңесуім мүмкін емес. Одан да оны бұл әңгімеге араластырмайық. Одан осы батыр сабаздың жатқан жеріне біздің тағзыммен құрмет етіп бас игеніміз жөн болар...»

Бөлмедегілер шулай бастады. Кузьма Кузьмич көзін ашты. Марья Ивановна еңкейіп бұған үңіле қарап тұр. Әйелдің бір қолында порошок — ол порошокты ақыры тауып алыпты, ал екінші қолында су құйған стакан.

— Кузьма Кузьмич, қымбаттым, ішіп жіберіңіз. Қызуыңыз бар, ыңкылдап жатырсыз ғой, — деді әйел. — Порошок сізге үлкен жәрдем береді.

Қарт қарсылық етпей порошокті ішіп қойды. «Менің дертімді тек порошокпен ғана емдеу керек еді», — деп ойлады ол жымыйып. Көңілі дауалаған Марья Ивановна өз жайына кетті, ол дәріге сондай сенетін еді.

Тополев көзін тағы да жұмды. Бірақ достары, қайтып келген жоқ. Бір минутке ғана Петя Гудкиннің ірі секпіл басқан аш өнді жүзі, үрпиген сап-сары қатты шашы елес беріп көрініп кетті. Оның толықсып тұрып берген сұрағы қайта естіл-

гендей болды: «Сталин жолдастың алтыншы және жетінші ноябрьде сөйлеген сөздерін Кузьма Кузьмич естіді ме екен, әлде естімеді ме екен?»

Сүйікті жігітім, егер де ешбір қалтқысыз бәрін адал сөйлейтін болсақ, мәселенің барлығы ноябрьдің алтысынан жетісіне қараған түні басталды ғой. Ол әрине, көсемнің сөйлеген сөзін тыңдады, сондықтан немқұрайды болып қала алмады. Сталиннің данышпандық сөзінен бастап, генерал Мироновтың қаза тапқаны жайындағы алынған хабарға дейін және комсомол Петя Гудкиннің айыптау сөзіне дейін оның әрісәрілігі бірімен бірі ұштасып жатқан болатын. Енді осының барлығы жайында Алексеймен сөйлесіп, кеңесу керек. Қарт оған сырын төге салуға, сонымен бірге өмірдің түйінді мәселесін шешуге риза еді.

Міне, Алеша Ковшов, аман-есен жүргендегісіндей. Орта бойдан сая биігіректеу келген кең иықты және сымбатты, коньки мен шаңғы тебуге, гимнастика жасауға да шебер жігіт. Өзінде орыстың сүйкімді келбеті бар. Оның бет пішіні мүлтіксіз де және сондайлық көрікті де емес — маңдайы кең, мұрны таңқылау, тарағанға көне қоймайтын сары шашты, қой көзді болатын. Сөйте тұрса да, оның осы бет ажары көрікті еді, өйткені оның ішкі ой-пікірі мен сезімі сәулесін төгіп, бетін нұрландырып тұратын. Ковшов сабырлы, көп ойлайтын, жиі-жиі көңілсіз жағдайда да болатын жігіт. Және лезде бұрк етіп, күйіп-пісе қалуға да бар. Бірдемеге шұғылдану мен қамығудан әрекетке және көңіл қошына көшу көзді ашып жұмғаншақ-ақ. Ол қалжыңды, әзіл сөзді қатты сүйеді, рақаттанып күле біледі. Күлгенде қатты, басқаларды еліктіре, маржандай тізілген аппақ тістерін ақсыйта күледі. Оған жұрттың бәрі лезде-ақ үйір болып және көпшілігі шүйіркелесіп те кетеді. Беридзе оны өзінің туған інісіндей жақсы көреді. Гречкин мен Филимонов бір айдың ішінде оған жақын жолдас болып алды. Жәня бұған мүлдем ғашық деуге болады. Тіпті арсыз Либерман да Алешаға бейім, оған достық шырай көрсетеді. Олай болса, Тополев не себептен Ковшовты өзінен алыстатып алды? Оларға не жетпеп еді?

Қазір ол Алексей мен арадағы қоңырқайлық үшін өзін жерден алып, жерге салып ұрсып жатқан сағатта, сол қоңырқайлықтың себебін таба қою қиын болатын. Ол үшін кейін орағытып, олардың алғаш рет кездескен уақытына айналып соғу керек болды. Ол кезде Алексей Ковшов, аты оқу кітаптарында айтылып жүрген адам, инженер Тополевтің алдына еңбегін тексеретін бастық ролінде болып келді. Ал ол, инженер Тополев, инженер Грубскиймен әбден келісуі бойынша инженер Ковшовты дұрысын айтқанда, қандай қасиеті бар адам екенін білмей тұрып, бірден-ақ қабылдамай тастады. Инженер

Ковшов көзге тоғанақ берместей жас болатын, ол — Тополевтің баласы құралыптас еді. Ковшов оған белгілі стандартқа, әдеттенген қалыпқа тура келмей қалды, — міне осы айтылғандардың өзі-ақ оны ылтифат етпеуге жеткілікті дәлел болып шықты. Тополевтің ойынша инженер дегеннің өзі, мамандығы бойынша өте әдепті болуға және беделге бас июге тиісті еді. Ал инженер Ковшов әдепсіздік жасады және беделді сыйламады. Инженер Ковшов оны өзінің қарсы алдына отырғызып қойып, оның әжептәуір еңбегін тіпті ұялмастан ақтара-төңкере қарай бастады, бұл еңбекті минут сайын жұртқа естірте жамандады, бұл еңбек инженерлік ой шеберінің жасағаны емес, мектеп оқушысының жасағаны тәрізді болып көрінді.

Күндер өтіп жатты және ол, Тополев, еріксізден өзінің қарсы алдында отырған адамға сын көзімен шұқшыя қарай бастады. Сөйтіп ол Алексейден осы уақытқа дейін Грубский көре алмаған кейбір қасиеттерді көрді. Оның алдында отырған жаңа кейіпті инженер — инженер-большевик, өз ісінің қожасы инженер еді. Ол тек техниканы ғана емес, барлық өмірге араласып, батыл билеп-төстеп кетті. Техника оның мамандығы, оның міндеті еді, бірақ ол мұнымен тынған жоқ, ол барлығымен айналысты. Инженер Тополевке маңызы шамалы тәрізді көрінгендердің барлығын инженер Ковшов ең маңызды іс деп санады: мәселен, жұмысын жарамсыз етіп тастаудың орнына, Петя Гудкинді бірнеше сағат үйретумен шұғылданды. Мұның керісінше, Тополев үшін өте күрделі болып саналатын мәселені, ол тіпті оңай мәселе деп санады. Инженер Ковшов үшін беделге көзқарас жайындағы мәселе де осындай оңай және айқын мәселе болды. Егер ол біреумен келіспей қалса, онда ол қарсы болатын, күресетін, қарсыласқан адамның пікірін жоққа шығаратын. Ковшов Кузьма Тополев жайында институтта жүргенде естіген болуға тиіс, бірақ міне онымен кездескен уақытта көп ойланбастан-ақ, оның кейбір айтқанын жоққа шығара бастады. Грубскийдің ой-өрісінің тарлығы Ковшовқа тіпті жат, жексұрын көрінді. Ол Беридзеге бағынады, тәртіпті өте сыйлайды, ал егер бас инженермен бірдемеге келіспеген күнде, онда ол өз ойының дұрыстығын дәлелдейді. Ал әлдеқалай талас шыға қалған күнде, араларындағы достыққа және қызмет бабының қарым-қатнасына қарамастан онымен күрес ашатын болады.

Әуелде Тополевке түсініксіз тәрізденген және оны тіпті кейіткен осы тәрізді жаңалықтың сыйпаттары, оған барған сайын айқындалып, жас инженердің мінез-құлқынан бәрі анықталып көріне бастады. Ковшовтың біраз уақыт майданға — қыйыншылық пен қорқыныштың қайнап жатқан жеріне барамын деп мазасызданып мақсат еткені, қарияның есінде болатын. Дегенмен, ол мұндағы нефтепроводтың жаңа жобасы үшін кү-

рес те сол майданмен бара-бар екенін кешікпей-ақ ұқты. Оған өзінің күрестегі орнын табуы мұң екен, оның мінезі де бірден тұрақтап өзгеріп кетті. Сондықтан да Алексей Ковшовтың жұмыс десе көзі шырадай жанады және жай бір болмашы ғана чертежсымақтың астарында жатқан мемлекеттік маңызы бар істі айыра біледі. Сондықтан да ол өзіне де, басқаларға да катаң талап қойғыш, оның қатаңдығы мен турашылдығы кейде тік мінездікке дейін апарады. Қарамағындағы адамына сөгіс берген уақытта, оның шымбайына батыру үшін келекелеп те қоятын әдеті бар. Бұл жігіт сынды қатты сүйеді деп айтуға әбден болады: Батмановта немесе Беридзеде болатын қызу керістерге ол әбден қуанып қалады, тіпті өзін жерден алып жерге салып ұрысса, соны мақтан етеді. Бір ретте ол шын көңілімен былай деді: «Ақылды бастықтың орынды ұрысуы — өмірдегі нағыз әсерлі және пайдалы ғылым».

Жұмысты шабытпен істейді. Оның міндеттері толып жатыр, бірақ ол оны ерінбей-жалықпай кезекпен істей біледі. Петя Гудкиннің айтқаны дұрыс: инженер Ковшов ұйқтау дегеннің не екенін ұмытуға айналды. Тамақ ішуге уақытты минуттап қана кетіреді, жеке басының қамын алғанда, ол бар нәпсіден тыйылған адам. Женя бір ретте оны даладай суық бөлмеде ешқандай қарсы сөз айтпастан тұра бергені үшін кіналаған болатын.

Я, Алексей Ковшов, нақ осындай адам. Әрине, Кузьма Кузьмич өзіне карама-қарсы отырған адамның кемшіліктерін де көрген шығар, — бұл кемшіліктер оның жастығынан деп ойлау керек болады. Тополевтің ондаған жыл өмір тәжірибесінен алған біліміндей білім Алексей Ковшовта әлі жеткіліксіз еді. Алексейдің қылығындағы оғаштықтарға келсек — ол әрі оңай, әрі тез түзелетін нәрсе ғой. Ең маңыздысы инженерлік мәдениеттегі кемшіліктер. Қарттың бір қарағанда-ақ көретін нәрсесін, Ковшов жорамалмен ғана болжап табады деуге болады, әбден марқайып, шеберлігі жетілгенде келетін техникалық міндеттерді шешу қабілеті мұнда әлі де жеткіліксіз еді.

Жана жобаны жасаудағы асығыс жұмыстарда есептеу жаңылысушылық және шалағайлықтар еріксіз кездесіп отырды. Толып жатқан ұсақ кірпіштен үй тәрізді, техникалық творчество да сансыз көп ұсақ бөлшектерден жасалады, олар жерден теріліп алынатын маржан тәрізді ондаған жылдар бойына құрылыс алаңдарынан ізделіп табылады. Ковшов болса бұларды бірнеше күннің ішінде тауып ала қоюға асығады. Инженер Тополевтің кейбір мәселелерде Ковшовқа жәрдем көрсетуіне болар еді — бірақ ол түзетпеді. Алексейдің аңдамай жіберген қателеріне неге екені белгісіз, айызы қанып отыратындығын Кузьма Кузьмич, ренжіген түрмен қабағын кіржітіп отырып өз мойнына алды. Ол тіпті табалап: «Мұның ақыл-

ды бола қалғанын карасайшы-ау. Тыйын-тебендеп жыйнаған білім байлығымды оп-онай саған бере салуымды тілейсің бе? Жоқ, сүйіктім, оны өзің жыйнап ал».

«Адундағы бишара Сальери, сен қандай күйге ұшырадың!» деп Тополев өзін өзі ажуалады.

Бір күні Алексейге қатты ренжіген Тополев, Ковшов сөзсіз дағдарысқа ұшырайды-мыс деп қыялдап, оны көз алдына елестетті. Оны да өмір дүрмегі дәл осы тәрізді әурелейді, ол да инженер Тополевтің екінші түріне қалай айналып кеткенін білу үшін бұрылып карауға да мұршасы келмейтін болады. Оған күннен күнге ұшы-қыйыры жоқ жана міндеттер тапсырылады, саналуан заявклар, баяндамалар, чертеждар, сметалар борап жатады. Телефон трубкасын колынан бір минут түсіруге де оның шамасын келтірмес. Бастыктарға тынымсыз жүгіріп, мәселелерді келісіп отыруға, мәжілістерде сағаттап отыруға, командировкаларға баруға тура келер. Ол әрқашан бейнебір өрт сөндіруге бара жатқан адамдай асығып және барлығынан да кешіккен тәрізді сезімде болып отырар.

Міне, осыдан барып Алексей Ковшов кажый бастайды және ол біртіндеп суына береді. Онда күнделікті жұмысқа немқұрайды көзқарас пайда болады. Оған адам аяқ баспайтын түкпірге барып тұруға тура келеді — инженерлер көбінесе қаладан алыс, аю мекен еткен жакта құрылыс салады — шарапка, преферанска және женіл-желпі көніл көтерүүлерге бойын үйретіп алады. Мұның барлық пәлесі, әрине, көніл көтеруде емес, осылардың оған жұмыстан гөрі, көбірек ләззат беретіндігінде. Сонымен, ол өз уақытын жоғары идеялы, қызу таластардан гөрі өсек-аянға жұмсауға бейім тұратын болады. Бәлкі ол үйленер, сөйтіп әртүрлі ұсак-түйек мүлік: шифоньер, виктролдар, көйлек-көншек, аң терісінен тігілген бұйымдарды ашкөздене жыя бастар. Әйелімен екеуі отырып алып демалыс сағатын қайткенде жаксы өткізудің жолдарын іздейтін болар. Қымбатты уақыт уыстаған құм тәрізді тез өтіп кетеді, бөгеу мүмкін емес!

Ол бакытсыздықка бастаған күндердің бірінен бастап беті ашылып та каралмаған техникалык журналдарды пештің аржағына жыйнап тастай бастайды, сөйтіп акыр аяғында оларға жыл басында қайта жазылуды да ұмытады. Ол өмірді сезу өткірлігін жоғалтады, жаналықты сезетін қасиетінен мүлдем айырылады, ол ең қауіпті дертке — жайбаракаттықка, өзіне өзі мәз болушылықка душар болар. Бұл ауру — Тополевке Грубскийден жұккан ауру болатын. Сөйтіп, рак ауруына шалдыққан дене сыкылды, Алексей Ковшовтың талантының дәрмені кетіп, творчестволык қабілеті құрып бітеді. Болашак перспектива деп аталатынға ол ешқандай сезімсіз қарайтын болады. Оны тек көз алдындағы күнделікті перспектива ғана қы-

зықтырады, дұрысын айтқанда, бұл күнделік перспектива болашақтың жолын бөгеп, жауып қояды. Ол үнемі алда жүру, тоқырап қалмау, өсу, білу және бүгін кешегі істегеніңнен гөрі әрі көп, әрі жақсы істеу керек деген жастық антын — егер де ол мұндай антты берген болса — тарс есінен шығарады. Қысқасын айтқанда, Тополев өзі қандай халге ұшыраған болса, Алексей де осының аяғын күшады.

Жок! Қарт диванда жатып керілді де, жігерлене басын шайқады. Жок, Алексей мұндай жағдайға ұшырауы мүмкін емес. Ол, Кузьма Тополев, дөрекі Сальери оны сақтандыруға, қауіптің барлығын ескертуге міндетті. Ол қалай да тезірек, қазір, осы минутта Ковшовпен ауызба-ауыз сөйлесуге тиісті...

Бөлмеде біреудің жүрген дыбысы естілді, Алексейді көрем бе деген жалынды үмітпен қарт мең-зең болған басын көтерді, бірақ оның орнына Грубскийді көрді. Грубскийдің беті суықтан қызарып кеткен, ол тоңған қолдарын тез уқалады да, костюмін шешпестен тұнжырап жатқан қартқа қарады.

— Науқастың көңілін сұрағалы келдім,— деді Грубский жарамсақтана сөйлеп.

— Науқасқа дәрігер мен достары ғана келеді,— деді Тополев көңілсіз ғана, ештеңе деп түс жармастан, бұрынғы бас инженердің отырған стулына жақын келіп.

Қарт орындықтың аркалығынан ұстап тұрды.

— Кузьма Кузьмич, құдайға шүкір, біздің достығымызға жыйырма бес жыл толды, ал мұны күміспен күптеген достық деп атауға әбден келеді-ау деймін,— деді Грубский батыл сөйлеп.— Егер де менің ескі достықты адалдықпен сақтайтынымды көрсетерліктей бір жағдай туа қалатын болса, мен оған әрқашан қуаныштымын.

«Сөзінің мәймөңкесін» деп ойлады қарт және сөзін тісінің арасынан шығарып:

— Шынымен солай болса, ылтифатыңызға рахмет. Сізді немен сыйлауды да білмей тұрмын.

Сол арада-ақ бөлмеге Марья Ивановна келіп кірді.

— Кузьма Кузьмич, абыржымаңыз, шай-пұйды өзім ескертемін.

— Мен дәрі де ала келдім,— деді Грубский көңілдене, столдың астынан қырауы еріп терлеген бір үлкен қоңыр бөтелке шарапты алып шығып.

— Бұл маған жақпайтын дәрі. Бұл дәрімен өзіңіз ғана емделуге тура келеді,— деді Тополев.

Грубский ішінен күлімсіреп қойды: «Бүгін ақсақал өте меймандос, айтары жок!». Ол тымау-сүзек ауруының етек алып кеткені, бұл аурудан кейін сүреңі жаман сілем қалатыны ту-

ралы, боран туралы, оның көп бүліншілік жасап, жұрттың бәрінің де мазасын кетіргені, бірақ бақытқа қарай толастай бастағаны, майдандағы жағдай туралы әңгімелер айтты.

Марья Ивановна шай мен аздаған тағам әкелді. Үй иесі шараппен сыйлай алмай әбден тауаны қайтқан Грубский бөтелкені өз жайына қалдырып, ыстық шай ішуге кірісті.

Кузьма Кузьмич әңгімені қостамай, жартылай теріс карап отыр. Ол Грубскийдің не үшін келгенін білгісі келді. Бұл мырзаның алай-дүлей боранға карамастан келуін, тек бас көрсетіп науқастың көңілін сұрау үшін ғана келген келіс екен деп сене қойған жоқ. Бұлар жалпы бір-біріне сирек қатынайтын, ал соңғы кездерде тіпті аулақтап сырт жүрісетін.

Грубский өзін өзі еркін ұстай бастаған сайын, Тополевтің ашуы ұлғая түсті. Кузьма Кузьмич бірер қатты сөз айтудан өзін өзі шаққа тоқтатып отырды, сонымен қатар, Грубскийдің бұл тұтқыйылдан келісі жақсылыққа әкеліп соқпайтыны сезді, тегі, ол өзінің ұзақ жасаған өмірінде тұңғыш рет шақырусыз келген қонақты үйінен қуып шыққалы отырса керек.

Грубский құрылыс туралы әңгіме бастады. Батманов пен Беридзе қылмыс жасап отыр деп нандырды: өздерінің ақылға сыймастық жобасын жасап бітірместен, оны бекітпестен, олар құрылысты жаңа арнаға бұрып жіберді. Көптеген құрылыс учаскелері оң жақ жағадағы жыйған-тергендерін тастап, сол жақ жағаға көшіп барды. Бұл жөнінде әңгімелегенде Грубскийдің тыныш отырып сөйлеуге дәті шыдамады, орнынан тұрып столдың жанында әрлі-берлі жүріп, қайта отырды.

— Біздің «данышпан» өнер тапқыштардың халі мүшкілдікке ұшырайтынына мен күманданбаймын! — деп өрепки сөйледі ол.

Бірақ әзірше билік олардың қолында болғандықтан, олар түбінде түзелуі кыйынға соғатын зыян келтіріп жатыр. Халық комиссариатында мұндағы жағдай жақсы деген жалған ой тұмақшы. Үкіметті адастырып, уақыт пен каражатты бекерге жұмсауда. Жалпы алғанда, осында істеліп жатқан жұмыстың өзі, біздің ұйымшылдығымыздың соншалықты нашар екендігінің айғағы бола алады. Немістерге қарғыс айтуға да болады, бірақ олардан жұмыс істеуді үйренудің ешқандай ерсілігі жоқ. Олар қазір нефтепровод салмаған болар еді.

Қарт Грубскийдің сөзін үн катпастан тыңдады. Кузьма-Кузьмич ішінен сақтана бастады. Ол Грубскийдің тұтқыйылдан келісінің мақсатын аз-аздап аңғарғандай болды.

— Сіз, Кузьма Кузьмич, дұшпанның мархабатына бас ұрып беріліп кеттіңіз, былайша айтқанда, қаруыңызды тастадыңыз. Ал маған жеткен хабарға карағанда, Рубежанскідегі есі дұрыс адамдардың барлығы да, Батманов пен Беридзенің бұл еріккендік ісін босқа әуре және зыянды іс деп санайтын

көрінеді.— Грубский даусын бәсеңдетіңкіреп, басын Тополев жакқа бұрып еңкейе сөйледі.— Қаруды тастауға болмайды, біздің ісіміздің дұрыстығын шамадан келгенше табан тіресө дәлелдеп бағуымыз керек. Бір жыл ішінде нефтепровод салып бітіре алмайсың, ал жалпы алғанда қандай жағдайда болсын оның салынуынан соғысқа тиерлік пайда жоқ. Мен өз ұстаған бағытымды қорғауда тым табансыздық жасап, формальды қарай салғанымға қатты өкінемін. Бізге батыл қыймылдау керек. Рубежанскіден де, Москвадан да байланыс іздеу керек. Істің басы басталды деп санауға болады: мен өлкенің астанасына анау баяндама хатты жібердім ғой. Сіз оған қол қоюда бастарттыңыз, тегі ол бір көңіл күйінің ықпалы шығар. Менің сізге өкпем жоқ, бірақ сізден сұрайтыным, соған қосылатыныңызды айтып хат жіберіңіз. Ал егер де біздің барлық ісіміз жайында Москваға Петровка хат жазсаңыз тіпті тамаша болар еді. Ол сіздің баяғы шәкіртіңіз деуге болады ғой, ал бүгінде ықпалды адамдардың біреуі: халық комиссарының орынбасары.

Тополевтің төмен қараған беті күп-күрең болып кетті, сұрғылт сары мұрты жыбырлап, тамырлары білеуленген ауыр қолдарының қатты дірілдегенін көрсетпеу үшін екі тізесінің арасына қысты. Ол бірнеше минут бар қайратын бойына жыйнап, қайнап келе жатқан ашуын басты, содан кейін ақырын орнынан тұрып, есікке барды да, жұлқып ашып:

— Шығыңыз үйден! — деп Тополев булыққан дауыспен ақырып жіберді. Алпамсадай, ыза кернеген, ашулы қарттың түрінен адам қорқарлық еді.— Бұл арадан көзіңізді жоғалтыңыз!

Грубский ұшып тұрды.

— Сізге не болған, Кузьма Кузьмич, өстуге де бола ма екен,— деді ол зәресі ұшқаннан айғайлап.

— Шық үйден! — деді қарт, өзінің күжілдеген қатты даусымен енді менің ашуыма тие берме, әйтпесе осы үйден бөлшектеп шығаруға тура келер.

Бұрынғы бас инженердің еңсесі түсіп кетті, басын тұқыртып алып, керек десе қарттың бетіне де қарамастан, қасынан өтіп жүре берді.

— Сіз, бұрынғы дос, әрқашан есіңізде болсын: инженер Тополевпен күміспен күптеген достығыңыздың дәурені өткен, шаруасы біткен! — деп Кузьма Кузьмич Грубскийдің артынан өршелене айғайлады.— Мені сіздің арамдық ниетіңізге, от басындағы зыянкестік әрекеттеріңізге қатнасаатын адам деп санамаңыз. Менің қайда тұратынымды жадыңыздан шығармаңыз!

Ол қонақтың сонынан іле-шала есікті тарс еткізіп жапты да, бөлмеде аяғын ауыр басып жүре бастады.

— Алаяқ! Өзіне пікірлес адамды тапқан екен. Белсене қыймылдауға шақырып тұрғанын қарай гөріңіз.

Есіктің аржағынан дауыстар, акырын сөйлеген сөздер естілді. Кузьма Кузьмич есікке жақын барды.

— Ол сырқат және бір нәрсеге қатты ренжулі,— деп Марья Ивановна айыпты адамдай ақтала сөйлеп тұр.

— Алжып, ақылынан адасқан, ол тек сабын мен желім қайнатудан басқаға татымайды,— деді қатты кейіген Грубский.

— Тополевтің не нәрсеге жарайтынын, әлі де көрерміз! — деп айғайлады қарт, бірақ оның қонағы мұны естіген жоқ: Марья Ивановнаның сылдыр еткізіп есікті кілттегені естілді, тұтқыйылдан келген адамның дүрліктірген үні, қайтадан тыйыштыққа бөленді.

— Тополев қолдарын артына ұстап және бірденелерді миңгірлеп тынымсыз әрлі-берлі жүруде болды. Қарт акырындап тыныштала бастады, бет ажары жадырай берді. Көзіне Грубскийдің алып келген шарабы түсті. Кузьма Кузьмич шарапты қолына алып, сақылдап тұрып күлді. Ашуы мүлдем тарқады, ол тым қыйын болса да, бірақ бір жақсы іс жасаған адам тәрізді сезімге бөленді.

— Сірә, осының құрметіне ішіп жіберсе де болар еді,— деді Кузьма Кузьмич жымыйып, рюмкаға қызыл күрең қою шарапты құйып алып жұтып салды да, мұртын сүртті.— Жаман дәрі емес, сырқатқа пайдасы тиеді.

Осыдан кейін ол қар басқан қараңғы терезеге ұзақ уақыт қарап тұрды.

— Траншеяны оталғыш дәрі арқылы қопарып қазу керек. Тек осылай ету ерек.— Жым-жырт үйде қарттың даусы тым қатты шықты.— Мен осымен кашан кездесіп едім? Қашан? Еске түсіре алмай отырғанымды карашы.

Марья Ивановна есіктен карады.

— Сіз мені шақырдыңыз ба?

— Не? — деп Кузьма Кузьмич бұрылды да, ашулы көзімен карады.

Әйел кете қоймады, оның қалай да, өзін қынжылтқан Тополев пен Грубскийдің арасындағы жанжал туралы сөйлескісі келген тәрізді.

— Отырыңыз! — деді күтпеген жерден Кузьма Кузьмич бұйырған дауыспен.

Бұйрық дауысқа бой сұнып, Марья Ивановна аңтарылып орындыққа отыра кетті.

— Маған су астынан қандай жағдайда взрыв жасауға тура келді екен, соны еске түсіруім керек. Жыл санаңызшы.

— Ол қалай? Қандай жылдар?

— Мың тоғыз жүз жетінші жылдан бастаңыз.

Марья Ивановна зәресі ұшқанынан құнысып қалды.

— Қане? — деп ақырып жіберді қарт.

— Мың тоғыз жүз жетінші,— деп күбірледі әйел.

— Институт бітірдім. Подрядчикте істедім. Марфа Петровнаға үйлендім...— Тополев креслоға отырып, көзін қолымен басып есіне түсірді.— Жок, ертерек кейінірек алыңызшы оныншы жылдан.

— Мың тоғыз жүз оныншы.

— Қалалық дума үйін салдым. Түкке тұрмайтын, ұрлық пен маскүнемдік... Әрі қарай, әрі қарай!

— Мың тоғыз жүз он бірінші.

— Симменс пен Гальскіге жұмыс істедім, Россияда осындай неміс кожайындары болған-ды. Соларға завод салуға келіскенмін. Бірақ тез ұрсысып, кетіп қалғам. Ауырлау болды: Марфуша ауырып қалды. Осының алдында қыз туған еді. Бірақ ол туралы керегі жоқ... Марья Ивановна, бірнеше жылды бір-ақ аттаңыз.

— Мың тоғыз жүз он бесінші,— деді әйел және кенет солқылдап жылап жіберді: — Феденькам соғысқа кетті. Содан кейін көргенім жоқ. Қайтып оралған жоқ.

Тополев оған назарың сала қарады да, оны мүсіркеп басын изеді.

— Көп адам қайтқан жоқ қой. Бірақ мен аман қалдым, жолым болды. Марфушам тірі екен, кызым өліп қалыпты. Бұдан кейін баламыз болған жоқ, Марфушаның денсаулығы көтермеді. Үнемі жүрумен, құрылыс салумен, жұмыс істеумен болдым — кызымды жоқтап көп қайғырдым. Ал әйелім ауру болды, ол мекнат шекті, елу жасқа дейін тұрды, көбінесе жата-тын еді... Немене? — деп ол басын көтерді де, жылап отырған Марья Ивановнаға қайтадан қарады.— Басқаға ой аударып кеттім. Қәне, Октябрьден кейін не салдық екен соны еске түсірейік. Алғашқы кезінде қалпына келтірумен шұғылдандық... Днепрде бұзылған көпірді салдық... Қыйын өзен еді... Қыс, мұз... Материал жетпей көп қыйналуға тура келді. Взрыв жасайтын дәрі керек болды, оны бермеді мен жанжал шығардым. Я, сонда су астынан взрыв жасағанбыз. Сіз естіп тұрсыз ба?! Еске түсірдім. Дәл сонда тас табанын взрыв жасап тегістеу керек деген болатынмын... Өте жақсы!

— Мен кетейін. Мүмкін бе? — деп сұрады Марья Ивановна.

— Бара беріңіз, бара беріңіз... Рахмет, сіз маған көп көмек көрсеттіңіз.

Тополев әйел шыққан соң есікті жапты да, жазу столына асығыс барып отырды. Таң сімерлеп атқанға дейін, бұғазда траншеяны взрыв жасау әдісімен қазу жөнінде жасаған өзінің ұсынысы жайындағы жазба баяндамасы мен түрлі есептерінен бас алмай жұмыс істеп отырды.

... Түтеп тұрған боранға қарсы күресерлік күштің өзі де қалмады, Беридзе енді бұдан аман қаламыз деген сенімнен күдер үзді. Тек Алексей жөніндегі ой және бойын кернеген бір өр ашу мұны ілгері жүргізіп, күресті тоқтатпауына мүмкіншілік берді. Ол малтығып сүріне-қабына жылжый берді, Ковшов оның көленкесі тәрізді соңынан еріп жүріп отыр.

Құтқару ойда жоқ жерден — түтеп тұрған қар шымылдырының арасынан жел үйіріп әкеп тастаған тәрізді адам бейнесінде шыға келді. Бұлар оның — адам шошырлық үп-үлкен, қырылдаған бірдененің Беридзеге түйісіп соқтығып қалғанда бір-ақ көрді. Жаманшылық па деп сезіктенген Алексей жолдасын қорғауға ұмтылды. Бірақ, бейтаныс адам қастандық жасаған жоқ, ол Георгий Давыдовичке бірдеңе деп айқайлады, бұдан Алексей: ол кісінің бұларға жақсылық жасағысы келетіндігін ұғынды.

Бұлар енді бірінің соңына бірі еріп — алдарында жаңағы белгісіз адам, оның соңынан Беридзе мен Алексей еріп шұбай жүрді. Белгісіз адам кенет тоқтай қалып, Георгий Давыдовичке бірдеңелер айтты да, шаңғысын сол жаққа бұрып, лезде жоқ болды. Беридзе мұз басқан сақалын Алексейдің бетіне такап тұрып қатты дауыспен:

— Жолымыз оңғарылды, Алексей! Тәжрибелі адамға, балықшыға, дүлей боранның қожасына кездестік. Ол мылтық даусын естіпті. Мылтық даусын естіген, деймін! Оның айтуынша, ол мылтық даусын осы тамықтай қаратүнек боранның өзінде естіген. Аман алып шығамын дейді.

— Сенің сол кісің — боранның қожасы дегенің жоқ болып кетті ғой!

— Жоғалған жоқ, жол іздеп жүр. Ықтың жол іздеп жүр, деймін. Жел ұйтқып соғып тұр. Бұл бір тәжрибе жүзіндегі желдің маманы ғой. Желдің маманы, деймін!..

Алексей балықшылардың селосы қашық емес пе, деп сұрамақшы болып еді, бірақ жел тұншықтырып аузын аштырмады.

Балықшы алғашқы келгені сыяқты бұларға тағы да кенеттен келіп қосылды. Ол инженерлердің жанынан бөгелместен ағып өтіп, екінші жағына шықты.

— Әлгі өзінің тамаша жолын таба алмайды-ау деймін! — деп күдіктенді Ковшов.

— Табады! Ол қазір желдің бағытын біліп алғысы келіп жүрген болуға тиіс.

Балықшы шынында да жолды тапты. Оның соңынан ерген инженерлер бір терең сайға келіп түсті. Оңында да, солында да кісі бойынан екі есе биік қар көрініп тұр. Жоғарыда түтеген

боран, ал бұл арада қар ақырын борады, желдің екпіні де едәуір саябыр. Боранның соғуынан жасалған траншея тура тартпай, иректеліп кете береді. Балықша бұларды дәл бұрын жүріп жүрген таныс соқпағындай-ақ, сенімді бастап келеді.

Шамалы уақыттан кейін, шаңғышылар далада жанып тұрған отқа кездесті. Қардан жасалған ордың түбіндегі от маздап жанып тұр. Бірнеше адам жұмған аузын ашып үн қатпастан, келгендерге ығысып орын берді. Беридзе мен Қовшов қолдарын жылытты, қап төсектің аузын шешіп ішіне кірді де, оттың қасына таяна түсті.

— Бізді пәледен сіз құтқардыңыз, қымбатты жолдас. Көптен-көп рахмет, өмірі ұмытпаспыз! — деп Беридзе балықшыға алғыс айтты.

Алексей отырғандарға көңіл аудара қарады. Сөзге сараң, қатаң жүзді, үлкен тонға оранған бұл адамдар ат айдаушыларға ұқсайды. Инженерлерді бораннан аман алып шыққан кісі от басында бәрін жайғастырып жүр; тегі ол осылардың бастығы болу керек. Тонына оранып алып отқа таман отырды да, жалын арасынан Беридзеге қарады. Белгісіз адамның жалынның сәулесінен қызарып көрінген бет бейнесі өзінің ерлерге біткендей ерекше сымбатымен Алексейді таң қалдырды. Балықшы өткір көзді, маңдайынан түзу түскен қыр мұрынды, ат жақты еді. Олар аяздың қыспағында емес, бір жылы үйде отырған тәрізді, жадырай күлімсіреді.

— Біздің бұл жігіт үнемі өстіп біреуді құтқарады да жүреді. Бір рет оған осынысы үшін сыйлық та берген болатын, — деді біреу әзілді қалжыңмен, отырғандар ду күлісті.

— Ол рас, менде осындай бір уақытқа болған, жігітім. Бұл бұдан бес жыл бұрын, осы тәрізді қыстыгүні Адунда суыққа үсініп қалған екі адамды таптым. Біреуі бухгалтер, екіншісі кассир болса керек. Мен бұларды бірінен соң бірін арқалап жүріп сегіз километр жерге апардым. Маған берген «сыйлығы»: осының өзі өлтірген жоқ па екен деп күдік туды. Өлгендерді тексеріп қарап болғанға дейін, екі апта тұтқында отырдым. Содан бері достарым мені мазақтап ажуалайды.

Балықшы мұны өзіне өзі күле отырып, сабырмен әңгімеледі. Оның жуан даусының жұмсақтығы Алексейге катты ұнады. «Әнді жақсы айтатын шығар» деп ойлады Алексей. Беридзе балықшылардың әңгімесін тындап отырып сақылдап күлгенде, төсек қаптан шығып тұрған сақалы шошаң-шошаң етті.

— Бізді тірідей тапқаныңыз жақсы болған. Әйтпегенде сыйлық алу тарихы сөз жоқ тағы қайталайтын болар еді, — деді ол.

— Бірақ содан бері мен бір дертке ұшыраған тәріздімін. — Балықшы жұрттың бәрін бір шолып өтті, оның өңі бұзылып катуланып кетті. Боран-шашын күндері үйде отыра ал-

маймын. Маған ылғый Адунда бір жан иесі апатқа ұшырағалы жатқан сыяқты болып елестейді де тұрады, жігітім. Тәжрибесіз адамға бұл сықылды дүлей апаттан құтылу оңай емес қой!... Менің бакыттылығымды қарасаңызшы: жыл сайын қалай болғанда да біреуге кездесемін!

— Бұл жолы да дәл осылай болды,— десті от басында отырғандар.— Ол құлағын түре қойды да «Мылтық атылды!» деп ұшып тұрды. Біз оған: қой дедік, ол визаланып: «Жұрт өлгелі жатыр, ал біз қол қусырып қарап отырмыз!» Енді, міне оның босқа дүрлікпегенін көріп отырсындар.

Беридзенің бойы жылынып, әлі кірген еді, ол балықшылармен қызу әңгімеге кірісті. Балықшылар өз жұмыстарының қамы жайында ықыластарымен әңгіме айта бастады. Нижняя Сазанкада балық аулануы бүкіл маусым бойына нашар болған, балық аз,— су мөлшерсіз мол болған. Ал қазір балық бар. Бұлар ауданға мәжліске кетіп бара жатыр екен, боран бөгеп қалыпты, сірә бұлар кешігетін болар. Қай нәрседен болса да пайда шығаруды ұнататын Беридзе, Адунның осы араларында тасқынның жайылуы қандай көлемде болатынын сұрап білді. Бұдан кейін ол Нефтепровод құрылысы жайында және трассаның оң жақ жағадан сол жақ жағаға көшірілгенін айтты.

Қап ішінде бойы жылынған Алексейдің әңгіме үстінде байқаусызда көзі ілініп кетіпті. Бірқатарға дейін оған дауыстар естіліп жатты, соңынан бұл дауыстар қалың ұйқыға балқып еріп кеткендей болды. Оны Беридзенің қатты айқайы оятып жібергенде, ұйқтағалы бір сағат болды ма немесе бірнеше минут қана өтті ме оншасын білмеді. Қандай шу болса да Алексей ұйқтай беретін, бірақ біреу оған қаратып бірдеңе десе, ол лезде ояна кететін.

— Алексей, бізді құтқарушының кім екенін, білемісін! — деді Беридзе орнынан тұрып, қатты толқый сөйлеп.— Карпов екен. Былайша айтқанда, трассаны сол жақ жағамен жүргізу жөніндегі менің жобамның қосалқы авторы! Біз әңгімелесе-әңгімелесе келгенде осылай болып шықты. Сөз үстінде қасымда отырғанның бір елден ерекше балықшы екенін сездім. Бұл балықшы емес, нағыз құрылысшы! Қымбатты жолдас, сіз жайында біз толып жатқан тамаша әңгімелер естідік. Залкинд көп іздеді, хат та жіберген болатын. Енді сіз қайтсе де құрылысқа қайтып баруға міндеттісіз.

— Мен хатты алдым, жылы сөзі үшін рахмет, сіздердің бастықтарыңыз Батманов та бұрнағы күні Нижняя Сазанкаға келіп, менімен сөйлесті. Қадір тұтқандарыңызға қатты ризамын. Шырағым, маған құрылысқа баруға болмайды, колхоз үшін жауап беремін, балық аулаймыз.

Карпов бұл сөздерді солғын дауыспен, жабырқанқы пішін-

мен айтты, Алексейдің бұдан ұққаны, Залкиндтің хаты мен Батмановтың ұсынысына не дерін білмей, бұлармен кездесіп қалғанына ол абыржыған сыяқты Карповтың жанындағыларға әңгіменің бұл бағыты тіпті ұнамай, олар шуылдасып кетті.

— Сіз оны қызықтырмай-ақ қойыңыз, инженер жолдас, қызықтырмаңыз!

Ол мұнсыз да, құрылыс жаңа бағытпен жүре бастады дегенді білгеннен бері сондай уайымдап жүр.

— Біз, колхозда уақытымызды бостан-бос өткізіп, дойбы ойнаумен жүргеніміз жоқ. Майдан үшін балық керек. Карпов біздің председателіміз, іскер адам. Жұрт қатты сыйлайды. Біз онсыз тұра алмаймыз. Егер бізді тастап кететін болса, оған өмірі кешірім жасамаймыз.

Балықшылар жауап күткендей тыныштала қалды. Беридзе бәсеңдеген желдің ызыңына құлағын салып отыр. Ол ең әуелі қап төсектен қолын шығарды да, содан кейін өзі шықты.

— Алеша, жарық дүниеге шықсаңшы, жүрейік. Боран толастапты. Қонысқа шейін бес километр дейді, қазір-ақ жетеміз ғой.

— Мен сіздерді жібере алмаймын, жіберуге болмайды,— деп Карпов үзілді-кесілді айтты.— Боран көп кешікпей қайта соғады, ал бұл жолы көпке созылады. Адасып өліп қаласыңдар — обалдарына біз қалатын боламыз.

— Менің байқауымша, сіздің өзіңіз де жолға шығуға даярланып тұрсыз ғой,— деді Беридзе.

Ол қабын бүктеп, аркасына байлап алды, Алексей де даярлана бастады.

— Біз бе? Біздікі — өзіне басқа, Адун біздің өз үйіміз тәрізді.

— Сонда бізге, шындарыңызбен, апта бойы от басын күзетіп отыра бер дейсіздер ме? Біздің уақытымыз қымбат.

— От басын күзетіп отыра берудің қажеті жоқ, жігітім. Мен сіздерді бір тәуір жерге алып барамын. Осы маңда шапаның үстіне орнатқан қосы бар тракторларыңыз тұр. Күн айыққанша сонда күтесіздер.

Инженерлер балықшылармен қош айтысты да, шаңғымен тез жүріп бара жатқан Карповтың соңынан өзенге қарай кетті.

Карпов инженерлерді «Улиткаға» алып келді. Осынша қар мұхитының арасында тұрған ноқаттай ғана мына кішкене үйшікті оның қалай тауып келгенін түсіну қыйын еді. Тракторге тіркеген үйді мүлдем қар басып қалыпты. Тракторист болу керек, әйтеуір біреу, күрекпен қарды аршымақ болып әрекеттеніп жатыр.

— Тоқта! Кімсіңдер? — деген қатты дауыс естілді, бұл Алексейге әбден таныс дауыс еді.

— Өз адамдарың,— деп жауап берді Карпов ақырын.—
Қонақтарды қабылда.

Қар траншеясын жер астынан салынған жолдай қуалай отырып, бұлар «Улитканың» ішіне келіп кірді. Бұл қостың ішінде вагонның іші тәріздендіріп жасалған жатуға арналған екі орын, верстак (станок), стол, екі орындық, саймандар толтырылған жәшіктер, барлық жерде шашылып жатқан көмірлер мен отындар. Мұнда екі адам қысылып-қымтырылып әрен сайып отыратындай екен, оның үстіне төрт адам бірдей келіп кірді.

Станоктың тұсында лампа ілулі тұр. Түтіні будақтай сығырайып жанған шамның жарығы көзге түрткісіз қараңғыдан келгенде сондай жарық болып көрінді. Үйдің ортасында кішкене ғана дөңгелек темір пеш дүрілдеп жанып жатыр. Жарық пен пешті көрген Беридзе қуанғаннан айкайлап жіберді. Ол сәкіге отыра калып жалма-жан аркасындағы қапшығын алып, тонын, бас киімін және пимасын шешті.

— Менен өнеге ал,— деді ол Алексейге.

Күтпеген жерден қонақтар сау ете түскенге баста сасқалақтап қалған тракторист, бұларды енді танығаннан кейін, киімдерін шешініп, орналасуына көмектесті.

— Мені танымай қалдыңыз ба, Ковшов жолдас? — деп сұрады ол Алексейден. Мен Силин, есіңізде бар ма, Филимонов екеуіңіз Старттан өз қолыңыздан аттандырып салған едіңіз ғой? Бұғазға жете алмай осы арада отырып қалдым, машинамы сынды, содан кейін боран соғып кетті! Боран болмай тұрғанда, жақсы жүріп келе жатыр едім. Жүк тиеген прицеппі жақсы алып келдім, жол бойында сынған машиналарға көмектестім, жол тазаластым. Кешікпей бұғазға жетермін деп ойлап едім, енді мінекей не ілгері, не кейін жүруге болмайды, темекі тартып отырғаннан басқа лаж жоқ!

— Сізді Силин деп тану қыйындау. Менің ондағы коштасқаным жап-жас жігіт еді, ал бүгін сақалы қауғадай бір бабайды көріп отырмын,— деп қалжындады Алексей.— Тек даусыңыз ғана баяғысындай өзгермепті. Сіз көбінесе қазір теңіз тонаушысына ұқсайтын болыпсыз.

Расында да Силин қалың боп өскен сары сақалын қоя беріпті, ол осы түрінде скандинавтық морякқа ұқсайды. Сморчков тәрізді, Силин де өз мойнына аса ауыр міндет алған болатын және қазір бұғазға қарай осынша көп жол жүріп келіп қалған трактористке Алексей зор құрметпен қарады.

— Мен өзімнің қосшымды базадағы Шмелевке жібердім, қария келіп омбы қардан шығарып алуға көмектессін дедім. Оған мен де көмектестім ғой, екі күн ұдайы базаға баратын жолын түзеттім. Енді оның көмектесетін кезегі келді. Сол жіберген адамым адасып кетпесе жарар еді деп уайым жеп отыр-

мын,— деді Силин жанын жеген қауіпті айтуға кезені келіп қалғанға қуанып.

— Жігітім, сен өзіңнің қосшыңды бекер-ақ жіберген екенсің. Боран қайта соғады, сөйтіп сенің жолдасың оп-оңай жоғалып кетуі ықтимал,— деді Карпов ақыл айтқан дауыспен. Ол бүкіл денесімен есікті бүркеп тұр және трактористің бөлмесіне таңырқай, қызыға қарады. Тағы да саған айтылатын бір сөз: қазір қарды күрекпен қазуда еш мағна жоқ. Зая кеткен еңбек болады. Күн ашылғанша төзім жасап отыра тұр, содан кейін қазып аларсың. Қазір бір-ақ нәрсеге сақ бол, есігінді қар басып қалмасын.

Силин балықшының берген кеңесіне ешнәрсе айтпады, тек оған жақтырмай қарады. Әлдеқашан шешінген Беридзе пештің жанындағы орындықта отырып, қабынан азықтарын ала бастады.

— Оған онша күдіктене карамай-ақ қойыңыз,— деді Силинге.— Егер бұл жолдас болмағанда Қовшов пен екеуміз осы кезде жұмақта азап шегіп жүрген болар едік. Одан да сіз оны төрге отырғызып, жақсылап сыйлаңыз. Карпов, ыстық шай ішкіңіз келе ме? Қазір даярлайық!

— Мен шайшыл адам емеспін. Шайға бөгеліп отыруға уақытым да жоқ: жігіттерім тосып отыр. Инженер жолдас, мүмкін, сенен салқын бірдеңе табылмас па екен? — деді Карпов.

— Ыстығырағы! — деп жөндеп қойды Беридзе.— Табылады, қымбатты досым. Менің айтқан шайымның өзі де сол еді.

Ол қапшығынан спирт құйылған үлкен құтыны алып шықты. Мұны көргенде барлығының беттері де күлімдеп қоя берді, бұлардан бөлек бетін қолымен укалап тұрған Алексей де жымың қақты.

Карпов бас киімін шешіп, теп-тегіс қара шашын бір сыйпап қойды да, Беридзе ұсынған күміс стаканды ептеп қана қолына алды. Ол спиртті жұтып жіберіп, демін бір-ақ алды және тағам жеуден бастартты.

— Менің арақтан кейінгі шайнамам биялайым,— деді ол биялайымен аузын сүртіп.— Осылай етсе тамыр-тамырға тезірек тарайтын тәрізді!..

Ол бас киімін қайта киді, бірақ кете қойған жоқ, тегі оның мына тәрізді жылы жерді даланың боранына айырбастағысы келмеген болуы керек.

— Қалай деп шешеміз, Карпов? Қашан күт дейсіз? — деп сұрады Беридзе тесіле қараған байсалды, өткір көзін балықшыдан аудармай.

Карпов сырт айналып кетті де, біраздан соң барып жауап қатты:

— Маған кетіп қала қою оп-онай нәрсе емес, жігітім. Бас жоқ, аяқ жоқ кетіп қалу — ол болмайтын нәрсе. Егер олай болатын болса, әлдеқашан майданға барып соғысып жүрген болар едім.

— Бәрін де реттейміз, сіз бекерге алаң боласыз. Ең болмаған күнде, колхозға басқа адам береміз. Залкинд бәрін өзі жөндейді,— деп қызықтырды Беридзе. Карпов бұған ұнап қалды еді.

— Тағы да айтам, бұл сондайлық онай нәрсе емес.— Карпов Беридзеге қарай бұрылды, оның үнінен бір кінәлаудың белгісі сезіледі. Мен колхозбен біте қайнасып кеткен адаммын, менің тағдырым сонымен байланысты. Семьям — әйелім, екі қызым, әкем бар. Колхозда ерлер аз, жоспар көп. Оның үстіне адамдар жан-тәндерімен беріліп, маған үйреніп кеткен, егер де мен оларды тастап кетіп қалсам, маған халық та, семьям да кешірім жасамайды. Сен әлгі от басында мен жөнінде әңгіме көтере бастағанда, достарымның бірден қарсы болғанын өзің де естідің ғой.

Алексей оны аяп кетті, ол Георгий Давыдовичтің көңілін басқа бірдеңеге аударып жібергісі келді. Бірақ балықшыға бұл туралы әңгімелеу ауыр тиетінін сезген Беридзенің өзі де жұмған аузын ашқан жоқ. Карпов иіліп тұрып қош айтысты да, шығып кетті.

Силин пешке көмірді аямай-ақ салған. Қуырған еттің дәмді иісі мұңкіп кетті, пештің үстіне қойылған консервілер де жылынды.

— Қане, жағалай отыра қалындар! — деді Беридзе көңілдене.

Ол Карповты есінен шығарған адамдай, Ковшов пен Силинді апыл-құпыл даярланған кешкі тамақпен жомарттана сыйлады. Үшеуі бір-бір стаканнан спирт ішті, тек Алексей ғана ішті оттай күйдіретін сұйық затты бағылы барып жұтып салғанға шейін едәуір қыйналды. Бұдан кейін жылытқан консервіні және боран соғар алдында мұздан ойылған суатта Силиннің қосшысы аулап әкелген қуырылған балықты жесті.

— Алексей Николаевич, есікке неге қарай бересің? — деді Беридзе, Ковшовтың тамақ жемеі отырғанын байқап.

— Менің ойымнан Карпов кетпей отыр,— деп көңілсіз жауап берді Алексей.— Бұл өзі біртүрлі қызық болып шығады: жақсы адамға кез болдың, ол бізге адам айтқысыз жақсылық істеді, басқа пәле келгенде достың досы-ақ біріне-бірі көрсететін сондай зор адамшылық көрсетті. Ол бізді ана дүниеден қайтарып әкелген жоқ па! Міне сол адам жай, әшейін, оп-онай кетті де қалды! Қайда кеткені белгісіз, мүмкін, енді бізге онымен кездесуге тура да келмес. Ал біз оны сол минутында есімізден шығарып ұмытып та кеттік.

— Неге ұмытамыз? Мен саған турасын айтайын; ол біздің құрылысқа келеді,— деді Беридзе қарсы жауап қайтара, Алексейдің сөзін өзінше жорамалдап.

Ковшовтың сөзін Силин де өзінше түсінді.

— Біздің мұндағы жұрт жәрдемнен жанын да аямайды. Бұйтпей болмайды да: жолдастық болмаса іс алға баспайды және өзін де құрып кетесің! Мұнда халық сирек, ал табиғат өте байыпты, мығым болуыңды талап етеді. Ол балықшы өз міндетін атқарды да, жайына кетті. Бұл әдетте бола беретін уақытқа. Басына қыйыншылық күн туса, жолдастарының оны жалғыз қалдырмайтынын ол жақсы біледі. Мысал үшін: Шмелевтің де маған көмек беруден ешқандай бастартпайтынын жақсы білемін.— Тракторист тағы мазасызданды.— Ковшов жолдас, анада Новинскіде болғанда сіз маған: «Бұғазға дейін жетсең, рекорд жасадым деп сана. Қыс жағдайында, әрі жол жоқта трактордың осыншалық жер жүріп жетуі әлі күнге болып көрген уақытқа емес», деген едіңіз. Машина сынып оның үстіне боранға ұшырап, сергелденге түскенде, тіпті ауырып та қала жаздадым. Мәс-саған рекорд! — деп ойладым. Бұғазға қалай да жетемін, оған сіз күдіктенбей-ақ қойыңыз!

— Мен оған күдіктеніп те отырғаным жоқ,— деді Алексей.

— Тамақ жағына басыңдар, достарым,— деп құрметтеді Беридзе, пышағының ұшымен бір жапырақ етті шаншып алып және аузындағысын жылдам-жылдам шайнап жатып.

— Бір кездерде мен Москвада бір қызық жағдайға ұшырағанмын... Онда бейбіт заман болатын, мен болсам демалыста жүргемін. Көше аралап, үйлерге қарап жүрмін, өтіп бара жатып: витринаның шынысына Кавказдың нағыз суретін салып қойғанын көрдім, көкшілт аспан, қарлы шыңы бар таулар, ас пісіретін үлкен пеш, оның үстінде ыстық темірге шанышқан шашлыктар. Бүкіл витринаның бойына:

«Жегің келгеннің бәрі табылады!» — деп қызықтырып жазып қойыпты.— Мен шыдай алмадым, кірдім де шашлық заказ бердім. Асхананың кожасы жерлесім болып шықты, мені жылы шыраймен қарсы алды. Қолымен сыйпап, ернімен тамсанып — ақыры адамның асқа тәбетін келтірді... Алеша, саған соғысқа дейінгі уақытты тыңдау қызықты емес шығар?— деді бірден Беридзе, селқос қалыпта отырған Ковшовқа қарап.

— Жоқ, о не дегенің. Менің Москва туралы тыңдағым келеді, — деді Алексей.

— Шашлықты әлі күтіп отырмын,— деді Беридзе, құмарта тыңдап отырған Силинге қарап.— Шашлық сөз жоқ, дәмді болатын, бірақ оны ағаш істікке шаншып берді. Айтып отырмын ғой, бейбітшілік кез болатұғын, мен де қыйқарлыққа салындым білем. Шашлықтың иесіне: «Білемісің, қацо, сенің шашлығыңның жеуге жарайтыны — тек мынау ағаш істігі ғана...»

дедім. Не болды, кандай шу көтерілді десенші! Қожайын мені қуып шықты, оның даусы кешке дейін ызындап құлағымнан кетпей қойды! Мен мұны не үшін айтып отырмын? Міне сол шашлық қазір болар ма еді!

Тракторист қарқылдап күлді, Алексей аздап қана жымылды.

Кешкі тамақты ішіп болып, инженерлер демалуға жатты. Беридзе төменгі сәкіге, Алексей оның үстіндегі жоғарғы сәкіге орналасты. Силин бірдеңені егелеп, верстакта ондап жатып, бас инженерден майдандағы жаңалықтарды сұрады. Оны қуантарлық ештеңе де жоқ еді, Силин шашалып қалған адамша, қаймықпастан ауыр күрсінді.

— Бар күшінді салып алаңсыз жұмыс істеп жүргенде,— түк емес,— деді ол.— Жұмыс қалай тоқтап, саябыр болса-ақ көңілің жай таппай: ар-ұятың: «Иттің баласы, сен мұнда отырсың, ал неміс Москваға қарай аласұрып келе жатыр» — деп азапқа түсіреді. Менің туыстарымның барлығы майданға кетті. Құрылысқа дейін мен орман шаруашылығында істедім, трактормен ағаш тасыдым. Бір күні мені шақырған екен, қуанышым қойныма сыймай кетті: арызыма жол берген екен, енді майданға жіберер, тракторды танкке айырбастармын деп ойлады. Бірақ басқаша шешіп — осында жіберді. Менің әйелім де трактористка болатын, ол орман шаруашылығында қалды. Беридзе жолдас, мен сізбен кеңеспекші едім. Алексей Николаевичке айтқан болатынымын. Бір ойым бар, сол маған тыным бермей жүр.

Ыстықтан бойы маужырап Ковшов үстінгі тақтада жатыр. Оның қар мен жел сабалаған беті оттай жанып дуылдайды. Көздері ауырып қаратпайды, бірақ ұйқтағысы келмеді. Төбесі жұп-жұқа үйдің үстінен, нақ тас төбемен боран сан-алуан дауыспен ұлыи соғып тұр, бұл ызың бейнебір дәу екі жыртқыш аң бір-бірімен тістесіп, бірін-бірі талап жатқан тәрізді. Силин қыза сөйлеп: әйелі мен екеуінің жыйнаған қаражаты бар екенін, бұлар бала-шағалары жоқ, жас аламдар; ол енді өз ақшасына танк сатып алып, әйелімен екеуі соған мініп майданға кетуді ойланғанын айтты. Бұл мәселені мұнда шеше қояр ма екен. Егер де Сталин жолдасқа хат жазсам қайтер еді?

— Менің кеңесім мынадай,— деді Беридзе, Алексей оның аса жұмсақ, әрі жылы сөйлеген дауысына қарай Силиннің Георгий Давыдовичке үлкен әсер еткенін, көңілін қатты қобалжытқанын ұқты.— Құрылысты тастап кетуге болмайды. Ал танкті сатып алыңдар, мұның өте игілікті пікір екенін кім болса да айтады.

Беридзе трубкасын тартып, үндемей отыр. Трубкасының ішінде бірдеңе сытырлайды.

— Қайткенде дұрысырақ боларын білмеймін,— деп күрсінді Силин.

— Мен сізге жақсы трактористі жібермей алып калуды көздеп отырған бас инженер емес, жолдас ретінде айтып отырмын. Кенет Сталин жолдас: сіз дұрыс ойламаған екенсіз, бізге сіздің нефтепровод салғаныңыз керек, деп жауап берсе қайтесіз. Шынында құрылыс та жауынгерлік тапсырма екендігіне, ондағы әрбір құрылысшы — сол майдандағы солдат екендігіне күдіктенбейсіз ғой...

Алексей бұл әңгімені өз ойын ойлап жатып тыңдады. Ол тіпті сонау жас шағынан бері жана жер, жана адамдарды білуге аса құмар болатын. Мұның өзі мектептегі география сабақтарынан, саяхатшылар жайындағы кітаптан басталғанды. Бұрын көрмеген жерлер жайындағы ұғым ол кезде тек оймен болжанатын, сондықтан шындық бола алмайтын. Қайдағы бір жерде, айталық Волга өзенінде немесе Адун өзенінде, одан, Алексей Ковшовтан бөтен тағы біреулер тұрады екен, бірдемелермен шұғылданады екен деп ойлаудың өзі бұған аздап жат нәрсе сыяқты болып көрінетін еді. Сонынан Волганы да, ал қазір Адунды да көруге тура келді, сөйтіп ол жана жерді өз көзімен көрді және мұнда адамдар тұрып өмір сүретініне әбден көзі жетті. Әрине, ол елсіз-күнсіз жерде боламын деп күткен жоқ. Оның ақылмен болжап білгенінің бәрі дәл келіп шықты, және оған әбден қанағаттанды. Бұл күнде барлық дүние өзінің көркем сыйпаты және үні оның жадында тұрғандай; бұл күнде ол: анадай жерде мынадай адамдар тұрады, олардың кәсібі пәлендей деп білетін болды. Міне енді әлгі кеткен балықшы да оның жүрегінде үлкен із, жолдастық жылы сезім қалдырды. Енді Алексей Адунда қайратты, Иван Лукич Карпов дейтін адамның өмір сүріп, жұмыс істейтінін білді... Және комсомолец Махов барын... Және көшпелі үйі бар мына тракторист бар екенін білді...

Алексей ісінген көзін жұмды да, соңғы күндердің әсерін көз алдына елестетті. Орыстың айдынды өзені — Адун, қазір өзінің анық, сұлу суреттерімен көрінетін болды. Адунның аңғарын сан адам — әрқайсысы өзінің бет бейнесімен, өзінің тұлғасымен, өзінің үні мен қабілетіне қарай мекен еткен. Бүгінде Адунның өткендегісі мен таяудағы болашағын, ең болмағанда, нефтепроводпен тікелей байланыстыра оймен топшылау қиыны емес еді. Роговтың учаскесінде болған кезде, Беридзе айтқандай — өзеннің екі жағын бірдей алып жатқан құрылыстың жұлдыздай жарқыраған оттарын ол өз көзімен көрді.

Силин қарап отырудан жалығып, қолына күрегін алды да, есік алдының қарын күреуге шығып кетті. Беридзе қолын төбесіне қойып шалқасынан, сақалы шошыйып жатыр. Ол қанағат тұта сөйлеп:

Алеша, біз екеуміз енді мықты адамдармыз. Халық сол жақ жағаны, бізді қолдайды. Учаскедегі жұмысшылар да, балықшы Карпов та және нанайлар да бізді жақтайды. Силиннің маған не дегенін естідің бе: «Енді трассаны қайта көшіре алмайсың, ол осы жағада тамыр жайып қалды...» — дейді. Біздің дұшпандарымыздың сол жақ жағаны су басуы жайындағы басты қарсылықтарының өзі — асыра айтылған пікір екеніне, екеуміздің көзіміз әбден жетті ғой. Грубский судың ең көп басатыны жайындағы мәліметті архивтерден алған. Көп заман өтті, және өзеннің тәртібі де өзгерілді ғой. Су басу қаупінен үрейленіп, зерттеу жұмысы мен жоба жасауда қате жағдай жіберіп алды, ал сонынан бұл қатеге әбден үйреніп алды да, ол қатенің өзін шек келтірмейтін заң дәрежесіне көтерді. Біздің естігеніміздің бәрі, архивтық бассауғалаушыларға сенбеу керек екендігіне әбден көзімізді жеткізді. Он жылда бір рет жетінші мен сегізінші учаскелерді су басады екен делік, бірақ ол бізді сондайлық үрейлендіре алмайды.

Беридзе ескі жобаның кемшілігі жөнінде және жана жобаның артықшылықтары жөнінде өз пікірін кең етіп айтып берді.

— Сенің тіпті Рубежанскіде сөйлейтін сөзінің даяр екенін көріп отырмын, — деп қалжыңдады Алексей.

— Я, даяр! Мейлі ондағы бастықтар бізді бүйректен-сыйрақ шығарды деп ұрса берсін, бірақ біздің ісіміздің дұрыс екенін мойындамай отыра алмайды!.. Бізді, совет инженерлерін тәуекелге бел байлаудан қорықпауға үйреткен. Біз тәуекелге бел байладық, ал соған жауап беруге әзірміз. Айтып тұрғаным дұрыс па, Алеша?

— Дұрыс, — деп Алексей сәл кідіріп жауап берді. — Жобаны бітіру үшін, қазір Новинскіге тезірек оралар ма едік. Бізге, қаладан біржолата учаскеге шығып алу керек. Сен білемісің, Георгий, бұғаз бен арал жөнінде ойласам, неге екені белгісіз, жаным ауырады. Шынын айтқанда, біз әлі ол жерге жете алмай жүрміз ғой!

— Бұғазда осы Батманов болды ма екен, мен соны білгім келеді? Қандай жақсы болар еді! — деп күрсінді Беридзе. Сірә, ол әзірше Панковты ғана жіберген шығар.

Бұлар құрылыс бастығының қазір қайда жүргенін ойлап тапқылары келді. Ол туралы ең соңғы хабарды Батмановтың бұлардан екі күн бұрын келіп кеткенін айтқан Таня Васильченко болатын.

— Ой, Татьянаның халі қазір қандай мүшкіл екен! — деді Беридзе бір кезде жұлып алғандай, оның оқыс аунап түскеніне астындағы ағаш төсек сықыр-сықыр етті. Біз оның қасынан бекер кеттік, оған біздің жәрдеміміз әбден керек болатын еді.

— Ол б'р қылымсыған бойжеткен емес және коллективпен бірге.— деп қарсы сөйледі Алексей.

Боран мұнда екі күннің бірінде бола береді, оған ылғи біреудің келіп көрсететін жәрдеміне арқа сүйеуіне болмайды ғой.

— Татьянаның күн айығады деп қолын қусырып босқа отырмай, бар күшін салып байланысын үзбей тұрғанына сенімдімін. Міне енді жағдайды көз алдына келтірші: боран сымды үзіп түсіреді, ол оны орнына қайта іледі, боран ағаштарды құлатып кетеді, оған да оның ынжырғасы түспейді... Тек осының бәрі адам шығынынсыз болсын десейші!

Беридзе аузын жыйғанша болған жоқ, сырттан бүкіл үйді сілкіндірген тасыр-тұсыр шу шықты. Силиннің қатты айғайы естілді.

— Бірдене болып қалған ғой! — деп Георгий Давыдович жалма-жан пимасын кие бастады.

Есік ашылып, будактап кірген аязбен бірге Силин қасында баяғы Карпов бар, бір сіресіп қалған адамды азар дегенде сүйреп кіргізді.

— Тағы кімді сүйреп әкелдің? — деп тракторист ашуланды, өзі жана келген қонағын ептеп сүйемелеп, қай жерге жатқызуды қарастырды. Ине шаншар жер жоқ, үшеуміз азар-азар сыйып отырмыз. Қонақ үй тапқан екен! Мұндай жүкпен сені кім шақырды?

— Енді қайда апарамыз, жігітім? Манайдағы бірнеше километр жердегі жалғыз ғана елді мекен сенсің,— деді Карпов. — Сендердің учаскелерің қашық жатыр, Сазанка онан да алыс. Ал мұны далаға шығарып тастау, мыйға қонбайтын нәрсе ғой, жігітім. Адам ғой! Айқайлаған даусын естідім. Жерден көтеріп алып, арқалай жөнелгенде айқайын қойды бишара.

Бұлар тез-тез ғана сөйлесті де, қолдарындағы адамды Алексейдің еденге жайған тонының үстіне ақырын апарып жатқызды.

— Қарандаршы, басын екі қолымен қапсыра ұстап алғанын! Сол күйі сақыйып қатып қалған! — деді Беридзе сыбырлап.

Силин еңкейіп, қатып қалған адамның қолын жазып жіберді де, шошынып кейін шегініп кетті.

— Әкем-ау, Федор!

Бұл үсініп қалған адамның Шмелевке жіберген өзінің жолдасы екенін таныды. Қатты абыржып қалған Силин оны ебедейсіз бет алды қозғап:

— Федор, Федя! Саған не болды? Сұмдық-ай бұл не? Паршин, Федя!.. деп зарлай бастады.

— Қане, мені жіберші! — Алексей оны ығыстырып жіберді де, өзі еңкейіп үсінген адамның бетіне қарады.

— Беридзе, Карпов пен Силин мүлдем сығылысып, Пар-

шынның үстіне төніп, үрейленген калпы Федордын бозарып кеткен бетіне карап тұрды.

— Жаны бар! — деп Алексей басын тез көтерді де: — Карпов, қар әкел! — деп айқайлады. — Силин сен шешіндіруге көмектес! Георгий пештің какпағын аш та, отынды молырақ салып, қыздыра жаға гөр!

Кармен және спиртпен уқаланып, денесі дуылдай бастаған Паршин жарты сағаттан кейін есін жыйды. Оны үлкен үш тонға орап, дәл пештің түбіне әкеліп жатқызды. Қуанышы қойнына сыймаған Силин оны жас баладай мәлеледі, ебедейсіздеу қыймылдап, бірақ ұқыптап кұйып, шын ықласымен кружкадан ыстық шай берді, жақсылап тамақтандыруға тырысты, түк етпейді деп, жылы сөзбен оның көңілін аулады.

— Семен Ильич, — деді оған әлсіз дауыспен Паршин, — Шмелев запас бөлшектер тауып жіберемін деп уәде беріп қалды... Барлық жағынан да, жәрдем беремін дейді...

Көп кешікпей ол ұйқтап қалды. «Улиткада» тұратындардың көңілі жай тапты. Карпов кетуге айналды, Силин оны бөгеп:

— Асықпа, боранның ашылуын тос. Мұнда барлығымызға да орын жетеді. Үй тар болса да, бейіліміз кең. Мен тағы да алғыс айтуға борыштымын. Өмір бойы бұл жақсылығыңды ұмытпаспын. Сен менің жолдасымды ажалдан құтқардың... Алексей Николаевичке де зор алғыс айтамын; жансыз адамды тірілтті...

— Жігітім, босқа сөйлеп отырсың, — деді Карпов. — Сенің жолдасың болған адам, бізге де жат емес. Жарайды сау болындар, қайырлы кеш болсын. Енді бұдан былай мазаларыңды алмаспын.

Ол тонына оранды да, кош айтысып боранға шықты. Силин ұйқтап жатқан досының жанында біраз отырды да, сол жерге жата кетті. Қар астындағы үйдің іші құлаққа ұрған танадай жым-жырт болды, тек ажалдан құтқарылған трактористің ғана октын-октын алған ауыр демі, Силиннің ақырын қорылдағаны және шатыр үстінен ызындап, ішін тарта соққан боранның уілі естіліп тұрды.

Беридзе ұйқтай алмады. Біраз уақыт өткеннен кейін қараңғыланған шамның білтесін түзейін, пешке көмір тастай салайын деп орнынан тұрып еді, Ковшовтың да ұйқтамай жатқанын көрді. Төсекте шалқасынан түсіп, қолына хат ұстап жатыр екен, көзі қағаздың жиегінен асыра қараған. Алексейдің жымырған ерні мен көз қарасындағы камығудың белгісі соншалықты, тіпті Беридзе шошып кетті.

— Алеша, бірдеңе болған ба? Айтшы маған, мен сенің досыңмын ғой.

Алексей оған көз тоқтата ұзақ карап жатты да, ешбір үн қатпастан Москвадан, Зинаның шешесінен келген хатты ұсынды. Георгий Давыдович өз орнына қайтып келіп хатты оқып бастады. Қызы жөнінде қатты қауіп-кәтер ойлаған қарт ана, өзінің хатында, Зинаны жанындай жақсы көретін, ал ол да сондай сүйетін адамымен сөйлесіп әңгімелескен тәрізді сөздер жазыпты.

«...Оның, Москвада қалған дос қыздары маған келіп-кетіп жүреді. Басқа жаққа көшіп кеткен қыздардан да хат алып тұрамын. Кейде бір жаман ойға шомып, менің Зинам да осында калуға немесе алыс тылға кетіп калуына болар еді-ау деп ойлаймын. Бірақ шынына келгенде мен Зинаға басқа тағдыр тілемеймін. Ол өз тағдырын өзі қалап алған. Оның қандай өркеуде, қандай ержүрек екенін саған айтып жатуымның қажеті жоқ. Ол басқаша бола алмайды және болғанының керегі де жоқ. Тек, сол сәулем тірі болғай-ақ та!

Сол жаққа жүрер алдында екеуміздің қалай ерегесіп қалғанымызды саған әңгімелегім келіп отыр. Бұл дәл ол кездегі аса қауіпті түндердің бірінен кейін болған уақытқа. Сенің кеткеніңе бір аптадай болған кез еді. Зина түнгі күзеттен таңрауанда қайтып келді, қауіп дабылы жаңа ғана басылған болатын. Түні бойы қобалжып, көрер танды көзіммен атқыздым, жүйкем құрып, келісімен-ақ оған тап бердім. Ажалдың төніп тұрған жеріне неге барасың, тіпті үйде қонғанның өзінде жасырынуды білмейсің ғой деп айқайлап байбалам салдым. Қызым былай деп жауап берді: «Жасырынатын жерге барып тығылып, бұралқы итше дірілдеп тұрар шамам жоқ. Мен қаймығып үйдің астына тығылатын болсам, бұл фрицтерге зор құрмет болады ғой».

Мен өз айтқанымнан қайтпадым да оны кіналай бастадым: «Егер сен тілеген болсаң әуе шабуылы жоқ, әрі қауіпсіз тылға институтпен бірге кетіп қалған болар едің. Әлі де кеш емес, сыркатпын деуге болады немесе тағы бірдене ойлап табуға болады ғой». Сонда айналайынның маған қалай ашуланғанын көрсен! «Үнінді өшір! — деп ақырды. Қорғалақтыққа үйретесің, сен үшін бұған мен ұяламын. Алеша майданда, сенің ойыңша, мен өз басымды қорғап калуым керек пе?». Сөйтіп, қобалжыңқырап тұрды да, маған былай деді: «Бұйрық жарияланды, мен қол қойдым, ертең таңертең мен де майданға аттанамын. Саған шынымды-ақ айтайын: аудандық партия комитеті арқылы осыны өзім істеттім». Міне, мен оны сонда ғана әбден түсіндім де, оң батамды бердім...

Қарағым Алексей, айтар сөзім толып жатыр. Қуанарлық бірденелер айтқым да келеді, бірақ қазір ондай қуаныш пен шаттықты қайдан аларсың?.. Мүмкін, Зина жайындағы жазғанымды бұрын жазған да шығармын. Мен өзімнің істегеніме

қайтадан олық жеп отырмын, оны ғафу ет. Ол саған, мені ойынан тастамасын, сонда маған әрі жақсы, әрі жеңіл болады, осыны айт деп тапсырды. Өзі де сен туралы ойлап, әрқашан жүрегінде сақтайды! Тағы былай деді: «...Оған жазып жібер, біздің махаббатымыз әлі алда, мен бұған қатты сенемін...»

Хат Беридзені қатты толғанды. Уқаланған қағазды бетіне басып тұрып, ол тістене сөйлеп былай деді:

— Қадірлі туыскандар... Сіздердің осы азаптарың үшін... Сіздердің ағыл-тегіл көз жастарыңыз бен шеккен зәбір-жапаларыңыз үшін... сазайын әбден тартар олар.

Зина мен Алексей туралы, олардың кенет мына осында — қараңғы түн мен боранның арасында шұғылалы күндей шалқыған махаббаттары туралы Беридзе ұзақ ойға шомып жатты. Оның ойы тек суретте ғана көрген Зинадан Таняға қарай аударды, бұл қыздың да бойынан Зина сықылды қайрат-жігер, ержүректік қасиет табылғанына ол мақтан етіп, көтеріңкі сезімге бөленді. Бұл туралы Алексейге айтпақшы болып орнынан тұрды, бірақ ол әлі құрып шаршағандықтан қатты ұйқтап кеткен екен. Беридзе Алексейдің салбырап кеткен қолын көтерді де, бетін жапқан шашын жөндеті, жерге түсіп қалған киімін үстіне дұрыстап жауып, бірнеше минут ұйқтап жатқан жолдасына үн-түнсіз қарап тұрды.

Сегізінші тарау

ӨМІР АҒЫСЫ ТУРАЛЫ

Кузьма Кузьмич Тополев, қарт адамдардың әдетінше таңсәріден оянды да, маңайындағылардың тіршілік әрекеті қалай басталып келе жатқанын бақылай бастады. Бір жақта әтеш шақырып жатыр. Үйдің екінші бөлегінде тұратын үй иесі әйелдің көп азап шегіп жатқан алыстағы Украинадан осында жуықта ғана алып келген жетім қалған төрт жасар немересінің былдырлаған даусы естілді. Қалада заводтар гудок бере бастады, бұлардың дауыстары біріне-бірі ұштасып, үйлердің терезесін сілкіндіретін күшті үнге ұласты. Қырау басқан терезелер таң сәулесінен ағара бастады. Әуелі қою қошқыл түстен біртіндеп күлгін түске, одан көкшіл, ақырында алқызылдана бастады. Танертенгі алакөленкеде бөлмедегі таныс заттар бірден-бірге айқындалып көріне бастады.

Атқан таң мен жаңа туған күн қандай тамаша: Егер күн шыкса — айналаға нұрын төгіп шұғыласына бөлейді, егер жаңбыр жауса — ауа ерекше тазарып, жаңарады. Егер жаз болса хош иісті гүлдер бал, шөп, сүт иістері мұрынды жарады, егер қыс болса — бетің мен мұрныңды аяз шымшып сүйіп алады.

Жаркырап ататын таң алдындағы табиғаттың әсері дені сау адамды қашанда қуанышка бөлейді.

Тансәрінің осы бір ләззатты минуттарын Кузьма Кузьмич қашаннан бері қатты сүйші еді. Бұл минуттардың оған ұнайтын тағы бір себебі — ертенгі уақыт тәуліктің басқа уақыттарына ұқсамайды, бұл адамдардың көптігімен олардың әбігершілігі, өмір камын жеуде шарқ ұрып жүрегiнiмен ерекше уақыт. Осы минуттарда ешнәрсе туралы ойлағың келмейдi, көңiлдi де ешнәрсе қобалжытпайды, мiне ол күн сайын бiрдеңеге тандану сыяқты сезiммен, осындай жайбарақат қалпынан, еңбектiң думанды сағатына қадам басатын едi.

Бiр кездерде Кузьма Кузьмич, немересi Володяның өнегесi бойынша, оған бiлдiрместен «жаным да, тәнiм де қартаймау үшін» деп ертемен гимнастика жасайтын. Володяның жаттығуларын әбден көрiп алып, бұл жаттығуларды ол әжептәуiр орындап жүрдi: жүресiнен отыра қалып, қайта тұрып, қолдарымен кейде тым шапшаң, кейде баяулатып қозғалыстар жасайтын, бiр орында тұрып шабан «жүгiретiн» және өз қолының қыймылынан өзi ентiгiп көзге көрiнбейтiн дұшпанымен жұдырықтасатын. Қызған қанның тамыр-гамырға қалай тарай бастағанын Кузьма Кузьмич сезетiн де, бөлмеде әрлi-берлi жүретiн және Володяның ең жақсы көретiн: «Жыйырма екi жасымда, әсем жiгiт келемiн» дейтiн өлеңiн ыңылдап айтатын едi.

Ол Володядан айрылғаннан берi гимнастикамен шұғылдандуды қойған. Немересi соғыс академиясын бiтiрiп, Батыс шекараға әскери қызметке кеттi, ал бұл — жападан жалғыз өзi — Қыйыр-Шығыстан келiп шықты. Содан берi Тополев зақымға ұшырап шатынағандай. Оның немересi кәрiлiктiң қонырқабак кезеңiне жеткен адамға қажеттi болатын жiгер-күштiң қайнар бұлақ нәрi болғанға ұқсайды. Володя кетiп қалды, оның орнына Грубский кез болды, ол өзiнiң затының паңдығы, қайырымсыздығымен, метафизикалық көзқарасымен қорқынышты едi.

Бүгiн Кузьма Кузьмич барлығына да енжар қарап отыр. Ертенгi шақ даланы түрлентiп жiберген, бiрақ соған көзi жету үшін, қарттың терезеге көз салғысы келмейдi. Бөлмедегi құлаққа ұрған танадай жым-жырттық пен жұмыссыз босқа отыру оны әбден жалықтырып, үйдегi рақат жексұрын болып көрiндi. Танертенгi, тыныштық мезгiлдiң рақатына құмары әбден қанды. Ендi бұған Алексей Ковшов, Беридзе мен Батманов тәрiздi жарғақ құлағы жастыққа тимей iстейтiн мазасыз адамдар мен азан-қазан шу болып, әбiгерленiп iстейтiн жұмыс керек. Ал бұл әлi жылы үйде жайбарақат жатып алып, дәрi-дәрмекпен емделумен жүр.

Кузьма Кузьмич ауыр дем алып төсегiнен тұрды. Бұғазда траншеяны взрыв жасау әдiсiмен қазу керек деген ұсыныс жа-

зылған записка жатқан папкаға көзі түсе берді. Бұл қолжазбаны бұрнағы күні бітірді, сөйтіп мұғалімін сүйетін мектеп оқушысы тәрізді жақсылап қайта көшірді. Қазір ол киініп жатып, папкадан теріс айналып кетті. Оның бұл запискасында маңызды ешнәрсе жоқ сыяқты, ондай жазуды қарап шығып, баға қоюға мұғалімнің асықпайтыны да дұрыс.

Тополевке жуынып және қырынып алу керек еді, бірақ оған көңілі соқпады. Кузьма Кузьмич бетін тыржыйтып тұрып айнадан өзіне шұқшия қарады: оның өз беті өзіне ұнамады, беті оған бейнебір базардан сатып әкеліп, үйге келгенде өкінген бұйым тәрізді көрінді. Маңдайды басқан қалың ажым — өмір шенгелінің салған ізі. Көз жанары суалып, жасаурап тұр. Сарбурылданып кеткен мұртын жуып тазарту да мүмкін емес секілді, мүлдем насыбай сініп кеткен. Беті ашаң тартқан және оның үстіне ісінген, түр-сыйпатын жоғалтып, тіпті ұйқтап тұрғаннан немесе қырынғаннан кейін де жасаратын түрі жоқ.

— Мұны не деуге болады, — деп күрсінеді Тополев. — Мұны — кәрілік қуаныш емес дейміз де».

Аздап ашылып тұрған есік арасынан көзін алмай қарап тұрған Марья Ивановнаны байқап қалды. Кузьма Кузьмич онымен салқын ғана амандасты, бұл әйелдің жасаған қамқорлығы қазір ұнап тұрған жоқ.

— Қырынасыз ба? — деп сұрады үй иесі әйел; ол сақалын алуға тиісті екенін әйел жақсы біледі. — Қазір ыстық су әкелейін, оның соңынан тамақ та дайын. Жас балық қуырып қойдым және оған қосымша тағы бірденелерім бар. Бір өте қайырымды адам көп тағам салған посылка жіберіпті.

Қарт посылка жайындағы хабарға таңданса да, жұмған аузын ашқан жоқ. Марья Ивановна жақынырақ келіп, жақсылап қарады да басын шайқады:

— Ох, түріңіз жақсы емес, Кузьма Кузьмич! Әбден сауыққанша төсектен тұрмай... Жату керек... Баскармадан таң атысымен хабаршы хат әкеліп беріп кетті. Посылканы да берген сол. Посылкаға қуансам да, хатты алғым келмеді: «Адамның тыныш жатып ауруына ерік берсеңдерші», — дедім.

Бұл сөз Тополевке соншалықты әсер ете қояды ғой деп үй иесі әйел күтпеген еді. Кузьма Кузьмич кенет сергіп, орнынан ұшып тұрып, әйелдің қасына жетіп барды:

— Маған мұны неге айтпадыңыз? Хат қайда? Кімнен?

Марья Ивановна кофтасының қалтасын ақтарып, ішінде хаты бар екі бүктеулі конверт ұсынды. Конверттегі Залкиндінің запискасы екен.

«Сәлеметсіз бе, Кузьма Кузьмич. Келісуіміз бойынша, сізге мынаны хабарлаймын: Алексей мен Беридзе қайтып келді, екеуі де аман-есен, дендері сау. Батманов та үйде, ол бір күн бұрын ұшып келді. Өзіңіздің денсаулығыңыз қалай? Егер әб-

ден сауығып кетпесеңіз, әзірше ешқайда шықпай тұра тұрғаныңыз тәуір болар, мен кешке жақын Алексейді үйіңізге жіберемін. Жазылыңыз, Кузьма Кузьмич. Мұқтаж нәрсеңіз жоқ па? Ұялмай айтыңыз. Құрметпен Залкинд».

Кузьма Кузьмич бөлмеде ерсілі-қарсылы жүгіре берді, не үшін, қайда асыққанын өзі де білместен, абыржып кетті.

— Қарашы, мұның хатқа қуанба деуін! Ал ол хат кімге арналып жіберілген? — деп бұркылдады. — Маған тезірек ыстық су беріңіз, Марья Ивановна!

Үй иесі әйел, қарттың мінезінде кенет пайда болған өзгеріске баста үрейленіп, соңынан күлімсіреп қарады.

— Су әкелсін. Бірақ сіз басқармаға баруға әзірленіп жатқан жоқсыз ба? Жібермеймін! Ольга Федоровна сізге төсекте жат деп кеткен болатын.

— «Ыстық су әкел! Тезірек! — деп айқайлады Тополев көңілдене. — Одан да үлкенірек дәрігерлер тұрғанда, маған сендердің Ольга Федоровналарың бұйым ба екен.

Ол үш минутта қырынып болды. Жайдағыдай баптанбай тез-тез жуынды да бетіне иіс су жақты. Қалай дегенмен де, бетінің жасарыңқырап қалғанын көріп мырс етіп күліп жіберді. Бабына келтіріліп даярланған таңертеңгі тамаққа—қуырылған балық, сары май мен кофеге — мойын бұрмастан, жып-жыйнақы жас адамша аяғы-аяғына жұқпай табалдырықтан жүгіріп түсіп кетті, Марья Ивановна. аң-таң болып қала берді. Бүгінгі таңертеңгі мезгілдің шынында да тамаша екендігін ол далаға шыққан соң ғана көрді! Сұрапыл бораннан кейін табиғат маужырап, тыныштыққа бөленіп тұрғандай. Көшелерде қар теп-тегіс. Қырау басқан ағаш бұтақтары күннің нұрына шағылысып, шыныдан жасаған нәзік моншақтай жарқырайды. Үйлердің төбесінен жоғары көтерілген ақ түтіндер аспанмен таласып қозғалмай тұрған тәрізді.

Қарт қалың қарды елең қылмай аяғын шыйрақ басып, қарбыз исі аңқыған таза ауаны құшырлана жұтып келеді.

Ковшов пен Беридзе түнде келді. Олар самолетпен ұшқан болатын, әбден жаурады. Инженерлер тура басқармаға келіп түсті, басқармадағылар қуанғаннан у-шу боп жыйналып қалды. Бұлардың қайтуын нақ аңдып отырған екен деп ойлауға болады. Беридзенің босаңдау қарсылығына қарамастан, кеңсенің дежурныйы Батмановтың үйіне телефон соқты, Беридзе мен Ковшов келе қалса дереу үйіне хабарлауды құрылыс бастығы оған ерте бастан тапсырып қойған болатын...

— «Я, жоғалып кеткендер, амансыздар ма? — деген ұйқыдан ояңған адамда болатын қарлыққандау, бірақ аса разы дауысты естігенде, Георгий Давыдович еріксіз езу тартты. Мен

сендерді іздеу үшін экспедиция аттандырғалы жатыр едім, төрт құбылаға бірден телеграмма да бердім, телефон да соқтым. Ешнәрсеге ұшыраған жоқсындар ғой, дендерің сау ма?

— Саумыз, Василий Максимович.

— Барып дем алыңдар. Бірақ, онша көп болмасын. Ұзақ дем алуға ерік бермеймін, мұнда асығыс жұмыстар бастан асып жатыр.

— Өзіміз де ұзақ дем алмаймыз. Шаршағаннан көздері жұмылып, басын көтере алмай тұрса да, онша шаршай да қойғанымыз жоқ,— деді Беридзе.

Ол Алексейді өзімен бірге баруға шақырды:

— Серафиманың бөлмесі әрі жылы, әрі онда керектің бәрі даяр. Тез жуынып аламыз да, кешкі тамақ ішеміз. Үш-төрт сағат ұйқтап алуға да үлгіреміз. Өзің де білесің ғой, жылы үйде отырған қандай жақсы. Суықтың таңдайыма татығаны сондай, тіпті денем тітіркенеді. Дем алғаннан кейін баяндама жазуға отырамыз, сөйтіп Батмановқа сақадай сай болып барамыз.

Алексей онымен бірге барудан бастартты, өйткені оның барлық есіл-дерті өз бөлмесіне барып, Москвадан келген хат, телеграмма бар-жоғын білуде болды. Бұлар ертемен сағат тоғызда кездесуге келісті де, айрылысып кетті.

Ковшов коридормен жүріп өзі басқаратын бөлімнің тұсынан өткенде, жоба жасаушылардың бөлмесінде жанып тұрған жарықты байқап қалды. Кобзев, Петя Гудкин және бірнеше адам үлкен бөлменің әр бұрышында үн жоқ, түн жоқ өз жұмыстарын істеп жатыр еді. Петяның ерні жыбыр-жыбыр етіп, бірденені есептейді. Ол басын көтеріп еді, босағада тұрған Ковшовқа көзі түсті. Жас техник тұтқыйылдан селк ете түсті де, көзді ашып жұмғанша болмай қуаныш кернеген айғаймен ұшып түрегелді. Қуанған қызметкерлер Алексейдің маңайына үймеледі. Кобзев сол жердің өзінде істің барысын баяндай бастады, ал осындайлық шын жүректен қарсы алғанға және оларды жұмыс үстінде кездестіргенге көңілі толқып, қатты сүйінген Ковшов әрқайсысына елжірей карады.

— Достарым, менің сендерге қазір айтар сөзім біреу-ақ: жүріңдер барып ұйқтайық,— деді ол қобалжыған көңілін басып:— Ал күндіз әңгімелесерміз.—Бастығынан көзін аудармай тұрған Петядан:— Я, балақай, сен мұнда мен жоқта қалай басқардың? — деп сұрады Ковшов.

— Алексей Николаевич, ол туралы бөлек әңгіме болады,— деді Кобзев.

Алексейді үйде де тағы бір ойда жоқ уақытқа күтіп тұр еді. Оны қатты ренжіткен нәрсе: өзі жоқта ол тұрған бөлмені ас үйге айналдырып жіберген. Бөлмесіне плита салыныпты және қазан, ылыс-аяққа толып кеткен. Дыбысты естіп таны-

майтын пеш жағушы адам үйшігінен шықты да, коридорда аңырып қарап тұрған Ковшовты көрді.

— Азамат, сізге мұнда не керек? — деді пеш жағушы жақтырмаған қалыппен.

— Сіз кімсіз? Күзетшісіз бе?

— Уақытша қалған адаммын.

— Бұл қалай болғаны, уақытша қалған жолдас? Мен кеткенде, бөлмем бар еді, қайтып оралсам, бөлмем жоқ, оны ас үй жасап қойыпты.

— Бөлменің иесі сіз бе едіңіз? Онда өкінбей-ақ қойыңыз, бөлмеңіздің кісі қызығатын түгі жоқ! Сізге басқа жерден пәтер даярланған. Бүгін ғана сол пәтерді бастықтар — Залкинд жолдас және тағы біреулер келіп көріп кетті. Олар әбден разы болды... Мінекей кілті, сонда барыңыз. Маған тек документіңізді көрсетсеңіз болғаны, өйткені менің көшіретін адамым сіз екендігіне көзім әбден жетуі керек.

— Маған хат, я телеграмма келмеді ме?

Көргенім жоқ. Маған ешкім ешнәрсе берген жоқ. Демек, болмағаны ғой.

Алексей есікті ашып, электрдің жағатын жерін тауып алып, шам жақты да, үйдің ішіндегі заттардың бірінен соң біріне қарап, аң-таң болып босағада тұрып қалды. Жаңа ғана сырланып ремонтталған үлкен бөлме екен, тегі жылы болуы керек. Еденде азырақ көнетозданған, бірақ әлі түгі түсе қоймаған жап-жақсы қалың кілем жатыр. Бөлменің ортасында тұрған дөңгелек стол әдемі сарғыштау дастарқанмен жабылған, столдың тұсында кандел ілулі тұр. Жаңа ғана лакпен сырланған ағаш кровать түкті жылы одеялмен жабылған. Терезе түбінде кішірек жазу столы мен кресло тұр. Бұрышта тұрған этажеркада кітаптар — оның өз кітаптары қаланған, осында келгеннен бері жәшігінің түбінде жатқан жерінен біреу алып осылай реттепті. Қабырғада Сталин мен Горькийдің кішкене портреттері ілулі тұр, Алексей бұл портреттерді бұрын бір жерден көрген сыяқты. Тіпті мұнда жазу столының екі жағына гүлдерге дейін қойыпты.

Мұндағы нәрселерден оның өз дүниесі кітаптар ғана, қалғандардың бәрі қайдан келген. Нәрселерді қарап жүргенде, ол өзінің тағы бірдеңелерін: столда тұрған Зинаның портреті мен оның жанындағы өз семьясымен түскен үлкен суретін көрді. Бөлмені ретке келтіріп жыйнаған белгісіз адам, Алексейдің заттарына да қожалық етуден тайсалмапты. Дегенмен, осында аяқ аттап кірісімен-ақ, ол бірден: адамға көңіл бөлу және қамқорлық жасаудың белгілерімен жасалған бұл жаңа пәтер үй Залкинд пен Женяның, әсіресе Женяның тартқан сыйлығы екендігін түсінді. Ол есікке қарай аяқ басқанда, дәл сол

секундта ұйқыдан беті албырап, түбіт шәліге оранған Женя бөлмеге жүгіріп кірді.

— Келдіңіз-ау ақыры. Мен сондай уайымдап күттім. Бәріміз де күттік,— деп күрсінді Женя.

— Рахмет, Женя... Рахмет...— деді. Алексей сыбырлай сөйлеп, тамағына бір нәрсе тұрып қалған сыяқтанып. Суықтан баржыйып ісінген қолымен Женяның қолын қысып ұстап тұрды.

— Есіттім, есіттім. Келген екен, тарсылдатып жүр, ұйқы бермейді,— деген Гречкиннің даусы коридорды жаңғырықтырды, шала-шарпы киінген, ұйқылы көзімен жоспаршы бөлмеге кіріп келді.— Көрдің бе, саған қандай апартамент жасап қойды. Мұның бәрін істеген Женя, Залкиндтің әйелі де көмектесті, біздің Лизочка да араласты... Біздікіне барайық, қабағыңды қарсы жабатын ештеңе жоқ,— деді Гречкин.

Ол Алексейді құшақтап алып, өзінің үйіне қарай сүйреді. Бұған көнген Ковшов жоспаршының едені мен есік терезесінің перделері, дастарқандары тап-таза болып жарқырап тұрған бөлмесіне кірді. Женя екі ойлы боп тұрып қалып еді, сонынан ол да кірді.

— Лизочка, Алексей Николаевичті қарсы алып күт,— деді Гречкин өтініп.— Ыстық су және жақсылап кешкі тамақ әзірле.

— Жоспар бөлімінде отырған жоқсың ғой, бұйырғаныңды қой. Не істеу керек екенін осында сенсіз де білеміз,— деп қарсы жауап берді, электр плитасының жанында күйбеңдеп жүрген жұқа өнді, кішкентай әйел — Лизочка.

Алексей қоршаудың аржағына барып шапшаң жуынып үлгергенше, бұлар тамаққа отырып қалыпты. Үй иесі әйел Женяның келгеніне әуелі қабағын шытыңқырап қалған еді, бірақ оның Алексейден көзін алмай қарап отырғанын байқаған соң барып жұмсара бастады. Жолдасының келгеніне және оны Лизочканың жақсылап қарсы алғанына қуанған Гречкин, мұндағы басқармада болған жаңалықтарды ортаға салуға асықты.— Ол Петя Гудкиннің Кузьма Кузьмичті айыптағаны жайында, Либерман мен Федосовтың бір-бірімен жарасқандары жайында, «әйелдер төңкерісі» жөніндегі әңгімені сықақтай сөйледі, осының нәтижесінде «әйелдер үкіметі» құрылып, оның председателі Залкиндтің әйелі, ал Лизочка министрлерінің бірі болғанын айтты. Дегенмен, Гречкиннің әңгімесінде басты рольді Женя алып отырды.

— Осының бәрі Женяның қай жерінен шыққанын біле алмай қойдым? — деді жоспаршы.— Жігер дегенің мұнда бұрыннан-ақ болатын, бірақ оның өзі тек қана есі ауғанша би билеп, даусы қарлыққанша ән салудың төңірегінде аспайтын еді. Ал

енді ол қазір біздің арамызда белгілі адам, қоғам қайраткері. Татьяна мұның қарасын да көрмейді. Міне енді оны осы күнде күйеуге берсе,— деп Гречкин ойда жоқ жерде қортынды шығарды.— Алексей Николаевич, сенің көз қырың түсіп жүрген басы бос боз балаң жоқ па? — Ол жай жымыңдай түсіп біресе Алексейге, біресе қызға карады.

— Сабыр етіңіз, барлығы біржолата бола қоймас,— деп күлді Алексей, бойын билеген ұйқысын әрең басып.

Бағанадан бері Гречкиннің асыра мақтағанына көніп отырған Женя енді ашу шақырды:

— Жетер енді! Керек болған кезде сізсіз-ақ өзім күйеу тауып алармын.

— Шынында мен сенің камыңды ойлап жатқаным жоқ, өз камымды ойлап жатырмын,— деді Гречкин.— Егер сен күйеуге шықсаң, Лизочка мені мүжуін қояр еді.

Енді Лизочка ашу шақырды:

— Саған мені қоспасаң сөзіңнің қыйсыны келмей ме, қайтсе де арбаңның арысымен менің қақпамды бір соғып өтуің керек қой.

— Алексейдің тынығатын уақыты жетті,— деп, бір мезгілде олар абыржый бастағанда, мезгіл ертеңгі сағат бес шамасы екен.

Гречкиннің үйінен шыққан Алексей мен Женя коридорда тоқтады. Бірден айырылысып кету екеуіне де қыйын болды. Алексейдің Женяға шын жүректен шыққан сондай бір жақсы сөз айтқысы келді. Женяның сол сөзді күтіп тұрғанын да ішінен сезді.

— Көзбе-көз тұрғанда біз бір-бірімізге жылы сөз айта білмейміз. Жұрт сыяқты, мен де айта білмеймін...

Алексей өзін Женяның сүйетіндігін түсіне қойды да, үндемей қалды. Өзі жоқтағы он бес күн ішінде қыздың оған әуестенуі бұрын-соңды болып көрмеген шын махаббатқа айналыпты. Женяның қазір есі-дерті Алексейге ауып, оның құшағына кіріп үнсіз-түнсіз бетін бетіне тақауын күтті. Өзінің де Женяны құшақтап сүйгісі келгенін іштей мойындап, қысылып қалды.

Бірнеше секунд ішінде Алексейдің ішкі сырында нендей өзгерістер болғанына қыз күдіктене қойған жоқ, ал Алексей өз бойын өзі еркін меңгеріп алып еді. Қыздың сезіміне ол да сондай сезіммен жауап бере алмады. Ол жалғыздық зарын шегіп, тоңған бойын жылытатын жер іздеп еді, Женяның мейірбандығы мен қамқорлығы оның жүрегін тебірентті.

«Жоқ, керек емес, маған өйтуге болмайды! — деп өзін-өзі бірден тыйып тастады.— Соңынан осы істегенінді өмір бойы өзіңе кешіре алмассың.

Өзіне жылылық тілегендіктен қызға көңіл кеткендігіне ой жүгіртті де, шырайсыздау түрмен:

— Сен туралы осылай деп жүргендері тіпті жақсы. Жігіт-сің. Сүйсінем, қатты сүйсінем...

— Рахмет, Алеша... Мен саған көп борышкермін,— деді Женя, бет әлпеті біртүрлі түнере түсіп.

Ковшов жалғыз өзі жаңа бөлмесінде әрлі-берлі ұзақ жүрді. Өзінің Женяға көзқарасын ойлап келіп, дұрыс істедім, солай істеуге тиісті де едім деп шешті. Сонымен бірге ол қызды аяды: оның қайғылы шырайы көз алдынан кетпей қойды. Кілемге сүрініп кетіп, Алексей қатты шаршағанын сезді, аяқтары сал-сал болып, ауыр ұйқы басты. Жатып әуреленуге де тұрмайды, ол енді бір сағаттан кейін жұмысқа кірісуге тиісті еді. Бірақ оны төсектің өзіне тартқандығы сондай, тым болмаса азырақ демала тұру үшін, шешінбестен түкті одеялдың үстіне жата кетті. Сол минутта-ақ ол шырт ұйқыға кірді. Түсінде болуы керек, бұдан көп заман бұрын әкесінің айтқан мына сөздерін есіне түсірді: «Алексей, дүниеде жақсы адамдар толып жатыр, өте көп. Амал не, біз соларды әрқашан байқай білмейміз және оларға әрқашан сене де бермейміз. Шынында соларды көре де және соларға көбірек сене де білу керек еді».

Алексей бейнебір біреу түртіп қалғандай, селк етіп оянып кетті де, үрейленіп сағатына қарады. Небәрі бір-ақ сағат ұйқтапты. Он минут өткеннен кейін кабинетіне келіп отырды, бір әннің сазын ысқырған күйі, баяндаманың өзіне тиісті бөлімі жайында ойланды. Мұнда трассада көргендері мен істегендерінен есеп беру керек еді. Нефтепроводтың солтүстік жағадағы варианты жөніндегі тұжырымды қорытынды шығарылған, баяндаманың екінші бөлімін Беридзе жазды.

Кузьма Кузьмич келіп кіргенде, Алексейдің алдында ұсақ етіп жазылған бір топ қағаз жатыр еді. Босағадан аттағаннан-ақ қарт шолақ тон киіп отырған жас бастығының қатты жүдеп, бет-аузы тотыққанын көрді. Ковшов темекісін аузына олақ тістеп және тыржыйып, қаламын жортақтата тез жазып отыр. Оның шашы екі айырылып маңдайына жалбырап түсіп тұр.

Тополевтің келуі мезгілсіз келу болды. «Осынша ерте келмей-ақ, үйінде отырса қайтеді екен!» — деп ойлады Алексей ыза болып. Соның арасынша кәрі инженердің шырайында ерекше бір жағдайдың бар екенін ол байқай қойды. Тополев көріне көзге бірнәрсеге қатты абыржып, тұпа-тура Алексейге қарай жүрді. Алексей қолындағы қаламын тастай салып, жалмажан шалдың ұсынған қолын қысты.

— Алеша! — деді Кузьма Кузьмич, мұндай келтесінен айтқан сөзге Ковшов таң қалды; ол мұндай сөзді Тополевтен естіген де емес және естимін деп күткен де емес-ті.— Менің сізбен әңгімелесуім керек еді. Есіңізде болсын: әңгіме іс жайында да

емес, қызмет бабымен де байланысты емес, бірақ бұл маған қажетті әңгіме, бәлкі сізге де керек болар. Егер мүмкін болса оған ажуаламай, іліп-шалмай қараңыз. Енді бір сағаттан кейін жұмыс күні басталады. Телефон шылдырайды, кезек күттірмейтін мәселелерімен жұрт лек-легімен қаптайды. Ол уақытта мен сізге мүмкін, ресми емес бір ауыз да сөз айтқым келмей қояр, сіздің мені тыңдағыңыз келмес. Ал сөйлеспей болмайды. Біздің арамыздағы мұз боп қатқан суықтыққа мен айыптымын, ал осы мұзды бірінші болып өзім бұзамын.

Қарт сәл кідіріп, жауап күткендей Ковшовқа қарады. Алексей жазылып бітпеген баяндамаға көзінің қыйығымен қарап қойды да, байымды және шын ниетімен:

— Құлағым сізде, Кузьма Кузьмич. Отырыңыз,— деді.

— Алеша... Осы жуықта бір ақылды адам маған Владимир Ильич Лениннің бір сөзін есіме салды: «...жеңілу сондайлық қорқыныш емес, сол өзіңнің жеңілгендігіңді мойындаудан қорқу, бұдан шығатын тиісті қорытынды жасаудан қорқу нағыз барып тұрған қорқыныш». Ол маған мұны тектен тек айтқан жоқ, дер кезінде есіме салды. Мен өмірімде қатты жеңіліске ұшырадым және соны түсінбедім, мойныма алмадым. Сол жеңілгенімді енді мойындап, содан қорытынды жасадым. Біздің әңгімемізді дәл осыдан бастағым келеді. Сізден бір ғана тілегім бар, әңгіменің сөкеттігіне, менің күтпеген жерден күлдіргі мінезіме, айтатын әңгімемнің ретсіздеу болуына таңырқамай-ақ қойыңыз. Үнемі үндемейтін, ешкіммен шүйіркелеспейтін қарттың мұншалықты тұттыға айтқан жалынды сөздеріне Алексей, шынын айтқанда, баста таңырқап қалды, тіпті ол алғашқыда сасып қалды. Кузьма Кузьмич асығып-үсігіп, бір тақырыптан екінші тақырыпқа аттап көшіп: бірталай заманнан бері, өзі де байқамай, өмір жайында теріс және құлдық ұғымның ықпалына түсіп кеткенін, ал қазір сырттан тиген бір керемет күштің әсерімен оның бар жан дүниесі ашынып, астан-кестені шыққаны жайында айтты. Ол Сталин жолдастың алтыншы және жетінші ноябрьде сөйлеген сөзі туралы, Залкиндте болған мәжіліс және әшкерелей сөйлеген Петя Гудкиннің сөзі туралы, генерал Мироновтың қаза табуы мен өзінің жиені Володя туралы, балалық шағындағы достары мен Днепр жағасындағы үйдегі жастық шақтың анты туралы, уақыттың жеткізбей зымырап өтуі мен оның өмір ағысы сезімінен айрылғаны туралы, Моцарт пен Сальери туралы, оның жасына келген кейбір арта қалған инженерлердің «ниеті түзулік» деп атайтын, өзімен өзі болған мешандық пасық теорияның таратушысы, өзінің жақтаушысы Грубский туралы айтты.

— «Сен маған тиме, мен саған тимейін,— міне бұл сөздің аржағында жатқан мағна осы!» — деп ызаланды қарт.— Соның нақтылы нәтижесі: оның өзінің, яғни Тополевтің, нефте-

проводтың бұрынғы жобасын қабылдамай тастап, жаңадан жоба жасау жөніндегі игілікті әрекетке көзқарасы: немқұрайды тіпті табалау болды. «Я, я — мұны мен мойындамаймын, тәйір алсын мені, тәйір алғыр!».

Тополев алқынғанын басты да, екінші тақырыпқа көшті.

— Алеша,— деді ол қызыл колорамалын жұмарлап,— мынаны есіңізден шығармаңыз: адам әруақытта өзіне өзі разы болмауы керек. Сәтсіздікке ұшырағанда ешқашан жағдайды айыптамаңыз, тек өзіңізді ғана айыптаныз. Тоқырап қалмаңыз. Жайбарақаттыққа салынбаңыз, отыңыз сөнбесін, рухыңызды қартайтпаңыз. Жан ауыртпай табылатын ұсақ-түйек қызықтарға алданып кетіп, өмірдің қолға онайлықпен түспейтін зор қуаныштарынан махрұм қалмаңыз. Өмірде жақын және алыс перспектива бар. Ешуақытта жақындағыға қанағат етіп қалып жүрмеңіз, әрдайым алыстағы туралы ойланыз!..

Қолында шелегі мен еден жуатын шүберегі бар үй сыпырушы әйел — жабырқау жүзді кемпір кабинеттің есігін ашып қарады. Әйел Алексейді көрді де басын изеп амандасып, үйдің ішін жыйыстыру үшін кірмек болып еді, Ковшов қолын сілтеді, әйел жете түсіне алмай біраз анырып тұрды да, кетіп қалды. Одан кейін Филимонов көрініп еді, Алексей оны да босағада тоқтатты. Түймесін ағытып желбегейленген, пальтосының жағасын көтеріп алған, басында бөркі, үлкен жылы шарфын мойнына орап алған Тополев түрегеп сөйлеп тұр. Ол Алексейден басқа ешкімді де көрмеді, және одан көзін де алмады.

— Өмір деген сондай қысқа, ол тек бостан-бос жүргендерге ғана ұзақ. Уақытты қадірлей біліңіз! Бірақ мен сіздердің өз қара бастарыңызды сақтауға шақырады деп ойлап жүрмеңіздер. Құдай сақтасын, керісінше! Өмірден өзінді өзің аулақ ұстаудың керегі жоқ. Жасырына білген, жақсы өмір сүрген, деген мақал бар. Бұл қорқынышты мақал, бұл бізге — мағанда, сізге де лайықты келмейтін мақал. Мұны Грубскийге тағы басқа сол сыяқтыларға-ақ қалдырайық! Өмірге жан-тәнімізбен беріліміз, бірақ өмірдің ағымына беталды еріп кетпеңіз. Қашанда алдыңызда белгілі мақсат болсын. Әрбір минутыңыз адамдарға пайда келтіретін еңбек тұрғысынан қаралатын болсын.

Ол бір минут ойланып қалды. Содан кейін бұрынғысынан гөрі де тезірек сөйлей бастады:

Күнделікті деп аталатын жұмыс сізді өзіне бағындырып әкетіп жүрмесін. Жоқ, оны сіз бағындырып алыңыз. Бұл сөзден мені қара жұмыс пен ұсақ-түйек нәрселерге мен-мендікпен қарауға үйретіп отыр деп түсінбеңіз. Тіпті олай емес! Мен жұмыс деген — адамға әрқашан міндет болу керек дегім келеді. Мен қара жұмысты керегі жоқ деу былай тұрсын, қайта ұзақ істерді де сүйсіне істеуге шақырамын. Осылардан бағалы тәжірибе жасалады. Мен сізді байқадым және білемін де: сіз кейде

барлығын да тез, бес минуттың ішінде істеп тастағыңыз келеді, көп нәрселерді елең қылмай кетуге де барсыз. Өйтуге болмайтындығы есіңізде болсын!

Қарт қызыл орамалын қысып ұстап тұрған қолын қайтадан сермеді, мұның өзі апатқа ұшырағанда берілетін сигнал сыяқты болып көрінді.

— Алеша, менің айтқандарымды қабырғаңызға кеңесіп көріңіз. Өмірден сабақ алған адам сыпатында, менің сізді сақтандыруға хақым бар, сондықтан сақтандырамын. Менің басымда болған уақытталар бір күндерде сіздің басыңызға да келуден күдай сақтасын: аз уақыт өмір тізгінінен айырылып қалып, сыртқы бір әсердің дүмпуінен серпініп оянарсыз да, сіздің қымбат уақытыңыз, күшіңіз, ақылыңыз, талантыңыз көр-жер бақыр тыйынға айырбасталып кеткеніне көзіңіз жетер... Ах, қадірлім, бастан өткізгеннің бәрін таразыға салып кеп жібергенде, көп кезеңдердің пайдасыз, ешбір мағнасыз, тектен текке кеткеніне көзің жеткені қандай азап, қандай қорқынышты...

Тополев өкінішті түрде басын қатты шайқады. Оның жүрек толқыны Алексейге де әсер етті. Ковшовтың шұғылданған және қыстың желіне түтігіп қоңыр тартқан беті жадырай түсті. Ал Тополев кенет сөзін тоқтатты да, креслоға сұлық отыра кетті. Сөзінің барлығын айтып болғаннан кейін, бейнебір, шырт ұйқыдан оянған адам тәрізденді. Қолына қысып отырған орамалын көзі шалды да, дереу қалтасына салды. Бөркін шешті, шарфын алып, пальтосының көтеріліп тұрған жағасын түсірді — оған ыстық еді.

Алексей үндемеді. Қарт басын көтерді де, Ковшов қарап отырған, есік жаққа бетін бұрды. Есік алдында Гречкин, Женя, Петя Гудкин, Кобзев және Филимонов тұр, олардың сыртынан Либерманның жалпақ беті көрінеді. Бұлар Ковшов пен Тополевтің арасында бір түсінік әңгіме болып жатқанын көрді, бірақ бұл әңгімені не себепті бөлуге болмайтынын және бұлардың кіргенін Алексей неге тілемейтінін олар түсінбеді.

Қарттың қабағын түйе қарап, бетін тыржыйта бастағанынан-ақ, Ковшов оның бұл әңгімені неге айттым екен дегендей өкініп тұрғанын аңғарды.

— Жарайды, осымен бітірейік. Әңгіменің сәті түспеді,— деді күмілжіп.

— Жолдастар, ғафу етулеріңізді өтінемін,— деді Алексей есікте тұрғандарға қарап.— Кузьма Кузьмичпен менің асығыс жұмысым бар, әзір босай алмаймын. Жарты сағаттан кейін бәріңізді де өзім шақырып алармын.

Олар түкке түсінбей, қайран болып, кетіп қалды. Тополев шырайында күйінішті күлкінің ізі бар, сол қалпында отыр еді.

— Кузьма Кузьмич, қымбаттым,— деді Алексей ақырын ғана, қарттың көңлі бірден жай тапты. Жас инженер беті күл-

пырып оның алдында тұр, оның тек бір ғана көз қарасының өзінен Тополевтің айтқандарының барлығын шын ықласымен қабыл алғандығын түсінуге болатын еді.— Сіздің маған осы келуіңіз және барлық айтқандарыңыз менің зердеме әбден жетті, бұған ақыйқат сеніңіз. Сіздің қалтқысыз айтқан сөзіңізге, мен де ешбір қалтқысыз жауап беремін.— Алексей шылымын тартқысы келіп сорды, бірақ шылымы баяғыда өшіп қалған болатын, ол шылымды аузында босқа ұстап, әуреленумен болды.— Қазір сабырлы, өзіне өзі көңілі толып жайбарақат отырған адамды табу өте қыйын. Егер қазір өзімен-өзі болып, сабырмен жүрген адамды көрсем, мен оған күдіктене де бастар едім. Менің өзіме де өткен айлар бұрын басымнан кешіп көрмеген саналуан уақыттарға толы болды. Не дегеніңізбен мен майданда болып, дәрі түтінін иіскедім ғой, ал ойда жоқ жерде қайдан келіп шықтым! Менің майданға қайтқым да келді, сөйтіп ол қарқынды басып, істің барлығын дұрыс ұғыну аса қыйынға соқты.

Алексей сөнген шылымды, ақыры, лақтырып жіберді. Оның көзі жазылып бітпеген баяндаманың қағаздарына түсті. Қағаздарды батыл түрде әрірек сырғытып қойды.

— Сізді қуантарлық сондайлық жаңалық айта қоя алар ма екемін,—деп күлді ол, Тополевтің көзін алмай, тесіле қарап күтіп отырғанынан қысылып.— Мен былай деп шамалаймын: біз көп уақыт сөйлеспей жүргендіктен, енді пікіріміздің барлығын айтуымыз керек қой деймін. Содан кейін бізге жұмыс істеу оңай болады.— Алексей аздап кідіріп қалды, қарт оның сөзін мақұлдап басын изеді.— Өзіңізге өзіңіз жасаған шабвылдан сол өзіңізді қорғау үшін бір сөз ғана айтқым келеді. Қандай кездерде сіздің өміріңізге не уақытқа болып қалғанын, бірқыдыру уақыттан бері сіздің не себепті тұйықталып, өзіңізбен өзіңіз болып жүргеніңізді мен білмеймін. Бірақ мен болайын, Беридзе мен Залкинд немесе басқа жолдастар болсын, біздің қазіргі көріп жүргеніміз нағыз Тополевтің өзі емес, алмастырылған Тополев, айталық өз формасындағы адам емес тәрізді түсініп жүрдік. Егер сіз тілесеніз, Петя Гудкин де осыны түсінген, өйтпеген күнде сізге тиіспеген болар еді. Біз қателеспеген екеміз: Тополев пен Грубскийдің арасында үлкен айырмашылық бар екен!..

Алексей көздерін уқалады — көз шырымын алмай өткізген түндер белгісін бере бастады, оның көзінің алдына бірденелер шымылдықтанып тұрғандай, көзін дұрыс ашып қарай алмады.

— Сөйткенмен де, қымбатты Кузьма Кузьмич, айтыңызшы, сіз өзіңіз үшін іс жүзінде қандай перспективалы қорытынды жасадыңыз? Егер де сіздің бүгінгі жағдайыңызды түсінбеген болсақ, онда сіз қырық жылдық өміріңізді сарп еткен өзіңіздің құрылыс инженері мамандығынан — таңдаған қызметіңіз-

ден біржолата түңілген екен деп жорамалдауға болады. Неге? бұлай?

Тополев креслода отырған күйі қозғалып кетті.

— Мен туралы қоя-ақ қойыңыз. Мен тәрізді жүз жасаған шалдан енді әжетке жарарлық ештеңе шығара алмассыз. Бар тілегім, менің өмірімнің өкінішті тәжрибесі, жаңа ғана өмір босағасын аттаған, сіз үшін сабақ болсын деу еді.

Алексей басын қатты шайқап еді, жалбыраған шашы бетіне түсті.

— Кузьма Кузьмич, егер мен сіз туралы айтсам қарсы болмаңыз және ашуланбаңыз да. Әйтпеген күнде біздің әңгімемізден түк шықпайды.

Тағы да біреу бөлмеге басын сұғып қарады да, лезде жоқ болды. Ковшов есікке барып, қатты тартып жауып қойды. Кузьма Кузьмич одан көзін алмастан бақылап отыр.

— Сізбен біз ең басты ақыйқатты: біз үшін отан алдындағы міндеттен маңызды ешнәрсе жоқ екендігін біліп алдық. Әркімнің өлшенетін ең әділ таразысы,— сол отан үшін істелетін еңбегі. Жақсы. Сіз: уақыт зымырап өтіп барады, біздің өміріміз буырқанып аққан тасқын судай дедіңіз. Өте әділ айтылған сөз. Мұның неге солай екенін түсіндіріп жату қажет болар ма екен? Егер бұл әділ болса, онда дәуіріміздің мақсат-тілегін сөзсіз қабылдауымыз керек. Қара басыңызды осы мақсатқа бейімделуге бағындырып, оны өмірдің қалыпты жағдайы деп қабылдау керек.

— Коридорда шулаған дауыс естілді, кеңсе қызметкерлері жұмысқа келе бастады.

Бөлмеге Муза Филипповна келіп кірді, ол көзілдірігін түзетті де, әдеттегісінен гөрі байыптылау амандасты, егер мұнда Тополев болмаса бүйтпеген болар еді, ол Тополевтен қаймығатын және қартты онша жақсы көрмейтін.

— Алексей Николаевич, сіздің мұнда бар-жоғыңызды біліп кел деп бас инженер менен сұраған еді. Дәл сағат тоғызда сізді ол өз бөлмесінде күтеді.

Ковшов қолымен шашын ұстап будыратып жіберді де, жазып жатқан қағазын өзіне таман тартып қойды. Кузьма Кузьмич орнынан тұрды:

— Әңгімені кейінге қалдыра тұруға тура келеді.

— Жок, кейінге қалдырмаймыз,— деді Алексей.— Сіз әуелде: әңгіменің алды-арты осы болсын деп шартты дұрыс қойдыңыз, сондықтан оны біз жұмыс күні басталғанша бітіруіміз керек.

Кузьма Кузьмич көніп отыра кетті.

— Сіз: «Тынысым тарылады». Заманның ағымына ере алмай артта қалып барамын, бойыма біткен талантты соқыр тыйынға айырбастаппын. Жастық шағымның сертін орындама-

дым, суынып біттім, бойдың жігер-қайраты сөнді...» дейсіз. Осы айтқаныңыз дұрыс па, Кузьма Кузьмич? Сіздің өзіңізге өзіңіз осыншалықты қатал үкім шығаруыңыз тіпті жақсы, демек, сіздің табысқа масаттанып, жайбаракаттанатын ойыңыз жоқ... Бірақ қызып кетіп өзіңізді өзіңіз босқа кіналап жіберген жоқсыз ба? Біз, жас инженерлер әрқашанда Тополевті советтік ірі құрылысшы деп таныйтынбыз және оның еліктеуге тұрарлық үлгісін көретінбіз. Сол Тополев өліп қалған ба? Оған не болды? — Алексей қолын сілтеп сөйлегеннен қатты абыржып тұрғанын байқап қалады деп, дереу қолын шолақ тонының қалтасына салды.— Мен де өзімше жастық шақтың сертін бердім, бәлки бұда осындай әсерлі және көңілді болар. Мен бір кезде өзіме арнап — оқудың, жұмыстың, түрлі жетістіктердің бесжылдық жоспарын жасағанмын. Содан бері он жыл өтті. Осы мезгілдің ішінде менің түсінгенім мынау: көп нәрселер, менің ойлағанымдай болып шықпады... Сіздің сол жастық серті деп атағаныңыздың өзі бір жатқан ғажап тезис қой. Біздің схемаларымыз бен тезистерімізге өмір өзінің түзетулерін кіргізеді. Бұл тым жақсы! Мұны мектептің расписаниесі тәрізді ағаш раманың ішіне сыйғызып қоюға болмайды. Мұндағы ең қажетті өмірдің шым-шытырық және тұтқыйыл сындары арасында өзіңнің осы сертінді, өз басыңа арналған бесжылдықты ұмытпай есте ұстау болады!..

Алексей толқый сөйледі. Тополев Алексейдің шырайлана түскен бетіне сүйсініп әрі танырқай қарады.

— Келіңіз, біздің арамыздағы айырмашылық неде екенін түсінісіп алайық. Сіз ескі және жана адамдар жайында, Моцарт пен Сальери және тағы басқа толып жатқан нәрселер жайында бірсыпыра айттыңыз. Кузьма Кузьмич, жаңа мен ескі мамандар жайындағы әбден ескіріп, аркасы жауыр болған ұсақ әңгімеге қайта оралып жатудың қажеті жоқ. Менің ойымша, біздің арамыздағы айырмашылық жасымыз бен дағдымызда ғана, басқаның бәрінен айырмашылығымыз жоқ, бірдей қожамыз. Дағды дегеннің өзі, екінші сатыдағы нәрсе деп ойлау керек. Ал жас жағына келсек мәселе күрделірек, онда сіздің жайыңыз қолайсыздау. Жүрек, бұлшық ет, асқазан — бәрінің тозығы жеткен. Бұл жерге келгенде мен тек сізді аяп, ниеттестігімді ғана білдіремін.— Алексей жарқын жүзбен көңілдене күлді. Тополев қолымен мұртын бір сыйпап қойды да, Ковшов отырған жерде бірінші рет күліп жіберді.— Жасыңыз ұлғайған! Несі бар, менің алдымды да дәл осы тәрізді кәрілік күтіп тұрған жоқ па? Біз инженерміз, басқаны былай қойғанда, біз екеуміз: дүниеде ешнәрсенің мәңгі өмір сүрмейтінін әбден айқын білеміз ғой. Егер де жүрегің дүрсілдеп соғып, оны дәрігер жүрек дертің бар екен деп тапса, сол үшін көзді шарасынан шығаруға бола ма?.. Әрине, кәрілік туралы ойлау қолайсыз

нәрсе. Бірақ сіздің жасыңыздың ұлғайғаны мін бе екен? Жоқ, мін емес! Алпыс жастан асқан адам кәрі емес, отыз жасында ынжырғасы түсіп кеткендер кәрі. Ал, сіз ол тәрізділерге қосылмайсыз! Сіздің жұмысты шабытпен істеп жатқан кездеріңізде қандай болатыныңызды мен жақсы түсініп білемін. Шабыт пен тәжірибе, сіздің тәжірибеңіз — сол өзіңіз айтқан баға жетпес миллиондаған ұсақ-түйектер болып табылады...

— Алеша, маған рұқсат етіңіз,— деп Тополев есікке тыйышсыздана қарап қойып орнынан тұрды, бұл кезде есіктің аржағынан шулаған дауыстар естіліп жатты.

— Жоқ, кетуіңізге рұқсат етпеймін! Менің сізге тағы бір сұрағым бар... Тәжірибенің жеткіліксіздігі жайында, өзіне қойылатын талапты күшейту керектігі жайындағы айтқаныңыздың бәрі өте әділ айтылған сөздер. Бұл жөнде бұдан да гөрі жиі және қатанырақ айтыңыз. Жас адамдар, біздің қайсымыз болсын, сіздің талабыңызды жақсы түсінеді және оған өкпелемейді. Бірақ бізбен бұлай сөйлесу үшін, бүгін сіздің дәлеліңіз болу керек — міне осыдан барып менің сізге мынадай сұрағым бар...

Телефон қоймастан шылдырай берді. Алексей оны елең қылмастан, Тополевтен көзін айырмай, күлкісіз, ызбарлы түрмен қарап отыр.

— Қандай сұрақ қойғыңыз келеді, Алексей Николаевич? — деп сұрады да, қарт қобалжыңқырап отырған орнынан тұрып кетті.

— Я, сұрағым келіп еді және келіп те отыр,— деді, Алексей әрбір сөзін нықтай айтып,— менің білуге тиісті нәрсем: осы айтылғандардың барлығынан сіз өзіңіз үшін қандай тәжірибе жүзінде қорытынды шығардыңыз? Сізден не күтуіміз керек? Егер бұл сөз — ұрыс даласынан кететін адамның өсиеті болса, онда мен оны қабылдамаймын,— Ковшовтың соңғы сөздері тым батыл және қатты шықты.

Тополев столды айналып келіп, Алексейге жақындады да қолын оның иығына артты.

— Шырағым, нағыз көңіл тоқырарлық жұмысты сағындым, босқа өткізіп алған уақыттарымды енді қуып жеткім келеді. Қамалған тұйықтан шыққанға ұқсаймын. Маған қабырғамды қайыстырғандай етіп жұмысты үйіп-төгіп көп беріңіз. Ақыр аяғында, қайнап жатқан өмір арнасына түсуіме көмектесіңіз.

Бұл сөздерді күтіп отырған болса да, Алексей қатты қуанып кетті. Ол қарттың қолын құшырланып қатты қысты.

Телефон тағы шылдырады. Кабинетке еңтіге басып Муза Филипповна кірді.

— Алексей Николаевич, бас инженер қатты кейіп жатыр. Батманов жолдасқа баратын уақыт болып қалды дейді.

Алексей стол үстіндегі қағаздарын асығыс жыйнай бастады.

— Ох, Беридзе менің сыбағамды береді, қағаз әлі жазылып біткен жоқ. Бірақ мен ризамын, өте ризамын!

Ол жүгіріп шыққан хатшы әйелдің соңынан асыға ұмтылып еді, Тополев бөгеп қалды. Қарт портфелінен, мұқияттап тіккен және әдемі жазылған бір буда қағазды алып шықты.

— Мен оңаша қалғанда бұғазда траншея қазудың қолдан келетін әдістері жөнінде қабырғама көп кеңестім. Менің ойымша, бізде мұның қолайлы әдісі: траншеяларды взрывпен қазу ғой деймін. Бір кезде мен дәл осыған ұқсас бір жұмыс істеген едім, рас, оның көлемі шағын болатын. Баяндамаңызға қосымша ретінде менің жазғандарымды да ала барыңыз. Былайша айтқанда, бұл менің серіктікке қосқан үлесім.

Алексей босағада тұрып бұл қағазды тез ақтарып беттерін қарап шықты. Мұның егжей-тегжейіне көзі жетіп білмей тұрып-ақ, ол өзінің инженерлік қасиетінің сезімімен, қолына ұстап тұрғаны, шамасы, жобаның ішіндегі жетпей тұрған жерінің нағыз өзі екендігін түсінді.

Коридорда Муза Филипповнаның өкшесінің тық-тық басылғаны естілді, ол тағы жүгіріп келе жатыр екен. Алексей Кузьма Кузьмичтің көзіне қарады, оны өзіне қарай тартып алып, темекісінің иісі мұңкіп, селтиіп тұрған мұртынан шолп еткізіп сүйіп алды да, есіктен шыға жөнелді.

Телефон үздіксіз шылдырады. Тополев бұл бөлмеде бірінші рет трубканы қолына алды. Оның екі бетінен жас сорғалап тұр, бір жері ауырғандай бетін тыржыйтады және жымыя күледі. «Тындап тұрмын» немесе «алло» деу оның есінен шығып кетіп, ол телефон трубкасын жай ғана құлағына тосты да, Беридзенің қатты ұрысып жатқанын естіді. Бас инженер, осы уақытқа дейін келмеген Ковшовтың жауапсыздығына қатты ызаланып сөйлеп жатыр. Алексейді қуып жеткісі келген Тополев асыға-үсіге коридорға шықты, оның ойы жас инженерді Беридзенің ашуынан қорғап қалып, қалай да сол ашуды өзі басына алмақ болып еді. Бірақ ол есік алдында жыйналып тұрған бір топ адамды көрді. Бұлардың ішінде Петя Гудкин мен Женя Козлова бар екен. Тополев бұлардың қасынан жай ғана өтіп кете алмады.

— Кімді тосып тұрсыңыздар? — деп сұрады.

— Алексей Николаевичті, — деп жауап берді Гудкин және сондайлық таңырқаған пішінмен: — Ол бізге барлық мәселе жайында сізге сілтеді, — деді.

— Бұл жерде бекерге неғып тұрсыздар? Әлде бос өткен уақытты аямайсындар ма, — деді қатты дауыспен, Алексеймен жасасқан шарты күшіне кіре бастады деген сезімнен туған

жүрек толқынын байқатпауға тырысып.— Бәріңіз де кіріңіздер, сөйлесіп түсініселік!

Ол столға отырды. Келгендерді көз қыйғымен байқай отырып, тартпадан қарындаш алып, алдына қағазын жайып салды. Әрқашан да сабырлы Женя, ұялшақ Гудкин, тағы бір Кобзевтің тобында істейтін техник және бұдан басқа ол танымайтын бір төрт қызметкер — бәрі де өздерінің әуестенушіліктерін жасыра алмады.

— Бірінші кім? Әйелдерге жол беру керек, солай емес пе? — деп Кузьма Кузьмич көңілдене сұрады да, Женяға қарап: — экономист жолдас, қане сіз сөйлеңіз.

— Менің Ковшовты тоса тұруыма болады,— деді Женя күдіктілеу пішінмен.

— Күтіп қажеті не? Оның қолы бос емес, бүгін сіздің оны күтуіңізден пайда шыға қояр ма екен,— деп Тополев қатаң және азғана кекете сөйлеп қарсылық айтты.— Қане! Неңіз бар?

Женя таблицаларды столдың үстіне жайып салды.

— Біріншіден, жұмыстың барысы туралы күнделік мәлімет,— деп баяндады Женя.— Екіншіден, тоқсандық жоспарға қосымша жасалған, еңбек жайындағы есептер. Гречкин жолдас Алексей Николаевичтің қосымшасы жоқ па екен, тағы бір рет карап шықсын деп сұраған еді.

— Үшіншіден, немене? — деп сұрады карт.

— Трассаға кетер алдында Алексей Николаевич маған норманы өзгертіп, қысқы жол жұмысына керекті жұмысшы күшін қайтадан есептеп шығаруды тапсырған еді.

— Қане, көрсетіңізші, қызық екен! — Тополев оның қолынан есепті алды да, ірі етіп жазылған цифрлар бағанасына шұқшыя қарады.—Өнімнің нормасын осынша арттыруда Алексей Николаевич ненің есебіне жатқызбақшы болып отыр.

— Оншасын білмедім.

— Бекерге білмегенсіз, оны білуге тиістісіз.— Қарт есепті былай алып қойды да, мәліметке кірісті. — Ене, трубаларды тасу жұмысы қалай алға кеткен! Бесінші учаске жөнінде қате кетіп қалған жоқ па? Тым көбірек екен.

— Қате жоқ,— деді Женя сеніммен. Роговтың жұмысы бәрінен жақсы, одан біз күн сайын мәлімет алып тұрамыз.

— Со-лай,— деді Кузьма Кузьмич даусын созып.— Козлова жолдас, кейінірек маған жоспардың бар материалын және құрылыстың барысы туралы барлық учаскелер бойынша толық мәліметтерді әкелуіңізді сұраймын. Жақсы ма?

— Жарайды! — деп жауап берді де, қыз ақ түбіт жылы шәлісіне оранып үйден шығып кетті.

Тополев басқа отырғандарға бұрылды. Бұлардың бірі, Федосовтың жіберген адамы, трубопроводтың изоляциясына керекті үшінші номерлі битумды оның басқа бір маркасына

айырбастауға болмас па екен деп сұрады. Кузьма Кузьмич мұның сұрағын жазып алды, бұл тәрізді айырбастаудың қаншалықты мүмкін екенін лабораторияда шұғыл тексеріп білуге уәде берді. Екінші біреу Филимоновтан темір пісіретін асбапты бөлу жөніндегі тізімді әкеліпті және бұларды учаскелер бойынша бөліп, біржолата бекігіп беруді өтінді. Енді екі адам котельныйдан келген. Ол былай екен, Алексей трассаға жүрмес бұрын үй жылытатын жердегілердің кінасынан бүкіл басқарма қызметкері жаурап отыр деген екен. От жағушылар істің бар мәні, жергілікті көмірдің сапасының нашарлығынан және үйдің жылылық изоляциясының жамандығынан деп дәлелдеді.

— Ковшов жолдас маған сіздермен сөйлесуді тапсырған еді,— деді Тополев, бірақ Алексей бұған мұндай тапсырма бермеген болатын.— Бүгіннен қалмай от жағатын жерге өзім барамын, жылудың қайда кететінін сол жерде тексеріп көрміз.

Адамдармен сөйлесу, істің егжей-тегжейіне жету картқа адам айтқысыз қуаныш болып табылды. Ол мұндай адамдардың енді сағат сайын көбейе беретінін әбден білді.

Петьканы Тополев қасакана ең соңына қалдырды. Ол Гудкинге бір минуттай жасанды катал пішінмен қадала қарады. Бала бұл көз қарастан тайсалған жоқ.

— Сіз, Алексей Николаевичке қандай мәселе жөнінде келіп едіңіз? — деді Тополев.

— Инженер Фурсов жөнінде.— Петька бөгеліп қалды, бұл Тополев шешетін мәселе емес қой,—деп ойлады.

— Фурсовқа не болған.

— Оған кашаңғы шыдауға болады, Кузьма Кузьмич!—деп айтып салды Петька.— Ол Беридзені және басқаларымызды ашықтан ашық сықақтап жүр... Грубский оған: «Жуық арада жаңа туған данышпан баланың жамбасы жерге тиеді, жерленеді» — депті. Бұлай деп ол біздің жаңа жобамыз жайында айтқаны! Грубский телеграмма алды, оны Рубежанскіге шақырып жатыр. Өзінің қарсылық пікірін жазып, сонда жіберген. Фурсов: «Петр Ефимович өз айтқанын дәлелдей біледі...» дейді.

Бұл қызу айтылған хабар Тополевті қатты абыржытты, оның бұрынғы досының әлі әрекет жасап, қарсыласып жатқаны Тополевтің тарс есінен шығып кеткен болатын. «Құрметті Петр Ефимович, сіздің онда не деп дәлелдегеніңізді біз әлі кейін көре жатармыз» — деп ойлады ішінен, және дауыстап:

— Шындарыңызбен, барлығыңыз болып бір Фурсовты қолға алуға әлдеріңіз жетпегені ме? — деп сұрады.

— Әлдеріңіз жетпегеніме дейсіз бе? Маған ықтияр берсінші, жалғыз өзім-ақ терезеден оны бір-ақ ытқытайын!

Гудкинді алғаш рет көріп тұрған адамша карт көзін сы-

ғырайта қарады. Бұл тоқыма көйлек киген, ашаң жүзді жас жігіттің тұлғасында алып күштің бейнесі барлығы сезіліп тұрғандай еді.

— Бізден оны жақсатпен-ақ алып кетсін! Оның арам қолының біздің жобамызға тигенін қаламаймыз. Фурсов тәрізді, ойы біртүрлі, ал істейтіні екінші түрлі болуға бола ма екен?

— Болмайды,— деді шын ықыласымен Тополев. — Сіз бұл жайында Ковшовқа айтқан ба едіңіз?

Кобзев онымен сөйлесуге тиісті еді, ал Кобзевтің мінезін өзіңіз білесіз ғой. Ол лезде күйіп-пісті де, тез басылып қалды. Тегі, сол Фурсов оны өзіне аяныш көзбен қарарлық бірдене еткен болу керек. Немесе өз пікірінен қайттым деген болар. Оған өтірік бірденелерді айта салу түк емес қой. Кобзев барда бетегеден аласа көрініп, сөзін екі қылмай монтансыйды.

Кузьма Кузьмич үн қатпастан ойға шомды, Петька да оған Фурсов жайында бекер айттым деп опык жеді. «Қарт та Грубскиймен бір ниеттес қой»,— деген ой сап ете түсті.

— Фурсовқа айтыңыз, қазір мұнда келіп кетсін,— деді Тополев.— Ал Кобзевке, жоба жөніндегі бар материалдарымен келуге шақырып жатқанымды айтарсыз. Өзіңіз де қайтып келіңіз және мұнда қалған жолдастарды, Кобзевтің қажет деген адамдарын шақырып ала келіңіздер.

Фурсов жасанды тәтті күлкімен кіріп келіп, Кузьма Кузьмичтің қолын құрметтей қысты, оның денсаулығын да сұрастырды.

— Гудкин және басқа жолдастармен жасап жүрген жанжалдарыңыз не? — деп сұрады Тополев.

— Кузьма Кузьмич, сіздің өз басыңызда да бар нәрсе емес пе, бұлардың Грубскийге және біздің барлығымызға — Петр Ефимовичті жақтаушыларға қалай қарайтынын білесіз ғой. Өздерінің қара сақал Беридзесіне әбден беріліп алған адамдар және ол туралы, оның шарлатан жобасы туралы айтылған әрбір ақыйқат сөз олардың қытығына қатты тиеді. Петр Ефимовичтің өз жолының ақыйқат екендігін көрсете білгендігіне мен қатты масаттанудамын.

— Демек сіз, мені де Грубскийдің жақтаушысы қатарында деп санайсыз ғой?

— Кузьма Кузьмич, сонда сізді Беридзенің жақтаушысы деп санамақпыз ба? — Фурсов тіпті күліп те жіберді. Ол қарттың жек көрген, ашулы көз қарасын аңғарған да жоқ.

— Сізді түңілтетініме қуаныштымын. Мен расында да Беридзенің жақтаушысымын және мына Гудкин сыяқты тамаша жас жігіт пен оның жолдастарының сіздің бұдан былай олардың коллективінде болуыңызға неліктен төзгісі келмейтіндіктерін әбден түсінемін,— қарт бұл сөзді қобалжый айтты да, орнынан тұрып кетті.

— Сіз мені таң қалдырасыз, Кузьма Кузьмич! Мен сөзіңізді тыңдаудан бастартамын! — деді Фурсов.— Сіз Петр Ефимовичтің ең жақын досы едіңіз ғой...

— Ертеңнен бастап мұнда келмей-ақ қойыңыз! — деп Кузьма Кузьмич даусын қатты шығарып, оның сөзін бөліп тастады.— Кадр бөліміне барыңыз да, жұмыстан шығыңыз! Мен оларға телефон соғамын.

Фурсов қартта қандай өзгеріс болып қалғанын түсіне алған жоқ, бірақ оның лебізі мен айтқан сөзінің бүкіл шындығын сезді.

— Жұмыстан шығуға ма? — деп қайта сұрады.— Сіз мені жұмыстан шығарасыз ба? Сіз, инженер Тополев?

— Я, мен, инженер Тополев, сізді, инженер Фурсовты жұмыстан шығарамын.

— Мен ар-ұятыммен қызмет істедім... Кобзевтің барлық тапсырмасын екі дегізгенім жоқ, өзінен сұраңыз. Мүмкін, мен бірдеңелерді түсініксіздігімеген болармын, түсінуге тырысайын...

— Жетеді. Көріп отырмын, сіз бір минуттың ішінде қайта өзгере қоюға әзір тұрсыз.

— Бірақ менің семьям, бала-шағам бар ғой... Жұмысқа тұруға тура келер, мамандарға соншалықты мұқтаж болып отырған құрылыстан, менің не үшін қызметтен шығарылғанымды сұрайды ғой.

— Әрине, сұрайды. Бірақ бұл жөнде сізге ертерек ойлау керек еді. Барыңыз, Кобзевке ісіңізді тапсырыңыз...

Мойнын жасыл шарфпен ораған Фурсовтың пішіні аянышты жабырқаңқы еді. Оның өр көкіректігі мен маңыздануынан із де қалмады. Тополевке көзінің қыйығымен қарады да, енді онан жәрдем болмайтынын сезіп, инженер шығып кетті.

Кузьма Кузьмич оны кері шақырып алды. Қарттың есіне кенет, күні кеше ғана Беридзе мен Алексей оның өзін де дәл осы тәрізді кадр бөліміне жіберуі мүмкін еді ғой, деген ой сап ете түсті.

— Сіздің семьяңызды аяғандықтан, бәлкім мен өз тоқтамды өзгертермін,— деді ол салқын ғана.— Сіз құрылыста қаласыз, бірақ жоба жасау жұмысында емес. Сізді трассаға ауыстырады, онда Беридзенің жобасын жүзеге асырасыз. Осылай болғанда ғана оны тезірек бағалайтын боласыз.

— Фурсов қарсылық білдіргісі келіп еді. Тополев оның аузын аштырған жоқ.

— Барыңыз! — деп бұйырды.

Жалғыз қалған Кузьма Кузьмич, төзімсіздене әрлі-берлі кабинетте жүре бастады: одан әрі де бірдеңелерді шешкісі келіп, бірдеңелерді істегісі келе берді, бірдеңелерге араласқысы келді. Ол селектордың тысыр-тысыр еткенін естіді де, асыға-үсіге

кұлақшаны басына киді. Некрасов үшінші учаскеден Ковшовты шақырған екен.

— Амансыз ба, ескі жолдас! — деп амандасты Кузьма Кузьмич Некрасовпен. Инженерлер бір-бірін басқа құрылыстарда бірге істегендіктен білетін-ді.— Бұл мен ғой, Кузьма Тополев. Танымай қалдың ба?

— Сенің жуан даусыңды көптен бері естіген емеспін, міне сондықтан да танымай қалдым! — Некрасов өзінің таң қалғанын қалтқылай алған жоқ.

— Мұның есесіне сені бірден қуантайын.

— Немен қуантасыз?

— Сен, жерді қопару жөніндегі өз тәжірибенді пайдалануға болмай жүр деп арыз айтушы едің ғой.

— Бұл құрылыста взрыв жұмысын мүлдем жүргізбейтінімізді өзің білесің ғой, ал бұл менің негізгі мамандығым.

— Ал егер де сен үшін жұмыс табылса ше? Табылғанда қандай жұмыс десейші!

— Сен онда бірдене істеп жатырсың-ау тегі, картым. Түсініктірек етіп айтсайшы.

— Қазір машинаға отыр да, достым, мұнда кел... Барлығын түсінесің...

— Қалайша келе ғой дейсің? Ол үшін бастықтың бұйрығы керек қой.

— Ал мен сен үшін бастық емеспін бе? Машинаға отыр да, осында кел! Ұқтың ба?

Гудкин бастап келген жоспаршылар бөлмеге бір топ болып кірді де, Тополевтің алдына буда-буда қағаздарын үйіп салды.

Кузьма Кузьмич столға еңкейіп, бірнеше минут басын алмастан чертеждерге қарады. Әсіресе бұғаздағы жұмысқа жататындардың барлығына ол ерекше көңіл аударды. Дәті шыдамастан, трубаны мұз үстінде пісіру процесін көрсететін чертеждердің біреуін қарт қайта жасай бастады. Петя Гудкин столға жетіп келді.— Оған өзінің бар ынтасымен орындап шыққан жұмысы, тіпті аянышты болып кетті. Кобзев техникті қолынан тартып тоқтатты, барлығы да Тополевке қарай қалды. Қарттың көзі оттай жайнап, қарындаш ұстаған қолында тыным жоқ, қайта жасарғандай болып, мүлде өзгеріп кеткен өнінен электр шұғыласы шашырап тұрған тәрізденді. Көзді ашып жұмғанның арасында даяр чертеждің үстінен бір түйдек түзетулер, жана есеп-қыйсаптың жолдары пайда болды.

— Баскаша істейтін боламыз!—деп Кузьма Кузьмич отырған орындығының аркасына шалқайды.— Көп жерлерін қайтадан түзетуге тура келеді.

Кобзев, онымен бірге басқа жоба жасаушылар да қарттың қалың қағазға не жазғанын көру үшін жақындап келіп үніліп

еді. Бірақ ол тамырлары білеуленіп көгеріп тұрған үлкен қолын чертеждің үстіне салды.

— Бұған әзірше қарайтын ештеңе жоқ, бұл бір дербес қана нәрсе. Қазір мәселе бұғаздағы жұмысты ұйымдастыру жөніндегі істелгеннің бәрін қайта құру туралы болмақ. Маған мынаны айтыңыздаршы, осы учаскеде траншея қазу мәселесін сіздер қалай шештіңіздер.

— Шынын айтқанда, ешқандай шешінді жоқ. Бұл жобада тұрған ақ нүкте,— деп жауап берді Кобзев.— Беридзе мен Алексей Николаевич трассада бізге бірдене әкелген шығар деп сеніп отырмыз.

— Дәл соның өзін әкелді! Міне енді ақ нүкте жоқ! — деді Тополев салтанатпен.— Траншеяны взрыв жасау әдісімен қазамыз...

Сөзінің басқаларға еткен әсеріне көңілденген қарт жұрттың бәрінің отыруын өтінді, сөйтіп өзінің ұсынысының мазмұнын баяндай бастады, оның авторы өзі екені жөнінде жұмған аузын ашпады. Түсінігінің ең қызықты жеріне жеткенде, құрылыс бастығының секретары келіп бөліп жіберді: Тополевті Батманов шақырған екен.

«Аһа, ақсақал, сен модыға кіре бастадың!»— деді Тополев ішінен өзіне өзі қанағаттанып. Өзін міне енді шақырып қалар деп, күні бұрын сезіп, күтіп отыр еді. Ол коридор бойында құлдыраң қағып жүгірді. Кобзев пен Гудкин оның соңынан әрең дегенде еріп келеді.

— Кузьма Кузьмич ойыңызды ақырына дейін бітірсеңіз етті, өйтпегенде сіздің қайтып келуіңізге дейін жұмыс істей алатын емеспіз,— деп өтінді Гудкин.

Тополев мұны естіген жоқ. Ол адымын тездете басты. Мұрты желбіреп, қарттың жуан дауыспен ыңылдап ән салғаны естілді:

Тәнің менен жанын жас
Болсын десең қажымас...
Қорықпа ыстық-суықтан,
Болаттай бол шыныққан.

Оны жұмыс істеу, күресу тілегі билеп, бақыт деп аталатын өмір арнасы өз құшағына алғандай болды.

Тогызыншы тарау **ЖОБА МАҚҰЛДАНДЫ**

Мемлекеттік Отан Қорғау Комитеті өкілінің шақыруы бойынша бір топ инженерлермен Рубежанскіге барардан бұрын Батманов үлкен мәжліс шақырды. Мұнда жаңа жоба жайында әңгіме болуға тиіс. Бір ғана Грубскийді қоспағанда басқарма

қызметкерлері арасынан енді жобаға қарсы адамдар табыла да қоймайтын еді. Алайда, олардың бәрін бірдей Беридзенің ұсынысының жақтаушылары деп те атай қоюға болмайтын. Бұл ұсыныстар жайшылықтағы ұғымның астын-үстіне келтірді, ұсыныстардың соншалық батыл жасалғандығынан, кейбір инженерлер бұған ешбір қарсылық жасамастан, қайта сүйсіне түсетін, бірақ олар бұл ұсыныстардың іске асар-аспасына сене қоймайтын-ды. Қайсыбіреулер Беридзеге әлі де түсініп жеткен жоқ, оны дарынды әрі тәжірибелі инженер, бірақ тым мөлшерден тыс албырт, күр тәуекелге салынғыш деп есептейді.

Трасса құрылысшыларының өздері жана жобаны жақтап жатқанын, тіпті дұрысын айтқанда соның негізінде істеп жатқанын өз көзімен көріп қайтқан Батманов, енді бұдан бастарту мүмкін емес екенін білді. Бұлай бола тұрса да, алда тұрған Рубежанскіге баратын сапар және осы алдын-ала шақырылып отырған мәжліс ол үшін жай тек формальді нәрсе болып қана көрінген жоқ. Ол өзі болсын, Залкинд болсын, Беридзе мен Грубскийді өздерінше айтысқа жекпе-жек түсіруге ұйғарып, сөйтіп жаңа жобаны ақырғы сынға салуды ойлады. Беридзенің тәжірибе істеріне тізгін беріп, жаңа жоба бекітілмей жатып-ақ іске асырыла бастағанының өзі қандайлық көз жұмбайлыққа бел байлағандық екенін бұл екеуі жақсы түсінді. Егер Рубежанскіде, ал одан кейін Москвада Беридзенің ұсыныстары қабылданса құба-құп, бәрі де ойдағыдай жайғасады. Ал егер де Беридзенікі бір нәрсе жөнінен дұрыс болмай, Грубскийдің сактық дәлелдері үстем болып шықса ше? Онда құрылыс тұйыққа тіреледі де, бұлар, құрылыстың басшылары, соғыс кезінің катал заңымен жазасын тартар еді.

Батмановтың осы мәжліске шақырып отырған адамдарының барлығы да, жағдайдың өте ауыр екенін сезді. Мәжліс шақырылуының өзі-ақ адамдарды қатты сақтандырды. Гречкин Филимоновпен бірге коридорда келе жатып, дегбірсізденген пішінмен былай деді:

— Біз Беридзеге сенеміз, ал ол жоқ жерден қателесіп жүрсе ше? Рубежанскіге тектен-текке шақырмаған болар. Шама-сы Москва да Писаревке: «аналар онда не істеп жатыр, тексеріп анығына жет!..» — деп хабар берген болар... Қанша айтсаң да, жоба жасаушылар бұған талай жыл еңбек етті ғой, ал біздің грузин жігітіміз мұны бірден астын-үстіне келтірді!

Гречкин осы әңгіме үстінде ойындағы күдігін тарқатқысы келіп еді, бірақ Филимонов, әдеттегісінше жұмған аузын ашпады.

Мәжліске қатысушылар құрылыс бастығынан көз алмай бақылаумен болды, оның бет әлпетінен, бұларды алда бүгін не күтіп тұрғанын білуге тырысты. Батманов әдеттегісіндей байсалды әрі іскерлік қалпында болды, оның кіріспе сөзі күдікті

күшейткен де жоқ және жайбаракаттық та туғызған жоқ. Ол істің барысына ешқандай ықпал жасамасқа ұйғарған тәрізді болып көрінді. Тек көз қырын бір ғана салып өткеннің өзінде, құрылыс бастығы мұнда отырғандардың қандай сезімге бөленгенін көре қойды. Бұл сезім, ешнәрсені жасыра білмейтін Гречкиннің бетінде ғана емес, тіпті түсі ешбір сыр бермейтін Филимоновта да бар еді. Оның жұмысында қазіргідей тым қыйын жағдай әлі күнге ешуақытта кездесіп көрмегенін Батманов еріксіз ойлады. Енді міне оның еңбек армиясы қазір ұрысқа дайын болған шақта, барлық іс бүлініп кетуге ықтимал.

«Дұшпандар» біріне-бірі карама-қарсы отырысты. Әлде қалай, Грубский жалғыз қалыпты, оның жанына да, тіпті оған таяу жерге де тірі жан қатар отырмаған. Күтпеген жерден, бірінші сөзді Беридзе алды. Гречкин басын көтеріп таңдана қарады: Батманов бас инженерді бейнебір қолайсыздау, позицияға қасакана әкеліп қойған тәрізді көрінді.

Беридзе машинаға басылған баяндамасын қолына ұстап тұрып, салмақты, бірқалыпты дауыспен әбден түсіндіре сөйлей бастады. Бірақ, ең басты мәселеге — трассаны сол жақ жағаға көшіруге келгенде, қызып кетті де баяндамасын былай алып қойып, тыныс алмастан бір сағаттан артық сөйледі. Беридзе өзінің пікірлерін түсіндіріп жатқан кезде, табақ-табақ қағазға жазылған чертеж, схемаларды Алексей жұртқа қолма-қол көрсетіп отырды. Беридзе жігерлі, екпінді сөзімен жұрттың бәрін өзіне тартып алды, ол орнына келіп отырғанда, жыйналғандар еріксіз қол шапалақтап жіберді.

Бұдан кейін Грубский орнынан тұрды. Оның алдында көк дермантинмен түптелген ескі жобаның томдары үйіліп жатыр. Қолын томдардың үстіне салып тұрып сөйледі, бұл қыймылы сөйлейтін сөзінің түрін алдын ала-ақ көрсеткендей болды. Грубский ескі жобаны тіпті сөз еткен де жоқ, ол жөнінде сөйлеудің қажеттігі болар ма екен, міне ол, он том, алда тұр, оны есептен шығарып тастай алмайсың дегендей сөйледі. Ол тек Беридзенің ұсыныстарын ғана сынады және сыны дәлелсіз де болған жоқ. Грубский нығыздана әрі қысылмай сөйледі, мұшысы басқаларға едәуір әсер етті. Оттай жанған өткір көзін одан алмай отырған Беридзе күйіп-пісіп кетті.

— Біреудің жобасына шабуыл жасамай-ақ, сіз өз жобаныңды қорғауыңыз керек, — деп айғайлады ол. — Әйтпесе сізді әдейі консультация жасау үшін шақырған деп ойлап қалуға да болатын.

Грубский қабағын түйді де, іске тікелей қатынасы жоқ мәселемен оны әурелемеуді сұралды.

— Жоқ, менің айтқаным істің жайына жатады! Егер сізде де дәл осындай ой болса, егер сіз де бізбен бірге нефтепро-

водтың камы туралы және Отанның камы туралы ойлаған болсаңыз, кандай жаксы болар еді!

— Нефтепроводтың камы мен Отан камын мен сізден кем ойламаймын,— деді Грубский байсалды түрде, Беридзеге қарамастан.

— Ендеше мына қалың кітаптардан карысып айрылмауды қойып, үкімет тапсырмасын қалай орындаудың жайын айтыңыз! — деп айғайлап жіберді Беридзе. — Майданнан менің бір артиллерист жолдасым, соғыс біздің кейбір қару-құралдардың жарамсыздығын көрсетті деп маған хат жазды; сіздің жобаныз — сол дереу өзгертуге жататын ескі зенбірек тәрізді. Сіз жауды сонымен қыйратуға әрекеттенесіз! Одан да өзіңізді өзіңіз өлдім деп сананыз.

— Сіздердің жана жасап шығарған зенбіректеріңіз — тек босқа тарсылдай береді! — деп карысты Грубский. — Бұл зенбірекпен тек торғайды ғана атуға болады. Амал не, бұл еріккеннің ісі мемлекетке адам айтқысыз шығынға түседі...

Мәжлістің іскерлік қалпы бұзылып кетті. Либерман көзінің сыйқыр қыйығын Батмановқа салды да, Федосовқа бірдемені сыбыр ете түсіп еді, Федосов жымыйып күлімсіреп қойды. Гречкин Филимоновпен қызулана сөйлесіп отыр. Түк ұғына алмаған Алексей Батмановқа қарады: оның сөзге не себепті қатнаспай отырғанын түсіне алмады. Шынында да, құрылыс бастығы мәжлісті басқарып отырған адамға ұқсамайды. Ол Беридзе мен Грубскийдің бір-біріне беті-жүзін бар демей айтысқан ұрыс сөздеріне де ара түскен жоқ, ал олардың қағыс сөздерін — біресе біреуі жағына, біресе екіншісі жағына басып бұрып карап бақылаумен болды.

Грубский мен Беридзе керісті тоқтатқан кезде, Батманов бас инженерден жана жобаның негізгі мазмұнын қысқаша қайталап айтып беруді сұрады. Беридзе Батмановқа назарын салып бір қарады да, онан бойына зор қуат жыйнап алған адамша, он минуттың ішінде баяндаманың негізін қайталап айтып шықты.

— Біздің ұсынысымыз,— деді ол: — Ольгохтыға дейін трассаны солтүстік жағалаумен жүргізу. Бұл бізге кандай пайда келтіреді? Біріншіден, біз нефтепровод жолын мұнымен елу километр қысқартамыз, ендеше труба жететін болады. Екіншіден, біз нефтепровод төсеуді жеңілдетеміз, өйткені солтүстік жағалаудың жерінің беті анағұрлым тегіс. Үшіншіден, солтүстік жағамен жүргізген уақытта, біз оңтүстік жағала кездесетін жоталарды баспай өтетін боламыз, сондықтан мұнайды құрғаққа ағызу үшін екінші насос станциясын салудың қажеті болмайды. Төртіншіден, біз Алуды екі рет кесіп өтпейтін боламыз, өте көп еңбек сипіруді тілейтін әрі аса қымбатқа түсетін су астынан жүргізетін нефтепроводын салмайтын боламыз.

Ең ақырында, солтүстік жағалаудың тағы бір артықшылығы бар. Мұның құрылыс мүддесі үшін тікелей артықшылығы жоқ, бірақ өлкенің, Новинск қаласының және Адун бойын мекендеуші халықтың мүддесін қамтыйды. Негізгі темір жол магистралынан келетін тармақ Новинскіге келіп бітетіні мәлім. Бұдан арман солтүстікке қарай баратын темір жол жоқ. Біздің сол жағалаудағы трассамыз Новинскіден солтүстікке қарай осы керек жолды беретін болады. Қала қысы, жазы бірдей Адундағы барлық селолармен жақсы қатнасып жататын болады, өйткені оңтүстік жағада селениелер бірен-саран ғана. Мұның үстіне, бұл жол бізді Ольгохты өзеніне жақын алып келеді, бұл өзен, менің ойымша, болашақта Новинскінің индустриясы үшін электр қуатының қайнар бұлағы болмақ. Қыбыр-шығыстықтар ең бірінші күшті су электр станциясын дәл осы Ольгохтыда салатын болады.

— Сөз арасында айта кетейін, жолдастар, бұл су электр станциясын салу идеясы да біздің бас инженердікі,— деп қызу айғайлады, Беридзенің айтқандары сырт қарағанда жадағай жайдақ болғанымен, мазмұн жағына өте риза болған Гречкин.

Филимонов оны ақырын түртіп қойды. Гречкин жалт қарады да, ұялықырап қалған пішінмен көршісінің құлағына сыбырлап:

— Мынау ант ұрған сақалды шайтан, тура арбап әкетті! Көзінен оты жалт-жалт етіп, сөйлей бастады-ақ ол менің мысымды құртып өзіне тартады да алады. Бар күдік біткеннің бәрі есімнен шығып кетіпті...

— Біз,— деді Беридзе даусын көтеріңкіреп,— нефтепроводты бұғаз арқылы жүргізуді, жазды тоспай-ақ қазір, қыс ішінде сала беруді ұсынып отырмыз. Бұғаздың түбінен қазылатын траншеяларды жер қазатын сайманмен емес, взрыв жасау арқылы дәрінің күшімен қазбақпыз. Трубалардың біріне-бірін жалғастырып пісіруді жағада үлкен секция етіп жасап, оларды мұз үстіне трактормен тасып апарып, содан кейін су түбіне түсіруді іске асырмақпыз... Бұдан кейін, жаңа жоба бойынша бірінші кезеңде бітетін жұмыстардың көлемін азайту жағы болжалып отыр. Мұнайды труба проводпен ағызғанға дейін, сол мұнайды ағызуда керекті ғана жұмыстар істелінуі керек, қалғанын кейін де істеуге болады. Міне осылай істеген күнде, біз көп уақыт үнемдейміз және қолда бар жұмысшы күшімен-ақ істеп шыға алатын боламыз... Біздің қазіргі қысқарту керек деп отырғанымыз нелер? Өзен мен бұғаз арқылы трубопроводтың екі қатарын бірден салмай, әзірше біреуімен тұра тұру. Ал, екінші запас линияны бірінші линиядан мұнай жүре бастағаннан кейін-ақ салуға болады. Мұнайды бірінен-біріне ағызатын аралық пункттерде тұрған цистерналардың санын да

қорықпай-ақ екі есе азайтуға болады, ал мұның да толық көлемін тағы да кейінге қалдыру керек...

Беридзе отырғандарды көзімен бір шолып өтті де сөйлей берді:

— Қыйыр-Шығыстың қысын еске ала отырып, нефтепроводын екі метр он сантиметр тереңдікке көмуіміз керек екендігі, жұрттың бәріне мәлім. Бұл шаралар трубалар үшін біркелкі термикалық қолайлы жағдай жасайды, түсініктірек айтқанда—грубопроводты катып қалудан және температураның кенет құбылуынан сақтайтын болады. Демек, нефтепроводтың ұзын бойына терең траншея қазып, ал сол траншеяға трубаларды түсіріп, қазып шығарған топырақты орнына қайта көму керек. Бұл бір миллион текшеметр ғана емес! Егер де біз, өлкенің бергеніне қосымша етіп қолымыздағы канал қазғыштарды толық жұмсаған күннің өзінде де, жұмысшы санын екі есе көбейтпесек, мұнша топырақты қазып шығарып, әрі қайта көміп бітіре алмаймыз. Сондықтан біз траншеяның тереңдігін екі метр емес бір метр етіп қазуды ұсынамыз, содан кейін негізгі жұмысшы күшінің қолы босаған соң траншеяның жиегі үстіне тағы бір метр топырақ үйіп биіктетуге болады. Міне, тек осылай еткенде ғана мемлекеттен тағы да бірнеше мыңдаған жұмысшы күшін сұрамай-ақ бұл жағдайдан шығуға болады... Қысқаша айтқанда, біздің негізгі ұсыныстарымыз осындай. Бұларды техникалық есеп тілімен тағы да дәлелдеп шығуға болады... Енді қорытынды жасауға рұқсат етіңіздер: жаңа жобаның бәрін қорытып жыйнақтап алғандағы бар шаралары, бізге мұнай проводын дәл мерзімінде бітіруге, яғни келесі жылдың Октябрь мерекесі күніне мұнайды Аралдан Новинскіге ағызуға мүмкіншілік береді.

Мәжіліске қатысушылардың көпшілігі, Беридзенің қайталап айтқандарының бәріне бұдан да әбден қанық болатын. Жаңа жобаның ине-жібіне дейін Батмановтың да білетіні сөз жоқ, белгілі болды. Бірақ оның өзі болсын және мәжілісте қатысушы басқалар болсын, бас инженердің сөзіне қатты зейін қойып тыңдалы, оның әрбір ұсынысын ақылға салып өлшеді. Батманов Грубскийден де өзінің қарсылығын қайталап айтуды өтінді. Енді барлығының көзі күс тұмсық кішкене адамға ауды.

— Қайткенде де адам бір өнер табуды ойлағанда және Американы жаңадан қайта табу мақсатын алдына қойған кезде дәл осы инженер Беридзе тәрізді болып көрінеді,— деді Грубский қыңыр сықақтап.—Трассаны оң жақ жағалаумен жүргізу керек деп белгіленген,— жок, ол оны сол жақ жағалауға сүйреп шығарады! Егер де біздің жобамыз бойынша трасса сол жақ жағамен жүргізілетін болса, онда біздің өнер тапқышымыз оны оң жақ жағаға шығару керек дейтіндігіне ешқандай шүбаланбаймын.

— Мәселенің түйінін сол шешетін болса, әлбетте солай деген болар едім! — деп жауап берді Беридзе.

— Міне, міне! Инженер Беридзенің өнер табушылығының барлығы да дәл осы үлгімен құрылған. Өзен арқылы трубопроводтың екі қатарын салу керек болса, ол мұның біреуін ғана салуды ұсынады. Құрылысты калыпты түрде пайдалану үшін мұнай құйылатын үлкен цистерналар керек екен, ол мұны азайту керек деп шешкен, нефтепроводын жерге екі метр қазып көму жағдайы қаралған болса, өнерпаздың екінші варианты даяр бола кетеді: ол бір метр болсын дейді! Осылардың барлығы көріне көзге тым дөрекі іс! Амал не, жолдастар, осылардың барлығын кәдімгідей шын көреді. Мен бәрін де жақсы түсінмін, іске көмектескің келеді, бірақ Беридзенің шолақ ойынан шыққан жауапсыз идеялары зыяннан басқа пайда келтірмейді.

— Жауапкершіліктің не екенін өзіңіз түсінбей отырып, ол туралы сізге айту керек бола қояр ма екен! — деді Беридзе қызып кетіп. Өзіне қарсы сөйлеп тұрған адамның әлі баяу, әрі шыйқылдаған даусын тіпті естігісі келмеді.— Консультант Грубский, сіз ісіңіздің тұрақтайтын жері сөз бен қағаз ғана екенін, ал менің ісім дәл сол жерден басталатынын бір ойлансаңыз теріс болмас еді. Құрылысты салатын сіз емес, мен. Мен құрылысты салып қана қоймаймын, не салғанымға жауап беремін. Мен құрылыстың бас инженерімін және мен бұл туралы есімнен шығармаймын.

— Мұны басқарманың үй сыпырушы әйелдері де есте сақтайды.— деді Грубский селсоқ пішінмен.

Залкинд ашуланып қарындашын столдың үстіне лақтырып тастады да, орнынан тұрып бөлмеде ерсілі-қарсылы жүрді.

— Бас инженерді мұнда Министрлер советінің председателі тағайындады,— деді ол салқын дауыспен, Грубскийдің жанына тоқтап.— Беридзенің идеясын шындап түсінуді сізге мен де кеңес берер едім. Амал қанша, сіз оны әлі күнге ұғынбай келесіз. Амал не, сіз бүгін осында не үшін жыйналғанымызды да және не себептен құрылыс бастығы сізге екі рет сөз бергенін де түсінбейтін көрінесіз. Тындап отыру бізге қызықты дегендей, сіз өткір сөздермен сыйлайсыз.

Грубский партторгтың қадала қарауына дәті шыдамай, теріс айналып кетті.

— Менің де кеудемде жаным бар адам, Беридзеге жауап қатпай қалу маған да қыйын,— деді ол ақырын ғана, бұл сөзін бір ғана Залкиндке арнап айтқандай.— Сондықтан да іскерлік әңгіменің орнына кекесінге ауысып кете беремін. Бас инженердің идеясының қате екендігіне менің көзім әбден жететіндігіне сеніңіздер.— Ол үндемей біраз кідіріп тұрды да, қалтыраған қолымен қушықтау келген биік маңдайын сұртті.— Егер де оның іске асырамын дегендерінің бәрі ғылымға не-

гізделген және техникалық жағынан орындаларлық іс болса, мен оны тамаша табысымен құттықтап, алдында бас иген болар едім. Мұндағы бар пәле, оның өз қорытындыларының атусті және қате екенін өзі көріп мойындауға Беридзенің іске көмектессем деген ізгі тілегі мен екпінінің кедергі жасауында болып отыр... Біздің жобамыз көп адамдардың бірқыдыру уақыт, күш жұмсап, еңбек етуімен жасалған екендігін әлі де болса қайталап айтам. Біздің келген тоқтамдарымыз кездейсоқ нәрсе емес: біз трассаның бағытын іздегенде оң жақ жағалауды не себепті таңдап алдық? Беридзенің сол жақ жағадан көрген пайдалы жақтарын біз не себепті көрмедік екен? Біз оларды көрдік, бірақ сол жақ жағаны көп жерлерде тасқын сел басады, мұның үстіне Адунның тарихында сол жақ жағадағы судың шарасынан шығуы үлкен апатқа айналатын жылдары болған. Су басып кеткен нефтепроводтың пісіріп қосқан жерлері бұзылса, оның көп уақыт жұмыс істемей тоқтап қалатындығын түсіну қыйын бола қоймас. Мұнда таласарлық та ешнәрсе жоқ. Бұған әбден көз жеткізу үшін техникалық әдебиетке көз қырын салудың өзі-ақ жеткілікті: сол жақ жағалау тәрізді жағдайы бар жерлерде нефтепроводын жүргізуге шетелдің беделді мамандары мүлдем тыйым салады.

Грубский алдында жатқан томдардың біреуін ашты да өзінің сөзін растау үшін бір үзіндіні әуелі ағылшын, содан кейін орыс тілінде оқып шықты.

— Менің өзімнің де басым бар,— деді Беридзе.— Мен көрінгеннің бәріне, сіздің неміс пен американдық беделі дегендеріңізге құлақ аса бергім келмейді. Олар құдай емес, олар да жиі-жиі қателесе береді, тіпті оларға бәрі бірдей мәлім де емес!

— Бірде-бір сауатты инженер олардың пікірін елеусіздікке сала алмайды,— деді өзінше маңызданған Грубский қалың кітапты жоғары көтере ұстап.— Сол жақ жаға өзінен-өзі қалады, егер олай болған күнде — оның пайдалылығына қызығудан бастартуға тура келеді. Дегенмен, Ольгохтыда екінші насос станциясын салуымыз керек, әрине, оны салмаса да болар еді. Тіпті сол жақ жағалық варианты қабылданғанның өзінде де екінші станциядан бастарту, көз жұмбаңлық деп санаймын. Егер де құрғақта станция біреу-ақ болса, мұнайды насоспен қотаруда қандайлық қыйындық келетінін ойластырып көріңіздерші. Күндердің күнінде біз қолайсыз жағдайда қаламыз: мүмкін бұл станцияның күші мұнайды Новинскіге айдауға жетпей қалар. Міне сонда не істе деп бұйырасыз...

Грубский тыныс алды да, аппақ орамалымен тершіген маңдайын сүртті.

— Сол тәрізді мұнай проводын Адуннан екі рет өткізуге тура келеді, ол оң жақ жағадағы трассаны екі рет кесіп өтеді. Әзірше Адун халқына Новинскіге баратын жолсыз-ақ күн көре

тұруға тура келеді, ол жол — бұл жерде мен бас инженердің айтқанын әбден қостаймын, оң жақ жағадан гөрі сол жақ жағға әбден керек. Оның қалған ұсыныстарының бар түйіні, болашақ нефтепроводтың техникалық жабдықтарын шұнтыйтып, мінеп, жұрдай ғып шығуға бағытталған. Сөз жоқ, жұрдай ғып шығаруға да болады, бірақ құрылысты өнідіріс қатарына берген уақытта бұдан туатын қыйыншылықтар мен қолайсыздықтарды күні бұрын ойлаған орынды болар еді. Міне, мен осыдан қорқамын...

— Сіз дүниедегінің бәрінен қорқасыз! — деді тағы Беридзе шыдамай.— Қандай механизм, қандай құрылыс болмасын оның жұмысында бір шек, шама болатындығы инженерсіз ғой, сізге мәлім болуы керек.

Батманов Беридзеге бөгеу салғандай, аздап басын шайқап белгі берді. Грубскийдің сөзіне зейін аудара тындады, сөйтіп мәжліске қатынасушылардың бет ажарындағы саскалақтаушылықты көрді. Анда-санда оның назары әлсін-әлі қатты абыржып, тіпті жалынған тәрізденіп қараған Алексейдің көзімен кездесіп қалады. Батманов Грубскийді неғұрлым көбірек тындаған сайын және оның дәлелдерін өз көзқарасымен талдап салмақтаған сайын, солғұрлым оның жаны жай тауып, жүзі жадырай бастады.

— Қысқарту мен азайтулардың қаншалықты көз жұмбайлық екенін сізге дәлелдеу үшін небәрі екі мысал келтірейін,— деді Грубский.— Бізге әуелі өзеннен бір ғана қатарды өткізуді ұсынады. Бұл болмайтын нәрсе! Сөзсіз, қазірден бастап екі қатарды бірден салу керек. Өзіңіз ойлап қаранызшы: бұғазда немесе өзенде су астындағы трубопроводтың бірі бұзылды делік. Егер запас провод жоқ болса, не амал істеген болар едік. Жалғыз трубопроводты жамап-жасқағанға дейін мұнай ағызу жұмысы мүлдем тоқталып қалады. Бұл сонда жақсы жұмыс болып шыға ма! Бізге тораптардағы цистерналардың санын азайтуды ұсынады. Бұл да болмайтын нәрсе! Бізге тек қана үлкен цистерналар кажет, өйткені учаскелердің бірінде трубопроводтың бір жері үзілген күнде, бұл жердің мұнайы аралықтағы цистерналарға құйылады. Ал бұл үлкен цистерналар болмай қалса, онда мұнай қайда құйылмақшы? Тағы да нефтепроводты тоқтату керек пе? Ақылға салынып ойланбаған, тіпті ақылға сыймайды!..

Грубский үндемей қалды, бірақ орнына отырған жоқ. Аз кідірістен кейін Батманов одан:

— Сөйлеп бітірдіңіз бе? — деп сұрады.

— Бітірдім,— деп Грубский жауап берді де, шет жақта үлкен креслода отырған Тополевке қарады. Қарт осы уақыттың ішінде бірауыз сөз қатқан жоқ.— Бұғаз жөніндегі ұсыныс жөнінде тіпті тоқтағым келмеп еді, өйткені менің байқауымша, бұ-

лар ешқандай сын көтермейді. Бірақ, бас инженер бұл жа-
йында соншалықты қызу және мән бере сөйледі, сірә, жобаның
бұл бөлімі жөнінде де түк айтпай кетуге болмас. Мен труба-
ларды қыс мезгілінде пісіруге мүлдем қарсымын. Мұның тех-
никада жөнсіз іс деп саналатындығын Беридзе білмеуге тиісті
емес.— Грубский бір қалың кітапты тағы да салтанатпен жоға-
ры көтеріп алды.— Ал енді бұғазда траншеяларды дәрінің кү-
шімен қазу әдісі жөніндегі әңгімені алсақ, бұл тіпті баланың
ойыншығы тәрізді нәрсе.

— Бұл ұсыныстың маңында орыс инженері Тополевтің қы-
рық жылдық еңбегінің даналық ойлары жатыр! — деп айғай-
лады ыза кернеген Алексей.

Барлығы Кузьма Кузьмичтің отырған жағына қарап кү-
лімсіреді, ол ешнәрсеге қатысы жоқ адамдай, тіпті қалғып та
отырған тәрізденді.

— Мен инженер Тополевтің ұзақ жылдық еңбегін өте жо-
ғары бағалаймын, бірақ адалын айтқанда оның ұсынысы да-
налықтан әлдеқайда алыс жатыр. Жаркыным-ау, дәрімен ко-
паратын жерді тереңдету үшін су астында жұмыс істеуші сүң-
гуірлер мұз бен судың астында теңіздің түбін шұқылап қазып
жүрулері керек, бұл күлерлік нәрсе емес пе! Олай болған күн-
де тіпті сол су астында жұмыс істеушілерге бұғаздағы тран-
шеяларды қолмен қазу жұмысын тапсырған да жөн болар?

— Біз теңіз түбін шұқылап қазғалы және взрыв жасағыш-
тарды тереңдеткелі отырғанымыз жоқ деп сізге әлдеқашан тү-
сіндірілген еді ғой,— деген Тополевтің жуан даусы естілді. Ол
басын көтерді де, өзінің бұрынғы бастығына ашулана қарады.
— Сіз өзіңіз түк те түсінбей тұрып, сынамақшы боласыз! —
Біз дәріні судың астына түсіреміз де, взрыв жасаймыз, сол
жетеді, сонымен іс бітеді.

— Сіз су мен мұзды ғана копарасыз,— деп Грубский келе-
келей күлді, ол қартты мұндай айтысқа қатыстырғанына разы
болып отырған қалыппен.

— Бос сөз!— деді оған Тополев өте жиіренішті түрмен.—
Дәрімен взрыв жасағанда жан-жағына және жоғары—су мен
мұздың қалың қабатына қарай да, төмен — жерге қарай да
бірқалыпты күшпен жарылады. Төмен қарай соғылған күш-
пен терең траншея пайда болады.

— Күдікті нәрсе! — деп мырс етті Грубский. Өте күдікті!

— Мен өз ұсынысымды өзім жүзеге асырамын, ал мына шү-
бәланғыш адамды бұғазға келіп көзімен көруге шақырамын,—
деп Тополев Батмановқа қарады.— Ол егер суық ұстап қалар
деп қаймықпаса, өмірдің барлық кілтеңіне жарайды деп ұстап
жүрген шетелдік қалың кітаптарында әлі жазылмаған жаңа
нәрсені көзімен көруге толық мүмкіншілік алады...

Ақыры, Грубский орнына отырып, бөлмедегілер тыныштал-

ған кезде, жыйналғанлар, мұның ішінде Залкинд пен Беридзе де бар, бәрі Батмановка бет бұрды. Ол бір нәрсені тосқан адамдай, қазір де үн қатпады, алдында отырған адамдардың бетіне сыпыра бір карап шықты. Ковшов студенттерше сабырсызданып қол көтеріп сөз сұрады. Бастық оған азырақ күлімсіреп карады: енді сөйленетін сөз қалған жоқ, барлығын Батмановтың өзі айтады дегенді ұққан Алексейдің көңілі жай тапты. Василий Максимович шылымын өшіріп, Залкиндке сыбырлап бірнәрсе айтты да, үстіне қонып тұрған гимнастеркасын жөндеп қойып орнынан тұрды.

Мен біздің осы көз алдымызда болып өткен айқастың шын мәнісінде зор келелі пайдасын көріп отырмын.— деп бастады сөзін Батманов.— Біздің жобамыздың,— ол «біздің» деген сөзді ерекше наштап айтты,—беталысы енді айқындала және нығая түсті. Грубский жолдас тек кінәлаумен ғана болды, бірақ өзі ешнәрсе ұсынғысы келмейді. Сонымен, өте қысқа мерзімнің ішінде жасалған жаңа жоба—бұл жағдайдан шығатын бірден-бір жол болып шығып отыр. Әрине, біз ешнәрсеге түсінбестен Беридзе мен оның жәрдемшілерінің ұсыныстарына соқыр аламанша жармаса түссек, ол тіпті жаман болған болар еді. Онда біз албырт, балалық сенгіштікке салынған болып шығар едік, бірақ ол бізге тән қасиет емес. Алайда, жана жобада барлығы да біздің ақылымыз жетерлік нәрселер және бұл жобада соңшалық мый жетпестейі дәнене жоқ, біз барлығын көріп те отырмыз, біліп те отырмыз, техникалық жана тоқтамдар көлемі жағынан тіпті қомақты, ол бір ғана Беридзенің емес, бүкіл бір топ инженерлер коллективінің бақылауына, тәжірибесіне негізделіп есеппен жасалған. Бұл тоқтамдар батыл ма? Рас, өте батыл! Бірақ, біз өзіміз де қоян жүрек қорқақтардан емеспіз ғой. Біздің инженерлеріміздің ұсыныстары тәуекел деп алынған ба? Сөз жоқ, тәуекел деп алынған. Бірақ біз тәуекелден қорықпаймыз. Біздің тәуекеліміз албырттық немесе соқыр сезім емес. Беридзенің тәуекелі — бұл жанашыл адамның тәуекелі, ал біз кейбір нәрселерге тәуекел етіп бел байлаудың арқасында, елімізде бүкіл техникалық революция жасағанбыз.

Батманов столдан Беридзенің баяндамасын алды да, оны дәл салмақтаған адамша көтеріп тұрып, қас қаққандай уақыт ойланып келді.

— Сайып келгенде, сіздердің барлығыңыз үшін де, құрылыстың тағдыры үшін де ең алдымен мен жауап беремін. Мен өзім алған тоқтамның нәтижесінің қандайлық жауапкершілігінен болсын қорықпаймын. Грубский жолдас мынадай жағдайлы ойыңызға жүгіртіп көріңізші, қазір осы минутта, Н. армиясының командирісі майдаанда соңшалықты маңызды тоқтамға келді дейік. Мұнда оның басында тәуекел жасаушылық

бар ма немесе жоқ па? Ол тәуекелге бел байлайды. Ал бұл дүниеде тәуекелсіз ешнәрсе болмайды...

Батмановтың сөзі, әдеттегісі тәрізді, өзінің ішкі мазмұнды күшімен жұртты өзіне тартып әкелті. Инженерлердің бұл таласы бостан-босқа уақыт өткізу немесе ермек үшін емес екенін енді ғана түсінген Либерман тыпыр етпестен, көңіл қоя тыңдап отыр. Тополев басын көтерді, Алексей мен Гречкин Батмановтан көз алмастан карап отыр. Батманов жалпы пікір айтумен қанағаттанып қана қоймай, бір-біріне карама-карсы тұрған инженерлік екі концепцияға талдау жасады, құрылыс бастығының мұндай арнаулы мәселелерді терең түсінегіндігіне Алексей де қатты мақтаныш сезімінде болды.

— Екі жерде екінің төрт болатыны тәрізді, бұрынғы жобаның жасаушылары шетелдік беделдердің ықпалына бас ұрып қате жібергені қазір маған айдан анық болып отыр, осы араның өзінде де Грубский оларға бас иіп тағзым етті ғой. Мен шетел техникасының тәжірибесін бүтіндей жокка шығарғым келмейді — ол надандық болар еді. Мен Беридзенің: әркімнің өзінің ойлайтын басы болуы керек деген сөзін қостаймын. Грубский жолдас, мен сізбен бірге жоба жасауға еңбек сіңірген адамдарды қатты аяймын. Сіз өзіңізбен бірге істескен адамдардың басын айналдырып, теріс бағыт беріп, әлекке салғансыз, олардың бар еңбегі босқа кетіп отыр... Я, пайдаға аспай қалды. Және де, сірә, зыянды шығар. Бір жыл ішінде нефтепровод салу проблемасы тек соғыс кезінің проблемасы ма? Немесе тіпті үш жылдық мерзім дегеннің өзі жалпы дұрыс емес пе? — деген сұрауды мен өзіме өзім қойдым.

Менің ойымша, қандай жағдай болмасын, нефтепроводты соншалықты ұзақ уақыт кетіріп салуға болмайды. Тіпті соғыстан бұрынғы кездің өзінде де халықтың қамын ойламастан және оның көмегін ескерместен, каражатты қайткенде де үнемдеуге зер салмастан трассаны оң жақ жағалаумен жүргізу қолайсыз болар еді. Мұндағы қатенің түп тамыры қарқынға немқұрайды, қалай болса солай караудан келіп шыққан. Бұл қателерді ашып алуға соғыс көмектесті. Соғыс және біздің үкіметіміздің көрегендігі көмектесті. Егер де Беридзе соғыстан бұрын мұнда жіберілген болса, сол кезде де жұмысты қысқа мерзімде бітіретін етіп жобаны тезірек қайта жасайтындығына мен сенімдімін. Социалистік құрылыстың бүкіл тәжірибесі Беридзені уақытты үнемдей білуге үйретті. Амал ие, бұл тәжірибе Грубскийді бұған үйрете алмаған. Грубский жолдасқа мен мынаны айтқым келеді... Бізге қазір құрылыстың жылдық мерзімі өте қысқа тәрізді болып көрінеді. Ал кім біледі, соғыстан кейінгі кездерде осы қарқын біздің өзіміз үшін соншалықты баяу болып көрініп жүрмес пе екен?

Батманов терезенің алдында әрлі-берлі жүріп:

— Беридзе мен Ковшовтың материалдары трассаны сол жақ жағамен жүргізу керек екендігін әбден дәлелдейді. Инженерлер тек справочниктермен және ескі зерттеу материалдарымен қанағаттанып қоймай, халық арасына барып, олармен өз идеяларын ортаға салып талқылауы өте дұрыс болған. Тағымына жағдайды еске алған қолайлы сықылды: бұл идеяның өзі жоғарыда—бас инженерден және төменде—трассаның қатарлы адамдарынан туды. Мұны осылай етуді өмірдің өзі-ақ талап етті, бірақ Грубский бір кезде оған пысқырып та қарамағаны бекер болған.

Батманов мырс етіп күліп жіберді.

— Сол жақ жағаны адам айтқысыз апат болып су тасқыны басады деп байбалам салу — тым асырып айтылған сөз. Рас, сол жақ жағаның екі учаскесін оң жақ жағаға қарағанда су көбірек басады екен. Бірақ бұл бізді үрейлендіруге тиісті емес. Беридзе жолдастың айтқаны дұрыс: трубопроводтың қосқан жерлерінің сөгіліп, айырылып кететіні температураның кенет өзгертін кездеріне—қыстан көктемге, күзден қысқа—жыл маусымының алмасу мерзімдеріне дәл келеді. Ал шынында Адунның сел тасқыны июль мен август айларында болады ғой, ол кездерде трубалардың қосқан жерлері онша жарыла қоймайтын кез... Алайда нефтепроводты су басып кетеді деп-ақ есептейікші. Біздің жаңашылдарымыз, толып жатқан шетел білгіштерінің сәуегейлігіне қарамастан: судан қорқатын ештеңе жоқ деп дәлелдейді. Жақсы изоляция жасалған труба сол суда жатқанның өзінде, ең берік қолайлы жағдайда болады. Траншеядағы су трубопровод үшін тамаша жастық болады. Бұл су үстіне жабылған топырақтың салмағынан трубопроводты сақтап тұрады... Мұнымен қатар, су көбірек жайылатын жетінші және сегізінші учаскелерде трубопроводтың ішкі қысымы он бес атмосферадан аспайтын болады. Бұл онша көп емес — бұл трубопроводтың жағдайына есептеліп жасалған жетпіс атмосфераның тек болмашы бөлегі ғана. Міне бұл тәрізді атмосфералық қысымда трубопроводтың қосқан жерлерінің жарылуы тіпті мүмкін емес.

Батманов бей-жай түрмен шылымды алып аузына салды да, қайтадан столдың үстіне қойды.

— Бұл айтылғандардың барлығы соншалықты айқын және ақылға сыйымды нәрселер болғандықтан, күні осы уақытқа дейін жеңілгендігін мойнына алғысы келмей Грубскийдің соншалық адасқаны таңырқатады... Оның басқа қарсылықтары, бақытқа қарай, не таза полемикалық, немесе дәрімен взрыв жасап казуға қарсы болғаны тәрізді тіпті дәлелсіз, немесе әшейін арсыздық. Грубский былай деген болатын: Беридзе болашақ нефтепровод үшін жан түршігерлік перспектива даярлап жатыр-мыс, нефтепроводтың техникалық жабдығын ол шұнтыйт-

пақшы! Ал расында шұнтыйту шарасы ұсынылып отырған жоқ, тек жұмыстың бар көлемін екі кезекке бөлу жобасы каралып отыр: әуелі мұнай ағызуға керектің бәрін бітіру, соңынан, екінші кезекте, мұнай ағызу жөніндегі үкіметтің тапсырмасын орындағаннан кейін, қалған жұмыстарды толық істеп бітіру. Грубскийдің бізді шошытқысы келеді, бірақ біз одан қорықпаймыз! Біз бұғазда да, өзенде де мұнайды бір труба арқылы ағызудан ешбір жүрексінебейміз. Грубскийге ере берсек екі труба да аз деуіміз керек қой, өйткені кенет екеуі де тоқтап қалар! Біз бірінші трубадан кейін іле-шала екіншісін де жүргіземіз. Егер бірдене болып қалғандай жағдай болса, онда барлық құрылысшылар осы арада ғой, олар дереу көмекке келер. Бір сөзбен айтқанда, үрейленудің керегі жоқ, тәуекелге бел байлаймыз. жолдастар! Мен осы сөздерді біздің мәжлісіміздің алған қарары деп есептелсін деймін: тәуекелге бел байлаймыз!

Батманов екі қолын кең жайып үнсіз азырақ тұрды да, қанағаттанғандай ақырын ғана күлді. Бөлме іші қызу мақұлдаған дауысқа толып кетті. Василий Максимович өз орнына отырып, шылымын тұтатып алып, құмарынан шыға сорып-сорып жіберді.

Алексей Грубскийге қарады. Жұрттың бәрі оны ескерусіз қалдырды, жалғыз өзі жобаның үйіліп жатқан кітаптары мен томдарының қасында отыр. Грубский қайғылы пішінмен Батмановқа қарады, бұрынғы бас инженер егіле жылап жібергелі отырған адам тәрізді еді.

Рубежанскіде вагоннан шыққан Батманов, Залкинд, Беридзе және Ковшов пен Грубскийді Писаревтің секретары, лейтенант қарсы алды. Ол бұларды екі жеңіл автомашинаға отырғызды. Дәл осы минутта бүкіл вокзал жанындағы алаңды ызандаған сирена даусы алып кетті. Бұл сиренаны репрадуктордан сөйлеген еркектің даусы бөлді, ол: «Азаматтар, әуе шабуылы» деп бір сазды дауыспен қайта-қайта айтты.

— Бар пәрменінше айдай бер, тоқтамастан өте шығу керек! — деп лейтенант шоферға дауыстады да, артында отырған Батманов пен Залкиндке бұрылды: — Біз шекарадан самолетпен ұшқанда он минутте жететіндей-ақ жер тұрамыз, сондықтан да әуе шабуылына жаттығып, үйрену ісін үнемі өткізіп тұрамыз. Ал сіздерде, Новинскіде тыныштық па!

Лезде қаңғырап адамсыз бос қалған көшенің бойымен екі машина да сигнал бере зымырап келеді. Бір топ самолет қаланың үстінен төмендеп ұшып өтті. Көшелердің айқасатын жерлерінде тұрған зенитчиктер зеңбіректерінің қабын жұлып алып жатыр. Мойнына противогаз сумкасын асып алған, қолдарында носилкалары бар әуе шабуылынан қорғану командалары өздерінің орын-орындарына жүгірісіп барады. Бір мүйістен қылт

етіп апатты қалпына келтіру қызметінің үш машинасы шыға келді.

— Педагогика институты... Цирк... Ғылми кітапхана... Қалалық бірінші аурухана... Драмтеатр... Мединститут...— деп көшенің екі жағында бұлдырап қалып жатқан үйлердің аттарын лейтенант атап келеді.

Берілген сигналға қарамастан, бомба түсіп бұзылды деп шамаланған жерден көктей өтіп, машиналар қаланың орталық көшесіне бұрылды. Асфальтталған, биік тас үйлер салынған кең көше астаналық қала тәрізденіп көрінеді. Машиналар өлкелік партия комитетінің үйіне, үлкен алты қатар сұрғылт үйге келіп тоқтады.

— Москвадан келген өкіл өлкелік комитет секретарының кабинетінде отыр, ол сіздерді тұпа-тура сонда әкелуді тапсырған еді,— деп түсіндірді лейтенант.

Батманов пен Залкинд сол беттерімен Дудиннің кабинетіне кірді, инженерлер қабылдау бөлмесінде қалды. Грубский шетте тұрған бір диванға отырды да, столдың үстінде жатқан газеттердің бірін ашып қарады. Беридзе үйдің еденінен төбесіне дейін алып тұрған үлкен терезенің алдына қарай барды. Бұл жерден, бесінші қатардың зәулім биігінен төбенің бауырында көсіліп жатқан бүкіл қала көрінуші еді. Қаланың ылдыйға қарай көсіліп жатқан көшелеріне күн шұғыласы түсіп, үйдің шатырларындағы қар күнге шағылысып жалт-жұлт етеді. Айдыны кең Адун қаланы орағыта көмкеріп, өзеннің мұз жамылып жатқан кең алқабы көз жетпестей көкжиекке созылып жатыр.

— Сен неге бұлай мұңайып отырсың? — деп сұрады Алексей, қолын Беридзенің иығына салып.

— Машенька осы қалада өлген еді. Мен оны аман сақтап қаламын деп осында алып келгемін.

Беридзе бұл сөздерді ақырын, сыбырмен айтты, бірақ ол сөздер Қовшовтың құлағын керең еткендей болды.

— Және Таня да осы қалада өскен, — деді Георгий Давыдович.— Оның шешесі осында тұрады, мен онымен Таня жайында сөйлесуім керек... Бірімен-бірі қалай араласып кеткен.

Дәл осы кезде оларды кабинетке шақырды — бұл үлкен, және жарық, қызыл ағаштан сомдалып жасалған мебельдері бар бөлме еді. Батманов инженерлерді таныстырды. Писарев — ұзын бойлы, балғын денелі, генерал формасын киген, ағара бастаған шашын артына қарай қайыра тараған, жалпақ бет адам креслодан тұрды да, бұлардың қолын катты қысып, аздап сығырайтқан тостағандай көзімен әрқайсысын байыптап шолып өтті. Орта бойлы, сом денелі, жастау келген, әскери түрмен тігілген гимнастеркасында Жоғарғы Советтің значогі бар Дудин, Беридзені ертеден таныс адамындай жайдары жүзбен қарсы алып, Қовшов пен Грубскийге назар аудара қарады.

Дудин өзі шақыртқан крайкомның адамдары мен стенографистка келгенге дейін біраз аялдады да, телефондардың біреуі мен сөйлесіп өлкелік атқару комитетінің председателінің асығыс түрде бір заводқа кетіп қалғанын, қазір келе алмайтынын анықтағаннан кейін ерекше кіріспе сөз сөйлемей-ақ, Батмановқа сөз берді. Құрылыс бастығы Беридзе мен Грубскийдің арасындағы дау-жанжал жайын да, жаңа жоба жайын да және басқармада жуықта ғана болып өткен мәжліс жайын да, іс жүзінде жаңа жобаның жолына түскен құрылыстың халі жайын да толық әрі айқын етіп айтып берді. Сөзін аяқтай келіп, ол мәжліс протоколының бір данасын Писарев пен Дудиннің алдына жайып салды.

— Инженерлерді тындайық — деді Дудин, сөйтті де Грубскийге қарап: — Сөз сізге беріледі. Ешнәрсені бүгіп қалмай, бәрін айтыңыз. Нефтепроводтың тағдырын жоба шешеді, құрылыстың басшылары қателесіп отыр ма, әлде жоқ па, біз соны білуіміз керек.

Грубский сөзін әбден байыпты етіп, дәлел мен есептер көрсете сөйледі. Әуелі ескі жобаның, содан кейін жаңа жобаның жайын баяндады да, Беридзенің ұсыныстарын сынаумен бітірді. Ол босандау әрі солғын сөйледі. Мұны тіпті Беридзе де сезе қойып өзінің оппонентіне¹ танданған түрмен қарады. Тегі, Грубский өз ойының дұрыстығын дәлелдеймін деген сенімнен айырылса керек.

Беридзе өз ұсыныстарын қорғайтын дәлелдерді жарты сағаттың ішінде санап айтып шықты. Ол енді сабырмен сөйледі, бұрынғыдай полемикалық қатты сөзге барған жоқ. Батмановты күлкі қысып отыр, өйткені ол, екі инженердің оның кабинетінде қандай өршелене, біріне-бірі тіл тигізе таласқандарын еске түсірді. Бір-біріне айтарларын күні бұрын айтысып алған олар, құрылыс бастығының ойлағанындай, бұл жерде тоң мінездік көрсетпей, Писарев пен Дудинге істің жәй-жапсарын білуге кесірін тигізерліктей оғаш мінез көрсеткен жоқ.

«Мұндай кездер жаза баспайтын кез ғой», — деп ойлады Алексей, Писаревтің Грубскийге тым шұқшия қарай бергенін сезіп қалып. Жобаның тағдыры үзілді-кесілді енді шешілгелі отырса да, Ковшов ешқандай абыржушылықты сезген жоқ. Оған Грубскийдің қобалжуы және Беридзенің нық айтылған сөздері осы сезімді туғызған болуы керек.

— Беридзе жолдастың дәлелдерін сіз тегі бүгін ғана естіп отырған жоқ шығарсыз? — деп сұрады Дудин Грубскийден. — Араларыңыздағы талас бір-біріңізбен танысудың алғашқы күнінен бастап-ақ болып келеді ғой. Енді бізге адал шыны-

¹ О п п о н е н т — айтысушы я таласушы.

нызды айтыңызшы: бізге хат жазғаннан кейін осы соңғы кездерде сіздің көзқарасыңыз өзгерген жоқ па? Мүмкін, сізге ішкі қайшылықты жеңіп алу қыйындыққа түсетін болар. Мынадай да жағдайлар болады ғой: адам бір әрекетке кіріседі, ол жаза басады, артынан бұл ниетінен қайтуды қолайсыз көреді. Әзірше кеш емес, осыны мойындаңыз. Батманов жолдастың айтуы бойынша, құрылыс жаңа жобаның көрсеткен жолымен жүріп барады. Егер де бұл бағыт теріс болса, онда бұл — үлкен апат, сонымен қатар, енді түзетуге болмайтын апат.

— Жолдастардың тандап алып отырған жолының қате екендігіне менің көзім әбден жетеді. Құрылыстың қазіргі халі, соның апатқа ұшырайтынын көрсетеді,— деп Грубский қайтадан орнынан тұрды.

— Құрылысты «апат» халінен шығарып алу үшін және үкіметтің тапсырмасын орындау үшін бізге не істе дейсіз?

— Амал не, менің ешқандай ұсыныс жасауға дәрменім жоқ,— деп Грубский шынын айтып салды.— Мұншалықты қысқа мерзімде нефтепровод салып бітіру мүмкін емес. Бұл тәрізді ақыйқатты кейін көп адамдардың еңбегі босқа сарп етілгеннен соң мойындағаннан гөрі, қазірдің өзінде мойындаған тәуір болар еді.

Өлкелік комитеттің секретары Грубскийге тым жақтырмай қарады.

— Грубский жолдас, мұныңыз ақылға салмай, ойланбай берген нашар жауап. Бұл мәселені ойластырып, қабырғаңызға кеңесуге уақытыңыз жеткілікті-ақ болып еді.

Қолын төмен салып жіберіп Грубский жұмған аузын ашқан жоқ, ол Дудиннің тесіле қарағанына әрең шыдады.

— Нефтепроводты салуға болмайды деген сіздің сәуегейлігіңізді кім қостайтынын білесіз бе? — деп сұрады Писарев. Даусы үнді, жуан болатын, ол асықпай сөйледі.— Ойлаңызшы, Геббельстің ойы сізбен бір жерден шығады. Я, я, ашуланбай-ақ қойыңыз,— деді аздап даусын көтеріңкіреп, Грубскийдің селк ете түсіп, өрепкіген түрін сезе қойып.— Сіздің есіңізде болсын, соңғы кезде Геббельстің тапсыруы бойынша немістің журналдарында сіздердің құрылыстарыңыз жайында жазыла бастады. Фашистердің жазғандарының мәні мынадай: большевиктер Тайсиннен Новинскіге дейін нефтепроводын салуға әрекеттене бастапты-мыс және оны буырқанып толқыны аспанға атып жатқан Джагда бұғазының суы астынан жүргіземіз деп байбалам салатын көрінеді. Большевиктердің бұл ермегінің сондайлық практикалық маңызы жоқ, бірақ бұл бір мәселе жөнінен ғана назар аударуға тиісті, мұның өзі соғыс бірнеше жылға созылады деп сенім туғызуға тырысатын совет пропогандасының үлгісі. Сайып келгенде, олар күштерін жұмсасын-ақ, нефтепроводтарын салсын-ақ,— дейді Геббельстің

итаршылары: — Соғыс жақында аяқталады, ал олардың істеп бітіргендерінің бәрі біздің қыйыр-шығыстық одақтастарымызға қалады... — Писарев аздап кідірді де, қатты сықақпен келекете: көзқарастарыңыздың бұл сықылды бір жерден дәл шыққаны үшін сізді құттықтау ғана қалды...

Грубский бірденө айтпақ болып ұмтылып еді, бірақ ешнәрсе айта алмады. Ол шалқалап барып отыра кетті де, бетін колымен басты.

— Беридзенің ұсынысы қандай тәуекелдік екенін сіз болжай алмай отырсыз! — деп зорға айтты да, ақыры Писаревтен Дудинге қарады. — Біздің қазіргі жұмсап жатқан барлық қымбат бағалы қаржымыз желге кеткенмен бірдей болатынына, сіздердің көздеріңізді қалай жеткізем...

Писарев басын шайқады да, креслоны сықыр еткізіп кейін сырғытып орнынан тұрды:

— Америкадағы кейбір мырзалар да дәл осы тәрізді сәуегейлік жасайды: олардың ойынша Советтерге нефтепровод үшін материал жіберудің қажеті жоқ болыпты-мыс, дейтіндеріне әбден түсінемін. Не үшін? Соғыстан олар ұтылып қалды, егер де бір керемет болып қалған күннің өзінде де, олар нефтепроводты тайгаға дейін жеткізгенмен, ол жапондықтардың қолына түседі. Онда біздің ақшамыз бен материалымыз жылай кеткені. Грубский жолдас, мен сізге мынадай кеңес берер едім, сіз тегі өз сөзіңіз жайында қабырғаңызға қатты кеңесіп көріңізші. Құрлыс басшылары бізге арыз айтқан емес, бірақ Беридзе мен оның жәрдемшілерін қаншалықты сергелдеңге салғаныңызды жақсы білеміз. Сіз көрнекті, беделіңіз бар инженерсіз, әрине, сізден қолды бір-ақ сілтеп құтыла алмаймыз... Мен сіздің сөзіңізді зейін қойып тыңдадым, сіздің шынын айтқанда, құрылыстан біржолата қол үзуге әкеп соққан адасуыңыздың себептерін ұғуға тырыстым.

Беридзе мен Алексей жым-жырт үнсіз отыр. Писаревтің таққан кінасының ауыр салмағы сондай, тіпті Грубскийдің белін бүгілдіргендей болды.

— Сіз жағдай мен жауапкершілік дегеннен айрылғансыз, — деп сөзге Дудин килікті. — Беридзеге неге жәрдемші болмадыңыз? Тополев қайсысы дұрыс екенін түсінді ғой... Тәуекелге бел байлаудан үрейленіп, одан бастартуды тәуір көрдіңіз бе? Тәуекелге бел байламайынша, өмірде қандай күрделі нәрсе істеуге болады.

Алексей мен Беридзе бір-біріне қарасты. Өлкелік комитеттің секретары Батмановтың мәжлісте айтқан сөзін тегіс дерлік қайталап айтып шықты. Дудин темекі тартты. Басқан қадамының тықырын естіртпеуге тырысып, қалың кілемде аяғын ептеп басып жүрген Писарев те отырып, темекі тартты.

— Жолдас Батманов! — деді ол біраз тым-тырыстан кейін.

Батманов түрегелді:

— Тыңдап тұрмын.

— Бүгіннен бастап инженер Грубскийді жұмыстан шығарылды деп санауға бұйырамын. Оның сіздердің араларыңызда болуы зыянды. Ал мұның үстіне, ол өзі бұған сенбей тұрғанда, бұл сықылды даңқты құрылыстың салушылары қатарында саналу құрметіне тұрмайтын адам.— Писарев Грубскийге бұрылды да: — Я, мен сізді құрылыстағы жұмыстан шығарамын, тәуекелге бел байлау ісіне босатамын. Өз қатеңізді мойындаған уақыттың өзінде де, сіздің құрылысқа қайта оралуыңызға мені мойын сұндыра қою соншалықты оңайлыққа түспес деп ойлаймын... Менің айтқанымды ұққан боларсыз? — Мемлекеттік Отан Қорғау Комитетінің өкілі қайтадан Батмановқа бет бұрды.

— Ұқтым.

— Менің Грубскийге беретін сұрағым жоқ,— деді Писарев Дудинге.

— Сізге рұқсат,— деді өлкелік комитеттің секретары Грубскийге.

Ол өзіне арналып айтылған сөзді, ұқпаған адамша, бірер минут орнында мелшиіп отырып қала берді де, соңынан орнынан тұрып, ауыр қадаммен есікке қарай барды.

Мұның бәрінің сондайлық тез істелгені Алексейді қайран қалдырды. Ол Дудин мен Писаревке ерекше бір құрметпен қарады, олардың басында жалғыз нефтепроводын салу жөніндегі жауапкершілік қана емес, Москвадан табандатқан он мың километр алыста, жау елімен шектес байтақ жатқан адам айтқысыз зор өлкенің тағдыры жайындағы жауапкершіліктің көлемі туралы ойына алды.

— Әңгімемізді ертеңге дейін тоқтата тұралық,— деп Писарев орнынан тұрды.— Сіздердің жобаларыңыздың дұрыс екендігіне әбден сенемін. Бірақ, біз Дудин жолдас екеуіміз бұл жайында Мемлекеттік Отан Қорғау Комитетіне баяндауымыз керек.

Мәжілістен кейін Беридзе машина сұрап алды да, асығыс біржаққа кетіп қалды. Батманов пен Залкинд өлкелік партия комитетінде бөгелді; аппарат қызметкерлерімен көп мәселелер жайында келісіп алу керек еді. Ковшов жалғыз қалды.

— Қонақ үйге бар, дем ал,— деп кеңес берді Залкинд.— Мен босаған соң, қызымды ертіп саған келемін. Үшеуіміз бір жаққа барамыз.

Алексей әдеп сақтап, Залкинд пен қызының кездесуіне бөгет жасаймын ғой деген оймен, бірге қыдырудан бастартты.

— Мен қаланы қыдырамын, өлкелік музейді көремін, кешке музыкалы комедияға барамын. Бізде Либерманның інісі

туралы айтып жүр ғой. Ол сондай-ақ жақсы ма екен, соны көремін.

— Жарайды, қыдыр.

— Беридзе қайда кетті? — деп сұрады Алексей.— Оның түрі сондай, сұрауға батылым бармады.

— Сірә, ол зыйратқа кеткен болар,— деп шамалады Залкинд тұнжырап.— Мен оның Машенькасын жақсы білетінмін. Қандай әйел еді десеңізші, достым Алеша! Біз оған бәріміз бас иетін едік. Момын, бір тал селеудей нәп-нәзік болатын, ал қажырлылығы адам айтқысыз болатын. Ол Новинскіде сондай тапсырма алды, кез-келген еркек шыдай алмас еді! Ол кезде қаланы ауыртпалық басып, жұрт аштық пен суықтың зарын тартты, жұқпалы дерт жұрттың бәрін тегіске жуық қаусатты. Өзі — инженер, ал дәргер де, ауру бағушы да, санитарка да, кір жуушы да болып кетті... Даусы ауыз сырнайдың үніндей, тіпті сондай: егер ол бұйрық етсе, тас та жан бітіп, орнынан қозғалар еді. Мұндай кісінің орнын басарлық адам табу қыйын, біздің Беридзенің осы күнге дейін не үшін жалғыз жүргендігін мен жақсы түсінемін.

Залкиндікі дұрыс екен: Беридзе қаланың сыртындағы зыйратқа кетіпті. Алты жыл ішінде ол мұнда қыстыгүні бірінші рет келіпті. Сирек шыққан ағаштардың арасын қар басып қалған, тек қалың қардың астынан қоршаудың қарайған қадалары мен биік темір крестер ғана сораып көрініп тұр. Күзетші қарт күтпеген келушінің соңынан ере, қарға малтығып, бұрқылдап сөйлеп жүр:

— Қыстыгүні мұнда ешкім келмейді. Жаздыгүні жақсы: айналаның бәрі көгереді, гүл шығады, күн жылынады. Жастар келіп, мұнды әндер салады. Өзеннен де музыка даусы келіп тұрады...

Оған көңіл бөлместен Беридзе тасқа жазылған көрінер-көрінбес жазуға қарап қойып, моланың тастары мен крестердің арасын кезіп жүре берді.

— Таба алмаймыз,— деді күзетші күні бұрын.— Көктемде кел, мола ешқайда жоғалмайды.

— Аулақ кет, қарт,— деді Беридзе ренжіген түрде, бұрыла беріп.

Күзетші аулақтады, бірақ кетіп қалған жоқ, қар астындағы қасиетті моланы қайтсе де тауып алуға ұйғарған қара сақалды ғажап адамға қараумен болды.

— Қымбатты адамыңды жерлеген болуың керек,— деді қарт қайғылы дауыспен.

Ауа көгілдірленіп құлаққа ұрған танадай жым-жырт болып жатқан бұл арада ымырт қараңғысы қоюланып келеді, ал Беридзе молаларға сүріне түсіп, зыйраттың ішін әлі кезумен жүр. Осылай жүріп отырып өзенге қарай төніп тұрған қоршау-

дың ең шетіне жетті де әлі құрып, тұрып қалды. Қайтадан шегініп, қай жерден іздеуін біле алмады, айналаның бәрі тұп-тұтас аппақ қар жал-жал болып мызғымастан жатыр, тек күртік үстінен жай борасын көтеріп ақырын ғана жел уілдейді.

«Өлген адам өмірден өшіп жоғалады, сүйіктім оған ештеңе істей алмайсың,— деген Машеньканың нәзік, ақырын даусы кенет естіліп кеткен тәрізді болды.— Бірақ сен оқта-текте маған келіп жүр, тым болмаса жылында бір рет келіп кет, сонда мені сен ұмытқан жоқ екенсің деп ойлармын. Адамға қажет тұрмыс пен өмірді сүре бер, өзінді шаттық пен бақыттан құр қалдырып жүрме, мен үшін тек ойыңнан ғана орын қалдыр. Өмірден із-түсіз, біржолата құрып кету зәбір болады».

— Енді ізі өшіп, белгісі де қалмаған,— деп жауап берді күйінген Беридзе өзіне-өзі.— Өмір бұлардың бәрін осы қарға ұқсап апталар, күндер, жылдар бойы қаптап басып қалған!

Георгий Давыдович суықты сезбестен, ағаш қоршаудың арқалығын қысып ұстап тұр. Сәті түспеген іздеу сапары, оған кенет бір айыбына қарай кездескен ырым тәрізді болып көрінді, өзінің берген анты бола тұра, шексіз жақын, нағыз сүйікті адамын әбігер ішінде жүріп ұмытып кеткен — ол былай тұрсын: Басқа адамды сүйіп, өткенді естен шығарған.

— Кеш мені,— деп сыбырлады ол.— Кеш!

Басқаның кайғысына ортактасқан күзетші, оның кейінгі жағында, таяу жерде тыңдап тұр еді.

...Келесі күні құрылыс өкілдері, бұл жолы Грубскийсіз, тағы өлкелік комитетке шақырылды. Оларды тағы да Дудин мен Писарев қабылдады. Келгендер орын алып отырғаннан кейін, Писарев жұқа еріндерінің шетін қозғап қана езу тартып өлкелік комитеттің секретарынан:

— Бұларға айтамыз ба, қалай,— деп сұрады.

— Бәлки, айтуға тура келер,— деп келісті ол көңілдене.

— Біз кеше телефон арқылы құрылыс жайында Сталин жолдасқа баяндадық,— деді Писарев әсерлене.— Сталин жолдас жобаны мақұлдады және нефтепровод салуды өзіне тән стратегиясы мен тактикасы бар, өзіне тән қыйыншылықтары мен құрбандықтары бар үлкен сұрапыл ұрыспен тең көретіндігін айтты. Батманов және оның құрылысшылар армиясы ұрыста жеңіп шығатындығына Сталин жолдас сенім білдірді, өйткені шабуылдың жоспары дұрыс және жеңу үшін барлық жағдай бар...

Батманов, Залкинд, Беридзе және Ковшов бәрі бір кісідей орындарынан тұрды. Алексей өз жүрегінің соншалықты дүрсілдеп соққанын сезді.

— Алексейдің қобалжыған түріне назары түсіп:

— Қовшов жолдас, ұятқа қалмаймыз ба? — деп сұрады Писарев жас инженерден.

— Ұятқа қалмаймыз, жолдас Мемлекеттік Отан Қорғау Комитетінің өкілі! — деді Алексей тәптіштей сөйлеп.

— Ал, енді учаскелеріңізде не істеліп жатқанын айтыңыздар, — деді Писарев. — Дудин жолдас екеумізге өздеріңіздің тілектеріңіз бен талаптарыңызды қойыңыздар.

Батманов бәрін баяндады, ұсақ-түйек мәселелерге дейін қамтып айтты. Оның жадының тамашалығы сол, ешқандай жазып алған қағаз көмегін тілеген жоқ. Құрылыс бастығы цифрларды, адам аттарын, материалдарды бөгелмей шұбыртып атап жатыр, тіпті осылардың бәрі оның басына бөлек-бөлек жатталып қойған тәрізді. Әңгіме стенограммаға жазылып отырса да, Дудин Батмановтың өтініштерін блокнотқа сызып алып отыр.

— Былай, қадірлі жолдас, — ол екі қолымен бірдей столға сүйеніп орнынан тұрды. — Мен бұғаздан бір жаман хабар алдым. Темір пісіруші Умара Магомет — құрылысқа оны мен өзім жіберген болатынмын — осы аса маңызды учаскеде жағдайдың өте нашар екенін жазады. Төзуге болмастай жолсыздық. Ол Мерзляков жайында арыз етеді, учаске бастығының фамилиясы осылай ма еді? Умара — коммунист, мен оған сенемін. Істің мәні қалай? Сіздерден бұғазға кашан, кім барды?

— Шынымды айтайын, онда әлі жете алғаным жоқ, — деді Батманов. — Новинскіге қайта салысымен, Беридзе жолдаспен екеуміз дереу бірге баруға деп отырған учаскеміз осы еді. Біз онда жұмысты әбден жөнге салғанға дейін боламыз. Мен онда әзірше — әрі сенімді, әрі жігерлі адам Панковты жібердім, мұндағы ойым кейін Мерзляковтың орнына осыны қоймақпын. Неге екені белгісіз Панков зым-зыя хабарсыз жатыр.

— Умараның дабылы аса қауіпті, — деді Писарев. — Есіңізде болсын, Батманов жолдас, егер де мен немесе Дудин жолдас сізден бұрын бұғазға барып қалсақ, онда сіз қолайсыз жағдайда қалып жүресіз.

Батманов сенімді түрде басын көтеріп:

— Мен бұғазға дереу кетпекші екенімді сізге тағы қайталап айтып тұрмын. Күні осы уақытқа дейін онда ұзақ мерзімге кетіп қалуға менің хақым болмады. Бүкіл құрылыс мәселесі, қаншалықты қыйын болғанмен де, бір учаскенің мәселесінен, — маңыздырақ болды. Ал, онда бірлі-екілі күн бола салып қайтудан ешқандай мағна жоқ еді. Инженерлерге әзірше бұғазда істей қоятын ешнәрсе болмады: тағы бір естен шығармайтын нәрсе, оның техникалық міндеті тек Тополевтің ұсынысымен жуықта ғана шешілді. Панков тәрізді адам учаскеге қандай

инженерден болса да артығырақ керек еді. Оған не болып қалғанына мыйым жетпейді.

— Сіздің уақытты босқа өткізбегеніңізді білемін,— деді оны қостаған және азырақ күлімсіреген Писарев.— Сіздің құрылысқа жасаған басшылығыңызда ойланып істелген жоспар барлығы көрініп тұр, ол жоспарды менің іліп-шалғым келмейді. Бірақ әбден ақылға салып, пішіліп жасалған жоспардың өзінде де қатерлі жаңылыстар болуы ықтимал.

— Тіпті қазірдің өзінде де бұғазда жағдай нашар, оған көзім жетіп отырса да, Писарев жолдас пен Дудин жолдас, сіздер келгенге дейін ол арада тәртіп орнайтындығына сенім беремін...

— Біз Новинскіге бүгін қайтып ораламыз,— деді Батманов Залкиндке қарап.

...Түнде, Беридзе мен Ковшов вокзалға бару үшін машина күтіп қонақ үйіндегі номерде отырғанда, қатты алқынған Залкинд кіріп келді.

— Алеша! Достарым! Немістер Москва түбінде талқандалыпты. Жүз мыңға жуық фашист жойылыпты! Құттықтаймын сіздерді! Масайраңдар, достарым, масайраңдар!— Сөйтіп қуанышты хабардан сасқалақтап қалған Алексейді парторг өзіне қарай тартты.

Оныншы тарау

БҰҒАЗҒА БАРАТЫН ЖОЛДА

Төртінші сапарда шофер Махов сәтсіздікке кездесті. Осы жерге дейін машина жақсы жүріп келді де, кенеттен мотор болар-болмас тарс ете қалды. Мотор қайтадан тарсылдап, пысы етіп барып сөнді. Машина жүріп келе жатқан екпінімен тағы бірнеше метр барды да, тоқтады. Құлаққа ұрған танадай жым-жырт болды.

Махов есігін ашып еді кабинаға суық жел кіріп, бетін қарып кетті. Ол базадан шықпас бұрын-ақ күннің суықтығы қырық бес градусқа дейін жетті деген хабарды естіген болатын. Махов радиаторды жапқан жабуды көтеріп, машинаның шамын жағып көрді. Мотор салқындай бастады, суық сай-сүйектен өтіп барады, шоферға үстіндегі шолақ тон да, мақталы киім де қорғаныш бола алған жоқ. Махов асығып карбюраторды ашты. Карбюратор бос болып шықты: я бензин ағатын түтік бітеліп қалған, яки болмаса ол мөлшерінен жаңылып, бензині таусылған.

Маховтың саусақтары икемге келмей қалды. Қолының тонып ауырғанына шыдай алмай қабағын шытып, бензин проводының аузын бұрап ашты да түтікті алды. Ең ұнамсызы енді басталады. Махов түтікке ернін тақады да, қатты үргіледі. Кіш-

кене қар кесегі атып шықты, жан-жаққа бензин шашырады, жанармай жоқ болды. Махов көзін жұмды да, трубаға қарылып жабысып қалған ернін жұлып алды. Ернінен шыққан қанын жалаған күйінде әбден тоңған қолымен түтікті орнына салды, сонсоң карбюратордың жерге түскен болтын іздеді. Ақыры ол болтты да тапты, оны көпке дейін қолымен ұстап алуға икемі келмеді.

Ызаланып әрі үрейленген Маховтың екі көзі жолда болды. Неге екені белгісіз Солнцевтің машинасы көрінбейді. Солнцевтен жанармай алып және оның көмегімен машинаны жүргізуге болатын еді. Мұнымен Солнцевтің ұтатындығы батады. Екеуі жарысқа түскеннен бері Солнцевтің алғаш рет бірінші болып келгелі тұрғаны осы, ал сыйлық беретін ларектің буфетші қызы Муся Кучина бұрынғысындай Солнцевке емес, оған, ал атап айтқанда мазақтаған пішінмен Маховқа: — «Сенің күндес-досың бұдан жарты сағат бұрын жүгін түсірді, кофеін ішіп, темекісін алып, шылым тартты да қайтадан жаңа сапарына жүріп кетті», — дейді.

Бірақ қазір сыйлық қайғысы қайда, керек десе алда болу да кімнің есінде тұр. Махов болтты алып болғанша қол деген мүлдем қатып қалды, ең жаманы машина суына бастады. Шофер екі қолын дамыл алмай тізесіне ұра берді. Қенет оның құлағына радиатордың суыққа қатқан түтігінің сықырлағаны естілді, бұл дыбыс оның жүрегіне бір нәрсені сұғып алғандай болды. Ол жалма-жан машинаның суын ағызуға жүгірді, бірақ Солнцевтің машинасының келе жатқанын көрді де тұра қалды.

Махов қолын былғағанда, машина тоқтай қалды. Солнцев кабинасынан шықпастан, күндесіне кекесін күлкімен иегін көтерді, сөзге келмей жатып жанармай беруден бірден бастартты.

— Міне қызык! — деп айғайлады ол, даусын жүріп тұрған моторының шуынан басымырақ шығарып. — Атыңды маған бер де өзің жаяу жүре бердің кебі ғой, жанармай өзіме де жетпейтін түрі бар көрінеді. Қалай болса солай салдыр-салақ жүрмессің. Және саған қарайласу маған да қолайсыз ғой. Әзірге сау бол!

Ол кабинаның есігін сарт еткізіп жапты да, жүріп кетті. Мелшиіп тұрып қалған Махов тұлабойын кернеген ызаны сыртқа шығарарлық сөз таба алмады. Тек машина алыстап кеткеннен кейін, Солнцевтің құлағына естілмейтін кезде ғана оған сөз дарыны пайда болды.

— Жолдасыңды пәледе қалдырып кеттің бе, иттің баласы екенсің! — деп Махов жұдырығын түйе Солнцевтің соңынан жүгіре айғайлады, — «Әй дарашыл, арам неме. «Дарашыл» деген сөз Роговтың осылай деп атағанынан бері шоферлардың арасында ұрысқанда айтылатын сөзге айналып кеткен-ді.

Байып таппай безектеген Махов өз машинасын есінен шығарды. Ол жолдың үстінде тұрған күйінде орнынан қозғалмады, алыста көз ұшында қарасын үзіп бара жатқан Солнцевтің машинасына көзін тігіп, бейнебір көз күшімен тоқтататын кісідей телміре қарады. Содан ол машинасына қарай келіп, от жаға бастады, отқа жылынған саусақтарының қан-қақсап ауырғанынан айқайлап жібермей әрең шыдады. Отқа күйбіндеп жүрген Махов біржарым тонналық жүк машинасының қасына қалай келіп тоқтағанын да аңғарған жоқ, машинаның кабинасында отырған шофер нанай жігіті екен. Бұл келген ауданға кетіп бара жатқан сельсоветтің председателі Максим Ходжер еді. Маховтың қырсыққа ұшырағанын білген соң ол да, шоферы да тіпті сөзге келместен бензин ал деді.

— Саған трубаларды жеткізу керек, бұл маңызды жұмыс, менің кейін қайтып кетуіме де болады,— деді Ходжер, жанармайды бір бактан екінші бакқа құйысып жатып.

Көңілі лоблығын Махов, бойын билеген қуаныш сезімін сыртына шығарып айта алмай, тек Ходжердің қолын қатты қысты, кабинасына кіріп, отырғаннан кейін ғана суыққа тоңған ернін азар кыймылдатып:

— Максим, жақсылығың бұл дүниеде есімнен кетпес. Сен мені ажалдан құтқардың. Енді мен саған үлкен борыштымын.

Үш километрдей жүргеннен кейін Махов қырау қатқан шынысы арқылы алдында тұрған машинаны көрді. Ол алдыңғы доңғалағымен жол шетіндегі күрткік қарға кіріп кеткен, бұл күйінде машинаның үстіңгі жәшігі мен тіркегіштегі трубалар жол үстіне көлденең тұрып қалған. Машинаның жанында қарбаңдап Солнцев жүр. Жақын келіп қалған машинаны көріп, ол қолын көтерді. Махов машинаның жүріс жылдамдығын өзгертіп, аздап баяулатты, бір-ақ тоқтаған жоқ, тек кабинаның есігін ашты да:

— Қоныс жайлы болсын! — Радиатордың суын ағызып жіберуді ұмытып кете көрме. Менің беретін кеңесім, уақытты босқа өткізбей көмек сұрап барып қайт, онша қашық жер емес, он-ақ километр. Аман есен көріскенше сау бола тұр! — деді айқайлап.

Махов оның қасынан ептеп қана өтті. Бұл кезде ол тұлабойын қысқан ыза мен ашудан әбден арылған еді. Бір минуттан кейін оның жүрегін бір сезім биледі. Солнцевтің машинасының тұрысына қарағанда, ол кейін бұрылуға әрекет жасағанын ұқты. «Тегі маған қайтып оралмақ болған ғой» деп ойлады Махов.

— Мұндай арамдықты өзіңе өзің ешқашан кешірім ете алмассын! — деп даусын шығара айтты да, машинасын тоқтатты.

Махов уһлеп-аһлап, труба тиелген прицеппі әрең дегенде

ағытты да, жол үстінен айналып бұрылып кейін қарай жүрді. Солнцев оны қуана-қуана қарсы алды:

— Бауырым, сен маған кешірерсің, — деді ол Маховқа айыбын мойындаған пішінмен. — Мұндай мейірімсіздікті қалай істегеніме мен өзім де жөнді түсінбей қалдым. Барып тұрған дарашылдықтың өзі... Сенің ерніңе не болған. Қан ағып тұр ғой. Мә, мына орамалмен ақырындап сүртіп жібер...

Екеуі бірлесіп батып қалған машинаны жолдың үстіне сүйреп шығарғанша едәуір азаптанды.

— Кетіп қала алмадым, тастап кетуге арым бармады, — деп жайын айтты Солнцев. — Бұрыла берем дегенде, асығыстық жасаймын деп жолдан шығып оппа қарға түсіп кеттім. Мен сол арада аңырып есімнен адасқан адамдай болдым, бұл өзім үшін емес, бір сен үшін қатты қапырық жегендік еді... Ал сен менің жанымнан өте шыққанда, мен тіпті титтей ашуланғаным жоқ, өйткені сенің аман-есен құтылғаныңа қатты қуандым. Неге екенін білмеймін, сенің кетіп қалмай қайтып оралатыныңды білдім... Айтшы осы, бізде бұл қайдан жүрген капитализм...

Бұлар біріне-бірі қарасты да, екеуі де күліп жіберді. Махов қан-қан болған шылымның тұқылын анадай жаққа лақтырып жіберді де, батылырақ сөйлеп:

— Бұл уақытқа жайында жұмған ауызды ашпайық. Жұрттың алдында ұят... Ұқтың ба?

Бұл сапардың қалған жолында екеуі бірге жүрді, ларекке де бірге кірді, шоферлар үшін тамақ ішуге арналып ұйымдастырылған жылжымалы асхана автобус осылай деп аталатын. Трубалардың «арғы жақтан бері қарай» тасу әдісін енгізгеннен бергі уақыттың ішінде ларек трубаны түсіретін кезекті рейстің ең соңғы пунктіне келіп тұратын. Жүкті тиісті жеріне дейін тасып жеткізген шоферлар нормадан тысқары, қосымша, бәйге ретінде таңертеңгі тамақ алып отыратын болған.

Көшпелі буфеттің қожасы қызыл шырайлы қыз Муся Кучина буы бұрқырап кіріп келген шоферларға аң-таң болып қарады. Бұлар үстеріндегі шолақ тондарын машинада қалдырып кеткен. Екеуінен бірдей бензиннің иісі аңқып тұр.

— Тіпті бұл маған таңырқарлық нәрсе! Екеуі бірдей ешқашан да келіп көрген емес еді. Солнцев бүгін Маховты қалай қуып жетті екен? — деді Муся.

Муся осында Беридзе, Ковшов, Тополев, Филимонов және Либермандармен бірге отырған Батмановқа бұрылып қарады. Құрылыс бастығы өз бригадасымен шалғай жатқан учаскеге бара жатып, бой жылытып шығу үшін Мусяның көшпелі ларегіне тоқтаған-ды. Бастықты көрген шоферлар сасқалақтап, сол орындарында тұрып қалысты.

— Кіріңіздер бері, достар! — деп шақырды Батманов олар-

дан көзін алмастан.— Сыйлықтарыңызды алыңыздар, сөйтіп оның қаншалықты қыйындықпен түсетінін айтыңыздар. Роговтың учаскесінде тасу жұмысының соншалықты шапшаң жүріп бара жатқанына мен таң қалып отырмын.

Махов пен Солнцев бас киімдерін шешті де, кең автобустың ішіне қойылған столдардың біріне отырды. Бұларға Муся да лезде келіп жетті, ол подносқа салып буы бұрқыраған екі кружка кофе, май жаққан нан мен шылым алып келді. Ерні біртүрлі бет бейнесінен ерекше қызарып тұрған Маховқа тесірейе қарады да, Муся тағатсызданып, қайта-қайта қоймастан:

— Сен бүгін неге кешіктің? Ернің не болған? Аязда кіммен сүйісіп жүрсің? — деп сұрады.

Махов жауап қатпастан кружканы алды да, соған бас қойды. Сол арада басын жұлып алды, өйткені ыстық кофе оның ерінін күйдіріп жіберді.

— Жолда менің машинама сынды, мені қыйыншылықтан мынау құтқарды. Карбюратормен сүйісуге тура келді,— деп жауабын оның орнына Солнцев берді.— Ұқтың ба?

— Әбден ұқтым! — деп Муся көңілдене түсті, Батмановқа көз қыйығын аударып жымыя қарап. Батманов бірденелер жайында Либерманмен сыбырласып отыр.

— Достар, әзірше кофені қоя тұрыңыздар. Мұнда бізден берілетін де азын-шоғын сыйлық бар,— деп Батманов шоферларға қарады.

Сыпайы күле қарап Либерман бұлардың алдына бір бөтелке спирт пен консерві және екі тақта шоколад қойды.

— Батманов жолдас, рахмет,— деді Махов алдындағы бөтелкені ептеп әрірек итеріп қойып.— Бізді тек сыйлық үшін ғана тырысып істеп жүр деп бекер ойлайсыздар.

Батманов бүкіл жол бойында уақыттың бір минутын бекер өткізбей, бұғазға жету керек деп инженерлерді асықтырумен болды. Бірақ Муся Кучинаның автобусы оған қатты ұнап кетсе керек, ол өтіп бара жатқан шоферлермен әңгімелесіп осы арада екі сағат уақыт өткізді. Күні бойы суық сорған оның қасындағы серіктері бұл тәрізді жылы жерде отырарлық жағдайдың кездескеніне қатты қуанысты.

— Сыйлық үшін тырысып жүрген жоқ екенсіңдер ғой? — деп ол танданған адамдай болып сұрады.

— Одан да гөрі маңыздырақ нәрсе бар ғой, Батманов жолдас, майданға көмектесіп жатырмыз,— деп нығыз жауап берді Махов.— Солнцевтің досы Ракоссовскиймен бірге соғысып жүр. Немістерді Москвадан қуып шыққан. Солнцев нормасын біржарым есе орындауға оның алдында міндеттеме алды. Кеше ол жүз елуден асырып орындады.

— Жеңіс туралы естігеннен бері біздің еңсеміз көтерілді,— деді Солнцев.— Ковшов жолдастың әдісі, әрине іске жақсы

жәрдем етті. Сондықтан тасу жұмысы жөнге салынды, қазір учаскеде жолшыбай түсіріліп, далада бетімен жатқан труба таба алмайсыз.

— Ковшовтың әдісі емес, Маховтыкі, — деді Алексей шофердың сөзін жөндеп.

— Сөйтіп, сыйлық беру текке-ақ қолданылған екен ғой, — деді Батманов өзімен-өзі сөйлескен адамша, бұл әңгімеден өзіне қажетті басқа бір мақсат көздеп отырған адам тәрізденіп.

— Текке емес, — деп, Махов өте байыпты әрі салмақты сөйледі. Батманов оның жап-жас уылжыған бет пішініне мейірі түсіп, сүйсіне қарады. — Тайгада өзі туралы қамқорлықты кездестіру әркімнің де жүрегіне жылы тиеді. — Ол көз қырын Мусяға қаратып, жымыйып күлді. — Қазір біздің мына кофе кұйылған кружка өнімнің көрсеткіші тәрізді болып алды. Бір-бірімізден қанша труба тасыдың деп сұрамаймыз, неше кружка кофе іштің деп сұраймыз. — Қызға тағы бір қарап қойып, өршелене сөйлеп: — Я, егер өзінің жақсы автобусымен бұл жерде Муся болмаса да, бәрібір жақсы істеуге тырысқан болар едік.

— Солай ма? — деді Муся албырттана. — Ескертуіңізді жадымызға алармыз, Махов жолдас!

— Жолдастар, сіздердің сыйлық үшін тырысып жүрмегендеріңізді солай-ақ түсінген болатынмын, — деді Батманов жұмсақ дауыспен. — Менің сөзім көңілдеріңізге келіп қалып жүрмесін. Ал мына жатқанды, — ол стол үстіне Либерман жайып салған тағамдарға басын изеп көрсетіп, — сыйлық деп санамаңыздар.

Көп ұзамай әңгіме көпке ортақ болып кетті, инженерлер шоферлардан учаскенің жұмысы, тұрмысы жайында сұрастырды.

— Сөйтіп, трубаларды тасудың бұл әдісі, дегенмен, кімдікі болып шықты? — деп сұрады Батманов. — Маған мұны ешкімге жарияламай жасырып ұстағысы келеді екен дегенді айтқан еді.

— Жана әдіспен тасып жүрміз ғой, сол жарайды. Ал тіпті сайып келгенде, ұсыныс жасаған кім екенінде тұрған не бар, — дегенді айтты Махов.

— Жалпы алғанда, дұрыс болып шыққан, — деп ризалығын білдірді Батманов. — Бұл туралы айтқыларың келмейді екен, керегі жоқ, жасырын сырларың іштерінде-ақ сақталатын болсын. — Ол Мусяның бетіне қарады. — Сіздердің тағы бір жасырын сырларыңызды байқап көріп отырмын.

Әңгімеге Муся да қилікті:

— Құрылыс бастығы жолдас, Маховтың ісінің неге бұлай болу себебін мен сізге айтып берейін. Егер бұл жөнде сізде де дұрыс пікір болмай қалса, ол жақсы емес... Қателесіп кет-

пеу үшін, Махов әуелі әдісін сыннан өткізді, ал оны басқаларға ұсыну әлі ертерек деп есептеді. Міне, дәл осы кезде инженерде сап ете түсті,— қыз жақтырмаған пішінмен Ковшовка қарады.

— Қорғаушы болғаныңа! — деп ұялып күбір ете түсті Махов. Орнынан тұрып, бас киімін киді.— Бастық жолдас, машина жанына баруға мүмкін бе? — деп сұранды ол Батмановтан.— Біздің алда тағы екі рейсіміз тұр.

— Рұқсат,— деді өзі де орнынан тұра беріп Василий Максимович.— Бізге де қозғалатын уақыт жетті, Мусяға қонақ болып көп отырып қалдық... Махов жолдас, айтқандайын, менің сізге тағы бір айтатын ұсынысым бар. Мен бұғазға бара жатырмын, ол араға да маған жүректі, батыл жігіттер керек. Аралға көп жүк тасуға тура келеді, бұл — әрі үлкен, әрі қыйын жұмыс. Сізді бұғазға ауыстыруды ойлап отырмын. Мусяны да автобусымен сонда жіберемін. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

Барлығы ду күлісті, Муся буфеттің алдындағы қалқанның тасасына жасырынды.

— Муся өзіне-өзі қожа, маған ешқандай қатнасы жоқ,— деп қабағын түйе жауап берді Махов.— Ал, менің келісуім қажет болса, өз басым әзірмін. Қазір біздің учаскемізде тыптыныш болған тәрізді. Одан қала берді, бастығымыз Роговпен кош айтысқан маған да зыян болмас. Ол мені «дарашыл» деген атаққа ұшыратты, ұсыныс жасап оған бармай, өз бетіммен жол тапқаным үшін маған деген өкпесін ұмытар емес.

Бұлар далаға шықты. Үскірік аяз тыныс тарылтып дем алдырмайды. Муся иығына бушлатын жамыла салып, шоферлардың қалдырып кеткен консервілері мен шоколадын өздеріне беру үшін жүгіріп далаға шықты.

— Бізді қорғағаның үшін мұны сен ал! — деді Махов, ашулы түрмен шоколадты Мусяға қайта беріп жатып, бір көзін құрылыс бастығынан айырмай.— Суыққа селтиіп шыға қоюдың жөні жоқ: термометр күннің елу градус суық екенін көрсетіп тұр!

Батманов Рубежанскіден қайта салысымен-ақ инженерлер мен Либерманды ертіп трассаға жүріп кетті. Барлық участкелерде де бұларды қуанысып қарсы алды. Құрылыстың күрделі шаруашылығында минут сайын көптеген мәселелер туып жатты, бұларды не Батмановтың өзі, немесе инженерлер, я болмаса жабдықтау ісінің бастығы шешулері қажет болды.

Жолға алғаш шыққан бетінде бұларға Залкинд біраз еріп жүрді. Ол Батманов пен бірлесе отырып, үшінші учаске жұмысының егжей-тегжейін анықтады, сөйтіп қайткенмен де Ефимовты босатып, оның орнына Темкинді қою керек деген тоқтам-

ға келді; бұл ақырын дауысты, тығыршықтай адам учаскенің шын қожасы еді. Оны тағайындау жөніндегі бұйрыққа Батманов бірден қол қойды. Ефимовты заводка Тереховтың өзіне қайта жіберермін деген оймен Залкинд оны Новинскиге алып кетті.

Жақын учаскелердегі машақаттар арасында жүріп-ақ, Батманов өзі жетуге ынтызар болып келе жатқан шалғай учаскелердің қамын жеп жарғақ құлағы жастыққа тиген жоқ. Барлық жерде де адам жетіспейді, солай бола тұрса да, ол бұғаз арқылы салынатын өткелге керекті адамдарды қай учаскеден болсын алып жіберуге болады деп есептеді. Жұмысын Новинскіден келген инженерге тапсырып, Некрасовқа дереу жолға дайындалуды тапсырды: оның алдында Тополевпен бірге бұғазда өте зор көлемде дәрімен взрыв жасау жұмысын жүргізу міндеті тұр еді. Төртінші учаскеде Батманов ағайынды Пестовтарға онымен бірге кетуді бұйырды.

— Қуырылмай-ақ қойыңыздар, сіздер басқарманың иек астында отырсыздар, сіздерде кадр да, баска мұқтаж да әрқашан керегінше табылады,— деді ол Мельниковтың жасаған қарсылығына жауап ретінде.

Бұғазға тезірек жетуге асыққандықтан, құрылыс бастығы бірге келе жатқандарды бір жерде ұзақ аялдатпай зыр қақтырды. Демалу деген тіпті болған жоқ; бірер жерге қонуға тоқтасымен, олар дереу жұмысқа кірісіп кетеді, ал таңертең бұл жұмыстан мойын бұрарлық мүмкіндік болмай шығады. Өзімен бірге бұлтартпай сүйрей білген Батмановтың қатаң мінезі болмаған күнде, олар учаскелердің әрқайсысында апталап отырған болар еді.

Төртінші учаскеде Беридзе трассаның біраз жерін жылжыту жөніндегі бір техниктің ұсынысымен шұғылданды. Осы араны өзі барлап шығу үшін, ол бірнеше күнге аялдағысы келді.

— Түсінсеңізші, аялдауға болмайды,— деп сендірді Батманов.— Тек бір қызық нәрсе көрінсе, оған басты қатыра бермеңіз... Техниктің ұсынысын тексеру үшін учаскеде өзіңнің салпақтап жүруіңнің тіпті қажеті жоқ... Сізсіз өздері де шеше алады. Бізге бұғазға жету керек. Біз жолшыбайғы уақытты тек ең басты, кезек күттірмейтін мәселелерге ғана жұмсауға тиістіміз.

Бірақ өзінің осы қатал нұсқауынан кейде оның өзі тайқып жүрді. Трассадағы тіршілік әрекет оны да қызықтырып, өзіне еріксіз тартты. Ондаған мәселелер әрі басты, әрі кезек күттірмейтін болып көрінді. Нефтепроводтың бұғаз арқылы өту қамына қатты ойланып жабырқаған Батманов Роговтың учаскесіне келгенде әжептәуір көңілденіп кетті. Оған тек Мусяның көңілді автобусы ғана ұнап қойған жоқ, бұл тамаша ұйымдастырылған берік коллективтің жалпы творчествосындағы бір кіші-гірім ғана елес қой.

Осы жуықта ғана Батманов, оның сонынан Беридзе мен Ковшов учаскелерде болған, ал енді, бұлар қазір қадам басқан сайын адам айтқысыз өзгерістер енгендігін байқап отыр. Бұларды бәрінен қатты қуанытқан нәрсе: аз уақыттың ішінде Роговтың трубалардың басым көпшілігін трассаға тасып жеткізгені, ал оның үштен бірін желіге тізіп тастағаны болды. Қазір ақ қардың үстінде қарайып жатқан трубалардан тартылған желі талай километр жерге созылып жатыр.

Селектор арқылы сөйлескен баяғы белгілі әңгімеден кейін Батманов пен Рогов жүз көріспегенді. Бұлар енді шоферлардың әрі таза, әрі жайлы жатақханасында кездесті: мұп-мұнтаздай болып жыйналған төсектер тұр, терезелерде марлыдан жасалған перде, еденге жол кілем төселген. Жатақханада жеке жасалған бет-қол жуатын үй мен жұмыс киімін шешетін бөлме бар. Батманов үйге кірісімен-ақ, Роговтың жатақхананы үлгілі ету жөніндегі берген уәдесін есіне түсірді. Василий Максимович шын ниетімен разы болды, бірақ тырнақ астынан кір тапқандай апшысын қуырып:

— Көріне көзге мынау «Потемкин деревнясы» ғой! Роговтың өзі, әрине, төбесін де көрсетпеген шығар, өйткені ол атүсті осындай сахналық декорация жасаумен шұғылданып жүр... Шоферлардың бұл кроватьтары әшейінде қандай қоқып жататынын көзге елестетуге болады!

— Сіздің осы көріп отырғаныңыз олардың әшейіндегі түрі! — деп дәлелдеді Роговтың орынбасары Хлынов.

Ол Батманов пен оның жанындағыларын бесінші учаскенің шекарасында кездестіріп, содан бері қарай ертіп алып келген болатын.— Шоферлар бұған әбден разы, ал біреу-міреу ластайтын болса, бәрі соған жабылады. Қамкоршылары Муся Кучина, ол тазалық пен жыйнақтылыққа өте катал адам.

— Дегенмен, сіздердің бастықтарыңыз кайда? — деп сұрады Батманов кроватьға таяу отыра беріп, төсек жайларының тазалығына әбден көзін жеткізу үшін одеялды түріп, простыняны қарады.

— Мен мұндамын, Василий Максимович,— деді Рогов солғын дауыспен.

Ол кірген беті елеусіз босағада тұр еді. Ине-жібіне дейін қаралып шығатын сынға даярланып, Рогов күні-түні бірдей учаскенің бір шетінен екінші шетіне дейін аралап шыққанын Батманов түсіне қойды.

— Сонымен, сыртын жылтырату жұмыстары бітті ме? — деп сұрады Батманов, Роговқа жақындап келіп, бетіне тура қарап қойып.

Рогов жұмған аузын ашқан жоқ, өйткені бұл сөзде аздап болса да шындық бар екендігінен ол тана алмады.

— Амансыңба, Александр Иванович? — деп амандасты Батманов.

Рогов құрылыс бастығының балғадай, тегеурінді қатты қолын қысты.

— Жүдегенсің, әрі ынжырғаң түсіп кеткен. Әлде бір жағдай болды ма? — деп сұрады Беридзе де Роговпен амандасып жатып.

— Жәй әшейін, — дей салды Рогов, өзінің бар назары Батмановта болды.

— Науқас ол. Салқын тиген. Төсек тартып жатқысы келмеді, отыз тоғыз градус ыстықпен жүріп жұмыс істеді, — деп мәлімдеді Хлынов. Роговтың зілді көз қарасын көрмеген адам тәрізденіп.

— Сырқаттанды дейсіз бе? — деп қайта сұрады Батманов.

— Түк те емес! Тұмау да ауру болып па! — деді біртүрлі қынжылып күйгелектенген Рогов.

— Қобалжымай-ақ қой, — деп сыбыр етті жанында тұрған Алексей. — Мәселенің бәрі шешілген, сен бізбен бірге барасын.

Ковшовтың Роговқа не айтқанын естімесе де Батманов түсіне қойды да, басын шайқады.

— Енді қалай істеудің ретін таба алмай тұрмын, — деп толғанды ол. — Сірә, ауру адамды сүйреп жүрудің жөні келмес. Және учаскені есіз қалдырып кету де қорқыныш. Бұл жұмысты Хлынов алып жүре алар ма екен?

— Сап-саумын, өгіз кара күшім бар! — деді Рогов бар пәрменімен. — Учаскенің жұмысы Хлыновтың қолынан келетініне кәміл сенемін. Шынын айтқанда, мен оған жұмысымды тапсырып та қойдым.

Батманов мейлің дегендей қолын сілтеп:

— Жарайды, әзірлен ендеше.

— Болады! — деп барық етті Рогов. — Полищукті, шоферлардан Махов пен Солнцевті, диспетчер Муся Кучинаны өзіммен бірге ала кетуге рұқсат беруіңізді сұраймын. Олар осыны тілек етіп сұрайды.

— Менің ойымша, керісінше, шофер Махов сенімен ажырасу тілегін білдірді... Дегенмен, жақсы, егер де Хлынов қарсы болмаса бара берсін. Бұлар енді оның адамдары. Соның өзімен келіс. Мен де одан бұғазға асбасшы Ногтевті және ағаш кесушілер Шубин мен Фантовты босатсаң қайтер еді, деп сұрағалы отырмын.

— Біз Хлыновпен тіпті келісіп те қойдық! — деді Рогов жұлып алғандай. — Келісіп едік қой? — деп ол Хлыновтан сұрады.

Хлынов күлімсіреп:

— Келіскен болып тұрмыз ғой. — Ол Котеневпен көз алысып алды және оған ақырын ғана: — Бізді тонап, ең жақсы адамдарды әкетіп жатыр.

— Іштене етпес, шыдармыз,— деп жұбатты ол.— Бұғазда жағдай ауыр, ол жерге қажырлы жігіттер керек. Ондай адамдарды бізден алмағанда, қайдан алады?

— Қабылдап алған учаскенің жайы жөнінде толық баяндаманы мен сізден штабта күтемін.— Батманов ұзын бойлы, икемсіздеу келген Хлыновқа сын көзімен қарады.— Содан кейін сіздің қызметке тағайындалуыңыз туралы бұйрыққа қол қоямын.— Алексейдің жанынан есікке таман өтіп бара жатып Батманов оған күбір етті: — Әй, сен, есіркегіш бала! Барлық ісімді бүлдірдің. Бұл асаудың өзін аздап азаптау керек еді, мұның оған пайдасынан басқа зыяны тигеуші еді!

Сол күні-ақ ілгері қарай жүріп кетісті. Автомашинамен тек жетінші учаскеге дейін ғана барды. Желді, боранды күннен кейін мұзды жолдың үстіне үйілген омақа қарлар кездесе бастады. Машиналар бөгеліп, кейде Батмановтың ызаланғанына ерегескендей, ұзақ тоқталды. Бір жерде қарға мүлдем омбылап қалып, машиналарды екі километрдей жерге жабылып жаяулап сүйреп апаруға тура келді, өйткені маңайда көмек күтерілік жер жоқ еді.

Бұдан кейінгі жерде, бұғазға дейін жабық шанамен барды. Алда жүріп отырған Батмановтың шанасы болды, оны жұрт «флагмандық» шана деп атады. Ол үлкен тонға оранып, шанада жалғыз өзі жатты. Окта-теkte қосшыларының бірін, Алексейдің қалжың етіп айтқанындай, «қыйсайып жатып баяндама тыңдауға» шақырып отырды. Басқалар екеу-екеуден мінді, олар әңгімемен, айтыспен жол қыскартты. Саяхат «флагмандық» шананың берген белгісі бойынша учаскелерде және трассаның басқа жерлерінде түсіп аялдап отырумен бара берді.

Алексей мен Рогов бір шанада келе жатыр; бұлар араларында үдей түскен достықты сезісті де, бір шанаға әдейі мінген болатын.

— Алешка, бұғазға келе жатқаным өте қуаныштымын,— деді Рогов, жанында жатқан Қовшовты өзіне ақырын ғана қыса түсіп.— Сіздердің Новинскіден шыққандарыңызды естігеннен кейін-ақ бастық мені ала кете ме, жоқ қалдыра ма деп үнемі ойлаумен болдым. Менің учаскемде жұмыс ретке салынды, сонсоң зеріге бастадым. Ал маған жарғақ құлағым жастыққа тимей, бас қатқанша істеу керек. Батмановпен бірге болуды мен көптен арман етіп жүрген едім, қалай басқаратынын көргім және үйренгім келеді... Мен оны не үшін сүйемін? Ол ылғый жұмыс талап етеді, ұрсады, ешуақытта жылы сөз айтпайды! — Роговтың даусынан мақұлдағандық естіледі.

— Сен онымен жатақханада кездескенде қатты қысылып қалдың!..

— Я, қысылғаным рас, бірақ не үшін екенін өзім де айта алмаймын. Мен ешкімге де жұмсақтық жасамаймын ғой: бұл

менің бала кезімнен ұстаған ережем болатын-ды, күніне он рет қызыл шеке болып төбелесетінмін. Ал оның алдында мысым құрып қалады!.. Ол мені алғаш кездесуде-ақ арбап алғаны есінде бар ма? Сонда мен Уссурий орманының Жолбарысындай-ақ заһар шашып келген едім. Оның екі ауыз сөз айтуы мұң екен, жолбарыстан мысыққа айналдым да кеттім.

— Онда мен шын жүрегімнен сенің жағында едім,— деп есіне түсірді Ковшов.— Мен де майданға жіберуді сұранып, оған рапорт берген болатынмын. Ол сол арызды осы уақытқа дейін сейфке салып сақтап келеді. Мен бір жұмыспен онда болғанымда, рапортымды суырып алып өзіме көрсетті де: «Берейінбе?» деп сұрады. Аздап ойланып отырды да қайтадан тығып қойды. «Әлі ертерек, әзірше жата тұрсын...» — деді.

— Алеша, сендермен кеткім келгеннің тағы бір себебін айтайын, саған. Маған әзірше Новинскіден мойны қашық жерде болғаным жақсы.

Роговтың даусы қалтырап шықты. Алексей оның бет пішінін көре алмай жатқанына өкінді.

— Не себепті Новинскіден мойны қашық жерде болғың келеді?

— Бұдан бірнеше күн бұрын мен өз терімнің ішіне өзім сыймай кете жаздадым. Бар ойым Ольга туралы болды, анау әлгі Хмара еске келіп түсті. Жүрегім өртенді. Айтпақшы, сендердің барлығыңның Рубежанскіге кеткендеріңді естідім. Машинаға отырып алып, Новинскіге жүріп кеттім! Ешқайда бөгелместен отыз сағат жүріппін... Бірақ сен үндеме, бастыққа аузыңнан шығып жүрмесін, онда менің құрығаным. Айтпайсың ба?

— Әрине, айтпаймын. Я, сені қалай қарсы алды?

— Түнде келдім. Есікті Серафима ашты, оның қандай екенін білесің ғой, құшағын жая, қолын беріп қарсы алды. Тонымды шешпестен Ольганы бас салдым. Ол төсекте сырқаттанып жатыр екен, бір өзі жалғызсыраған тәрізді. Ол менің келгеніме танданған жоқ, тіпті әуелі баста қуанған тәрізді көрінді. Өң жоқ, түс жоқ жабыққан пішінін көре салып, мен аяғына жығылдым. Ольганың жараланған қолын сүйіп жатып, біртүрлі бақыттан және сондайлық қайғыдан қамығып тынысым тарылғандай болды. Оның көзі жасқа толды... барлығын жас жауып кетті... Жасы тарам-тарам болып аққан бетін бетіме тақап жас балаша өксіп-өксіп жіберді.

— Рогов біраз үндемей қалды.

— Я, айта бер,— деп өтінді Алексей.

— Сөйтіп менің бакытым тез-ақ өшті. Ольга тек қамығып отырған минутте ғана маған қуанып қалған екен, ал мен тіпті ұшқалақ ойлаппын... Серафима бізді көрді де көңілі босап, даусын шығармай жасын төге жылады. Ольга бірден бойын бе-

кіте бастады, шыға тұруды өтінді, тұрып киінді де, мені сөуге кіріспесін бе! «Неменеге шапқылап жетіп келдің? Кім рұқсат берді?»—«Жүрек рұқсат берді.—Ол барлығының қожасы...»—деп жауап бердім. Ол бетіме тесірейе қарады да, самайыма дейін қолымен басып қарап, қызуымды өлшеді. «Құдай көрсетпесін, отыз тоғыз да үш». Беридзенің бөлмесіндегі диванға жатқызып, Серафима екеуі емдеуге кірісті. Мен соның өзіне де разымын, тек соның маңында болсам екен! Саған күлкі тәрізді ме?

— Тіпті күлкі емес.

— Сен аузыңды қолыңмен жауып күліп жатқан тәрізді естілді.

— Сен жарымес екенсің, Александр! Я, сонымен ақыры не болды?

— Болған, біткені осы. Тайып тұруға тура келді.—Роговтың даусы бәсендеді, ол бұл еске түсіруден ренжіп қалды.—Өз үйінде де қондырмады, учаскеге жібергісі де келмеді: егер ауру екенсің — ауруханаға жат,— деді. Мен қапысын таптым да, кашып кеттім...

— Сен онымен бетпе-бет сөйлесуге әрекет жасап көрмедің бе? Константин оны үнемі, алдап жүріпті. Өзі де ит өлімімен өлді. Ольга оның жайын айтқанда оған деген көңлінің қалғандығын жасыра алмайды...

— Мен оған былай дедім: «Сенсіз мен тіршілік ете алатын емеспін. Немесе өлтір, немесе қума!» — деген сөзді Рогов алыстан тартқандай аузынан азар шығарды.

Аунап түскенде ол денесінің бар салмағымен Алексейді жанышты.

— Аю! Ольга саған не деп жауап берді?

— Түк жауап берген жоқ, түк!.. Бір нәрседен үрейленген адамдай сырт айналып кетті. Жетім балаша мөліп тұрып алды, ал менің жақын баруға батылым бармады... Алексей, сен маған ақыл берші, енді менің не істеуім керек? Мен осы күнге дейін күткен едім... күтумен келіп едім!.. Бұрын бірденелер кедергі жасаған сыяқты еді. Енді ол Константинға деген көңілін мүлдем суытты. Бірақ мені сүймейді және ешуақытта сүймекші де емес!

— Менің байқауымша, сен оны түсінбейтін тәріздісің,— деді, біраз кідіргеннен кейін Ковшов.— Ольга сені жақсы көреді және бұл сүйіспеншілік күннен күнге арта түспек. Ол саған кіршіксіз шын көңілмен келуді қалайтын адам. Қазір, Константинмен арадағының бәрі біткенімен де, көңілі әлі қапада, қатты толқуда. Оның қаншалықты азап шеккенін ойыңа салшы. Мен әбден түсінемін. Ол қатты сүйді, тегі бұл оның тұңғыш рет сүйі болу керек. Кейіннен бұл түкке тұрмайтын махаббатты ойдан шығарып, онымен күресуге тура келді. Ол біресе жақсы көретін, біресе жек көретін тәрізденді. Кейін Ольга оның май-

данда екенін біліп аяй бастаған. Егер де Ольга қорғалак, нашар адам болса, ол саған пендесіп, өзі іздеп келіп, пана іздер еді. Оның бұлай істегісі келмейді,— мұнысы тіпті жақсы. Сен шыда, сабыр ет, мазасын алма...

Рогов Алексейді шын ықласымен тыңдады, оның танауратқан демалысы көңілінің қатты қобалжуын білдіріп тұр. Ол Алексейдің сөздері мен өзінің күдіктерін сыннан өткізіп отырған адам тәрізденді.

— Сенің сөздерің тек мені жұбату үшін ғана айтылған тәрізді,— деді ол тістене сөйлеп. Маған қоштасарда былай деді: «Бұдан былай маған келуші болма. Егер де қажет болса, мен өзім жазып жіберемін... Мен үшін алаң болмай-ақ қой. Хмараның маған түкке де керегі жоқ. Бастан өткен уақығалардан кейін мені ешнәрсе қорқыта алмайды...» Қысқасы, ол маған өте сыпайы түрде шығатын есікті нұсқады...

— Жок, сен оны тіпті түсінбейсін! Маған наншы, менің айтқаным дұрыс. Сенің ынтызарлығың мәселені дұрыс түсінуге кедергі жасап отыр.

— Алексей, жетер енді! Сен өте қайырымды жолдассың, бірақ маған жүрегімді басатын дәрі берудің қажеті жоқ. Басқа бір мәселеге көшейік.

— Айтпақшы, мен Рубежанскіде Хмарамен кездестім,— деп есіне түсірді Алексей.

— Қалайша? — деді Рогов немқұрайды дауыспен.

— Көшеде қыдырып жүр едім, ойда жоқ жерде кездестім.— Онда көшелердің қандай қызық екенін білесін ғой: таудан тауға «Жамбастай отыра қал да, сырғанай бер...» Ол қоярда қоймай үйіне шақырды. Барғым келмеп еді, бірақ бардым: қандай орынсыз әуестік десейші. Кейде мынадай да болады ғой: сұмпайы-ақ адам, бірақ қызық мінезді.

— Ольганы тағы еске түсірген болар?

— Оның маған бар айтқаны,— деді Алексей: — Ольга оған қатты ұнайды екен, оның сонынан жүрер де еді, бірақ маған деген адам айтқысыз достық сезімі үшін Ольганы менің қамқорлығыма қалдыратын болды,— Алексей бұл сөзді айтқанда қараңғы шанада отырып жымыя күліп, Роговтан әдейі алыстап жылжып отырды.

— Мен саған қамқорлықты көрсетермін! — деп Рогов шынымен қоқан-лоқы жасады.

— Мен Хмараның үйінде Грубскийді кездестірдім. Олар, тіпті баяғыдан бері дос екен, Грубский бір кездерде Рубежанскіде істепті. Хмараға көз жасын төгіп, жүрек шерін тарқатуға келсе керек. Менің бетіме де қараған жоқ. Хмара өзінің досына соншалықты қаталдық жасайсындар деп мені кіналады. Адам қателескен екен, оны сонша жекелеп қуалаудың қажеті қанша? Дегенмен, оның Грубскийге аяныш білдіруі, оған мен-

сінбей карауымен де ұштасып жатады екен. Грубский ұйқтауға кеткенде маған былай деді: «ынжырғасы түсіп кетті!.. Ер адам қыйыншылық күндерде пісіп қатып кетуі керек қой...»

— Дұрыс айтылған сөз,— деп күлк етті Рогов.

— Дұрыс екені дұрыс, бірақ нендей пыйғылмен айтылған. Жалпы алғанда, сол жолғыдан кейін менің Хмараға деген жиренішім зорая бастады. Ол мені өте жақсы қарсы алды. Жең ұшынан алынған толып жатқан тағамдар мен шараппен сыйлады, Хмараның өз сөзімен айтқанда «таныс әйелдерді» шақыруды ұсынды. Менің бұдан ат-тонымды ала қашқаныматаң қалды. Бара-бара ол маған мүлдем жексұрын көрінді. Ол туралы Ольганың айтқаны тіпті дұрыс: бос кеуде, оған ең қымбат нәрсе өмірде болатын болмашы уақ-түйек қуаныштар деп еді... Қатаңырақ айтқанда... Шіріген адам... Жанға батағын нәрсе: мұндайлар өмірде жақсы, сүттейі таза-ақ адамдармен кездеседі де, соларды былғайды. Қабырғаға іліп тастаған түрлі суреттердің ішінен мен бір портретке таңырқап қарадым — кімнің портреті екенін білесің бе?

— Ольганыкі ма?

— Жоқ, Таня Васильченконікі... Бұл мені қатты таңырқатты, мен шыдай алмай, бұл портрет қайдан келген деп сұрадым! Ол айтқысы келмегендей, көңілсіз кейіппен жауап берді: «Ол Ольганың айрылмас досы ғой. Осында оқыған, Родионовтарға жиі-жиі келіп жүретін. Мен оны, әрине, айналдырғанмын.» Таня жөніндегі осы сөздерден кейін, іле-шала ол тағы бір екіұшты мағна беретін бірдеңелерді айтты: мен шыдап отыра алмадым, қоштастым да шығып кеттім.

— Кездесер ме еді бұл сұмпайымен, көрер едік нағылған адам екенін!

— Сенің бұл тілегің орындалатын сыяқты. Ол жуырда геологиялық экспедициямен Тайсинға келетінін айтқан болатын, бізге көршілес бір жерде болмақшы. Егер де сен оны тайга ішінде кездестіріп, қайсыбір нәрселерді жұдырық арқылы түсіндірсең, мен тіпті қарсы болмас едім!

— Тіпті жақсы! — Рогов жұдырығын қатты түйді.

Оның тұлабойындағы күші бұлақтай тасыды. Ол Алексейді құшақтай алып, қалжыңмен жаныштай бастап еді, Алексейдің әбден зықысы шығып, бассауға сұрады...

Соңғы шанада келе жатқан Филимонов пен Либерман. Екеуі де зор денелі, тар шанаға азар сыйып отыр. Либерман байып таппай аунақшып, «дүниенің шетіне» тезірек жетуді арман етті. Бүкіл жол бойына, тіпті өзі де түсінбестен, мазасызданумен болды. Ленинградтан жаудың қоршауынан құтылып шыққан әйелі мен қызын қарсы алуым керек деген сылтаумен,

бұл сапарға шығудан басқармада тайқақтағысы келуінің өзі тегін емес-ті.

Батмановтың жанында үнемі жып-жыйнақы мұнтаздай болудың қажеттігі, бұрын өте аз білетін және олардың саналуан мүдделерін мүлдем түсінбейтін адамдармен бүгінде қоян қолтық келушілік, түрлі әсерлердің алмасып отыруы, тек қазір ғана әбден түсіне бастаған құрылыстың адам айтқысыз кең құлашы — міне осылардың бәрі Либерманды қатты толқытты. Оған дүние біртүрлі кеңіп кеткен тәрізденді және өз басының істейтін қызметі күтпеген жағынан кенет жарқ етіп ашылғандай болды.

Оныншы учаскеде Батманов мұның қасындағы учаскеден неге артта қалып отырғанының егжей-тегжейін тез анықтады. Іздеп тапқан фактілері арқылы мұның барлығына учаске аппаратының жұмысты бірлесіп келісе отырып істемеуі айыпты екенін көрсетті. Мұнда адамдар жағдайды және өздерінің міндеттерін әбден түсінетін сықылданды, сүйте тұрса да, іс кеңсешілдік сүйретпеге белшеден батуда еді. Учаскеде, мәселен, бір килограмм шеге алу үшін бірнеше басшылармен сарғая сөйлесіп талай рет қағаз жазып әурелену арқылы ғана керек екендігін өз көзімен көруге Батманов Либерманды тыпыр еткізбестен мәжбүр етті. Учаске штабының негізгі бөлім меңгерушілері, көрші бөлмеде отырып тіпті кезек күттірмейтін мәселелер жайында, бірімен-бірі түкке тұрғысыз қағаздар жазысумен болған. Либерман өзі мен Федосовты кішкене ғана айнадан көрген тәрізденді.

— Бұл қағазбастылыққа салынуға қашаннан бері түсіп алғансыздар? — деді Батманов, учаскенің өндірістік мәжлісінде. — Мен сіздерде жуық арада ғана болғанымда, мұндайды көрмеген едім.

Аппараттағы адамдарды қолынан іс келетініне қарай орын орнына қоймайынша және тәртіп орнатпайынша, бұлар ілгері қарай кетпеді. Бірақ, басқарманың адамдары бұдан кейін де, совет мекемесі мен совет қызметкерлері қандай болу керек дегенді ұзақ әрі қызу талқылаумен болды. Либерман бұл талқылауға қатынасқан жоқ, бірақ олар оның қытығына тиіп, қатты қыпжылтты. Филимонов пен оңаша қалғанда ғана, ол, кешігіңкіреп қалса да, өзі пікір айтпақ болды. Мұның өзінде, не себептен екені белгісіз, оларға ешкім тиіп отырмаса да, шаруашылық қызметкерлерін ақтап, қорғаған болып шықты.

Филимоновтың әдейі қытығына тию үшін, Либерман инженерлер нефтепровод құрылысында болсын, тіпті бүкіл жерде де болсын, айрықша артықшылық жағдаймен пайдаланады дей бастады. Ол: инженерлерге жұмыс істеу тіпті оңай, оларды әрқашан да қолдап отырады, техникалық нормалар өмірдің бар кезеңіне сай келетін бес аспап құрал.

— Айталық, міне сен, Филимонов инженерсің, сен не білесің? — деп қызылөңештенді Либерман. — Машина сақадай сай тұру керек. Машинаға май құю керек. Ол машинаны даярлығы мол шофер жүргізеді. Бар болғаны осы! Міне бұлардын бірде-бірі болмаса машина да тоқтап тұрады, жұмыс орнынан екі елі қозғалмайды! Ал менде, бастан асып жатқан саны жоқ: адамдарды норма бойынша тамактандыру және оларды жұнтай етіп киіндіру керек, жақсы тұрмыс, жағдай жасау керек. Шешетайым-ау, мейлі жарылып кет, бірақ тамақ пен киімді қамтамасыз ет!.. Міне Федосовтың халы да осы тәрізді. Бар мұқтажыңды сен одан талап етесің, ол сені қамтамасыз еткенде ғана жұмыс істейсін. Мұның бәрін Федосовтың қайдан алатыны сенің қатеріңе де кіріп шықпайды!..

Филимонов өзінің әдеті бойынша үндемеді немесе танданып қана пікір білдірді. Оның бұл түрінен Либерман көршімді ызаландырған шығармын деп ойлады:

— Егер шаруашылық қызметкері болу соншалықты ауыр болса, онда қызметіңізді неге өзгертпейсіз? Өмірі жәй ғана өмір емес, күнде той-думан болып жатқан инженерлік қызметке неге ауыспайсыз? — деп тіл қатты Филимонов.

Либерман оның бұл сөзін құлаққа ілген жоқ, өз ойын шұбыртып соға берді:

— Сіздерге, инженерлерге барлығы жеп-жеңіл орала кететіндіктен және «а» әріпнен «я» әрпіне дейін барлық ережелеріңіз кітаптарда жазылып қойылғандықтан, сіздерде тым асқақтаушылық, аңғал батырлық өз-өзінен пайда болады! Шешетайым-ау, міне саған мысал, инженер Ковшов! Жасына карағанда ол әлі бесік табы белінен кетпеген бала, ал, сөзі профессордың немесе әулиенің сөзіндей. Дүниеде оның білмейтіні жоқ, әрі ол ешнәрсеге күдіктенбейді!

— Инженер Ковшовтың сенімінің кілті, оның өз ісіне нанатындығында жатыр, — деді Филимонов ашулы түрмен. — Ол алдау-арбау дегенді білмейді және ашықтан-ашық қыймылдайды. Мен оның жалған сөйлемейтініне және бір нәрсе істесе жеке басының қамын ойламай істейтініне көзім әбден жетеді. Бұл саған неге жақпады? Оны саған мен-ақ айтайын! Сен өзің дәл осындай сенім мен бір беттіліктен жұрдай адамсың. Сенімен әңгімелесіп тұрған уақытта, әрбір сөзіңнің аржағында айтылмай бүгіп тұрған бірдеңе бар сықылды сезімде тұрасың. Көп адамдардың сенімен мемлеге келуі өте қыйын деп арыз айтуы да тегін емес. Алдамасаң көңілің көншімейді, тіпті сол алдаудың керегі жоқ болып тұрса да, сен сүйтесін!.. Өз жұмысына жалған мән туғызып, оның адам айтқысыз қыйындығын қатқабат етіп, ал басқа қандайлық бір жұмыс болмасын жеңіл-желпі етіп көрсеткің келеді, бұл не үшін керек? Сен барған адамның қайсысына болсын әрдайым шамаңнан келгенше өті-

нішін орындамауға не себептен тырысасын немесе оның өтінішін орындаған уақыттың өзінде де әуелі алдын ала кыйқансыйқанды көбейтіп, сұрағанынан екі есе аз бересін? Женяның сені қалай сөккені есінде бар ма? Жұрттың бәрі оны бірауыздан қостады, тіпті ешкім қарсылық айтқан жоқ қой. Егер білгің келсе, сен расында адамдарды сүймейсін және оларға сен бейсің.

— Шешетайым-ау, бұл не деген үлкен айып тағу еді! — деп Либерманның даусы қатты шығып кетті. — Егер мен дәл осындай болсам, онда мені соттау керек қой!

— Бұрмаламай-ақ қой. Адамның мінез-құлқындағысының бәрі қылмыс заңымен таразыланып жатпайды. Егер де іс олай болған күнде, сен қазір менімен емес, тергеушімен сөйлесіп отырған болар едің. Ал тек бір сен ғана жабдықтаушы емессің, саған ұқсастар да толып жатыр. Солар неге осындай болады екен, менің білгім келетіні сол?

— Неге? — деп айғайлады Либерман. Филимонов оның қытығына тиіп кетті.

— Тегі, мұның себебі, материалдық заттарды, тіпті өзіндік болмаса да, тонның ішкі бауындай жақын көретіндіктен болу керек. Бірқыдыру шаруашылық қызметкерлерінде буржуазиялық сауда-саттықтың ең жаман жұқпалы әдеті тым ұзақ уақытқа дейін арылмай келеді. Капитализм қалдықтары бұлардың санасында, басқаларға қарағанда, тым шабан жойылады.

— Сен, капитализм қалдықтары мен буржуазиялық сауда-саттық жөнінде тілінді тартыңқырап ұста! Мен шаруашылық жұмысында тісімді сарғайттым, бар өмірімді осы жолда сарып еттім, ал өз мамандығым жағынан академик болмаса да ең құрығанда инженерге тең түсемін, жабдықтау жұмысын сен өз техниканды үйренуден көп бұрын, он жасымнан бастадым. Қазір мен міне, құдайға шүкір, қырық беске келдім.

— Олай болса, мереке өткізу керек! Таң қаларлық нәрсе, неге екенін кім білсін, күні бүгінге дейін жабдықтау жұмысының академигі Либерманды наградтау туралы указды кездестіргенім жоқ.

— Әлі көрерсің! Нефтепроводты бітіріп тапсырайық, мені де наградтайды. Шешетайым-ау, мен қайтсе де наград алмай қоймаймын!

— Тәңірім нәсіп етсін! Айлалы жабдықтау ғылымын ұната қоймасам да, бірінші қол соғамын.

— Сен жабдықтау жұмысымен шұғылданған адам емессің, сондықтан мұнда айласыз және епсіз адам түк бітіре алмайтынын білмейсің. Батманов мұны жақсы түсінеді!

— Мұның бұлай екеніне сенгім-де келмейді, оның үстіне, айла менен епке Батманов көз жұмып қарайды дегенге тіпті нанбаймын. Сол айтып отырған Алеша Ковшовтың өзі, жаб-

дықтау жұмысында сенен гөрі басқаша істейтіндігіне менің көзім әбден жетеді.

— Шешетайым-ау, бұл мені өзінің Алеша Ковшовына теңейді!—деп шыйқылдай айғайлады. Либерман.—Сен мені онымен теңемей-ақ қой! Оның өмірі бала жастан-ақ, шыны сықылды мөп-мөлдір! Мен оның жыйлыста өзінің өмірбаянын айтқанын естідім... Оның әкесі заводтың қат танымайтын жұмысшысы, ал баласын оқытқан. Ковшов мектептен институтқа түскен, институттан құрылысқа кеткен, міне енді — белгілі адам! Оның жолы садақтың оғындай түп-түзу: пионерден комсомолға, комсомолдан партияға кірген. Өмір оны мен сыяқты езіп-жаншып әуреледі ме екен? Оған дүкенде қол бала болып тентіреудің зарын көруге тура келген жоқ, ол заманда саудегердің қарамағында малай бала адам есебінде жоқ болатын, кім болса сол қорлауға хақы бар, ұрсу мен зекіруден басқа бір ауыз жылы сөз естімейтін! Сенің Алешаға кісі есігін тімсініп жүріп жұмыс сұрауға тура келген жоқ, ол ешкімнің алдында бас иіп арын сатқан жоқ!

Либерман мұның бәрін күйінішті түрде, қызына сөйлеп айтты. Филимонов жұмған аузын ашқан жоқ; ол бұл адамның өзі туралы ешбір қалжыңсыз және күмілжімей шындығын айтқанын тұңғыш рет естіді. Либерман да үн қатпай қалды, тегі ол өзінің мойындап сөйлегенінен ұялып қалған болу керек.

— Тыңдағың келсе, бір нақыл сөз айтайын? — деді, бір минут өткеннен кейін, енді орнықты дауыспен.— Мұны маған айтқан менің жұмыс сұрай барған қожаларымның біреуі еді. Тыңдайсың ба?

— Айта бер,— деп келісті Филимонов.

— Бір күні, бір жас жігіт сатушы болып жалдануға келеді. Қожасы оны басынап-аяғына дейін қарап шығады да былай деп сұрайды: «Ғазиз адам, сатушы болуға жарар ма екенсің? Оңай іс емес, айтасы көп іс қой» — «Қожам, мұнда қандай айла тұр дейсің? Мен сол сатушылардың талайын көргемін». Үй қожасы сөз арасында терезеге қарайды да, кенеттен бір нәрсеге алабұрта бастайды: «Әй шырақ, ана жол үстінде көрінген не?» — «Бір арбалар келе жатыр?» — «Бұл неғылған арбалар екен? Қане соған жүгіріп барып, біліп келе ғой!» Жас жігіт үкідей ұшып барып, ентігіп қайтып келді. Ол көргенін баяндай бастады: «Шаруалар сұлы әкеле жатыр» Үй қожасы селт еткендей болып: «Олар сұлыны қайда апара жатыр екен?» — «Мен бұл жерін сұрамадым. Барып сұрап келейін бе?» — «Әрине, сұрау керек еді. Бірақ асықпасаң болмайды, олар едәуір жер ұзап кетті». Бала жігіт тағы жүгіріп кетті. Қарасуға түсіп терлеп қайгып келді: «Сұлыны Поповка деревнясына апара жатыр» — «Неге апара жатыр екен, білген жоксың ба?» — «Жоқ. Біліп келейін бе» — «Біліп келе ғой. Бірақ, олар тіпті кө-

рінбей, көз ұшында ұзап кетті» — «Ештеңе етпейді, мен қуып жетемін!»... Жас жігіт дымы құрып, тәлтіректеп азар жетті: «Саудагер Сизобрюховқа сатуға апара жатыр» — «Қанша сұрайды екен? Пұтына қанша сұрайды екен!» — деп өңештеді үй кожасы: «Алда тәйірі-ай сұрамаппын!» деп өкінді жас жігіт, енді біліп келуге баланың өзі сұранбады. Үй кожасы: «Пұтына қаншадан сұрайды екен, сен біліп келсең қандай жақсы болар еді», — деді. Амал нешік? Бала жігітке арбалыны тағы қуып баруға тура келді. Көп уақытқа дейін ол оралып қайта алмады. Ес кетті, жан шықты дегенде қара терге батып, екі иығынан демін әрең алып келді. «Пұты бір сомнан екен» — деп айтуға ғана шамасы жетті де, мұрттай ұшып жығылды. «Егер пұтына он тыйыннан қосып берсем, шаруалар бұл сұлысын маған бермес пе екен?» — деп сұрады үй кожасы. Бірақ жігітке қарады да, үй кожасы оның шаруасының біткенін көрді. Содан соң өзінің аға сатушысын шақырды: «Жаңа осы жерден арбалар өтті, Тимофей, оның не апара жатқанын білген жоқсың ба?» — «Білемін, қожам, — деп жауап берді сатушы. — Шаруалар Поповқа, саудагер Сизобрюховқа сұлы апара жатыр, пұты бір сомнан. Сүйтсе де, бізге беруге көнді. Пұтына бес тыйыннан қосып беруді тәуекел етіп мен өз мойныма алдым. Олар бұрылды, қазір осында келіп жетеді». — «Ұқтың ба? — деп сұрады үй кожасы? бала жігіттен. Сатушы болуға жарамайсың. Саған инженер-механикке түсуге кеңес беремін. Оған кім тілесе соған сай келе береді, әне тіпті Филимоновқа дейін инженер болып шық-ты...

Филимонов қарқылдап тұрып күліп жіберді.

— Көңіл жұбатарлық нақыл сөз екен деп мойындады ол. — Бір қызық нәрсе, сол емтиханнан өтпей қалған бала жігіт, академик жолдас, сен емес пе едің?

— Жоқ инженер жолдас, ол мен емес едім. Шешетайым-ау! Егер ол мен болатын болсам, Батмановта жабдықтаудың бастығы болып бір жоғары білімді маман инженер жүрген болар еді де, ал учаскелерде адамдар тырдай жалаңаш және жалаң аяқ жүрер еді ғой...

Учаскелердің біреуінде қонып шыққаннан кейін, Беридзе мен Тополевке бір шанаға отыруға тура келіп қалды, ол көпке дейін біріне-бірі сөз қатпай келе жатты. Кузьма Кузьмичтің ентіккен ауыр демалысы естіледі. Анда-санда Беридзе, «Қасиетті Байкал, «Даңқты теңіз» деп өлең айтып қояды. Бұлар осы уақытқа дейін қызмет бабындағысы болмаса, бір-бірімен шүйіркелесіп әңгімелескен емес, сол қызмет жайлы әңгіменің өзіне де әрқашан Ковшов қатнасып отыратын.

Жолдың томаршасына соғылған шана оқыс бұлаң еткенде инженерлер бір-біріне барып соғылды. Беридзе шалдың лебі-

нен анкып тұрған насыбайдың мұрын жарарлық иісін сезді де күліп жіберді:

— Кузьма Кузьмич мінекей біз енді қоян-қолтық келіп жақындаса түстік. Тегі бізге томсырайыса беру жеткен шығар? Бір-бірімізге кісі киіктене берерліктей себеп жоқ тәрізді. Сіз қалай деп ойлайсыз?

— Сіз дұрыс айтасыз. Шынын айтқанда, бұрын да сондайлық көңілге дық боларлық себеп жоқ еді.

— Бұрынғы себеп — Грубский болатын. Міне, сол себептің сіз, маймөңкелемей айтқанда, нағыз барып тұрған пендесі болатынсыз... Айтыңызшы, енді ол сізге өкінішті емес пе? Қалай десең де, ол жобаға аз еңбек сіңірген жоқ, ал енді бұл күнде қуып шығарылды.

— Жоқ! Қазір ол адам мүсіркегендей, бірақ, оны мен аямаймын, — деп тіке жауап берді Тополев. — Мен оның ықпалының, сіз, өзіңіз айтқан пенде болып бас ұрудың уысында болдым. Грубский тәрізді адамдарды бақайшағына дейін біліп, ала-құласын ашып берген адамға мен сыйлық берер едім.

— Өзіңіз-ақ айналдырып көріңіз, ақшаныз жаныңызда қалады, — деп кеңес берді Беридзе. — Айтпақшы, мергеннің атысына құланның жатысы дегендей, сіздің қазір қолыңыз да бос қой.

— Маған насыбай иіскеп алуға рұқсат етіңіз? Мен мұны ептеп ғана иіскеймін, сіздің көзіңізге түсірмеймін. Мұнсыз мен тағат етіп шыдап отыра алатын емеспін, құмартып отырмын.

— Несін сұрайсыз, бұл көзге түрткісіз қараңғы үйде мен қандай кожа болсам, сіз сондай кожасыз.

Тополев мұрнына насыбай атты. Георгий Давыдович қатты түшкірді.

— Сізге де аздап әсері тиді білем! — деп күлді карт. — Келіңіз, егер де құлқыңыз болса, менің бұрынғы сыбайласымды бірлесе отырып бақайшағына дейін шағып тексеріп шығайық. Оның өте күрделі мәселе екеніне ден қоясыз ғой?

— Әрине.

— Алексей Максимович Горький, — Тополев бұл атты зор құрметпен атады, — мешандыққа қарсы аяусыз күресуге тегін шақырған жоқ. Мешандықтың қауіпті күші, көбінесе, жайбаракаттықта, керенаулықта, бой ұрып тұратындықта болады. Грубскийдің бар бейнесі дәл осыған ұқсас. Ол Англияда тұрады еді: онда барлығы ғасырлар бойы қозғалыссыз тұра береді ғой — беті-жүзін көкшіл сал басқан, сасыған үлкен қара су тәрізді... Егер де кенеттен Грубскийдің қызмет әрекетін көрсетіп отырған қалың жөнеу кітабы жоғалып кетсе, ол жүрегі жарылып өлген болар еді. Әрине, ол көп біледі, инженер болып істеген жылдарында көп нәрсе үйренді. Бірақ, ол тек шетелдің қалың кітаптарында, кей жерлерде еліміздің кітаптарында жазылғандарға, беделді адамдардың жүз мәртебе мақұлдағанда-

рына ғана сенеді. Олардың сонынан бас иіп ере отырып ол, күндерде бір күн беті тынық батпақ көлге түсіп кетіп, содан шығалмай қалып қойған. Оған жаңалық іздеу, тәуекелдік жа-сау деген жат нәрсе, кімнің болса да творчестволық инициати-васы тіпті оның қытығына тие калады... Ол сол жақ жағалау жөніндегі идеяны қандайлық мысқыл, келеке және мен-мендік-пен қарсы алғанын мен енді түсіндім. Бұл сіздің келуіңізге дейін болған уақытқа, мен трассада түскен Карповтың және басқалардың ұсыныстарын айтып отырмын. Дәл осы тәрізді, Татьяна Васильченконың да уақытша байланыс салуды талап еткен инициативасын, барлық мәжілістерде сөйлеген сөздерін ол кірпідей жыйырылып қарсы алды.

— Сіз бұрын Грубскийге түсіне алмай жүрдіңіз бе? Немесе түсіне тұрып, соған көніп жүрдіңіз бе?

— Мен оны қазіргідей, оған пенде болудан құтылғаннан кейінгідей түсінгенім жоқ. Ол мені де сол өзінің сасық орнына сүйреп апарды. Мұны мойныма аламын. Трассада түскен ұсы-ныстарға соның айтуымен мен жауап бердім ғой, соны еске түсірсем жүрегім айныйды. Мен Татьяна Васильченконы, оның осы айқаны дұрыс екеніне көзім жете тұрса да, жақтай ал-мадым.

Қарттың даусына қарағанда қатты күйгелектенгені байқал-ды. Беридзе оның көңілін басу үшін:

— Сіз бекер капаланасыз. Қазір сіз бұрын ұмыт болып кет-кен аса күрделі құбылысты зерттеумен шұғылданып жатыр-сыз ғой,— деді.

— Байқап көремін,— деді Тополев.— Маған, сөз жоқ, бұ-рынғы досымның барлық ісі бірдей көңіліме ұнай бермейтін. Бірақ бетке келу, тіпті болмаса қарсыласу деген ой туып көр-ген жоқ. Айтайықшы, біз онымен ширек ғасыр таныспыз, ол біздің ертеден келе жатқан қарым-қатнасымызды күміспен күптеген достық деп атайтын. Бұл тәрізді «дос» жайында ой-лаудың өзі менің шымбайыма қандай бататынын сіз түсінесіз бе!.. «Тоқырау — ол өліммен тең». Ал шынын алғанда, Груб-ский өлген адам — тірі өлексе. Мен болсам, жас шағымнан-ак калай дегенмен де, басқа ережені тірек етем: тоқырау мен то-ғышарлықты шайтан алсын, бізге тек ылғый әбігерлік пен мазасыздықты, күн сайын әртүрлі жаңалықты берсін!.. Сіз менің көз алдымда — Грубский сыяқты адамдарға карама-қарсы қойып өлшеу етептік адам боласыз да тұрасыз және өзімнің ақыры, сізбен бірге болғаным қатты қуаныштымын, Бұғазға келе жатқаным, онда жұмысқа кірісетініме қуана-мын. Ал Грубский болса — өзі де бармас еді, ол жаққа мені де жібермес еді. Білесіз бе, тіпті жаныма батса да айтайын, мұндай сапарға баруға мен де тілек білдірмеген болар едім — мойны кашық жер, суық, саналуан қолайсыздық және әбігер-

лік, ал үйде болса, әрі жылы, әрі тыныштық қой. Бірақ сізден маған бір нәрсе жұққан тәрізді, енді дәт тұтып үйде отыра алатын сықылды емеспін, барлығын өз қолыммен ұстап көруге ынтызар боламын да тұрамын, бұғазда нефтепроводтың қалай жататынын өз көзіммен көргім келеді... Менің айтып тұрғаным жұрт күлерлік нәрсе емес пе, Георгий Давыдович?

— Менің сіздің қолыңызды қысқым келеді, бірақ қазір орынсыз тәрізді,— деді Беридзе зор сезіммен.

— Егер де біреу тындап тұрып, менің бұл сөздерімді естісе, таңырқар еді,— деді Тополев аз кідірістен кейін тағы сөз бастап.— Қарт мұндай проблеманы саусағынан сорып шығарған. Біздің елде ондай проблема жоқ! Бізде бүкіл құрылыс, бүкіл система — творчествоны жақтайды, тоқыраушылыққа қарсы тұрады. Бұл қақбас шал өз ойындағы бір субъектісіне бізді кіріптар етпекші!.. Сол өзін әлдекім санап жүрген оппонентіме былай деп жауап беремін: дұрыс-ақ, біздің бүкіл құрылысымыз жайбарақаттыққа, өзін өзі жұбатуға және тоғышарлыққа қарсы өмір үшін күреседі. Алайда, менің айтқан проблемам, қалай дегенмен де, бар нәрсе. Айта кету керек, міне сіз өткен заманға кеткен көрініс дедіңіз. Дұрысы солай ма екен? Елімізде миллиондаған — алуан түрлі адамдар бар! Олардың әрқайсысының тағдыры өзінше. Адам туады, өмір сүреді, тәрбие алады, ал оның қандай адам болып шығатыны — толып жатқан жағдайларға байланысты... Осы мәселелердің бәрі менің жасым алпысқа келгендіктен, ескі маман, ескіліктің қалдықтарына белшесінен батып жатқандықтан, маған ой түсіріп отыр дейсіз бе? Ол бос әңгіме, мен өзімді кәрілердің қатарында санамаймын!

— Бәрекелді!

— Я, я, жас жөніндегі бұл тәрізді ескі ұғымды мойындамаймын! Мен осы күнгімнен қырық жас кіші болсам да, бұл проблема мені қазіргіден кем ойландырмас еді. Грубскийдің жасы менен кіші, бірақ мен бәрін жайып салып айтсам да, ол ешнәрсе ұға алмайды. Айталық, комсомол жасындағы адам да теріс көзқарастың ықпалына түсіп кетуі мүмкін. Грубскийдің ұлын көз алдыңызға келтіріп көріңіз — егер әкесінің жолын қуып кетсе, оның ой-парасаты қандай болмақ? Сіз сондайлық жүрек айнытарлық бейқам, өзімен өзі болған жас адамдарды талай кездестірген жоқсыз ба? Мұндай адамдар оқу орнын бітіреді, жұмысқа орналасады, семьялы болады. Сөйтіп өз ойынша, өмірдің шынына шықтым деп ойлайды. Мұндай адамдардың алдында енді алысқа қол сермейтін перспектива,— бұл сөз тіркесін біз Алеша екеуміз ойлап таптық,— деген болмайды. Ол өзіне енді ешқандай мақсат қоймайды. Ол өмір ағымының тасқынының әуеніне бағынып жүре береді. Сөз барма, бұл ағын қандай қарқынды, ғажайып зор, ол кімдерді өзіне тарт-

пайды, кімдерді алға, болашаққа сүйремейді. Бірақ, міне біздің сол алға қарай қозғалысымызды бар күшімен жылдамдауға тырысушылардың ішінде, еріксіз қалқып бара жатушылардың болуына шыдауға бола ма? Еріксіз қалқып ағып бара жатқандар, бір жерге үйіріліп тоқтап қалуы мүмкін, ал үйіріліп тоқтап қалу — жалпы қозғалысқа кедергі болмақ...

Шаналар кенет тоқтай қалды. Алдыңғы жақтан саңқылдаған дауыс, күлкі естілді. «Флагман» кейде бүкіл жолаушыны елсіз-күнсіз сар далаға осылай тоқтататын. Ол аздап бойын жазу үшін шанадан түсетін, оның соңынан шаналарынан басқалар да шығатын. Күн нұрымен аппақ қар көз ұялтып қаратпайды. Батмановқа Адунның қысқы табиғат көрінісі қатты ұнады, ол бұған көпке дейін құштарлана қарап тұрады.

— Тек бір ғана ақ түске бөленген дала. Василий Максимович, осыным рас емес пе? — деп жақындап келген Беридзе мысқыл әңгімесін бастады.

— Міне осы ақ сіреу жамылып жатқан далаға қараймын да, ойға қаламын: «Шіркін, Кавказ! Онда әрбір ұлтарақтай жерде масатыдай құлпырып, көз тартып жатқан қанша көркемдік бар десейші! Тіпті көңілің соқпаса да, қызыға қарайсың...»

— Бұлардың жанына жолаушылардың бәрі келді. Тек Либерман мен Филимонов қана аулақтау жерде қар үстінде күресіп жатыр. Түгін сыртқа қаратып тіккен ішік киген жабдықтау қызметкері өзінің дұшпанына аюша қорбаңдап еңсере жабысты.

— Алеша, бұл жердің табиғат көрінісі көңілсіз-ақ, тым өңсіз, рас емес пе? Ал, қыс күндері көз тартарлық ешнәрсе жоқ, — деп Беридзе өзін қошеметтеуші іздеп Алексейге көзін қысты.

Оны шын ниетімен қостаған адам Тополев болды, — қартқа бұл жердің табиғат көрінісі тым-ақ ұнамады.

— Гүлінің иісі жоқ, құсының үні жоқ, — деп ол біреудің ойдан шығарған сөздерін айтып салды. — Ызғарлы табиғаты тым қатал. Мен Смоленщинаны «жер ұйық» санайтындардың бірімін және сол бетімде қаламын да.

Бұған қатты қуанып кеткен Беридзе Алексейді шынтағымен түртіп қалды:

— Аһа; Дәл тиді! Қазір жабысады!

Расында да солай болып шықты, шылымын тартып болып, тұқылын лақтырып тастады да, Батманов сөз бастады:

— О, саңылаусыздар, курортшылар: «Ах, Кавказ! Ох, Кавказ!...» Табиғат анаға жала жаппаңыздар, ол барлық жерде бірдей көркем! Тек оны көре білу керек, сүйе білу керек! Бұдан былай мынадай ереже енгіземін: әрбір екі сағаттан кейін барлығың да шанадан түсіп аязға шығып, табиғаттың ғажай-

ып әдемі сыйпатын түсіну үшін оған бір сағаттан қарап тұратын боласыздар.

— Ой, мен оларды түсініп те қойдым! — деп күлді Беридзе.

— Күннің қызарып батуына қараңыздар, — деді Батманов, әмір еткендей қалыппен. — Көрдіндер ме, батып кетті, ол сонау үлкен төбенің аржағына қарап асты. Солай бола тұрса да, батқан күннің шапағы әлі жоғалған жоқ. Міне сендердің алдарыңда тұрған ақ белдеу сол күннің жарығы. Төбенің көркем суретін сәулесімен дәл осы тәрізді етіп көрсетіп тұрған күн нұрына қалай қызықпассың! Егер де біздің бас инженердің чертеждерден басқа тағы бірдеңелерді түсінерлік қабілеті болған болса, ол сонау қалың шоқ ағаштарды көрген болар еді! Олардың бұтақтарындағы саусақтың басына ілген тәрізді аппақ қар тақыяларын көресіндер ме? Қардан тесіп өткен күннің алтын шұғыласы.

Беридзе: Сұңғақ бойлы, кең иықты, келте ақ тонды, құндыз бөрікті Батмановқа қызыға қарады, ол тым келбетті болып көрінді. Оның қой көзіне батып бара жатқан күн шұғыласы түсіп тұр.

— Василий Максимович, сіз нағыз суретші екенсіз, — деді Тополев, табиғаттың басқалар көрмеген көркем сипатын көре білген адам ол — суретші.

— Бастық бізге шынында жоқ нәрсені тауып көрсетті деп айтқыңыз келеді ғой? — деді Алексей қартты қағыта сөйлеп.

— Жоқ, менің айтқалы тұрғаным ол емес, сөзді ілмелемедер!

— Бұл қулардың сөзін ылтыйпатқа алмаңыз, — деп кеңес берді Батманов. — Міне осы төбенің өзі жатқан бір бай сурет. Көз тігіп қараңыздаршы, төбе бір ғана түрге боялған тәрізді, бірақ сол бояуда қаншалықты толып жатқан реңдер бар! Төбенің шоқтығында алтындай жарқыраған күн нұры, аз төменірек — қоңырқай күлімжі түс, төбенің етегіне таман бұл тіпті қоңырлана түседі, ал етегі мүлдем қою күлімжі түске айналады. Беридзе жолдас, сіз сұрғылт болып сіресіп жатқан түрді қай жерден көрдіңіз?

Ол үлкен биялай киген қолын жоғары көтерді де:

— Бір жакка қарап сағымша бұлдырап ғайып болды да кетті, қарғыс атқыр, енді жеңілдім!

— Енді сіз өзіңіз жақыннан ғана көретін көзіңізді Адунға таман аударыңызшы. Батманов қосшыларының беттеріне қарады да, Филимоновпен күрестен кейін ырсылдай демалып тұрған Либерманға көзін тоқтатты. — Өзенге көз жіберіп қарағаныңызда сіздің ойыңызға не келіп түседі?

Либерман Адун жакка қарады да, нығын қыйқаң еткізді:

— Ой дейсіз бе? Үлкен өзен. Сіресіп қатып жатыр.

— Барлығы сол-ақ па?

— Барлығы сол. Шешетайым-ау, тағы не керек? — Либерман кең пейілді пішінмен қырау басқан кірпіктерін, тез-тез қағып, тоңған қолын үргілеумен болды. Қалжыңын араластыра ол былай деді: — Бастық жолдас, мен көбінесе жабдықтау жағын айналдырамын ғой.

Барлығы ду күлісті.

— Ал, сіз не айтар едіңіз? — деді Батманов өзеннен көзін алмай қарап тұрған Алексейге қарап.—Үнсіз жатқан Адунға қарағанда, сіздерде ешқандай ой мен сезім қалайша тумайды екен?

— Туады,— деді Ковшов байсалды пішінмен.— Қыстыгүні үлкен өзендердің сіресіп үн-түн жоқ катып жатуы мені таң қалдырады. Табиғаттың күшіне жеңіліп, мойын сұнғанға дейінгі, өзеннің жүргізген алып күресін дәлелдейтін іздерді көргің келеді.

Батманов мұның сөзін аса қанағаттанып тыңдады.

— Дұрыс! Табиғат жәйін сезетін тым құрғанда бір адам табылды ғой. Адунның қалай қарсыласқанын, қалай арпалысып күрескенін қарасаңыздаршы! Өзеннің үстінде жатқан сонау мұз, сеңді жарлар не? Ол өзеннің жаны кетіп тоқталған ағыны. Бұл ара тілсіз табиғаттың екі күшінің күрес майданы! — Батманов бұрылды да, өзеннің арғы жағына көз тігіп қадала қарады.— Сіздер мұндай орманды басқа қай жерден көрдіңіздер? Кавказда ма? Міне, біз тұрған жерде, осы сол жақ жағалауда орман едәуір шегінген. Ал, ана жағында ол суға мүлдем төніп келіп, Адунға былай деп тұрған тәрізді: «Мен саған ана жағаны тазартып бердім,— бар серуендей бер, ал бұл жер менің қоныс мекенім, саған бұлай қарай жол жоқ — бұр ағысынды!»

Беридзе мұртынан күлді, Батманов бұл күлкіні байқап қалды.

— Күлетін дәнеңесі жоқ,— деді ол әдейі қабағын шыта ашуланып.— Сіз тәрізді тым іскер адамдар, өсіп тұрған орманға тек отындық ағаш, бақан және бөшкелік тактай деп қана қарайды. Ал, мұның керісінше, отындық ағаштар мен бөшкелік тактайлардың арасынан ың-жың, у да-шу әнге толы, ырғалып тұрған жасыл орманды көретін адамдар да бар.

— Сіздің айтқаныңызды нұсқау ретінде қабылдаймын, ал бүгіннен бастап орманға отын ағаш немесе бөшкелік тактай дейтін көзқарасты мүлдем қоямын. Орманға көз жіберіп сүйсінетін боламын, ол жарықтық, тып-тыныш тағы бес жүз жыл өмір сүрсін!

Алексей ұнатпаған пішінмен басын шайқады.

— Сізге сөз берейін бе? Сіз разы емессіз ғой? — деп сұрады одан Батманов.

— Бұл орманның тып-тыныш тағы бес жүз жыл өмір сү-

руіне қарсымын,— деді Алексей.— Бұл орманның қожасы — аю. Мен табиғаттың бұдан басқа суреттерін ұнатамын. Роговтың өз учаскесінде бізге көрсеткен табиғат суреті менің есімнен мәңгі кетпес.

— Рогов, сен бұларға онда не көрсетіп едің? — деп сұрады білгісі келеген Батманов.— Білем ғой, сен бәлекетті!

Рогов жымыйып күлді. Оның жауап беруге шамасын келтірмей, Алексей бұрын сөйледі.

— Ол Адунның трасса бойындағы оттары мен сол жақ жағаның учаске бойындағы маржандай тізілеп жанған электр оттарын көрсетті. Түн ортасында дәл осындай таң сәулесі — міне табиғаттың көркем суреті деп осыны айтыңыз!

Батманов мақұлдаған пішінмен Роговка карады, бірақ сол баяғы каталдық пішінін өзгертпей: — Бекерге арамтер болғансың! Инженер-техниктердің қайырымсыз жандарын мұндаймен тебіренге алар ма екенсің?

— Менің инженер-техниктік қарт жанымды тебірентті,— деп күлді Тополев. — Бастықта көркемдік жағынан осыншалық нәзік сезім болады деп ешбір ойламаған едім, қатемді мойныма алам.

— Мен сырын ашайын: біздің бастығымыз жас кезінен бері көркем сурет салу өнерімен шұғылданады,— деді Беридзе, сөзіне қалжың-сықақ араластырып.— Оның табиғаттың көркемдігін бейнелеген жұмыстарын көргенім бар. Бір күні мен, тіпті бастықтың қылмысының үстінен шықтым — керіп тастаған матаға қолында сурет қаламы мен қалбыры бар сурет салып жатыр екен. Бұған менің таң қалғаным соншалықты, әлі күнге дейін бәрі көз алдымда сайрап тұр... Біздің құрметті суретшіміз, күздің бейнесін сала бастаған. Жапырағы алтындай сап-сары бірнеше қайың өсіп тұр, алыстан үркіп шығып, жарқабаққа жетіп, сол арада бірденеден шошынып тұрып қалған тәрізді. Бұлардан басқа тұтам ағаш жоқ, тек айналаның бәрін жартасты төбелер қаптап тұр. Мұнан жоғары сұрғылт, суық аспан.— Беридзе сак-сақ күлді.— Көріп тұрсыз ғой, Василий Максимович, сіздің салған көркем суретіңізді дәлме-дәл бейнелеп шықтым, ал сіз маған қатігез, ешнәрсені сезбейтін адам деп ұрсасыз.

— Мен әлі сізді аздап кана ұрыстым,— деді Батманов.— Кане, менің шанама мініңізші. Бастық жайында өсек айтудан тыйылатындай, бірнеше сөзді құлағыңызға сыбырлап жіберейін...

Он бірінші тарау

КАРПОВ ҚҰРЫЛЫСҚА КЕТТІ

Шананың шатырындағы кішкене тесіктен түскен күннің қызғылт сәулесін бақылап отырған Батманов алда тұрған жү-

мыс туралы ойға шомды. Учаскеден учаскеге қарай жүріп келе жатқан көш жөнекей сапардағы өткен уақыттар, оның бір оңаша кабырғасымен кеңесерлік мезгілі болды, ал жайшылықта ешуақытта бұған көңіл бөле алмайтын-ды. Бүкіл құрылыстын жағдайын жақсылап ойға жүгірту қазір әбден қажет еді. Батманов өзінің Писаревпен, Дудинмен соңғы сөйлескендерін есіне түсірді. Сталин бұл құрылысты стратегиялық маңызы бар зор шайқаспен теңеген. Мұны қайта-қайта толғанып ойлауға тура келді.

Әріресе бұғаз жайындағы ой, кейінге бөгеуге келмейтін, мазасыз ой болды. Батманов онда жіберілген адамдарды бір-бірлеп жадына түсірді. Бұл учаскеге деген жұмысшыларды арнаулы комиссия сұрыптап алды, ал олар жөнінде бүгін Ковшов тағы да баяндаған уақытта, Василий Максимович, жұмысшылар үшін мазасызданудың керегі жоқ екенін сезді. Кадр бөлімінің берген сендіруі бойынша, басшы қызметкерлер де ең тәуір деген адамдардан жіберілген көрінеді. Міне Батманов дәл осы жөнінде күдіктенді. Ол кадр бөліміне соншалықты сенбе қоймайтын, өйткені, онда отырғандар ұзын-ұзын анкеталардың тасасынан, кейде көз алдарындағы адамдарды көрмей қалатын. Учаске бастығы Мерзляковты ол әлі көзбе-көз көрген емес, бірақ ол жөнінде кадр бөлімнің жақсы деген бағасын естіген. Алайда, Гречкин бұл бағаны мүлдем жоққа шығарды: «Сол Мерзляковтың өзі, біртүрлі шүбәлі, әрі-сәрі адам. Көбінесе қара басының қамын көздеумен болады екен. Тегі қуып жіберуге тура келер. Менің осы сөздерімді естеріңе түсірерсіз...»

Инженер Котляровскийді бұғазға жуықта ғана жіберген. Анкетіне қарағанда, екі үлкен құрылысқа қатнасқан болса да, ол тіпті дүдәмалдау адам сықылды болып көрінді. Ал, Панковқа ол сөзсіз сенеді. Василий Максимович, трасса бойында бірге жол жүрген кезде, оны жақын біле бастады. Ол Батмановбен құрдас, партизан қозғалысына бірге қатысқан Залкиндтің жолдасы болатын, күрестің зор мектебінен өтіп тәжірибе алған адам. Панков қоштасып жатып, дереу бұғазға жүретінін айтқанда, Василий Максимовичтің тіпті көңілі жай тапқан тәрізденді. Не себепті үндемей жатыр, бұғазда оған не болып қалды екен. Батманов Писаревқа бар шындықты: барлығын тастап тек осы учаскемен ғана айналысу мүмкін емес екендігін айтты. Бұғаздағы жұмыс кезеңі жаңа ғана келіп жетті. Басты мәселе, әрине, әлі кеш қалған жоқ, ал қалғандарын түзетуге және орнын толтыруға болады. Панков учаскеде ешнәрсе шығара алмайды дегенге сену қыйын.

Умара Магометтің арызынан құрылыс бастығы қатты қысылды. Учаскедегі адамдар қым-қыйғаш. Бұлар тіпті абыржып қалған, оларды бұл «дүниенің шетіне не үшін жібер-

генін әбден түсінбеген. Тегі, Панков бұл қыйыншылықтарды өлі жеңе алмаған болар. Мұнда бірден барлығын реттеп, темірдей тәртіп орнату керек. Тұрмыс жағдайларына ерекше көңіл бөлу керек — Либерман өзінің бар жігерін салып көрсін. Бұл учаске оның ең жақсы қасиеттеріне зор емтихан: ал жолдас, жаның шығып кетсе де, адамдар өздері жөнінде камқорлық барын әбден сезетіндей болу үшін бәрін істеу керек.

Адамдардың еңсесін көтеру — бұл ең алдымен керек нәрсе. Залкиндтің бұғазға бара алмай қалғаны қандай өкінішті. Ондағылар Москва түбіндегі жеңіс туралы біле ме екен?.. Соғыстағы тұңғыш ірі жеңіс туралы еске түсіргенде Батмановтың ойы жарқындана түсті. Жеңіс жөнінде оған Писарев толық айтқан. Немістің жеңілуі Японияның жоспарын бұзды, — деді ол. Егер де немістер Москваны алған болса, онда жапондықтар Пирл-Харборге емес, бізге тарпа бассалған болар еді. Писарев былай деп ескертті: «Көз тігіп, құлақ түре сақ болындар, жайбарақаттыққа салынбандар. Жапондықтар нефтепроводқа қатты көңіл аударады. Бұғазда да, аралда да олардың агенттері болуы ықтимал».

Москва үшін адам айтқысыз жойқын ұрыс жүріп жатқанда, Сталиннің нефтепровод туралы баяндама тыңдауға уақыт тапқанына Батманов таң қалды. Майдандағы және тылдағы күрестердің бірде-бірі Сталиннің қатнасынсыз өткен емес — оның данышпандығы соғыста: әрбір генералды, солдатты, еңбекте: әрбір басқарушы мен жұмысшыны жеңіске рухтандырып отыр. Августың аяқ шенінде, құрылыс бастығы Қыйыр-Шығысқа ұшар алдында, жоғарғы айтқанымыз тәрізді, Сталин құрылыс бастығын қабылдауға уақыт тапты, Батмановтың жүруіне рұқсат бергенде, өндірістің басқа да басшыларына айтқандары сыяқты тапсырманы Сталин бұған да айтты. Ол былай деді: бейбітшілік кездің жайбарақаттығына түсушілік дертіне шалдыққандармен аяусыз күрес жүргізілсін, бұл сықылды сезіммен күрес ең әуелі өзіңнен басталып, содан кейін басқалармен және қай жерде, қай түрде кездеспесін аяусыз жүргізілсін. Бұл сықылды пікірде болғандар нефтепроводын үш жылда да салып бітіруге болмайды деп соғатын болады. Бұл Меселенің егжей-тегжейіне жетуді Сталин Батмановтың өзіне міндеттеді. Тексеріп және бір жылдың ішінде салып бітіру керек. Көсем Батмановқа қолын беріп кош айтысқанда былай деді: «Батманов жолдас, сіздің табысқа жетуіңізге тілектеспін.» Осы сөз Василий Максимовичтің оңаша қалғанда әрқашан құлағынан кетпейтін болды.

Көңлі қатты толқыған Батманов қазірдің өзінде де өзінің қолын көсемнің қатты қысқанын, қайта тағы сезгендей болады. Сталин жолдас, қандайлық қыйыншылық кездессе де табысқа жетеміз!..

Өзі білетін таныс жердің бірінде Батманов шанасын тоқтатты. Оның қосшылары кенет тоқтағанға таңырқап шаналарынан түсті. Жолдастарының танданған бет әлпетеріне Василий Максимович масайрай қарады. Бұлар өзенге сыртын беріп Адунның жағасында тұр. Алдында өте зор, терең ақ ыдысқа ұқсаған құлама жылға жатыр. Бұл карауыта теңбілденіп, буланып тұр. Тұп-тура омбы қардан аспанға қарай әлде түтін, әлде бу сыяқты бірдеңе созылып тұрғандай. Аппақ қар бір керемет күш арқылы аспанға қарай көтеріліп тұрған тәрізді. Осы жұқа бұлт тәрізді ақ толқынды жел аздап қозғап еді, соның аржағынан терезе пердесінің арасынан көрінген тәрізді үлкен село — Нижняя Сазанка көрінді.

— Тамаша! — деп айғайлап жіберді Алексей. — Мынау қайнап жатқан бұлақ қой!

— Болғанда қандай десейші! — деді Батманов, осы қайнар бұлақтарды өзі ашқандай және мұның бәрі өзінің меншігіне жататындай қалыппен. — Күндердің күнінде бұл арада дүниежүзінің ең жақсы курорттарының бірі болады. Бұл сулар Кавказдың суларынан артық, естіп тұрсың ба, Беридзе жолдас? Жоғары дәрежелі радиоактивті, минералдық тұздарға өте бай, температурасы жер бетінің өзінде плюс тоқсан градус. Міне, бұл осындай су.

— Осы сықылды байлықтың пайдаланылмай босқа жатуы, қандай өкінішті, — деді Рогов.

— Босқа жатыр, бірақ мүлдем емес! — деді Батманов, бұл сөзге наразы болып.

Бұлар ыстық бұлақтардың біресе біреуінің, біресе екіншісінің кастарына барды. Қайнар байлақтың шығып жатқан жерінің омбы қарында бірдеңелер қарайған тәрізді, одан бірдеңелер быжылдап, кәбіктеніп қайнағандай астынан будақ-будақ бу шығып жатыр. Қыс ішінде көрінген бұл сықылды сирек кездесетін табиғат суретіне олар ұзақ, тандана қарап тұрды.

Бұлардың аржағынан кенеттен Карпов шыға келді. Жайдары және үй иесіне тән адамгершілік көрсетіп барлығына бас иіп сәлем етті де, соңынан әрқайсысымен қол ұстасып амандасты. Кезек Беридзеге жете берген кезде жүзі жайнап кетті, — балықшы өздерінің бұрын да кездескенін есіне түсірді.

— Амансың ба, Иван Лукич, амансың ба дос! — деп Батманов оның қолын қысты. — Саған қонаққа келдік.

— Қош келіпсіз, — деп Карпов тағы тәжім етті.

— Сен жер астының жылуын адамдардың мұқтажына қалай жаратқаныңды мыналарға көрсетуіңді өтінемін. Инженерлердің көргені пайдалы.

— Сондайлық мақтан ете қоярлық іштеңе жоқ, — деді Карпов, қонақтардың көргісі келіп тұрғаны оған біртүрлі сүйсінерлік болса да.

Карповтың идеясы бойынша, колхозшылар деревняға жақын жердегі бұлақтардың бірнешеуін тақтай қораппен жапқан. Жерден шығып жатқан ыстық су ағаш трубаларға жыйналады да, парник шаруашылығына және үйлерді жылытуға келе бастайды. Омбы кардан шығып тұрған тәрізді теплицалардың¹ шыны шатырының асты ыстық болатын, ұзыннан ұзақ текшеден көкмайса қап-калың боп: шалқан, кыяр, салат, помидор өсіп тұр. Олар қонақтардың көздерін тартып әкетті, жас оwoшьтардан сүйсіне ауыз тиді.

— Жан-жақтың бәрі үскірік, айналаны қар басып жатыр, ал мұнда жаз, ыстық жай! — деп таңданды Беридзе, бір кыярды сүйсіне кіріш-кіріш шайнап тұрып.—Иван Лукич, сен нағыз сыйқыршы екенсің.

— Парник шаруашылығын менің әкем басқарады, ол мұнда ауыл шаруашылығының басшысы,— деп мақтаудың бетін өзінен басқа жаққа аударып жіберді де, Карпов қонақтарды іле-шала сақалын таза етіп қырған дөңгелек жүзді, бет пішіні балықшының өзінен аумай тұрған, сөзге сараң шалмен таныстырды.—Қыс бойына балалар мен сырқат адамдардың бәрін жас оwoшьпен қамтамасыз етіп тұрамыз. Өзімізге мол жетеді, көрші деревняларға да сатамыз. Біздің негізгі кәсібіміз, әрине, балық аулау, дегенмен, ауыл шаруашылығы да қолхозға едәуір табыс береді.

Ол қонақтарды парниктен шығарып, көше бойымен алып жүрді. Көшелердің екі жағында жақсы ағаш үйлер қаз-қатар тізілген, ортада мектеп, оқу үйі. Үйлердің аржағында мықтап тұрып салынған қора-қопсылар, үлкен бау-бақшалардың кең шарбағы көрінеді.

— Жігітім, біздің селомыздың салынғанына тоқсан жылдай болыпты. Мұны әуел баста өзінің жолдастарымен бірігіп салған менің бабам марқұм екен,— деді Карпов зор мақтанышпен.— Олар сонау Байкал сыртынан жәйлі қоныс іздеп осылай қарай келіпті. Бабам бұл жақсы өмірді, әрине, көре алмай кетті, оның есесіне менің өз әкем социализм дәуіріне дейін өмір сүрді!..

Қонақтар әуелі бір үйге, одан екінші үйге кірді: ер адамдар жоқ дерлік. Көпшілігі майданға кеткен. Қалғандардың кейбіреулері бұл кезде мұз астынан балық аулауда, қайсыбірлеулері ауданға балық тасушыларды бастап апарады. Нижняя Сазанкаға екінші рет келіп отырған Батманов әйелдермен, балалармен жете таныс адамдай амандасты, жанындағыларға үй жылытатын трубаларды өзі көрсетіп, бұл трубалармен ыстық бұлақтың сулары ағып келіп тұратынын айтты.

¹ Теплица — ерте өсетін жемістер мен гүлдерді суықтан қорғап өсіретін жылы орын.

— Мұнда жаз күндері электр жарығымен пайдаланады,— деді Батманов.— Осы арадағы өзеншеге Иван Лукич кішкене су электр станциясын салған.

— Иван Лукичтің әрнәрседен талабы бар. Біздің дәргеріміз де соның өзі. Трифон ақсақалға барыңыздаршы, ол сіздерге бір ғажайып уақығаны айтып береді,— деді бір әйел.

— Жігітім, мен осы суымызды Новинск мен Рубежанскіге апарғанмын, онда суға зерттеу жасады,— деді Карпов өзін бір айыпты адам санағандай.— Ревматизмі бар адамдарға бұл суға түсуге әбден кеңес берді. Ал Трифон карт көп заманнан бері бейнет шегіп жүретін,— мен оны сумен емдеуге көндірдім. Шипа болды, енді міне, жұрттың бәрі пайдаланып отыр. Балықшыларда ревматизм үйреншікті ауру болып алған. Сондықтан да олар балық аулаудан қайтысымен аяқтарын жылы суға малып бұлаулайды...

— Ольганы ревматизмімен осында жіберу керек! — деді Рогов.

— Село халқы Батманов пен оның қосшыларын жақсы шыраймен, сонымен қатар, өте құлақ тіге қарсы алды. Олардың көз қарастарында, әңгімелерінде ішке бүгіп тұрған ойлары бар екені сезіледі. «Жақсы адамдар не үшін келді екен, біздің беті-жүзімізді көру үшін, немесе өздерін көрсету үшін ғана келді ме екен».

— Сен байқайсың ба, Карпов, бізді үйіне шақырмайды,— деп Алексей Беридзеге сыбыр етті.

Біраз уақыт өткесін және құлықсыздау пішінмен Карпов бұларды өз үйіне ертіп келді. Сыртқы қақпаны ашты да, қонақтарды алға жіберіп, өзі үйге соңынан кірді. Оның жүзі тұнжырап кетті. Карповтың әйелі — сұңғақ бойлы өткір қара көзді жас әйел,— қонақтарды жылы шырай бермей, түс жармай қарсы алды, күйеуінің бетіне қараған да жоқ. Шешесі сыяқты сом денелі, өткір көзді төрт және алты жастар шамасындағы екі қыз шешесінің тасасына жасырынды.

Үйдің жаңа ғана ақтаған қабырғалары мен төбесіне, таза етіп жуылған жол кілемдер төсеп тастаған аппақ еденіне көзі түсісімен Беридзе тазалықтары үшін үй иелерін мактады. Олар жұмған аузын ашып сөз қатпады, сөз өрбімей қалды. Батманов кішкене қыздарды өзіне тартып, оларға шоколад берді. Балалар онымен шүйіркелесіп, жабыса түсті.

— Менімен бірге нефтепровод салысуға жүріндер,— деді Батманов кішкене қыздарға, көзінің қырын үй иесі әйелге салып.— Машинамен жүресіндер, бұғазда дәрінің күшімен взрыв жасайсындар. Тіпті қызық!

— Бұлардың әкесін алып кеткендеріңіз де жетер! — деп тіке киліге түсті үй иесі әйел.— Сіздердің нефтепроводтарыңызды салу үшін жалғыз сол-ақ барсын.

— Катя! — деді Карпов қатаңырақ.

— Катя болғанымға отыз жыл. Аузымды жаба алмайсың. Тастап кететін болғансын бұл үйдің қожасы емессің ғой... Үйден шығып, селоға бас көрсетуге болмайды, барлығы шуласып жүр: «Сенің Лукичтің есінен адасқан, біржаққа кеткелі жүр. Селонның ең тандаулы адамы еді, мұнда оған кім зәбір көрсетті? Ал, сен жападан жалғыз қалай қаласың?..» Тым құрыса туған әкеңе құлақ ассаң не етті, Карпов. Ол саған қал деп отыр емес пе!

— Сіздікі дұрыс емес хозяйка, — деді Батманов үй иесі әйелге. — Иван Лукич мемлекеттік маңызды құрылысқа бара жатыр, ол онда зор пайда келтіреді. Мұның зауық іздеп жүргені емес...

— Немене, ол мұнда пайда келтірмей жүр ме? — деп айғайлап жіберді әйел — Майданға балық керек емес пе екен?

— Токтат! — деді ыза қысқан Карпов. — Сен өзің білесің ғой, колхоз басқармасымен әбден келістім, орынбасар даярладым. Колхоздың жұмысы жаман емес... Бармауыма болмайды, бұл құрылыс менің жаным сүйетін жұмысым. Егер де бара алмай қалсам, онымды өмір бойы өзіме кешірмейтін болам.

— Жүре бер, сені кім ұстап отыр! Мен жалғыз қалудан шімірікпеймін, қол-аяғым сауында күн көрермін. Бірақ саған бір айтатыным мынау: сен бұдан да соғысқа кетсең тіпті жақсы болар еді, маған жұрт алдында дәл мұндай бетке шіркеу болмас еді.

Ашу кернеген Карпов орынынан тұрды. Қонақтар да бірге тұрды.

— Батманов жолдас және басқа жолдастар! Біздің үйдің сіздерді осынша әбес қабылдағанын кіналай көрмеңіздер, — деді ол күмілжіп. — Жүріңіздер басқармаға барайық. — Карпов әйеліне бұрылып, оның бетіне зілдене қарады. — Кейін сен өзің де қатты ұяларсың. Құрметті адамдарың алдында мені масқаралап, ұятқа қалдырдың...

Колхоз басқармасында Карповтың орынбасары мен тағы бірнеше адамдар отыр екен. Олардың ішінде Карповтың әкесі мен басқа бір қария, балықшы Зобнин отыр. Майданның жаңа хабарларын әңгіме етісті, Зобнин Москва түбінде, Елец ауданында және Калинин қаласын аларда біздің әскерлердің қолға түсірген олжалары мен қанша неміс өлтіргенін санап айтып шықты.

— Енді тынысымыз кеңіді, — деді Зобнин.

Әңгіме колхоз тақырыбында да болды. Тек содан кейін ғана барып Батманов былай деп сұрады.

— Сөйтіп, Иван Лукичті бізбен бірге жібересіздер ғой?

— Бара берсін. Колхоз басқармасы оны жіберуге ұйғарды, — деді колхоздың жаңа председателі. — Жалпы жыйналыс-

та да, өзі тіленгеннен кейін, қарсыласпай-ақ қойылсын деп қаулы алынды.

— Байлап-матап ұстай алмаймыз, бірақ оған қатты өкпеліміз,— деді Зобнин.— Адамымызды еліктіріп әкеткеніңіз үшін, сізге де өкпеліміз.

— Сен, балам Иван, енді үйге қайтпай-ақ, төбенді көрсетпей-ақ қой. Бәрібір сені қуып шығамын,— деді Карповтың әкесі тұнжырап.

Иван Лукич жұмған аузын ашқан жоқ, тек иығын қыйқан еткізді де қойды.

Бір сағаттан кейін, оны алып кетуге байып таппай асыққан тәрізденіп, Батмановтың шаңасы селодан шыға сар желіп бара жатты. Құрылыстың жаңа қызметкері қабағын қарсы жауып үн қатпай Беридзенің жанында отыр. Мұның қалпын түсінген Беридзе сөз қозғамады.

— Жігітім, пәлені көрдің бе, барлық достарыңмен, үй ішіңмен бейнебір біржолата коштасқан адам тәрізді көңілді зілдей бірдеңе басып тұр,— деді, ақыры, қатты күрсінген Карпов.

— Әлде өкінесіз бе, Иван Лукич?

— Жоқ, мен ол туралы айтып жатқаным жоқ. Маған құрылыстан бастартуға болмайды. Мен техниканы жанымдай сүйемін, сабыр ет, әлі соғыс біткеннен кейін Рубежанскіге оқуға барамын... Жігітім, мен бұл құрылыстағы өз міндетімді көріп тұрмын, оны маған бейнебір бабам өсиет етіп кеткен тәрізді. Ол Адунда өмірдің жемісін егіп кеткен, мен оның келешегін өркендетуім керек. Нефтепровод осы жерден өтіп, Новинскіге дейін жол салынғаннан кейін Адунда өмір қандай шалқыр екен. Георгий Давыдович, менің осы сөзімді жадыңызда сақтаныз: бір он жылдан кейін біздің Нижняя Сазанка атақты курортқа айналады. Мұнда елдің барлық түкпірінен табиғаттың ғажап суреттерін көріп, сайрандап, бойына жаңа күш жыйнап қайту үшін адамдар келетін болады...— Оның қамыққан көңілі лезде жадырады, өз селосы мен Адунның болашағы қандай болатыны туралы дәл өзінің жобалағанындай етіп айта бастады.

Шаналылар бұғаздың дәл қасына таянып қалғанда бригада-сымен кетіп бара жатқан Таня Васильченконы қуып жетті. Батманов пен оның қасындағы қосшыларының Новинскіден шыққан күнінен бастап, олардың трасса бойында қалай келе жатқанын Таня үнемі байқап отыратын. Сөйлесетін телефон жолы оның өз қарамағында болды, Таня барлығын: жаңа жобаның бекітілгенін, Батманов өзімен бірге Рогов пен Карповты әкеле жатқанын, шетте жатқан учаскелердің жағдайларын ой-

лап катты қапырық жеген құрылыс бастығы асығып суыт келе жатқанын біліп отырды.

Бұлардың учаскелерде аялдап тұрған кездерінде Таня селектор арқылы бірнеше мәртебе Беридземен, Ковшовпен және Тополевпен де сөйлесті. Батмановтың өзі де екі рет селекторға шақырған. Ол Танядан әлі қанша километр жерге сым тарту жұмысы қалды деп сұраған-ды, егер де бұғазға дейін тағы қуып жететін болса, онда жаман болады деп қорқытқан болатын. Не бары алпыс километрдей-ақ жер қалды. Батмановтың тапсырмасы орындалды деп санауға да болады, сондықтан Таня оның қорқытқанынан сескенбейтін болды.

Батманов өзінің қасындағыларымен соңғы күні оныншы-учаскеде қонды. Шаналылар бұл арадан жөнелерде Таняға хабар берілді, ал Таня жанына Смирновты ертіп бұларды қарсы алуға шаңғымен алдарынан шықты.

Маужыраған шуақ, шырайлы күндердің бірі еді, ақ қардың бетіне күн шұғыласы түскенде көзді ұялтып қаратпайды. Қырбық қар басқан тайга күн шуақта ерігендей, орман іші былдырлаған ың-жың шуға толып, тіпті бір кішкене күстардың сайраған әні де естілгендей болды.

Таня сумаң қағып, жылдам жүрді, сыйрағы ұзын Смирновтың өзі де оған азар дегенде ілеседі. Таня көңілді, қуанышы қойнына сыймай жайрандап, әндетіп келе жатыр. Оның аязда алған демі қызғылт ернінің арасынан будактап шығып, алған демі мен салған әнін жалғастырып келе жатқан тәрізденді. Таня анадағы бір инженерлерді шығарып салғанда ойда қалған, соңынан инженерлер боранда қырылып қалды ма екен деп опық жеп зар илеген күннен бері Беридзені көрген жоқ болатын. Ол бұл кездесуді қуанышпен қарсы алуға, Беридзе тағы да өзінің сүйетіндігі жайындағы сөзін бастаса, оған реніш етпейтіндігіне бел байлады. Алексейді, Тополевті, Роговты, тіпті өзі аздап қаймығатын Батмановты да көргісі келді. Бұлардың бәрі де оған туған анасымен бірдей, әрі туысканы, әрі етене жақын адамдар тәрізденді.

Таня мен Смирнов өзенге жетіп тоқтады. Бұл араның жары құлама биік және тым терең еді. Қар жамылып аппақ болып жатқан ұлан-байтақ жазықтан шоғырланып, карауытып келе жатқан шаналыларды Смирнов бірінші болып көрді. Олардың жақынырақ келуін тосып тұрған Таня шаңғысының таяғымен сермеп қалып алға қарай иіле, көз ілескенше болмай төмен қарай шүйліп кетті, оның артында бұрқырап бораған қар ғана қалды. Іле-шала қыйқу салып, Смирнов та жөнелді.

Бұлар алда келе жатқан аттарға қарай түп-тура октай зымырағанда, аттар үрке осықырып, басын шайқай арындап кейін шегінді. Артқы көлік алдыңғыға соғылып үйме-жүйме болды. Таня мен Смирнов шанадан қапша домалап түсіп, қармен көз-

ге шағылысқан жарықтан ешнәрсе айыра алмай, көздерін жыпылықтатып тұрғандарды көріп, мәз-мәйрам болып күлісті. Олар Таняны танып, айнала қоршап алысты. Оған сұқтана қарап тұрған Беридзе жайшылықтағысынан жасқаншақ та, жуас та еді. Таня Тополевпен сүйісті, қуанғанынан оның құлағына сыбырлап:

— Қалай, ата. Менің айтқаным дұрыс емес пе, Беридзе ағай жақсы кісі ғой...

— Рас, Таняжан, мойындаймын,— деп қарт та жаңағыша ақырын ғана сыбырлап жауап берді.

— Володяға не болған? — деп жылдам сұрады Таня.

— Айдан асты, хабар алған емеспін. Қорқып жүрмін.

Тополевті баса-көктей Таняның қасына Либерман келді. Ол ернін қолқабымен сүртіп, құшағын жайды.

— Шешетайым-ау, бұл жерге мұндай сұлулықтың кемеліне жеткен, екі беті қан қызыл, басында қызыл телпегі бар ару қайдан пайда болды екен. Аса сұлу орман патшасы.

— Әлі сол қалпы, жасына қарамай құп-қунақы,— деді Таня оның жайған құшағын қағып жіберіп, қолын алып амандасып жатып.— Ақырында, жарық дүниені көрсетуге сізді де алып шыққаны тіпті жақсы болған

Не жайында кідіріс жасалғанын және жолдастары неге дуылдап мәз-мәйрам болып күлісіп жатқанын білгісі келіп Батманов шаңасынан шықты. Ол жақын келді де Таняны көріп, дүрсе қоя берді:

— Амансыз ба. Көргеніме реніштімін. Тіпті реніштімін.

— Бастық жолдас, мұныңыз қалай? — деді оның сөзінің не қалжың, не шындық екенін біле алмай ұялған Таня.

— Сіздердің сымдарыңыз осы арада біте ме? Ал, бұдан арман қарай әлі байланыс жоқ қой?

— Әзірше бұдан әрі жоқ, бірақ бұғазға дейін небәрі алпыс-ақ километр қалды.

— Сіз біздің шартымызды ұмыттыңыз ба? Мен бұғаз учаскесіне қалай келдім, солай сым байланысы болуы керек. Сіздер тасбақа қарқынымен сүйретіліп барасыздар ғой, ақылдым...

Қатты ызаланған Таня жұмған аузын ашқан жоқ. Оның бетіндегі күлкінің ізі жоғалып, тілінің ұшына келіп тұрған жауапты сыртқа шығармай, ынжырғасы түсіп төмен қарады. Бастықтың аржағында тұрған Либерман екі қолымен басын ұстап, күбір-күбір етті.

— Шешетайым-ау, біздің өркөкірек Танямен бұлай сөйлескені несі екен!

Беридзе қызды жақтап:

— Василий Максимович, бұл әділ мінеу емес. Бағанаға сым ілуде Татьяна Петровна өз адамдарымен тамаша рекорд жасады. Бұларды ешқандай машина қуып жете алмас та еді.

Батманов оған келекелей қарады:

— Сіз әрі адвокат, әрі сері екенсіз, Георгий Давыдович! Либерман сақылдап күліп жіберді де, Батмановтың назарын өзіне аударып алды.

— Ал, сіз неменеге мәз-мәйрам болдыңыз! Бұғазға барғанда көзіңізден жас ағып жүрмесе жарар еді!

Алексей бір шетте Смирновпен сөйлесіп тұр еді. Ол Таняны жұбату үшін соған таман жақындады:

— Сен оның сөзін бекерге сонша шаншу көресін, онда сөккендік ештеңе жоқ қой. Оны бұғаздағы жағдай мазасыздандырып келеді, өзін де, бүкіл бригаданы да ерекше қыйындықтармен кездесуге әзірлеуде... Кенеттен бұғазға жетер алдында бір сүйкімді қыз кездесті — бәрі де балқып қайырымды болып кетеді. Жарайды, ашуланба... Тіпті жақсы көретін адамына да жылы сөз айтпайтын қайырымды бастықтар жөнінде әңгімелескеніміз есінде бар ма? Оған қалжыңмен жауап берсең болатын еді, сонымен бітер еді.

— Қойшы әрі, сол қайырымды бастық дегендерінді. Оларға қалай жауап беру керектігін кім білсін! — деп Таня бұркетті.

Тополев қызды аяп кетті. Ол насыбайын іскеді де, мұртын қызыл орамалымен сүртіп қойып, батыл басып Батмановқа таман жақын келді.

— Сіз Таняны неге ренжіттіңіз! — деп кіналай сұрады ол. — Оған былай да жеп-женіл емес. Сым тартып осы араға жеткенше, оның сыбағасына канша бейнет тигенін ойлаңызшы... Жұрттың барлығы жақсылап қарсы алғанда, оның көңілін сіздің жабырқатуыңыздың не қажеттігі бар еді! Егер ұрысқыңыз келіп тұрса, мына маған-ақ ұрыссаңыз болмай ма?

Батманов біртүрлі әуестене әуелі қартқа, содан қабағын түйіп тұрған Беридзеге, Алексей құлағына бірдене сыбырлап тұрған Таняға, шеттеу тұрған Карпов пен Роговқа, оған сабырмен қарап қалған Смирновқа, жұртпен ісі жоқ сыяқты болып тұрған Либерманға жағалай қарап шықты. Тополевке жауап берместен Батманов:

— Атка отырыңыздар! — деп бұйырды. — Мұндай суықта камқорсып тұратын дәнеңе жоқ, сіздерге әлі суық тиіп қалар.

Тілектестік білдіре Танямен кош айтысқан басқарма қызметкерлері, шаналарына мінуге бет қойды. Беридзе қызға жабырқаңқы түрде қараған қалпы, орнынан әлі қозғалмай тұр.

— Сіз де маған ұрыспақшысыз ба, бас инженер жолдас? — деп сұрады Таня кейіңкіреп.

Ол бұрынғысынан гөрі де тұнжыраңқырап, шегініп кетті. Таня оның сонынан қарап қалды, сабыр сақтай алмағанына қатты өкінді. Таня оны қайта шақырып алып, осы кездесуді

шын жүрегімен күні-түні сарғая күткенін айтқысы келді. Шанадағылар Таняға колқаптары мен бөріктерін былғады. Либерман айғайлап:

— Танечка, көріскенше сау бол! Мұрныңның ұшынан сүйдім!

Таня кенет бұрылды да, Смирновқа:

— Коля, кеттік,— деді.

Бұлар беткейдің қарын бұрқырата биік жар қабаққа қарай шыға бастады. Шанасында отырып қас қакқандай уақыт бұларды бақылап тұрған Батманов айғайлап:

— Васильченко жолдас, қайда малтығып барасыз. Қайта қайтыңыз, бізбен бірге барасыз. Менің шанама келіп мініңіз!.. Ал, сіз, Смирнов жолдас, бригадаға қайтыңыз да, сол сымы құрып қалғырды тезірек тартып жеткізіндер. Бастықтарыңды кепіл есебінде алып кетемін. Бұғазда қолыма телефон сымын жасап бергенге дейін, ол сіздерге қайтып бармайды. Ұқтындар ма?

— Ұқтым! — деп беткейден көңілдене жауап берді Смирнов.— Айтқаныңыз орындалады!

Алексей шанаға Беридзе мен бірге мінді де, күліп жіберді.

— Таняны өзімен бірге ала жүретінін мен әуелден-ақ білгемін.

Беридзе үн қатпады.

— Сен неге бұртыйып қалдың.

— Қойшы әрі, Алексей, үндемей отыршы құдай үшін! — деді Беридзе ашулана.

Батманов үлкен тонды Таняға айқара жапты да, жақсылап қымтанып оран деді. Таня идің иісі аңқып тұрған қой терісінен тігілген тонға оранып, тар шанада мүмкіндігіне қарай Батмановтан аулағырақ сырғыды. Ол қозғалмастан жатыр және қайтсе де болуға тиісті әңгімені күтуде.

Шана шатырының үстіндегі санылаудан күн шұғыласының жылтыраған сәулесі түсті. Таняның бетінде бұл сәуленің қалай жылт-жылт етіп ойнағанына Батманов күлімсірей қарады. Міне, сәуле оның қызыл танауына түсті, пісте мұрнына, өкпелеген баланікіндей томпыйған жоғарғы ерніне түсті. Шана қатты қозғалып кеткенде, күн сәулесі күнге күйіп қоңырқайланған бүкіл бетінде ойнап жарқ-жұрқ етеді. Тоқымалы бас киімінің астынан көрініп тұрған жұмсақ қолаң қара шашы құлақтың сырғалығы және қызыл шарфпен онша жабылмай тұрған мойны күн шұғыласының нұрына бөленіп кетеді.

Бұдан жарты сағат бұрын оның жолдастарының Таняға қалай болысқандары есіне түскенде, Батманов өз-өзінен күл-

ді. «Менің бұған деген достығым солардан аспаса кем түспейтінін нағып түсінбейді екен».

— Құлықты қыз, сіз әлі ашуланудамысыз? — деп, Батманов үн қатты.

— Бастықтың маған сөгіс беруге хақы бар. Мен оған ашулана аламын ба? — деді Таня салқын шырайлы, сезіксіз келекемен.

— Қатар жатқан адаммен, тіпті, ол адам корольдің өзі болса да, бұл тәрізді ресми түрде және әсерлі тілмен сөйлеуге болмайды, — деді Батманов.

Таня оның күле сөйлеп жатқанын сезді де, қарсылық білдіруге тырысты:

— Ресми түрдегі қатнас кездейсоқ жол жүргенде, бір көлікке мінгендіктен өзгере ме екен? Мен сіздің кабинетіңізде, алдыңызда тұрмай, оның орнына шанада бірге келе жатқанымнан өзгерген не бар?

Шана тағы қатты соқты, Таня шынтағымен Батмановқа тиіп кетті де, лезде әрі қарай жылжыды. Батманов күлкісін әрең дегенде тоқтатты.

— Әрине, кабинет пен шананың арасында көп айырмашылық бар екені белгілі! Демек, сіз маған ашуланбаған екенсіз ғой. Ендеше неге сонша қысыласыз? Әлде қорқасыз ба?

— Қорқамын? Неден қорқамын? — Таняның ұялып абыржығаны тарқап, ол өзін еркін ұстай бастады.

— Сіз менен не күту керек екенін білмейтін болуыңыз керек. Сіздің мен жайындағы түсінігіңіз бойынша мен топас, морт мінез адаммын. Ал, басқалар мен жөнінде не ойлар екен? Смирнов әңгіменің бәрін заулатып айтып барғанда, жігіттердің ойына не келер екен? — деп келесіз ғой.

— Егер де топас адам мені қорлап жәбірлесе, мен өзімді өзім қорғап алып қала аламын, — деді Таня сабырмен. — Мұндайда оның қызмет бабымен санаспауға да қақым бар. Коля Смирнов болсын, басқалары болсын ешқандай жаманшылық ой ойламайды.

— Неге?

— Олар жақсы адамдар және олар сіз жөнінде де, мен жөнінде де жақсы пікірде. Тек Либерманға ғана сенім бере алмаймын — арамдық ойлауы да ықтимал. Бірақ, ол да ешнәрсе айта алмас, дұрысын айтқанда, оны сөйлетпес.

— Сізді сыйлағаны үшін бе немесе мені сыйлағаны үшін бе.

— Сізді де, мені де сыйлағаны үшін. Әйелге адал, таза ниетімен қарағаны үшін.

— Таза қарым-қатнас туралы сізге қайдан мағлұм болды.

— Өзіне қалай қарайтынын әйел әрқашан да сезіп, болжап отырады.

— Солай екен. Тағы да басқа айтарыңыз бар ма?

Таня күліп жіберді.

— Тағы да болуы мүмкін, бірақ олар сіздің таққан айыбыңыздан қорғану жайында емес.

— Ал атап айтқанда?

— Бағынышты адамға бастықты мінеуге болмайды, мен одан бой тартамын.

— Айтып көріңіз, мен рұқсат етемін.

— Сіз кейде өзіңізге де, басқаларға да, неге екенін білмеймін, қарсы сөйлейсіз. Өзіңізді сол дұрыс қалпыңыздан қатан әрі морт етіп көрсетуге тырысасыз.

— Сіздің ойыңызша, мұның маған қажеті не?

— Тегі, мінезіңіз бен әдісіңіз солай болуы керек. Біз шаның жанында тұрғанда, Алеша Ковшов мені былай деп жұбатты: «Аузынан жалғыз ауыз жылы сөз шығара алмайтын, оның орнына ұрса беруді артық көретін сондайлық бір қайрымды адамдар да болады»—деді.—Ол сіздің адамдарға ақыл айтқанда ұрсатын әдісіңізді «катал сүюшілік» деп атайды

— Міне, тағы психолог! Бәрін де білетін, соншама ақылды кісі қайдан шыққан? Мен оған «катал сүюшілікті» көрсетермін. Менің жақсы атағымды шығарғысы келген-ақ екен,— деді Батманов қалжың аралас ызамен.

Алайда, оның реңінен нағыз ыза қысқандықтың түрі білінді. Таняның сөзі оның қытығына қатты тиді.

— Сіз бастықты мінеуге рұқсат еттіңіз ғой,— деп есіне салды Таня.

— Сізге рұқсат еткем, ал, оған — жоқ. Ол сыбағасын алады...

Бұлар үндемей қалды.

— Жарайды. Айталық, сіздің бастығыңыз қайрымды адам, сондықтан сізге аузынан ақ ит кіріп, кара ит шығып сөйлепті дейік,— деп қайта бастады ол әңгімесін.— Өзінің қайрымдылығы арқасында бастығыңыз сізді жанына ертіп алды, қасына отырғызды, түрлі тақырыптарда әңгіме бастады, ол осынысымен сіздің жабыққан көңіліңізді көтерді. Ал, егер қайрымды бастықтың әшейін іші пысып, сізбен, аздап уақыт өткізбек болса қайтеді?..

Таня кенет әрегерек сырғып жатты.

— Василий Максимович, жетерлік тәрізді! Сіз бұлай қалжындауға тиісті емессіз. Сіз біздің бәріміз үшін үлгісіз, ешнәрсе деуге сіздің правоңыз жоқ! — Күдік үшін де, қайғыру үшін де, аздаған да болса, жол беруге болмайды!

Батманов бұған жұмған аузын ашқан жоқ, оған қолайсыз болып қалды. Көпке дейін бұлар сөз қатысқан жоқ.

— Татьяна Петровна, сіз мені дұрыс тоқтаттыңыз. Мен мылжындап кеттім,— деді Батманов ақыры қатты күрсініп.—

Енді баяндай беріңіз. Дұрысын айтқанда, соңғы күндері қалай тұрып және қалай істегендеріңізді баяндаңыз. Мен сіздерде болғамын, сонда саналуан істеріңізді көрдім, бірақ онда бетпе-бет сөйлесуге тура келмеді. Менің білгім келетін бір нәрсе, сіз қасыңыздағы жігіттермен бірге өз жұмыстарыңызды өздеріңіз қалай бағалайсыздар.

Ол темекі тартуға рұқсат сұрады. Темекінің мұрын жарған хош иісті түтіні Таняға қарай желпіне ұшты. Батманов шымды құмарта тартқан кезде, темекінің қызғылт оты оның жалпак беті мен жоғары қарап төңкеріле біткен көзін нұрландырып тұр.

Алда тұрған істің қыйыншылығына түсінбестен көп жігіттер байланыс жұмысына кетті. Онда, Новинскі де, бұл жұмыс оларға серуен жасау сықылды болып көрінді. Ал Таяны олар біртүрлі пионер вожатый тәрізді санады. Екі, үш тәуліктің ішінде жағдай өзгерді: олар үйреншікті қала жағдайынан тайгаға душар болды, шынын айтқанда, өздерімен өздері болатын халге жетті. Сол кезде көпшілігі қорқып, жүрексіне бастады — жұмыс істеу, үнемі суықта жүру тіпті мүмкін емес тәрізді көрінді, бұлардың ендігі тағдыры Таяның қолына берілсе де, ол жетекші ретінде оларға айтарлықтай сенім туғыза қоймады. Жігіттердің біразы көңілсіздікке ұшырап саруайымға салынды, кейбіреулері көз жасын төгуден де ұялмай өздерін қалаға қайтаруды сұрады.

Бір жақсы жері, Тая бұлардың бабын табуға тырысып, жарамсақтанған жоқ. Ол әрі қатаң болуға, әрі қатты талап қоя білуге күш салды... «Суық па? Көндігіндер, содан кейін суық болмайды. Әр ағаштың түбінен жылы үй сала алмаймыз ғой. Жағдай қыйын ба? Соғыс жүріп жатыр, майданда бұдан әлдеқайда қыйын. Комсомолецтердің жеңіл-желпі тұрмыс іздеуге қакысы бар ма екен?.. Бұл тәрізді жұмыста тұңғыш рет болғандықтан, мамандықты білмейсіндер. Несі бар, қос жүре түзеледі дегендей, жұмыс істей жүріп, іс үстінде үйрену керек...» Бірақ, бұл айтылғандардың бәрі, әрине, әзірше тек сөз ғана еді. Коля Смирнов дер кезінде кенес берді: «Қәне сөзімізді іспен, өз басымыздың үлгісімен көрсетіп отырайық». Бұл екеуі де өздерін, тіпті бұларға суық әсер етпейтін адам тәрізді етіп ұстады. Тая жігіттерге биялайсыз-ақ істеуге болатындығын дәлелдеді, қолы аздап қызарыңқырады, терісі шамалы күстенді, сөйтіп үйреніп кетті. Бір таңырқарлық нәрсе, тіпті Коляның өзі де ауырып, бетін үсітіп алғанда, Тая керек десе бір рет те суық ұстап ауырып, не бір жерін үсікке шалдырып көрген жоқ.

— Бұл қызық екен, — деді Батманов. — Қол суыққа үйреніп кете ме екен? Неге екенін білмеймін, менің қолым әрқашан мұздап тоңып жүреді. Қолыңызды әкеліңізші:

Ол Таняның күс басқан, терісі түрпідей қатты, ып-ыстық нәзік қолын ұстап көрді. Теп-тез ұстады да, теп-тез қайта босатып жіберді. Мұның өзі қол қысу ма, не болмаса әуестік қыймыл ма, не екені белгісіз болды.

Таня әңгімесін айта берді. Сымды ілу жұмысының барысын түр-түріне қарай белгілі жүйеге бөліп, байланысшылар колоннасын бригадаларға бөлуге тура келді. Жұмыс онайла-нып, жыйнақы болып басқаша жүре бастады, әркім өзі істей-тін жұмысына жылдам дағдыланып, сол істің маманы болып алды.

— Грубский құрылысқа даяр байланысшы қызметкерлерді орталықтан жібереді деп ылғый тосумен болып еді,— деп есіне түсірді Таня.— Қыямпұрыс адам. Егер ол болмағанда трасса бойында байланыс әлдеқашан болар еді. Мұндай адамдарды қара жер қалай көтеріп тұр екен?

— Оны қара жер қалай көтеріп тұрғанын білмеймін, ал енді біз оны ұстап тұрғанымыз жоқ,— деп жауап берді Батманов.— Сіз одан асып түстіңіз, оны жадыңыздан шығарыңыз.

Таня сымның бұғазға дейін неліктен тартылып жетпеген себебін және бастықтың оны бұл жерде қуып жеткенін, Батмановқа қайткенде де түсіндірмек болды. Байланысшыларға боран кедергілік жасады. Боран тұтқыйылдан соқты да, бірқыдыру жерлерде бірнеше километр сымды үзіп әкетіп, көп азапка салды. Бораннан кейін артқа оралуға тура келіп, алға, бұғазға қарай, асығудың орнына, бұрынғы істелген жұмыстың нақа жартысы қайта жасалды. Мұның үстіне боран кезінде бес адам бөлініп қалып тайгада адасып жүрген, бұларды тек төрт күн өткеннен кейін ғана тауып алдық, оларды жұмыс істету орнына бір апта бойына күтуге тура келді. Егер боран болмағанда, сым қазір бұғазға жеткен болар еді.

— Жайып-шумай-ақ қойыңыз,— деді Батманов жұмсақ дауыспен, кенет әкелік мейріммен Таняның басын сыйпап.— Сіздің маған таңып қойған атыңызға қарамастан, алакөлеңкемен пайдаланып бір тәуір сөз айтпақпын: сіз өз міндетіңізді тамаша орындап шыққансыз. Істелген жұмыс, істелуге тиісті мөлшерден асып түскен. Бригада бұғазға келісімен жігіттердің барлығына бұйрықпен алғыс жариялаймыз. Бұл құрылыс бойынша алғашқы бұйрық болмақшы. Сезіп отырсыз ба?

Шана ішіне жарқ етіп сәуле түскенде бастық қыздың бет бейнесінің қуанышқа қалай бөленгенін байқап қалды. Қуанышы қойнына сыймаған Таня, ақ көңілдікпен бір сөз айтып қалып, істің барлығын бұзып алды.

— Сіз шынында да қайырымды адам екенсіз, мен сіздің бетіңізден шын ниетіммен-ақ сүйген болар едім.

— Қойыңыз, бір шектен екінші бір жаққа неге сонша ауыт-

қыйсыз, сіз маятник емессіз ғой! — деп күнк етті Батманов ұнатпай.— Сіздің ойыңызша мен сізді маған бір қошемет сөз айтқызу үшін әкеле жатыр деп ойлайсыз ба? Бұл тек бір реті келіп қалған соң айтыла салынды... Бірінші міндетті сіздер орындап шықтыңыздар, оған рахмет. Енді сіздердің алдарыңызға екінші міндет қойылады, ол техникалық жағынан бұдан да қыйын. Мен бұл жерде байланысты аралға дейін жеткізу туралы айтып отырмын. Бұғаз түбінде су астынан жүргізілетін кабель, түсінетін шығарсыз.

Ол үн қатпастан жауап күтті. Таня жауап бермеді, оның ойлағаны жаңа міндет туралы емес, өзімен жаңа ғана сөйлескен адам туралы болды. Бұлардың құрылысына, осы жерге, Сталиннің дәл осы адамды жібергені қандай жақсы.

— Неге үн қатпайсыз? — деп сұрады Батманов.— Су астынан жүргізілетін кабельден зәреңіз ұшты ма?

— Жоқ, зәрем ұшқан жоқ,— деп Таня өзінің қатты лоблығын көңілін баса, тез жауап берді.— Кабельді жүргіземіз, мен бұл жөнінде ойлағамын да, Беридзе, Қовшов екеуімен кенескемін де. Қазір бізде іске қалай кірісудің жоспары да бар. Біз кабельді нефтепроводпен бірге төсеп отырмақбыз. Онда барып, бәрін өз көзіммен көргеннен кейін, сізге толық баяндама жасаймын.

— Мәселе айқын. Егер тыңдағыңыз келсе, сіздің жүргізіп берген сымыңызды мен қай жолмен пайдаланғым келетінін айтайын?

— Әрине, әбден тыңдағым келеді. Жалпы алғанда, сымның әдетте қалай пайдаланылатынын мен білемін.

— Сіз түк те білмейсіз. Менің айтқалы отырғаным әдеттегідей пайдалану емес.

Ол енді бүкіл құрылыста нағыз диспетчерлік қызметін ұйымдастыруға болатындығын қызу түрде әңгімелей бастады. Құрылыстың басқармасы және Батмановтың өзі, қай уақытта болсын, трассаның қай жерінде болсын, не істеліп жатқанын біліп және көріп отыруға міндетті. Істің өзін кездейсоқ телеграммаға немесе анда-санда телефон арқылы сөйлескен сөзге тәуелді етуге болмайды. Трассаның әрбір учаскесінде, әрбір маңызды пунктінде бұдан былай диспетчер отыратын болады, ол тек селектор аппаратына қосымша ғана, қарапайым міндет атқаратын адам емес, бәрін көріп, біліп отыратын тәжірибелі, білімді адам болады. Бас диспетчерліктің жоғарғы қызмет орны болады, бұған трассадағы барлық диспетчерлер бағынады, ол өзі құрылыс бастығына бағынады.

— Гречкин бола ма? — деп сұрады Таня.

— Я, ол бас диспетчер болып тағайындалды,— деді Батманов.— Әрбір бөлім бастықтары, олардың көңілі соқсын, соқпасын белгілі уақытта график бойынша селектор аппаратына

келіп учаскедегі өз адамдарымен сөйлесуге міндетті: мысалы, Ковшов прорабтармен, Филимонов техниктермен, Либерман өзінің жабдықтау қызметкерлерімен сөйлеседі. Бұл айтылғандар, олардың күнде ішетін түскі тамағы тәрізді дағдысына айналғанда, олар бұрын мұнсыз қалай қызмет істегендіктеріне өздері де таңданатын болады...

Жақын учаскелерде Батманов бұл тәртіпті енгізіп те қойды. Жұрт бұған бірден көндіге қойған жоқ. Бөлім бастықтары мен трассадағы оларға бағынышты адамдар аң-таң болып: «қазір айтарлық ешбір мәселе жоқ болса, проводқа несіне барамыз», десті. Батманов тіресе қарсы болып: «Егер де сіздің трассамен сөйлесерлік ештеңеңіз жоқ болса, онда сіздің трассаны білмейтіндігіңіз. Неғұрлым қарамағыңыздағылардың не істеп жатқанын біліп, олармен жиі-жиі байланыс жасап тұру керек»...

Таня бұл жөнінде талай естіген болатын, біздің Батмановтың енгізіп отырған тәртібінің бар мағнасы бұған жана ғана ап-айқын болды. Батмановтың селекторға ерекше құмар екенін Таня әуелден-ақ білетін: аппарат ылғый құрылыс бастығының үстелінің үстінде тұрады және оның сөйлейтін тетігі жабылмайды. Батманов қандай мәселемен шұғылданбасын, ол, сол жұмысын істей отырып, трассаның күндіз де, түнде де бір басылмайтын үнін тыңдаумен болады. Біреудің балағат сөздермен ұрысқанын естіп қалып соған қалай киліккенін, теріс берілген бұйрықты қалай өзгерткенін, біреудің қулық әзілін естігенде қалай шек-сілесі қатқанша қатты күлгенін жұрт айтып аңыз етіп жүреді. Барлық байланыс қызметкерлеріне де, Таняның өзіне де оның проводқа маңыз беріп қадірлеп қарайтындығы қатты ұнады.

— Сіз Панковты жақсы білесіз бе? — деп сұрады Батманов, ойламаған жерден.— Ол кісі жөніндегі пікіріңіз қандай.

— Жақсы білемін. Ол біздің үйдің өте жақын досы. Бір кездерде ол менің әкеммен бірге жапондар мен ақ гвардеецтерге қарсы соққы беріпті. Мен ол кісіні қатты сыйлаймын,— деді Таня.— Бетің-жүзің демей айтып салатын турашылдығы үшін, оны құрылыстың бұрынғы бастығы Сидоренко мен Грубский жек көруші еді. Осы уақытша байланыс орнату мәселесі жөнінде де ол бұрынғы басшылармен күн сайын таласатын. Байланыс жасауда мені жақтаған адам жалғыз Панков қана еді.

— Панковты ең соңғы көргеніңізге көп болды ма?

— Сіз онымен бірге біздің колоннада болған күні көрдім. Панков өзімен бірге баласын, Генканы алып кетпекші болып еді, бірақ баласы көнбеді. Генка қазір қызмет бабындамын деп, жолдастарын тастап кете алмаймын деп, маңыздана айтқан сөзін естігенде, сіз күлген едіңіз ғой. Бала әкесімен бұ-

ғазда кездесемін деп жүр. Василий Максимович, Панков жайында не үшін сұрадыңыз?

Одан ешқандай хабар жоқ, соған декбірім қалмай келеді. Кетті де, зым-зыя жоқ болды. Бұғазда жағдай өте ауыр. Ол жөнінде қалайша қателестім екен?

Әрқайсысы өз ойларына шомып, тағы да көпке дейін үн қатыспады. Қалтқысыз сөйленген әңгімелер бұларды жақындатқандай болды, енді Таяны бұл тәрізді көп уақыт үндемеушілік абыржытқан жоқ. Шананың бір қалыпты тербеуі оның ұйқысын келтірді, күні бойы шаршаған қыз байқаусызда қалғып кетті. Батманов оған жыйырма минуттей де көз шырымын алдырған жоқ.

— Тая, сіз ұйқтап жатырсыз ба? — деп сұрады, өзінің келте сұрауымен қызды таңырқатып.— Ұйқтамаңыз. Күндіз мен өзім де ұйқтамаймын, басқаларды да ұйқатпаймын. Тағы да жолға ермек болатын тақырыптарда әңгімелесейік... Өзімді-өзім беймазаладым, тіпті қазір көңілімде бір қатты қапырық тұрған тәрізді.

Батманов, тегі, өзі туралы сөйлейтінін аңғарып, Тая елең ете қалды.

— Сіздің бір нәрсеге қатты қайғырған кезіңіз болды ма, жоқ па, мен оны білмеймін. Сірә, болмаған шығар, бетіңізде ондайдың нышанасы көрінбейді... Әркімнің өз басының жеке өмірі деп аталатын өмір жайында мен жиі ойлайтын болып жүрмін, әрине, біздің өмірімізде жұмыс істеу басты орын алады. Бірақ адамның жұмыстан басқа ештеңесі жоқ болса, соның өзін шын мәнісінде адам деп санауға бола қояр ма екен,— Батманов ойын жұрт алдына жайып салған адам тәрізді саспай, сабырмен айтты.— Менің ойымша, көп нәрсенің түйіні, адамның өмірінің о баста қалай басталуында, нағыз, зор махаббатпен бастай ма, жоқ па, міне осында. Өмірі ешкімді сүймеген және сүю дегеннің не нәрсе екендігін түсінбейтін адамдар да бар ғой. Бұл сыяқты сезімнің бар екендігіне олар, керек десе, сенбейді де, оның өзін әдебиетте ғана жазылатын дүние деп санайды.— Батманов саусақтарын қысып сытырлатты.— Менің бұл тақырыпты қозғағанымды айыпқа бұйыра көрмеңіз. Сіз өмір босағасын жана ғана аттаған болсаңыз да, камалатқа толған адамсыз ғой. Кейбір шырайсыздықтан қылымсып сырт айналғаннан гөрі, барлығын көріп, көзді ашып қараған дұрыс. Шын сүйіспеншілік болмай тұрғанда, жақындасудан жаман нәрсе жоқ. Осының салдарынан, ер мен әйелдің арасында бір-біріне теріс, жеңіл көзқарастар туа бастайды. Кейуақытта бұл қарым-қатнас бірден ар-ұяттан безушілікке әкеп соғады... Сіз неге күрсінесіз, Тая? Әлде тыңдауға қолайсыз ба?

— Сіз оны менен сұрамай-ақ қойыңыз,— деді Таня ақырын.

Өнебойы түршігіп, Таня дәл осы минутте өзінің Хмара мен бұрынғы таныстығы жөнінде ойлады. Мұның бақытына қарай, бұл таныстық дер кезінде тоқтады, Хмараның тұрпайы сұғанақтығы Таняны қорқытып жіберді.

— Менің айтқандарымды тыңдай беру, әрине, онай нәрсе емес,— деп мойындады Батманов.— Амал нешік, өмірде адамға ауыртпалықты арқалау ісі көп кездеседі. Міне мен, семья жөнінен неге бақытты бола алмауымның себебі не? — соны түсіну үшін әрекет жасаудамын. Мен, Аннаны сүйген едім. Ол менің жолдасымның қарындасы болатын, жұрттың бәрі бізге біріне-бірің тең деп, үйленуге ақыл берді. Біз үйлендік. Алғашқыда екеуміз ғана болдық, соңынан бала туды. Бәрі де ойдағыдай болды, тату-тәтті семья, тек баланың ғана денсаулығы болмады. Ал менің өзіме-өзім тағарлық кінам жоқ тәрізді. Алайда мен қазір кірерге орын таба алмай, қатты қапаланып, былай деп ойлаймын: әйелім мен балам бірге тұрып, жан-тәніміз бірге болған уақыттың өзінде солардан аулақ жүріппін ғой. Бір күні Анна Ивановна маған осы туралы айтқан болатын. Шынын айтқанда, мұны тіпті өкпе деп атауға да болмайтын. Ол ақылды, байсалды әйел, бірақ мені аса қатты сыйлайтын еді, содан сөзін батырып айта да алмайтын. Ақыр аяғында ол өз пікірін айтуға белін буып: «Василий Максимович, Костя екеумізге сенің орның олқы сыяктанады да тұрады. Сен үнемі бізбен бірге-ақ тұрасын, бірақ сен біз үшін жоқ адам тәріздісің. Бұдан былай бүйтуге болмайды, біз, сенен бізге көбірек көңіл бөлуінді сұраймыз. Аз уақытқа болса да, бір жаққа бірге кететін істе. Біз үшеуміз бірге барып тұрсақ, сен бізге қайтадан үйренетін боласын».

Оның сөзі мені таң қалдырды, тұрмысымда бір ұнамсыздық бар екенін тұңғыш рет қатты ойландым. Дәл ойлағандай, мен басқарған құрылысты бітіріп тапсыратын уақыт жетіп, демалыс алдым. Сөйтіп олармен бірге деревняға, оның туған жері, Белоруссияға кеттім. Мұнда жұмыс та, менің достарым да болмады, менің ермегім тек әйелім мен балам, белоруссияның құлаққа ұрған танадай табиғаты болды. Жастықтың шарықтаған көңіл құсының тілегі болған мольбертті және көркем-өнер жөніндегі бірнеше кітаптарды ала келгенмін...

Батманов өзін қаншама тежеп бақса да, дәті шыдамай күрсінді. Бұл күрсіну Таняға бейнебір пышақ сұғып алғандай тиді.

— Қазір мен олармен деревняда өткізген сол уақытымды аса қастерлеп есіме түсіремін, ал, сонда... Менің шыдамым көпке жетпеді, бір айдың ішінде-ақ бұл өмір мені зеріктіріп, жалықтырып жіберді. Сондағы маған жетпеген нәрсе не еді.

Ол тегі көңіл көтеру емес, жұмыс шығар деймін. Құрылыстағы қайнап жатқан өмірден кейін, үй ішінің қызығына түсіп, соны місе тұтып, бос отыру тіпті қыйын болып шықты. Москвадан асығыс шақыру қағаз алған соң ғана, жаным жай тапты... Анна маған бір ауыз бетке шіркеу сөз айтқан жоқ, бірақ ол қуана-қуана кетіп бара жатқанымды әбден түсінді-ау деймін... Мен баяғыда өтіп кеткен бір уақығаны еске түсірдім. Осында жүрердің алдында, бір тәулік қана Қырымға соға кеттім. Міне, содан бері оларды көрген жоқпын...

— Василий Максимович, олар әлі табылады! — деді Таня, шын жүрегімен.

— Жоқ, енді табылмайды. Ұлым жоқ. Қайтыс болыпты. Ал, Анна мен біздің жолымыз қалай қосылатынын әзір біле алмаймын. Ол маған қайтып оралмас деп қорқамын... Сіз мынаны айтыңызшы — ең қадірлінді әрі қымбаттынды тек содан айрылғаннан кейін ғана барып бағалайтын себебің неліктен? Қазір мен, жалғыз онаша калсам болды семьямда болған мыңдаған ұсақ-түйек уақығаларға дейін есіме түсіре бастаймын. Егер бұрын мен соларды байқамаған тәрізді болсам, олар менің жадымда қалай жатталып, тоқылып қала берді екен...

Таня жыламауға тырысып, үн қатпай ернін тістене берді. Осы бір зор және астарлы адам өзінің шын сырын айтқанынан ұялар да, тағы да күлдіргі немесе өткір бір нәрсе айтар деп қауіптенді.

— Таня, сіз, жыйырма төртте болсаңыз керек? — деді Батманов. — Мен сізге қадамыңызды байқап басыңыз деп шын көңілімнен кеңес беремін. Менің өмірімдегі тәрізді істер сізді сақтандыратын мысал болсын... Бір ретте Залкинд маған: «Сен әлі де өз әніңді шығарарсың» деген еді... Ал, жасың қырық үшке шыққанда, өмірді қайтадан бастап көр!..

Орнаған үнсіздік, Таня үшін өте ауыр болды. Оның бағына шана теңселуін қойып, бірді-екілі рет жұлқыды да, сықырлап барып төбеге ұрғандай тоқтады. Бұлар бір жерге келді...

Он екінші тарау

МІНЕКИ ДҮНИЕНІҢ ШЕТІ

Адун артта қалды. Батманов және оның қосшылары құрғақтағы ең ақырғы учаске — Мерзляковтің учаскесі бойында келе жатқанына екі күн болды. Бұдан әрі бұғаз, ал оның аржағында Тайсин аралы жатыр.

Басқарма адамдары шаналарынан жиі-жиі түсіп, бірсыпыраға дейін жаяу жүретін болды. Көздеген жерге жақындаған сайын, бұл учаскенің басқалардан анағұрлым артта қалғанына

көздері жете бастады, шынында бұл өзгелердің алдында болуға тиісті еді, өйткені Адуннан аулақ жатқандықтан трассаны жаңа бағытқа өзгерту тәрізді қыйыншылықты бұл учаске басынан кешірген жоқ.

Жақын жердегі учаскелерде көз қуантарлық іс көп еді: қысқы жолда ағылып жүріп жатқан машиналар мен жүк тиелген көлік, жол үстінде кішкене-кішкене үйлер, халық тұратын поселкелер, қатарлап ұзыннан-ұзақ үйіп тастаған трубалар, мыңдаған адамдардың қайнаған өмірі мен ісі. Мұнда бұл тәріздінің бірде-бірі жоқ. Тек бір ғана тайганы қуалай кесіп жасаған ашық алаң жол жатыр, кей жерлерде автомобиль жолын салуға жасалған әрекеттің белгісі бар тәрізді. Складқа арнап домбалдап құрай салған бірнеше сарайлардан басқа салынған үйлер де көрінбейді. Бірақ, бұлардың өзі де қанырап бос тұр. Бұғаздан құрғақтың ішкі жағына қарай азық-түлік, трубалар, материалдар мен жабдықтар тасуды әлі бастамағанға ұқсайды.

— Учаскеде тіршілік жоқ тәрізді, қыбыр еткен жан жоқ, — деді Батманов ашу кернеп ызаланған қалпы. — Біздің мұнда жіберген адамдарымыз қайда кеткен?

Бұғаздан бірнеше километр жерде трассаның бейнесі өзгергендей болды. Автомобиль транспорты жүру үшін мүлдем жарамсыз соқыр сорап, қысқы жол кездесті. Складтар, кейде адам тұратын барактар жиі-жиі ұшырай бастады, кей жерлерде асықпай-үсікпей сылбыр ғана қыймылдап, жол үстін тазартып жүрген біраз адамдар кездесті. Жолда қар басып қалған — жүк тиелген және бос машиналар көріне бастады, трубалар да көріне бастады, кейде олар текшелеп үйілген, көпшілігі қалай болса солай шашылып жатыр.

Батманов шанадан түсіп, әрі қарай бұғазға дейін әрбір уақ-түйектерді қарап, бақылай отырып жаяу жүруге бұйрық берді. Шанада үш бірдей жылы тонға оранып, бір ғана Тополев қалды. Таня шаңғы мен жолдың біресе оң жағына, біресе сол жағына шығып, жуық арада өзінің байланысшылары келіп жұмыс істейтін жерлерін барлап жүр. Батманов және басқалары складтар мен барактарға кірді, трубаларды санады, кездескен адамдардан сұрастырды. Олар, жолда қалдырып кеткен әрбір машинаның жанына тоқтады. — Филимонов оны қарап шығып, номерін және машинаның қандай күйде екенін жазып алды.

Осы тәрізді машинаның бірі бұлардың бәрін ұзақ бөгеді. Труба тиелген бұл машина өтуге бөгет жасап, жолдың дәл ортасына көлденең тұр. Мұның жанында шоферы машақаттанып жүр. Қабағын қарыс жауып, қатты ыза қысқан шофер, қолапайсыз ауыр жүкті жерге түсіруге ыңғайланып трубалардың байлаған жерін шешіп жатыр.

— Фамилияң кім? — деп келте сұрады Филимонов, Алексей екеуі машинаның қасына басқаларынан бұрын келіп еді.

— Сморгков, — деп қысқа жауап қайырды шофер, машинадан жерге секіріп түсіп жатып.

— Сморгков? — деп танданды Алексей.

Инженерлер біріне-бірі карасты. Демек, Сморгков бұғазға келіп жеткен. Ол өз машинасын Чонграға дейін жеткізе алды ма екен, немесе ол машинаны Адунда бір жерге тастап, мұнда жаяулап жетіп, қайтадан жаңа машина алды ма екен. Бірақ, факті көз алдымызда: Сморгков келіп жеткен. Ол әйтеуір бірденеге ұшыраса керек. Арықтаған, бет-аузын сап-сары сакал басып кеткен, көзі қарығып, шүңірейіп кеткен, оның енді инженерлердің Стартта шығарып салған кунақы, жып-жыйнақты жас жігітке ұқсас жері қалмапты.

— Машинана не болды? — деді Филимонов, басқа сұрақтарды кейінге қалдыра тұрып.

— Моторы бұзылды.

— Жүргізбек болғаныңнан ештеңе шықпады ма? — Қалған адамдармен Батманов келіп жетті. Шоферды ол да таныған жоқ.

Сморгков жанында тұрған адамдарға айнала қарады да, теріс бұрылып кетті:

— Жүз рет әрекет жасадым, түк шықпады.

— Енді не істеуді ойлайсың? Үсініп қаласын ғой, мүскін.

Шофер иығын кыйқаң еткізді де, көңілсіз жауап қатып:

— Труба тасып жүргендердің біреуі келер тағы, сонымен бірге Чонгра мүйісіне кайтамын.

— Онда сіз трубаларды неге жерге түсіріп жатырсыз? — деп килікті Беридзе. — Сізге трубаларды ілгері тасып апару керек қой. Одан қала берді, егер де машина тоқтап тұратын болса, оның жүкпен тұрғаны не, бос тұрғаны не бәрібір емес пе? Мұны не үшін бұлай істеп жатқаныңызды түсіндіріңізші.

Шофер ренжіген пішінде мырс етті де, ешқандай жауап қатқан жоқ.

Батманов Филимоновтан машинаны жүргізіп көруді өтінді. Филимонов бар ынтасын сала, бірнеше минут машинаның моторын айналдырып еді, кенет мотор істей бастады. Барлығы жабылып машинаны орнынан қозғалтуға көмектесті.

— Сізге енді не істеуге болады? — деп сұрады шофердан, ашу кернеген Батманов, Филимонов моторы зырлап жүріп тұрған машинаны тоқтатпай-ақ оның кабинасынан сыртқа шыққан кезде. — Не істейтініңізді өзіңіз түсінесіз бе, әлде жоқ па?

Сморгков трассада машинаның жай ремонттының өте нашарлығы туралы бірденені көңілсіз ғана миңгірледі.

— Жалған сөздің керегі не, — деп Филимонов оны тоқтатып тастады. — Машина түп-түзу, су жаңа!

— Сіз неғылған адамсыз? Орыспысыз? — деп сұрады Батманов, шоферға қадала қарап.

— Орыспын. Орыс екенім көрініп-ақ тұрған жоқ па?

— Әзірше көрініп тұрған жоқ. Қай жердікісіз?

— Мұнда жол құрылысынан ауыстырды. Туған жерім Орел... — Несіне сұрап тұрсыз? Мені танымай қалып тұрсыз ба? — деді Сморчков ашулы және кекесін түрмен.

— Орелде қалған ешкіміңіз бар ма?

— Ата-анам қалған еді. Қазір олар бар ма, жоқ па білмеймін. Қазір мен ештеңе де білмеймін.

— Сізді қазір ата-анаңызға көрсетер ме еді. Олар мұнда сіздің қалай тырысып істеп жүргеніңізге мақтанып қарар еді... Бұл сықылды сүйікті баласы туралы қарт ата-аналарға хат жазып жіберсе де теріс болмайды...

«Сморчков теріс қарап кетті. Оның солбырайған мақталы күртесі ішіндегі тұлғасы жансыз тәрізді.

— Неге үндемейсіз? — деп ашулана сұрады Батманов.

— Немене, бала болып кеттіңіздер ме? Менен не керек сіздерге? — Шофер Батмановтың бетіне тесірейе қарады. — Тырысып істемей жүргенім рас. Тырысудың уақыты өтіп кетті. Айталық бір орыннан екінші орынға тағы ондаған труба тасып әкеледі екенмін. Сіздердің сол трубаларыңыз кімге керек. Бұл тек бір адамды күлдіретін нәрсе.

— Сен мына қырсықты адамды түсінесін бе? — деп сұрады Батманов Филимоновтан.

— Түсінбеймін. Не болды, ашығырақ түсіндіріп айтыңызшы. Бұл сөздерді не үшін айттың? Осынша неге ынжырған түсіп кеткен.

— Жок, сіздер маған айтыңыздар! — деп баж етті Сморчков. Ол ұйпа-тұйпа болған шашын будырата бас киімін жұлып алды. — Мен трубаны тасып әкеле жатып ойға шомдым: «Осыларды қайда, кімге тасып әкеле жатырмын. «Ақмақшылығым үшін өзімді-өзім өлтіруге де даяр едім... Бастық жолдастар, мені мұнда не үшін жібердіңіздер? Мен бір маңызды тапсырма орындап жүр екенмін деп дардыйып жүрдім. Мені қалай шығарып салғаныңыз есіңізде ме, Филимонов жолдас. Мен де күшімді аямай, машинаны жүздеген километр жерге жеткіздім. Адуннан бері қарайғы жолды көрдіңіздер ғой. Жол дейтін жол жоқ. Солай бола тұрса да, машинаны мен бұғазға жеткіздім, оны сүйреп, арқалап әкелді деп есепте. Жүкті де тиісті жеріне жеткіздім... Ал, не үшін, не үшін екенін маған айтыңдаршы?»

— Солай ету керек, Сморчков жолдас! Ал, машинаны осы жерге сүйреп жеткізгенің үшін, саған зор рахмет айтамыз, — деді Батманов сабырмен және онымен «сен» деп сөйледі. Ол енді шофердың кім екенін білді және оның бас-аяғы жоқ сөз-

дерінен бірденелер аңғара бастады.— Бірақ, сен мұнда, учаскеде әлдекімге ұсап кеткенің үшін рахмет айтуға болмайды.

Сморчков кұрылыс бастығының бетіне таңырқай қарады.

— Сіздердің неғылған адам екендеріңізді түсінбеймін! Шынымен нефтепровод саламыз деп жатырсыздар ма? Немістер Москваны алып қойды деседі ғой. Ал, бүгін бе, ертең бе жапондар осында келеді. Біздің бұл еңбегіміздің кімге қажеті бар? Одан да, жапондықтармен соғысу үшін не істеу керек, қайда бару керек соны айтыңыздаршы?

— Жігітім, сен жынданыпсын! — деп айғайлады Карпов.

— Шешетайым-ау! — деп аһ ұрды Либерман.

— Москваны неміс алып қойды деп саған аузына келгенін оттаған кім? — деп сұрады Батманов, Сморчковқа ренжи қарап.— Осыған сен қалайша нана алдың?

Рогов бар екпінімен шоферды бассалды.

— Эх сен... қандай адамсың. Сенің басың түбі жоқ шелек, Сморчков! «Москваны жау алыпты, Москваны жау алыпты!» Осы сөзді айтуға тілің қалай бұралды. Сен туралы трассадағы шоферлардың бәрі аузынан тастамайды, ал сенің мұнда ынжырғаң түсіп кеткен... Орыс халқының ұлымын дейді тағы өзін. Егер де осы сөзінді туған анаң естісе, сені ұлым деуден безіп шығар еді!

Сморчков қазір Роговты жұдырықтап жіберетін тәрізденді. Бірақ, ол тұрғандардың барлығын кенет бетіне нұр кіріп жайдарыланған кескінмен қарап шықты да, қорғалақтаныңқырап күлімсіреді. Оның сақалы өскен, ызалы бет-пішіні ажарланып сала берді.

— Осының айтып тұрғаны шын ба? Москва біздің қолымызда ма! Жолдастар!.. ал енді, айтсаңыздаршы? Біз мұнда жақсылық сөз ести алмай, жабырқап кеттік! — Сморчковтың даусы үзіліп-үзіліп шығып, сыңғырлап кетті.

— Достым, бұл рас! Немістер Москва түбінде талқандалды. Қызыл Армия оларды топырлатып қуып барады,— деді Беридзе.

— Сіздер қандай қуаныш алып келдіңіздер! Нағыз зор қуаныш! — деп күбірледі Сморчков. Кенет бас киімі мен биялайын жол-жөнекей киіп, машинаға қарай жүгірді. Оның бүкіл бет бейнесі бірден өзгеріп, қыймылы әрі жылдам, әрі батыл болып кетті.

— Трубаларды түсір де, мүйіске қайт. Мені учаскеден іздеп табарсың, әлі де болса айтылатын сөз бар! Бұл үрей туғызғаның үшін оп-оңай құтыла қоймассың! — деп айғайлады оған Батманов.

Сморчков оған кабинеттен жымыйып қарады.

— Батманов жолдас, қылша мойным талша, барлығына да разымын! Қандай сөгіс, қандай жаза болса да көтеремін.

Сенің алдында өз айыбымды ақтаймын, әлі маған алғыс та айтарсың! — деп айғайлады, даусын мотордың даусынан асырмақ болып.— Енді мені мазалап түртпектеу қажет бола қоярма екен, бәрі де түсінікті!

Машина орнынан әрең жылжып барып, жолмен зымырап жүре берді. Батманов оны көзімен шығарып салды.

— Василий Максимович, бұғазда жағдай нашар екен,— деді Алексей қынжылған қалпы.

— Я, өзім де көріп тұрмын. Жарайды, енді өзіміз де осындамыз ғой.

Бұлар бір километр жүрместен-ақ, бұғаз жағынан бір жеңіл машина ағызып келді. Участке бастығы Мерзляков және жұмыс бастығы инженер Котляровский бұлардың келіп қалғанын бір жерден естіп, басқарма өкілдерін қарсы алуға келген екен. Котляровский — ұзын бойлы, жіңішке, шүкшиген бетінде рабайсыз үлкен мүйіз көзілдірігі бар адам, қолында портфелі мен бір буда ораған чертеждер ұстап тұр.

— Баяндаманы осы жерде, аязда жасамақшысыз ба? — деп сұрады Батманов, портфеліне көзі түсіп, жақтырмаған пішінмен жанынан өтіп бара жатып.

Жалпақ беті суықтан күреңіткен, дембелше келген Мерзляков Батмановтың кең адымына еріп бірден тең басуға тырмыса аяндап, участкаде он күн ұдайымен боран көз ашырмай түтей соққанын, участкені адам айтқысыз күртік қардың басып қалғанын, тек жана ғана қайтадан тіршілік жасай бастағандарын асыға баяндай бастады.

— Панков қайда? — деп құрылыс бастығы оның сөзін бөлді.

— Ол бір халге ұшырады, ұшты-күйді жоқ болып кетті... Жоғалды,— деп Мерзляков асығып және біртүрлі айыпты адамша жауап берді.

— Қалайша жоғалды? Сіз не айтып тұрсыз? — деп Батманов таңырқап, тоқтай қалды.

— Жоғалып кетті, бастық жолдас. Ол участкаге кешкі бейуақытта келіп жетті. Қатты кейіп келген екен, маған келе-ақ дүрсе қоя берді... Жолда оған бір адам кездесіпті... Ол адам Уми қойнауынан екен — онда біздің базамыз бар, елу адам жұмыс істейді, олар су жолының ашылу маусымы кезінде құрылыс материалын әкелген үш пароходтың жүгін түсірген.

— Мұның Панковқа қандайлық қатнасы бар? Өзіңіз неменені оттап кеттіңіз!...

— Панковқа кездескен адам зәрені ұшырып, үрей саларлық толып жатқан әңгімелер сөйлепті. Адамдар аштан өліп жатыр-мыс депті. Панков тұп-тура сонда баруға бел байлаған. Мен оған, жол жоқ, кідіре тұру керек, базада соншалық үрейленерлік ешнәрсе жоқ дедім. Ол менің айтқаныма көнбеді.

Ертемен шаңғыға мінді де жүріп кетті, содан бері біз оны көрген емеспіз.

— Сіз оны неге жібердіңіз?

— Қалайша жібермессің? Ол бізге инспектор, басқарманың тексерушісі болып келді... Мен оған қатты ескерттім.

— Панковты іздестіру жұмысын неге ұйымдастырмадыңыз? Бұл сұрақтардың Панковка тигізерлік зәредей пайдасы болмайтынын түсіне тұрса да, Батманов аузына түскен сөзді қалай болса солай айта берді.

— Неге іздемейік, біз іздедік! Бар күшті салып-ақ іздестірдік, бірақ таба алмадық. Мұнда елсіз-күнсіз дала ғой.

Мерзляков тағы да боран жайын, ауа райының ауырлығын, учаскенің барлық жерден қашық жатқанын сөз қыла бастады.

— Егер де суықта тұрып әңгімелесуді тілесейсіз, онда учаскеде не болып жатқанын анығырақ айтыңыз, — деді Батманов, сөзін тісінің арасынан шығарып.

Қайғырып әрі өкінгеннен оның жүрегі лоблып кетті. Жігерлі және өзіне өзі сенімді Панков оның көз алдында тұр. Василий Максимович Генканы есіне түсірді, — үріп ауызға салғандай сүйкімді бала шынымен-ақ жетім болып қалғаны ма? Ол Таняға қарады да, көзін басқа жаққа аударып жіберді, қыз бұл хабарды естігенде шошып кетіп, ернін тістеп, қабағын түйіп тұр еді.

Мерзляков учаскенің ісі жайын баяндай бастады, оның сөзін Батмановтың үнемі кес-кестеп киіп кетіп отырмаған кезі, сирек қана болар. Артта келе жатқан инженерлер Батмановтың өткір-өткір шалыс сөздерін естіген сайын жымыйып күліп қояды:

— Ал қысқы жол салу жұмысы қалай? Мұны да істей алмадыңдар ма?

— Бастық жолдас, мұны әбден мойындаймын, бұл мәселені дер кезінде қыспақтап қолға қатты ала-алмадық, — деп Мерзляков бағынышты түрде мойындады.

— Сіздің учаскеде қанша труба бар және олар қайда жатыр. Аралға жеткізу үшін не әзірленді? Қандай материалдар жетпейді? — деген сұрақтарды жаудыра бастады Батманов.

— Складтар мен азық-түлік пункттерінде қаншалықты запастар бар? — деп сөзге килікті Либерман.

— Бір секундке мұрсатана беріңіз, қазір түсіндіремін, менде барлығы жазулы, — деп Мерзляков басын шұлғый, шолақ тонының түймесін ағытты.

— Қажеті жоқ, суық тиіп калар. Мұндай нәрселерді мыйға тоқып, жатқа білу керек. Сіздерде қазір труба тасуда қанша машина жүр.

— Бізде қазір труба тасуда қанша машина жүр? — деп Мерзляков арт жағында келе жатқан Котляровскийден қайта-

лап сұрады. Құрылыс бастығы жолдас, техника жағы осының қолында, менің оған араласқым келмейді.

— Бекершілік! — деп кесіп тастады Батманов.— Бізде әрі-сәрі болып, іске араласпағаны үшін бәйге бермейді. Онда сіз-ақ айта қойыңыз, бірақ портфеліңізді ашпаңыз! — деп, артына бұрылып Котляровскийге қарады.

— Ол қалтасынан уқаланып жұмарланған қол орамалын алды да мұрнын сіңбірді, суық тиіп қарлыққан даусымен:

— Жеті машина үздіксіз тасып жүр, жыйырма машина тоқтап қалды, жол әлі жөнделген жоқ, бұл жердің қысқы жағдайында машиналар нашар жүреді. Бұдан басқа бізде қазір жүруге жарамай тұрған машиналар да бар, оларға ремонт жасау керек.

— Айтыңызшы, Мерзляков, осы араның қысқы жағдайында шоферлар жұмысты қалай істеп жүр? — деп сұрады Беридзе.

— Шоферлар жаман емес, бар шамасынша жақсы істейді,— деді Мерзляков бас инженерге жалтақтап қарап.

Жол үстінде гүрілдеген машинаның даусы естілді. Бұл трубаларын түсіріп тастап учаскеге қайтып келе жатқан Сморчков екен. Ол келе жатқандардың жанынан өтіп кетпекші болып еді, бірақ Батманов ишарамен тоқтатты.

— Сморчков жолдас, жол қалай? — деп сұрады ол.

— Өттім. Кей жерлерді қар басып қалған, бірақ мен қандай жолмен болса да жүрудің маманымын ғой... Бір жерде қар күреуге жұрт көмектесті. Олар маған таң калып. «Сен тіпті әлі труба тасып жүрсің бе?» дейді. Мен сіздің жаңалық хабарыңызды айттым, көңілдері судай тасып, көздері шырадай жанды... Жол тазалау керек қой. Трубамен менің өзім де он бес километрден арман жылжый алмаймын.

— Машина қалай? Қыс жағдайында машиналар жиі-жиі тоқтап қала береді деседі. Осы дұрыс па? — деп Беридзенің білгісі келді.

— Машина қандай болушы еді? — деп шофер күлімсіреді де, қолымен машинаның алдын жапқан жабуды сыйпап қойды.— Біздің машиналар өте жақсы, оларға кіна тағудың өзі арға сыймайтын нәрсе.

Батманов қабағын шыта Мерзляковке қарады.

— Барлығың да учаскеге бара беріндер! — деді Батманов Беридзеге бұрылып.— Ал ананы да,— деді Батманов, тұмаудан сіңбірініп тұрған Котляровскийді көрсетіп,— ала кетіндер. Ол мұнда маған тұмауын жұқтырып жүрер. Тополевті бірден қолайлы жылы жерге орналастырындар. Мұндай ұзақ сапардан кейін сырқаттанып қалмаса жарар еді.

— Ал, сіз ше Василий Максимович?

— Мен Мерзляков пен бірге біраз қыдырғым келіп тұр. Ме-

нің байқауымша, ол көптен бері өз трассасын аралап жүрмегенге ұқсайды.

Басқарма адамдары жапа-тармағай шуласа жеңіл машинаға және Сморгчовтың жүк машинасына отырысты да, жөнөп берді. Батманов пен Мерзляков омбы қар басып жатқан жолға түсіп машиналардың ізімен жаяу тартты. Құрылыс бастығы қасында келе жатқан қосшысына ұнатпаған пішінмен тура қарады.

— Мерзляков, сізді, маған Новинскиде бір адам өте қауіпті кісі дегенді айтты, ол қалай?

— Құрылыс бастығы жолдас, бұған мен не деп жауап беремін? — деп таңданды Мерзляков. — Біздің арамызда қалжыңбастар да бар. Бетке айтуға қорғалайды, ал сырттан былшылдап жүреді.

— Сіз Гречкинді білесіз бе? Ол өз пікірін біреудің бетіне айтудан, сірә, имене қояр ма екен.

— Гречкин, кездестіргенім бар, бірақ оның қандай адам екенін, онша жақсы білмеймін. Ол маған да ұнай қойған жоқ. Тым өркөкірек адам тәрізді. Ал, оның егжей-тегжейін толық білмеймін.

— Мұның есесіне ол сізді біледі. Ол маған мынадай бір мақал айтты: «Ешкінің алдынан, есектің артынан жүруден қорық, ал Мерзляковтың барлық жағынан да қорық»... Міне қазір мен, Мерзляков, сізден қорқа да бастадым. Сіздің учаскеңізде мені тағы да қандайлық күтпеген уақытқа тосып тұр? — Батманов сөзіне жауап тосты, бірақ Мерзляков үн қатпады. — Дүниенің бәрі былығып жатыр. Адамдардың реңі қашқан, үрейлі лақап таратушылар мен үрейшілерге кедергісіз жол берілген — Панковты жоғалтқансындар! — деп Батманов әрбір сөзін зілдеп айтты. — Бұғазда не болып жатқанын әлі көргенім жоқ, ал сіздің трассаңызды басынан-аяғына дейін жаяу аралап шықтым. Бұл бір иесіз жатқан шым-шытырық түкпір. Автомашиналар мен тракторлар тоқтап тұр, ал сендерге сан рет жаздық, басқармадан кетерде: трубалар тасылсын, азық-түлік тасылсын, материал тасылсын, — деп Котляровскийдің мыйына да кұйған болатынбыз. Қыс өтпей тұрып тасыла берсін, тасыла берсін делінген. Көктем келді-ақ кеш қаламыз, қысқы жол бұзылады, ал жазғы жолды қапелімде жөндей алмайсың... Аралға көшуге де сіздің ешқандай даярлық жасамағаныңызға әбден сенемін. Бұғаздағы жұмысты бастау үшін Котляровскийдің де түк істемегеніне әбден сенемін. Мұның өзі бүкіл құрылысқа қауіп туғызады... Сіздерге не болған, жұмыстың мұншалықты құлдырап кету себебі не? Трассаның басқа жерлерінің бірде-бірінде бұл тәріздіні көрмейсің. Мен мұнда жағдай жақсы болады деп өзім де күткенім жоқ-ты, бірақ мұншалықты құлдырап кетеді ғой деп те ойлаған жоқ едім. Не демексіздер,

сіздің учаскеңіздің жағдайы басқаларға карағанда жаман болып ба? Жоқ, Адамдарды көп бердік, керекті заттың бәрі тасылып әкелінді, учаскені бір жерден екінші жерге көшіру деген болған жоқ. Солай бола тұрса да, сіздерде жұмыс төрт аяғынан ақсап жатыр.

Бастықтың зілді айып тағуынан және оның сөзінің сондайлық қатаң түрде айтылуынан шошынған Мерзляков асыға-үсіге өзі ақтала бастады...

— Құрылыс бастығы жолдас, жағдай қыйын. Мұндай қыйыншылықты өмірде көрген емеспін. Соғыс жағдайы қатты әсер етеді, адамдарда табандылық жоқ. Қыян шетте жатқандықтан, көңіл күйлері жақсы емес. Ешқандай байланыс жоқ. Радио істемейді, бір жері бұзылса керек. Ал, жұмыс жағдайының да соншалықты майы тамып тұрған жоқ. Дәл осы жерде тұрмысты жақсарту қоярлық жағдай бар ма? Жұмыстың да онша еместігі, әрине, осыдан... Қазір жұмыстың ең бастысы — транспорт екенін мен түсінбейді дейсіз бе? Әбден түсінемін. Сіз Москвадан келмес бұрын, мен қызметке тағайындалған уақытта, басқарманың өзінде маған тапсырған болатын. «Шоферлар мен тракторшыларды ең бірінші орынға қойындар. Оларға жағдай жасаңдар, олармен қол берісіп амандасуға, есімімен атауға, бір дастарқанда отыруға именбей-ақ қойындар» — деген болатын.

— Демек бекерге қол беріп амандасып, бекерге дастарқандас болған екенсіздер ғой? Жәрдем етпеді ме? — деп Батманов шенеп жымыйды.

— Жәрдем етпеді, — деп қостады Мерзляков, жабыңқы пішінмен. Ол сықақ сезімнен жұрдай адам еді.

— Сізге Зятыков, Гончарук... Умара Магомет сықылды тамаша адамдар жіберілді... өзіңіз ол адамды білесіз бе?

— Неге білмеске. Нағыз барып тұрған даукестің өзі. Оған бәрі ұнамайды, барлығын жаратпайды!.. Сіз көп адам жібердік дедіңіз. Көп екені де рас. Солай бола тұрса да, арқа сүйерлік біреуі жоқ, — деп Мерзляков байбаламдап, шағым айта берді.

Батманов оның сөзін бөліп жіберді:

— Үндемей-ақ қойсаңыз жақсы болар еді. Сізбен танысқаным жарты сағат қана болды, ал сол арада сіздің зар илеуіңізден мүлдем жүрегім айныды. Бүкіл орыс тілінен барлық білетін сөздеріңіз тек зәріктіргіш сөздер ғана болуы керек...

Аяз шаңғытқан сұрғылт аспанда түсі суық өркеш-өркеш сұр бұлттар көшеді. Қыстың ерте түсетін кеші таянып келеді. Маңайда сіресіп жатқан ақ қар, мұнай қотаратын болашақ тораптағы қазіргі бар тіршілік, қардың осы сұр шекпенінің арасында жоғалып жатқандай.

Тораптық құрылыс алаңы төрт бұрышты, бір жағы — шығанақтың ішіне сұғына кіріп жатқан Чонгра мүйісі, екінші жағы — тізіле тұтасып жатқан ұсақ төбешіктердің жүлгесі болатын. Бұл жерде адам әрекетінің белгілерін көру үшін әбден көз салып қарау керек: төбешіктердің бауырына жабыса салынған бірнеше аласа барактар, жеке-жеке тұрған екі-үш үй, дәл мүйістің өзінде тұрған кішкене ғана сарай, құрылыс алаңының орта кезіндегі қарауытқан траншеяларда және бұғаздың мұзы үстінде там-тұмдап қараңдап жүрген адамдар. Ана арада да, мына арада да омбы қардың арасынан күрекпен казып немесе аяқпен тапталып салынған, жыланша иреңдеген жіңішке жолдар. Осының бәрінің үстінен ондаған балғамен, адам айтқысыз жез легенді біреу ұрып тұрған тәрізді, тарсыл мен ың-жың дауыс естіледі.

Беридзе мен Алексей құрылыстың ең маңызды учаскесіндегі бұл тәрізді көңілсіз көріністі аса түнерген пішінмен шолып шықты. Котляровский де бұлармен бірге болды. Рогов, Либерман және Карпов бірден-ақ поселкеге кетті, төбешіктің бауырындағы көзге азар түсетін бірнеше барактар осылай деп аталатын. Филимонов мүйіске — шоферларға кетті. Тополев пен Таняны Котляровскийдің үйіне апарған.

— Еңбектеріңді көрсетіңдер, мақтаныңдар, — деді Беридзе инженерге қабағын түйе.

Бұлар Насос-дизель станциясының үйі салынатын жерден казылып жатқан құрылыс алаңының ортасына таман келді. Мақтамен сырыған жылы киім киген жұмысшылар тастай тоң болып катып қалған жерді лом және қайламен қашаулап омырып казып жатыр. Бірнеше адам екеу-екеу болып зембілге салған топырақты қолдасып тасып жүр. Шұңқырдың түбінде екі жерге от жағылған, бұлардың жанында тағы да ондаған адамдар жылынып отыр.

— Бұларыңыз не? — деп сұрады Беридзе Котляровскийден.

— Шұңқырлар ғой.

— Шұңқыр екенін білемін, албасты ғана басса сіздерді, — деп бұрқылдады Беридзе. — Жұмыстың осыншалық жабайы түрін неге қолданасыздар? Жерді алдын ала неге от алғыш дәрімен копармадыңдар?

— Солай істеу ойымызда бар еді. Бірақ взрыв жасайтын дәріні бұғаздан траншея қазу үшін үнемдеп сақтау керек деген сіздің нұсқауыңызды алдық.

— Ойлау деген болу керек қой! Үнемдеу деген — мүлдем пайдаланбау деген сөз емес! Взрыв жасауға керекті біраз дәріні ғана запасқа қалдыру керек еді.

— Взрыв жасайтын дәріні үнемдеген екенсіздер делік, — деді Ковшов. — Мына қатқан жерді от жағып жылытуды ұйымдастыруға болмас па еді. Отты екі жерден ғана өлусіретіп жақ-

пай, айталық, жүз жерден лаулатып маздатсаңдар болар еді ғой. Отын үнемдедіңдер ме?

— Білгілеріңіз келсе, бізде отын жоқ. Ағаш тасып әкелетін көлік те жоқ.

— Автомашиналар қайда?

— Көздеріңіз көрді ғой, барлығы дерлік тоқтап тұр. Ал, жүріп жүргендері труба тасыйды.

— Аттар қайда?

— Оларды менің көзім де көрген жоқ. Жем-шөп даярланбаған, аттардың біразы сойылып кетті, қалғандары өліп қалды.

— Тракторлар ше?

Котляровский ылғый сіңбірінумен болды. Беридзе ызалы көзімен оны ішіп-жеп барады. Алексей жолдасы ашу үстінде қатты кетіп қалар деп қауіптеніп, шолақ тонының жеңінен тартып:

— Жүр әрі қарай көрелік,— деді.

— Не көретіні бар? — деп бұрық етті Беридзе.— Әрегірек жерде резервуарға арнап траншея казылып жатыр, ал оны да қолмен казуда. Ондаған мың текшеметр жерді қолмен казбақ! Солай ғой?

Котляровский солай деген кісіше басын изеді.

— Металл ыдыстарды құрастыруды да қолмен істеп жатыр! Осы тарсыл-тұрсылды естігенде: мұнда жұмыстың бәрі Бірінші Петр заманындағы тәрізді адамның ащы тері шығып істеліп жатқанын бірден-ақ ұқтым. Саған инженердің дипломын кім берді? — деп ақырды Беридзе ашу кернеп кетіп.

Бұғаздың дәл жағасына жақын жерден адам айтқысыз үлкен, тереңдігі бір метр үш дөңгелек ор казылған екен. Жұрт жерді қайламен тырбандап казып жатыр, ымырт жабыла орданың үстінен карандап олардың бас киімдері ғана көрінетін еді. Аңадай жерде үлкен темір шеңбер жатыр, оның тек сегменті ғана жетпейді. Темір тойтарушы екі ұста кезектегі үлкен табақ темірді кыздырып жатыр. Көмекші жұмысшы темір кызып жатқан жылжымалы көріктің жанында дап-дайын болып тұр.

Беридзе қатты қыңжылып басын шайқады. Оның Алексейге бірдене айтқысы келді, бірақ даусы тарсыл-тұрсылдың ішінен естілмеді, инженер тек қолын ғана сермеді. Алексей жұмысшыларға таман келді де, біреуінің иығына қолын салып, жұмысты токтата тұрыңдар деді. Тарсыл-тұрсыл дауыс басылғаннан кейін де, құлақтан шуылы кетпеген сыяқты әсер етеді.

— Мұнымен көптен шұғылданып жатырсыңдар ма? — деп сұрады Алексей.

— Көптен бері!

— Сізге қандай тапсырма берілген еді?

— Ешқандай,— деді күліп тойтарушы, ол көз кыйығымен жолдастарына қарап қойды.— Істеуге де, істемеуге де бола-

ды — бәрібір. Біздің шегелеп жатқанымыз, өзіміздің долбарымыз, іш пыспаудың амалы. Бастықтан шегелеуге бола ма,— деп сұрадык. Құп болады, істей беріндер,— деді.— Міне тарс-тұрс шеге тойтарамыз да жылынамыз.

— Егер де шеге тойтаруға ниеттенген болсаңыздар, онда пневматикалық әдіспен істесеңіздер еді. Қолмен істегеннен гөрі көңілдірек қой. Әлде механизмдеріңіз жоқ па?

— Механизмнің әртүрі бар, бірақ олар босқа жатыр. Мұнда бәрі қолмен істеледі. Электр тоғи мүлдем жоқ. Қөшпелі станция әлсіз, азар-азар істейді.

— Біз электр станциясын салуымыз керек,— деп мінгірледі Котляровский.

— Сіз нормировщик емессіз бе? — Әркімнің қанша істегенін тексеріп жүрсіз бе? — деп сұрады шеге тойтарушы Ковшовтан, ал жұмысшылар көңілсіздеу күлісті.— Тексеретін ештеңе жоқ, былай да бір қарағаннан барлығы көрініп тұр.

— Көрініп тұр,— деп келісті Алексей.— Бүгін осымен бітіріңіздер. Енді жарты сағаттан кейін қараңғы түседі, демалуға барғандарыңыз жөн болар.

— Жоқ, одан да біздің тарсылдата тұрғанымыз жақсы,— деп тойтарушы көнбеді, тағы да алаң үсті қайтадан тарсыл-тұрсылға айналды.

Аяз мүлдем катыйып, үскіре бастады. Котляровский әбден жаурап тонды. Алексей мұздаған бетін укалап, аяғындағы пимасын бір-біріне соғып, суықты мүлдем сезбеген адам сыяқты болып тұрған Беридзенің суыққа беріктігіне таң қалды, бірақ Беридзенің сақал-мұртына мұз қатып, қырау басып кеткен еді. Омбы қарға малтыға инженерлер жағаға таман келе жатыр. Беридзе тұнжырап кеткен, үндемейді. Ковшов тағы да Котляровскийден анау-мынауды білгісі келіп сұрай берді:

— Сіздердің жұмыстарыңыздың бәрі осындай болып шығу себебі не? Ешбір жоспарсыз кездейсоқ жұмыстармен шұғылданып жатырсыздар, бас инженердің берген нұсқауының бәрін елеусіз тастағансыздар. Адам күшін ең маңызды жұмыстардың төңірегіне жыйнап алудың орнына, уақ-түйекке ыдыратып алғансыздар. Аралға қарай жолды неге салмайсыздар? Бұғазда істелетін жұмысқа деп істеп жатқан дайындықтарыңыз қайда? Сіз жетінші ноябрьде шыққан соңғы бұйрықты алдыңыз ба?

— Жетінші ноябрьдегі. Ондай бұйрық алған жоқпыз,— деп күңк етті Котляровский.

— Сіз мені ұятқа қалдырдыңыз? — деп күйінді Беридзе.— Сізді осы жұмысқа ұсынған мен едім, көп үміт күтіп, сенген едім!

— Егер жұрттың бәрі торығып жүрсе, қандай жұмыс болмақшы! — деп Котляровский де даусын көтерді.— Москваның құлауы жайында лақап тарағанда, мен өзім де не істерімді

білмей аңырдым... Егер де оны күні ертең жапондықтар таптап жүретін болса, аралға қандай жол керек. Қыскасы, біз бұл жерге несіне келдік, мұндағы біздің тырысып босқа арамтер болуымыздың кімге қажеті бер?..

Алаңның екінші бір шетінде барактардан окшаулау, төбенің бауырында тұрған жаңа ғана салынған, есік-терезесі жалтыраған әдемі үйге Мерзляков Батмановты алып келді.

— Демалыңыз, жылыныңыз, құрылыс бастығы жолдас. Құдайға шүкір, үй жылы, әрі тыныш.

— Бұл үйде кім тұрады?

— Мен тұрамын. Жұмыс бастығы Котляровский мен бухгалтерге де дәл осындай үй салып бердік.

— Жылы дейсіз бе? Тоңбайсындар ма? — деп сұрады Батманов.

— Жылы,— деп бойы жеңілдей күрсінді Мерзляков. Мұнда, бұғазда, ылғый жел соғады да тұрады, жылудың бәрін сол айдап кетеді. Міне, тек бүгін ғана сіздердің келулеріңіздің құрметіне жел болған жоқ... Осындай суық болғандықтан пешті үздіксіз күні-түні жағуға тура келеді.

— Отын, сірә көп кететін болар?

— Көп кетеді. Бір жақсы жері, тайгада тұрамыз ғой.

Бұлар айнала қоршаған өркештеп биік жасаған дуалы бар, оның үстінен үш қатар істік сым жүргізген бір қатарлы үйге жақын келді. Құлазыған учаскенің көңілсіз, түнерген есіз даласында тұрған бұл үй соншалықты анайы, көзге шыққан сүйелдей болып көрініп тұр.

— Алайда, сіз тым сыпайылап айтқан екенсіз,— деп Батманов күліп қойды.— Мынау жай үй емес, жатқан бір кең сарай ғой!

— Жобасы Котляровскийдікі. Осының бәрін ойлап шығарған сол, әйтпесе менің бұған ақылым жетпеген болар еді.

— Менің шамалауымша, дуалды ойлап тапқан ол емес, өзіңіз шығар деймін. Бұл тәрізді дуал ойлап шығару инженерлердің ісі емес қой.

— Дуал менің ойлап шығарғаным, құрылыс бастығы жолдас, мұны дәл таптыңыз,— деп Мерзляков жарамсақтана күлді.

Мерзляков сыртқы есікті ашты, бұлар қоранын ішіне кірді. Жаңа салған сарайдың ішінен шошқаның қорсылдаған даусы естілді.

— Мұнда сіздің толып жатқан шаруашылығыңыз бар екен ғой! — деп таңданды Батманов.— Жаман емес. Сыйыр, шошқа, тауық, ә?

— Шошқа мен күс. Онсыз болмайды.

Батманов Мерзляковтың қора-қопсы мүкембалдарын әбден мұқыят қарап шықты.

Осынша жүкті осында бұғазға сіздің қалай жеткізгеніңізге түсінбедім? Кім жәрдемдесті? Бұдан он бес минут бұрын, мен сізді салдыр-салак адам шығар деп есептеген едім. Шынын айтқанда мен кателесіппін... Бұл тәрізді шаруашылықты басқарып отыру оп-оңай бола қойып па? Бұл толып жатқан уақытты алады ғой. Айуан деген бағып-қағуды, жемдеуді тілейді емес пе?

— Әбден дұрыс айтылған сөз,— Мерзляков Батмановты аяғынан-басына дейін сүзе бір қарап өтті де, бастықтың әңгімесінің ұшын қай жаққа аударып бара жатқанын түсінгісі келді.

— Мен, сірә, сіздің үйге бармай-ақ қоямын,— деп ұйғарды Батманов кенет.— Одан да поселкені көріп шыққаным дұрыс болар.

Сізді ертіп жүруге әмір етесіз бе, құрылыс бастығы жолдас.

— Ықтыярыңыз білсін. Егер шаршасаныз, дем алсаныз да болады.

— Жолшыбойғы темір тойтарғыштардың тарсылы Батмановтың да көңілін бөлді. Ол соларға қарай бұрылды.

— Ымырт жабылып қалды. Тегі, жұмысты аяқтайтын уақыт жеткен шығар,— деді Батманов.

— Үйлеріне қуып та жібере алмайсың. Еңбектегі ынта емес пе? — деп мақтанды Мерзляков.

— Еңбектегі ынта дейсіз бе? Қане, еңдеше осылардан еңбектегі ынта жайын сұрайықшы.— Ол жұмысшыларға жақындап келді де, шетте тұрған біреуіне былай деді: — Қараңғы түсіп кетті. Енді жұмысты тоқтатса да болады. Дем алатын уақыт жетті.

Темір тойтарушы жақын келген адамның бетіне жақсылап тұрып қарап алып:

— Демалуға дейсіз бе? Біз демалуға күштар болып тұрғанымыз жоқ.

— Неге олай?

— Тегі, сұрауыңызға қарағанда, сіз мұнда жаңа келген адам боларсыз. Неге күштарланбайтынын жата-жастана білетін боларсыз...

Батманов поселкеге қарай бет алды. Мерзляков ойға шомған, өте мазасызданған пішінмен оның сонынан қалмай көлеңкесі тәрізді ере берді. Бұларға Либерман қарсы жолықты. Ол барактан шығып келе жатыр екен. Батмановты көре сала, жабдықтау қызметкері өзіне тән мінезбен екі қолымен бірдей басын қаусыра ұстап тұра қалды:

— Шешетайым-ау, бұл не деген сұмдық! Жұрттың қалай тұрып жатқанын өз көзіңізбен көріп шығыңызшы. Мен дереу шара қолдану үшін жүгіріп барамын.

— Либерман, дүрмек жасамай-ақ, аздап сабыр еткін! — деп айғайлады оның артынан Батманов.

Бірінші барактың жанында тұрған Роговты көрді. Ол бір көзге тоғанак бергендей сөлекеттеу жас жігітпен әңгімелесіп тұр. Рогов бір калыппен, сабырмен сөйледі, алайда тыңдап тұру жеңіл болмаса керек: жігіт тартқан сымдай боп, Роговтың жерге тыға айтқан сөздерінен теңселіп кетеді.

— Әңгіме не жайында? — деді Батманов кетіп бара жатып.

— Шаруашылық басқарушымен танысып жатырмыз, — деп Рогов қысқа жауап қайырды.

Асығыс сала салған және бір жағына қыйсайып та үлгерген барак қараңғы еді. Үлкен үстелдің үстінде сығырайып тұрған шамның жарығы бүкіл үй ішіне жетпейді. Вагонның іші тәрізді етіп жасаған сәкілерде пималарын, бас киімдері мен күртелерін шешпеген адамдар жатыр. Бірнеше адам қысылып-қымтырылып шойын пештің жанында жылынып отыр. Үйдің іші күрк-күрк жөтел, түшкіргендердің даусы.

— Амансыздар ма, жолдастар! — деді Батманов.

Мұның сәлеміне ешкім жауап қайырмады. Барактың ішін аралап келе жатқан Батманов пешке қолын тигізіп еді, болар болмас қана жылы екен. Батманов стол жанында тұрған орындыққа келіп отырды, шылымын алып тартып, темекі салатын сауытын аузы ашық күйі столдың шетіне қойды. Ол үн қатпастан жан-жағына көз салып қараумен болды. Баракта тұрушыларда да үн жоқ, олардың көзі келген адам мен столдың үстінде жатқан темекі сауытында болды.

— Немене, осылай үн қатыспай отыра береміз бе? Қалай тұрып жатқандарынды айтындар, — деді Батманов жайдары жүзбен.

— Айтатын несі бар. Егер көзіңіз болса, өзіңіз де көресіз ғой. Суықтан бүрсеңдейміз, не күтетінімізді өзіміз де білмейміз, — деп жауап берді пеш жанында тұрған еңкіш жаурынды, бүкірейген қарт адам.

Батманов оны танып кетті.

— Зятыков жолдас? — келіп жеттім деңіз!

— Келіп жеттік қой, бұдан әрі барар жер жоқ, — деді қария түнеріп.

— Гончарук қайда?

— Осында. Ауырып жатыр.

— Жарайды, Зятыков жолдас, енді сөзді учаске бастығына берейік. Осында кожайын ретінде, ол қазір бізге тұрғын үйлерді неге соншалықты жаман, тіпті сарайдан да нашар етіп салғанын түсіндіріп айтып берсін. Барактар неге суық? Отын қайда? Батманов бұл сұрақтарын Мерзляковтың бетіне қарамай тұрып берді.

— Отын тасуға бір машина бөлінген, — деді Мерзляков. — Отынды алыстан тасуға тура келеді, сондықтан бір машина керекті отынды тасып үлгіре алмайды. Жол да тасуға мүмкін-

дік бермейді, қар басып қалған, осында отырғандардың бәрі де біледі, машина да әлсін-әлі жолда тұрып қалады.

— Жол неге нашар? Егер аз болған күнде, неге бір-ақ машина бөлінген?

— Барлық транспорт өндіріс үшін керек болды. Машина труба тасудың өзіне де жетпейді. Өзіңіз де көрдіңіз ғой.

— Көрдім, сіздің транспортыңыз тоқтап тұр,— деді Батманов.— Мұның себебі не? Осыған кішкене көңілдірек жауап берсеңіз кайтеді, қожайын!

Батманов барактың ішін аралап жүріп, адамдардың беттеріне үніле қарады. Осында тұратын жүз елу адамның ішінен он бес адам тұмау-сүзек болып, ауырып жатыр. Тіпті басқаларының да өңі онша емес, жүдеген, кір басқан, сақал-мұрттары алынбаған. Барактың ауасы адамды тұншықтырарлық иіс-қоңыс, тіпті ауыр.

— Ауру адамдар сау адамдардан неге бөлінбеген? Бұл жұқпалы ауру пайда болғанда қойылатын ең бірінші шарт емес пе? Адамдардың тұрмыстарының осыншалық жүдеушілікке ұшырау себебі не?

Мерзляков үндемеді.

— Сіздерде монша бола ма? — деп Батманов тағы да жаңа сұрақ бере бастады.

— Моншаға су жоқ,— деді Зятьков.

— Су неге жоқ, учаске бастығы?

— Құдықтағы су катып қалды. Суды өзеннен тасып әкелуге тура келеді, ал өзен алыс. Тағы да барлығы транспортқа келіп тіреледі. Ауыз судың өзін азар тасып әкелеміз...

Өзінен көзін алмай отырғанын байқап калып, Батманов нарада отырған бір жұмысшының жанына келіп отырды.

— Жаңа осында шофер Сморгчов кіріп шықты,— деді жұмысшы.— Москваның түбінде немістердің талқандалғанын айтып кетті. Мұны оған кім айтты, сен бе?

— Я, мен айттым. Қызыл Армия жеңіп шықты, немістерді Москвадан ары қуып тастады.

— Сүйтіп, бұл рас болып шықты ғой! — Бүкіл барактың ішіндегілердің бойы сергіп кетті. Біреулер қуана лепіріп, қатты сөйлеп жіберді. Жұрт қозғалысып біріне-бірі таяна түсті.

— Жаксы хабар әкелгенің үшін, саған көп рахмет,— деді Батмановтың жанағы сөйлескен адамы риза болып. Ол сөзін түсінікті сөйлемей, жеке сөздерді қате құрастыра сөйлеуші еді.

— Осында біреулер ұзын құлақ хабарды даурықтырып, Москва немістердің қолында десіп жүр. Мен бұған нанғам жоқ: немістер қалайша алады. Сталин Қызыл аланда тұрып, біз жеңеміз деді, ал сүйте тұрып, кенеттен Москваны беріп қояды.

Ол үн қатпай, Батмановтан көзін алмай карауда болды да, аяғын жылы киімнің астына ораңқырап қымтап қойды.

— Сіз де сырқатсыз ба? — деп сұрады Батманов. Ол кіммен сөйлесіп отырғанын сезіп те қойып еді.

Ауырмай көр мұнда!

— Тұмау ма? Ыстығыңыз бар ма?

— Тұмау деген не? Дертім жүректе, басым да, жаным да ауырады. Осы үшін-ақ құса болып дертке шалдықтым,— жұмысшы қолымен Мерзляковты нұсқады.— Несіне сұрайсың? Дәрігерсің бе?

— Жок, кел танысайық, мен сіздердің құрылыстарыңыздың бастығымын, менің аты-жөнім Василий Максимович Батманов.

Жұмысшы орнынан ұшып тұрды, ол орта бойлы бірақ кең иықты адам екен. Барактың іші айғай-шуға толып кетті.

— Біз сені зарыға күттік, ой қандай күттік! — деді жұмысшы.— Мұнда жете алмас деген еді. Шалғай жер, жол жок, үскірік суық. Жердің түбі. Сені Дудин жіберді ме, немесе өзің келдің бе?

— Дудин де жіберді, өзім де келдім. Жолдастар, мен мұнда бұдан бұрынырақ неге келе алмағанымды сіздерге кейінірек айтармын. Өз орныма сенімді деген адамды жіберген болатыным, бірақ ол бір қайырсыз сапарға, бакытсыздыққа ұшырапты. Тегі, сіздер оны көрмеген де боларсыздар. Ал, мен сіз жайында көп әңгімелер естідім. Сіз темір пісіруші, Умара Магометсіз ғой, дұрыс па?

— Дұрыс. Умара Магометпін. Темір пісіруші болғамын.

— Болғансыз ғой? Қазір ше!

— Қазір мен босқа қарап жүрушімін. Жатып ішермін.

— Неге босқа қарап жүрсіз?

— Маған деген жұмыс жок. Осында келуге құлшына асықтым. Мұнда менің жұмысым қажетсіз болып табылды. Мен Дудинге арыз жібергемін. Егер де сен келмегенде, бұл жерден кашып кеткен болар едім. Барлығына да кашуға тура келер еді, жалғыз Мерзляков кана калар еді. Немесе оны өздері-ақ қуып жіберген болар еді...

— Демек, жұртқа жұмыс та табылмаған ғой? — деп сұрады Батманов бетін Мерзляковқа қарай бұрып:

— Жолдас құрылыс бастығы, труба пісіру жұмыстарын әлі бастағанмыз жок...

— Мен темір пісіру жұмысын сұрап отырғаным жок,— деді, Умара кенет ашу қысып.— Трубаны тиеуге де ризамын. Қар күреуге де ризамын. Қайда жіберсең, онда жібер, тек жұмыстан пайда шығатын болса болғаны, тек мені босқа отыратын адамға айналдырып жіберме. Міне, осы отырғандардың барлығына қарашы, тракторшылар, темір пісірушілер, слесарь, мантерлер — барлығымыз да жұмыс істегіміз келеді, қандай жұмыс

болса да істеуге әзірміз.— Қазір біздің жұмысымыз жоқ екен, кейін болар. Құрылыс жұмысы біртіндеп етек ала бастауға тиісті.

— Дұрыс айтылған сөз, Умара жолдас! — деді өрепкігенін басуға тырысқан Батманов.

Умара Мерзляковқа жақындап келді де, сондайлық кыйналып, кынжыла, бетіне тура карап айғай салды:

— Бізді жатып ішер еткенің үшін, ешқашан кешірім жасмаймыз! Батмановтың не айтқанын естідің бе? Ол кожайын. Ал, сен ше... Сен кожайын емессін. Сенімен біз еңсеміз түсіп, құрып біте жаздадық. Мен сенен кашып-ақ кеткім келді, ал, бірақ кайда кетерсің? Және кашып кетуге де болмайды. Мені майданға жібермей қойды, осыншалықты алыска әкелгенде мені нефтепроводын пісірсін деп әкелді. Мені Дудиннің өзі жіберді. Біз бұл жерге жетуге қандай асық болдық... Машинаны аркамызға салып сүйреттік, жаяулап жүрдік... Айтшы, осылардың бәрін не үшін істедік?

— Сіз айкайламаңыз, менің құлағым керең емес,— деп Мерзляков қабағын шытқан күйі темір пісірушіден аулағырақ кетті.

— Сенің құлағың керең емес екені рас,— деп күлді Умара.— Бірақ сен құлағыңа мықтап тұрып әдейі макта тығып алғансын... Жоқ, мен айғайлаймын, сен тыңдайтын бол! Құрылыс бастығы сені де, мені де көрсін. Кімнің айтқаны дұрыс, кім айыпты екенін ол айтсын.

— Мен сізді тәртіпке шақырамын! — деп ашуланды Мерзляков.

— Тәртіптің қандай болатынын өзіңіз білесіз бе? — деп сұрады Батманов зілді дауыспен.

— Жаксы емес, Мерзляков, тіпті жаман. Біздікі ит байласа тұрғысыз өмір,— деп омыраулады Умара.— Суық деп сені кіналап отыр ғой дейсің бе? Жоқ, суыққа сені кіналамаймыз. Қарнымыз аштығын ше? Бұған да кешірім етеміз. Су тапшылығын ба? О да жарайды. Тартуға темекі бермегенің бе? О да солай-ақ болсын... Менің екі інім соғыста жүр, оларға да жеңіл емес. Сен бізге тоқсан тоғыз рет айттың ғой: «Талап етуге болмайды... соғыс»,— деп.— Қарсылығымыз жоқ, дұрыс... Бірақ сен бізді ұлтарак еттің, жігер-күшімізді күм қылдың ғой. Істейтін жұмысымыздан айырдың! Құрылысты құлаттың! Мұны саған кешіре алмаймыз! — Ыза кернеп, ашуланған бойы ол бетін Батмановқа бұрды: — Бастық Батманов, мұны соттау керек!

— Сендерге кім жұмыс бермеді! — деп Мерзляков, мойнын ішіне тартып, кымсына жавап катты.— Сендердің өздеріңнің құлықтарың болған жоқ. Кел, істей беріндер.

— Жалған сөйлеуге жарамайды, Мерзляков! — деді Зять-

ков бойын жазып.— Сен өте нашар қожайынсың, бізді осы пәлеге әкеліп ұрындырдың?

Батманов зілдей ауыр көз қарасын учаске бастығынан аудармастан отыр.

— Жолдастар, мен сіздермен бірлесіп қол ұстаса отырып, жұмыс істеу үшін келдім. Барлығын әбден бір тәртіпке келтірмейінше және жұмыс көңілгідей аяққа басып кетпейінше, мен бұл арадан кетпеймін,— деді ол орнынан тұрып. Мерзляковқа бұрылды да Василий Максимович: — Жүріңіз,— деді.

Барактан шыға салысымен-ақ Батманов Мерзляковтың кеудесінен қапсыра бүріп, аяғын жерге тигізбей дедек кактырып өзіне таман тартып алды да, қатты ақырды, бұл кезде оның бойын ашу мен ыза кернеп, билеп әкеткен еді:

— Сіз өзіңіз кімсіз, Мерзляков? Біздің адамдарымызды, біздің ісімізді осынша қорлауға батылыңыз барған болса, онда сіз өзіңіз кімсіз? Сізге көрсеткен осыншалықты сенімді қайда қойдыңыз, неге жұмсадыңыз? Бүкіл қателіктер мен жаза басушылығыңызды, жұмысқа орашолалығыңызды, барлығын былықтырғаныңызды, барлығын іске алғысыз еткеніңізді... кешірген болар едім... Бірақ, егер де сізге совет адамдары шошқадан арзан болып көрінсе, онда сіз барып тұрған оңбағансыз. Ал біз сізді соттайтын боламыз. Соттайтын!

Ол қырылдаған Мерзляковты үйіріп итеріп жіберді, зәресі тас төбесіне шығып, құты қашқан Мерзляков қарға омақаса құлады.

Жұдырығын қатты түйіп алған Батманов, бейуақытта жүгіре басып келеді, ол көз алдында не барын абайлаған да жоқ. Бұған қарсы келе жатқан Рогов, оны тіпті күшпен тоқтатты:

— Василий Максимович, бұл шаруашылықты менің қабылдап алуыма команда беріңіз. Учаске маған қолайлы, ұнайды.

Ендіккен Батманов, сөз қатпады. Рогов оның есіне салып:

— Сіз маған таңдап алуға праволысың деп уәде бергенсіз. Міне, мен осыны таңдап алдым.

— Уәде еткемін. Қабылда. Қазір, дереу қабылда! — деді Батманов ендіге сөйлеп. Әбден түнілу дәрежесіне жеткенше азап шеккен барактың адамдары оның көз алдында тұрды.— Біз бұл адамдардың алдында сонша кіналымыз. Енді біз олардың алдында сенімге жетуіміз керек. Олардың алдында жұмысымыз бен ақталып шығуымыз керек. Жұрттың бәрі мұрнына су жетпейтіндей болып істесін... Ертең мен баракқа келемін, оның іші қалай да жылы болсын! Қайтсе де таза болсын! Ауруларды бөлу керек. Тамақтың қандайы мүмкін болса барлығы берілсін. Азық-түлікті аямаңдар. Тартуға темекі берілетін болсын. Жұмыс берілсін — керекті жақсы жұмыс берілсін. Олар мұндай жұмысты ансап отыр, білек сыбанып кірісуге әзір отыр...

Ал, сен неге мелшиіп тұрсын? Қыймылда! Либерманға айт, егер тез қыймылдамаса, жанын шығарамын.

— Баяндауға рұқсат етіңіз? — деп Рогов тез ғана сұрады да, жауап алуды күтпестен, рапорт бере бастады: — Мен шаруашылықтың бастығын — үш машина мен біз мініп келген ат шаналарды беріп отынға жібердім. Бір машинаны суға жібердім. Карпов нивхтарға кетті, балық, ет қағыстырып тауып әкелмек. Либерман асханада, асбасшы орнына өзі кірісті, тәтті етіп кешкі тамақ пісірмек.

Қараңғы елең-алаң ішінен Мерзляков келіп шықты. Ол Батмановтың көзіне қарап, жәутендеп жалына бастады:

— Құрылыс бастығы жолдас, барлық қыйыншылықты еске алуыңыз керек. Бастық жолдас...

Батманов оған назар аударған жоқ. Оны енді көрген де және байқаған да жоқ. Ол үшін Мерзляков та Грубский тәрізді, дүниеде бар-жоғы бірдей адам болды. Бір адамнан тауалы кайтып, үмітін үзді дегенше, Батмановтың өте сирек кездесетін бір әдеті міне, осылай болатын.

УШІНШІ КІТАП

Бірінші тарау
БАСТЫ ТАБЫС НЕДЕ

Рогов учаскеде бағалы мүліктерді есепке соншалықты тәртіпсіз алып, әрі ұқыпсыз сақтағандарына қатты таңырқай отырып, істі мұқият тексеріп қабылдай бастады. Мерзляков көңілсізденіп үн катпады. Аға бухгалтер Кондрин, сопақ бетінде корасан дағы бар өткір көзді, бойшаң келген арық кісі, мұнда жақында ғана келгенін, есеп жұмысы жөнінде қолынан келгеннің бәрін істегендігін дәлелдеп жатыр.

— Бұл социалистік мүлік қой! Оған мұндай көзқарас жасаған үшін сотка беріледі,— деді Рогов ызаланып.

Теңіз жолының барында учаскеге көп механизмдер, құралдар және материалдар тасылып үлгерген. Теңіздің сағасынан өткел салу үшін ол материалдардың біразы ғана керек еді, қалғандарын құрғақтағы ең алыс жерлерге және аралға жеткізу керек болатын. Судың жағасында шашылып жатқан жәшіктер, машина бөлшектері және болат трубалар күртік қардың арасынан қылтыйып көрініп жатыр. Ал азық-түлік пен аса қымбатты материалдар апыл-ғұпыл жасалып, іргесінен саңлаулары көрініп тұрған ағаш сарайда сақтаулы екен.

Рогов барактардан табылған қанша адам болса, бәрін жыйнап алды да, аланды тазартып, механизмдер мен материалдарды қардың астынан казып алып, оларды қалқанын астына жыйнастыруға бұйрық берді. Жұрт жағаға қаптап шықты. Рогов қазіргі жұмыстың істеліп жатқан қалпын бақылай отырып, бүгінгі, ертенгі және жуықтағы күндерде не істеу керектігін ойланды. Кезек күттірмей істелетін жұмыстар өте көп болғандықтан, олардың қайсысын бұрын істеудің кезегін белгілеу де қыйын болды.

Мерзляков пен Кондрин Роговтың соңынан қалмай еріп жүр. Бұғаздың мұзы үстінде Батманов көрінді. Мерзляков лезде-ақ барлық правосы мен жақсы тұрмысынан айырылған

сайын бастығының әрбір жасаған қыймылын бақылап, көзін алмайды.

— Табиғатты тамашалап жүр ме? — деп Кондрин кекете ернін жымқырып, Батманов жаққа карап басын изеді.

— Сіздің табиғатыңыз кімге керек дейсіз! — деді Рогов күйініп.— Бастық сіздің естен шығарып — жасамай қойған жолыңызды енді қалай етіп мұздың үстімен жақсылап жүргізуге болатынын карап жүр. Ал қане, бухгалтер: сырттан карауыңыз жетер. Менімен бірге заттарды қабылдап алуды бастаңыз. Трактордан бастап шегеге дейін, бәрін де есеп кітабына жазып, жыйнап алу керек.

Бұл кезде Батманов қарсы алдында қатқан бұғаздың ұшықыйыры жоқ даласынан көзін айырмастан карап тұр. Бұлт астынан күн шыққан кезде алыстағы аралдың жағалауы көкшіл мұнар тартып, толкын-толкын болып көрінеді. Ол өте зор керемет жануардың селк етіп көтеріп алған басына ұксап қалқып тұрған Гибельный мүйісі. Шынында да Василий Максимович жол салуға мүмкіндік бар бағыт іздеген еді. Егер де жергілікті адамдардың тәжірибесіне нансаң, бұғаз осы жуықта жағадан айрылып қозғалады екен, деп Беридзенің ескерткені оның бір бүйрінен кетпеді. Бұғаздың бірнеше жерін Беридзе зерттемекші де болды; оның ойынша мұз әлі жұқа, тракторды көтеру былай тұрсын, автомашинаның салмағын да көтере алмауы мүмкін. Батманов аяғын қатты-қатты басып, мұздың үстімен жүрді, оған қатқан мұз бұғаздың екі жағасын сенімді түрде, әбден тұтастырған тәрізденді.

Өзіне қарай келе жатқан Филимоновты көріп, құрылыс бастығы жағаға қарай бұрылды.

— Жұрттың біреуін қалдырмастан ертең мұз үстіне шығарамыз да, екі-үш күннің ішінде аралға баратын жол салып аламыз. Сонсоң олардың бетін Адунға қарай бұрамыз,— деді Василий Максимович.

— Маған ең керегі — жол. Жол болса, әрекет те болады. Машина мен шоферлар үшін мен уайым жемеймін,— деді Филимонов.

— Жолдың салынғанын күтуге тиісті болғаны оның сенімінен айырды, қолын жіпсіз байлады. Екі күнде немесе бір жетінің өзінде жол салуға болады дегенге Филимонов сенбеді. Мұздың қалыңдығы күдікті деген сөздер оны одан әрі кобалжытты.

— Ең керектісі жол емес, шоферлар мен машиналар,— деді Филимоновтың күдіктенгенін байқаған Батманов.— Менің байқауымша, сіз шыйраңқырап, пысудың орнына берекеңіз кашып, бұйығып барасыз. Транспортшылардың: асфальтті тактайдан тас жол салып бер, оны бер, мұны бер, тағы басқасын бер, сон-

да ғана барамыз дейтін масылдық әдетті бірте-бірте ұмытқан ақыл болар деймін.

Учаскеде асфальтті жол салу туралы ойлаудың ауылы алыс жатқан болатын, тіпті тұнжырап отырған Филимонов та жымы-йып қойды.

— Шоферларыңа барайық, мен оларда әлі болғаным жоқ,— деді Батманов.

Олар жартасты мүйіс үстінде жападан-жалғыз тұрған, бөренеден салынған үйге таман көтерілді. Жалаңаш қоңыр тасқа түскен қарды жел үрлеп кеткен.

Сәкіде жатқандары, отырғандары, қызып тұрған пешке қарап түрегеліп тұрғандары бар, үй іші адамға лық толы еді. Пештің ашық тұрған аузынан шыққан жалын, ыстан күңірт тартқан екі кішкене терезенің көзінен түскен күндізгі сәуледен гөрі жарығырақ сыяқты. Оттың қызғылт сәулесі шоферлардың бетінде ойнайды. Үй махорканың қою көкшіл түтініне толы.

Батманов пен Филимонов пешке жақын келіп отырды. Василий Максимович бас киімін шешті.

— Сонымен, темекі тартып отырмыз деңіздер? — деді Батманов, ұзақ үнсіз отырғаннан кейін.

— Темекі үшін рахмет, Батманов жолдас! Сағынып едік,— деп бәрінен гөрі жақынырақ отырған жарқын жүзді, жалпақ бет, толықша келген біреуі жауап берді.— Москва жайындағы қуанышты хабарыңызға да рахмет, рухымыз көтеріліп қалды.

— Сіз шофермысыз? Фамилияңыз кім?

— Фамилиям Ремнев. Әрі шофер, әрі тракторшымын. Бірақ менің жүк машинама да, тракторым да жоқ.

— Осылай шылым тартып, отқа жылынып ұзақ отыра бермекпісіз, Ремнев жолдас?

— Енді қайт дейсіз?

— Нан табу әрекетін жасайтын мезгіл жеткен болар. Хабарды қуанышты дейсіз. Бірақ сіз оны тек еске алып қана қоятыңа ұқсайсыз ғой?

— Біз пештің маңында өзіміз тілек еткендіктен отырғанымыз жоқ. Кейбіреулерімізді ертемен су әкелуге, отын тасуға жіберді, ал бізге істерлік жұмыс әзір табылмай отыр.

— Іс табылмады ма? — деп Батманов таңырқап Филимоновқа қарады.— Қызык екен! Енді, есіңізде болсын: ертеннен бастап нанды мен өзім сататын боламын. Жұмысшы қарточкасын жұмыс істемей, үйде отыратындардың қарточкасына ауыстыруға тура келіп жүрмесе не қылсын.— Әзіл сөз ашумен айтылды.

— Егер де жол болмаса және ол жақын арада салынбаса, біз не істеуіміз керек? Көпшілігіміздің машина, тракторларымыз тайгада жатыр,— деді Рогов. Ол Батмановпен барлығының атынан әңгімелескен сыяқты еді.

— Демек, сіздерге ағай жол салып берсе, машинаны ағай жеткізіп әрі жүргізіп берсе, сіздер сонда ғана барасыздар ғой? Сморгков осында ма?

Бұрышта отырған Сморгков түрегелді. Оны тағы да біреу ауыстырып қойған тәрізді, сақалын тазалап қырған және жыйнақы киінген.

— Кешегі екеуміздің қалай танысқанымызды, бұларға неге айтпадың? Енді түрткі салудың керегі болмас деп, сөз бергенің есінде болар.

— Жолдас Батманов, жол жөнінде, шынында да, тұйыққа қамалдық қой,— деді Сморгков ақырын.— Бүгін таңертеңнен бері жұмыс жөнінде талқылап, керісумен болдық. Бұрынғы учаске бастығына барып едік, ол бізге қолын бір-ақ сілтеді, ал жаңасына барып едік, ол әзірше қар күреуге шығындар,— деді, «Бір-екі күн тоқтаңыздар, жайласып, түсінісіп алуыма маған мұрсатана беріңіздер...» дейді. Осы бұғаз арқылы жол қалай салынар екен деген бізде үлкен күдік бар. Мұз болса әлі жұқа және шеті жағадан қопсып, түсіп кету ықтимал, бұл жағдай жыл сайын болып тұрады. Жолды әуелі құрғақ жерде-ақ жөндеп, бұғаздан әзірше аулақ тұра тұрған тәуір болмас па екен?

— Міне бұл жұмысқа байланысы бар әңгіме! — деп Батманов мақұлдап қойды.— Тек сен, Сморгков, каттырақ сөйле! Кәне, кедергілерді қайткенде жақсылап жеңіп шығамыз, бірге ойласайық. Сіздерден менің тілейтінім де осы. Әрине, бастықтың сөзін күтіп: ол газет оқыйды, оған бәрі айқынырақ қой деп, қол қусырып карап отыруға да және осымен өзін адалмын деп санауға да болады. Бірақ мұндай адалдықты менің жаным сүймейді. Бұл сыяқты адалдыктан жақсылық шықпайды: міне, Москваның түбіндегі жеңіске сіздер қуандыңыздар да, тынышталдыңыздар. Отын әкеліп, маздатып жағып жылынумен ғана отырсыздар!

— Дұрыс, Батманов жолдас. Біздің қара терімізді шығарыңыз — көптен бері жұмысты сағындық! — деді Ремнев даусын көтеріп.

— Бұғаздың мұзын тексереміз,— деді Батманов.— Ол соншалық қорқынышты емес қой деп ойлаймын. Жолды сіздер өздеріңіз жасайсыздар. Әрине, бір сіздер ғана емес, бүкіл учаске болып істейді. Бұғазға қыңыр карауға болмайды, ол біздің басты міндетіміз. Жолды салуға екі күннен артық уақыт бермеймін. Жолдас Филимонов, екі күн жете ме?

— Үлгіреміз,— деді мұнан бір сағат бұрын жолды бір жетіде жасай алар ма екенбіз деп күдіктенген Филимонов.

Оның бұған қазірде де көңілі тоқырай қойған жоқ, бірақ Батманов пен шоферлар бұған тесіле қарай қалғандықтан, ол кейін бұлтара алмай, әлгі сөзін қайталап айтты.

— Әбден үлгіреміз.— Осыны айтқаннан кейін басқа лаждың жоғын түсініп, енді қалай да үлгеру керек,— деді

— Ертеңгі түстен қалдырмай машиналарды да тайгадан өздеріңіз алып келесіздер,— деді Батманов.— Әрбір шоферды, әрбір тракторшыны жұмысқа жаңадан алмақшымын. Әрине, түзу машиналармен қабылдаймын. Кімде-кімді шоферлыққа немесе тракторшылыққа алмасам, олар кладовщик болуға Либерманға жалдансын.

Шоферлар бір адамдай шу ете түсті.

— Сіз тек бізге жол көрсетіңіз, содан кейін токтата алмасыз! — деді алпамсадай біреуі, тұрғанда төбесі үйдің сырғауылына жетеді.

— Олай болса жарайды, келістік! — деді Батманов, сәл күлімсіреп Филимоновқа қарап.

Батманов өзінің барлық бригада мүшелерін Котляровскийдің үйінде ұшыратты. Филимонов пен Рогов өзімен бірге келді. Либерман стол қасында түскі тамақ жабдығымен әбігерленіп жүр, басқалары пешке жылынып, Васильченко Таняның арал турасындағы әңгімесін тындап отыр, ол шаңғымен сонда барып та қайтқан.

— «Тайсин» деген сөз құдайлардың үйі деген сөз,— деп қыз қасын бір керіп қойды.— Құдайдың үйі болғанына болайын! Құлазыған, қу дала! Қорқыныш! Жан-жағыма қараймын да, тезірек тайып отырдым.

— Мұндай серуенге жападан-жалғыз бара ма екен? — деді Алексей риза болмай,— тап осылай кетемін деп Панков та қайтып оралмапты деседі. Сені осы қылығың үшін жақсылап тұрып жазалау керек еді.

Панко туралы естігенде, қыз тұнжырап кетті. Таняның аман қайтқанына риза болған Беридзе, одан бұғаз мұзының қалыңдығы, берік қатқандығы туралы толық сұрастыра бастады.

— Карпов қайда жоғалып кетті екен? — деп сұрады Алексей.— Менің әбден мазам кетіп болды.

— Карпов ешқайда жоғалмайды,— деді Беридзе.— Оның боранда не айтқаны есінде бар ма: «Адун — біздің өз үйіміз!..» деген еді ғой.

Батманов үндеместен шешіне бастады. Аязда сақыйып катып қалған шолақ тон қаудырап еденге түскенде, отыра қалған адамға ұқсайды. Василий Максимович шолақ тонды алып шегеге апарып ілді.

— Қайда барсам да,— деді ол, бетін сүртіп жатып,— бәрінде өңкей жалқаулар, тілдерін безеп, жайбарақаттанып отырғандар. Либерман, сен бұларға тамақ беруді токтата тұр.

өуелі жұмыс істеп адалдап барып ішсін. Әйтпесе Карпов болса қашып кетті, Васильченко спорт жорығын жасап шаңғы тебудің жолында жүр, басқаларын пештің маңынан шығара алмайсың.

— Василий Максимович, жан-жағыңызға абайлап қарауыңыз керек,— деді Беридзе.— Біз — Алексей, Кузьма Кузьмич үшеуіміз жағаның бәрін кезіп шықтық және онша-мұнша жоспар жасап та қойдық.

— Жұрт бізден ақылмен істелетін, қатаң басшылық етуді күтіп отыр. Қарап шығуды бір күнде де, он күнде де бітіруге болады. Ал біздің он күнге уақытымыз жоқ, барлығы — бір күн. Бәріміздің де бөлектеніп учаскені тұс-тұсынан қамтыйтын кезіміз жетті. Топтанып жүрмейік, бір-бірімізге кедергі келтірмейік, қазір бірден осылай келісіп алайық. Келісілмеген жұмысты істеуге рұқсат етілмейді. Әне, Рогов бүгін учаскедегі барлық адамын жыйнады да, қар тазалатып, нәрселерінің есебін ала бастады. Бұл пайдалы іс, бірақ ең басты жұмыс емес! Бізде бастықтар көп, егер де бәріміз бір тізгіннен ұстасақ, лезде-ақ орға жығылармыз. Мен опыр-топыр, жүгенсіздікке жібермеу, жөнсіз бұйрық бермеу жағындамын. Келісілген және түсінікті жалпы жоспар керек.

— Кім не нәрсеге жауап береді, соның міндетін бөлу керек? — деді Беридзе.

— Дұрыс, міне осыдан бастаймыз, Георгий Давидович, сізді мен жалпы басқарушылықтан әзірше босата тұрам. Ковшов, Тополев және Котляровскиймен бірге өте-мөте инженерлік істермен шұғылданыңыз. Рогов учаскенің шаруашылығын тәртіпке салып, Либерманмен бірге тұрмыс жайын жөндеу ісін қолға алсын.— Сіз Мерзляковты Новинскіге жөнелтуге бұйрық бердіңіз бе? — деді Рогов сөзді бөліп.— Бірақ актіге қол қойғанша, мен жібере алмаймын.

— Жақсы, тек менің көзіме көрінбесін. Филимонов, сізге транспорт пен барлық механизацияны өз қолыңызға алуыңыз керек. Васильченко Таня өз міндетін біледі, біз онымен бұрын келіскенбіз. Карпов екеуіміз арал мен құрғақта жол саламыз. Қандай күшіміздің барын, келіңіздер, қазір тексеріп біліп алайық.

Тамақты ұмытып, бәрі де Батмановтың айналасына жыйналды. Беридзе бір тарақ қағазды ұстап тұрып учаскеде канша адам бар және олар кімдер екенін айтты. Осы жерде-ақ оларды жұмысқа бөлді.

— Тамақ ішейік!— деді Батманов қатты дауыстап, өзі шапшаң барып жұрттан бұрын столға отырды.

Ол бүгін кешке учаскенің бар адамын жыйнап алып алдағы тұрған міндеттерді талқылайтынын айтты. Филимоновқа электр станциясына баруды, баракқа кешке қайтсе де жарық беруді тапсырды.

Жылжымалы электр станция қойылған ескі сарай дала тәрізді аныраған, суық еді. Механик Серегин мен екі монтер ремонттан кейін машина двигателін жыйнап бітіргелі жатқан болатын. Филимонов бұлармен танысты да, кішкене станцияның азғана шаруашылығын карап өтті.

— Қараңғы түсе жарық бересіңдер. Үлгіресіздер ме?

— Тырысып көрерміз,— деп мақталы курткенің сыртынан көк комбинезон киген, жалпақ бет жас жігіт, Серегин сараң жауап берді.

Учаскенің не себепті электр жарығынсыз отырғанын, электр станцияның неліктен осыншалық нашар халге келгендігін Филимоновтың анықтап білгісі келді. Сұрауларға Серегин көңілсіздеу жауап берді.

— Жасыратын несі бар? — деп монтердің біреуі әңгімеге килікті.— Дұрыс жұмыс істеу үшін бізге ешнәрсе берген жоқ. Отын мен жағар майды үнемдеу туралы айтылған болатын. Бұл станцияның ешкімге керегі болған да емес. Бастығымыз Мерзляковтың бізге қойған тілегі біреу-ақ: жарықты оның үйіне тоқтаусыз беріп тұру болды. Біз осылай істедік те.

Жаңадан үлкен электр станция саламыз,— деді Филимонов.— Бұл жөнінде кейін толығырақ сөйлесерміз. Ал бүгін бақтарға жарық беретін болыңыздар және үздіксіз берілетін болсын...

— Жарық болады,— деп Серегин уәде бірді.

Филимонов шығысымен көп кідірмей-ақ электр станцияға бухгалтер Кондрин кіріп келді. Бірнеше болымсыз сөздер айтты да, басқаларға білдірмей, механикке басын изеп, шеткерек шақырды.

— Осында үлкен бастықтар толып кетті, олармен, мүмкін сенің де сөйлескің келетін болар,— деді Кондрин сөзін тісінің арасынан шығарып.— Саған тағы да ескертемін: мен туралы бірдене айтам деп ойлап жүрме. Өзіңе жақсы болмайды...

Серегин Кондриннің айтқан сөзі тіпті бұған қатнасы жоқтай, шүберекпен қолын әбден тазалап сүртіп, үндемеді.

— Менің айтқанымды естімейсің бе, мәстек? — деді бухгалтер Серегинге өткір көзін қадап.

— Менің адам сыяқты атым бар? — деп күнк етті механик.

— Аһ, сіз оқымысты бола қалған екенсіз гой! Жарайды, оқыған адамша-ақ болсын,— деп мысқылдай күліп райласты Кондрин.— Серегин жолдас, мен сізден менің өзімді және менің қай жердікі, қайдан келгенімді ойыңыздан шығаруыңызды өтініп сұранамын. Сіз мені білмейтін боласыз...

— Сен не істеуге ойладың, Сомов? Мұнда учаскеде неғып жүрсін? Сенің Фамилияң неге басқа? — деп Серегин ызаланып айтып салды.

— Үндеме, Фраер! — деді Кондрин ызбарлы дауыспен меха-

никтің қолына жабысып, жан-жағына қарап.— Көріп тұрмын, бүйіріне пышақ тілейді екенсің? Оны алатынына ант етем! Менің мүлтіксіз тигізетінімді сен жақсы білесің ғой. Ал егер де сені мен өлтіре алмасам, басқалар да табылады...

— Сен неге байланыстың маған? — деді Серегин қорыққанын жасыра алмай күбірлеп.— Менің сенде ісім жоқ. Мен өзіммен-өзім, сен өзіңмен өзің.

— Міне, бұл ақылды айтылған сөз, естуге де жәйлі,— деді Кондрин азырақ тынышталып.— Сен аузыңа берік болсаң, біз дос қалпымызбен қала береміз.

Кондрин механикке тесіле қарады да, жұбата сөйледі:

— Сен ешнәрседен қорықпай-ақ қой, менің қойныма тығып жүрген тасым жоқ. Бәрінен де тазарып, адалданып, жанадан өмір сүрейін деген едім. Менің Сомов екенімді, түрмеде болғанымды ешкім білмей-ақ қойсын.

— Неге бәрін де адалдықпен бастауға болмайды?

— Әркімнің өзінің ойлағаны бар,— деп Кондрин өтірік жайдарысып жауап берді.— Сен өз фамилияңмен адал өмір сүре бастадың, сенің қызмет орның да кішкене, елеусіз. Ал мен де Кондрин деген фамилиямен адал өмір сүре бастадым.— Іс мүлде басқаша: аға бухгалтер, сый-құрмет, көп нәрсенің тетігі менің қолымда. Түсіндің бе? Сен мені жолдас Кондрин, аға бухгалтер ретінде ғана білесің. Маған барлық жағынан сенуіңе болады. Егер де жаңылып басқаша атасаң,— онда өсиетінді алдын-ала жаза бер...

Котляровскийдің үйінде... Басқарма қызметкерлері учаске бойынша Батмоновтың Қовшовқа айтып жаздырып отырған бұйрығын тыңдап отыр. Электр жарығы абайсызда жалт ете түскенде, Таня айғайлап жіберді. Есіктен Карпов кірді. Оның тонынан суық лебі келіп тұр, үсті-басын қырау басқан. Балықшы бөркін шешіп алып, амандасты да, көңілі толған пішінмен: мен:

— Сәлемдеме алып келдім, жігітім. Енді жұртты балықпен және нерпа етімен тамақтандырамыз. Нивхтар сыйлыққа деп жіберді.

Карпов кейін қарады да, шеткерек ығысып тұрды. Оның артында ұзын байпағы, бұғы терісінен тіккен көйлегі және нерпа терісінен тіккен шалбары бар аласа бойлы нивх тұр еді. Басында аң терісінен тіккен найзадай шошақ төбелі бөрік едірейіп тұр.

— Қолхоз председателі Никифор Гибелька! — деп таныстырды Карпов.

— Амансыздар ма? — деді қонақ, қатты дауыспен, бүкіл кеудесін теңселтіп жіберіп. Оның әрең көрініп тұрған қысық көздері жымың қағады.— Товарды қабылдап алыңдар!

Далада үстіне балық тиелген төрт бұғы шана, олардың қа-

сында жол көрсетушілері тұр. Бұғылар тармақты мүйіздерін шайқап, үйден шыққан адамдарға сескене қарайды. Батманов нивхтерге шын көңілден алғыс айтты және оларды шайға шақырды.

Рогов жыйналыс өткізу үшін ең кең деген баракты тандап алды. Үш рет еденін жуғызып, екі рет пешін жаққызды. Серегин мен монтерлер бірнеше электр лампасын орнатып еді, сахнадағыдай жарқырап кетті. Сәкілердің арасынан жүретін жолда тұрған ұзын столды қызыл шүберекпен жапты да, қабырғаға Сталиннің суретін ілді.

Жыйналыс басталардан бірталай бұрын учаскенің барлық жерінен келген адамдар баракқа лық толды. Олар сәкіге үш-үштен орналасып, біріне-бірі тығылыса еденге де отырды. Жұрт топ-топ болып бірінен соң бірі келе бастады, барактағылардың бәрі қайтадан қозғалып араларынан орын беріп жатыр.

— Кіріңіздер, кіріңіздер, бәріңізге де орын жетеді! — деп Рогов жұртты жайдары жүзбен қарсы алды.

— Мұнда, жоғары шық деп Ремнев кешігіп келген Сморчковты өзі отырған жоғарғы сәкіге шақырды.

Жыйналғандардың көңілдері көтеріңкі, тұс-тұстан гуілдеген әзіл сөздер естіліп жатыр. Батманов келіп кірген кезде, отырғандар оның амандасқанына көтеріңкі көңілмен жауап бергені сонша, тіпті барактың іргесін сілкіндіргендей болды.

Рогов қызыл шүберекпен жабулы тұрған столдың қасына келді.

— Жолдастар, он бірінші участке коллективінің жалпы жыйналысын ашылды деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Жұрт ду қол шапалақтады. Осы қыйыр-шетте, бұларға бұрынғы үйреншікті өмірдің қайта басталғанына шектен тыс қуанды. Умара Магомет бірдеңе деп айқайлап еді, бірақ оның сөзі шулаған жұрттың даусынан анық естілмеді. Қол шапалақтау басылған кезде, ол былай деп айғайлады:

— «Коллективтің жыйналысы» деп дұрыс айтты! Енді бізде коллектив бар! Бұрын ол жоқ еді.

Рогов құрылыс бастығына сөз берді. Батмановтың сөзі шындыққа құрылып жұрттың бәрінің көңілінен шыққандықтан, ешкім көңіл бөлмей қала алмады, әрбір сөзді зейін сала тыңдады. Шынында, Батманов осы қыйыр учаскедегі адамдардың алдында өзінің құрылысқа келгеннен бергі әр күніне есеп берді. Нефтепровод жасау үшін күрес жоспарының қалай бірте-бірте жасалғанын және осы туралы қандай қыйыншылықтарды жеңіп шыққандығын айтты, сонымен бірге, құрылыстың Сталин жолдастың өзі мақұлдаған жаңа жобасын түсіндірді. Енді осы жобаны қалай да болса тезірек іс жүзіне асыру керек еді.

Батманов он бірінші учаске коллективіне жүктелген міндетке толық тоқталып өтті. «Коллектив» деген сөзді ол да ерекше атап өтті. Джагда бұғазынан бұларға қандай қыйын әрі күрделі құрылыс салу жұмысы тапсырылғандығына жұрттың алғаш рет әбден көзі жетті, өздерінің қуаныштарын дуылдаған дауыстарымен, қол шапалақтауларымен білдірді. Механик Серегин де басқаларға ілесе, беріле қол шапалақтады. Бұрылып карап, кейінгі қатарда оған таяу отырған Кондринді көріп қалды. Ол бұған кекете қарады да, әдейі жоғары көтеріп қатты-қатты қол соқты. Механиктің жанағы серпіні су сепкендей басылды.

Батманов учаскеде темірдей тәртіп орнату және күнделікті жұмыс тәртібін күшейту жөніндегі өз пікірін айтып өтті.

— Достарым, сіздерге жұмысы жеңіл, жатып ішерлік тұрмысқа жағдай жасаймын деп уәде бере алмаймын. Бар күшті аямай жұмыс істеуге, көп қыйыншылық көруге тура келеді. Осының өзі шын мәнісіндегі өмір екендігіне сіздерді әбден сендіре аламын. Біздер, совет адамдары, тек өз басының қамын ойлайтын тоғышарлар тәрізді оңай өмірге ұмтылмаймыз. Біздер келешектегі жарқын дәурен үшін, өмірдің қыйыншылығына да көнеміз. Қазірде күн қысқа болғандықтан, қараңғы түннің бірнеше сағатын жұмысқа пайдаланамыз. Электр жарығымен жұмыс істейміз.

Ол сөзін бітірген кезде, бірін-бірі кимелей сөйлеп, барак іші у-шу болып кетті. Ешкім сөз сұраған жоқ, ал Рогов та қатан тәртіп ұстауды ойлаған жоқ. Құрылысшылар бірінен соң бірі шығып сөйледі, әрқайсысы өзінің ұсыныстары мен іскерлік кеңестерін айтты.

Жер қазу жұмысында ертеден бері істеп келе жатқан карт жұмысшы Зятыков, еңбекке машық қолын жоғары көтеріп:

— Мына қолмен мен мындаған текшеметр жер қазып қопарған адаммын, нағыз үлкен құрылыстарда да істедім, барлық жерде де құрметті, абройлы болдым. Мұнда да өзімді өзім ұятқа қалдырмаспын, жоспарымды бес жүз процент орындаймын.

Ремнев Мерзляковты есіне түсірді де, оны сөге бастады.

— Жолдас Ремнев, Мерзляковты ойдан шығарсаңыз да болады,— деп жауап берді Батманов.— Мұнда ол жоқ. Енді менен, Роговтан, Беридзеден сұраңыздар — Мерзляковтың орнында енді біз бармыз.

Умара Батмановқа қарай жақын келіп:

— Саған сенеміз! Не тілесең соны талап ет — бәрін де істейміз... Қараңызшы, біз қандай күшпіз! — деп айқайлады.

Таң сібірлесімен Беридзе мен Ковшов көмекке бірнеше кісі ертіп алып, бұғаз мұзының қалыңдығын өлшеуге кетті. Инженерлер келіп өз пікірлерін айтуды күтпестен, Батманов учас-

кенің бар адамын мұзға шығармақшы болды. Түні бойы машақаттанған Либерман жұртты ертеңгі тамаққа лықыйта тойдырып та үлгірді. Мақта сырған киім мен жылы пима киінген құрылысшылар көшеге сыймай кетті. Баракта аурулар ғана қалды. Мерзляков жұмысқа шығудан бастартты.

Десятник Гончарук үйде отырғысы келмей, өзінің тұмауратып жүргеніне елең аспады. Ол жұрттың бәрімен бірдей жұмысқа шығып, әкелінген аспаптарды автомашинадан қасындағыларға алып беріп тұрды. Зятыков күлкі қысып үндей алмай Батмановқа ауырлау бір темір ломды ұстата бері.

— Рахмет, ақсақал,— деді оған Василий Максимович қырағы қарап.

Рогов жұрттың бәрін қаз-қатар колоннаға тұрғызды, олар қайла мен күректерін, ломдарып иықтарына салып бара жатыр. Колоннаның алдындағы Карпов күшті қоңыр дауыспен «Үш танкіші» әнін шырқатты, оған басқалары жөндеп қосыла алмады, бірақ қатты дауыспен көтеріп отырды.

— Біздің міндетіміз—қараңғы түскенше жолды тура аралға дейін салып шығу,— деді Батманов жағаға келгесін, жыйналған құрылысшыларға қарап.— Жұмысты мен өзім басқарам, жәрдемшілеріме Карпов пен Умара Магометті белгілеймін.

— Жағадан мұз айрылып кетпей ме? Қорықпайсың ба, Василий Максимович? — деп сұрады онымен қатар тұрған Карпов ақырын.

— Ол қашан болады, сен білесің бе? Бүгін бе, немесе бір айдан кейін бе?

— Расын айтқанда, білмеймін...

— Мен де білмеймін. Ал күтуге болмайды. Тәуекелге бел байлаймыз. Еңбекте де соғыстағыдай, жолдас тәуекелсіз болмайды.

Рогов жұмысшыларды екі колоннаға бөлді. Карпов пен Умара жұмыс учаскелері жөнінде келісті. Топтың ішінен Ремнев:

— Жолдас Батманов, менімше, жолды екі жағынан бірдей салып түйістірген дұрыс болар еді. Бір қатарымыз осында қалып, басқамыз аралдан бері қарай бастасақ еді, деп дауыстады.

— Бұл босқа еріккендік,— деп Рогов қарсы болды,— жұрт анау шетіне жеткенше шаршайды да, уақыт та өтеді.

Батманов оның сөзіне қосылмады.

— Жаксы ұсыныс,— деді ол, тек Рогов үшін мына сөзді қосты:

— Сен түсінбейсің, бұл жарыс қой. Жұмыс көлемі де кенейеді. Осыны қайткенде де жаксылап ұйымдастыруды ойла-нып қарайық.

— Егер біз былай істесек қайтер еді, жігітім,— деді Карпов жадырай түсіп,— мейлі екі колоннада бір бағытқа қарай бара берсін. Бір колонна жолды осы арадан, жағадан салсын. Екіншісі төрт километрдей жүріңкіреп, сол арадан бастап арал жаққа қарай істесін. Бірінші колонна даяр жолға жеткен кезде, екіншіні қуып жетеді де, қалғанын бөлісіп алады.

— Иван Лукич, бұл жоспарыңызға келісем,— деп Батманов мақұлдады.— Осыны қабылдаймыз.

Ол Карповқа көз тоқтата қарады, ал Карпов өзінің бұғаздың ортасына қарай баруы керек екендігін түсінді.

— Абыржымаңыз, Василий Максимович, бәрін де сақтықпен жүріп істейміз,— деді Карпов.

— Жыйырма шақты адамды аралда қалдырыңыз, олар жүк түсіретін орын даярласын,— деп Батманов тапсырма берді.

Құрылыс бастығымен бірге осы бетте қалатынына Умара да риза болды.

— Қане, жарысқа түселік! Сені шақырам! — деп ол Карповке бас салды.

— Жігітім, шақыруыңызды қабыл алдым. Күні бұрын-ақ айтып қояйын, менімен жарысуға сен әлсіздеусің.

— Жоқ, әлсіз емеспін! Кімнің қанша километр бергенін көрерміз!

— Василий Максимович, алайда еске алып қою керек болар: алғашқы кезде аздаған ұтылыста қаламыз. Өйткені, біз аралға жеткенше Умара тың күшпен әжептәуір жұмыс істеп тастайды.

— Иван Лукич, мұны ескереміз. Сенің адамдарыңа түскі тамақты да жеткіземіз. Жүз грамнан да табылып қалар,— деп Батманов уәде берді.

— Бастықтың не айтып тұрғанын естимісің, жігітім? — деп Карпов Либерманды итеріп қалды.

— Есітіп тұрмын. Шешетайым-ау, менің құлағым дауысты жақсы есітеді.

— Бригадалар! — деп айқайлады Карпов.— Біздің жолымыз бұрын адам жүрілмеген жол, мұздың жұқа жеріне кездесуіміз мүмкін, сондықтан топтанбай, бытырап жүру керек. Команданы тыңдаңдар: бір-бірден сапқа тұрыңдар, араларың екі метрден болсын, аралға қарай басыңдар қадамды!

Балықшының соңынан еріп арғы бетке қарай сендердің арасымен кетіп бара жатқан шұбатылған адамдар тізбегі көпке дейін көрініп тұрды. Олардың қарасыны үзілмей-ақ, Умара да өзінің колоннасын бірнеше топқа бөліп, орын-орындарына тұрғызды. Бірінші болып мұзға күректі Батманов пен Умара салды... Олардың соңынан үш жүз лом мен қайла бірдей мұзды сендерді сүңгілей бастады. Шынының сыңғырлағаны тәрізді

дыбыстар естілді. Умараның қайламен жұмыс істегенде қолы-қолына жүкпайды және өзі үнемі Батмановқа қарай берді.

— Бастық менің темірді қалай пісіретінімді көрерсің әлі! Умара әдемі сөйлейді де, темірді жақсы пісіре алмайды деп ойлайтын боларсың. Мен отпен жазу жаза аламын. Сенбейсің бе? Бірінші трубаны қосып пісіргенімше кетпе ендеше — сонда көресің.

— Сен өз ісіңнің асқан шебері екендігіңді жақсы білемін,— деді Батманов. Мұздың ұшқан ұсақ кесегінен бетін бұрып, ол ломымен қалың мұзды оп-оңай және мықтап ойып түсірді. Бұл жерден мен әзір кетпеймін, әлі бірге істей береміз. Сенің пісірген бірінші трубанды, әрине, көремін...

Бұл кезде инженерлер мұзды бірнеше жерден өлшеп шықты. Қара су қайнап шапшып жатқа дөңгелек ойықтың қасындағы мұзға отырып, Қовшов есебін шығарды.

— Бұл жұбанарлық болмады,— деді ол. Мына қалыңдығымен жүксіз трактордың өзіне де ойылып кетеді. Машинаны жіберу де қауіпті, мұз тегіс те емес және кейбір жері өте жұқа.— Алексей түрегелді.— Василий Максимовичке айту керек, бұғаз арқылы салынатын жолға ол бекерге асығады.

Мұздың ойылған жерінен ірі балықтардың бастарын қылындытып шығарғанына Беридзе әуестене қарап тұр.

— Оған айту керек, бірақ жол істеле берсін,— деді Бридзе.

— Неге?

— Машиналарды орталап тиеп жіберіп көреміз. Батмановтікі дұрыс: есеп жасағанда барлық жағдайды бірдей толық ескере алмайсың. Қарын тазалап, одан кейін мұзды сеңді шауып, тегістеген жерлерде мұз да тәзірек қата бермекші.

— Бұл жол солайымен адам мен машинаға қауіп-қатерлі жол. Мұз астына түсіп кетсе, аһ деп те үлгірмессің. Сонда өкінерсің, бірақ ол кеш болар!

— Алеша, сен Батмановты түсінбейсің. Осы жолды жасай жүріп, ол халықпен достасып алады, оларды өз күшінің қаншалығына өздерінің көзін жеткізеді. Жолды аралға бір күнде жеткізуге деп міндет қойды ғой. Өзің айтшы, осыған мөлшер бойынша неше күн керек болар еді?

Бұлардың қасына жаға жақтан Силин келді. Инженерлер оны бірден танымай қалды, өйткені тракторшының қардың астындағы үйде тұрғанда бұларды таңырқатқан сары сакалы жоқ еді. Силин инженерлерді көргенде туысқандарын көргендей қуанды.

— Семен, айтшы, бұл жерге қалай жеттің? — деді Алексей оны құшақтап.

— Аман-есен. Трактор да аман, жұмысқа қазір салсаңыз да дайын.

Силин басқа ештеңе деген жоқ, бірақ Алексей мына сыпа-

йыланып тұрған, еңгезердей адамның машинаны осы араға жеткізгенше аз бейнет көрмегенін іштей түсінді.

— Сен қайда болдың? Біз сені көп іздедік.

— Учаскеде сондай бұлыңғыр қараңғылық болып, мен шыдай алмадым да, жарық дүниеге қарап жол тарттым,— деп Силин әзілдеді.

— Қай жаққа?

— Мерзляковка соңғы рет ескерту берген партия жыйналысынан кейін, ол менімен Умараны жеп қойғандай болып жүретін-ді. Мені жұмыстан шығарып жіберді. Қыйқарлығы үшін Смарчков та осындай кепті кюдоден сәл ғана аман қалды. Умара өлкелік партия комитетіне арыз жіберді, және соның нәтижесін күтіп отырдық. Кейіннен ақылдасып, қалай да істі тездету керек болар деген қорытындыға келдік. Төзім шегінен асты. Сөйтіп мен шекарашыларға келіп жеттім... Заставаның бастығы Рубежанскімен байланысып еді, оған Батманов пен сіздер бәріңіз осында кетті депті. Сонсоң мен кері қайттым...— Ол өзінің әңгімесін тоқтатты да Беридзеге қарап: — Менің сізге қоятын үш сұрауым бар еді.

— Төртеу болса да мейлі, Семен Ильич.

— Мерзляков мені жұмыстан шығарып жіберді, бәрібір сонда да мен өзімді учаскенің қызметкерімін деп санаймын. Алайда қызметті дұрыстап қою керек қой. Бухгалтер Кондрин: бұйрық берілуі керек дейді.

— Түк емес. Роговка бар, сол бұйрық береді.

— Мұны Мерзляковтың қалайша шығарғанын Батмановқа айту керек болар,— деді Ковшов.

— Екінші мәселе,— деді Силин.— Мен қарап тұрсам барлық жұрт жолда, сендерді лом мен қайланың астына алып қыйратып жатыр. Маған да ломды қолға алу керек пе?

— Алғың келмей ме?

— Неге келмесін? Менің қосымша үдетпелі ұсынысым бар, жолды ломмен ғана емес, бульдозермен (тракторға тіркеп мұзды кесетін өткір жүзді аспап) салу керек. Невинскінің жанында, қалай істегеніміз есіңізде бар ма? Мен бәрін тез жабдықтап берейін, тек маған рұқсат етіңіз.

Беридзе отты көзімен Алексейге қарады, бірақ ол ызалы қалыппен:

— Болмайды, Силин. Мұз жұқа, күмп етіп түсіп кетесің, қош аман бол!

— Рұқсат етіңіз. Ештеңе етпейтініне мен кепіл,— деп тракторист айтқанынан қайтпады.

— Болмайды!

— Алексей Николаевичтікі дұрыс: болмайды,— деді Беридзе қолын ақырын Силиннің иығына салып.— Мұзға автомашинаның өзін жіберу де жүрек жұтқандық. Дегенмен, саған да

ломды қолға алуға тура келеді ғой деймін, достым. Ештеңе емес, Батманов механизациясыз да жолды кешке таяу бітірмекші болып отыр. Бар, соған жәрдемдес.

— Жолдас Беридзе, енді соңғы мәселем, бухгалтер Кондрин туралы күдігім бар: ол зыянды адам.

— Бұл қалай, ойда жоқта? — деп Беридзе таң қалды. — Сен мұны қайдан білдің?

— Жолдас бас инженер, оған қараңқырау керек! Ол Мерзляковтан артық емес.

— Қандай себеп сені соншалық сақтыққа итермеледі? — деді Алексей.

— Керек десеңіз айту да қыйын, — деп Силин иығын қыйқаң еткізді. — Ол менің көзімше ешкімді өлтірген де жоқ, ештеңе үрпаған да жоқ. Бірақ онымен сөйлескенде адамның жаны кейіп, бойынды ашу кернейді... Өзі сүйкімсіз адам.

— Болғаны сол ма? — деп күлді Беридзе. — Адамды бұлай оп-оңай мінеуге болмайды. Адамның сүйкімсіздері де болады, бірақ ісі дұрыс келеді... Тегі, саған ол бір катаң сөз айтқан болар да, сен соған өкпелеген шығарсың...

— Осы адам маған ұнамайды, — деп Силин басын бір шайқап қойды.

— Жарайды, ендеше біз ескерерміз мұны, — деді бас инженер.

— Батмановқа Кондрин жөнінде сен өзің де айтып қой, — деп Алексей кеңес берді. — Соған бар. Және де, мына хатты да берерсің.

Тракторист Батмановты топ адамның ішінде, жағадан екі километрдей жерде жүргенде тапты.

— Біз жұмысқа жеңіл-желпі карамауымыз керек, — деді Батманов. — Қалай болса солай емес, жақсы жол керек. Көлденеңі алты метрден кем болмауға тиіс, ал біз оны тағы тарылатып жібердік, бұдан біріне-бірі қарсы келе жатқан екі машина өте алмайды. Жолды тақтайдай тегіс салу керек еді, қазір бұл кедір-бұдыр болып жатыр. Умара, сен жұмыстың қарқынын сапасының есебіне жіберіп істеп жүрме. Түсінікті ме?

— Түсіндім, тәңрінің бұлтсыз ашық күніндей айқын түсіндім! — деді Умара.

Мұның бір минутты да бекер жібергісі келмеп еді, ал жұрт болса Батмановтың қасында әлі иіріліп тұр. Умара бұған сабырмен қарап тұра алмады. Ол асығыс барып қолына ломды алды, жүгіріп бара жатқан күйі үстінен мақталы бешпетін шешіп тастады. Бөркі желкесіне қарай сырғып, астынан тікендей қайратты. қара шаштары көрінді.

— Қыздырындар, жолдастар! Ана жақта Қарпов текке жүрген жоқ, оны оздырмайық! — деп, темір пісіруші адамдарды қайтадан бөліп орналастырып жүр. — Мынау арада тұрып

жолды тазарт. Мұзды шұқылама, абайла... Эх, мұз тегістейтін сүйреткіш болар ма еді!

Ол мұз тегістегіш жөнінде ақылдасуға Батмановқа жүгіріп бара жатып, құрылыс бастығының Силинмен сөйлесіп тұрғанын көрді.

— Бөгеме, кейін сөйлесерсің,— деді Умара тракторшыға.— Василий Максимович, мұз тегістейтін бірдеңені ойлауымыз керек болады...

— Тұра тұр Умара. Мен мына жолдаспен әңгімелесем содан кейін саған барам,— деді Батманов.

— Умара Силинге іштарлық көзбен қарады да, кейін қарай бұрылды. Батманов тракторшының сөзіне көңіл қойып тындады. Силин бейнебір винтовкамен тұрған адамдай, қолына ауыр лом ұстап, оның қарсы алдында тұр.

— Бульдозерді кою керек,— деді Василий Максимович.— Инженерлер болмайды деген екен, енді оны сөз етудің де қажеті жоқ. Міне олар жіберген запискаларында да мұздың жұқалығы жайында жазып отыр. Кондрин жөнінде сенің айтқаның онша айқын болмаса да, алдын ала ескерткенінді есте сақтаймын. Демек, Мерзляков, сені жұмыстан шығарды ғой?— деп Батманов тракторшының жайдары жүзіне тура қарап, күліп жіберді.

— Я, мен ұнамасам керек. Оның дегені болмаған тәрізді. Ол жоқ, ал мен қалдым.

— Оның ойлағаны болуға да мүмкін емес еді. Мен Роговқа айтармын,— Рогов сен туралы бұйрық берер. Жұмыстан кейін маған кел, қол босаған соң әңгімелсейік... Ал қазір Филимоновқа барып, бірге ақылдасындар, жолға мұз тегістегіштің қандайын тезірек беруге болар екен. Мұз тегістегішсіз не болатынын көріп тұрсың ғой...

Силиннің Кондрин жөнінде айтқанын ойға жүгіртіп, Батманов жағаға қарай келе жатты. Аға бухгалтерге көңіл аудара қарап, жұмысын тексеру керек. Адамдармен әбден танысу керек. Қырағылық жөнінде Писарев тегін ескерткен жоқ. Бұл сыяқты қыйыр жатқан өлкенің түкпірінде түрлі арам пыйғылды адамдардың жасырынып жүріп, қаскүнемдік істегендігі талай рет тәжірибе жүзінде айкындалған.

Оның ойын Умара Магомет келіп бөліп жіберді. Ашуланған темір пісіруші құрылыс бастығын қуып жетті.

— Жолдас Батманов, қайда кетіп барасың? Жолды басты жұмыстың бірі деп өзің айтып едің ғой. Енді неге тастадың? Келіңіз, бірге бітірейік!

— Әзірге сен бір өзің басқар,— деп Василий Максимович еріксіз жымыйды.— Қане темекі тартайық, ашуды қой.

Олар желден ықтай отырып темекі тартты. Аяз қарыған Батмановтың қолы — қолын Таня Васильченконың әдісімен суық-

қа үйретпек болып жүрген-ді, папиросты ұстай алмады, ол өз қолын өзі ұнатпаған тәрізді қарап қойды.

— Умара, бухгалтер Кондрин жөнінде сен не айтасын?

— Жаман адам! — деді Умара бетін тыржыйтып.

— Несі жаман?

— Сенің бетіңе тура қарамайды. Күлкісі жаман. Мұндай адамды неге жіберді екен?

— Күлкісі жаман болуы — бұл әлі адамды жаман деу үшін дәлел бола алмайды. Анығын тексеріп білу керек.

— Не тексеретіні бар? Қуу керек! Оны мен Мерзляков — бір қалыптан шыққан етік. Сен Мерзляковты қудың ба, енді Кондринді де қуып жібер. Неге ұстайсың?

— Умара, қызбалыққа салынуға болмайды. Мерзляковтың ісі алақандағы терізді, ал Кондрин турасында ешнәрсе белгісіз, тек қана көз қарауың жаман деп қуалауға болмайды. Жұмысын тексереміз, содан кейін барып шешеміз. Ал сен қазір жүгір, адамдарыңа бар. Киіміңді киіп, түймесін сал, суық тиіп қалып жүрмесін...

— Маған суықтың әлі жетпейді, — деді Умара. — Сен өзің жақсылап ки. Қолыңды үсітіп аларсың...

Батманов мұз қатқан жылтыр таспен жүріп отырып жағаға қарай көтерілді. Бұл арада оның қасына ескі шолақ қара тон киген танымайтын бір адам келді.

— Батманов жолдас, сөйлесуге бола ма? — деді ол. — Мен Уми шығанағынан келген Санин деген кісімін. Сіздерден келген бір адам осында бар деп жіберген еді.

— Базаның халі қалай, бәрі де аман ба?

— Қазір біркелкі жақсы деуге болады.

— Панковпен қалай кездескеніңізді айтыңызшы? Бұғазға кетіп бара жатқан жолда оған жолшыбай кездескен адам сіз ғой?

— Дәл, менің өзім. Базада азық таусылып, хал нашар еді. Участкеден ешқандай жәрдем ала алмадық. Мен Адун бойындағы таяу жердегі участкеге бармақшы болдым. Адунға беттеп шыққан жолда Панковпен кездестім. Ол маған атын, азығын берді де, базаға қайтарды. Шара қолдануға, бұғазға жетісімен Мерзляковпен бірге бізге келуге уәде берді. Төрт күннен кейін мен участкеге Панков жолдасқа әдейі кісі жібердім, сонан...

— Оған не болды екен, сіз қалай ойлайсыз? — деп сұрады Батманов төзімсізденіп.

— Белгісіз. Ол жалғыз өзі кеткен болатын.. Тегі адасқан болар. Участке бізден жыйырма километрдей қашық тұрады.

— Оны сіз, өзіңіз, іздедіңіз бе?

— Я. Бар адамды жауып іздеттім... Бір-ақ рет кездескеннің өзінде жақсы, әділ адам екенін байқап едім...

Батманов сөйлесіп отырған кісінің төбесінен асыра айдала-

ға қарап, беті сазарып қалды. Санин оның ойын бөлмей, күтіп отырды.

— Ол аса жақсы, күшті, әрі сенімді адам еді,— деді ақырын. Василий Максимович ауыр күрсініп.— Не ойлауға да білмеймін. Тайганың тәжірибелі адамы, әрі партизан, шынымен адасты ма екен? Әлі де іздей береміз, жолдас Санин сіз осы жөнінде маған жәрдемдесерсіз...

Бүкіл жағалаудағы проводтың келептерін, изоляторларын, байланыстың аппараттарын жыйнаған үлкен жаппаның астында отырып Рогов Таня Васильченкомен керісіп қалды. Жәшікке сүйенген Кондрин кітапшаға бірдене жазып жатыр.

— Мен Батмановтан тапсырма алдым, аралда байланыс жүргізуді дайындауымыз керек,— деді Таня.— Ең бастысы—су астына сым жүргізу. Кабель осында жеткізілген деп Федосов сендірген болатын. Соны табу керек.

— Ендеше Федосовтың өзі іздесін,— деді Рогов күңкілдеп.

— Кабельді соншалық алысқа апарып тастағандықтан, теңізге де түсіп кеткен шығар.

— Әзілді қойшы әрі, бұл күрделі іс.

— Ұрсысып жатырсыңдар ма? — деді Батманов жақын келіп.

— Менен кабель сұрайды,— деп жымыйды Рогов.— Ал менде кабель жоқ.

— Болуға тиіс. Оны мұнда әлдеқашан кемемен жіберген болатын,— деп растады Батманов. Ол іскер адамша цифрларды жазып жатқан бухгалтерге — Кондринге қарады.— Бухгалтер жолдас! Сізге қазір жұмысты көп істеуге тура келеді. Ең ақыры бір бұрандаға дейін қалдырмай бәрін де табу керек... Сіздердің барлық есеп ведомствларыңды мен өзім тексеремін. Татьяна Петровна, сіздің кабельдеріңізді де іздеп табады.

— Әрине, табамыз. Бәрін де есепке аламыз,— деді Кондрин Батмановтың бетіне тура қарап.

— Міне, өте жақсы.

— Сіздің бұйырығыңыз бойынша Мерзляковтың сыйыры, шошқасы және құстары алынған еді, ал енді солардың акшасын төлейсін деп жүр,— деді Рогов.— Базар бағасы бойынша есеп сұраған арызын маған әкеліп берді. Өте көп сома! Қалай істе деп бұйырасыз?

— Егер сен бай болсаң, төлей бер! — деп Батманов оған түсінерліктей жауап берді.— Менің акшам жоқ. Желкелеп қуып жіберуге бармын. Бұл оңбағанды түрме күтіп отырса, ол ақша туралы арман етіп жүр...

Кондрин күлген болды.

— Бухгалтерия, мен дұрыс айтып тұрмын ба?—деп сұрады Батманов.

— Әбден дұрыс. Мерзляков жеке меншік иесі — кулак,— деп қостады Кондрин.—Ол малды арамдықпен, мемлекет қаражатымен тапты, бұған күдігім жоқ.

— Міне, енді бухгалтерия да оны желкеге түйгіштеуден басқа ештеңе жоқ дегенді айтады,— деп күлді Батманов.

Мерзляков турасындағы әңгімені доғарды да, мұз жолдың үстінде диспедчерлерге үй салуға ағаш шеберлерін бөліп, ағаш жеткізу үшін Батманов Роговка бұйрық берді, Батмановтың ойынша, жолдың әрбір километрінде кішкене үй тұру керек, оның ішінде — телефон, пеш, стол, скамейкалар болу керек.

— Жол бойындағы жүрістің бәрін осы кішкене үйлерде отырғандар басқарады,— деді Василий Максимович өзінің ойын дамыта.

Таня байланысшыларының алдынан шығып, осында жеткізілетін телефон сымдарын ала ертең учаскеге қайтып келу үшін бастықтан рұқсат сұрады.

— Расында, менің жоспарым басқаша еді: жол салу жұмысына сізді де тартпақшы едім,— деді Батманов.— Маған қазір Карпов пен Умараның арасындағы жарысқа төреші болатын адам керек. Алайда, бірдеңе істермін, сізді өзіңіздің тікелей жұмысыңыздан басқаға көңіл бөлдірмей-ақ қояйын. Жігіттеріңізге барыңыз да, оларды тезірек осында алып келіңіз. Сіздерді қадірлі қонақ ретінде қарсы алармыз... Рогов, инженерлер қайда?

— Өздерінде. Бір нәрселерді сызғылауда,— деді Рогов арасшалаған пішінмен.

— Жә-жә, олар туралы мұндай қамқорсыған сөздің қажеті жоқ, олар біздің бас штабымыз... Беридзе мен Қовшовқа айтарсын, байланысшыларға сыйлық беру жөнінде бұйрық әзірлесін. Либерман мен екеуінің қонақ асы жөнінде де ойланындар. Осылай аздап мерекелеуге жігіттердің еңбегі сінді.

— Жігіттерге ешнәрсе айтпаймын. Ендеше бұл кездесу оларға күтпеген уақытқа болсын! — деді Таня көңілі босап және Генка Панков туралы есіне түсіп көңілі қобалжып кетті.

— Василий Максимович баланы не қыламыз, оған не дейміз? Әкесін көруге ол қандай ынтызар болып келеді!

— Оған ешнәрсе айтпаңдар, мен өзім,— деп Батманов батыл әрі сондай жай дауыспен Таня жауап берді.— Бала есіме түскенде, менің де жүрегім елжіреп, жаным ашыйды, оны мойындауға болады Таня. Оның шешесі жоқ еді ғой?

— Жоқ. Ол Невинскіде апасының қолында тұрыпты...

Таняның соңынан Батманов көз айырмай қарап тұрды, ол өзінің кішкене пимасымен жеңіл және байпаңдай басып, жүгі-

ріп барады. Қызыл шарфы қыздың арқасынан желпілдеп көріндеді...

Қасында таяу тұрған Роговтың тұнжыраған кейпіне Батмановтың көзі түсті.

— Александр Иванович, неге бұртылып тұрсың?

— Менің бұрынғы учаскеме алғыс айтуға болмай ма? — деп сұрады Рогов. — Езім туралы ойлап отырғаным жоқ, Василий Максимович. Тывлинде менің адамдарым байланысшылардан сорлы істеген жоқ.

— Жақсы жұмыс ұмытылмайды, бекер ескерте бересін. Сенің бұрынғы учаскеңе айтылған рахмет — басқарманың ауыспалы қызыл туы болады. Енді түсіндің бе?

— Енді түсіндім! — деп Рогов көңілденіп кетті.

— Ал, енді түсінсең, сенің бұрынғы учаскеңдегі туды, қазіргі жаңа учаскеңе қалай алып беруді де ойла!..

Кондрин ведомостысын жыйнап алды да, қасынан өтіп бара жатқан бухгалтерияда істейтін есепшіні шақырды. Олар екеуі бірге көрші складқа қарай кетті.

— Мынау адамға назарыңды салыңқырап жүр, — деді Батманов, Кондринге қарай ымдап. — Ол осында кейбіреулерге күдікті болып көрінген тәрізді. Істі қабылдап алған болып, бухгалтерияның ісін де әбден тексеріп шығу керек...

— Жақсы. Рас, оның мұнда келгеніне көп болған жоқ.

— Сақ бол, аса сеніңкіреп кетпе... Оған күдіктенуді қашан дәлелсіз деп тапқаннан кейін ғана, жөндеп сенуге болады.

Батманов сағатына қарады. Оның шоферларды жыйнауға деп белгілеген кешегі уақыты жақындап қалған. Роговқа басын изеді де, электр станциясының алдындағы автомашиналардың жыйналатын алаңына қарай жүрді. Жолшыбайғы бұрыла берісте оған үш ат жеккен жүкшілер кездесті. Умара мен Карповтың бригадаларына термосқа құйып шанамен түскі тамақ апара жатқандар екен. Олардың алдында Либерман келе жатыр.

— Тоқта! Тоқтасайшы, шешетайым-ау! Көрмейсің бе! Құрылыс бастығының бізбен сөйлескісі келіп тұр ғой! — деп аттың делбесін ұстаған өзінің қызметшісіне айқайлады ол.

Жабдықтаушы Батмановқа «астың дәмін татыңыз» деп өтінді, Батманов тоңып, әбден қарны ашып қалған екен. Бір тегеш балық сорпасын, бір тегеш ботқаны, бір кружка тәтті шайды қалай ішіп-жеп қойғанын сезбей де қалды.

— Сен айлакер екенсің! Білдірместен тамаққа тойғыздың, — деді Батманов, Либерманның көңілденген күлкісін көріп, сөйтіп жабдықтаушының кешке бұл жөнде біресе Филимоновпен, біресе Роговпен сыбырласып, бәрін айтатындығын ойына келтірді. Либерман, сенің бүйтіп мырза бола бастағаның жақсы. Мен алғаш келгенде, маған тіпті тамақ бергің де келмеп еді

ғой. Есінде бар ма? Әлде ұмыттың ба? Жарайды, ендеше мен де ұмытайын!.. Тамағың жақсы. Өзім үшін де, жігіттер үшін де рахмет айтамын, олар да риза болады.

— Бұдан былай да тырыса түсуге қуаныштымыз! — деп көкірегін керіп Либерман барқ ете түсті.

— Ылғый күлдіресің де жүресің-ау? — деді Василий Максимович кіналап.— Неге бүйтесің? Әрдайым қулық айтып, көп сөйлейсің де жүресің, сен клоун да емессің, конференсье де емессің ғой.— Ол папиросын шығарып, Либерманға ұсынды.— Семьяң не болды? Ленинградтан бері шыға алды ма?

— Шығыпты, бірақ қайда кеткенін білмеймін. Әйелімнен хабар алмағанымға үш апта болды,— деді де Либерманның бет ажары бұзылып кетті.

— Оларды осында шақырып Залкинд екі рет телеграмма берді. Шыдай тұр, әйелің де, қызың да осында келеді!..

— Шаналар бұғаздың жағасындағы құламадан мұзға қарай ойыстап түсе бастады. Аттардың тұяғы мұзға тайғанай берді. Сұр қағаздың бетінде көрінген әріптердей қараңдап, бұғаздың жағасынан бір талай қашықтағы мұз үстінен Умараның жұмысшылары да көрінді. Аралдың жағасын қою қалың тұман пердесі басып тұрды.

— Ақырын-ақырын, шешетайым-ау! — деп Либерман айқай салды.

Ықыластанға ернін жымырып, Батманов соңынан көз айырмай қарап тұрды: бұрынғы «көнікпейтін бұл ағай да» үйтіп-бүйтіп жүріп бүгінде оның сенімді жәрдемшісі болып алды. Бастық трасса бойында жүрген уақытының бәрінде де, Либерманды көз қырынан түсірген жоқ. Либерман кенет өзгерді. Ол бұрынғысындай іскер, епті және баяғысындай айлакер еді,— бірақ енді оған құрылыстың мүддесі жақынырақ болып, өз жұмысының ең бірінші мәні — адамдардың қамы екендігін түсінген көрінеді.

— Либерман! — деді кенет дауыстап Батманов.

Жабдықтаушы айналып қарады да, сеңсең құлақшынының үлкен құлағын қайырып қойды.

— Либерман, сен профсоюздың мүшесімісің?

— Енді қалай! Бір кезде, керек десе профорг болғамын.

— Өте жақсы. Профсоюз жұмысы учаскеде әлі жолға қойылмаған, ал Карпов пен Умараның жарысына қазіргі минутта төреші керек болып тұр. Профсоюз мүшесі есебінде, былайша айтқанда, төрешілік жұмысын басқара аласың ба? Бәрібір сен оларға бара жатырсың ғой.

— Байқап көрейін! — деп тез жауап берді Либерман, жылы термосты сыйпап, күліп жіберді: Батмановтан мұндай тұтқыыл тапсырма алғанына әбден сүйінді.

— Жеңіп шыққандарды немен сыйлау жәйін қайтып келгеннен кейін ақылдасармыз.

— Түсінікті! — деген дауыс естілді төменнен.

Бірінен соң бірі келіп жатқан автомашиналар қатарласып тұрып жатыр. Келіп тоқтаған машиналардың дүрілдеген даусы мен жаңадан келіп алаңға орналасып жатқан машиналардың дауыстары қосылып кетті. Филимонов машиналарды табанда тексеріп кішкене кітапшасына жазып алып жүр.

— Бірдеңе жазып жатыр. Тастай қатқан, үндемейді. Сөз де қатпайды,— деп жатты шоферлар біріне-бірі. — Екі автомашина белгіленген уақытында қайтып келмеді — мына тайганың бір жерінде, тегі, тұрып қалған болу керек. Батманов келгенше, мүмкін олар келіп те үлгірер деп үміттенді Филимонов.

Бірақ құрылыс бастығы айтылған мезгілінде дәл келіп жетті. Ол осынша машинаны көремін ғой деп ойлаған жоқ еді, көңілі хош болып таң қалды. Гүрілдеген машиналардың тізбегінен Батмановқа жылы леп соғады. Ол колоннаны бойлай алдынан өтіп, жүріп келе жатып, Филимонов мән-жайды айтып баяндап шықты. Олар Сморгочовтың машинасының қасына келіп тоқтады, радиатордың қасында тұрған шофер ашық шыраймен Батмановқа қарады.

— Сморгочов жолдастың ерекше жұмысын еске алуыңызды сұраймын,— деді Филимонов.— Бұл бір өзі төрт машинаны бірдей алып келді. Оның өз машинасы Новинскіден келгеніне қарамастан, жақсы күтілген.

Батманов Сморгочовтың қолын қатты қысты. «Оған және Силинге өз алдына бұйрық беру керек. Мейлі, бұлардың қандай жігіттер екенін жұрттың бәрі білсін», деп ойлады ішінен.

Филимонов шоферларға қол көтеріп ишарат қылып еді, жыйналып Батмановты қоршап алды.

— Жолдастар, сіздердің бәріңізді де қайтадан жұмысқа алып, азық-түлікпен қамтамасыз етемін,— деді құрылыс бастығы қалжыңы, шыны белгісіз.

Гүрілдеген моторлар оның сөзін аяқтатпады: әлгі екі автомашина да келіп жетті; оның әрқайсысы бір автомашина тіркеп сүйреп келді. Батманов Филимоновқа сұрағандай көзбен қарап еді, ол білмеген қалыпта иығын қомдады.

— Бұл біздікі емес.

Кабинадан үш адам шықты, араларындағының біреуі қыз екен. Бір машинаның үстінен бес адам көрінді.

— Я, қалайша біздікі емес. Дәл біздікі!— деді келген адамдарды таныған Батманов.— Бұлар бесінші учаскеден келген комсомолецтер Махов, Солнцев және Муся Кучина. Балташылар — ағайынды Пестовтар... Ағаш кесуші Шубин мен Фантов

және асбапшы Ногтев. Өте жақсы!— Ол жылдам басып соларға келді де, әрқайсысының кезек-кезек колдарын алып амандасты.— Аман келгендерінді құттықтаймын! Күткеніміз жоқ еді, тез келіпсіздер!

— Жаяу емеспіз ғой,— деді Солнцев радиаторды колымен сыйпап қойып.— Тайгада иесіз жатқан екі машинаны қосып ала келдік. Бұларды сіздер жыйнап жатыр деп бізге трассадағылар айтқан еді.

— Махов, сен неге айнала қарай бересің? — деп сұрады Батманов.

— Міне дүниенің шеті деп осыны айт! — деді Махов.— Тамаша! Мұндай алысқа ешуақытта жүрген емес едім... Невельскаяның мұнда болғандығының ешқандай ізі қалды ма екен, соны білер ме еді?

— Нені айтып кеттің! — деп таңырқады Солнцев.— Сен тарихты қойып, одан да бүгінгі күннің камын ойласаң қайтер екен!

— Хозяйка, шаруа қалай? — деп Батманов Мусяға карап езу тартты.

Оның түрі шаршағандықты және біраз ренжігендікті көрсетіп тұр.

— Жердің кыйыр шетіне келгеніңе өкінбейсің бе?

— Өкінбеймін,— деді қыз серпіліп.— Тек, әншейін ойла-нып калып едім...

— Батманов жолдас, біз қазір-ақ жұмысқа кірісе аламыз,— деді Махов.

— Я, сіздердей болдырған адамдар маған керек деген,— деп Батманов комсомолецке сүйіспеншілікпен карап жауап берді.— Өздеріңіздің жолдастарыңызбен танысыңыздар және барып дем алыңыздар. Филимонов бұларға тиісті нәрсенің бәрін берудің камын жаса.— Сөз күтіп үндемей тұрған шоферлар тобына ол жалт бұрылды.— Достарым, сіздерге стахановшы шоферлар Махов пен Солнцевті, диспедчер Кучинаны және баска жолдастарды таныстырайын. Бұлар мұнда жәрдемге келді. Өз семьяларыңызға алуларыңызды өтінемін.

Бензиннің иісі сінген шолак тондылар, келгендерге қарай жүгірді, келгендер бұлардың арасына майдай араласып кетті.

Бұл күні құрылысшылар көп жұмыс істеуге тырысып еді, бірақ қыстың күні қыска болды. Аспан бояуы сұрланып, қараңғы түннің таяу қалғанын ескертті. Жұмыс істеліп жатқан алаңға жарықты көбірек бергізуге асықпайсың деп ренжіген Батманов Филимоновқа ұрысып, инженерлерге қарай кетті. «Соның өзінде де бүгін істің бәрінің де сәті түсіп жатыр, әзер дегенде алғыс айтып үлгеріп жатырмын» деп ойлады ол.

Сморчков пен Силин оның сонына ерді. Шоферды ол өзімен бірге жүр деп шақырды, ал тракторшы жолдан косылды. Силин Сморчковка жолды тегістеу үшін мұнай құятын кішкене цистернаны пайдалануды ойлайтындығын айтты. Олар әрі тегіс, әрі кәдімгі жол тегістегіштерден анағұрлым жеңіл және тегістегіш орнына пайдалануға әбден болады. Бірақ бұларды ат тарта алмайды, автомашинамен ғана сүйреу керек.

— Осыларыңның тым болмаса біреуі дайын ба? — деді Сморчков білгісі келіп.

— Біреуі дайын. Мен оны оп-оңай ыңғайлап алдым. Цистернаның түбінде жанармай құйып және ағызатын тесігі бар екенін өзің білесің ғой. Мен содан жуан сом темір өткіземін, ол белдік болады. Бірақ бұдан не шығады? Оны бәрібір мұзға шығара алмайсың.

— Бастық мені байқау жүргізу үшін мұзға түсіреді ғой деп ойлаймын,— деді Сморчков сенімді түрде ақырын.— Міне, мен сенің цистернанды тіркеп аламын. Жүгір! Ақырындап әзірлене бер!..

Инженерлер Роговтың айтқанындай отырып алып сызып жатыр екен. Бұларға әрі тыныш, әрі жылы еді. Батманов рақаттанып шешінді де, Сморчковка да шешін деді. Бастық біраз уақыт демалды. Тополев пен Алексейді әзілдеп, олардың істерінің өнімділігіне танырқады: карт инженер мен жас инженер бірлесіп бірнеше табак ватман қағазға сызық жол салып тастапты. Мұздағы жұмыстың схемасын көріп, Батманов желкесін қасыды. Құрылысшылардың әрбір қадамы шабуылмен бара-бар болуы керек. Байланысшылар жөніндегі бұйрықты Алексей таза қағазға көшіріп те болды. Батманов текістідегі тым салтанатты жазылған үш сөзді өзгертіп, тайға танба басқандай әдемі анық жазумен орнына сыпайылау сөздер кіргізді. Ал Алексей мұны тағы да жақсы қағазға біркелкі баспадай етіп көшіруге кірісті.

— Машиналарды бүгін-ақ мұзға түсіргім келіп отыр,— деді Батманов басқа ешқандай сөз айтпастан.— Әуелі Сморчков екеуміз жүксіз бос машинамен өтеміз, одан кейін жүкпен өтіп көреміз. Диспетчердің үйі үшін Рогов ағаш дайындап жатыр, бөрене мен тақтайларды бірден мұз жолымен тасыса қандай жақсы болар еді. Инженер жолдастар, сіздердің пікірлеріңіз қалай?

Алексей бұған қарсы болды?

— Котляровский сағат сайын мұзды өлшеп жатыр. Мұз бірте-бірте қалыңдап келеді, бірақ күте тұру керек, тым тәуекелдік жарамас.

— Қанша күту керек? Бір күн бе? Екі күн бе?

— Сірә, көбірек керек болар. Айтайық — бір апта.

— Оho! Мүмкін екі апта керек болар? Бір ай керек болар?

Уақытқа сіз соншалықты байсыз ба? Ал бас инженер не айтты? Ол да шынымен осындай шегіншек болар ма екен?

— Байқап көрелік, бірақ тым қызып кетпелік,— деп келісті Беридзе.

— Әр машинаның жақтауына көлденең ұзын ағаш байлаған дұрыс болар деп, кеңес берер едім,— деді Тополев, Батманов не айтасыз дегендей өзіне караған кезде. Егер де қатер болса, екі жақтағы мұзға ағаш тіреледі де, машина мұзға асыла ілініп, батып кетпей тұрып қалады.

Батманов қартқа алғыс айтқан назарымен карады да, киіне бастады.

— Кузьма Кузьмичтің ақылын қабыл аламыз, естідің бе, Сморгчов? Жүгір, машинанды дайындап, жағаға таман шығар. Солай, сақ жігіт! — деп Батманов құлақшынының бауын байлап жатып, Алексейді келекеледі.

— Мұздың беріктігін сынаудың да сізге мүлде қажеті жоқ,— деп Алексей ашумен жауап берді де, шолақ тоны мен құлақшын бөркін алды. Құрылыс бастығы мұздың астына түспей, оның үстінде тұрғанда ғана жақсы-ақ!..

Бұғаздың жағасында Филимоновтың бақылауымен, Сморгчов пен Силин автомашинаға көлденең екі ағашты байлап және кішкене цистернаны жатқызған қалпында ұзын темірмен тіркеп алған. Оларға автомобильдері жағада қатар-қатар тізіліп тұрған шоферлар көмектесті.

— Сіздер мұнда неғып тұрсыздар? — деп Батманов олардан қатаң сұрады.— Мен ешкімді шақырғаным жоқ, маған жалғыз Сморгчовтың өзі ғана керек.

— Біз түсінеміз, жолдас Батманов. Біздің тарапымыздан ақмақтық болмайды, мұзға тек команда берсеңіз ғана түсеміз,— деді Махов.

— Сен де осындамысын? Солнцев та осында ма? Мен сіздерді демал деп жіберіп едім ғой!

— Василий Максимович, жолдастардан қалуға болмайды ғой. Және мұның өзі сондай қызық емес пе! — деп Маховтың шын ниетімен айтқандығы сондай, Батманов оған ештеңе деместен қоя қойды.

— Бұл не қылған барабан? Сморгчов цистернаны неге тіркедің? — деп Силиннің жасаған амалын көріп, ол таң қалды.— Бұл артық жүк қой.

— Мейлі, ештеңе етпейді,— деп тыныштандырды, цистернаны карап та үлгірген Ковшов.— Дұрыс ақыл: бұл әрі жеңіл, әрі оңай мұз тегістегіш. Тәуекелге бел байлағаннан кейін бұл арбанды да сүйретейік.

— Азық-түлік салуды ұмытқан жоқсындар ма? — деп сұрады Батманов.— Бір бригада аралда қалады, оны барлық қажетімен қамтамасыз ету керек.

— Азык-түлік машинаның үстінде,— деді Сморчков.

Ол моторын қыздырып кабинасына кіріп, есігін ашық қалдырды. Батманов машинаға қарай жүрмек болып еді, бірақ Алексей есікті жапты да, оның жолына тұра қалды.

— Болмайды, Василий Максимович. Біз өзіміз-ақ.

— Кеттік, Сморчков! — деп Филимонов команда берді.

Машинаның оң жақ және сол жақ табандығына Алексей мен Силин секіріп мінді. Ол мұзға ақырындап келіп түсті. Оның соңынан, салдырлап, қарды сықырлата, үгіте ұзын сым арканды сүйретіп, цистерна домалап келеді. Батманов бір минуттай кідірді де, соңынан жүгірді. Оның соңынан Рогов та кетті. Топтанған шоферлар да бұлардың соңынан өзінен-өзі еріксіз ерді.

— Маған да рұқсат етіңіз! — деп Махов пен Солнцев бірден дауыстады.

Филимонов колын екі жакка жайып:

— Сол орындарыңда тұрыңдар! Махов дайындал!

— Жарайды! — деді ол қатты қуанып.

Сморчковтың машинасы мұзбен жүріп барады. Домалап бара жатқан цистерна қоңырау сыяқты тұнық дыңғырлайды. Батманов пен Рогов та олардың соңынан қалмауға тырысып, шапшаң жүріп келеді. Бір кезде Василий Максимович құлақ тігіп тұра қалды,— оны қатты сытыр еткен дыбыс селт еткізді.

— Кері қайт!— деп айқайлап, машинаға қарай ұмтылды,— Алексей,— қазір кері шегін!

— Василий Максимович, ештеңе етпейді,— деп Рогов оның көңілін жұбатты.— Мұз тереңде сытырлайды, мұз бұрынғыдан да берік қатып жатыр.

Батманов тағы тындады да, жағаға қарай бұрылып, Филимоновқа колын былғады. Екінші машина мұзға келіп түсті. Батманов оны күтіп алып, Маховтың кабинасына келіп отырды.

— Махов, қай жерде келе жатқанымызды білесің бе? — деп сұрады ол, көңілденіп басындағы бөркін алып, маңдай терін сүртіп жатып:— Джагда бұғазымен келеміз. Осында бір замандарда сенің Невельскаяң жүзген екен...

Арт жақтаң орталап ағаш тиеген автомашиналар бірінен соң бірі жағадан төмен түсіп келе жатыр. Араларын бір-біріне жақындатпай жаңа ғана салынған жолмен, тізбектеліп жүріп кетті. Олардың моторлары бірқалыпта істеп, ақырын жүрді, машина дөңгелегінің астында уатылған ұсақ мұздар күтірлейді. Шоферлар да кабиналарда көтеріңкі шулайды. Машина тізбегі жүрісін жиілетіп, аралға қарай бет қойды.

Бұғаздың үстінде ымырт жабыла бастады. Оның ұшы-қы-йыры жоқ мұз даласын енді байқап айыруға болмайды. Алыстан біресе саябырлап, біресе күшейіп шулаған дауыстар естілді. Умара Магомет пен Карповтың бригадалары жолды салып бітіріп, осы мезгілде аралдан километрдей жерде мұз үс-

тінде келіп түйіскен. Жұрт қуанғаннан біріне-бірі жүгірісті. Біреулер қайла мен ломды лақтырып жіберіп, құшақтасып жатыр. Қарпов пен Умара да құшақтасып сүйісті.

— Шешетайым-ау! Суықта сүйісу — қандай әсерлі еді! — дейді басқалардан кем толқымаған Либерман, жұртты мысқылдап.— Құлақ салыңдар! Төрешінің ұйғарындысын естіңіздер: жарыста алдыңғы орынды Қарпов жолдастың колоннасы алды.

— Қарпов жағында уда-шу қол шапалақтау, Умара жағы ысқырысып, бұған қарсы болды.

— Қарпов неге бірінші болды! — деп Умара ызалана сұрады.— Біз артық істедік, мені алдай алмайсың! Біздің учаскеде сен көп болды. Ал, Қарповтар екі километр сенсіз жерден өтті. Қаулы дұрыс емес! Қайта қарау керек!

— Умара жолдас, менікін тыңдаңыз! — деп Либерман одан даусын асырып жібергісі келіп, қатты айғайлады.

— Ұйғарынды дұрыс емес! Батмановқа арыз етеміз!

Біреу тағы да ысқырып жіберді. Умара өзінің адамдарына қарады да, олардың ішінен бейнебір қолдаушы іздегендей болып қолын екі жаққа жайды. Қарпов бұл таласта жұмысы жоқ адамдай-ақ жұрттың бәріне көз қыйығымен қарап күліп тұр.

— Жігіттер, машинаны қарандар! — деді ол кенеттен селт етіп.

Ымырт қараңғысы арасынан жолда келе жатқан бір машина, екіншісі, үшіншісі көрінді. Жұрттың бәрі қолдарын жоғары көтеріп, бұғаздың үсті жаппай қол шапалақтаған дуға айналды. Машиналар жақындап келе жатқанда — бұларға, машина саны есепсіз сыяқты көрінді,— қол шапалақтау басылмады. Екінші машинадан Батманов көрінгенде одан сайын күшейе түсті. Ол да келе жатып Умара мен Қарповқа, осы жолды салушылардың бәріне де қол шапалақтады.

— Жолдастар! — деді ол жұрт тынышталғаннан кейін.— Не дейін, құттықтаймын! Біздің енді жолымыз бар! Ертең таң сәріден бастап трубалар мен механизмдерді аралға тасый бастаймыз. Ал қазір Сморгчов пен Махов жолдың ақырына дейін барады, екі бригада және азық-түлікті аралға тасып апарып салады. Басқаларың ағашты түсіресіндер, бұл тығыз жұмыс. Содан кейін демалыңдар. Ризасындар ма? — деп сұрады Батманов Умарадан.

— Риза емеспіз! Мен өзім де, кісілерім де өкпелі!

— Өкпелі? Кім жәбірледі?

— Мынау, жәбірлеген! — деп темір пісіруші Либерманды көрсетті.

— Сіз бірінші орынды Қарповқа бергенсіз бе? — деді Батманов іштей сезе қойып.

— Дұрыс берілмеген,— деп шу ете түсті бәрі.

— Жолдастар, аптықпандар, бір минутка тоқтаңыздар! — деп Батманов ойға кетті.— Мен Либерманды түсінемін. Ол Карповтың бригадаларына әуел баста жұмыстың қыйынырақ болғанын ескерген ғой. Бірақ менің ойымша, егер де біз бәріміз бірлесе отырып ұйғарындыны қайта қарасақ, бізге төреші де наразы бола қоймас. Умараның бригадасы екінші учаскеде көп уақытынан айрылды. Меніңше колоннаның ешбіреуін де екінші деп атауға болмайды. Екеуі де бірінші! Демек, олар біріншілік пен екіншілік орынды өзара бөліседі. Дұрыс па, әлде дұрыс емес пе?

— Шыннан да осы дұрыс, жігітім! — деп Карпов келісті.

— Төреші осы дұрыс па? — деп Батманов бұрылып жабдықтаушыға қарады.

— Соломонның төрелігі ғой,—деп, Либерман да қостады.— Менің жазған басым мұны пісіре алмай алды.

Бірақ Умара әлі қанағаттанбады, ол бұрынғысынша күдіктеніп, мазасыздана қарады.

— Я, сен неге ашуланасың? Риза емессің бе? — деп сұрады одан Батманов.— Шынында сіздердің екеуіңіз де бірінші орындасыздар ғой. Екеуіңіз де жақсы істедіңіздер.

Ақырында Умара күліп жіберді.

— Ой, айлакер-ақ екенсің бастық! Жақсы. Сыйлығыңды бер! — Ол шын білгісі келіп: — Не бересің?

— Әр колоннаға екі жәшік махоркадан, әр адамға қосымша тамақ пен бір қағатын арақ береміз! — деп Батманов дереу жауап берді де, асыра сілтеп жіберген жоқпын ба дегендей Либерманға қарады, жабдықтаушы ризалық белгісін білдіріп басын изеді.

Түн қараңғысы тез түсе бастады. Ағашты іңір қараңғысында түсіріп жатыр.

— Тезірек, жолдастар, тезірек! — деп Батманов жұртты көтермелеп қояды.

Ол Сморгков пен Маховқа алаң болып арал жаққа қарай берді. Міне, жақындағы машинаның солар жақтан даусы естілді. Олар қайтып келе жатыр.

Карпов Батмановтың қасына келді.

— Жігітім, кейіткім келмеп еді, дегенмен, айту керек болады,— деді ол қаймыға сөйлеп.— Бүгін біздің жұмысымыздың бәрі де көңілдегідей шықты. Бірақ маған ауа райы ұнамай тұр, түнде боран болып кетпесе жарар еді. Балықшы басым, сүйектерім сырқырап тұр. Аспанды бұлт қаптап, желдің көтерілейін деп тұрғанын көріп тұрсың ба?

Батманов айнала қарады. Кейде бұғаздың үстінен жел екпіні соғып кетіп тұрғаны байқалды. Мұның уілдегенінде бір жаман сыр бары естіледі, бірақ айналада соншама сенімді

адамдардың барлығы және аяқ астында осындай жақсы жолдың барлығы Карповтың үрейленуін әшейін текке аптығушылық етіп көрсетті.

— Иван Лукич, сен шүбәланғыш-ақсың,— деді Батманов.

— Сақтанған да теріс емес қой,— деп Карпов айтқанына қайтпады.— Түнде бәрі де мұздан сыртқа шығып кететін болсын. Маған салса, адамдарды аралдан да әкеткен болар едім. Ағашты да жағаға қайтадан тасыған болар едім.

— Әлдеқалай бірдемеге душар болмау үшін сақтануға болады. Адамдар мен машиналарды мұзда қалдырып кете алмаймыз. Біздің аралдағы бригадамызға ештеңе бола қоймас, мен оларға бір айлық азық-түлік жібердім. Ал ағашты кері тасудың қажеті жоқ, маған ағаштан гөрі жұрттың көңілі қымбаттырақ. Қарт балықшы, жүр демалайық. Біздің ертеңгі жұмысымыз қаттырақ болар!..

Батманов, Рогов, Алексей, Либерман және Карповтар учаскеге қайтып келгенде түннің біраз уақыты өткен еді. Алаңның үстінде тұрған фонарьлардың оқта-текте көрінген оттары бұлынғырланған түн қараңғысына шомып көрінбейді. Бұрын Мерзляков тұрған үйдің қасында, терезеден көрінген қаракөлеңкелі жарықтан Батманов Таня Васильченко мен оның көмекшісі Смирновты байқап қалды.

— Қарандар! — деп ол серіктеріне бұрылды.— Біздің қызыл қалпақты қыз мұнда келіп те қалыпты!

— Жолдас құрылыс бастығы! — деді қыз даусы сыңғырлап.— Баяндаушы байланысшылар колоннасының бастығы Васильченко. Сіздің Новинскіден Джагда бұғазына дейін уақытша байланыс сымы жүргізілсін деген тапсырмаңыз орындалды. Менің карауымдағы адамдардың бәрінің де дендері сау, аман, қазірде демалып жатыр.

— Бәріңіз де жігітсіндер! Міне сыйлық деп осыны айт! — деп Батманов қуанды да, Таняны өзінің бауырына тартып, екі бетінен кезек сүйді.— Рогов, Либерман! Байланысшыларға тамақ әзірлеңдер! Сауық кешін міндетті түрде жасауымыз керек. Шоферлар мен жол салушылар да шақырылсын. Қыймылданғандар! — Ол Таняға қайта бұрылды.— Аппаратты әлі орнатып үлгірмеген боларсыздар?

— Аппарат орнатылды! Байланыс жұмыс істейді! — деп Васильченко жауап берді. Қыз қазір домбыраның бұрауы қанған шегі сыяқты — тек тиіп кетсең дың ете түседі.

— Тамаша! — деп Батманов айғайлап жіберді.

Ол тез басып үйге кірді де, жүріп келе жатып шолақ тоны мен бөркін тастап, столға қарай ұмтылды. Селектор аппаратының қасында Беридзе отыр, ол Залкиндпен сөйлесіп жатыр екен.

— Өзің сөйлессең, басканың да сөйлесуіне бер! — деді Батманов, зілді әзілмен бас инженерді шетке қағып. Ол отырғышқа жайласып отырды да, телефонның құлақшасын басына киіп қуанышты күлкімен микрофонды өзіне таман тартты.

— Линиядамын. Тында мені!—деп сәл қарлыққан дауыспен, Алексейге қарап қулана көзін қысып, айғайлап қойды.— Мен Батмановпын, қазір бұғазда отырмын. Барлық учаскелердің бастықтары мен партия ұйымдастырушылары менің Залкинд жолдаспен сөйлескен сөзімді тындаңыздар! — Ол үнсіз тына қалды.— Миахил Борисович, амансыз ба? Бүгінгі күннің есебін беріп, алғашқы кішкене табысымызбен мақтанғым келеді.

— Міне жақсы! — деді Залкинд.— Ал линия бойында қазір Темкин де, Мельников те, Хлынов та тұр. Беридзенің даусын естігенде сіз туралы сөйлесіп жатыр едік. Сізді тындап тұрмыз, Василий Максимович!

Байланысшылар да, шоферлар да, жол салушылар да — күні бойы істеп әбден шаршаған болатын. Бірақ жұрттың бойын бұрын болмаған көтеріңкі, жан жүйесінің сергек күші биледі, ешқайсысының демалуға барғысы келмеді, бәрінің де құрметті кешке қатысқысы келді.

Кешкі тамақты екі баракта беруге тура келді. Бәрі де мүмкіндігіне қарай жабдыкталып қойылды: жол салушылар өздеріне тиісті шарап сыбағасымен тамағын алып қайжер ыңғайлы болса, сонда отырды. Бұдан артықты ешкім тілеген жоқ. Тек екінші баракта ғана риза еместер болды.— Олар негізгі тойшылар — байланысшылар жыйналған, құрылыс бастығының өзі председательдік еткен бірінші баракта болғысы келді.

Барак адамға лық толды. Қолында қаңылтыр кружкасы бар Батманов столдың қасында тұрып, барлық жерден өзіне қадала қарай қалған, аяз шарпыған беттерге айнала қарап қойды.

— Ұзақ отырмаймыз, уақыт жоқ,— деді ол.— Таң білінісімен-ақ біздің алдымызда істейтін тағы да ауыр жұмыстар тұр. Көп сөйлесудің керегі жоқ, мен өзім аз сөзбен ғана бітіруге уәде беремін.— Ол бетін жарыққа қарап көтерді.— Біздің бүгінгі басты табысымыз неде? Ол біздің бір күнде аралға жол салғанымыз, автомашиналарды тәртіпке келтіргеніміз, байланыс сымдарын бұғазға дейін тартқанымыз емес. Табысымыздың ең бастысы сол, алдағы мақсат айқын болса, ұйымдасып бір тілекте болсақ, біздің орындамайтын міндетіміз жоқ екеніне сіз бен біздің бүгін көзіміздің жеткендігі. «Егер де коллектив болып істесең, адам күшінде шек жоқ» деп бекерге айтылмаған. Қане біздің тамаша күшті коллективіміз үшін ішіп қоялық!

Ол кружканы көтерді де, бәрі де оған еріп ішіп жеберді. Содан кейін байланысшыларға сыйлық беру туралы құрылыс бастығының бұйрығын жуан дауыспен Тополев оқып шықты. Қарттың аздап қобалжығаны сезіледі. Одан кейін Таня Васильченко сөйледі. Ол үстіне қанық көк жаңа кофта киіпті, бойына жарасып әдемі көрсетіп тұр. Алексей оған қарап отырып, басқа баракта председателдік етіп отырған Беридзенің мұны көре алмағанына өкінді.

— Біздің, байланысшылар арасында мен бәрінен де үлкенмін, жасым жыйырма төртте. Ал біздің ең кішіміз Генка Панков он бесте,— деді Таня.— Жолдастар, сіздерге шынымызды айтсақ: тайга арқылы жол салу өте қыйын болды. Бірақ біздің әрқайсымызға Отан тағдыры, біздің Москва тағдыры жөніндегі ой ілгері ұмтылдырып, қуат берді. Әрқайсысы өзінің жүрегінде ұлы Сталиннің бейнесін сақтады, онымен жүргенде ешқандай қорқыныш болған жоқ?.. Біз, байланысшылар, біздің алдымызда әлі де қыйын міндеттер бар екенін жақсы білеміз. Жолдас Батманов, сізді осында Сталин жолдас жіберген адам болғандықтан, байланысшылардың комсомол колоннасы не бұйырсаңыз соның бәрін орындаймыз деп біз сізге уәде береміз!..

Таня сөйлеп болмай-ақ Умара сөз сұрады. Кейін бірінен соң бірі тұрып, Карпов, Сморгчов Зятьков, Силиндер сөйледі. Кешкі жыйынды тез бітіреміз деген Батмановтың ойына қарамастан, ол ұзаққа созылып кетті. Құрылысшылар тағы да бірдене күткендей болды. Батмановтың өзінің де олардан айрылғысы келмеді:

Солардың біреуі көпке естірте музыканың жоқтығына өкініп бірдене деп еді, ә дегенше болмай, заказбен әдейі алдырғандай музыка да пайда болды: Махов тамаша баянды қабынан шығарып алды. Отырғандар ығысып, оған орын берді. Ол байсалды бола қалған бетін баянға тақап алып «Отан туралы» әнді тартты. Таня сылдыраған ашық дауыспен баянға қосылды, оған сүйкімді әсем қоңыр даусымен Карпов та қосылды, бұлардың соңынан бүкіл барак болып ду көтерді. Бірінші өлеңді айтып болған кезде біреулер екіншісін, үшіншісін бастап кетті. Содан кейін тағы да ығысып билеу үшін орын босатты.

Шеткерілеу, Коля Смирновпен қатар, айналасында болып жатқан думанға алаңдай қарап, Генка Панков отыр. Таня оған әкең учаскеде жоқ екен, аралға кетіпті деген болатын. Көңілді жұрттың сарынымен, ренжіген баланың да көңілі бірге көтерілді. Генканы алыстан байқап отырған Василий Максимович, ақырында, комсомолецтерге жақындамақшы болып еді, сол арада оның көңілі босап қамығып қоя берді. Батманов Коля мен Генканың арасына отырып, үндеместен екеуін де иығынан қапсыра құшақтады. Таня дереу осылардың қасына

келді. Генка бұлардың бет ажарынан тұнжырағандықты көріп, үрейленіп кетті.

— Геннадий... Сен енді кішкене емессің, сенде үлкен адамның ерлігі бар,— деді Батманов у-шудың ішінде, өзінің даусын бұзбауға тырысып.— Сен ауыр хабарды естігенде, комсомолецтерше төзуің керек... Біз әлі әбден анық білгеніміз жоқ, бірақ сенің әкең... мүмкін... қаза табуы...

Генканың кішірейе бастаған көздерінің қадала қарағанына Батманов зорға шыдады... Содан кейін екі көзінен жасы парлап, бала жұлқынып, шығып кетпекші болды. Батманов оны жібермеді. Генка еңкейіп, бетін тізесіне жасырды.

Таня шыдап тұра алмады да, дереу бұл арадан кетіп қалды. Коля Смирнов өзінің досының қолынан ұстады.

— Өзіңе-өзің бекем болуға тырыс,— деп көңіл айтты Батманов.— Әкене жанымыз ашыйды... Саған қой деп жұбатуға болмайды. Бірақ ақылыңды жоғалтпа. Оқыйтын боласын. Сенің жолдастарың жақсы. Коля, Таня бүтіндей бір семьясындар...

— Гена, біз қашан болсын сенімен бірге боламыз,— деді Коля.— Сен менің інім тәрізді емессің бе?..

— Сен өз тағдырыңа өзің кожасың, саған ешкім өз еркінсіз ешнәрсе таңа алмайды. Ал егер де өзің келісім берсең, мен саған екінші әке болам,— деді Василий Максимович Генкаға қарай еңкейіп. — Менің де міне... балам өлді. Басыңды көтер қалқам, бекем бол...

Батманов Генканы құшақтап, басын көтеріп өзіне тартып еді, бала Василий Максимовичтің бауырына кіріп мұңын шаққандай өксіп-өксіп қоя берді.

Бұл оқыйғаны ешкім аңғармады, құрылысшылар сауығын жүргізе берді. Муся Кучинаны біреу ортаға қарай итеріп жіберді. Ол бүйірін таянып, жымыңдаған кара көзінің қырымен тұрғандарды айнала бір шолып, қоршаған адамдардың ортасында билеп кетті. Роговтың қасына келіп иіле тағзым ете тоқтанқырап еді, ол да аяғын тарпылдата басып ілесе билей жөнелді.

— Махов, көтеріңкірей түс! — деп айкайлады Солнцев, жоғарыдан ортаға секіріп түсті де, музыканың шапшандатқан сазына сәйкестіре жорғалай жөнелгенде, жұрттың бәрі күлді.

Өлең, у-шу дауыс және аяқтың билеген дүбірімен далада боранның көтеріліп кеткенін ешкім естіген жоқ. Сырттағы желдің ызғырық уілі, бірден-бірге күшейе түсті. Желдің ұйтқып сокқан алғашқы екпінінде кенет барак қозғалып кеткенде бәрі құлақ тігіп үрпиісіп тыңдай қалды.

Жұрт жым-жырт бола қалғанда, ысқырып сокқан долы желдің даусы айқын естілді. Желдің ысқырғанынан да басым, күннің күркірегені тәрізді бірдеңе салдыр-гүлдір етті. Сол кез-

де барактағы жарық та сөнді, тастай қараңғыда біреудің айқайлаған даусы естілді.

— Жағадан мұз айрылып кетті. Бұғазда мұз қозғалды.

— Мәс-саған, жол! — деп Карпов ауыр күрсінді.

Баракта у-шу, опыр-топыр болды. Бәрінің де далаға шыққысы келді, бірақ біреу есікті сырттан бекітіп тастаған болып шықты. Есікті сындыра бастады. Қараңғыда шоферлардың қолындағы кішкене фонарьдің шашыраған жарығы жылтылдайды.

— Мүмкін, кастықпен істелген іс шығар! — деген Роговтың даусын естіді Батманов.— Сәл ғана былайрақ тұрындар.

Рогов терезеге қарай жүгіріп барып, рамасын сындырды да далаға қарғып шықты. Батманов Генканы өзіне қарай қаусыра қысып тұрып, айналасына жұрттың үн-түн жоқ ұйлыққанын сезді. Ол жақын келіп тұрғандардың: Коля Смирнов, Алексей, Карпов, Умара, Сморгчов, Силин, Филимонов екендіктерін сезді. Бір секундтай ғана бөгелді де, қатты айқайлап:

— Жолдастар, неге үрейлендіңдер! Бізге үрей салуға болмайды. Бәріңді тыныштық сақтауға, шыдамдылыққа шақырамын. Сіздер бораннан шынымен қорықтыңыздар ма? Жолды қайтадан жасаймыз. Қатпаған жылымды айналып өтеміз де, бәрін басынан қайта жасаймыз. Тағы да бір күн ішінде істеп шығамыз, біздің күшіміз бәріне де жетеді!.. Бәріміз де жыйылып түнде істейміз деп жариялаймыз! Коммунистер, басшылар, бригадирлер, бәрің де маған келіңдер!..

Бұл соншалық күші өктем және зор сеніммен айтылған сөз, бәрін де тоқтатты. Барактың әр бұрышынан шашырап жылтылдаған сәуле бір жерге келіп тоғысып, қараңғыда тұрған Батмановтың қайратты, батыл, сабырлы жүзіне келіп түсті.

Екінші тарау

ЖАРЫҚ ТА БОЛДЫ.

Бұғаздағы жұмыс таң білінуден көп бұрын басталып, түн ортасы ауғаннан кейін бітетін болды. Жүздеген электр лампалары алаңды жарқыратып, қыстың қысқа күнінің шеңберін кеңейтті.

Учаскеде әскери лагерьдегідей қатаң тәртіп енгізілді: ұйқыдан гудокпен тұрып, санаулы минутта жуынып, тамактанып та үлгіреді; түскі тамақ пен кешкі тамақты жұрттың бәрі бір мезгілде ішіп, ұйқыға да белгілі тәртіппен жататын болды. Бұл тәртіпті құрылысшылар әбден ұнатты, Рогов әскер тәртібін сүйетін, ол мұны ешкімнің бұзбауына тырысты. Тек осында бір адам ғана бұл жаңа тәртіптен тысқары болады, ол адам — осы тәртіпті енгізген Батмановтың өзі деді.

Құрылыс бастығы аз ұйқтайтын болды, мұндай жағдай

көп жұрттың тағдыры мен үлкен істің жауапкершілігін күндіз-түні бірдей ойлайтын адамдар да болатын-ды. Ол гудоктан көп бұрын — үнемі бір мезгілде оянатын болып алды... Қасында жатқан жолдастарының ұйқысын бұзбай, сыйпалап жүріп, киініп, мұзды сумен жуынып, далаға шығып кетеді.

Қыстың қап-қараңғы түні бүкіл дүниені пердесімен бүркеп тұрған мезгіл. Ешбір жерде от көрінбейді... Бұғазға баратын жолды мүлтіксіз болжап, Василий Максимович асықпай басып келе жатты. Жарлауыт тұмсықтағы өзінің үйреншікті жеріне келіп тоқтай қалды...

Қараңғылық у-шу дауысқа толы. Бетін мұз басқан бұғаздың суы ақырын сарпаған тәрізді. Жел біресе жай, біресе катты ызғырып өтеді. Тұяғын бір калыпты тақылдатып, бұдан едәуір жерде бұлан жортып барады.

Батманов дауыстарға құлак сала тұрып, ойға кетті. Бұл таң алдындағы минуттарда, әсіресе мый шаршамаған айық кезде, оның күні бойы карауындағы адамдарға бұйрық және ақыл ретінде беретін кеңестері есіне келіп түседі. Батманов өткен күнгі істелген жұмыстардың дұрыс, бұрыстығы туралы өзін өзі тексерді. Іспен байланысты оның іскерлік ойларына қайдағы-жайдағы бір шатасқан ойлар да араласып келіп қабаттады.

Василий Максимовичтің өзі және барлық құрылысшылар өздерінің жұмыс күнін Қыйыр-Шығыста, осы арада бүкіл елден бұрын қарсы алғандығын ойлау оған катты ұнайды, бұл құрметке тек шекарашылар ғана ортақ еді. Бір таңғажайып, керемет күш пайда болғанын сезді және ол шаттық күлкісін әрең тыйып, кеудесін керді. Бұл күш, оған бейнебір соққан жылы жел бүкіл отан жерінен есіп тұрғандай болды. Василий Максимович Батманов совет адамы, өзінің нәсіл-нәсібін ұмытқан, Иван емес. Ол осы араларға баяғыда орыстың жиһанкездері келіп кеткендігін, осы суларда Невельскойдың кемемен жүзгендігін, еске алуды жақсы көретін...— Олар туралы Батманов құрметпен еріксіз бір мұңаюшылықпен ойлайтын. Олар дүлей табиғатпен және толып жатқан дұшпандармен күресте қандай жеке-дара болып жалғыздық көрді екен десеңізші! Баяғыда өткен сол адамдарды құрметтегендікке олардан гөрі өзінің мәртебесі жоғарырақ екендік сезімі келіп араласты, Василий Максимович мұны әбден орынды әрі заңды деп санады. Бұл сезім өзін дәріптеушіліктен және мен-меншіліктен аулақ, өмірдің жаңа құрылысы үшін, совет халқы үшін, өзінің әрбір ұлын мәпелеп өсіретін жаңа қуатты Россия үшін мақтан ететіндікті айқын көрсететін еді! Невельскаяның өзі тарихи міндетін атқару үшін осы теңіз жағаларына өміріне қауіп төндіре, тәуекелге бел байлаған азғантай адамдармен ғана келгендігін еске алудың өзі өкініш еді. Осында ғасыры-

мыздың ғылымы мен алдыңғы қатарлы техника құралдарымен жабдықталған үлкен коллективке басшы етіп жіберілген Батмановтың өзі, одан әлдеқайда күшті еді!

Адмиралмен қатар, Батмановтың көз алдына, қыйындық пен тауалы қайтушылықтан қорықпай, Отанның даңқы үшін үлдемен-бүлдеге бөленген өзінің үйреншікті тұрмысын ерлікпен елең қылмай қалдыра тұрып, қыйындыққа төзген қаһарман орыс әйелі Екатерина Ивановна Невельская елестеді. Рубежанскийдің өлкелік музейінде Батманов Невельскаяның суретін көрген еді... Неге екені белгісіз оның суреті Анна Ивановнаның кейпіне ұқсас болып елестеді:

Мұның шақырған телеграммасына, Анна Ивановна, ақырында хат пен баласының суретін жіберген:

«Ұлымыздан қалғаны міне осы ғана, соғыс бізден оны айырды, жетім қалдық біз, Василий Максимович, бірақ та миллиондаған ата-аналардың қайғылары да дәл біздікі сыяқты жұбанышсыз болар-ау деген ойды медеу етуіміз керек... Білмеймін, сенің жылы сөздерің шын жүректен шығып келе ме, әйтеуір, сен түсімде де, өңімде де — ызбарлы, кіналаған шыраймен көз алдымда тұрасын да қоясын. Я, мен баланы сақтап қала алмадым, сақтап қала алмадым! Сен мені кел деп шақырасың... Мен қазірде келе алам ба? Кигенім шинель, басқалар тәрізді мен де өзімді жауынгермін деп санаймын. Менің борышым — осында болу. Ұлымыз өлді, енді бұл жазмышты жеңіл санамауымыз керек. Бірімізге біріміз жанадан кездескен шағымызда біз екеуміз де өзіміздің бірге жасайтын өмірімізде өткендегіге қарағанда жақсырақ етіп бастауға әзір болармыз деп сенгім келеді...

...Жақсырақ етіп, ақылдырақ етіп және бірімізден біріміз айырылыспайтындай болып».

Осы минуттарда ол сондай зарығып сағынды, Анна осында лезде келе қалып өзімен берге болар ма еді деп сондай тіледі! «Анна! — деп айқайлады ол үнін шығармай.— Айрылысып жүруді токтату саған байланысты. Токтат олай болса!.. Біздің бір жерде болуымыз керек. Енді біздің өміріміз басқаша болады, осыған саған ант етейін...»

Ауыр ойларынан бейне бір осымен арылғандай күрсініп алып Батманов қол сағатына қарады: жарқыраған жасыл стрелкасы алтыға қарай жыйырма минут асканын көрсетті. Ол тағы бір минуттай шұғылдана күтті, сонсоң «жарық та болады», — деп жариялады іштей.

Сол арада-ақ гудок өзінің белгілі әніне басты, көзді шағылыстырып шамдар жарқ ете түсті. Бір дегенде жұрт тұратын поселканың жарығы жанды. Екі дегенде бүкіл алаңға жарық түсті. Үш дегенде — от жағаны өрлеп аралға дейінгі жыйырма километр мұз жолдың бойына кетті. Төбешіктер мен жағалау-

дағы мұнараларға орнатылған прожекторлардан, учаске бойындағы бағаналарда орнатылған фонарьлардан күннің жарығындай болып сәуле түсіп, қараңғы күн тайганың түкпіріне қарай ығысып кетті.

«Айттым — құдайдікі тәрізді дайын болды,— деп Василий Максимович ішінен күлді.— Әйтпесе күт жарық күнді, қашан балқып шығады деп».

Батманов қараңғыда жүрген жалғыз өзі ғана емес екенін білді. Бір сылтаулар тауып Карпов та сол маңда жүрді. Рогов та... Тек оны байқау қыйын еді, ол көзге елес беріп көрінді де, дереу жоқ болды. Василий Максимович алғашқы рет Карповты келекелеп қатты күлді, мұны Рогов та естісін деп:

Неменеге сен менің соңымнан қалмай жүрсін жігітім? Міне ерікті күзетші табылды.

— Неге күзетші дейсіз? Таза ауа жұтып, қол бос кезде қыдыруға болмай ма екен? — деп ешнәрсе білмеген кісідей Карпов жауап қатты.

Ертеңіне олар тағы да мұның қасында болды, бұл енді оларға назар аудармайын деп ойлады.

...Василий Максимович асыға басып өзінің бүкіл бригадасымен тұратын үйіне келді. Ол бұл тұрғын үйді Мерзляковтың үйі деп айтуға тыйым салды.

— Бұл зәулім үйдің іші пәле-жәледен тазартылған, сым қоршауы алынған — бұрынғы иесін ұмытатын да мезгіл жетті,— деді.

Батмановқа өзінің көмекшілерінің қалай ұйқтап жатқанын көру қатты ұнаушы еді. Алексей — қашан болса да жарқын жүзді, тып-тыныш жай, оң жақ қырынан жатып қана ұйқтайды. Либерман ұйқтап жатқанда жүзінде ояу жүргенде сезілмейтін мазасыздық пен реңсіз бір қалыпты көрсетеді, қорылдап әлденендей бірденелерді сөйлейді. Таня Васильченко — ол оның бөлмесіне де кірді — басын өте сүйкімді етіп бір жаққа бұрып, шашы таратылған қалпы, алақанын бетінің астына қойып жатыр. Беридзе болса, нақ бір кішкене бала тәрізденіп, үстін ашып тастап, аузын томпайтып, ернімен тамсана-тамсана ұйқтайды.

Василий Максимович бір минуттай ұйқтап жатқандарға сүйсініп тұрды да, содан кейін оларды рақымсыз оята бастады.

— Тұрыңдар, жалқаулар! Осында қорылға басып ұйқтауға келіп пе едіңдер? Жұмыс істеу керек! — деген оның қатты даусы шықты.

Батманов Рогов пен Либерманды алып күнде ертемен жұмысшылардың жатақ үйіне кіретін. Амандасқаннан кейін, кім қандай түс көрді деп әзілдеп сұрайтын, үйдің ішіне көз салып қарап, оның қайткенде де бір кемшілігін тауып, учаскенің жаңа бастығы мен Либерманға ескерту айтып қоятын.

— Үй неге салқын?

— Шешетайым-ау, қайдан салқын болсын? Мұнда қараңыз, он бес градус! — деп Либерман термометрдің қасына жүгіріп барды.

— Қарай ғой ғылым қызметкерінің табыла қалуын: термометрді көрсетеді! Сенде бір-ақ термометр болу керек: жұрт күні бойы суықта жүріп келгенде тек ішкі киімдерімен ғана жатып, жылылықтан маужырап ұйқтайтын болсын. Әне қарашы, үй қараушының өзі шолақ тонға оранып бүрісіп алыпты, осы да жарай ма екен!

— Кешкілікте де, түнде де үй тіпті ыстық болды,— деп үй қараушы жақтай сөйледі.— Таңға жақын салқындады. Сіз маған қарамаңыз, мен ылғый осылай оранып жүремін, Орта Азиядан кеткеннен кейін маған жылылық көп керек.

— Сіз пешті көбірек, тырысыңқырап жағыңыз. Ағашты аямаңыз, Мерзляковшілеп жүрмеңіз.

Осындай ертемен келіп тұрушылыққа жұмысшылар тез жаттығып алды. Үй аралап жүрген кезде Батмановқа кез келген сауал беріп, кез келген өтінішін айтуға болатын еді. Бұл қамқорлық жұртқа соншама ұнап алды. Әдетте көрсетілмейтін, ал көрсетіле қалған күнде тұрпайылау және катал түрде көрсетілетін бастықтың осы қамқорлығы, оларды тебрентіп жіберді, енді олар немен болса да, бұған іс жүзінде жауап қайыруға тырысты. Сол барактың ішінде-ақ Василий Максимовичке шоферлар келіп бір рет артық рейс жасауға міндеттеме берісті. Ұра қазып жатқан жұмысшылар шұңқырдың терең жерінен топырақты механизммен жоғары шығару үшін транспортер орнату керек дегенді ұсынды.

Күнделік жұмыстың жайлы-жайсыздығына әдетте ешкім арыз етіп көрген емес. «Жатқан жеріміз таза, жылы, тамағымыз тоқ, енді тағы не керек?» Тек Либерманға назаланған Умара Магомет қана әрқашан өзінің наразылығын айтып, бір-нәрселер жөнінде тілек қойып жүретін:

— Бастық, мұнда көсемдердің портреттері керек, мыналарға айтыңыз. Бір бұрышты жақсылап бөліп, айна іліп қойса, сақал-мұрт алуға ыңғайлы болар еді. Музыка құралын да сұраймыз. Маховтың баяны бар, басқаларымызда түк жоқ.

Сөйтіп Либерман мен Рогов портрет табуға, шаштаразы үшін бөлек бөлме ыңғайлауға, музыка құралын табуға бұйрық алады.

— Менің де, жолдастардың да сіздерге қоятын тілегіміздің шегі: — Жатақ үйдің іші ауруханадағыдай таза, моншадай жылы, қыздың бөлмесіндей жыйнақты болуы керек,— деді Батманов.

Василий Максимович Роговтың есіне мынаны жиі салып отыратын еді.

— Бесінші учаскедегі сен мені шоферлардың «Потемкин ше» істелген жатақ үйлерімен тандандырған едің. Осындағы жатақ үйлер кашан тап сондай болар екен?

Рогов қайта еске салдыруды күткен жоқ. Либерман екеуі бірге учаскенің шаруашылығынан қарастырып жүріп, осында мемлекет камқорлық жасап жіберген көп запастардың ішінен, еденге төсейтін кілемше де, терезе пердесін де, гитарлар да, домино да, дойбы да, кітаптар да тауып алды.

Батманов та, басқарма қызметкерлері де әлі асханаға бейімделіп қайтадан толық жабдықталып болмаған үлкен складиште жұртпен бірге таңертеңгі тамақ ішіп жүрді. Тамақтану он бес минуттан артыққа созылмайды, бірақ осы аз уақыттың өзінде Либерман мен повар Ногтевке әруақыт сөз тимей қалмайды. Алғашқы күндердің бірінде, балық концентратынан жасаған сұйық сорпа мен екіншісіне жұмыртқа талқанынан жасалған кішкене ғана төрт бұрышты құймақ алғанда құрылыс бастығы ашуланып тамақ жабдықтаушы мен поварға қарап:

— Мынау бес жасар бала үшін жасалатын тамақ қой! — деді.

— Мен жабдықтау бөлім бастығының берген азығына қарай пісірем, — деп Батмановқа ұнамай қалам ба деп қорыққан Ногтев өзінің кіналы еместігін жеделдете айтып берді.

— Калориясы ересек жұмыс адамының нормасына әбден сәйкес келеді, — деп повардың сөзін бастырмалатып, қазанға салынған тамақтың мөлшерлерін Василий Максимовичке ұсынып, Либерман өзінің бұған қарсылығын білдірді. — Осы тамақтың калориясы мың бес жүзден артық. Мысалы, мен әбден тойдым...

Либерманның бет-ажары риза болған тәрізді, бірақ көзіп Батмановтан басқа жаққа аударды.

— Басқа жаққа жалтандамай тында, — деді Василий Максимович қатал дауыспен. — Соғыс біткеннен кейін тамақ өнеркәсібі институтына қызметке кірерсің. Москвада сондай институт бар. Сонда әр түйірдің және сорпаның калориясын өлшерсің. Ал әзірге менде істейді екенсің, мөлшер біреу-ақ болу керек: ол — ар-ұят пен ождан. Жұмыс адамы осы арадан қарнын тойдырып шығатын болсын. Тамақ оны қанағаттандырсын. Түсіндің бе? Ногтев ботканы тоярлықтай, дәмді етіп пісірсін. Картоптарың бар. Балықтарың бар. Бірақ оны бүгінгідей құрсуға қайната бермеңдер. Қайнаған жай су емес, балық екендігі анық көрініп тұратын болсын.

Жабдықтаушы қарсы болуға тырысып:

— Сіз норма жайын ұмытасыз!

— Оның есесіне адам жайын ұмытпаймын. Норма жайын ұмытпай жүріп, адамды да естен шығармағайсың деп саған да кенес беремін. Сонда ғана мағна шығады.

Алтыға он бес минут қалғанда бригадалар жұмыс орындарына тарады, дәл сағат алтыда учаске өзінің жұмыс күнін бастады.

Учаскенің бүкіл трассасында жол екпінді түрде төрт күнде салынып бітті. Енді жүк тасу ісі жолға қойыла бастады. Өзара жарысқа түскен Сморгков пен Махов труба, азық-түлік және материалдар тиеген машина колонналарын басқарды. Маховтың колоннасы, үлкен жылымды айналып, «Батманов» жолымен аралға қарай жүрді, Сморгков тізілген машиналарды карама-карсы бағытқа құрғақ жермен Адунға қарай бастады. Жолға шығар алдында, ауыр мінезді Сморгков пен жымыйып күлімсіреген Махов кездесті де, бәйгеге шығар алдындағы боксерлердей бірінің-бірі қолдарын алысты.

Құрылыс алаңында сатыр-сұтыр етіп атылған дауыс жиі естіліп тұрды: мұнай резербуарына арналған ұраның және осы арада салынатын насосы-дизельді станция үйінің фундамен-тің салуға арнап қазылатын жердің топырағын аммоналмен көпарып, босатып жатыр. Жер көпарғыш Куртов пен оның жәрдемшілері бірнеше ондаған «түлкі індері» сыяқты тесік дайындады, оларды атылатын дәрілерге толтырып, кейінгі жағына үйілген кесек-кесек тоңды топырақ қалдырып отырды. Жер қазушылар сол сағатында ұраланған шұқырларға барып түсіп жатыр.

Носос станциясы құрылысының ұзына бойында қалқанды жаппа болатын, оның астында отырып, механиктер бетон арластырғыш құралдар жасайды. Қолөнер мектебінде көп жастарға өнер үйретіп, өзімен бірге учаскеге алып келген байсалды, әрі асықпайтын бетонщик Петрыгин, машинамен жеткізілген бочкалардағы цементтерді, құрылыс тасы мен құмды қабылдап тұр.

Барактың қасында ағаш шапқан балтаның және ағаш тіліп зырылдаған дөңгелек араның даусы естіледі: ағайынды Пестовтар бастаған ағаш ұсталары жаңадан жатақ үй, клуб және кухнясы мен асхана үйін салып жатыр.

Алысырақта, бұғаздың жағасында, Силин мен Ремневтің тракторлары үздіксіз гүрілдейді; олар трубаларды пісіру жұмысы жүргізілетін ұзындығы екі километрдей үлкен алаңның аумағын тегістеп жүр. Умара Магомет, Федотов, Кедрин және басқа да труба пісірушілер осы араға өздерінің темір пісіргіш құралдарын жайғастырумен шұғылданды.

Құрылысшылар бұлардың екі жағынан орташалау екі ағаш үй сала бастады.— Біреуі жақында келген аға сүңгуір Семеновтың басқаруындағы сүңгуірлер станциясы үшін, екіншісі — Таня Васильченконың байланысшылары үшін салынбақшы. Одан әрегірек су жағасында жер көпарғыштарға арналып, тездетілген каркынмен үшінші үй салына бастаған. Үйдің әлі

жартысы да біткен жоқ, бірақ айналасында қорған тұр. Оның ішінде инженер Некрасов өз адамдарымен бұғазда болатын үлкен взрыв жұмыстарына дайындалып жатыр.

Электр станциялары кеңейтілді: онда қазір алты көшпелі электр станция орнатылған. Электр станциясымен қатар үлкен екі үй: гараж бен механика мастерскойы да өсіп келеді.

Филимонов шоферларды Полищукке тапсырып, өзіне көмекшілікке Серегинді алып насостар мен дизельдің болашақ монтажы жайын білмекші болып, алғаш рет әрекет жасаған кезде, насос станциясының фундаменті жаңада ғана басталған болатын. Мастерской құрылысы салынып болғанша, уақытша деп электр станцияның жер еденіне құрал-жабдықтардың бөлшектері мен саймандарын әкеліп қойған. Машиналары жаңа болатын, олардың құрылысын ешкім білмейтін. Чертеждерді комплектімен жібермеген, детальдар жетпейтін сыяқты, оларды әлдеқайда тастағандықтан әлі күнге таба алмай жүр.

Батманов күні бойы учаскеде болды. Оны Маховтың машинасының кабинасында кетіп бара жатқанын көріпті — ол жолда қалдырылған труба, тоқтап қалған машина, тым ұзақ отырып қалған шоферлар жоқ ба екен деп тексеру үшін аралға кетіп барады. Кейде труба пісірушілерге келіп, өзінің құралын сонша ұқыпты қарайтын және одан ылғый көп кемшіліктер таба беретін Умара Магометтің шағым айта сөйлеген әңгімесін көңіл қоя тыңдайтын. Кейде Василий Максимович Некрасовты есіне алып, оның қуатты запалдарды қалай жасап жатқандығын көруге баратын. Кейде ұраға түсіп Зятьков қартқа баратын.

Қарт жұмысты қызу әрі жалықпай істейді, демалу немесе темекі тарту дегенді сирек пайдаланатын. Оның қыймылы ұзақ жылдар бойында тексеріліп, үнемделіп жұмсалатын қыймыл. Стахановшының құралы да анадайдан-ақ көзге түседі: Сайлап алған аумақты күрегінің сабын доға сыяқтандырып иіп қойыпты.

Зятьков күректің имек жағын алдына қаратып ұстағанда, саптың бүкір жағы қарттың тізесіне келіп тірелді. Ол тіпті еңкеймей-ақ сабының ұшынан басқанда, топырақты бейнебір күректің өзі алып көтергендей болады. Тастап жібергенде, кесек топырақ транспортердің үстіндегі айналып жүріп тұрған лентасына барып түседі.

Батманов секундомермен қарап тексерді: Зятьков өзінің күрегімен топырақ тастағанда жастардың қайсысынан болса да екі есе асырып тастап үлгереді екен.

— Бере тұрыңызшы тастап көрейін, — деп сұрады ол Зятьковтан.

— Қолыңызды былғап не қыласыз? Сіздің жұмысыңыз — баспен істеу ғой, — деді қарт.

— Басты қол үйретеді. Құрылыста қазылатын жер бір миллион ғана шаршы метр емес, сондықтан, сіздің күрегіңіз басқа учаскелерде де маған керек болады.

Василий Максимович қатып қалған топырақты күрекпен ойып алды да, лентаға қарай лақтырып жіберді. Ол күректі жиі-жиі және жеңіл сілтеді, бірақ бір қалыпта болмады. Бүкір сап жұмысты жеңілдеткен жоқ, қайта қыйындата түсті.

— Бір қалыппен... Қатты баспа,— деді құрылыс бастығының қыймылынан көзін аудармай байқап тұрған Зятьков.

Батмановтың қалай істеп жатқанын көруге жұмысшылар келе жатыр еді, бірақ Зятьков қолымен ымдап, оларды өз орындарына қайтарды.

— Тосырқап қалған екенмін,— деді Батманов өкінген дауыспен. Ол қатты ентігіп қалды.

— Байқауымша күрекпен жұмыс істеген көрінесіз ғой? деп сұрады Зятьков.

— Я, кезінде істеуге тура келген болатын. Сіздің күрегіңіз ұстауға ыңғайлы екен, тек оған әдеттену керек.— Ол жұмысшыларды бір шолып өтті: — Мұндай күрекпен тек бір өзіңіз ғана істейді екенсіз, ал басқалар да пайдалана алатын болуы керек қой. Оның қолайлылығы күдіксіз.

— Нашар үйренеді,— деп Зятьков ызаланғандай болды. Қарттың қоңырқай көзі болмашы ғана күлімсіреді. Сықақ қойлар мұны түйе деп атайды.

— Жай, мен сізден сұрармын деп, ұмытып кете беремін... Мен Зятьков Петр дегенді білуші едім. Екеуміз дос едік, академияда бірге оқыған болатынбыз. Кейіннен Запорожьеде кездестік! Ол онда директор болатын. Сізге туысқан емес пе?

— Менің інім...

— Солай ма! Қазір қайда? — деді Василий Максимович.

— Білмедім... Партизанда жүр деген бір хабар келді. Үй ішімді жоғалтып алдым. Балам Ленинград түбінде болатын, көптен бері хабар жоқ. Қызым мен кемпірім Свободныйда қалған, Зеяда тұрады. Мен өзім батыстан келдім, дегенмен, Түрксибтен кейін Қыйыр-Шығысқа қарай тарттым. Прииске-лерде және түрлі құрылыстарда бірнеше жыл істедім.

— Бізге қалайша келіп қалдыңыз?

— Осында адамға мұқтаж екен деп естідім де, келуге сұрандым.

— Сіздің жасыңызға карағанда жұмыс ауыр емес пе? Жеңілірек жұмыс табуға да болады ғой.

— Маған жеңілі керек емес, мен үшін қыйналмаңыз...

Зятьков колқабын жөндеп киді де, өзінің бүкір күрегін қайта алды, Батманов басқа шаруаларына қайтып оралды. Оның жұмысы толып жатыр еді. Қандай жұмыс болсын, маңыздысы бар немесе жеңілі бар онсыз бітпейтін. Күніне бірнеше рет

селектор арқылы трассамен, басқармамен сөйлесіп, жаңадан тапсырмалар беріп және олардың орындалғанын тексеріп отырды. Ол кашан болса да жұмыстағы адамдарға барып, оларды жұмысты қалай істеуге үйретіп, өзі де солардан үйренеді.

Бір кезде, тіпті күтпеген жерден ол Роговка дабыл қақ деп бұйрық берді. Егер де бұл таң қараңғысында немесе түнде болса — жарық дереу сөніп, қамқорлыққа алған шекарашылар үйреткен ауа шабуылына қарсы қорғану командасы орындарына барып тұрар еді. Сол жерде жұмыстың бәрі тоқтап, қорғануға дайын құрылысшылар жауынгер бола қалатын.

Учаскедегі тұратындар сыяқты, Василий Максимовичтің беті үнемі суықта жүргендіктен жел қағып жылтырап, күрең тартып қоңырқайланып кеткен. Бір кезде қасынан өтіп бара жатқан Таняны тоқтатып, оған өзінің суыққа жарылып күстенген қолын көрсетті.

— Сіздің айтқаныңыз дұрыс болды: қол кез-келген температураға үйрене береді екен. Мінекей, енді қатты желде де қолқапсыз жүрмін, суықты сезбеймін де! Берген ақылыңызға көп рақмет.

Не турасында екенін қыз біраз кідіріп барып түсінді. Түсінді де, оған құрметпен қарады; қызды қуантқан оның ықыласының бірте-бірте түсе бастағандығы болды. Ол құрылыс бастығының суықтан қызарып кеткен қолын ұстап қысқысы келді.

— Қалжыңы ма, шыны ма, әйтеуір Батманов бірнеше рет:

— Біздер, қара жұмыстағылар, бір шетке, сонау биікке шығып, біздің инженерлерімізге жол беретін күн де көп ұзамай келеді. Енді олар қолынан не іс келетіндігін көрсетсін,— дейтін.

Сол күн енді жетті. Таңертең, желсіз тымықта алғашқы байқау взрывын жасау үшін арал жақ беткейдегі бұғаздың жағадағы мұзынан ұзындығы бес жүз метрдей алаңды инженерлер белгілеп қойды. Бұл учаскедегі ең басты жұмыстардың басталуы және сонымен бірге Тополевтің ұсынысын тексеру еді.

Карпов бұғазға бірнеше бригада шығарды. Олар сүймен мен балта алып, әрбір бес метр сайын мұздан кең шұңқыр жасауға кірісті. Мұздың көкшіл тартқан сынық ұшқындары күнге шағылысып жылтылдап ұшты, шыңылдаған, құлаққа жағымсыз дыбыс шықты. Бұл ауыр жұмыс баяу дамыды. Ковшов сағатына қарап қойып, асықтыра түсті.

Бет ажары зілді әрі түнерген, картаң адам, бірақ ақпейіл

жанды Некрасов Кутовпен және оның қоластындағы адамдарымен бірге мұз шұңқырының өнбойына электр проводын орнатты. Мұз бұзушылар осы арадан мұздың шұңқырына қарай бір ұшына су өтпейтін қағаздан жасалған қап байлап, оның ішіне алдын ала аммонал салып, біріне-бірін жалғастыратын сымды керіп жатыр. Тек барлық шұңқырларды дайындап бітірген кезде, жүз адам бірден аммонал салған қапшықты шұңқырдағы қайнап жатқан бұғаздың суына түсіріп жіберді.

Тополевтің идеясы бойынша, бұғаздың түбіне бір линиямен салынған дәрі атылғанда, күш екі жаққа бірдей соғады: Жоғары қарай су мен мұзға және төмен қарай траншея жасау үшін жерге соғуға тиісті еді. Траншеяда трубопроводты жақсылап жасырып көму, оны қыстың күні катудан (өйткені траншеяның үсті судың түбіне тұнатын топырақпен жабылған болар еді) және жазды күні бұғазда жүретін кемелердің тұмсығы нефтепроводты қағып кетіп бұзудан аман сақтау ісі жобаланған болатын.

... Некрасов әлсін-әлі бірнеше рет ысқырып жіберді — қалаларда милиционерлер осылай ысқырады. Соның артынан ілешала рельсті ұрған қатты дауыс шықты. Қас қакандай болған жоқ жүргізуші бұғаздың мұзы мен бүкіл құрылыс алаңынан кетіп қалды. Жағада тек Некрасов пен сүңгуір Смелов қана қалды — олар мұз жағасындағы бақылау үшін жасалған блиндажға барып кірді.

Взрыв болатын жерден қашықтағылардың да жұмыстары тоқтатылсын деп Батманов рұқсат етті. Бірнеше жүздеген адам поселкенің арғы жағындағы төбеге шықты. Бүкіл төбе қозғалып, зуылдап кетті. Төменгі етегінде Батманов, Беридзе және Ковшовтар тұр.

Күткеннен делебесі қозған, көреген Махов Муся Кучина мен Солнцевке:

— Үш батыр сыяктанып, аналардың тұрғандарын қараңдар! — деп мазақтай көрсетті.

Олар шынында да шолақ ақ тондарының сыртынан белбеу буынған шошақ төбелі құлақшын бөрік киген: ұзын бойлы толықша келген Батманов, қалың қара сақалды Беридзе және сұлу денелі Ковшов ертедегі батырлар тәрізденді. Тек қалқаны мен қылышы ғана жетпей тұр.

Ендіге, жөтеле бұлардың қасына Топлев келді. Ол құрылыс бастығының алдында қаздыя тұрып, біраз ескі дәстүрдегі салтанатты қалыппен:

— Василий Максимович, сіздің взрывқа сигнал беруіңізге фатиха беремін, — деді.

Қарттың жүрегі қобалжып, фарфор қақпағында сүйісіп тұрған екі адамның суреті бар күміс темекі сауытын қалтасы-

нан қайта-қайта алып, қайта сала береді. Алексей оны өзіне қарай тартты да, құлағына сыбырлап:

— Менің есіме бір сөз түсіп кетті: «Болды! Мен өмірімде өзімдікін артығы мен орындадым. Маған ешнәрсенің де керегі жоқ. Тек тыныш өмір сүрсем болады», деп қай ақсақал айтты, білесіз бе? — деді.

Кузьма Кузьмич күлгеннен жөтеліп, мұртын Алексейдің бетіне тақай жақындап жауап берді:

— Уәде ақшадан да қымбат, сүйіктім. Сондағы біздің сырластық әңгімеміз телефонның шылдырымен біткен еді ғой. Шынымды айтайын, Алеша: алпыс екі тамырыма дейін шымырлайды. Өмірімде қанша взрыв жұмыстарын жүргіздім, бірақ соған әдеттене алмай-ақ қойдым. Ал бүгінгі өзгеше взрыв: не Тополевтің қолын алып құттықтайсындар немесе түкке жарамайтын шал деп оны архивке тапсырасындар.

Батманов қалтасынан револьверін алды. Оның қолын жайлап көтергеніне бәрі де көз алмай карап қалды.

Мылтық атылды! Кірпік қаққандай мезгіл тым-тырыс бола қалды. Тек Тополевтің ғана жиі-жиі демалғаны естілді. Блиндаждағы Некрасов электр қуатын жалғайтын тұтқаны бұрап қалды, электр ә дегенше болмай проводтың ішіндегі тұтанғыш капсульге барып тиді, жер қозғалып кетті, мұздың жарылып аспанға ұшқан даусынан құлақ тұнды, ауа астан-кестен болды. Бұғаздың үстіне қарай атылып, шапшып көтерілген су мен кар, мұз бен балшық биік аспанда салбырап тұрған тәрізденді де, бірден бірге тездете төмен құлап түсті.

Құлағы сәл бітеліп қалған Некрасов блиндажда отырып катты взрывтан терең судың түбінің екіге айрылғанын көрді. Траншеяда балдыр мен қыбырлаған балықтар мая болып үйіліп қалды. Секундтар өтті, ондаған секундтар да өтіп жатты, ал взрывпен жан-жаққа шашылған су әлі арнасына қайта келіп құйылған жоқ. Ақырында су сылдыр-сылдыр етіп өз аранасына құйылып, түбін жапты.

Төбенің басындағы жұрт қозғала бастады, взрывтың нәтижесін әлі білмесе де айқайлап, қолдарын шапалақтап жатыр.

Кузьма Кузьмичтің қолтығынан алып Ковшов төбеден төмен қарай жүгірген кезде мұз бен балшықтың кесектері әуеде әлі де ұшып жүр еді. Карды жапыра-жанша дуылдасқан құрылысшылар тобы да, төмен қарай жүгірді.

Жағада, дәл дауыл басылғаннан кейінгі тәрізді; су басқан жар қабақтар, мұз сынықтары, саз балшықтың кесектері, далаға шығып қалған балдыр мен өлі балықтар. Бұғаздың тұтасып жатқан жалпақ бетін жарып, мұздың адам айтқысыз аумағын мыжғылап қақ бөліп кеткен.

Ковшов пен Тополев сүңгуірдің домалақ сауыт киген басы жаңа ғана батып бара жатқан жеріне жүгіріп келді.

— Траншея жасалды! Теп-тегіс өз көзіммен көрдім! — деп айқайлады бұларға Некрасов.

Батманов пен Беридзе шыдамсыздықтарын білдірмей, бұғазға қарай асықтастан келеді, басқалары бұларды басып озды. Батманов учаскеде тым ұзақ бөгеліп қалғандығын, Новинскіге қайтатын уақыты жеткендігін айтты. Беридзе көңілі алаң болып, жақсылап тыңдамады, взрывтың нәтижесі қандай болғанын білгенше оның шыдамы жетпей барады.

— Түнде маған мынадай хабар берді, Писарев мені осында ма және мұнда қанша уақыт бөгеледі екен деп сұрапты,— деді Батманов.— Бұл нені көрсетеді, менің басқармаға тезірек қайтуым керек пе, я болмаса керісінше тоқтай тұруым керек пе? Оның өзі осында келуді ойламай ма екен?

— Егер де келсе, жақсы болар еді. Біздің барлық мұқтаждарымыз жөнінде осы араның өзінде айтып, көрсетер едік,— деді Беридзе.

Батманов пен Беридзе әңгімеге алданып, бұларға қарай жүгіріп келе жатқан Тополевті бірден байқамай қалды, Кузьма Кузьмич сүрініп кетіп, бір мәртебе құлап қалды... Бұлар соған қарай ұмтылды.

— Байғұс шал, бір бәлеге ұшыраған ғой. Траншеядан шынымен ештеме шықпады ма екен? — деп Батманов қобалжыды.

Тополев Беридзенің қолына келіп жығылды деуге болады. Ол сөйлей алмады, кеудесінен қырылдаған, сырылдаған дыбыс қана шықты.

— Қымбатты Кузьма Кузьмич, бұлай етпеңіз жарамайды,— деді Батманов мейіріммен Тополевті қолтығынан сүйеп жатып.— Тіпті бірдеңе бола қалған күннің өзінде, сізге жүгіруге болмайды. Қашан да болса жұмсауға жастау адам табылады ғой.

— Тск... Менің өзім ғана келуім керек!... деді Тополев әрең дегенде тіл катып,— Некрасов көріпті... Траншея жасалыпты! Күрекпен қазғандай дейді... Теп-тегіс! Міне... Осыған қуанып кеттім... Рапортым осы... Мен сіздерді арандатқам жоқ!..

— Сізге көп рахмет, Кузьма Кузьмич! — деп Батманов шын ықыласымен алғыс айтты.— Енді бұғаз мәселесі шешілді деп айтуға болады.

Орамалына сіңбіріп жатып, қарт күбір-күбір сөйлеп:

— Бәрін бірден бітіруге, взрывты жасата бергім келіп еді. Бірақ әрқайсысына ең кемі үш-төрт күннен уақыт керек. Кеш болып та қалды, бүгінгі үлгіргеніміздің өзі де жақсы болды.

Батманов айнала таңырқай карады да:

— Күн қалай тез өтті! — деді.

Құрылыс бастығы қасында инженерлері мен жұмысшылары бар кендігі бірнеше метр ойылған мұздың бойымен ептеп басып жүріп көрді. Бұл ойылған жерден жан-жаққа қарай шатынап кеткен мұздың жарығы көрінді. Ойылған жерде бұрқырап бу көтеріліп мұздың үстін жаба қалқып жүр.

— Мұзды бұзғандағы тағы бір пайда, трубапроводты түсіру үшін енді мұзды оюдың қажеті жоқ: ойық орын дайын,— деп ойлады бас инженер.

Оның қасына Умара Магомет келді де, нығынан ырғап тартты:

— Жолдас Беридзе, осы карағаныңыз да жетер, жүріңіз, мен трубаларды пісіре бастамақпын.

Осының алдында, взрыв жасаумен бірге трубаны да пісіре бастармыз деп Беридзе Умараға уәде берген болатын. Бірақ электрмен пісіретін құрал-жабдықтарды әзірлеп үлгіре алмады, оның үстіне, алғаш взрыв жасаудың әуресі инженер біткеннің бар назарын өзіне аударып әкетіп — Умара Магомет туралы ұмытып кетті.

— Пісіргіш трансформаторларды әлі тексеру керек,— деді Беридзе.— Бәрін де ойдағыдай әзірлейміз, содан соң барып бастаймыз.

— Жаксы, электросварканы кейін бастаймыз. Ал газосваркамен неге болмайды? — деп айтқанынан қайтпады Умара.— Қарбид бар, кислород бар, менде бәрі даяр.

— Бүгін кеш қой, кымбаттым. Кеш болып қалды. Ертеңге дейін шыда.

— Ертең? — Умара шошып кетті.— Мен күткелі кашан! Отты қолыма ұстамағаным бірнеше ай болды! Бүтіндей тоңдым, жүрегім мұздады! Түн ұйқымды төрт бөліп темір пісіруді кашан бастар екем деп ойладым...

Беридзе Батмановпен, Тополев және Ковшовпен көз алысты — олар тоңып қалған еріндерін әрең келістіріп езу тартты. Умара жалынышты түрмен әрқайсысына кезек-кезек қарады.

— Георгий Давыдович, руқсат беру керек,— деді Тополев шыдамастан. — Труба пісіруді бүгін бастаймыз деп білек сыбанғаннан кейін бөгелудің жөні жоқ.

— Жарайды, көндірдіңдер. Қыймылда, Умара!

— Рахмет, бастық! Көп рахмет! Осы үшін сыйлық та әзірлермін! — деп айқайлап темір пісіруші жағаға қарай жүгіре жөнелді.

Темір пісіретін кең алаңда астына ағаш төселген, бірінің басына бірін түйістіріп, қатарластырылып тасталған үш бөлек ұзын труба жатыр. Бұлардың бір бөлегінің қасында Умара Магометтің автомашинаға орнатқан труба пісіретін агрегаты тұр. Оның бригадасы — Умараның жәрдемшісі ұзын

бойлы, ірі денелі, жайдары келген Вяткин, тағы да үш жұмысшы өздерінің басшысын күтіп тұр.

Умара жүріп келе жатып-ақ айқайлап бұйрық бере бастады. Көмекші жұмысшылар алғашқы екі трубаны ұзын сырғауылмен сырғытып әкеліп пісіруге әзірлеп туралады. Аға ұста трубаның жалтырата тазартылған аузын әбден қарап шықты да, қасындағы серігінің қолындағы темір пісіретін аспапты алды, ол арадан агрегатқа қарай екі шланг созылып жатқан болатын. Темір пісіруші аспаптың ұшын жерде жатқан темір банкаға апарып малды, оның майға батырған ұшы ақырын жанып тұр еді. Көк жалын дүр ете түсті. Умара кислородқа жалғағанда гүрілдей жанған оттың даусы атылған оқ тәрізді пытырлап, отты аспаптың ұшынан жалын ызылдай шығып, Умараның қолында селкілдей бастады. Ол масаттанғаннан айқайлап, аспапты бір қолынан екінші қолына қағып алып, дүрілдеген отпен ойнады.

Умараның жүзі лезде өзгере қалды да: «Қалжың өз алдына, жұмыс басталды», — деді. Ол аспаптың жалынын жөндеп, сол қолымен ақырындап бетіне қалқан киді, қасындағы серігінің қолындағы темір шыбықты алды да, пісіруге кірісті.

Саулай жанған жалынның астынан қызарған белгі көрінді де, лезде ағара бастады. Пісіруші оттың астына темір шыбықты таяп, еріген металл труба арасындағы бір сызат жерді толтырды. Осыдан кейін Умара шеңбердің бойынан осы тәрізді тағы екі «жерді» пісірді де — сонымен трубаны ұстастырды. Содан соң пісіруші аспапты трубаның түйіскен жерінің тұсынан ұстап төменнен жоғары қарай жағалатып өтті. Шеңбердің төрттен біріне дейін пісіріп болып, Умара трубаны аттап өтіп, екінші жақ бүйірін барып пісіре берді.

Енді трубаның түйіскен жерінің асты мен үсті ғана пісірілмей қалды. Умара қасындағыларға тек қарап қалып еді, олар дереу трубаны аударыстыра бастады: пісірілген жерлер асты мен үстіне түсті де, пісірілмеген жерлер бүйірге шықты.

— Міне, Василий Максимович, біздің күткеніміз де болды: Умара Магомет айналдырып пісіру әдісін қолдана бастады, — деді Беридзе.

— Алғашқы жалғама, — деді көңілі толқыған құрылыс бастығы. — Істің бастамасы...

Умара жалғаманы пісіріп жүріп, бірдеңе деп міңгірлейді. Пісірушімен қатар тұрған Алексей:

— Біздің Москвамыз жасасын! Ұлы Сталиннің даңқы арта берсін! Біз жеңіп шыға-мыз! — буын-буынға бөліп сөйлеген сөзін естіді.

Елең-аланда көкшіл от сәулесіне бөленген жұрт, Умараны айнала қоршап тұр. Жұрт аласа бойлы, сом денелі мығым келген пісірушіге телміре қарай қалды. Күні бойы далада іс-

теп, өнебойында суық өтпеген жер қалмаған бұл адамдарға Умара өзі де қолындағы пысылдап жанып тұрған аспабы сыяқты таза бір жалын шашып тұрғандай жылы бола бастады.

Ақырында, Умара трубадан кейін шегінді де, бетіндегі қалқанын кейін қарай қайырып тастады. Ол Батманов пен Беридзеге көңілдене қарап, трубалар жатқан линияның бойымен жүре берді.

— Василь Максимович! — деп айқайлады жұлып алғандай.

— Соңғы жалғаманы да мен пісірем. Сөзінді бер!

— Болады, уәде беремін!

Жұмысшылар келесі трубаны домалатып әкелді. Темір пісіруші Батманов пен Беридзеге қарап, күліп қояды. Труба дайындалғаннан кейін, ол бетін қалқанмен жауып, екінші жалғауды пісіре бастады.

Алексей қолында фонары бар Умараның пісірген трубаларын жақсылап қарап шықты. Көздері оттай жайнап темір пісірушіге бір қарап қойып, қолымен ишарат қып Батмановты, Беридзені және басқаларын өзіне қарай шақырды. Трубаны айнала қолымен жүргізіп:

— «Біздің Москвамыз жасасын! Ұлы Сталиннің даңқы арта берсін! Біз жеңіп шығамыз! Январь, 1942 жыл» — деген сөзді дауыстап оқып шықты.

Темір пісіруші Умара Магомет нефтепроводтың салынуын жалғанған бірінші трубаның металына өмірде өшпейтін отпей жазған осы сөздерімен бастады.

Үшінші тарау

НЕФТЕПРОВОД ҚАЛАЙ САЛЫНДЫ

Қауіпсіз жерден взрывты бақылап тұру үшін, құрылысшылар төбеге қайтадан шықты. Олар аспанға ұшқан мұз бен теңіздің түбіндегі балшыққа бәрі бірдей мойнын созып қарап тұрғанда, бұғаздың үстінде ұшқан самолетті көрді. Оны взрывтың толқыны соғып жібергенде, оқ тиген құстай қалтырап кетіп, әрең дегенде қайтадан бойын жөндеп алып төмендей бастады. Батманов пен Беридзе жан пәрменімен төбеден төмен қарай жүгірді.

Самолет тегістелген мұз жолдың үстіне оңай келіп қонды. Оның ішінен Дудин, Писарев және Залкинд шықты. Өлкелік партия комитетінің секретары мен Мемлекеттік Отан Қорғау Комитетінің өкілі бір түсті, көк қаракөл жағалы, сұр бекеш және сондай көк бөрік киген.

— Айтатыны жоқ, қонақты жақсылап қарсы алдың. Мың зеңбіректен салют! — деді Залкинд әзілдеп. Василий Максимовичтің абыржығанын сезіп.

— Бұлай болып шыққанына тіпті түсінбеймін,— деді Батманов Писаревтің алдында бойын тік ұстап тұрып.

Писарев оған қолын берді де, күлімсіреп:

— Біз өзіміз кіналымыз, алдын ала ескертпеген.

— Ешнәрсе болған жоқ қой. Аздап шайқады. Летчигіміз жақсы, сасқан жоқ,— деді Дудин, жан-жағына қарап.— Батманов жолдас, сіз мұнда қалай басшылық етіп жатырсыз, соны айтыңыз.

Батманов пен Беридзені қастарына ертіп жүріп өлкелік партия комитетінің секретары мен өкіл екеуі учаскені ұзақ қыдырып аралады. Олар труба пісіретін алаңда да, поселкеде де, шұңқыр қазып жатқан жерде де болды, жұмысшылар мен де, прорабтармен де сөйлесті...

— Жұмыс ойдағыдай істеліп жатыр екен, жігіт екенсіндер,— деді Дудин аралап болғаннан кейін риза болып.

Олар «прорабтар» үйіне келді — инженерлер тұрған Котляровскийдің үйін қазір осылай деп атайтын. Осының алдында ғана мұнда чертеждерден бірдемені тексеруге Алексей келген. Оның шешінуге де мұршасы келмей, керекті есебін столдың қасында еңкейіп тұрып-ақ шығарып жатқан. Қетпекші болып еді, бірақ оны Дудин бөгеп қалды.

— Ұзындығы жарты километрлік жалғасқан трубопровод секцияларын жағадан мұзға қалай апаратындарыңызға мен онша түсіне алмадым,— деді Дудин Ковшовқа қарап.— Ол тіпті бір жатқан өрескел дүние ғой! Ал оны бұғазға қалайша түсіресіздер?

Дудин, одан кейін басқалары да шешінді. Алексей де шолақ тынын шешіп, столға чертеждерін жайып қойып түсіндіріп айта бастады. Өлкелік партия комитетінің секретары мен өкіл оның сөзіне зейін қойып тындады. Дудин жақын таянып Алексейдің иығы үстінен чертежге қарады. Писарев өзінің зор басын аздап қана ие түсіп, Ковшовтан көзін алмай отырып:

— Бұғазда нефтепроводты салу жұмысының мерзімі техникалық жағынан қалай негізделді? Ресурстар қалай есептелінді? Торап құрылысын да бір мезгілде жүргізе беру үшін жұмысшы күші жете ме? Аралдағы учаске қандай техникалық құралдармен меңгерілмек? — деп сұрады.

Алексей шетте отырған Батмановқа, Залкинд пен Беридзеге қарады. Одан шынын айтқанда, толық баяндама сұралып отыр. Парторг күлді, ал Беридзе қалай етсең де өзің бірдеңе деп құтыл дегендей, күлдіргі етіп иығын көтерді!

Дудин мен Писаревтің бұл арада, бұдан бұрын да басқа қызметкерлермен сөйлескені сыяқты, коллективтің өз міндетін түсінетіндігіне көздерін жеткізгісі келіп отырғанын құрылыс бастықтары бірден біліп отыр.

— Батманов пен Беридзеге жалтақтамай-ақ койыңыз, олар сізге жәрдем бере алмайды,— деп әзілдеді Дудин.

Алексей керекті материалдарын столдан алды да, бұғаз бен аралдағы учаскелердегі қысқы жұмыстардың жоспары туралы толық түсінік берді. Бұл жоспарды толығымен жатқа білетін, ол саспастан сөйлеп аяқ жағына келгенде тіпті еліге айтты. Алексейдің баяндамасы қонақтарды, тегі, қанағаттандырған болу керек, басқа сұраулар болмады.

— Батманов жолдас, учаскеде бұдан жыйырма күн бұрын не болғанын бізге неге айтпадыңыз? — деп Писарев бетін құрылыс бастығына қарай бұрды. Масқара істің үстінен шықтыңыздар ғой? Тәртіпсіздік, олқылық?

— Оншалық қорқынышты ешнәрсе болған жоқ. Біз келгенде бұдан не көргеніміз менің есімде де жоқ. Әрине, бір азырақ жұмыс істеуге тура келді. Соның үшін келдік те ғой.

Залкинд күліп, қолымен мұның иығынан ұстады.

— Василий Максимович, Мерзляковты неге қуып шығардың? Егер де мұнда онша тәртіпсіздік болмаған болса, онда, оны текке жазалаған болдыңыз ғой? Не үшін онда сотқа береміз? Жергілікті партия ұйымы оны партия мүшелігіне кандидаттықтан неге шығарды? Айтқандай-ақ, біз Мерзляковты трассада көрдік, ол әдепсіздік жасады деп сенің үстіңнен Писарев жолдасқа арыз берді.

— Мен қайта ол алаяққа сыпайыгершілік жасадым ғой,— деді Батманов тісін қайрап.— Мұхиттың жағасында кулактарша шаруашылық құрып алған, учаскеден орта ғасырдағыша дуал арқылы өзін бөліп тастап, құрылыс жұмысымен шұғылдануға уақыт таппаған. Осы үшін мен оны босатып жібердім... Енді мейлі, бос жүріп сыйыры мен шошқасын баға берсін...

— Бірақ сен оның сыйыры мен шошқасын алып қойдың ғой! Оны жұрдай ғып қаңғыртып жібердің ғой! Енді ол қайда бармақ? — деп парторг қағытып қойды.

— Залкинд жолдас сіздерге жақсы сыйлық алып келді,— деп Дудин еске салды.

Парторг сумкасынан Сталин жолдастың телеграммасын суырып алды: «Адундағы Новинск Н. құрылысының басқармасы тракторшы Семен Ильич Силинге, Семен Ильич, сізге және сіздің зайыбыңызға Қызыл Армия туралы патриоттық қамқорлықтарыңызға алғыс айтамын. Сталин.» Өлкелік газет нөміріндегі нефтепровод құрылысшылары жөніндегі мақала да келісті сыйлық болды.

— Митинг шақырып, барлық халық болып оқыймыз,— деді Батманов телеграмма мен мақаланы инженерлерге беріп жатып.

Беридзе газеттің бір жолын тырнағымен сызып қойды, мақаладағы аттары аталған құрылыстың атақты адамдарының арасынан өзінің фамилиясын көргенде Алексейдің жүзінен де

нұр жайнап кетті. «Олар осында, Адунда, Отанымызды қорғайды», — деп жазған тілші.

Силинді шақыртып алды.

— Танкке деп ақша бердіңіз бе? — деп Залкинд одан көңілдене сұрады.

— Бердім, парторг жолдас.

— Сталин жолдасқа жаздың ба?

— Жазған едім.

— Олай болса міне, ал!

Силин телеграмманы алды да, оның кімнен екенін аңғарғанда қолынан түсіріп ала жаздады. Тракторшы оны бір емес, қайта-қайта оқыды, неге екені белгісіз, аударып екінші жағында қарады. Оның жүзінен жас баладай аңқылдаған аккөңілділіктің белгісі, ішкі ой-сезімінің бейнесі көрініп, көздерінен жас мөлтілдеп кетті. Телеграмманы төсіне басты да, үндеместен бұрылып шығып кетті.

— Мерзляков жөнінде сіздің не себепті айтқыңыз келмей отырғандығын мен түсінемін, — деді Писарев Батмановқа қарап. — Ол турасында, жалпы айтқанда, сіз дұрыс істедіңіз, ал мен сіздің орныңызда болсам, оған жұмсағырақ болар едім деп айта алмаймын. Ал енді, ол сізге бұдан былай кеселдік келтірмейді, сіз ол жөнінде ұмыттыңыз да. Бірақ ол дүниеде әлі бар, сондықтан маған оның жазмышына біраз әсер етуіме тура келіп отыр. Оны сотқа беруден бұрын, ол адамға деген өзімнің қатнасымды тексеріп дұрыстап алмақшымын...

Батманов, оған деген жирену көз қарасын жеңіп, Мерзляков жөнінде айта бастады. Ол барып тұрған дұшпаннан да қауіптірек болып шықты. Мерзляков тапсырған міндеттерді орындамаған деп айту ғана аз. Ол учаскенің басқарушысы, өзіне бағынышты адамдардың тағдыры мен мұң-мұқтажына қалай болса солай қараған. Коллективтің дабылы оны селт еткізбеді, оған оның ешқандай қатысы жоқ сыяқты болды. Немістер Москваны алыпты және жапондар да тиісіпті деп учаскеде таралған алып-қашты жалған өсектерге ол немқұрайды қарады. Осындай жұрттың бәріне бірдей ауыр тиген қыйын-қыстау күндерде ол тек өзінің қара басының қамын күнттаумен болды.

— Мерзляковтың өткендегі ісіне тереңірек қарау керек, — деп ұйғарды Дудин. — Егер де оның бүгінгі мінез-құлқының қайдан шыққан тамырын тапсақ, мен оған таңырқамаймын. Батманов жолдас, учаскенің бастығы етіп Мерзляковты сіз белгілеген жоксыз, бірақ оның тарихы енді сізге сабақ болсын. Адамды басшы жұмысқа қоюдан бұрын, оны әбден тексеріп, жақсылап біліп, сенерліктей білу керек. Маған Ефимов жөнінде де Михаил Барисович аса бір күйінішті оқығаны айтты! Ал Мерзляков болса — ол бұдан он есе күйінішті. Амал нешік, кейде бізде адамды жөндеп білместен және оны жақсылап тек-

серместен жоғарылату аз болған жоқ: «Тәуекел, жұмысты алып кетер, жаман жігіт емес сыяқты ғой» делініп келді. Мұндайдың неге апарып соғатынына бүгін учаскені аралап жүргенде-ақ көзіміз әбден жетті. Мерзляков үшін құрылысшылар қанша кіна қойды... Жолдас Батманов айта беріңіз,— деп Дудин Василий Максимовичтің тізесіне қолын салды.

— Мен Панковтың жоғалуына Мерзляковты тікелей кіналы деп айта алмаймын. Бірақ та өз ойымша Панковтың өлімі сол үшін болды ма деп есептеймін.

Батманов осы сөзді айтқанда Залкинд орнынан ұшып тұрып, үй ішінде ерсілі-қарсылы жүріп кетті. Батманов сөзін бітірмей тоқтады да, оған қарай қалды. Басқалары да парторгқа қарады.

— Біз онымен жыйырма жылдан астам дос болдық. Мен екі рет ажалдан қалғаным үшін оның алдында борыштымын,— деді Залкинд. Оның түрі өзгеріп, ауырған адамша бет-аузын тыржыйтты. Жыйырма бірінші жылы мен партизан отрядының комиссары едім де, жапондар мен ақтардың ерекше тізімінде болдым. Олар менің соңыма мықтап тұрып түсті, бір кезде менің бірнеше партизандармен тосқауылға баруыма тура келді. Ақтардың саны үш жүзге жуық еді, олар бізді лезде қоршап алды. Құтылып шығуға болмай қалды, алғашқыда тек бір жігіт қана қоршаудан шығып кете алды. Біз енді құтыламыз деп ойлағанмыз жоқ, оңайлықпен өлмейік деп, жел құлатқан ағаштың ығында отырып алып атыса бердік. Күтпеген және ойламаған жерден құтқарушылар келіп қалды, Сергей Кузьмич Панков бір топ партизандарымен ақтарға қарсы өршелене шабуыл жасап, олардың зәресін ұшырып, тайгаға қарай тырақайлатып қашырды. Соңынан бақсақ,— Панков бұйрық болмаса да тәуекелге бел байлап, көзжұмбай кылып осындай ерлік және ізгілік жасаған. Командир оны тек барлауға жіберіпті, бірақ өз бетімен бірден істеуге рұқсат етпеген. Біз онда күшімізді сақтап, қандай қыймыл болса да аса еппен істейтінбіз. Панков бізді шығынсыз босатып алды, мүмкін басқаша болып кетуі де — бізге де жәрдем бере алмай, жолдастары мен өзі де қырылып қалуы ықтымал еді.

Женушілерге, әрине, ұрыспайды, бірақ Панков командирден сыбағасын алды. Сергей Кузьмичтің оған берген жауабы әлі есімде, ол: «Менің мінезім сондай, оны қайтадан өзгерте алмайсың. Егер жұрт пәлеге ұшыраса, мен жан аянбастан оларға жәрдем етуге тиістімін. Егер де комиссар Залкинд пен оның жігіттеріне жәрдем ете алмаған болсам, мен өмір бойы өзіме лағнат айтқан болар едім!».

Беридзе сол арада еңкейіп, Алексейдің құлағына сыбырлады:

— Алеша... Мен Залкиндтің әңгімесін тындағанымда Фадеевтің «Тас-талқанындағы» дәуірді көргендей болдым. Левинсонды көз алдымда көріп отырған тәріздімін...

Бұл пікірден қайран қалған Алексей Залкиндке басқаша көзбен қарады, Залкинд шынында да оған балалық шағынан бері таныс және жанына жақын боп кеткен кітаптың кейіпкері еді.

— Василий Максимович, сен Панковты жуықта ғана, ержеткен ақыл есі адам болғасын білдің. Сенікі де дұрыс: ол ақылды, тәжірибелі кісі еді. Панковты оның мінезіндегі сен білмейтін бір өзгешелік құртқан болу керек. Кейбір жағдайларда ол шамадан тыс қызып та кететін. Ол адамдарды соншалық жақсы көріп, соншалық аяйтындықтан, олардың халдерінің нашарлығын білсе, ақылға салмастан әрекет жасауға дейін баратын. Қазірдің өзінде, ол бір жерде адамдар өлгелі жатыр деген хабарды жолда кездескен Саниннен есітіп, ол тек солар жайында ғана ойлаған. Оның Мерзляковқа келіп өзімен бірге тез Уми базасына барудың қажеттігін талап еткен кезі менің көз алдымда тұр! Оңбаған Мерзляковтың орнына одан гөрі тәртіптірек, ақылдырақ басқа бір адамның болмағанына өкініш етуге тура келеді. Ол Панковтың талабын орындаған болар еді де, істің бәрі басқаша болар еді: Батмановқа да учаскеде мұндай тәртіпсіздікті көруге тура келмес еді, ал Сергей Кузьмичтің өзі де қазір бізбен бірге отырар еді...

— Бұдан былай іздеудің пайдасыз екендігіне көздерің әбден жетті ме? — деп сұрады Дудин Батмановтан.

— Іздемеген жер қалмады, теңіз жағасының бәрі қаралды. Мен өзім де екі рет шығып қайттым. Ешқандай із-түз жоқ.

— Біз оның семьясы жайында қам жасармыз, — деді Писарев. — Оның баласы, шешесі мен қарындасы бар болуы керек?..

— Баласын мен өз үйіме алғым келеді, — деді де Батманов Залкиндке қарады. Парторг терезеге қарап отыр еді.

— Панков жайында ескерткіш сақталуын да ойлау керек, — деді Дудин. — Мұны қалай істегенде жақсы болатынын ойланып көрейін.

— Батманов жолдас, — деді Писарев орнаған тыныштықты бұзып, — біз екеуміз Рубежанскиде сөйлескенде, өте-мөте қырағы болудың керектігін айтып едік қой. Жапондар нефтепроводқа көңіл аударады, демек олар бұғаздағы учаскеге айрықша назар аударуға тиісті. Білсеңіздер барактар жайындағы әңгіменің тарихы да маған онша ұнамайды. Жыйналыс кезінде олардың сыртынан жабылып қалуын кездейсоқ нәрсе деп ұйғару да ақылға сыймайды. Меніңше, Панковтың уақыяғасына да тереңірек көңіл бөліп қараған зыян болмас: мұның өзі шынында да абайсызда болған уақыяға ма немесе біреудің қастандық ойымен болды ма? Панков өлкеде белгілі адам ғой, кейбіреулердің жолына көлденең де тұрған болар. Мен қауіпсіздік сақтау мекемесіндегі жолдастардан Мерзляковтың ісін тереңірек зерттеуді өтінермін... Олар учаскенің өзін де, тегі,

айрықша бақылауға алатын болар. Бірақ та, бұл сіздерді қырағы болудың міндеті мен борышынан құтқармайды...

— Сіз адамдарыңызды жақсылап тексердіңіздер ме? Қайсы біреулерді бұл арадан алудың қажеттігі жоқ па екен — деді Дудин.

— Біз Мерзляковтың ізінше есепші мен кладовщикті де орындарынан алып, Рубежанскіге жібердік. Олар жұмысшылардың азық-түлігін ұрлап нивхтарға апарып сатпақшы болған. Жалпы алғанда, бұғазға деген адамдар қатаң сұрыпталып жіберілді, коллективтің өзі негізінде жақсы іріктеліп алынды. Жалғыз-ақ қолайлы бастықтар болмаған. Бұғаз арқылы өткел салатын құрылысшылар үшін лайық жетекшілер деп Беридзе, Рогов, Ковшов және Филимонов жолдастарды санаймын. Енді бұлардың бұғаз учаскесі мен аралға қыстың аяғына дейін бекітіліп қалатыны айқын.

— Мен аға бухгалтер жөнінде де бір әңгіме есітіп едім, ол қандай адам?

— Біз оның жұмысын тексердік: бәрі де дұрыс. Ол ар-ұяты бар және өзінің ісін білетін адам. Олар Роговпен бірге мүліктердің есебі мен аман сақталуын тез тәртіпке салды. Ал Кондринге наразылық болып жүру себебі, мүмкін, оның әрбір тыйынды есептеп қатты ұстауға тырысатындығынан және есепке өте қазымырлығынан болар. Әділеттігін айтқанда, ол жөнінде әзірше жамандап ештеңе айта алмайсың. Солай бола тұрса да, біз оны қатерімізден шығарғанымыз жоқ. Осында тағы төрт адам бар; олар бұрынғы тұтқында болғандар: механик Серегин, бір десятник, бір шофер мен ағаш ұстасы. Олардың мінездеmelerінде мін жоқ, бұлар лагерьде жүргенде мамандық алып, онда да өте жақсы істеген. Бізде де олар жақсы жұмыс істеушілердің қатарында. Дәлелі болмағандықтан, әзірше қозғаудың қажеті жоқ қой деп ойлаймын. Мемлекеттік Қорғау Комитетінің өкілі жолдас, сіздің қырағылық жайындағы нұсқауыңыз есімде, ал учаскедегі әрбір адамның да осы жөнде үнемі есінде сақтап отыруына тырысамын.

Дудин мен Писарев сол күні өздерімен бірге Батмановты, Беридзе мен Ковшовты алып аралға қарай ұшып кетті.

Ұшып бара жатқан самолеттің астынан тып-тыныш және үнемі бір түсті болып тайга созылып жатыр. Адам тіршілігінің ешқандай белгісін байқау мүмкін емес еді.

— Өткен ғасырдың аяқ шенінде бір жазушы осы араларда болып, Тайсин аралының солтүстік жағының адам баласына ешуақытта да керегі болмас, деп өзінің күйінішті пікірін айтқан екен. Шамасы, планеттің пайдасыз бір бөлегі дегені ғой, — деді Дудин қатты дауыспен Батмановқа қарап. — Бұл пікірдің

бұрыс еместігін дәлелдеу абройы біздің үлесімізге тигеніне зор қуаныштымын. Мұнда қаншалық қара алтын барлығын жазушының ойлауына да мұршасы келмеген. Күзді күні мына жыныс өсімдіктердің арасында, — деп көрсетті ол төмен қарай қолымен сілтеп, — сіздердің трубаларыңыз жүргізіліп болып, онымен мұнай ағып жататын болады ғой. Қандай жақсы десеңші.

Кенет тайга бітіп, аралдың сол жақ шетіне қарай жақындады. Жаратылыс суретінің көрінісі бірден өзгерді; оң жақтан бір шетінен екінші шетіне көз жетпестей бұғаздың көгерген айдыны, сол жақтан үстін аласа ағаштар басқан тізбек-тізбек төбешіктер, ал ортада бүкіл теңіздің жағасы бойында, көз жеткек жердің бәрінде мұнайдың аспанмен тілдескен мұнаралары көрінді. Мұнаралар төбесінен қарағанда әдемілеп тігілген кесте сыяқты. Шығанақтың жағасы бойына созыла салынған Коячелан қаласын сансыз мұнаралар қоршап алыпты.

— Қыйыр-Шығыстағы Баку! — деді қанағаттанған Дудин мұнайдың мұнараларына қарап басын изеп. — Мынау тоғай маған тайгадан әлдеқайда көңілді.

Бұлар мұнай промыселдары мен қаланы қыдырып ымырт жабылғанға дейін жүрді. Таудың етегіндегі және порттағы үлкен резервуарлар мұнайға лық толы. Қара топырақтан да мұнай шығып жатыр. Скважиндерден мұнай шапшып атқылап тұр. Ауадан да мұнай исі шығады. Үйлері мен адамдары, тіпті олардың тамақтарына да мұнай исі әбден сіңіп кеткен сыяқтанады.

Инженерлер насос станциясын қараумен шұғылданды. Су жолының ашық кезінде станция мұнайды портқа, онда тұрған резервуарлар мен танкерлерге айдап қотарды. Нефтепровод салынысымен станция мұнайды трубопровод арқылы насостың негізгі торабы — Чонграға дейін қотару ісін бастауы керек еді. Дудин мен Писарев инженерлер үйлер, құрал-жабдықтарды қарап болғанша күтіп отырды. Қарап болғаннан кейін Беридзе оларға келіп станцияның өзіне жүктелген жаңа міндетін орындап шығуы үшін қандай қосымша жұмыстар істеу қажеттігін баяндады.

Олар станциядан кетіп бара жатқанда:

— Осы машиналар Новинскіге қалай мұнай қотара бастасымен-ақ той жасар едім-ау! — деп Беридзе Алексейге ойындағы арманын айтты.

— Мені шақыруды ұмытып кетпеңіз, ондай мерекелерді мен де жақсы көрем, — деп алдарында келе жатқан Дудин күлді.

Ең соңында олар бұрын жапондардың пайдаланған учаскесіне келді. Бұларды концессияның (үкімет рұқсатымен жай адам орнатқан өндіріс) меңгерушісі жуантық, аласа бойлы

жапон ертіп жүрді. Әрбір сұраққа ол сондай жарамсақтықпен, үлкен сары тістерін ақсыйтып көрсете, иіліп жауап береді.

— Қандай сыпайы, кетік төбет! — деп күбірледі Алексей жапонға қарап тұрып; ол мұндай жақын жерден жапонды еш-уақытта көрген жоқ болатын. — Бұл самурайдың ойында не бар екенін білемін.

Түнде Кончелан қалалық партия комитеті секретарының кабинетінде отырғанда ұшы-кыйыры жоқ майлы кара теңіз үнемі Алексейдің көз алдына елестеумен болды, бұл теңіздің сүйкімді сәулесі жарқырап, көз ұялтып, басты айналдырады.

— Күнім, Алеша, заводтағы бос цистерналар есінде ме? — деп сұрады Беридзе, оның ойындағысын тапқан сыяқтанып.

Қалалық партия комитетінің секретары Дудинге: бір айдан кейін мұнай өндірісі азайтыла бастайды, оны жыйнап құятын орын да болмайды деп баяндады. Қазірдің өзінде-ақ жүз мыңдаған цифрмен есептелінетін запастар жыйналып қалды.

— Бұл үлкен оқ-дәрі складтары ғой, тек соғыс әрекеті басталса-ақ, дұшпан осыларды соққылауға тырысады, — деді Писарев. — Нефтепроводтың әлі күнге жоқтығына жүз есе ішің ашыйды!

Өлкелік партия комитетінің секретары мен Мемлекеттік Отан Қорғау Комитетінің өкілі құрылысқа не нәрсе мұқтаж екендігін анықтап білді де, Батмановтың барлық өтініштерін орындауға уәделерін берді.

Бұғазға түсірілетін трубопроводтың бірінші бөліміне электрмен пісіру аяқталып келді. Умара Магомед пен Кедриннің звенолары біріне-бірі жақындап қалды. Умара өз бөлімінің ортасын екі жағынан екі қазық қағып, алдын ала белгілеп қойған, енді өзінің бақастасының «шекарасына» біраз қулап еніп, үш күннің ішінде Кедрин звеносын, кем дегенде бір күндік мөлшерде артқа қалдырды:

Трубаның кезекті жалғамасын бітіргеннен кейін, Умара трубадан аулақтау кетіп, бетін ашты, жәрдемшілері кейінгі екі трубаның ортасын түйістіріп туралағанша, жақындап келе жатқан Кедринге айқайлап, оны өшіктіре:

— Тасбақа мініп келемісін! Тезірек қыймылда!

Труба пісіретін, бейнебір жазық даладай, алаңда гулеген жел ұлпа қарды боратын тұр. Темір пісіргендегі көкшіл оттың жарқыраған сәулесі күннің жарығынан ешқандай айырмасы жоқ сыяқтанды. Батманов мұнда жиі-жиі келіп, Умараның қасында тұрып, пісірушінің отпен ойнағанына, оның бүкіл звеносының еппен, жұмыла істеп жатқанына қызыға қарап тұрады. Умара өзінің жәрдемшілерін жаттықтырып үйреткені сондай, тіпті, олар қазірде мұнымен бір адамдай бірлесіп, жұмыла қыймылдайды.

Әшейінде долы әрі қарқынды Умара пісіруді бастасымен-ақ

өзгере қояды. Қыймылы сарандап, сабырлылыққа айналады. Оның әрбір трубаға деген уақыты бірдей етіліп бөлінген — одан бір секунд артық жібермейді!

Міне Умара кезекті түйістірілетін жерге қарай ентелей басып келе жатыр! Оның электродты ауыстыруы керек еді, кетіп бара жатып, жанындағы кішкене дорбасынан болат стерженді тауып алып, тұтқаға бұрап орнатты. Жәрдемші жұмысшылар трубаның шетіндегі фаскаларды тазалап қойып, бастығын күтіп тұр. Онда үн жоқ — оны аузынан сөз шықпай-ақ түсінеді. Сондықтан бәрі де үндемейді; қазір жұмыс жүріп жатыр, ойды ешнәрсе бөлуге тиісті емес. Умара қалқанды көзіне қарай сырып, еңкейіп электродты трубаның қосылып пісірілетін жеріне қарай жақындата түседі. Бірнәрсе сынып кеткен тәрізді шык ете қалады, сырт-сырт етіп алтындай жарқыраған от ұшқындап, еріген металдың иілген ақшыл көк жалыны шығады.

Батмановтың қолында секунд өлшегіш аспап — екі звеноның да жұмысын осылай бақылаған жақсы ғой. Шеңберді айналып жүгіріп тұрған стрелка жақсы әрі қарт тәжірибелі темір пісіруші Кедрин мен үздік істейтін асқан шебер Умара Магометтің арасында қандай айырма барлығын түсінуге көмектеседі, Батмановқа трубаның үстіне барып еңкейген Умара өзінің бар күшімен уақыттың өзін астына басып алып жатқандай, ал уақыт та оған көніп қысылып жатқан тәрізді. Уақыт тез өтті! Міне, Умара алтауын пісіріп болды, ал Кедрин бесіншісін ғана бастады.

Құрылыс бастығы алаңнан асығыс кетіп барады, Умараның жұмысы көңілін толқытып жіберді, оның қол соғып қошемет көрсеткісі келді. Ал мұның тіпті керегі жоқ. Жұмыс істеу керек! Уақыт өткізбей, жұмыс істеу керек...

Жарыстың екінші күні, одан соншалық озып кеткеніне Кедриннің өзі де сенбеді.

— Бірер қате кеткен болу керек, мүмкін, бұл Умараның өзі сапасы жөнінде көп ой бөлмейтін болар, — деп ол қарсылық білдірді.

Умараға Кедриннің айтқан сөзін жеткізіп еді, ол секцияның бір километр бойынан жүгіріп келуге ерінбеді, ерегіскен темір пісірушіні қолынан сүйрей, өзінің звеносына қарай ертіп келді.

— Менің пісіріп түйістірген жерімді қара. Сапасын қара! — деп Умара шу көтерді.

Кердин пісірген жерлерді кадала қарады да, металдан ешбір ақау таба алмай, бір сөз айтпастан өз жағына қарай кетіп қалды. Умара оны қуып жетіп:

— Неге үндемейсің? Айтшы, қалай пісіріліпті?

— Сен неге кадалдың? Көрме жасауға уақыт тапқан екенсің!

— Ендеше жаман сөзді бекерге неге айтасың? Енді жақсы сөзінді айт.

— Жарайды, жарайды, ризамын,— деп Кедрин жымыйып күле өзінің алғашқы бетінен қайтты.— Сен жеңдің. Бірақ біз әлі де күш сынастырып көреміз!

Умараның және оның жолдастарының «төбеден» пісіруі Батмановка аса ұнамады. Астына ағаш төсеген жеке трубаларды пісірген кезде, пісіруші отын түйіскен жердің үстінен ұстап, бәрі жақсы пісіріліп жатты. Бірімен бірі тұтастырылып байланған, аударуға болмайтын трубаларды пісіруге келгенде, пісірушіге жерде жатып пісіруге тура келеді. Түйіскен жердің астындағы қазылған шұңқырда шалкасынан жатып, ол электродты «төбеге» қаратып жатып пісіреді.

Жердің қатқан тоңының суығы мақта сырыған киімнен де тез өтеді. Пісірушілер жерден тұрғанда қалтырап кеткендігін Батманов байқап қалды. Олардың жұмыс өнімдері біртіндеп төмендей бастады. Үшінші күн дегенде екі пісірушінің өкпесіне суық өтіп ауырып қалды. Батмановтың мазасы кетіп, инженерден жұмысты жеңілдету әдісін талап етті.

...Умара жерден тұрды да, тез жылыну үшін отты айнала жүгіріп еді, абайсызда қасында тұрған Батмановты көріп қалды.

— Жұмысымыз қалай? Менің пісіруім қандай, тәуір ме?— деп сұрады ол.

— Жақсы пісіресің, жігіт екенсің! Мұндай жұмысты өнер есебінде сахнада көрсету керек,— деп Батманов шынымен мадақтады.— Саған ауыспалы қызыл ту беруге тура келеді.

— Енді майдандағы екі туысыма және Қазандағы қалыңдығыма хат жазуыма бола ма?

— Сенің қалыңдығың да бар ма?

— Әрине. Әркімнің де әйелі немесе қалыңдығы болуы керек қой. Менің қалыңдығым Қазанда істейді. Сыпайы, әдемі қыз. Мені сүйеді, күтіп отыр. Соғыс біткен соң үйленеміз.

— Соғыстың бітуін күту керек болар ма екен? Оны осында шақыр да, үйлен.

— Ол баспаханада әріп теруші, газет басады. Саған әріп теруші керек болса, шақыр.

— Ойлап көрейін.

— Эх, ойламай-ақ қой... Бәрібір келмейді. Оның майданға барғысы келеді. Майдандағы газетті басады.

Үлкен секцияның екі жақ бөлегін қосу үшін Умара жерге тағы да барып жатты.

— Бір секция міне дайын болды,— деді Умара трубаның астынан тұрып жатып. — Орындаған жұмыс өнімі екі жүз елу процент.— Ол бозарып тоңған бетін тыржыйтып Батмановты мүсіркеп: — Василь Максимич, тоңған боларсың? Қолқап неге кимейсің? — деп сұрады.

— Маған немене,— деп Батманов реяжи жауап берді.— Жерде ұзақ жатады екенсіңдер, мына саған да, басқа пісірушілерге де қыйын көрінеді.

— Біз берікпіз, іштеме емес.

— Қалайша іштеме емес! Қарашы, сен толайым қалшылтап тұрсың. Мен қалың мақта төсеніш тігуге тапсырдым, оны астарына төсейсіңдер. Демалысты жиірек жасап тұруға тура келеді. Отты да көбірек жағып кою керек.

Умара Батмановқа басынан-аяғына дейін бір қарап шықты да жабырқай сөйлеп:

— Жақында сені кетеді дейді ғой? Саған үйреніп қалып едік! Қыйын болғалы тұр,— деді.

— Бұғазда Беридзе қалады, ол жақсы бастық, іскер, бәрі де ойдағыдай болады,— деді Батманов.— Ал маған кететін мезгіл жетті: құрылыс үлкен, сенің учаскеңнен басқа тағы да он учаске бар. Мынау осы «албастыны» инженерлердің суға қалай түсіргенін көремін де, содан кейін кетемін...

«Албасты» деген — ұзындығы жарты километр жуан труба, басын бұғазға қаратып жатқан адам айтқысыз үлкен кара жылан сыяқты труба пісіретін алаңда сұлап жатыр. Салмағы елу тоннадан астам осы дәуді мұзға сүйреп түсіріп, мұздың ойылған суаты арқылы бұғаздың түбіндегі траншеяға түсіру керек болады.

Бұл міндет өте ауыр болды, инженерлерді әкеліп тұйыққа қамады. Новинскіде, бұғаздағы жұмыс жобасы жасалған уақытта трубаны мұзға түсіру мен трубаны пісірудің екі варианты келіп шыққан. Қовшов жағада әуелі үш трубаны бір рет біріктіріп пісіріп алып, оны автомашинамен мұздың үстіне тасып, сол арада біріне-бірін қосып, ұзын труба етіп пісіре беру керек дегенді ұсынған. Алексейдің бұл ұсынысына Беридзе көнбеді. Оның ойынша мұз үстіне апарған трубаны астыңғы жағынан пісіруге болмайды: ал пісіргіштер трубаның астыңғы жағын пісіру үшін не трубаның астына бірдеме қойып көтеру керек немесе астындағы қалың мұзды қазып жыра жасау керек.

Қовшов трубаларды ұзындығын жарты километр етіп жағада пісіру, сөйтіп оны мұз үстіне трактормен сүйреп апару жайындағы бас инженердің дәлелдеріне көнді де, оның ұсынысын қабылдады.

Осыны істеуге әрекет жасап көрді, бірақ ештеңе шықпады. Алпыс аттық күші бар екі трактор, егер тіпті керек болса төрт трактор да әкеліп салмақ болып еді, бірақ оны Беридзе тоқтатты. Оны домалатқанда трубаның қосылып пісірілген жеріне күш түсіп, оның беріктігіне зақым келтіретінін ойлап қауіптенгені әбден орынды еді. Ауыр металды қозғап, домалатып жүр-

генде мұзды да бұзып-ойып кететіндігімен де санасуға тура келді.

— Алеша, сенімен біз жақсылап ойлана алмаппыз,— деді Беридзе. — Енді басқа әдіс керек.

— Басқасы да болды,— деді Алексей. — Бұл «албастының» біреуінен ғана машакат көрерміз, ал қалғаны соның ізімен кете береді. Мен мынаны ойлап тұрмын...

Алексей трубаларды кішкене вагондармен тасып апару үшін темір пісіретін алаңнан кішкене темір жол салуды ұсынды. Темір жолдың табаны тек жағаға ғана жетеді екен. Трубаны жағаға дейін жолмен әкеліп, одан әрі мұздың үстімен шанаға салып сүйреуге ұйғарды. Кішкене темір жол салуға екі тәулік кетті. Осы кездің өзінде ағаш шеберлері, Карповтың бақылауымен шана жасады.

Онай иілетін үлкен трубаны ауыр заттар көтеретін аспаппен түрлі ептілік әдістерді қолдана отырып, арбаға салды... Силин басқарған екі трактор осы ерекше поезды бұғазға қарай сүйреді. Жағаның қасында трубопровод отыз шанаға аударылып түсірілді. Мұздың үстімен ілгері жылжыған тракторлар өзіне тіркелген шұбалған кұйрықты жұлқы-жұлқы тартты.

— Токта! — деп бәрі бірден айқайлады...

Шаналардың қапа жартысы сынып, труба алаңға құлап түсті... Трубаның осы бір бөлегімен екі күн әуреленді. Трубопроводтың қалай апарылуын бүкіл учаске болып дамыл көрмей бақылауда болды. Трубопроводты орнына тезірек жеткізу үшін кімнің қандай тәуір ұсынысы болады деп Батманов бәйге жариялады.

Өзінің ларегімен аралда тұрған Муся Кучина келген әрбір шоферға жүгіріп барып олардан:

Труба қалай?— деген бір сұрақты дамылсыз қоятын болды.

Солнцев оған:

— Труба мәселесінің өзі тоқыраңқырап тұр,— деп жауап берді.

Трубаны мұзға түсіре ала ма, әлде түсіре алмай ма деп бетоншы Петрыгиннің бригадасындағы жігіттер таласып кетті. Петрыгин олардың сөздерін естіп:

— Қандай күдік болуға тиісті? — деп ұрысты. Ақыл адамға не үшін берілген? Бірдене ойлап шығарамыз...

Ол трубаның астына жұмыр ағаш салып, секцияны мұздың үстімен сырғанатып қозғау керек деп ұсыныс жасады. Бұл ойдан аулақ болуға тура келді: өйткені трубапроводтың ауыр салмағына жұмыр ағаш шыдамайды, одан соң қозғаған кезде олар сөзсіз быт-шыты шығар еді. Бұдан басқа да жан-жақтан ондаған ұсыныстар түсті...

Трубопроводты мүмкін, қысқалау етіп жасап теңіз түбіне түсірсе қайтер еді? — деп сұрады қарт Зятыков Батмановтан.

Бұлар инженерлерге бірге келді.

— Біз одан әуел баста-ақ бастартқанбыз,— деп Беридзе карсы болды.— Қысқа жалғанған трубаларды бұғазға түсіру мүмкін емес. Өздеріңіз осыны көз алдарыңызға анығырақ түрде келтіріп қарасаңыз, идеяңыздан өзіңіз-ақ бастартасыз.

— Мен жағада тек үш трубадан қосылатын звеноны ғана пісіріп, қалған сварканың барлығын мұздың үстіне апарылған соң пісірген дұрыс деп ұсыныс жасар едім,— деп кеңес берді Тополев.

— Біз бұдан да бастартқанбыз. Бұл қолайсыз әдіс. Санап көріңізші, қосылатын жерлерінің қаншасын «төбеден» пісіру керек екен? Мыңдап табылады! Біз онда бүкіл мұзды алаңымыздың барлығын ойғылап бітіреміз. Тіпті мұның жөні қайтсе де келмейді: жыралап қаза беруге мұздың өзі соншалық тұтасып жатқан қалың емес. Ал пісірушілерге де қыйын, бұл араны жылыту үшін от жағуға да болмайды.

— Енді бұл жағдайдан шығатын қандай жол бар? — деп Батманов шынымен абыржыды.

— Жол бар сыяқты,— деді Ковшов жақындап келіп.— Әне Карпов тамаша ақыл беріп отыр: трубопровод арбаға салынады, оның арасындағы трубопроводтың ашық жерлеріне шана байланады...

— Одан не шығады? — деп Батманов үміттеніп сұрады.

— Вагоншалар жүріп келе жатқанда-ақ жолмен оңға бұрылады, ал труба байланған шаналарымен тоқталмастан турғұм мұзға қарай трактордың соңынан сырғый береді.

Карповтың ақылы инженерлерге ұнап кетті. Трубопроводтың айналасына жұрт қайтадан топырлап жыйнала бастады. Алексей қолғабын бұлғап Силинді шақырды. Үстіріне труба артқан вагоншалар байланған шаналарымен темір жол табаны бойымен жылжып барды. Тағы да сәті түспеді! Алдыңғы вагоншалардағы трубаның салмағы аздап шанаға түсе бастағанда, байлағаны үзіліп кетті, ал трубопроводтың бас жағы барып мұзға құлады... Поезд үйме-жүйме болды. Вагоншалардың дөңгелектері шақыр-шұқыр етті. Шаналар сықырлап сынды. Сонын бір жағында жүгіріп келе жатқан Ковшов оқыс секіремін деп құлап қалды. Шананың бір сынығы келіп оның аяғына тиді. Беридзе айқайлап жіберіп, Алексейге қарай ұмтылды, оның соңынан Карпов та келіп жетті. Бірақ Ковшов атып тұрды да, оң аяғынан қатты ақсап, бұларға қарай қарсы жүрді.

— Ауыра ма, Алеша?— деді үрейленіп Георгий Давыдович. Алексей тек қолын ғана сілтеді.

— Жігітім, бар да жат. Қатты ұрды ғой,— деді Карпов.

— Түк те етпейді! — деп Алексей ашумен жауап берді де, жымыйып күлді,— Мына «албастың» енді құрыды! Иван Лу-

кыч, Силинге айтшы, мынаны кейін қарай сүйресін. Бәрін де бастан қайта істейміз...

Батманов инженерлерге келе жатыр еді. Трубопровод мұзға құлағанда ол ішінен ұрысты да, кейін қайтты. График бойынша бұғаз арқылы өту ісі үш айда — апрельдің ортасынан қалдырмай, мұз ери бастағанға дейін бітуі керек. Әрбір күннің істейтін жұмысының өзі мейлінше көп еді, ал мұнда уақытты пайдасыз бекерге өткізуге тура келеді.

Вагоншалардағы трубаны кейін қарай сүйреді. Трактор рулінде отырған Силин жоғарыдан инженерлерге қарады да, олардың енді не істейтіндіктерін ойлап табуға тырысты.

— Бізде қыймылды бір араға ұластыру ісі жоқ,— деді Алексей Беридзенің қатарында адымдай басып жүріп келе жатып.— «Албастыны» тек трактор тарта бастаса-ақ, біз оны өз бетімен қалдырып, қайда барсаң сонда бар деп қоя береміз.

— Бұл құрығырға енді не істейміз? — деп Беридзе иығын комдады. Енді оған мындаған күтуші қоймақпыз ба?

— Міне, міне! Әрбір арбамен шананың қасына бір-бір адамнан қою керек те, барлық қозғалысты бір сигналмен жасау керек. Жұрттың қолына ұзын ағаш беру керек...

— Жігітім, мұның дұрыс. Осылай болуы керек,— деді Карпов, оның ойын айтар-айтпастан түсіне қойып.

— Осылай істеп көрудің мәні болар,— деді Беридзе.— Мейінше, бұл «Албастыға» жүз адам қойсаң да, ақыл кірмейтін сыяқты...

— Адамдарды іріктеп ал,— бәрін де дайында, сонсоң бастаймыз,— деді Алексей Карповқа бұрылып, Силинге қалай істейтінін өзім түсіндіремін.

— Кеттім! — деді Карпов.

Бірақ оны Умара Магомет тоқтатты. Істің қалай жүріп жатқанын көру және инженерлерді асықтыру үшін темір пісіруші осы араға оныншы рет келген болар.

— Тым ұзаққа созып кеттіңдер! — деп ол Карповқа айқай салды.— Біз екінші бөлегін бітіруге даярмыз.

— Білесің бе, жігітім, Умара, сенің бұл жерден кеткенің жөн,— деді Иван Лукич пісірушіге ақыл беріп. Инженерлер онсыз да ызаланып жүр, оның үстіне сен тағы келіп мазалайсың. Өзі ашуланып жүргенде Беридзеден бірдеңе көріп қаларсың.

... Алексейдікі дұрыс болды. Қолдарына ағаш беріп трубаның қасына қойған елу адам, оған жан бітіргендей болды. Батманов пен Залкинд алаңға келгенде, трубаның бір шеті жиекке тіреліп, өзгесі ұп-ұзын қалпымен мұздың үстінде сұлап жатыр еді. Василий Максимович істің сәті түспей қалғандығын Залкиндке жаңа ғана айтып еді. Қазір ол көңілденіп, Роговты иығынан қақты.

— Сен: инженерлерден ештеңе шықпайды деп едің — деді

ол, Рогов оған бұлай деп ештеңе айтпаса да.— Орыстың тапқырлығы оған қосымша жоғары математика мен физика — ол күш қой, шырағым! Енді бұл «албасты» оңай кете береді, алды басталды. Осы ойыншықты теңіздің түбіне түсіргенін көрсек, содан кейін уайымсыз қайта беруге де болар еді.

Төртінші тарау

БАТМАНОВ ПЕН ЗАЛКИНД ҚОШАМЕТТІ СӨЗ СӨЙЛЕЙДІ

Батманов өзінің айналасындағы адамдарға аса көңіл қойып, назар аудара қарап тұр. Олар өз бастары туралы ештеңе ойламай, барлығынан баз кешіп, тек қана алдарында сұлап жатқан адам айтқысыз зілдей трубопроводты көріп, осыны қалай еткенде де орнына тез жеткізуді ойлады. Инженерлер мен жұмысшылардың қажыры мен қайтпаған табандылығы, олардың жанқыярлығы мүмкіндігі жоқ қыйын жұмысты істеуге жағдай туғызды.

Мұз үстіндегі жұмысты басқарған Ковшов осы күндері бейнебір қартайып кеткен сыяқты, оның жақ жүні үрпиіп, кілең желді суықта және шақырайған күнде жүргендіктен көздері қызарып, жағына пышақ жанығандай болды. Бірақ өзіне бағына қоймаған трубаға қарап оның тістенген ернінде шыдамсыз шапшаң қыймылында, өткір әзілінде, ашулы қысқа бұйрығында, соншалық қайсарлық күштің барлығын көргенде, Батмановтың инженерге: «Жігітім дұрыс! Міне осылай — содырлыққа берілмей, қайсарлықпен өмір сүру керек» — деп айтқысы келді. Василий Максимович Беридзені тоқтатып, Ковшовқа қарап: «Георгий Давыдович, анада Москвадағы сіздікі дұрыс екен: орынбасарыңыз қолайлы адам болды. Майданда ол тек оқ-дәрінің түтінін ғана жұтқан болса, соғысуды ол құрылыста, бізден үйренді ғой деп ойлаймын».

Батмановтың көзіне Силин жылы ұшырай берді. Сталиннің телеграммасы оның жұмыс күндерін де мерекеге айналдырып жіберген. Ол күні бойы трактордан түспей және ең қыйын тапсырмаларды бірінші болып орындауға ұмтылды.

Құрылыс бастығы Генка Панковты да байқап қалды. Үстінде мақта сырыған камзолы, шалбары бар бұл бала шұғылданған пішінмен байланысшылардың үйінен алаңға қарай, одан үйге қарай жүгіріп келеді. Жұмыс жөнінде жолдастарынан қалғысы келмеді, сонымен бірге мұздағы болып жатқан оқыйғалардан бірдемені байқамай қалдырып қоям ба деп те қорықты.

Тополев қарт салқын тиіп, қатты жөтеліп жүр. Оған жылы жерде жатуға қатаң бұйрық берілген, бірақ Кузьма Кузьмич оны істемеді, іссіз жата алмады. Үйден жасырынып кетіп

калып, күні бойы мұз бұзушылармен бірге істеді, немесе насос станциясы құрылысында болды, немесе байланысшыларда — әйтеуір оның тәжірибесі қай жерде пайдаға асатын болса, ол сонда болып отырды.

Ал елулерге келген Зятьков, төрт адам қанша жер қаза алатын болса, ол да соншалықты істеп қару көрсетті. Оның үстіне, анау үлкен труба жайындағы инженерлердің сәтсіздіктеріне немен көмектесем екен деп те басын қатырды...

Құрылыс бастығы Роговтың да аса декбірсізденіп жүргенін байқап қалды, ол бұған әлсін-әлі келе берді, бірдене айтқысы келген болу керек, бірақ бата алмай жүрді.

— Балақай, не ойлап жүрсің? — деп сұрады ақыры Батманов Роговпен трубаны пісіретін жерден бұғазға, бұғаздан кері сан рет әрлі-берлі келе жатып. — Сені маған байлап қойған ба, қалай өзі, қалмайсың?

— Сіз кетпей тұрғанда, сізден сұрайыншы деп едім... — деп Рогов қызарып кетті. — Ұрсасыз ба деп қоркам.

— Қорқады екенсің үндеме, — деп Батманов ескерте қатаң айтты. — Және мені ашуланудан құтқарарсың.

Рогов қолын сілтеп: «Әй не болса, ол болсын!» — деді.

— Василий Максимович, учаскеде маған көңілсіз.

— Кешке Маховқа өтінсең, саған баянымен фокстрот тартып береді.

— Василий Максимович, менің айтайын дегенім, шын әңгіме. Учаскеде бастық көп, маған қалған іс шамалы. Ал сіз өзіңіз де осында жүргенде, нағыз ауыртпалықты өзіңізге алып жүрсіз. Жұмыс та жолға қойылды деуге болады. Сіз кетерсіз — мұнда қалатын қожайындар сонда да көп. Беридзе, Ковшов, Филимонов. Мен, әрине, бұғазды инженерлер басқару керек екенін түсінемін...

— Я? — деді Батманов асықтырып. Ол тоқтады да Роговқа қадала қарады.

— Маған қыйынырақ міндет алу керек. Бесінші учаскеден де қыйынырақ болсын. Осы учаскедей болсын да, тек сіз жоқ жер болсын. Өзімді өзім аса қыйын және үлкен іспен сынағым келеді.

— Айқынырақ етіп айтуға болмас па екен?

— Маған Тайсинді беріңіз! Инженерлер әзірге бұғаздан өту ісімен шұғылданып жатқанда, мен тайгаға тиісейін.

— Аралға бару, бізге әлі ертерек, — деді Батманов бірден жауап беріп, — Тайсинге әбден дайындалып барып кірісу керек. Сен қазір онда барып не істейсің. Бәрінен бұрын онда трубаларды, материалдарды, азық-түлікті жеткізіп алу керек, оларды әлі ұзақ уақыт тасуға тура келеді. Адамдарды да бұл жерден әкетуге болмайды, өйткені не болып шығады. Мен сенің мінез-құлқынды түсінем. Сен былай ойлайсың: «Мен бесін-

ші учаскенің былығына душар болдым да, өз қолыммен онда тәртіп орнаттым» дейсің. Бірақ біріншіден, аралдың жұмысы одан он есе қыйынырақ. Екіншіден, бесінші учаскенің тарихын менің қайталағым келмейді. Білгің келсе, бесінші учаскеде біз өзіміздің нашарлығымызды көрсеттік. Сенің өзіңмен-өзің болып қалғаның, бұл жақсы ырым ба? Мұнда жұмыс қалай болып шықты, соны ойлап көрші: Панков сенен нашар емес еді, бірақ бұғазда ештеңе істей алмады.

— Панковтың ісі басқаша: бір бақытсыздық уақытқа. Ол істеп те үлгірмеді ғой.

— Ешқандай басқаша іс емес. Аралда сені не күтіп тұрғанын сен білмейсің ғой. Панковтың уақытасы да біздің нашарлығымыздың белгісі. Мен енді бұл тәрізді уақытаны істей алмаймын. Аралға біздің қалай баратынымызды білесің бе? Асқан күшпен, жер сілкінте барамыз! Біз тайгаға балта алып бармаймыз. Инженерлердің жобасына қараңызшы, сен сонда түсінесің — арал шабуылмен алынатын болады.

— Ол қашан болмақ? Тайганы кесіп, жол салу, қыстың ішінде трубаларды да тасып үлгіру, құрылысты бітіру керек...

— Аралды шабуылмен алуды жазғытұрға қалдырғым келмейді. Тым болмаса жүктің жарым-жартысын жектізсек, бұғазда трубопроводты ортадан асырып алсақ, біз Тайсинге бірақ ырғып жетеміз.

Бұлар темір пісірушілерге келді. Кедриннің жадағай жерде жатпай, мақталы матрацта жатқанын көріп, Батманов риза болып қалды. Осындай матрацтар басқа пісірушілерде де бар екен. Бұдан басқа алаңда темір пісірушілер жылынатын екі үй тұр. Василий Максимович кейін бұрылды.

— Біраздан бері сіз маған өзіңіздің көзқарасыңызды өзгертіңіз-ау, — деді Рогов, оның соңынан лесіп қалмай, — мен бұған қатты уайымдап жүрмін.

— Сен сөйтіп, бүгін әбден сырынды ақтарғалы тұр екенсің, — деді Батманов ызалынып. — Аязда ауызды аздап қана ашу керек, тамағыңа суық тигізіп алуың ықтыымал. Өзінің ішкі сезім сырларын білдіруде еркектердің сабырлы болғаны жөн деседі ғой.

Батмановтың сөздерінен және оның қандай зілді аңғармен айтылғанынан Рогов жасқанып, басылып қалды.

— Сен басынды салбыратпа. Мойның сондай жуан, басыңды салбыратқаның ұнаспайды, — деді Василий Максимович күлкісін тежеп. — Екеуіміздің арамызда барлығы біржолата айқын болуы үшін, мен де сырымды ақтаруға көзжұмбайлық жасайын. Арал жөніндегі мәселені, таңыр жарылғасын, менің саған деген көзқарасыммен байланыстыра көрме. Менің аралға деген амалым, бесінші учаскеге, керек десең бұғазға дегеннен де басқаша болады. Құрылысшылар, біздер, өсіп ке-

леміз, біздің тактикамыз да өзгеріп отырады. Дұрыс емес пе? Енді менің саған көзқарасым туралы. Екеуміздің сөйлесуімізден бұрын-ақ Залкиндпен ақылдасып, сені аралға қоймақшы болғанбыз.

— Мен сеніміңізді ақтаймын! — деп Рогов іле жауап берді. Батманов бетін тыржыйтып:

— Тағы да леп белгілері! Енді былай деші: «Өзіме мынадай міндеттемелер алам». Адамдар арасындағы қарым-қатнастың көбі сөзсіз де айқын болатынын түсіну керек. Өзіңе деген көзқарасты түсінбейсің бе? Меніңше, бәрі де түсінікті. Сенің бар жақсылығың үшін қошемет сөз керек пе? Сен қыз емессің. Жамандығыңды қолмен нұсқап көрсетейін бе? — Егер тілесен, әрине, көрсетуге болады. Ең жаңа, ескірмеген мысалды алайық. Маған бір күрделі міндет бер, дегенді сенен талай рет естідім. Бұдан ерлік, батырлық, күштің тасығаны көріне ме? Жаксы, күшің тасысын-ақ делік. Бірақ та саған оңаша бөлінудің, Васька Буслаев болудың қажеті не? Модаға кірген үлгі емес қой. Сен Маховқа дарашылсың деп ат тағып едің, оның өзі қызық болып шықты. Біле білсең осы шұбалыңқы сөз саған қоныңқырап тұр. Қарашы, инженерлер саған кедергі жасай бастады! Сен коллективке де арқан есетін материалға қарағандай қарайсын ба деген ой келеді! — Рогов өзінің наразылығын үн қатпай-ақ білдірді... — Егер де олай болмаса, мен ризамын деді, — Батманов. — Сен мені сыйлаймын дегендей болдың. Сөйте тұрып менің инженерлерсіз, коллективсіз — басқаға құным түк емес екенімді неғып көрмейсің? Мен мұны ешбір ренішсіз мойныма аламын. Қайта, мұны түсінуіме мүмкіндігім болғанына қуанам. Бұған түсінбеушілік — өзінің мініп отырған бұтағын кескен адамға ұқсағандық болар еді. — Батманов салқын ауада көп сөйлеймін деп жөтеліп қалды. Александр Иванович, дұрысын айтқанда сен өзіңнің әңгімеңмен мені ренжіттің. Қарашы, осында қаншама инабатты адамдар жүр, ешқайсысы едірендемейді, күшін салыстырып мақтанбайды, мөлшерден тыс тапсырманы талап етпейді: — өздері туралы тіпті ойламай, жұмысқа белшесінен батып, бар күштерін соған жұмсауда.

— Мен қалып қойдым ба, жүкті олармен бірге сүйреп жүрген жоқпын ба? — деп Рогов өкпелей сұрады.

— Сүйреп келесің, бірақ әңгіме онда емес. Сен көп нәрсе істей аласың, істеп те жүрсін. Маған керегі сенің жұмысты қандай амал, қандай әдіспен істеп жүргенің. Әне американдықтардың да істей алуы ықтимал, дегенмен, олардың тәсілі бізге үйлеспейді. Мен саған бесінші учаскеде-ақ назар аударған болатынмын.

— Сіз сол бір машиналарды ұмыта алмай-ақ қойдыңыз-ау, — деді қынжылып Рогов.

— Тағы да таба алмадың! Барлық бәле сенің сол маши-

наларды ғана есте тұтуыңда. Мен ол туралы еске алмаған да болар едім... Сенің бесінші учаскеде табысқа қалай жеткеніңді менің түсінуім өте қажет болып еді. Мен оны түсіндім де: коллективке жымдасып біріккен біздің адамдардың күшін сен бағалай білдің, коммунистерге арқа сүйей білдің, құрылысқа манайларды да тарта алдың. Сенде нағыз басшылық жұмысқа жарарлық белгінің барлығына көзім жеткеніне қуанған едім... Қанша дегенмен маған мақтау сөзді еріксіз айтқызың! Бірақ сенің кейбір нашар істерің де бар. Сол машиналар жайы, құрып қалғыр балық, ал кей кездегі адамдарға жасайтын өркөкіректігің — осылар саған қайдан пайда болды? Инженерлерді өлемеушілік те онша ақылдылық емес, нақұрыс-ау, олар совет ғылымының заң шығарушылары ғой. — Батмановты тыңдау Роговқа қыйын болды, ол тіпті кейін шегініп кетті. — Александр Иванович, сескенбе, біз қаттырақ сөйлесіп келеміз, бірақ сен оны жаныңа жақын қабылдамауыңа еріктісің. Инженерлер туралы әзіл ретінде айтылған, ал машиналар жайындағы әңгімені асыра сілтеп отырсыз деп маған қарсы да шығарсың... Сеніңіз маған: егер де біреу жаныңа жақын болса, онда оның орден алуға тұратын ірі-ірі тапсырмаларды орындағанын да, және оған абайсызда ауыздан шығып кеткен болып айтыла салған сөздердің де сен үшін қажеті болуы керек. Тілесен бәрін де ашып айтып берейін? Менің орынбасарсыз істеп жүргенімді өзің білесің, орынбасарымның болуы сонша жақсы болған болар еді. Маған біреуді жіберген еді, бірақ оны сен де көрген жоқсың, басқалар да көрген жоқ, Писарев қайтадан шақырып әкетті. Жаман адам емес, тек мұндай жұмысты басқаруға әлі пісіп жетпеген. Міне, сен де әлі пісіп жеткен жоқсың. Менің саған айтайын дегенім, сені орынбасарлыққа қуана-қуана алған болар едім, бірақ әлі ертеректеу екенін жақсы түсінем. Бірінші этажда қалдырып кетуге тиісті жүкті үшінші этажда көтеріп арқалап барудың қажеті не?

Олар осылайша әңгімелесе отырып, поселкеге келіп қалғанын байқамай да қалды. Залкинд контордың есігі алдында тұр екен. Оны көріп Батманов жүрісін жиілетті.

— Василий Максимович, мен қайтайын, — деді Рогов басыңқы дауыспен. — Сіздің айтқан сөздеріңізден менің басым айналып кетті. Оңашада бір түсініп алғым келеді...

— Бар, бар түсіне бер, — деді Батманов ішінен күліп.

Батманов жылынғанша, парторг оған басқармадан екі машинаның үстіне орнатқан баспаханасымен, Пущиннің келгендігін айтты.

— Оны демал деп жібердім және ертен тұңғыш листовқаны шығаруды тапсырдым. Ол көлемі алақанның аясындай

қысқаша және нысанаға дәл тиетін етіп өткір жазылған газет шығаруы керек. Пущин бұрын заводтың көп тиражды газетінің редакторы болған, сондықтан мұның не екенін біледі. Бұл арада бірлескен ұйымдастырушы мен насихатшы өте жетпейді. Сен қалай деп есептейсің, бастық жолдас?

Батманов суыққа тоңып илікпей тұрған саусақтарымен стаканды ұстап, ыстық шайды ұрттап жатып, ризалығын білдіріп басын изеді.

Учаскеде болған уақыттың ішінде партия ұйымының жұмысын нығайту үшін Залкинд көп жұмыстар істеді. Ертеңге партия жыйналысын шақыруға ұйғарды. Оны жұрт дамылсыз күтуде болды. Жыйналыс бюроның жаңа құрамын сайлауы керек еді. Залкинд жұртпен жақсылап танысып та үлгірді, барлық партия мүшелерімен және партияда жоқтармен де әңгімелесті. Коммунистердің іске берілгендігі, еңбек ете алатындығы және моральдық жағынан тазалығымен коллективтің алдында үлкен беделді екендігін ол айқын көрді. Бюро мүшелерінің кандидатығына лайықты адамдарды ойлағанда, ол ішінен Карпов, Рогов, Умара, Гончарук, Некрасовты атап, осы бес адам құрылыстың маңызды учаскесінің коллективіне басшы бола алады деді.

— Ертең жақсы деген адамдарды партияға аламыз,— деді Залкинд Батмановқа бірнеше арыздарды көрсетіп.— Мынау Полищук. Кейде менің есіме онымен Стартта біздің танысқанымыз түседі. — Залкинд күліп жіберді, Батманов та күлді.

— Мен, ойда жоқ жерде, Алеша Ковшов пен Тополевтің әңгімесін естіп қалдым. Қарт арыз бермеді ме? — деп сұрады Василий Максимович.

— Берді. Ковшов пен Рогов, Некрасов үшеуі кепілдеме берген. Алексей өзінің кепілдемесінде Тополев орыстың ірі инженерлері екендігін студент кезімде де білуші едім деп жазыпты.

— Қартым жарайды! Ол туралы ертең толығырақ айтқан дұрыс болар еді. Оның өнегесі жас коммунистер үшін де, жалпы жастар үшін де үлгі ғой.

— Сен осы сөзді өзің баста,— деп Залкинд кенес берді.

— Жарайды. Бірақ, менің ойымша, ол турасында ең дұрысы Алексей айтсын. Маған солардың достықтары қатты ұнайды. Екеуіне қарап тұрып, мұндай достық әлі ешуақытта болмаған шығар-ау деп еріксіз ойлайсың. Қарт болса да жас адамдай... Бұл не, шәкірті мен ұстазының қарым-қатнасы ма? Жок, Алеша Кузьма Кузьмичтің шәкірті ме еді? Қайта, Кузьма Кузьмич Алешаның шәкірті болар. Олар ағайын ба? Әлде үйлері көрші ме? Немесе дойбы-шахмат ойынындағы серігі ме? Жо-ок! Мұндағы достық күштірек, әрі ақылдырақ... Олардың дос болуы, болашаққа деген көзқарастарының бір жерден шыққандығы. Ойлаңызшы, қандай тамаша болып шыққан! Сен де,

мен де, Беридзе де — бәріміз де қарт жөнінде дұрыс істемеген, болып шықтық. Біз оған келгенде, сезімтал және нәзік әдіс таба алмадық. Шынын айтқанда, басында біз Тополевті Грубскийге текке «қосақтадық», «дұрысырақ айтқанда» «қосақтай» жаздадық. Ковшов бізден гөрі тереңірек түсіне білді, ол Тополевтің Грубскийге тілектестігін білдіруі дәл ескі әдеттегі интеллигентке тән мінез екендігін көре білді. «Аһ, жаңа бастық Грубскийге ұрсады екен! Ал мен оны мақтаймын. Егер оның күші қолымда болса, оған мен өзім де ұрысқан болар едім. Ол енді ештеңе де емес, сондықтан мен оны қолдаймын». Ол олма, Алексей Тополевтің жәйін білді, ол оның жүрек сырын ашатын кілтін тапты. Керек десең, Беридзенің өзі қартпен үйлесе алмай, оны қайтарып жіберу керек деп маған келіп тілек қойды ғой. Мен Ковшовпен сөйлесіп едім, ол Тополевті қатты қорғады: «Мен оның пікірі өзгеретініне сенемін, оған ықпал жасауға мен сіздерге уәде беремін, бірақ бірден бола қоймас». Ол ықпал жасады да! Бір кезде түнде, мен онымен бір бөлмеде ұйқтап жатыр едім, олар сыбырласып сөйлесіп жатыр екен. Қарт майдандағы жиені Володядан хат алыпты. Осыған байланысты, олар соғыс туралы және жеңіс туралы әңгімелесті. Қарт соғыстан кейінгі бітім туралы, оның өзі тыныштық әрі саябыр болар ма екен? — деп Алексейдің ойын сұрады. Алексей оны келекелеп: «Тағы да тыныштық пен саябырлық туралы ма?» — деді. Қарт «жоқ», деп бұл мәселені ол тек әшейін сұрағанын айтып мойындамады. Алексей былай деп жауап берді: — Соғыстан кейін ешқандай бітім күтудің керегі жоқ, күрес басқа түрде болады... сөйтіп әбден жеңіп шыққанға дейін қыймылдай береміз. Олардың не туралы және қалай сөйлегендерін тыңдаған болсаңыз!..» Шайды ішуге қайтадан кіріскен Батманов үн қатпады. Василий Максимович қою шайды сүйетін еді. — Михаил тағы кімнен арыз бар?

— Силиннен. Ол кандидаттан партия мүшелігіне көшіруді сұранады. — Залкинд қағаздардың арасынан өзіне керегін тауып алды: — «Мен, осы Қыйыр-Шығыста туып-өстім және жұмыс істеуді үйрендім. Қазірде соғыс болып жатыр, менің үлесіме біздің құрылыста еңбек майданында соғысу сыбағасы тиді. Егер де лайықты болсам, мені партия мүшелігіне алуларыңызды өтінемін. Құрылысшы — коммунист болғым келеді» — деп жазған арызын.

Батманов парторгқа өзінің Роговпен әңгімелескенін айтты. — Жігіттің күші мол, бұрғың келген күнде, көп күш жұмсауға тура келеді. Онымен сөйлесіп отырып, сүйектері сытырлаған тәрізденгенін сездім. Бұл жолы мен қатты қысыңқырап жіберген болуым керек. — Ол біраз үн қатпай отырды да, көзі жайнаң қағып: — Роговтың аралға жібер деп сұрағаны-ақ өте қызық болып шықты.

Залкиндтің бет ажары мен көзқарасынан Батманов парторгтың Рогов жөніндегі әңгімені соншалықты тыңдағысы келгендігін байқады. Оның мұншама зер салуы, тіпті түсініксіздеу де болды. Василий Максимович те шыдай алмай.

— Маған ғана солай көріне ме, әлде сен шынымен мені сынап отырсың ба?— деп сұрады ол. — Мен осында сенен бөлек тұрған уақыт ішінде мені тосырқап қалғансың ба?

Залкинд ұшып тұрды да, терезеге қарай барды. Қырау қаптаған терезенің көзінен, күн шұғыласы біркелкі жарқырап түсіп тұрған бұғазға дейінгі алаңның бәрі көрініп тұр. Залкинд өзінің мейрімді күлкісімен Батмановқа бұрылып қарады да, былай деді:

— Мен сен туралы ойлап тұр едім, Роговпен айтысқандығын турасындағы сенің әңгімең менің ойыммен тура келіп шықты.

— Мен туралы ойладың, я не ойладың мен туралы?

— Айтамын ғой, асықтырмасайшы... Азғантай тарихи әңгіме... Бір кезде, осыдан бес жыл бұрын, қалалық партия комитетінің бюросында сен турасында әңгіме болған. Онда сені сынды онша сүймейді, кіші-гірім адамдарды менсінбейді, өзінің беделі және қызмет бабымен оларды басып отырады делінген еді. Кейбір жолдастар артығырақ кеткен болар, онсыз болмайды ғой. Сонда біреу сені кішкене Наполеон деп те атаған еді...

Қызық екен! — деді Батманов қытығына тигенін жасырмай.

— Ал, сен сабырмен тыңда, бұл тарих қой. Бірақ қазірдегі өзіңнің Роговтен көргенің сыяқты бірдеңелерді сен де азын-аулақ болса да өз бойыңда сақтадың ғой. Біз күзді күні Новинскіде қайтадан ұшырасқанымызда, Батманов бұрынғысынан өзгерді ме екен деп білгім келгені табиғи нәрсе. Біздің арамызда мынадай да болды: күшті және лайықты адамдар, партияның сенімімен пайдаланып, жетекшілік жұмыста болады. Біраз уақыт бәрі дұрыс болып келеді. Ол жолдас кейіннен өз күшінің қайнар бұлағымен байланысты сезуді ұмыта бастайды, ол халықсыз, коллективсіз, партиясыз — түкке аспайтынын, сен айтқандай қараған қара басы ноль екендігін түсінбейтін болады. Оған өз күшінің қайнар бұлағы және барлық табыстардың себебі жалғыз өзі ғана болып көрінеді.

— Біз сенімен неше рет әңгімелескеніміз бар. Сегізінші ноябрьге қараған түн есінде ме? Мұндайды маған ешуақытта айтқан жоқ едің... Шынымен мені кішкене Наполеон болды деп ұйғардың,— деп Батманов тандана және күдіктене сұрады.

— Жоқ, олай ұйғарғаным жоқ. Сен маған мұндай сұрақтарды бекер бересің. Біз штабымыздың коллективін бірлесе отырып құрдық қой. Мен шынында, сені басқарманың маңызын тым көтеріп жіберіп, нефтепроводтың нағыз өзінің салынып жатқан жері — учаскелердің маңызын кішірейтіп жібере ме деп

едім! Маған сен басқармада отырып алатын адам сыяқты болып көріндің. Шын ниетімен жұмыс жасаумен, аппаратта отырып төрешілдікпен жұмыс жасаудың арасында айырма бар ғой. Жұмыс қайнап, қағаз жазылып, машиналар тарсылдап басылып жатыр...

— Құрылыста және әсіресе ұйымдастыру кезінде басқарушы аппараттың мәнін сен менен кем түсінбейсің!

— Әрине, түсінем, сондықтан да, сенің сондағы мақсатты талабыңды бағаладым ғой. Трассаға біз бәріміз де ұмтылдык, сен өзің де барғың келді, бірақ сен жұрттың бәрін бегедің.— Залкинд қулана күлді.— Алайда, саған белгілі ғой, учаскелердің өкілдері мен басқармадағыларды партия конференциясында итермелеп кездестіруді мен артық болмас деп ойлады. Тая Васильченко мен Котеневтің сөздері есінде бар ма? Сенің сынды дұрыс қабылдайтындығыңды мен сонда көріп қанағаттанған болатынмын. Сен одан қорықпайсың да, жалтақтамайсың да. Нефтепровод үшін біз стратегиялық шайқасымызды осындай дайындықпен жүргіздік. Қателік пен кемшіліксіз болған жоқ. Не айтасың, осы бұғазға біз өзіміз кешігіп келдік. Панковты қорғай алмадыңдар, бір өзін қалдырдыңдар, деп мен Умараны және басқа коммунистерді сөктім. Олар жауабында маған: «Біз жауапкершілікті мойынға алуға дайынбыз... Жарайды, ал өздерің қайда болдыңдар? Панковты өздерің неге жалғыз қалдырып кеттіңдер?» деді.

— Қане, енді тым болмаса Панков туралы бір-бірімізге ештеңе айтпай-ақ қоялық... Бұғазға біз кешігіп келдік, бұл жөнінде Рубежанскіде, Дудиннің алдында-ақ мен мойныма алғанмын. Саған енді не керек? Менің айыбымды бетіме тағы да баспақпысың?

— Сен мені сөйлетпей отырсын. Осында, учаскеде, мені көп нәрсе қуантты. Мен сені осы арада көрдім...

Залкиндтің темекі тартқысы келіп, сереңке іздей бастады.

— Тағы бес минут шыдай тұр, содан кейін үш папиросты бірден тартарсың,— деді Батманов.— Мұнда сен менің қандай күналарымды көрдің?

— Сен Алексей мен Тополевтің достығы турасында айттың. Менің де сол достық турасында... Сенің жұртпен және құрылысшылармен достығың турасында айтқым келеді. Мен осы достықты бұрын да байқаушы едім. Ал, енді мұнда, сен жұртпен жаңаша түрде жақын болыпсың. Шын жүректен шыққан достық. Бұл өте жақсы. Беделің бұрынғыдан жоғары көтеріліпті. Сенің Роговты күн бұрын сақтандыруың — ол да жақсылықтың нышаны. Міне, мен де Батманов тәрізді адаммен қызмет істеуге тура келетіндігіне қатты қуаныш етемін.

Батманов соншалық қысылып темекі сауытының қақпағын сарт еткізіп жапты да, ашумен былай деді:

— Сен әңгімені әлдеқайда бұрып әкеттің, тыңдау да қыйын өзінді. Келешекте бірімізді-біріміз орынсыз қошеметтемейтін болып келісімге келуге болмас па екен?

— Ұсынысыңды қабылдаймын,— деп Залкинд отырғышты жақындатыңқырап қойып, Батмановтың қасына отырды.— Қазір келісіп қоялық, бір-бірімізге енді тек қолайсыз жағдайларды ғана айтатын боламыз. Мен бірден-ақ бастайын, мүмкін бе?

Батманов күлді де, желкесін қасыды.

— Өзің тілек еткеннен кейін, енді қалай шегінерсің!

— Зятьков маған оның әдісін қалай үйреніп жүргенінді айтты. Бастықты труба пісіруге үйреттім, деп Умара да мақтанды.

— Мұны сен бекерге айтып отырсың! — деп Батманов ызаланғандықтан түрегелді.— Мен шеберліктің қайсысын болса да жақсы көремін, соны үйренуге қолым қышып тұрады. Өзің істеп көргенің қызық емес пе?

— Мен де қарсы емеспін! Сені тым жақсы түсінемін де.

— Зятьковтың әдісі басқа учаскелерде де пайдаға асады, Умаранықы де сондай.

— Мен де осы жөнінде айтпақшымын! Жұмыстың жақсы әдістерін таратуды тек өз қара басыңның көрсетуімен ғана шек қойып жүре көрме. Сен бірінші Петр емессің және заман да басқаша. Құрылыста техникалық насихатты бірлесе отырып, жолға салатын болайық. Кеңінен құлаш жайып, ойдағыдай жүргізейік! Пущинге Умара мен Махов жөнінде үгіт листовка шығартқызайық... Сол Зятьков пен Петрыгиннің өздерін стахановшылар әдісінің нұсқаушылары етіп бөлейік, стахановшылардың мәжлісін шақыруды даярлай бастайық — әуелі учаскелерде, одан кейін жалпы құрылыс көлемінде өткізелік. Бола ма?

— Парторг жолдас, іс болады,— деп Батманов шылым тұтататын шақпағын ұсынды. Енді қатарынан үш папирос тартшы... Ал асыра мақтағаның үшін отты бермей қойяын деп едім. Әлде саған шай берейін бе?

Олар шай үстінде, біріне-бірі достық шыраймен қарасып отырды.

— Василий, тағы бір нәзік мәселенің тақырыбын қозғауға рұқсат етші. Мүмкін бе?

— Батманов басын ызеп:

— Қозғай ғой...

— Мен былай деп түсіндім: сен Геня Панковты бала қылып алмақшы көрінесің.

Василий Максимович бұл сөзге селт еткендей болып, стакандағы шайын кейірек қойды.

— Қалай, мақұлдамайсың ба?

— Неге мақұлдамайын? Тек достық ретінде ғана ескерткім келеді. Сен білесің бе, менің Ленькам да асырап алған бала

ғой... Бірақ, ол біздікіне үш жасында келді. Ал, Генка он бес жаста! Қазірде сен жалғыз өзің, сенің жүрегіңде сондай қайғы бар... Оны шошытып алып жүрме.

— Мен бұл туралы ойлағанмын, бәрін де түсінемін,— деп, Батманов орнынан тұрып, олай-бұлай жүре бастады.

— Панков оған зор бостандық берді. Ол ақылды әке болды, баланы алыстан қарап бағалды.

— Мен де өз ойыммен, өз дегенімді балаға орынсыз істе деп қыстамаймын.

— Мұның дұрыс Василий, сенің балаға деген ықпалың байқаусызда әсер етуі керек. Ол сені әкесіндей көріп, саған ол әбден үйреніп болғанша, өзіңді қысып ұстауға тура келеді.

— Байғұс бала, сондай аянышты! — деп Батманов қатты күрсінді.— Кеше мен байланысшыларға барып едім, сонда көрдім өзін... Есік алдындағы баспалдақта өксіп жылап тұр екен. Ақылыңнан адаса жаздайсың.

Батманов отырды да, екі қолымен басын ұстады.

Құрылыс бастығы мен, парторг өздерінің міндеттерін атқаруға бірден кірісе қойған жоқ. Залкинд учаскенің адамдарын шақыруға ұйғарды.

— Жұмысыңды осында істе,— деп Батманов оны есік алдында тоқтатты.— Менде почта үйіліп қалыпты. Қағаздарымды секретарьсыз-ақ жайлап қарай берейін, ал саған бөгет жасамаймын.

Екеуі кішкене бөлменің екі бұрышында отырды да, әрқайсысы өз жұмыстарымен шұғылданды. Залкиндке учаскенің қызметкерлері, коммунистер мен партияда жоқтар да бірінен соң бірі келіп жатыр. Батманов үлкен портфельден қағаздарын шығарды да, оларды ақырын қарай бастады, қағаздарға бұрыштама қондырды, кейбіреуін жазып алды, өшіріп қайтадан жазбай тап-таза етіп телеграмма мен хаттар жазды. Залкиндпен сөйлескендегі оның алған әсері әлі ойынан кетпеді, ол парторгқа қарап қойып, келгендермен сөйлескен сөздерін де лажсыз тыңдай отырды.

Карпов келді. Парторгтың оны не үшін шақырғанын Батманов сұрақтардың үстінде-ақ түсінуге тырысты. Василий Максимовичке жалтақтап қарап қойып, Карпов ақырын дауыспен, мұздағы жұмыстар жөнінде бар ынтасымен айтады. «Учаскедегі партия ұйымының секретары етіп нақ осы Карповты сайлайтындығына, Михаилдың көзі жетіп отыр, оның тағы бір рет байқап көргісі келген екен»,— деп ойлады Батманов.

— Иван Лукич, жолда мен Нижняя Сазанкаға соғып едім, сенің селендес адамдарыңды көрдім,— делі парторг.— Олар сенімен қалай айрылысқандарын еске алып, арада жанжал болғанына өкінішті. Олардың ойынша, өз жайыңды әуелі сен хабарлап жіберуің керек екен. Дұрысында сенің оларға хат

жазуына уақыт жеткен жоқ па? Ешнәрсе де болмаған сыяқты хат жазып жібер...

Карпов күліп жіберді.

— Жоқ, жігітім, маған ең әуелі олар өзі жазсын. Бүкіл семьямның мазасын қашырып, сол арқылы мені шошынады, құрылыстан бастартып елге қайтады деп үміттенеді... Дегенмен, ойлап көрейін, мүмкін өзім жазармын. Біз жақын адамдармыз ғой, ал болмашы ерегіске бола, ырың-жырың болмаспыз.

Карповтан кейін іле-шала парторг Гончарук пен Умараны шақырды. Содан кейін Сморгков келді. Оның артынан Ковшов кірді. Залкиндің Алексейге деген сөз әлпетінің қатаң, ызбарлы келгеніне Батманов таң қалды. Әшейінде Михаил Борисович инженерге сондай әкелік мейрімділікпен қараушы еді.

— Ковшов жолдас, сіз Смирновты неге бөгедіңіз? Ол бұдан бес күн бұрын Новинскіге семинарға баруы керек еді.

— Михаил Борисович, Смирнов маған өте қажет. Бұғазда қазір жұмыстың қызу екенін өзіңіз білесіз ғой. Татьяна бір өзі үлгіре алмайды. Ең құрығанда Смирнов семинардан қалып қояр, одан бүлініп бара жатқан ештеңе жоқ.

— Сіз өзіңіздің іскерсінуіңізбен мені қатты ренжітіп отырсыз. Мұндайды бұрын сізден сезгенім жоқ еді. Партия оқуы қандай жағдайда болса да тоқтамауы керектігін білетін мезгіл болған сыяқты. Бұғазда жұмыстың қызған кезі екенін мен сізден сорлы білмеймін, сонда да осы учаскеден Смирнов пен тағы үш жолдасты Новинскіге жіберу жайында нұсқау бердім. Басқалары үшін маған Рогов жауап береді, ал Смирнов үшін сіз бересіз. Басқаның жұмысына ойда жоқ жерде неліктен араласпақшы болдыңыз?

— Мен бұл мәселені құрылыс бастығымен келіскенмін, — деді парторгтың қаталығына таңырқаған Алексей.

— Батманов жолдас бұл жөнінде дұрыс істемеген, — деп қатты айтты Залкинд. — Құрылыс парторгының жарлығын оның өзгертуінің қажеті жоқ еді. Бірақ жасыратыны жоқ, ойда жоқ жерде сіздің де инициативаңыздың киліккенін менің анықтап білгім келеді. Тым болмағанда: құрылыс бастығына айтпастан-ақ, сіз, өзіммен байланысуыңызға болатын еді ғой.

Ковшов соншама абыржып, оның сүйемелін күткендей Батмановқа қарады.

— Дұрыс, Смирновты қалдыра тұруға мен келісім бергенмін, — деп Василий Максимович мойнына алды. — Сөйтуім арқылы, Ковшов жолдас, сіздің қатенізді мен бекерге қолдаппын. Екеуміздің де жасаған қатемізді дереу түзетіңіз: Смирнов оқуға бара берсін.

Алексей столдың қасында тұрып өлшегіш аспапты олай-бұлай айналдыра берді. Залкиндпен түсініспейінше оның бұл арадан кеткісі келмеді.

— Әрине, мұным дұрыс болмаған,— деді ол қынжылып.— Мұны терістікке жорымауыңызды өтінемін, Михаил Борисович, сізді осындай бірдеңемен мұқатам деген ой менде болған жоқ. Бұл мәселе маған мұндай калпында емес, оңай бірдеме сыяқты көрінді.

— Түсінігің жақсы емес,— деп оның сөзін Залкинд бөліп жіберді.— Бұл туралы доғарайық. Менің ескертуімді келешекте есіне ал, болды.

Ковшов лажсыз шығып кетті. Залкинд күліп жіберді де, оның ажары бірден жадырай түсті.

— Біз қалай болсын, бірімізге-біріміз бөгесін жасайды екенбіз, мен соны көріп отырмын. Бізге бір жатақта үнемі отыра беруге болмайды екен.

— Тым құрығанда бүгінше болса да өзді-өзімізді берік ұстап, екі бөлінбей-ақ қоялық,— деп Батманов әзіл түрмен жауап берді.

Бұлар жұмыстарын істей берді. Есік қағып, Кондрин кірді. Парторг онымен танысу үшін, «нефтепровод салушылар» самолеттерінің эскадрильясына ерікті түрде қаражат жыйнаудың жайын білу үшін шақырған; Михаил Борисовичтің тағы бір білгісі келгені, аға бухгалтердің Мерзляков жайындағы пікірі еді, бұрынғы учаске бастығының мемлекет қалтасына қол салғандығы немен дәлелденеді? — Соны білу болатын.

Кондрин алғашқыда бірден қыйпақтап қысылып еді, бірақ лезде бойы үйреніп, парторгқа саспастан, сұрағына толық жауап бере бастады. Батманов қағазды тағы да қоя тұрып, аға бухгалтерге анадайдан қарап отырды. Ақмақ емес, іскер бола тұрса да, Василий Максимовичке бұл жолы да ұнамады. Ол өзін тым жақсы ұстады, бірақ жауабында тым асыра жағынушылық жасап жіберді.

«Шынымен сүйкімсіздік деген нәрсе, бір ғана оның сыртының ұнамсыздығынан немесе біреудің дәлелсіз күдіктенуінен бола беруіне мүмкін бе екен?» деп сұрады Батманов өзінен-өзі. Сөйтті де ол парторгқа қарады. Мұны оның сыртқы бейнесі: ашық жүзіндегі батылдық, көз аудармастан тіке қарауы, еркін қыймылы, кожайындық манері айқын көрсетті.

— Василий,— деді оған Залкинд Кондринді шығарып жіберген соң.— Кеңсең сені зеріктірген жоқ па? Жүр, учаскені аралап қыдырайық. Есіңе салып қойяын: Умара Магометтің звеносына біз бүгін Қызыл ту, Маховка кеме жалауы мен машинаға жабатын қызыл жабу тапсырамыз.

Залкинд шақырды дегенді естігенде, Кондриннің зәресі жаман ұшты. Оның ойына: Серегин сөзінде тұрмады-ау деген күдік келді. Бухгалтер Залкиндке барғанда айыбын мойнына алмақшы болып келді. Бірақ айыпты мойынға алуға тура кел-

меді, өйткені әңгіме барынша тыныш, жай жұмыс жөнінде ғана болды. Сонымен бірге, Кондринге: парторг тесіле қараған тәрізді болып көрінді. Мүмкін, ол жаңа адамдардың бәріне де осылай тесіле қарайтын болар? Залкиндпен кездесудің өзі Кондриннің әбден құтын қашырып жіберді. Ол өзінің конторында ешбір жұмыс істеместен бостан-босқа отырды да далаға қыдыруға шығып еді, Серегин жұмыс істеп жатқан механикалық мастерскойдың қасына келгенін білмей де қалды.

Механиктің бөлмесі жалпы цехтан жаңа тақтаймен қоршалып бөлінген, бірақ әлі салынып бітпеген еді. Серегин бір бөлек шойынның үстінде отырып алып, ыңылдап ән салып, еденге жайып салған үлкен чертежге қарап отыр. Олар Филимоновпен жаңа ғана насостың аса бір маңызды жерінің схемасын қағазға аударып көшіріп жатты да, Филимонов алғашқы эскизін алып Беридзеге жүгіріп кетті. Іске әбден көңілі кеткен Серегин Кондринді байқамай да қалды. Анау аяғының астында домалап жатқан бөлшек темірді теуіп жіберді де ұрса бастады.

— Еңбек етіп, ән салып, отырсың ба, механик ит? — деп сұрады ызамен.

Серегин үндемеді, шашылған бөлшектерді өзіне қарай жыйнастырды да, қайтадан чертежінің қасына барды. Оның бет ажарында қасарғандықтың белгісі бар.

Кондрин онан сайын қатуланып, аяғының ауырғанына қарамастан еш жазығы жоқ темір бөлшегін тағы теуіп жіберіп, Серегинді омырауынан ұстай алды.

— Сен неге соқтығасың, неге құтырдың? — деп Серегин жұлқынып шықты.— Әрі кетші өзің!

— Жоқ, Мәстек, мені ешқайда кетіре алмассың,— деп Кондрин бұрқан-тарқан болды.— Сенімен біз бір арқанмен байлаулымыз, біздің жолымыз да бір. Сен менен кетіп Залкиндке бара алмайсың. Менен кеткендегі барар жолың біреу — ол молаға қарай тарту. Онда мен сені апарып әбден жайлы орынға үлде мен бүлдеге орап орналастырам, бірақ саспа.

— Әй, қойшы, сен өзің! Жұртты шақырам! — деп Кондриннің шапыраштанған, адам көргісіз бет ажарынан шошынған Серегин үнсіз дауыспен ышқынып айқайлап жіберді. Анау механикті қоя берді де, мойнын ішіне тартып айнала қарады. Серегин мойынын сыйпап, терезенің жанындағы токарь станогінің қасына барды.

— Сенің қайта тәрбиеленгенінді көріп тұрмын, отыз тыйынға мені сатып жібермекпісін. Есіңнен адаспа, Мәстек. Сен де мен қандай болсам, сондай арестант адамсың.

Мен ондай емес, ерікті адаммын! Мен өз күнамды ақтадым!

— Ол түк те емес! Таңбанды жуа алмайсың, бәрібір сол таңбамен жүре бересін.

— Өзің менен не тілейсің? Саған ешкім тиіп тұрған жоқ қой.

— Мені парторгқа айтып түрткілеген сен емессің бе, соны білгім келеді. Ол сондай маған тесіле қарайтын болып алған.

— Мен ештеңе айтқаным жоқ. Егер де байланыса берсең, айтам! Сенің адал болдым дегеніңе мен сенбеймін. Әуелден арам едің, сол арам күйінде қалдың.

Кондрин бір секіргенде механиктің қасына жетті.

— Аузыңды ашшы тағы, тілге келтірмейтіндей етейін! Тілегің сол болса, жаныңды шығарайын,— деп Кондрин Серегиннің көкірегіне пышағын тақады.

— Саған тіпті бірауыз сөз айтуға болмайды,— деп күбірлеп, Серегин пышаққа зәресі ұша қарады.

— Ендеше, ойлап сөйле,— деп өзінің қылығына қанағаттанған Кондрин, пышағын қынына салып қойды.— Мәстек, сен өзің мені білесің ғой, тағы бердеме десең болғаны, мен сені құдайдың тасбақаны сойғанындай етіп соямын.

— Маған сонша несіне жабысасын, мен саған не істедім? Өз бетіммен жұмыс істеп отырмын ғой.

— Істеп отырмын ғой,— деп Кондрин оны кекетіп қойды.

— Әлдеқандай ынталы адам бола қалыпты! Есек!

Серегин бухгалтерге қатты ашумен қарады, бірақ өзін өзі тоқтатты. Кондрин табуреткаға отырды да, темекі тартты. Ол Залкиндпен сөйлескен сөздерін еске алып, тісін қайрады. Кенет есіне бір нәрсе түсіп кетіп, атып тұрды.

— Мәстек, сөзіңді ұмытпа... Егер тірі болам десең өңінде де, түсінде де ұмытпа,— деп Серегинмен қоштасты.

Көп кешікпей Филимонов мастерскойға қайтып келді. Кіре берісте оған Кондрин кездесті. Филимонов Серегиннің түсі өзгеріп кеткенін байқап қалды, механик тым жабығып кеткен, оның әлгіндегі көтеріңкі кеңілінен ешқандай белгі де қалмапты. Насостың жетпейтін бір бөлшектерін дайындау үшін ризалық білдірген Новинск заводының директоры Тереховтен Беридзенің телеграмма алғандығын да ол селқос тыңдады.

— Кондрин екеуіңнің араң қандай — деп сұрады Филимонов.— Онымен қандай байланысты ісің бар? Жасы жөнінде де, мамандығы жөнінде де ол сізге жолдас сыяқты емес...

— Ешқандай байланысымыз жоқ,— деп Серегин тез ғана жауап берді.— Ол менің ертедегі танысым, кейде ол әңгімелесу үшін жай келеді... Осылай деді де механик қысылып кетті. Керек десе, Кондрин олардың бұрынғы таныстығы жөнінде ауызға алудың өзіне де рұқсат етпеген еді.

Бесінші тарау

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫС КҮНДЕРІ

Бұғаз мұзының үстінде, взрывпен ойған мұздың суатты жырасымен қатарласа, жалғаған ұзын үш трубопровод бірімен-

бірі түйісіп, ағаш төсеніштің үстінде жатыр. Олар бұғаздың жағасынан көз жетпестей алысқа, көкжиегіне қарай атқан оқтай түп-түзу болып қарауытып созылады.

Гончаруктің басқаруымен оншақты жұмысшы трубопроводтың сыртындағы топырағы мен татын жан сала қыймылдап тазартып жүр. Бұл азабы көп және көңілсіз жұмыс еді. Зырылдап, шырылдаған жан түршігерлік дауыстан құлақ шынылдап бітеді. Темірдің ащы тотты тозаңы әуеге көтеріліп ұшады. Оның есесіне, ерсілі-қарсылы зырылдап жүгірген темір қырғыш пен орақ сыяқты иіліп келген щеткамен тазартқан соң, трубалар көз алдында түрін өзгертіп — қара түсі жарқырап, күреңденіп, ақырында қызғылт болып көрінеді. Тазалаған кезде темір тозаңы көтерілмейді. Жұмыс жөнінде Гончарук өте қатал болды, оған күңкілдейтіндер де табылды.

— Трубадан ойыншық жасағысы келеді...

— Оны бәрібір кірлетеді ғой.

Айтқанындай-ақ, күннің жылына бастағанын пайдаланып, тазартылған трубопроводты изолировщиктер қарамайға ұқсас ыстық қара бірдеңемен қалың қылып майлап қойды. Бұл майды — қоспа қосып еріткен битумды — осы араның өзінде мұздың үстіне үлкен қазанға қайнатып жасады. Оның үстінен джут полотносымен тығыздап орады да, битуммен тағы бір қабақ майлады. Тек түйістіріп пісірілген жерлері ғана изоляциясыз қалдырылды, секцияны теңіз түбіне түсірер алдында, тығыздығын айыру керек еді.

Компрессордан ауа жіберіп тұру үшін, тарлау трубаларды қоса пісірген. Секцияның екі жағынан да, тығыз темір тығынмен жауып қойған. Компрессорды жүргізіп, ол трубопроводтын ішіндегі ауаның бәрін айдап шықты. Беридзе мен Алексей компрессордың қасында тұрды да, қысымның қанша екенін монометрден бақылады. Егер де қысым төмен түссе, онда пісірілген жердің бірінен ауа шығып кететіндігін көрсеткен болар еді.

Умара мен Кедрин осы арада тұр. Умара керек кезінде киліге кетейін деп, инженерлерді бақылауда болды. Кедрин жұмысы жоқ адам тәрізденді, бірақ ол да тықыршып, бір минут та кетпей осы арада жүр. Пісірушілердің қаупі бекер болып шықты. Трубалар сыннан аман-есен өтті. Ковшов трубопроводтан ауаны шығарып жіберуге, қосқан жерлерге изоляция жүргізіп, секцияларды бұғазға түсіру үшін әзірлеуге бұйырды.

— Эх, Батманов пен Залкинд жоқ болды-ау, «албастыны» біздің қалай жерлегенімізді олар да көрген болар еді. Күтіп отыра алмады, — деп өкінді Карпов.

Алексей ызаланып қолын бір-ақ сілтеді, қазір оның тек бұғазға түсіруге тиісті трубопровод жайында ғана ойлауға мұршасы бар еді.

Карповтың жәрдемшілері «албастыны» сым арқанмен ортасынан байлап мұздың ойылған жерінің арғы жағында қатарласып тұрған төрт тракторға тіркеді, екі шетін — бірі мұздың үстінде тұрған, екіншісі жағада біріншісінен жарты километрдей жерде тұрған екі шығырға тіркеді. Бұл жауапты операциядағы істің барлығы да алдын ала ойланып, дайындалған, ал енді трубаны суға түсіру, Алексейдің секундомері бойынша, қолымен ишараттап көрсетуі бойынша өте тез істелді.

Ковшов қолкабымен сілтеп калып еді, тракторлар гүрілдеді де, бәрі бірдей суаттан арман қарай қозғалды. Сым арқандар сылдырлай тартылып, мұз үстіне күні бұрын төселген төсеніштің үстімен сылдыраған майлы қара трубаны соңынан домалата тартып сүйрей жөнелді. Бүйірдегі сым арқанды орап, шығыр да сытырлады.

Трубопровод ақырын дынылдап мұздың суатты жарығына жақындады, Алексейдің өзі де оны ұзын темір труба өзімен бірге сүйреп бара жатқан сыяқты еңкейіп отырып қалғанын сезбей қалған.

Ұшып тұра келіп, инженер қолкабымен тағы бір сілтеді. Тракторшылар дереу сым арқандарын босатып жіберді, қалың мұздың шетін сындыра трубопровод суға батты, суаттың бетінен көгерген лай су бұрқ етті.

— Епті түсірілді! — деді Силин кеңілі көтеріліп. — Бәрін үзіп, батып кетеме деп қорқып едім. Тіпті зор ғой! Өзі болат, өзі ауыр болса да, оның батып кетпейтінінің өзі бір керемет.

Іші қуыс, сондықтан да батпайды. Оны шығырлар да темір арқанмен ұстап тұр деп түсіндірді Карпов өзінің қасына жыйналған құрылысшыларға. Бұрынғы балықшы өзінің тойы болып жатқандай көңілді еді. Енді оны суға батыру керек. Осының бәрі қандай қызық, жігітім!

— Сөзді токтатындар! Өз орындарында тұрындар! — деді Алексей айкайлап, айналаға мазасыздана қарап, ол тек мұз үстіндегі топтанған жұртты жаңа ғана көрді.

Ковшовтың командасы бойынша трубопроводтың бір жағын шығырлармен су үстіне көтеріп шығарды. Тығынды алып тастады. Жағаға қаратылған түбіне металл сетка кигізді.

— Түсіріндер! — деп айкайлады Алексей.

Темір арқанды біртіндеп босата бастағанда жағадағы шығыр сатыр-сұтыр етті. Болат трубаның бір басы суға тез түсіріле бастады, судың үстінде сорайып шығып тұрған екінші басынан пыс етіп ауа шықты. Көп кешікпей барлық секция да суға батты. Тек өңеші ғана бұғаздан шошайып шығып тұрды. Бұл араға үлкен шанамен қобдый тәрізді ағаш үй алып келді, мұздан сүнгі жасалып жүрмесін деп, онымен трубопроводтың сыртқа шығып тұратын жерін жауып қоймақшы болды.

— Ол судың түбіне барып иіліп жатыр, жігіттер, — деп

жауап берді Карпов, жұмысшылардың сұрауларына.— Ендігі жұмыс сүңгуірлердікі.

Жағадан Смелов пен тағы екі сүңгуір мұздың астына, бұғаздың түбіне түсуге дайындалды. Олардың қолында электр фонары мен темір ұстағыштары — гидромониторлары бар, одан жағадағы насосқа қарай өңештей жуан резинка тартылған. Сүңгуірлер судың астына түскен қалпы судың түбіне трубаның тегіс батып жатқанын қадам басқан сайын тексере бастады. Тегіс батпаған жерін тауып алып гидромонитордың күшімен олар тегістеп жатқызып отырды.

Алғашқы күні Смелов тым қатты кетіп, су астында көп жүріп тіпті сүңгуірлерді мұздың бетіне шала жансар күйінде сүйреп шығарды. Оның өзі де осыдан кейін бір тәулік жатып қалды. Таня Васильченко оған жиі-жиі келді.

Баяғы бір сөз қайта-қайта айтыла берді.

— Сұранбай-ақ қой, ұлықсатым жоқ,— деді сүңгуір.

— Смелов, сен адам сыяқты болсайшы! Істің өзі осыны талап етіп отыр ғой, — деп Таня түсіндіріп тұрып айтты.— Бұғазда кабель төсеу жұмысын мен өзім басқаруым керек.

— Сүңгуір әйелдерді әлі көргенім жоқ. Және көргім де келмейді.

— Мен сенен күштірекпін, тәкаппар еркек! Тілесен дәлелдеп берейін?

— Қазір дәлелдемей-ақ қой. Әуелі тәуір болып алайын.

— Сөйтіп, келістік қой? — деп Таня өзінің сөзін қайта бастады.

— Жок,— деп Смелов кесіп айтты да, теріс қарап кетті.— Менің тыныш жатуыма бөгет жасамашы.

Таня ашуланды да, кетіп қалды.

Бірнеше күннен кейін судың түбіндегі траншея тағы бір километрге созылды, бұғаз мұзының үстіне төртінші секция қосылды, изолировщиктер үшіншіні тазартып және битуммен майлады, ал екінші секцияны трактормен бұғазға сүйреп әкелді. Екі жақ басы бірден тығындалып қойылған труба темір арқанға байлаулы ұшымен суда қалқып тұрды.

Суға түсірілген және қалқып тұрған екі секцияның ұшын пісіру туралы Умара Магомет бұйрық алды. Тек осыдан кейін ғана екінші, трубаны су түбіне түсіруге болатын еді.

Секцияның екеуінің де тығындарын суырып алып, шешіп жалтырағанша тазартты, трубаның біреуіне екі трубаны ұстастыратын үлкен темір сақыйна-жалпақ құрсау кигізіп, оны әзірше бір жағына қарай жылжытып қойды.

Умара бұғаздың мұзында тұрып газды аспаппен пісірді. Содан тактайлы алаңға, суға түсірілген ағашқа шықты. Бұғаздың мазасыз алаңындағы тактай шайқалып, су Умараның киімі мен бетіне шашырады.

— Бұл сайтаның мүлдем құрып кетсін! — деп пісіруші ашыланып қалды.

— Умара, демал, — деді Алексей. — Болмаса пісіруді қоя тұр, тақтайды қалай орнықты етіп бекітуді біз ойлап көрелік.

Пісіруші жауап қатпады. Ол отын «төбеге» қарай ұстап салдың үстіне, трубаның қосылған жерінің астына келіп жатты.

Суда қалқып тұрып Умара ұзақ істеді, ал аяғына дейін әлі көп бар еді. Пісірушінің үсті-басы мұз боп қатып, керек десе айқайлап, ұрсуды да қойды.

— Магомет, мұздың үстіне шық! — деді Ковшов қатты дауыстап. Умара инженерге ызалана бір қарады және бажылдаған дауыспен:

— Ешеңеге түсінбейсің де, айқайлайсың! Болмайды тастауға болмайды!

Түйістіріп пісірілген жерге құрсау кигізілді. Умара жалтыраған жиегіне электр аспабын апарып тосты. Бұғаздағы су біресе кетеріліп, біресе төмен түседі, трубопровод та жан біткендей қозғалады.

— Бейнебір ышқынып, дем алған сыяқты, — деді Карпов ақырын сыбырлап. — Демін ішіне тартады да, қайта шығарады.

Қатты бір «дем шығарғанда» су кенет шайқалып кетті, болат труба қозғалды да тақтайды басып қалды. Тақтай сәл ауып кетті, көгерген жалын ауаны жаңғыртты. Ұшып түскен Умара суатқа барып күмп берді. Осының бәрі лезде, көзді ашып жұмғанша болды. Тек Карпов қана сасқан жоқ. Ол мұздың үстіне жата қалып пісірушіні киімінен ұстай алды. Су болып тоңған Умараны қолтықтап жағаға шығарып, жылытуға алып кетті.

Тақтайды мықтап бекітті. Оның үстіне Кедрин шықты. Ол асықпай-саспай, еппен қалғанын аяқтады. Темір құрсауды тазартып, изоляция жасайтын маймен майлады.

— Сақтаныңдар! — деді Алексей айқайлап.

Бәрі де жан-жаққа қашты.

— Түсір!

Трубопроводтың екі секциясын қосып пісірген үлкен бір бөлегі судың бетін бұрқылдатып, шымыр-шымыр етіп, түбіне барып батты. Көп ұзамай бүкіл екінші секция да батты, тек оның ұшы ғана шошайып көрінеді.

— Алеша, графикті қуып жеттік қой, — деді Беридзе, оның сақалының мұз болып қатқанын өзі тек қазір ғана сезді.

— Енді басып озу керек, — деп жауап берді Ковшов. — Ол айнала қарап, бүгін тағы бірдеңе істеуге болмас па екен дегендей етті.

— Болмайды, — деді Беридзе құныққан көз қарасына түсіне күліп.

Шынында да, қаракөлеңке бола бастады, қыстың түні тез

түсіп, каранғылық жауып, мұз үстіндегі барлық жұмыс тоқталатын болды.

— Мұнда өзінді еш уақытта да қожамын деп сезбейсің, — деді Алексей мұнын шаққандай болып. — Кенеттен түнде жағадан мұз айрылып кетсе, немесе ойда жоқ жерден баска бірдеңе болып калса не істейсің? Түсімде мен әртүрлі палелерді жиі көріп жүрмін.

— Қазір бұғаз тыныш, — деп Беридзе қарсы болды. — Бірақ, әрине, асығу керек.

Жағадан гудоктың даусы естілді. Ол біресе басылды, біресе күшейе-күшейе айқайлады. Электр шамы жағылып, жұмыс істеліп жатқан алаң мен мұз жолды жарық қылды.

Инженерлер үйлеріне қайтты. Қатты шаршағандықтарын олар енді білді. Шаршағандық бұларды ауыр жүк сыяқты төмен тұқыртып, аяқтарын бастырмайды.

— Мен қазір жататын шығармын, — деді Алексей. — Осы арада, мұздың үстінде жата қалып ұйқтап та кетермін.

— Алеша, мен саған айтармын деп есімнен шығып кетіпті ау... Ертеңгілікте учаскедегі жұмыстардың барысы жөніндегі кәдімгі баяндамасынан кейін Гречкин, Женя Козлова турасында әңгіме қозғады. — Беридзе жайлап, еріншектеніп, сөзді сараң сөйледі.

— Оған бірдеңе болып қалып па? — деп үрейленді Алексей.

— Ештеңе де болған жоқ! Ол осында, бізге жіберуді сұраныпты. «Козлова маған бөлімге де өте керек, оның үстіне, комсомол қызметі бойынша да жұмысы көп, егер де керек десеңдер, оны бір ай, бір жарым айға жіберуге болады» — дейді Гречкин.

— Сен қалай деп шештің?

— Гречкин бұл жөнінде селектормен бәрін толық айтуға именген болу керек, тек оның өзі түсінсін деп, мағна беріп айтқандағысы: «Женяның бұғазаға барғысы келеді, Ковшовка айт, ойлап көрсін, Женя барсын ба, әлде барудың керегі жоқ па» — деді. — Қарашығым, Алеша, мен былай деп түсінем: Женяның қызығып жүргені біздің учаске емес, сен болуың керек... Егер де мүмкін болса түсіндіріп айт, сенің онымен қандай қатнасың бар...

— Менің тарапымнан — тек достық қана қатнас. Басынан ақырына дейін.

— Ал, оның тарапынан — достықтан гөрі өзгешерек, солай ма?

Алексей жолдасына сынай қарады.

— Я, біз екеуміз шаңғы сапарынан қайтып келгенде, сондай бір кезең болды да, жағдайдың ықпалымен, мен жәй достықтың шегінен аттап кете жаздадым. Өзім біртүрлі жалғызсырап жүрдім, ал ол да мені сондай жақсы көріп қарсы алды.

Маған жақсылықпен бой ұрғандық білдірді. Сол минутта маған мынадай ой келді: егер де мен бұл қызды еркелетіп құшақтасам, бұл менің Зинаға деген махаббатыма нұқсан келтірмейді ғой дедім. Және осы ойымның өзінен бірден қатты ұялдым. Бұл барлығын да, менің махаббатымды да, өмірімді де бұзады екен — мен өзімді-өзім билеуден қалады екенмін, деп ойладым. Мен өзімді-өзім тоқтаттым. Женя маған, сірә, екпелеген болу керек, мен оған құрғақ қана бір нәрселер айттым да, алғашқы кездесудің қуанышын бұзып жібердім. Осылай ету керек болды. Түсінесің бе мені?

— Түсінем! Жақсы түсінем, Алеша!..

— Мұндай жұмсақтығыма кейіннен өзіме ешуақытта да кешірім жасамаған болар едім. Менің сүйікті жарым майданда, қауіп-қатердің арасында жүр, ал мен өзімнің бір минуттық жүрек толқуымды басып ұстауға шамам келмейді. Бұл Женя жөнінде де менің жақсы істемегенім болар еді. Өйткені, ол адал ниет, шын жүрегімен сүйеді.

— Алеша, келші, сені құшақтайын. Жігітсің...

— Міне енді құшағын жая бастайды,— деді Алексей күліп. Беридзеден кейін қарай шегініп.

Сонда да Беридзе мұны құшақтап алып, қатты қысты.

— Женяның мұнда келуінің керегі жоқ қой деп ойлаймын. Ол тәуір адам, жақсы да қызметкер, сөз жоқ, пайда да келтірген болар еді. Ал, сонда да, сендердің бөлек тұрғандарың дұрыс болар. Оның үшін де жақсы. Ол сені көрмесе тезірек басылады. Сен қалай дейсің.

— Мүмкін сенікі дұрыс болар... Өзіңнің ойлағаныңша істе... Жеттік-ау әйтеуір!..

Алексей көңілі жайланып, кішкентай үйлерінің есігінің тұтқасына жабысты. Бар арман тезірек барып төсекке жату еді...

Бұғаздан ең кеш қайтқан адам Ковшовтың жұмыс жөніндегі жәрдемшісі — Карпов болды. Ол бәрін байқап, есіне алып, шамалап қарап шықты.

Үйде оны Сморгков қарсы алды. Шофер алыс жолға барып Адунға қарай қайтып келе жатқанда, балықшылар одан Карповқа деп хат жіберген.

— Рахмет, жігітім! — деді Карпов Сморгковтың қолын қысып.

Ол конвертті бүктеді, бірақ ашпады. Шешініп, жуынып болып, шофердың кетуін күтті, тек ол кеткен соң ғана хатты оқуға кірісті.

«Құтырған неме, сен неге үндемей жатырсың? — деп сұрапты әйелі одан.— Жердің жарығына кіріп кеткен сыяқтысын. Жұрт маған тыныштық бермейді: «Иван Лукич қайда, тірі ме екен өзі, ол турасында газетте неге жазбайды? Колхозда істеп жүргенде жиі жазушы еді.» Рубежанскіден газет алдык, сіздің

құрылыс жөнінде үлкен мақала бар, жүздеген фамилия аталған, ал сен жоқсың. Мүмкін колхозға қайтып келерсің? Ал, жұрт саған бәрібір ренжіп жатыр. Тіпті болмаса жәй көрініп, келіп қайтсаң да болар еді... Сені оңай босатпай ма, сен сыяқтылар онда жүздеген болар, егер кеткен күнде де ешнәрсе етпейді, байқамайды да. Тіпті білмеймін, саған не істеуім керек? Осы құрылыспен екінші рет байланыстың. Өзің бірталай жасқа да келіп қалдың, сонда да мектепке сұранған бала сыяқтысың. Қыздарың саған сәлем жолдап жатыр. Ал әкең үндемейді. Сені кетеді деп, ол ойлаған жоқ еді, сондықтан ашуланды. Менің де қатты ашулануым, хат жазбауым керек еді. Бірақ жүрегім шыдамады. Сірә, онда саған жақсы болмау керек...»

Карпов шапшандатып жазған хатқа қарап, оның бүктесінін жайып, сүйсіне қарады да, өзінің тап-таза үйін, әйелін және столдың жанында отырған қыздарын көз алдына келтірді. Әкесі дауыстап газет оқып, олар тындап отырған сыяқты... Иван Лукич дәптерін алып, бір тарағын жыртып алды да, Нижняя Сазанкаға жолшыбай соғатын машинамен ертең жіберу үшін жауап хат жазуға отырды.

«...Өзің мені Батмановтың алдында ұятқа қалдырып, қуып шығарған соң, хат жазбадым. Жарайды енді, оны еске түсірмей-ақ қояйын — өткен іс, өтіп кетті ғой. Толық болмағанымен де, сенің мені түсіне бастағаныңды сезіп отырмын. Егер де мен құрылысты бітірместен құр босқа сандалып жүргендей болып, колхозға қайтып барсам, саған жақсы болар ма еді? Мұнда мен сыяқтылар көп деп жазғаның тіпті дұрыс. Деревняда мен бірінші жігіт едім, ал мұнда мен кішкене адаммын. Менің білімімнің қандай екенін өзің білесің — барлығы бес-ақ класс қой. Бірақ мен оған ренжімеймін. Тағдыр мені ақылды адамдарға әкеліп кез қылды, сондықтан мен мұныма ризамын, бәрін де көріп, оқып, үйренудемін. Мені мектеп іздеді деп кекетпей-ақ қой, мұнда оның ешбір ұят-шамы жоқ. Бізде бір Ковшов Алексей Николаевич деген инженер бар, қызмет жөнінде мен оның жәрдемшісімін, біздің аздаған бос уақытымыз болып қалса, маған математика мен физиканы түсіндіреді. Ол маған екі ыдыстағы сұйық заттың біріне-бірінің араласуы турасындағы аспапты айтты да, былай деп әзілдеді: «Бір адам көп білсе, екіншісі азырақ біледі, ғылым да біреуден біреуге осы сауыттардағы судай ауысып ағады... Иван Лукич, жуықта сен менің институтта жүріп профессорлардан алған білімім қанша болса, сонша білім аласың». Әзіл-әзілімен тұрсын, ал, мен инженерлерден көп білім үйрендім. Құрылыста да өте қызық! Біздің нефтепроводты қалай салып жатқанымызды келіп, сен көрген болсаң! Мұны жазып түсіндіру мүмкін емес, өзің көруің керек...»

Бір тарак қағаз жетпей, Карпов дәптерден екіншісін жыртып алды. Одан кейін Иван Лукич ренжімеңдер деп жазды,

егер де газетте жазбаған болса, ештеңе емес, ол жөнінде жауға әлі ертерек, кейіннен жазады. Қарпов үйге жай келіп қайдан да бастартты, құрылысшылар шынында да мындаған адам, бірақ әрқайсысы да керек және әрбір сағаттың өзі қымбат. Иван Лукич хатының қортындысында әйелін осында қонаққа кел деп шақырды: «Өзің келіп көрсен, таң қаларсың. Келуге онша алыс емес, барлығы екі-ақ жүз километр ғой. Жол бойында машина ағымып жүріп жатыр, қайсысы болса да, сені мінгізіп алады. Егер де келетін болсаң, жылырақ киін. Қыздарымды бек сағындым, мен үшін беттерінен сүйерсің. Оларды күнде түсімде көрем»...

Пущиннің учаскеге келгендігі келесі күні-ақ сезілді: бірінші листовка шықты. Тағы екі-үш күн өткенде, жаздыкүні теңіз жағасынан ұшқан шағаладай листовкалар учаскеге тарап кетті. Тайғаға бара жатқан автомашинаның үстінгі жәшігінде де, жалыны жалпылдаған темір пісіру аппаратында да, қатар қосқан сайын биіктеп бара жатқан үйлөрдің қабырғасында да, бұғаздың мұзы үстімен тракторлар сүйреп жүрген трубаларда да жапсырылған листовкалар ағарып көрінеді.

Ақшырайлы, көк көзді елеусіз ғана жүретін жуас жігіт Пущин мойымайтын қажырлы қызметкер екен. Ол көп ұзамай учаскенің көп сырын біліп алды, барлық жерге де барып үлгірді, тәулігінде ондаған листовкалар шығарды. Шоферлар әзіл есебінде листовканы «қосымша жанармай» деп атады, ол шынында да осылай болды. Листовкаларда жазылған бірнеше сөздер адамға жігер берді, оларды тағы бір артық сапарға барып қайтуға, қосымша үш труба пісіруге, мөлшерден тыс тағы бір текшеметр топырақ қазуға ұмтылдырды. Ағайынды Пестовтар дайындалған ағаш бөлшектермен төрт барак сала бастаған екен, Пущин ол туралы сол күні хабар жазды.

«Құрылысшы жолдастар! — деп шақырды кезекті листовка — бүгін бұғаздың түбіне үшінші секция түсірілді. Біз графиктен бес күн бұрын озып кеттік. Секция пісіруде Умара Магометтің қызыл тулы звеносы алда келе жатыр.» Немесе олар бетоншыларға арнап былай деп үндеу жазды: «Петрыгиннің бригадасы бүгін насос станциясының табанына мөлшерден тыс елу кубометр бетон салды. Бетоншы жолдастар, алдыңғы қатарлыларды қуып жетіндер!»

Өзінен ешкім озып кете қойған жоқ па екен деп білу үшін жаңа шыққан листовканы алып келуге немесе пісірушілердің басқа звеноларына барып біліп келуге өзінің жәрдемшісін күніне жүз рет жіберіп отырған Умара Магометке ешкім таңырқаған жоқ.

— Туды Кедринге бергің келіп жүр ме? — деп Умара

айқайлап, пісіру аппаратының қасында «Құрылыстың маңдай алды пісірушісіне» деген ту желпілдеп ілулі тұрған автомашинаға жүгіріп келді. — Менің бергім келмейді. Соғысты бітіргенше ту біздікі болады.

Оның аты шыққан үш листовканы Умара майдандағы туыстары мен Қазандағы қалыңдығына жіберді. Бұл олардан «сіздерді де мақтап жазған газет болса маған жіберіңдер», — деп сұрады.

Сморчков учаске трассасының ең шетіне дейін барып қайтқан ауыр жолдан келе сала диспетчерлер үйіне барып, бәрінен бұрын: «Махов пен Солнцевтің тасыған трубалары нешеу?» — деп сұрауына да ешкім таңырқаған жоқ.

Пущиннің құрылысшы тілшілері болды, бұлардың барлығы да ожданы коллектив боп біріккен жүздеген көз еді. Пущин олардың арқасында ешнәрсені байқаусыз қалдырған жоқ, үлгілі істерді ескеріп, нашар жұмысты сынап отырды. Семеновтың ағаш кесушілер бригадасы дайындаған сексен текшеметр ағашын жүз он текшеметрдеп онбасыға өткізбекші болған әрекетін листовка арқылы барлық жер білді. «Масқарашылық! — делінді онда. — Осындай кезеңде Семенов коллектив пен мемлекетті алдамақшы болды...» Трубопроводтың дайын болған төртінші секциясынан мақта куртканы бүктеп тыққан тығынды Карпов тауып алғанда, листовка дабыл қақты: «Жолдастар! Біздің арамызда жау бар. Олар нефтепроводтың нағыз жауапты жерінен авария дайындауға әрекеттенген. Жолдастар, әрбір кадам сайын, әрбір минут сайын қырағы болыңдар!..»

Коллектив жалпы мақсатқа жету жолында жұмыс істеді, листовка дегеніміз күнделікті тұрмысқа керекті, ал, редактор — бұғаздан өтудегі құрметті және толық праволы құрылысшының бірі болды. Оның газеттегі мақтағанын немесе сынын ешкім дұрыс емес деп айтқан жоқ. Бірақ ол онбасы Гончаруктің трубопроводты таттан және көпергеннен механика жолымен тазарту жұмысын ойлап тапқан рационализаторлық ұсынысын дұрыс жазбай бір рет кателесті, сөйтіп, өндірістік маслихатта оны қатты сынады.

Учаскенің өміріндегі барлық жұмыс, тіпті Пущин жазбағанының өзінде де, жұрттың сөзсіз игілігі болып алды. Шакпа тілді шофер Солнцевтің тарапынан «Басылып шықпаған листовка» деп аталған бір уақытқа біраз күн күліп сөйлеп жүруге себеп болды.

Шоферлардың жарысында комсомолец Махов бірінші орын алты. Құрылыс бастығы мен парторг оған радиотордың қызыл жабуы мен «жаксы шоферға» деген қызыл жалауымен әкеліп тапсырды. Сморчков пен Солнцев қаншама тырысса да, Маховқа жете алмай қойды. Өзінің листовкасына жаксы шофер туралы Пущиннің жиі-жиі жазып тұруы, әрине, табиғи нәрсе.

Редактордың Маховқа ерекше көңіл бөлетіндігін басқа шоферлар қызғанып әртүрлі саққа жүгіртті, олар тіпті Пущиннің сыртқы сыйпаты да бақытты шофер Маховқа ұксас екендігін байқады. «Шашы да сондай қызғылт және көзі көк» деп әңгімеледі. Әзілдегенде оларды туыскан да десті.

Дұрысында Пущин Маховқа ерекше сүйіспендікпен қарады, басқа шоферлардан гөрі мұнымен жолға да жиі-жиі шықты, тіпті олардың жатақ үйдегі койкалары да қатар тұрды. Оның мәнісі, соңынан анықталғанына қарағанда Пущин мен Маховтың Благовещенск мектебінде бірге оқығандығынан да, комсомолға бірге кіргендігінен де емес, редакторды тартқан нәрсе, көбінесе оның құрбысының алдыңғы орын алу үшін күрестегі табандылығы және тапқырлығы еді.

Сморчков пен Солнцевтің Маховты қусырып өкшелеген қызын күндерінің бірінде Пущин оның машинасының кабинасына қатар отырып алып, Маховпен бірнеше сағат бірге болды, автомашинаны тиіп, я түсіріп жатқан кезінде листовкаға мақала жазып та үлгірді. Бұл уақытқа соңғы сапарда болды...

Жолда кез келе берген көп шоқалақ мұзды айналып жүрем деп, Махов жүкті машинаның барлық салмағымен мұз бен су араласқан күртікке кіріп кетті.

— Мінеки енді Мусяның ыстық кофесін ішіп көрдік, — деді Махов түнере түсіп, жаңада ғана көп көшікпей дем аламыз деген Пущин мен екеуінің әңгімесін тұспалдап.

Махов ашулы сықакпен «бегемотын батпақтан» шығарам деп әрекеттеніп жатқанда, Пущин үш километр жердегі шоқалақ мұзды айналып өтетін жолды салып жатқан жұмысшыларға барды, бұл арада уақыт та кетті, жанармай да шығын болды. Жол салушылар тарыққан жолдастарына жәрдемдесуге жүгіріп келді де, машинаны сүйреп шығарысты. Бірақ, Махов пен Пущин бір километр шамасы жүргесін жанармайы бітіп, машина тоқтап қалды.

— Осы мұзы құрғырды душар қылған жын ба екен, пері ме екен! — деп Махов ыза болды. — Бір жарым-ақ километр жер қалды. Қазір Солнцев жүйрік бұғы сыяктанып, біздің қасымыздан зыр етіп өте шығады. Ой, қандай қорлық! Күлкі қылады! Қызым жалауды енді беруге тура келеді.

— Жыламай тұра тұр, — деп Пущин оны тоқтатты. — Тағы да не шара істеуге болады, соны жылдамырақ ойлан.

— Он бес километр жердегі базаға жанармай үшін жүгіріп барып келе ғой, — деді Махов көңілсіздеу әзілмен, өзі бұл пәледен қалай құтылудың әдісін басын катыра ойлап тұрып. — Егер де сен редактор бола тұра сөйтуің қолайлы болса, достым маған шынында да, жәрдем бергің келсе... деді ол бір кезде.

— Созба, уақытты бекерге кетіреміз! — деп Пущин оның сөзін бөліп жебірді.

— Машинаның қанатына жат та, карбюратормен майды сорғыз, мүмкін сонда түбінде қалған тамшысымен жетерміз. Тек сақ бол, қолыңды үсітіп алма! Кейін мақаланы аяғыңмен жазуға тура келіп жүрмесін.

Пушин сөз айтпастан, машинаның басқышына жатты да, шофердың өзіне көрсеткенінің бәрін істеді. Машина орнынан қозғалып жүріп кетті. Пушиннің жалаңаш қолы жылдам тоңды, удай ашып, қатып қалды. Мұздай жел бетке ұрды. Пушин бар күшін салып, жанармайдың акырғы тамшысын «сығып алды». Машина сегіз жүз метр жүрді де біржолата тоқтады.

— Түс, келдік — деп хабарлады Махов.

Пушин бір кезде баспалдақтан секіріп түсті де, кейін жол салушыларға қарай оң қолының саусақтарына жан кіргізу үшін уқалай жүгірді. Участкедегі жақсы шофердың жолына кездескен кедергіні жою үшін жасалған амалдарын алыстан көңіл аудара байқап тұрған жол салушылар жәрдемге өздері-ақ жүгіріп келе жатыр еді. Бұлардың бақытына қарай, қалған жердің бәрі ылдыйға қарай еді, жүкті машинаны бүкіл бригада болып қолдарымен де, иықтарымен де итеріп жүргізді.

Кешке жатақ үйде Сморгков пен Солнцев өздерінен бұл жолы да бұрын келген бақталас шоферына «ұтыс» ойынын жасады. Шоферлардың бәрі түгел отырғанда, Солнцев дауыстап газетке мақала ойлап шығарды, оның атын: ««Ескіге қайта тарту! — деп қойды. Мақалада, шофер Махов отыз адамдық бригаданың және карбюраторға қосымша бір редактордың жәрдемімен трубаны машинамен жағармайсыз тасу әдісін ойлап шығарғаны айтылыпты.

Пушин қойқада жатып, солқымдап қатты ауырған байлаулы қолын әлдилеп, үндеместен жымыйды. Махов әзілге ашуланбай жауап беріп отыр.

Бұғазға Батманов келгеннен кейін басталған қызу өмір барған сайын қыза түсті. Әуелде Хлыновтың коллективінде, одан кейін Темкиннің учаскесінде болған басқарманың көшпелі қызыл туы, бұғазға көшіріліп Роговка тапсырылды.

Бір күн ішінде жұмыс жүріп жатқан жердің бәрінде болып үлгірген Беридзе «дүниенің шетінде» асау табиғаттың қалай жылдам өзгергеніне кейде өзі де таң қалатын еді. Мерзляковтың жаман барактарын тасалап тұрған, бірақ әлі салынып бітпеген төбенің қасындағы жаңа үйлер әдемі көше болды. Алаңның ортасында нағыз көрнекті жерді бүкіл нефтепроводтың жүрегі болып табылатын — насос станциясының құрылысы алған, қазірде ол құрылыстың табанын салу жұмысы жүріп жатыр. Болашақ станцияның оң жағында адам айтқысыз үлкен жерден жасайтын резервуар үшін экскаватор жер қазып жа-

тыр. Оның қасында темір бак әзір тұр, сол жердің өзінде екінші бакты шегелеп жатыр. Насос станцияның екінші жағында «учаскенін индустриялық-энергетикалық базасы» — электр станциясы, гараж және механикалық мастерскойлар орналастырылған. Бұғаздың мұз жолы арқылы автомобильшілер көп жүк тасып тастады. Ковшов пен Тополев бұғаздың ортасына дейін барды, трубопроводты ана жағынан бастап салу үшін аралға көшетін де мезгіл жетті. Участкенің жұмыс алаңында тәулік бойы: автомашиналардың шуы, тракторлардың тарсылы, дөңгелек аралардың сырылы, пневматикалық балғалардың дүрсілі күні бойы гуілдейді де тұрады. Жүздеген адамның даусы да сол шудың ішіне сініп, араласып кетті.

Беридзенің ойы көбінесе арал жаққа қарай ауды, коллективтің жыйналған барлық күш-қуатымен аралға бір ұмтылатын кезең жақындап қалды. Рогов күндегісін күнде: «Қашан болады?» — деп кіжіндей берді. Осы жақында ғана бұғаз арқылы өту ісі өте қыйын мәселе болып еді, ал қазірдің өзінде де алаңның барлық жерінде табиғатпен үздіксіз күрес жүргізіліп жатыр, бірақ бас инженер аралға шабуыл жасардағы жердің таяу іргесі болғандықтан, құрғақтағы учаскеге көбірек қарады.

Аралдағы насос станциясын қайта түзеуге ол Котляровский-ді бірнеше ондаған құрылысшылармен самолетке отырғызып Кончеланға жіберді. Техник Чернов байланысшылар бригадасымен тайғаны бойлап аралға темір сым тартуға кетті. Бірақ бұлардың барлығы да ұрыспен барлау жасаған сыяқты ғана еді.

Батманов кеткен соң Беридзе шеткі учаскелерге түгелдей кожа болып, ұзақ уақытқа орнығып қалды. Оның уақыты жүздеген құрылысшылар арасында аралас-құралас жүрумен, үздіксіз кездесіп отырған қыйыншылықтармен күресумен өтті. Байланыс үйінен Беридзеге жеке бөлме берді. Ол Таяның бөлмесімен көршілес еді. Бұл оның әрі штабы, әрі тұратын үйі болды, мұнда трассаның барлық жерімен телефон байланысы бар. Құрылыстың бас инженерлік міндеті оның мойнынан бір күн де түскен жоқ. Барлық учаскеде де техникалық жұмбақты қыйын мәселелер мен міндеттер туып отырды, олардың біреуінің де мұнсыз шешілгені сирек болар. Учаскедегі тікелей істелетін жұмыс пен бүкіл құрылыстың техникалық басшылық жұмысын біріктіре жүргізу оңай болмады. Тіпті ұйқысының өзі жұмыс күнінің жалғасы сыяқты болып кетті. Түсінде де участкенің жайы жөнінде телефон арқылы Гречкиннің баяндамасын тыңдаған. Темір пісіруді бастауға тыйым саламын деп микрофон арқылы Мельниковқа айқай салған, немесе трубопроводтың кезекті секциясын суға түсіргенін көрмекші болып, бұғаздың мұзына жүгірген немесе насостың белгісіз бір бөлшегін Филимонов екеуі қарап жүрген. Я болмаса осы болашақта сұйық қара алтын құятын ыдысқа мұнай өтпейтін экран жа-

сайтын мезгіл болған жоқ па екен деген мәселені шешу үшін жердегі орға түсіп жүрген.

Бірақ та Беридзенің басына қаншама қамқорлық жасайтын, ой бөлетін ауыр істер түссе де, ол сасып көрген пенде емес.

Жұрт оған: анауы да болмай жатыр, мынауы да болмай жатыр, деп жұлынып келгенде: — Сабыр, сабыр, достым, — дейтін-ді. Не істеу керектігін анықтап білуің керек, сонда оны қалай да істеп шығасың. — Бұл оның өзі сүйген үйреншікті мәтелі еді.

Беридзе совет адамдарының ішінде, жағдай неғұрлым қыйын болса, солғұрлым сенімді және мақсатқа жету жолында ынталы қыймылдайтындар қатарына жататын адам. Керек десе жан-жаққа тартқылаған кезеңдердің өзінде де ол салмақты, жыйнақты болып отырды. Рас, ол кейде бұрқан-тарқан болып ашуланатын, бірақ қайтымы тез, жайылып, ерекше кешірімді болып кетеді, бұдан бір сағат бұрын біреуге айқайлаған болса, соған да сондай жұмсақ болады.

Ковшов пен Тополев оның сенімді көмекшілері болды. Беридзе олардың ынтасы мен талабына көлденең тұрмады. Алексейдің табандылығы мен сарқылмас жігері қаншама еркін жүзеге асатын болса, Кузьма Кузьмичтің құрылыс ісіндегі шексіз білімі де сондай қолданылып отырды.

Совет жерінің осы бір кішкене бөлшегіндегінің бәрі де Беридзеге қатысты болды, бірақ та ол көбінесе техникалық өнермен байланысты іске берілуді артық санады. «Ғылымның өмірге тікелей ықпал жасауы, ол тамаша нәрсе!» — дейтін болды. Георгий Давыдович масаттанып, ол мәңгі-бақый қатып жататын жердің қаупі жайында инженерлер мен құрылысшыларға ескертіп айтудан жалықпады. Мәңгі-бақый қатып жататын жер бірінші рет өзінің жайын көрсеткенде, оның ескертуінің дұрыс болып шыққандығына жұрттың тәжірибе жүзінде көзі жететін болғандықтан, Беридзе қуаныш етпей қала алмады.

Бір күні таңертең ертемен үрейлі әлпетпен Умара Магомет жетіп келді.

— Беридзе жолдас, апат, қайғылы хал, тезірек жәрдемдес!

Пісірушілердің жатақ үйінің тактайы астынан ойда жоқ жерден мұздай су шапшып атып, жұрт әрең дегенде қалшып шықты, су ә дегенше басып, есік пен терезеден асып шығып кетті. Беридзе ағаш барактың іші таза мұзға толып кеткен ғажайып суретке тамашалап қарап тұрған бір топ құрылысшыларды көрді. Су лезде-ақ қатты да, үйдің айналасы келісті бір сарқырамаға айналды. (Біреу сол арада-ақ «мұз сарқырамасы» деп ат қойды).

— Үйге су қалайша келді, қайдан шықты? Біздің үйге неге келді, басқа үйден неге шықпады? — деп сұрады Умара өршелене.

— Достарым, бұл мәңгі-бақыи қатып жататын жердің өзіне тән бір қыйтұрқысы,— деп Беридзе құрылысшыларға түсіндірді.— Жатақ үйдің тұрған жерінің асты үйдің қызуымен қатты жылынған. Содан не шықты? Жер астындағы мәңгі-бақыи қатып жатқан тоң мен жердің бетіндегі қыртысы жібіп, суды басып қысқан, сонсоң ол сыртқа шығуға қолайлы жол іздеп, оны осы жылынған жерден келіп тапқан. Мұндай қолайсыз жағдайдан құтылуға болады. Үйдің тақтайының астынан подвал жа сау керек: сонда үйдің жылылығы қатқан жерге әсер етпейді.

— Сіздердің үйлеріңіз насос сыяқты жердің астындағы суды тартып алған,— деп Беридзеден кейін келген Тополев өзінің тәжірибесінде болған бір уақыиғаны айтты: қайдан шыққаны белгісіз, бір кезде ауланың қак ортасында мұз пайда болды. Жер астындағы су ішінде ештеңе жоқ бос бөшке төңкеріп қойған жерден сыртқа жарып шыққандығы байқалды. Ол бөшке насосын қызметін атқарған: оның астындағы жер, айналасындағы жерден гөрі азырақ қатып жібіцкі болған.

— Енді қайда кіреміз? Үй керек,— деп қайғырды Умара бұзылған үйіне қарап.

— Қайғырма, үй табылады,— деп Беридзе вәде берді.

Бір апта өткен соң екінші бір қызық уақыиға болды: нан пісіретін үйдің пеші жерге шөге бастады. Үш күнде жерге тегіс батып болды. Жерге шөккен пештің үстіне жаңа пеш салу керек,— деп Рогов бұйрық берді.

— Александр Иванович! Бұйрығыңды өзгерт,— деді Беридзе Роговка.

— Георгий Давыдович, не болды? Әйтеуір бір жерде нан пісіру керек қой. Пеші құрғыр жерге батып кетті.

— Әңгіме мынада, нан пісіретін жердің астында мәңгі-бақыи қатып жатқан жер қыртысы бар, былайша айтқанда, жер асты толы лай мен мұз. Пештің жылылығынан мұз еріп, лай-саз болған. Екінші пешің де сонда батып кетеді. Бұл бізден бұрынғы құрылысшылардың ойламай іс істегенінің жаңадан тағы бір мысалы, Александр Иванович, бізге жаңадан нан пісіретін орын салуға, сөйтіп мәңгі-бақыи қатып жататын мырзаның мазасын ала берместей бірдене ойлауға тура келеді.

Беридзе екінші бір реті келгенде Алексей мен Тополевті Мерзляковтен мирас болып қалған бір баракты көрсетуге ертіп апарды. Барак еденінің қыйсайып кеткені көрініп тұр, есігі зорға ашылып-жабылады.

— Алеша, мәңгі-бақыи қатып жатқан жердің тағы бір белгісі,— деп көрсетті Георгий Давыдович.— үйдің анау екі бұрышының астынан мұз қабарып, ұлғая түсіп, көтере бастаған, бұл яғни төменде, жер астындағы мұздың кенейе түсуінің күші. Бұл күш, үйді құлатуға әрекеттенген тәрізді бір жақ іргесінен көтерген. Бір жылдан кейін барак құлайды. Оның өзін былайша да

күлатуға қолайлы етіп салғаны тәуір болған, әйтпегенде әттеген-ай деп өкінуге тура келер еді. Мәңгі-бақы қатып жатқан жердің алдауыштығы қандай десеңізші?!

Тәжірибе жүзінде толып жатқан уақыттарды көп көрген Тополев өзі білгенінен де мысал айтпай тұра алмады.

— Бұдан он жыл бұрын бір техникалық комиссиямен маған Сибирьге баруға тура келді, біз темір жол көпірлерінің жайын тексердік. Қараңызшы, сонда тексерілген жүз көпірдің тоқсаны жаңағы суықтан тырсыюдың күшімен үш сантиметр көтерілген болып шықты. Бұл қандай сұрқышшылық? — деп сұрағын қайталап тағы да айтты. — Жердің ылғал сіңген үстіңгі қабаты қыстыгүні қатып тырсыяды, бірақ оған төмен қарай түсуге жол жоқ — онда тұтасып мәңгі-бақы қатып жатқан жер, сондықтан кеңейіп, ұлғайғанда ол жоғары қарай көтеріледі де, жер қабарып, тырсыя бастайды.

Алексей мұндай өзгерістермен бұрын кездеспегендіктен мәңгі-бақы қатып жататын жердің қауіпін Беридзе тым асырыңқырап айтып отыр-ау деп есептейтін. Новинскиде жүргенде оған барлық тас үйлердің фундаментінің жобасын өзгерт деп бас инженердің қайтадан жасатқандығы сондай дұрыс болғандығына ол енді ғана түсінді.

Насос-дизель станциясының құрылысындағы фундаментті Беридзенің нұсқауымен жерге терең қағылған қазықтың үстіне орнатуға тура келген болатын. Тоң боп жатқан жер тастай қатты болды, сондықтан оған бір қазық қағудың өзі өте қыйынға соқты. Зятьков барлық жұмысшылардың атынан сөйлесуге Беридзеге келді.

— Осы қазықтардың соншалық қажеті бар ма? — деп сұрады жер қазушы қарт, аузын қолқабымен басып жөтеліп. — Қазық қағудан қатты кейіс көріп тұрмыз, кейде тіпті әліміз құрайды. Егер де қазықсыз болмайтын болса, онда бізге түсіндіріңізші, мұның өзі неге керек? Біз тым болмаса күдіктенбейтін болайық.

Георгий Давыдовичқа құрылысшыларға қайтадан айтып түсіндіруге тура келді.

— Біздің алаңымыздың асты мәңгі-бақы қатып жатқан жер, біз соның үстіндеміз, онымен ойнауға болмайды, ол жеңіл-желпі ойлаған адамдардан өшін алады. Егер де насос станциясының үйі бір жылдан кейін жарылса, тағы бір жылдан кейін құлап қалса, сіздерге жақсы болар ма еді? Біз құрылысты бітіргеннен кейін мұнда келетін мұнайшы жұмысшылар, бізге қарғыс айтқан болар еді.

— Мұны ешкім де тілемейді. Даңқ, абырой үшін салу керек, — деді Зятьков.

— Мен де солай ғой деп ойлаймын, — деді Беридзе. — Совет оқымыстылары мен инженерлері ғылымның тіпті жаңа

салаларын жасап шығарды, ол мәңгі-бақы қатып жататын жердің жұмбағын түсіндіріп, онымен күресуге жәрдем көрсетеді. Ол ғылым бізге, құрылысшыларға, мәңгі-бақы қатып жататын жерге құрылыс салудың екі түрлі ережесін ұсынып отыр. — Жұрт әбден зейін салып тындай қалды, олармен әңгімелесу Беридзеге де көңілді болды. — Не үйдің астындағы мәңгі-бақы қатып жататын жер сол күйінде қалатын болады, немесе ол мүлде жойылуға тиісті. Егер де құрылыстың астындағы мәңгі-бақы қатып жататын жер қалың болса, ал үйден жылу көп шықпаса, біз онда жердің қату жайын сол күйде қалдыруға тырысамыз: үйдің фундаментіне жылу өткізбейтін материалдар саламыз, желдеткіш орнатылған астыңғы үй жасалынады. Ал, егер де қатқан жер жұқа болып және үй жылуы көбірек болса, бір-екі жылдан кейін үйдің фундаменті жұмсаған жерге шөгіп кетпедің қамын ойлау керек. Ол кезде біз үйді жерге қағылған қазыққа қондырамыз. Үйдің фундаменті осындай болса, мәңгі-бақы қатып жататын жер де бізге қауіпті емес. Қандай қауіпті жағдай болса да, жер қалай кабарып, көтерілсе де, қазыққа қағылған үй мықты, мызғымас берік болады. Міне, сондықтан да бізге жерге қазық қағуға тура келеді.

— Бұл өзі шындап көңіл бөлерлік іс болып шықты ғой, — деді Зятыков. — Ендеше қазықты қаға береміз. Қанеки, жігіттер, бұл жұмысты қалайша жеңілдету керектігін өзіміз де ақылға салып ойланып көрелік.

— Басқа инженерлермен бірге отырып, тағы да бірдеңе ойлап көруге мен де өз тарапымнан уәде беремін.

Тополев қазық қағу үшін жерді бұмен тесіп ұя жасау керек деді.

— Бұл туралы мен ойлап өтім, — деді Беридзе. — Бұды қайдан алу керек? Көп керек қой.

— «Камчадал ше?»

— Қандай «Камчадал?»

— Жаздыгүні апатқа ұшырады деп жүрген анау кішкене пароходты айтам. Полищук оны тәртіпке келтіреді, ал оның қазаны іске әбден жарамды деп, сендіріп те отыр.

Үш күннен кейін жер қазып жатқандардың шұңқырына Беридзе мен Кузьма Кузьмич келіп түсті. Қарттың қолында іші куыс, үш жағы өткір, темір труба бар. Трубаға жалғанған өңештей резинка жыланша шұбатылып бірге жүр.

— Мына араға келіп тұрыңыз, — деп көрсетті де, трубаны Кузьма Кузьмич Зятыковка берді. — Бастаныздар, енді.

Зятыков бар күшін салып трубаны жерге кіргізіп жіберді.

— Бұды жіберіңдер! — деп Беридзе жоғары қарап айқай салды.

Бу гуілдеп резинка өңешпен трубаға толды да, пысылдап, ысқыра барып қатып жатқан тонды ұрды. Тополев сағатқа қа-

рап уақытты белгіледі. Тоң еріп, бұрқылдай бастады, тоңның еріген жеріне труба да оңай батып кіре берді. Онымен қатар жер қазып жатқандар жарты метр де жер қазған жоқ, ал «бу инесі» (Тополев өзінің шығарған құралына осылай деп ат қойды) төрт метр жерді тесіп скважина жасады. Оған жуан, ұзындығы бес метрлік бөрене қақты.

— Макұлдайсыздар ма? — деп сұрады Беридзе Зятьковтан.

— Тіпті ыңғайлы, ештеңе дей алмассың бұған.

— Жолдастар, енді қазықты қолмен қағуды қоямыз, — деді Беридзе риза болған кейіппен. — Енді «бу инесімен» істейтін боламыз.

Тополев қарт жақында ғана Беридзеден бой тасалап жүруші еді, бірақ ол осы бұғазда оған үйреніп кетті, ал оны Алексейге әлденеше рет мақтады да. Кузьма Кузьмич Георгий Давыдовичпен күні бойы насос станциясының құрылысында болып Алексейді қуантарлық едәуір көтеріңкі сөздер айтты.

— Біздің бас инженеріміз де моцарттық бірденелер бар сыяқты. Онда әрі жомарт, әрі еркін талант бар, — нағыз қыйын міндеттерді ол өзінен-өзі, іс үстінде оң-оңай шеше салады. Оның мінезі де жайдары, сондай болар ма едім, деп қызығасың. Ол кобалжусыз өмір тасқынына еріп барады, ал өмір тасқыны да оны қыя мен жарға соқтырмай аман алып келе жатыр. Беридзе бұлталақтық, күдіктілік, үрейленушілік дегенді біле ме екен?

Егер де Беридзенің ішкі сырын білсе, қарт бұлай деп айтпаған болар еді. Таняны сүйшілік ойда жоқ жерде қыйын сыяқты пайда болды. Ол алғашқы күндері мас адам тәрізденіп жүрді де, Таняға сырын бүкпей бірден айтты. Махаббаты жөнінде ашып айтқанының өзі де, оны бақытты етті. Мұның тұтқұйылдан бар сырын бірден ашып айтқаны Таняны сескендіріп жіберді. Қыз, өз сөзінше айтқанда, бұл тым тұтқұйым, берік сүйіспеншілік емес деп сенбеді. Георгий Давыдович төзімді болуға сөз беріп, барлық жан сезімін ішінде сақтады. Қазір, енді жұрттың бәрінен жасырған сол сезімі ішінде қаулап өсе берді.

Беридзе Рубежанскіде зыйратқа барып, Машеньканың қар басып қалған моласын таба алмай келгеннен кейін, бұған қайтадан жана қасірет пайда болды. Таня туралы ойлары, ойынан еш кетпейтін марқұм әйелі туралы ойларымен мыйдай араласып кетті. Осыған қарамастан, оған Танясыз жүру одан сайын қыйындыққа айналып, қызға деген құштарлығы күшейген үстіне күшейе түсті. Ол өзін-өзі қаншалықты тыйып ұстаса да, Таняға келуін тоқтата алмады. Іс жағдайына қажеті болмаса да, көп келетін болды және бір тәуір жері олардың бір үйде тұратындығы еді. Аралға Таняны жіберместен, Черновты жіберді, қызды жібермеуі бұғаз мұзының астымен байланыс сымын тарту жөнінде оған ауыр тапсырма жүктелгендіктен емес,

сонымен бірге, Таняны өзінің көзінен таса қылғысы келмегендіктен болатын.

Алайда, Танямен кездесіп жүрсе де, өзінің ішкі сезімін білдірмеді. Оған деген өзінің бұрынғы сондай айқын, ашық көзқарасы өзгеріп кетті. Ол өзінің ашық, балаша айтатын сүйіспеншілік сөздерін, Таняны көргенде айтуды мүлдем қойып кетті. Бұл оның өзін ұстай алғандығынан емес, тек енді өзінің сүйетіндігі жайында Таняға айта алмағандығынан болған іс еді. Таня отырғанда мұны нағыз жастықтың жасқаншақтық белгілері билеп алатын еді де, ол Таняға да, соның маңындағыларға да тек күлкі болмауға ғана тырысатын. Танямен оңаша қалған кезде, Георгий Давыдович бұдан былай сырын өз ішіне сақтай алмайтындығын айтқысы келетін. Егер де қыздың қарсылық сөзін бұрын жеңіл көтеретін болса, енді ондай сөзді естуден қорқушы еді.

Васильченко оның өзгергендігін көп кешікпей-ақ сезді. Егер де бұрын өзінің сырын білдіруге ол жеңілдік, аңкымдақтық жасады деп қыз ашуланған болса, енді оны өзі де жақсы көре бастап, сол сезімнің қайта келуін күтті. Таня сасқанынан өз ішінен: бұған не болды екен, бұл неге өзгерді екен? — деп көп ойлады. Жайшылықта сезімтал қыз, дәл осы арада оның халін түсінуге дәрмені жетпеді.

Бұлардың өзара түсінісуі ойда жоқ жерде болып қалды.

Таня, ең ақырында аға сүңгуір Смеловты үгіттеп көндірді, сөйтіп алдын ала жаттыққаннан кейін күнбе-күн және күніне бірнеше рет сүңгуірмен, тағы екі байланысшы, басқа да мықты, әрі тәжірибелі қызметкерлермен бірге судың астында байланысымын жүргізу ісімен шұғылданды. Ол өзінің сүңгуірлік жұмысты үйренгісі келгендігін Беридзеге жорта айтпады. Бас инженердің рұқсатынсыз сүңгуір костюмін бірінші рет үстіне киді. Смелов оны судың түбіне түсірді. Мұны естіген Беридзе суатқа жүгіріп келді. Сол арада Васильченконы жағаға тез шығаруға бұйырды. Сауыт киіп су астына түсуге әлі дағдыланбаған Таняға жөндеп дем алғызбастан, Беридзе қатты ашуланып ұрысты.

— Онда неге түсесіз, сіз керек болмаған жерге баратын не ақыңыз бар? — деп ол, айқайлап, аяғымен жер тепкіледі.

Таня оны мұндай түрде ешуақытта көрген емес еді, мұнымен Таняға деген сүйіспеншіліктің барлық терең сырын көрсетіп тұрғандығын Таня аңғарып біле алмады. Бұдан бірнеше минут бұрын Беридзенің оны күтіп, суаттың қасында әрлі-берлі жүгіріп жүргенін білмеді. Беридзе Танясыз өмір сүріп тұра алмайтындығын, оның қауіпке ұшырағалы тұрғанына да қалай болса солай қарай алмайтындығын түсінді.

Айқайлап ұрысқан Беридзе енді ұялып, оның бетіне қарай

алмады. Ал, Таня, шыдай алмай, өкпелеген және күйінген қалпы:

— Георгий Давыдович, сіз мұншама неге өзгергенсіз? — деп сұрады. — Демек, сіздің сезіміңіздің шындығы мен сенімділігіне менің күдіктенгенім дұрыс екен ғой? Солай болып талшықты, жайдың оғындай лезде пайда болған сезім, көзді ашып жұмғанша өшіп те бітті.

Таня соның барлығын осы тәрізді түсінеді деп ол ойлаған жоқ еді, Таняның нәзік мінезі мұның жүрегін елжіретіп жіберді. Жанағы ашудан ешбір белгі де қалмады. Ұялғанынан қысылып тұрған Смелов пен оның жолдастарына бұрылып қарады да, былай деді:

— Жүр, бұл жерден кетелік. — Бәрін ұмытып олар жағаға қарай жүріп кетті.

Георгий Давыдович түгін қалдырмастан бар ойын айтып, Танядан жауабын алуға ұйғарды.

Ол Машенька туралы, оның екі араға түскені туралы, оған төзе алмастай ауыр екенін, Таняға деген махаббатының тағатсыз өршіп бара жатқанын айтты. Еңсесі түсіп, жабырқаған Таня оған сұрауды үсті-үстіне бере берді, ол Машенька туралы бәрін білгісі келді.

— Сіз енді өзіңіздің маған деген сүйіспендігіңіз — махаббатыңыз жайында ешқашан және ешнәрсе де айтпайтын болыңыз. Сіз оны — Машеньканы сүйесіз, — деді Таня естілер-естілмес дауыспен, қатты айтуға әлі жетпеді, сөйтті де бейнебір мәңгілікке қоштасқандай оның бетіне қарады.

Ақырында, Беридзе аралға шабуыл жасаудың күнін белгіледі. Алдыңғы күні учаске басшыларының мәжілісі өткізіліп, жұмыс әрекетінің жоспары түгелінен талқыманып өтті. Бұл жоспарды жүзеге асыруға құрылысшылар «бірінші дұшпан» — деп ат қойған боран кеселдік жасады.

Бұғазда жел тынымсыз соғады деуге болады. Ол жердегі кар мен құмды боратып ұшырды, алаңға толық қожайын болды, үрлей соғып жолды басты, құрылыстың жабылмаған қорбаларын ысқыртып, темір резервуарлардың ішіне кіріп алып безілдете, уілдете гуілге басты. Құрылысшылар үнемі желде істеуге үйреніп кетті, бірақ, оқта-текте болатын желсіз күндерді олар мереке деп санады. Дауылға айналып кететін жел олар үшін апат пен бақытсыздық болды.

Дауылда график біткеннің бәрі бұзылды. Шабуыл жасау әдісінен жұрт қорғану әдісіне көшетін болды. Боран басылғаннан кейіннің өзінде, бұзылғандарды түзеуге талай уақыт кететін болды. Егер де олар онша көп болмаса тым жақсы. Кейде бүлініштер, әсіресе, бұғазда тым көбірек болып жүрді.

Келесі боранның мұзды қозғап кетуі де ықтимал еді, ол уақытта бұғазға түсірілген трубопроводтың сыртқа әкелінген соңғы секциясының суға батып кетуі де қауіпті болатын. Жарылған мұздың алып күшінің, әлі суға түсірілмей, мұзда жатқан секцияларды бүлдіріп немесе суға түсіріп жіберуге де шамасы келеді. Жақсылап тұрып салынған, қаланың тас жолы тәрізді, мұз жолы да, жылынатын пункттері, диспетчерлер үйлері мен жанармай тұрған колонкалары мен бірге сөзсіз жоқ болып кеткен болар еді.

Болатын дауылдың алғашқы белгісі білінісімен, Беридзе апатқа қарсы бригадалар құрды, олар дауылға қарсы шығатын болды.

Новинскіден Батманов пен Залкинд бас инженерді проводка шақырды, бірақ ол бұғазда еді. Олармен аппараттың қасында Беридзенің қалдырып кеткен адамы Таня Васильченко сөйлесті.

— Беридзеге айтыңыз... Қандай жағдай болса да, бұғаз арқылы өтетін жолды сақтайтын болсын... Қандай жағдай болса да... Тыңдап тұрсыз ба? — деген Батмановтың даусы естілді. Құрылыс бастығы бұлармен бірге болмағандығын қандай арман ететіндігін Таня ішінен ойлады.— Басқасының бәрі түзетуге келеді... Бас инженердің не істегендігін маған хабарлаңыз.

Жұрт мұз үстіндегі жұмысты бөлініп істейтін болды. Біреулері Беридзенің басқаруымен нефтепроводтың сыртқа шыққан басын қосымша темір арқандармен байлап бекітті. Біреулері Роговтың басшылығымен, ұзындығы бір километрлік пісірген трубаны трактордың күшімен жағаға сүйретіп шығармақшы болды, бірақ оны істеудің мүмкін емес екендігіне дәреу көздері жетті.

— Бұларды да темір арқанмен, кендір арқанмен бекітіп байландар,— деп айқайлады Рогов.

Құрылысшылар кешіккен жоқ, бірақ дауыл барған сайын күшейе берді. Адамдарды ойыншықтай үйірді. Олар жығылып та кетеді, ұшып тұра келіп трубаға тағы да ұмтылады, өйткені, қайткенде де, тіпті адамның қанымен болса да, трубаны аман сақтап қалу керек болды.

Асығыста Беридзенің өзі Силиннің тракторының астына түсіп қала жаздады, оған әзір мүмкіншілік барда тракторды дәреу жағаға шығар деп бұйырды, тракторшы жолдастарын тастап кете алмады, әрбір минуттың өзінде мұздың суатына түсіп кету қаупі бола тұрса да, ол кетіп қалмай қап-қараңғы болып кеткен боранда тастай қатты болат арқанды тартысып керуге жәрдемдесті.

Рогов пен Полищукті күйын қатты лақтырып мұзға апарып соққанда, олар бірден орындарынан тұра алмай қалды. Ұшып тұра келіп тағы да болат арқанға жармасып, оны шығырға қарай тартты.

— Александр Иванович, тағы да... Тағы бір рет! — деп Полищук, өзінің мұрнынан аққан қанды сезбей, Роговты көтермеледі.

Керілген арқанмен онбасы Гончарукті осып қалғанда, ол тіл тартпай құлады да, тұрмады. Алексейдің көзінше екі жұмысшыны жел екпінімен соғып, мұздың жарығына түсіріп жіберді. Оларды құтқаруға болмай қалды, қаза тапқандардың аттарын да бірден біле алған жоқ.

Дауыл бір тәулік бойына құтырына соғып тұрды, ал сол уақыттың ішінде трубопроводтың аман қалу-қалмау қорқынышы бір минут ойдан кеткен жоқ. Бүтін трасса бойы, апатпен күрестің ақырын үнсіз күтумен болды.

Екінші күні, бір қайырлы минутта, дауыл бірден басыла қалды. Жұрт бұдан болған апат пен зыяндардың есебін шығаруға кірісті. Жерге қалың қар жауыпты. Жол бұзылған. Құрылыстарды қар басып қалған. Мұнай құятын орындар үшін жерден қазған үлкен шұңқырлардың үстіне таудай болып қар үйіліп қалған.

Баяғысынша, құрылысшылардан бір адам қалмастан боғаннан кейін жолды, жұмыс орындарын, жатақ үйлерді, складтарды, механизмдерді қардан тазартуға шықты. Тек кана мұздағы трубопроводтың секциялары аман болғай-ақ та! Қардан терең траншея қазып, ақырында оған да жетті. Бақытқа қарай, сабыржушылық бекер болып шықты, трубопровод зыянсыз аман қалыпты.

Дауылмен күресте онбасы Гончарук, шоферлар Козырев пен Петухов, темір пісіруші Маслов қаза тапқан. Ағаш ұстасы Семен Пестов пен қара жұмысшы Фирсов хабар-ошарсыз жоқ болып кетті, бұларды құйын көтеріп әкеткен болар деп ұйғарысты. Тұмсықтың үстіндегі диспедчердің үйін жел аударып соққан, бір кереметпен аман қалған диспедчер Березов өзін үймен бірге жерден жоғары қалай көтеріп әкетіп, үйіріп-үйіріп ауада екі минуттай айналдырып-айналдырып әкеліп тасша лақтыра соққанын сонша таңырқай айтты.

Қаза тапқандарды жағадағы туыскандар зиратына апарып қойды.

— Отанымыздың даңқты қорғаушылары, сіздердің аттарыңызды біздің халық ұмытпайды, — деді Рогов өзінің сөзінде.

Тополевтің жоқ болып кеткенін бірден білмей қалды. Ол есіне түскенде, Алексей бозарып кетті. Жұртпен бірге жүгіріп келген Кузьма Кузьмич пен ауру Некрасовты бұғаздан кет деп қуғаны Беридзенің есіне түсті. Некрасов та ешбір жерде жоқ болып шықты. Іздеушілік Алексейді бөлек тұрған мұз бұзушылардың үйіне алып келді. Бірақ ол арада үй жоқ — тек қардан сорайып пешінің трубасы ғана көрініп тұр.

Құрылысшылардың бір тобы үйді қазып аршуға кірісті.

Алексей қарды күрекпен ызалана лақтырып жатып, абыр-сабырда жүріп қартты ұмытқанына өзін-өзі ішінен кіналады.

Есікті жұлып ала жаздап, үйге бірінші болып кірген Ковшов, есіктің алдында тұрған Тополевке келіп соқтықты да, тіл катпастан кұшақтай кетті. Қарт инженердің артында Некрасов та карап тұр екен.

— Мұндай істің боларын білгенімде, арақ-шарабын, бір жетіге жететін азық-түлігін ала келер едім ғой,— деді Кузьма Кузьмич жуан даусымен Алексейдің өз баласынша аялағанына кәңілі бұзылып.

Некрасов өзін қазып алған адамдардың әзіліне берген жауабы орнына боранды да, қарды да, кұдайды да қосып, нағыз жаман сөздермен балағаттады.

— Мұнда табиғат өте катан, жігітім. Мұнда өзінді кай уақытта да болсын сақ ұста,— деп ақыл айтты Карпов күлімсіреп.

— Егер сенің табиғатың әжептәуір адамдарға осындай қылық жасаса, сенің оныңды қарғыс атсын да,— деді Некрасов ызаланып.

Алтыншы тарау

ТАЙСИН — ҚҰДАЙЛАРДЫҢ МЕКЕНІ

Теңіздің оң жақ жағасында отыз километр шамасында — балық комбинаты мен поселка, қырық километр шамасында — нивх селениесі бар екенін құрылышылар жақсы білетін. Бұл арада олардың бұғаздан өткен жерінде бұрын ешкандай жанның тіршілік еткен белгісі болмаған. Аралдың жансыз тақтайдай жағасынан жарлауыт Гибельный тұмсығы окшау көрініп тұратын. Осы бір жағымсыз оттың өзі сақтануды ескертіп, өткен ғасырда осы жағада табиғатпен аяусыз күресте қаза тапқан аттары белгісіз бір топ орыс адамдарының жайын еске салады. Гранитті жақпар тастар бүгінге дейін солардың ерліктерінің ескерткіші болып қалған.

Таңертеңгі қалың тұманның пердесі аралды әлі бүркеп жауып тұр. Көтерілген күн оны өзінің алтын семсерімен серпешауып жіберді. Тұман лезде түріліп, ашылып кетті. Әуелі түтін шалғанлай бвалдырланып, соңынан біртіндеп жарқырай ашылып, тайга айқын көріне бастады.

Жердің тек жағаға таяу алабы ғана әзірше құрылысшылардың колында еді, соғыста жеңіп алған плацдарм тәрізді, олар бұл араға осында әкелінген барлық материалдары, трубалары, механизмдері, азық-түлік қорларымен келіп орналасқан. Аланның аржағынан бірден ну орман басталады.

Ол қап-қалың болып, жарлауыттанып, бейнебір аламның алдынан қарсы шығып, онымен күш салыстырып, оларды әр-

мен қарай жібермеуге қарсы тұрған тәрізді. Ағаштар бірінен-бірі биік болып, бірнеше белдеуге бөлініп өскендей. Бәрінен де биігі самаладай салаланып өскен қарағайдың бір түрі мен қызыл тал, аласарағы — қайың, кедр және шырша ағаш. Ең төменгі белдеуде кішкене қарағаштар өскен. Бүтіндей алғанда бұл бірыңғай жабайы, бірімен, бірінің сабағы бытысып өрілген қамыстай болып өскен, қалың жыныс тікенді бұтақтары мен айқыш-ұйқыш өскен түрлі өткелсіз бөгет болып табылады. Бұдан әрі не істер екен дегендей келгендерге тайга түнере, әрі сақтана ұнатпай мелшиіп тұрған тәрізді.

Беридзе, Рогов пен Ковшов күн шұғыласы түсіп тұрса да, жылы шырай бермей тұрған бұл көріністі жартастың басында тұрып, айнала қарады.

— Тайсин құдайлардың мекені екен? — Мен сіздерге турасын айтайын, құдайлар өздеріне деген мекенді тым жайсыз жерден алған, — деді Алексей әзілдеп.

— Я, құдайлардың квартирмейстерлері онша біліктілерден емес көрінеді, — деп Рогов көтермелеп қойды.

— Жолдас бас инженер, біз қазір дақсыз ақ жердің біреуінің басында тұрмыз, — біз екеуміз сол жайында талай рет қақтығысып қалып едік қой, мұны түсіну керек, — деді Алексей.

— Ештеңе емес, біз оған көп ұзамай-ақ қызыл сызық тартармыз, — деп Беридзе оның көңілін басты.

Бұлар орманның қасында елеусіз тұрған, ескі, дөңгелек фанзаға таман барды, мұны, тегі, балықшылар салған болу керек. Қатарында қазыққа отырғызған, тозған қамба тұр, — Рогов оны «тауық сыйрақты үй» деп атады. Неге екені белгісіз, жағада қаншама шатырлы поселка салынса да, Беридзе осы балықшылар фанзасын штабка деп сайлап алды.

— Корольдің сарайы! — деді ол мысқылдап, үйдің қарайған іргесіне, жанып жатқан пешке және жас қарағайдың иісі мүлкіген ақ столға көзін салып. — Осы арадан, Тайсин корольдерінің осы мекенінен, біз шабуыл жасау жөнінде бұйрық береміз.

Инженерлер осы үйде отырып қыймыл жасаудың жоспарын тағы да анықтап қарап өтті. Ковшов, Тополев пен Таня Васильченкоға осы беттегі жағадан нефтепровод салу ісімен шұғылдану керек болды, Рогов жаңа учаскеге трасса салу үшін, аралдың арғы жағына таман баруға тапсырма алды. Бәрін де талқылап, олар бұғазға шықты.

Мұз үстімен шұбап ұшы-қыйыры жоқ адам мен машина келе жатыр. Қаз табанымен мұзды тырмалап, өткір болат соқасы мен қуатты бульдозері бар үлкен тракторлар жорғалайды. Адам мен мотордың дауыстары бір айбынды шабуылдың жауынгер музыкасына айналды.

Тайгаға шабуыл жасау үшін, екі колонна болып, ең алды-

мен тракторлар бет қойды. Колоннаның біреуін — Силин, екіншісін — Ремнев басқарды.

— Танктер, алға ұмтылыңдар! — деді Силин, сығырайған мөлдір кара көзі жалт-жұлт етіп, сотқарлана айқай салып.

Жағаның алаңына қарай жортып өтті де, оның тракторы тоқтамастан, бейнебір күзетте тұрған тәрізді алдында самаладай болып тұрған үлкен ағашқа бульдозерінің өткір тұмсығымен барып соқты. Мотор айбат шегіп өкірді де, машина бар күшімен селк-селк етті. Көз ашып жұмғандай болған жоқ, ағаш кыйсайып барып, түбінен сынып, жығылды. Трактор бір ырғып түсті де, қарағашты таптап, екінші ағашқа келіп ұрды, оны да оңай кесіп құлатты. Силиннің тракторының соңынан, сәл солғарак екінші трактор жүрді, тағы да сәл солғарак — үшіншісі... төртіншісі, бесіншісі... Ремневтің басқарған колоннасы да осы тәртіппен біріншіден бірнеше метр солғарак жүрді. Барлық тракторлар жуан темір арқанмен қосақталған. Арқан ағаштарды қапсыра қысып алып, қатқан тонды жерден шақылдатып, тамырымен қопарып жұлды.

Тракторлар гүрілдеп, ағаштар құлақты бітіре сықырлап, сынып жығылып жатыр. Айкастың түтініндей аспанға ұшқан қардың ұнтағы ағаштың басын бұрқырап жауып тұр. Тайганың мазасы кетіп күңіренді. Силин іс құмарлықтың қызуы мен және көңілі көтерілген бетімен артқа айналып бір қарады да, айқай салды:

— Осылай ету керек, бұл Тайганы... Міне... өтірік айтасың, бағынарсың!.. Шыдамассың... Міне осылай! Силин, сындыр өзін!

Аздап ішкен адам сыяқты, көңілі көтеріңкі жүрген Беридзенің қасында нивх Никифор айналақтап жүр, ол құрылысшыларға тағы да қонаққа келген болатын. Басын нығына тығып, бұрынғысынан әрі кішірейіп кеткендей болып екпінімен қалың орманды таптап жүрген айбынды машиналарға сескене қарайды. Маралдар Никифор мен бірге келген нивхтардың қолдарынан жұлқына оскыра үркіп арындайды.

— Товарищ¹, — деп Никифор бас инженердің қолынан тартты.

— Тайганы бұлай таптауға болмайды. Ол ашушаң, ренжітсең өшін алады. Ағашты аздап қалдыру керек.

— Аздап қалдырамыз, саған да, сенің немереңе де жетеді, — деп Беридзе жай жауап берді.

Машиналар таса жерге қарай ойысты, бірақ олардың әрі барған сайын дәу пышақпен отап, тайганы екіге жарып бара жатқанын байқап көруге болатын еді.

Силин ілгері ұмтылды. Оның үлкен, танкке ұқсасты, катты

¹ Товарищ — товарищ, яғни жолдас дегені.

қызып пысылдаған машинасы абайсызда бір шұңқырға құлап түсті де кетті. Аңның өкірген даусы шықты. Тракторшы аюдың жатағын басып өтіп, ілгері қарай кетті. Арт жақта шырмалған ағаштың арасынан үлкен қоңыр аю шықты да, өзіне зақым келтірушіге айбат шеккендей болып, жүн-жүн аяғын жоғары көтеріп, омақаса жығылды.

— Қара, кандай пәлеге ұшырадық жыланбауырмен Мишканы таптап кеттім! Қызулы қолыма түсуші болма! — деді Силин бар денесімен ілгері ұмтылып, жолындағы жардай қалың тоғаймен кеуделесетіндей болды.

Тайганың қожалары қарсыласпастан-ақ Силинге беріле беруі керек екендігін әлі түсінбеді. Шулаған дауысқа қалың бұтаның арасынан қабандардың бір үйірі дүркірей қашып шықты, олар тегі қардың астынан тамақ іздеп осы маңайда жүрген болуы керек. Өздеріне қарап гүрілдеп қап-қара болып келе жатқан кереметті көңілде, тым-тырыс бола қалды, құлақтарын тігіп, ызалана қорсылданды, тістерін қайрап кенет Силинді таңырқата оған қарай тап берді.

— Батырларын қарай гөр, — деді де Силин араларын жарып кіріп кетті.

Тайганың арасынан кең жол ашылды. Тамырларымен қопарылып, жығылған ағаштар қалай болса солай жол үстінде үйіліп жатыр. Тайгаға келіп кірген тракторлардың даусы басылмай тұрып-ақ жұрт алаңға толып кетті, құрылыс алаңын тазарта бастады. Олар жығылған ағашты атпен сүйретті. Ағаш кесушілер бригадасының балтасы мен арасының даусы зуылдай бастады, жолға салатын бөренелер мен байланысқа керекті бағаналар дайындалды. Алаңда Фантов пен Шубин өлеңдерін шырқады.

Орманшылар, балталарың қайрандар. Бір... Екі
Кешке дейін қыза сілтеп қайнандар. Бір... Екі...
Кеш қайтындар шекеден тер тамшылап. Бір... Екі...
Тынығындар таң атқанша жақсылап. Бір... Екі...

Балташылар және олармен бірге темір пісірушілер, изолировщиктер, мұз бұзушылар шатыр құрып алды. Полотнодан жасалған қала көз алдында-ақ өсті. Көшпелі төрт электростанция қатарынан қойылып, олар шпал тілуге электр қуатын бере бастады. Пестовтың (ағасының) балташылар бригадасы шпал тілетін орынның керегесін құра бастаған кезде, дөңгелек ара, орманнан әкелінген бөренелерден тақтай және шпалдар тіліп, тыным таппай зырылдап айналып та жатты.

Рогов үлкен тракторлар колоннасын жабдықтап, азық-түлік және құрал-сайманды кең шанаға тиеп, әрбір тракторға тіркеп қойды. Александр Иванович осы колоннамен ашылған жолға түсіп, учаскенің арғы жағына қарай ішкерірек бармақ-

шы болды. Сонымен бірге, апатқа жәрдем беретін баржада танысқаннан бері Роговтың жәрдемшісі әрі сенімді досы болып алған Полищук те осы сапарға автомашина колоннасын дайындады. Тракторға тіркеген шаналардың әбден таптап кеткен ізі автомобильдерге дайын жол бола қалды.

Қонымсыз және үлкен, бойына шақ емес шолақ тон киген Пушин, Сморгковпен сөйлесіп, машинасының қасында тұрып, шоферлардың алған міндеттерін асығыс жазып алып жатыр, олардың міндеттері: барлық алған жүкті жаңа трассадағы қонысқа аман-есен, мерзімінде жеткізу. Ертеңгілікте, әлі ешкім жүріп көрмеген тайгадан машинамен өтуге деген жеребе шоферлардың ішінен ең бірінші болып Сморгковка шықты.

Бес күннен кейін құрылысшыларға аралда көптен бері тұратын сыяқты болып көрінді. Әрбір өткізген сағат соншалық әсер беріп, олардан соншалық күш пен ақыл жұмсауды талап етті, онда өткен тәулікті аптаға санауға болатын еді. Құрғақтағы тәрізді, учаскеде де әр уақыт жарық болып тұрды, шаршаған жұрт ұйқтап, күш жыйнағанға дейінгі аз уақытта түн өз правосына ие болып жүрді.

Үшінші күні-ақ жерді қопарған взрыв даусы, тайганың мазасыз гуілі, мотордың гүрілдеуі арқылы нефтепровод құрылысшылары өздерінің аралда екендіктерін жұртқа білдірді, сөйтіп бұларға жиі-жиі қонақтар келе бастады. Қончеланнан мұнайшылар ұшып келді, дәл сол сағатта Новинскіден мұнай қорыту заводының жұмысшылар өкілін отырғызған самолет те бұғазға келіп қонды. Екі делегация да өздерінің коллективтерінің айбынды Қызыл Армияның мерекесі құрметіне арналған социалистік жарысқа түсу үшін құрылысшыларды шақырған ұсыныс хаттарын берді. Бұлардың ізінше балықшылар да қатырған навага балығын алып келді. Бір топ шекара әскерлерімен салт атқа мінген лейтенант Батуриин шауып жетті. Алексей онымен әңгімелескенде, бұл Батуриин инженердің Терехов заводында танысқан қарт мастер «вагранканың королі» дейтіннің баласы болып шықты.

— Өткен аптада қарт маған қат салыпты,— деді шекарашы. — Өзінің қуанышын айтқан. Олардың заводына Мемлекеттік Отан Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл туын тапсыруға Дудин мен Писарев келіпті.

Бір күні түнде аңшылардың жалпақ және қысқа шаңғысымен, арқасында қапшығы және мойнына асқан карабині бар геолог Хмара тайгадағы құрылыстың алаңынан келіп шықты. Ол Ковшовты сұрады, оны Тополевтің нұсқауымен әрі берік, әрі жылы етіп орнатылған палаткаға ертіп әкелді, онда Беридзе, Кузьма Кузьмич, Ковшов және Таня бірге тұратын еді.

Инженерлер столда отырып, жабыла шай ішіп отырған болатын. Бұлардың кішкене ғана палаткасы әрі жылы, әрі жарық еді. Еденге бұғы мен аю терісі төселген.

Таня сүңгуірлермен бірге бұғаздың нағыз терең жерінде судың түбін байқап тексергендіктерін және суға батқан соғыс кемесін көргендіктерін айтып отыр. Смелов бұл кеменің олардың есебінде екенін айтты, кейінірек ол судан шығарылады деді.

— Бұл кеме, тегі, жапон соғысының тұсында қалған болар,—деп шамалады Тополев.—Мен крейсер «Варягтің» апатқа ұшырағаны үшін, Порт-Артур үшін өш алатын күнге жеткенді көрер ме екем? Онда менің екі туысым қаза болып еді.

— Сіз жүз жыл жасайсыз, ал, егер ол аз болса, өміріңізді тағы бір жүз жылға ұзайтармыз,—деп әзілдеді Алексей.

Бұл тату-тәтті семьяны көргенде Хмараның көкірегінде көре алмаушылыққа ұқсас бірдеме білінгендей болды.

Ол бөркін алды да, столға қарай жүрді. Таня оны бірден танымай қалып, танырқағандықтан дауыстап жіберді.

— Қорықпа, жарығым Татьяна Петровна, мен жайымен келген қонақ қой,—деді Хмара ақпейілімен оған қолын созып.

— Қорқуды ойлаған да емеспін. Тек сіздің келуіңіз ғана ойда жоқ жерден болды,—деп Таня жауап берді де, «сіз» деген сөзді айрықша көрсетіп, оның қол беруіне салқын ғана қол берді.

Таня астыртын Беридзеге қарады, ол бақылап отырған көзін қонақтан айырмады. Таняның қысылғаны оған білінбей қалмады, бұл адаммен Таняның байланысы тек таныстық қана емес, басқаша екендігін ол ешбір қатесіз түсінді.

Хмара әдемі сөздер айтып, бәрімен амандасып өтті де, Алексейдің қасына келіп отырды. Қонақтың келуіне онша қуанбаса да, Ковшовқа мейірімді үй қожасының міндетін атқаруға тура келді.

— Міне, енді кездестік,—деді Хмара қапшығынан шарабын алып жатып, Алексейге сүйкімді шыраймен қарап.—Рубежанскідегі сауық кеші есіңізде ме? Мен сіз үшін он километр жүріп, тайганың ішін кездім деуге болады. Взрывтың даусы бүкіл аралға естіліп жатыр. Онда не істеліп жатқанын көру қызық қой деп ойладым.

Тополев Хмараға тесіле қарап, жақтырмай мұртын сыйпады. Ол Хмарамен бір-екі рет Грубскийдің үйінде кездескен болатын, енді оның қазір осында келуі мұның жайдары болып отырған көңілін бұзып жіберді.

— Кузьма Кузьмич, сіз маған неге сондай ашумен қарап отырсыз? —деді Хмара күлімсіреп.—Бұрынғы жақтаушыңыз бен сіздердің достықтарыңыз ажырасып кетті, бірақ оған мен кіналы емеспін ғой. Ашуыңызды мейірімділікке көшіріңіз.

— Шынында, сіздің келуіңізге мен таң қалдым. Тек серуен жасау мақсатымен соншалық шаршап, шынымен тайғаны кезіп келдіңіз бе екен? — деп қарт күдіктене сұрады да, жымыйып күлген қонақтан бетін теріске бұрды.

— Шынында да ешбір жұмыссыз тек кана данқты нефтепровод құрылысшыларын көріп қайтайын деп келдім. Сіздердің данқтарыңыз барлық жерге жайылды. Сіздерді нивхтерге дейін жыр етіп айтып отырады...

Хмараның ұсынған шарабынан Беридзе бастартты, орнынан тұрды да өзінің жұмыс істейтін столына барып, жоғарыдағы кішкене лампаны жағып алып, жазуларын карауға кірісті. Бірақ оның назары бұрынғысынша, келген жолаушыда болды. Георгий Давыдович Хмара жөнінде Алексейдің не айтқанын есіне түсірді: Бір кезде ол геолог Танямен таныс деген Алексейдің сөзіне мән бермеген болатын-ды. Олардың енді бір жерде бірге отырғанын көрген соң, Беридзе бұрын өз бойында ешуақытта болып көрмеген қызғаныш сезімі пайда болғанын абайлады.

«Мен, шынымен, осы атышулы қызғаншақтық дертпен ауырдым ба екен?» — деп өзіне-өзі сұрау қойды.

Георгий Давыдович қонаққа қатаң сөз айтпау және Таняның Хмараға тесіле карап отырғандығын көрмеу үшін столдан тұрып кетті.

Васильченко қонаққа жақтыртпай карап отырды. Таня Хмарамен бұдан үш жыл бұрын Родиновтың үйінде кездескен болатын. Бір аздан кейін, қыз оны сүйдім деген ойға келді. Жігіт өзінің жұғымсыз қылығымен сауық кештерінің бірінде қызды өзінен бездіріп алып, бұрынғының бәрі жоққа шықты. Жігіттің қызға айтқан сөзін, оның сүйіспеншілігі еді деуге болатын ба еді? Бұл уақытқа дейін сеніп келген қыз, оған бірден сенбейтін болып, қайратына мінді де, онымен қатнасын үзілді-кесілді тоқтатты.

Сол кезде Хмарамен айрылысқанда өзінің не себепті уайымдағанын, Таня қазір түсіне алмай отыр, ал тіпті Хмараның өзіне тартарлықтай ешбір қабілеті жоқ еді. Хмаранын тайгада тұратындығы, қалайы іздейтіндігі жайындағы қызғылықты әрі әсерлі етіп айтатын әңгімесін оның ешбір тындағысы да келмейтін. Хмара бұлардың түнгі шайының көңілді шырқын бұзып жіберді. Беридзенің қарсы алдында отыру сондай жақсы еді! Георгий Давыдовичтің қалай түнеріп кеткенін Таня сезе қойды. Оның қасына барғысы да келіп еді, бірақ бата алмады. Содан кейін Таня өзінің ұнатып алған өмір ережесін ішінен қайталап тағы бір айтты: «Турашыл болу керек және жолында кездесіп, кесел келтіретін сөз байласқандық жағдайдың бәрін лактыру керек». Осы пікірмен Таня Беридзеге таман барды. Ол мұны күтіп отырғандай басын көтерді.

— Мынау адамның көлеңкесін үстіме түсіргім келмейді,— деді қыз жайлап қана.— Сізден жасырмайын: бір кезде біз бір-бірімізге жақын болып та қала жаздағанбыз. Дұрысын айтқанда, мен оны сүйемін деп есептегенмін. Бірақ өз қатемді дер кезінде-ақ түсіндім.

Оған мұны айту оңай болған жоқ, қатты ұялып, қызарып кетті. Хмараның Танямен кандай да болсын бір қатнасының болғанының өзіне жабырқанған Беридзе ешбір жауап қатпады. Қыз біраз тұрды да, өзінің бұрыштан қоршаған оңаша бөлмесіне кетті.

Хмара бұларды шалыс кекесінмен бақылап отырды да, кейін Алексейден сұрады:

— Жігіт пен қалыңдығы ма?

— Бұл, сіздің де қытығыңызға тиіп отырған жоқ па? — деп сұрады Алексей.

— Мен сұлу әйелдің басқа бір адаммен отырғанын көргенде, өзімді жұрдай болып тоналып қалғандай көремін,— деп Хмара әзілдеді де, басқа дауыспен, көңілсіздеу, болдыра алмаған бір іс жөнінде айтқандай: — Бір кезде бұл Танямен бірнеше кешті жақсылап-ақ өткізген едік.

Әнгіменің жалпы сарынынан бірдеңелер түсініп қалған Беридзе Алексейді шақырып алды да, түнеріп тұрып тілек етті:

Бір жақсылық еткенің болсын, мынаны осы арадан кетірші. Қолайсыз бір жағдай болып қалуы мүмкін, соны ескертмін. Мен онымен бірге бір ауадан дем алуға және оның ағызып сөйлеп отырған сөзін естуге шамам жоқ.

Қонаққа шай ішкізіп, оның шарабынан ауыз тиді де, Алексей Хмараны қонатын жерге алып кетті. Некрасовтың қасынан орын табылды.

Ковшов сыртқа шықты да, далада біраз жүрді. Айдың жарығы күмістей жалтырап тайгаға түсіп тұр. Мұздақтаған, бұтағы жалаңаш тоңған ағаштар бейнебір елік тәрізді. Орман жақтан түнгі сыбдыр естілді. Алексей құлақ салып тындай қалды. Оның бойын мазасыздық сезім биледі. Дәл қасынан бір топ адам өтіп бара жатыр еді, Алексей оларға дыбыс берді.

— Жолдас Ковшов, өзіміздің адамдар. Жүргендер өзіміз, бөтен ешкім жоқ па екен деп карап жүрміз,— деп қараңғыда жауап берген Силиннің даусы естілді.

Күзеттегілердің бәрі өз орындарында тұрғандығына көзі жетіп, Алексей риза болды. Бірақ қауіпті жағдай әлі тарқан жоқ. Ертеңгілікте арғы жағадан Филимонов келіп: бұғаздан шығып тұрған трубопроводтың басына біреу ағаштан тығын тықбақшы болыпты, зыянкестерді тегі біреу шошытқан болу керек, өзінің сұмдық істерін аяқтамай бәрін тастай жөнеліпті дегенді айтып кетті. Насос құрылысының чертеждері де мастерскойдан дәл осы кезде жоғалғандығы айқындалды.

— Мен бұл жөнінде тиісті жеріне хабар бердім, бірақ мұнда сіздер де сақ болып қараңыздар,— деп ескертті Филимонов.

«Бұл оңбағандар кім екен?» — деп ойлады Алексей қатты өшігіп. Бұғаз арқылы жартылай салынып біткен өткел Алексейдің тұңғыш перзентіндей еді, осы перзентіне қауіп төнгендігі ойына келгенде, ол қатты ызаланатын болды. «Хмара осы арада неге айналақтап жүр, оған не керек?» — деп кенет Қовшов өзінен-өзі сұрады. Геологты кіналайтындай ешбір дәлел жоқ болатын, оған тікелей күдіктенуге келмейтін, сонда да Алексейдің түсінуінше, оның мазасы кетіп жүргені, бір ғана Филимоновтың хабары емес, шақырмаған қонақтың келуімен де байланысты еді.

Алексей жағаға таман барды, алыстан бұғаз арқылы жүретін жол көрінді, сонымен қатар қараңғы түнді қызыл жарып өтіп жылтылдап тізілген от көрінді, арғы жақтан түнде де тоқтамай жүріп жатқан жүрістің у-шу даусы келді.

Алексейдің екі күннен бері мазасын алған ойы, қайтадан келіп түсті. Оған Новинскіден, майданнан көп жүріп келген інісінің хатын жіберіпті. Осының аз-ақ алдында, Митя жеңіл жаралы болды, қазір госпитальда жатыр, жақында өзінің бөліміне қайтады деген хабар алған болатын. Інісі госпитальдан хат жазбады, мазаламайын деген болу керек, ал өзінің мына хатын бұрын Москва үшін ұрыстар күндерінде жіберген сыяқты, ол содан бері жүріп енді ғана келді.

«Алеша, саған қысқаша ғана жазып отырмын. Бізге шабуыл жасау жайындағы бұйрықты жариялады. Алеша, ұрысқа кетіп барамын! Өзіміздің Москва үшін қан төксем, өзімді бақыттымын деп санаймын. Егер де маған бірдеңе бола қалса, ата-анама мені жоқтатпауға тырысарсың. Ата-ана дегеніміздің не екенін мен енді ғана түсіндім. Оларды, сені қандай көргім келіп тұр десеңші! Маған жеңілтексің, әдепсізсің деп ұрысқаның есінде ме, соның бәрі кеше, бұдан бірнеше ай бұрын өтсе де, соншалық ертеде болған сыяқты. Ағатайым, сен және менің мейірбан ата-анам сіздердің мен үшін ұятқа қалмайтындарына арыммен ант етемін...»

«Менің оның жеңілдігі және әдепсіздігі үшін ұрысқанымды, ол осындай кезеңде есіне алыпты!» — деді Алексей өзін кіналағандай. Ол оңтүстік құрылыста үш жыл болып қайтып келгенде, Митя бала емес, жігіт болып, ержетіп қалған екен. «Жымып жүріп темекі тартады... оның көшеде қызбен кетіп бара жатқанын да көрдім... Ал, оқуды онша жақсы көрмейді. Әкесі де оған риза емес... Бірақ, өзі ақкөңіл, ерке. Жөнсіз бірденені істеп тастайды да, кейін еркелейді,— сонсоң біз, әкесімен екеуміз бірден босап қаламыз. Алеша, сонымен сөйлесші, ақыл айтшы...» деп анасы мұңын шаққан-ды.

Кешке таман ағайынды екеуі қыдыруға кетті. «Таза ауаға шығып желпініп келейік» деген ұсынысты Митя қуанышпен қабылдады. Оның жүрісі шапшаң, жайдары, бәрін де іліп алып және бәріне де тапқыр жауап береді, қасынан өтіп бара жатқан қызға көзінің қырын сала карап қалады.

— Ата-анаң саған риза емес, сен оны түсінемісің? — деп Алексей катандау сұрады.

— Түсінемін. Маған үйде де, мектепте де сені айтып бетіме басады: «Сенің ағаң ең жақсы оқушы болып еді» немесе «Алешенька қазірде де темекі тартпайды», — дейді. Мен сенен кейін туам деп осыған душар болдым ғой! — деп Митя жауап берді.

— Қолайлы жағдай болып тұрғанда, жақсы оқу деген қыйын ба екен? Біздің ата-анамыз сыяқты карттарды ренжітпеу деген қыйын ба?

— Қыйын емес, Алеша, бірақ болмайды. Менікі бір-ақ аптаға жетеді, одан артыққа жоқ. Одан кейін тағы бірденелер болып қалады...

Ол бұл жөнінде сырын шын жүрегімен айтқандығы сондай, Алексей өз бойынан жауап ретінде келген жылылық сезімді зорға басып отырды. Сөзін ақырына дейін қатал сөйлеуі керек болды.

— Сонымен, сен өзінді өзің ұстай алмайтын болдың ғой. Мұндай мінез сүйегіне сіңген маскүнемдерде болады, олардың жігері босап: ішуге болмайтынын түсіне тұра, іше береді.

Митя айналаға карап алды да, маңайда ешкімнің жоқ екенін байқап, ағасын екпінімен құшақтай алып, бетінен сүйді.

— Алеша, ашуланба. Мен сенің келгеніңе қатты қуандым. Сенің үйде жоқтығың білініп тұратын еді!

— Әукешім! — деп көңілі босаған Алексей ішінен күңк етті де, інісінің қолын босатып жіберіп, ақыл айтты: — Ер адам сабырлы және қатаң болуы керек.

— Ер адамның қандай болуға тиісті екенін кім біліпті! Алеша, сен өзінді дұрыс еркекпін деп санайсың ба? — деп інісі Алексейге жымыя карады.

— Сен бұдан былай не істемекшісің, айтшы тентек! Мектеп болса, енді кейін қалды.

— Әскерге барамын, — деді Митя күлкіні қойып, шын жауап беріп. — Алеша, жұрттың бәрі жуықта соғыс болады деп жүр ғой. Соғыс ғылымын үйрену керек. Ал, әскерге дейін бір жыл бой көтергім келеді. Егер де менің үстімнен кейде арыз етсе, оған қайғырма. Мен соншалық бірдеңе істей қоюға өзіме ерік бермеспін.

— Міне, енді оған қайырымды болмағанына, еркелетпегеніңе жүз есе өкінесің, — деп міңгірледі де Алексей, Тайсин ара-

лындағы Джагда бұғазының жарлауыт жағасындағы қар үстімен адымдай басты. Інісінің бұрынғысынан ызбарлы, әрі есейіңкіреген бет әлпі, қан төккеннен кейінгі бозарған түрі, қараңғыда мұның көзіне елестеп көрінгендей болды.

Жетінші тарау

КӨКТЕМ НЕ ӘКЕЛДІ

Февральдың орта шенінде Карпов бір рет аң аулаудан қайтқан кезде, Таняға багульниктің бір буда кепкен бұтақтарын әкеліп берді.

— Қадірлім мұны көктемгі бір буда гүлдің есесіне ал да, суға салып қой.

Алексей оны мысқылдап күлді.

— Бұл сыпырғышты суға салып керегі не? Еден сыпыруға керек болар. Иван Лукич, көктемді сен еске салма, ол мұнда болмайды,— деді де ол учаскедегі белгілі өлеңді айтты.

Шіркін, Тайсин аралы,
Көңілдісін неткен мәз!
Он екі айың түгел қыс
Қалғаныңның бәрі жаз...

— Сенің қысың бітті, жігітім. Ол тамам болды. Мұз үстіндегі жұмыстарыңды тездетіндер. Көктемді, енді, басталды деп есепте.

— Сен балықшы, қызықсың өзің! — деп Алексей оның сөзіне қарсы болып, далаға сүйреп алып шықты.— Көрдің бе? Айналаның бәрі қар және қырық градус суық. Көктемнің иісі де жоқ.

— Иісі шығып тұр, жігітім. Ой, иісі шығып тұр! Сенің мұрның біткен ғой, сезбейсің. Көктем бізге аяқ астынан, ақырын келіп қалады. Ол қыспен бірден келіп алыспайды.

Адуинның тұрғын адамдарының табиғаттың көктемдегі болатын жаңалық өзгерістерінің басталып қалғанын айқын көріп отырғандықтарын Алексей сезбеді. Қар бетінің қабыршағы тез кете бастады. Қар еріген жоқ (суық болатын), бірақ, буланып жатты. Жол қарая бастады. Құрылыстардың қасындағы үйілген үлкен қарларда қатты қоңырқай қабыршық пайда болды. Көздің жасы сыяқты тап-таза тамшы бірінші рет тамды, үйдің шатырынан сүмбі, мұздар салбырады...

— Алексей Николаевич, қараңызшы, бұл — көктем,— деді Карпов жаңағыларды көрсетіп.

Бірақ келесі күні қар жауды. Қар ұзақ жауды, жерге құрғақ түйіртпек, қалың қар аппақ болып түсті. Солтүстіктен қатты суық жел күшейе соғып, бет қаратпайтын аяз болды.

— Иван Лукич, сенің көктемнің қайда? — деп сұрады Алексей

Осы дауылды боран күндерде Карповтың баяғы әкеліп берген бір буда багульнигі ойда жоқ жерде гүл атты. Таня таңертең абайсызда терезеге карап, айқайлап жіберді. Жуықта ғана өні жоқ қу бұтақ, қазір гүл атып, көгеріп әдемі гүл шығуға айнала бастаған.

Инженерлер бұған қызыға қарады, бірақ Беридзе сол арада мұндайлардың өзі көктемнің жақындағанының белгісі екендігін есіне алып, қабағын түйіп, тұнжырап, бір жаққа асыққандай болды. Бұғаздың мұзы арқылы трубопровод салу жұмысы әлі бітпеген, жүктің көбі аралға әлі тасылып болмаған.

Соңғы секцияны мұздың астына түсіретін мезгіл жеткен (бұл бұғаздың нағыз кеме жүретін терең жеріне түсірілуі керек). Сөйтіп екі жақтан салынып келген нефтепроводты қосу керек еді. Бұл соңғы секцияның екі түйіспесін Умара қосып пісірген, трактордың күшімен трубаны тартып, мұздың суатына түсірді, одан кейін сүңгуірлер, гидромониторды пайдаланып, трубопроводты судың түбіне апарып орналастырды, он екі километрлік бұғаз арқылы өтетін өткел қосылып, бірігіп тұтастырылды.

Құрылысшылардың бұл жеңісті тойлауға қанысы бар еді: олар қыстың өте қыйыншылық жағдайында және осы уақытқа дейін техникада белгісіз болып келген әдістерді қолданып, өткелді мезгілінен жыйырма күн бұрын салып болды. Екі учаскенің — құрғақ пен аралдағы — коллективтерінің атынан Беридзе басқармаға телеграмма-рапорт жіберді, онда тапсырманы орындағаны жөнінде хабарлап, осымен бірге қанша жұмыскер күшін, машина-сағатын және жанармайын үнемдегенін бас-басына көрсетіп жіберді. Траншеяны дәрімен взрыв жасау әдісімен қазу және мұздан трубопроводты суға түсіру істері, ескі жобамен салғандағыдан бірнеше рет арзанға түскенін жасалған есеп айқын көрсетіп берді.

— Қол жеткен табысқа жайбарақаттанбастан, коллектив қайрат үстіне қайрат қосып, өткелдің екінші желісін тездетіп бітіруге және көктемге дайындық жасауға кіріседі» деп, рапорт совет адамдарының дәстүрлі сөздерімен аяқталған.

Сөзінен цифры көп, қысқа мазмұнды документ бүкіл құрылыс бойын әндей думандатып, жауап ретінде құттықтаулар да жауып кетті. Дудин мен Писарев Рубежанскіден берген телеграммасында «Сіздердің табыстарыңыз — біздің даңқты Қызыл Армияның салтанатты мерекесі күніне тартқан қымбатты сыйлықтарыңыз», — деген. Құттықтауды Кончелан мұнайшылары, Новинскідегі заводтың жұмысшылары, Адундағы әртүрлі селениелердің колхозшылары да жіберген.

Құрылысшылар соңғы рет қай күні дем алғандарын да ес-

терінен шығарған. Тіпті мынадай мерекелі күннің өзінде де олардың дем алуына уақыты болмады. Оны қысқаша жыйналыс пен кешкі тамақта аздаған шарап алып отырып қана өткізіп, құрылысшылар бұғаз арқылы нефтепроводтың екінші желісін салуға кірісті.

Жоба бойынша бұл нефтепроводты пайдалана бастағаннан кейін, біраз кешірек салынуы керек еді. Солай бола тұрса да, техникалық ұйғарындының дұрыстығына көзі жеткен және коллективтің күшін сынаған Беридзе, бұдан екі жеті бұрын: өткелдің екінші желісінің құрылысын кейінге қалдырмай, көктемге дейін түгел бітіруге Батмановқа ұсыныс жасады. Ұсыныс қаншалық қауіп-қатерлі болса, соншалық қызғылықты да болды. Қыс аяғына дейін көп уақыт қалған жоқ, бұғазда мұз қозғалатын мезгіл де жақындап қалды.

— Өздеріңіз шешіңіздер, сіздерге белгілі ғой,— деп жауап берді.— Егер де бір линиясын бітірсеңіздер, соның өзінде де даңқ пен мақтан сіздердікі, одан артығын тілемейміз. Ал, егер мөлшерден артық істегендеріңіз болса, басымды төмен иіп, құрмет етуге әзірмін.

— Бәрін де жұртпен бірлесе отырып, талқылаңыздар, күштеріңізді тағы да бір есептеп көріңіздер, тым күмпийіп кетпедер, бұларың барып тұрған көз жұмбайлық,— деп Залкинд те ақыл берді.

Беридзе мәжліс шақырды, онда екінші линияны салуға деп қаулы алды! Тополев жақсы пісірушілерін алып, ал Некрасов өзінің мұз бұзушыларын алып, құрғаққа көшіп барды. Мұз бұзу жұмысы қайтадан басталды. Бұзушылар бір аптада траншея жасап болды, бұғаздың мұзынан алғашқы суаттан солтүстікке таман бір километрдей жерден екінші жыра суат сызығы салынды. Ковшов арал жағынан бірінші линияның трубопроводының соңғы секциясын салған күні, Тополев құрғақ жағадан екінші линияның екі секциясын су түбіне түсіртті.

Бұғазда Кузьма Кузьмичпен кездесу үшін Алексей бірнеше километр мұзбен жүрді. Қарт инженер тым әсерлі еді — үстіне тон киген, қасын қырау басып, мұртына мұздық қатқан.

— Алеша, бірінші желіні бітірдің бе? Құттықтаймын! — деді Тополев жуан дауыспен.— Енді екіншіге шық, екі жағынан бірдей қысалық. Сонда біз көктемнен озып шығамыз.

Алексей Кузьма Кузьмичті қолтығынан алды. Олар тептегіс көшенің бойымен қыдырған адамдай, сенді мұздардың арасымен жүрді.

— Мен екінші линияны салуға кірістім де,— деді Алексей.— Сіздерден құттықтау естуге келгенім жоқ, қолқабымды тастап жарысқа шақыруға келдім.— Ол шындап қолқабын шешті де, мұзға лақтырып тастады.— Айқасқа шақырам. Сіз-

дер менен екі секция алдасыздар — мейлі, оны есептемейін, алдын ала берген «жеңілдігім» болсын. Бәрібір мұздың ортасына сіздерден бұрын жетем.

Кузьма Кузьмич күркілдеп жөтеле еңкейді де, қолқапты жерден көтеріп алды.

— Шақыруды қабыл аламыз. Салынған екі секцияны есептен шығарамыз, сіздердің мырзалықтарыңызға біз мұқтаж емесбіз. Алдынала мақтана алмаймын, — біз, қарттар, қара дүрсін адамдармыз. Көрерміз...

Олар кәдімгідей жарыстың шарттарын іскерлікпен талқылап, шартты шай ішумен бекітті.

Енді қарт инженер мен жас инженер біріне-бірі қарама-қарсы жұмыс істеп келе жатыр, олар селектормен жиі-жиі сөйлесіп те тұрды.

— Жолдас Тополев, біз бірінші секцияны график мерзімінен қырық сағат бұрын салып бітірдік, — деп Алексей асығыс хабарлады. — Бұл қалай, сіздерге ұнай ма?

— Жолдас Ковшов, сіздер, біз сыяқты қаусаған шалдармен оп-онай озып шығамыз деп уәде берген едіңіз. Сіздердікі болыңқырамай жатыр-ау өзі, — деп Тополев масаттана жауап берді. — Біз үшінші секцияны дайындадық, сөйтіп графиктен елу екі сағат оздық.

— Қарттарды сыйлағандықтан, біз онша асықпай жатырмыз, — деп Алексей бұлтаққа салды, ал, өзі микрофонның трубкасын басып Қарповқа жаңағы хабарды айтты. — Қарты құрғырлар бізден тағы да озып кетіпті. Жүгір, барып жігіттерге айт...

Ал, көктем болса таянып қалды. Буалдыр, салқын күндер бірте-бірте шуақ, жылы күндермен ауысып отырды. Бірер сағат уақыт тауып аңға шығып жүрген Қарпов, күн сайын бір жаналық хабар әкеліп жеткізіп қояды.

Ол бір кездерде Алексейге келіп төбелердің оңтүстік беткейінде, үй шыбынына ұқсаған қоныр шыбындар қаптап кетті деп те айтып жүрді. Оларға «достар» деп ат қойған.

«Достарың» қалай? — деп Алексей ертеңіне одан сұрады; өйткені түнде қатты суық болып еді.

— Біреуі де қалмастан бәрі де қырылыпты, — деді Қарпов таңырқап. — Жігітім, қанша жылдан бері мен соларды бақылаумен келемін, содан бері көріп келе жатқаным: сәл жылыңса олар да осында бола қалады, салқындаса — құрып кетеді. Сен оқыған адамсың ғой, айтшы, бұлар қайда жоғалып кетеді, қайдан шығады?

Ковшов орынсыз құмарланған табиғат зерттеушіден тез құтылғысы келді.

— Маған тек сенің шыбындарыңмен шұғылдану жұмысы ғана жетпей тұрған ғой.

Новинскіден Батманов Беридзеден былай деп сұраған: «Адамдарыңыздың біразын босата аласыздар ма? Армияны толықтыру қажет болып отыр, қазір әскерге кезекті кісі алу жұмысы жүріп жатыр.» Карпов партия жыйылысын шақырды, оның сонынан митинг болды да: Қызыл Армияға бір топ құрылысшылар жіберілсін деп ұйғарылды.

— Семен Ильич, неменеге ойланып қалдың? Сенің де барғың келе ме? — деп сұрады Беридзе Силиннен.— Майданға барамын деп ұмтылғаның әлі есімде. Егер де барам деген пікіріңнен қайтпасаң — сені де босатармыз, өзің ойланып шеш...

— Әрине, жолдастармен барғым келеді. Егер де бұйырсаңыз — барамын. Ал, құрылыстан кетуді өз бетіммен шеше алмаймын. Бұған мен жанымды салып істедім, сондықтан Новинскіге мұнайдың қалай келгенін көруге құмармын.

«Аралшылар» — аралдағы учаскенің құрылысшыларын осылай деп атайтын — әскер қатарына шақырылған жолдастарын салтанатпен ұзатып салды, олардың ішінде стахановшылар: Солнцев, Ремнев және басқалары бар еді.

— Фашисті соққыландар! Көбірек соғындар, дәлдеп атындар! Ал біз сіздерге мұнай береміз! — деп Умара митингте сөйлеп тапсырма берді.

— Жолдастар, осы тайгада қанша ағаш жықсам, соғыста сонша фашисті жайратам деп, сіздерге ант беремін,— деді алпамсадай Ремнев.

Батурин бір топ шекарашылармен шығарып салуға келіп, сыйлыққа заставадан әскери киімдерін әкелді. Ремнев, Солнцев жаңа шинельді, маңдайына қызыл жұлдыз қадаған бөрікті және жаңа етікті кигенде, айбатты солдат болып кетті.

— Армияға кетушілердің орнын ойсыратпауға міндеттеме аламыз,— деп жер қазушылардың атынан Зятьков шығып сөйледі.— Біздің әрқайсымыз өзіміздің жұмыс мөлшерімізді асыра орындайтын боламыз.

Құрылысшылар жолдастарын ұзатып салысымен-ақ, ойламаған жерден күтпеген қонақтарды қарсы алуға тура келді: жолшыбай келе жатқан Махов Нижняя Сазанка колхозының басқарма мүшесі, атақты балықшы Зобнинді, онымен бірге Карповтың әйелі мен екі қызын аралға ала келген.

Иван Лукич жүгіріп келген қыздарын қолынан ұстап көтеріп алды, ал, өзінің Катясын сондай жарқын және мейріммен қарсы алды, олардың арасында ешбір кірбіндік я қыныр-қабактық болған жоқ. Әйелі, басқасын былай қойып, өзінің тік мінезділігімен кетті де, сөз бастау үшін алдымен өз еркімен келмей, колхоздың тапсыруы бойынша келгендігін бір айтып қойды. Карпов оның сөзіне құлақ қойған да жоқ, Катяға да Карповтың қыздарымен болған қызу әңгімесіне араласып

кетуге тура келді. Алексей Иван Лукичті бір тәулікке жұмыстан босатты, сонымен оның үй іші ескі фанзаға келіп, оңаша аунап-кунады. Темір пеш те лаулап жанып жатты, Катя колхоздан алып келгендерін столдың үстіне жайып салып жайғастырумен болды, ал Иван Лукич қуанышы қойнына сыймай, өзінің қырағы аңшы көздерін сығырайта карап отырды.

— Атам сені құшақта деп еді. Міне, былай! — деді де бұйра шашты, аққұба кіші қызы — Қарповтың жуан мойнын екі қолымен құшақтай қысты.

— Біз сені кеш сайын еске түсіріп отырдық, — деді үлкен қызы. — Атам бізге сен туралы жазған газетті оқып берді, мен оны жаттап алдым.

Катя жұрттың толып жатқан сәлемін айтты да, колхоздың жұмысы жайында тегіс баяндады. Председатель де хат жіберіпті, хатында колхозшылардың көктемде балық аулауға дайындықтары жайында хабарлапты, сонымен бірге, ескі әдеті бойынша Иван Лукич өзінің ақылын және тілектерін айтып хат жазбас па екен, деп өтініп сұрапты.

Зобнинге учаске бойын қыдыртып көрсетті. Қарт балықшы мұның бәрін де зейін қойып, көңіл аудара қарады.

— Тура жаңадан белгіленген бастық сыяқты, — деп оған Беридзе басын изеді. — Зобнин жолдас, бар күшімізді салып асығып жатырмыз. Сіздер көктемді асыға күтіп отырсыздар, ал бізге ол тек қолайсыздық жасағалы отыр.

— Солай, солай — деді Зобнин жөнді жауап қатпай.

Учаскедегі көп істер: отыз шанаға салып трактормен сүйреткен үлкен жылан сыяқты темір труба да, жалтылдаған скафандр киген сүңгуірлер де, мұз жолда үздіксіз ағылып жүріп жатқан автомашиналар да оны таң қалдырды. Бірақ, ол өзінің танырқағанын білдірмеді.

— Жалпы жыйналыс шақырыңыз, — деп ол өтініш қылды. — Мен өзіміздің балықшылардың аманатын айтпақшымын, құрылысшыларға деген тапсырмасы бар.

Кешкілікте «аралшылар» адам көп сыятын үлкен палатаның біреуіне жыйналды. Зобнин мен Катя Карпованың келгендегі мақсаты сонда ғана айқын болды: колхоз учаскені жарысқа шақырған екен. Бұдан басқа, Зобнин колхозшылардың жалпы жыйналысының тапсыруымен өзінің жерлесі, Иван Лукич Карповқа құрылыста адал еңбек еткені үшін алғыс жариялады. Балықшы Қарповты үш мәртебе құшақтады да, оған сыйлыққа жаңа мылтық берді. Стахановшылар Умара мен Маховка балықшы күміс сағат берді.

— Сыйлыққа заттар алып келу үшін Новинскіге арнаулы адам жібердік, — деп айтуды да есінен шығарған жоқ.

Қонақтар учаскеде үш күн болды да, қайтуға асықты. Карпов оларды Адунға дейін шығарып салды. Ол қайтып келе

жатып, көктемнің жақындап қалған белгілерін бірінен соң бірі көріп, байқап отырды. Майдандағы жағдай туралы ойлаған ойы учаске мен колхоздың қамын ойлаушылықпен келіп ұласты. Карпов жыл құсының келуін күтіп, аспанға қарап жүрді. Шынында да, ол аралға жетпей жатып-ақ топтанған дауыр тағандарын көрді. Таня оларды «ақ жағасы» — мойнында ақ мойнағы бар, «көкірекшесі» — төсінде аппақ мамығы бар болғаны үшін артист деп атайтын-ды.

— Жігітім, осы араның бұл қара тағандары, көктем құсы,— деді Карпов Алексейге шошынған адамдай.

Далада көбелектер көріне бастады. Олар тірі гүл сыяқты барлық жерде де, топтанып және жеке-жеке ақ көбелек, ала канат, канаттарында әдемі ашық гүлдің суреті бар тоты көзді көбелектер шыға бастады. Әрман қарай — «жердің шетіне» қарай үйір-үйірімен қаз, үйректер ұшып өтіп жатты, тырналар да тырулап аспанға көтеріле жоғарлап, қатарлана тізіле ұшып кетіп барады.

Батманов байланысшылардың айтқанындай, «селектордан түспей қойды». Ол трассаның біресе бір жерінен, біресе екінші жерінен келіп шығып, барлық учаске бастықтарын күніне екі рет проводқа шақырып, оларға табандатып тапсырма беріп отырды.

— Жол бұзылып жатыр, енді бірнеше күннен кейін жүріс тоқталады. Жаксылап тұрып тексеріндер, алыстағы пункттердің ішінде азық-түліксіз немесе материалсыз қалып қойғандары жоқ па? Автотранспорт пен тракторды қыса түсіндер, әрбір адамды және әрбір минутты барынша пайдаланындар. Естерінде болсын, жол бұзылса, біздің қол-аяғымызды бір ай байлайды, ал егер де жол мәселесімен қазірден бастап шұғылданбасаңдар, онда біз мүлде құрайтын боламыз. Жазғы жол салуға кірісіндер.

Әңгіме сол баяғы бір сарында, шеткі учаскеге сұрау берумен аяқталады:

— Жолдас Беридзе, сіздерде, бұғазда не болып жатыр?

Күн барған сайын ысып барады. Ол қатып жатқан, жансыз тайғаның да мазасын кетірді. Бұлақтардың суы сарқырап аға бастады. Бұлар жердің қыртысын кірлі сатпағынан арылтып, былтырғы қуарған шөпті тазартты. Ағаштардың қуарған бұтақтарына жан кірді. Ольха ағашында былтыр күзден әзір тұрған қабыршақтар жандануға айналды, талдың ақша бұтағында сары түйіндер көріне бастады. Төбелердің оңтүстік беткейі нешетүрлі күрең бәйшешектермен әшекейленіп гүлденді. Алаңға орман жақтан құстың даусы келді, бәрінен де сары шымшықтың әні әсем естіледі.

Беридзе бұғаз бойын өзінің пикап машинасымен аралады.

— Достарым... Жауды жену үшін, біздің болашақ игілікті ісіміз үшін бар күштеріңізді сала қыймылданьыздар, — деп бас инженер бір бригадadan соң екінші бригадаға барып өтініш жасады.

Бұйрық беруге оның адамгершілік хақы болмады, өйткені өткелді жылдам бітіру үшін жұрттың өзінің де бар күшін салып, тырысып жатқанын көзімен көрді. Жұмыс бір минут тоқтаған жоқ, тіпті түнде де істелді. Тракторшылар, пісірушілер, изолировщиктер, кара жұмысшылар ұйқыдан бастартты. Карпов кейбір бригадалардың екі тәулікке дейін кетпестен мұз үстінде жұмыс істегенін көріп, оларды жағаға еріксіз айдап шығаратын болды.

Ақыры Тополев пен Ковшовтың құрылысшылары бұғаз үстінде түйісті. Алексей Кузьма Кузьмичтен екі секция асырып жіберді.

Қарт шын ниетімен Ковшовты жеңісті табысымен құттықтады.

— Алеша, бір бөтелке жақсы шарабың менің мойнымда. Өзімнің ұзақ өмірімде, дәл осы қыйыншылық күндердегідей құмарта жұмыс істеп көрген жоқ шығармын. Жарыс дегеніңіз осы екен ғой! Мұнсыз жарымын да істей алмаған болар едік.

— Ау, Кузьма Кузьмич, әлі қуанбай тұра тұрыңыз. Біздің еңбегіміз босқа кетуі де ықтимал. Не болып жатқанын, қараңызшы! — деп Алексей сасқалақтап қалды.

Абыржығаны бекер емес болатын. Трубопроводтың екі ұшын ортасынан қосып пісіруі қалған. Ал, мұз үстіне су шығып кеткен. Мындаған сай-сала өзінің суын тайгадан осында құйып, құрылысшылардың әлі де жұмыстары бітпеген алаңының мұзын еріте бастады. Үздіксіз жұқарып келе жатқан мұз трубопроводтың суға түсірілмеген соңғы секциясының ауыр салмағымен кез келген минутта ойылып, сынып кетуі мүмкін еді.

Беридзе тракторларды мұзға түсіруді тоқтатты. Автомашиналар құрғактан аралға әзірше жүріп жатыр, бірақ жүкті жарым-жартылап тиеді. Автомобильдің дөңгелектері суды жарып атқан фонтандай шашыратқанда, одан лезде кемпірқосак тәрізді қызылды-жасылды сәуле жарқ ете қалады.

Соңғы секцияны жүздеген адамның біріккен күшімен түсірді. Оларды басқарған Беридзенің өзі болды. Жұрттың дәу болат трубаны мұздың жарығына қарай ақырын шым-шымдап қозғағанын көріп, Силин қыйналып тұр. Семен Ильич бас инженердің мұз турасындағы қаупін бекерге санап, оған ішінен де, естіртіп те ұрысты. Беридзе басқарманың селекторға шақыруымен пикапка отырып, қасынан өте шыққанын пайдаланып, Силин ауыр трубаны көтеру үшін әдіс жасап тракторды мұзға түсірді.

Қызумен жүргенде бұған ешкім назар аударған жоқ. Алексей мотордың ерекше гүрілдеген даусын тіпті жақыннан есітті. Инженер селк ете түсті де, тракторға қарай жүгірді. Ол қолын көтеріп, ашулана айқайлап ұрысты.

— Қайт, дереу кейін қайт! Мұз ойылып кетеді! Қайт! Оңбаған бәрін құртасын!

Осы айқайдың күшімен ойылғандай, алдынан құлақты бітіре қатты дауыспен мұз сатырлап жарылды да, соншалық зор трактор гүрілдеп, жарылған мұзды табанымен тырмалай иірімге түсіп кетті. Алексейдің есі шығып, сәл тоқтап қалды да, одан кейін авария болған жерге қарай жүгірді. Ол еңбектеп ойылған жерге жетті. Алексейдің айқайымен жан-жақтан жұрт жыйналып қалды. Силин ойылған жердің бетінен көрінген де жоқ, оны судың ағыны бірден мұздың астына тартып әкеткен болу керек. Жан түршігерліктей апатпен ойда жоқ жерден жолдасы қабырленген моланын қасынан құрылысшылар көпке дейін кете алмады, тым болмаса Силиннің өлігін шығарып алуға деген әрекеттен де ешнәрсе шықпады.

Сол кезде бас инженер қайтып келді, ол тек жана ғана «бәрі де жақсы» деп Батмановты малдандырған еді. Георгий Давыдович трубопроводты қалдырып, жұрттың бәрінің ойылған суаттың айналасында тұрғандарын көрді. Беридзе Карповтың берген түсінісін бастан-аяқ тындап алмастан-ақ, Ковшовқа келіп тап берді.

— Сенің бүйтуге қанша хақың бар еді! Мен бұл жерден кетер-кетпестен-ақ, өз бетіңмен кете бастағансың! Адамның өліміне енді жауап бер! Силин өлді, сен түсінесің бе, жоқ па? Силин! Сен тракторды мұзға неге түсірдің? Неге?

Бұл әділетсіздік кіналау Алексейдің қаперіне де кіріп шыққан жоқ. Ол тек ашумен былай деп жауап берді:

— Егер осы сөздер Силинді қайтаратын болса... Кінаны өз мойныма қуана-қуана алар едім.

Ковшовтың есіне қалған жұмыс түсті: өткізіп алған қымбатты минуттардың орнын толтыру керек еді. Ол жұртты шақырды да, трубопроводқа қарай жүгірді. Карпов Беридзеге айыбын бетіне баса:

— Сен одан кешірім сұрауың керек, — деді. — Осындай кезеңде, сен оны сөгіп, ренжіттің. Жігітім, не үшін? Егер себебін білгің келсе, ол кіналы емес. Силин байғұс та кіналы емес. Бәрінің де тілейтіні бір тілек, сондықтан олар жанын аямайды...

Ауыр зат көтеретін блоктар мен шығырдың және үш автомашинаның жәрдемімен өткелдің екінші желісінің соңғы бөлегін, ақыры, бұғазға әкеліп түсірді. Бірақ жұмыстың біткен қуанышы жолдастың өлімі мен азалы болды. Болдырып, шаршаған, көңілдері жабырқау жұртқа Беридзе демалындар деп

әмір етті. Алексей үш тәулік ұйқтаған жоқ еді, жұртпен бірдей ол да кетті. Оның көз алдынан Силиннің тракторының мұздың ойылған жеріне батып бара жатқан жантүршігерлік елесі тіпті кетпей қойды. Беридзе Алексейді қуып жетіп тоқтатты да, айналадағы жұрттан қымсынбастан қысып тұрып құшақтады:

— Алеша, ғафу ет мені. Қызулықпен тілім қатты тиіп кетті.

— Түк емес Георгий,— деді Алексей шаршаған күйінде.— Біз екеуіміз миллион рет ұрсысармыз да, татуласармыз да. Ал, жақсы адамнан айрылды, оны енді қайтара алмаймыз.

Майдың бас кезінде кенеттен сылбырап жапалақ қар жауды. Оның соңынан көктемнің таза, сіркіреген алғашқы жауыны жауды. Бір түннің ішінде-ақ жылынған жерді жұмсақ ұяң шөп басты да, айналаның бәрі жап-жасыл болып кетті.

Бұғазда қандай жүріс болса да тоқтатылсын деп, Беридзе бұйрық берді. Тайсиннің Гибельный тұмсығы жағындағы барлық жұмысты басқарушылықты Ковшовқа тапсырып, бас инженер Карповты ертіп аралдың түкпіріне қарай, Роговқа жәрдем беруге кетті.

Қысқы жол бұзылған, ағаш арасындағы ашық жол солайымен батпаққа айналған, автомашина мен тракторлар жүре алмай батып қалады. Жүруге қолайлы бірден бір көлік — салт ат болып қана қалды, онымен де барлық жерден бірдей жүре алмайсың. Жұрттың бәрі жазға жол салу жұмысында. Ол жол солайымен қатар-қатар етіп біріне-бірін байластырған жіңішке бөренеден салынады. Құрылысшыларға ағашты арқалап тасуға тура келді. Әсіресе, ағашсыз жерлердегі бригадаларға қыйын болды — мұндай жерлерде төсеніш ағаштар жақындағы тоғайдан тасылды, кейде трассадан екі километрдей жерлерде болды. Құрылысшылар иықтарына салып, қайсыбіреуі біреуден, қайсыбіреулері екі бөренеден арқалап, сүрініп-кабынып батпаққа батып жүріп тасыды.

Бас инженердің жаны ашый тұрса да, жұмыстың бұл сыяқты жабайы тәртібіне амалсыз көнді. Ол жұмысты жеңілдететін қандай да болсын ұсынысты қуанышпен қарсы алып отырды, складтардан оралған жуан сымдар табылған жерде тоғайдан трассаға бөрене тасыйтын аспалы жолды тез жасауға жәрдем көрсетті.

— Жұмыстар, тайганың, ауа райының жақсы кезіне тура келгеніне рахмет айту керек,— деді Карпов.

Карповтықы дұрыс та еді. Әбден маза кетірген суық пен борандар артта қалды, адам шыдап болмайтын бұлтша түнере қаптап жүретін масасы мен шыбындары бар ыстық жаз келіп жеткен жоқ. Ауа жылы, жанға жайлы мамықтай. Манжур қайыңының ақ қабығының астынан шырыны аға бастады, трасса

бойында жұрттың бәрі де қайыңның қабығынан жасалған стакан мен тәтті шырын суды, «көктемнің шарабы» деп сімірді.

Жол жүрген сапардың төртінші күні тайганы біресе салт атпен, біресе жаяулап, белуардан сазға батып келе жатқан Беридзе мен Карпов бұғаз жақтан соққан суық желге ұшырады.

— Мұз қозғала бастады, жігітім! — деді мұның жайын бірден сезген Карпов.

...Әлі қозғалмаған, бірақ та бұғаз мұзының жүріп кетуі сенімсіздеу кезінде, құрғақтан аралға қарай, ең ақырғы боп тәуекелге бел байлап шыққан адам Кондрин еді. Ол аралда бірнеше рет болған; Беридзе оған тәжірибесі одан гөрі аз, аралдағы учаске бухгалтерінің жұмысына жәрдем беруді міндеттеген болатын. Кондрин Филимоновтан рұқсат сұраумен бірге, былай деп түсіндірген еді: мұздың жүруі екі-үш аптаға созылады, осы уақыттың ішінде оған, Кондринге, бүкіл аралдағы складтар мен сауда орындарының есебін тексеріп шығуға мүмкіндік болады. Шынына келгенде, Кондрин аралға баруға тек осы үшін ғана асыққан жоқ. Оның Серегинмен екі арасындағы қатнас шиеленісе түскен. Чертеждер жоғалғаннан кейін Серегин қатты ашуланып, әрі ызаланып бухгалтерге келді де:

— Мастерскойдан ұрланған чертеждерді қайтар, — деді. — Бұл сенің істеген ісің! Қаскүнемдігіңді қой! Қоймасаң мен сенің сазайынды тартқызам.

— Есіңнен адастың ба, Серегин! Қандай чертеждер, қандай қаскүнемдік? Менің мұнда не ісім бар? — деп Кондрин ыза болды.

Механик, оның ақсынғанын тындамастан, қасарып өзінің айтқанынан қайтпады. Оның ойынша, учаскеде болған адам таңырқарлық уақығаларға, барак турасында да, трубопроводқа тығын тығу турасында да Кондриннің тікелей қатнасы бар деп білді.

— Учаскеден кет, сонда мен сені ұмытам, — деп қатты айтты Серегин. — Маған да, басқа жұртқа да тыныш жұмыс істеуге мүмкіндік бер. Сенің үшін біздерге жаманат келеді. Мен тынышымнан айрылдым — осы сен бір жерде зыянкестік жасап, бүлдіріп қояма деп, ойлаймын да жүремін.

Кондрин Серегиннің, басқаның бәрін былай қойып, бар ынтасымен насостың монтажына берілгеніне бұрыннан-ақ көзі жетерліктей мүмкіншілігі болған. Мастерскойға Кондрин жұмыс бабымен келсе де, Серегин бухгалтерді ит етінен жек көріп қарайтын еді. Бір жөні келгенде, ол тек оны төмпештеп қана қоймай, өлтіріп жіберуі де ықтимал.

Кондрин Серегинді қорқытуға әрекеттенді, үгіттеп те көрді, бірақ одан ештеңе шықпады. Механик Кондринге ақтық ұйғарындысымен келді, бірақ бұрынғысынан қайтқан жоқ.

— Ертеңге дейін күтемін,— деп Серегин катты айтты.— Егер де ертең кешкі сағат алтыға дейін чертеждер мастерскойға қайтарылып берілмесе және өзің жақсылықпен учаскеден кетпесең, сен туралы арыз етемін.

Серегинмен сөйлескеннен кейін көп кешікпей, бұғаздың мұзы енді-енді қозғалады дегенге карамастан, Кондрин аралға жөнелді. Ал, ол кеткеннен кейін, түнде, механик Серегин, ойда жоқ жерде бақытсыздыққа ұшырады. Ол насос станциясы құрылысының жанымен жүріп келе жатқанда, жоғарыдан оның басына ауыр дінгек құлап түсті. Бұл уақытқа туралы Беридзеге хабар етілді. Серегин бір тәулік бойы есін жыя алмай жатты, оның халі үмітсіз еді.

Гибельныйдың жарлауыт тұмсығынан Алексей мен Таня жандана бастаған бұғазға қарап тұрды. Сендер бұзылған. Ірі сендер бірінің үстіне бірі шығып, тірі айуан сыяқты жарға ырғып шығып калып жатыр. Қыстың бұғауынан босанған тасқын даусы катты гүрілдейді. Үйірген құйынның ысқырығы, жағада тұрған адамдардың құлақтарын тұндырады. Құтырған жел ысқырады да, ызылдайды да. Жарылып сынған мұздардың даусы бейнебір атылған зеңбіректің даусындай гүрсілдейді. Мұздар үздіксіз сырылдап жиекке барып ұрылады. Үйірмелене айналып, бұраң қағып шымырлай аққан су даусы сылдыр-сылдыр естіледі. Мұздың ағысын қарап тұрған Алексей мен Танының ойы да осы көшіп жатқан мұз бейнелі, осы тәрізді толассыз ағып жатты. Зинадан хабар алмағалы екі ай болып қалған, Алексей қазір сол туралы ойлады. Ол Зинаның шешесіне телеграмма үстіне телеграмма жіберді, бірақ жауап жоқ.

Таня өзінің Беридземен екі арадағы шиеленісіп кеткен қарым-қатнасы жайында түсінісуге әлденеше рет әрекет жасаған еді. Ол кетіп қалды да, енді сағынуда болды.

...Беридзе ойы үнемі Таняда болып, тайганы қақ жарып ілгері жүре берді. Суық жел басылды. Қазір табиғаттағының бәрі масайрады. Мойыл ағаштары ақ гүлдерге бөленді. Емендер қасанданған және кірленген киімдері мен қаңылтырдай катты жапырақтарын түсіріп, олардың орнына жас дүріптей шыққан бүршікті жасыл жапырақтар өсе бастады. Багульник те гүл атты, төбелердің беткейлері түрлі түсті гүлге бөленді.

Бас инженерді ертіп келе жатқан Карпов, бәріне де көңілін бөлді. «Есіттің бе, мойыл құстың шықылықтауын!» — деп ол құлағын салды. «Жігітім, қарашы, бірінші қарлығаш ұшып келген». Тайгада құстың көптігі сондай, тіпті көздемей ата салса да болатын. Көлдердің бетінде үйректер ұшып-қонып, қайнап жатқан сыяқты. Карпов төте жүруді білмейтін, қалайда бұрылып, әр жерге соғып жүретін. Ол белдігіне үйрек байлап,

қолына бір уыс жасыл гүл, бәйшешек, сары қызғалдақ алып, Беридзеге келді. Георгий Давыдович оның бұл сәнді олжасын риза болып қабыл алды. Бас инженердің жол төсеу жұмысында жүргенде қолына гүл ұстап, сербеңдетіп жүретінін талай көрген-ді. Беридзе кейде біреумен ұрысқанда немесе қажет болып қалғанда бөренені иығына артып көтерісіп бара жатқанында жасыл гүл мен бәйшешектің талайын батпаққа лақтырып жіберетін. Сөйтіп, талай гүлдердің будалары Таяның қолына тиместен, далада жоғалып қалып жүрді, әйтпегенде тайганың барлық гүлдерін Таяға қуанышпен сыйлаған болар еді.

Беридзе мен Карпов бесінші тәуліктің кешінде тайганың үлкен өзені Ойға жетті. Рогов бұл арада ағаштан көпір салыпты. Бірнеше километр жол дайын болып көпірге алып келеді. Құрылыс жұмысы бітуге жақындапты. Алайда, Александр Иванович бұған риза болмай, ашулы екен.

— Бұл өзенде ойбайды да, байбайды да саласың, — деді ол Беридзеге ызалана шағым еткендей.

Қысқы жол барында мұнда азық-түлік жеткізілмеген, өйткені бұдан небәрі жыйырма километрдей жерде база бар болатын. Осы болмашы аралықтың өзі жазғытұрғы жолдың бұзылған кезінде, жеткізбестей алыс, әрі қыйын болды. Атка теңдеп аса қажет деген азық-түлік — ұн, тұз, консерві ғана әкелінді, сондықтан тамақ нашар болды, ал отқа көміп пісірген нанды жегенде түтіннің, аттың терінің иісі шығады. Мұның үстіне, құрылысшылар таң қаларлық бір ауруға кез болды. Жұрт әлсірегенін, тамаққа тәбеті соқпайтынын айтып, өлетін болдык, жәрдем көрсетіндер деп тілек қойды. Рогов базаға баратын жолды түзеттіріп, азық-түлік жеткізіп, тамақты жақсартып еді, бірақ белгісіз ауруға оның шамасы келмеді.

Беридзенің айтуы бойынша, Александр Иванович селекторға Ольга Родионованы шақырды да, алыста болса да белгісіз бір ауруды, адамдар көз алдында жүдеп құрып бара жатқан ауруды немен емдеуге болатынын білгісі келді.

— Діңгене емес пе? — деп сұрады Ольга Новинскіден. — Тістерінің түбі қанай ма? Тәнінде іріндеген жара бар ма? Олардың бәріне де қылқанды ағаштың шырынын ішкізіндер. Өзіңіз де ішіңіз.

— Сіз айтқан тікенді ағаштың шырынын ішеміз. Локсый-локсый ішеміз. Сіздің сасық мойылыңызды да жейміз. Бізде діңгенемен екі-ақ адам ауырады, ал мынау басқа бір ауру, — деді Рогов.

Құрылысшылардың мұндай пәлеге ұшырауы оны өте ренжітіп жүр еді, сонда да Ольгамен сөйлескендігіне қуанып қалды. Ол Ольганы аппараттың жанында еңкейіп жәрдемге келуге дайын отырған кейіпте өзінің көз алдында көріп тұрған сыяқты.

— Александр Иваноич, сіздің адамдарыңыз энцефалист емес пе екен деп қорқам? Кенеден сақ болыңыздар! — деп айқайлады Ольга. — Ауырғандарды дереу бұғазға жіберіңіздер. Мен оларды қарап көрейін, егер де қажет болса Новинскиге алып кетермін.

— Мұнда келесіз бе? — деді Рогов қуанғанынан айқайлап, сөйтті де оны басқа біреу естіп қалған жоқ па екен деген адамша жан-жағына қарады. (Селектор арқылы сөйлегенде құпия сөз сақтауға болатындай-ақ!) — Өзімді бақытты деп санаймын, келіңіз күтемін.

— Келемін, — деді Ольга ақырын ғана, өзінің күдігін басуға тырысқандай, біраз үндемей тұрғаннан кейін. Батмановтан сұранамын да келемін. Дұрысында ұшып барамын. Ауруларды бұғазға жеткізгеннен кейін, хабар етіңіз.

— Тым болмаса аурулар үшін келіңіз, — деді Рогов бәріне де көніп.

— Тек аурулар үшін ғана келмеймін, — деп Ольга кенет оның сөзін түзетті.

— Сіз қалай дедіңіз? Қайта айтыңызшы! — деді Рогов. Ольга бұдан соң жауап қатпады.

Ауырған адамдарды бұғазға дейін апарып салуға Карпов өздігінен ризалық білдірді. Әлсіз және мең-зең болған аурулар кей жерде дайын жолмен, кей жерде батпаққа батып, оның соңынан еріп тайгамен келе жатты, Иван Лукич жолдастарын қатты аяп, тоқтаған жерлерде оларды балаша мәпелеп, жанын сала күтті және оларға барлық ауруға ем болатын қасиетті жень-шень тамырын табуға уәдесін берді. Бұл кезде Беридзе мен Рогов әрі, Қончеланға қарай бет алып бара жатыр еді.

Батманов пен Беридзе трассаның біріне-бірі қарама-қарсы екі шетінде жүріп, бүкіл линия бойында труба пісіру жұмысын бастау жайында ойлап жүргенде, жазғы жол әлі тегіс салынып біткен жоқ болатын. Құрылыс жұмысының барысының өзінде-ақ труба пісіру жұмысы аса жауапты, әрі нефтепровод салудың қыйын кезеңі деп алға қойылды.

Батманов жаңадан туған бұл міндетті бірлесіп талқыламақшы болды. Селектор аппаратына Новинскіден Қончеланға дейінгі барлық учаскелердегі жұмыстың техникалық басшылары, прорабтар және стахановшы-пісірушілер шақырылды. Бір-бірінен соншалық қашық тұрғандықтан, бірін-бірі көрмей тұрып әрі керісіп, әрі келісетін мәжлістер болатынын тек құрылысшылар мен жолда істеушілер ғана біледі.

Мәжлісті бас инженер басқарды.

— Жолдастар, труба пісіру — біздің нефтепровод салу жұмысымызда ең басты жұмыс. Тек осы жұмыстан кейін, бүкіл

трасса бойынша созылған мындаған трубалар қосылып бір тұтас болып шығады,— деді Беридзе.— Пісіру жұмысының ойдағыдай болуын, мұның дұрыс ұйымдастырылуы шешеді. Біз әуелде жоба жасағанда да, бұл жөнде көп талқылап пікірлескенбіз, ал қазір учаскелерде қандай таластар болып жатқанын да мен жақсы білемін. Бізге екі мәселені шешіп алу керек. Біріншіден — учаскеде пісіруді қалай жүргіземіз: бір жақтан ба немесе екі жақтан бірдей-ме? Екіншіден — пісірушілер үшін жұмыс ұйымдастырудың қандай түрін алу керек? Сіздер бәріңіз де білесіздер, бұл сұрақтарға біздің жоба былайша жауап береді: әр учаскеде жұмысты бір жақ шетінен жүргізіп, ал пісірушілерді күшті бір колоннаға біріктіру керек делінген. Енді бұған қарсы елеулі наразылық туып отыр. Трассада бірден бірнеше жерден екінші майдан идеясы, немесе учаскенің екі жағынан бірдей қарама-қарсы жүре отырып пісіру идеясы туды. Бұғаздағы пісіру жұмысының тәжірибесі, пісірушілердің бәрін бір колоннаға құрастырудың өзі қажет бола қояр ма екен деп күдік жасауға мәжбүр етті. Біз ақырғы қорытындыға келу үшін, тағы да бір рет келісіп алуымыз керек, яғни «жеті рет өлшеп, бір рет кесуіміз керек». Бәріміз бірлесіп ойлап, ақылға салып, дұрыс қорытындыға келетің болайық.

Бесінші учаскедегі инженер Прибытков: оларда труба пісіру үшін бәрі дайын екенін, сөйтіп, олар жұмысты дәл жоба бойынша ұйымдастыруға дауыс беретіндігін айтты.

— Екі майдан — ол кадрлар мен техниканы бөлшектеп жіберу деген сөз. Бір бөшке бензинді екіге бөлуге болады. Егерде менде труба пісірудің техник-прорабы біреу ғана болса, мен оны екіге бөліп, учаскенің екі басына жарты-жартыдан қоя алмаймын ғой,— деді қарт инженер сендіре сөйлеп.— Біздің учаске аз болғанда сексен километр. Екі жақтан бірдей қарама-қарсы жұмыс жүргізуге келісім беру — бақылау жұмысын біле тұра нашарлатушылық деген сөз. Брақтың сонша көп болатынына мен осы бастан кепіл болайын. Біз уақытты ұта алмаймыз, қайта, брак жасаумен ұтыламыз.

Қончеланның инженері Котляровский Прибытковтың пікіріне қосылды. Гибельский тұмсығынан сөйлеген Тополев оларға қарсы болды. Атақты қарт инженердің жуан даусын құрылысшылар бірінші рет естіді.

— Көзіме көрінбей отырған менің серіктерім, тек, бір мәселе жөніндегілердің дұрыс екендігіне жақсы түсіндім: бір шеттен істеу онай, әрі жеңіл — деді Кузьма Кузьмич асықпастан және дәлелдей сөйлеп.— Бірақ уақытты ұту үшін, онайлықтан бастарту керек емес пе екен? Жолдас Прибытковтың брақтың болуы сөзсіз дейтін көзқарасы маған ұнамайды. Біздің жұмысшы-пісірушілерге көбірек сену керек — сонда брак болмайды.

Линиядағы прорабтарға жәрдемші етіп ең жақсы стахановшылар бөлінсін деп, мен ұсыныс жасар едім. Сонда бақылау мықты болады.

— Дұрыс айтасың! — деп Умара да сөзге араласты. Ол Прибытков пен Котляровскийдің сөзін тындағанда ызаланып, қашан сөз кезегі тигенше, скамейкада шыдап отыра алмады.

— Умара достымның менің айтқанымға қосылғанына қатты қуаныштымын, — деді Кузьма Кузьмич сөзін тоқтатпай. — Екінші мәселеге тоқталғым келеді. Жоба, ал Прибытков пен Котляровский жолдастар оны жақтап, учаскедегі барлық пісірушілерді бір колоннаға жыйнауға ұсыныс жасайды. Бұған қарсымын! Осы өмірімде маған пісірушілермен көп жұмыс істеуге тура келді, ал бұғаз арқылы салынған өткел құрылысында мен мынаны жақсы түсіндім: пісірушілерді бір бастығымен он адамға дейін ғана топтастыруға болады екен. Жолдастар, ойланыңыздаршы, бізде, қайсыбір учаскелерде пісіруші мастерлер жыйырмаға дейін барады. Демек, пісіру колоннасының бастығы жыйырма пісіру аппаратының немесе алпыс адамның жұмысын басқару керек! Ал, біздің мөлшеріміз бір адамға он труба түйіспен келеді. Бұл мөлшерді Умара үш есе орындайды. Осы сыяқты алпыс пісірушінің жұмысын бақылайтын бастық бишара болады ғой! Умараға барлық жағдайды туғызып, оның жолындағы барлық бөгеттерді жойып, одан жұмысты қабылдап алу керек, — машақаты көп, бір адамның шамасы келмейді, мұны ұмытпаңыздар...

Тополевтен кейін стахановшылар сөйлеп, мұның сөзін олардың бәрі де қолдады.

— Георгий Давыдович, жолдас Беридзе! Сөзді бітір, қаулы жаз! — деді Умара өзінен-өзі сөз алып. — Пісірушілер екінші майданды қолдайды. Елімізге нефтепровод керек, ал біз оны мерзімінен бұрын береміз. Браксыз жұмыс істеуге уәде береміз. Сөйлеген инженердің фамилиясын ұмыттым: «Брак болады» деп ол көңілге қарамай қалай айтады? Брак болмайды. Жолдас Беридзе, жазыңыз: «Умара Магомет үш жүз елу процент беруге және брак жасамауға міндеттенеді». Барлық пісірушілерді жарысқа шақырам.

Пісірушілер тағы сөйледі. Олар Умараның шақыруын қабыл алды. Батманов пен Залкинд сөйлеуден бастартты.

— Жолдас Умараның сөзіне қосатын біздің ештеңеміз жоқ, — деді парторг. — Георгий Давыдович, қорытыңыз...

— Біздің намысқорлық ауруымыз жоқ, тәжірибе жүзінде іске аспай қалған, жобадағы шешілген бірқатар мәселелерден енді бастартудан да қорықпаймыз, — деді Беридзе мәжлісті жауып. — Пісірушілердің аз ғана топтарымен екі майданда бірдей істейміз. Мен өндірістің басшыларын графиктерін қайта қарап, оны ертең жаңа түрінде маған баяндап, пісіру жұмы-

сын бастауға шақырам. Жолдас Прибытковқа және басқа инженерлерге де менің айтатын кеңесім бар: жұмыстың нағыз қызу кезені басталды, сіздер трассаға әрбір минутке және арқашан керексіздер. Олай болмайтын болса, автомашинаның үстінде жүріп, сонда тұрып істеу жағдайына көшіңіздер.

Сегізінші тарау

ҚАЙҒЫЛЫ ХАБАРЛАР

Таня Васильченко өзі бастаған іс—селектормен босқа мақтанбайтын. Байланысшылар колоннасы қысқы тайгада соншалық қыйыншылықты бастарынан тегін өткізген жоқ-ты. Басқармадан аралдағы трассаның соңғы пунктіне дейін тартылған темір сым, коллективтің тәніне біткен жанды жүйкеге ұқсас. Егер де құрылысшылардан селекторды қазір сыпырып алса, олар бірден-ақ тіл мен құлағынан айрылғандай болар еді.

Селектор үздіксіз, күндіз-түні бірдей, адам сөзінің тасқынын, өмірдегі алуан түрлі хабарларды: өте маңыздысын, тіпті мінсізін, қоғамдық немесе жеке адамның, қайғылы немесе күлдіргі хабарларын жеткізіп тұрды. Изюм — Барвенково бағытындағы немістердің шабуылы жөнінде радио дабылдата хабар берді. Механик Серегиннің бақытсыздыққа ұшырап, өлім үстінде жатқандығы жөніндегі актыны бұғаздың фельдшері дәрігер Родионоваға оқыды. Залкинд Сморгочовты оның анасының табылғандығымен құттықтады, олар Орелден Омск қаласына мезгілінде көшіп барыпты. Учаскелердің инженерлері пісіру жұмысының алғашқы күндері қалай жүргендігін Беридзеге кезекпен баяндап отырды. Либерман Новинскіден сегізінші учаскедегі өзіне бағынышты бір адамды: «Шешетайым-ау, сонша көп жарманы қайда жібердіңдер? Ботка мен аюды асырап жатқан жоқсындар ма?» — деп қысып жатты. Оныншы учаскенің экономисі сол күнгі орындалған жұмыстарының өнім цифрларын басқармаға бір сарын дауыспен оқып берді. Жетінші учаскедегі диспетчер қыз екіншідегі диспетчер жігіттен «Сенің даусың жақсы, бірақ сен өзің қандай екенсің? — деп сұрады. «Мен жиренмін», — деді жігіт. — «Сенбеймін», — «Кел, көресің». Учаске бастықтары Темкин мен Хлынов өткен тәуліктегі жұмыс тәжірибелерінен пікір алысты. Новинскіден Пушин аралдағы жағдай туралы Карповтан әңгіме сұрады, сонымен бірге ол, өлкеде көктемгі балық аулау жұмысы жөніндегі әңгімелерді, ал қорытындысында Маховты біраз уақытқа проводка шақыр деп өтініш етті.

— Тірімісін? — деп сұрады редактор өзінің жолдасынан.

— Солай болуым керек.

— Қызыл туың әлі радиаторыңда ма? Әзір ешкім алып қойған жоқ па?

— Кызыл туды мен мықтап тұрып шегелеп қойдым, ешкім жұлып ала алмайды.

— Муся не істеп жүр?

— Әбігерленуде, нан мен май жегізеді, кофе береді, әдемі жігіттерге жымындап қояды.

— Ал саған ше?

— Мен көркем болған соң, маған да.

— Той қашан? Той, қашан деп сұрап тұрмын ғой?

— Мұнда әлі ЗАГС ашқан жоқ. Енді таяуда ашамыз.

— Көп күту керек қой. Күтуге ұзақ қой деймін?

— Ештеме емес, біз шыдамды халықбыз. Нивхтың қонысына да бардық, неке қыюға шаман іздедік.

— Неке қыймаймын деді ме?

— Шаман қалмапты. Ең соңғы біреуін жуықта жерлепті.

— Менің сұрағым жоқ. Құшақтап сүйемін. Тұтқадан айрылма. Күсті қолыңды қыстым.

— Редакторлық нәзік қолыңды қыстым. Қаламыңды берік ұста.

— Батмановтан кейінгі проводтағы ең үлкен қожайын бас диспетчер Гречкин болып саналады. Ол күніне бірнеше рет, жиі-жиі сөйлесетін, қашан да ол бірденені анықтап біліп және бірнәрселер жөнінде ылғый риза болмай жүреді. Ол учаскеде болған өзгерісті цифрларға қарап болжап, түрлі дәлелге байланыстырады, орындалудың көтерілуіне де, төмендеуіне де құлақ тігіп отырады. Ол Батмановтың қол қойған ұрысқан телеграмманы жібереді де, біраздан кейін ұнады ма деп ұрысып жазған учаскеден сұрап телефон соғады.

Аралда Алексей бас диспетчермен жиі сөйлеседі. Бұл жолы да Гречкин Алексейді селекторға шақырды.

— Сіздердің бұғазыңызда не болып жатыр, деп сұрап тұрмын? — Мұз әлі жүріп жатыр ма?

— Жүріп жатыр. Осынша мұздың қайдан келіп жатқанын сайтан біле ме, — деді Алексей. — Беридзе екеумізге аралдан кететін мезгіл жетті.

— Аралшы жолдастар, сіздер маған туфта сыйладыңыздар ғой. Туфта әзірледіңіздер ғой, деймін.

— Жодлас бас диспетчер, сіздің бұралқы тіліңізді түсінбей тұрмын.

— Бәрін де жақсы түсінесің, жорта айтып тұрсын. Сіздердің ақпарларыңызша бір күнде тоғыз километр жол төсеп салған көрінесіздер. Бұл ешқандай нормаға сыймайды. Өтірік айтқансыздар ғой?

— Тіпті алдағамыз жоқ, біз адал адамармыз. Бір күнде тоғыз километр істелді. Көп ұзамай біткендігі жайында рапорт береміз. Есітіп тұрсын ба? Мен саған: — Жуықта жол дайын болады деп тұрмын.

— Сене алмай тұрмын. Мұндай орындау қайдан шыққан?

— Қайдан шыққаны несі? Өз нормаңызды құрылысшылардың патриотизмына көбейтіңіз. Ал, нанбасаңыз, келіңіз де, тексеріңіз.

— Міне, сонысы өкінішті, келе алмаймын. Бастық трассаға жібермейді. Күн сайын: «айналмалы пісіру», «төбеден пісіру» деп жазамын да отырамын. Ал, мұның не екенін өзім әлі көргенім жоқ. Сіздер онда бүкіл нефтепроводты салып, қарық боласындар, ал мен оны көре алмаспын да,—деп Гречкин мұңын айтты.

— Ештеңе емес... Он жылдан кейін осында серуенге келерсің, сонда көрерсің,—деп мысқылдады Алексей.— Нефтепроводты көріп қайтуға саған рұқсат етер деп ойлаймын. Сенің омырауыңда: «Құрылыстың белсенді қатнасушысына» — деген значок жарқырап тұратын болады.

— Сен аралда тағы боп кеткенбісің, Алексей, сықак әзіл үйреніпсің ғой,—деп Гречкин күрсініп қойды.— Сенімен сөйлесу көңілсіз. Міне, Женя Козлова саған бірдеме айтпақшы. Тыңдағың келе ме?

— Әбден.

Женя өзінің қағаз, сия, цифрлардан әбден зеріккенін айтып, мұңын шақты.

— Көктемнің ең әдемі кезеңі, ал мен, Гречкин бекітіп қойған үйдің төрт бұрышын күзетіп отырамын.

— Оған қолыңды бір сілте де, бізге кел.

— Бұрынғы күн болса кетер едім,—деп Женя күрсінді.— Енді кете алмайсың. Қазір өзім де кез келген жерде тәртіп сақтауды жақтаймын. Мен комсоргпін.

— Сені босатуға әрекет жасайын ба? Сені жібер деп сұрайын ба, деймін?

— Мен саған сұрағанды көрсетейін! —деп Гречкин киіп кетті.— Менің қызметкерімді азғыруын карашы. Ол сенің соныңнан Борнео аралына да барар, тек шақырып көр.

— Сен оны әзірше Тайсин аралына жібер. Әзірше Тайсин аралына жібер деймін.

— Алеша, мұнда саған телеграмма келді! Және екі хат бар! — деді Женя.— Бәрі бірден келіп жетті. Барушыдан жіберсем күтесін бе?

Алексейдің жүрегі аттай тулап соға бастады.

— Жылдамырақ жібер,—деп өтінді ол.— Жок, телеграмманы қазір оқы.

— «Жаным Алешенька өзінді берік ұстауға тырыс, біздің Зина қаза тапты...» деп Женя жылдам оқып шықты, оның дыбысы тынып қалды.

Шумен күңгірт естілген дауыстың арасынан Алексейдің

кұлағына анық естіліп жеткен осы сөз, оның жүрегіне дәлдеп тиді.

— О-оқы! — деді ол, ақырын ғана күшін жыйнап.

— «...Саған хат жіберіп едім алмаған көрінесің,— деді Женя сөзді бір-бірлеп айтып.— Алексей, мұндай қасіретті бастан кешіру үшін күшті мен қайдан алам»...

Линия бойы тым-тырыс болды, тек морзе аппараты ғана аянышты дауыспен ызындап тұр. Құрылысшылар инженерді жақсы көретін еді, енді оған үн қатпастан қайғысына ортақтасып тұр.

— Женя, хатты да оқы,— деді Алексей есін жыйнағандай.

Женя үндемеді. Алексей өтінішін қайталап айтты.

— Алеша, керегі қанша... Хаттарыңды жіберерміз, екі-үш күнде аларсың,— деді Гречкин Женяның орнына жауап беріп.

— Оқы! — деді Ковшов.

— Хат әскери мектептің бастығынан, — деп жариялады Гречкин, жайшылықтағыдан гөрі қаттырақ о әрпін анықтап айтып оқый бастады:

— «Құрметті Ковшов жолдас! Сіздің посылқаңыз Дмитрий Ковшов майданға жөнеліп кеткеннен кейін келді. Сіздің інііз жақсы курсант болды, сондықтан оны меніңше жаңадан жыйналған курсанттың ішінен ең жақсысына берген дұрыс болар деймін. Ризалығыңызды телеграфпен хабарлаңыз...»

Жауаптың орнына Алексей тек қатты күрсінді.

— Немене? — деп сұрады Гречкин,— посылканы не істеу керек?

— Телеграмма жібер, мейлі өзінің еркінше шешсін,— деді Алексей ызаланған дауыспен. «Ол жаралы болған, содан соң қатарға қайтадан қосылған... Мүмкін ол қайтадан тағы жаралы болған шығар да, ал посылка оны ешқайдан таба алмай жүрген болар деген ой елестеді.

Трассаның әр жеріндегі адамдар Гречкиннің Ковшовпен сөйлеген сөздерін проводтың қасында үн қатпастан тұрып тындады. Селектор үндемеді. Морзе аппараты да тым-тырыс болды.

— Алексей уайым жеме? Қымбатты досым, өзінді берік ұста,— деген кенет Беридзенің даусы естілді.

Бұл кезде ол Кончеланда еді, Батмановты шақыру үшін аппаратқа келген екен. Тым-тырыс болып отырған Гречкин Георгий Давыдовичтің келіп киліккеніне қатты қуанды. Бірақ Алексей әлі оқылмаған екінші хатты ұмытқан жоқ еді.

— Оқы! — деді ол әшейіндегіден гөрі жайлау дауыспен.

— Біз саған хатыңды жіберерміз. Шыда, Алеша,— деді Гречкин өтінішпен.— Хат, мүмкін, жолдасқа тағы бір жана қайғы алып келген болар.

— Азаптамай, оқы, достық істе! — деді Ковшов қайғылы.— Ол хат Зинаның шешесінен... Менің білуім керек.

Жаңағы саябырлықты бір әйелдің жылаған даусы бұзып жіберді де, тағы басылды.

— «Алешенька, мен сені қайғыдан сақтайын деп, шамамың келгенінше үндемеуге тырыстым»,— деп Гречкин тағы да дауыстады.— Алғашқы хабарды теріске айналдыратын, жаңадан бір хабар келмес пе екен деп күттім. Бірақ, мен енді бұдан әрі күте алмаймын, сенен жасыруға хақым жоқ. Барлық телеграммаларың мен хаттарыңды алдым... Сен үшін қатты қыйналып, азап шектім. Маған сенің әкең де бірнеше рет айтқан еді: «Оған барлық шынын айтып хат жаз, үндемегенмен іс түзелмейді», деп. Сондықтан да мен саған жазып отырмын. Сол жақтан жолдастары келген, солар айтты...»

Гречкин демін ішіне тартып кідірген кезде:

— Естімедім, қайталап оқышы! — деп айқайлады Алексей.

— «Сол жақтан жолдастары келген, солар айтты»,— деп жазған,— деді Гречкин қайталап.— «Зина жауынгерлік тапсырмаға кеткеннен қайтып оралмаған. Оған өте қыйын іс тапсырған екен. Зина, одан басқа тағы да төрт адам болған. Тапсырманың бәрін де орындаған, бірақ қаза тапқан. Оларды тауып, құтқаруға тырысқан екен, сәті түспеген...»

— Не дейсің? — деп Алексей қайта сұрады, бір сөзді де жібергісі келмей.

— Құтқаруға болмаған, қаза тапқан деп жазады.— Күнбе-күн селектормен сөйлеп жаттығып қалған Гречкиннің даусы қайғылы халдың дабылы сыяқты болып естілді.— «Алешенька, біз екеуміз де жетім болып қалдық. Сен әйеліңнен, ал мен сүйікті қызымнан айрылдым. Алеша, енді не істеу керек? Мен, тегі бұл қайғыны көтере алмаспын...» Есітпейсің бе? «Енді не істеу керекін білмеймін. Менің қайғымның шегі де, ұшы-қыйыры да жоқ...»

— Алексей, мені есітіп тұрсың ба? Қазір қай семьяда болса да қайғы жоқ емес. Сені жұбатам дегендік емес, бекем болуыңа жәрдем көрсетем бе дегендік. Есінде болсын: жалғыз емес, сенімен бірге достарың, көп достарың бар— бұл Новинскіден үн қатқан Залкинд болатын, оны тыңдағандардың бәрі де, бүкіл жұрттың көңіліндегі керекті сөзін, жұрт үшін айтқандығына қуанысты.

Алексей селектордың жанына келіп отырды. Линия бойында екі жақтан да шулаған көп дауыс естілді. Алексейдің артында Қарпов тұр, ол жолдасының қайғысын немен болса да басуға әрекеттенді.

— Жігітім, берік бол. Мойыма,— деп күбірледі ол.

Алексей тұрды да, мас адамша талтіректен, далаға шығып, беталды жүре берді. Оның ешкімді де көргісі келмеді. Өзіне

қарай келе жатқан Тополевтің және Таняның бір жағын орап өтіп кетті. Учаскенің алаңынан асып, есіз тайгаға барып кірді. Карпов оны қуып жетті де, қолынан ұстап үйге қарай тартты.

— Жігітім, сен қайда барасың? Жібермеймін! Үйге жүр.

— Иван Лукич, бөгет жасамаңызшы. Мен жалғыз өзім бола тұруым керек,— деп Алексей қысқаша, бірақ қатаң айтты.

Бет ажарының жан азабымен сонша өзгергендігі Карповты таң қалдырды. Ол кейін шегінді.

Кішкене ғана Октанка өзені жарқыраған қайың ағаштардың арасында тап-таза тасқын сумен мөлдіреп ағып жатыр. Тура судың жиегіне ентелей біткен жапырақты ағаштардың арасынан қайындар көрінбейді. Олардың астын бойлап, қалың тікенді кара ағаштар өскен. Белгісіз бір аң қарағандарды жапырып, Алексейден қорқып қаша жөнелді. Кедр ағашы да үздіксіз әлсін-әлі сықырлайды. Секіргіш ақтиін, өзінің табанын жайып жіберіп, канатымен ұшқандай-ақ инженердің төбесінен бір жағадан екінші жағаға секірді, ұшалмайтын жәй тиіп жаңағыны көре алмағандай, оның соңынан шырылдап дыбыс беріп қарап қалды. Керенау қаңқылдап, суда отырған қалың каздар да көтеріле ұшты.

Алексей ештеңені байқамады, тек бұталар арасынан қолымен жол ашып жүре берді. Ұзағырақ жерде қолында қарабины бар Карпов та кезіп жүр. Ол қарағанның арасынан ұзын мұртты үлкен жабайы мысықты көріп қалды. Иван Лукич мылтығын ыңғайлағанда жабайы аңның тостағандай сап-сары көзі жалт етті де, жоқ болды.

...Алексей, Новинскіде де және қыстыгүні Адунда, сонсоң осы аралда, сенің түсіңе үнемі өте қадірлі және жүрегіңе аса жақын бір нәрсе кіруші еді де, баладай қуантушы еді: сен Москваға қайтып оралғансың. Таныс көшемен келе жатып, едәуір жерден балалық шағыңның музейі, осы күнде атақты конструктордың атына қойылған мыжырайған переулокты көресің. Ақырында көшелердің айқасқан жеріне келіп, бұрыласың,— сонда сенің алдында өзің туған ардақты үйің тұр. Сен адымыңды жиелетіп басасың, қарсы алуға олар да асығып отыр, сенің туысқан, нағыз жақын адамдарың: қарт, бірақ әлі де тың әкен, аласа бойлы шешен, қуанғанынан екі қолын бірдей көтерген бауырласың — бойшаң інің бәрі сені көруге асығуда. Ал, ең алдында шыдамсызданып Зина жүгіріп келе жатыр... Бұл түс әрқашан үзіліп қала беретін: қуанышқа лық толы жүрегің дүрсілдеп қаға бастағанда, сен оянып кететіңсің... — Зина, екеуміз айтып едік қой, бізді ешнәрсе айыра алмайды деп. Міне, енді мен жалғыз қалдым,— деді Алексей сыбырлап.

Зинамен бірге өткізген аз өмір қаншалық қызықты ішіне

сыйғыза алды дейсіз! Енді, ол жоқ болған кезде, бәрі де өзгеше жаңалық түрмен еске түсті. Ол Зинаны көз алдында тұрғандай көрді, оған қолын тигізіп, даусын өңінде естігендей болды.

Бұлар табиғат байлығының арасында бір-ақ күн өткізді. Бұл қалай болған, онда бұлар кездесіп, бірден қаланың сыртына шыққан ба?

Олардың танысқан есте қаларлық күнінен кейін, Алексейге аптаға жуық уақытта Зинамен көрісуге жөні келмеді,— тегі қыз кездесуден бастартқан болу керек. Алексей үйіне де, таныстарына да, Москва көшелеріне де сыймады. Ақыры ол қайткенде де оны көріп, сөйлесуге ұйғарды. Бірақ онымен не туралы сөйлесетіндігін де анықтап түсінген жоқ.

Алексей Зинаның үйіне кірді де, бірақ Сережа мен Тося Каплиндерге қарай бір этаж жоғары көтерілді. Жаңа үйленген жастар дуылдасып, зілсіз ұрсысып жатыр екен.

— Осы күнге дейін үйленбеген Алеша сен жігіт екенсің! — деп дауыстады Сережа, жолдасын қарсы алып: — Мені тыңда, Зинаға үйленбе, көңіліңді бас. Ол қазір сондай жақсы, ал саған күйеуге шықса болғаны — екінші күні-ақ сен оны танымайсың.

Алексей ерлі-зайыптылардың арасына отырып көңілдерін жұбатты. Сережа мен Тося өткен жексембіні қалай өткізгенін айтты.

— Бақытты семьялық өмірдің тек бір күнінде не болғанын тыңдап көр, оның қандай бойтүршігерлік сұмдық екенін түсінесің! — деді бұйра шаш Сережа.

— Айт-айт,— деді Тося ызалана, әрі көңіл қоя қуаттап.

— Таңсәріден басталды, мен әлі ұйқтап жатыр едім,— деп айтып берді Сережа.— Әйелім ертеңгі тамақ әзірлеуге ұйғарыпты, бірақ газды жөндеп жаға алмай, неге екенін білмеймін оның плитасының бәрі жалындап кеткен. Тосенька ракета тиіп үріккен торайдың тобына ұқсап шыйқылдады да қалды.

— Ах, сен мені тораймен теңестіріп отырмысың! — деді де Тося ызалана түсіп, қолын Сережаның қалың шашына қарай созды.

— Саған не болды, саған не болды! Мен сені торайға теңеп отырғаным жоқ, бүкіл үйіріне теңедім. Онда көп айырма бар, сенің пайдана.

— Айта бер. Сен ұйқтап жаттың, ал Тосяның плитасы лаулаған.

— Торайдың шыйқылы мені оятты. Мен жалынды көрдім де, көрпені алып оттың үстіне апарын бүркедім. Брандмейстерлер айтатындай өрт жайылмай сөндірілді. Соңынан қарасақ: мен сасқалақтап жүріп ең жақсы плюш көрпені алыппын. Ол бүлініп қалыпты. Бақытты семья құру туралы менде ниет жоқ.

тығын айтып, табандатқан екі сағат бойы қымбатты зайыбым ауыр сөздермен сыбай берді.

— Ол көрпе — мамамның сыйлығы, менің жасауым. Түйе жүнінен тоқылған,— деді Тося дауыстап.

— Міне, міне. Тыңдап тұрсың ба? Түйенің жүні оған жақын адамының жүйкесінен қымбатырақ болыпты. Ол кондитер сататын жерге пирожныйға кеткенде мен қуанғанымнан қатты күрсіндім. Бірақ сүйікті зайыбым мыстан тәрізді ашуланып келді. Істің мәні мынада, кондитер магазині оған корзинка бермепті, ал бұл пирожныйды қағазға орап әкеліпті. Бір алдауыш әйел жаман орапты, ал зайыпқа не үшін екенін кім білсін, пирожныйды омырауына қысуға тура келіпті.

— Ақымақ-ау, менің қолымда бірнеше ораған заттарым болды ғой,— деп түсіндірді Тося.— Мен сені әбден тойғызбақшы едім.

— Бір пирожныйдың кремi оның жаңа жібек кофтасына жұғып қалыпты. Келе жатқан бетінде менің кремді пирожныйға құмарлығыма қарғыс айтып, зайыбым лезде кофтаны шешіп тастап, сонымен айналыса бастады. Бұдан бұрын көшедегі біреу, теңбілді ыстық утюг арқылы кетіруге деп ақыл берген көрінеді. Утюг қызғанға дейін, ол шыдамсыздықтан қалш-қалш етіп, маған аузына келгенін айтты.

Тося күйеуінің шашына тағы қолын созып еді, Алексей бұл шабуылдан қорғап қалды.

— Теңбілденген жерлеріне ыстық утюг басып еді, крем қарайып, көмір болып күйіп — кофточка бүлініп қалды. Мен табалағаннан қарқылдап тұрып күліп, бұл затты қоқыстар салатын жәшікке тастауға кеңес бердім. Зайыбым қыңқылға басты. Оның ойынша, теңбілдің қалатынын мен білген болуым керек, бұл туралы оған жорта айтпағанмын. Ол кофточканы әлсін-әлі қолына ұстап, оның енді киетін түгі қалмады деп, зарлаумен болды...

— Ай, айтшы, менің жақсы не нәрсем бар? Айта қойшы! — деп байланды Тося.

— Бүкіл жексембі бойы аш жүрдім,— деді Сережа мұның шағып, ал өзі әйеліне сүйіспенділікпен мейірлене қарады.— Кофтаны жоқтау хозяйканың көп уақытын алды. Қарны ашқан кезде, ол түскі тамақты есіне түсірді. Бірақ мұнда жаңа уақыйға болып қалды: ол екі саусағын бірден кесіп алды. Турасын айтқанда, кескені түкке тұрмастық, ал айқайы тіпті саусақтары үзіліп түсіп жерде жатқандай болды.

— Сенде аяушылық жоқ,— деді Тося.— Сондай ауырды!

— Айқайдан бойым шіміркенген әрі аяу сезімі билегендіктен,— Сережа қымсынбай-ақ соға берді,— мен оның қолына иодты көбірек құйып жіберіппін. Әрине, жараны тызылдатып ашытты. Зайыбымыз ашуланды да, төбелесе бастады. Міне,

менің әңгімемнің айғақты жерін қарап көр,— Сережа мысық тырнаған тәрізді қолын созып көрсетті.

Тося ұшып тұрды да, күйеуін бассалды. Екеуінің арасында шайқас болып қалды.

Бұлардың көтерген шуы сондай, тіпті алдыңғы үйдегі телефонның сылдырын Алексей әрең есітті. Неге екенін кім білсін, телефон соғып тұрған Зина деп ұйғарды. Ол қыздың келуін немесе телефон соғуын ылғый күтіп отыр еді.

— Телефонға дәл сіздің өзіңіз келер деп, сенген едім,— деген Зинаның даусы естілді.— Қаланың сыртына шығайық. Менің сізді көргім келеді, сізбен бірге табиғат дүниесінің арасында болғым келеді.

Алексей қуанғанынан қыздың шақырғанына бірден жауап бермеді. Ол телефон трубкасын құлағына қысып, үн-түн жоқ тұрып қалды.

— Алеша, неге жауап бермейсіз? Мені көргіңіз, менімен бірге қаланың сыртына барғыңыз келмей ме? — Зинаның даусы қалтырап кетті...

«...Алешенька, біз екеуміз де жетім болып қалдық, сен әйеліңнен, мен сүйікті қызымнан айрылдым» — деп хат оқыған Гречкиннің даусын ол қайтадан естіді.

Осы дауыстан құтылмақ болып, Алексей иттің мұрны өтпейтін қалың орманға қарай ұмтылды. Жан-жағына қарамас-тан жүгірді. Қарағандардың тікен бұтақтары оның қолы мен иығына қадалды.

— Сенбеймін бұған, сенбеймін,— деп Ковшов айқайлағанда, даусы орманды жаңғыртты.

Ол Зинаны тірідей, тек қана тірідей көріп тұр! Ой жүгіртіп өткен өмір шежіресінің беттерін аударыстырғандай болды. Кездесулерінің кейбір суреттері елестеді... Байланыссыз сөздер, таңырқаулар, күлкілер. Олардың өмірлерінде кездескен ең маңызды, ең қымбатты кезеңдерді азаптана еске түсіруге ойы кетті, бірақ барлығы — үлкені де, кішісі де бір ортақ арнаға қосылып кетіп отырды, ол ортақтық бұлардың бақыттары еді.

Зина мен Алексей үлкен қарасудың қасынан келіп шыққанша орман арасында біраз қыдырып, аралап жүрді. Олар ымырт жабылғанша көк шөптің үстінде отырды. Кешке, қараңғылана бастаған кезде суда жұлдыздар сәулесі дірілдейді. Осы араның бір жерінде шырқаған қыздардың әсем әндері естілді.

— Алеша, қазір ойыңызда не бар? Сізге көңілсіз бе?

Зина бұдан көзін алмай ұзақ қарады. Зинаның бет-ажары алыстағы қыздардың әсем әндері сыяқты сүйкімді әрі мұнды еді. Алексей оны сүйіп алды. Зинаның көзі нұрланып кетті.

— Ақырын,— деді Зина, Алексей оған оның қазір өзіне қандай көркем, қандай қымбатты екендігін айтайын деп ың-

гайланған кезде,— Алеша, осы минутты біз, тыныш қана тұрып, әрқашан есте сақтайтын болайық.

— Біздің танысқанмызға бар болғаны бірнеше-ақ күн дегеніміз дұрыс емес,— деді Зина бір минуттай саябырлықты бұзып.— Мен сізді өмір бойы білемін. Өмір бойы! Бала күнімнен-ақ сіз туралы ойлауға әдеттенгенмін және сіздің елеусіз әсеріңізбен өстім. Сөйтіп, мен біздің қосылатынымызды, қайтсе де бірігетінімізді әрқашан сезетінмін, әрқашан, есітіп тұрсың ба?

Алексей оның қолын ұстады — Зинаның саусақтары тоңып қалған екен, Алексей оны өз қолының жылуымен ештеп жылыта бастады.

— Сіз білген де жоқсыз, ал мен әрқашан жан-тәніммен сізбен бірге болдым. Институтты бітірдіңіз де, соншалық ұзаққа құрылысқа кеттіңіз! Сіз туралы: «Ол жас, тәжірибесі жоқ, оған қыйын болады» деуші еді. Мен сізге жұмыс жеңілрек болуын тіледім және сіз туралы үздіксіз ойлаушы едім. Егер де бір адамды басқа өзін сүйетін адамы ойлайтын болса, оған көп көмек екендігіне мен сенуші едім, қазір де сенем. Мен сізге барлық жерде де көлеңкедей еріп жүрдім, ал сіз күдіктенген де жоқсыз. Алеша, менің түк жасырмастан, бірінші болып сырымды ашқаным, таңырқатып отырған жоқ па?— Ол қарсылық білдірмекші болып еді, Зина бастырмалатып:

— Солай болса да біздің арадағы бұл жағдай біртүрлі өзгеше болып шықты. Мен сізді әбден жақсы білемеуші едім ғой. Алеша Ковшовты өз қиялымда қандай түрде көруге тілесем, оны сондай түрде жасадым ғой... Мен кейбір кезде: ол ойламаған жерде басқаша мінезді адам болып шықса, менің махаббатым сөнгені ме? — деп қорқушы едім.

Зина толқыған көңілін басу үшін, бір минуттай үндемей отырды да, одан соң бұрынғыдан бетер қыза сөйледі:

— Менің таныстарым көп еді, қайсыбіреулері маған көз қырларын салып та жүрді. Бірақ мен олардың ешқайсысына қызықпадым. Бір ашынған кезімде: осы сен кімді күтіп жүрсін, деп өзіме өзім күлетінмін. Сені білмейтін, саған келуге ұмтылмайтын, сен туралы ойламайтын адамды күтуге бола ма екен? Мүмкін ол тіпті, қазір тірі де емес шығар, сондай адамды күтуге бола ма?

Зинаның қапаланғаны сондай, өзін-өзі тоқтатуға шамасы келмей қалды. Ол отырған жерінен тезірек тұрды да, Алексейдің қолынан тартты.

— Күманданудың кезеңі өтетін, мен тағы да: бақыттылықтың, аздап мұңая күтудің сезіміне қайта көшетінмін. Ақыры-біз, ана арада, баспалдақта кездестік. Менің қасыңнан өте шықпаған себебім, енді біздің бір жерде болуымыз керек деп түсінгендігім еді.

Анадағы кештен кейін мен әдейі кездескім келмеді, бәрі де оңашада ойланып, толғанып көрейін дедім.

Менің ойымда, киялымда жүрген Алешадан гөрі, сенің әлдеқайда жақсы болып шыққандығың қандай жақсы болды! Өмірге жақын, сан қырлы! — Ол құшағын жайып, масаттана сөйлеп: — Маған осындай махаббат бергені үшін, бүкіл дүниені аймалап құшақтауға дайынмын!

«Біздің Зина қаза тапты! Алеша, енді не істеу керек? Не істеу керек?»

Шынында ол енді бұдан былай жоқ, ол қаза тапты, сен қалайша түсінбейсің! Жауынгерлік тапсырманы орындауда жүрген Зинаның бейнесін өзінің көз алдына келтіруге әрекеттеніп, ілгері қарай ақырындап жүре берді.

Сол кезде, өзін құрбан етуге әзір екендігін, шын махаббаттың күшін көрсеткен Зинаның жай бір, карапайым қылығы келіп Алексейдің есіне түсті.

...Үйленген соң көп ұзамай-ақ, соғыс басталудан үш күн бұрын, Зинаның шешесі бұларға карап отырып, әзілмен былай деп сұрады:

— Үйленген жастар, бұдан былай қалай тұруға ойлайсындар? Қандай жоспарларың бар?

Алексей де әзілмен жауап берді. Содан кейін бұлар өздері оңаша қалды. Зина институтты бірге бітіріп шыққан өзінің жолдасының ойлап шығарған өнерлерін айтты.

— Бұдан былай қалайша өмір сүреміз? — деп күлімсіреді Алексей, әлгі сұрақты қайталап. — Біздің жоспарымыз қандай?

— Жақсы өмір сүреміз, — деді Зина ойламастан-ақ. — Негізгі жоспарымыз ешуақытта да бөлек тұрмай, әрқашан бірге тұру. Дұрыс па?

— Әрине, — деп қостады да, ол ойланып қалды. — Сенің жарты жылдай оқуың қалды. Ал содан кейін аспирантураға түсесің бе?

— Я аспирантураға түсем. Бұл шешілген мәселе. Іс жүзінде мен өзімнің екінші ғылыми жұмысымды жүргізіп келемін.

Зина осы туралы айтып отырғанда, Алексейдің орнынан тұрып қабағын түйіп үйдің ішінде жүре бастағанын бірдең байқамай да қалды.

— Егер де тырысып көрсем, Москвадан да қандай болсын бір жобалау конторларының біреуінен жұмыс табуға болатынын білемін, — деді Алексей көңілсізденіп. — Бірақ маған бұл жөнде ойлау қиын. Сен құрылыста болған жоқсың, сондықтан оның не екенін білмейсің. Ал мен әруақытта да аюлар жүретін мойны қашық жерлерде құрылыс салуды арман ететін едім. Жаңа орынға келесің: тайга, елсіз дала. Кетсең — сенің артыңда завод пен қала қалады. Жақсы емес пе? Оңтүстік құрылысынан кейін, мен Москвадағы конторлармен сыйыспай-

тын шығармын. Қазір менің не Қыйыр-Шығысқа, немесе солтүстік Печора жағына баратындығым Бас басқарманың өзінде шешіліп қойған...

Алексей терезенің алдына келіп тоқтады. Құрылыс өмірінен бірдеңе, әлде су басқан кездегі көпір салу үшін күрес, әлде бұлардың салған жаңа жолымен бірінші поезд жіберуі ме, әйтеуір бірдеңе келіп есіне түсті.

— Біз бөлек тұруға тиісті емеспіз. Олай етпейміз де. Мен сенімен бірге кетем,— деген Зинаның ақырын даусын естіді.— Сені Қыйыр-Шығысқа жібере ме, болмаса Печораға жібере ме бәрібір. Сен қайда барсаң, мен сонда барам. Аспирантураны да, Москваны да қалдырамыз. Аздап, аянышты, бірақ ештеңе емес. Әдеттің тыныштық қалпын осылай жеңу керек... Ғылми жұмысты құрылыста да жүргізуге болады. Сен маған көмектеспейсің бе?..

Зинаның сөздері оны өзгеше сүйсіндіріп жіберді. «Ол не жөнінде болса да осындай» деп ойлады,— кімді сүйсе соның жолына жанын да қыяды. Алексей өзін сентименталдық екпінмен басқа да әртүрлі сұлу қыймылдарға шорқақ деп санайтын, бірақ қазір Зинаның қасына келіп, тізесін бүгіп отырды да, оның қолынан ақырын сүйе бастады...

«Ол тапсырманы орындаған, бірақ қаза тапқан!» — деген Гречкиннің күнгірт даусы есіне түсті. Сол кезде Алексей командирдің алдында тұрған Зинаны айқын көрді.

«Тапсырма өте қауіпті. Сіздер өлімге бара жатырсыздар. Егер де бойларыңызда батылдық пен күш жеткілікті түрде сезілмесе, дұрысы, барудан бастартыңыздар». — «Мен баруға бел байладым. Менің күшім жететініне, сене беруіңізге болады»,— деп ол саспастан батыл жауап берді.

— Сактан жігітім,— деген қатты дауыс шықты. Сол арада гүрс етіп мылтық атылды. Жап-жақын жерде салмақты бірдеңе гүрс етіп жерге құлағандай болды.

Алексей екі қолымен ағашты құшақтап, тырп етпестен тұра қалды. Карпов қасына келіп, оны иығынан тартты. Көзінен жасы парлап тұрған инженер бетін оған бірден бұра қоймады.

— Енді біраз болғанда, ол айуан саған секіретін еді,— деді Иван Лукич, шөптің үстінде сұлап жатқан үлкен жабайы мысықты аяғымен нұқып. Оның шыныдай жарқыраған көзінен жыртқыштық реңі әлі кеткен жоқ еді.

Алексейдің аңға қалай болса солай қарағанына Карповтың ызасы келді.

— Бойыңды бекітіп, енсенді көтер! — деді Иван Лукич.— Сен қазір кеудесінде жаны жоқ адам сыяқтысың. Қарашы жұрттың бәрі тіршілік етіп жатыр.

Айналада ғасырдан ғасырға дейін тынбастан келе жатқан өмір өгіп жатыр. Октанканың мөлдір суы да сыбдырмен сылдырай ағады. Екі бұлан су ішуге шығып еді, адамдарды көрді де, бір секіріп зыта жөнеп, қалың жанысқа кіріп кетті. Биікте тоқылдақ та шаршамай тоқылдатуда.

Біреудің жағамен жүгіріп бара жатқанын көріп, Карпов сақтықпен карабинін қолына алды. Аңшының құлағы адамның үзіп-үзіп алған демалысын айыра қойды, ол өте асығыс болу керек. Міне адам бұрылыстан келіп шықты: Кондрив екен! Иван Лукич оны Алексейге көрсетті. Кондрин бұларды байқамады. Ол анадай жерден өзеннен су ішуге тоқтады. Сол жерде ағашқа кіріп, жоқ болып кетті.

— Жігітім, бухгалтер тайгада не іздеп жүр? — деді Карпов таңырқай сұрап.

— Иван Лукич, бар, — деді Алексей шаршаған дауыспен. — Мен өзім қайтармын. Мені қорғамай-ақ қой, керегі жоқ. Егер де мүмкін болса, карабинінді қалдыр.

— Жоқ, болмайды, — деп Карпов көнбеді. — Не істесең де мейлі, бірақ мен сенің қасыңнан кептеймін. Егер де үйге қайтқың келмесе, тайгада бірге жүріп қыдырамыз. Егер де барғын келсе, геологтарға баралық, шерің тарқар. Бұл жерден алыс емес. Мен сенің танысыңды екі рет көрдім, ол сені ылғый қонаққа шақырады.

Жарты сағаттан кейін олар Хмараның экспедициясы тұрған жерге келді. Іргесі ағаштан салынып, төбесін брезентпен жапқан бірнеше үлкен палаткалар өзеннің жағасындағы алаңға тігілген. Ағ байлайтын жерде екі ат бастарын шұлғып дорбадан жем жеп тұр. Жағада жер бұрғыларының мұнарасы көрінді. Ешбір жерде адам көрінбейді.

— Бұлар қайда кетіп қалды екен? — деп таңырқады Карпов. — Бұдан үш күн бұрын бұл жер базар сыяқты еді.

Екеуі палаткаға қарай жүрді. Бұларды карағанның арасында белгісіз болып тұрған шекара әскері тоқтатты. Ол бұлардан жауап ала бастады да, Ковшовты танып қоя қойды.

— Жолдас инженер, лейтенант Батурин осында, — деді ол жылы шыраймен. — Егер де көргіңіз келсе, ол анау палаткада, баруыңызға болады.

Лейтенант дауысты есітіп, осыларға қарай өзі де келе жатыр еді. Ол, геолог Хмара мен экспедициядан тағы екі адам тұтқынға алынып, самолетпен Кончеланға жіберілгенін айтты. Қалғандары шаруашылықтарын жыйнады да, Чонграға кетті.

— Мұнда аздаған төбелес болды. Сіздің танысыңыз өзін жақсы ұстай алмады, оның аздап қабырғасын күтірлетуге тура келді, — деп Батурин Карповқа қарап көзін қысып күлді.

Бұл хабар Алексейді таңырқатқан жоқ.

— Кешіккеніміз аянышты болды. Ол залымға мен де сыба-

расын беріп, ананың үстіне мынамен рақаттандырып қондырған болар едім,— деп ол шын көңілімен айтты да, өзінің жұдырығына карады.

Тоғызыншы тарау

АРАЛ МЕН ҚҰРҒАҚТЫҢ АРАСЫНДА

Мұз-сендер ағып барады, мұздар бейнебір теңіздің барлық жерінен осы тар бұғазға жыйналып жатқан сыяқты. Біресе олар су бетінен жоғалып, біресе қайтадан келіп, көктемгі жайылымға айдаған қотанды қойдай болып, мұхитқа қарай ентелейді.

Полищуктің сегіз катерадан және он екі баржыдан құралған кішкене флоты жүзе бастауға дайын еді, бірақ навигация ашуға әлі ертерек болатын. Бұл құрғаққа асыққан Беридзенің ашуына тиді. Қончеланнан бұғазға дейін салынып біткен жолмен бүкіл арал бойын аралап өткен бас инженердің аралдағы учаскені Роговтың басқаруына қалдыруға сөзсіз болатындығына көзі әбден жетті. Қазірде Георгий Давыдовичті көбірек тынышсыздандыратын Джагда бұғазының арғы бетіндегі мұнай котаратын тораптың құрылысы болды. Бұғаздағы екі учаскеден басқа, тағы да ондаған учаске бар еді, трасса бойының бәрінде де пісіру жұмыстары басталып, басқарушылық көздің болуын қажет етті. Бір жерде отыруға болмады.

Беридзе селектормен өзінің бұдан былайғы жоспары жөнінде Батмановпен келісті: олар Ковшовпен екеуі бір аптадай Чонграда болады, насос пен дизельдердің монтажына түсінуі үшін Филимоновка жәрдем береді, бұғаздан Адунға дейінгі құрғақтағы бас учаскеде пісіру жұмысын ұйымдастырады, одан кейін трассаның бойымен Новинскіге қарай қайтады. Бас инженер Тополев пен Таняны да өзімен бірге алып кетті. Кузьма Кузьмичке насос станциясының құрылысын басқару ісі тапсырылды, ал, Таняны — Новинск жақтан бастап байланыс линиясының тұрақты сымн бағанаға орнату үшін сонда жібереді. Черновты осындай тапсырмалармен аралда қалдырды.

Филимонов селектормен:

Дизель мен насостың монтажын бастай бере ме немесе ол бас инженерді күту керек пе? — деп сұрады. Беридзенің монтажды бастағанда бірге болғысы келді, бірақ оны бөгеу де қыйын еді, сондықтан ол тезірек құрғаққа жетуге ұйғарды. Полищук әлі екі-үш күн күте тұру керек деп наразылық білдірді. Өзіне-өзі сенімді Рогов жанған отқа май құйғандай:

— Достарым, тезірек кетіңіздерші, мені ығыр етіп болдыңыздар ғой! Осынша бастықтың мұнда қажеті не? Менің бір өзіме де тар. Полищук сен үрейді кашырма, онан да капитанның орнына өзің отыр да, бұлардың кемесін өзің жүргіз.

— Катера дайында! — деп бұйырды Беридзе.

Қыстай су көрмей сағынған Полищук ішінен риза болып, бұдан әрі қарсыласпай бұйрықты орындауға жүгіріп кетті.

Беридзе мен оның серіктерінің соңынан, сержанттың айдауымен аға бухгалтер Кондрин де келіп отырды. Беридзе бірдеме турасында Полищукпен сөйлесіп жатқанда, Кондринді не үшін тұтқынға алғанын Таня мен Тополевке Ковшов айтып берді. Бұл адам өзінің шын фамилиясын, сонымен бірге бұрынғы қылмыстарын жасырған, жұмысқа жасанды жалған документтермен орналасқан. Механик Серегин есі кірген соң, Филимоновқа бәрін де айтқан. Серегин Кондриннің мұның өміріне қастандық істегені және чертеждердің жоғалуы мен трубопроводтан табылған тығын жөнінде де Кондриннің қатнасы бар деп айыптаған. Осымен бірге мемлекеттік қауіпсіздік сақтау орындары Филимоновтың учаскесінде күдікті бір адам тапқан, одан жауап алғанда, ол Кондриннің тапсыруы бойынша механикті өлтіру үшін қастандық жасағанын мойындаған.

— Кондрин қылмыстарын мойнына алып па? — деді Таня, өшпендік көзбен аға бухгалтерге қарап.

— Жоқ. Бұл ысылған сұрқия көрінеді.

Катер аралдан қозғалысымен-ақ асыққан Георгий Давыдович көңілденіп кетті. Дүниеде оның бір жек көретіні, шешілген істің кешігуі немесе кейінге қалдырылуы еді, ол іс басталғанда, Беридзе оның табыспен бітетініне бірден-ақ сеніммен кірісетін. Жағдайдың өзгергендігі оның серіктерін де қуантты. Ең ақыры, Алексей де катерге мінген соң, сергіп кетті.

Соңғы күндері Алексейдің жағдайы Георгий Давыдовичті мазасыздандырушы еді. Иван Лукичпен екеуі екі күндей Тайганы қыдырғаннан кейін, Ковшовтың шашына ақ кірген және тастай қатты, әдеттегіден өзгеше тыныш болып шықты. Беридзе онан ешбір мұңын шаққандай сөз естіген жоқ, оның өміріне ешқандай ауыртпалық кездеспеген сыяқты.

Бұғазда тыныш емес еді. Бұлтты күндегі күңгірт толқын катерді оп-оңай көтеріп шайқалтып, уатылған мұздарды соның маңына әкеп тықсырды. Катердің үстіне жан-жақтан мұздай су шашырады. Аралдың жағасы тез көз ұшында қалды, алыстағы құрғақтың жағасы тұманның буынан көрінбеді.

Жолаушылар әбден тонды — су үстіндегі жел суық, әрі өткір, киімнен, дождевиктен өтіп кетті. Таня төменге түсіп үлгі көрсетті. Оның соңынан Беридзе де, Алексей мен Тополев те түсті. Іргесі мен төбесі және отырғыштары жылтыраған ақшыл көк сырмен бояған каюта жылы еді. Алексей Танямен қатар отырды, оларға карама-қарсы Беридзе мен Тополев орналасты.

— Қаланың мәдениетті жағдайында бола қалғанда, сіздің әрқайысыңыз ең алдымен не істеген болар едіңіз? — деп сұрады Беридзе.

— Маникюр,— деді Таня.— Өзінің қолына көңілсіздене қарап.— Бұл қолдарға маникюр жасаушы әйел қандай ыза болған болар еді! Одан кейін тамақты жақсы пісіретін үйге қонаққа барған болар едім, онда үй қожаларының тыржыйғанына қарамастан, жақсылап тұрып тойып алар едім. Одан кейін бір кино-театрдан екіншісіне барып, барлық сеанстарын көрер едім.

— Мен қыдырып жүрген адамдарды әшейін қарау үшін парк пен бульварларды аралаған болар едім,— деді Кузьма Кузьмич.— Балаларын ертіп жүрген аналарға қарап сүйінген болар едім. Оларды көрмегелі нелер заман өтті!.. Бүкіл аралда жалғыз-ақ әйел — Таня болды, бірақ ол да есепке кірмейді: ана да емес, бала да емес.

— Маған Умара: «Нефтепроводты тегіс пісіріп бітірген соң, демалыс бер. Қазанға барам, сол барған күні-ақ үйленем, жалғыз тұруға болмайды, семья керек, бала керек, сүйкімді, жақсы өмір сүргім келеді» — дегенді айтты деп Беридзе есіне түсірді.

Таня, бұдан әрі ол не айтар екен деп күтті, оның көзқарасынан Беридзе қысылып қалды, содан соң үндемей ойланып отырған Алексейге қарап:

— Ал, сен ше? Тайгадан қайтқан соң неге бой ұрған болар едің?

— Залкиндтің жылы үйіне тұруға сұранар едім, жұмсақ диваны мен бір үйдің бұрышын жалдап жатып алып «үш мушктер» сыяқты уақығалы кітаптарды бірінен соң бірін оқыған болар едім,— деп Алексей өзінің ойындағы тілегін солғын айта салды.

Беридзенің жаны ашып кетті: «Байғұс-ай қазір сені бір жақсы семья, ақылды, сүйкімді адамдардың қарауына — тым болмаса бір аптаға қалдырса». Ол дауыстап:

— Адам қалыпты мәдениетті жағдайда тұрып, оған бәрі олай да емес, бұлай да емес деп наразы болып, күңкілдеп — сарыуайымдап жүреді. Ал, енді тайгада немесе Арктикада бір жыл болса өзінің қалдырып кеткен үйіндегі әрбір затын бағалап, оның қадірін түсіне бастайды.

— Сіз қалаға бара қалсаңыз, шаштараздан сізге шақыру қағаз жібереді,— деді Таня, оның сақалына қарап қойып.— Осы бір қап жүкті арқалап жүруден қалай жалықпайсыз екен,— деп сұрады.

— Шаштаразға бармаймын. Санақ есебі бойынша мұндай сақал осы Қыйыр-Шығыста тек үш-ақ адамда: бір карт партизанда, Рубежанск қонақ үйіндегі жетпіс жастағы күзетші шалда және менде. Шалдар өлгеннен кейін бұл сұлулыққа жалғыз-ақ мен ие болып қалмақшымын.

Әңгіме адамның мезгілінен бұрын картаю уақыттары жайына көшті.

— Соғыстың әр айы бір жылға барабар,— деді Тополев.— Жыйырма жасқа жаңа толған бозбала жігіт, бір жылдан кейін отызға жеткен кісімен құрдастай болып қалады. Мен, әрине, сыртқы пішінін ғана айтып отырғаным жоқ.

Алексей өзіне Таяның тесіле қарағанын байқады да, одан: — Рас, қартайдым ба?— деп сұрады.— Ақ шаш пайда болған,— деп ол ақ сары шаштың арасынан айрықша көрініп тұрған бурыл шашын қолымен сыйпап қойды.

Тая ол турасында ойлаған ойын жасырмады.

— Алеша, сен өзгеріп кектенсің. Ақ шаш түк емес. Егер де былай деп айтуға болса, бұрын сен барлық есік-терезелері ашық үй сыяқты едің, ал, енді қазір сол үйдің есік-терезесінің бәрі де тас болып бекітілген тәрізді.

Георгий Давыдович бұған: «Алексей, сен бекер бұлай тығырыққа қамалдың — қайғымен алысу жалғыз өзіңе қыйын болады» деп қоспақшы болып еді, бірақ оның жүрегінің жарасына тимейін деп өзін өзі тоқтатты.

Олар суда жүзудің сондай тез біткеніне таң қалды: катер бортымен бірнеше рет бірдемеге соқтықты, тегі тоқтайтын жер болу керек, сөйтті де тоқтай қалды. Шығатын баспалдақта оларды Полищук қарсы алды.

— Жолдас, бас инженер, пәлеге ұшырадық,— деді ол айыпты адамдай.

Беридзе Тая мен Тополевке каютада қалуға әмір етті де, Алексей мен өзі сыртқа шықты. Жел күшейе түсті. Катер фарватерді толтырған үлкен мұздардың арасына қысылып қалыпты.

— Мен бір жағынан айналып кетпекші едім, болмады. Мұз тұтасып кетті. Өтіп кетпекші болып, шама келгенше олай-бұлай жалтарып жүріп көрдім. Қандай өкініш, жағаға дейін бар болғаны үш-ақ километрдей жер қалды, түк емес еді, — деді үміті кесілген Полищук.

— Я, түк те емес екен,— деп кекетті Беридзе, сөзін тісінің арасынан шығарып, жағаның алыстан бұлдырап көрінген толқынды жиегіне көз жіберіп тұрып.

— Мына жыйналған мұзды әрмен итеріп айдап керіндер,— деді Беридзе Полищукке.

— Байқап та көрдік.

— Тағы да байқап көру керек,— деді Алексей, сөйтіп ол катердің командасындағы жігіттерге қосылды. Олар ілгекпен мұзды борттан әрі қарай итеруге тырысты.

Полищук моторшыға жүгіріп кетті. Дабылдаған гудоктың даусы бұғаздың бетін жаңғыртты. Катер үлкен екі мұзға тұмсық жағымен тіредіп, қатты шайқалды.

— Күшінді бекерге кетірмей, судың түбіне, құдаңа түс,— деді сол жерде сержантпен бірге тұрған Кондрин, әзілдемекші болып. Ол айналасында тұрған сабырлы адамдарды көрген соң, жағдайдың қауіпті екеніне түсінбеді.— Жолдас бас инженер, имандарын айта беруге команда беріңіз.

— Сіз жарапазанды қойсаңыз, тегі, үндемесеніз жақсы болар еді,— деп Беридзе оны қайырып тастады.

Ол катерге қарап жылжыған мұзды тіреген Алексейдің қармағына келіп жабысты.

— Алеша, өзіме кешірім жасай алатын емеспін! Мен осы жолға сонша асығып едім, сендердің бәрінді де пәлеге душар еттім.

— Жұдырықпен өзіңнің көкірегіне ұра бер, жеңілдік болар,— деді Алексей, қатты итерем деп қызара әрі алқына.

— Сағырақ болыңдар! — деді Полищук катерден құлап кете жаздаған теңізшінің біреуіне айқайлап. Ол инженерлерге баға бергендей болып қарады да, бұйрық есебінде: — Кезекпен істейміз, әйтпесе көп ұзамай әліміз құрыйды. Әзірге каютаға барыңыздар. Керек кездеріңізде шақырамын. Жолдас сержант, сіз бізге көмектесіңіз.

— Жарайды! — деп ол жауап берді де, Кондринге: — Мына қармақты қолыңа ал,— деп бұйырды...

Желдің ызындап соққаны мен мұздың сытырлағаны каютаның ішіне енді естіліп тұрды. Үзіп-үзіп берген гудоктың даусы келді. Мотор біресе басылып, біресе қайтадан жүре бастады, сол кезде катер бар пәрменінше шайқалды.

— Неге тұнжырадыңыздар? Қорқынышты ештеңе жоқ. Аздап басқа жаққа қыдырып қайтармыз,— деді Беридзе, тістерін жалтыратып.

Георгий Давыдович Таняға қарама-қарсы отырды. Қыз қымсынбастан, көзін айырмай оған қарауда болды.

— Сіздің көзіңіз қандай әдемі еді! — деді Беридзе өзінің таңырқағандығын жасыра алмай. Қыздың көз қарасынан мұның жаңы жадырап кетті.

— Қандай?

— Сөйлейтін бе, немене... Ауызбен айту қыйын. Не ойлап отырғаныңызды, оның ішінен көруге болады.

— Менің ойларымды көзімнің айтып бергені жақсы болды ғой.

— Татьяна, сенің көзің туралы Гейне былай деген,— деді Тополев әңгімеге килігіп: — «Оның көзі үлкен бе? Мен қайдан білейін? Оғымен сені атуға аузың саған қаратып қойылған зеңбіректің калибрін білуге бола ма».

Таня мен Беридзе қарқылдап күлісті. Алексей оларға әрі сүйіспеншілік, әрі мұңая қарады да, жоғарыда не болып жатқанына құлағын түрді.

— Келіндер, әртүрлі әңгіме айталық,— деді Беридзе.— Немесе мәңгілік проблемаларды шешелік. Бізді жағаға алып барып ұрғанша, барлық проблемаларды шешіп үлгіреміз.

— Мысалы, қандай? — деді Таня білгісі келіп.

— Қандайы болса да қайтеді! Махаббат, өмір, өлім проблемалары. Сіздіңше қалай, адамның бойындағы ең күшті нәрсе не?

— Сірә, махаббат болар,— деп жорыды Таня.

— Ал, тілесеніздер, мен дәлелдеп берейін, ең бастысы және өзіне бәрін бағындыра алушы — ол адамның ас қазанының сезімі! Өте дәлелді бір әңгімені айтып беруіме болады.

Беридзе мұны қатуланған түрмен айтты, бірақ, Таня қалжың екенін түсініп, күдіктене басып шайқады. Тополев бір кезде ақырын, бірдеңені сезгендей күліп жіберді.

— Кузьма Кузьмич, сіз неге күлесіз? — деп сұрады Таня.

— Сіз бұл асқазан әңгімесін білуші ме едіңіз?

— Жоқ, білмеймін. Мен көзімді жұмып едім, біз бір тәуір үйде кешкі шайды ішпекші болып жатқан сыяқты болып көрінді.

— Соған ұқсайды,— деп Таня мысқылмен қостап қойды.— Кешкі шайдың үстінде үлкендер кішілеріне өздерінің өткен кездегі бізге белгісіз көмескі өмірлері жайынан айтып береді.

Қане, Кузьма Кузьмич, жасыңыз үлкен сіз бастаңыз.

— Не жөнінде айту керек?

— Не жөнінде? Алғашқы махаббатыңыз туралы болса да.

— Мен үшін ауыр міндет. Естегінің бәрі ұмтылып кеткен. Сол алғашқы махаббат дегеннің өзі менде болды ма екен? — Есімде де жоқ.— Қарт көзі жайнап, қалжыңдай айтты.— Көп жасаған өмірде барлығы естен шығып кетіпті. Бұл орман ішінде жасалған үлкен взрыв тәрізді: ағаштары өсіп, бұлбұлы сайрайтын-ды, бір кезде жұртқа взрыв жасау керек болды. Міне сөйтіп ешқандай орман жоқ, тек жерден сорайған жансыз сабағы тұр. Ал мен де бір кезде жасыл ағаш болған жансыз сабақпын.

— «Жалаңаш сабақ, естегінің бәрі ұмытылып кеткен» — деп бишара болуын қара. Бәрібір айтуға мәжбүр етем, бұл каютада мен капитанмын.

Қарт Таняға қарады да, кенет бағыныштылық жасап:

— Жолдас капитан, тындаймын, мойын ұсынам!

— Міне, осы дұрыс!

— Бұдан ондаған жылдар бұрын, біз, кемпірім Марфа Петровна мархұммен бірге, топырағы торқа болғайдағы, туып-өскен жерді араламақшы болдық. Мен демалысқа шықтым, сөйтіп менің бұрын тұрып, үйленген деревняма кеттік.

Ондайда белгілі ғой, бір апта бойы столдан кетпей біресе

арак, бір есе бал қатқан шай ішумен болдық. Қонақтар ағылып келіп жатты.

Бір күні кешқұрым терезенің алдында отырып, деревняның хош иісті ауасын жұтып, оңашалығыма қуанып отыр едім. Кемпіріп келіп кірді. Сыпайы, әрі сөзіне мән бере былай деді:

«Кузьма Кузьмич, далада бір әйел сізді өте-мөте көргісі келеді. Әңгімелесем дейді».

Әңгіменің не туралы екенін аңғарғаным да, жауап беріп те үлгіргенім жоқ, Марфа Петровна есікті шалқайтып ашты да, жасына сәйкес келмейтін түрлі түсті ашық гүлі бар сарафан киген, тым жарқыраған орамалы, алқызыл шарф таққан, тапалдау, жуан кемпірді әкеліп енгізді. Қонақ әйел менен көзін алмастан қарап тұр. Арт жағында — Марфа Петровна жымыйып қояды. Мен де қонақ әйелді күтіп үндемей тұрмын. Кемпірім былай деді:

«Жарайды, сіздерге бөгет болмай, мен кетейін».

Сөйтті де, шығып кетті.

«Отырыңыз құрметтім, текке кәрі аяқты талдырып қайтесіз. Маған бірдеңе айтпақшы ма едіңіз? Құлағым сізде».

Ол бірден ақтарылып кеткендей:

«Кузинька, мені шынымен танымадың ба? Жасым мені шынымен соншалық өзгертіп жібергені ме? Осы жақында ғана көше бойымен кетіп бара жатқаныңда, мен сені бірден таныдым».

«Мен сізді білмеймін, сүйіктім. Менімше біз ешуақытта кездеспеген болуымыз керек. Сіз, сірә, мені біреумен шатастырып отырған боларсыз, мен бұл деревняда жүз жылдай болғаным жоқ».

«Жүз жыл емес, барлығы отыз алты жыл, — деп жөннеді әйел қонақ. — Осы уақыттың ішінде алғашқы махаббаттың шынымен ұмытылғаны ма?»

— Бұл тәрізді кенет уақыйғаға не айтарсың? Махаббат жайын әңгімелеуге мен қарт адаммын, бозбалалық күннен айрылдым, ол дүниеге кететін уақыт жетті, — деп түсіндірдім.

«Мұны есіту зәбір, — деді кемпір. — Сен маған жақсылап қарашы, анау бақтағы орындықта түні бойы бірге отыратын өзіңнің Феняңді есіңе түсірші».

Қонақ әйел сәнқойлана түсіп, жымыйып қойды. Менен тер ағып қоя берді. Оның бетіне қарадым да, шошып кеттім: «Я тәңрім, өмірім, сірә шынырау түбіне кеткен екен ғой! Іс тікелей тоқ етеріне келе жатыр, егер Феня болса, әлі есімде, мен оны менің бүлдіргенім дейтұғынмын, жастық шақтың қыялы, алғашқы махаббаттың тақырыбы, соншалықты кеудіреген жәндікке айналып кеткені ғой! Я, жетті енді, сол махаббат дегенін болды ма екен өзі?»

Оның қасына келдім, керек десе қолынан да сүйдім, отырғаннан кейін былай дедім:

«Қайтеміз, әңгімелесейік, өткен өмірдің қызықты кезеңдерін еске түсірелік. Біздің ендігі ісіміз, тек еске түсіру ғана емес пе, басқа ештеңеге жарамаймыз. Менің кемпірімді шақырғанымыз орынды болар».

Біз ауызға алғанымызша, өзі де келіп кірді. Бетінде зілсіз күлкінің ізі бар.

«Мені де орталарына алындар. Ондай-мұндайларды еске түсіре алармын. Енді үшеуміз бірге болсақ та бірімізге-біріміздің бөгетіміз жоқ»,— деді.

Алғашқы махаббаттың тарихы міне осындай...

Тополев бұрылды да, темекі сауытын алды. Таня әңгімедегі үзілісті тоқтатпай, Беридзеге қарап:

— Енді сіз. Алып асқазан туралы тарихыңызды айтыңыз.

Беридзе ештеңе айтып үлгірмеді. Ойда жоқ жерден ашылған люктен су шашырады, жоғарыдан Полищук қарады:

— Команданы ауыстыруды сұраймын. Жолдас Тополев пен Татьяна Петровна қозғамай-ақ қойған жақсы болар.

Танямен оңаша қалған Кузьма Кузьмич әкелік қамқорлықпен оны өзіне қарай тартты.

— Қорқасың ба, қызым?

— Жоқ, Кузьма Кузьмич. Тайгада мен өзімді бәріне де үйреттім. Өзіме өте қыйын болған шақта соғыста өлім адамға үнемі төніп тұрады ғой деп ойлайтын едім. Қазір төніп келген қауіпті сезіп тұрғаным жоқ, өйткені сізбен, Георгий Давыдовичпен және Алексеймен біргемін. Мұндай жолдастардың арасында жүріп қайғыру мүмкін емес. Қайта, беріктік сақтауға жәрдем көрсеткім келеді.

— Қашанда өз дәрменсіздігіңді көргенің қолайсыз нәрсе,— деп карт күрсінді.— Міне, енді отыр да күт: мүмкін қыңыр жол апарып бір жерден шығарар.

— Кузьма Кузьмич, ештеңе емес, қыңыр жол бір жерге апарар,— деп Таня енді Тополевті жұбатты,— бірақ ол өзі үшін қынжылған жоқ.

Аспанда қара бұлт түнерді. Бұғаздың бетінде ақ көбік қайнады, катерді қысқан мұздар көбіктен тіпті көрінбейді. Полищуктің командасы мотор бөлмесінде жылынып демалды. Өзі ауыспастан вахтада тұр. Оның айтуы бойынша инженерлер мен Кондрин қолдарына сырық алып біресе ана жерден, біресе мына жерден сығылыса бастаған мұзды итеруге тырысты. Катердің үстінде тұру өте қыйын болды. Қолдағы ұзын үлкен сырықты жел жұлып әкете жаздап, адамдарды да көбігі көсірген суға тоғыта жаздады. Катер, жұмыртқаның қабығы

сыяқтанып, кенеттен пайда болған таудай судың үстіне көтеріліп, екпіндеі төмендеп, құлады.

— Сақтанындар! — деп ескертті Полищук, катердің ернеуіне сүйеніп.

Су тасқыны катердің үстінен өтті. Полищук бойын жазып сырықты мұзға тіреді. Инженерлер мен сержант та сырықпен тынбастан қыймылдады. Полищуктің көзі тағы да Кондринге түсті: бухгалтер сырығын түсіріп жіберіп, дір-дір етіп ернеуден ұстап тұр.

— Кет, бұл арадан! Оңбаған! — деді Полищук ашулы айғайлап.— Жолдас Беридзе, мынаған каютада отыра тұруға рұқсат етіңіз,— деді сержант Кондринді көрсетіп.— Бұл арада жұмысқа кесел келтіреді, қарауға да жиркенішті.

— Жарайды,— деді Беридзе.

— Төменге, каютаға бар! — деп бұйырды сержант, Кондринге. Кондрин де жазығын қуанышпен мойындап, ақырын, еппен басып люкке қарай кетті.

— Егер де катерді қалдыруға тура келсе, бұған не істейсіз? — деп сұрады Ковшов.

— Мүмкіндігінше жағаға жүзіп өткізем де, жеткізем. Жолдас Полищук жәрдемге бір теңізші берер.

— Бізді мұздан жел құтқара алады! — деді Полищук сеніммен: — Тек толқын қатты көтерілмесе болғаны.

Алексей мен Беридзе еңтігіп, көңілдері қобалжыған және үсті-бастары су болып каютаға келіп кірді. Бұлардың жауынға киетін резина плащтарынан еденге су сорғалап тұр.

— Екеуіңіз екі түрлі адамсыздар, сонымен қатар біріне бірің қандай ұқсассыздар!— деді Таня ақырын, бұларды ашықтан ашық мақтан етіп. Таняның бұларға шын көңілінен бір жақсы сөз айтқысы келді.

Инженерлер біріне-бірі қарады да, қатар отыра кетті. Кондрин шығатын есікке жақын баспалдақтың үстінде отыр еді. Құты ұшып, іреңі қашқан және онысын жасырған да жоқ.

— Біз немізбен ұқсаспыз? — деп сыпайылай сұрады Беридзе, қыздан көзін айырмастан қарап отырып. Басына байлаған орамалы Таняны жаңа бір әсем түрге келтіріп жібергендей еді.

— Кемнің нағыз апатқа ұшырағаны жайында Рубежанскіде бір таныс теңізші маған әңгіме еткен еді,— деп, Таня «нағыз» деген сөзді салмақтап айтты.— Охот теңізінде біздің бір кішкене кемеміз қатты дауылға кездесіпті. Бүкіл экипаждан тек үш-ақ адам аман құтылған...

Таня сөйлеп отырып жол серіктерін бақылап отыр. Алексей тіпті қаннен қаперсіз, болып жатқан әңгімеге мүлдем селқос қарап отыра берді. Тополев өзінің ойларына жымыйып күлді де, мұртын сыйпап қойды. Кондрин айнала қарап алаңдап, осы

қазір каютаны басып жаншатынын күтіп отырған тәрізденіп отыр. Ал Беридзе өзінің өткір көзімен «темекі тартылмасын» деген жазуға сотқарлана қарап қойып, темекі тартып Таняға да ұсынды. Таня бетін оның бетіне жақындатып, темекіні епсіздеу тұтатты. Жоғарыда Полищук тағы да мылтық атты. Мотор жұлқына тарсылдады...

— Біздің кішкене кемеміз сықырлайды, сыртында темір қабы жоқ деп ойлауға да болатын,— деді Беридзе.

Таня күлді де, түтінге шашалып жөтеліп қалды.

— Георгий Давыдович, ешуақытта өтірік айтушы болмаңыз, сіздің өтірігіңіз тіпті беп-белгілі болып тұрады. Кемешенің сықырлайтын себебі, оның сыртында ешқандай темір сауыты жоқ.

— Сіз кемешенің нағыз апатқа ұшырауы жөнінде әңгіме айттып едіңіз ғой,— деді Кузьма Кузьмич еске салып.

— Бірақ, олар өлімнен қорықпастан, өмір үшін күрескен. Маған бұл тарихты айтқан адам,— аман қалған үшеудің бірі, мені таң қалдырған бір сөз айтты. «Егер де адамға қауіп төнсе, тіпті ажал жетсе, ал мұның өзі оған белгілі болса, ол бар қайратын бойына жыйнап, ешнәрседен қорықпауы керек. Сонда, өмірде не нәрсе қымбат болса, соның бәрі оған белін бекем буып күшеюіне жәрдем береді. Ол соңғы минутында адамшылық арын жоймай, аброймен өледі».

Кондрин қайғырған күйі аң-таң болып, бетін Таняға қарай бұрды.

— Жігітім-ак екен сабаз! — деді Кузьма Кузьмич қырылдап. Жоғарыда катердің үстінде тұрғанда оған салқын тиіп те үлгіріпті. Ерлердің көңілін көтеруге тырысқан қыздың ерлігі оны таң қалдырды.

— Былжырақ сөз, мұның бәрі ақымақтық! — деді Кондрин зілді дауыспен.

Ол қызарған кішкене көздерімен жол серіктеріне ұнатпай қарады. Олар көңіл де бөлмеді, оны бұл жерде жоқ есебіне санады.

— Өмірде соншалық жақсы нәрсе болмайды,— деді Кондрин.— Әркімнің өз жаны тәтті, ал өлімнен жұрттың бәрі де қорқады. Сіздердің де суға батқыларың келмейді ғой! Қазір сүйікті тәп-тәуір дос-жаран болып отырғандарыңыз, аман-есен құтыламыз деп сеніп отырсыздар. Ал егер де бататын күн туса, жүзгіш дөңгелек үшін таласып қырқысасыздар.

Бұл ойда жоқ жерден сөйлеген сөз, айтқандарының мәні Таняны таң қалдырды және одан да гөрі таңырқатқан нәрсе. Кондриннің ызалы әрі сенімді үнмен сөйлегені, Таня оған оқты көзімен қарады, ол қыздың қарағанына шыдай алмады.

— Біздің ешқайсымыз бірімізбен-біріміз қырқыспақшы

емеспіз,— деді Таня.— Қайта, бірімізге-біріміз көмекке қол ұшын беруді қуаныш етеміз. Егер де сіз осылай ойласаңыз, жақсы іс емес. Демек, сіз жолдасыңыздың қолынан жүзгіш дөңгелекті тартып алуға дейін барады екенсіз ғой.

Кондрин бірдене айтпақшы болып еді, бірақ көз ашып жұмғанша катерді жантайта ұрған екпіннен ол қорқып кетті. Желдің ысқырығы күшейе түсті.

— Жолдастар, дауыл күшейді,— деді Беридзе.

Катерді тағы да шайқалтты. Таня мен Алексей өздерінің орындарында орнығып отыра алмады. Қыз өзіне қарсы отырған Беридзенің алдына барып құлады, Алексей Тополевке құлады. Беридзе шыдай алмай Таняны сүйіп алды. Кузьма Кузьмич Алексейдің құлағына сыбырлады:

— Достым, тек сенің аман қалуың үшін, өзімнің қарт жанымды қыюға дайынмын.

Кондрин байқамай қалған бұл уақытқа, басқа жолаушылардың бәрін қатты қобалжытты.

Өзінің жүрек қобалжуын басып, Беридзе Ковшовка қарады, ол мұны сөзсіз түсіне қойды. Инженерлер баспалдақпен жоғары шықты да, люктің қақпағын күшпен ашты. Дауылдың тарсылы каютаға кірді. Кондрин де баспалдақпен екі қадам жоғары басты. Оны су қарсы ұрды. Нақ төбесінен сарт етіп қақпақ жабылды. Бухгалтер асып-сасып кері қайтты. Таня келекелей күліп, оны бақылап тұрды.

Беридзе мен Алексей Полищуктің қасына зорға дегенде жетті. Ол өңі қашып, беті бозарып сұп-сұр болып кеткен, сөзін бөліп-бөліп инженерге айқайлады:

— Қайткенмен де жағаға таман тартып келем! Тағы да азғана кідірсе!.. Мотор істемейді! Бірақ тұтқыннан құтылдык! Суға түспеуге болмайды!.. Қарт пен Таняны әзірлендер! Артық киімді тастандар! Жүзгіш дөңгелекті алындар!

Каютаны қатты шайқап, сілкігені сондай, тіпті екі қолмен бірдей ұстанғанның өзінде отыру қыйын болды. Солай бола тұрса да, каютаның қабырғасы инженерлерге дауылдан үлкен қорғаныш сыяқты болып көрінді. Боранға осылайша кездескен жолаушы қарлы дауылдан баспаналауды ойда жоқ жерден тап болған күркеден іздейді. Беридзе Таняға қарады да, жымыйып күлді.

— Кәнекей, достар, бұл жерден шығу керек,— деп Ковшов сабырмен айтты да, өзінің плащы мен курткасын шешіп лақтыра бастады.

— Алындар, әлдеқалай керек болар,— деп Беридзе Таня мен Тополевке жүзгіш дөңгелек берді.

— Ал, қалай, менің өліуім керек пе?! Жүзгішіңнен маған да бер! — деді Кондрин жіңішке дауыспен, баспалдақта тұрып айқайлап.

— Жоғары бар, сержант берер,— деп Беридзе Кондринді жаратпай теріс қарады.

Бухгалтер аяғын тықылдатып, баспалдақпен жоғары өрмелеп шықты. Ашық тұрған люкке су толқып соғып, кіріп тұрды.

— Ал, сіз ше? — деп сұрады Алексей Тополевтен. Қарт сыртқы киімін шешуге асықпай тұр.

— Алеша, сіздер мені есепке алманыздар. Сіздерге күштеріңізді сақтау керек, менімен азаптанудың керегі жоқ.

— Ондай сөзді айтпаңыз, Кузьма Кузьмич! — деді Таня қыйналып.— Сізге бүйдеу қалайша ұят емес?

— Мен өте жақсы жүзем,— деді Беридзе.— Алеша, сен Кузьма Кузьмичті қолдап отырасың. Теңізшілер Таняға көмектеседі.

— Георгий Давыдович маған көмектесудің керегі жоқ, мен Адунда өскен қызбын, кит балығы сыяқты жүзем.

— Георгий, сен бізді алдама? Сенің қалай жүзетініңді мен білемін,— деді Алексей қабағын шытып.

Ол кішкене баланы шешіндіргендей Тополевтің үстінен пальтосын шешті. Алексейдің сөзі Таняны қобалжытып жіберді. Таня Алексейге жалынғандай боп қарады. Ол көз қарасынан-ақ түсініп, басын изеді.

Катер қатты сілкініп қалғанда, бұлар құлап түсті. Кішкене кеме екіге қак бөлінген сыяқты, қатты сарт ете түсті. Каютадағылар шығуға ұмтылды. Люктің ішінен теңізшілердің біреуінің басы көрінді.

— Шығындар! Тезірек!— деді ол айқайлап. Алексей жүзгіш дөңгелектерді алды да біреуін Тополевке, екіншісін Таняға кигізді. Қыз бір ғана секундқа Алексейдің құлағына аузын тақап:

— Алеша, Беридзені сақтап қалыңыз,— деп сыбырлады да, қатты сүйіп алды.

Сонсоң қоштасу үшін Георгий Давыдовичке ұмтылды. Алексей Кузьма Кузьмичті құшақтап алып, шайқалып тұрған баспалдақпен жоғары көтерілді. Бұлар катердің үстіне шықты. Уілдеген жел үйіріп барады. Жапандағы жабайы апатта, аспанның қайда, жағаның қайда, бұғаздың қайда екенін түсіну қыйын еді. Бәрі де мыйдай араласып кетті. Катер біресе төбеге ұрғандай тоқтап, біресе жұлқына ілгері қарай ұмтылды.

— Мотор мүлдем істеуді қойды! — деді Полищук Георгий Давыдовичке.— Жүзу керек болар.

Алексей абыр-сабырда Кондринді көрді. Қорыққанынан түсі қашқан бухгалтер, екі қолымен машина бөлімінің будкасының қоршау ағашынан ұстап тұр екен, үстіне жүзгіш дөңгелек киіпті. Сондайды Танядан көріп, бір қолымен соған жабысып, өзіне қарай тартты.

— Тарт қолыңды! — деп сержант оны қағып жіберді.

— Жігіттермен бірге, Таня мен Тополевті құтқарындар. Георгий Давыдовичті мен өзім алам,— деп келісті Алексей Полищукке тез-тез сөйлеп.

Катер жантайып қалды. Толқын оны қайтадан тағы көтеріп тастады.

— Катерді тастандар! — деп Полищук айқай салды.

— Секір, сұмырай! — деп ақырды сержант, қорқып тұрған Қондринге.

Алексей өзімен бірге Беридзені жетектей, күмп беріп ирімге түсті. Мұздай судан жүрек тітіркенді. Беридзе Алексейдің қолында бұлқынып, оның судың бетіне шығып жүзуіне бөгет жасайтындығын бірден сезді. Ковшов судың ішінде оның шашынан қатты тартты, Георгий Даводывич Алексейдің не талап ететінін түсінді де, қоя қойды. Бұлар бірден су бетіне шықты.

— Былай қарай жүземіз, жаға ана жақта! — деп көрсетті Алексей Беридзеге көмектесіп.

Катер де, жолдастары да, ештеңе де көрінбеді. Толқын бейне бір асау аң сыяқты бұларға тарпа бассалып, біресе аспанға ұшырып, біресе төмен лақтырып, тебелерінде ойнады.

Беридзе қатты аптықты, басын шайқап, бірдеңе деп айқайлағысы келіп еді, бірақ суға шашалды.

— Георгий, сабыр ет! Күшінді сақта! — деп айқайлады Алексей, ал өзі денесінің мұздап бара жатқанын сезді, бірақ қажымауға тырысты.

Оныншы тарау

БАТЫРЛАР ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Алексейдің түсіне: нанай Володька Ходжердің өлең айтқаны, өзінің ертегі-өлеңдерін айтып отырғаны енді. Әңгімешінің даусы қыздың даусындай жіңішке және нәзік, дәл құлағына жақын жерден естіледі, бірақ Ковшов қаншама тырысса да, Володьканы көре алмайды.

Осының бәрі қалайша құпия жасалады? Сөзбен бірге ертегінің тез өзгеріп отыратын суреттері де бір мезгілде келіп шығады, енді тіпті бір қызығы, мұның ішіне оның өзі қатнасып отырады.

Бірінші ертегі — Джагда бұғазындағы Мылво селеніндегі Макар деген мерген-нивх жайында.

«...Макар мылтық атуды жақсы үйренген, өй сондай жақсы үйренген. Оны Гибелька атай үйреткен. Тайгаға аңға шыққанда Макар ақ тиіннің көзіне тигізеді екен — ол сондай мерген! Онысы майданда да іске асыпты. Макардан алғашқы атқан оғы фашистің маңдайын тесіп өтіп, құлатыпты.

Фашист құлағанда, Макар сіреңкенің тағы біреуін алып

корабына салыпты. Қорабы толғанда, Макар оны Қыйыр-Шығыстағы Гибелька атайға жіберетін болыпты.

Әскерлер, Макардың жолдастары, Макар үйіне сіріңкені несіне жібереді екен? — деп күліпті.

— Ау, достым, сенің басқа дұрысырақ сыйлығың жоқ па? Еліңе болмашы посылка жібересің, оның қалай депті?

Макар күлмепті. Бірақ біз өзіміздің Макарды жақсы білеміз, ол ешуақытта күлмейді, бала кезінде де үлкен кісі сыяқты салмақты болатын.

— Үйдегілер менен посылка алғанды жақсы көреді. Менің Гибелька деген атам бар, ол мектепте оқымаған адам, цифрларына түсінбейді, оған сіріңкемен санау оңай, — Макар жолдастарына осылай деп жауап берген.

— Ендеше, біздің де тағы он қорабымызды ал, мейлі, сенің атаң тілегенінше санай берсін, деседі.

— Атайға сіздердікі керек емес. Гибелька атайға тек өзімнің сіріңкемді жіберем деп қана уәде берген едім.

Макардың сыйлығы Мылво коньсына келіп жетіпті. Гибелька қуанып, сіріңкенің біреуін де қалдырмастан, біреуін де жерге түсірместен, барлығын қайта-қайта санап шығады. Қорабына қайтадан салып, тығып қойыпты. Атайдың фанзасында газеттен қыйып алған Макардың суреті жапсырулы тұрғанын көрдіңдер ме? Оның қасындағы сөренің үстінде үш қорап сіріңке жатыр. Әр қорапта елу сіріңкеден, барлығы бір жүз елу сіріңке — демек, бір жүз елу фашист бұл дүниеден жоқ болған. Өте жақсы. Макар, жігіт екен!

Гибелька атай председателге барып:

— Никифор, жұртты жыйна, Макарға жауап берелік деген.

Нивхтар клубта сөз сөйлеп, сөздерінің бәрі жазылып алынған да Макарға хат болған. Ерлер мен әйелдер самолетке деп Никифорға ақша берген. Біреулер ақшадай, біреулері тері берген. Енді бір азғана ақша жыйналса, үшінші самолет болады. Ал Макарға деген хат майданға кетіпті: «Рахмет, сәлемдемеңе, рахмет. Тағы күтеміз, Неміске сокқы бер...»

Көргендері — таза, шат, сәл күлдіргі дауыспен айтылған, ертегіге әдейі арнаған, бейнелеген сурет сыяқты болды.

Алексей Макар майданда фрицтерді аулап, сіріңкілерді бірінен соң бірін сала беріп, бір қорабын жыйнаған соң, оны Қыйыр-Шығысқа жіберіп жатыр.

Гибелька картка айналып кеткен Алексей, Мылво коньсындағы өзінің фанзасында отырып, асықпай-саспай сіріңкені санап қояды, содан кейін клубта сөз сөйлейді, Никифорға самолет сатып алуға деп теңіз аңы мен құндыздың терісін берелі, Макарға деп жазған хатты почта тасушыға қолынан тапсырады, тек одан жоғалтып алмауын сұрайды.

Алексей — инженер Ковшов, жерде, Беридзенің қасында

жатыр, ал өзі не болғанын түсіне алмайды. Ол ертегіні аз есіткен жоқ, оларды оқыған да, ертегі-пьесаларды сахнада да көрген, бірақ оларды бірден естіп те, көріп те, және онда өзі де қатнасандықты ешуақытта көрген емес-ті.

Екінші ертегі-жыр — сақалды инженер жайында. Алексей Беридзені көрді де, оған қатты қуанды: «Георгий сен қандай даңқты адамсың, міне, халық сен туралы ертегі шығарып та қойған. Біздің ісіміз ешкімге де белгісіз болып қалады деп, бекер уайымдағансың».

Одан әрі қарай ертегіде Үлкен бастық және Жас Алеша туралы айтылады. Сонда Алексей өзінің алдында тұрған Батманов пен Беридзені және өзін өзі көрді.

«...Үшеуі де батыл басып тайгаға кірген екен, тайга оларға бас иіп, жол беріпті. Аю, жолбарыс және басқа аңдар жан-жаққа босып, қашып кетіпті. Үлкен бастық, сақалды инженер және Жас Алеша орманды қыйрата, сындыра тез аралайды — олардың жүрген ізінен бірден жол ашылып қалып отырады. Сол жолмен трактор жортып, тарсылдап, түтіндетіп темір трубаны сүйретеді. Ол өзі қап-қара және ұп-ұзын екен — бір шеті бір жақта жатса, екінші шетіне көз жетпейді екен, тіпті көкке барып тіреледі екен.

Үлкен бастық Сақалды инженер және Жас Алеша теңізге келді. Судың кең құрсағы олардың алдында жайылып жатыр.

— Теңізден алыста, адам бармас бір аралда жер астынан мұнай дейтін май шығады. Жоғары шапшып шығады да, жоғалады. Бұл мұнай трубамен майданға қарай ағызылсын. Сталин осылай әмір етті, — дейді Үлкен бастық.

Суға тракторды салған еді — батып кетті. Машинаны салған еді — ол да батып кетті. Трубаны пароходқа салды, оны да батырып жібере жаздады. Трубаны аралға енді қалай жеткізу керек? Үшеуі бірдей теңіздің жағасында тұрып, қатты ойлады. Жас Алеша жерге жата қалып, қайғыра бастады:

— Майданда бензин жетпес. Танктер тоқтар, машиналар тоқталар, самолеттер ұшпайтын болар. Енді не істеуіміз керек?

Бұларға Адуинан балықшы Иван да келіп үлгірді.

— Менің сіздерге көмектескім келеді...

Алексей түсінде қуанып:

— Міне, енді Карпов та ертегіге кірді. Амансың ба, Иван Лукич!

...Үлкен бастық былай деді:

«Үшеуің жүзіп аралға барыңдар. Сақалды инженер жол көрсетіп, толқынды айдап отырсын. Жас Алеша мен балықшы Иван трубаны сүйресін. Мен жағада қалып, арт жағынан итеремін. Асыға, тезірек жүзіндер, майданға мұнай өте керек болып жатыр. Мұнай трубамен аққан кезде, мен мылтық атармын, сонда сіздер есітерсіздер, — деді.

Үлкен бастық судың жағасында қалды. Сақалды инженер, Жас Алеша және балықшы Иван аралға қарай жүзе бастады. Труба ауыр болып, балықшы Иван мен Жас Алешаны судың түбіне қарай тартты. Екеуі де әлі құрып шаршады, бірақ трубаны арқаларына салып алып жүзе берді. Сақалды инженер алда еді, бұларға жәрдем бергісі келіп, айналып бұрылып қарап қояды, бірақ, оның өзінің жұмысы да көп — жол көрсету, толқынды жайпау және балықтарды қуу...

Аралға тіпті жақын жүзіп келді, тіпті аз ғана жер қалды. Сол кезде бұларға ең үлкен балық дүрсе қоя берді. Сақалды инженер онымен алыса бастады, оған әлі келмеді, күшті балық кездескен...»

...Алексей жерде жатыр, құлағына ыңқылдаған дыбыс келеді, ол мұның қатарында азап шегіп жатқан Беридзе, Алексейдің ұшып тұра келіп жолдасына жүгіріп барғысы келеді, бірақ, оған әлі жоқ: ертегі айтушының даусы тағы естіледі:

«...Балықшы Иван мен жас Алеша аралға жүзіп жетіп, трубасын жағаға сүйреп шығарады, мұнайдың тайгадан жоғары көтеріле қап-қара бағандай атқылап тұрғанын көрді. Олар бұл атылған мұнайды трубаға қарай бұрды, мұнай трубамен аға жөнелді. Арғы жағада тұрған Үлкен бастық мылтық атты. Демек, мұнай оның қасынан майданға қарай аққан. Балықшы Иван мен Жас Алеша «ура» деп айқайлап жіберді. Ал, Сақалды инженер әлі күнге теңіздегі балықпен алысып жатыр — оны жеңу тым қыйын болды. Балықшы Иван аралда трубаны қарауға қалып, Жас Алеша теңізге қайтып, Сақалды инженерге жәрдемдеседі. Олар екеулеп жабылып, балықты тез өлтіреді.

Жас Алеша сақалды инженерді бір қолымен ұстап алып жағаға — Үлкен бастыққа қарай жүзе бастайды. Ортасына дейін жүзіп барғанда, теңізде дауыл көтеріліп, бұлар тағы пәлеге душар болады. Бұларды толқын ағызып алысқа алып кетті. Сақалды инженердің енді жүзуге әлі келмейді. Жас Алешаға:

— Мені қалдырып кет, мен-ақ өлейін, ал сен аман қал.

Жас Алеша оның сөзін тындамайды. Ол жүзген үстіне жүзе береді. Бір дәу толқын бұлардың екеуін де бір кезде жағаға шығарып тастайды. Біздің нивхтар Сақалды инженер мен Жас Алешаны жағадан тауып алып, тамақтандырып, ұйқыға жатқызды. Сақалды инженер мен Жас Алеша рақаттанып дем алсын, оларға ешкім тимейді, нивхтар оларды зәбірлетпейді, нивхтар олардың досы... ұлы достар...»

Ертегі айтушының даусы үнді әрі мейрімді, тыңдауға да сондай жағымды еді. Бірақ тұтқұйылдан шыққан қатты дауыс оны бұзып жіберді:

— Алеша, сен неңді қарап тұрсың! Таня суға батып барады ғой! Алеша, тезірек! Таняны суға кетіруге болмайды!

Алексей бар күшін сала тырбанады: бұл дауыс жәрдемге шақырған Беридзенің даусы, кешігуге болмайды.

Бейнебір шырмалған тұсауды үзгендей болып, Алексей қатты кыйнала күш жұмсап, ақырында оянып кетті. Өздері жатқан ескі қосты көрді. Мұның қатарында аунап түсіп және қатты ұйқысырап Беридзе жатыр. Таң атып қалыпты. Қостың үш бұрышты есігінен жарық түсе бастады. Нивхтар оттың жанында, ауларын жамап, әнгімелесіп отыр. Алексей бұлардың арасында отырған колхоздың председателі Никифорды таныды. Оның қатарында аузына трубкасын салған карт жантайып жатыр, котелокті оттың үстіне ұстап бірденені ақырындап араластырып қояды. Бұл карт, тегі, Гибелька атай болса керек. Сондай үйлесімді, әрі жас адамша қажымай ертегі айтқан бұлардың қайсысы болды екен?

Беридзенің біресе айқайлап, біресе сыбырлап, ұйқысырап сөйлеген сөздеріне нивхтар үндеместен таңырқап, тыңдап отыра берді.

— Сенімен екеуміз ғана қалдық, өзіміз ғана. Алеша, сен неге үндемейсің? Үндемегенің қандай қорқынышты! Түсінем, түсінем! Сен жұбата білмейсің... Мен де білмеймін...

Никифор, трубкасын алып былай деді:

— Сақалды инженердің жүрегі үлкен адам екен. Оған тым ауыр. Әйелі де аянышты, жолдастары да аянышты. Олар өлген болу керек.

Алексейдің жүрегі зу етіп кетті. Демек, енді ештеңе қалмады. Нивхтар Таняны да, Кузьма Кузьмичті де, адамдарымен Полищукті де, сержантты да таба алмаған. Тек Кондрин ғана аянышты емес — ол сұмырайға сол керек.

Оттың жанында отырған адамдар бірден бұрылып бұғазға қарады. Гибелька карабинін қолына алды. Түрі адам көргісіз, өңі кашқан, әбден сыйқы кеткен бір адам: Кондрин-Сомов оттың қасына келді!

— Мен суға батқан катерден келдім. Көптің ішінен бір өзім ғана аман қалдым, қалғандары қаза тапты,— деді ол күбірлеп.— Маған жылынуға мүмкіншілік беріндер. Тамақ та беріндер, дем алуым керек.

Нивхтар бухгалтерді отқа жақын отырғызып, оған бірінен соң бірі котелоктерінен алып балық бере бастады. Кондрин ашқарақтанып қақала-қақала тамақты шала шайнап жұтып, котелоктен көзін алмай қарай берді. Никифор мүсіркей басын шайқады.

Алексей зорға дегенде орнынан тұрды, құлағы шулап, басы мең-зең болды. Сәл тұрды да, тәлтіректеп шығып кетті. Оны көрген Кондрин оттың қасынан каша жөнелді. Жолдағы ағаш тамырына сүрініп айқай сала құлады. Ұшып тұрды да, шырпыларды сындыра-мындыра жүгіріп кетіп барады. Алексей

шаршаған аяғын әрең дегенде сүйретіп қашқынды қуа жөнелді. Қолдарында карабині бар Никифор мен Гибелька одан озып кетті.

— Бұл жаман адам ба? Неге қашады? — деп сұрады Никифор.

— Қылмысты! Бұдан айрылуға болмайды! Ұстау керек — деді Алексей айқай сала, ентіге дем алып.

— Сен қумай-ақ қой, — деп Гибелька Алексейді тоқтатты да, Никифордың артынан біртүрлі секіріп, шырылдаған жіңішке даусымен бірдеңе деп айқайлай жүгірді.

Алексей оттың қасына қайтып келді. Жасөспірім нивх (ертегі айтқан осы болу керек) Алексейге аяныш және камқорлық көзбен қарап, оның басын ұстады да, үндеместен өзінің қан жұққан қолын көрсетті. Алексей шекесін бір нәрсеге жырығызып алған. Көйлегінен шүберек жыртып алды да, ол қанын сүртіп жатып, елегізіп тыңдаумен болды. Тайга жақтан көмескі айқаймен, мылтық даусы естілді. Никифор мен Гибелька қашқынды ұстауға әрекет жасаған болу керек. Содан кейін тағы бір рет мылтық атылды, біреудің бақырған жан даусы шықты. Сонсоң бәрі де тым-тырыс болды. Оттың басындағы балықшылар тынышталды да, енді құлақ салып тыңдауды да қойды.

Никифор мен Гибелька қайтып келді. Никифор қолын уқалап, қыйпақтап Алексейге қарады:

— Жаман, нашар адам екен. Төбелесіп, қолымды тістеп алды, мені басымнан да қойып-қойып жіберді. Босанып алып тағы да қашты. Қашудың керегі жоқ деп айқайладық... Тыңдамады.

Ал, қарт карабинін қарап шығып, оны қайтадан оқтап, бейнебір ешқандай уақығға болмаған сыяқты, котелоктегісін араластыра бастады

— Макардың қорабына бір сіреңке қоссам қайтер екен? — деп Гибелька Алексейден сұрады. — Сен қалай ойлайсың?

Ковшов сұраққа бірден түсінбеді. Сонсоң жауап берді:

— Біреу емес, онын қосуына да болады. Ол өте қауіпті дұшпан еді, деседі.

Гибелька ойлады да қарсы болды:

— Алайда, он дегеніңіз көп. Мынаны қосу керек, — деп қарт бір саусағын көрсетті. — Мұндай адам одан көпке тұрмайды. Тьфу!

— Мынаны тығып қой, — деп Никифор Алексейге Кондриннің су болған документтерін берді. Алексей оларды оттың қасында кептірмекші болып, жайып қойды. Никифор қолының қатты тістелген жерін қарап отыр.

Гибелька қайнап жатқан тамақтың дәмін көріп, ұнатып, тамсанып қойды.

— Семіз балық, өте дәмді екен: — Котелокті Алексейдің алдына қойып, оны сыйлай бастады: — Же... же... же... Саған денсаулығыңды түзеу керек.

Ковшов әбден піскен балықтың жұмсақ ыссы етін көңілі шаппаса да жеді.

— Біз сақалды инженерге тағы да балық пісіреміз,— деді Гибелька шын ниетімен, Алексей котелоктен бетін теріс қаратқан кезде,— саған ұйқтау керек, бар, күшінді жыйна.

Алексей басын шайқады. Ол оттың лаулаған жалынының үстінде қолын жылытып отыр. Оның саусақтары дірілдеп кетті. Алексей көзін жұмды — қарауға көзі ауырды, сол арада көз алдына, көк су, мұны басқалы келе жатқан толқындар көрінді. Бәрі де басынан бастап қайталады. Алексей шошып кетіп, ісініп кеткен көзін ашты да, отқа қарай телмірді...

Инженерлер кешке дейін нивхтармен бірге жолдастарын іздеді. Жағаны кезіп отыз километрдей жерді аралап, ешкімді де таба алмады.

— Батып кеткен. Су жұтқан,— деп ұйғарды Никифор,— басқа іздейтін жер жоқ.

Алексей Таня мен Кузьма Кузьмичті өлді дегенге сенгісі келмеді, өйткені бұл, бірі кәрі, бірі жас, бірақ екеуінің де бірдей бойы толы жастың күші бар, осындай, өзіне қымбатты адамдарды өледі деп ойлауға ешбір мүмкін емес еді. Оған бұлар, міне, қазір-ақ мұздай аман, тірі табылатын сыяқты болып көрінді. Алексей іздеуді тек түнде ғана тоқтатуға келісім берді. Бұл да, өзінің адамдарымен Никифор да әбден шаршады.

Өзі де ауыр қайғы үстінде жүрген Алексей бұл бақытсыздықтың Беридзеге қаншалық әсер еткенін көрді. Ол бір тәуліктің ішінде бейнебір қартайып кеткен сыяқты. Бұрын жайдары, әрі жігерлі Беридзенің көзге түспейтін бетінің әжімі, самайындағы ақ шашы, көзіндегі шаршағандық белгісі — енді қайғыдан қажып, мылқау адамдай болған жүзінен айқын көрінді.

Алексейден гөрі айырмашылығы — Таняның өлгеніне Беридзе бірден сенді. Ол Никифордың бұдан былай жолдастарды іздеудің пайдасы жоқ дегеніне қарсылық білдірмей, көне салды.

Тіпті Гибелька атай да Беридзенің қандай халде екенін байқап қалды және ол, бұған қулана сөйлеп, былай деді:

— Біздің нивхтар: Сақалды инженер жайдары, қашан болсын ылғый сөйлеп отырады, қашан болсын ылғый күліп отырады дейтін еді. Бірақ, онысы жалған екен: сен тастай катып, үндемейсің.

Георгий Давыдович оған қайғылы шыраймен жымыйып қана жауап берді. Оны көрмеу үшін Алексей теріс қарап кетті.

Инженерлер оттың қасында сарғайып отырып, ұйқысыз өткізген түннен кейін, жағадан Мылво коньсына қарай кетті, ал Никифор Ковшовтың тілегімен бұғазда қалып, іздей бер-

мекші болды. Гибелька атай Алексей мен Георгий Давыдовичті өзінің жана үйіне алып келді. Колхоздың салып берген үйінде бұларға терезенің жана шыныдан қойылған әйнегінен бастап, мерген немересі Макардың қайыңнан жасаған, рамаға салған үлкен суретіне дейін — бәрін балаша мақтанышпен көрсетті. Суреттің қасындағы сөреде ертегіде жырланған атақты үш қорап сіріңке де жатыр.

Колхоздың конторынан Алексей Новинскимен сөйлесуге әрекеттенді, Никифордың өтінуі бойынша, телефон сымы қоныстап қыстыгүннің өзінде-ақ құрылыс байланысының магистральдық линиясына қосылған болатын.

Беридзе де осында отыр еді. Алексей бұған жалтақтай қарап қойып, ептеген бұлдырлау сөздермен Батмановқа болған уақытталар жайын баяндады. Василий Максимович Алексейге сөзін байланыссыз айтқаны үшін ыза болып ұрысты.

— Маған қарама, Алеша, — деді Беридзе. — Оған бәрін дұрыстап айт.

Алексейдің сөзін тыңдады да, Василий Максимович ұзақ уақыт үндемеді.

Ковшов байланысты үзілген болар деп ойлады.

— Телефонисткаға ақырмай-ақ қойыңыз, мен сізді естіп тұрмын, — деді Батманов тағы да дауыстап. — Бастарыңызды көтеріңкі ұстаңыздар! Іздеуді тоқтатпандар. Жұрттың бәрін аяғынан тік тұрғызындар, таппайынша тыныстап отырушы болмаңыздар. Беридзе қайда, аппаратка ол неге келмейді?

Батмановпен сөйлесіп жүрегiнiң жарасын бұрынғыдан да ауыртар деп, одан жолдасын сақтап қалғысы келіп, Алексей оны шығып кетті деді. Бірақ Беридзе трубканы алды. Георгий Давыдовичтің қайғылы көзінiң рені кіріп, Алексейдің өз жүрегіндегі мұздай тас кесегі ерігендей болды.

— Батманов осында ұшады, — деді Беридзе қуанышты дауыспен, Таняны, Кузьма Кузьмичті және теңізшілерді Василий Максимович табатындай сезіммен.

Олар Батманов келгенше-ақ табылды. Нивхтардың біреуі Полищуктің және сержанттың үстінен шығып, оны қонысқа ертіп келген. Азапты әбден көріп, шаршаған Полищук, басқаларды қайдан іздеу керек екендігін айтып берген. Бұлар судан шыққан соң, қоныс табармыз деген үмітпен тайғанын ішіне кіріп, содан адасып кетіпті. Полищуктің айтуынша, Таня мен карт инженер әлсіреп, жүре алмай қалған.

Беридзе лезде өзгеріп, бойына өзінің барлық қайраты қайта бітті. Ол жүгіріп жүріп, орман арасын аралап, қалың жыныстың арасын қарап келеді. Алексей мен нивхтар оған әрең дегенде ілесіп жүр.

Таня мен Кузьма Кузьмич оттың жанында, киімдері мен бұтақтарды жамылып жатыр екен. Катер командасының теңізшілері де жыртық-жыртық іш көйлектерімен сол жерде отыр.

Георгий Давыдович Таняға қарай жүгіріп барды да, оны көтеріп алды, қыздың қызумен қызарған бетіне үңіле қарады. Ол ыңкылдап көзін ашты да көз алдында тірі Беридзені көріп тұрғанына сенбеген сыяқты, қайтадан жұмды. Қалың кірпіктері жаска толды, ал Таняның ыстық қолы сыйпалап жүріп оның қолын тауып алды да, дір-дір еткен күйі саусақтарын ауырта қысты.

— Тірі... Сен тірі...! Георгий... Сүйіктім менің... Мен қандай бақытты... Енді маған өлуге ерік берме,— деп сыбырлады Таня, сондай бір ашынған дауыспен, оның күйіп тұрған қолдары Беридзенің бетін аймалады.

Қатарда Алексейдің тізесіне басын қойып, Тополев жан бергелі жатыр. Оның көкірегі сыр-сыр етеді, дем алу өте қыйын еді. Кузьма Кузьмич ауруға жеңдірмеуге тырысты.

— Келіп үлгіргенің жақсы болды, Алеша,— деді ол ақырын, қыйналып, әрең сөйлеп.— Саған айтуым керек... Өсиет есебінде. Өткен өмірдің бәрі де қымбат шырағым... Қазір ойласам: істелген іс аз сыяқты... Бәйгелі жарыстағы эстафета сыяқты енді саған тапсырам. Бітпеген еңбектерімді, кітапханамды... Ол Москвада. Қателерімше... Алпыс жастың ішінде қанша болмады дейсің, уә тәңірім! Соларды түсініп ал, бірақ қайталама. Өзімнің инженерлік адалдығымды... Егер де Грубскийді көрсең — айтарсың. Қарт өлер алдында сені есіне алып аяныш етті дерсің. Алеша, менің қалтамда темекі сауытым бар, ескерткіш үшін сен ал. Және Новинскідегі үйде — нені ұнатсаң, барлығы сенікі болсын.

Қарт үндемеді, одан басын жоғарырақ кетеруді сұрады да, ыңырана берді. Жаңа ғана бірдеңе есіне түскендей, асығып ол тағы да сөйлей бастады.

— Екеуміздің не жөнінде келіскеніміз әрқашан есінде болсын. Ұзақ перспектива. Нендей уақытқа кездесе де, жанынды жеп қартайтпа, уақ-түйекке үйір болма. Қайғыға да, қыйыншылыққа да ерлік істе...

Алексей қарттың демалуына жеңілірек болсын деп, оның басын көтеріңкіреді, бірақ өмір онымен біржолата қоштасты. Оның әрбір сөзді сөйлеген сайын, әрбір дәмді алған сайын біртіндеп кеудесінен жаны шыққан тәрізді болды. Беті сұрланып, көзінің нұры тая бастады.

— Жақсы өмір сүр деп саған фатихамды беремін,— деді Тополев бір кезде ап-анық сөйлеп, қолын көтермекші болып еді, бірақ күші жетпей жерге сылқ етіп құлады.

Батманов, самолете Родионова және Грубскиймен бірге келді. Осы күндерде тайганың барлық жерінде де ит мұрын

ағашы гүлін шашқанды. Беридзе Таня жатқан өзінің бөлмесін хош иісі аңқыған қызыл гүл букеттермен толтырған.

— Ольга еркектерді далаға шығарды да, өзінің дос қызын бар назарын сала қарады. Ол өзінің алдынала ойлағанындай, өкпесіне салқын тиген деп тапты.

Қатты қызудың салдарынан әлсіреген Таня, бойы сергіп, қуанышты еді, ал Ольга да оның ауруы онша қауіпті емес деп сендірді.

— Египет қызы достым, сен тек доктор ғана болып қойма,— деді Таня оған, кепкен ернімен жымыя күліп.

Іштей қатты қобалжыған Родионова өзін қатаң және тыныш ұстап еді. Таняның сөздері мен әлсіздігі мұның көңілін бұзды, достар құшақтасып, жыласып та алды.

— Мен сондай бақыттымын... Мені ешқандай ауру жеңе алмайды,— деп Таня, үйде бұлардан бөтен ешкім болмаса да, Ольганың құлағына сыбырлады.

Таня Кузьма Кузьмич туралы есіне алды, оның өлгенін бұған білдірмей қойған, досын асықтырып:

— Ольга, соған барып, жәрдем бер. Оны нашар дейді. Өзіңнің осында екендігіңді Роговқа да білдір. Оленька, ол сені қандай сүйеді!

Рогов учаскеге келіп, Ольганы іздеп жүр екен. Ольга Карповтың тайгадан алып келген ауруларын қарауға бара жатқанда, бұлар поселкеге баратын жолдың үстінде кездесті. Рогов сасып қалды да, ұялып амандасты, содан кейін епсіздігіне ызаланып, дөрекілеу сөйлеп: өзінің Ольганы аралға алып кету үшін әдейі келгендігін айтты.

— Мүмкін маған ауруларды қарауға және жалпы айтқанда, өзімді өзім еркімше билеуіме рұқсат етілетін болар? — деп Ольга жалған қатандықпен сұрады да, дәрігерлік пунктіне қарай жүріп кетті.

Александр бірдене деп күбірлеп, соңынан ерді. Ольга тоқтады.

— Менің соңымнан ерме, Александр. Бүйтуге жарамайды... Мен онсызда не істеуге білмей сасып жүрмін,— деді ол жұмсақ дауыспен.— Әзірге Батмановқа бар, сен, сірә, оған керек болуың керек, ол клубта. Мен босайын, содан соң екеуіміз сөйлесерміз.

Рогов бұл сөзге лезде тоқтап, клубқа қарай кетті. Клубта залдың қақ ортасына қойылған табытта Тополев жатыр. Қандай салмақты және қандай айбынды ол! Және Горькийге ұқсастығына адам таңқаларлықтай. Оның үстіне учаскенің алған қызыл туралы иілген. Табыт тайганың гүлдеріне бөленген. Құрметті күзетте құрылыс бастығы тұр.

Осында, Кузьма Кузьмичтің сүйегі қасында, Грубский мен Беридзе кездесті. Грубский табыттың қасында жарты сағат

бойы тізерлеп тұрды, сонсоң түрегеліп, қарттын балауыздаған мандайынан сүйді, шығуға бет алып бара жатқанда, клубқа Георгий Довыдович келді.

Грубскийді көргенде, Беридзенің ол жөніндегі қате түсінігі катты аянышқа орын берді. Ол қартайған сыяқты көрінді — шашы әбден ағарып, бүкірейіп кеткен. Қатты қобалжудан Грубский сөйлей алмады. Беридзе де үндемеді.

— Мұндай минуттарда адал болмауға, ықылассыз болуға, байымсыздық жасауға болмайды, — деп бастады, ақырында, Грубский. — Менің сізге өзімнің адасқандығымды әбден мойындап келіп отырғаныма, сеніңіз. Өмірімнің өткен айлары ауыр болды... Бірақ әділ болды. Мен өзіміздің арамызда жүріп, өз орнын жоғалтқан адам болып шықтым... Өзіңнің коллективсіз жалғыз қалғаныңның қандай қыйын екендігін, сіз егер білген болсаңыз! Мен өзімнің советтің адал адамы және адал инженері екендігімді тек осы арада ғана қайтарып алатыныма және алуға тиісті екендігіме жақсы түсіндім. Жолдас Беридзе, мені өз қарауыңызға алыңыз. Писарев пен Батманов менің тағдырымды сіздің қолыңызға берді. Сіз қалай шешсеңіз, солай болады.

Беридзе үндемеді. Грубский қызарған көзін қолымен басты.

— Маған нағыз ауыр, кара жұмысты беріңіз...

Ол табытқа қарады да, үмітсіз дауыспен:

— Бізге тағы бір рет сөйлесуге тура келмегені қандай арман! Мен мұнымен кездесуді күтіп жүр едім... Ол кездесудің мұндай қайғылы болатынын біліппін бе?

Ол көзін Беридзеге аударды. Беридзе оған тура қарады да, қолын созып:

— Біздің бірге болатынымызға мен қуаныштымын. Учаскені аралаңыз да, қандай жұмыс сізге қолайлы болса, соны өзіңіз шешіңіз.

Бұғазға ентелей төніп тұрған қоныр-көк тас қыядан үлкен гранит тасы шабылып алынды: Петрыгин көмекшілерімен оны жақсылап тұрып қайрады. Алексей тасқа өз қолымен ойып жазу жазды:

— «Инженер — Кузьма Кузьмич Тополев. Өз өмірін совет Отаны үшін қыйды. Июнь, 1942 жыл.»

Кузьма Кузьмичті құрылысшылардың қыстыгүні алғашқы взрывты байқауға шыққан төбесіне әкеліп жерледі. Енді олардың бәрі де табыт көтеріп келе жатқан — Батманов, Беридзе, Алексей, Грубский, Рогов және Умара Магометтің соңдарынан еріп төбеге шықты.

— Бәріміз бірдей өге жақсы білетін және сүйетін жолда-

сымыз, бізге соншалық аянышты. Ол жұмысты жақсы істей білді, өте ақылды және адал адам еді,— деді Батманов моланың басында.— Ауыртпалықты қалай көтеру керек! Кузьма Кузьмичтің өмірді бекерге өткізбей, өмірінің ізін қалдыра алғандығын түсінушіліктің өзі-ақ бізге көмектесуге тиісті. Міне, осы арада бір кездерде аттары белгілі және белгісіз алғашқы орыс жиһанкездері болып кеткен. Және осы арада инженер Тополевтің еңбегі сіңген біздің нефтепроводымыздың болат желісі тартылып жатыр. Жуықта біз аралдан мұнай жібереміз, оның өзі тамаша совет инженерін және біздің қымбатты жолдасымызды еске салатын өте жақсы ескерткіш болады.

Тополевтің моласына тас-ескерткіш қойды. Ол тас гүлдердің астында жасырынып қалды. Родионова мен Алексей үстіне қойған өрмелі гүлінің қызыл лентасы желге шайқалып, үлкен қызыл көбелек моланың үстінде ұшпастан қанатын қағып тұрған сыяқты болды.

Жерлеуге катысқан шекара әскерлері мен нивхтар винтовка және карабиннен ауаға бірнеше рет оқ атып, салют берді. Құрылыс алаңындағы гудоктар өзінің салтанатты-азалы жырларын гудокпен жырлады. Құрылысшылар төбеден төмен қарай үнсіз түсті. Моланың жанында жалғыз Алексей ғана қалды.

Нивх Никифор Батмановты тоқтатып, Кондрин-Сомовтың өлігін алып келгендігін айтты.

— Құстар аздап шоқып тастапты,— деп Никифор айыбын мойнына алды.— Бірақ денесі түгел, оны қайда қоямыз?

— Тайгаға көміндер. Ізін-қалдырмау үшін моласының бетін жермен-жексен қылып тегістеп тастаңдар.

...Батманов учаскені аралап шыққан соң, Беридзеге Алексей мен Таяны алып Новинскіге бірге ұшуға қосты.

— Біраз демалыңдар, сіздердің бәріңізге де жағдайды аздап өзгерту керек. Алексейге көз қырын салыңдар, оған сондай қайғы-қасірет душар болып, жігіттің өзі иығы түсіп, жүдеп кетіпті. Мені басқармада күтерсіңдер, сонда құрылысымызды ақырына дейін жоспарлап шығатын боламыз.

Батманов алыстағы учаскелердің жұмысымен толығырақ танысқысы келді. Көбінесе оның мазасын алған, өзінің күрделі монтаждары мен насос станциясы болды.

Батмановтың Новинскіге ауру Таямен бірге Родионованы да жібермекші болғанын біліп, Рогов Ольганы аралда тым болмаса бір айға қалдырыңыз деп, бастыққа өтініш етті.

— Бұл не үшін? — деп Батманов таңырқап Роговқа да, әңгімеге катысқан Ольгаға да қарады.

— Менде белгісіз аурулармен сырқаттанған адамдар бар. Терекірек зерттеп, бұл адамдарға жәрдем көрсету керек қой,— деп Рогов кірпік қақпастан тез жауап берді.

Василий Максимович оған қайтадан қарады, ойланды да, Ольгадан сұрады:

— Аурухананың жағдайы сізге екі апта осы арада қалуға мүмкіндік бере ме?

— Қазірде онда бәрі жайлы. Одан қала берді, менің орынбасарым сенімді адам ғой,— деп Ольга жауап берді де, сәл ұялып, былай деді: — Бірақ аурулары аралда емес екен. Белгісіз аурулар жөнінде...

Батманов оның сөзін бөліп:

— Аралға барыңыз, ол белгісіз ауруларды тексеріп білуге Роговка жәрдем беріңіз. Сізге екі апта уақыт берем.

Родионованың қарсылығын тындамау үшін, Батманов асығыс шығып кетті. Ол өз ішінен: «Міне өмір дегенің осы, жерлеу де, тойлау да — бәрі бірге жүр» — деп ойлады.

Ольгамен оңаша қалған Рогов оның өзімен, қазір Тайсинге бірге жүруін талап етті. Ольганың қолынан ұстап алып, өзімен бірге сүйрелеп ала жөнелді.

— Бізді «Жемчуг» деген катер күтіп тұр. Жарықта барып қалуымыз керек.

— Есалаңбысың, сенің аралыңда мен не істеймін? — деп Ольга ұялып әрі қысылып күлді.— Мен «Жемчугпен» бармаймын.

— Барасың. Батманов өз сөзін айтты, сен енді құтыла алмайсың, оның сөзі мен үшін зор бедел. Қарсыласпай-ақ қой. Фанзада тұратын боласың, аю терісін үстіңе жамылып ұйқтайсың, тамағыңа форель жейсің, бұлақтың суын ішесің, орман бұлбұлдарының әнін тыңдайсың, аңға шықсаң еркек бұғы атасың, сөйтіп өзіңнің ревматизміңді ыстық сумен емдейсің, менің жүрегімнің жұмбақ аурына дәрігерлік ем жасайсың.

Инженерлер мен Таня Новинскіге ұшып кетті, Рогов пен Ольга аралға жүріп кетті, ал Батманов күні бойы Филимоновпен насос станциясында отырды. Үлкен терезелі кең үй негізінде дайын болған еді. Мұнда плиткамен еденін төсеп бітірген үй майлаушылар өзінің аспаптарымен сырлап жатыр, ал Филимонов өзінің көмекшілерімен бірге дизель мен насостың монтажына кірісті. Монтаж схемасының толық түсінік жазбасы ешқандай күдік туғызған жоқ, сондықтан Батманов көңілденіп кетті. Көңілденген Филимонов жетпей жатқан бақылау — өлшеуіш приборларын тауып алуға көмек беруді сұрады; оны Федосов еш жерден таба алмаған. Василий Максимович сол арада-ақ Рубежанскідегі Писаревке және Новинскідегі Тереховке прибор жөнінде телеграмма берді,— жас директормен оның өзара қолдасу жайындағы қарым-қатнасы осылай жайғасты. Жайшылықтағыдай емес, мелшерсіз көп сөзімен әрі табандылығымен Батмановты таңырқатқан Филимонов, үшінші рет Серегин жөнінде әңгіме айтпақшы болды. Механик оңа-

ла бастап, төсекте жатып насостың монтажын тездетудің бірінен соң бірін, төрт ұсынысын жасап шығарған. Ұсыныстары іс жүзінде өте бағалы.

— Сен не тілейсің? Турасын айт,— деді Василий Максимович.

— Соған кіріңізші, осы жөнінде жалынып сұрап еді. Оның сізбен сөйлескісі келеді.

Батманов дәрігерлік пунктіне барып, онда бөлек таза бөлмеде жатқан Серегинге кірді. Ол қаны қашып, әбден жүдеген екен, басын шүберекпен байлап қойыпты. Өзінің қарсы алдына кішкене такта қойып, бірдеме сызып отыр. Серегин құрылыс бастығын көріп, ұшып тұра келді. Тақтасы еденге ұшып түсті.

— Күйгелектену жарамайды. Тыныш жатыңыз,— деді де Василий Максимович кішкене столдың қасына отырып, темекі тартты.

Серегин оның әмірін орындап, төсегіне жатты, күшін бойына жыйнап алып, өзін-өзі аямастан, Кондриннің мұның алдына өткендегі өмірінің елесі сыяктанып душар болғандығын, сөйтіп мұның қазіргі еңбек өмірін бұзғандығын ол қызына түсіп, тұттықпалана айта бастады. Кондринді бірден әшкерелеу керек еді, ол жөніндегі өзінің күдіктерін айту керек еді, бірақ ол, Серегин оны айтуға қорықты.

— Сен маған тиме, мен саған тимейін деп: мен бір шетте қалмақшы болдым. Бірақ өйтуге болмайды. Өйтуге болмайды! Мен ол туралы айтпадым да, сонымен оған ырық бердім! Демек, оның істегенінің бәрі мені де былғайды.

Серегин өте қысылды, ұялғанынан қансыз беті шиідей болып қызарды.

— Маған енді сенбейтін болады, бұл жөнде мен өзім де кіналымын, мұның ақылы дұрыс емес деп Кондрин туралы айтқанымда, маған нанбады. Сіз түсініңізші, одан минут сайын әрқыйлы зұлымдықты күтуге болады. Ол өте қауіпті адам. Мен насос станциясы үшін қорқам! Чертеждер бекерге жоғалған жоқ қой.

— Бандит атылды, ол туралы айтуға да тұрмайды,— деді Батманов.

Серегин жастығына қайта жатты.

— Үстімнен бір зілдей қара тасты алып тастағандай болды ғой! — деп ол күрсінді. Сонсоң тағы да тұнжырады. Өзімнің айыпты екенімді түсінем. Мен сотқа тартылуға әзірмін. Жолдас Батманов, тек маған жәрдемдесіңіз.

Серегин бөгеліп қалды. Батманов білгісі келіп:

— Немен? — деп сұрады.

— Мені осы арадан қуа көрмеңіз! Бұдан былай жұмыс істей беруге рұқсат етіңіз. Қашпайтындығыма қандай ант

болса да берейін. Қазір менің бар өмірім насос станциясында. Жүріп жатқан машинаны ұйқтап жатсам да көремін. Оны жүргізіп жіберелікші, содан кейін маған тілегеніңізді істеміз.

— Сізге сенем,— деді Батманов — Сенемін, өйткені жақсы коллективте істеп жүріп, толық праволы еңбекшінің бай өмірі мен қоғамның қуып жіберген қылмысты адамының болмашы тағдырының айырмасын түсіне білмеушілік, дүниеден мүлде күдер үзген адамның ғана ісі болу керек. Қай жағынан болса да, сіз ауыр сабақ алдыңыз, мейлі, ол сіздің пайдаңыз үшін болсын. Ескіліктің қалдығынан оп-оңай құтылуға болмайды. Өзінде болсын немесе басқа адамдардан болсын, ондай қалдықтардың белгілері көріне бастаса-ақ, белсене күресу керек болады.— Батманов үндемеді.— Сізді менің кепілдігім бойынша құрылыста қалдырар деп ойлаймын. Және есіңізде болсын: адамның келешегі әрқашан өзінің қолында.

Серегин бетін қолымен жауып алғанда, оның иықтары селкілдеп жатты.

Он бірінші тарау

ЗИНА ҚАЙТЫП КЕЛГЕН

Алексейге Новинскіге бармаса да болатын еді,—оның барғаны пайдалы болып шықпады. Бірнеше айлар бойы күні-түні бірдей қайнаған жұмыс, у-шудан оның жағдайы, соғыстан шыққан адамның ұрыстан кейін: зеңбіректің атылуы басылып, айкай-шу қойылса да құлақтан оның гуілі кетпей, бір тосын тыныштықтың ызындап тұратын жағдайы сыяқты болды. Алексей жан тыныштық жағдайда болып шықты; одан ештеңе сұрамады, ештеңе керек қылмады. Іске керегі жоқ еді. Оған бос уақыт берді, ал бұған оның қазір ешбір керегі де жоқ еді.

Бұл күндерде басқармада аздаған диспетчерлік аппарат қызмет істеді, оларға Гречкин арқылы Батмановтың өзі тікелей басшылық етіп отырды. Қызметкерлердің көпшілігі трассада болды. Қовшовтың карамағындағы бөлімінен бұл арада тек бірнеше адам ғана қалған — оларды Кобзевтың өзі-ақ ұршықтай иіріп басқарып отыр. Жобаны бекіткеннен кейін бөлімнің жұмысының түрі өзгерді — ол енді уақ-түйек жобаларды жасау, учаскелердің қоятын кейбір жеке мәселелері жөніндегі міндеттерді шешіп беріп отыратын болды. Трассадағы техникалық басшылықты бас инженердің өзі бұғазда болып, жүзеге асырып отыр.

Сондықтан Алексейді өзінің бөлімінде ешнәрсе ықыластандыра алмады. Өзінің бастығын басқармадағы істердің мән-жайымен таныстыруға адал-ниетімен-ақ тырысқан Кобзев, Алексейдің жайына түсінбеді: ол көңілсізденіп, ұмытшақ бо-

лып, әрі қажып қалған тәрізді. Кобзев Алексейге кездескен бакытсыздық жайын естіген-ді, оның жағдайын да түсінетін, сондықтан ол Алексейді жападан-жалғыз қалдырып кете алмады.

— Петя Гудкин қайда?

— Төртінші учаскеде. Ол енді бастық — прораб болып белгіленді, — деді Кобзев Алексейдің зейіні жақсы бола тұрса да, бірнәрсені қайталап сұрағанына таңырқамастан, жауап беруге тырысып.

— Шақырсаң қайтеді, ол маған керек еді.

— Шақырылған. Ертең Петька осында болады.

Алексей Кобзевты қашан кетеді деп күтті. Ол кетті. Енді одан да жаман бола бастады. Қайғыдан қысылған жүрегі, тым-тырыс үйдің ішінде Алексейге бейнебір уатылған мұз сыяқты естілді. Тополев қарт — үстіне үлкен тон киіп, жағасын көтерген, мойнына шарп ораған, қолында қызыл орамалы, баяғы есте қалған күннің таңертеңгілігінде қандай болса, қазір тап сондай, — өзінің столынан тұрып, бұған қарай келе жатыр. Бұлардың өмір бойы есте қаларлықтай жүрек тербеткен сөздері қайтадан айтылды.

«Сүйікті, Алеша, — деді Кузьма Кузьмич жуан дауыспен, — есіңде болсын: адам өзіне әрқашан риза болмау керек. Өзіңнің реті келмеген істерің жөнінде ешуақытта жағдайға кіна қоюшы болма, ол жөнде тек өзіңді өзің кінала. Жайбарақаттанба, суынба, рухың қартаймасын. Өмірінде оңайлықпен табылмайтын нағыз үлкен қуаныштарға ұмтыл, ал, оңайлықпен табылатын уақ-түйек қуаныштарға әуес болма».

Ерте түскен жаздың жылы лебі еккен гүлдердің хош иісімен бірге терезеден аңқып тұр. Алексейге терезенің арғы жағында әлі қыс, боран соғып тұрған сыяқты көрінді, ол суыққа тоңғандай бүрісті де, есіз қаңырап тұрған кабинеттен дереу далаға шығып кетті.

Муза Филипповна Алексейді көрісімен, өзінің қуанышын айтуға асықты: оның Наточкасы табылыпты. Ол Челябинскіде, заводта істейтін көрінеді, бір бөлме петер үйі бар. Қарт әйел Наточканың хаттың соңында сызып салған бөлмесінің жоспарын көрсетті: «Мұнда стол тұр, мұнда кровать, мұнда үш қап толы картошка деген.

Мұндағылардың бәрі қалай да болса Алексейді сергітіп, кеңілін көтеруге тырысты. Бірақ өзінің осы ауыр минуттарында ол үш адамды: Залкинд, Женя және Петьканы көруге аса құмартты. Бұлардың ешқайсысы да болмады. Залкинд әлі Рубежанскіден қайтпапты, оны күнде күтіп отыр. Женяны Гречкин жұмысшы күшін артық пайдаланушылықты тексеруге бригадамен қосып екінші учаскеге жіберген. Петя Гудкин Новинскіге қарай жолға шыққан болу керек.

Беридзе Алексейді есінен шығарған жоқ, оны өзінің тұрған үйіне апаруға тырысты — онда Ольганың бөлмесінде ауру Таня жатыр. Георгий мен Танының көңілдері қаншама адал болса да, бұған олардың екеуі де көмектесуге тілесе де — Алексей олармен бірге ұзақ тұра алмады. Олар өздерінің бақыттарын бүркей алмады, сол бақыт сезімі олардың айналасында өзгеше бір атмосфера туғызғандай болды. Беридзе мен Танының әрбір сөзі, әрбір қыймылдары, олардың біріне-бірінің ынтызар болып тұратындығын көрсететін, ал Алексей отырғанда біріне-бірі артық жылы сөз сөйлеуден немесе сүйісуден бой тартып отыруына тура келетін. Ол өздерінің адал махаббаты жайындағы Зинаның сөзін есіне түсірді; ал басқаның сүйіспеншілігін көру, жақын адамыңды жерлеуге апара жатқанда біреудің сауық-сайран салып жатқанын көргендегі тәрізді шыдамастық жағдай болып көрінді.

Алексейді Серафима өз үйіне алып келді, бірақ оның жасаған жақсылығы тым қарапайым, тамақ жағы — самсалар, дәмді қуырған ет, шекер салған, ішсе мас болатын шарапқа ұқсас ағаштың шырыны болды. Алексей бұл сый-сыяпаттан дереу бастартты, жүрек сондай ауырып қайғыда тұрғанда, тамақ ішерліктей жайы жоқ еді.

Ол жарты күнін Гречкиннің қасында өткізді. Бас диспетчер учаскелерде сағат сайын болып жатқан өзгерістерді, қабырғада тұрған тақталарға жазып көрсетіп тұратын залда маңызданып отырады. Үлкен столдың үстінде учаскелермен тікелей сөйлесетін телефон аппараттары дойбыдай тізіліп қазқатар қойылған. Үздіксіз сөйлесіп жатады, цифрлары жазылып алынады, таблицалар жасалынады, бұйрықтар беріледі, бұл ара — құрылысшылардың еңбек табыстары мен сәтсіздік істерінің қоймасы тәрізді.

Алексеймен әңгімелесу үшін Гречкин уақыт таба алмады.

— Мен қазір босаймын, — деп сендіріп қояды, сол арада-ақ екі қолымен бірдей телефонға жабысады, екі аппараттан екі адам бір мезгілде телефон соқты. Көзін ежірейтіп, қабағын түйіп қойып бас диспетчер айкайлай бастайды.

— Пісіруді неге тоқтаттындар? Қалайша электрод жоқ? Кеше неге үндемедіндер?

Алексей учаскелердің ахуалын білмекші болып, әдемілеп жазған бағаналарға және тактадағы қыйсық сызықтарға зейін сала қарады. Оның көз алдына трассаның жайы лезде-ақ келіп көрінді, Гречкиннің сызығының дұрыс емес екендігін байқады да, оған деген ықыласын жоғалтты.

Телефоннан бір минутке босаған кезде Гречкин бұл ойды Алексейдің бет әлпетінен-ақ ұқты да, мойындап:

— Шырағым, өмірдің ағымына еріп үлгіре алмайды екенсің. Трассада келген адамның бұл тактаға қарамағаны жөн.

Бірақ бұлар бізге көп жәрдем береді. Қанша айтқанмен де, біз қазір қай жерде не болып жатқанын, азды-көпті болса да, жақсы білеміз.— Гречкин мақтана түсіп: — Менің диспетчерлік мекемем жайында Рубежанск газеті бекер жазған жоқ. Оқымадың ба? Оқы ендеше! Мен саған газетін берейін.

Алексей Тополевтің үйіне кетті. Үй қожасы Марья Ивановна, инженерді өлген пәтершісінің баласындай қарсы алды. Ол жылап, Кузьма Кузьмич қандай жақсы адам еді деп, еске түсірумен болды. Оның бөлмесіне әзірге ешкім кірген жоқ екен, үй ішіндегі заттардың бәрі, Тополевтің қалдырып кеткен күйінде тұр.

Қонақ қарттан мұра болып қалған нәрселерге, шеттеріне белгі қойған кітаптар мен уақ жазулы дәптерлерге, Кузьма Кузьмичтің сыйлаған күміс темекі сауытына, ақылды көзді және аузы күлімсіреген жас әдеміше жігіт — жиенінің суретіне карады, оған: міне қазір тірі Кузьма Кузьмич кіріп келіп, қасақана ызбарлы көзімен жоғарыдан төмен көзінің астымен бір шолып, мұртын қолымен сыйпап қойып: «Ие болып жатырсың ба?» деп сұрайтын тәрізді көрінді.

— Әрине, мұнда тұратын боларсыз? — деп сұрады Марья Ивановна анығырақ білмек болып. Комендант пен Лиза Гречкина келіп: бөлме бос тұрсын, мүмкін ол сізге керек болып қалар деп кеткен еді.

— Я, мен осында тұратын боламын, — деді Алексей, Тополевтің бөлмесінде өзін бөтен адам деп ойламастан.

— Олай болса жақсылап жайласыңыз, — деді Марья Ивановна қатты қуанғанынан колдарын жайып.

— Әрине... әрине, — деді де Алексей, бойын билеген қайғыны әйел сезіп қоймас бұрын, үйден тезірек кетіп қалды.

Алексейді Либерман өз үйіне қонаққа шақырды. Жабдықтаушыға қоршауда қалған Ленинградтан шығып әйелі мен қызы келіпті. Ленинградтықтардың көрген азабын түсіну үшін, олардың сөзін тындаудың қажеті жоқ, өздерінің түрінен-ақ көруге болатын еді.

Либерманның әйелі қырықтың шамасындағы адам, қазір алпыс жастағы кемпір сыяқты болып қалыпты. Шашы ағарған, діңгене болып бар тісі түсіп қалған, толық денесі аштықтан семіп қалған, бетінің, мойнының терісі сарғайып, әжім басып кеткен.

— Міне, мынау менің қамауға дейін түскенім, — деп ол Алексейге әлі жап-жас әдемі әйелдің, кербездене қарап отырған шырайлы суретін көрсетті.

Ал қыздың өңі көп жасаған және көп азап көрген, қасірет шеккен адамның түріндей. Жүдеген бет әлпетінде әкесінің «мұрны» бір қарағаннан көрініп тұр — ондай үлкен болмаса да, түрі Либерманның мұрнына ұқсаған.

Аузында тісінің жоқтығынан шүлдірлеп әрі жылап, біресе аянышпен, біресе катуланып отырып Либерманның әйелі гері пальтосының белін жіппен буынған, басына көрпе ораған және қолында мұз болып жатқан шелегі бар атакты артист әйел жайында; Кронверск мен Коменноостровскийдің бұрышында, екінші вагонда қатып қалған жалғыз пассажиры ғана бар трамвайдың жүрмей тұрып қалғаны жайында, соңғы кезде барлығы он-ақ адам қалған, бұлардың алты қатар үйлері жайында, апасы мен кішкене жиен қыздарын бір шанаға салып иолаға қалай апарғандары жайында: түннің заман-ақырдан қараңғылығы жайында; Петергофтегі дарға асулар жайында; Жамбылдың — «Ленинградтық өрендерім!» деген өлеңі жайында жыр қылып айтты.

— Егер де мамам болмағанда, біздің Ленинградтан мен ешуақытта да кетпеген болар едім! — деп қыз ашулана айқайлады. — Фашистерді қалай қуатындығын көргім келеді!

Қараңғылықты, бомбы тастауды және зеңбіректердің атылуын білмеген қалаға — Новинскіге ол таң қалды. Оның берген сұрақтарынан үлкен адамдар біртүрлі ыңғайсызданып, не дерге білмей сасып қалады.

— Шешетайым-ау! Менің сүйікті шешетайым-ау! — деп сыбырлады Либерман, қыйналған көздерімен әйеліне және қызына карап. — Бейбіт отырған адам, маған да құрал беріңдерші, мен де сұмырайлардан өшімді алайын.

Петька кештеу, түнде келді — ол ала Футболка көйлек, өкшылт шалбары және жалаң аяғына ақ башмақ киген. Жігіттің беті күнге күйген, әрбіреуі тыйынның үлкендігіндей секпілдері бұрынғысынан да көбейе түскен, күнге күйгеннен мұрнының терісі сыдырылған. Ол Алексейді басқарманың қарсысындағы скверден тапты. Мұнда өте тыныш, қаптаған әдемі ақ гүлдердің хош иісі келіп тұр.

Бала анадай жерде скамейкада қозғалмастан отырған Алексейді көрді де, оған жақындап баруға бата алмады. Жасқаншақтығын жеңіп Петя жақындап келіп, инженерді сырт жағынан келіп құшақтады.

— Митенька! — деп айқайлап жіберді Алексей. Оның інісі де бұған дәл осы сыяқты бұғып келуді жақсы көретін еді.

Петя екенін білді де, Алексей оны үндеместен өзіне қарай тартты. Олар поселкенің ұзын бойында және айдың сәулесінде жарқырап жатқан Адунның жағасымен жүріп көп қыдырды. Петя төртінші учаскедегі өзінің жұмысы жайындағы пікірлерін қобалжый айтты. Оның карауында пісірушілердің сегіз звеносы бар еді, бұл оларды он километрлік учаскенің екі шетінен істетте бастаған. Өзі аттан түспейді, екі жақтағы пісіру-

шілерді бірдей бақылап үлгіреді. Петя Умара Магометтің жайына аса ықылас қойды, сондықтан құрылыстың ең жақсы пісірушілерінің жұмысты қалай істейтіні, оның түйісімді неше минутта пісіретіні, қандай амалдарының бары, көмекшілерінің қалай істейтіні жайында Алексейдің айтып беруіне тура келді.

Ковшов Петьканы учаскеден шақырғанда, өзі бұғазға қайтадан бармақшы болып, оны алып кетем бе деп ойлап еді. Бала өз учаскесіне әбден сіңісіп алған және пісірушілер жайында ғана ойлайды, сондықтан Алексей өзінің ұсынысымен мазасын алмайын деп ойлады. Енді бір сағаттан кейін Петька қыңқылдай бастады: Алексейдің қасынан оның кеткісі де келмеді, ал учаскеге қайтып бара жатқан машинадан калып қоям ба деп қыпылдады. Бәрі де есетпеулі еді: он алты сағаттың ішінде ол тұрған жеріне қайтып барып, ертеңгі күнгі кешкі сменаға үлгіруі керек. Оның пісірушілері бір күнде екі мөлшер орындап шыға алды ма деп, Петька ішінен ойланумен болды, ал сонымен қатар, бұл бұғаздағы Тополевтің өлімі, оны жерлегені жөніндегі Алексейдің әңгімесін де бар ынтасымен тыңдады.

— Біз екеуміз, оның мұрагерлеріміз, — деді Алексей көңілі бұзылып. — Одан маған, менен саған, бәйгелі жарыстағы — эстафетадағы тәрізді, оның бітпеген істері колдан колға ауысып етуі керек. Петя, сен өзіңе тек бүгінгі қамың үшін ғана шек қойма. Пісіруден басқа да, сені күтіп тұрған әлі де көп істер бар. Достым, өзіңнің өсуіңнің бесжылдығын ойлайтын да мезгіл жетті.

Бұлар туысқан адамдардай, ұялмастан үш мәртебеден сүйісіп және қатты құшақтасып қоштасты. Петька Алексейдің бетіне қарады да, жыларда тамаққа келіп тығылатын түйіншекті тістене жұтып шынтағын бүйіріне қысып ұстап, қадамын серпе басып, жүгіріп кетіп қалды.

Дегенмен Алексейге үйге баруға тура келді. Ол Полина Яковлевна Залкиндпен бала бақшасында күтушілермен және тәрбиешілермен мәжіліс өткізіп, содан қайтып келе жатқан Лизочка Гречкинаны куып жетті. Лизочканың өтінуі бойынша ол бір минутке олардың байлығын көру үшін, Гречкиннің үйіне кірді: төрт баласы — біріне-бірі ұқсаған, үшеуі ұл, біреуі қыз, беттері қып-қызыл болып, үйдің қабырғасы бойына жағалай қойылған ағаш төсекте ұйқтап жатыр екен.

Женяның бұл үшін жақсылап жыйнаған және қыс бойы бос тұрған бөлмесінде отырғанда, Алексей жақын адамдарын еске түсірушілік ойдан ешқайда қашып құтыла алмады, олардың суреттегі тұпа-тура қараған көздері өздеріне тартады.

Сол жақта, қоңыр тартқан кішкене карточкеден, қабағын түйіп, ызбарланған Тополев бұған қарап тұр. Үй ішімен түскен

үлкен суреттен бұған карап Митя да күлгендей. Бұларды барлық үй ішімен Алексей оңтүстік құрылыстан келген күні жолдасы Сережа түсірген болатын. Ол кезде барлығының да көңілдері өте көтеріңкі еді. Тапқыр сөздер Сережадан Алексейге, Алексейден Митяға көшіп, волейболдың добындай қақпақылға түсіп отырған. Әкесі бұларды тыңдап отырып, шек-сілесі қатқанша күлді. Күлкілері қашан басылар екен деп Сережа оларды ұзақ күтті, бірақ күлкі басылмады, сондықтан түсірілген сурет оларды өмірі күліп тұратындай етіп шығарды.

Сережа Зинаны да суретке түсірген. Сол түсіргенде ол Зинаны басын ерекше бір әсем түрде бұрын отырса екен деп тырысып баққан еді. Қыз оған келісім бермеді: «Мені әдемі түсіремін деп ойлама. Өзім қандай болсам, Алеша сол күйімде-ақ жақсы көреді. Рас па, Алеша?» Енді суреттен көзін айырып ала алмады. Зинаның көз қарасы өткір, адамға жылы көрінуші еді. Ұзын кірпіктері бейнебір қозғалып тұрған сыяқты.

Алексей өзін езі ұстай алмай, еңіреп жылап жіберді. Адамның сыртына жарып шыққан жұбанбастай зарының жан жүйесіне тиерліктей жылаған көмескі дауысты Женя есітті. Ол учаскеден жаңа ғана келген еді. Алексейдің келгендігін Гречкин айтып, Женя мұны іздеп үйге жүгіріп келген болатын...

...Бұрын Женя Козлова өзінің қалай тұратындығы жайын аз ойлайтын. Өмірдің кең айдынды дариясы оны қуанышпен жүздіре беретін. Маңайына айнала қарамастан және онша абыржымастан қыз күшті тасқынмен ептеп аға беретін. Кейбір адамдарға балалық шақтан өткеннен кейін де, өмір өзінің осы қалпындай қыйын болмай, оп-оңай, жеп-жеңіл әрі көңілді болатындық жиі кездеседі. Бірақ ол белгілі бір кезеңге дейін ғана. Ақыйхатты ойламаушылық деген нәрсе — біреуде ерте, біреуде кеш, ақыры өмірге неғұрлым дұрыс, қатаң әрі ақылды қараушылық мінезбен ауысады. Козлованың өміріндегі барлық нәрсені өзі де сезбестен, Алексей Ковшов өзгертті.

Ол мұнымен ойда жоқ жерде танысты және Алексей оған ұнап қалды. Женя ештеңе ойламастан, ешбір қалтқысыз оған бой ұра бастады. Мұндай іс бұрын да болған — Таня Васильченко мұны жеңілдік деген болатын. Женя Алексеймен кездесуді ашық түрде іздеп, ол үшін дәлелдерін де тапты. Оның достық ретіндегі үйірлігін, Женя өзіне ерекше көңілі барлығы деп түсінді. Зина туралы ол алғашқы танысқан кезінде-ақ білсе де, ылтифатқа алмай, ол алыста, сондықтан олай болуы мүмкін де емес деп ойлаған.

Бірақ Женяның тек жаңа ғана ержеткен сезімі жайы достықтан гөрі зорырағын тіледі. Қыз Алексейдің алыстағы Зинаны сүйетіндігін және оған басқа ешкімнің де қолы жетпейтін-

дігін көрді. Содан соң қыздың сезімі бірден бекіп, қатайып, бүтін нәрсені өзіне бағындырушы зор махаббатқа көшті. Бұл бір-ақ кештің өзінде, Алексейдің Зинаны қандай жақсы көретіндігін көңілі толқый отырып айтқан минутында осылай болған-ды.

Женя екі жақтан бірдей болмаған сезімнің азабын тартты. Осы күнге дейін бұған мәлімсіз және тіпті төзімсіз ауыр қасіретті, ол ішінде сақтап, ептеп баспақшы болды. Ол Алексейге немқұрайды қарайтын адам сыяқты болып көрінуге де тырысты. Егер бұлай етуге кейде бола тұрса да оның өзі ұзаққа созылмады. Өз махаббатына шомған Алексей, о баста Женяның халін тіпті сезбеді де, сондықтан, қыздан бойын аулаққа салуға оншалық көңіл де қоймады. Оның әруақытта жұғымды болуы, Женяның мысын құртты, одан бойын аулаққа салып, көңілін суытам ба деген барлық жаманшылық ойлары, кездескен уақытта жоқ болып кететін. Біраз уақыт өзін-өзі шеттеткеннен кейін, оған деген құмарлығы қайта күшейе түсті: «Құмарлық отымды сөндіресің бе жаным? Аспан неғұрлым тұнжырап әрі қараңғы болса, боран солғұрлым күшейе соғады»; Байронның осы өлеңін Женя радиодан есітті, бұл өлең бейнебір осы үшін арналғандай еді.

Женя өзін-өзі жеңе алмады және Алексеймен достық қарым-қатнасын қанағаттандырмаса да, одан бойын аулаққа салуға күші жетпеді. Ол Алексейдің әрбір шақыруын қарсы алды, онымен асханаға, сирек болып тұратын сауық кештеріне және клубтағы кино-сеанстарға бірге барып жүрді. Оның өз қамын өзі ойламай жүргенін сезіп, Женя қамқорлығына алды. Жан сезімінің арғы түкпірінде бір үміт те болды... Кузьма Кузьмич Тополев, мұның тегі ішінен тынып азапқа түсіп жүргендігін ойымен жорып, бір күні кабинетте Женяның Алексейді күтіп отырғандығын көріп (Ковшов Батманов шақырған мәжілісте болатын), абайсызда мынадай «зор махаббат қашан да жеңеді...» деген мағналы сөз айтты.

Алексей Беридземен екеуі трасса бойына жол жүріп, боранда өліп қала жаздаған күндері, Женяның қайғысы одан сайын үдей түсті. Бір кезде оған өзінен-өзі мынадай бір сенім пайда болды: егер Алексейге деген махаббат сақталатын болса, онда ол, Женя, одан кейін шегінуге тиісті емес, Алексей де мұны жақсы көретіндей болуы керек, енді міне, соған жету керек. Тек қана ол бірдемеге ұшырап қалмай, аман қайтып келсе екен! Не себептен екені белгісіз, ол әлі жақсы көре қоймаса да, бірақ жай жолдас қана емес, деп оның бұған көз қараса өзгергеніне сеніп жүрді. Алексей қайтып келді, бұлар кездесті. Ол мұны құшақтап баурына тарттады деп күткен еді! Оны істемеді. Алексейдің қыбыр еткен қыймылы да, сонынан білдірген оның салқын қатнасы да Женяның назарынан

шеткері қалған жоқ. Оның ойда жоқ жерде пышақ кескендей өзгере қалғандығы Женяны қатты өкпелетті.

Сонынан ол Алексейдің сол кезде қандай күйде болғаны туралы ойлады және бәрін де түсінді. Түсінгесін Алексейді бұрынғыдан бетер бағалады. Бір мінезді қылығы бар, шын жүректен сүйе білетін бұл жігіттен мүлде айырлып қалу, оның жанына қатты батты.

Женя Алексейге деген сүйіспендік сезімді бірте-бірте таза жолдастық қатнасқа ауыстыра білді. Бірде, олар бірін-бірі үш күндей көрмеді, кездескенде Женя оны достарша құшақтады. Алексей мұны қате түсініп, Женяны ренжітті. Бірақ Алексейге ол сол арада-ақ мұнысын кешті.

Алексей бұғазға кетті, көп кешікпей нефтепровод үшін шешуші күрес жүргізіліп жатқан учаске жөнінде құрылыс бойына аңыз тарады. Женя Гречкиннен бұғазға жібер деп өтінді. Гречкин жібермекші болып уәде берді, ал бір күн өткен соң, оның келуіне Алексей қарсы болып жатыр дегенді айтты. Женя өкпелеп қалды, көп кешікпей тағы да осы өкпесін ұмытып кетті. Ол Алексейді өзінен де артық сүйуші еді.

Таныс болған бірнеше ай ішінде Женя мүлдем соның ықпалына бағынды. Қыз ол туралы ғана ойлауға әдеттенді, әуелінде өзі де аңдамастан, Алексейдің көңіліне жағарлықтай істер істеуге тырысты. Женя әдетте қоғамдық тапсырмадан бойын аулаққа салушы еді, Алексей болса оған зор мән беретін, сондықтан Женя оған жақсы көрінем деп, қоғам жұмысынан бастартуды қойды. Біраз уақыт өткен соң, ол өзі де қоғамдық жұмысқа үйреніп алды. Қазір ол комсомолдың ұйымдастырушысы және бастаушысы болу міндетін алумен бірге өз өміріне енген өзгеріссіз тұра алмайтындай болып кетті.

Женя енді бүкіл кешті тек бимен ғана өткізе алмас еді. Көп нәрсеге ол қазір Алексейдің көзімен қарайтын болып, дұрысын айтқанда ол мұның орнында болса, қалай істеген болар еді, деп ойлауға тырысты. Мүмкін ол басқаша істеген болар еді, бірақ сол ойлаудың өзі, оған қадамды жақсылап ойланып барып басу керек екендігіне көмектесті. Жұмыс жағдайында кездескен табыстарының бір үлесін ол Алексейге бөліп қоятын болды; өйткені бұған мұндай дұрыс ұйғарындыға келуге көмектескен Алексей ғой. Петька Гудкин жөнінде де осылай болып шықты. Бала трассаға сұранып еді, Кобзев оны жібермеді. Гудкин Женяға келіп мұңын шағып: «Алексей Николаевичтің жоқтығы-ай, мені жіберген болар еді, ол түсінер еді», — деді. Женя да: «Дұрыс, Алексей Гудкинге жәрдем бертен болар еді», деп ойлады. Содан кейін Женя Залкиндке барып, Кобзевке сол арқылы ықпал жасады. Петяны трассаға жіберді. Кейін Петя рахмет айтқанда, бұл алғыс Алексейге айтылуға тиіс қой деп, Женя ұялып қысылып қалды.

Алексейдің ісіндегі сәтті болған жұмысын, қыйыншылығы мен уайым-қайғысына Женяның іштей ортақтасып жүретініне Алексей де күдіктенбейтін еді. Газеттегі мақаланы оқып, Алексейді Беридземен қатар советтің жаңа мектебінің дарынды инженерлері деп атағандығына, ол қандай масаттанды. Алексейдің басына келген бақытсыздық оған соқпай кеткен жоқ. Анау уақытта, селектормен сөйлескенде, Алексей өзінің шыдамдылығын Женядан гөрі артығырақ көрсетті. Женя Зинаға бейнебір өзінің туған әпкесіндей қайғырды. Зина оның күндесі екендігі, мұның ойына кіріп те шықпады.

Женя өзі турасында Алексеймен бірге болуым керек деп ұйғарды. Мұның ойынша, оның достарының ешбіреуі де — Беридзе де, Тополев те, Таня да — Женя сыяқты жұбата да, көңілін аулай да және қайрат бере де алмайтындай көрді. Ол тіпті түс те көрді, түсінде: Алексей жападан жалғыз қамығып отырып, Женяны қасына шақырады екен. Аралдағы учаскеге жіберуді Гречкиннен тағы да өтініп сұрады. Женя қадалып тілек қоя алмады, өйткені дәлелдері күшті емес болатын. Гречкин де қыздың жанын жеген уайымды сезіп, жол жүрсе ол ұмытылар деп, бір командировкадан екінші командировкаға қуа бастады.

...Ақырында ол өзінің сүйген адамын көрді. Алексей басын столға қойыпты, денесі қалш-қалш етеді, сарғылт шашы маңдайын жауып, көзіне түскен.

Адамның басқа сезімдері сыяқты, аяушылық та, сегіз қырлы, бір сырлы ғой. Кейде ол жек көрушілікпен тең. Кімге арналған болса, көбінесе соны қорлайды. Бірақ сүйюшінің сол өзі сүйген адамды аяушылығы, — әрі зор, әрі аса құдіретті сезім. Осындай сезімге бөленген Женя Алексейге бассалды. Бұл оның қайғысына ортақ болып, бас игендей бір секундқа ғана бетіне-бетін тақады. Алексейдің басын столдан әрең көтеріп алып, көздері жұмулы, ауыр қайғыдан сұры қашып өзгеріп кеткен бетін өзіне қаратып бұрды да, сүйе бастады, бұл сүйуде құмарлықтан гөрі аналық сезім басымырақ еді.

— Маған қандай ауыр, Женя! Қандай ауыр! — деген зарлы дауыспен Алексей шын ниетімен қызға басын сүйеді.

Алексейдің басын кеудесіне басып, бұл оны жас баладай әлдилей бастады.

— Алеша, сенің достарың көп, әрі сенің жұмысың, үлкен міндеттерің бар. Қайғың өтер, күшінді жыйнарсың, жеңіл бола бастар. Тек сенің есінде болсын: сен керекті адамсың, сені бәрі де жақсы көреді және сенімен бірдей қайғырады. Тек саған жеңіл болу үшін, не істеу керек екенін білмеймін ғой, бәрін де істер едім. Қумасаң, мен әрқашан сенімен бірге болам, әрқашан! Басынды көтер, жадыра сүйіктім, — бұрынғындай күшті бол.

Батманов қайтып келді, келісімен Беридзе мен Ковшовты және Гречкинді шақырды. Құрылыс бастығының столында кішкене вентилятор зуылдап айналып тұр. Күн ыссы еді, сондықтан ыстықтаған Василий Максимович жеңін түріп, жұқа жібек көйлегінің жағасын кеңірек ағытып, кабинетінің ішінде ерсілі-қарсылы жүр.

— Арифметикамен шұғылданайық,— деді Батманов, келгендермен амандық сұрасқан бір-екі сөзден кейін.— Германның қолындағы үш карта сыяқты, маған тыныштық бермей тұрған үш цифр бар. Олар міне, мұнда отыр,— деп Батманов өзінің желкесін қақты.

Қауіпті үш цифр деп Василий Максимович, құрылысты бітіруге деген үкіметтің мерзіміне дейінгі қалған күннің санын, нефтепроводты салу және пісірудің әлі орындалмаған жұмысының көлемін, керекті жұмыс адамының санын айтып өтті. Цифрлар онша қуантпады: мерзімге дейінгі күн өте аз қалған, пісіру жұмысы жуықта ғана басталған, жұмысшы саны жетпейді.

— Арал мен бұғазда және басқа учаскелерде де мен біртүрлі арқаны кеңге салушылықты байқап келдім,— деді Батманов, беті мен кеудесін салқын желге ұстау үшін вентиляторға жақындап барып. Оның шашы желбіреп кетті.— Қыс ойдағыдай өткен соң, жұртқа жайбараттық пайда болған. Біз мұнайды мерзімінде береміз деп сенушілік бар. Мұндай асыра сенушіліктің, менің ойымша, сенбеушіліктен артық ештеңесі жоқ. Құрылысты бітпей қалады деп мазасызданушылық жоқ, нефтепроводты бітіру мерзімінің жақындап қалғандығын сезу қорқынышы да жоқ. Бір сағаттан соң бір сағаттың, бір күннен соң бір күннің — уақыттың қалайша қайтып оралмастай өтіп бара жатқанын ешкім көрмейді.

Батмановтың өте қайғыртып және шын мәнісінде айтқан сөзінен Ковшов істің жайын сезді де, оған да абыржу пайда болды. Ол сезім қайғы кернеп сыздаған жүректің тынымсыз ауруын бәсеңдетті. Өзі жуықта қалдырып кеткен аралдағы учаскені Алексей көз алдына келтіріп, Батмановтың асырыңқырап айтқандығын түсінді.— Құрылысшылар тап осыншалық жайбараттықта және өздеріне көз жұма сенуде емес еді; сонымен бірге бастықтың айтуы дұрыс — уақытты тәуліктеп емес, сағаттап және минуттап есептеуді керек қылатын мезгіл жетті. Трассадан азғана уақытқа ғана қол үзген Алексей, Батмановтың айтқанының бәрін де, өз кінасы есебінде қабыл алды: әрбір сағаттың өзі қымбат болып жатқанда, сен неше күннен бері өзіңнің қайғыңмен болып, босқа уақыт кетіріп жүрсің.

— Егер де Гречкиннің есебі бойынша, бұл қауіпті үш цифрды өзара келістіре алмасак, қайтуіміз керек? — деді Василий

Максимович.—Бұлай болғанда, я мерзімін созу керек, немесе құрылысшылардың санын көбейту керек, не болмаса нефтепроводты қысқарту керек. Мерзімді созуға немесе сооруже-ниені қысқартуға біздің билігіміз келмейді. Біз тек маман жұмысшылар қосу туралы ғана айта аламыз. Залкинд Рубежан-скіде қосымша адам алудың барлық шарасын істеп жатыр. Бірақ өлкенің адам бере алмайтынына көзім жетеді, өйткені адам жоқ. Біз тек Адундағы елдің аздаған көмегіне сенуімізге болады: бұл айлар барлық колхоздарда да қызулы кез — егін жыйнаудың және балық аулаудың маусымы. Енді қандай жол бар?

Батманов сөйлесіп отырғандарға қарады да, төбесінде ұшып жүрген ара шыбынын қағып жіберіп, салмақпен:

— Жол бар! — деді.

Аралда Рогов өзінің учаскесінде жүз адам екі жүз елу процент орындайды деп Батмановқа мақтанған болатын. Осыдан кейін, жоспар бойынша қалған жұмысты талқылағанда, мөлшер бойынша есептегенде, Рогов траншея қазу үшін учаскеге бірнеше жүз кара жұмысшы қосуды талап етті.

— «Саған қосымша жұмысшы керек емес», дедім мен оған, — деді Батманов. — «Қалайша керек емес?» — деп Рогов таң қалды. — «Егер де сенің төрт жүз адамың үш нормадан берсе, ал бес жүзі — екі нормадан берсе, сонда сен міндетінді жұмысшы күшін қоспай-ақ істеп шықпайсың ба?» — деп сұрадым мен. — «Онда үлгіремін. Бірақ менде соншалық стахановшылар жоқ», — деп Тайсиннің тересі қарсылық қылды. — «Жоқ болғаннан кейін осылай болу керек, — деп жауап бердім мен. — Айтшы, егер де оны жүзден бір адам ғана менгерсе, стахановтық әдістің құны қандай болмақ? Барлық құрылысшылардың алдына дұрыс міндет қой, стахановшылар тәжрибесін тарата біл, сонда сенің жұмысшыларыңның көпшілігі нормасын екі-үш есе артығымен орындайды» — Рогов ойланды да: «Бұған қалайша сенуге болады? Мүмкін стахановшылар мың адам болар, ал мүмкін бес жүз болар. Ал жоспар дегеніміз жүзеге асыруды тілейтін дәлме-дәл іс қой», деді. Мен Роговты қолтықтап алдым да, жұмыс алаңына алып бардым: — Жоспар, оның іске асуы — ол адамдар. Александр Иванович, осы қымбатты сөздерді ұмыттың ба? Жұртқа барайық, ақылдасып көрейік.

Батманов өзінің Роговпен бірге барлық бригадаларға барғандығын және барлық жерде де жұмысшының санын өсірмей-ақ жұмысты қайткенде де бітіру жайын әңгімелегенін айтты.

Бұған жауап ретінде барлық бригадалар да өздеріне бір жарым және екі тапсырма орындау міндетін қабылдап алған, сол арада болған өндіріс мәжілістерінде жұмысшылар екі

адамның, үш адамның, керек десе төрт адамның орнына жұмыс істеуге міндеттеме алған.

— Біздер бүгін құрылыс үшін, кез келген учаске үшін және кез келген бригада үшін дереу күндік, сағаттық график жасауымыз керек,— деп Батманов кабинетте ақырын басып жүрді.— Сағатына және норма бойынша сменасына мұншалық істеу керектігін, одан мемлекет нормадан артық соншалық орындауды сұрайтынын әрбір құрылысшы түсінде де, өңінде де білуі керек. Егер де ол барлық ниетімен нефтепроводты мерзімінде бітіргісі келсе, сөйтіп майданға көмек бергісі келсе, екінші цифр да оның үшін заң болып шығады.

Құрылыс бастығының кабинетінен шықпастан, Беридзе, Ковшов және Гречкин әрбір учаскемен бригада үшін жаңа көтеріңкі тапсырманың есебін жасауға кірісті. Алексей график сызды. Гречкин логарифма линейкасымен тез есептеп шығарып, цифрларды таблицаға қондырды. Беридзе де бірдене жазып жатып, Батмановтың айтқан сөздерін тындады.

— Бізге: «Сіздердің коллективтеріңіз жақсы ұйымдасқан», дейді. Жалған ибалықты қоя тұрып, бұған келісеміз: біз жақсы ұйымдасқанбыз. Ал бүгін біз өзіміз де сезуіміз және басқаға да көрсетуіміз үшін, біздің ұйымымыздың құрсауын тығызырақ, күштірек тартып, өте жақсы ұйымдасқанымызды көрсетуіміз керек. Трассаның жұмысын біраз қайтадан құрып, екпінді учаскелер шығарып және трассада жауынгер тәртіп орнататын мезгіл жетті. Немістер Москва түбінде таяқ жегеннен кейін, естерін жыйнап оңтүстікке барып килікті. Біздің құрылысшылар Севастополь мен Харьков түбіндегі дұшпан күшінің басым екендігін күн сайын естіп жүр, жұрттың басқыншыларға өшпенділігін, олардың ызасын бұдан да гөрі ақылдырақ, мақсатқа бейімдірек етіп ұйымдастыруға көмек көрсету керек.

Батманов екпінді учаскелердің идеясын айтып берді. Оның ойынша, қазіргі екі учаскенің орнына үшеу: аралдан, Чонградағы мұнай қотаратын торабтан және құрғақтың түкпіріндегі бұғаздан ауданға дейінгі трассадан учаске құру керек.

— Мұны құрылыстың шығыс ауданы деп аталық,— деді Батманов.— Барлық ауданның бастығы етіп Беридзені қоялық. Біздің Тайсиндегі екпінді учаскенің бастығына Рогов бар. Чонградағы екпінді учаскенің бастығына Филимонов бар. Ал үшінші екпінді учаске үшін алғашқы екеуінің дәрежесіне жететіндей бір жауынгер жолдасты табармыз.

— Мұндай адам менде бар,— деп Беридзе басын көтерді.— Алексей Николаевичті, бас учаскеге онан тәуір командирді іздеп таппайсың.

— Көрерміз, ол өзін қалай алып жүрер екен,— деп Батма-

нов Алексейге карады, осыған дейіннің өзінде-ақ бас учаскеге, тек Ковшовты ғана белгілеуге деп ойлап қойып еді.— Менің онша қарсылығым жоқ. Үшіншіге біз Алешаны белгіледік делік. Сөйтіп осы үшеуі, мейлі өзді-өзі жарысып, өлгенше қызу тартыссын. Залкинд екпінді учаскелер үшін өз алдына ерекше Қызыл ту шығарылатын болсын деп жақсы пікір айтты. Кімде-кім осы туды құрылыстың ақырғы бітетін күніне дейін ұстап келсе,— Сталин жолдасқа жазатын рапортқа бірінші болып қол қою правосын алады. Жолдас Алеша, маған неге қарай қалдың? — деп сұрады Батманов, Ковшовтың өзіне карап отырғанын көріп.— Қалам ал да жаз, бұйрық беремін. Демек, барлық құрылысты үш ауданға бөлеміз: шығыстық аудан — бастығы Беридзе, орталық аудан — оны Залкинд алады және батыс аудан — мен өзім алам. Кімді кім женер екен көрелік. Алексей Николаевич, әзірге келістіріп жаза бер, ал біз орталық және батыс аудандарын екпінді учаскелерге бөлейік.

Рубежанскіден ұшып келген Залкинд осының үстінен шықты. Оның көңілінің көтеріңкі және қобалжуда екендігі білініп тұр. Батманов, Беридзе және Гречкинмен тез амандасты да, ол көңілді раймен Алексейді құттықтап, нығынан қапсырып ұстап, бәлек алып кетті. Батманов пен Беридзе біріне-бірі қарасты, Гречкин ұнатпай басын шайқады. Бұлардың бәріне де әншейінде жұртқа сыпайы, кішіпейіл екендігі белгілі Залкиндің, бұл сыяқты көңілденіп кеткендігі түсініксіздеу болды.

Михаил Борисович:

— Достым, саған күтпеген жерден екі хабар бар, — деді Алексейге жайлап айтып.— Мынаны да, мынаны да саған қолымнан тапсырғаным жән-тәніммен қуаныштымын.

Ол Алексейдің қолына, тек қазір ғана Женя берген телеграмманы және Рубежанскіден алып келген «Комсомольская правда» газетінің бір санын ұстатты. Алексейдің ерні дірілдеп, ол домбыраның қатты бұралған шегіндей тырсылдап, телеграмманың сөздерін қайта-қайта оқыды: «Жан досым, мен қайтып келдім, құшақтап сүйем, дереу телеграмма бер, мәңгілік сенің Зинаң». Абайсызда ол газеттің бетін ашып калып еді, үшінші бетте бірнеше суреттердің арасында, Зинаның өзіне таныс суретін көрді — дәл өзінің столында тұрған сурет. Суреттің астындағы барлық бетке: «Москваның ержүрек қыздары» деген үлкен очерк берілген.

— Бар, бар, оңашада сүйсініп оқы, — деді парторг, Алексейді есікке қарай жетектеп.

Саскалақтап, үнсіз қалған Алексейді ұзатты да, Залкинд пиджагін шешіп орамалымен бетінің терін сүртіп, қуанышты раймен:

— Оның Зинасы тірі болып шықты,— деді, Москваға награда алып, құрметтеліп қайтыпты.

Хабар бәрін де қуантты, Беридзе жолдасына жүгіріп бармақшы болып еді, бірақ оны Залкинд тоқтатты. Олар Талалихин, Зоя Космодемьянская жөнінде, Отан соғысының батырлары — жасөспірім балалар мен қыздар жөнінде әңгімеледі. Залкинд жаңалықтар айтты: Қыйыр-Шығыста бірінші металлургия комбинаты жүргізілген, өлкеде көктем егісі ойдағыдай аяқталған, немістердің жаңа шабуылы өте қорқынышты әрі қауіпті деп есептелінеді.

Залкинд құрылыстың бұрынғы шофері Солнцевтың хатын көрсетті: Ол Харьковтің түбінде алғаш рет соғысқа қатысып, жаудың бір танкін жойып, өзінің жауынгерлік есебін ашыпты. «Мұнда қыйыр-шығыстықтар зор құрметте,— деп оқыды парторг.— Біздің қыйыршығыстық беделімізді менің аяққа баспайтынымды жұрттың бәріне де айтарсыз. Нефтепроводтың құрылысы қалай жүріп жатқанын жазыңыз — біздің бөлімнің бүкіл құрамы сіздер туралы жақсы біледі және мұнайдың мезгілімен берілуіне өте көңіл бөліп, күтіп отыр.

— Менде де бір тәуір хат бар,— деп Батманов столынан көк конвертті суырып алды.— Кімнен келгенін ешуақытта да ойлап таппассын. Біздің құрылыстың бұрынғы бастығы — Сидоренко.

— Шынымен Сидоренко ма? — деп таңырқады Гречкин.

— Қайдан жазады дейсіз! — деп Батманов хатты маңыздап, жоғары көтерді.

— Қазақстанның құрылысынан болар? — деп жорыды Беридзе.

— Жоқ, майданнан. Сұранған екен, сонымен оны соғысқа жіберіпті. Сапер полкін басқаратын көрінеді. Жараланыпты, екі соғыс орденімен наградталыпты. Мен қазір ойлап отырмын: Сидоренконы басқа құрылысқа жібермей, майданға жібергені дұрыс болған.

— Оқышы! — деді Залкинд білгісі келіп.

— «...Бір айдай госпитальда жаттым. Фрицтар менің денеме кішкене дақ салды. Емшілер оны жазды, мен енді қайтадан бөлімге барам. Менің хатымды оқып, иығынды қалай қомдайтыныңды жақсы білем. Қымбатты жолдас, сен туралы ылғый ойлап жүремін, онымды мойныма алайын. Мен өкпемен кеттім, ол бірден тарқай қоймады. Кейіннен басқа түрде — кінаны сезушілік дейміз бе, не дейміз—еске ала бастадым. Шаруашылықты жақсы басқара алмағанымды енді түсіндім. Істің орындалуын талап етіп отырушылығым жетіспеді, жұрттың айтқанын мақұлдап және Грубскийге ұқсаған адамдардың жағымпаздығына әдеттендім, тым сенгіш болып кеттім, коллективтен қол үздім. Егер қыйын демесең, өзің қалай әрекет

істеп жатырсың, істің қалай жүре бастағанын жазарсың. Немкеттілікпен білгісі келеді екен деп түсінбе. Сенімен әлі де кездесетіндігіме сенем...»

— Жарайсын! — деді парторг, содан соң отырғандардың сұрамақшы болған түрлеріне қарап, жауап бере түсіндіріп: — Жарайсың дегенім, адамның өмірінде өз орнын табуына бізде бәрі де көмек көрсетеді. Басқа бір елде, айталық, Америкада, сүрінген немесе өзінің жұмысы жөнінде жеңілген адам ешбір көмек көре алмайды, ол сөзсіз төмен құлдырап кетеді. Онда байлыққа немесе бір тілім нанға бола күресте бірімен-бірі баққүндес. Ал бізде керек десе соғыс — сіздер тек ойлап қараңызшы — соғыс! — бірақ адамға қандай ізгілік әсер береді, адамды тез қалыптастырып және мінез-құлқын жөндеп жібереді.

— Сидоренкоға қазір рақаттанып тұрып қарар едім, — деді Батманов және терең ойланды да, айналып терезеге қарай барды. Вентилятордың желі оның жібек көйлегімен ойнап, желпілдетті.

Беридзе Рубежанскідегі жаңалықтарды сұрай бастады, Залкинд өзінің терең ойына шомып, ойланып қалған Батмановқа қарады да, ірі құрылыстарда тыңшылық істермен шұғылданған біраз адамдардың тұтқындалғанын айтты. Солармен геолог Хмара деген біреу де байланысты болыпты деседі.

— Айтпақшы, нивхтар атып тастаған Кондрин деген естерінде бар ма? — деп сұрады Залкинд. — Шын фамилиясы — Сомов екен. Оның бұғаздағы диверсияға қатнасы болыпты. Ол өзі істемеген, құрылысшылардың арасына сініп жүрген өзінің көмекшілері арқылы жасаған. Маған Кондрин жайында жолдастар еске салды: ол менің ертедегі танысым болып шықты. Жыйырма екінші жылы біздің отряд ақтардың жазалаушы жүздігін және Зейскінің ірі кулағы Федор Сомовты жойған. Кондрин соның баласы екен. Панковтың өлімі осының қолынан келді деуге дәлел бар.

— Ал Константин Родионовтың тыңшылық істерге қатнасы болмап па екен? — деп сұрады Беридзе.

— Бұл масқаралық өліммен өлген адамның кім екенін қазір айту қыйынырақ. Бірақ Хмарамен дос болуының өзі-ақ оның кім екендігін айқын сыйпаттайды.

— Жуықта Алешамен екеуміз Родионовтың жазулы бір тетрадын қарап шықтық, — деді Беридзе. — Бұл докторсымағымыз «ғылми-зерттеу» ісімен шұғылданып, сандырақ теориялар жазыпты. Ол теориясының біреуінде, адамдағы барлық адамшылық қасиеттің бірі — тұрақсыз бір сыртқы қабық сыяқты, ал оның мазмұны — аңның соқыр сезімі сыяқты деп сендірті, мекші болады. Екінші бар теориясы, дені дұрыс адам деген —

жок, ал азды-көпті бар адамдардың бәрі есаландар — деп дәлелдеуге арналған. Қандай жексұрын! Ольганың одан құтылғандығына қуаныш ету керек.

— Білесіндер ме, достарым, Кондрин мен Хмараның тарихы мені қатты уайымға салып отыр,— деді ойланып Михаил Борисович. Ленин ескілік өлерде біздің айналамызды ластап, пәлесін жұқтырып, барып өлетіндігін талай рет ескерткен еді. Біз кейде Владимир Ильичтің бұл данышпандық сактандыруын, тек әшейін айтқан сөздері деп кана қараймыз. Бізге өз адамдарымызды тереңірек білуіміз керек, сонда олардың арасындағы жат адамдар көріне калады.

Батманов тұрды да, терезеге қарады, оның көңілін бірдеме аударғандай болды — әңгіменің қыйсынына қарамастан Залкиндтен:

— Демек, менің түсінуімше, Михаил Борисович, Рубежанскіден бізге, адам күтудің керегі жоқ қой? — деп сұрады.

— Мәселе өлкелік комитеттің бюросында талқыланды. Олай ойланды, бұлай ойланды. Мені әуелі Писарев қатты колдады. Бірақ ол да, мен де: адамды ешқайдан алуға болмайтындығына көзіміз жетті. Жұмысшы күші өлкенің өнеркәсіп орындарына да, транспортына да, ауыл шаруашылығына да жетіспейді. Бізге құрылысшыларды жарысқа жұмылдыру керек деген ақыл берді. Писарев пен Дудин осында көмек көрсетуге келмекші.

— Бізде бастық жағы жеткілікті ғой,— деп Батманов күбірледі де, алақанымен жігерлене столдағы шыныны ұрды: — Жарайды. Бұйрыққа қайта оралайық. Біз әрбір минутты үнемдеуге келістік қой. Гречкин, жаз!

Василий Максимович құрылыстың соңғы кезеңі жайында, жұмыстың тәуліктік және сағаттық графигін енгізу, трассада үш аудан және он сегіз екпінді учаске ұйымдастыру жайында бұйрықты қайтадан жазуға кірісті.

Он екінші тарау

МАЗАСЫЗ ТАҢ

Батманов түн ішінде өзара жарысқа түскен үш екпінді учаскенің бастықтарын: аралдағы, бұғаздағы — Филимоновты және құрғақтағы — Ковшовты селокторға шақырды.

— Сәламатсыздар ма, түн катушылар,— деді Василий Максимович.— Менің қасымда парторг отыр. Біз бес күндік жарыстың қорытындысын тексермекшіміз. Сіздер дайынсыздар ма?

— Дайынбыз,— деді Рогов бәрінен бұрын.

— Сен немене, үшеуің үшін де жауап беремісің? Филимо-

нов пен Ковшовта не істеліп жатқаны аралдағы саған көрініп тұр ма?

— Василий Максимович, көрінеді,— деп жауап берді Рогов, қарлығыңқыраған, көңілді дауыспен. — Мен олардың басқан әрбір қадамын біліп отырмын. Мысалы, сізге, Филимоновтың жетпіс төрт сағат насос станциясынан шықпай отырғанын, ал Ковшовтың машинада тұрам деп тамақ жеуден қалғанын, бір аптадан екінші аптаға дейін түстік ішпей жүргенін баяндап беруіме болады. Еңбекке ынталылық, мұны ескеруіңізді өтінем.

Алексейдің тұрағы пісірушілер бригадасының құрғақтың түкпіріне қарай алыстауымен байланысты әлсін-әлі ауысып тұратын еді, міне, қазір оның кезекті үйі — тап-тар бөлмесінде Карпов, Умара Магомет және прораб Грубский отыр. Олар селектордың трубкасынан, алыстан болса да даусы өзгерместен, анық, жақсы естіліп тұрған құрылыс бастығының бет ажарын көргісі келгендей қадала қарайды.

Алексей селектор аппаратының қасында: аздап шаршаған, бір-ақ әлі сергек Батмановты; ол столға сүйеніп отырған шашы қобырап маңдайына түскен; аузына ылғый папирос салып, жұмсақ креслода қыйсайып жатқан Залкинді; жағы түктенген және көзі қып-қызыл Филимоновты; оның қасында өзі де байқамай сақалын сыйпап тұрған Беридзені; қасында бір топ адамы бар, селектордың тетігін басып қойып олармен қалжыңдасып отыратын, жалпақ бет Роговты өз ойынша көз алдына келтірді.

— Сіздердің коллективтеріңіз өзіне қосымша міндеттемелер алды ғой,— деді Батманов.— жолдас Рогов, нағыз өжеті сен болсан, бірінші болып баяндай ғой.

— Жарайды! — деп Рогов әскерше қатты жауап бергенде, трубка дыңылдап кетті.— Біз ертеңгі күнге дейін, қателестім, түзеп айтам, бүгінгі күнгі сағат он екіге дейін трубаларды трассаның шеткі пунктіне дейін, былайша айтқанда, нефтепровод промысылына дейін тасып бітіруге міндеттеме алдық. Нәтижесі мынадай: тасып бітіруге қалғаны 100 дана, анығын айтқанда, жүз екі труба. Қазір учаскенің барлық труба тасушылары машинасын тиеп қойды, таң білінсімен жолға шықпақ. Содан кейін олар екінші рет апарады, сонымен труба тасу жұмысы тамам болады.

— Он екіге ме? — деп сұрады Батманов.

— Жоқ, он бірге,— деді Рогов.

— Филимонов! Сенде қалай?

— Дизель мен насостың монтажын осы қазір ғана бітірдік. Мен бригадаларға — алты сағат демалыс бердім. Жұрт көптен бері ұйқтаған жоқ еді. Ертең таңсәріден бастап жана күшпен сынап көруге кірісеміз.

— Ковшов! Ал сен ше? Ұятқа қалдырған жоқсың ба?

— Жоқ, біздің соңымыздан ондайлар ермейді,— деді Алексей. Жәрдемшілер мен Умараның көзі енді бұған тесіле қалды.— Біздің міндеттемеміз: бүгінгі күнгі сағат он сегізге дейін құрғақтағы бас учаске нефтепроводының алғашқы отыз километрінің пісіруін аяқтап, оны траншеяға түсіріп және су жіберіп сынау жұмысын бітіру еді. Менің қасымда Умара Магомет отыр, ол осыдан екі сағат бұрын өз қолыммен отыз километрдің соңғы түйісімін пісіріп болдым деп баяндады.

— Дұрыс, Василь Максимич, отыз километр пісірілді, солайымен дайын,— деп Умара шыдамастан, селекторға жақындады.

— Умараның пісіріп болуын күтпестен, біз оның істейтін жерін сырмамен жауып, сынақ жұмысына дайындықты бастадық,— деп Алексей өзінің сөзін айта берді.— Ауа шығару үшін бакылау крандарын орнаттық, трубопроводтарға су толтыра бастадық. Суды екі насоспен жіберіп жатырмыз, бірталай уақыт өтті, жыйырма сағаттай болды — ертең таңертеңге дейін трубопровод суға толуға тиісті.

— Учаскедегі адамдар не істеу керек екендігі, оларға ескертілген бе?— деді Батманов әбден тәптештеп білгісі келіп.

— Сынақ жұмысы үшін тек өте қажет деген адамдар ғана бөлінді. Қалғандары отыз бірінші, отыз екінші километрдегі жұмысты істей береді.

— Демек, сағат он сегізге үлгіресіз ғой?

— Үлгіреміз, бәрі де есептелініп дайындалған.

— Бас инженер бұларға сенуге бола ма? Олардікі әсірелік емес пе екен, жастар ғой? — деп сұрады Залкинд. Қазір сіз кімнің қасында тұрсыз? Ковшовтың қасында тұрған шығарсыз.

— Таппадыңыз, мен Филимоновтың қасындамын. Дизель мен насосстан шыға алмай жатырмын. Василий Максимович, Михаил Борисович, бұлардың үшеуі де шындарын баяндағанын мен де растаймын.

— Егер олай болса, сіздерге рахмет айтамыз, достарым! — деді Батманов шын ниетімен сүйсініп.— Әрине, бұл әлі алдын ала ғой. Сағат он сегізден кейін рахметті бұдан қызуырк айтармыз.

— Совет Отанына қызмет етеміз,— деп тағы да Рогов басқалардан бұрынырақ жауап берді.

— Ту әзірше Ковшов те ма? — деді Залкинд, ең жақсы екіпіндіге бес күнде бір беріліп тұратын басқарма туының кімде екенін өте жақсы біле тұра.

— Ту менде және әзірше емес. Ол осы қалпы менде қалады,— деді Ковшов, отты көзімен Умара Магометке, Карповқа және Грубскийге қарап қойып. Бұлар ризамыз дегендей бастарын изесті.

— Менің ойымша, туды ертең аралға алып келесіңдер ғой деймін,— деді Рогов, ал оның қасында тұрғандардың мұны мақұлдап шулаған даусы естілді.

— Туды әуреленіп аралға апарудың керегі не? Мен оны бұғазда ұстап алып, насос станциясына апарып қоярмын,— деді Филимонов.

— Саудаласпай-ақ қоялық! Саудаласу не керек? Туды ешқайда да апармаймыз! Ол құлылыс біткенше біздікі,— деп Умара қызараңдап трубкаға келіп айқайлады да, бұл жерден біреу алып кетейін деп жатқандай бұрышта тұрған тудың ағашынан қолымен ұстай алды.

Батманов пен Залкинд екеуі шек-сілесі қатқанша күлді. Оларға Рогов та қосылды. Новинскіден аралға дейінгі провод бойы бір минуттай уақыт күлкіге айналып кетті.

— Жігітім, жақсы, бастық күліп жатыр. Шек-сілесі қатады. Бәрі де күлдірген сен, Умара,— деді Карпов жымыя түсіп.

— Жарайды, Умара Магомет, туды беруге тура келе ме, әлде тура келмей ме, оны кейін көрерміз. Маған бәрібір, менде ту жоқ, ал сіздерге, әрине, ұят,— деді Василий Максимович мейрімділікпен, сол кезде оның Залкиндке көзін қысып қалатындығын, осында отырып-ақ Алексей өзі ішінен ойланып қойды. Достарым, сіздермен былай келіселік: кімде-кім жұмысты аяқтаса, бізге дереу телефонмен хабарласып және ізінше ресми түрде телеграмма жіберсін. Беридзе бұрынғысындай, төреші болады — ол берілген хабардың дұрыстығына жауапты. Енді, Георгий Давыдович, сіз екі жерде бірдей бола алмасаңыз да, Филимоновтың да, Ковшовтың да сынақ жұмыстарын тікелей өзіңіз басқаруыңызды сұраймын.

— Әрине,— деп Беридзе келісім берді.— Сіз қапа болмаңыз, бәрі де ойдағыдай істеледі.

— Жолдастар, меніңше, сіздер бүгінгі атқалы тұрған таңның яғни тіпті атқан таңның ерекше және өте маңызды скендігіне оншалық түсінбегенсіздер-ау деймін,— деп Залкинд сөзге килікті: оның көңіл толқуын провод бүркеп қала алмады.— Ковшов пен Филимоновтікі жұмыстың жай ғана бір көлемі бітіп қана қою емес, бұлардықы: нефтепроводтың, біржолата біткен тұңғыш объектісінің сынағы. Бұл — құрылыстағы жана дәуір емес пе! Сөйтіп сынақ жұмысының ойдағыдай өткізілуіне көптеген жұмыс байланысты болып отыр.

— Және тағы естеріңізде болсын,— деді Батманов,— бұл сынақ жұмыстарымен Рубежанск де, Москва да шұғылданады.

— Олар мүдірмейді,— деді Рогов аралда тұрып білетін қалпын көрсетіп.— Мен оларға кепіл бола аламын.

— Ал, күштерің өсіп, істерің өнсін! — деп Залкинд айқайлап жіберді.— Тыныш ұйқтандар деп айта алмаймыз, өйткені

түн өтіп, мазасыз таң атып келеді. Сіздердің үшеуіңізге де жұмыстарыңыздың жемісті, әрі табысты болуын тілейміз.

Ковшов, Грубский және Карпов үшеуі бірге отырып алдағы болатын сынақ жұмысын әбден талқылады. Умараға әлдеқашан қайтып ұйқтаса да болатын еді, бірақ ол дайындық жұмысына қызығып, сонда отыра берді, біресе біреуіне, біресе екіншісіне алаңдап қарап, әрбір сөзді бос жібермей бақылап отыр.

— Алло, Георгий Давыдович! — деп Батманов тағы сөйлей бастады.— Сынақ жұмысы өтсімен Филимоновты босат, ұйқтасын. Мерзім — жыйырма төрт сағат. Ковшовқа қасықпен аузына тамақ беретін күтуші белгілеңіз.

— Міне, бұл дұрыс,— деді Рогов мақұлдап.— Әйтпегенде: жолдасым жүдегендіктен өліп калама деп менің мазам кетуде. Онда мен кіммен жарысам.

— Сен сөзді бөлме, мен әлі бітіргенім жоқ,— деді Батманов.— Георгий Давыдович, жуықта Роговка баруға да тырысарсың. Ол бар мөлшерден артық тамақ ішіп, әрі ұйқтап жүрме деген күдік бар.

— Менің де осындай күдігім бар,— деді Алексей,— ол паша сыяқты семіріп кеткен.

— Қымбатты көршілерім! Олай болса ертең күн мереке сыяқты екен, сіздерді осында аралға шақырамын,— деді Рогов, тегі, шын болу керек.— Қонақасы қалағандарыңша болады.— Менің аралымда не болса, сол байлықтың бәрін де алдарыңызға тартамын.

...Олар ұйқтауға жатпады.

— Участке күні бойы қалыпты жұмыс істеуге міндетті: сынақ ісі біздің жұмысымыздың өнімін төмендетпеуі керек. Өнімді асыруға болады, оған қарсылығым жоқ, демалысты прессовке жасауды аяқтаған кезде рұқсат етеміз,— деді Алексей, Умараның мерекелік көтеріңкі көңілін сезіп.— Магомет, есітесің бе? Сен отыз километр пісірдің, енді әрмен қарай жүре бересің. Біздің учаскеміз үлкен, жетеді! Сен бар да ұйқта, сменаға сергіп шық. Шыдамдылықтың үлгісін көрсет.

Умара ашуланып, көзін адырайтып, күрсінді, катты шашы онан сайын тікірейіп, үрпніп кетті, ол көйлегінің жағасын қайырып қойды.

— Сенің қандай адам екеніңді, түсінбеймін! — деп ызаланып, фуражкасын алып, шыға жөнелді.

Ол есіктен шығысымен айқайлап:

— Шыдамдылық! Қайдағы шыдамдылық? Ұйқтауға өзің бар! Өзің сергек бол! — деді.

Таң білінісімен-ақ, күн шықпай жатып, участие аяғынан тік

тұрды. Бригадалар үнсіз топталып, өздерінің орындарына шапшаң тарай бастады.

Трассаның екі жағындағы орманды қалың тұман басқан екен, оның шымылдығы тым жай түрілді де, әзірге тек Тайганың төменгі белдеуінен ғана серпілді. Қурайлардың арасындағы тұман жанды нәрседей қыймылдап, будак-будак болып, бытырап жоғары көтерілді. Тұманнан сұрланған аспан күнгірт тартып тұр.

Алексей жалаңбас, үстінде шынтағына дейін жеңін түрген ала көйлек, балағын етіктің қонышына түсірген шалбар, шаптауық ағашы шыққан төбешікке шығып тұрды. Оның артына қарай қайырған шашы жаз шыққалы күнге күйіп, бидай өндес болған; ақ шаштары бұлардың арасынан көрінбей кеткен. Беті, қолдары, мойны күнге тотығып күйіп қызыл күрең болыпты. Алексей сақалын алып та үлгірді, ал таза, жас бет ажарына қарағанда, оны ешкім көптен бері адам сыяқты дем алмаған екен деп айтуға болмайтындай еді. Көл жақтан ескен жұмсақ жел салқындау ылғал әкелді. Инженер өзіне қонған маса мен шыбыннан қорғанды.

Екі насос пысылдап, шырылдап жуан шлангамен көлден трубопроводқа қарай су жіберіп жатыр. Трактор тарсылдап, Тереховтың заводының жасаған темір жақтауына орнатылған қысқыш аппаратын тартып келеді. Оның монометріне қазір нефтепроводтың барлық құрылыстарының көздері түсті.

Көз көрім жерден әрі қарай созылған жарым-жартылай топырақпен көмілген үлкен трубопровод ертегінің кара жыланайдай шұбатылып терең траншеяның ішінде сұлап жатыр. Трубопровод осы арадан бұғазға дейін отыз километрге созылады. Оның трасса бойында жүз мәртебе жүрген жолдарын ойымен шолып өтіп, Алексей, бұл отыз километр — үлкен құрылыстың тек кішкене бөлегі ғана ғой деп ойлады да, құрылыстың аумағының соншама зор екендігін біртүрлі айқын түсінгендей болды.

Қысқышты дайындауды Грубскийге қалдырды да, Алексей пикавқа отырып алып, траншеяның бойын жағалап кетті. Ковшовтың қазіргі басты міндеті — трубопроводтан ауаны тегіс айдап шығару болды. Трубопроводқа жіберіп жатқан су ауаның бәрін ақтық көпірігі қалғанша айдап шығармай тұрып, сынақ жұмысын бастауға болмады.

Алексей машинасын әрбір бақылау пунктінің қасына тоқтатып, жолдағы онбасының айтқанына, қанағаттанбастан, өзі тексеріп, краннан су аға бастаған жоқ па немесе әлі ауа шығып жатқан жоқ па, деп қарап шықты.

Трубопроводты толтыру жұмысы аяқталып қалды, — шеткі пункттердің өзінде су көріне бастады.

Отызыншы километрдегі блокпосты қасында — нефтепро-

водтың дайын учаскесінің соңғы километрінде — Ковшов машинадан түсіп, әлі Филимоновтың қасында отырған Беридземен селектор арқылы сөйлеспекші болды. Георгий Давыдовичті алаңнан іздеп тапқанша күтуге тура келді.

— Сәламатсың ба, достым Алеша, бүгін сенің мерекен ғой! — деген Беридзенің даусы келді, ақыры. Оның көңілі аса көтеріңкі еді.— Бүгін бізде ұлы күн. Мен өзім мереке күніндегідей сезіп тұрмын, ал сен ше?

— Менің көңіл, қошымның қандай екенін өзім де айыра алмай отырмын. Әртүрлі ой басып кетті,— деді Ковшов.— Сен тезірек кел, кідіртпестен қысуға кірісуіміз керек.

— Тез келемін,— деп Беридзе уәде берді.— Сен бәрін де әбден дайында. Күтпеген жерден туып қаларлықтай қолайсыздықтардан сақтану керек. Мен сенің жайынды әбден түсінемін: Адыра қал-ау, қысу деген' сонша кыйын жұмыс болып па екен? деп ойлайсың. Бірақ бұл оп-оңай ғана іс пе? Тіпті оңай емес! Бұл, қымбат, жетпіс атмосфералық күшпен басып, қарапайым, адал адамдардың ауыр еңбегін сынау. Егер де пісірілген түйісімдер қысқанға шыдаса — жақсы, өте жақсы болғаны. Жұрттың сенімі молайып, табысты сезе бастайды. Ал егер де түйісімдер шыдамаса ше? Онда жақсы емес. Тіпті жаман болады!

Алексей қайтадан пикапка мінді де сынақтан өтетін учаскенің арғы жағындағы өзінің адамдарының нефтепроводтың жаңа километрлерін пісіріп, жерге түсіріп жатқан жағына кетті. Қазіргі қысуды күтіп зарыққан сағатта құрылысшылардың ешқайсысы жайбарақаттыққа түсіп немесе сабыр тауып отыра алмады. Алексей жұрттың мазасы қашып және дамылы кетіп жүргеніне әбден көзі жетті. Өздерінің жандарын жеген уайымды отқа тесіле қараған пісірушілер де, үсті-басы қап-қара майланған изолировщиктер де, тырдай жалаңаш жүріп ор қазған жұмысшылар да бұдан жасыра алмады.

Олар бүгін темекі тартуды да ұмытып, шапшаң қарқынмен істеді, осыны өздері де сезген жоқ, олар машинада келе жатқан немесе линия бойымен трубаңы жағалап жүрген учаске бастығын көздерімен қарап қалып отырды.

— Алексей Николаевич, бір минутке бұрылыңызшы! — деді оған Зятьков.

Екі қолымен жуан таяққа сүйеніп жер қазушы қарт үйілген топырақтың үстінде тұр. Терге малынған көйлегі оның қақпақтай дөңес жауырынына және еңкіш нығына жабысқан.

— Тез бастайсыздар ма?

— Тез бастаймыз. Немене жұмыс өнбей жатыр ма?

— Шыдамым құрып тұр. Өзіңде де сондай сезім болар. Бір кезде маған үлкен көпір салуға тура келді — оның үстімен поезд бірінші рет жүріп кеткенше жүрегімде не болғанын біл-

сең еді. Кез келген құрылыста, бәрінде де солай ғой. Біздің нефтепроводымыз былайша қарасаң, болаттан істелген берік, ал сонда да ішіннен жаның тыным таппайды.

Қарт тараншеяға түсті де, өзі Қовшовпен әңгімелесіп тұрғанда алыстап кеткен өзінің бригадасымен және ор қазатын машинадағыларының соңынан жүгіріп кетті. Алексей ілгері қарай жүрмекші болып еді, бірақ оны Грубский мен Карпов жүк машинамен қуып жетті.

Грубскийдің үстінде ұйпалақталған костюм, галстугі бір жағына қыйсайып кеткен, күнге күйіп, тіпті қап-қара болған жүдеу беті мен тақыр басын орамалмен сүртті.

— Қысу аппараты әзір, бақылау пункттерінің бәрінен де сынақ жұмысын бастауға болады деген хабар алынды. Алексей Николаевич, бұйрық беріңіз.

— Жок, бұйрықты Беридзе береді. Өз орындарыңа қайтып барыңдар. Қазір бас инженер келіп жетеді.

Алайда, Беридзе асықпады. Өте баяуланған әрі жуасыған Карпов, Қовшовпен көз қарасып қалды да, оның ойын сөзсіз түсінді.

— Беридзеге телефон соғайық па? Бәрі де дайын болды дейміз. Кеттім, жігітім.

Күтіп зарықпау үшін Алексей пісірушілерге кетті: олар учаскенің отыз екінші километрінде істеп жатыр еді. Ол Умараның бригадасының қасына тоқтады. Пісіретін аппарат машинаның үстінде тұр, оның үстіңгі жәшігінде: «Құрылыстың мандай алды пісірушілері» деген жазуы бар қызыл матаны керіп іліп қойған. Кабинаның үстінде биік ағашта мызғымас-тан ту желбіреп тұр. Батманов оны Умараға әкеліп тапсырған көктемнен бері, ту үздіксіз онымен бірге келеді, өткір күннің көзінен оңып бозара бастаған.

Умара жерге жатып трубаның екі бөлегін төбеден пісірді. Трубалар көз алдында тұтасты. Түйісімді бітірді де, Умара тұра келіп, аппаратты өшіріп, маскасын қолына ұстап, нигердің қасына келді. Оның жәрдемшісі, күлімсіреген Вяткин үстінде көк майкасы, Умараның соңынан ерген көлеңкесіне ұқсап қалмайды.

Кішкене, бірақ өте сом денелі, күннің, электр отының лебімен және абыржумен бойы қызып, кара терге түскен Умара Қовшовқа жетіп келіп, жай сөйлемей айқай салды. (Пісіруден кейін оның екі құлағы шулап бітіп қалған).

— Неге бөгелді? Қысуды бастайық! Нені күтеміз, кімді күтеміз?

— Бас инженерді күтеміз, онсыз бастауға болмайды,—деп Алексей салмақпен жауап берді.

— Ол неге келмей жатыр? Оған бәрісір шығар? Қарашы, күте-күте барлығы ауырып болды...

— Ешкім де ауырмайды,— деп қарсы болды Алексей, өзінің Беридзеге ішінен ызаланғанын сездірмеді.— Мен көріп тұрмын, тек сен бір өзін ғана ауырып тұрсың. Жұрт үшін ауырмай-ақ қой. Пісіре бер.

Алексей әрі кетті, Умара оның соңынан айқайлап:

— Неге бұлай жәбірлейсің? Әлде өзін уайым жемейсің бе? Әлде жұрттың бәрі қалай күтіп отырғанын көрмейтін соқырмысың? Мен жұрттың бәрінен де артық уайым жеймін — менің оған правом бар. Учаскедегі менің пісіргенім, менің жұмысым тексеріледі. Бұйрық беруінді қатты өтініп сұраймыз!

Карпов қайтып келді де, ентіге сөйлеп:

— Беридземен сөйлесе алмадым,— деді — Тораптағы селекторшы былай деді: «Жігітім, бізде насос-дизель станциясының сынақ жұмысы жүргізіліп жатыр. Бас инженер де, басқалары да бәрі сонда, қазір сенімен ешкім де сөйлеспейді», деді. Осы дизель мен насостарын жұмыс істеп жатқанда көрер ме еді? Жігітім, осылар үшін механиктер қанша азап көрді. Чертежсіз, тәжірибесіз құрап алды. Серегинге еңбегі үшін, оның қателеріне кешірім береді дегенді айтады.

Алексей ызаланып: Беридзе бұған достық жасады, енді Филимонов сынақ жұмысында бұдан озып кететін болды.

— Иван Лукич, торапқа бар да, оған менің атымнан жанжал жаса.

— Кеттім, Алексей Николаевич.

Қайту жолында Ковшов, әруақыттағысы саяқты, Умараның жанынан сокпай өтіп кете алмады. Жәбірленген пісіруші мұны байқамаған адам сыяқты болды. Алексей бірнеше минут тұрып қалды. Ол пісірушінің қолындағы таза жалыннан, Умараның барлық келбетінен, шаң басқан және үрпиген, май-май болып былғанған жалпақ бетті және таңқы мұрынды сүйкімді бет ажарынан, ызаланғандықтың, ренжігендіктің әсерін сезді.

Алексей пісірушіден кетіп үлгірмей-ақ, шанды аспанға көтеріп Беридзенің пикапы жетіп келді. Алексей қуанып кетіп еді, бірақ лезде ренжіп қалды: машина да бас инженер жоқ болып шықты. Шофер Беридзенің адам таңырқарлық бұйрығын ауызша айтты: «Инженер Ковшов дереу торапқа келсін» депті.

— Кері қайтыңыз да жолдас Беридзеге айтыңыз: біз оны әлдеқашаннан бері күтудеміз,— деді Алексей шоферға.— Ол қазір осында келсін. Ковшов кейіп жатыр де, жұрттың бәрінің мазасы кетіп болды, оларды бұл күйде ұстап отыруға болмайды.

— Ол маған сізді алмай келме деп бұйырған еді,— деп шофер саскалақтап қалды.

— Тезірек қайт! — деп Ковшов сөзін бөліп жіберді.

Шофер нығын бір қомдады да кабинасіне барып кірді. Машина дырылдап қайтатын жолға барып түсті.

Алексей, ақырында қысу аппараты тұрған жерге қайтып келді. Ковшовтың шашы бұрқырап кеткен, терден беті жылтырайды, етіктері шаңнан бозарып кетіпті. Бір кезде ол күннің жоғары көтеріліп, ауаның ысығанын байқап қалды. Ертеңгі тұман мен салқынның ізі де қалмаған. Бұлтсыз көкшіл аспан жарқырай түсті. Ковшов бетін жуып салқындау үшін, және кепкен тамағын жібіту үшін кішкене көлге келді, су бетіне бу көтеріліп тұр.

Сынақ установкасының қасында бір топ құрылысшыларға Грубский түсінік беріп тұр. Инженер бешпенті мен галустугіи шешіп тастаған, түймесін ағытқан ала көйлек пен тұрғанда жайшылықтағыдай емес, үйдегідей болып көрінеді. Жыйналғандардың арасында бірнеше шоферлар да бар,— олардың машиналары да осы арада тұр.

Жұрт учаскенің бастығын көрді де, біріне-бір қарады,— олым түнеріп, қабағы түйюлі екен. Алексей жылы суды қолымен көсіп алды да, басына күйды. Тобын жазбай жүретін Махов пен Кучина жұрттан бөлініп шықты. Алексей саусақтарымен шашын тарап басын сілікті. Оның көзі шофер мен Мусяға түсті. Футболка киген соң, олар спортшыларға ұқсаған. Көктем шыққалы қыз әсемденіп кетіпті, ал Маховтың көзі жанып тұрған күнге шағылып жарқырай түскен.

— Алексей Николаевич, біздің өтінішіміз бар,— деді Махов сенімсіздеу түрмен. — Бізге бір рейске бармай, осында қалуға рұқсат етіңіз. Кейіннен орнын толтырамыз. Сонша уақыт күттік, сынақты көре алмағанымыз қыянат болады ғой! Мұндай дәудің сынақтан өткенін ешуақытта көрген емес едік.

Алексейдің көңілі жадырап кетті. Ол төмпешікке шығып отырды.

— Жайланып отырындар, демалындар. Беридзе бізді алдады. Филимоновтың қасында бөгеліп қалды, бізге келмей жатыр. Мен оған Карповты жібердім. Қазір екеуі де келетін болар.

— Шаң көрінеді, келеді-ау деймін,— деді Муся.

Ренжіген әрі ызаланған Карпов жалғыз өзі келді.

— Біздің Георгий Победоносец мұнда келуді ойлайтын да емес,— деді ол. — Саған сонда келуге әмір етті. Жігітім, тегі бір уақыйға болып қалған шығар. Бірақ өзінің көңілі көтебіріңкі: жымыйып күледі, сақалын сыйпап қояды. Дизель мен насосын маған көрсетті, олары жақсы істеп жатыр. Бүкіл жұрт жыйналған. Беридзе сөз сөйледі. Жігітім, олар бізден озып кетті. Мұндай трубалармен тез үлгіре алмассын, ал олардікінің бәрі де алақандағыдай. Алексей Николаевич, сен бар— ол қатты тапсырды. Мінеки, қағазға да сызып берді.

Ковшовтың жазған қағазының екінші жағына көк қарандашпен: «Өте тығыз іс турасында маған дереу келіп кет деп, сізге тағы да айтам»,— деп жазылған.

Қатты ызаланған Алексей, Беридзені аяусыз ұрысып және оған айтатын улы тілді сөздер әзірлеп, мұнай қотару торабына қарай ағыза жөнелді.

Машина ылдыйдан өрге қарай ызғырта шығып, тораптың күн нұры түсіп балқыған алаңына қарай келді. Мұнда бәрі де салтанатты түрде көз тартады. Алексейдің көзі насос станциясының үлкен тас үйіне түсті. Оның оң жағында жұмыр цистерналар қатар-қатар тізіліп тұр, олардан пневматикалық шегені тықылдатып жатқан дауыс келді. Бүкіл алаң бойында тап-таза, жап-жаңа аппақ үйлер: блокпостылар, байланыс үйі, диспетчер үйі, электростанция, қазандық үй, механикалық мастерской, ал дәл төбенің етегінен құрылысшылардың кішкене үйлері мен жатақ үйлері салынған. Бұл Алексейдің көз алдында өскен бүтіндей бір қала еді.

Тап ойлағандай, бас инженер насос-дизель станциясының жарық кең залында жүр екен. Ол, Филимонов және бұлардың қасында жыйырма шақты монтажшылар үн қатпастан насостың қасында тұр. Серегин де осында екен. Бір қолында кілті, екінші қолында бақылау журналы, ол масаттанып күзетші тәрізді қақшыйып тұр. Көзі жайнаң қағады. Жарқыраған өте үлкен машиналар дыбыссыз, тарсылсыз жұмыс істейді. Қасына дейін май болған Филимонов, шаршағандықтан аяғын зорға басып тұр. Георгий Давыдовичтің де беті-қолы, көйлегі, шалбары майға былғанған. Оның көзінен, көңілі толған бет ажарынан, сақалын сыйпауынан-ақ сынақ жұмысының жақсы өткенін түсінуге болатын еді.

— Тамаша заттар емес пе, а? Қарап көзің тоймайды! — деп айқайлады Беридзе Ковшовқа. Алексейдің ашулы түрін көріп, қуақылана күліп жіберді.— Мүмкін, дегенмен, бізбен амандасарсың, дизель мен насостың монтажын бітіріп, оларды жүргізгендігімізді құттықтарсың? Ең болмаса мына батырды құттықта,— деп ол шаршап күліп тұрған Филимоновтың иығына қолын салды.

— Құттықтаймын! — деп Алексей ашулы күйі күңк ете түсті.

Бәрі де қарқылдап күліп жіберді. Алексей біраз тұрып, насостың жұмыс істеуіне қарады, дизель залының тап-таза кафель тас төсеген еденімен аралап жүрді де, көңілденіп қайтып келді.

— Сен жігіт екенсің, саған енді туды жаяу алып келуге де ризамын,— деді ол Филимоновты құшақтап.— Жолдастар, сіздердің бәріңізді де құттықтаймын,— деп Алексей монтажшыларға қарады да, кезекпен олардың қолдарын қысты.

— Біз осында Георгий Давыдович бен Рогов—бәріміз сенде қалуы керек деп ұйғарып қойдық,— деді Филимонов.— Қалай

дегенмен, бүгінгі күн бізден гөрі саған қыйынырақ соққан болар.

— Беридзе Филимоновка:

— Ал, машинаны тоқтат, бар да ұйқта! — деп бұйырды.— Мерзімді доктор Батманов белгіледі: жыйырма төрт сағат...

Беридзе Алексейді қолтықтап алып далаға шықты. Бас инженердің Чонградағы кабинеті мен тұратын үйі бұрынғысынша байланыс үйінің бір кішкене бөлмесіне орналасқан, мұнда жан-жақтың бәрінен тыным таппай ызылдаған және тарсылдаған дыбыстар келіп тұрады. Бұғаздан толқынның шалпылдап жиекке соққан дыбысы да естіліп тұр.

— Георгий, сенен өтінем, бір секунд та кідірмей, учаскеге баралық. Онда бәрі де түгел дайын болды,— деді Ковшов.

Беридзе май болған көйлегін шешті де, жүндес кеудесін жалаңаштап, суы бар дағарадай бакырашқа еңкейді.

— Мен барамын, қазір барамын,— деп ол бакыраштан басын көтерді.— Бірақ достым, сенсіз, жалғыз өзім барамын.

— Қалайша менсіз? — деп Алексей таң қалды.

— Я, жалғыз өзім. Ал сен қалаға ұшасың. Батманов саған самолет жіберді.

— Сен немене, ақылыңнан адастың ба? — деді Алексей ашуланып.

— Қызбаңыз. Қойнауға жақсылап қара, самолетті көрдің бе? Ол сені күтіп тұр.

— Маған бұл самолеттің бір тыйынға керегі не?

— Мұнымен қалаға, басқармаға ұшасың деп отырмын ғой. Түсіндің бе?

— Жолдас бас инженер, сен нағыз қалжыңбассың.

Саған менің жүйкеме тиіп ойнау ұнаған екен. Ойна, ештеңе емес, мен мықтымын, шыдап бағармын,— деді Алексей ызалы дауыспен.

— Амал кайсы, Алеша, мен ойнап тұрғаным жоқ. Саған Новинскіге, одан Москваға ұшу керек. Халық Комиссариатында баяндама жасайсың. Менің сені жібергім де келмейді, сен сенімді көмекшім едің. Бірақ ештеңе істеуге болмады.

— Қандай баяндама? Қандай Москва? — деді Алексей.— Сен немене, шын айтасың ба?

— Кәдімгі Москва, астана. Эх, Москваны қазірде барып көрген қандай жақсы! Жұрттың көпшілігі саған қызығады, ал мен — солардың біріншісі.

— Сен не, шын ба? — деп Алексейдің даусы дірілдеп кетті.— Мен ешқайда да бармаймын, ешқайда да ұшпаймын. Менің учаскем бар, мұндай уақытта мен оны қалдырып кете алмаймын.

— Алеша, учаскенді маған сеніп тапсыр, мен сені ұятқа қалдырмаспын. Карповпен, Грубскиймен бірге өзім бітірем.

Ал барғың келсе де, келмесе де ұшуға тура келеді. Қызықсың өзің, Москваға ғой, түсінесің бе? Өзің ылғый солай ұмтылатын едің ғой, онда әке-шешең мен әйелің бар. Қыстыгүні қандай уайымдағаныңды ұмытқаның ба?

— Ұмтылса кайтеді екен! Енді ұмтылмаймын!

— Халық Комиссариаты ойда жоқ жерде Батманов пен мені шақырыпты. Ал сен түсінесің ғой, қазір біз құрылысты тастап кете алмаймыз. Кімді жібереміз деп бір сағат саудаластық. Сонымен: басқа ешкім бара алмайды, сені барсын деп шештік.

— Жоқ, Батмановпен өздерің барыңдар. Мен кішкене адаммын, басқаратыным бір ғана екпінді учаске, құрылыстың барлығына жауапкер емеспін! — деп тулады Алексей.

Георгий Давыдович, бакыраштағы суды төсіне және арқасына шашып жатып, қарқылдап күлді. Алексей оның қолынан бакырашты жұлып алды да, сөренің үстіне лақтырып жіберді.

— Қалжыңның жетер! Моншаға түскендей болдың ғой!

— Міне, енді Алексей, мен саған шынымен айтамын: уақытты босқа өткізбе, басқармаға дейін үш сағат ұшу керек. Асығу керек. Батманов күтіп отыр, сені ұшты ма деп маған телефон соғып сұрады.

Ковшовтың түрі осы арадан дереу бір жаққа қаша жөнелгелі тұрған адамдай болып тұрды. Бірақ ойда жоқ хабар мұның санасына бірте-бірте жетуімен, оның жігері мен екпіні басыла берді. Алексей жерге қарап, бұлшық еті бұртылған қолдарын төмен салып жіберді.

Беридзе таза көйлек киді де, бұған жақындап келіп, иығына қолын салды.

— Саған түсіндірудің қажеті жоқ, Алеша, сен бәрін де өзің түсінесің, бару керек. Құрылыс жөнінде бәрін де білесің, техника жөнінде де, ресурстар жөнінде де білесің. Және туған жеріңе барасың. Есі шыға қуанады ғой деп ойлап едік. Ал сен тартынасын. Барған соң Беридзені бір минутке есіңе түсір де, оған рахмет айт. Москваға менен бас иіп сәлем бер. Оған айт. Адунда жүріп туысқан Москвамыз үшін жанымыз қалмай қыйналдық де.— Ол жолдасының иығынан қақты.— Қәне осы арада қоштасалық. Саған учаскеге соғуға болмайды, уақыт жоқ және адамдарың мұнсыз да тынышы кетіп отырған болар. Ал қош! Эх, менің жүрегім қандай ашып қоя берді, саған бауырбасып қалған екемін.

Алексейді катты сүйді де, Беридзе бастап үйден шықты, көзінен шыққан жасын көрсетпейін деп жолдасына енді қарамастан, машинаға отырып жүріп кетті.

Көзден таса болып кеткенше пикаптың артынан қарап тұрды да, Ковшов төбеге шығып Тополевтің моласына барды.

Біреу камқорлық жасап, Кузьма Кузьмичтің соңғы пана-сын тәртіпке келтіріп қойған екен. Ескерткіш-тас сұр гранит ағаш қорғанмен қоршалыпты, қабырдың үстінде жас гүлдер жатыр.

— Эх, картым, саған тағы бір азырақ өмір сүре тұрғанда болатын еді,— деп Алексей дауыстап айтты да, қатты күрсінді.— Міне, Москваға кетіп бара жатырмын. Қош бол, қымбаттым.

Ол алақанын молаға басып, біраз тұрды, содан кейін судың үстінде құрылыс бастығының гидросамолетін ұшыруға дайындап жатқан қойнауға қарай жүрді.

Оған дұрысында да алыс сапарға жүру керек болатынын Алексей тек кабинаға кірген соң ғана түсінді. Ол пилоттан самолетті трассаның үстімен төмен ұшыруын өтінді.

Нефтепровод үшін жүргізген майдан суретінің тез өзгеріп бара жатқан түріне қатты қуанып, шаттанған сезімімен қарады. Тарасса да өмір қайнайды! Бұлардың алдында, Беридзе мен екеуінің трасса бойын қыстыгүні аралап жүріп, сондай ауыртпалықпен, сондай қайғымен арман еткен, онда шын тұрмыстан гөрі қағаз жүзінде ғана бар трасса қазір өзінің қайнаған өмірі мен Алексейдің көз алдында шалқып жатыр.

Құрылыс алаңы жүздеген километр бойында түп-түзу ашық жол болып көрінді де, оның ішінен үш айқын сызық көзге түсті: қазылған траншея линиясы, немесе трубопроводтың қос қатар линиясы, немесе желіге тартылған, бірақ әлі пісірілмеген трубопроводтың линиясы. Осы екі линиямен қара жолдың линиясы біресе айқасып, біресе айрылысып отырады.

Көп жерлерде кенет біресе траншеяның линиясы көрінбей кетіп, («әлі көп қазу керек екен»,— деп Алексей күрсінді), біресе трубопроводтың линиясы («траншеяға түсіріліпті, жақсы!») көрінбей отырды. Кейбір жерлерде тек жолдың линиясы ғана қалған, ал оның ұзын бойында шаршылап текшелеген труба-лар жатыр («Әкем-ау! Әлі күнге бұлар трубаны тасымапты ғой. Жанжал, маскара! Асығу керек, ох, асығу керек!»).

Төменде де асығып жатыр, Алексей мұны білді де, көрді де. Ондаған автомашиналар мен тракторлар жол бойымен труба тасып ағылуда. Траншея қазушылар теп-тегіс жер қыртысын сыртқа шығарып тастап жатыр. Мындаған құрылысшылар мен колхозшылар траншеяны қолымен қазады, ал ол күрекпен тастаған топырақтар, ауада тұрған түп-тұтас сұр лентаға ұқсап көрінеді.

Пісірушілердің жұмысы, күн көзінің астынан самолеттен қарағанда да жылтылдаған сансыз көп от болып көрінеді. Байланысшылар жоғарыдан қарағанда теп-тегіс сызылған жа-сыл даладағы пунктир тәрізденіп, трасса бойына орнатылған ақ бағаналарға сымды іліп бітіруге жақындаған.

Трасса да қайнаған өмір, у-шу! Думанды дауысты самолет моторының гүрілі естіртпейді... Алексей өз учаскесінің өмір ырғағынан ойламаған жерде кетіп бара жатса да, трассадан келген дыбысты: тракторлардың дырылдағанын, автомашиналардың жуан дауысты гудоктарын, пісіру аппараттарының пысылдағанын, құрылысшылардың дауыстары мен әндерін анық есітті. Бұған тіпті ол адамдарды таныйтын да сыяқты болып көрінді: олар үстінен ұшып бара жатқан самолетті көреміз деп жұмыстарынан қалды.

Ал сол жақта, күннің бар жарығын өзіне тартып алғандай болып, көзді шақырайтып, өзіне қаратпай айдынды Адун өзенінің суы ағып жатыр, ал оның екі жағасын өрлей шексіз және шетсіз ұшы-қыйыры жоқ тайга кетеді.

Он үшінші тарау

ОТАН АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРУ

Алексей Новинскиге ұшып келіп, керек десе жуынып, киім киюге де үлгірмеді. Оны басқарманың аэродромның қасында тосып алып, дереу құрылыс бастығында болатын мәжліске баруға қосты.

Ковшовтың Москваға баратындығы туралы басқармадағылардың бәрі де білген, Батмановқа келіп жеткенше жолшыбай кездескен қызметкерлер оны құттықтап, жолы болуын тіледі. Коридорда, Алексей ойламаған жерде Женямен кездесіп қалды, Женя мұның амандасқанына сасқалақтап жауап берді де, тезірек кетіп қалды.

Батмановтың кабинетінің алдындағы қабылдау бөлмесінде Либерман тұр. Ол базда болып, мәжлістің болатынын білмепті де, кешіккеннен кейін енді кіруге бата алмай тұр екен. Инженердің келгеніне Либерман қуанып кетті, онымен бірге болған соң өзін батылырақ ұстады.

— Мәжліс қандай мәселе жөнінде екен?— деп сұрады, Ковшов.

— Шешетайым-ау! Саған арналған ғой! Сені Москваға қалай қамдап жөнелту жөнінде, біз екеуміз көп кешіктік, бастық қорытынды сөзін сөйлеп жатыр.

Бұлар кабинетке бірге кірді. Осы күн батып бара жатқан кездің өзінде үй өте ыссы еді. Отырғандардың көбінің беттері терден жылт-жылт етеді. Батманов өзінің жайшылықтағы әдісі бойынша, ұзын столдың қасында әрлі-берлі жүр.

Ол Алексеймен амандасты да, бос орынға барып отырған Либерманға ала көзімен қарап қойды.

— Қайталап айтайын, әңгіме Москвада берілетін есеп жөнінде болып отыр,— деді Батманов дауыстай сөйлеп,

Ковшовқа тесіле қарап қойып. Ол үстіне күнге күйген ала көйлек және аяғына шаң басқан етік киіп келген, мұнда өз орнында отырған сыяқты емес, қай жақтан келсең, сол жағына тез қайт деген команданы күтіп отырған сыяқты болды.— Біз босқа жүргеніміз жоқ, сондықтан біз майдан үшін, отанымыз үшін, халық үшін не істегенімізді айқындап, түсінікті етіп айтып беруіміз керек. Бізде ірі шаруашылық, миллиондаған қаражат, көп адам күші — уақ-түйек сөзбен құтылуға болмайды. Қазір әркімнің жеке өзінен жауапкершілікті тек тікелей бастығы ғана сұрап қоймай, үкіметтің алдында да беретіндігін — әрқайсысы түсінеді. Үкіметтің алдында тұрып жауап беру оған оңай емес. Үкіметке не айтуды және қалай айтуды ойлану керек. Бөлім бастықтарының сөздеріне мен риза емеспін, олар қойылған міндеттің дәрежесіне дейін көтеріле алмаған.

Либерман ыстық және терлеген қолымен Алексейдің шынтағын ақырын түртті де, оған Гречкинді көрсетті. Жоспаршы әбден тері ағып, ашуланып жан-жағына қарап отыр. Бұл мәжлістен жөнді ештеңе шықпайтынына және Москва үшін есепті баяндаманы бәрібір мұның жазуға тура келетініне әбден көзі жетті.

— Сіздердің бет ажарларыңыздан аңдап отырмын, — деді бастық сөзін тоқтатпай, — тегі сіздер сол өздеріңіздің адасқан күйлеріңізде қалатын тәріздісіздер-ау деймін, бастысы құрылысты салып бітіру, есеп беру қиын емес, ол бухгалтерлер мен экономистердің міндеті, олар сол есеп беру үшін еңбекақы алады дейсіздер ғой.

— Дұрыс! — деп күлді Федосов.

— Тіпті дұрыс емес! Бұл сөзіңіз тіпті орынды емес. Сіз Москваның алдында берілетін сіздің есебіңіз тәрізді мәселеге екі сағат ойлаудан гөрі, бір тонна битум қазып шығаруға екі күн жұмсағанды артық көресіз. Бұдан тек іскерсінушіліктің ғана исі шығады. Әрине, ең бастысы — салып бітіру. Бірақ құрылыс аяқталу қарсаңына таялған кезеңінде өзіңнің жұмысыңды ақылға салып ойлап көру маңызсыз іс пе? Федосов сен біле-білесің, Москва алыста жатыр, ол соғыспен шұғылданып жатыр, сөйтсе де ол нефтепроводты бізге сеніп тапсырып отыр. Алайда қиыншылық кезеңде біз арандатып кетіп жүрмейміз бе, Москва соны анықтап білгісі келеді. Немістер Кавказдың мұнайына қарай ұмтылуда, олар бүкіл Европадан аз күш жыйнаған жоқ. Біздің нефтепроводымызға деген мемлекеттің мұқтаждығы күн санап артуда. Ал Гречкиннің цифры мен жыйынтығына қарағанда, нефтепроводтың мерзімінде бітетін бітпейтінін білуге болмайды. Уақыт аз, істелмеген жұмыстың көлемі көп, цифрларға қарағанда, істен күдер үзгендей боласың. Москваның бізді шақыруында ғажап қаларлық ештеңе жоқ, бәрін де бас-басына айырып білгісі келеді.

Ойланшы Федосов... бізде мындаған адамдар істейді — олар Қызыл Армияның құрамынан бөлінген полктар ғой. Біз көп аттарды пайдаланып отырмыз — ол атты әскерлер аты емес пе. Автомашиналар, тракторлар — бұлар да қызыл Армияның қару-жарақ қоры емес пе? Біздің адамдарымыздың, біздің аттарымыздың, біздің механизациялы бөліміміздің, қандай еңбек майданында қатысқандарын және бұлардың қандай табысқа жеткендіктерін көрсету — біздің ардақты борышымыз емес пе?

Алексейдің жағдайы таңырқарлықтай еді, сана-сезімін екіге бөліп жіберген тәрізді. Ол бір жағымен Батмановқа құлақ салды. Бұл адам кімге қарап сөз сөйлесе, ол адамға әруақытта әсері қалады. Оның сөздері, ақылдары, керек десе берген сөгісіне дейін адамның намысын қоздырып, қайратын қаулатады, одан кеткенде адам жұмыс істеуге тырысып, күреспекші болып кетеді. Алексейге оны тындау да, тындамау да қыйын болды. Сана сезімінің екінші жартысымен Алексей бұл арадан алыста сыяқты...

— Мені мен Ковшовқа сіздерден гөрі қыйынырақ, — деді Батманов, Алексейге тағы да қарап сәл күлімсіреп. — Біз екеуміз барлығына тұтас бірдей есеп береміз, құрылысқа және сіздердің барлығыңызға жауапкер болғандығым үшін мен беремін, ал Ковшов біздің Москваға жіберетін өкіліміз болғандықтан есеп береді. Сондықтан біз сіздердің алдарыңызға мынадай шарт қоямыз: біздің міндетімізді жеңілдегіңіз, әрқайсыңыз өзіңіз үшін есеп беріңіз. Мұның мәнісі — есепті жәй формальдық жағынан беру емес екенін, түсініңіздер... Әр қайсымыз және бәріміз бірге майданда өзіміздің лайықты орнымыздамыз ба, біздің еңбек армиясы қамауға түсіп қалған жоқ па, одан қалай да болса шығу керек, сондықтан өзді-өзімізді барлық жағынан да тексеріп, талдау жасап қорытуға мүмкіншілік жағдай беріліп отыр. Бірнеше күннен кейін Ковшов Москваға жүреді. Осы уақыттың ішінде біз формальді түрде есепті баяндаманы дайындап, оның қолына береміз — машинаға басылғанда жыйырма бет және әртүрлі таблицалар, схемалар, диаграммалар графиктары болады, формальды етпегенде — біз жыйырма бетке сыймайтынның бәрін әбден ойлап, елекке салып сүзіп шығаруға міндеттіміз. Ковшовтың қайда бара жатқанын ойланыңыздаршы! Оған жәрдемге өздеріңіздің ар-ұяттарыңыз бен бар ақылдарыңызды пайдаланыңыздар. Осыдан өздеріңіздің бөлімдеріңізге барған соң болмашы уақ-түйек істерге көміліп кетпей, цифрларды, дәлелдерді және қорытындыларды талдаудың елеушінен өткізіп алыңыздар, — тасшыларға ұқсап сіздердің елеуіш торыңызда маңызды істердің ірі тастары ғана қалып, уағы електен түсіп кетеді...

Залкинд терезенің алдында кешкі салқынның лебіне арқасын төсеп отыр. Батмановтың әсерлі сөзінің жұртты біртіндеп қозғалта бастағанына Михаил Борисович назарын салып қарап отыр. Парторгтың алтын тісі жылтылдайды, адамдардың бетінен кітап оқыған сыяқты ішіндегісін білуге болатындығына жымыйып күледі. Міне Гречкиннің наразылығы да тарқағандай болды, ол алаңдап жан-жаққа қарауды қойды. Таня Васильченко ынтасын сала тындап отыр. Қыстың басында Танының құрылыстың жаңа басшыларымен төбелесе кетуге әзір болып, учаскеден басқармаға келгенін Михаил Борисович есіне түсірді. Содан бері қанша оқыйға мен өзгерістер болды! Адамдар қандай өзгеріп кетті! Залкинд көзін Федосовқа аударып, аһа бұл да ынталанды ма! Бұл мәжлісті керегі жоқ: «Есеп беру керек пе? Сөз не туралы болмақ? Есеп берудің не қыйыншылығы бар дейсің?» деген боларсың, шырағым, солай ма, жоқ олай емес пе!...

Мәжліс жөнінде келіскенде бұлар, Батмановпен екеуі бұдан пәлендей үміт күтпеген еді: бөлім бастықтары мәжлістен кейін бұрыннан белгілі есеп формаларынан артық ештеме ойлап табар дейсіз бе деп ойлағанды. Мейлі, тек олар қазіргі кезеңнің өте жауапты екендігін естеріне алып, бойына сіңірсе болады! Алексейдің міндетінің ауырлығы олардың мазасын алатындай болуы керек! Мейлі, олар Қовшовтың баяндамасына елеулі ештеме бермей-ақ қойсын, бірақ олар бұдан жұмысқа керекті қазіргіден гөрі артығырақ табады!

— Мен сіздердің бәріңізді де жақсылап тындадым, — деген Батмановтың даусы шықты. Ол терезенің алдында тұрып, отырғандарға отты көзімен қарап тұр. — айқын мысалдарға тоқтағым келеді. Бас бухгалтерден бастайын. Ол бізді цифрмен бастырмалатты, цифрларының көпшілігі зеріктіре бастады. Қовшов те осындай әдіс қолданып, главкадағы жолдас-тардың цифрмен естерін шығаруға бола ма?

— Цифрлар — ұлы нәрсе, одан ешқайда қашып құтыла алмайсың! — деп сөз қыстырды, өзім білемсінген ірі денелі бас бухгалтер қарт.

— Ендігі қалғаны сіздің цифрларыңыздан ат-тонды ала кашу ғана ғой. Менің қызметім мен жасым оған сәйкес келмейді! — деп Батманов мысқылдай күлді. Басқалар да қосылма күлді. — Жолдас бухгалтер, бізді цифрларыңызбен қорқытпаңыз. Цифрлар жансыз заттар, бізді қуып жете алмайды. Олар не Қовшовтың папкесінің ішінде ұйқы соғады, не есеп берген адамның алдында, тиісті әсерін тигізбестен бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шығып кетеді. Василий Максимович отырған адамдардың беттеріне бір қарап өтті. Мысал үшін, мынадай мәселеге тоқталық: Сталин жолдас бізге, шаруашылық қызметін басқарушыларға жұмыстың бәрін соғыс мүдде-

сіне сәйкестендіріп қайта құрындар деп міндеттеді, ал біз соны істедік. Біз бейбітшілік кезінде болмаған өмірге икемділікті көрсетіп, көп істер жөнінде Москваның жәрдемі сөзсіз керек бола тұрса да, сол жәрдемсіз-ақ күн көре алдық. Бұл жөнінде сіз қалай айтар едіңіз? Федосов, мен сізден сұрап отырмын ғой!

Федосов ыстықтан және қысылғандығынан қызарып кетіп тұра келді.

— Василий Максимович, сізді түсінемін. Менде цифрмен де, ауызбен де айтарлық нәрселер бар: техникалық материалдардың арыстанның сыбағасындай бір бөлегін біз ешбір мемлекеттік фондасыз, жергілікті жердің өзінен таптық.

Батманов жабдықтаушының қасына кеп тоқтап, ынта қойып тыңдады. Оның сөзіне мүлде қанағаттанбай қалды — бетін тыржыйтты да, қолын бір-ақ сілтеді.

— Арыстанның сыбағасы дейсіз бе? Аңдардың патшасы — арыстан не атқарып жүр десеңізші, үйдің төбесін жабатын қаңылтыр өлшеуіші мен қуыс күректің көрсеткіші ролінде жүр! Неткен тұрпайы бос сөз! Ду ете түскен күлкі бастықтың сөзін бөліп жіберді. Василий Максимович жұрт саябырлағанша күтіп тұрды. Жай ғана айтса да болар еді ғой: Жәрдемге өндірістің қыйыр-шығыстық тамаша командирлері Терехов және басқалары келді, олар бізге, мысалы, жоғарыдан ала алмаған қысу агрегатын істеп берді. Олар бізге насостарға жіберілмеген бөлшектерді істеп берді. Өзіміздің мастерскойларымыз бен лабораторияларымызда біз электродтар, карбид кальциясын, қол құралдарын, шегені, әртүрлі құрал-саймандарды жасап үйрендік.— Батманов Либерманға қарады. Сіз кешігіп келдіңіз. Мен сіздің сөзіңізді естігем жоқ. Сіз үкімет алдына есепті қалай бермекшісіз?

Либерман орнынан тұрды да, құрылыс бастығының бетіне қарап, үндеместен тұрып қалды.

— Міне, Ковшовтың да осылай сізге ұқсап, есеп берген уақытта көзін жыпылықтатып тұрып қалғанын тілемеген болар едім,— деді Батманов, Либерманның жауабын күтпестен. Сіздің бет әлпетіңізден, маған өкпелеп қалғаныңызды көріп тұрмын. Егер осындай аса керекті кезеңде айтатын ештеңеңіз болмай қалса, оған мен қанша кіналымын! Сіздің маған алып келген жылы киім мен аяқ киімдер сұрап жазған ұшы-қыйыры жоқ телеграммаларыңыз бен хаттарыңызды еске түсіріңізші! Бір керегі болып қалар дегендей, осындай телеграмма мен хаттарға арнап бөлек папка да жасаған едіңіз. Тілесеніз мен өзімнің сейфмен алып Ковшовқа берейін! Мейлі, ол Москваға барып сіздің хаттарыңыздың көшірмесін бетіне ұстап: біз сіздерге жазған едік, ал сіздер бізге жәрдем бермедіңіздер деп көрсін! Неге үндемейсіз? Қазір сіздің қағазыңыздың жө-

ні келмейді, дұрыс па? Міне, осылай, Либерман...— Егер де сіздің бөліміңіздің есебін кладовщиктің біліміндей ғана білімі бар адам жазатын болса, ол іш пыстыратын бірдемені былықтырар: жұмысшыларға қанша етік, шұлғау, куртка және шалбар берілді. Қанша азық жұмсалды, белгілі мөлшерді жеткізе алдық ба, жоқ па, осыны айтар. Мемлекеттік тұрғыдан түсінетін адам басқалар жөнінде айтады: қыс келіп қалды, бізде жылы киім тіпті жоқтың қасы еді, сонда да біз мемлекеттік фондадан бастарттық, ал бар тәуіріміздің бәрін Қызыл Армияға бердік! Әйтседе жұмысшыларды киіндірдік... Немен екенін, Либерман, қалайша ұмытып қалдыңыз? Біз әскери бөлімдердің ескі-құсқыға деп есептен шығарған киімдерінен толып жатқан бушлат, телогрейка, бурка тіктіріп едік қой! Біз ескіні лақтырып тастаудың орнына оны бағалауды, оны жамап-жаскауды және жүз рет жөрмеуді үйрендік қой. Автомашинаның ескі резинкаларынан тіккен етікті, ескі шүберектерден жасаған мақтаны сіз ұмыттыңыз ба? Ал азық-түлік жөнінде айтып отырып, нанайлар мен нивхтардың көрсеткен көмектерін, Карповтың колхозындағы балықшылардың көмектерін еске алмай кетуге біздің хақымыз бар ма? Олардың бізге қанша ет пен балық бергендігін дұрыстап есептеңіз.

Залкинд жұртқа білдірместен күліп отыр, ол мәжліске әбден риза болды. Либерманға, әрине, обалдау ол бекерге бұртыйған жоқ еді. Және тағы кейбіреулерге обалдау болды. Бірақ, егер де сол Либерманнан немесе Федосовтан шындап сұраса: олар шынымен Батмановқа сондай риза емес пе, әлде Батманов сыяқты мазасыз, өткір тілді бастықтың орнына жұмсағырақ, сыпайырақ басқа бір құрылыс бастығын тілемес пе екен?

Я, Василий Максимович аса тік. Ол қатал, кейде рақымсыз. Бірақ олардың ешқайсысы Батмановтан бастартпайды. Олар мұны, айталық, Сидоренкоға айырбастамайды. Батмановпен бірге олар, Василий Максимовичтің өзінің осылай атайтын большевиктік ұйымдастыру творчесвосын түсініп білді.

— Жолдастар, біздің трассада қандай адамдар істеп жатыр! — деді Батманов мақтаныш сезіммен.— Пущин оларды газетінде тылдың гвардияшылары деп өте тауып айғты. Әскердегі саяси қызметкерлер майданда баяндама хаттарында ұрыста ерекше көзге түсіп батырлық көрсеткен солдат пен офицер жөнінде қалай жазса, біз де өзіміздің беретін есебімізде бұлар турасында сондай жақсылап тұрып айтып беріміз керек.—Василий Максимович күліп жіберді. Оның көзі от шашып жайнап кетті. Ал, міне біздің кадр бөліміміз! Кадрот басқарушы жолдастардың біреуі бір жапырақ қағазға бізде еркек пен әйел қанша, олардың ішінде жоғары дәрежелі

білімі бары қанша орта және төмен білімі барлары қанша екенін сөзбен сыйпаттап және цифрмен дәлелдеп алып келетініне, мен кепіл болайын. Және оларда мынадай да мәліметтер болады — осы сыяқтыны менің бір көргенім де бар — мәселен, процентке шаққанда әр ай бойынша, жарысқа тартылғандардың саны деген сыяқты. Жолдастар, бұл есеппен жазылған сөздің арасында ең бастысын — адам жанын жоғалтамыз ғой. Бізде байланысшылардың болмағандығын, Таня Васильченконың бастауымен, комсомолецтердің өздері байланысшы болып шыққандығын, бізде пісірушілердің жетпегендігін Умара Магометтің бір өзі төрт адамның орнына істегендігін, Маховтың алдыңғы орынды бермеуі үшін, оның машинасын жолшылар бригадасы өздерінің мойнына арқалап сүйрегендігін, Зятыков қарт өздерінің жолдастарымен ор қазудың өнімділігін қалайша екі есе арттырғандығын; құрылыс жұмысы жеке басынан гөрі олар үшін қымбатырақ болғандықтан, жұрттың жанын қыйғандығын мұнда айтып жазуға сөз де жетпес еді, орын да табылмас еді. Инженер Тополевты, онбасы Гончарукты, тракторшы Силинді ұмытуға біздің хақымыз бар ма?

Қовшовтың екіге бөлінген ойының бірі Батмановтың сөзіне еріп мәжілістегі ағыммен болды. Екінші бөлегі қалдырып кеткен екпінді учаскеде еді. Қазір барлық жұмыс онда қандай қайнап жатыр десеңізші! «Алеша сен қапа болма. Сені ұятқа қалдырмаспын, маған сен деп,— Беридзе алдында тұр.— Жоқ, Беридзе бұл арада тұрған жоқ! Ол мұның учаскесінде әмір жүргізіп, қожалық құрып жүр. Мінекей ол трубопроводтың күдікті көрінген секциясын тез аралап көріп шықты, оның етігі траншеядан шығарған батпаққа батты. Георгий Давыдович бетінен аққан терін шаңмен кірленген көйлегінің жеңімен сүртіп жүр. Осы кезде трубопроводқа су жіберуді тоқтатқан жоқ. Насостар суды қоймастан айдап жіберіп жатыр. Жұрт күтіп, қатты абыржуда. Тек Беридзенің жалғыз өзі ғана саспайды, өйткені оның сасуға хақы да жоқ. Шыдап тұра алмай, сынақ установкасының қасына келген Умара Магометті де ол тыныштандырып қойды. Беридзе оған: «Саспайық, кел, одан да темекі тартайық, мен саған бір күлкі әңгіме айтайын», дейді.

Беридзе мен Умараның айналасында жыйналған жұрт, бас инженер ертеде бір кезде, жасырақ уақытында, жағадан алыс теңіз үстінде бір жақсы қызбен қалай танысқанын түйтіксіз әңгімеледі. Жұрт күлісіп қойды, Беридзенің жүзе білмейтінін көпшілігі біле тұрса да, оны ешкім әшкерелемеді. Алексей оны бұғаздан зорға дегенде сүйреп шығарған жоқ па еді...

— Өнертапқыштық бюромыз бізге не айтар екен? — деген құрылыс бастығының сұрағын естіді Алексей, ол сұрағын

тәртіпті, әруақытта сыпайы жүретін инженер Полозковке қаратып беріп отыр.

Полозков орнынан тұрды:

— Мен жолдас Ковшовқа екі диаграмма бермекпін: оның біреуі ай сайын түскен рационализаторлық ұсыныстардың динамикасын көрсетсе, екіншісі ойдан шығарушылық арқасында түсетін жылдық үнемнің шарттық суммасын көрсетіп отырады.

Мәжлістегілер ду күлді. Батманов Полозковке ашулы көзімен қарады:

— Сіздің «динамикаңыз» бен «шартты үнеміңіздің» керегі жоқ! Одан да біздің инженерлер мен жай құрылысшылардың ойлап шығарған өнерлері жайында адам сыяқты мәліметін берсеңіз болғаны. Учаскелерде біз өнертапқыштықты кезкелген жерде кездестіріп отырдық. Беридзе мен Карповтың бүкіл сол жағадағы трассасы — бұны не дейсіз? Ал Ковшов пен Маховтың трубаны «арғы жақтан бері қарай» тасу әдісі ше? Ал Рогов пен Кучинаның сыйлық дүкені ше? Немесе Силиннің Тайганы қаптаған бульдозері ше? Немесе трубаны тоттан тазарту үшін шығарған Гончаркуктің механизмі ше? Немесе Кузьма Кузьмич Тополевтің траншея қазудағы взрыв жасау әдісі ше? Ал қыс жағдайында труба пісіру ше? Сонсоң ұзындығы жарты километр темір трубаны мұз үстінде бір жерден екінші жерге қозғау әдісі ше? Қымбатты жолдастар, осының бәрі де жаңалық табушылық!

... Сынақтың қыйын кезеңі таянып келгенін Алексей көз алдына елестетті. Беридзе енді қысу аппаратының маңынан кетпейтін болды. Құрылысшылардың зейін сала және сақтана қараған жүздеген көздері монометрлерге қадалып тұр. Нефтепроводтағы қысым үздіксіз күшейе беруде. Не ол қызыл сызықтағы — жетпістік атмосфераға жетеді, онда ду қолшапалықтан, шаттана айқайлап «Уралаған» дауыс жер мен көкті жаңғыртады, Беридзе мен Умараны жыйналған жұрт көкке көтерді. Не қысылған су трубаның түйіскен жерін бұзады, онда... «Олар онда тым елігіп кетіп, бір катер болып жүрмесе жарар еді», — деп Алексейдің мазасы кетеді де, отыз километрлік трасса бойын үздіксіз сақтандырып айтып жатқан Карповтың: «Траншеядан аулақ тұрындар, — қауіпті! Қатты қысылған трубалардан аулақ тұрындар, қауіпті! Жігіттер, сақ болындар! Тыңдандар!» — деген даусы естіледі.

— Ковшов жолдас, сіз біздің кемшілігіміз, қатеміз, жаза басқанымыз және мезгілінде істей алмаған істеріміз жөнінде Москвада батыл және расын айтарсыз! — деген Батмановтың даусы естілді. — Біздің коллективке дұшпандар да кіріп кетті, біз оларды бірден біле алмадық. Біздің арамыздан қашқындар да, өзімшілдер де және қорқақтар да табылып қалды — мұны да айтпай қоймаңыз. Біздің арамызда нефтепроводты бір

жылда салып шығаруға болатындығына сенбеушіліктер болды. Құрылысты енбекке тұралық іс деп есептемей, майданға жібер деп арыз берушілер де болды.

Гречкин Алексейді бүйірінен түртіп:

— Сен туралы айтып тұр, сезесің бе?

— Бәрінде қалай болған болса, сондай етіп айтып беріңіз, Ковшов жолдас,— деп Батманов Гречкиннің сөзін бөліп жіберді. Біз алғашқы кезде соғыс уақытының тәртібін дұрыс түсіне алмадық, тұрмыс мәселесімен ойдағыдай шұғылданбадық. Инженерлеріміз мұздай үйде тұрып дірдектеді, асканада тек қана картошка мен тамақтандырдық. «Қайтерсің соғыс кезі!» дедік.

... Алексей әрбір секундты ойымен санап, орнында зорға отырды. «Уақыт болды ғой... Беридзе неге үндемейді? Шынымен бір пәле болып қалды ма екен?» Кабинетке секретарь әйел асығып кіріп келді де, Алексейге көзінің кыйығымен қарап қойып, құрылыс бастығына бірдеме деп сыбырлады. Ол шетке ысырыңқырап қойған селектор аппаратына қолын созды. Алексей орнынан ұшып тұрды...

Ашық тұрған қақпадан келіп кірген ағын судай, шуылдаған дауыс кабинетті басына көтерді. Әуелі ешнәрсе айыруға болмады, әлде буырқанып тасыған теңіз бе, әлде үлкен шайқастың гүрсілі ме, әйтеуір бір үлкен мәні зор нәрсеге ұқсайды. Бәрі тым-тырыс тыңдай қалды. Құлақ жанғыртарлық у-шу дыбыстың ішінде жеке адамдардың масаттанған: «Бұл Сталинімізге сыйлығымыз!», «Умара Магометті көтеріңдер!» «Ковшов жолдас қайда? Біздің бастығымыз қайда? Ковшов жолдасты көтеріңдер!» «Бас инженер Беридзеге ура!» Енді түсінікті бола бастаған дауыстар тағы да айқай-шуға араласып жоқ болып кетті. Бұл мыңдаған құрылысшылар тобының қол шапалақтап, овация жасағаны еді.

Алексей демін ішіне тартып, тістеніп, селекторға жабыса қалды. Ол өз учаскесінің өмірінде болып жатқан жаңалықты сүйсіне тыңдады.

Ақырында шулаған дауыстың нөсері басыла бастады. Беридзенің даусы шықты.

— Басқарма! Басқарма!

— Басқарма мен! — деп Батманов жауап берді.

— Баяндап тұрған бас инженер Беридзе. Бас учаскедегі сынақ жұмысы тамаша болып өтті! Отыз километр бойындағы трубопровод қысудың жоғарғы мөлшері — жетпіс атмосфераға жеткізгеннің өзінде ешбір жарықшақ бермеді! Жолдас құрылыс бастығы, сізді құттықтаймын, жолдас Ковшовке және басқарманың барлық коллективіне біздің құттықтауымызды тапсыруыңызды өтінемін.

— Жолдастар, сіздерді шын жүрегіммен құттықтаймын! — деп Батманов қызу жауап қайырды.— Бас учаскедегі құрылысшылардың жұмысы нағыз жоғары баға беруге тұрады. Басқарманың қызыл туын учаскеде қалдырамыз. Сіздердің жеңістеріңіз жөнінде Москваға және Рубежанскіге дереу хабарлаймыз.

— Бастық, менің пісіруім жақсы ма? — деп Умара Магомед килікті,— «жылдам пісіресің, брак жасама» дегенін есіңде ме! Түйістің бірде-бірі жарқышақ берген жоқ. Уәдең бар еді ғой, пісірушілерге сыйлық бер!

— Кешке қарай сыйлық беретін бұйрық жіберемін,— деді Батманов көңілі толқыған күйі.

... Енді Батмановтың кабинетінің өзінде де аяқ астынан қол шапалақтау көтерілді. Бәрі де қолдарын соғып Ковшовқа қарады. Ол ешкімді аңғарған жоқ, бар ынтасымен селокторға қарай еңкейіп, ерні кемсендеп, көзі жыпылық-жыпылық етіп кетті. Батмановқа парторг оны басын изеп көрсетті, өзі микрофонға жақындап келіп, айқайлап:

— Екпінді бас учаскедегі құрылысшы жолдастар! Аппарат жанында сіздердің бастығыңыз инженер Ковшов. Тығыз тапсырмамен Москваға ұшқалы жатыр, сондықтан қазір сіздермен бірге бола алмай отыр. Ол сіздерге бір ауыз сөз айтпақшы...

Учаске тым-тырыс бола қалды... Алексей ойын жыйнап, сәл үндемеді.

— Қымбатты жолдастар! — деді ол, алқынғанын басып,— нағыз қыйын кезеңде маған учаскені қалдырып кетуге тура келді. Бірақ осында, жүздеген километр жерде тұрып-ақ, сынақ жұмысының әрбір минутының қалай өткенін өзімнің жүрегімнен сезіп отырмын. Біздің нефтепроводымыздың дұрыс істелгеніне мен қандай қуаныштымын, қымбатты достарым. Умара, жарайсың, жігітім! Пісірушілер де жігіт екен! Сіздерді алыста тұрып құшақтап, қолдарыңды қысам...

— Алеша! — деген қызғын адамның даусындай, Беридзенің даусы тағы естілді.— Саған сәлем айт деп менен бәрі де өтініп сұрап отыр. Сенің жоқтығың көрініп-ақ тұр. Шамадан келгенше сені жоқтатпауға тырысып-ақ жатырмын. Біздің коллективтен нақ сенің Москваға өкіл болып баратындығыңды біз зор мақтан етеміз. Астанаға біздің ол турасындағы бар ойымызды айта бар!

— Сталинге: біздің учаскеміз қандай болса, бүкіл нефтепровод та сондай болады деп баяндап айт! Түйісімде бірде-бір жарықшақ болмайды! Уәдем осы! — Умара бұйрық түрінде айтып тұр.

Алексей мақұлдап басын изей берді...

Гречкин қалай жорыса, солай болып шықты, есепті Алексей екеуіне дайындауға тура келді.

— Осы мәжлісті несіне шақырды, соны айтшы? — деп бұрқылдады жоспаршы.— Батманов тек жұрттың мазасын алды да қойды. Қандай түсініктер, қандай цифрлар керектігі маған бұған дейін-ақ айқын еді. Енді күдік туып отыр... Бөлім бастықтары өздерінің қыялдарын қашан алып келеді деп күт те отыр.

Бұлар жұмысты өзара бөлісіп алды. Гречкин материалдар жыйнап есеп мәліметтерін дайындады. Кобзевпен бірге Алексей өзінің беретін есебіне керекті карталар, графиктер, чертеждар және схемаларды іріктеп алуға, баяндаманың желісін ойлауға кірісті.

Гречкин екі тәулікте бүкіл бөлім бастықтарының жазба баяндамаларын жыйнап алды. Олар келіп алдын-ала сылтауларын айта бастады: «Батмановтың сөзін тыңдап отырған кезде қолымыз қаламға қарап икемделіп еді, ал жазуға отырып едік түк шықпады».

«— Кел одан да отырып сөйлесейік, мен саған бәрін ауызша айтып берейін,— деді Федосов кінәсін мойынға алған калпы.

— Өзімді олай қыйнадым, бұлай қыйнадым бәрі бір ештеңе шығара алмадым. Айтшы енді, мен саған роман жазып алып келуім керек пе?

Гречкин мен Алексей жазба баяндамаларды құрылыс бастығына көрсетті. Василий Максимович оларды қарап шықты да, кейбір жерлерін Залкиндке оқып беріп, ұрысты.

— Осылай боларын біліп едім! «Байланысшылар кез келген қыйыншылықтарды жою үшін өздерін өзі жұмылдырып отырды». Таня Васильченко осылай деп жазғанда Либерманнан не күтуге болады! Болмаса міне, құрғақ жел сөз: инженер Тополевтің жұмысты сапалы, жақсы істеу жөніндегі жасаған ұсынысының мазмұны мына төмендегідей». Одан әрі пункттері келеді: «а», «б» — толып жатқан әліппе. Байғұс, Кузьма Кузьмич, дәмсіз, тұзсыз мынау сыяқты — төмендегідей деген сөздерді есітсе, табытында жатып бір аунап түскен болар еді. Сіздерге күлкі! — деді Василий Максимович Алексей мен Гречкиннің күлімсірегенін байқап қалып. Өздерің жазатын болыңдар. Тек осыларға ұқсас бірдемені алып келіп байқандар!

Ковшов пен Гречкин баяндама жазды да, Гречкиннің жақсы көріп айта беретін сөзі, «дәл осындай болмады» деп таласты. Кобзев нефтепроводтың құрлысын шамамен сызып

көрсетіп, шеберлеп жасалған Қыйыр-Шығыстың үлкен картасын алып келді. Сызылған күйде, ол үлкен болып көрінді, сызықтар мұнай түстес кара бояумен, картаның бүкіл бетіне ұзынай сызылған, оның үстіне өзендер көк сызықтармен және кала мен селендер дөңгелек сызықпен көрсетілген. Нефтепроводтың екі жағында қатарласқан түсті сызықтар көрінді, оның әрбір сантиметрі он километрге барабар еді. Қызыл сызық — автомобиль жолының белгісі, көк сызық — байланысшылар, күрең сызық — трубаны трасса бойына тасу, жасыл сызық—пісіру, қырмызы қызыл сызық—траншея қазу, ақшыл көк сызық — тазарту (изоляция) жасау және трубопроводты траншеяға түсіру, сары сызық — оны су жіберіп сынау, сирень түсті сызық — траншеяны топырақпен көму, күлгін түсті сызық — мұнай қотару торабы құрылысының және қызғылт сары сызық — жәй құрылыстардың белгісі.

Тек трубопроводтың ұзын бойына үш сызық қана: қызыл (автомобиль жолы), көк (байланыс) және қызғылт сары (жәй құрылыстар) созылған. Тағы күрең сызықта (труба тасу) тек әр жерде ғана үзілгені болмаса, бүкіл трубопровод бойына созылған. Басқалары олақтау қолмен сызылған тәрізденіп көрінді. Олар бірде үзіліп, жоғалып, екі сантиметрдей қайта көрініп және тағы жоғалып кетеді.

Құрылыстың бұл кара дүрсін және көрнекті етіп сызылған жағдайы Алексейді және әсіресе, Гречкинді қатты ойландырды. Картадағы алабажак, бірақ әсем жасалған әрбір сызық жұмыстың әлде де өте көптігін айтып, айқайлап тұрған сыяқты.

Кобзевтің картасына, қағаздың үстіне, канаттарын үлкен электр лампына күйдіріп алған, немесе жай шаршаған көк көбелектер келіп құлады. Бұлар кеш болысымен, айдың жарығына келгендей көріп терезеге ұшып келе берді және мазаны алып үйдің ішінде сырылдап ұшып жүрді.

Алексей оны ызаланып картадан қағып тастады да, өзіне Гречкиннің тесіле карағанын сезіп, одан:

— Не карап отырсың? — деп сұрады.— Бетіме сыя жағылған ба?

— Сенің бетіне қызығып отыр деймісің, мен Женя емеспін ғой, деп Гречкин колын бір-ақ сермеді.— Сен шеткі учаскелерден келдің ғой, трассаны көрдің, айтшы, мерзімінде үлгіре аламыз ба, әлде үлгіре алмаймыз ба?

— Үлгіреміз, деді Алексей тайсалмастан.— Жұмыстың бітуге жақындап қалғандығынан емес, бітуге әлі көп бар және оңайлығынан да емес. Үлгірмеуге тіпті болмайды, үлгірмеуге қақымыз жоқ.

— Москвада осылай дейсің бе?

— Осылай деймін.

— Москва күр сөзге нанбайды, оны дәлелдеу керек. Білесің бе, мен саған жолдастық ретінде айтамын: сенің міндетің соншалық қыйын. Сенбейсің бе, соңғы кезде мен қатты күйгелектенудемін. Оны Лизочкаға дейін сезіп қойған. Батмановпен істеу тіпті жақсы ғой... Ауыр, әрине... Аттың жүгін тартсан, және әрқашан құлағыңды тігіп отыр, әйтпесе каталасып кетіп, қолайсыз күйге түсесің. Бірақ соның өзінде жақсы... Ол қатал, берік, ең қыйынын өз мойнына алды. Жылы сөзді үш жылда бір-ақ айтады. Сондықтан оның сөзі сондай қымбат! Мұндай бастықпен қандай істің болса да ақырына дейін бірге барамын. Бірақ құрылыстың мерзімі жақындап келеді, уақыт болса балауыздай таусылып барады. Ол бухгалтерді мысқылдап күлді, мен де өзімді ұстай алмадым, атша кісінеп кеттім. Шынында жұрттың көпшілігі осылай: цифрдан қашып құтыла алмайсың, деуі мүмкін ғой. Маған бұл цифрлар жан-жақтан ағылып келіп жатқаны рас, олар күннен күнге өседі, жуандайды, демек, ет пен май бітеді. Бәрі солай. Бірақ сен енді менің орнымда отыр да, құрылыстың бүгінгі істегенін, бір күнгі қаражат өнімін шамалашы, егер мұнайды мерзімінде беретін болсақ, біздің істеуге тиісті мөлшеріміздің бұл тек тең жартысы ғана! Менің барлық сөзімнің түйіні, менің өзімнің әркүнгі басқармаға жіберіп отырған цифрларымды Москвада, саған тіпті теріске шығаруға тура келер.

Гречкиннің көзі сүзіліп, кейіпсіздеу жалпақ бетінде саскандықтың белгісі көрінді.

— Сен әлде трассада тұрғандықтан, менен гөрі артық білерсің? — деді ол. — Саған мұндай сенім қайдан келді? Тек-өзіңнің бас учаскеңе қарап қорытынды жасап жүрген жоқсың ба? Дұрыс, ол уақытында дайын болады, ол барлық ісінен көрініп тұр. Ендеше басқа учаскелерде пісіру жұмысын жартысына ғана жеткізген. Бүкіл құрылыста Умара Магомет біреу-ақ қой.

Алексей тұрды да, есікке таман барып қайтты. Гречкин одан көзін айырмады.

— Рас, жұмыс бастан асып жатыр. Солай бола тұрса да, бәрі істеліп болады, — деді Алексей тайқақтамай. — Жолдас, бас диспетчер, сен қызық екенсің. Сенің цифрларың бұдан да тез өсуі үшін, қандай шаралар істеліп жатқанын білесің ғой. Екпінді учаскелер жөніндегі бұйырықтан кейін, өнім бірден артып жоғары көтерілді. Сағаттық график енгізілді — ол жаңа-жаңа күшіне ене бастады, көп ұзамай көрсеткішке әсерін тигізе бастайды. Жарыс әлі әбден қызып болған жоқ. Умара да біреу ғана емес. Петя Гудкиннің пісірушілерінің үндеуін оқыдың ба? Олар Умара Магометтің өкшесін сәл ғана баспай келеді... Ал Умараның өзі және оның жолдастары — Кедрин, Вяткин, Федоровтар — стахановшылар әдісінің нұсқаушысы

болып учаскелерге жіберілді. Саған осының бәрі де белгілі... Күшті көп тілейтін жер жұмысын — траншеяны қазу және көму жұмысының бірқатарын біздің аудандағы достарымыз, колхозшылар алып істейтін болды. Сондықтан баяндамаға мұны да жазамыз. Әлде сенің жазып отырғаның ойындағы емес пе?..

Гречкин бетін тыржыйтты да, әлде қарсылығын білдірді ме, әлде көбелек пен масаны қақты ма белгісіздеу түрде қолын сілтеді.

— Чиновник, сен трассаға бар! Учаскеде тым болмаса бір айдай тұрып қайт — көзің де жетеді, бәріне де сенетін боласың, — деп Алексей ақыл берді.

— Сайтаныңа барарсың! Мен мұнда Батмановқа, суретті тақтаның жанында, телефонның қасында тұруға керекпін ғой, құрып кетсін, қарғыс атқырлар!

— Бұғаз арқылы жүретін мұз жолды біз екі күнде салдық. Сол адамдар мөлшер бойынша оны сегіз күнде салуы керек еді. Сенің мөлшерің былай қалып қойды. Біз бұғазда нефтепроводты салып болғанша, ол мөлшер мың рет асты-үстіне шықты. Мен институттан кейін екінші бір құрылысқа істеп отырмын, оқу тәжірибесінде жүргенде де едәуір екі құрылыста болғаным бар... Жақсы құрылысшылар коллективі жұмыстың күннен күнгі күшіне жаңа күш қосатындығына мен әбден түсіндім. Құрылыстың өмірінде мынадай дәуірі болады, айталық, уақыттың он екі айынан төрт-ақ ай қалады, ал жұмыстың қажартысы ғана орындалды, сол қалған жартысы сол төрт айға орындалады. Керек десе одан бұрын да бітеді. Бұл өсудің ерекше ырғағы. Қыстың басында Батмановтың стратегиялық шабуылға дайындалу жөнінде көп айтатыны есіңде ме? Ол сонда-ақ күні бұрын айтқан болатын: біз шабуылға дайындаламыз, кейін бауыр жазып аламыз да — бір-ақ секіреміз! Капитал беру ісінің он екі күнде екі есе өсетіндігіне, бәс тігемін. Қарқын бригадалардың ішінде қаулап өсіп жатыр. Олар өздерінің міндеттемелерін орындамайды деп ойлайсың ба? Орындайды! Олардың берген сөздерін орындамай қалған күндері жоқ. Менде Зятьковтың жер қазушылар бригадасының орындаған жұмыстарының жазуы бар. Оған таңырқамай қарауға болмайды: бригаданың бәрі сол бұрынғы адамдары, ал жұмыс өнімі прогрессивтік жолымен өсе береді. Алысты болжай алмайтын норма жасағыштардың тұрғысынан қарағанда, ол мүмкін емес сыяқты! Бірақ бұл факті, фактыдан ешқайда қашып құтыла алмайсың! — деп Алексей күлді де, Гречкиннің бетіне қарады. — Я, мен сені үгітпен сендірдім бе? — Сендірдің, — деді де, Гречкин шынында көңілденіп кетті. Бірдемеден күдігі болса, өзінің сенетін бір адамына күдігін тексертетін оның әдеті еді.

Гречкин әңгімені доғарды да, араларында ешқандай сөз болмаған тәрізді жұмысын істей берді. Алексей де баяндаманы әзірлеуге кірісті.

Батмановтың Москваға материал дайындауға деп белгілеген бес күні өтіп кетті. Ол күндер күйіп-піскен әрекетпен, ұйқы көрмей өткізілді. Ақырында бәрі де — таблицалар мен альбомдар, карталар, диаграммалар, графиктер дайын болды. Үшінші рет түзетіліп, жөнделіп болған соң, баяндаманы машинкаға қайтадан бастырып, Батманов пен Залкиндке Алексей дауыстап оқып берді. Оған қол қойып жатып, Батманов Ковшов пен Гречкинді сықақтады:

— Әрине, менің тілегенімдей емес. Бірақ мәжліс шақырып сіздердің бәрінді қыспаған күнде жасап әкелетін баяндамадан гөрі тәуірірек.

— Василий Максимович, бекер уайымдайсыз — деді Гречкин.

— Байсалды, жақсы баяндама, материалдары да толық.

Енді, Алексейдің тек жолға шығуы ғана қалғанда, ол бірден өзінің дайын еместігін сезді. Ол баяндаманы жазып жатқанда: «Москваның алдында беретін нағыз дұрыс есеп осы деп сенген еді. Ал қазір дұрыстап, кеңсе сәнімен әдемілеп реттелген қағаздар күдік туғызды. «Өзінің керемет құралдарымен музыкада, бояуда, көркем сөздерде ілгеріде өтіп кеткен өмірдің айқын суретін қайталап көрсетуге тек искусство ғана қабілетті»,— деп ойланды Алексей, баяндаманы қайтадан аударыстырып әртүрлі жөндеулер мен таблицаларды анықтап қарап: қайда, қандай ведомоста біздің нефтепроводка сіңірген еңбегіміздің қуанышы мен қайғысы көрсетілген? Мархұм Кузьмич бір кезде өзінің «Серіктікке қосқан үлесі» жөнінде айтқан еді. Оның үлесі немесе Сморгчовтың үлесі, Беридзенін, Силиннің үлестері қандай цифрлармен көрсетілді?..»

Москваға бұл баруы неғұрлым жақындаған сайын, оған жауапты болып көріне берді. Құрылыс жөнінде ойлап, Алексей жай жалпылама емес, әбден салынып біткенге дейінгі барысының суретін көз алдына келтірді. Бір күні, бұғазда, январьдың өктем боранында, бұлардың Беридземен құрылысшылар барағына барып, кешті жақсы өткізгені есіне түсті. Темір пеш жанып тұр, жұрт оның айналасында отыр. Зятьков Беридзеден дайын болған трубопроводпен мұнайдың қалай жіберілетінін сұрады. Трубопроводтың алғашқы секциясын бұғазға әлі түсірмеген, жұмыстың тек жаңа ғана жолға салынып жатқан кезі, ол онда толып жатқан сәтсіздіктер болып, табыстың аз кезі болатын, сонда да мұнайдың Новинскіге дәл мерзімінде келетіндігіне сенген еді. Олар мұнайды Новинскіге мерзімінен әйтеуір бір күн болса да, бұрын келеді деп айтатын.

— Істеп көреміз бе? — деп Беридзе қызулана сұрады да, сөзін бастады: — Талай жыл өтті...

— Соғыс артта қалды,— деді Алексей көтермелеп. Біз жеңдік. Сөйтіп, бүкіл елде алып құрылыстар салына бастады.

— Біз бәріміз де үлкен құрылыстамыз,— деді Беридзе сөзін тоқтатпай.— айталық, Каспийде...

— Нефтепроводты теңіздің түбімен жүргізіп жатырмыз...— деп оның ойын Алексей дамытты.

— Октябрь мерекесінің отыз екі жылдығы жақындап келеді, сөйтіп біз қалай соғысқанымызды еске түсірмекші болдық...

— Былай еткен дұрыс: жас жұмысшылар, комсомолецтер осының бәрі мұнда, бізде қандай болғандығын айтып беруді өтінеді,— деді Зятыков күліп.

— Айта бер Георгий Давыдович,— деді Умара Магомет дауыстап.

— Жолдастар! — деп Беридзе орнынан тұрды. Оның бет ажары ызғарлы, даусы алқынған,— біз мұнайды мерзімінен үш күн бұрын жібердік. Бұл Ұлы Октябрь Социалистік революциясының жыйырма бес жылдығының қарсаңы еді. Міне, былай болған еді...

...Умара Магомет соңғы түйісті пісірмекші болып трубопроводтың астындағы жыраға жата қалды. Ол түрегелді де басындағы қалқанын алды, пісірушінің сол арада әрі жылап, әрі күлгенін жұрттың бәрі де көрді.

— Шайтан біле ме, көзіме бірдеме түсіп кетті,— деп Умара күбірлеп жүр. Ол мұнысы үшін өзіне кейіп инженер Ковшовқа былай деді: — Мені бұрын көрмеп пе едің, неге қарайсың? Одан да менің трубаға қандай жазу жазғанымды қарасайшы. Рапорт...

Инженер карап шықты да, темірге отпен жазған сөзді дауыстап оқыды: «Сталин жолдас! Нефтепровод дайын болды. Бұл біздің Гитлерге берген соққымыз. Біз сіздің жаңа тапсырмаңызды күтеміз. Октябрь, 1942 жыл...»

Бірақ рапорт жіберетін уақыт әлі жеткен жоқ — ең қыйыны алда болатын. Салып жатқан, күресіп жатқан адамдар әруақытта осындай болады: олардың ең қыйыны әлі алда болады.

Ең алдымен нефтепроводты топырақпен көму керек болды. Бұл жұмыспен жұрттың бәріне — қара жұмысшыларға да, пісірушілерге де, шоферларға да, бастықтарға да шұғылдануға тура келді. Адуинның жергілікті халқы — нанайлар мен орыстар көмекке келді. Әлденеше жүздеген километр жерге қатар тұрып, қолдарына күректерін алып, олар траншеяны көме бастады. Мұнда Зятыков тағы да ерекше көзге түсті, онымен ешкім теңесе алмады.

Алайда алдағы тұрған міндет қыйынырақ болды: нефте-

проводты тезірек сынап, жуып және жүргізу керек болды. Барлық жұмысқа аяз кесірін тигізуі ықтымал еді. Егер де аяз кенет түсе қалса, мұнай жіберуді көктемге дейін қалдыру керек болар еді. Суық кезде нефтепроводты қысуға және оны жууға болмайды, — су қатып қалып, мұз түйісімді жарып жібереді... Қалай болса да суық түскенше трубадан суды шығарып, оны мұнаймен толтыру керек. Инженерлер бір айтқандарын қайта-қайта айтып нықтай берді. «Әзір суық түсіп кетпей тұрып нефтепроводтың ішінен әмір жүргізетін жағдай туғызу керек. Нефтепроводқа ауа әмір жүргізіп өзінің шартын қоятын болмай, біз жүргізетін болуымыз керек...

Аралға Мемлекттік Қорғау Комитетінің өкілі Писаревтің бастауымен үкімет комиссиясы ұшып келді. Қончеланда насосты жүргізіп олар аралдағы трубалармен суды айдады. Чонградағы насостар да бір уақытта істей бастады — су Адунның бойымен оның ағысына қарсы алып трубамен жылдам ақты, бірақ оның жолында кедергілер көп болды, сөйтіп су Новинскіге тек бір аптадан соң ғана жетті! Нефтепроводты салып болғанға дейінгіден гөрі, жұрт осы уақыттың ішінде көбірек уайым жеп, қапалануға тура келді.

Әр минут сайын бір уақытқа болып қалуы ықтымал еді. Техникалық шарттар бойынша, сынақ кезінде түйісімнің бір процентке дейін жарылғаны кемшілікке жатпайды. Егер де трубопроводта бұл түйісімдер он мындаған болса, онда жүздеп жарылуы мүмкін. Бірақ Умара Магомет пен оның жолдастары ақаусыз істеуге сөздерін бекерге берген емес-ті. Жетпістік атмосфераның қысуымен небәрі он екі түйіс жарылды. Осы он екі түйістің өзі құрылысшылардың қаншама қанын бұзды! Түйіс жарылған кезде жақын жердегі блокпостының хабарымен насостар жұмысты тоқтатып, траншеяны қайта қазып, нефтепроводты жалаңаштап, осал звеноны жаңадан ауыстыруға тура келді. Осылай он екі рет істеді. Екі учаскеде тығындалып қалған жерін тапты. Оларды табамыз деп көп азаптанды — нефтепроводты бірнеше жерінен кесіп, ішінен жуан бөренемен шөптен жентектелген тығынды суырып алып тастағанша бірталай әуреленді.

Үкімет комиссиясының бастығы мұндайды жіберуге бұйрық етті. Қончеланның насостарын айдағанда үлкен резервуардағы мұнай трубопроводқа қарай жүрді; ол жүре берді, комиссияның мүшесі және құрылысшылар коллективінің өкілі автомашинамен оның соңынан ерді. Мұнда Батманов, Зятков Беридзе, Умара, Таня Васильченко, Петя Гудкин, Карпов, Генка Панков, Филимонов, Алексей Ковшов, барлығы елу адам болды. Бұл мерекелі машиналарды Сморгчов пен Махов алып жүрді. Маховтың кабинкасында серік болып Муся Кучина отырды. Жол қуанышты, бірақ өте мазасыз болды.

Кұрғақта, Нижняя Сазанканың маңайында, Карповтың селендес балықшылары, құрылысшыларды қарсы алды, кенет түйіс жарылып кетті! Мұндай жарықтан саулай шапшып траншеяның топырақтарын аспанға атып жоғары ұшырды, сорайған ағаштарды, құрғақ шөптерді, күзгі ашық гүлдерді қап-қара май етті. Умара Магометтің мініп келе жатқан машинасы басқалардан гөрі авария болған жерде жақын еді. Пісіруші кабинадан секіріп түсіп, мұнайдың фонтаны атылып жатқан жерге барды.

— Мұнай! Мұнай! Мұнайды қараңдар! — деп Умара қуанып айқайлады. Алақанына сұйық майды құйып алып, оны құмарта иіскейді.

Беридзе ашуланып пісірушінің қасына жүгіріп келді. Мұнда труба жарылып қыйрап жатса, бұл есерсоқ билеп жүр. Бірақ Умара мұнайға былғанған қолын бас инженерге созып:

— Мұнай! Мұнай — деп айқайлай берді.

Беридзе оған тесіле қарады да, басқа ештеңе айтпады.

— Иван Лукич! Тез блокпостқа бар! — деп бұйырды сол кезде Қовшов, — Чонгараға насосты тоқтат деп телефон соқсын. Қалай тоқтатты солай жарылған жерді ысырмамен жабындар.

Төрт сағаттан кейін мұнай қайтадан аға бастады. Машиналар ілгері қарай жүріп кетті.

— Жігітім, сен неменеге көңілдендің? — деп сұрады Карпов Умарадан. Қанша мұнай далаға ағып кетті, ал сен масайрап жүрсің.

— Мұнайдың жоғалғаны болмашы ғана, ал қуаныш соншама көп, — деді Умара. Мен көріп тұрмын: мұнай сенің деревняңа дейін барды, демек, көп кешікпей Новинскіде де болады...

Мұнай Новинскіге сегізінші күні, төртінші ноябрьде келіп жетті. Бүкіл қала халқы оны қарсы алу үшін Адунға шықты. Мындаған халық мұнай қорыту заводының қасына жыйналды. Бәрі де нефтепроводты жалғастырып қойған цистернаға жақынырақ тұрғысы келеді.

— Мұнайды қабылдап алуды кімге тапсыруды бұйырасыз? — деді Батманов цистернаның қасында тұрған Писарев пен Дудиннен.

Писарев айналадағы сығылысқан адамдарға қарады.

— Мұнайды сіз, Умара Магомет, Зятьков, Карпов, Татьяна Васильченко, Терехов және мұнай қорыту заводының жұмысшысы Капицын — бәріңіз қабылдап алыңыздар.

Сол минутте өңештің кең тесігінен мұнай көрінді. Ол жінішкелеп сарғайып ақты да, соңынан кемпірқосаққа ұқсап,

түрлі түске еніп, бағандай болып тіке шапшыды. Шапалақтаған қолдардың даусы Адунды жаңғырықтырып жіберді.

Зятыков топтан бөлініп шығып, фуражкасын алып қолына шыны сауытын ұстап цистернаға таман жақындады. Дірілдеген қолымен ыдысын ағып жатқан мұнайдың астына тосты. Шыны сауыты толды. Зятыков фуражкасымен сүртіп, сүйді де, Писаревке берді.

— Сталин жолдаска берген біздің сыйлығымыз. Самолетпен жөнелтуіңізді өтінеміз.

Жолдас, Зятыков, өздеріңіз алып барасыздар. Жолдас Умара және жолдас Батмановпен бірге осы тамаша сыйлықты көсеміміздің қолына тапсырасыздар,— деді Писарев.

Адун мен қарт тайганың бүгінге дейін естіп көрмеген қол шапалағы даланы жаңғырықтырып жіберді.

Ал мұнай цистернаға аға берді; енді оны тоқтатуға болмайтын еді. Құрылысшылар мен Новинск халқының көзінше мұнай теңіздей жарқырап, толқып жатты. Міне, енді жұмысшылар қара тасқынды басқа цистернаға аударып қоюға дайындалды...

Беридзе үндеместен жұртты бәрін көзімен шолып өтті. Зятыков жасырмастан көзінің жасын сүртіп тұр. Жұрттың бәрінің көңілі толқуда. Барак сыртында боран ысқырып соғып тұр. Умара Магомет жоғарыдағы орнынан секіріп түсіп, Беридзеге жүгіріп келді де, оның қолынан ұстап алып:

— Жігіт екенсін, бәрін де дұрыс айтыпсың. Солай болады! — деді.

Либерман келгенде, Алексей кішкене чемоданына заттарын салып жатыр еді.

— Сенің жол жабдығыңды ыңғайлап беруді маған тапсырды,— деді ол іскерсініп.— Саған мөлшер бойынша не тиісті екендігін есептеген едім, бірақ мені мазақ етті: құнарысыздау болып шықты.

— Көбірекке менің хақым жоқ және сұрамаймын да!

— Шешетайым-ау, сөзімді аяқтауға берсеңші! Батманов, Залкинд және Беридзе өздерінің айлық азық паектерін саған берді. Мен оларды сенікіне қосқанымда, жалпы аумағы едәуір болды. Сен ұшатын болғандықтан, мен бәрін де концентрат күйінде бұзылмайтын тамақтан бермекпін. Қарсы емессің бе? Саған шошқа майын, қойылтқан сүт, консерва, сүрлеген азықтар беремін. Шешетайым-ау, менің сенен аяйтын ешнәрсем жоқ, сен жақсы жігітсің! Және бізден Москваға баяндамамен күн сайын барып жатқан жоқ қой.

— Тынданыз... Маған жолда жейтін тамақтан басқа ештеңенің керегі жоқ,— деді Алексей жолдастарының қамқоршылығына көңілі босап.— Үш-төрт күнде Москвада боламын. Ал Батманов, Залкинд және Беридзенің паектерін өздеріне

кайтарып бер. Шын ниетіммен рахмет айтам, бірдеме етіп күн көрермін...

Либерман оған аянышпен қарап:

— Қандай жанқыяр жолдас, қарай гөр-ау! Сенің әкең мен шешең бар ма? Сен олардың қысты қалай өткізгенін ойладың ба? Әйелің де бар деп естіген едім. Онда құр қол барып, олардың тамағына ортақ болмақсың ба? Жоқ біздің айбынды ұйымымыздың беделін түсіруге жол бермеймін. Әйелің үшін сыйлыққа соғыстан бұрын әсемделіп жасалған бір коробка шоколад берем! Менің складымда бірнеше пар жақсы туфлилер бар, бірақ сен, әрине, оның аяқкимінің мөлшерін білмейсін ғой. Білмейсің бе?

— Білмеймін! — деп Алексей күліп жіберді.

Сол кезде, жуықта, тіпті таяуда оның Зинаны көріп, онымен сөйлесіп, оны сүйетіндік қуаныш сезімі бойын билеп кетті.

— Сенің жасындағылар, әйелдердің бетіне қарайды да, олардың аяғына, тіпті бекер көңіл бөлмейді, — деп мыңғырлады Либерман.

Ол әңгіме соғып жатқанда, Ковшов оны тындамастан, жыйнала берді, магазиннің сатушысы азық пен сыйлықтарын алып келді.

— Осының бәрін қайда апарасың! Бұл тал түсте тонаушылық қой! — деп Алексей үрейленіп кетті.

— Шешетайым-ау, қандай түсінбейтін адам! — деп Либерман бетін тыжырайтып, Алексейді чемоданынан шет қакпайлады.

Ковшовты құрылыс бастығына шақырғандығына ол, риза болып қалды.

— Алаңдама, бар, — деп оны шығарып салды. — Мен бұрынғы кезде мекеменің агенті болып істеп, чемодан істері жайында талай тәжірибе алғанмын.

Батманов Алексейді құрметтеп қарсы алып, диванға отырғызды да, өзі оның қасына отырды.

— Москвалықтардың алдында мүдіріп қалма, — деп акыл берді, инженердің иығына қолын салып, — Бірақ тұмсығыңды да тым көтеріп кетпе. Өзінді-өзің дұрыс меңгере біл, асыра сөйлеме, біздің ақыйкатымыз сол қалпының өзінде жақсы ғой. Өзің туралы ойлама, құрылыс туралы ғана ойла. Оны жәбірлетуге болмайды, егер де оның еңбегің бағаламаса, таң пікір бола қалса, оған жол бермеу керек: кінәлаған уақытта қорғана біл, бірақ бекерден бекер қоразданба. Жақсы коллективтің өкіліне лайықты қабілетінді көрсет. Не затқа мұқтажбыз, соны сұра, бірақ сыпайы болсын, орынсыз озбырлық жасама. Барын өздері де берер, саудаласпа. Рубежанскіде

бір күн тоқтайсын: Дудин мен Писаревтің сені көргілері келеді. Тегі бірдеңе деп ақыл айтатын болар.

Батманов өзінің әдеттегісінен тыс абыржып, мазасы кеткенін жасыра алмады. Оның сөзін құлақ қойып тындаған Алексей, мұның өзі одан қауіптенгені себепті ме, немесе құрылыс бастығы басқа бірдемеге ала көңіл болып отыр ма, соны түсіне алмады.

— Тегі Главкада баяндама жасауға тура келетін болар, — олар әдетте осылай қарсы алады! Аудиториясы көрнекті және жақсы болады. Көңілдегідей даярлан. Ең бастысы, кемешідей малтығып жүрме. Сөзің қысқа, анық, маңызды болсын. Сөзіңді қыйындатпа, бірақ тым оңайлатып та жіберме. Біздің жұмысымыздың қыйындығын жай сөзбен айтып бер. Қатты сөйлем, даусыңды қарлықтырып аласың. — Василий Максимович күліп жіберді. — Жас кезімде мен бірінші рет үлкен баяндамаға дайындалдым, сонда бір жасы үлкен жолдас былай деп ақыл берген еді. «Вася даусыңды жоғары алма, кейін жұрттың алдында құрсағыңмен жорғалап, тырбаңдап жатқаның ұят болар».

Ол Алексейді сынаған адамдай үндемей қалды.

— Тағы да мынаның есінде болуы әбден қажет... Өте қажет... — деді Батманов. — Біз мұнайды мерзімінде жіберетінімізді жақсы білеміз. Бітуіне дейін уақыт тым аз қалды. Ал, біз келешегіміз жөнінде қазірден-ақ ойлап отырмыз, бұдан былай не істеулеріміз керектігін білгіміз келеді, жана жұмысқа алдынала дайындала бергіміз келеді. Сен біздің бәріміздің атымыздан батылырақ айтарсың: біздің коллективімізді бытыратып, жан-жаққа таратудың керегі жоқ. Ол жақсы жымдасқан коллектив. Оны осы күйінде басқа құрылысқа аударған дұрыс болады, бұдан гөрі үлкенірек және қыйынырақ болғанын тілейміз. Егер де бізді қалдырса, біз жана жерде әрі жақсырақ, әрі тезірек істейміз, едәуір нәрсені үйреніп қалдық қой. Осындай екінші: нефтепроводты бір жылда емес, тоғыз айда бітіреміз деп айтарсың. Алеша, достым, менің ойымды түсіндің бе!

Батманов маңдайының терін сүртті.

— Мен сенің жолына бірдеме бермекші едім.

— Рахме, Солтүстік үйекке баратын экспедициядай-ақ Либерман мені қамтамасыз етіп жатыр. Тіпті қолайсыз да.

— Дұрыс бәрін де ал, алмаймын деуші болма, керек болады. — деп Василий Максимович ұшып түрегелді.

— Есіме түсті. Менде бір қағаз сақтаулы жатыр. Енді оны іске асыруға болады.

Батманов Алексейдің бұдан сегіз ай бұрын Москваның түбіндегі майданға жібер деп жазған рапортың темір сандығынан тауып алды. Күлімсіреген көзін қағаздың бетіне жүгіртті.

карап өтті де, Батманов рапортқа «Москваға баруға рұқсат етемін» деп бұрыштама соғып, қағазды Алексейге ұсынды.

— Москваға сұранып едің? Баруыңа болады!

Алексей рапортты жыртпақшы болды да, бірақ, ойланып жақсылап төрт бүктеді де, қалтасына салды. Сол жерде оған қош айтысып кететін уақыт болып еді, бірақ Алексей Батмановтың тағы да бірдеңе айтпақшы болып тұрғанын сезді. Василий Максимович үндемеді. Алексей оған айтпайсың ба деген кісіше қарады да, қолын созды.

— Василий Максимович, жолыққанша сау бола тұрыңыз. Жаманат келтірмеуге тырысармын.

Батманов оның қолын босатпады. Ақырында:

— Менің бір жолдастық өтінішіме қалай қарар екенсің? Жеке өз тапсырмам...

Бұл ойламаған жерден болған соң, Алексей бірден жауап бере алмады:

— Василий Максимович, бәрін де істеймін.

— Мен Анна Ивановнамен байланысымды жолға сала алмай-ақ қойдым. Бәрінен де телефонмен сөйлескен дұрыс болар еді. Өзің білесің бұл арадан сөйлесу мүмкін емес. Ал менің естуімше, Москвадан Кавказбен байланысуға болатын көрінеді. Қыйынның-қыйыны, бірақ мүмкін дейді, әрекеттеніп көр. Кім арқылы әрекет жасап көруге болатынын мен саған жазып бердім. Оны қалай іздеуді де жаздым,— деп Батманов күрсінді.— Екінші жолы, тіпті жақсы. Тек Москвадағы бастықтардың ризалығы керек. Кавказға ұшып барып өзің сөйлессең. Екі күнде барып қайтуға болады. Егер де Москваға мен өзім барған болсам, мен осылай орындаған болар едім...

— Мен де орындаймын,— деді Алексей іле жауап беріп.

Батманов Ковшовтың қолын қысып, оған хатты ұстатты да, терезеге қарап жүріп кетті.

— Аннаға айт... Мен оны күтіп, азап шегіп жүрмін. Мүмкін ол келе алатын болар. Бір айға болса да, мейлі, келіп кетсін. Мен турамда не ойлайсың, не білесің, бәрін де айтарсың. Генка Панков жайында, менің оны бала етіп асырап алғанымды айтарсың. Үшеүміздің бір жерде кездескеніміз сондай-ақ керек болар еді!

Қатты өтініш және қайғының күшімен айтылғаннан кейін Алексей еріксіз Батмановқа қарай жүрді. Василий Максимович, терезеден бәрі қарап бұрылмай, қолын көтерді:

— Алексей, бар... Сапарың қайырлы, ісің сәтті болсын.

Сонда да Алексей босағаға таман барып бұрылды да, сеніммен.

— Василий Максимович, Анна Ивановна менімен бірге келеді!— деді.

Кешке дейін Ковшов жолдастарымен қоштасып, Москваға

деген тапсырмаларын алды. Оның өзі бірталай болды. Муза Филипповна дачаға барып қайт деп өтінді және онда не заттарды қарауы керектігін жазып берді. Кобзев інісіне посылка берді. Либерман Москвадан Ленинградқа жібер деп әйелінің берген хатын тапсырды. Гречкин балаларына ойыншық ал деп бір құшақ тізім берді. Таня өзінің сақалбайына өз қалауымен бір сәлемдеме алып кел деп өтінді.

Алексей Женяны іздеп-іздеп таба алмады. Ол ертемен төртінші учаскеге кеткен болып шықты. Алексейдің ренжігені сондай, тіпті қызды кері қайтаруға да әзір еді. Женя тегі әдейі жасырынып қалған болуға тиіс.

Алексей қоштасу ретінде өз учаскесімен селектор арқылы тағы да сөйлесті. Беридзе Зинаға, Москваға бас иіп сәлем айтуын өтінді.

Зинаны бәрі де еске алып, оны білетіндей-ақ оған бас иіп, сәлем айтыңыз деп жатыр, бұл Алексейді өте қуантты.

— Жігітім, сен өзің тұрмысқа бейімің жоқ адам екенсің!— деп Карпов қатты дауыстады. Біздегі бұлғын терісінен әйеліңе бір ішіктік ала кетсең болатын еді ғой.

— Иван Лукич оған деген сыйлығым бар,— деді Алексей. Максим Ходжер маған бөрік пен жағаға деп тиін терісінің бір будасын берді.

Әңгіме әлдеқашан бітті, бірақ Алексей кетпестен тұрып, үздік-үздік естілген адам дауыстары мен трассаның ың-жың болып шуылдағанын тындады.

Кетердің алдындағы соңғы күнді Алексей Залкиндің үйінде өткізді. Михаил Борисович оны басқармадан тура өз үйіне ертіп әкетті. Тым кеш болса да, Полина Яковлевна ұйқтамас-тан бірдеме жазып отыр екен. Залкинд оның қасына тез басып келді де, орнынан тұрғызбастан, әйелін ақырын құшақтап бетіне бетін тақады.

— Еңбектеніп жатырсың ба? — деді ол ақырын столда жатқан қағаздарға көзінің қырымен қарап.

— Майдандағылардың балалары үшін ашылған асхана жөнінде қалалық газетке мақала жазып отырмын. Біздің бастамамызды іліп әкету жөнінде қаладағылар асығар емес,— деп түсіндірді Полина Яковлевна, қымсыныңқырап күйеуін итермелеп. Ол Алексейдің келгенін жаңа ғана көрді.

Алексеймен қол алысып амандасты да, Полина оған тұнжыр қара көзімен шырайлана қарады.

— Алексей Николаевичті көптен бері көрмеген едім. Уақыт бекер өтпеген екен. Ержетіп, толыса түскен, тіпті Батмановқа ұқсайтын сыяқты, мұндай кісі ешуақытта да адамды арандатпайды,— деді,— ол Залкиндке қарап. Бейнебір Алексей жөніндегі өздерінің әңгімесінің жалғасын айтқандай.

— Арандатпайды,— деді Залкинд сендіре түсіп.— Алеша,

достым, міне қалай болды десеңші: майданда сен солдаттық, жауынгерлік алғашқы жолдама алдың, ал мұнда, құрылыста соғыс сені кәдімгідей шынықтырды, сондықтан сен, офицер, әскербасы болып шықтың...

— Полина Яковлевна, меніңше сіз де өзгерген сыяқтысыз,— деді Алексей, Залкиндің сөзінен қысылып, үй иесі әйелдің толған, байсалданған бетіне қарап.

Ол естілер-естілмес етіп жымыйған кескінімен күлді де, бөлмеден шығып кетті. Инженер Залкиндің семьясы жана нәресте күтіп отырғандығын сезіп қалды.

— Түк айтпай, құпия ұстайды. Ал Москвадан қайтарда базарлықсыз келген болар едім,— деді Алексей әзілдей кіналап.

— Қайдан жасырын ұстайсың, бәрі де көз алдында ғой,— деді Залкинд күлімсіреп.

Алексей ұзақ әңгімеге бейімделіп еді, бірақ кешкі тамақтан кейін Залкинд:

— Алеша, шырақ, жатып ұйқта, ертеңгі алтыда аэродромға баруың керек,— деп ескертті.— Демалмасаң кейін мазан кетеді. Үш тәуліктен кем ұшпайсың. Бір папиросты тартып бітіргенше қанша уақыт керек болса, әңгімелесуге дәл соншалық уақыт берем. Сұрайтының бар ма?

Алексей Батмановқа батып айта алмаған өзінің тапсырманы орындай алам ба, жоқ па деген қаупін бұған шегін ақтара айтып салды.

— Мен бұл тапсырманы ұшқалақтықпен алып қойғаным жоқ па? Бәрі де сонша жылдам бола қалды. Қалайда Батмановтың өзі ұшуы керек еді.

— Ол турасында ойлама. Бұдан жарты жыл бұрын осындай адам жіберу керек болып қалса, біз сені жібермеген болар едік. Полина Яковлевнаның не айтқанын есіттің бе? Дұрысында, сені үміттендірмей-ақ қояйын: сен Главка мен Харлық Комиссариатында болатын қыйын баяндамаға жақсылап дайындалып бар. Мұндағы жағдайды олардың қызметкерінің бәрі бірдей дұрыс бағалайды деп ойламаймын. Олардың ішінде біздер жайында: «Майданнан алыс жатқан тыл, бейбітшілік жағдай, жұмыстары қайтадан құрылмаған» деушілер де табылар. Әрине, әділ сынды теріс сыннан айыра білу керек. Тағы бір айтайын дегенім...— Залкинд өзінің бетін Алексейдің бетіне тақады.— Мүмкін саған үлкен адамдардың алдында сөйлеп қалуға тура келер. Тіпті үлкен адамдардың алдында. Менің осындай бола ма деген бір сезімім бар. Міне, осылай... Ал күдік дегеннің бәрін осында қалдыр, оларды өзінмен әкетпе. Сен құрылысты білесің ғой, былайша айтқанда, осының ащы-тұщысының бәрін таттың ғой. Нефтепроводтың қазір қандай екенін түсіндіріп айта біл! — Залкинд құлашын жай-

ды. — Келешек жайында да, жаңа тапсырма жайын да сөйлес. Қармақты салып көр, мүмкін әзір айтпас, не болмаса тұспалдар.

Бұлар осымен тарқады, Залкинд шала-шарпы шешініп, бұған қайта келгенде, Алексей жатып калып еді.

— Батманов саған ештеңе тапсырмады ма? Өзінің әйелі жөнінде? Меніңше ол...

— Михаил Борисович, көрерсің мен оны өзіммен бірге алып келемін.

... Сағат сағатты қуалап өте береді, таң атуға жақындады, ал Ковшов әлі ұйқтаған жоқ. Батманов пен Залкиндтің нұсқауларын есіне түсіріп, өзінің міндетін қалай етіп орындайтындығы жайында ойлады. Тамаша ойдың ішінде, хордың ішінде көтерілген бір дауыстай Зинамен кездесу жөніндегі ой шарықтап тұрды. «Оған телеграмма берсем бе екен, бермесем бе екен?» — деп сұрады өзінен, сөйтіп: «Бермеген жақсы. Ол күтіп зарығады, ал мен төбеден түскендей тұтқыйылдан барып қалайын...» деген қорытындыға келді.

Таңертең Алексей мен Залкинд шыққан күнмен бірге тұрды да, асыға бастады. Қаланың аэродромына апарып салатын машина әлі келмеген, сондықтан Залкинд оның алдынан қарсы шығу керек деді.

Түнде жауын жауған. Бұлтсыз аспан жалтырап тұр. Жарқыраған таза ауада алыстан сызылып көкжиек көрінеді. Суланған шөптің шығы маржандай мөлдіреді. Ағаш жапырақтары мен қылқанды ағаштардың бүртігінде жаңбыр суының тамшылары көрініп жылтылдап тұр. Таңертеңгі ұйқының тыныштығын үйдің айналасындағы сайраған құстар мен ағаш тротуарларды қатты басып жүріп желе жатқан Залкинд пен Алексейдің етіктерінің тықылы ғана бұзды. Парторг ағаш ісімен аралас таза ауаны ішіне толтыра, құмарлана жұтады.

— Алексей, мен қазір мынаны ойлап келемен, — деді Михаил Борисович. — Күтпеген жерден Москваға бару саған бір награда сыяқты болды ғой... Жақсы істегенің үшін, қыйыншылықтардан кашпағаның үшін, жан-тәніңмен аяйбай істегенің үшін сыйлық.

Ол Ковшовтың ойланған түріне қарады да, қолын оның иығына салып, басқа үнмен:

— Шырақ, Алеша, сен бізді Москваға барған соң ұмытып кетесің ғой деймін. Қазірде сенің бар ойың — сол жақта, тек құр денен ғана Новинскінің көңілсіз көшесінде менімен қатар жүріп желе жатыр, — деді.

— Жоқ, Новинскіні ұмыту мүмкін емес, — деді Алексей қыза сөйлеп. — Егер де сенің өзіңше айтсақ, ол уақытта менің

жанымның қак жарымы осында қалып отыр, ал екінші жартысы Москваға барады, сондықтан оған көңілісіз...

Бұрылыстың арғы жағынан жеңіл машина шыға келді. Шофер бұларды көріп, тоқтай қалды. Артқы орында жайғасып Ковшовтың чемондандарымен Гречкин отыр екен.

— Сені Женя іздеп жүр еді,— деп Гричкин Алексейге сыбырлады.

— Қайтып келді ме? Сен оны өзіңмен бірге неге ала келмедің? — деді Алексей ренжіп.— Сөйтіп, маған онымен қоштасуға тура келмегені ғой!

— Мен оны ала келмекші болып едім, жердің жарығына еніп кеткендей, жоқ болды да кетті. Қыз есінен айрылған адам сыяқты...

Тас төсеген кең жолға шықты — бұл жол қаланың заводтар жағына және аэродромға қарай апаратын еді. Алексей басқарманың үлкен үйіне қарады да, бірден: сол жақтан бұларға қарай жүгіріп келе жатқан ақ көйлекті қызды көрді. Ол қызыл бірдемені жоғары көтеріп былғады. Алексей Женя екенін таныды. Машинаны тоқтатуды сұрады.

— Кездескенім жақсы болды,— деді Алексей, қызға келіп, оның екі қолынан бірдей ұстап.

Женя жүгіргеннен ентігіп сөйлей алмады. Соңғы кездерде едәуір жүдеп кеткен. Оның жаз бойы күнге күйген беті, ысқаяқтанып, балалық реңін жоғалтқан.

— Сені барлық жерден іздедім. Соңғы күндерде сондай аласапыран болып кетті де, екеуміз дұрыстап сөйлесе де алмадық.

Алексей оны өзімен бірге аэродромға баруға шақырды. Женя бастартты.

— Маған онда барудың керегі жоқ. Осы арада қоштасамын. Қоштаспаймын деп мен қашып кетіп едім,— енді ол капалаңғанынан дем ала алмады.— Учаскеге келіп едім, есімнен адаса жаздадым. Егер де Петька машина таппағанда, жаяу жүгіріп келуге бел байлап едім.

Сенің жоқ болғаның мені қатты қайғыртты...

— Алеша, сөйлемей сабыр ете тұршы. Мен саған айтпақшы едім. Мен өзіме өзім ұрыстым... Маған сені сүйеге болмайтындығын жақсы білем. Сен мені ешуақытта сүймейсің, сүйе де алмайсың. Дос болуға ұйғардым. Тек дос болуға ғана! Ал осында сенің кімге және қайда баратыныңды ойландым, содан кейін менің ішімді ыза кернеді... Бұл ақмақтық, асқан ақмақтық!

Жолдағы машина гудок берді. Залкинд асығу керектігін, бұлардың самолеттен қалып қоятындығын ескертті.

Женя асықтырды:

— Кететін уақыт болды, бар... Ал мен туралы уайым же-

ме. Мен өзімді жеңермін. Қазірдің өзінде-ақ жеңдім! Алеша, маған сенің достығың қымбат. Маған өзің де, өте қымбатсың. Көз алдымнан сенің біржола ғайып болуыңды да тілемеймін, ал мүлде кеткеніңе төзе алатын да емеспін! Ал, бар сүйіктім... Жұмысыңның абройлы болуына, өзіңнің зор бақытты болуыңа тілектеспін...

Ол Алексейге қарай ентелей ұмтылып, құшақтамақшы болды, бірақ көзіне жас толып, бетіне қадала бір карады да, қолын көтерген қалшы тұрып қалды.


Алексей кенеттен пайда болған жай достық сезіммен Женяны өзіне қарай тартып, сүйіп алды. Женя бұрылды да, қызыл орамалын желпілдетіп жүгіре жөнелді.

... Самолет жоғары көтерілгенде шаршыланған және төрт бұрыштанған кварталдары бар үлкен қала көз алдында лезде кішірейіп кетті. Адунның айнадай жарқыраған айдыны да артта қалып қойды. Самолет қанатының астында, қаракөк жібектен тоқылған кілемге ұқсап, жер-дүниені алып жатқан қалың орман да қалып барады.

Ковшов телміре қарап, отыр, бастан өткізген осы жыл оның көз алдынан тізіліп қайтадан өтіп жатқан тәрізденді. Өмірдің бұл жолы ауыр, тым ауыр болды. Бірақ ол бекерге өткен жоқ. Мұнда, өзінің Москвасынан алыс жерде, тапқанының барлығы оған сондай қымбат болып шыққандығы тегіннен болған дейсіз бе?


Төмендегі тайганы бір кезде темір жол табанының күмістей жарқыраған қос сызығы кесіп өтті. Станция сіреңкенің қорабындай кішірейіп көрініп қалып қойды. Алексей бұдан бірнеше күн бұрын трассаның үстімен ұшып өткен, ал құрылыстың жайған құлашы мұны қайтадан таңырқатты. Ал қазір зор қуанышпен бүкіл ұлан-байтақ елімізбен салыстырғанда, біздің зор нефтепроводымыз сіреңкенің қорабынан үлкен емес қой деп ойлады.

Отанымыздың кең-байтақтығын, зорлығын және оның ең даласындағы істеліп жатқандардың бәрін де әбден көріп, сезгендей болды. Ковшов өзгеше бір мол сезімге бөленген еді, оның ән салғысы да келді, ол, Алексей Ковшов, бұрын ешқашан да өзінің ұлы Отанының өмірінде, оның келешек үшін жойқын күресінде өзінің алатын орнын, мұндай жақсы және анық сезбеген де, шамалап көрмеген де еді.



60-00

КФ. Татария Республикасы Әдәбияты
Институтының җыялышы 2010 елдан башлап



210030065220

14с.95т.